# АЗА

I КІТАБЫ

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Зерде. Қызылорда. 2000

ББК 63.3(2)
А 29

АЗА: ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ.
А 29 Бірінші том /Бас редактор Х. ЕМБЕРГЕНОВ — Алматы: Қызылорда облысы «Боздақтар» естелік кітабының редакциясы 2000 жыл — 544 бет. суретті.

ISBN 9965-01-559-7 ББК 63.3(2)

«БОЗДАҚТАР — АЗА» ЕСТЕЛІК КІТАБЫНЫҢ БАС РЕДАКТОРЫ
**ХАМИТ ЕМБЕРГЕНОВ**

**КІТАПТЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР АЛҚАСЫ:**

С. Нұрғисаев (төраға), Н. Ерімбетов (төрағаның орынбасары), Қ. Әжібеков, Қ. Баймаханов, Ж. Бектібаев, Б. Еламанов, Н. Жолдасбаев, А. Көшербаев, С. Орынбаев, Б. Пүсырманов, Ж. Тұрабаев, Ә. Хожбанов.

**ОБЛЫСТЫҚ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

И. Құттықожаев (төраға), О. Әлжіков, Ә. Бәкіров, Б. Бекмамбетов (бас редактордың орынбасары), К. Бердәулетов, Ж. Ерімбетов, Ж. Рахматулла, Б. Ысқақов.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТОБЫ:**
Ж. Дәрібаева, Б. Исаева, С. Кенжеғұлова.

**БІРІНШІ ТОМДЫ БАСПАҒА ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:**
Н. Ордағұлов — әдеби редактор.
Г. Н. Козулин — техникалық редактор.

«Аза» — отызыншы-қырқыншы жылдарда және елуінші жылдың бастапқы кезеңінде орын алған репрессия құрбандары туралы кітап. Бұл естелік кітапқа Қызылорда облысының боздақтары еніп отыр.

© Қызылорда облыстық «Боздақтар» естелік кітабының редакциясы, 2000.

А $\frac{0503020905}{00(05)-00}$

ISBN 9965-01-559-7-(Кн 1)

ISBN 9965-01-560-0

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

## САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

1997 жылдың Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялануына байланысты, республика азаматтары мен қоғамдық бірлестіктерінің тілектерін ескере отырып, әрі саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдыру мақсатында қаулы етемін:

1. 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп белгіленсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған шаралар әзірлеп оларды 31 мамырда өткізетін болсын.
3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Н. НАЗАРБАЕВ.**

Алматы, 1997 жылғы сәуірдің 5-і.

**НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ**

## ЖАДЫМЫЗДА ЖАТТАЛСЫН, ТАТУЛЫҚ ДӘЙІМ САҚТАЛСЫН — деген кітапшасынан

«... Жыл оқиғалары тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, тоталитаризм құрбандарын мәңгі есте қалдыру сынды ізгі мақсатқа бағытталған қоғамдық белсенділіктің әжептәуір кең мүмкіндіктері бар екенін көрсетті. Адамдар, әсіресе ГУЛАГ тұтқындары жаппай жерленген орындарда шаралар өткізуге, аймақтық Аза кітаптарына арнап, материалдар жинауға, сондай-ақ қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған Республикалық телемарафон өткізуге айрықша ықылас білдірді...»

# АЛҒЫ СӨЗ

Еліміз егемендік-тәуелсіздік алғаннан кейін тарих пердесін айқара ашып, тоталитарлық зобалаң кезеңдегі шаш ал десе бас алған зорлық-зомбылық пен асыра сілтеушілік оқиғаларын тұтас күйінде, ешқандай боямасыз, бүкпесіз, ашықтан-ашық, толыққанды мағынада айтуымызға мүмкіндік туды. Мұның өзі ескі қателіктерді қайталамас үшін қажет.

Ал, жариялылық кезеңіне дейін бұйрықшыл, әміршіл-әкімшіл, бюрократтық жүйе мен тәртіп зұлмат науқаны 20 жылдардың аяғы мен 30—40 жылдардағы репрессия құрбандары жөніндегі шындық нақты айтылмады. Осы жылдарда қауіпсіздік органдарының қолымен мыңдаған адам, ең алдымен қазақтың зиялы азаматтары жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл қанды жылдар халық есінде мәңгілік өшірілместей жазылып қалды. Осының бәріне себеп болған жеке адамға табынушылық, зорлық-зомбылық пен заңсыздық. Сталиннің индустриализациясы өкіметті жеке басқару режимін жасаудың алғашқы қадамы болды. Ал, екінші қадамы — бұл коллективизация болғаны белгілі. Бұларды жүзеге асыру процесінде ол партияны қанаушылар мен жендеттер ұйымына айналдырды.

Партия Орталық Комитетінің сол жылы қабылдаған қаулысы бойынша кулактарға қарсы күрес жүргізу үшін барлық шараларды қолдануға, кулактардың мал-мүлкін толық тәркілеуге және оларды жер аударуға рұқсат берілген. Ауыл шаруашылығын зорлап ұжымдастыру, қазақ шаруаларын күштеп ұжымға кіргізу, бай-кулактардың мал-мүлкін тәркілеу тағы сол сияқты зобалаң 1932 жылы Қазақстанда жаппай ашаршылыққа әкеп соқты. Салық, астық төлеуден бас тартқандар түрмеге жабылды, кінәсіз ешкім қалған жоқ.

Күштеп жүргізілген ұжымдастыруға қарсы бүкілхалықтық наразылық орын алды. Тек біздің облыс территориясында Қарақұм, Қызылқұмда тағы басқа жерлерде болған шаруалардың қарулы көтерілісі болғаны толық дәлел бола алады. Бұл наразылық қозғалыстары ОГПУ мен Қызыл отрядтар күштерімен аяусыз жаншылды. Осы көтерілістердің бәрін байлар мен ұлтшылдар ұйымдастырып отыр деген жала жабылды.

Ф. И. Голощекин Қазақстанға басшы болып келгесін елді билеп-төстеу үшін бір топты бір топқа айдап салу тактикасын қолдайды, ОГПУ, НКВД күштерін алаш азаматтарына қарсы салды. Қазақ зиялыларының ең жетекші тобын, әсіресе Алаш партиясы мен алаш қозғалысының көсемдерін жалмады. Оларға жасырын контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйым құрып, кеңес өкіметін құлату мақсатын көздеді деген айыптауларды ойлап тауып табаны күректей алаштың Ахмет Байтұрсынов бастаған 44 азаматын үштіктің қаулысымен әртүрлі мерзімдерге түрмеге отырғызып, концлагерге айдаған және жер аударған. Олардың арасынан үштік үкімінің мерзімін өтеп елге қайтқандары 1937—1939 жылдары жалған жалалармен тағы да «халық жауы» аталып, атылғандары атылып, қалғандары ұзақ мерзімдерге түрмелерге жабылып, ит жеккендегі лагерлерге айдалды. Олар небір азаптың тауқыметін тартып кіндік қаны тамған отанына оралмай көз жұмды, ал, өлмей тірі қалғандары құр сүлде болып елге оралды.

Сонымен, 30-шы, 40—50-шы жылдардың басында орын алған саяси қуғын-сүргіннен, қанды террордан, 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысынан қазақ халқы жүз мыңдаған адамынан айырылды. Отан соғысында қапыда жау қолында тұтқынға түскендер «сатқын» аталып аяусыз жазаланып, концлагерге айдалды.

Міне арада 70 жылдан астам уақыт өткен соң Сталиндік қаулылардың күшін жоятын бірқатар заң актілері мен үкімет шешімдері қабылданды. Соның ең бастысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі

«Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңы болып саналады. Көптен күткен бұл заңның қоғамға маңызы өте зор және ол бүкілхалықтық қолдау тапты.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын» деген кітапшасында «Жыл оқиғалары тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, тоталитаризм құрбандарын мәңгі есте қалдыру сынды ізгі мақсатқа бағытталған қоғамдық белсенділіктің әжептәуір кең мүмкіндіктері бар екенін көрсетті. Адамдар, әсіресе ГУЛАГ тұтқындары жаппай жерленген орындарда шаралар өткізуге, аймақтық Аза кітаптарына арнап материалдар жинауға, сондай-ақ қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған Республикалық телемарофон өткізуге айрықша ықылас білдірді»— деп атап көрсеткен болатын. Міне осы мақсатта облыстық «Боздақтар» естелік кітабының жалғасы ретінде «Аза» атпен екі томдық кітапты жарыққа шығару үйғарылды. Бұл кітапқа облыс бойынша жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшырап сотталған 4500, оның 1153-і атылып кеткен боздақтар енгізілгелі отыр. «Аза» кітабы өлгендерді тірілтіп, олардың өмір жолын, адалдығы мен әділдігін ғибрат тұтатын қасиетті де қастерлі кітап болары сөзсіз. Бұл кітаптар жазықсыз жапа шеккендердің ерлігіне бағытталған, олардың рухына қойылатын үлкен ескерткіш.

***СЕРІКБАЙ ӨРІКБАЙҰЛЫ НҰРҒИСАЕВ —***
Қызылорда облысының әкімі, экономика ғылымдарының кандидаты.

# 1. ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАРЛЫҚТАРЫ, ЗАҢДАРЫ ЖӘНЕ ЛЕБІЗДЕРІ

## 1997 ЖЫЛДЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ТАТУЛЫҚ ПЕН САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының көптеген өтініштерін ескере отырып, жалпыұлттық татулықты, қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту мақсатында қаулы етемін:

1. 1997 жыл Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялансын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөнінде комиссия құрып, саяси партиялардың, Ұлттық мәдени орталықтардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің өкілдеріне оның құрамына кіруді ұсынсын. Облыстардың әкімдеріне осындай комиссиялар құру тапсырылсын.

2) 1997 жылдың 15 қаңтарына дейін тиісті шаралар әзірлеп, оны мемлекет басшысына табыс етсін, бұқаралық ақпарат құралдарында оларды кеңінен және уақтылы жария етіп отыруды көздесін.

3) Жалпыұлттық татулықты қамтамасыз ету, қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту, жеке адам мен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарға ізгі сипат беру ісінде ерекше көзге түскен республика азаматтарын мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыну жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

4) Саяси қуғын-сүргін құрбандарына жаңа ескерткіштер орнату және бұрын орнатылған ескерткіштерді, олардың жаппай жерленген орындарын тиісті күйге келтіру жөнінде шаралар қолдансын.

5) Осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қолданатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына арналған мәнеттер шығаратын болсын.

4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
***Н. НАЗАРБАЕВ.***

Алматы, 1996 жылғы желтоқсанның 30-ы.
№ 3299.

# ЖАППАЙ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаппай саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіруге батыл бел байлап, осы қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, оларға тигізген моральдық және материалдық залалды қазіргі уақытта барынша мүмкін болатын өтеуді қамтамасыз ету мақсатында осы заңды қабылдайды.

## I бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1-бап.** Осы Заңда саяси қуғын-сүргіндер ретінде мемлекеттік органдар немесе олардың өкілі болып табылатын лауазымды адамдарды саяси себептер бойынша күзетпен қамауға алуды және психиатриялық мекемелерде күштеп емдеуді қоса алғанда, өмірін жою немесе бас бостандығынан айыру, елден қуып жіберу және азаматтығынан айыру, өмір сүрген жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аластау (айдау немесе жер аудару), арнайы қоныс аударуға жіберу, бостандығын шектей отырып ықтиярсыз еңбекке тарту түрінде (соның ішінде «еңбек армияларында», «Ішкі істер халық комиссариатының жұмысшы колонналарында» деп аталатындарға) жүзеге асырылатын көндіру шаралары, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін нақақтан айыптаумен не саяси сенімдерінің белгілеріне, таптық, әлеуметтік, ұлттық, діни немесе басқа тегіне қарап, сот, соттан тыс не әкімшілік тәртібінде әлеуметтік қауіпті адамдар ретінде қудалаумен ұштасқан басқа да құқықтар мен бостандығынан айыру немесе шектеу танылады.

Осы Заңда адамды сот тәртібінде немесе заңмен белгіленген басқа тәртіпте саяси қуғын-сүргіндердің құрбаны немесе саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен деп тану, оның бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, ол шеккен моральдық немесе материалдық залалдың орнын толтыру ақтау деп ұғынылады.

**2-бап.** Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының қазіргі аумағындағы саяси қуғын-сүргіндерге тікелей 1917 жылғы 25 қазаннан (7 қарашадан) кейін ұшыраған адамдардың бәріне қолданылады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдармен қатар саяси қуғын-сүргіндер құрбандары ретінде Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады:

а) бұрынғы КСР Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;

б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы;

в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолданылуы;

г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: КСРО Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, КСРО Айрықша Бас Саяси Басқарма алқасының, КСРО Ішкі істер халық комиссариаты — Мемлекет қауіпсіздігі министрлігі — Ішкі істер министрлігі жанындағы айрықша кеңестің, КСРО Прокуратурасы мен КСРО Ішкі істер халық комиссариатының Тергеу істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы жағдайларында танылады.

Саяси қуғын-сүргіндер құрбандары ретінде сондай-ақ КСР Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар да танылады.

Осы Заңда саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккендер ретінде ата-аналарымен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары танылады.

**3-бап.** Саяси себептер бойынша елден аласталған, тұрған жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аулақтатылған (айдауға немесе жер аударуға жіберілген), арнайы қоныс аударылған, бостандығын шектеп еңбекке ықтиярсыз тартылған, сондай-ақ әкімшілік тәртіппен құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе шектеулерге ұшыраған, әкімшілік тәртіпте немесе сот емес органдар шешімдері бойынша психиатриялық мекемелерде емдеуге күштеп жатқызылған адамдардың бәрі ақталған адамдар деп жарияланады.

**4-бап.** Мынадай айыптары үшін сотталғандардың бәрі ақталған адамдар деп жарияланады:

а) революцияға қарсы үгіт-насихат жүргізгені;

б) шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы ережелерді бұзғаны (діни топтардың алым қаражаттарын күштеу арқылы жинағаны, діни ғұрыптарды атқаруға бөгет жасағаны үшін айыптау бойынша сотқа тарту жағдайларынан басқа реттерде, яғни 1958 жылғы 25 желтоқсандағы «Мемлекеттік қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік туралы «КСРО Заңы қабылданғанға дейін қолданылған РКФСР Қылмыстық кодексінің 58 [10], 122, 123, 125, 126-баптары бойынша;

в) кеңеске қарсы үгіт және насихат жүргізгені;

г) мешіт пен шіркеулерді мемлекеттен және мектепті мешіт пен шіркеуден бөлу туралы заңдарды бұзғаны;

д) КСРО-ның қоғамдық құрылысын даттайтын қасақана өтірік қауесеттер таратқаны үшін, яғни Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 56, 130 (1992 жылғы 26 маусымдағы Қазақ КСР-інің Заңы қабылданғанға дейін қолданылған редакцияда) 170-І-баптары бойынша.

5-бап. Мынадай саяси себептермен сотталған адамдардың бәрі ақталуға жатады:

а) мемлекеттік және басқа қылмыстары үшін сотталғандар;

б) саяси қуғын-сүргіндермен байланысты жазасын өтеп жатқан бас бостандығынан айыру орындарынан, айдаудан, жер аударудан, арнайы қоныс аударудан не бас бостандығын шектей отырып ықтиярсыз еңбекке тарту орындарынан қашып шыққаны үшін сот емес органдар шешімдерімен сотталғандар немесе жазаланғандар;

в) саяси тұтқындардың бас бостандығынан айыру орындарында қарсыласу қозғалысына қатысқаны үшін сот емес органдар шешімімен сотталғандар немесе жазаланғандар;

г) Бүкілодақтық Төтенше Комиссия, Саяси бас басқарма — Айрықша Саяси бас басқарма, Ішкі істер халық комиссариаты, Мемлекет қауіпсіздігі министрлігі, Ішкі істер министрлігі органдарының, прокуратура мен оның алқалары, «айрықша кеңестер», «екілік», «үштік», сот қызметін жүзеге асыратын басқа да органдар шешімдері бойынша қылмыстық жазаға тартылғандар.

**6-бап.** Осы Заңның 5-бабында аталған, соттар негіздеп айыптаған, сондай-ақ сот емес органдардың шешімдерімен қылмыстық жазаға тартылған, істерінде мына төменде жасаған қылмыстары жеткілікті дәлелденген адамдар ақталуға жатпайды:

а) шетелге қашып немесе ұшып кетуден басқа Отанды сатудың барлық формалары; қарулы көтеріліс немесе қарулы бандылар құрамында Республика аумағына революцияға қарсы мақсатта басып кіру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа да күш көрсету әрекеттеріне, тіміскілік, зорлық-зомбылық, бүлдіру әрекеттеріне қатысу;

б) жай халық пен әскери тұтқындарға қатысты күштеу әрекеттері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезінде осындай әрекеттер жасауына басқыншылар мен Отанын сатқандарға дем берушілік;

в) қарулы бандыларды ұйымдастыру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа да күштеу әрекеттеріне қатысу.

**7-бап.** Осы Заңның 5-бабында аталған адамдарға арналған істердің бәрі, сондай-ақ саяси себептер бойынша психиатриялық мекемелерге күштеп емдеуге жатқызылған адамдарға арналған істер осы Заң күшіне енген сәтінде соттардың күшін жоймаған шешімдерімен бірге міндетті түрде тексеруге жатады.

Осы адамдардың жалпы қылмыстар жасағаны туралы істерде жеткілікті дәлелдер болған жағдайда аталған адамдар саяси себептер бойынша тартқан жазасы бөлігінде ғана ақталуға жатады.

## II бөлім. АҚТАУ ТӘРТІБІ

**8-бап.** Ақтау туралы өтінішті ақталушылардың өздері, сондай-ақ кез-келген адамдар немесе мүдделі қоғамдық бірлестіктер қуғын-сүргіндерді қолдану туралы шешім қабылдаған органның немесе лауазымды адамның тұрған жері бойынша сот тәртібінде — прокуратура органдарына, әкімшілік не басқа тәртіпте — ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдарына береді.

**9-бап.** Ақтау туралы өтініш бойынша шешім қабылдау үшін мерзім карауына жататын органға өтініш түскен күннен бастап үш айдан аспауы керек.

Қосымша ақпарат, құжаттар, анықтамалар алу қажеттігімен байланысты ерекше жағдайларда шешім қабылдау мерзімін жоғары тұрған прокуратура, ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдары кідірту себептері мен мерзімдері туралы өтініш иесіне міндетті түрде хабарлай отырып, кемінде алты айға дейін ұзарта алады.

**10-бап.** Прокуратура органдары қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың не басқа адамдардың немесе мүдделі қоғамдық бірлестіктердің өтініштері бойынша ақтауға жататын адамдарға арналған барлық істерді осы Заң күшіне енгенге дейін соттардың күшін жоймаған шешімдерімен бірге тексеруге міндетті.

Мұндай істерді тексеру үшін прокуратура органдары ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік және денсаулық сақтау органдарын қатыстырады, олардан қажетті құжаттарды, материалдар мен басқа да мағлұматтарды талап етеді.

Тексеру материалдары бойынша прокуратура органдары қорытынды жазып, соның негізінде өтініш иесіне ақтау туралы анықтама береді.

Ақтау үшін негіздер болмаған жағдайда прокуратура органдары ақтау туралы анықтаманы беруден бас тартқаны жөнінде өтініш иесіне белгіленген мерзімде хабарлауға және қорытындымен қоса істі осы Заңның 13 бабына сәйкес сотқа жіберуге міндетті.

Прокуратура органдарына осы тұрғысында түскен өтініштерге қарамастан саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау жөнінде ұдайы жұмыс жүргізу жүктеледі. Толық ақталған азаматтар туралы мағлұматтарды прокуратура органдары өтініш иелерінің талабы бойынша баспасөзге жариялау үшін береді.

**11-бап.** Ішкі істер органдары мен ұлттық қауіпсіздік органдары прокуратура органдарының тапсырмалары бойынша және осы Заңның 3,4-баптарына сәйкес адамның сөзсіз ақталу құқы туралы куәландыратын деректердің дәлелденгенін өтініш иелері мәлімдеген жағдайларда — әкімшілік немесе басқа да соттан тыс тәртіпте елден аластау, өмір сүру немесе мекенді аудандарынан аулақтату (айдау не жер аудару), арнайы қоныс аударып жіберу, азаматтардың бостандығын шектей отырып еңбекке ықтиярсыз тарту немесе құқықтары мен бостандықтарынан айырулары мен шектеулері, басқалай да зиян келтірулері фактілерін анықтауға міндетті.

Аталған фактілерді анықтаған жағдайда ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары іс жөнінде материалдарды прокуратура органдарының атына жолдап, бұл жөнінде өтініш иесіне хабарлайды.

Осы баптың бірінші бөлігінде аталған фактілер анықталмаған жағдайда не сөзсіз ақтау үшін негіздер болмаған жағдайда ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қаралмаған материалдарды міндетті түрде өтініш иесіне хабарлай отырып, белгіленген мерзімде прокуратура органдарына жібереді.

**12-бап.** Өтініш иесі прокуратура органдарының ақтау туралы анықтаманы беруден бас тартқаны жөніндегі не ішінара ақтау жөніндегі шешіміне азаматтар құқықтарына қысым жасаған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың теріс әрекеттеріне шағымдану үшін көзделген тәртіпте сотқа шағым жасауға құқылы.

**13-бап.** Прокуратура органдары ақтауға негіздерді анықтамаған жағдайда ақтау мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды:

— сотталған адамдарға — соңғы сот шешімдерін шығарған соттар қабылдайды. Таратылған соттар мен әскери трибуналдар үкімдер, үйғарымдар мен қаулылар шығарған істер қолданылып жүрген заңдар бойынша осы істер өздеріне жататын соттардың қарауына беріледі. Ақтау туралы істердің аумақтық сотқа жатардылығы соңғы сот шешімі шыққан жері бойынша анықталады;

— Осы Заңның 3 және 4-баптарына сәйкес өздерінде сөзсіз ақтау жөнінде құжаттар болмаған жағдайда соттан тыс қуғын-сүргіндерге ұшырағандарға (психиатриялық мекемелерге күштеп жатқызылғандарды қоса алғанда) — қызмет көрсететін аумағында соттан тыс органдар әрекет етіп, лауазымды адамдар

шешімдер қабылдаған тиісті облыстық, Алматы қалалық соттар қабылдайды. Ісі сотқа жататындығы бойынша ақтау туралы істерді беру Қазақстан Республикасы қылмыстық істер жүргізу заңдарында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

**14-бап.** Прокуратура органдарының теріс қорытындыларымен сотқа түскен істер қылмыстық істер бойынша қадағалау тәртібінде сот шешімдерін қайта қарау ережелері бойынша қаралады.

Сот азаматты толық ақталды деп таниды, бұрынғы шешімін күшін жояды және істі қысқартады.

Сот азаматқа бұдан бұрын тағылған қылмыстың жекелеген құрамының немесе оқиғаның бір бөлігіне қатысты оны ақталды деп табады және бұрын қабылданған шешімге өзгеріс енгізе алады.

Сот азаматты ақтауға жатпайды деп тануға құқылы.

Соттың үйғарымына (қаулысына) прокурор наразылық білдіре алады немесе өтініш иесі жоғары тұрған сотқа шағымдана алады.

**15-бап.** Азамат толық ақталған жағдайда сот өтініш иесіне ақталғаны туралы анықтама береді.

Азаматты қылмыстың жекелеген құрамына немесе оқиғасына қатысты ақтаған немесе сот оны ақтауға жатпайды деп таныған жағдайда өтініш иесіне сот үйғарымының (қаулысының) көшірмесі беріледі.

**16-бап.** Толық ақталған азаматтар не олардың өкілдері, ал олар қайтыс болған жағдайда туған-туысқандары қысқартылған қылмыстық немесе әкімшілік істердің материалдарымен танысуға, сондай-ақ сақталған осы істердегі қолжазбаларды, фотосуреттерді, басқа да жеке құжаттарды алуға құқылы.

Ақталған адам туысқандарының тек іс жүргізуші емес сипаттағы құжаттарымен танысуға құқы бар.

Аталған материалдармен басқа адамдар мемлекеттік архивтер материалдарымен танысу үшін белгіленген тәртіпте танысады.

Материалдармен танысу нәтижесінде алынған мағлұматтарды іске қатысты адамдар мен олардың жақындарының құқықтарына және заңды мүдделеріне залал келтіріп, пайдалануға тыйым салынады.

Іс бойынша хатталған жеке заттарды, егер олардың сақталған орны анықталса, осы Заңның негізінде сот бойынша ақталған адам немесе оның туған-туысқандары талап ете алады.

**17-бап.** Қуғын-сүргіндермен байланысты архив материалдарын сақтауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар АХАЖ (ЗАГС) органдарына қайтыс болуы туралы куәлікті ресімдеу үшін хабарлама жіберуге, сондай-ақ деректер болған жағдайда, өтініш иелерінің тілектері бойынша оларға ақталған адамның қайтыс болған уақытын, өлімінің себебін және жерленген орнын хабарлауға міндетті.

## III бөлім. АҚТАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**18-бап.** Осы Заңға сәйкес ақталған адамдарға ақталу туралы анықтамасын немесе сот үйғарымының (қаулысының) көшірмесін ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте бірыңғай үлгідегі куәлік беріледі.

Бұрынғы КСР Одағы мен оның құрамында болған одақтас республикалардың өкілетті органдары берген ақталу туралы құжаттардың, егер ақтау туралы шешім Қазақстан Республикасы Заңдарына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасы аумағында күші бар деп танылады.

**19-бап.** Қуғын-сүргіндерге ұшыраған және осы Заң белгілеген тәртіпте ақталған адамдардың қуғын-сүргіндермен байланысты айрылған әлеуметтік-саяси әрі азаматтық құқтары, наградалары, құрметті, әскери әрі арнаулы атақтары қалпына келтіріледі.

Адам өзіне тағылған айыптың тек бір бөлігінде ақталған жағдайда оның саяси айыптаулармен байланысты бұзылған құқтары қалпына келтіріледі.

**20-бап.** Ақталған адамдардың өздері қуғын-сүргінге түскенге дейін тұрған жерлері мен елді мекендерде тұру құқы танылады. Бұл құқ қуғын-сүргін зобалаңы қолданылған сәтте оған ұшыраған адамдармен бірге тұрған олардың отбасы мүшелеріне және туған-туысқандарына қолданылады. Туған-туысқандарының қуғын-сүргіндері салдарының қоныс аударуға мәжбүр болуы фактісінің құжаттық деректері болмаған жағдайда сот арқылы анықталуы мүмкін.

Егер қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдар қуғын-сүргіндерге байланысты тұрған жайға иелік құқынан айрылған және қазіргі уақытта тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж болған реттерде, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінде көзделген реттерде олар тұрғын үйді кезектен тыс алуға құқылы.

Селолық жерлерде тұратын адамдардың осы категориялары тұрғын үй салу үшін процентсіз қарыз алуға және құрылыс материалдарымен кезектен тыс қамтамасыз етілуге құқылы.

**21-бап.** Осы Заңға сәйкес өз еркін ой-пікірін білдірусіз азаматтығынан айрылған немесе азаматтығы жойылған барлық ақталған адамдардың, сондай-ақ олардың ұрпақтарының «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-шы бабы екінші бөлігінің ережелері негізінде өтініш беруі (тіркелу) тәртібінде Қазақстан Республикасы азаматтығы қалпына келтіріледі.

**22-бап.** Қамауға алу, бас бостандығынан айыру, психиатриялық мекемелерге жатқызу түрінде негізсіз қуғын-сүргіндерге ұшыраған, сондай-ақ шектеулі бостандық жағдайларында ықтиярсыз еңбекке (соның ішінде «еңбек армиялары», «Ішкі істер министрлігінің жұмысшы колонналары» деп аталатындарда) тартылған және осы Заңға сәйкес ақталған адамдарға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында олармен бірге отырған балаларға әлеуметтік қорғау органдары тұрғылықты органдары бойынша ақтау туралы және аталған орындарда болған уақыты туралы құжаттардың негізінде республикалық бюджет қаржысынан олардың аталған орындарда болған әр айы үшін әлеуметтік қорғау органдарына өтініш жасаған сәтінде қолданылған Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген еңбекақының ең аз мөлшерінің төрттен үш бөлігі есебінен, бірақ заңмен белгіленген ең төменгі 100 еңбекақыдан аспайтын мөлшерде, ақшалай өтем төленеді.

Өтем біржолғы түрінде, сондай-ақ басқа тәртіпте, ақталған адам әлеуметтік қорғау органдарына өтініш жасағаннан кейінгі алғашқы үш ай ішінде жалпы соманың кемінде үштен бірі төленген жағдайда беріледі, ал қалған сомасы кемінде екі жыл ішінде төленеді.

Өтемнің есептелген сомалары жалақының ең аз мөлшерінің өзгеруіне сәйкес индекстеледі.

Өтем есептеліп, бірақ оны ақталған адам қайтыс болуы себепті алмаған реттен басқа жағдайларда, мұрагерлерге төленбейді.

«Қызметтік міндеттерін атқару кезінде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерімен азамат шеккен зиянның орнын толтыру туралы» 1981 жылдың 18 мамырындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасы Жарлығының күші қолданылатын адамдарға өтем осы Жарлық негізінде төленген соманы шегеру арқылы төленеді.

КСРО-ның бұрынғы мемлекеттерінің — одақтас республикаларының заңдары бойынша өтем алуға құқы бар ақталған азаматтарға өтем алу орнын таңдау құқы беріледі.

КСРО-ның бұрынғы мемлекеттерінде — одақтас республикаларында өтем алған адамдарға өтемдер төленбейді немесе олардың мөлшері қайта есептелмейді.

**23-бап.** Айыптың жекелеген құрамына немесе бір оқиғасына қатысты ақталған адамдардың осы Заңның 22-бабында көзделген өтемді алу құқын, осылардың талап ету жөніндегі өтініші бойынша, ақталу туралы шешім қабылдаған сот белгілейді.

**24-бап.** Саяси қуғын-сүргіндердің құрбандары, сондай-ақ осы Заңның 2-бабында көрсетілген саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен, осы Заңға сәйкес ақталған, мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын адамдар мыналарға құқылы:

қамауда ұсталған, бас бостандығынан айыру орындарында жазаны өтеу, айдауда болу, бостандығын шектей отырып ықтиярсыз еңбекке тарту, арнайы қоныс аударуда және психиатриялық мекемелерде күштеп емдеуде болған уақыты есебін үш есе мөлшерде зейнетақы алу үшін стажға енгізуге;

өздері үшін қолайлы уақытта кезекті еңбек демалысын алуға, сондай-ақ жылына екі аптаға дейінгі мерзімде жалақысы сақталмайтын қосымша демалысқа;

жұмыс орнында санаторийлерге, профилакторийлерге және демалыс үйлеріне (зейнеткерлер үшін — әлеуметтік қорғау органдары арқылы) жолдамалармен артықшылықпен қамтамасыз етуге, осы жолдамаларға ақы төлеу жөніндегі жеңілдіктерді артықшылықпен алуға;

бірінші кезекте медициналық көмек, дәрі-дәрмектер сатып алуға, емдеу-алдын алу мекемелерінде диспансерлік бақылау мен тұрақты емделуге;

дәрігерлер рецебі бойынша дәрі-дәрмектерді олардың құнының 50 проценті мөлшерінде жеңілдікпен (мүгедектігі өзінің заңсыз әрекеттері немесе босағаннан кейін жалпы ауру салдарынан болған адамдарды қоспағанда) сатып алуға;

қалалық жолаушы көлігінің барлық түрлерінде (таксиді қоспағанда) және се-

лолық жерлердегі (тұрғылықты жерлердегі аймақ шегінде) жалпы пайдаланатын автомобиль көлігінде (таксиден басқасы) тегін жүруге;

Қазақстан Республикасы аумағында темір жол көлігінде жылына (әрі-бері) бір рет, ал темір жол қатынасы жоқ аудандарда — жол пұлының 50 проценттік жеңілдігімен су, әуе немесе қалааралық автомобиль көлігінде тегін жүруге;

қолданылып жүрген заңдармен белгіленген нормалар шегінде «тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту үшін, телефонды пайдаланғаны үшін (қалааралық сөйлесуден басқа) шығындарына ақы төлеуді белгіленген тарифтен 50 процент төмендету, ал мерзімдік төлем жағдайында — Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгіленген тарифпен және уақыт нормасында, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындарға азаматтарға сату үшін белгіленген нормалар шегінде сатып алынатын отын үшін де 50 процент төмендетуге;

Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер үшін алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі;»*

жекешелендіру купондарын сақтай отырып тұрған жайды жеке меншікке тегін беруге;

телефондарды бірінші кезекте орнатуға;

бау-бақша өсіру қоғамдарына және тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне бірінші кезекте кіруге;

жасы ұлғайғандар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлеріне бірінші кезекте орналасуға және тағайындалған зейнетақының кемінде 30 процентін сақтай отырып мемлекеттің толық қамтамасыз ету жағдайында тұруға;

тіс протездерін (қымбат металдардан жасалған протездерді қоспағанда, тегін дайындату мен жөндетуге, басқа да протездік-ортопедиялық бұйымдармен жеңілдікпен қамтамасыз етілуге;

ақталуға байланысты мәселелер бойынша адвокаттардан тегін консультация алуға құқылы.

Қазақстан Республикасының заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, жергілікті өкілді органдардың қалыпты құжаттарымен қосымша жеңілдіктер белгіленуі мүмкін.

Жоғарыда келтірілген жеңілдіктерді алу үшін негіз Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген бірыңғай үлгідегі куәлік болып табылады.

КСР Одағының басқа мемлекеттерінде — бұрынғы одақтас республикасында саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған, бірақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын ақталған және оның азаматтары болып табылатын адамдар осы бапта көзделген барлық жеңілдіктерді пайдаланады.

**25-бап.** Осы Заңмен көзделген жеңілдіктер мен өтемдерді беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіпте республикалық бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

**26-бап.** Осы Заңның 18-24-баптарының күші осы Заң күшіне енгенге дейін ақталған саяси қуғын-сүргіндердің құрбандарына қолданылады.

## IV бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**27-бап.** Егер Қазақстан Республикасы қатысушы болған халықаралық шартта осы Заңмен көзделгеннен өзгеше қалыптар мазмұндалатын болса, онда халықаралық шарттың қалыптары қолданылады.

**28-бап.** Осы Заңның орындалуын бақылау үшін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау жөнінде комиссия құрады.

Комиссияға ақтау мәселелеріне қатысты материалдарды алу үшін Қазақстан Республикасы аумағындағы соттардың, әскери трибуналдардың, прокуратураның, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары архивтеріне және басқа да архивтерге толық енуі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ ақтаумен айналысатын органдардан ақтау мәселелеріне қатысты кез келген ақпарат беруді талап ету құқы беріледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Н. НАЗАРБАЕВ**
Алматы, Парламент Үйі, 1993 жылғы сәуірдің 14-і. № 2143-XII

* Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 2 сәуірдегі Заңы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ
1993 жылғы 22 қазандағы
№ 1055 ҚАУЛЫСЫМЕН
БЕКІТІЛГЕН

## Ақталған азаматтың жеңілдікпен пайдалану құқы туралы куәліктің үлгісі

**Куәліктің сырт жағы**

**Қазақстан Республикасының Елтаңбасы**

**АҚТАЛҒАН АЗАМАТТЫҢ ЖЕҢІЛДІКПЕН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК**

**УДОСТОВЕРЕНИЕ**

**РЕАБИЛИТИРОВАННОГО ГРАЖДАНИНА О ПРАВЕ НА ЛЬГОТЫ**

**Куәліктің ішкі жағы**

______________________________
(куәлікті берген мекеме
______________________________
учреждение, выдавшее удостоверение)

**КУӘЛІК**

сериясы __________ № ____________
серия

**УДОСТОВЕРЕНИЕ**

(Фото-сурет)

____________________
(фамилиясы-фамилия)
____________________
(аты-имя)
____________________
(әкесінің аты-отчество)

М.О.
М.П. ________________________
(өз қолы-личная подпись)

Куәлікті ұсынушы адамның «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдалану құқы бар.

Куәлік мерзімсіз және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

Берілген уақыты

199___ ж. « _____ » ____________________

М. О. ____________________________
(мекеме басшысының қолы)

Предъявитель удостоверения имеет право на льготы и преимущества, установленные Законом Республики Казахстан «О Реабилитации жертв массовых политических репрессий».

Удостоверение бессрочное и действует на всей территории Республики Казахстан.

Дата выдачи

«___» __________________________ 199 г.

М.П. ______________________________
(подпись руководителя учреждения)

## АҚТАЛҒАН АЗАМАТТЫҢ ЖЕҢІЛДІКПЕН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІКТІҢ СИПАТТАМАСЫ

Мөлшері 7х10 см куәлік бланкісі лидериннен немесе полихлорвинилден жасалады. Сырт жағында Қазақстан Республикасының Елтаңбасы және «Ақталған азаматтың жеңілдікпен пайдалану құқы туралы (биіктігі 0,3 см) куәлік (биіктігі 0,5 см)» деп қазақ және орыс тілінде бояумен түзілген жазу бар.

Бланкінің ішкі жақтарында қазақ және орыс тілдерінде Баспаханалық тәсілмен түзілген жазулар бар.

Куәліктің нөмірі мен сериясы баспаханалық тәсілмен басылған.

## АҚТАЛҒАН АЗАМАТТАРҒА КЕЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ ТУРАЛЫ

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы**

Жаппай қуғын-сүргін құрбандары шеккен материалдық залалдың өтемақысын қазір мүмкіндігінше барынша қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті қаулы етеді:

1. Ақталған азаматтардың (немесе олардың мұрагерлерінің) оларды тұтқындау кезінде алынған мүліктері мен құндылықтарының құнын өтеу туралы арыздарын қарау үшін облыстардың, Алматы мен Ленинск қалаларының әкімдері облыстық қаржы басқармасы, Алматы қалалық қаржы басқармасы және Ленинск қалалық қаржы бөлімі бастықтарының төрағалығымен олардың құрамында облыстық (қалалық) Ұлттық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасарын және сауданың жауапты қызметкерлерін, мүліктердің түрін бағалау үшін сарапшыларды қосып комиссиялар құратын болсын.

Комиссия Қазақстан аумағында қуғын-сүргін болған кезде мүліктің болған немесе сатылған жері бойынша арыздарды қарайды. Арыз қарау үшін ақтау туралы құжат алынған кезден үш жылдан кешіктірілмей беріледі.

2. Ақталған азаматтарға (немесе олардың мұрагерлеріне) келген залалдың сомасын айқындау кезінде тәркіленген ақша сомасы, сондай-ақ бағалы қағаздар (чектер) бөлігінде 1947 жылғы ақша реформасының, 1961 жылғы баға ауқымының өзгеруі және ұлттық валютаға ауысуы ескерілетін болып сондай-ақ жыл сайын бюджетті жасау кезінде бекітілген 60 сом (0,12 теңге) мөлшеріндегі 1961 жылғы ең төменгі жалақы деңгейіндегі айлық есепті көрсеткіші мөлшерінің айналымдағы күніне белгіленген арақатынасы ретінде айқындалған есептесу коэффициенті қолданылатын болып белгіленсін;»*

3. Оларға тиісті нарық бағаларын қолданып, осы қаулыдағы қосымшаға сәйкес тергеу материалдарында ерекшелік сипаттамалары болмаған құнды металдардан жасалған, тәркіленген (алынған) зергерлік және басқа да тұрмыстық бұйымдарды (сынамасын, салмағын) бағалау кезінде бұл бұйымдардың құнын сынамасына, салмағына қарап айқындау ұсынылады.

4. Тәркіленген (алынған) тұрғын үй құрылыстары мен баспаналарды бағалау кезінде оларға тұтқындау кезінде азаматтың тұрған жерінде басым болған тұрғын үй алаңының ең төменгі мөлшері қолданылатын болып белгіленсін.

5. Қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардан тәркіленген былғары және мех шикізатын, кілем бұйымдарын, сойыс және жұмыс малын, құстарды және басқа мүлікті бағалау бөлігінде комиссия тиісті мүліктің ең төменгі стандарт мөлшерін (салмағын) алады.

6. Егер азаматты тұтқындауға байланысты оның салым ақшасы бюджетке есептеліп, жинақ кітапшасы алынып қойылған болса, қаржы органдары бюджет қаражатынан салым ақша мөлшерін өтеп береді. Салым ақша Қазақстан Республикасының Халық банкі бөлімшелерінде қозғалмайтын салымдар құрамында жатса, негізсіз жауапқа тартылған және кейіннен ақталған азаматтарға келген залал қаражатының мөлшерін Қазақстан Республикасының Халық банкі өтейді.

Залалдың мөлшері салым ақша бюджет кірісіне есептелген сәттен немесе Халық банкінің қозғалмайтын салымдарының құрамына есептелген сәттен қайтару күніне дейін, барлық өткен уақытқа осы сомаға тиісті проценттерді есептей отырып, салым мөлшерімен (осы қаулының 2-тармағымен айқындалған ақша реформасын, баға ауқымының және есеп коэффициентінің өзгеруін ескерумен) айқындалады.

7. Ақталған азаматтарды тұтқындау кезінде алынған мүліктің өтемақы мөлшерін мәселені қарау кезінде (мүліктің 25 пайыз) мөлшерде тозуы ескеріліп (нарықтық (еркін) бағасының деңгейін алып айқындаған жөн.

«Мүлік құны немесе өтемақы төлеу мөлшері (осы қаулының 2, 3, 4, 5, 6 және жыл сайын бюджетті жасау кезінде бекітілген айлық есепті көрсеткіші оның 100 еселенген мөлшерінен (тұрғын үйді қоспағанда, мүлік үшін оның 200 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс».

8. Тікелей қуғын-сүргінге ұшырағандарға бірінші кезекте құны өтелуге немесе өтемақы төленуге тиіс. Олар өлген жағдайда марқұмның балалары, оның ішінде асырап алған балалары, әйелі (күйеуі) және ата-аналары (бала қылып алушылар), сондай-ақ

---

* Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі қаулысы, № 525.

*Сонда.

ол қайтыс болғаннан кейін туған баласы шығынның орнын толтыру құқына ие болады.

Ақталғандар немесе оның мұрагерлері залалдың құнын алған кезде оған қаржы органдары сомасын хабарлағаннан кейін, залалды өтеу мөлшері оны төлеу себептері мен уақытына қарамастан одан кейін қайта есептелмейді.

9. Залалды өтеудің белгіленген тәртібі азаматтардың мүлкі Қазақстан Республикасы аумағында 1917 жылғы 25 қазаннан (7 қарашадан) басталған кезеңнен тәркіленген жағдайда олардың өтініш берген уақытына және қазіргі тұрған жеріне қарамастан, тек төленбеген сомалары бойынша қолданылады.

«Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұратын азаматтарға залалды өтеу тұратын жеріндегі мемлекеттің валютасымен төленеді.

Залалды өтеу сомасын белгілеу жөніндегі комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, ақталған адам (мұрагер) сот органдарына өтініш береді»*.

**Қазақстан Республикасының Премьер-министрі**
**Ә. ҚАЖЫГЕЛДИН**
Алматы, 1994 жылғы желтоқсанның 30-ы.
№ 1495

* Сонда.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1495 қаулысымен бекітілген
ҚОСЫМША

# Ақталған азаматтарға (немесе олардың мұрагерлеріне) залалды өтеу кезінде зергерлік және басқа да тұрмыстық бұйымдарды бағалау үшін олардың салыстырмалы салмағын қолдану НОРМАЛАРЫ

| Бұйымның атауы | Бұйым жасалған қымбат бағалы металдың қолданылған сынамасы және бұйымның грамдық ең төменгі салмағы. | |
|---|---|---|
| | Алтын 584 | күміс 875 |
| Сырға | 1 | 1 |
| Көзі жоқ сақина (жүзік) | 1,5 | 1,5 |
| Көзі бар сақина (жүзік) | 2 | 2 |
| Білезік | 3 | 3 |
| Жеңтүйме | 1,5 | 1,5 |
| Түйреуіш | 2 | 2 |
| Асхана жабдығының заттары (қасық, пышақ және т. б. орташа салмағы) | 4,5 | 4,5 |
| Сағаттар | 4 | 4 |
| Басқа да заттар | 2 | 2 |

**Ескерту:** платинадан жасалған бұйымдарға 950 сынамасы қолданылады, ал салмағы алтын мен күмістен жасалған бұйымдардың салмағына сәйкес болады.

# ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ, АЗ ҰЛТТАР МЕН ХАЛЫҚТАР-ДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЙТАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КЕЛІСІМ ЖӨНІНДЕ ШЕШІМ

1992 жылдың 9 қазаны

Жер аударылған жеке тұлғалардың, аз ұлттар мен халықтардың құқықтарын қайтару мәселелеріне байланысты келісімге қатысуға байланысты КЕЛІСІМГЕ қатысушы — Мемлекеттер (одан әрі — КЕЛІСІМ).

Тарихи әділеттікті қайта орнату қажеттігіне сай жер аударылған жеке тұлғалардың, аз ұлттар мен халықтардың заңды мүдделері мен жер аударылған кездегі мекендеріне өз еркімен оралуларын қорғау туралы өзіне міндеттемелер алуды қолдай отырып төмендегі келісімдер жасалады:

1. Келісім күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік жұмыстарды орындауды жеделдетуге күш салады.
2. Келісімге қатысушы — Мемлекеттердің үкіметтері, оны тиісінше жүзеге асыруға қажетті мәселелер жиынтығын шешуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.
3. Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Мәскеу қаласында 1996 жылғы 17 мамыр күні орыс тілінде бір ғана түпнұсқа дана болып жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару Хатшылығында сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның бекітілген көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін
*Л. ТЕР-ПЕТРОСЯН*
Беларусь Республикасы үшін
*А. ЛУКАШЕНКО*
Қазақстан Республикасы үшін
*Н. НАЗАРБАЕВ*
Қырғызстан Республикасы үшін
*А. АҚАЕВ*

Ресей Федерациясы үшін
*Б. ЕЛЬЦИН*
Тәжікстан Республикасы үшін
*Э. РАХМОНОВ*
Украина үшін
*Л. КУЧМА*

*Шешімге Молдово республикасы, Түркменстан, Өзбекстан республикасы қол қойған жоқ.*

Бір нәрсенің басы ашық: 1997 жылды Татулық пен еске алу жылы деп жариялау бізге жиырмасыншы ғасырдағы тарихымызды тың тұрғыдан қарастыруға, жүріп өткен жолымызға жаңаша баға беруге мүмкіндік жасады. Жыл бойғы айтылған жүйелі әңгіме тоталитаризмнің шын кейпін айқара ашып берді, жетпіс жылдай жамылып келген бетпердесін сыпырып тастады. Мен бір ғана цифрды атайын. 1932—33-ші жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық пен репрессия кезінде республикамызда 1 миллион 750 мың адам құрбан болған екен. Бұл дегеніңіз — сол кездегі қазақ халқының 42 проценті. Бір жылда халқының жартысына жуығынан айырылған бізден басқа ұлт бар ма екен мына дүниеде?!

Тек осы үшін, тек осы сұмдық қасірет үшін ғана, санымыз өнбей, өркеніміз өспей, талай жылдар бойына өз жерімізде, өз елімізде аз ұлт болып келгеніміз үшін ғана, сонан кешегі күнге дейін намысымыз жасып, сағымыз сынып қалғаны үшін ғана біз қазақтар, тоталитаризм атаулыға лағнет жаудырып, балаларымыздың балаларының балаларына: «Демократияның қадірін біліңдер!» деп өсиет айтып өтуіміз керек!..

**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ,** «Қазақтың бүкіл тарихы — бірігу тарихы, тұтастану тарихы».
(*«Егемен Қазақстан»,* 1998 жылғы 18 наурыз).

# 2. АЗА ТҰТУҒА ТҰРАРЛЫҚ ТЕРРОР

## Жазықсыз жапа шегіп опат болғандар

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1997 жылды Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялауы, әрбір жылдың 31 мамырын сол құрбандарды атап өтетін күн етіп белгілеуі — кешегі Қызыл империя жылдарындағы халыққа қарсы жасалған сұмдық террорлық әрекеттерді қайтадан бір еске алып, әлемде теңдесі жоқ жалақорлық құрбандары болғандарды аза тұтуға мәжбүр етеді. Елбасының осы игі қадамына жауап ретінде тірлік жасаған біздің «Боздақтар» естелік кітабының шағын ұжымы, сол сериямен «Аза кітабының» екі томдығын шығару тірлігін шұғыл бастандырып әкетті. Осы «Аза кітабын» шығару жұмысына кіріскелі бері біз неше алуан жан түршігерлік зұлматтықтардың куәсі болдық.

Осы тірлікке кірісер алдында облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі жолдастар бізге «үш мыңдай адам саяси қуғын-сүргінге ұшырады» деген мәлімет беріп еді. Біздің бес адамдық шағын коллективімізде екі адам 1997 жылдың басынан бастап қыркүйек айына дейін сол ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде отырып, құжаттармен жұмыс істеді де, 4000-нан астам азаматтың саяси қуғын-сүргінге ұшырағанын анықтады. Оның бержағында осы жолдар авторы облыстық газет аппаратында жарты ғасыр жұмыс істеген кезінде бірнеше ондаған зұлмат құрбандары жайлы мақалалар жазғанын, тағы басқа ондаған қайраткерлер осы тақырыпқа қалам тартқанын ескерсек, соларды кітапқа енгізу арқылы «Аза кітабына» енгізілетін материалдар ауқымы молая түсті.

Елбасының 1997 жылды жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялаған Жарлығы баспасөзде жария көруіне орай, Алматыда М. Қозыбаев бастаған ғалымдар тобы да «Аза» кітабын шығаруды үйғарып, әрбір облыс әкімшілігіне хаттар жазып, қаржы бөлуін талап етіп еді. Республикалық кітапқа біздің облыстан саяси қуғын-сүргін құрбаны болғандардың бәрін енгізу мүмкін емесін, оған әрі кетсе жетпіс-сексен ғана құрбан болғандар іріктеліп алынып, солар ғана енгізілетінін білдік те, біз өз алдымызға екі томдық кітап шығаратынымызды айтып, Алматыға жауап хат жібердік. Міне, біз бұл сенімнен шығып отырмыз.

Аза кітабын екі том етіп шығару қажіттілігі неден туды? Осы бірінші томға «Топтасқан қылмысты істер хаттамасы» деген айдармен 317 топтама бойынша қылмысты жауапқа тартылған 1868 адам еніп отыр. Мұнда 2 адамнан 70 адамға дейін бір қылмысты іспен топтап жауапқа тартылғандар енгізілген. Әрбір аудан, қала бойынша, 1928 жылдан 1953 жылға дейін (В. И. Сталин өлгенге дейін) әрбір жыл бойынша қылмысты жауапқа тартылғандар бөлек-бөлек әзірленді. Бұл арада оларды алфавитке түсірудің реті келмеді де, осылайша жылдар бойынша топтама түрінде беруді қолай көрдік. Бұл бірінші томға 1997 жылды Мұстафа Шоқай жылы деп жариялауға байланысты арнаулы бөлім, сол жылы 100 жасқа толып, зұлмат қыршыны болып өмірден ерте өткен Сүлеймен Есқараев, Нұрғали Сәтіғұлов, Қазмұхан Күлетов жайлы көлемді мақалалар берілді.

«Боздақтар» естелік кітабының редакциясы қызыл империя жылдарындағы зұлматты үш категорияға бөлді: Перовскіде Кеңес өкіметі орнаған жылдарда

билік басына келген Гержот атты жендеттің қолынан талайлар өлім құшқанын ескере отырып, ол бірінші категорияға жатқызылды. Колхоздасу кезеңі, аштық, байлардың мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аудару, жалпы шаруаларға жасалған зобалаң қызыл империяның екінші жендеті Голощекин жылдарына тура келді де, сол кездің зұлматы екінші категорияға есептелді. «Күн көсем» И. В. Сталин зобалаңы негізінен 1937—1938 жылдары жүзеге асуы себепті, оны біз үшінші кезеңге жатқыздық та, дәл осы кезең «Аза» кітабының алғашқы томына енгізіліп отыр. Бірінші, екінші кезеңдердегі құрбандықтар жайлы кітабымыздың келесі — екінші томында авторлық материалдар алфавит бойынша жария етілетін саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар тізімімен қоса беріледі.

«Боздақтар» сериясымен берілген алғашқы бес томдықта біз соғыс тұтқыны болғандар, «Түркістан легионына» еніп жан сақтағандар жайлы мәліметтер жариялаған болатынбыз. Ондайлар кейін қуғын-сүргін атаулының неше «атасын» көргені айқын. Соның өзінде облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінен осы тақырыпта тағы бірнеше есімдер қолымызға түсті. Солар жайлы мәліметтер де осы бір томға енгізілді. Қызыл империя жылдарында террорлық қуғын-сүргінге тап болып, жер ауып келген өзге аз ұлт өкілдері жайлы да арнаулы бөлім әзірленіп, ол да осы томға еніп отыр.

Бұл том суреттерге аса бай. Неге? Облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінен біз үш жүзге жуық құрбан болғандар суретін тауып, солардың көшірмесін алуымыздың сәті түсті. Зұлмат жылдарында атылғандарды атардан он-он бес минут бұрын алды-артынан, оң мен солынан суретке түсіре беріпті ғой. Сондай боздақтардың кейінгі ұрпақтары осы кітаптан сол зұлмат жылдарында өлім оғын құшқан ата-бабаларының бейнесін көріп, ағыл-тегіл жылап алары анық.

Зұлматты жылдарда талайлардың тағдыры РСФСР қылмыс кодексінің аты шулы 58 бабы арқылы шешіліп, өмірі қиылды. ОГПУ-НКВД үштіктері, жедел топтар, сан алуан комиссиялар адамдарды топтап соттап, топтап атты. Осы томға енген екі мыңға таяу адамның 437-сі атуға бұйырылған.

Қазалы ауданының Майлыбас ауылдық кеңесіндегі «Бірлік», «Кеңтүп» деп аталатын екі колхозынан 13 адам 1937 жылғы шілдеде тұтқынға алынып, РСФСР Қылмыс кодесінің 58 бабымен қылмыстық жауапқа тартылған. Оларға партия мен үкіметтің саясаттарына қарсы шығып, жұртшылық арасында үгіт жүргізді, Ақмырза көтерілісіне тілеулестік білдірді, оларға азық-түлікпен көмектесті деген айып тақты. Осы 13 азаматтың ішінде әлгі аты аталған екі колхоздың төрағалары Амансариев Жұбатқан, Орымбаев Әміре де бар еді. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 11 қазандағы қаулысымен сол 13 азамат түгелдей ату жазасына бұйырылып, өлім оғын құшты. Сол он үш азамат сол жылғы 24 және 25 қазанда екі бөлініп құм арасына апарылып, түнгі сағат 12-де атылған.

Осы аудан территориясынан өтетін темір жол бойында бір жол апаты болыпты. НКВД жендеттеріне әлде біреу: «темір жол рельсі астына болт қойып кетіп, апат сонан болды» деп сыбырлаған, өш алғысы келген адамдардың аты-жөнін айтқан. Бұл хабар бүкіл ресейлік НКВД, прокуратура орнына жетеді де, Қазалы, көршілес Арал аудандарынан теміржолшыларды дүркін-дүркін топтап ұстап, ату жазасына бұйыру әрекеті жүзеге асқан. Осы айыппен бір жолғыда ұсталған 13 теміржолшы НКВД және ССРО прокуратурасы комиссиясының 1937 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен түгелдей өлім оғына тап болған.

Сырдария ауданының № 30 ауылынан 33 адам Шымкент ОГПУ-ының жедел тобының 1931 жылғы 15 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, оларға РСФСР Қылмыс кодексінің 58 бабының екінші тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалыпты. Оларға колхоздасу саясатына қарсы шықты, малдарын ұжымдасуға беруден жасырды деген айып тағылған. Қызылқұмдағы Ақатай Қарақұлов деген бандыға тілеулестік білдірді деген де айып тағылған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 15 мамырдағы қаулысымен сол 33 адамның 14-і ату жазасына бұйырылыпты. Сол он төрт азаматтың ішінде бір ғана Тілеуқабыл шаңырағынан Аппаз, Мырқы, Орамқұл, Жақсылық, Мүсілім атты бес арыс бірден өлім оғын құшыпты. Атылғандар ішінде ауылдық совет төрағасы Жолбарыс Орынбаев, кооператив төрағасы Ерхан Тәкібаев та бар еді.

Сырдария (бұрынғы Қызылорда) аудандық НВКД бөлімі 1938 жылғы 8 қаңтарда Қызылорда қаласында әртүрлі жауапты салада қызмет атқарып жүрген 6 азаматты тұтқынға алып, оларға РСФСР Қылмыс кодексінің 58 бабының 10 және 11 тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғады. Сонда олар кімдер еді?

Қызылорда облыстық баспасөз құпиясын сақтау бөлімінің (ЛИТО меңгерушісі Сүйінбаев Серікбай Айтмұхамбетұлы, Сырдария аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, қала іргесіндегі «Қарауылтөбе» колхозының төрағасы, Қызылорда аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Әшімов Исматулла, Қызылорда аудандық оқу бөлімінің инспекторы Шахметов Пірмағамбет, Қызылорда базарының директоры Басанов Есен, Қызылорда аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі Шөкеев Сейсенбай, Қызылорда ауылшаруашылық техникумының студенті Кенжебеков Химуран бар еді. Оларға контрреволюциялық ұлттық-көтерілісшілер ұйымының мүшелері болып, қаржыны талан-таражға салып, Қызылорда қосалқы шаруашылығының өнімдерін көтерілісшілерді асырайтын пайда көзіне айналдырды, өз жұмыстарын жаулық пиғылмен құлатты деген айыптар тағылып, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен сол алты азаматтың алтауы да қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға сотталды да, сол үштік шешімі шыққан бойдан сол күні олар атылып кетті. Тек 19 жыл өткен соң ғана облыстық сот президиумы облыстық прокурордың наразылығын қарап, алтауы жөніндегі үштік қаулысын бұзып, олардың әрекетінде қылмыс құрамы болмауы себепті істі тоқтатты. Не деген өкінішті жағдай десеңізші!

1937 жылғы маусым — шілде айларында молдалар мен ишандарды сыпыра ұстап алып, үштіктің қаулысымен топырлата атуға жол берілгені кімнің де болса жанын түршіктіреді. Мәселен, осы жолдар авторының «Қырық молдаға түскен құрық» деп аталатын, кезінде жергілікті баспасөзде жарияланған көлемді мақаласы Аза кітабының бірінші томына 45 молда мен ишанның тізімдерімен қоса енгізілді.

Енді мынаны қараңыз: Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 8 маусым — 27 шілде аралығындағы қаулыларымен жендеттер бірден 10 молданы — Нұраддин Нұрмағамбетов, Сұлтан Қалменов, Әбіш Исақожаев, Икрам Әбіласанов, Кәри Тұрғанбаев, Әбілда Нұржанов, Баттал Жансейітов, Басафа Алдабергенов, Жүсіп Бақбергенов, Сейдахмет Байбақтиевтерді ұстап әкетеді. Расын айтайық, бұл молдалардың ұрпақтары әліге дейін ұшты-күйді хабарсыз кеткендер қатарына жатқызып келеді.

Енді осы мерзімде, жоғарыдан берілген Қызыл империя нұсқауына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы 13 молданы тағы топырлата ұстаған. Олар негізінен Шымкент төңірегінде туып-өскендер, Қызылорда аймақтарымен аралас-құралас отырған молдалар екен. Сол он үш молданың бірі — Аппақ ишан (шын аты Мардан болып шықты) біздің Қызылорда қаласында, белгілі журналист Ахметжан Нүрекеевтің үйінде, соның әйелінің әкесі Әбілда Нұржанов молдамен бірге отырған сәтінде ұстап әкеткен. Екеуі бірге әкетілген. Осы оқиғаны анық білетін соғыс және еңбек ардагері Баттал Жүсіпбеков бұл қос молданы хабарсыз кетті дегені де Аза кітабы томына тиісті ескертумен бірге енгізілді.

Ал шындығында не болды? Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің (Пинтель, Досов, Случак дегендердің) 1937 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысымен осы 23 молда түгелдей атуға сотталып, 13 қыркүйекте, сол күнгі түнде атылып кеткен. Қандай өкініш!

Қазақ халқының белгілі азаматы Қалтай Мұхаметжанов әкесі Нүрекеев Мұхаметжанды 1937 жылы ұстап әкеткенін ғана білетін. Бір өлкеге аты мәшһүр болған, жұрт «Қара молда» деп атап кеткен әкесінің не күйге түскенін білмейтін. Сөйтсек, Мұхаметжан Нүрекеевті өзінен басқа үш молдамен — Рахметулла Оспанов, Әбілхақ Нұрымбетов, Шайхы Шамсетдиновпен бірге Қызылорда аудандық НКВД бөлімі 1937 жылғы 10 ақпанда тұтқындап, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің сол жылғы 1 қазандағы қаулысымен төртеуі де бірден ату жазасына сотталған. Оларды 14 қазанда, түнгі сағат 12-де атқан.

Бұл екі факті Аза кітабының алғашқы томынан, топтаманың қылмысты істер хаттамасынан іріктеп алынғандар ғана. Ал мұсылман дінін уағыздаушылардың нендей күйге ұшырағанын көзі қарақты оқырман кітаптың өн бойынан молынан кездестірері анық. Қармақшы ауданындағы жыр дүлділі Тұрмағамбет Ізтелеуов кезінде бірнеше рет түрмеге жабылып еді. Өздері аман тұрғанда Сүлеймен Есқараев, Темірбек Жүргенов Сыр сүлейін түрмеден шығартып жіберіп отырған. Қос арыс түрмеге қамалып, халық жауы ретінде атылып кеткеннен кейін Тұрмағамбеттің де күйі төмендеп, төртінші рет түрмеге қамалыпты. Жалағаш ауданының Аққошқар елді мекенінен Сүлеймен мүдәріс Күздеубайұлы да бірге қамалған. Осы қос молданың екеуінде де Әбдіхалық атты бала болып-

ты. Сол екі бала тағдыр талқысымен бірден шейіт болған. Бұл қос ұлдың өлімі қос молданы мүрт түсіреді. Халыққа аты белгілі болғандықтан ба, НКВД үштігі бұл қос молданы ату жайлы үкімді кешіктіре берген. Қос молда балалар қайғысына тап болып, бірден әлсірей бастаған. Үштік қаулысы шықпай тұрып, қос молданы түрмеде өлтіріп алудан сескенген түрме надзирательдері екеуін де уақытша үйлеріне қайтарған. Тұрмағамбет елге келеді де, бірден өліп кетіпті. Сүлеймен мұдәріс қалың қамысты, терең арық ішіне барып жасырынып жатып, шәйіт болған. Қос молданы ату жайлы үштік қаулысы келген сәтте түрме надзирателі оларды қуып әкеліп, «заңды түрде» атуды ұйымдастырмақшы болады да, елге тартады. Қос молда өліп қалды дегенге сенбей, ауыл ақсақалдарына ылаң салған. Тек қос молданың көрін аштырып, көзбен көрген соң ғана надзирательдер тыныштalған.

Сол бір солақай жылдарда «Халық жауы» атанғандардың бес-ондап бірден ату жазасына бұйырылуы сондай-ақ Қармақшы, Жалағаш, Жаңақорған аудандарында, Қызылорда қаласында көптеп кездесті.

Кәріс ағайындар 1937 жылы жер ауып келгені мәлім. Сол жылдан басталып, 1938 жылы аяқталған террорда кәрістерге «шетел разведкасының шпионы» деген айдар тағылып, ондап, он бестеп топ-тобымен атыла беріпті. Сырдария ауданы бойынша 27-31 топтамалар бойынша 11 кәріс қылмыстық жауапқа тартылып, бәрі де бірден ату жазасына бұйырылған. Қызылорда қаласы бойынша ату жазасына бұйырылған 43 адамның 39-ы, Қармақшы ауданында ату жазасына бұйырылған 49 адамның 27-сі кәріс ағайындар болып шықты. Арал ауданында атылған 58 адамның төрттен бірі өзге ұлт өкілдері екен. Топтасқан қылмысты істер хаттамасы бойынша алғашқы мәліметтер осындай. Ал келесі томда алфавитпен берілетін зұлмат құрбандары арасында өзге ұлт өкілдері мұнан көп болмаса аз болмауы анық.

Әрине, біздің қолымызда осы боздақтарды ату жазасына кескен үштік жендеттері жайлы нақты дерек жоқ. Ұзақ уақыт ОГПУ-НКВД органдарында жендеттік жасағандар кешегі жетпісінші жылдарға дейін осы қанқұйлы органдардан қол үзбегенін ескерсек, ондайлар өздерінің қанды ізін жасырып кеткені белгілі. Сондай бір жендет жетпісінші жылдарға дейін Қызылорда қаласында, қазіргі Құмкөл кеңішінің кеңсесі тұрған орындағы ескі қонақ үйде тұрғанын, ол кешегі КГБ мекемесімен қоян-қолтық араласа жүріп өмір сүргенін жұртшылық жиі айтады. Көрден шыға қашқан екі боздақ — Қалмаш Байғонов, Омар Тышқанбаевты үш ай ізіне түсіп НКВД қолына ұстап берген екі жендетті жұртшылық кәміл біледі. Бірақ сол жендеттердің ұрпақтары, тілеулестері солардың атын атағандардың бәріне жұдырық ала жүгірері мәлім, осы жолдар авторына жұдырық ала жүгіріп те жүргендер бар.

Одақтық, республикалық баспа орындары аты шулы қанды қол үштіктердің басты-бастыларын атағаны белгілі. Біз сондай беделді басылымдардан алынған басты-басты қанды қол жендеттердің аты-жөнін осы томға енгіздік.

«Аза кітабы» — Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған бес томдық «Боздақтар» кітабының заңды жалғасы. Бұл бірінші томда («Боздақтар» сериясы бойынша алтыншы томда) алғашқы томдардан қалып қойған соғыс құрбандары, жауға еріксіз тұтқын болып, КГБ жендеттерінің қуғын-сүргініне тап болғандар да енгізілгенін еске ала отырып, редакция облыс жұртшылығына бұл томдарды түгелдей алып, коллекция жасаса, онан ешқандай ұтылыс таппайтынын еске салады.

**Хамит ЕМБЕРГЕНОВ,**
«Боздақтар — АЗА» естелік кітабының бас редакторы.

Манаш ҚОЗЫБАЕВ

# ТАРИХТЫҢ АҚТАҢДАҚТАРЫН АЗАЙТАЙЫҚ

**Қазақстан тарихы қайта жазылып, екі томы оқушылар қолына тиді. Тарихтың ақтаңдақ беттерін анықтау ісі қолға алынды. Міне, осындай қыруар шаруаны жүзеге асырудың басы-қасында жүргендердің бірі — Манаш Қабашұлы Қозыбаев. Тарих ғылымының докторы, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі Манаш Қозыбаев — Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. 1971 жылы «Қазақстан — майдан арсеналы» монографиясы үшін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды. Белгілі ғалымға халықтар арасындағы рухани ізгілікті, бейбітшілік пен татулықты дамытуға қосқан елеулі үлесі және қазақстандық отаншылдыққа баулу ісіне белсене ат салысқаны үшін Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығы берілді.**

**Біз бүгін тарихшы Манаш Қозыбаев пен жазушы Базарбай Исаевтың сұхбатын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.**

**— Бүгінгі сізбен сұхбатымыздың бағыты, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өткен жылды Ұлтаралық келісім және жазықсыз жазаға ұшырағандарды еске алу жылы деп жариялағаны жалпы жұртқа мәлім. Міне, осыған орай халық жауы атанып, мезгілсіз мерт болған жұртымыздың жарық жұлдыздары мен ел ертеңін ойлаған, сол жолда жанын аямай күресе білген азаматтарды ақтауда Сіздің аз үлес қоспағаныңыз мәлім.**

— Біздің қазақ халқының тарихы — жиырмасыншы ғасырда, тіпті одан әрі «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламадан» бері көздің жасымен, жүректің қанымен жазылған тарих. Үстіміздегі бір ғасырдың өзінде біздің халық бірнеше нәубетті бастан кешті. Әсіресе, қазақ халқы 1916 жылы бір қансырады. Тек қана Жетісу өңірінде 400 мыңға жуық адам Қытай асып кетіп, атамекенінен алыста күн кешті. Ал, 1921—1922 жылдары 2 миллион 300 мың адам аштыққа ұшырады. 1929 жылдары байлар, ірі феодалдар тәркіленді. Бірақ қазіргі біздің зерттеулеріміз көрсетіп отырғанындай, бұл өзі эскалация жасалып, асыра сілтеумен тәркілеген болып шықты. Олардың 83 проценті сауатты кісілер екен. Көбісі таптық, идеологиялық принциппен қудаланған. Сол жылдары Қазақстан жеріне басқа елдерден, яғни Одаққа қарасты республикалардан 180 мыңға тарта байлар мен кулактар жер ауып келген. Ал, енді соғысқа дейінгі жылдары сондай шет аймақтардан 360 мыңдай адам қудаланып, біздің жерге әкелініпті. 1931—1933 жылдары қазақ сахарасын аштық жайлады. Қолдан жасалған аштық болды ол. Сол ашаршылық жылдары 1 миллион 750 мыңдай қазақ қырылып қалды. Қазақ-

станда тұратын басқа ұлт өкілдерінен 200 мыңдай адам өлгенін де атап айтуға тиіспіз. Осы жылдары 1 миллион 100 мың адам туып-өскен жерін тастап, жан сақтау қамымен жер ауып кетті. Олардың 600 мыңы шет мемлекеттерге барып күнелтті.

— **Солардың бәрі қазақтар ғой?**

— Иә, қазақтар.

— **Мәке, енді бүкіл қазақ даласында елім деп еңіреген ерлерден бастап, ертең елге тұтқа болар-ау деген ер-азаматтарды қорлап, қор еткен нәубет жылдары туралы нақты айта кетсеңіз?**

— Рас халықтың «балапан басымен, тұрымтай тұсына» деп, азып-тозып тұрған шағында «ұлы» террор келді. 1937—1938 жылдардағы бұл террор кезінде Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшырады. Соның 23 мыңы атылды. Ал енді бір ғана Қарағанды облысы бойынша 48 ұлттың өкілінен 5060 адам ұсталған... Атылғандардың 40 проценті зиялы қауымның, 40 проценті жұмысшы қауымның, яғни жұмысшы табының өкілдері екен. Бұл халықтардың басына төнген қатер еді.

Қазақстан жерінде түтас ұлттар депортация жасалынып, жер аударылып әкелінді. 1938 жылы 102 мың корейлердің келуі соған дәлел.

— **Алғаш корейлерді әкелсе, кейін, әсіресе соғыс жылдарында немістерді, Кавказ халықтарын Қазақстанға жер аударды ғой. Осы жөнінде не айтар едіңіз?**

— Иә, сол сұрапыл соғыс тұсында тұтас халықтарды Қазақстанға жер аудару басталды. Оның түпкі мақсаты қазақтарды, дінінен, тілінен тезірек бездіру болатын. Корейлер Қиыр Шығыстан жер аударылса, Еділ бойынан немістер, Солтүстік Кавказдан, қазақша айтсақ, Қап тауынан чечендер, балқарлар, түріктер, тағы басқа да көптеген тау халықтары Қазақстанға күштеп жер аударылды. Бұл 1944 жылға дейін жалғасты. Біздің деректеріміз бойынша 1938—1944 жылдар аралығында Қазақстанға 1 миллион 200 мың адам жер аударылған. 1930 жылдан бастап Қазақстан жерінде лагерлер пайда бола бастады. Ең үлкені КарЛАГ. Оның жер көлемі 110 мың шақырым екен. Отыз жыл ішінде осы лагерлерде 1 миллионға жуық адам болған.

Олардың арасында көптеген атақты ғалымдар, жазушылар, ақындар, қоғам қайраткерлері бар еді. Жезқазғандағы СтепЛАГ-та 17 мың адам отырған. Ақмолада Отан сатқындары әйелдерінің лагері болған. Мәселен, Блюхердің әйелі, сондай-ақ жазушы Галина Серебрякова, тағы басқалар осы түрменің тауқыметін көрді. Қазақстан жерінде жүзге жақын лагердің болғаны мәлім. Республика Президенті Н. Назарбаев өзінің Жарлығымен өткен жылды Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу және ұлтаралық татулық жылы деп арнайы жариялады. Оны өзің де айтып отырсың. Бұл, шын мәнінде халықаралық мәні зор оқиға болды. Италияның Президенті біздің елге келген сапарында бұл жөнінде арнайы пікір айтып, өте жоғары баға берді.

— **1996 жылы өзіңіз басқарған редакция алқасы күшімен құрамында Т. Баймаханов, Д. Жұмабеков, С. Айтмамбетов, К. Алдажұманов, М. Хасанаевтар бар «Қасіретнама» деп аударамыз ба әлде «Қасірет кітабы» деп аламыз ба, бір кітап орысша шықты. Онда қуғын-сүргінге ұшырағандардың— құрбан болғандардың, тірі қалғандардың өмірі жайлы мәліметтері берілген. Суреті табылмағандары да бар көрінеді. Енді осы кітап жөнінде айтып өтсеңіз?**

— Бұл кітапқа екі мыңнан астам адам жөнінде жаздық. Енді екінші кітабын әзірлеп жатырмыз. Оған екі мың екі жүз кісінің тағдыры қысқаша жазылады.

1989 жылы «Мемориал» дейтін қоғам ұйымдастырылды. Бұл Одақ көлемінде. Соның филиалы есебінде Қазақстанда «Әділет» қоғамы құрылды. Оны ұйымдастыруға Санжар Оразұлы Жандосов ұйтқы болған. Ол қайтыс болғаннан кейін осы жұмысты маған жүктеді. Бұл бір адамның қолынан келетін міндет емес. Ұлттық қауіпсіздік комитеті бұл міндетті іске асыруда өздерінің жаңарған рухын танытып, үлкен көмек жасады. Алматының түбінде 1938 жылы ақпан-наурыз айларында 13 күн ішінде атылған 499 адамның және Әли, Жаңалық деген жерге қойылған басқа да құрбандардың бейітін анықтауға көмектесті.

— **Ол жерде кімдердің мәйіті бар екен?**

— Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Іляс Жансүгіров, Ораз Жандосов, Жұмат Шанин, халқымыздың тағы басқа арыстары бар. Кезінде репрессияға ұшыраған, қазір ақталған 91 мың адамның жартысынан астамының тізімі қолымызда бар. Біз азалы кітап шығаруға біраз жұмыс жасадық. Енді Қарағанды облысы бойынша кітап дайын тұр. Онда 5 мыңнан артық адам бар. Қазір Жезқазған облысы қосылды. Сонда 6 мыңға жуық кісінің тізімі және олар жайлы

қысқа мәлімет беріледі. Атырау облысы бойынша да азалы кітап әзір. Алматы бойынша кітаптың екінші бөлімін дайындап жатырмыз.

**— Сіздер азалы кітап шығарумен ғана шектеліп жатқан жоқ шығарсыздар?**

— Әрине, біз жазықсыз құрбан болғандар жайында көптеген конференциялар, семинарлар өткіздік. Тек қана өткен жылы Алматыда өткен «Депортация» деген тақырыпта дөңгелек үстел, бірқатар ғылыми-теориялық конференция оған дәлел.

**— Манаш Қабашұлы, сіз Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директорысыз. Сонымен қатар «Әділет» тарихи-ағарту қоғамдық ұйымын басқарасыз. Жаңа ғана өзіңіз айтып өткен конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ғылыми жұмысыңызға кедергі жасамай ма?**

— Ғылыми жұмысыма кедергі жасайды екен деп отандастарымның тағдырына немқұрайды қарауыма болады ма? Өткен жылы институт жоспарына қуғын-сүргінге ұшырағандар тарихын жасауды қосқанбыз. Соның бірінші томын даярлап қойдық, екінші томын бітіру үшін қызу жұмыс жасап жатырмыз. Бұл да еліміздің тарихы.

Екі томды жазуға академик Мұрат Баймұханов, корреспондент-мүше Кеңес Нұрпейісұлы, архив қызметкері Марат Хасанаев, Хайдар Алдажұманов, Юрий Романов, КарЛАГ-тың тарихын жазып зерттеп жүрген Сатыбалдин, Ділманов, тағы басқа азаматтар қатысты. Сонымен қатар «Этноцид» деген кітапты жазып бітірдік. Ол 1929—1933 жылдардағы большевиктік аграрлық революция халықты қырғынға қалай ұшыратты деген сұраққа жауап береді. 1931—1933 жылдардағы ашаршылыққа байланысты құжаттар жинағын шығарып жатырмыз. Тұрар Рысқұловтың екі томдық еңбегін шығардық. Халел Досмұхамедовтің, Ахмет Байтұрсыновтың, Құдайберген Жұбановтың ғылыми еңбектерін жинақтаудамыз. 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысына байланысты үш кітап жұрт қолына тиді. Әрқайсысы жеке-жеке кітап. Біреуі құжаттар жинағы, екіншісі естеліктер, үшіншісі ғылыми-теориялық конференция материалдары. Мұның сыртында Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың ақталу мәселесін күн тәртібінен түсірмей келеміз. Оған біздің республикалық прокуратура қатысады. Сонымен қатар жергілікті жерлерде жазықсыз жапа шегіп атылған азаматтардың бейіттері табылып, соған ескерткіш орнатуды қолға алып жатырмыз. Алматы маңындағы Әли, Жаңалық деген жерде алты алаштың арыстарына ескерткіш белгі орнатылғаны мәлім.

**— Әлгінде өзіңіз Ахмет Байтұрсынов туралы айтып өттіңіз. Сол кісінің кітабында туған топырағымызда 1913 жылы 6 миллион қазақтың болғаны жөнінде жазылған. Арада 70—80 жыл өткенде біздің халықтың сан жағынан өспей, сонау он үшінші жылдың деңгейінде қалғаны белгілі. Егер сол кездегі 6 миллион халық жыл сайын 5 процент қана өссе, қазақ қазір 27 миллионға жетеді екен. Осының өзінен халқымыз қаншама қырғынды басынан өткергенін түсіну қиын болмаса керек.**

— Шынында да 20—25 миллионға жетіп қалар едік. Қазір 10 миллион болдық. Шетелде үш миллионнан артық қазақ бар. Олар осы уақытқа дейін Отанына орала алмай жүр. Біздің халқымыздың менталитеті сондай, өзін емес, өзгені аяғыш. Сол нәубетке, қуғын-сүргінге ұшыраған халық — қазақ. Өзіміз туралы ойлай беруге кейде шамамыздың келмей қалатыны бар. Жаңа ел болып жатқанда ұлтаралық келісім мен татулықтың маңызы аса зор. 1927 жылы Голощекин біздің елімізден Смағұл Сәдуақасовты қуды. Сонда Сәдуақасов бір сөйлеген сөзінде: «Бізде ең басты жетіспейтін дүние мемлекеттік идея. Ол бір халық болып тұтасып, өзін-өзі билемей, сол халықтың мемлекеті болу мүмкін емес» деген. Сондықтан да біз егемен мемлекет құрамыз деп, елінің аруағына бас иіп, тіріні құрметтеп, бір жағынан бейбітшілікті сақтап, ынтымақтастығымызды арттырып отырмыз.

**— Егер біздің тарихымыздың тамырына көз жіберсек, ол бір жағынан Қытай елінің шежірелері мен тарихи шығармаларында, екінші жағынан, әсіресе орта ғасырда араб географтары мен тарихшыларының шығармаларында шашырап жатыр. Мұны орыс ғалымдары кең зерттеген, бірақ олар өздеріне қажетін ғана алады. Енді егеменді ел болдық. Сондықтан осы тарихи бұлақтардың көзін ашуға бетбұрыс бар ма?**

— Дұрыс айтасыз. Бұл мәселе бізді де қатты ойландырады. Мен былтырғы сәуірде Шаңқай қаласындағы бес елдің Президенттерінің кездесуіне қатыстым. Ел басының өзі шақырып, алып барды. Ол кісі қашанда қазақ тарихына көп көңіл бөліп жүреді. Басшылармен сөйлескенде Қытайдағы хандар әулетінің тарихында біздің қазақтардың тарихына байланысты мәселелер көп кездеседі, соларды зерттеуге біздің ғалымдарымызға сіздердің көмектеріңіз қажет деген еді. Шынында да бұл көп еңбекті қажет ететін сала.

Біз шапқыншылыққа ұшыраған заманда Ресейде Миклухо-Маклай атындағы этнография институты болған. Сонда ыдыс-аяқ, түлкі ішік, шапан, киімдер, ер-тұрман, тағы басқалар сақтаулы тұр. Біздің кейбір заттарымыз, тіпті, Англияның музейлерінде де бар. Мұндай қолды болған дүниелерімізді қайтарып алу мәселесі де алда тұрған келелі міндеттердің бірі. Қытай, Иран, Араб, Парсы тарихында қазаққа байланысты шығармаларды сол елдің тілдерінде оқи алатын маман кадрлар керек. Қолдан келген тірлікті жасап жатырмыз. Бәрін бірден жасай қою оңай шаруа емес. Ташкентте орта ғасыр тарихшыларының шығармалары мен қолжазбалары молынан. Олар да бұл бағытта үлкен еңбек етіп жатыр. Біз де қарап жатқан жоқпыз, бірақ көңіл толатындай іс тындыра алмай жүргеніміз анық.

**— Әңгімеңізге рахмет.**

**Базарбай ИСАЕВ**
(*«Егемен Қазақстан»* 1998 жылғы 18 сәуір).

## АЗА ТҰТУ МЕМОРИАЛЫ

1997 жылғы 31 мамырды жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні етіп белгілеген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығы шыққанға дейін Қызылорда топырағында репрессия құрбандары атылған жер жоқ деген шолақ тұжырыммен Аза тұту мемориалын соғу қолға да алынған жоқ еді. «Боздақтар» естелік кітабының бас редакторы сондай репрессия құрбандары атылған үш жерді тиісті орындарға көрсетіп берді. Оның бержағында «Арай» құмы баурайында, Бірқазан төңірегінде де сондай репрессия құрбандары атылған жерлер табылды.

Қызылорда қаласының әкімі, жаңа экономикалық аймақ кеңесінің төрағасы Бақберген Досмамбетов осы жағдаяттан кейін Арай құмы басында Аза мемориалдық комплексін соғу ісін шұғыл қолға алып, оған қаланың құрылыс орындарының бәрін дерлік жұмылдырды. Бас-аяғы үш жетідей ғана уақытта зәулім ғимарат бой көтерді.

1997 жылғы 31 мамырда осы Аза тұту комплексінде қала жұртшылығы қатысқан қаралы митингі болып өтті. Онда облыс әкімі Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаев, тағы басқа бірнеше соғыс ардагерлері сөйледі. Мемориалдағы арнаулы орынға репрессия құрбандарының мәйіттері салынып, қаралы митингіге қатысушыларға ас берілді.

1. Аза тұту мемориалы.
2. Репрессия құрбандарының мәйіті салынған табытты мемориалға әкеле жатыр.
3. Облыс әкімі Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаев бастаған ардагерлер мемориал мінберіне көтеріліп келеді.
4. Қаралы митингіге жиналған ардагерлер.

Суреттерді түсірген *Б. Омарәлиев.*

Асқар Кіребаев

## 1. АЗАЛЫ КҮН

Дос еңіреп, дұшпан ғана табалар,
Не көрмедің,
Не көрмедік, ағалар.
Кейінгі ұрпақ зұлмат күнын бағалар,
Өкініштен екі санын сабалар.

Қан қақсатып жүрегімді тілімдеп,
Малымды алды,
Жанымды алды, тілім жоқ.
Бауырымды айдап, асып өлтіріп,
Аштыққа да ұшыратты, үнім жоқ.

Не боп жатыр бабаң жортқан Сары дала,
Неге өксиді ботасы өлген аруана?
Қыран жанар киелі ерлер ұрпағы,
Тілін тістеп неге өксиді қорлана?

Бар әлемге қашып-пысып ел кетті,
Нұрлы идея неге бізді еңіретті?

Өз жерінде, өз аспаның астында,
Кімдер сені бостандыққа шөлдетті?

Неге, неге?
Осы сауал түйінді,
Күндіз-түні шірітеді миымды.
Іштен тартам үгітілген күйімді,
Жаналғыштар торыған соң үйімді.

Жүрегімнен шығара алмай бостан жыр.
Тас төбемнен түнеруші ед аспан құр.
Бостандықтың қарлығашы боп келді,
Тәуелсіздік алып жеткен тоқсан бір.

Иісі қазақ шаттық күйін толғайды,
Бір-ақ сәтте ұмытылғандай мол қайғы.
Келген той бұл ата-баба қанымен,
Қанды ешқашан ұмытуға болмайды!

(*«Сыр бойы»* газеті, 1992 жылғы 2 маусым.)

## 2. БОЗДАП БІР ҚЫРДА ЖОРТТЫМ-АУ...

Дүркін де дүркін, дүркін күн,
Сұмдығы толы сұрқыл күн.
Сапырып тұнық айдынды,
Тыныш түн талай жыртылдың.

Қылышым тасқа қайырылып,
Найзамның ұшы майырылып,
Боздап бір қырда жорттым-ау,
Боздақтарымнан айырылып,

Сансырап талай санадан,
Айрылдым абзал ағадан.
Жылады-ау жұртым, жан анам,
Қолдары кетпей жағадан.

Сиретіп ерлер қатарын,
Шаң болды талай Шәһарым.
Абзалдығы үшін айдалды.
Тұрмағамбет, Шәкәрім...

Жазығы не еді мәрт ұлдың,
Жазығы не еді қартымның?

Сылтауы не еді, ей заман,
Сүйрелеп сотқа тартудың?

Жыламай қайтем зар қысса,
Құламай қайтем қан құссам?
Құдайға жазып бұл қазақ
Ұшырады ма жала-қарғысқа?

Аунайды заман, аунайды,
Жапырағы күздің саулайды.
Алматы... Алаң... Желтоқсан...
Қансоқта күннен аумайды!

Санаға сан ой сұғылды-ау,
Алқымға өксік тығылды-ау.
Көкбөрі, қан-қан ақыры
Көк Туға жетіп жығылды-ау!

Құтылар оқ пен тепкіден,
Көкбөрім күнің жетті ме?
Жараңды жалап жазылшы,
Талауға түскен тектім-ау!

(1998 жылғы 31 мамыр, «Аза» мемориалы).

Мырқы Исаұлы

## КЕШЕГІ БІР ЗАМАНДА...

Есейдік... Етек-женді жинадық та,
Тер төктік жанды босқа қинадық та.
Пәленбай еңбеккүнді таба тұрып,
Өңешті нәпақадай тимадық па?

Немене, сірә есті біз жимадық па,
Тұр деген жерінде біз тұрмадық па?
Ата-ана, келін-кепшік, бала-шаға
Қысылып, бір бөлмеге сыймадық па?

Немене, біз бірдеңе ұрладық па?
Қамбаға түсіп, ұрлап-жырладық па?
Қос уыстық дән үшін терсек масақ,
Сотталып, бала-шаға шуладық та.

Немене, шындықты біз қумадық па?
Әділдік жолын іздеп, туладық та.
Көсемдік құрушылар көр соқыр боп,
Ауызды шуда жіппен бумадық па?

Немене, біздер жанды қимадық па?
Тау-тасқа басты талай ұрмадық па?
Жоқшылық, қорлық-зорлық — бәрін көріп,
Шыдадық елдігімізді қимадық та.

Немене жөнге мойын бұрмадық па?
Сан рет біздер шеру құрмадық па?
Ішкі ойды айтар бірақ үн болмады,
Пәс болдық әкімдерді сыйладық та.

Немене, патша бетін тырнадық па?
Біз ақты қара жіппен шырмадық па?
Қара жүрек қорқаулар билік құрды,
Біз, пақырлар, бір сөзде тұрмадық та.

Немене, патшаға біз бармадық па?
Бас иіп, оған талай зарладық та!
«Халық жауы» атанып туған әке,
Шырқырап, жұртта шулап қалмадық па?

*1994 жылғы мамыр.*

# 3. ҚАНДЫ ҚОЛ ЖЕНДЕТТЕР

### Мәскеуден шыққан қанды қолдар

Қызыл империя жылдарында репрессияны Одақ көлемінде Ягода, Ежов, Берия және олардың орынбасарлары Агранов, Фриновский, Кобуловтардың жүргізгендері белгілі. Бұларға еркіндік, тіпті арнайы тапсырма да беріп тұрған сыртқы күшті де шамалаймыз.
Ең алдымен Қызыл Армияның басшыларына салынған құрық алғашқы бес маршалдың үшеуін (Тухачевский, Егоров, Блюхерді) жалмағаннан кейін репрессия қамауға алынғандардан бастап елде зиялы деген азаматтардың бәріне жүріп берді ғой. Ал бүгінде олардың елге титтей де залалы болмағаны, халықтың нағыз адал перзенттері болғаны белгілі болып, жүрегіміз қан жылап отыр.
Қаратастай қайыспайтын, болаттай майыспайтын сондай берік адамдарға жалған айыпты «мойындатып» жүргендер кімдер және олар сол мақсатына қандай тәсілмен жеткен?
Бұқаралық ақпарат құралдарында олардың аттары атала да бастады. Мысалы, Тухачевскийге «айыбын» мойындатумен айналысқан Ушаков деген тергеуші сол жылдары-ақ «Мен жүздеген, мыңдаған қаскүнемді аштым, қаншама шпионды әшкереледім» деп мақтанған екен. Мұның қатарына «Көтерілісшіл контрреволюциялық ұйым» дегенді ойдан шығарып алған, басқа әскери басшыларды «әшкерелеуге» қатысқан Николаев, Райхман, Листенгурт, Яшницкий, Рогачевті, тіпті қолдарына түскен жазықсызды айыптауға белсене қатысқан НКВД басқармасының Лапшин, Луговцев, Ворончинхин, Чистов, Полевик және басқа да тергеушілерін қосуға болады. Мұндай безбүйрек, бірыңғай қатыгез тергеушілер қайдан шыққан? Қайдан табыла қойған?Бұл сұрақтарымызға Фриновский былай деп жауап береді: «Ежов менен тергеушілікке басында бұрыннан айыбы бар және сол айыбы бізге де белгілі екені өзіне де аян адамдарды іріктеп алыңыз, деген нұсқау берген болатын. Сондықтан да тұтқындалғандарға «айыбы» жөніндегі сұрақтарды көбіне тіркелген адамдар емес, олар үшін тергеушілердің өздері беретін. Мұны біз білгенбіз, біле тұра қолдап отырғанбыз». 1938 жылдың 17 қарашасында тергеу жұмысын жүргізуде енгізген Ежовтың қылмыстық істері әшкереленгеннен кейін бас комиссарымен бірге аттары аталған тергеушілер де атылған (жазықсыз жандар обалы жіберсін бе!). Алайда репрессия ісі мұнымен аяқталған жоқ. Ежовтың орнына келген Берия ананың тек тағының ғана емес, жазықсыздарды айыптау тәсілінің мұрагері болып шыға келді және оның өзінің де ушаковтары, ройтмандары, рогачевтары пайда болды. Тергеушілер Агес Радзивиловский, Хват Боярский, Алексеев, Матулевич, Детистов, Суслов... бұлардың ісін құптап, бет беріп отырған КСРО бас прокуроры Вышинский, КСРО Жоғарғы сотының әскери алқа төрағасы Ульрих және басқалары болды.

Кеңес Одағының құрылғанына 20 жыл толған, «Социализмді толық орнаттық» деп кеуде ұрған кезде елде «ішкі жаудың» қаптап кеткені сонша, әділет мекемелері олардың ісін «өндірістен өткізіп» үлгірмейтін болғаннан кейін «үштіктер» құрып, адам тағдырын 15—20 минутта-ақ ату жазасы сияқты ғана үкім шығарып отырғандай заңсыздыққа барды ғой.

Ал тергеушілерге керек жауап алу тәсілі қандай еді? Ұру, соғу, дүрелеу, қинау, жан азабына салу. Мысалы, В. А. Викторов деген әскери прокурор «Құпиялық белгісі жоқ» атты кітабында «Рогачев түрмелер штатында болған арнайы адамдар арқылы қамауға алынғандарды аяусыз дүрелеткен» деп жазды. Тергеуші Ивановтың Блюхерді соққыға жыққанына Берияның өзі қатысқан. Казакевич, Ямницкий деген тергеушілер Маршал Егоровты сотқа дейін сегіз ай тас қамауда оңаша ұстап, есінен таңдырып алып, ойдан шығарылған айыптау протоколына қол қойдырып алған екен.

Қазақстан ол кезде КСРО-ның бөлінбес бір бөлегі болғаны мәлім. Оның үстіне орталықта туған заңзәкөннің шет аймақтарда асқан қатыгездікпен орындалатыны белгілі. Республикада репрессияны осындай қатыгездікпен Залин, Реденс, Горячев деген ішкі істер халық комиссарларының бастап жүргізгені ашылды. Белгілі ғалым-демограф Мақаш Тәтімов «Қазақ әлемі» (Атамұра — 1993 жыл) атты еңбегінде «1938 жылдың 25 ақпаны мен 13 наурызы аралығында 631 адамның атылғанын» айтады. Одан кейін де НКВД-ның отауызды мылтығының алдына талай бейкүнә жанның тұрғызылғаны белгілі. Осыдан келіп мынадай сұрақ туады: сол жандарды Мәскеу түрмесінде туған тәсілдер арқылы «айыптап», дар астына алып барған. Қазақстан НВКД-сының «кіші жендеттері» кімдер және олардың айыптары үшін қайсысына қандай жаза қолданылды?

Қазақстан Республикасының Президенті үстіміздегі жылды Жалпы ұлттық татулық және саяси қуғын-сүгін көргендерді еске алу жылы деп жариялаған уақытта халқымыз бір кезде жетекшілік рөлін атқарған ұл-қыздарын жазықсыз жазалағандар есімін біліп, оларға лағнет айтуы керек. Әйтпесе құбылыс бітеу жара қалпында қала бермек. Қазақстан Республикасының Прокуратурасы осы тілегімізді аяқсыз қалдырмай, өздерінің көзқарасын, қабылдаған шешімін баспасөз арқылы жариялайды деген сенімдемін.

**Қалмұқан Исабай,**<br>
**жазушы, соғыс және еңбек ардагері.**<br>
*(«Егемен Қазақстан»* газеті, 1997<br>
жылғы 19 тамыз).

## ХАЛҚЫНА ҚАРУ КЕЗЕНГЕН «ҮШТІКТЕР»

1937—1938 жылдары жаппай жазалауға ұшырағандардың көп болғандығы соншалық, олардың істерін сот, прокуратура қарап үлгіре алмады. Соған орай И. Сталиннің тікелей нұсқауымен жер-жерде арнайы «үштіктер» құрылды. Сөйтіп, халықтар көсемінің өзінен «бата» алған үштіктердің ақ дегені — алғысқа, қара дегені — қарғысқа айналып жатты. Сонау отыз жеті-отыз сегізінші жылдары халқына қарсы қару кезенген мына төмендегі «үкімшілердің» шешімімен талай боздақтардың сайда саны, төскейде басы шашылып қалды. Сонымен үштіктерді аталық.

1. Солтүстік Қазақстан облысы — Панов, Степанов, Сегізбаев.
2. Батыс Қазақстан облысы — Ромейко, Сатарбеков, Спиров.
3. Оңтүстік Қазақстан облысы — Пинтель, Досов, Случак.
4. Қостанай облысы — Павлов, Кузнецов, Байдабеков.
5. Шығыс Қазақстан облысы — Чирков, Свердлов, Юсупов.
6. Ақтөбе облысы — Демидов, Мусин, Стецура.
7. Қарағанды облысы — Адамович, Духович, Пинхасик.
8. Алматы облысы — Шабанбеков, Сәдуақасов, Қожанов.

Бұл мәліметтер 1992 жылғы 21 маусымдағы *«Московские новости»* газетінен алынды. Таяуда ғана құрылған Ұлттық қауіпсіздік комитеті алдағы уақытта бұлардың жазалау жылдарындағы тындырған «аса маңызды» істерінен хабардар етуге бізге қол ұшын берер деген үмітіміз бар. Бәлкім, бұл тізім нақтыланар, толықтырылар... Қысқасы халық кімнің кім екенін білу керек ғой.

*(«Республикалық «Ақиқат» журналы, 1992 жылғы қыркүйек, № 9)*

**«Боздақтар» редакциясынан:** Сондай ұсынысты біз де қоюға құқылымыз. Біздің облыстан репрессия құрбаны болғандардың бәрі дерлік Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Үштіктің» жендеттері — Пинтель, Досов, Случак дегендердің шешімімен қаны суша төгілді ғой. Мүмкін, үштік жендеттерінің басқа да атаулары бар шығар.

## ҚАЗАҚСТАН — ГУЛАГ ФИЛИАЛЫ БОЛҒАН

**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ: «...Қазақстанның төңірегіндегі концентрационный лагерьлерді айтайық. Ол лагерьлердің барлығын Қазақстанда Сталин тұрғызды. 1930 жылдары Қазақстандағы лагерьлерде біржарым миллион адам отырды. Біздің мемлекет, біздің өкімет, Кеңес өкіметі өз халқын жойды, өзін-өзі жеді. Біз бұған Сталин ғана жауапты дейміз. Жоқ, қазіргі деректерге қарағанда, Лениннің барлық революциясында «кулактардың барлығын атып, қырыңдар, он адамның бір адамын оныншы адам деп санап, оныншы адамды өлтіріңдер, осы уақытқа дейін барлығын неге атпадыңдар, мынау казактарды неге қырмадыңдар» деген сөздер жазылған».**

**(Н. Ә. Назарбаевтың 1997 жылғы «Халықтан жасыратын ештеңе жоқ» атты журналистермен жасаған сұхбатынан)**

**Академик МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ: «...XVI съезд коллективтендіру саясатын жүргізудің соңғы мерзімі — 1932 жыл деп белгіледі. Бірақ біз оны мерзімінен бұрын орындадық. Оның ақыры не болды? Елде жаппай аштық орнады да, 1 миллион 750 мың адам, немесе қазақтың 49 проценті қырылды. Одан тыс 1 миллион 100 мың адам Қытай, Түркия, Ауғанстан сияқты елдерге ауып кетті, олардың 600 мыңы әлемге тарады. Тек ғана 1929—1933 жылдар аралығында 3,5 мың ауыл тұрғыны атылды. 13 мыңнан астамы түрмелерге қамалды. Жалпы Қазақстан адамдарды қырып-жою бойынша Қалмақ елінен кейін екінші орын алды.**

**Қазақстанға үлкен террор 1937—1938 жылдары келді, 100 мыңға таяу адам саяси қуғын-сүргінге ұшырап, солардың төрттен бірі атылды. Бір ғана дивизиялық әскери юрист Горячевтің төрағалық етуімен НКВД үштігінің өкімі бойынша 631 адам атылды. Республика 1931 жылдан бастап ГУЛАГ филиалына айналдырылды. Мұнда 20-дан астам лагерь орналастырылды, оған өзге де республикаларда сотталғандар да әкеліп қамалды. Бір ғана Карлаг — 110 мың гектар жерді алып жатты. Кейін оған 26 бөлімше қосылды, ал солардың бәрі Франция территориясымен бірдей еді. Ол өзге лагерьлерді азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды. Жезқазған ауданындағы «Степлаг» лагерінде 17—18 мың, «Песчаныйда»— 18—20 мың адам ұсталды. Соғыс жылдарындағы тұтқындарды қосқанда олардың саны бірнеше есе ұлғайды. Лагерьлердегі режим өте қатал болды, әркім тек номерлері бойынша ғана аталды. Демалыс дегенді білмеді, бір-бірінен оқшау ұсталды.**

**Зорлап жер аударылған өзге ұлт өкілдерін 1935—1941 жылдары әкелу басталдыда, біздің мәліметтеріміз бойынша, Қазақстанға 1 миллион 200 мың өзге ұлт өкілдері зорлап әкелінді. Ондай зорлап әкелінгендерді корейлер бастап, оған украиндар, поляктар, немістер, чечендер, ингуштар, ирандықтар, түріктер қосылды. Мұндай репрессияға СССР территориясындағы барлық республикалардың қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтары тап болып, олар да осы лагерьлерге әкеліп тығылды...»**

(*«Аргументы и факты»* газеті, 1997 жыл, 22 мамыр).

## КОММУНИСТІК РЕЖИМДЕР 110 МИЛЛИОН АДАМДЫ ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛҒАН

**Өткенге топырақ шашудан аулақпыз, алайда қаншама халықтар мен ұлттар тағдырын бұрмалап әкетіп, тәлкекке айналдырған, сұмдық салдары әлі де қырсығын тигізіп келе жатқан қазан төңкерісі жөніндегі ақиқат алдағы кездерде айтылатын болар. Ал бүгін оның миллиондаған адамдарды құрбандыққа шалғаны жөнінде «Известия» газетінде 1997 жылғы 30 қазанда жарияланған мақаланы көшіріп басып отырмыз.**

XX ғасырдың бейбіт кезеңдерінде әлемнің түрлі елдерінде 170 миллион адам қырып-жойылыпты. Солардың 110 миллионы, немесе шамамен үштен екісі, коммунистік бағдардағы елдердің үлесіне келеді.

Мұндай жантүршігерлік деректер кезінде Швеция Халықтық партиясын басқарып, премьер-министрдің орынбасары ретінде Швеция буржуазиялық үкіметінің құрамына енген белгілі Швед саясатшысы Пер Альмарктың «Ашық жара» атты кітабынан келтіреді. Еуропалық авторлардың арасында Пер Альмарк алғашқы болып бар ғұмырын жер бетіндегі жаппай қырып-жою туралы ақпарат жинауға арналған Гавай университетіндегі

американ профессоры Рудольф Руммельдің мәліметтерін пайдаланған.
Өтіп бара жатқан ғасырда геноцид адамзатқа XX ғасырдағы барлық соғыстардың құрбандарынан төрт дерлік көп құрбандық әкеліпті.
Адамдарды жоюда қандай режимдер айрықша көзге түскен екен? Автор бұған былайша жауап береді: КСРО-да 1917—1987 жылдары 62 миллион адам жойылған, «коммунистік Қытайда» (1949—1987)— 35 миллион, Германияда (1933—1945)—21 миллион, «ұлттық Қытайда» (1928—1949)—10 миллион, Жапонияда (1936—1945)— 6 миллион, Түркияда (1909—1923)— 2,8 миллион.
«Социалистік қауымдастық» деп аталатын барлығы 23 елде 110,286 миллион адам жойылыпты. Адамдарды қырып-жоюда КСРО мен Қытайдан басқа ерекше қажыр-қайрат танытқандар: Камбоджа — 2,2 миллион, Солтүстік Вьетнам мен КХДР — 1,6 миллионнан, Югославия — 1 миллион, Эфиопия — 725 мың, Румыния — 435 мың, Мозамбик — 198 мың, осылайша жалғаса береді.
Патшалық Ресейде де (1900—1917) (қазан төңкерісіне дейін Қазақстан құрамында болған редакция), жазықсыз адамдар қаза тапқан, бірақ әлдеқайда аз — 1 миллион. Басқа елдердің арасынан 1900—1920 жылдары 1,5 миллион адам өлтірілген Мексиканы, 1926—1982 жылдары 800 мың адам жойылған Португалияны, 1965—1987 жылдары 700 мың адам қырып-жойылған Индонезияны айтуға болады.
Кітапта сондай-ақ адамдарды жойғаны үшін мойындарына қан жүктелетін басшылардың жеке жауапкершілігі туралы айтылады. Бұл тізімнің ең басында Сталин тұр. Оның режимінің есебіне 42,6 миллион құрбандық келеді. Одан кейін мыналар аталған: Мао Цзэдун — 37,8 миллион (1923 жылдан бастап, яғни КХР құрылғаннан көп бұрын), Гитлер — 20,9 миллион, Чан Кайши — 10,2 миллион, Ленин — 4 миллион, Хидэки Тодзио (Жапония, 1941—1945 жылдар)— 3,9 миллион, Пол Пот — 2,4 миллион.
Камбоджа режимінің коммунистік баскесері Пол Пот елдің тұрғын халқының саны мен басшылық еткен мерзімінің арақатынасы жөнінен жаппай қырып-жою ісінде алдына жан салмайды екен. Ол жылына камбоджалықтардың 8,16 процентін жойған. КСРО-да жыл сайын ел халқының 0,42 проценті қырып-жойылған және мұндай зобалаң ондаған жылдар бойы жалғасып отырған.
Пер Альмарк әсіресе өзі «ГУЛАГ мемлекеті» деп атаған Кеңес Одағындағы қанды әрекеттерге кеңінен тоқталған. «Көп адамдарды,— деп жазады ол,— қажетті тапқа жатпағаны үшін өлтірген. Бұлар буржуазия, аристократия, кулактар еді (немесе солай деп саналған). Өзгелері нашар ұлтқа немесе нәсілге жатқаны үшін зардап шекті: олар — украиндар, Қара теңіз бойындағы гректер, Еділ бойындағы немістер, үшіншілері жаман саяси «фракциялар» үшін — троцкистер, меньшевиктер және сол сияқтылар. Сондай-ақ большевиктер қандай да бір айып таққандардың ұлдары немесе күйеулері, шешелері немесе әкелері қосылды...»
«Ашық жара» кітабының авторы 1919 жылы Дон казактарын қырып-жою туралы, миллиондаған украин шаруаларының аштан өлуі мен кулактарды жою, ондаған мың эстондықтарды жер аудару туралы еске салады. Миллиондаған СОКП мүшелері зардап шекті. Қаза тапқан 62 миллионның 40 миллионы алдын-ала ГУЛАГ лагерьлерінде азап шегуге жіберілген.

**Марат ЗУБКО,**
*«Известия»*. 1997 жылғы 30 қазан
(*«Егемен Қазақстан»,* 1997 жылғы 7 қараша)

## ТҮРМЕЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

**1.** Ақтөбе лагерь қонысы, құрылыс, химия зауыты, **2.** Алжир — Ақмола, «Отанды сатқандар» лагері. **3.** Алматы-құрылыс, мәлімет анықталмаған, **4.** Балқаш — лагерьлер басқармасы, тұрған орны анықталмаған, **5.** Жамбыл — гипс, цемент дайындайтын лагерь, 6. Жезқазғанлаг — марганец, мыс рудаларын өндіретін, құрылыс, тау кені лагері, **7.** Ырғыз мақсаты белгісіз лагерь, **8.** Қазалы — кірпіш өндіретін лагерь, 9. Камышлаг — саяси тұтқындар лагері, онда қатал режим болған, **10.** Карлаг —Долинск қыстағында басқармасы болған, көмір, түсті металл өндірген, ауыл шаруашылығымен айналысқан, 1932 жылы ашылған, **11.** Кингир — арнаулы лагерь, 1954 жылы ашылған, бірақ тұрағы анықталмаған, 12. Қызылорда — мәлімет анықталмаған, **13.** Көкшетаулаг — мақсаты белгісіз, **14.** Қостанайлаг — мәліметі анықталмаған, **15.** Песчанлаг — марганец-мыс рудаларын өндіретін арнаулы лагерь, тау-кен комбинаты болған, ол Жезқазған аумағында орналасқан, **16.** Петропавельлаг — мәліметі анықталмаған, **17.** Семейлаг — мақсаты белгісіз, **18.** Степлаг — тұрған орны анықталмаған, тау-кен комбинаты болған, басқармасы Жезқазғанда тұрған, дәл осында тұтқындағылардың көтерілісі болып, оны А. И. Солженицын сценарийге айналдырған, **19.** Түркістанлаг — мақсаты белгісіз, **20.** Оралдаг — мақсаты белгісіз, **21.** Усть-Каменогорсклаг — қорғасын-цинк, полиметалл өндіретін, тау-кен комбинатының құрылысымен айналысқан, **24.** Шымкентлаг — мақсаты белгісіз, **23.** Екібастұзлаг — таскөмір разрезі, алтын өндіретін, құрылыспен айналысатын лагерь.

# «ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ АНАРХИЯҒА АПАРАДЫ»

## МАКСИМ ГОРЬКИЙДІҢ ЛЕНИН ЖӘНЕ ОНЫҢ СЕРІКТЕРІ ТУРАЛЫ ЕКІ МАҚАЛАСЫ ОСЫҒАН ДӘЛЕЛ

Бұрын қолымыз жете бермейтін, Кеңес өкіметіне қарсы оппозициялық газет ретінде архивтер мен кітапханалардың арнаулы бөлімдерінде сақталған, Түркістан өлкесі социал-демократтарының органы «Туркестанские ведомости» газетін қарап отырып, онда «Наша жизнь» газетінен көшіріп басылған белгілі пролетариат жазушысы М. Горькийдің екі мақаласын кездестірдік.

Бұл мақалалардан біз большевиктік үгіт-насихат машинасы қолдан жасаған өзімізге бала кезден жақсы таныс Максим Горькийді емес, қанқұйлы Октябрь революциясының қас жауы, Ленин және оның серіктерінің орыс пролетариатына, сол арқылы адамзатқа қарсы жасаған қылмысын бүкіл әлемге әшкерелеуші, жұмысшы табын орны толмас қайғылы қателіктен сақтандырушы Горькийді көрдік.

Ленин және оның партиялас жолдастарының бет-бейнесін асқан шеберлікпен дәл бейнелеген және, өкінішке орай, ондағы айтылған болжамдардың дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеген осы мақалаларды автор ойын, жазу тәсілін оқырманға дәл жеткізу мақсатында біраз үзінділерді жазушының өз тілінде беріп отырмыз.

«Туркестанские ведомости» газетінің 1917 жылғы 16 қарашадағы 179 санындағы «К демократий» деген мақаласында М. Горький «Ленин и Троцкий и сопутствующие им уже отравились гнилым ядом власти, о чем свидетельствует их позорное отношение к свободе слова, личности и ко всей сумме тех прав, за торжество которых боролись демократия.

Слепые фанатики и бессовестные авантюристы сломая голову мчатся, якобы по пути к «социальной революции»— на самом деле это путь к анархий, к гибели пролетариата и революции»— деп жазды.

Автор, одан әрі бұл жолда Ленин және оның серіктерінің Петербург түбіндегі қантөгіс, Мәскеуді талқандау, сөз бостандығын жою, жазықсыз жандарды жаппай тұтқындау... сияқты қылмыстарға баруға болады деп ойлайтындығын, олардың жұмысшы табын қайдағы бір тәжірибе жасау үшін пайдаланып отырғанын айтады. Сондықтан, жұмысшы табы өмірде ешқандай кереметтің болмайтындығын, оны келешекте өнеркәсіптің толық тоқтауы, аштық, ұзаққа созылған қанды анархия, соңында одан да қайғылы қаратүнек реакция күтіп тұрғандығын білуге тиіс деп ескерте келе,— «Вот куда ведет пролетариат его сегодняшний вождь, и надо понять, что Ленин не всемогущий чародей, а хладнокровный фокусник, не желающий ни чести, ни жизни пролетариата.

Рабочие не должны позволять взваливать на голову пролетариата позорные бессмысленные и крововая преступления, за которые расплачиваться будет не Ленин, а сам же пролетариат»— дейді.

Аталған газеттің сол жылғы 18 қарашадағы 181 санында жазушы өзінің «Вниманию рабочих»— деген мақаласында,—«И Ленин и Троцкий, и все другие, кто сопровождает их... хладнокровно безчестят революцию, безчестять рабочий класс, заставляя его устраивать кровавые бойни, понукая к погромам, к арестам ни в чем неповинных людей...» дейді.

Ленин және оның жақтастары пролетариатты баспасөз бостандығын жоюға көндіре отырып «...елдің ең алдыңғы қатарлы, саналы күштерінің ұзақ жылдар бойы азапты күрес жүргізген өкімет деспотизмін жаңа, бұрын жетпеген биікке көтерді...

Ленин «көсем» және орыс мырзасы... сондықтан ол өзін орыс халқымен қандай да болмасын, мейлі оның сәтсіз аяқталатыны алдын ала белгілі болсын, тәжірибе жүргізуге құқылымын деп есептейді.

Соғыстан әбден қалжыраған және қайыршыланған халық бұл тәжірибенің өтеуіне мыңдаған адам өмірін берді, алда әлі ондаған мың өмір беруге мәжбүр болады.

Бұл қасірет, догма құлы Ленинді, оның серіктерін ойландырмайды да... Темір өндірушілерге руда не үшін керек болса, Ленинге жұмысшы табы сол үшін керек. Қазіргі жағдайда бұл рудадан социалистік мемлекет құйып шығуға бола ма? Мүмкін емес сияқты, бірақ неге байқап көрмеске? Егер тәжірибе ақталмаса Ленин несін жоғалтады» дей келе автор былай дейді:

«Он работает, как химик в лаборатории, с той разницей, что химик пользуется мертвой, но его работа даст ценный для жизни результат, а Ленин работает над живым материалом и ведет к гибели революции», деп екінші мақаласын аяқтады.

Бұл мақалалардың М. Горький туындылары екендігі күмәнсіз сияқты. Олай дейтініміз, біріншіден, бұл мақалалар Батыста Горькийдің шығармалары ретінде бұрыннан белгілі. Олар Кеңес өкіметінің, Ленин партиясының мәнін ашып көрсететін құжат ретінде көптеген еңбектерге енген, екіншіден, мақалалар жұмысшы табының мүддесін қорғап, оны төніп келе жатқан апат қаупінен құтқару мақсатында, Ленин бастаған авантюристердің соңынан еріп жұмысшылар өздерін тарих алдында масқаралауына жол бермеу мақсатында жазылған. Ол Максим Горькийдің пролетариат жазушысы деген атына толық сай келеді, үшіншіден, келтірілген үзінділерден М. Горькийге тән ой өрнегін, сөз құрылымын байқау қиын емес. Ленин және оның серіктестерінің бет-бейнесін соншалықты дәл суреттеу, олардың іс-әрекетін, мақсат-мүддесін айқын ашып көрсету

тек М. Горький сияқты үлкен сөз шеберінің ғана қолынан келеді, төртіншіден, мұндай ессіздіктің ақыры неге әкеліп соғатынын тек үлкен ойшылдар болмаса, кез келген адам дәл басып айта алмас еді. Ал М. Горькийдің солардың қатарына жататындығы даусыз.

Тек біздің бұған қосарымыз, Ленин тәжірибесінің қайғылы салдарының жазушы көрсеткеннен әлдеқайда терең және көлемді болып шыққандығы. Жұмысшы табы Ресей халқы адамдарынан он мыңдап емес, он миллиондап айырылды және ол тек орталық Ресеймен шектелген жоқ, оның шет аймақтарын да түгел қамтыды. Соның салдарынан қазақ халқы да бұл тәжірибенің бар тауқыметін өз басынан толығымен өткерді. Оның залалын орыс халқынан әлдеқайда артық тартты. Демек, автор болжамының дұрыстығын қазақ халқы да өз тағдырымен дәлелдеп берді. Сондықтан М. Горькийдің бұл мақалаларының бізге де тікелей қатысы бар. Біздің де тарихымыздың маңызды дерегі.

**ҚАМБАР АТАБАЕВ,**
**деректанушы, тарих ғылымының кандидаты, доцент**
(*«Егемен Қазақстан»,* 1997 жылғы 7 қараша).

## ҮРЕЙДІҢ СОҢҒЫ ЕЛЕСІ

«Сталин болмаса жеңіске жетер ме едік?» Ардагер аталар мен майдангер ағалардың аузынан талай естіген сөз. Олай болса, бұл «ғажап» адамның есімі бүгін неге аталмайды деп таң қалатынбыз. Сөйтсек, мадақтауды айтқызып отырған тамыры тереңге сіңіп кеткен жалпыхалықтық үрей екен ғой.

Тарихта «Ұлы террордың басы» деп жазылып қалған 1937 жылғы зобаланда қуғын-сүргінге ұшырап кеткен кеңестік 17 миллион адамның 10 миллионы қаза тапқан немесе өлтірілген. Аз ба, көп пе? Халықтық топаланның бір жылында ғана репрессияға ұшыраған 100 мың қазақстандықтың төрттен бірі атылыпты. Әскери заңгер Горячев дегеннің «үштігі» не бары үш айда 631 адамның қанын мойындарына жүктеген. Колыма мен Норильск сияқты ажал аждаһасының ордасының қатарында түрмесінің көптігі жағынан Қазақстан үшінші орында тұрыпты. Міне, майдангерлердің ауызынан түспейтін «ғажап» қанішердің ылаңы осылай болып келеді. Үрей елесі ұзақ жылдар билеген жерде өмір кешкен халықтың санасында әзірейілдің зәр шашқан бейнесі әлі сан жылдар «сақталатыны» анық. Соның ұмытылмас бір белгісіндей етіп Қазақ елі Жаңалықта, Ақмолада ескерткіш тас қойды.

... Адал ленинші Л. Брежнев дүниеден қайтқан күнгі аудандық баспаханада өткен қаралы митингі әлі есімде. Орта жастағы парторг ағай «Кеше Мәскеуде заманымыздың көрнекті партия қайраткері... қайтыс болды» деп сөзін аяқтамай жатып, кемсеңдеп қоя берді. Жыламақ түрі бар еді, газет басушы Раиса есімді беларусь жеңешеміз «өлмесе өме қапсын» деп қойды да жіберді. Кейінгі толқын түкке түсінсек бұйырмасын! Сө-й-тсек, сол Үрейдің елесінен әлі арылып болмаған бейшара елдің болмысындағы сан жылдар тұмшаланған жасқаншақтық пен жалын атқан жариялылықтың ауылдағы алғашқы айқасы екен ғой бұл. Содан бері жылғалардан талай су ақты. Халық ақ пен қараны, тәубен, ажыратты. Бірақ, жүнжіп кемсеңдеген парторг пен ашына «күңк» еткен газет басушының бет бейнесі әлі күнге көз алдымда.

**Талғат СҮЙІНБАЙ**
(*«Егемен Қазақстан»,* 1997 жылғы 31 желтоқсан).

## АУЫЛ-СЕЛОДАҒЫ ЗОБАЛАҢ ПАРТИЯдан БАСТАЛҒАН

«Халық жауларының бірінші легін әшкерелеп, олардан құтылуға жол ашқан БКП(б) Орталық Комитетінің 1926 жылғы үш қаулысы болды.

— 24 мамыр күні қабылданған «Кедей арасындағы өткізілетін жұмыс» деп аталатын қаулысында партияның Орталық Комитеті қоғамның барлық сатысындағы басшылыққа тек кедей өкілдерін ғана қою керек, олар БКП(б) және Кеңес өкіметін дұрыс түсіне біледі делінген. Бұл — ауыл-селоларындағы көзі қаракты, көңілі ояу шаруаларды шеттетудің басы болды.

— 26 қазаннан 3 қарашаға дейін өткен бесінші партиялық конференцияда «Жаңа оппозиция тобы» (Каменев, Зиновьев) троцкизм жолына түсіп біржола антилениндік саясатқа көшті деп шешілді. «Жаңа оппозицияға» қойылған кіналардың ішінде ең нақтылы болып көрсетілгені осы топтың ұжымдастыру-колхоздастыруға қарсы шыққаны.

— 30 желтоқсанда алынған «Совхоз бен колхоз құрылысының нәтижесі» деп аталатын қаулысында партияның Орталық Комитеті ең бірінші рет ашықтан-ашық кулактарды тап ретінде жоюды ашықтан-ашық алға қойды. Келесі, 1927 жылы өткен екі пленумның, XV съездің қарарында бұл идеяны идея қалпынан нақты жүзеге асыру жолдары көрсетіліп берілді.

Сонымен 1929—1931 жылғы шаруалардың малмүлкін тәркілеп, өздерін жер аудару науқаны партияның осы «көрегендік» шешімінен кейін кең өріс алды.

(*«Егемен Қазақстан»,* газеті, 1997 жылғы 29 мамыр)

## ДЕРЕКТЕР

- 1897 жылғы Ресей империясы жүргізген жалпы санақта қазақ халқының саны 4 миллион 120 мың болды. Ал 1939 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша бұл ескерткіш 2 миллион 300 мың адам ғана, яғни 1932 жылғы шығын саны 2 миллионнан астам.
- Қазіргі Қазақстан шекарасынан шығып, босқыншылыққа ұшыраған шаруалар саны 1 миллион 31 мың. Олардың 165 мыңы Одақ шекарасынан да асып, Қытай, Монғолия, Ауғаныстан, Иран, Түркия жеріне жетіп, кейін өз Отанына жете алмай қалды.
- Көршілес республикаларға, Ресейге қоныс аударып, сол жерге орнығып қалғандар саны — 450 мыңдай. Туған жеріне қайтып оралмағандар саны — 616 мыңға жуық.
- 1932 жылы Қазақстан байырғы халқының 64 процентінен айрылған.
- 1932 жылдың 6 айында Қарқаралының 35 мыңға жуық халқы аштық құрбаны болған.
- 1931—1933 жылдардағы шығын халқымыз үшін мұның алдында болған 1916—1921 жылдардағы күйзеліс кезіндегі шығындардан 3 есеге дерлік, ал 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тура және жанама шығынынан алты еседен астам көп болды. Осы тарихи салыстырмалар тұрғысынан қарасақ, ең сұрапыл жаугершілік кезең — «Ақ табан шұбырындының» шығындарынан жалпы саны жағынан — 2,2 есе асып түскен.
- Алматы облысының 14 ауданынан Қырғызстанға 7312 үй, Қытайға 11530 үй, облыстың өз ішінде 17204 үй, басқа облыстарға 923 үй ауа көшкен. Облыс бойынша барлығы 32970 үй көшпендіге айналған. 1932 жылғы 28 шілдедегі дерек бойынша, көшіп кеткен шаруалардың Қырғызстаннан 686-ы, Қытайдан 305-і ғана оралғанын айтады, яғни 151880 адамнан 14108 адам ғана туған жерге қайта оралған.
- Балқаш ауданында (Алматы облысы) тек бір ғана қаңтар айында 202 қазақтың өлігін жинап алған.
- 1931 жылы Қоңырат ауданында 5776 үй болса, 32-ші жылы 3678 үй қалыпты. 1932 жылы 1784 үй көшіп кетіп, оның 1167 үйі кәсіпорындарға орналасыпты, ал 617 үйдің тағдыры белгісіз күйінде қалған.
- Егер 1932 жылы ойран болғанда (аштығы бар, көшуі бар) бүгінгі таңда қазақ халқының өсімі 32 миллионнан астам асып түсуі күмәнсіз еді.
- 1932 жылғы мал саны 1929 жылмен салыстырғанда Қазақстанда 16 есеге кеміп кеткен, немесе қолдағы 39 миллион 294 мың малдан 2 миллион 428 мыңы қалған. Бұл небәрі 4 жыл ішінде 37 миллион малдың жоқ болғандығын көрсетеді.
- 1930 жылы жиналған 835 миллион центнер астықтың 48,4 миллион центнері экспортқа шығарылды. Ал, 1931 жылы бар болғаны 695 миллион центнер астық жиналса да, сыртқы рынокқа 51,8 миллион центнер астық жөнелтілді.

(*«Дала дидары»*, газеті, 1992 жылғы 29 мамыр-4 маусым).

## ЖҮРЕК ТЕБІРЕНТЕР БІРЕР ЦИФР

**(«Топтасқан қылмыстылар» қаттамалары бойынша)**

| Аудан, қала аттары | Қанша топтама | Қанша адам қамтылған? | Қаншасы атуға бұйырылған? |
|---|---|---|---|
| Қазалы ауданы | 69 | 393 | 122 |
| Қызылорда қаласы | 37 | 175 | 78 |
| Арал ауданы | 51 | 292 | 77 |
| Сырдария ауданы | 52 | 311 | 68 |
| Қармақшы ауданы | 50 | 316 | 55 |
| Тереңөзек ауданы | 16 | 90 | 23 |
| Шиелі ауданы 23 | 98 | 98 | 17 |
| Жаңақорған ауданы | 30 | 189 | 16 |
| Жалағаш ауданы | 5 | 60 | 7 |
| Облыс бойынша | 333 | 1924 | 463 |

# ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША

## 1930 жылы

### I

**ҚОНЫСОВ** Жабатыр — Қазалы ауданының № 22 ауылында 1865 жылы туған, Қазан төңкерісіне дейін болыс старшинасы болған, бай болған.

**БЕКҚҰРАНОВ** Айтжан — № 21 ауылда 1860 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда молда болған.

**ТӘКИЕВ** Бәки — Қазалы ауданында 1904 жылы туған, қамауға дейін осы ауылда малшы болған.

**ТІЛЕУБАЕВ** Жұмаш — Қазалы ауданында 1879 жылы туған, егінші.

**ӨТЕМБЕТОВ** Жұмағали — ауданда 1903 жылы туған, малшы. Бұл 5 азаматқа қарсы Қазалы аудандық НКВД бөлімі РСФСР ҚК 58 бабының 2,3 тармақтарымен қылмыстық іс қозғап, 1930 жылғы 8 қарашада қамауға алған, оларға Қазалы ауданында бас көтерген бандыларға болысып, соларға тілеулестік білдірді, колхоздасу, совет өкіметі жайлы өтірік-өсек таратты деген айыптар тағылған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен: Қонысов Жұбатыр, Бекқұранов Айтжан, Тілеубаев Жұмаш — жазаның ауыр түріне — атуға, Тәкиев Бәки, Өтембетов Жұмағали әрқайсысы 10 жылдан түрме жазасына сотталды.

Қызылорда облысы прокурорының наразылығы бойынша, облыстық сот президиумы Қонысов Жұбатырды 1988 жылғы 30 желтоқсанда, Бекқұранов Айтжанды — 1989 жылғы 30 маусымда, Тәкиев Бәки, Өтембетов Жұмағалиды — 1989 жылғы 6 шілдеде толық ақтаған шешім шығарған.

### II

**МАКСИН** Роман Клементьевич — родился в 1872 году в Уральском округе, до ареста проживал в гор. Казалинске, был крестьянином.

**ПАВЛЫЧЕВ** Иван Евстратьевич — родился в 1860 году в Уральской губернии, до ареста проживал в гор. Казалинске, был священником.

**ОВЧИННИКОВ** Максим Михайлович — родился в 1864 году в Уральской губернии, до ареста проживал в гор. Казалинске, был крестьянином.

**ЛАБЗЕНОВ** Карп Иванович — родился в 1882 году в гор. Казалинске, работал торговцем.

**БАХАРЕВ** Терентий Дмитриевич — родился в 1884 году гор. Казалинске, крестьянин.

Казалинское районное отделение этих 4-х граждан обвинило по ст. 58-10 и 59-11, арестовало в апреле 1930 года. Тройка при ПП ОГПУ Казахстана 24 апреля 1930 года принимала постановление: Максина Р. К., Павличева И.Е., Овчинникова М. М. к высшей мере наказания — расстрелу, Лабзенева К. И.— к 10 годам, Бахарева Т. Д.— к 3 годам тюремного заключения.

По постановлению президиума областного суда, по протесту областного прокурора, 6 июня 1989 года они полностью реабилитированы.

## 1931 жылы

### I

**ТҰРЫМБЕТОВ** Өтепберген — Қазалы ауданы, № 1 ауылдық кеңестегі «Майлыбай» деген жерде 1887 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйлі-жайлы, от басында 8 жаны бар.

**САТАЕВ** Өміртай — Қазалы ауданының № 3 (11) ауылында 1871 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйлі-жайлы, баласы — Оразбай.

**САТАЕВ** Қартқожақ — Қазалы ауданының № 11 ауылында 1877 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, сайлау- сайлану құқығынан айырылған, үйлі-жайлы.

**ӨМІРТАЕВ** Оразбай — Қазалы ауданының № 11 ауылында 1911 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйленген, әкесі — Өміртай.

**МАЛАЙСАРИЕВ** Нұржан — № 11 ауылда 1905 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйленбеген.

**МАЛАЙСАРИЕВ** Ержан — № 11 ауылда 1902 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйленген.

**МАЛАЙСАРИЕВ** Ермағамбет — № 11 ауылда 1902 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйлі-жайлы.

**БАЯНАСОВ** Тыныштықбай — № 11 ауылда 1869 жылы туған, бай болған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**БӨКУБАЕВ** Омар — № 11 ауылда 1902 жылы туған, бай болған, сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйленген.

**ПІРМАНОВ** Бозғұл — Қазалы ауданының № 12 ауылында 1864 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған үйлі-жайлы.

**ДАНДАЕВ** Картбай — № 11 ауылда 1875 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**ОРДАБАЕВ** Тәйімбет — № 11 ауылда 1910 жылы туған, орта шаруаның баласы, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, бұрын сотталмаған, үйленбеген.

**ҚАРАКӨЗИЕВ** Қазанғап — № 11 ауылда 1887 жылы туған, малшы, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**ШОНБАЕВ** Қожантай — № 11 ауылда 1899 жылы туған, орта шаруаның баласы, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, бұрын сотталмаған, үйленген.

**ШОНБАЕВ** Ахмет — № 11 ауылда 1891 жылы туған, орта шаруаның баласы, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, бұрын сотталмаған, үйленген.

**БИЖАНОВ** Жалғасбай — Арал ауданының № 3 ауылында 1898 жылы туған, кейін Қазалы ауданында тұрған, кедей шаруадан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**АТАРМАНОВ** Назибек — Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының № 25 ауылында 1879 жылы туған, кейін Арал ауданының № 3 ауылында тұрған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйлі-жайлы.

**АРЫҚБАЕВ** Қатымша — Қазалы ауданында 1889 жылы туған, кейін Арал ауданының № 3 ауылында тұрған, бай болған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**ЖАҢСЫҚБАЕВ** Орал — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының № 3 ауылында 1872 жылы туған, кейін Қазалы ауданының № 11 ауылында тұрған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйлі-жайлы.

**СИЛАҚОВ** Қойшыбай — Қазалы ауданының № 10 ауылында 1866 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйлі-жайлы.

**СИЛАҚОВ** Қуанышбай — Қазалы ауданының № 10 ауылында 1892 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйлі-жайлы.

**ҚОЖАЕВ** Аяған — № 10 ауылда 1901 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, үйленген.

**АМАНБАЕВ** Кішкенебай — Арал ауданының № 3 ауылында 1871 жылы туған, бай болған, шала сауатты, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**КІШКЕНЕБАЕВ** Саржан — Арал ауданының № 3 ауылында 1894 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген.

**КІШКЕНЕБАЕВ** Тержан — Арал ауданының № 3 ауылында 1895 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген.

**АЛТЫБАЕВ** Әуесбай — Арал ауданының № 3 ауылында 1874 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**ҚАЛНИЯЗОВ** Сенбі — Арал ауданының № 3 ауылында 1888 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**АМАНЖОЛОВ** Аяпберген — Арал ауданының № 3 ауылында 1901 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген.

**САРЫБӨПЕЕВ** Бертілеу — Қарақұмда 1871 жылы туған, кейін Арал ауданының № 3 ауылында тұрған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**ҚАЛЫБАЕВ** Ержан — Арал ауданының № 3 ауылында 1900 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген.

**САТАЕВ** Өмір (ол 1931 жылы 2 наурызда қарақшылармен ұрыс кезінде оққа ұшқан), Сарыбөпеев Бертілеу, Төрәлиев Қалжан, Аққүшіков Ыбырай, Тұрымбетов Өтепберген және басқалар басқарған байлар тобы 1930 жылдың желтоқсан айынан бастап кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліске дайындық жүргізе бастаған. Ұйымның бірінші және жұмысының басы 1931 жылдың қаңтар айының басында Бөкубаев Омар байдың үйінде өткізілген мәжілістен басталған. Онда 1931 жылдың көктемінде кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске дайындық туралы мәселе шешілген. Екінші мәжіліс 1931 жылдың қаңтар айының аяғында бай Сатаев Өміртайдың үйінде өткізілген, онда кеңес өкіметіне қарулы көтерілісті 1931 жылдың сәуір айында бастау нақты шешілген. Ол үшін мәжілістерге қатысқандар тұрғындар арасында Қарақұм орталығына көшу және кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтерілісті барлық уақытта қолдауға дайын тұрған «Алтын» руындағыларға қосылу үшін күшті үгіт жүргізуге тиіс болған. Барлық ұйымның жетекшісі және хан болып Сатаев Өмірбай сайланған. Қару-жарақты жинауды Сарыбөпеев Бертілеу өз міндетіне алған, кемінде 1500 сарбаз жинауды Төрәлиев Қалжан мен Аққүшіков өз міндетіне алған. Осы ұйым мүшелерінің жүргізген үгіттерінің арқасында байлар, ауыл үстем таптары ет дайындауға мал өткізуден бас тартып, өздерінің қыстауларынан Қарақұм орталығына көше бастаған, кейбіреулері өздерінің кедей-шаруа туыстарын ала көшкен.

Тұрымбетов Өтепберген 1928 жылдан байлар мен жартылай феодалдарды конфискалаудан бастап тұрғындар арасында, әсіресе «Дүйсенбай-Матай» руының арасында барлық салық түрлерін төлеуге қарсы белсенді үгіт жүргізген. Ол 1930 жылдың сәуір айында қарақшылар қатарына қосылу және Қарақұм орталығына көшу туралы

тұрғындар арасында үгіт жүргізіп, былай деген: «Қарақұмда алтындар, шөмекейлер көтерілді, Қызылқұмда ишан Ақмырза көтерілді, коммунистерге баратын жер жоқ. Егерде тағы да біздің руымыз Төртқара оларға қосылған жағдайда, онда біз үлкен жеңілмейтін күшке айналамыз. Барлығымыз алтындарға көшейік және оларды қолдайық».

1930 жылдың мамыр айында «Қос там» деген жерде Тұрымбетов қолына ақ жалау ұстап, елді аралап, тұрғындарды қарақшыларға қосылу үшін үгіт жүргізген. «Ақ жалаудың астына бірігейік, бізді ешкім жеңе алмайды, бізді қолдамағандар біздің жауымыз, ондайларды коммунистердің қатарында өлтіру керек» деген. Ет дайындауға мал өткізуден бас тартып, «Қара үңгір», «Дүздақ» деген жерге көшіп кеткен. 1931 жылдың қаңтар айында Сатаев Өмірбаймен байланыс жасап, қарулы көтеріліске дайындық мәселелерін бірігіп шешкен.

Сатаевтар да мәжілістерге қатысып, қаралған мәселелерді толық қолдаған, ешқандай салық төлемеген. Сатаев Өмірбайдың баласы Өмірбаев Оразбай 1931 жылдың қыс айларында түнгі мезгілде күзетте тұратын болған. Коммунистер отряды келген кезде ол әкесімен бірге коммунистер отрядына винтовкадан оқ атқан.

Малайсариев Ермағамбет, Нұржан мен Ержан да түн мезгілінде күзетте тұрған. Түнгі атыста ол Өмірбаевқа көмекке келген. 1930 жылдың жазында ол Қазалы ауданының № 11 ауылдық кеңесінің төрағасы Ырзаев Тұрмәмбетиярды өлтіруге қатысқан, Сатаевтан мылтық алған.

Баянасов Тыныштықбай Сатаев Өмірбаймен тығыз байланыста болған, коммунистер отрядымен болған ұрыста Сатаевқа көмекке келген, барлық мәжілістерге қатысқан. Қаракөзиев Қазанқап ауылда белсенді болған, ауылдық кеңестің барлық қаулылары мен шешімдері ол арқылы байларға белгілі болып отырған. Комотрядтардың келе жатқанын Сатаев Өмірбайға жеткізген.

Бижанов Жалғасбай комотрядтың Қарақұмға келген кезінде байланысшы ретінде Арал ОС ОГПУ-дан өкілдің көмекшісінің атына келе жатқан пакетті оған тапсырмай, Сатаев Өмірбайға келіп, оған комотрядтың келе жатқанын жеткізген. Сарыбөпеев Бертілеудің қараша үйінде пакетті ашқан. Ол жұртшылық арасында «комотрядтар келе жатыр, ет дайындауға қатыспағандарды шетінен атып жатыр» деп провокациялық лақап таратқан. Атарманов Назибек Қарақұм орталығына өзімен бірге «Аққыш» руынан 11 үй қожалығын көшіріп әкеткен.

Арықбаев Қатымша да өзінің «Бақ-шақ» руындағыларды ертіп Қарақұмға көшіп кеткен.

Жаңсықбаев Орал Сатаев Өмірбайға және өзінің ұлы Кенжеқұлға ауылдық кеңестің төрағасы Ырзаев Тұрмәмбетиярды өлтіруді ұсынған, өйткені ол олардың сайлау-сайлану құқын жойған. Бұл ұсынысты Сатаевқа Силақов Қуанышбай мен Қойшыбай да айтқан. Қожасов Аяған ауылдық кеңестің төрағасы Ырзаевты өлтіру үшін Сатаев Өмірбайға алты атар револьвер берген.

Бұлардың барлығы да кеңес өкіметіне қарсы, салық төлеуден қашып, Қарақұмға көшкен, «Алтын» руына қосылып, қарулы көтеріліске дайындық жұмыстарын жүргізген.

Жоғарыда аттары аталған 30 адамнан тұратын топ ОГПУ-дің Арал ауданындағы сенімді өкілінің 1931 жылғы наурыз-сәуір айларындағы (күндері көрсетілмеген) қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 38 бабының 6, 8, 10 және 11 тармақтары бойынша қылмыстық жауапқа тартылған. Тергеудің айыптау қорытындысы 1931 жылдың 22 мамырында шығарылып, іс Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы Ерекше үштіктің қарауына берілген.

ОГПУ Сот коллегиясының 1932 жылғы 19 қаңтардағы қаулысымен:

— Малайсариев Нұржан — 10 жыл концлагерьге,
— Сатаев Өмірбай, Өмірбаев Оразбай, Сатаев Қартқожа — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге,
— Тұрымбетов Өтепберген, Малайсариев Ержан, Малайсариев Ермағамбет, Бөкубаев Омар, Бижанов Жалғасбай, Атарманов Назибек, Жансықбаев Орал, Силақов Қуанышбай, Қожасов Аяған — әрқайсысы 3 жылға концлагерьге,
— Баянасов Тыныштықбай, Қаракөзиев Қазанқап, Арықбаев Қатымша, Силақов Қойшыбай, Аманбаев Кішкенебай, Кішкенебаев Саржан, Кішкенебаев Тержан, Алтыбаев Әуесбай, Қалниязов Сенбі, Аманжолов Аяпберген, Сарыбөпеев Бертілеу, Қалыбаев Ержан — әрқайсысы Батыс Сібірге 3 жылға жер аударуға сотталған.
— Пірманов Бозғұл, Дандаев Қартбай — алдын ала отырғандарын есептеп қамаудан босатылған,
— Ордабаев Тәйімбет, Шонбаев Ахмет, Шонбаев Қожантайдың істері тоқтатылып, қамаудан босатылған.

ОГПУ Сот коллегиясының 1933 жылғы 4 шілдедегі қаулысымен Малайсариев Нұржан — шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған.

Қызылорда облыстық сот президиумының 1967 жылғы 26 қаңтардағы қаулысымен — ОГПУ сот коллегиясының 1932 жылғы 19 қаңтардағы Малайсариев Нұржан, Сатаев Өмірбай, Өмірбаев Оразбай, Сатаев Қартқожақ, Тұрымбетов Өтепберген, Малайсариев Ержан, Малайсариев Ермағамбет, Бөкубаев Омар, Бижанов Жалғасбай, Атарманов Назибек, Жақсыбаев Орал, Силақов Қуанышбай, Қожасов Аяған, Баянасов Тыныштықбай, Қаракөзиев Қазанғап, Арықбаев Қатымша, Силақов Қойшыбай, Аманбаев Кішкенебай, Кішкенебаев Саржан, Кішкенебаев Тержан, Алтыбаев Сенбі, Аманжолов Аяпберген, Сарыбөпеев Бертілеу, Қалыбаев Ержан, Пірманов Бозғұл, Дандаев Қартбайдың істері бұзылып, оларға тағылған айыптың анықталмағаны үшін олардың істері өндірістен қысқартылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1996 жылғы 6 қаңтардағы қорытындысымен — айыпталған барлық 30 адам Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

II

**ЖҮСІПОВ** Тоқмəмбет — Қазалы ауданының № 3 ауылында 1901 жылы туған, руы қанысбек, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау құқығынан айырылған, үйленген.

**ҚОСЫМОВ** Жалғасбай — № 3 ауылда 1890 жылы туған, руы қанысбек, сауатсыз, партияда жоқ, Жүсіпов Тоқмамбеттің інісі, үйленген.

Жүсіпов Тоқмəмбет — тап жауы, кеңес өкіметіне қарсы элемент ретін, жеке шаруашылығымен айналысқаны үшін Қазалы қалалық кеңестен 77 пұт бидай тапсыруға нақты тұжырымды тапсырма алған. Осы тапсырманы орындауға 23 тамызға дейін мерзім берілген. Бірақ ол өкіметтік тапсырманы орындағысы келмей, астық дайындау жөніндегі өкіл Кішкенеевтің (ол қалалық кеңестің мүшесі) бірнеше ескертпелеріне қарамастан, тапсырманы мерзімінде орындамаған. 1931 жылғы 29 тамызда Кішкенеев бригадирлер Өтепов, Сеңгірбаев, Қалымбетов жəне Бекетовтермен бірге Жүсіпов Тоқмəмбетовтың үйіне келіп, 77 пұт бидайды тез арада өткізуге тапсырған, бірақ Жүсіпов осы жолы да астық тапсырудан үзілді-кесілді бас тартқан. Содан кейін өкіл Кішкенеев жоғарыда көрсетілген бригадирлердің қатысуымен акт жасауға мəжбүр болған. Акт жасау кезінде Жүсіпов қылмысқа тартылатынын біліп, өз үйінен шығып, өзінің туысы Қосымов Жалғасбайға келіп, Кішкенеевті жəне бригадирлерді соққыға алуға келіскен. Қосымов құлақ ретінде Жүсіповке идея жағынан жақын болғандықтан, оның ұсынысына келіскен. Жүсіпов бұл террорлық жұмысқа кедей шаруалар Қилыбаев пен Рысжановты тартқан.

Жүсіпов Тоқмəмбет осы əрекетке дайындық жұмысын жүргізе жүріп Қосымов Жалғасбайға «оны бірден өлтір» деген дауыс шыққан кезде өлтір деп бұйрық берген. Жүсіповтың бұйрығымен Жалғасбай балтамен Кішкенеев пен Өтеповтың басына ұрып, жарақат салған, бірақ жедел көмектің келуі арқасында олар аман қалған.

Осы қылмыстары үшін Жүсіпов Тоқмəмбет пен Қосымов Жалғасбай Қазалы аудандық ОГПУ бөлімі сенімді өкілінің 1931 жылғы 30 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 8 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі бітіп, айыптау қорытындысы 1931 жылғы 5 қазанда шығарылған.

РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің көшпелі сессиясының 1931 жылғы 12 қазандағы үкімімен:

— Жүсіпов Тоқмəмбет — 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау құқығын жоюға, мал-мүлкін тəркілеуге,

— Қосымов Жалғасбай — 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

РСФСР Жоғарғы соты Президиумының 1931 жылғы 14 желтоқсандағы қаулысымен жоғарғы соттың Қазақ бөлімінің көшпелі сессиясының Жүсіпов Тоқмəмбет, Қосымов Жалғасбай жөніндегі 1931 жылғы 12 қазандағы үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысында Жүсіпов пен Қосымовтың əрекеттері РСФСР ҚК 58 бабының 8 тармағымен дəрежеленгені дұрыс емес, олардың əрекеттерінде ҚК 60-61 жəне 143 баптарының əрекеттерімен дəрежеленуге тиісті, өйткені бұл қылмыс саяси қылмысқа жатпайды делінген. Жүсіпов пен Қосымов Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сəуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы»Заңының негізінде толық ақталған.

III

**ҚОНЫСОВ** Əбубəкір — Қазалы ауданының № 22 ауылында 1877 жылы туған, руы «Асан-Тоғыс», ірі бай, патша өкіметі түсында 8 жыл болыс болған, сауатты, партияда жоқ, беделді атқамінер, ауыл ақсақалы, ру басшысы, Асан қарақшыларының жетекшісі болған, дауыс беру құқынан айырылған, үйлі-жайлы.

**ӨТЕҒҰЛОВ** Сердалы — Қазалы ауданының № 21 ауылында 1895 жылы туған, руы «Асан-Басыбек», бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, беделді атқамінер, Асан қарақшылардың басшыларының бірі болған, үйленген.

**ƏБДІКЕРОВ** Əйеке — Қазалы ауданының № 22 ауылында 1856 жылы туған, руы «Асан-Тоғыс», бай, революцияға дейін 6 жыл ауыл старшинасы, 3 жыл сот, кейін болыс болған, кеңес өкіметі түсында беделді атқамінер-ақсақал, сопы, ру басшысы, Асан қарақшыларының жетекшісі болған, сайлау-сайлану құқынан айырылған, ескіше сауаты бар, партияда жоқ, үйлі-жайлы.

Қонысов Əбубəкір, Өтеғұлов Сердалы, Əбдікеров Əйеке — кеңес өкіметіне қарсы жат пиғылда болып, жұртшылық арасында контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген. Олар өздерінің беделін пайдаланып, провокациялық əрекеттеріне дінді қолданып, жұртшылықты өздерінің маңайына топтастырған, олардан қарақшылар үйымдастырып жəне оларды қару-жарақпен қаруландырып, кеңес өкіметін құлатпақшы болған. Асан қарақшыларының басшысы Ақмəмбетов Əбдіжамидің (кейін ол хан болып сайланған) тікелей басшылығымен жəне оның көмекшілері Қонысов, Əбдікеров жəне Өтеғұловтардың қатысуымен 1930 жылдың 22 тамыз күні «Қасқа» деген жерде контрреволюциялық ұйымдастыру мəжілісі құрылған, оған 500-дей адам қатысқан, олардың ішінде дін өкілдері, ишандар, молдалар болған, бұл мəжілісте бір-біріне ант беріп, қарақшылар ұйымдастыруға шешім қабылдаған, бұл жұмысты іске асыру Қонысовқа, Əбдікеровке жəне Өтеғұловқа тапсырылған.

1930 жылдың 29 тамызында бұл үшеуі «Ұзынтам» деген жерде жасырын құпия жиналыс өткізіп, оған 100-дей адам қатысқан, сол жерде

үшеуі қарақшылар ұйымдастыру жөнінде үгіт жүргізген. Сол жылғы 3 қыркүйек күні «Майдақұм» деген жерде екінші рет жиналыс өткізіліп, оған 500-дей адам қатысқан, Қонысов, Әбдіекеров және Өтеғұловтар контрреволюциялық үгіт жүргізіп: «Кеңес өкіметі құлауға жақын тұр, жан-жағынан капиталистердің қоршауында қалды, кеңес өкіметі астық дайындаған кезде ол барлығымызды тонап, барлығымызды сыпырып алды, сондықтан біз оған астық бермеуіміз керек, ал талап еткен кезде қарсы тұруымыз керек, бізге қорқудың керегі жоқ, біз көппіз, біз Қарақұмнан Қазалыға хан Қожбан және Қаплан келе жатыр, кеңес өкіметін құлату үшін оларға көмек беруіміз керек»— деп қастандық сөздер айтқан. Қарақшыларды ұйымдастыруға қолдары жеткеннен кейін Қонысов, Әбдікеров, Өтеғұловтар қарақшыларға қосылғысы келмегендерге күш қолданып, таяқтың астына алып, өлтіреміз деп қорқытқан.

Қарақшылар талқандалғаннан кейін Қонысов, Әбдікеров және Өтеғұловтар Қарақалпақстанға қашып кетіп, 6 айға жуық жасырынып жүрген.

Осы қылмыстары үшін Қонысов Әбубәкір, Әбдікеров Әйеке және Өтеғұлов Сердалы ОГПУ-дың Қазалы аудандық бөлімінің 1931 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2 тармағымен және 59 бабының 3 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қортындысы 1931 жылдың 13 мамырда шығарылған.

Әбдікеров Әйеке Қызылорда түрмесінде 1931 жылдың 5 қазан күні сары аурудан және картайып әлсірегендіктен («от желтухи и старческой дряхлости») қайтыс болған.

Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі В/С коллегиясының 1932 жылғы 27 наурыздағы қаулысымен Қонысов Әбубәкір, Өтеғұлов Сердалы — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге сотталған.

ОГПУ-дың Арал ОО Оперсекторының 1932 жылғы 20 ақпандағы қаулысымен Әбдікеров Әйекенің 1931 жылғы 5 қазан күні қайтыс болуына байланысты тергеу ісі өндірістен қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 16 қазандағы қортындысымен Қонысов Әбубәкір мен Өтеғұлов Сердалы СССР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған;

## IV

**АСАНОВ** Дәрмен — Қазалы ауданының № 22 ауылында 1904 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, шаруа болған.

**ҚАЛДЫБАЕВ** Башай — № 22 ауылда 1890 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, шаруа болған.

**ҚАЛДЫБАЕВ** Ақсай — № 22 ауылда 1886 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, шаруа болған.

**МАШАҚОВ** Жақып — № 22 ауылда 1899 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, егінші болған.

**ДОШМАНОВ** Ниязбек — № 22 ауылда 1901 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, егінші болған.

**ЖАҚЫПОВ** Сүйенішәлі — № 22 ауылда 1873 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда малшы болған.

**ІЗІМБЕТОВ** Әзи — № 22 ауылда 1886 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, малшы болған.

**ИІМБЕТОВ** Әбдіхалық — № 22 ауылда 1894 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған.

**ЕДІЛҒАРАЕВ** Қалымбет — № 22 ауылда 1859 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, бай болған.

**ӨМІРБЕКОВ** Мұстафа —№ 22 ауылда 1893 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, бай болған.

**КҮРКЕЕВ** Пірімбай — № 22 ауылда 1877 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, малшы болған.

**МӘМБЕТОВ** Насыр — № 22 ауылда 1877 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, малшы болған.

**НҰРЫМБЕТОВ** Арызахун — № 22 ауылда 1876 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, малшы болған.

**ТАҢАТАРОВ** Айжарық — № 22 ауылда 1876 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, малшы болған.

**ҚАРАҒҰЛОВ** Әбдіраман — № 22 ауылда 1881 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда тұрған, малшы болған.

**ҚОНЫСОВ** Жұбайхан — № 22 ауылда 1881 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауылда егінші болған.

Бұл 16 азаматқа қарсы Қазалы аудандық ОГПУ бөлімі РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтары бойынша қылмысты іс қозғап, қамауға алған, оларды колхоздасу саясатына қарсы шықты, жеке малдарын ұжымдасуға беруден жасырды, құмдарда бас көтерген бандыларға тілеулестік білдірді деп айыптаған. ОГПУ Сенімді өкілдігінің жанындағы үштіктің 1931 жылғы 21 сәуірдегі үкімімен жоғарыда аттары аталған 16 азаматтың барлығы да 5 жылдан түрме жазасына сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1989 жылғы 27 ақпандағы шешімімен аттары аталған бұл азаматтар толық ақталған.

## V

**ҚАРАМЫРЗАЕВ** Жалғасбай — Қазалы ауданының № 11, Қарақұм ауылында 1898 жылы туған, руы «Нияз», бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын ҚК-ның 117 бабымен сотталған, үйленген, қарамағында 5 жаны болған, 1927 жылы № 7 ауылдық кеңестің төрағасы болып сайланған.

**БҰЗАУОВ** Тобжар — Қазалы ауданының № 10 ауылы, Қарақұмда 1885 жылы туған, руы «Сырым», бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, 1928 жылы міндетті жоспар салығы салынған, дауыс беру құқынан айрылған, қарамағында 4 жаны болған.

**ҚҰТТЫБАЕВ** Сүйінішәлі — Қазалы ауданының № 10 ауылында 1898 жылы туған, руы «Аю», бай болған, сауаты бар, партияда жоқ, № 10 ауылдық кеңестің хатшысы болып жұмыс істеген, үйленген.

Бұлар ірі бай, тап жауы болғандықтан, Кеңес өкіметінің алғашқы күнінен бастап қарулы көтеріліс жасап, кеңес өкіметін құлату үшін контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген. Өздерінің осы арам ойларын жүзеге асыру үшін олар үнемі партия мен үкіметтің жүргізіп жатқан шараларына кедергі жасаумен болған.

1930 жылы Қарақұмда Қожбановтың және басқалардың қарақшылары ұйымдасқан кезде бұлар осы қарақшыларды ұйымдастырушылар болған, оны мына жағдайлар анықтайды:

1930 жылдың 25 тамыз күні Қарақұмдағы «Қабақ Ошағы» деген жерде Силанов Қуанышбай деген байдың киіз үйінде Қарамырзаев, Бұзауов және Құттыбаев құпия жиналыс шақырып, онда былай деген: «Кеңес өкіметінің саясаты және оның жазалаушы Заңы Қарақұмдағы біздерге де келді, олар бізді Қарақұмнан аударғысы келеді, біздің намысымызға тиюде. Осыдан құтылу үшін Қарақұмға келетін барлық өкілдерді және ауылдық кеңестің адамдарын, бірінші кезекте № 10 ауылдық кеңестің төрағасы, коммунист Рзаевты өлтіру керек»— деп террорлық шешімге келген. Бұл мақсатты орындау міндетін олар бір қарақшыға жүктеген, ол бұл міндетті жүзеге асырған.

С. Құттыбаев тап жауы бола тұрып, өзінің айлашарғысымен ауылдық кеңестің хатшысы қызметіне қол жеткізген. 1930 жылғы 25 тамыздағы құпия-жасырын жиналыста С. Құттыбаев: «Жақын арада осы жерге Т. Рзаев келеді, ол барлығымызды басқа аудандарға жер аударады. Сондықтан алдын алып, оны өлтіру керек. Енді қорқуға болмайды, барлық жерде соғыс болып жатыр, егерде бір коммунисті өлтірсек, мыңдаған коммунистер бас қорғалайды»,— деп сөз айтқан. Құттыбаев Рзаевтың қоржынында револьвер барын біліп, оны ұрлап алған.

Бұлар тұрғындар арасында контрревлюциялық үгітті одан әрі жүргізіп. «Жақын арада кеңес өкіметі құриды, өйткені барлық жерден көтеріліс шығып жатыр, енді Қарақұмға бірде-бір коммунисті келтірмеуіміз керек, ал егерде келген жағдайда оларды өлтіру керек»— деп сөз айтқан;

Қарамырзаев Жалғасбай — бай, бұрынғы соттың баласы болғандықтан, Қарақұм жұртшылығы арасында үлкен беделге ие болған, 1928 жылы № 7 ауылдық кеңестің төрағасы қызметіне қол жеткізген. Осы қызметте жүріп ол байларды қорғап, оларды конфиске жөнінде ескерткен, байларды конфискелеу оларды өлімге әкеледі, малды сатып және тығу керек — деген.

Осы қылмыстары үшін Қарамырзаев Жалғасбай, Бұзауов Тобжар және Құттыбаев Сүйінішәлі ОГПУ-дың Қазалы аудандық бөлімшесінің 1931 жылғы 25 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1931 жылдың 29 тамызында шығарылған, онымен аудандық прокурор және ОГПУ Қазалы аудандық бөлімшесінің бастығы келіскен.

Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы Үштіктің 1931 жылғы 23 қарашадағы қаулысымен — Қарамырзаев Жалғасбай, Бұзауов Тобжар, Құттыбаев Сүйінішәлі — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған, мал-мүліктері конфискеленген.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 6 маусымдағы қорытындысымен — Қарамырзаев Жалғасбай, Бұзауов Тобжар, Құттыбаев Сүйінішәлі — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## VI

**ҚАРАМАНОВ** Әбілқара — Қазалы ауданы, № 8 ауылда 1870 жылы туған, кейін осы ауданның № 28 ауылында тұрған, атақты ишан болған, жоғары діни білімі бар, сайлау құқығы жоқ, 1930 жылы астық дайындау жоспарын орындамағаны үшін сотты болған.

**КЕНБАЕВ** Боранбай — № 28 ауылда 1847 жылы туған, темір ұстасы, бұрын болыс және ауылнай болған.

**ҚАРАМАНОВ** Үсен — (туған жылы белгісіз, сонда).

Бұл 2 азаматқа: астық дайындау науқаны кезінде кедейлерді Кеңес үкіметіне қарсы қою және астық дайындау жоспарын бұзу мақсатымен 1931 жылғы 30 қарашада № 28 ауылдың кедейлерін өзіне шақырып алып, «Кеңес үкіметіне астық бермеңдер, онан да астық жерде шірісін, астықты ашу үшін басқа ауылдан келгендерді енді айналып келмейтіндей етіп ұрып соғыңдар» деп үгіттеген, солардың үгітімен бірнеше кедейлер № 19 ауылдан келген кедейлерді соққыға жыққан,— деп ОГПУ Қазалы аудандық бөлімі 1931 жылғы 10 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58-10, 11 бабымен қылмысты іс қозғаған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігінің 1932 жылғы 11 наурыздағы қаулысымен Ә. Қараманов, Б. Кенбаев, Ү. Қарамановты қылмыс құрамы болмағандықтан олардың ісін тоқтатып, өздерін қамаудан босатқан».

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен, Ә. Қараманов, Б. Кенбаев, Ү. Қараманов ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

## VII

**ҚАЛЕТОВ** Медетбай — № 22 ауылда 1873 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған.

**ҚҰРМАНОВ** Сәдуақас — Қазалы қаласында 1874 жылы туған, қамауға алғанға дейін Арал ауданының № 2 ауылында тұрған. Қазалы аудандық ОГПУ бөлімі оларды РСФСР ҚК 58 бабының бірнеше тармақтарымен айыптап, 1931 жылғы сәуір-мамыр айларында қамауға алған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 9 маусымдағы қаулысымен: Қалетов Медетбай — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, Құрманов Сәдуақас — 10 жыл түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облысы прокурорының қарсылығына сәйкес, облыстық сот президиумы 1989 жылғы 17 тамызда оларды толық ақтаған.

## VIII

**СУХАНБЕРДИЕВ** Сейілхан — Қазалы ауданында 1907 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 24 ауылында тұрған, егінші болған.

**БОТАШЕВ** Суханберді — № 24 ауылында 1868 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, егінші болған.

Бұл 2 азаматқа қарсы Қазалы аудандық ОГПУ бөлімі РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтары бойынша қылмысты іс қозғап, қамауға алған, оларды колхоздастыру саясатына қарсы шықты, жеке малдарын ұжымдарға беруден жасырды, құмдарда бас көтерген бандыларға тілеулестік бірдірді деп айыптаған. ОГПУ Сенімді өкілдігінің жанындағы үштіктің 1931 жылғы 7 желтоқсандағы үкімімен жоғарыда аттары аталған 2 азаматтың екеуі де 5 жылдан түрме жазасына сотталған. Облыстық прокурор 1989 жылғы 22 мамырда оларды толық ақтаған.

## IX

**БУКАЕВ** Самұрат — Қазалы ауданында 1850 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 24 ауылында тұрған, егінші болған.

**ҚҰТТЫМҰРАТОВ** Баки — осы ауданда 1898 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 24 ауылында тұрған, егінші болған.

**БЕКЕТОВ** Аплатын — осы ауданда 1889 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 24 ауылында тұрған, егінші болған.

**БИСАЛИЕВ** Шымберген — осы ауданда 1893 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 24 ауылында тұрған, егінші болған.

**САЙЫМОВ** Жамат — осы ауданда 1895 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 24 ауылында тұрған, егінші болған.

Бұл 5 азаматқа қарсы РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтарымен қылмысты іс қозғалып, қамауға алынған. ОГПУ Сенімді өкілі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысы бойынша: Букаев Самұрат, Құттымұратов Баки, Бекетов Аплатын, Бисалиев Шымберген, Сайымов Жамат — қамауда болған уақыты тиісті жазасына жатқызылып, қамаудан босатылған. Облыстық прокурордың 1989 жылғы 22 мамырдағы шешімімен бесеуі де толық ақталған.

## X

**ӨТЕГЕНОВ** Сқақ — Қазалы ауданының № 23 ауылында 1910 жылы туған, руы »Асан-Құрымбай», ірі байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, үйленген, ағалары Бозғұлан, Ерғұлан Өтегеновтер — бай, қарақшы ретінде тұтқынға алынған.

**СЫЗДЫҚОВ** (Садықов) Бауатдин — Қазалы ауданының № 23 ауылында 1901 жылы туған, руы «Асан», беделді ишанның баласы, сауатты, партияда жоқ, үйленбеген.

Өтегенов Сқақ пен Сыздықов Бауатдин 1931 жылдың қазан айында астық дайындау науқаны жүріп жатқан кезде «Жаман — Қостам» деген жерде және «Шанжар» шаруашылық ауылында колхозшылар арасында кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген: «Кеңес өкіметі өзінің колхоздары мен тұрғындарды азаптауда, барлық малын, астығын алып қойып, күштеп жұмыс істеуде, сондықтан ертерек астықты тығып қойып, Ауғанстан жаққа қашу керек, өйтпеген күнде сендер аштан өлесіңдер, ал «Жанкөл» деген жерде астық өседі, ол адамның еңбегінсіз өседі, ол жерде астық дайындау науқаны жоқ, сондықтан колхозды тастап көшу керек»— деп сөз айтқан. Осы үгіттің арқасында «Жаман Қостам» шаруашылық ауылының тұрғындары астықты тығумен айналысқан, 1931 жылдың 5 қарашасында 200 пұт астық тығылған.

Осы жылдың қараша айының екінші жартысында аудандық атқару комитетінің қаулысына қарамай Өтегенов бір жұмыс түйесін сойып, етін астыққа айырбастаған, оны «Жаман Қостам» деген жерде жерге көміп тастаған. 1931 жылдың 2 қыркүйегінде № 23 ауылдың белсенділері Өтегеновтің тығып қойған 8 пұт астығын тауып алып дайындау пунктіне өткізген. Өтегенов белсенділерге кек сақтап сол күні ұзын темірмен каруланып, бұрынғы қарақшылардың 9 әйелін жанына ертіп, өлтірмекші болған.

Осы қылмыстары үшін Өтегенов Сқақ пен Сыздықов Бауатдин Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1931 жылғы 8 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10,11 тамақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі жүргізіліп, айыптау қорытындысы 1932 жылдың наурыз айында Қазалы қаласында шығарылған. Олардың істерін Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің карауына жіберген.

Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі СПО-ның 3 бөлімшесінің 1932 жылғы 11 сәуірдегі қаулысымен Өтегенов пен Сыздықов (Садықов)-тың тергеу ісі, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен айыпталған деп қысқартылып, Өтегенов пен Сыздықов жай элемент ретінде Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі СПО-ның

5 бөлімшесі арқылы арнаулы поселкеге қоныс аударылған.
Қызылорда облыстық прокуроры 1989 жылғы 13 қыркүйектегі қорытындысымен Өтегенов Сқақ пен Сыздықов (Садықов) Бауатдин СССР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

### XI

**СЕЙІЛХАНОВ** Әзілхан — Қазалы ауданының № 16 ауылында 1899 жылы туған, ірі байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін № 16 ауылдың «Дөненбай» колхозының төрағасы болып істеген, үйлі-жайлы.
**ҚАРАБАЛАЕВ** Достанбай — Қазалы ауданының № 16 ауылында 1882 жылы туған, ірі байдың — бидің баласы, әкесі міндетті салығын төлемегені үшін және Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізгені үшін 7 жылға сотталған. Достанбай молдадан дәріс алған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, диқангершілікпен айналысқан, үйлі-жайлы.
Сейілханов Әзілхан мен Қарабалаев Достанбай өздерінің байлық беделдерін пайдаланып, астық дайындау науқанын бұзу және № 16 ауылда колхозды ыдыратып, тарату мақсатында колхозшылар арасында мемлекетке астық тапсыруға ұйымдасқан түрде қарсы тұру және астықты жасыру үшін үгіт жүргізген. Олар 1931 жылдың қазан айының 25 күні «Дөненбай шаруашылық ауылына келіп, колхозшылар арасында ашықтан-ашық үгіт жүргізіп: «сендерді Кеңес өкіметі үгіттеп, сонымен бірге зорлап, тығылған астықты таптырып, мемлекетке өткіздіреді, бірақ сендер бұл үгітке және зорлыққа көнбеңдер, егерде сендер астықты тауып берсеңдер, онда сендерге 1000 пұттан астық салады, сонда сендер аштан өлесіңдер, ал орыстарда астық болады» деген. Содан кейін Сейілханов пен Қарабалаев өздерінің беделдерін пайдаланып колхоз мүшелерінен — Кеңес үкіметіне астықты тапсыру жөнінде, ал егерде қоймай талап етіп жатса Қызылқұмға көшіп кету туралы ант-уәделерін алған.
Сейілханов Әзілхан беделді бай ретінде колхозды ыдырату мақсатымен колхоз төрағасы қызметіне тұрып алып, үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізген: «астықты қамбаға, жерге көміңдер, ал өздерің Қызылқұмға қашыңдар» деп колхозшыларды үгіттеген. Осы үгіттің арқасында «Дөненбай» колхозының мүшелері 900 қап астықты ұрлап, жерге көмген және колхозшылардың 30 үй қожалығы Қызылқұмға қашқан.
Осы қылмыстары үшін Сейілханов Әзілхан мен Қарабалаев Достанбай ОГПУ-дің Қазалы аудандық бөлімшесінің 1931 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны ОГПУ Арал аудандық Оперсекторының бастығы бекіткен, ОГПУ-дің Қазалы аудандық бөлімшесінің бастығы келіскен. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен: Сейілханов Әзілхан мен Қарабалаев Достанбай әрқайсысы 3 жылға концлагерьге сотталған, мал-мүліктері конфискаланған.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 11 тамыздағы қорытындысымен Сейілханов Әзілхан мен Қарабалаев Достанбай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## 1932 жылы

### I

**МАЛАЕВ** Майлыбай — Қармақшы ауданы, № 12 ауылда 1893 жылы туған, бай болған, 1929 жылы мемлекетке ет, астық тапсыру жөніндегі міндетті тапсырманы орындамай, Қызылқұмға қашып кетіп, сондағы «Көк аяз» деген жерде тұрады.
**ӘЛІБАЕВ** Оспан — Қазалы ауданы, № 7 ауылда 1883 жылы туған, бай болған, ауыл старшинасы мен бидің баласы.
**САРЛЫБАЕВ** Әлмен — Қазалы ауданы, № 7 ауылда 1875 жылы туған, 1927 жылдан Ақмырзаның шәкірті болған.
**ТҮМЕШБАЕВ** Қоңыртай — № 7 ауылда 1906 жылы туған, бай болған, 1929 жылы мемлекетке ет, астық тапсыру жөніндегі міндетті тапсырманы орындамай, Қызылқұмға қашып кетеді, Бетегелік деген құм қойнауына барып паналаған.
**МЕДЕУОВ** Ақылбек — Қармақшы ауданының № 10 ауылында 1892 жылы туған, бай, саудегер болған.
**ҚҰБАНОВ** Қайып — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1883 жылы туған, 1929 жылы мемлекетке ет, астық тапсыру жөніндегі міндетті тапсырманы орындамай, Қызылқұмға қашып кеткен, сондағы Жаңадария деген жерге барып паналаған.
**МЕҢДІҚАРАЕВ** Қожанияз — Қазалы ауданы, № ауылда 1866 жылы туған, 1928 жылдан Ақмырзаның шәкірті болған.
**БҰХАРБАЕВ** Көпберген — Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1906 жылы туған, 1929 жылы мемлекетке ет, астық тапсыру жөніндегі міндетті тапсырманы орындамай, Қызылқұмға қашып кеткен.
**ҚЫЛЫШБАЕВ** Бекжан — Қармақшы ауданының № 16 ауылында 1907 жылы туған, бай, атқа мінер болған. **ЖӘЛМЕНОВ** Омар — Қазалы ауданы, № 7 ауылда 1877 жылы туған, 1928 жылдан Ақмырзаның шәкірті болған.
**МАСАҚБАЕВ** Абат — Қармақшы ауданы, № 16 ауылда 1890 жылы туған, ірі бай болған, 1929 жылы тәркілеуден және мемлекетке ет, астық тапсыру жөніндегі міндетті тапсырманы орындамай, Тамды ауданына қашып кеткен.
**ОМАРОВ** Рәш — Қазалы ауданы, № 7 ауылда 1907 жылы туған, Ақмырзаның шәкірті болған.
Бұл 12 азаматтың барлығы да Ақмырза қарақшыларының көтерілісіне қатысып, оларды азық-

түлікпен, қарумен, көлікпен жәрдемдесіп отырған, ауыл-селоларды тонауға, коммунистік отрядтарға қарсы ұрысқа белсенді қатысқан, өзгелерді қарақшылар қатарына қосылуға үгіт жүргізген, Ақмырза қарақшылары талқандалғаннан кейін Өзбекстанға қашып кетіп, одан Тамды ауданының № 6 ауылына барып орналасқан,— деген айыптар тағылып, Қазалы ауданының ОГПУ бөлімінің жедел тобының 1932 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58-2 бабымен қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ Қазалы аудандық бөлімінің 1932 шілдедегі қаулысымен: Малаев М., Әлібаев О., Сарлыбаев Ә., Түмешбаев К., Медеуов А., Құбанов Қ., Меңдіқараев К., Бұхарбаев К., Қылышбаев Б., Жәлменов О., Масақбаев А., Омаров Р.— әрекеттерінде қылмыс белгісі болмағандықтан, істері қысқартылып, тұтқыннан босатылған. Олар түрмеде 4 ай 12 күннен отырып шыққан.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен, бұлардың барлығы да ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде ақталған.

II

**ҚАЛМҰРЗАЕВ** Түлымшақ — Қазалы ауданының № 25 ауылында 1893 жылы туған, ірі бай баласы, шала сауатты, БКП(б) мүшесіне кандидат, № 25 ауылдағы сельпосының төрағасы, ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған.

**РЫСҚҰЛОВ** Рахмет — Қазалы ауданының № 25 ауылында 1901 жылы туған, саудагер баласы, партияда жоқ, сауатты, ауылдық кеңестің хатшысы болып жұмыс істеген.

**БҰХАРБАЕВ** Бұрхан — Қазалы ауданының № 25 ауылында 1893 жылы туған, бай баласы, ауыл старшинасы, атқамінер болған, 1930 жылға дейін саудамен айналысқан, колхоздың гуртоправы болып жұмыс істеген.

**ДОМБАЕВ** Балымбет — Қазалы ауданының № 25 ауылында 1894 жылы туған, әкесі бай және сот, атқамінер болған, сауаты бар, колхоз төрағасы болып қызмет атқарған, колхоз малын талан-таражға салғаны үшін 1 жылға сотталған.

Бұларға тағылған айып — Асан басқарған контрреволюциялық көтеріліске қатысып, жұртшылық арасында осы көтеріліске қатысуға коммунистік отрядтарға қарсы күресуге үгіт жүргізген, өздері де қолына қару алып коммунистік отрядтарға қарсы ұрысқа шыққан, 1931 жылдың қыркүйек айында астық дайындау науқаны басталған кезде бұлар колхоздың астығын талан-таражға салып, өздері пайдаланып, колхозға зиянкестік жасаған, ауылдағы байларды қорғап, олардың мал-мүлкін конфискелеуден құтқарып, қашуына ықпал жасаған. Колхоздың етке тапсырған 400 бас малына алынған өндірістік тауарларды өзара бөлісіп алған. Олар атқа мініп алып ауыл-ауылды аралап Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген,— деп АРАЛ аудандық НКВД бөлімінің 1932 жылғы 11 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақстандағы ОГПУ-дың Әскери Сот Коллегиясының 1932 жылғы 28 наурыздағы қаулысымен — Қалмұрзаев Түлымшақ пен Рысқұлов Рахмет әрқайсысы 5 жылға концлагерьге сотталған, Бұхарбаев Бұрхан мен Домбаев Балымбет әрқайсысы 3 жылға концлагерьге сотталған.

Қызылорда облыстық КГБ Басқармасы Тергеу бөлімшесінің 1957 жылғы 17 мамырдағы қорытындысымен айыпкерлер Қалмұрзаев Түлымшақ, Бұхарбаев Бұрхан, Рысқұлов Рахмет, Домбаев Балымбеттің архивтік тергеу ісі РСФСР УПК-ның 4 бабының 5 тармағына сәйкес олардың әрекеттерінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан мүлдем қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 29.05.97 жылғы қортындысымен Қалмұрзаев Т. Бұхарбаев Б. Рысқұлов Р. Домбаев Б.— Қазақстан Республикасының 14.04.1993 жылғы Заңының негізінде толық ақталған.

III



**ТАСҚАРАЕВ** Бәймен — Қазалы ауданының № 6 ауылы, «Қарақ»— деген жерде 1873 жылы туған, руы «Шөмекей»—«Дүйсек», Қарақалпақстанда (діни) 3 жыл діни оқу оқыған, «Ерімбет» мешітінде — молда, сопы, бай болған, Ақмырза қарақшыларының көтерілісі кезінде оның сарбаздарын қасиетті құранмен шығарып салу ролін атқарған, үйлі-жайлы.

**ТІЛЕНШИЕВ** Ақшақ — Қазалы ауданының № 7 ауылында 1862 жылы туған, руы «Шөмекей — Дүйсек», «Қарақ» деген жерде тұрақты тұрған, бай сопы болған, сауатсыз, партияда жоқ, қарақшылар көтеріліс басшыларының бірі, көтерілістің жоспарларын жасауға қатысқан, қарақшылар мәжілістің мүшесі ретінде «Шортан мешіті» деген жерде қарақшылардың екі мәжілісіне қатысып, «қай кезде болса да өзімнің руыммен большевиктерге қарсы тұруға дайынмын»— деген мәжілістен кейін өзінің баласы — Әбдібайды қарақшылардың сарбаздарына қосып, баласымен бірге қызылдарға қарсы ұрыстарға қатысқан, үйлі-жайлы.



**ТЫРАНОВ** Мырзабек — Қазалы ауданының № 7 ауылында 1863 жылы туған, руы «Шөмекей-Дүйсек», «Қарақ» деген жерде тұрақты тұрған, патша



тұсында ауыл старшинасы, бай, молда, имам болған, партияда жоқ, «Ақмырза» ишанның мүриді, қарақшылар мәжілісінің мүшесі ретінде «Шортан мешіті» деген жерде 1930 жылғы 17 наурызда болған мәжілісте: «Әскерлерімізді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін кеңестердің кооператив бірлестіктердің барлық мүлкін, ақшасын тартып алуымыз керек»— деген. «Ақ-тайлақ» және «Қарақ»-тағы селполарды тонауға қатысып, тонаған заттарды бөлісу кезінде ол 21 пұт бидай алған, үйлі-жайлы, екі әйел алған.



**ТОЛЫБЕКОВ** Нұрымбет — Қазалы ауданының № 7 ауылында 1862 жылы туған, руы «Шөмекей-Дүйсек», бай, патша тұсында ауыл старшинасы болған, сауатсыз, партияда жоқ, қарақшылардың «Шортан мешітіндегі» мәжілісіне, 1930 жылғы қарулы көтерілісіне қатысқан, қарақшыларға көмек ретінде өзінің баласы Жылқыбайды берген, үйлі-жайлы.

**ЕЛУБАЕВ** Қазыма — Қазалы ауданының № 6 ауылында 1888 жылы туған, руы «Шөмекей қожа», әкесі ишан болған, «Қарақ» деген жерде мешіт ұстаған, өзі Қарақалпақстанда діни оқу оқып, бастауыш діни білім алған, әкесі өлгеннен кейін 1930 жылға дейін мешітке имам болған, Ақмырза қарақшыларына көмек ретінде бір сиыр берген, екі әйел алған, 4 баласы бар.





**ҚОҚАНБАЕВ** Қабыл — Қазалы ауданының № 7 ауылында 1895 жылы туған, руы «Шөмекей-шыбынтай», молда, саудагер болған, 2 жыл Бұғыбай ишанда оқыған, партияда жоқ, «Қарақ» деген жерде тұрақты тұрған, ком. отрядтарға қарсы ұрысқа қатысқан, үйлі-жайлы.

**ТОҚАНАЕВ** Шерімбет — Қазалы ауданының № 7



ауылында 1886 жылы туған, руы «Шөмекей», «Қарақ» деген жерде тұрақты тұрған, Ақмырза ишанның қолында діни оқу оқыған, бай молда болған, Тосов Ақмырза ханның көмекшісі ретінде барлық қарақшылар отрядын басқарған, оның тікелей басшылығымен «Ақ-тайлақ» және «қараке» селосын тонаған, ұрыстан қашқалақтаған кедейлерді қуғынға ұшыратқан, ОГПУ-дың өкілдері Пірімбетов пен Арызбаевты тұтқынға алып, Ақмырзадан оларды өлтіруді талап еткен, 1931 жылы ПП ОГПУ-дың жанындағы үштіктің қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған, кейін тұтқыннан босатылған.



**АЛДАБЕРГЕНОВ** Сүлеймен — Қазалы ауданының № 6 ауылында 1892 жылы туған, руы «шөмекей-қошқаралы», «Кеңтоп» деген жерде тұрақты тұрған, бай, молда, Ақмырзаның шәкірті болған, партияда жоқ, қолына қару алып қарақшылардың көтерілісіне белсене қатысқан, қарақшыларға материалдық көмек ретінде 40 қой берген, үйлі-жайлы.



**НҰРЫМБЕТОВ** Жылқыбай — Қазалы ауданының № 7 ауылында 1905 жылы туған, руы «Шөмекей-Дүйсек», әкесі патша тұсында ауыл старшинасы, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, аңшы болған, қолына қару алып қарақшылардың көтерілісіне қатысқан, үйленген.



**ҚИЛЫБАЕВ** Әбілжан — Қазалы ауданының № 6 ауылында «Кеңтүп» деген жерде 1889 жылы туған, руы «шөмекей-қошқаралы», сауаты бар, партияда жоқ, үйленген, молда-имам болған, қолына қару алып ком. отрядтарға қарсы қарақшылар көтерілісіне белсене қатысқан, қарақшылардың пайдасына өзінің барлық малын берген, үйлі-жайлы.

**ПІРІМБЕТОВ** Тәукебай — Қазалы ауданының № 6 ауылында 1872 жылы туған, руы «шөмекей-торыбай», «қарақ» деген жерде тұрақты тұрған, бай, молда имам болған, Ақмырзаның шәкірті, партияда жоқ, үйленген, мешіт ұстаған, қолына қару алып әйелімен бірге Ақмырза қарақшыларының қарулы көтерілісіне қатысқан, әйелі сол ұрыста қаза тапқан, қарақшылар көтерілісі талқандалып жойылғаннан кейін ол Өзбекстанға қашып кеткен.



**КӨТІБАРОВ** Ыбырай — Қазалы ауданының № 8 ауылында 1865 жылы туған, руы «шөмекей-қаратамыр», «қарақ» деген жерде тұрақты тұрған, Қарақалпақстанда діни оқу оқыған, бай, имам, молда болған, мешіт ұстаған, партияда жоқ, үйлі-жайлы, қарақшылардың пайдасына өзінің муридтері (шәкірттері) Ықыласов, Бектұров Самұратты берген — бұлар қуғын-сүргінге ұшырағандар, үйлі-жайлы.



**ТІЛЕУБАЕВ** Байтық — Қазалы ауданының № 7 ауылында 1877 жылы туған, руы «шөмекей-шыбынтай», «қарақ» деген жерде тұрақты тұрған, Қарақалпақстанда 3 жыл Серікбай ишанда діни оқу оқыған, партияда жоқ, үйленген, бай, молда имам болған, қызылдарға қарсы ұрысқа қатысқан, үйлі-жайлы.



**ЕЛЕУОВ** Тәуекел — Қазалы ауданының № 6 ауылында 1882 жылы туған, руы «шөмекей-тоқа», «қарақ» деген жерде тұрақты тұрған, сауатсыз, партияда жоқ, үйлі-жайлы, малшы, әкесі молда қажы, меккеге барған, өзі бай сопы болған, қарақшылардың көтерілісіне қатысқан, үйлі-жайлы.



**ҰЗАҚОВ** Сапақ — Қазалы ауданының № 6 ауылында 1872 жылы туған, руы «шөмекей-қошқаралы», болыстың баласы. «Кеңтүп» деген жерде тұрған, Ақмырза ишанның мүриді болған, партияда жоқ, үйлі-жайлы, РСФСР ҚК-ның бабымен тергеуде болған, қарақшылардың қатарында «Ақ-тайлақ» селпосын тонауға қатысып, «қарақ» деген жерден екі түйеге артып бидай әкелген, үйлі-жайлы.



**ҚИТЫМАНОВ** Байжан (Байтана)— Аламесек ауданының № 5 ауылында 1883 жылы туған, руы «шөмекей-Тоқа», «жидетоғай» деген жерде тұрған, малшы, сауатты, партияда жоқ, үйлі-жанды, 1927 жылы Қазалы ауданының № 6 ауылына көшіп келген, бұрын бай, ауыл старшинасы болған, 1930 жылы Қарақшылар көтерілісі кезінде Қызылқұмда Батықалық деген жерде тұрған, Қарақшылардың пайдасына бір жылқы, 12 қой берген, үйлі-жайлы.



Жоғарыда көрсетілген қарақшылар элементі көтеріліс талқандалып жойылғаннан кейін Қызылқұмға тығылып, колхоз қозғалысы қызған кезде көшпенділерді тұрақтандыру туралы Қазақстанның Декретіне байланысты бұл байлар бір контрреволюциялық ұйымға топтасып, колхозды ыдырату, Қызылқұмдағы тұрғындарды тұрақты жерге қоныстануын бұзу жұмыстарын жүргізген, колхоз малы мен мүлкін талан-таражға салуды басқарған, шаруашылық-саяси науқанды бұзу бағытында контрреволюциялық үгіт жүргізген.

Барлық осы жұмысты олар діни наныммен, көпшілікті алдау-арбау жолымен жүргізген, жабылып қалған барлық мешіттерді қайта ашып, діни топ құрған, оған колхоз тұрғындарын тартқан.

1932 жылдың ақпан айының аяғында Тасқараев Бәймен молданың басшылығымен «қарақ», «Тарбай мешіті» деген жерде ақсақалдар мәжілісі шақырылып, оған Көтібаров Ыбырай, Тілеубаев Байтық, Қондыбаев Қабыл, Тыранов Мырзабек, Елубаев Қасым, Толыбаев Нұрымбет қатысқан, онда Қызылқұм тұрғындарын тұрақтандыру жеріне жібермеу мәселесі талқыланған және осы мәжілістің қаулысымен тұрғындар арасында мынандай үгіттер жүргізуге келіскен: «үкімет бізді қалаға тұрақтандырып, біздің барлық малымызды тартып алып, бізді коммунист болуға күштейді, сондықтан біз ол жаққа көшпеуіміз керек, бізге Қызылқұмда ескі үкімет келгенше тұра тұруымыз керек, ол үшін діни община құрып, мешіттерді ашып, тұрғындарды осы жерде ұстап тұруымыз керек».

Жеке ауылдар бойынша бұл жұмыстарды жүргізу үшін — Көтібаров Ыбырайым молданы № 8 ауылға, Елубаев Қазым ишанды № 6 ауылға бөлген, және «қарақ», «Ақарал» деген жердегі барлық мешітті ашуға шешім алған.

Мәжілістің осы шешімін жүзеге асыру мақсатында Тасқараев Бәймен «Тарбай» және «Ерімбет» мешіттерін ашқан.

1932 жылғы 5 мамырда «Төлеген-Қатын Там» деген жерде Тасқараев Бәймен, Толымбетов Нұрымбет, Нұрымбетов Жылқыбай, Тілеубаев Байтық, Тыранов Мырзабек колхозшыларды жиып алып: «қарақ» деген жердегі барлық әулие орындарға барып түнеп, әулиелерден кеңес үкіметінің тезірек құлауын өтініп жалбарыну керек»— деп үгіт жүргізген. Осыдан кейін «қарақ» деген жердегі барлық әулиелердің басына Тыранов Мырзабек, Тілеубаев Байтықты, Қоқанбаев Қабылды жіберген, олар әулиелерден қайтып келіп, № 6 7, 8, 9 ауылдарға барып тұрғындар арасында провакациялық лақаптар таратқан: «Біз Ақмырза ишанның бейітінде қонып, түс көрдік, Ақмырза атқа мініп келіп бізге былай деді: менің сүйікті балаларым, күйінбеңдер, жыламаңдар, мен сендердің өтініштеріңді орындаймын, жақын арада кеңес үкіметі құлайды».

Бұдан кейін маусым айының басында ақсақалдар: Тасқараев, Тілеубаев, Көтібаров, Тыранов, Қоқанбаев, Елубаев, Толыбеков, Нұрымбетов, Елеуов ауылдың тұрғындарын «Ақ-Арал» деген жерде жинап алып Ақмырзаға бір жылқы сойып Құдайы жолын берген, олар сол жерде: «Ақмырзаның хандығы жақын арада қайта орнайды, әзірше біз Қызылқұмнан басқа жаққа кетпейміз»— деп үгіт жүргізген. Бұл жаңалықты тарату мақсатында бұрын Өзбекстанға көшіп кеткен. Қазалылықтарға Қоқанбаев Қабыл молданы жіберген.

Қитыманов Байжан «Қаражыңғыл» колхозының төрағасы ретінде «Ақарал» деген жерге колхозшыларға ВКП (б) Орталық комитетімен ССР Халық Комиссарлар Кеңесі «Колхоздарда малдарды қоғамдастыруға көндіру туралы» (принудительном обобществлении скота в колхозах)» қаулысын түсіндіруге мамыр айында жіберілген. Қитыманов бұл қаулыны колхозшыларға бұрмалап керінше түсіндірген: ... бұл қаулы бойынша енді колхоздар болмайды, малдар бұрынғы егелеріне қайтарылып беріледі, мен осы жаңалықты хабарлауға келдім»— деген.

Бұл контрреволюциялық ұйымын барлық мүшелері ауылдарда кеңес үкіметінің шараларына қарсы үнемі үгіт жүргізген. «Каратеңге» колхозы бойынша 102 пұт тары егілмей қалған, «Ынталы», «Түп-бөгет» колхоздарында колхоз малдары мен мүлкін талан-таражға салған.

Бұл соңғы 19 шілдеде «Ақ арал» деген жерде Тұнғатаров Жетпісбай деген саудагердің үйінде мәжіліс ашып, Қызылқұмның түпкіріне кету, колхоздың барлық малын айдап кету, көшпеймін деушілерді қатты жазалау, кедергі жасаушы өкімет өкілдерін ұру, өлтіру жазасын қолдану, көшуді ру-ру бойынша жүргізу мәселелері талқыланған. «Дүйсек», «Шыбынтай» рулары бойынша — Тұнғатаров Жетпісбай мен Дүйсенов Кенжеғұл мен Тіленшиев Ақпышақ, «Қабай», «Тоқ» руларына Елубаев Қасым, Елеуов Таукей, «Балқы», «Ақбалқы» руына Көтібаров Ыбырай, Жабыраев Базарбай, «Дүйсек», «Шыбынтай», «Қошқаралы» руларына Мүшінов Кенжебайға жүктелген, бұл жұмыстарды Үбенов Ібірәгіммен және Алдабергенов Сүлейменмен байланыстырып отыру тапсырылған. Сол жылғы 28 тамызда № 6, 7, 8 ауылдардың Өзбекстанға 80 үй-қожалық көшіп кеткен, олар колхоздың 47 түйесін, 30 жылқысын айдап кеткен және «қарақ» колхозының төрағасы Есбергенов Рыспанды соққыға жыққан.

Бұл топтар осы контрреволюциялық ұйым басшылығымен шілде айынан бастап «Ақ-арал», «қарақ», «кеңтүп» жерінің колхозшыларының 970 үй-қожалығы көшіп кеткен, олар өздерімен бірге колхоздың 620 бас түйесімен, 400 бас жылқыны айдап кеткен.

Контрреволюциялық ұйым мүшелері Қоқанбаев Қабылды «Ақ Арал» елді мекеніне жолдамамен жіберген, ол тұрғындар арасында: «Өзбекстандағы Қазалылық «Жолай», «Төртбай» руларын аралап шықтым, олар өте жақсы тұрады екен, ол жақта колхоз деген жоқ, бізде сол жаққа қоныс аударуымыз керек»— деп үгіт жүргізген.

Сонымен бірге контрреволюциялық ұйымның мүшелері 1910 жылы туған жастарды әскер қатарына алу жұмысына кедергі жасап, зиянкестік жұмыстар жүргізген. Соның салдарынан «Ақ Арал» елді мекеніндегі 1910 жылы туған 20 жас әскер қатарына барудан бас тартқан.

Өзбекстанға 1930 жылы қашып кеткен Пірімбетов Тәукебай — қарақшылар қозғалысының басқарушысы ретінде сол жылғы 25 қыркүйекте жасырын түрде «қарақ» елді мекеніне келіп, «Төртбай» рулары колхозшыларының арасында: «Өзбекстандағы «қарыш», «Зар-Бүлке» елді мекенінде тұратын біздің «Төртбай» руы өте жақсы тұрады, ол жақта ашық сауда өркендеген сол жаққа қоныс аудару керек, мен сендерді алып кетуге келдім»— деп үгіт жүргізген.

Тоқанаев Шерімбет Қызылорда түрмесінен қамаудан босанғаннан кейін Қызылқұмда жүріп тұрғандар арасында кеңес үкіметіне қарсы күреске шақырған. «Сендер құдай үшін емес, большевиктер үшін еңбек етіп жүрсіңдер, сондықтан да сендердің астықтарың шықпайды, колхоз үшін егін екпеңдер, онанда Қызылқұмға көшіңдер, өйткені жақын арада кеңес үкіметі болмайды, «Ақмырзаның» хандығы болады, «Ақмырза» өлгенімен оның думаны, өсиеттері жақын арада жүзеге асады, оның кеңес үкіметіне қарсы күресу керек деген өсиетін біз орындауымыз керек»— деп үгіт жүргізген.

Алдабергенов Сүлеймен, Қилыбаев Әбілжан, Ұзақов Сапақ, «қарақ» контрреволюциялық ұйымымен байланыс жасап, жер аударылған бай Мүшенов арқылы «Кеңтүп» елді мекеніндегі «Қашқаралы», «Тақ» руларын Өзбекстанға көшіру туралы жұмыс жүргізіп, солардың басшылығымен 10 үй-қожалығы Өзбекстанға көшіп кеткен. Соны-

мен бірге, Алдабергенов Сүлеймен колхоздың малын талан-таражға салумен айналысқан, ол тамыз айының аяғында колхоздың бір биесін ұрлап сатып жіберген.
Осы қылмыстары үшін олар (барлығы 16 адам) Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің Қазалы аудандық бөлімшесінің 1932 жылғы 17 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 59 бабының 3 тармағымен және 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.
Тергеу ісімен айыптау қорытындысын Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың жанындағы үштіктің карауына жіберілген.
Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың жанындағы үштіктің 1933 жылғы 12 қаңтардағы қаулысымен: Тоқанаев Шерімбет, Тасқараев Бәймен, Алдабергенов Сүлеймен, Тіленшиев Ақшақ, Қилыбаев Әбілжар — барлығы ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған, жеке мүліктері конфискеленген;
Қоқанбаев Қабыл, Елубаев Қазым, Қитыманов Бәйтен — әрқайсысына 10 жылға концлагерьге сотталған, жеке мүліктері конфискеленген;
Нұрымбетов Жылқыбай, Тілеубаев Байтақ — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге сотталған, жеке мүліктері конфискеленген;
Тыранов Мырзабек, Ұзақов Сапақ, Толыбеков Нұрымбет, Елеуов Тәуекел, Пірімбетов Тәукебай, Көтібаров Ыбырай — әрқайсысы ПП ОГПУ арқылы Қазақстанның шет облысына 5 жылға жер аударуға сотталған, жеке мүліктері конфискеленген;
ОГПУ сот коллегиясының 1933 жылғы 22 сәуірдегі қаулысымен: Тоқанаев Шерімбет, Тасқараев Бәймен, Алдабергенов Сүлеймен, Қилыбаев Әбілжан — әрқайсысы 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған;
Тіленшиев Ақшақ — 10 жылға еңбек түзету лагеріне сотталғаны ПП ОГПУ арқылы Қазақстанға сол мерзімде жер аударумен өзгертілген.
ОГПУ сот коллегиясының 1933 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен:
Қоқанбаев Қабыш, Елубаев Қазым — әрқайсысы 8 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған;
Нұрымбетов Жылқыбай, Тілеубаев Байтақ — әрқайсысы 5 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған;
Елеуов Тәуекел — 5 жылға еңбек түзету лагеріне — арнайы поселкеге жіберуге сотталған;
Қитыманов Байжан — 3 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған;
Тыранов Мырзабек, Ұзақов Сапақ, Толыбеков Нұрымбет, Пірімбетов Тәукебай, Көтібаров Ыбырай — олардың алдын-ала отырғандарын айып мерзіміне жатқызып қамаудан босатылған.
Тоқанаев Шерімбет, Тасқараев Бәймен, Алдабергенов Сүлеймен, Қилыбаев Әбілжан 1993 жылғы 29 сәуірде ОГПУ-дың Карлагына айдалған.
Қоқанбаев Қабыл, Елубаев Қазым, Нұрымбетов Жылқыбай, Елеуов Байтық, Қитыманов Байжан — 1933 жылдың 20 маусымында ОГПУ-дың Карлағына айдалған.
Елеуов Тәуекел және Тілеубаев Байтық — Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың 1933 жылғы 29 қазандағы қатынасы бойынша — Қызылорданың еңбек түзету колониясында қайтыс болған.
Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 2 қарашадағы қорытындысымен: Тасқараев Бәймен, Алдабергенов Сүлеймен, Қилыбаев Әбілжан, Тіленшиев Ақшақ, Қоқанбаев Қабыл, Елубаев Қазым, Нұрымбетов Жылқыбай, Тілеубаев Байтық, Елеуов Тәуекел, Қитыманов Байтан, Тыранов Мырзабек, Тоқанаев Шерімбет, Ұзақов Сапақ, Толыбеков Нұрымбет, Көтібаров Ыбырай, Пірімбетов Тәукебай — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

## IV

**СИЯЕВ** Төлеген — Қазалы ауданының № 20 ауылында, «Сиындық-Шығалы» деген жерде 1888 жылы туған, руы Асан Кишубай, әкесі молдаимам болған, мешіт ұстаған, өзі саудамен айналысқан, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, үйлі-жайлы.
**ӨТЕЕВ** Дабыл — Қазалы ауданының № 20 ауылы, «Сарытөбе» деген жерде 1886 жылы туған, руы Асан-Кишубай, әкесі би, сот болған, өзі 1926 жылға дейін бай болып, 2 жалшы ұстаған, 1928 жылы дауыс беру құқығынан айырылған, колхозшы, сауатсыз, партияда жоқ, үйлі-жайлы.
СИЯЕВ Төлеген мен Өтеев Дабыл Кеңес өкіметіне қарсы жат пиғылдағы элементтер ретінде, 1930 жылдың тамыз айында Кеңес өкіметіне қарсы қарақшылар ұйымдастыру жөнінде жұмыстар жүргізген, тұрғындар арасында көтеріліске шығу үшін үгіт жүргізген және қарақшыларды қару-жарақпен, оқ-дәрімен тікелей қамтамасыз еткен. 1931 жылы астық дайындау кезінде олар астық дайындауға қарсылық көрсетуді ұйымдастырып, тұрғындарды астықты талан-таражға салуға үгіттеген. Соның салдарынан № 20 ауылда колхоздың барлық астығы талан-таражға түскен. Сөйтіп астық дайындау жоспары орындалмай қалған. Оған мына жағдайлар дәлел бола алады:
1930 жылдың тамыз айының аяғында «Шағырлы» деген жерде Өтеев Дабыл мен Сияев Төлеген Дабылдың үйінде мәжіліс өткізіп, оған Асан қарақшыларының № 22 ауылдағы басшысы (кейін ұсталып кеткен) Өмірбеков Мұстафаны шақырып, үшеуі бірігіп көтерілістің жоспарын жасаған. Бұл көтеріліске № 20 ауылдың барлық тұрғындарын тартпақшы болған. Бұл мәжілісте Өтеев Дабыл: «сендер ең қасиетті істі бастадыңдар, біз сендерге қару-жарақпен, оқ-дәрімен және адам күшімен жәрдем береміз, қайткен күнде де коммунистерді құрту керек, біз күрес басталған күні бірге боламыз деп уәде береміз» деген. Осы мәжілісте Сияев Төлеген: «Менде орыстың 250 патроны мен винтовкасы бар, мен оны Өмірбеков Мұстафаға сыйға беремін. Ал мен өзіме тағы да тауып аламын. Ұрыс басталған күні мен сендерге жетемін. Мемлекетке астық тапсыруды қазірден бастап тоқтату керек» деген.
Мәжілістен кейін Сияев Төлеген қарақшылар басшысы Өмірбеков Мұстафаға орыстың 250 пат-

роны мен винтовкасын берген. Сияевтің Өмірбековке винтовканы беріп тұрған кезінде кедей-батрақ Божбұлов Елемес тұрған, оған Сияев Төлеген: «сен ешкімге айтушы болма, Асан руы кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске шығайын деп жатыр, сен бізбен бірге жүр, бәрібір сен Кеңес өкіметімен бірге өмір сүре алмайсың» деген. Ұрыс басталған күні Сияев Төлеген мен Өтеев Дабыл қарақшыларға қосылу мақсатымен жолға шыққан, бірақ қарақшылардың тез жойылуына байланысты олар қарақшыларға қосыла алмаған. 1931 жылы астық дайындау кезінде Өтеев Дабыл мен Сияев Төлеген колхозшылар арасында астықты талан-таражға салып, оны мемлекетке өткізбеу туралы үгіт жүргізген, сол үшін тамыз айында «Сағындық» деген жерде астық жинау кезінде Сияев Төлеген колхозшыларға: «колхоз — мемлекет үшін, астық та — сол үшін, сендер аштан өлесіңдер, астықты тығу керек» деген. Қыркүйек айының басында күріш орағы кезінде Өтеев Дабыл колхозшылар арасында: «Уәкілге бізде астық жоқ деп айтыңдар, барлық астықты тығыңдар» деп үгіт жүргізген. Соның салдарынан № 20 ауылда колхоздың барлық астығы талан-таражға түскен, қамбаларға тығылған, сөйтіп астық дайындау жоспары 50 процентке ғана орындалған. Сияев Төлеген тұтқынға алынған кезде оның үйінен Жапонияның 253 патроны мен винтовкасы табылған.

Осы қылмыстары үшін Сияев Төлеген мен Өтеев Дабыл Қазалы аудандық ОГПУ бөлімшесінің 1932 жылғы 8 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, онымен Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігінің СПО-сы және прокуроры 1932 жылғы наурыз айының 4 күнгі қорытындысы бойынша келіскен.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен Сияев Төлеген мен Өтеев Дабыл әрқайсысы 10 жылғы концлагерьге сотталған, екеуінің де мал-мүлкі конфискаланған.

Сияев Төлеген мен Өтеев Дабыл сотталғаннан кейін Қазақстан Сенімді өкілдігі УСО бөлімінің 1932 жылғы 9 наурыздағы № 1703/3130 санды қаулысымен Ташкент қаласындағы Орта Азия ОГПУ ИТЛ-на айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 20 қарашадағы қорытындысымен Сияев Төлеген мен Өтеев Дабыл СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## 1933 жылы

### I

**ТИЯНШАЕВ** Ақшақ — аудан территориясында 1852 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, бай болған.

**ТОҚАНОВ** Шерімбет —№ 7 ауылда 1886 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, малшы болған.

**ҚОҚАНБАЕВ** Қабыл —№ 7 ауылда 1896 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, молда болған.

**ЕЛУБАЕВ** Қасым —№ 6 ауылда 1888 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, бай болған.

**НҰРЫМБЕТОВ** Жылқыбай —№ 7 ауылда 1892 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, бай болған.

**ТІЛЕУБАЕВ** Байтық —№ 7 ауылда 1877 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, молда болған.

**ЕЛЕУОВ** Тәуекел — № 6 ауылда 1882 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, бай болған.

**ҚИТМАНОВ** Бәйтен —№ 6 ауылда 1883 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, кедей шаруа болған.

**ТІРЕНОВ** Мырзабек —№ 6 ауылда 1863 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, молда болған.

**ОБАҚАЕВ** Сапақ — № 6 ауылда 1873 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, ишан болған.

**ТОЛЫБЕКОВ** Нұрымбет —№ 7 ауылда 1867 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, бай болған.

**КӨТІБАРОВ** Ыбырай —№ 8 ауылда 1872 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, бай болған.

**ПІРІМБЕТОВ** Тәукебай № 6 ауылда 1872 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, бай болған.

Қазалы аудандық ОГПУ бөлімі бұл 13 азаматқа қарсы РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғап, қамауға алған, оларды колхоздасу саясатына қарсы шықты, жеке малдарын ұжымдасуға беруден жасырды, үкімет әскерлеріне қарсы шыққан бандыларға тілеулестік білдірді, көмек көрсетті деп айыпталған. ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен: Тияншаев Ақшақ, Тоқанов Шерімбет әрқайсысы 10 жылға сотталып, жер аударуға, Қоқанбаев Қабыл, Елубаев Қасым әрқайсысы 8 жылға, Нұрымбетов Жылқыбай, Тілеубаев Байтық, Елеуов Тәуекел — әрқайсысы 5 жылға, Китманов Бәйтен —3 жылға түрме жазасына сотталған, Тіренов Мырзабек, Обақаев Сапақ, Толыбеков Нұрымбет, Көтібаров Ыбырай, Пірімбетов Тәукебай — қамауға болған мерзімі айып уақытына жатқызылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурор 1989 жылғы 2 қарашада бұл он төрт азаматтың архивтік құжаттарын қайта қарап, олардың әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, толық ақтаған.

### II

**ТАСҚАРАЕВ** Бәймен — № 7 ауылда 1873 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, молда болған.

**АЛДАБЕРГЕНОВ** Сүлеймен —№ 6 ауылда 1892 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, мола болған.
**ҚИЛЫБАЕВ** Әбілжан —№ 6 ауылда 1889 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, бай болған.
Бұл 3 азаматқа қарсы Қазалы аудандық ОГПУ бөлімі қылмыстық іс қозғап, олардың жұртшылық арасында Совет өкіметіне қарсы насихаттық үгіт жүргізіп жүр деп қамауға алған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 22 сәуірдегі қаулысымен: Тасқараев Бәймен, Алдабергенов Сүлеймен, Қилыбаев Әбілжан — әрқайсысы 10 жылдан түрме жазасына сотталған.
Қызылорда облысының прокуроры 1989 жылғы 2 қарашада олардың архивтік құжаттарын қайта қарап, әрекеттерінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, үшеуін де толық ақтаған.

III

**КҮСЕКБАЕВ** (Құсақбаев) Сүлеймен — Қазалы ауданының № 4 ауылында 1894 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, № 4 ауылдық кеңес төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
**КОЖАМБЕРДИЕВ** Қыдырмәмбет — № 4 ауылдың «Сарыкөл» деген жерінде 1893 жылы туған, 1927 жылға дейін саудамен айналысқан, шала сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
**ДІЛІМБЕТОВ** Шапия (Шапай) — № 4 ауылда 1898 жылы туған, 1929 жылға дейін саудамен айналысқан, сауатты, партияда жоқ, № 4 ауылдағы сельпода приказчик болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
**ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ** Жақсыбай —№ 4 ауылда 1903 жылы туған, ауыл старшинасының баласы, сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозының төрағасы, ауылдық кеңес хатшысы болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
№ 4 ауылдық кеңес және колхоз аппаратына тап жауларының элементтері кіріп кеткен, өздерінің үйымдасқан әрекеттерімен жасырын жиындар өткізіп, тұрғындарды Қарақалпақстанға көшіруге үгіттеген, партия мен үкіметтің ауылда жүргізіліп жатқан шараларына қарсы күрес жүргізген. Қарақалпақстанға көшуді көздеп колхоздың малын, астығын, тұқым фондысын талан-таражға салып, талап кеткен. Осы әрекеттерінің ізін жабу үшін мал аурулықтан өлім-жітімге ұшырады деп жалған акті жасаған. Малдың етін сатып, одан түскен ақшаны өздері пайдаланған және өлген малдарға мемлекеттік қамсыздандыру (госстрахтан) бөлімінен ссуда алған.
Күсекбаев Сүлеймен Қожабергеновпен және басқалармен бірге 1932 жылдың көктемінде Жексенбаев деген азаматты өлтірген, Қарақалпақстанға көшіп бара жатқандардың малын тартып алған. 1932 жылдың қараша айының 18-нен 19-на қараған түні Ділімбетовтың үйіндегі жасырын жиында колхоздың тұқым қорын талан-таражға салуға, малды қырып-жоюға, сөйтіп Қарақалпақстанға көшіп кету үшін үгіт жүргізген. Колхоз малын талан-таражға салып, 50 дана жалған документ жасаған.
Қожамбердиев Қыдырмәмбет — колхоздың малын, астығын, тұқым фондысын талан-таражға салып, колхозшыларды колхоз малын, жұмыс көлігі — өгіздерді союға зорлап көндірген. Оған өлім-жітімге ұшырады деп жалған акті жасаған. Жасырын жиын өткізудің инициаторы болып, Қарақалпақстанға көшу үшін үгіт жүргізген.
Ділімбетов Шапай колхоздың астығын, малын талан-таражға салған, өзінің үйінде 1932 жылдың 18 қарашасында жиын өткізіп, онда колхоздан жаппай көшу мәселесі талқыланған.
Төлепбергенов Жақсыбай колхоздың малын жауыздықпен талан-таражға салып, малды қырып-жою туралы үгіт жүргізген. «Кеңес өкіметі құлайды, соғыс болады»,— деп тұрғындарды Қарақалпақстанға көшіру жөнінде жүргізілген үгітке және жасырын жиынға белсенді түрде қатысқан.
Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 4 адам Қазалы аудандық ОГПУ бөлімінің 1933 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 10 тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі бітіп, айыптау қорытындысы 1939 жылғы 24 наурызда ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.
Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 9 мамырдағы қаулысымен:
— Төлепбергенов Жақсыбай, Ділімбетов Шапай — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге,
— Күсекбаев Сүлеймен, Кожамбердиев Қыдырмәмбет — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған. Бұлардың барлығы да 1933 жылдың 15 мамырында ОГПУ-дің Карлагіне айдалған.
СССР НКВД-ның Ерекше мәжілісінің 1937 жылғы 13 қаңтардағы қаулысымен үштіктің 1933 жылғы 9 мамырдағы қаулысы күшінде қалдырылған.
Қызылорда облыстық прокурордың 1989 жылғы 24 тамыздағы қорытындысымен Күсекбаев Сүлеймен, Қожамбердиев Қыдырмәмбет, Ділімбетов Шапай, Төлепбергенов Жақсыбай — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

IV

**СКВОРЦОВ** Иван Сергеевич — родился в 1888 году в пос. Калпацкий Средно-Вомнского уезда, Оренбургской губерний, русский, гражданин СССР, служащий, учитель, член ВКП(б) с 1918 года, был судим, в 1919 году был комиссаром полка и зав. культотделом политотдела дивизии, до ареста проживал на ст. Казалинск, работал преподователем ветзоотехникума;
**БИНИЕНКО** Иван Степанович — родился в 1889 году в Зиновьевском районе Херсонской области, украинец, гражданин СССР, сын мещанина, образование среднее, был членом ВКП(б), меха-

нически выбыл из рядов партии, до ареста проживал на ст. Казалинск, работал учителем школы ФЗС;
**ПРЯДКО** Порфирий Васильевич — родился в 1900 году в хут. Рябус, Оренбургской области, украинец, гр-н СССР, образование среднее, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск, работал преподователем ветзоотехникума;
**МАРЧЕНКО** Екатерина Владимировна — родилась в 1897 году на ст. Установка Юго-Западной железной дороги, Киевской губернии, украинка, гр-нка СССР, образование высшее, беспартийная, до ареста проживала на. ст. Казалинск, работала учительницей школы ФЗС;
**МАСЛЮКОВА** Екатерина Васильевна — родилась в 1905 году в селе Баланда, Аткорского округа, Н. Волжского края, украинка, гр-нка СССР, отец раскулачен по суду в 1930 году, беспартийная, образование среднее, до ареста проживала на ст. Казалинск, работала учительницей школы ФЗС;
**СТЕГМАН** Софья Николаевна — родилась в 1882 году в Черниговской губернии, русская, гр-ка СССР, образование незаконченное высшее, беспартийная, до ареста проживала на ст. Казалинск, работала учительницей школы ФЗС.
Они обвинялись в том, что начиная с 1926 года среди учительства жел. дор. школы ст. Казалинск создалась группировка, в которую входили все выше перечисленные люди; эта группировка ставила своей целью взять руководство школы в свои руки и установить желаемые для себя порядок, для чего повели травлю адм. работников и ценных педагогов в неправильном преподаваний, политически неверном объяснении ученикам причин некоторых затруднений и разложений трудовой дисциплины, являясь чуждыми по своему социальному происхождению своевременному строю они в кругу учительства и на общих собраниях стали выражать свое недовольство и критиковать действия администрации и мероприятия партии и правительства, за что Постановлением ОДТО ОГПУ ст. Актюбинск от. 25 апреля 1933 года Скворцов И. С. Бинienко И. С. Прядко П. В. Марченко Е. В. Маслюкова Е. В. Стегман С. Н. были арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-10 УК РСФСР.
Постановлением ОДТО ОГПУ ст. Актюбинск от 17 мая 1933 года дело расследованием прекращено за отсутствием улик, и обвиняемые в количестве 6 человек из-под стражи особовождены.
По Заключению прокурора Кзылординской области от. 22.07.97 года все 6 человек на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16. 01. 1989 года — реабилитированы.

## V

**БАЛҚОЖАЕВ** Берміш — Қазалы ауданы, № 8 ауылда 1897 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қазалы қаласында тұрып, киім тігуші болып істеген;
**БАЛҚОЖАЕВ** Қалмақан —№ 8 ауылда 1898 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылқұмның «Мырқы құдық» деген жерінде тұрып, аң аулаумен айналысқан.
Бұл 2 азаматқа Кеңес өкіметіне қарсы күрескен қарақшылар қатарында болған, контрреволюциялық үгіт жүргізген, өздерінің жақын-жуықтарын Қарақалпақстанға көшуге ұсыныс жасаған, ол жақта бәрің экономикалық жағынан жақсы тұрасыңдар деп азғырған, деген айыптар тағып, Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1933 жылғы 25 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58-10 бабымен қылмыстық іс қозғалған. Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1933 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен Берміш, Қалмақан Балқожаевтардың әрекетінде қылмыс белгісі жоқ деп табылып, олардың үстінен қозғалған қылмыстық іс қысқартылып қамаудан босатылған. Олар түрмеде 4 ай 4 күннен отырып шыққан. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Берміш, Қалмақан Балқожаевтар ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығы негізінде толық ақталған.

## VI

**МАШЕМБАЕВ** Бермахан — Қазалы ауданының № 15 ауылында 1900 жылы туған, қызметкер, ВКП(б) мүшелігіне кандидат, осы іс бойынша партия қатарынан шығарылған, шала сауатты, № 13 ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған, үйленген, бұрын сотталмаған.
**ҚАЛЫМБЕТОВ** Нысан — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1897 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, ВКП(б) мүшесі, осы іс бойынша партия қатарынан шығарылған, шала сауатты, «Майдакөл» серіктестігінің парткомында ұйымдастырушы болып қызмет атқарған, үйленген, бұрын сотталмаған.
**ҚАДИШАЕВ** Әбибулла — Қазалы ауданының № 12 ауылында 1894 жылы туған, байдың баласы, жалшы ұстаған, шала сауатты, партияда жоқ, осы ауылдағы Сельпоның төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған.
**БАРАҚОВ** Аяған — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1902 жылы туған, орта шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, сельпода сатушы болып жұмыс істеген, үйленген, бұрын сотталмаған.
**ЖАКЕЕВ** Алдамжар — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1897 жылы туған, кедей-шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктігінің мүшесі, үйленген, бұрын сотталмаған.
**ТҰРҒАМБАЕВ** Орналы — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1906 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктігінің хатшысы болып жұмыс істеген, үйленген, бұрын сотталмаған.
**БАТЫРОВ** Бөрі — Қазалы ауданының № 17 ауылында 1898 жылы туған, осы ауданының № 13 ауылында туған, қызметкер, сауатты, ВКП(б) мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, оған дейін ВКП(б) партком ядро-

сының ұйымдастырушысы болып жұмыс істеген, үйленген, бұрын сотталмаған.

**ОСПАНОВ** Обаш — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1913 жылы туған, орта шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, «Жаңа талап» серіктестігінде бригадир болып жұмыс істеген, үйленген, бұрын сотталмаған.

**ҚАРЫМСАҚОВ** Дайрабай — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1896 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктестігінің төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған.

**САНСЫЗБАЕВ** Бегім — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1896 жылы туған, байдың баласы, сауатсыз, ВКП(б) мүшелігіне кандидат, осы ісі бойынша партиядан шығарылған, Ворошилов атындағы серіктестіктің төрағасы болып жұмыс істеген, үйленген, бұрын сотталмаған.

**ҚАЛНИЯЗОВ** Ібайдулла — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1905 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, шала сауатты, ВЛКСМ мүшесі, Ворошилов атындағы серіктестік төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, үйленген, бұрын сотталмаған.

**БЕЛАСАРОВ** Иса — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1901 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктестігінде бригадир болып жұмыс істеген, үйленген, бұрын сотталмаған.

**МӘМЕНОВ** Әбжан — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1900 жылы туған, бай болған, жалшы ұстаған, сауатсыз, партияда жоқ, 1931 жылы берілген жоспарды орындамағаны, астықты ішіп-жеп қойғаны үшін 8 жылға сотталған, жаза мерзімін өтемей қамаудан қашып кеткен.

**БЕРЕШЕЕВ** Айнан — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1908 жылы туған, орта шаруадан шыққан, бидің баласы, сауатты, партияда жоқ, «Жаңаталап» серіктестігінің хатшысы болып жұмыс істеген, үйленген, бұрын сотталмаған.

**МАМЕНОВ** Шөріп — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1897 жылы туған, байдың баласы, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.

**ТАПАЛОВ** Төлепберген — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1913 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, сауаты бар, партияда жоқ, Ворошилов атындағы серіктестігінің хатшысы болып жұмыс істеген, үйленбеген, бұрын сотталмаған.

**ҮМБЕТОВ** Абдулла — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1903 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, «Жаңа талап» серіктестігінің төрағасы болып жұмыс істеген, үйленген, бұрын сотталмаған.

**БАҚТЫБАЕВ** Әбдіразақ — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1895 жылы туған, орта шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, «Жаңа талап» серіктестігінің мүшесі, үйленген, бұрын сотталмаған.

**ДЕМЕБАЕВ** Тағыберген — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1901 жылы туған, орта шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, «Жаңа талап» серіктестігінің мүшесі, үйленген, бұрын сотталмаған.

**ІЗТІЛЕУОВ** Тоғай — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1897 жылы туған, орта шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктестігінің мүшесі, үйленген, бұрын сотталмаған.

**АҚБАСОВ** Байқазақ — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1891 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктестігінің мүшесі, үйленген, бұрын сотталмаған.

**ЖАҚСЫЛЫҚОВ** Нұрқазы — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1905 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктестігінің мүшесі, үйленген, бұрын сотталмаған.

**ЖАРҚЫМБАЕВ** Тұрғамбай — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1897 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктестігінің мүшесі, үйленген, бұрын сотталмаған.

**ҚАЛЫМБЕТОВ** Зайыт — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1899 жылы туған, орта шаруадан шыққан, бұрын атқамінер болған, сауатсыз, партияда жоқ, Ворошилов атындағы серіктестігінің мүшесі, үйленген, бұрын сотталмаған.

**ДӘНДІБАЕВ** Әбибулла — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1898 жылы туған, орта шаруадан шыққан, сауаты бар, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктестігінің бригадирі болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған.

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Әбдіраман — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1899 жылы туған, орта шаруадан шыққан. Ишанның баласы, сауаты бар, партияда жоқ, «Майдакөл» серіктестігінде табель жүргізуші болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған.

Бұлар Оңтүстік Қазақстан облысының ОГПУ-ның Қазалы ауданындағы өкімінің 1933 жылғы 24 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып қылмысты іс қозғалған.

Оларға тағылған айып бойынша: Қазалы ауданының № 13 ауылында басшы қызметтерде байлардың, ишандардың, молдалардың және кеңес өкіметіне және колхоз құрылысына қарсы адамдардың балалары жұмыс істеген. Олар өкімет тарапынан серіктестіктерге көмек ретінде берілген тұқымды, қаржыны талан-таражға салу жолымен серіктестіктердің күш-қуатын әлсіретуге тырысқан. Сапасыз тұқымды айдалмаған жерге сепкен, малды қырып- жойған, сөйтіп егіннен төмен өнім алып, серіктестіктердің экономикасын нашарлатқан.

«Жаңа талап» серіктестігінде 30 центнер бидай тұқымын 38 гектарға сепкен, егіс кезінде Батыров Бөрі 1 пут тұқым бидайды өзі алған, Берешеевке 20 ф., Бақтыбаевқа 20 ф., тұқым бидай берген. Батыров Бөрі тары егісі кезінде тары тұқымын кім-көрінгенге таратқан, өзі 2 пұт тұқым тарыны алған, соның салдарынан 8 гектар егудің орнына 6 гектар ғана тары егілген. 1933 жылдың мамыр айында салы егу кезінде Батыров Бөрі бригадир Оспанов Абашпен бірлесіп, соның үйінде — Бақтыбаев, Өтеулиев қатысқан жерде Батыров

Бөрі — «салыны нормадан аз себейік, өйткені егін жинау кезінде Кеңес өкіметі бұрынғы жылдардағыдай бізден бәрін алып қояды, біз тағы да дымсыз қаламыз»— деген. Қатысқандар оған келісіп, сол түні әрқайсысы 20 ф.-тан тұқым салысып алған. Сөйтіп, Батыров Бөрі бригадир Оспанов Абашпен бірігіп, тұқым салыны өздерінің жақын туыстарымен таныстарына таратқан, мәселен, 1 пұт салы Алдабергенов Омарға, 1 пұт 20 ф.— Дәржанов Талмағамбетке, 1 пұт — Қалымбетов Шүкірге, 1 пұт 20 ф.— Машембаев Бермаханға, 1 пұт 20 ф.— Қалымбетов Нысанға берілген және Батыров Бөрі, Оспанов А., Бақтыбаев Ә., Демебаев Т. және басқалар өзара бөлісіп алып.

Сол жылғы мамыр айында «Жаңа Талап» серіктестігінің бригадирі Бақтыбаев Жақсылық — пункттен жайылымға келе жатқанда Батыров Бөрі кездесіп, Бақтыбаевтан астық тұқымынан 2 пұт алып кеткен, арада екі күн өткеннен кейін Батыров тағы да Бақтыбаевтан пұттан астам салы алған.

Егіс кезінде Батыров Бөрі бригадир Оспанов Абашпен бірлесіп, күзетші Үмбетов Құттыбектің үйіне Нұралов А., Бақтыбаев Ә. Демебаев Т., шақырып сөйлесіп, егілмей қалған 14 пұт салыны өзара бөлісіп алған.

Сол жылғы 15 маусымда бригадир Оспанов Абаш «Майдакөл» деген жердегі шабындыққа апару үшін пункттен 52 пұт салыны алған, ал ол жерге 41 пұт 20 ф. қана салыны апарған, 10 пұт 20 ф. салыны құртып жіберген. Батыров Бөрі мен Оспанов Абаш 6 цн. салыны талан-таражға салған. Қалниязов Байдулла, Бақтыбаев Жақсылық 2 қап тұқым салыны салып пайдаланған. Дәндібаев Әбибулла, Беласаров Иса, Жақсылықов Нұрқазы, Мақанов, Сағындықов, Тұяқбаев, Әбдіраманов, Маменов Ш., Тапалов Т.—6 пұт тұқым салыны өзара бөлісіп алған.

Ворошилов атындағы серіктестіктің төрағасы болып тұрғанда Сансызбаев Бегім өзінің жақындары мен туыстарына — Дауманов Бәйменге 6 пұт. Қалымбетов Бекмұрзаға —4 пұт тұқым салыны берген. № 13 ауылда нормадан аз және айдалмаған жерге тұқым себу салдарынан, себілген бидайдың 36%, арпаның 14%, тарының 38%, салының —28% өнімі қалған.

Егін жинау және астық бастыру кезінде Сансызбаев Бегім, Қарымсақов Д. Маманов Әбжан, Қалымбетов Зайыт, т.б. қырманнан астық ұрлап талан-таражға салған, қырманның күзетшісі Жақаев Алдамжар сельпоның сатушысы Бараққов Аяғанмен және бригадир Дәнібаев Әбибулламен бірлесіп қырманнан 4 пұт бидай, кейін тамыз айында бұлар тағыда 3 пұт бидай ұрланған.

Қырманнан «Бозкөл» деген жердегі пунктке астық тасу кезінде Жақаев Алдамжар, Тұрғамбаев Орналымен 14 қап бидайдан 1 қаптап бидай алып үйлеріне апарған.

Сол жылғы тамыз айында Қалымбетов Нысан мен Қарымсақов Дайрабай қырманнан бидай ұрлап, оны Жарқынбаев Тұрғамбайға, Жақсылықов Нұрқазыға, Ақбасов Байқазыққа, Ізтілеуов Тоғайға, Таңдыбаев Әбибуллаға, әрқайсысына 5 пұттан бөліп берген. Олардың біреуін жолдан ауыл атқамінерлері ұстап алып «Майдакөл» серіктестігінің төрағасы Қарымсақов Дайрабайға алып келген, бірақ Қарымсақов жаңағы атқамінерлер кеткесін жаңағы ұрыны босатып жіберген. Қырманнан пунктке арпа тасып жатқан кезде табельщик Сүлейменов Әбдіраман 6 пұт арпаны үйіне ұрлап алып кеткен, оны Машембаев, Қалымбетов Нысан көрген, бірақ Сүлейменовке ешқандай жаза көрмеген.

Сансызбаев Бегім серітестіктің төрағасы болып тұрған кезде өзінің маңайына жақын туыстарын — байлар Мәменов Әбжанмен және Қалымбетов Зайытпен бірлесіп қырманнан 15 пұттай арпа алған, оны Әбжан мен Зайыт Арал ауданына жіберіп сатып, ақшасына бір ат сатып алып, оны Сансызбаевқа берген. Сол жылғы 20 тамызда № 12 ауылда Арал ауданында тұратын Серімбет дегенді 2 қап арпасымен, бір қап бидайымен сол ауылдың атқа мінері Ыбыранов ұстап, Серімбеттен бұл астықты қайдан алдың деп сұрағанда ол Сансызбаев Бегім мен Маменов Әбжаннан алдым деп, олар маған Аралға апарып сатып бер деді, соны алып келе жатырмын — деген.

Ворошилов атындағы серіктестік төрағасының орынбасары Үмбетов Абдулла қырманның күзетінде өзінің жақын туыстарына 8 пұт 20 ф. арпаны заңсыз таратып берген.

Бұл топ астық ұрлаумен, талан-таражға салумен бірге осындай жолмен жұмыс көліктерін етке сойып жіберген. Сол жылғы мамыр айында Мәменов Әбжан Ворошилов атындағы серіктестік бір өгізін, бір түйесін сойған, барлығы үш айдың ішінде 7 бас түйе, 1 өгіз, 1 ат етке сойылып, оны Сансызбаев Бегім, Маменов Әбжан, Қалымбетов Нысан, Машембаев Бермахан, Батыров Бөрі, Оспанов Абаш, Қарымсақов Дайрабай, Тұрғанбаев Орналы, Бершеев Айнаш, Дәндібаев Хабибулла, Беласаров Иса, Жақсылықов Нұрқазы, Жәкеев адамдар т. б. өзара бөлісіп алған.

Бұл топтағы — Мәшембаев Бермахан, Қалымбетов Нысан, Сансызбаев Бегім, Қадышаев Әбибулла және Бараққов Аяғандар жұртшылықтың көз алдында көмекке берілген азық-түлік пен өндіріс тауарларын өздері жымқырып, қалғандарын тиісті адамдарға емес кім-көрінгенге таратып берген. Сөйтіп көмекке берілген 22 қап тарының ауылға 19 қабы ғана келген. Сельпоның төрағасы Қадышаев Әбибулла, сатушы Бараққов Аяған көмекке берілген 1600 кг тарының 9 пұтын өздері ішіп-жеп қойған, сатқан. Мәселен, Қадышаев Әбибулла 1200 сомға ат салып алған, Бараққов Аяған 1 пұт тарыға 1 кілем, 1 пұт тарыға 1 тон сатып алған. Аудан көмекке балық аулау үшін ау (сет) берген, оны Қалымбетов Нысан алып, өзінің бір жақындарына берген. Ол онымен балық аулап Қалымбетов Нысанды балықпен қамтамасыз етіп отырған. Тамыз айының басында Ворошилов атындағы серіктестіктің төрағасы Сансызбаев Бегім бірнеше шаруаларды оның үстінен қылмыстары туралы арыз жазғандары үшін серіктестіктен шығарып жіберген.

1933 жылғы 9 қыркүйекте ауылдық советтің кеңесінде — Тапалов Төлепберген; Бершеев Айнаш, Тұрғанбаев Орналы т.б. жұмыс істеп отырғанда Тапалов Төлепберген темекі шегіп, әдейі қастандықпен ауылдық кеңестің кеңсесін өртеп жіберген, ал Бершеев Айнаш пен Тұрғанбаев Орналы біле тұра әдейі кеңсенің қағаздарын, документтерін далаға алып шықпаған, соның салдарынан бірнеше документтер жанып кеткен. 1933 жылдың көктемгі егіс кезінде № 13 ауылға бұрын көшіп кеткен бай Мәменов Әбжан қайтып келген, ол 1931 жылы 8 жылға сотталған болатын, 1932 жылы Қызылорда еңбек түзету колониясында қамауда болып, одан қашып шыққан. Мәменов Әбжанға жалпы жиналыстың мінездемесін бергізіп, оны кедей шаруа және дұрыс сотталмаған деп жалпы жиналыс оны қолдаған.

Жоғарыда көрсетілген топ мүшелерінің әрекеттері үшін ПП ОГПУ-дың Қазалы ауданындағы өкілінің 1933 жылғы 23 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Айыптау қорытындысы бойынша тергеу ісі 1933 жылғы 10 қазанда аяқталған, топ мүшелеріне РСФСР ҚК-ның 58 бабының 14 тармағымен және ВЦИК-тың 1932 жылғы 7 тамыздағы заңымен айып тағылған. 1933 жылғы 20 қазанда ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауы үшін Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөліміне жіберілген.

ОГПУ-дың Оңтүстік Қазақстан облыстық бөлімі СПО-ның 1933 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен — Машенбаев Б., Қарымсақов Д., Қалымбетов Н., Батыров Б., Қадышаев А., Бараков А., Сансызбаев А., Жакеев А., Маменов А., Тұрғанбаев О., Тапалов Т.— айыптаған тергеу ісі Қазақстандағы ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің карауына жіберілген.

Айыпкерлер — Қалымбетов З., Ақбасов Б., Жақсылықов Н., Қалпиязов А., Беласаров А., Бершеев А., Бақтыбаев А., Жарқымбаев Т., Ізтілеуов Т., Демебаев Т., Үмбетов А., Оспанов А.,— осылардың әлеуметтік тегі кедей — шаруа болғандықтан қылмысты одан әрі жүргізу тоқтатылған, тұтқынға алғанда олардың алынған мүліктері қайтарылған.

Қазақстандағы ОГПУ сенімдік өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 5 желтоқсандағы қаулысымен: Сансызбаев Бегман, Машенов Әбжан, Мәменов Шәріп, Қадышаев Әбибулла — әрқайсысы 10 жылға еңбек түзету лагеріне.

Тұрғанбаев Орналы, Батыров Бөрі, Бараков Аяған — әрқайсысы 5 жылға еңбек түзету лагеріне.

Қалымбетов Нысан, Қарымсақов Дайрабай, Машенбаев Бермахан,— әрқайсысы —3 жылға еңбек түзету лагеріне сотталған. Осы қаулымен Жакеев Алдамжар, Тапалов Тілеуберген — алдын ала отырғандары есептеліп, қамаудан босатылған.

СССР ЦИК Президиумының 1936 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен — Свободный қаласындағы НКВД-ның Бамлаг лагерінде отырған Батыров Бөрі қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың орынбасарының 1989 жылғы 11 тамыздағы қорытындысымен — Бараков Аяған, Батыров Бөрі, Қадышаев Әбибулла, Қалымбетов Нысан, Қарымсақов Дайрабай, Маменов Әбжан, Маменов Шәріп, Машенбаев Бермахан, Сансызбаев Бегім, Тұрғанбаев Орналы — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

### 1934 жылы

**ЖАҚЫПОВ** Қали — Қазалы ауданы, № 14 ауыл, «Октябрь» ТОЗ-ында 1879 жылы туған, 1932 жылы қоғам малын ұрлағаны үшін 3 жылға сотталған;
**ӘЛІМБЕТОВ** Рыстілеу — Қазалы ауданы, № 14 ауыл, «Жаңа түрмыс» ТОЗ-ында 1898 жылы туған, әкесі сопы болған, сол ТОЗ төрағасының орынбасары болып істеген;
**ӘБДІҚҰЛОВ** Нұрәлі — Қазалы ауданы, № 14 ауыл, «Октябрь» ТОЗ-ында 1898 жылы туған, колхоз астығын ұрлағаны үшін 5 жылға сотталған, бірақ іс қайта тергеуге жіберілген;
**БЕКЕТОВ** Аплатин —№ 14 ауылда 1888 жылы туған, 1931 жылы РСФСР ҚК 58-2 бабымен көтеріліске қатысқаны үшін қамауда болған;
**ҚАБАҚОВ** Қалнияз — № 14 ауылда 1897 жылы туған, БКП(б) мүшесі, «Жаңатұрмыс» ТОЗ-ның төрағасы болып жұмыс істеген;
**БӘЛИЕВ** Өте —№ 14 ауылда 1900 жылы туған, әкесі ауыл старшинасы болған, 1933 жылы астық ұрлағаны үшін 1932 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес сотталған, 1933 жылы 11 ай шамасында «Октябрь» ТОЗ-ның төрағасы болып жұмыс істеген;
**ҚАБАҚБАЕВ** Ілияс —№ 14 ауылда «Жаңатұрмыс» ТОЗ-ында 1895 жылы туған, 3 айлық есепшілер курсын бітірген, «Жаңатұрмыс» ТОЗ-ның хатшысы болып жұмыс істеген;
**АЖАРОВ** Жақып — Тереңөзек ауданының № 5 ауылында 1902 жылы туған, бай баласы, Қазалы ауданы № 14 ауылдық кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеген, 1928 жылы Тәшкен қаласындағы Орта Азия коммунистік университетін (САГУ) бітірген;
**ОМАРОВ** Мақсұт —№ 14 ауыл, Аққұм жерінде 1910 жылы туған, білімі 7 класс, ВЛКСМ мүшесі, № 14 ауылдық кеңестің хатшысы.

Бұл 9 азаматқа тағылған айып: бұлар № 14 ауылдық кеңесінің және ТОЗ-дың басшы қызметтерін алып, колхоздың қырмандағы және пункттегі астығын талан-таражға салумен айналысқан, Тоз мүшелеріне таратуға қойылған колхоз астығын арамтамақтарға, дұшпандарға таратқан, Үкімет тарапынан мал басын өсіруге берілген малдарды сойып, талан-таражға салған, сөйтіп олар: қазір малдарды сою керек, уақыты келгенде бәрібір үкімет малды қайтып алады» деп үгіт жүргізген. Сөйтіп солардың басшылығымен 73 бас түйені, 51 бас жылқыны, 29 бас сиырды аяусыз қырып, сойған. 1933 жылы егістен 700 пұт астықты ұрлаған, 1934 жылдың егісіне арналған 79 пұт астықты құртып жіберген. Осыдан кейін олар ТОЗ мүшелерін

Арал теңізінің жағалауына күштеп көшірген, оларға 1934 жылдың егісіне жоспар жоғары, тұқым жоқ, тұқым үшін сендерден барлығын тартып алады,— деп үгіттегені үшін Қазалы аудандық ОГПУ өкілінің 1934 жылғы 2 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7 тармағы және 1932 жылғы 7 тамыздағы Заң бойынша қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ Қазалы аудандық бөлімінің 1934 жылғы 9 ақпандағы қаулысымен: Ажаров Жақып тұтқынға алынған; 14 ақпандағы қаулысымен Қабақбаев Ілиястың қылмысын тексеру барысында анықталмағандықтан, іс қысқартылып, тұтқыннан босатылған; 30 наурыздағы қаулысымен Қабақов Қалнияз, Ажаров Жақып, Әлімбетов Рыстілеу, Омаров Мақсұт, Бәлиев Өте, Жақыпов Қали, Әбдіқұлов Нұрәлі, Бекетов Аплатиннің әрекеттерінде қылмыс белгісі анықталмағандықтан іс өндірістен қысқартылып, олар қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 23 сәуірдегі қорытындысы бойынша, Жақыпов Қ., Әлімбетов Р., Әбдіқұлов Н., Бекетов А., Қабақов Қ., Бәлиев Ө., Қабақбаев І., Ажаров Ж., Омаров М.— Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

### 1936 жылы

**ҚЫЗЫЛБАЕВ** Ертай — Қазалы ауданының «Қарашеңгел» ауылы, Сайлыбай ағашы деген жерде 1894 жылы туған, ірі байдың баласы, өзі саудагер болған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қарашеңгел ауылдық кеңесі, Молотов атындағы серіктестіктің төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Қантай;

**САҒЫМБАЕВ** Рахмет — Қазалы ауданының № 3 ауылы, Молотов атындағы серіктестікте 1909 жылы туған, болыс писарының, ауыл старшинасының баласы, шала сауатты, партияда жоқ. 1934 жылы сәуір айында РСФСР ҚК-ның 79 бабымен 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, сол жылдың мамыр айында облыстық сот арқылы ақталып шыққан, кейінгі қамауға алынғанға дейін Молотов атындағы серіктестіктің хатшысы болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Бибажар.

Қызылбаев Ертай мен Сағымбаев Рахмет — Молотов атындағы серіктестіктің (колхоздың) басшы қызметіне орналасып алып, үнемі маскүнемдікпен колхозшылардың намысына тиіп, оларды әжуалаумен, сый-сияпат түрінде пара алумен айналысқан және колхозшылар арасында діни әдет-ғұрып өрістетіп, жаңбыр жаумаған кезде және тұрғындар арасында жұқпалы аурулар тараған кезде құдайға жалбарынып, мал сойдырып, «Тасаттық» жасаттырған, колхозшыларды ру-руға бөліп, өздерінің руластарын қолдап, ру таластығын тудырған, соның салдарынан еңбек тәртібі бұзылып, шаруашылықтың саяси-шаруашылық науқаны үнемі бұзылып отырған.

Қызылбаев пен Сағымбаев кеңес өкіметіне жат элементтермен — атап айтқанда бұрынғы имам Құдабаевпен тығыз байланыста болып, колхоз жұмысына қатыспай, ешқандай еңбеккүн таппаған, оған колхоздың табысынан көмек ретінде ортақ фондыдан астық бергіздірген. Бұдан басқа Қызылбаев пен Сағымбаев ауыл ішінде контрреволюциялық-троцкистік идеяны таратумен айналысқан, партия мен кеңес өкіметін жамандап, өздерінің көзқарасын айтып, партия мен үкіметтің ауыл-селода колхоздар мен серіктестіктерді нығайту жөнінде жүргізіліп жатқан бағытын теріске шығарып, үгіт жүргізген. Партия мен үкіметтің шараларына қарсы болған бұлар көктемгі егіске зиянкестікпен нашар дайындалып, 1936 жылы егісті 7—10 күннің ішінде егіп болудың орнына, оны 40 күнге созған, өйткені жер учаскелері күн бұрын анықталмаған, арық-атыздар дер кезінде дайындалмаған, егіске су кеш берілген, соның салдарынан дұрыс өнім алынбай қалған. Бұның барлығы колхозшылардың наразылығын тудырған.

1936 жылдың қаңтар айында Қызылбаев Ертай колхозшы Асылбековтың үйінде отырып, ауылдық кеңестің төрағасы Тобаевтың, ауылдық кеңес есепшісі Оспановтың көзінше: «Троцкий байларды конфискелеуге қарсы болды, сол үшін айыптады, шындығында Троцкий дұрыс еді, кеңес өкіметі оны тыңдамады, соның салдарынан халық аштыққа ұшырады, көбісі аштан өлді»— деп контрреволюциялық сөздер айтқан.

Сағымбаев пен Қызылбаев — саудагер Омаровпен байланыс жасап, оны қылмысқа тартудан аман алып қалған. 1935 жылы 30 желтоқсанда Сағымбаев Қазалы қаласынан ауылына қайтып келе жатып 3—4 колхозшыға бір жерді көрсетіп: «Бұл жерде 1931—1933 жыдары аштан өлген қазақтардың көптеген өліктері жатты. Оның басты себебі кеңес өкіметі Троцкийді тыңдамады, ол қазақтарды конфискелеуге қарсы болды, бірақ оны тыңдамады, соның салдарынан көп халық аштан өлді»— деген. Үкіметтің малы жоқ колхозшыларға колхоздың малынан мал беру туралы шарасына Сағымбаев қарсы болып: «бұл малдар бұрынғы байлардың малы, олар колхозға конфискеленіп алынған. Кеңес өкіметі енді өзінің жіберген қателігін түзету үшін қайтадан жұртқа беруде»— деген.

Осы қылмыстары үшін Қызылбаев Ертай мен Сағымбаев Рахмет — Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1936 жылғы 29 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 29 мамырда аяқталған, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған, оны Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының бастығы 1936 жылғы 3 шілдеде және Қазақ ССР НКВД Басқармасының бастығы 28 қыркүйекте, РСФСР Жоғарғы сотының Қазақ бөлімшесінің арнаулы коллегиясының дайындау мәжілісінің 1936 жылғы 9 қарашадағы үйғаруымен бекіткен.

РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесінің арнаулы коллегиясының көшпелі сессияның 1936

жылғы 18 желтоқсандағы үкімімен Сағымбаев Рахмет —4 жылға, Қызылбаев Ертай —3 жылға бас бостандық еріктерінен айыруға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының арнаулы коллегиясының 1937 жылғы 28 ақпандағы ұйғаруымен жоғарыдағы соттың үкімі күшінде қалдырылған, сотталушылардың шағым- арыздары аяқсыз тасталған.

Қазақ ССР прокурорының бірінші орынбасарының бақылау ретінде Сағымбаев пен Қызылбаевтың ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1990 жылғы 24 тамызда жолдаған наразылығы бойынша РСФСР Жоғарғы сотының Қазақ бөлімшесінің арнаулы коллегиясының 18.09.1936 жылғы үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының арнаулы коллегиясының 28.02.1937 жылғы Сағымбаев Рахмет және Қызылбаев Ертай жайлы ұйғаруын бұзуды, істі олардың әрекеттерінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған. (істе мұнан өзге дерек жоқ).

## 1937 жылы

### I

**АМАНСАРИЕВ** Жұбатқан — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1899 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, 1934 жылдан «Бірлік» колхозында басқарма төрағасы;

**БАЛАБАЕВ** Ордабай — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1882 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын бай болған, «Бірлік» колхозының мүшесі;

**ОРЫМБАЕВ** Әміре — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1895 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, «Кеңтүп» колхозының төрағасы, 1935 жылы өз жұмысына салқын қарағаны үшін РСФСР ҚК-ның 109 бабының 3 тармағымен 2 жылға сотталған;

**ҚОЙЛЫБАЕВ** Ищен — — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1891 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, «Бірлестік» колхозының мүшесі.

**ОТАРБАЕВ** Салықбай — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1905 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, 1935 жылы колхоздың мүлкін талан-таражға салғаны үшін 5 жылға сотталған, айып мерзімін өтемей қашып, тығылып жүрген;

**ЫБАНОВ** Ыбырай — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1899 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, 1932 жылы қарақшылар көтерілісіне қатысқаны үшін 10 жылға сотталған;

**ТӨЛЕЕВ** Шәмшат — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1893 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, 1934 жылы колхоз мүлкін талан-таражға салғаны үшін 3 жылға сотталған, айып мерзімін өтемей қашып, тығылып жүрген;

**ДҮЙСЕМБАЕВ** Өтеп — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1897 жылы туған, шала сауатты, «Кеңтүп» колхозының мүшесі, 1936 жылы малды талан-таражға салғаны үшін 5 жылға сотталған, облыстық сот арқылы 1936 жылдың 29 қаңтарында ақталып шыққан;

**ҚОЖАҒҰЛОВ** Тұрмахан — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1888 жылы туған, кейін Қармақшы ауданының № 10 ауылында тұрған, сауаты бар, партияда жоқ, колхозшы, 1932 жылы РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен 3 жылға сотталып, айып мерзімін өтеп шыққан.

**АЙЫМҚҰЛОВ** Құрымбай — Қазалы ауданының Майлыбас ауылында 1884 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, 1937 жылдан Қармақшы ауданының № 9 ауылында «Ақбел» колхозында тұрған, колхозшы.

**ШОҚАНОВ** Нұртас — Қазалы ауданының № 12 ауылында 1909 жылы туған, шала сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, 1937 жылдан Қармақшы ауданының № 10 ауылында тұрған.

**ҚҰЛЖАНОВ** Қасым — Қазалы ауданының № 12 ауылында 1909 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1937 жылы Қармақшы ауданының 10 ауылында тұрған.

**БЕЙІСОВ** Әмет — Қазалы ауданының № 12 ауылында 1904 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1935 жылдан Қармақшы ауданының № 10 ауылында тұрған.

Бұл 13 азаматтың барлығы да —1929—30 жылдары партияның ауыл-селодағы саясатына наразылық білдіріп партия мен үкіметтің жұртшылық арасында жүргізіп жатқан шараларын болдырмау мақсатында ауылдан жаппай көшу туралы үгіт жүргізген, соның салдарынан 300—400 шаруа қожалығы Қызылқұмға көшіп кеткен, Ақмырза қарақшыларының көтерілісіне қатысып, оларға материалдық көмек көрсеткен. Қарақшылар көтерілісі талқандалғаннан кейін Ыбанов Ыбырай 1932 жылы ПП ОГПУ-дың жанындағы үштіктің қаулысымен 10 жылға концлагерге, Қожағұлов Тұрмахан 3 жылға концлагерге сотталған. Ыбанов, Қожағұлов, Айымқұлов, Жақанов, Құлжанов, Бейісов — ірі байлар мен қарақшылар басқарушыларымен бірлесіп, Ауғанстанға өтіп кетеді. Ол жақтан 1935 жылы елге қайтып оралып, 1936 жылы контрреволюциялық жиын өткізіп, оған осы тізімдегі барлық адам қатысады, онда Ауғанстандағы қоғамдық құрылысты мақтап, мұсылман мемлекетінде ешқандай қысым жоқ, дінге жол ашық, СССР-де дінге қысым жасалады, дінге қарсы,— деп үгіт жүргізіп, Ауғанстанға көшуді ұйымдастырады. Олар үнемі контрреволюциялық әрекеттер жасап, кеңес үкіметі жақын арада құлайды деп лақаптар таратқан, партия мен үкіметтің тапсырмаларын орындауға кедергі жасаған — деп айып тағылып, Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 30 шілдедегі қаулысымен жоғарыдағы 13 адам тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НВКД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 11 қазандағы қаулысымен — Ж. Амансариев, О. Балабаев, А. Орымбаев, И. Қойлыбаев, С. Отарбаев, Ы. Ыбанов, Ш. Төлеев, Ө. Дүйсенбаев, Т. Қожағұлов, Қ. Айымқұлов, Н. Шоқанов, Қ. Құлжанов,

Ә. Бейісов — ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылғы 24 және 25 қазанда түнгі сағат 24-те орындалған.
Қызылорда облыстық соты Президиумының 1964 жылғы 8 ақпандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 11 қазандағы жоғарыдағы 13 айыпкердің ісі жөніндегі шешімі бұзылып, оларға тағылған айыптың анықталмағанына байланысты іс қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1996 жылғы 15 сәуірдегі қорытындысымен, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңына сәйкес бұлардың барлығы да толық ақталған.

II

**ӘМІРБЕКОВ** Мақан — Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданының Отырар селосында 1906 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, кейін Қазалы қаласында тұрған, аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, 1929 жылы аудандық қаржы бөлімінің жұмысына салқын қарағаны үшін Қызылқұм аудандық НКВД бөлімі тұтқынға алған, 1932 жылы колхоз базарын қуғаны үшін Келес аудандық НКВД бөлімі тұтқынға алған.
**ХАФИЗОВ** Смайыл — Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласында 1903 жылы туған, сауатты, 1927 жылдан БКП(б) мүшесі, Қазалы қаласында тұрған, аудандық халық-ағарту бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған;
Бұл 2 азаматтың екеуі де контрреволюциялық ұлттық ұйымның мүшесі болған, ұйымның мақсаты — кеңес үкіметін құлатып, интервенцияның көмегімен Орта Азия мен Қазақстанда буржуазиялық-ұлттық мемлекет құру болған, осы контрреволюциялық ұйым басшыларының тапсырмасымен жауыздық мақсатта салық саясатын бұрмалап, мемлекеттің бюджеттік қаржысын талан-таражға салған, мәдени шараларға жұмсалатын қаржыны әдейі кешіктіріп бергізген, халық ағарту саласында жауыздық әрекеттер жүргізген — деп айып тағылып, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының 1937 жылғы 21 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысымен Әшірбеков Мақан мен Хафизов Смайыл — ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылғы 3 қарашада сағат 24-те орындалған.
Қызылорда облыстық соты Президиумының 1959 жылғы 6 мамырдағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы Әмірбеков Мақан, Хафизов Смайыл, Құмаев Данияр жайлы қаулысы бұзылып, олардың айыпты қылмысы анықталмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Сот арқылы олар толық ақталған.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің 1995 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі: «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес Әмірбеков Мақан, Хафизов Смайыл толық ақталған.

III

**БӨЛЕКБАЕВ** Түлкібай — Қазалы ауданы, 102 темір жол аялдамасында 1892 жылы туған, сондықтан темір жол дистанциясында жұмысшы болған, шала сауатты, партияда жоқ, Қазалы станциясындағы ОГПУ бөлімшесінің 1937 жылғы 25 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынған;
**ЕРМАХАНОВ** Бұхарбай — Қазалы ауданының № 1 ауылында 1893 жылы туған, қамауға алғанға дейін 102 темір жол аялдамасында темір жол стрелочнигі болып жұмыс істеген, Қазалы ОГПУ бөлімшесінің 1937 жылғы 25 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынған.
Бұл 2 азаматқа қарсы темір жол шаруашылығына жаулық әрекеттер жасады деген айып тағылып, Қазалы ОГПУ бөлімі РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғап, қамауға алған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысымен: Бөлекбаев Түлкібай қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, Ермаханов Бұхарбай —10 жыл бас бостандығынан айыруға сотталған.
Қызылорда облыстық соты президиумының 1962 жылғы 18 сәуірдегі қаулысымен, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысы бұзылып, Т. Бөлекбаевтың әрекетінде қылмыс құрамының жоқтығына байланысты іс өндірістен қысқартылған, сөйтіп облыс прокурорының наразылығы қанағаттандырылған.
Қызылорда облыстық соты президиумының 1960 жылғы 30 сәуірдегі қаулысымен, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысы бұзылып, Ермаханов Бұхарбайдың әрекетінде қылмыс құрамының жоқтығына байланысты іс өндірістен қысқартылып, облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

IV

**ФАТЕЕВ** (Борисов) Даниил Порфирьевич — родился в 1900 году в селе Даниловки Бузулукского района, Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал кузнецом депо;
**КРЫЛОВ** Евгений Александрович — родился в 1890 году в Московской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал счетоводом ТН-6;
**ВИТРАЩАК** Максим Васильевич — родился в 1906 году в Каменском районе, Киевской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал бухгалтером завчастей станции;

ЛЯПИН Фелот Григорьевич — родился в 1908 году в гор. Казалинске, до ареста проживал на ст. Камышлы-Баш, работал гручиком топлива;

БАЕВ Яков Лаврентьевич — родился в 1907 году в Сорочинском районе, Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал бухгалтером конторы паровозного отделения. Эти годы 5 граждане арестовано отделением НКВД ст. Казалинска, постановлением ОДТОГУТБ НКВД от 3 октября 1937 года, привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-7 и 82 УК РСФСР. Постановлением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 1 ноября 1937 года осуждены к высшей мере наказания — расстрелу: Д. П. Фатеев-Борисов, Крылов Е. А., Витращак М. В., Ляпин Ф. Г., Баев Я. Л.— на 10 лет тюремного заключения.

Постановлением президиума Кзыл-Ординского областного суда от 9 июля 1960 года, постановление тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 1 ноября 1937 года по делу Фатеева-Борисова Д. П. отменено, и дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления. Протест областного прокурора удовлетворен, по суду он считается реабилитированным. По таким же мотивам реабилитированы: Крылов Е. А. — 2 августа 1989 года. Витрищак М. В. — 22 июня 1966 года, Ляпин Ф. Г.— 4 сентября 1989 года, Баев Я. Л.— 2 августа 1989 года.

## V

ҚАРАЙҒЫРОВ Әжмәмбет — Қазалы ауданы, № 14, Октябрь ауылдық кеңесінде 1876 жылы туған, бай болған, шала сауатты, БКП(б) мүшелігінен 1927 жылы өздігінен (механически) шығып қалған, 1927 жылы Алаш ордашылар съезіне қатысқан, Байтұрсыновпен, Мыржақыповпен байланыста болған, бірнеше жыл болыс болған, сотталған, 1931 жылы түрмеден қашып шыққан. Қызы — Қарайғырова Күлша.

УӘЛИЕВ Өтен —№ 14, Октябрь ауылдық кеңесінде 1898 жылы туған, әкесі бай, болыс болған, өзі де бай, шала сауатты, партияда жоқ. 1933 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес 10 жылға сотталған, жаза мерзімін өтемеген. 1936 жылы көп әйел алғаны және малды көп өлтіргені үшін екінші рет қамалған, ісі сот арқылы қысқарған. Қашқан қарақшыларға колхоздың құнарлы жерлерін бөліп берген. Әйелі — Жібек, балалары — Әлібай, Саржан, Валиль.

БОГАШЕВ Суханберді —№ 11, Октябрь ауылдық кеңесінде 1870 жылы туған, ірі бай болған, 1928 жылы мал-мүлкі тәркіленген 10 жылға сотталған, түрмеден қашып шыққан, шала сауатты, партияда жоқ. 1931 жылы Асан қарақшыларының басшысы болған, сол үшін 5 жылға жер аударуға сотталған. Баласы — Қоныс, Әлжан, Бекет, Қияс.

ҚЫЗЫЛБАЕВ Жұмағұл —№ 14, Октябрь ауылдық кеңесінде 1897 жылы туған, ірі байдың баласы, өзі де бай, сауатсыз, партияда жоқ. 1930 жылы Асан қарақшыларының көтерілісіне қатысқан, сол үшін 1932 жылы 3 жылға сотталған, қуғыннан қашып тығылған. Әйелі — Барта, балалары — Әзілхан, Нукур.

Айыптау қорытындысы бойынша: жоғарыда аттары аталған азаматтар колхозшылар арасында үнемі контрреволюциялық жеңіліс үгітін жүргізген. 1937 жылдың қаңтар айында Қарайғыров, Боташев, Уәлиев, Қызылбаев колхозшылар арасында жаңа Конституцияға байланысты партия мен үкімет басшыларының адресіне жаман сөздер айтып, балағаттап, тіл тигізген, колхоздарда өкімет тарапынан адамдарды қанау, тонау бар, Кеңес өкіметі құлайды деп провокациялық лақаптар таратқан, колхозшылар арасында колхоздан шығып, басқа аудандарға көшіп кету туралы үшін жүргізген. Социализм өмір сүріп тұрған жоқ, оны Кеңес өкіметі құра алмайды, ал конституцияда ол жазылған, газеттер өтірік жазады деп әңгіме айтқан.

1937 жылдың наурыз айында колхозшылар арасында колхоздан шығып, басқа ауданға көшіп кету туралы үгіт жүргізіп, көктемгі егіс жұмысына нұқсан келтірмекші болған. Солардың үгітімен 1936 жылдан 1937 жылға дейін колхоздан 20 үй басқа ауданға көшіп кеткен. Бұл контрреволюциялық топ 1937 жылғы көктемде осы топтың мүшесі, ауылдық кеңестің хатшысы Уәлиев арқылы 50 үйге жуық қашып-пысып жүрген байларды № 14 ауылға қоныстандырып, оларға колхоздың тәуір, құнарлы жерлерін бөліп берген. 1937 жылдың 25—27 тамызында Қызылбаев колхозшылар арасында контрреволюциялық ұлтшылдық пиғыл таратып, контрреволюциялық ұлтшылдық, фашистік жолды мақұлдап, фашистік партия мен оның диктатурасын мадақтаған, СССР-да жаппай тұтқындау және ату туралы провокациялық лақаптар таратқан. Міне осы айыптары үшін Қарайғыров Әжмәмбет, Уәлиев Өтен, Боташев Суханберді, Қызылбаев Жұмағұл Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 17 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қазандағы қаулысымен:

Қарайғыров Әжмәмбет, Боташев Суханберді — ең жоғарғы қылмыстық жаза — атуға сотталып, ол үкім 1937 жылғы 1 қарашада сағат 23-тен 45 минут өткенде жүзеге асырылған.

Осы қаулымен Уәлиев Өтен мен Қызылбаев Жұмағұл — әрқайсысы 10 жылдан концлагерьге сотталған.

Қызылорда облыстық соты президиумының 1958 жылғы 16 тамыздағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің 1937 жылғы 20 қазандағы бұл 4 азамат жөніндегі қаулысы бұзылып, оларға тағылған айыптың анықталмағаны үшін іс мүлдем қысқарған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бөлімінің 1995 жылғы 24 қарашадағы қорытындысымен бұл 4 азамат Қазақстан Республикасы Президентінің

1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

VI

**ПЕРШИН** Иван Аникеевич — родился в 1875 году в гор. Казалинске, до ареста работал в колхозе «Новый свет» этого же района;
**ПЕРШИН** Игнатий Аникеевич — родился в 1885 году в гор. Казалинске, до ареста проживал в колхозе «Новый свет», был колхозником.
Оба гражданина-братья арестованы и обвинены по ст. 58 УК РСФСР. Их обвинило районное отделение НКВД Казалинского района. По постановлению тройки УНКВД по Южно-Казахстанской области 15 сентября 1937 года Першин И. А., Першин И. А. — осуждены к высшей мере наказания — расстрелу.
ПО постановлению областного прокурора от 6 июня 1989 года полностью реабилитирован Першин Иван Аникеевич, 30 июня 1989 года Першин Игнатий Аникеевич . По суду они считаются реабилитированными.

VII

**НҰРМҰХАМБЕТОВ** Қазыбек — Қазалы ауданында 1912 жылы туған, қамауға алғанға дейін Ақтөбе қаласында тұрған, химиялық комбинатта табельщик болып істеген;
**ТҰРЫМОВ** Тілеген — Қазалы ауданының № 6 ауылында 1887 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда малшы болған;
**ТҰРЫМОВ** Жалғас —№ 6 ауылда 1902 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда малшы болған.
Бұл 3 азаматқа қарсы қылмыстық іс қозғалып, Қазалы аудандық НКВД бөлімі қамауға алған. Оларға қоғам дәулетіне суық қолдарын сұғады, совет өкіметіне қарсы үгіт жүргізеді деген айып тағылған. Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 18 қыркүйектегі қаулысымен: Нұрмұхамбетов Қазыбек, Тұрымов Тілеген — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, Тұрымов Жалғас —10 жыл түрме жазасына сотталған.
Қызылорда облыстық прокурордың қаулысымен: Нұрмұхамбетов Қазыбек —1989 жылғы 29 маусымда, Тұрымов Тілеген —1989 жылғы 2 тамызда, Тұрымов Жалғас —1989 жылғы 2 тамызда толық ақталған.

VIII

**МОЧАЛОВ** Сергей Андреевич — родился в 1912 году в гор. Харбине, Северной Манчжурии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал слесарем депо;
**ЩЕРБИН** Петр Самсонович — родился в 1888 году в селе Поповка, Покровского района, бывшей Полтавской губернии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал стропальщиком депо;



**АНТИПИН** Инокентий Андреевич — родился в 1890 году в селе Кайманово, Усть-Куцкого района, бывшего Восточно-Сибирского края, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал маляром пятого вагонного участка;
**КУЗНЕЦОВ** Дмитрий Васильевич — родился в 1898 году в дер. Ильинская, Воткинского района, бывшего Кировоградского края, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал зав. ларьком райтрансторгпита;



**ПРОВАЦКИЙ** Анатолий Игнатьевич — родился в 1888 году в гор. Чита, Забайкальской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал ст. бухгалтером конторы материального снабжения станции;
**ЕРЕМЕНКО** Поликарп Федорович — родился в 1894 году в селе Жариково, бывшей Ханьканской волости, Никольско-Уссурийского уезда, до ареста проживал на разъезде Сартугай Оренбургской железной дороги, работал бригадиром седьмого околодка 12-ой дистанции службы пути;



**ЛАПШИН** Алексей Львович — родился в 1906 году в гор. Новосибирске, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал товарным кассиром станции;
**ЛАПШИН** Федор Михайлович — родился в 1880 году в Скопинском районе, Московской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал старшим кондуктором;



**ПАХОМЕНЬКО** Николай Васильевич — родился в 1913 году на ст. Сарту, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал электромонтером депо;
**МАЛЬЦЕВ** Мойсей Гаврилович — родился в 1900 году в гор. Зюмзя, Северно-восточного края, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал помощником машиниста депо;

**ФЕДОСЕЕВ** Андрей Евстафьевич — родился в 1890 году в селе Евсеево Иркутской губернии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал помощником машиниста депо;

**ФЕДОСЕЕВ** Василий Андреевич — родился в 1914 году в селе Евсеево бывшей Иркутской губернии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал слесарем депо;

**КАПУСТИН** Михаил Митрофанович — родился в 1900 году в селе Книшева, Полтавской губернии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал бухгалтером конторы паровозного депо.

Все эти 13 граждане арестованы постановлением комиссии НКВД и прокуратуры СССР, возбуждены уголовные дела по ст. УК РСФСР 58—4, 6, и 11. Их обвинили, что они систематически занимались растранжированием госимуществ, допустили развал в деятельности железной дороги и ее учреждений. Постановлением комиссии НКВД и прокуратуры СССР от 20 декабря 1937 года осуждены все 13 граждан — к высшей мере наказания — расстрелу.

По протесту военного прокурора Приволжского военного округа, Военный трибунал Приволжского военного округа 3 июля 1958 года принимает определение об отмене всех дел по отношению выше названных 13 граждан, в силу п. 5 ст. 4 УКП РСФСР прекратил производством за отсутствием состава преступления в их действиях. Протест военного прокурора Приволжского военного округа удовлетворен. Все они полностью реабилитированы.

## IX

**ТАРАСЕВИЧ** Игнат Андреевич — родился в 1899 году в дер. Величковичи, Старобинского района, Польша, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал пильщиком строительного участка шестого паровозного отделения;



**СТАНКЕВИЧ** Петр Игнатьевич — родился в 1909 году в селе Кузевичи, бывшей Винницкой губернии, до ареста проживал в Новоказалинске, работал главным бухгалтером конторы шестого паровозного отделения станции.



Постановлением 6-го отделения ДТО ГУГБ УНКВД по Оренбургской области от 23 августа 1937 года арестован и возбужден уголовное дело по ст. 58—6, 11 Тарасевич Игнат Андреевич, от 13 сентября 1937 года — Станкевич Петр Игнатьевич. По постановлению НКВД и Прокурора СССР от 16 декабря 1937 года осуждены Тарасевич Игнат Андреевич, Станкеевич Петр Игнатьевич к высшей мере наказания — расстрелу. В тот же день приговор был приведен в исполнение.

Определением Военного трибунала Белорусского военного округа от 1 октября 1957 года — постановление комиссии НКВД и прокурора СССР от 16 декабря 1937 года в отношении Тарасевича Игната Андреевича и Станкевича Петра Игнатьевича отменено и дело прекращено за отсутствием состава преступления. Протест зам. Генерального прокурора СССР на постановление комиссии НКВД и прокурора СССР удовлетворен. Они реабилитированы в 1957 году.

## X

**МАЛИМОНОВ** Андрей Иванович — родился в 1915 году в пос. Морса, Каширинского района, Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал инструментальщиком вагонного участка;

**УХОВ** Порфирий Осипович — родился в 1892 году в Оренбурской области, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал бухгалтером буфета;

**КУЧЕРОВ** Петр Васильевич — родился в 1903 году в Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал возчиком райтранспорта;

**ТОЛСТОВ** Иван Павлович — родился в 1898 году в Западно-Казахстанской области, до ареста проживал на ст. Камышлы-Баш, работал рабочим трансторгпита;

**МАЛИМОНОВ** Иван Евтеевич — родился в 1894 году в Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал инструментальщиком вагонного депо;

**ГУЖИКОВ** Алексей Михайлович — родился в 1917 году в Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал слесарем вагонного депо;

**НУЦИКОНЬ** Михаил Романович — родился в 1907 году в гор. Каменец-Подольске, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал осмотрщиком вагонов;





**БИКЕЕВ** Платон Федорович — родился в 1899 году в селе Ярыково, Кубышевской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал кочегаром депо;



**ВОЛКОВ** Дмитрий Николаевич — родился в 1892 году в дер. Агарьевски, Сызранского района, Куйбышевской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал продавцом стройучастка паровозного хозяйства.

Эти 9 граждане постановлением ОДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинск арестованы в августе-декабре 1937 года, возбуждены уголовные дела по ст. 58—10 УК РСФСР. Их обвинили, что они разбазаривали госимуществ и т. д. Постановлением тройки при УНКВД по Оренбургской области от 18 декабря 1937 года выше названные 9 граждане осуждены по 10 лет в концлагерь. Постановлением ДТО НКВД Оренбургской железной дороги от 14 июля 1939 года-постановление тройки УНКВД по Оренбургской области от 18 декабря 1937 года в отношении Малимонова А. И. отменено как неправильное и дело дальнейшим производством прекращено, и он освобожден из заключения в концлагерь.

Постановлением Президиума Оренбургского областного суда от 3 ноября 1958 года — постановление тройки УНКВД Оренбургской области в отношении Бикеева П. Ф. Волкова, Д. Н. отменено, дело производством прекращено отсутствием состава преступления. Протест прокурора области удовлетворен.

Прокурором Кызылординской области полностью реабилитированы: Ухов П. О.—2 августа 1989 года, Кучеров П. В. —9 июля 1991 года, Толстов И. П.—4 сентября 1989 года, Малимонов И. Е.—2 апреля 1991 года, Гужиков А. М.—11 февраля 1991 года, Коцуконь — М. Р.—31 августа 1989 года.

В заключении отдела реабилитации репрессированных граждан Генеральной прокуратуры Республики Казахстан от 28 февраля 1997 года отмечено, что по материалам дел вины вышеназванных граждан в совершении преступления не доказаны. На них распространяется Закон Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых репрессий» от 14 апреля 1993 года, и они полностью реабилитированы.

## XI



**МОЧАЛОВ** Иван Андреевич — родился в 1901 году в гор. Новосибирске, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал техником льдопункта;



**ЛЫСКОВ** Николай Александрович — родился в 1914 году в гор. Елабуга, Вятской губернии, до ареста проживал в гор. Казалинске;



**МИШЕНИН** Терентий Алексеевич — родился в 1887 году в селе Пугачеве, бывшей Курской губернии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал завхозом средней школы;



**ФИЛОНЕНКО** Александр Иванович — родился в 1915 году в гор. Владивостоке, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал слесарем депо;

**ВАСИЛЬЕВ** Иван Корнеевич — родился в 1909 году в селе Пешкова, Тургайского района, Кустанайской области, до ареста проживал на ст. Тугуз Оренбургской железной дороги, работал ремонтным рабочим разъезда № 78;



**НОСКОВ** Карп Автономович — родился в 1896 году в дер. Дгубасы, Очерского района, Свердловской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал бригадиром 10-го околодка 11-ой дистанции службы пути;



**ОБРЕЗКОВ** Алексей Григорьевич — родился в 1906 году на ст. Бухаду КВЖД, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал слесарем депо;

**ЯРЫШЕНКО** Марк Ефимович — родился в 1889 году в Васильевском уезде Киевской губернии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал составителем поездов;

**МАНАКОВ** Гаврил Семенович — родился в 1881 году в дер. Исаево, Малмызского уезда Вятской губернии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал ветфельдшером;



**ИВАНОВ** Николай Григорьевич — родился в 1905 году в гор. Харбине, Северной Манчжурии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал шофером 11-ой дистанции службы пути;

**ДЕРЕЛЯК** Терентий Иосифович — родился в 1884 году в селе Юридовка, Каменец-Подольской губернии, до ареста проживал на ст. Джусалы, работал слесарем 12-ой дистанции пути, по национальности — поляк;



**СЮЛЬКИ-НОГАЙ** Владимир Васильевич — родился в 1914 году на ст. Чжалантунь, Северной Манчжурии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал электромонтером депо. Постановлением ДТО ГУГБ НКВД ст. Казалинска 14 июля 1937 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58—4, 6, 7, 9, 11 на Носкова Карпа Автономовича, 30 сентября 1937 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58—4, 6, 9, 11 УК РСФСР на Филоненко Александра Ивановича, 1 октября 1937 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58—4, 6, 9, 11 УК РСФСР на Иванова Николая Григорьевича, 2 октября 1937 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58—6, 9, 11 УК РСФСР на Мишенина Терентия Алексеевича, 5 октября 1937 года арестованы и возбуждены уголовные дела по ст. 58—1 «а», 9, 11 УК РСФСР на Мочалова Ивана Андреевича, Обрезкова Алексея Григорьевича.



10 октября 1937 года арестованы и возбуждены уголовные дела по ст. 6, 8, 9, 11 УК РСФСР на Васильева Ивана Корнеевича, Лыскова Николая Александровича, Дереляк Терентия Иосифовича, Сюльки-Ногая Владимира Васильевича,

5 ноября 1937 года арестованы и возбуждены уголовные дела по ст. 58—6, 7, 11 УК РСФСР на Манакова Гаврила Семеновича, Ярышенко Марка Ефимовича.

Постановлением комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года осуждены все выше названные 12 граждан к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Приволжского военного округа — постановление комиссии НКВД и Прокурора СССР от 25 декабря 1937 года отменено и дело прекращено за отсутствием состава преступления и полностью реабилитированы:

8 апреля 1958 года — Дереляк Терентий Иосифович,

5 июня 1958 года — Иванов Николай Григорьевич, Носков Карп Автономович, Обрезков Алек-

сей Григорьевич, Сюльки-Ногай Владимир Васильевич.
23 июля 1959 года — Васильев Иван Корнеевич, 21 августа 1957 года — Манаков Гаврил Семенович, Лысков Николай Александрович, Мочалов Иван Андреевич, Мишенин Терентий Алексеевич, Филоненко Александр Иванович.
Прокурором Кзыл-Ординской области 21 августа 1991 года полностью реабилитирован Ярышенко Марк Ефимович.

## XII



**БУТАКОВ** Андрей Григорьевич — родился в 1895 году в гор. Аскин Уфимской губернии, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал столяром НЖЧ станции;
**МИХАЙЛОВ** Константин Алексеевич — родился в 1895 году в селе Болейки, Новосергеевского района, Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал плотником пятого участка вагонного депо;
**МОРГУНОВ** Яков Васильевич — родился 1896 году в селе Корнеевки, Алексеевского района. Куйбышевской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал смазчиком пятого вагонного участка;
**ПРИМАК** Иван Тимофеевич — родился в 1893 году в пос. Новороссийск, Новороссийского района, Актюбинской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал кузнецом 11-ой дистанции станции.
Этих 4-х граждан Казалинское отделение НКВД обвинило по ст. 58 УК РСФСР, арестовало их 5 октября 1937 года. Обвинило, что они действовали контрреволюционно, разложили деятельности железной дороги. Решением тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области осуждены: 25 декабря 1937 года к высшей мере наказания — расстрелу Бутаков А. Г., а Михайлов К. А., Моргунов Я. В., Примак И. Т.— по 10 лет тюремного заключения каждый (концлагерь) .
Определением Военного трибунала Приволжского военного округа от 5 августа 1958 года постановление тройки в отношении А. Г. Бутакова отменено и дело прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора при Военного округа удовлетворен. Михайлов К. А., Моргунов Я. В., Примак И. Т. так же реабилитированы по этому постановлению Военного трибунала Приволжского военного округа.

## XIII

**ПҮСЫРМАНОВ** Есет — Қазалы қаласында 1877 жылы туған, бай, молда баласы, өзі де бай болыс болған, шала сауатты, партияда жоқ, Қазалы аудандық транспорт тамақтану сауда мекемесінде көкөніс өнімдерін қабылдаушы болып жұмыс істеген;
**БАЙТҮРОВ** (Байтураев) Жұмабек — Қазалы ауданың Қарашеңгел ауылдық кеңесінде 1873 жылы туған, бай баласы, өзі де бай болған, уезд басқармасы бастығының адъютанты, полицей болған, партияда жоқ, Қазалы аудандық су шаруашылығы мекемесінде десятник болып жұмыс істеген. 1919—1920 жылдары Алашорда, Колчак армиясы қатарында болған;
**ПҮСЫРМАНОВ** Әшірбай — Қазалы қаласында 1889 жылы туған, бай, молда баласы, партияда жоқ, Қазалы аудандық транспорт тамақтану сауда мекемесінде дайындаушы болып жұмыс істеген;



**БАУБЕКОВ** Нұржан — Қазалы қаласында 1895 жылы туған, 1924 жылдан 1926 жылға дейін БКП(б) мүшесі болған, контрреволюциялық жұмысқа қатысқаны үшін партиядан шығарылған, білімі ортадан төмен, Қазалы аудандық оқу бөлімінде мектеп инспекторы болып істеген. 1933 жылы ОГПУ НКВД органы арқылы ұсталып, РСФСР ҚК 58 бабының 11 тармағымен 3 жылға сотталған, Қарағанды лагерінде жазасын өтеп, 1935 жылы аулына оралған;
**БЕКЕТАЕВ** Сыдық — Қазалы қаласында 1876 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Казторг» мекемесінде статист болған.
**ЕСМӘМБЕТОВ** Әбубәкір — Қазалы қаласында 1879 жылы туған, бай баласы, білімі ортадан төмен, партияда жоқ, Қазалы «Промобьединение» мекемесінде хатшы-кассир болып жұмыс істеген. Ақтар армиясының қатарында болып, әскери чиновник атағын алған, 1919 жылы Астрахань қаласына әкімгершілікпен қоныс аударылған, одан 1920 жылы қайтып оралып, Қазалыға келген. 1932 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, өзі ОГПУ арқылы валюта алғаны үшін ұсталып, 1933 жылы 3 жылға сотталған.
Бұлар өзара тығыз байланысып, 1920 жылы ұйымдасқан контрреволюциялық-ұлттық ұйым мүшелері болған, олар колхозшылар арасын іріткілік салу мақсатында үгіт жүргізіп, оларды колхоздан шығуға шақырған, соғыс туралы провакациялық суық хабарлар таратқан, байларды қолдап, оларға барлық көмекті жасаған, Қазақстанда Кеңес өкіметін құлатып, буржуазиялық ұлттық өкімет құру мақсатында жауыздық жұмыстар жүргізген, халық жаулары болып саналғандармен тығыз байланыс жасап, оларды контрреволюциялық жауыздық, дұшпандық тапсырмалар алып отырған, үкімет пен партияның жүргізіп отырған шараларына, Сталиндік конституцияға қарсы шығып отырған,— деп айып тағып, Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 29 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР

ҚК 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.
Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен: Пүсырманов Есет, Есмәмбетов Әбубәкір, Байтұров Жұмабек — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, Баубеков Нұржан, Бекетаев Сыдық, Пүсырманов Әшірбек — әрқайсысы 10 жылдан концлагерьге сотталған. Алғашқы үшеуі 1937 жылғы 15 желтоқсанда, сағат 24-те атылған.
Қызылорда облыстық сотының Президиумының 1957 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қарашадағы осы 6 азамат жөніндегі қаулысы бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. Қызылорда облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.
Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 30 мамырдағы қорытындысымен — Пүсырманов Есет, Есмәмбетов Әбубәкір, Байтұров Жұмабек, Баубеков Нұржан, Бекетаев Сыдық, Пүсырманов Әшірбек — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы бойынша толық ақталған.

## XIV

**БЕКЕТОВ** Қияш — Қазалы ауданының № 14 ауылы, «Октябрь» колхозында 1887 жылы туған, негізі бай, сауатсыз, партияда жоқ, 1931 жылдан 1934 жылға дейін дауыс беру хұқығынан айырылған, үйлі-жайлы;
**САЙЫМОВ** Жамет —№ 14 ауыл, «Октябрь» колхозында 1898 жылы туған, негізі бай, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы, 4 баласы бар.
Бекетов Қияш пен Сайымов Жаметтің түпкі негіздері атақты бай, болыс тұқымынан. Қ. Бекетовтың әкесі өткен патша үкіметі уақтысында бірнеше жыл болыс болып, байлық дәуірін өткізген. Баласы әкесінің байлық және болыстық тәрбиесін көрген, соның байлық рухында тәрбиеленген Қияш Бекетов әкесі өлгеннен кейін оның орнына бірнеше жыл болыс болып тұрып, жұртшылықты дегеніне пайдаланған. Бұрынғы байлық, болыстық және кісі еңбегімен пайдаланған дәуірлер естерінен кетпеген Қ. Бекетов пен Ж. Сайымов өздерінің негізгі тап жаттықтарына тартып, кеңес өкіметінің жолына, партияның саясатына риза болмай, басшылыққа және колхоз құрылысына қарсы болып, 1930—1931 жылдары Қазалы ауданының 12, 13, 14 ауылдарынан үкіметке қарсы көтеріліс жасаған Асан көтерілісіне қатысқан. Үкіметтің дұшпаны, қарақшылардың ішінде сенімді адамдар болуларымен қатар Бекетов ол қарақшылардың қатарының өте сенімді «уәзірі» болып, Сайымов солардың бір деген сенімді адамы болып қызмет атқарған. Үкімет пен партияның жаулары ретінде, қарақшыларға қосылып, олардың белгілі адамдары болудағы мақсаттары — қарақшыларға қосылып, колхоз құрылысына қарсылық көрсету, үкіметке қарсы оқ атып, капиталистік — байлық дәуірді қайтарып алу болған. Бірақ қарақшылардың ол мақсаттары орындалмай, ұйымдасқан жаулар талқандалып, қарақшылардың бастаушылары қолға түскенде Сайымов бірге ұсталып, артынан белгісіз жағдайлармен босанған. Бекетов Қияш ұстатпай, Қарақалпақстанға қашып кетіп, 1934 жылы қайтып келіп, Қазалының № 14 ауылындағы «Октябрь» колхозына мүше болып кірген.
Бұрынғы байлықтары мен жұртшылықты қанағандары естен кетпеген және үкімет пен партияның жолына түскісі келмеген Бекетов пен Сайымов колхоз ішінде отырып, жұртшылықтың арасында түрліше үгіттер таратқан, колхозшыларды бір-біріне қарсы қойып, зиянкестік әрекеттер істеген. Сол мақсатпен Бекетов НКВД органы арқылы өткен жылы халық жауы болып әшкереленген өздерінің жақыны Боташевті жергілікті кеңес, колхоз төреағаларынан көріп, сол ауылдағы активтердің үстінен материалдар жинау үшін және соларға жала жабу әрекетін көздеп, Сайымовтың кеңесімен өздерінің қарақшыларға қатысқанда қолдарына алған мылтығын колхоз төрағасы Нұрпейісовтың жұртына көміп, ол мылтықты сонікі деп айту үшін жұртшылықты азғырып, колхозшылардың арасында үгіт жүргізген. Сайымов пен Бекетовтің бұл әрекеттері мен үгіттері жұртшылыққа сезілгеннен кейін олар колхозшылардың жалпы жиналысының қаулысымен колхоздан шығарылған.
Колхоздан шығуына наразылық көрсеткен Бекетов колхозшылар арасында наразылық туғызу мақсатында және соларға кеңес өкіметін жек көрсету мақсатында өзі колхоздан шыққаннан кейін колхозшылар арасында Бекетов: «Үкімет жас балалардан басқалардың барлығын тұтқынға алатын болыпты, бұдан былай колхозда еңбек етудің түкке қажеті жоқ, тұтқынға түспеудің қамын жасау үшін азық-түлік, киім-кешек және басқа саймандарды дайындау керек. Аудандық НКВД мен заң орындарының адамдары колхоздан адам қоймай шетінен тұтқынға алып жатыр. Енді бастың қамын жасамай отыруға болмайды. Оқушылардан басқамыз тегіс тұтқынға алынамыз деп үкіметке қарсы сөздер айтып, колхозшылар ішінде өтірік-өсек таратып, жұртшылықты үкімет пен партияға наразы етпек болған.
Өзінің бұл қылмысты әрекеттеріне, үкіметке қарсы, колхоз құрылысына қарсы істеріне қанағаттанбаған Бекетов 1937 жылдың желтоқсан айының 7 күні ауылдық сайлау учаскесінде СССР Жоғарғы кеңесінің сайлауы туралы болған митингіге қатысқан сайлаушылар тарқағаннан кейін Бекетов бірнеше сайлаушылардың арасында: «колхозшыларға тек ғана тең, төтенше, жалпыға бірдей және жасырын сайлау деп жұртшылықты босқа жинап, үкімет әуре етіп жүр. Жоғарғы Кеңеске депутат ететін адамдарын үкімет әлдеқашан сайлап қойған, жасырын сайлау деген өтірік» деп жұртшылықтың үкіметке сенімділігін жою мақсатымен сайлаушылар арасында теріс түсінік таратып, үгіт жүргізген.

Бекетов пен Сайымов колхоз құрылысына өздерінің қашаннан бейімделмей келулерінің арқасында колхозға жұмыс істемей, тек ғана мүше болу мақсатымен колхозға жорта кірген. Жұртшылық арасында өлең-термелер айтып, үкіметке қарсы байлар мен молдаларды сипаттап, партияны жамандап, өлендер айтқан.

Құлақ сал бұл сөзіме әй алашым,
Бұл сөзім алты алашты араласын.
Қуылатын күйге келіп ілінгенсін,
Алтайды тасалап жүр тау жырасын.
Қарқылдап қара қарға шалықтап жүр,
Аққудың есіттірмей ауазасын.
Ақ иық мұзды балақ қайбыртып жүр,
Меңгеріп көлдің құсын қара лашын.
Заманның заңы өзгерген уақытында
Құл билеп басқарып жүр хан қожасын.

Бұл өлеңді Бекетов пен Сайымовтар колхозшылар арасында бірнеше рет айтып, жыраулық істеп, колхозшылардан алымдар алған.

Осы қылмыстары үшін Бекетов Қияш пен Сайымов Жамет Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 10 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 1938 жылдың 27 сәуірінде аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылып, ҚК 208 бабының тәртібіне лайық одан арғы қозғалысы үшін Қызылорда облыстық прокурорына жіберілген. Облыстық прокурордың сол жылғы 5 шілдедегі қаулысымен және облыстық соттың арнаулы коллегиясының дайындау мәжілісінің үйғаруымен айыптау қорытындысы бекітілген.

Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 21 шілдедегі үкімімен: айыпкерлер Бекетов Қияш, Сайымов Жамет әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқығын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 17 қазандағы үйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырған, сотталушылардың шағым арыздары аяқсыз тасталған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының аға заң кеңесшісі, бақылау ретінде Бекетов Қияш пен Сайымов Жаметтің қылмысты ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына жолдаған наразылығы бойынша, Бекетов пен Сайымов туралы шығарылған Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы маусым айының 21 күнгі үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы қазан айының 17 күнгі үйғаруын бұзуды, істі олардың әрекеттерінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған.

(Істе мұнан кейінгі мағлұмат жоқ болып шықты).

## 1938 жылы

### І

**ЩЕНЕВ** Иван Полуэктович — родился в 1885 году в Сорочинском районе, Оренбургской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал плотником второй дистанции пути;

**ВОЛКОВ** Федор Николаевич — родился в 1895 году в Куйбышевской области, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал кочегаром локомотивного депо;

**КОСАГОВСКИЙ** Василий Иванович — родился в 1886 году в Московской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал сторожем пекарни;

**УСМАНОВ** Бадритдин Хуснитдинович — родился в 1882 году в Башкирской АССР, до ареста проживал в Новоказалинске, работал токарем депо;

**УСМАНОВ** Сулайман — родился в 1912 году в Башкирской АССР, до ареста проживал в Новоказалинске, работал токарем депо;

**ШӨЖЕНОВ** Жалыбай — Байхожа станциясында 1892 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қазалы станциясында тұрған, путевой обходчик (жол қараушы) болып істеген;

**ҚҰЛСАРИН** Санахулла —№ 18 ауыл, «Қазақстан» колхозында 1889 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қазалы станциясында теміржолшы болып істеген;

**ҚҰЛСАРИН** Ыдырыс — № 18 ауыл, «Қазақстан» колхозында 1900 жылы туған, қамауға алғанға дейін Сексеуіл станциясында кочегар болып істеген;

**АФАНАСЬЕВ** Алексей Васильевич — родился в 1911 году в гор. Казалинске, до ареста работал автоматчиком ст. Казалинск;

**КОНДАКОВ** Яков Осипович — родился в 1879 году в Оренбурской области, до ареста проживал в гор. Казалинске, единоличник;

**ЧЕКРЫКИН** Андрей Иванович — родился в 1873 году в Оренбургской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал кровельщиком депо;

**МАВЛЮТОВ** Усман Хасанович — родился в 1896 году в гор. Касимов Московской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал буфетчиком ст. Казалинск;

**ГАНИН** Михаил Алексеевич — родился в 1899 году в Воронежской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал каменщиком станции;

**ГАНИН** Сергей Алексеевич — родился в 1909 году в Воронежской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал каменщиком станции;

**САТАЛКИН** Роман Григорьевич — родился в 1896 году в Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал поездным мастером;

**ШАЛАЕВ** Иван Михайлович — родился в 1902 году в гор. Казалинске, до ареста работал слесарем вагонного депо;

**МОЛДЫМАНОВ** Әбдімәлік — Қазалы ауданы, № 100 разъезде 1896 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда стрелочник болып істеген;

**ШАЛАЕВ** Александр Николаевич — родился в 1901 году в Оренбургской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал слесарь-вагонщиком депо;

**БУЛАНИН** Зиновий Евлампьевич — родился в 1909 году в Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал слесарем вагонного депо;

**ҚҰСМӘМБЕТОВ** Ақнияз — Қазалы станциясында 1899 жылы туған, қамауға алғанға дейін вагон депосында слесарь болған;

**ШАЛАЕВ** Борис Николаевич — родился в 1903 году в гор. Казалинске, до ареста работал слесарем вагонного депо;

**НАУМОВ** Иван Прокофьевич — родился в 1907 году в Покровском районе, Оренбургской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал кладовщиком буфета станции;

**УЗОРСКИЙ** Петр Афанасьевич — родился в 1868 году в Саратовской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал торговцом;

**ПАПАНИН** Иван Афанасьевич — родился в 1868 году в Саратовской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал торговцом;

**БАЙБОСЫНОВ** Елемес — Қазалы ауданы, № 100 разъезде 1900 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда теміржолшы болып істеген;

**СЛАВИН-ТЕВМИЕВ** Вячеслав Михайлович — родился в 1888 году в гор. Ленинграде, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал преподавателем железнодорожной школы;

**СОКОЛОВ-СЕСЕЛКИН** Григорий Петрович — родился в 1897 году в Куйбышевской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал стрелочником;

**ВОЛКОВ** Андрей Николаевич — родился в 1904 году в Куйбышевской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал плотником НЖЧ-7;

**КИРЯСОВ** Фион Ефимович — родился в 1886 году в Калининской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал плотником депо;

**ШӨЖЕНОВ** Дайрабай — Байхожа станциясында, Түбек ауылында 1891 жылы туған, қамауға алғанға дейін Байхожа станциясында су айдағышқа (водокачка) көмір тасушы болып істеген, ата тегі бай болған.



**ШАРЛАПОВ** Павел Лукьянович — родился в 1893 году в дер. Колесовки, Башмакского района, Куйбышевской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал плотником стройконторы ст. Казалинск;

**БҰХАРБАЕВ** Жәми — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, № 29 ауылында 1905 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қазалы станциясындағы депода слесарь болып істеген;

**ЕСОВ** Сәтбай — Қазалы ауданы, № 15 ауылда 1870 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қазалы станциясында теміржолшы болып істеген.

Бұл 33 азаматтың бәрі ату жазасына сотталғанын ескере отырып, барлығына бірдей ортақ кінәні — Байбосынов Елемес, Молдыманов Әбдімәлік, Шөженов Дайрабай, Құлсарин Ыдырыс, Құлсарин Санақұллаға қарсы тұжырымдалған айыптау қорытындыларын жұртшылық назарына ұсынуды жөн көреміз. Мәселен теміржолда стрелочник болып істеген Байбосынов Елемеске әкесі бай болған, 1929 жылы малмүлкін тәркілеуден қашып, Қызылқұмдағы бандыларға барып қосылған, Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізіп, Ақмырза бандасы талқандалғаннан кейін, № 100 разъезге 1935 жылы жұмысқа кірген, енді ол Байхожа станциясындағы контрреволюциялық, диверсиялық, жауыздық топқа қосылып, диверсиялық әрекеттер жасаған, 1936 жылы жүріп келе жатқан жүк поезын ағытып жіберіп, соның салдарынан екі поезд соғысып қалған, поезд апатын жасау үшін рельс болтын босатып қойған, жұмысшылар арасында совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген деген айыптар таққан. Молдыманов Әбдімәлікке тағылған осы айыптардың үстіне, ол 1930—1931 жылдары БКП(б) қатарынан партия билетін жоғалтуына орай шығарылғаны, 1930 жылы әкесі бай болуы себепті қуғын-сүргіннен қашып, тығылғаны, Ақмырза көтерілісі талқандалғаннан кейін № 100 разъезге келіп паналағаны, осында теміржолшы бола жүріп диверсиялық әрекеттерге бой ұрды деген айыптар тағылады. Темір жолдағы апат та, жұмыстағы кемшіліктер де соның қолымен жасалған делінеді. Ал Шөженов Дайрабай болса, ол теміржол апатына қатыстылығына қоса, Ақмырзаның бандалық тобымен байланыс жасап, оларға Кеңес әскерлерінің бөлімшелері мен жұмысшы отрядтары жайлы үнемі хабарлап отырған, паровоз машинисінің көмекшісін, көтерілісті басуға келген орденді біреуді өлтіруге қатысқан, 1936 жылы бай Молдыманов басқарған контрреволюциялық топқа қосылып, 1937 жылы Байхожа станциясындағы су айдағышты өртеген, соның салдарынан барлық ағаш материалдары жанып кеткен, механикалық бөлшектер пайдалануға жарамсыз болып қалған, 1937 жылы поезд апатын жасау үшін Байхожа № 100 разъезд аралығындағы теміржол рельсінің қосылған жеріне темір тыққан, сонымен қатар Кеңес өкіметіне, Сталиндік конституцияға, ССРО Жоғарғы кеңесінің сайлауына қарсы үгіт жүргізген,— деген айыптар таққан. Осындай айыптар сот орындығына отырған 33 азаматтың бәріне жасына қарай тағылған. Ыдырыс, Санахұлла Құлсариндерге келсек, олар Ақмырза бандыларына қосылып, Совет өкіметін жақтаушыларды аяусыз жәбірлеген деген айыппен бәріне ортақ кінәні онан сайын «қоюлата» түскен. Осындай айыптар сот орындығына отырғызылған 33 «айыпкердің» барлығына да қойылған. Ал орыс теміржолшыларға келсек, олар

поезд апатын қолдан ұйымдастырушылар деп бағалаған.
Қазалы аудандық НКВД бөлімі осы отыз үш азаматтың барлығын да ату жазасына лайық деп қорытынды жасап, оны Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің қарауына өткізген. Сол үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен 33 азаматтың барлығына — жазаның ең ауыры — ату жазасы беріліп, ол орындалған.
По решению Республиканского прокурора реабилитированы: 22 мая 1989 года Щенев И. П. Волков Ф. Н., Косаговский В. И., Усманов Б. Х., Усманов С., 29 июня 1989 года Шөженов Ж., Құлсарин С., Құлсарин Ы., 6 июня 1989 года — Афанасьевич А. В., Кондаков Я. О., 9 июня 1989 года — Чекрыкин А. И., 29 июня 1989 года — Мавлютов У. Х., 6 июня 1989 года — Ганин М. А., Ганин С. А., Саталкин Р. Г., 13 июля 1989 года — Шалаев И. М., 24 августа 1989 года — Молдыманов Ә., 9 июня 1989 года — Шалаев А. Н., 7 августа 1989 года, Шөженов Д., 14 апреля 1989 года — Буланин З. Е., Құсмәмбетов А., Шалаев Б. Н., Наумов И. П., 4 сентября 1989 года — Узорский П. А., Папанин И. А., 24 сентября 1989 года — Байбосынов Е., Славин-Тевмиев В. М., Соколов-Сеселкин Г. П., 5 ноября 1964 года — Волков А. Н., Кирясов Ф. Е.,Шарлапов П. Л.—19 марта 1961 года, Бухарбаев Жами —14 апреля 1933 года., Есов Сатбай —21 декабря 1995 года.

## II

**КИМ ЕН-Хо** — родился в 1905 году, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал преподавателем педучилища;
**ХЕГАЙ САН-ХЕ** (Хе-Сан-Хо) — родился в 1888 году в селе Пуле, Корея, до ареста проживал в колхозе им. Калинина, Казалинского района, работал колхозником;
**ЦОЙ КИ-СЕГИ** — родился в 1908 году в гор. Минчин, Корея, до ареста проживал в ауле № 3 Казалинского района, работал колхозником;
**ЮН-МЕН-СЕК** (он же Ким Мен-Сик)— родился в 1911 году в гор. Сеуле, Корея, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал шофером рыбзавода;
**КИМ НАК** Кю — родился в 1880 году в Китае, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал рабочим-грузчиком районного заготзерно;
**КИМ ХО-ДЮН** — родился в 1909 году в Корее, до ареста проживал в колхозе «Жаңа талап» Казалинского района, работал учителем в школе.
Этих 6-ти граждан корейской национальности, переброшенных из Кореи путем репрессии в 1937 году, Казалинское районное отделение НКВД сразу обвинило за шпионаж, за саботаж в деятельности района и области по ст. 58 УК РСФСР (сразу по трем подпунктам), арестовало их в сентябре 1937 года. Осуждены они тройкой УНКВД по Южно-Казахстанской области 5 октября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу.
Генеральной прокуратурой Республики Казахстан реабилитированы: 15 мая 1989 года — Ким Ен-Хо, Хегай Сан-Хе, Цой Ки-Сеги, 22 мая 1989 года — Юн Мен-Сек, Ким Нак-Хо, 4 августа 1989 года — Ким Хо-Дюн.

## III

**БАЙШОРАЕВА** Күлхан — Қазалы қаласында 1917 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы қалада тұрған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған;
**ЛИСИНА** Ақылжан — Қазалы қаласында 1910 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол қалада тұрған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған;
**ҚҰЛБАЕВА (РҮСТЕМОВА)** Гүлсім — Көкшетау қаласында 1915 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қазалы қаласында тұрған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған.
Қазалы аудандық НКВД бөлімі бұл 3 азаматшаны қоғамдық еңбекпен айналыспады, арамтамақтыққа салынды деп айыптап, қамауға алған. НКВД жанындағы ерекше мәжілістің 1938 жылғы 21 шілдедегі қаулысымен: Байшораева Күлхан, Лисина Ақылжан — әрқайсысы 5 жылдан, Құлбаева Гүлсім —2 жыл түрме жазасына сотталған.
Облыстық прокурор 1990 жылғы 30 қаңтарда бұл үш азаматшаның архивтік құжаттарын қайта қарап, олардың әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, үшеуін де толық ақтаған.

## IV

**КОНОНОВ** Петр Васильевич — родился в 1880 году в Серочинском районе, Оренбургской области, до ареста проживал в Нововказалинске, был служителем религиозного культа;
**ГАНИН** Николай Алексеевич — родился в 1901 году в Тамбовской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал каменщиком;
**ГАНИН** Алексей Никифорович — родился в 1878 году в Тамбовской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал каменщиком;
**КОЛЕСНИКОВ** Павел Федорович — родился в 1899 году в Куйбышевской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал десятником — кладовщиком;
**ПОЛОСАТКИН** Николай Васильевич — родился в 1882 году в Исенском районе Пензенской области, до ареста проживал в Новоказалинске, работал экспедитором райтрансторга.
Против этих 5 граждан УНКВД по Оренбургской области возбудило уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР, арестовало. Их обвинило, что они ведут антисоветскую пропаганду, стремятся подрывать основу экономики и т. д. Осуждены тройкой УНКВД по Оренбургской области 22 апреля 1938 года: Кононов П. В., Ганин Н. А., Ганин А. Н., Колесников П. Ф.— к высшей мере наказания — расстрелу, Полосаткин Н. В.— к 10 годам тюремного заключения.
Они полностью реабилитированы: Кононов П. В.—2 августа 1989 года, Ганин Н. А.— 9 августа 1989 года, Ганин А. Н., Колесников П. Ф. —7

августа 1989 года, Полосаткин Н. В.—4 августа 1989 года.

V

**ПАК ДИ-ЧУН** — родился в 1905 году в Корее, до ареста проживал в колхозе «Жанаталап» Казалинского района, был колхозником;
**ПАК ЧЕН-СЕК**—(Пак Чен-Шек) — родился в 1912 году в Корее, до ареста проживал в колхозе «Куланды», работал водителем;
**ЛИ МЕН-СЕ** — родился в 1904 году в Приморской области, до ареста проживал в колхозе «Авангард» Казалинского района, был колхозником.
Казалинское районное отделение НКВД арестовало этих 3 граждан в сентябре 1938 года, возбудило уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены особой тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 29 сентября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу Пак Ди-Чун, Пак Чен-Сек, Ли Мен-Се.
По протесту областного прокурора, президиум областного суда полностью реабилитировал: Ли Мен-Се —8 сентября 1964 года, Пак Чен Сек —22 мая 1989 года, Пак Ди Чун —6 июня 1989 года.

VI

**ТЕН ХВАР** — родился в 1907 году в гор. Пук-Чен, Корея, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал учителем;
**КИМ ХЕН-ДИН** (Ким Дон-Хун)— родился в 1890 году в Корее, до ареста проживал в Казалинском районе, работал колхозником.
Казалинское районное отделение НКВД их арестовало в августе 1938 года, возбудило уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены они тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 5 сентября 1938 года оба к высшей мере наказания — расстрелу.
По протесту областного прокурора, президиум областного суда 6 июля 1989 года реабилитировал Ким Хен-Дина, 30 июня 1989 года — Тен Хвара.

VII

**АНТРОПОВ** Пантелей Петрович — родился в 1889 году в гор. Казалинске, до ареста работал продавцом райтрансторгпита;
**АНТРОПОВ** Василий Петрович — родился в 1894 году в гор. Казалинске, работал осмотрщиком вагонов 6-го вагонного участка.
**ФАЗЫЛАХМЕТОВ** Валимухамет — родился в 1887 году в дер. Татжогул, Кручевской волости, Башкирской АССР, до ареста проживал в Новоказалинске, работал поездным мастером 6-го вагонного участка.
Постановлением ОДТО НКВД ст. Казалинска: от 9 февраля 1938 года арестован Антропов Василий Петрович, от 13 февраля — Антропов Пантелей Петрович, от 11 февраля — Фазылахметов Валимухамет, возбудило против них уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР. Их обвинило, что они нанесли вред деятельности железной дороги, занимаются растранжированием ее имущества. Постановлением тройки при УНКВД по Оренбургской области от 15 февраля 1938 года осуждены: Антропов П. П., Антропов В. П., Фазылахметов В.— к высшей мере наказания — расстрелу.
Постановлением Президиума Оренбургского областного суда от 24 ноября 1958 года — постановление тройки УНКВД Оренбургской области от 15 февраля 1938 года в отношении Антропова П. П., Антропова В. П., Фазылахметова В. отменено и дело о них прекращено за отсутствием в их действиях состава преступления. Протест прокурора Оренбургской области удовлетворен.

VIII

**АХМЕТОВ** Қибай — Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1893 жылы туған, кейін Қазалы ауданы территориясындағы № 105 — Сартоғай разъезінде тұрған, бай баласы, қамауға аларда сол разъезде жұмыс істеген;
**МОЛДАБЕКОВ** Оспан — Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1888 жылы туған, қамауға алғанға дейін № 105— Сартоғай разъезінде жұмыс істеген, бай баласы;
**ОСПАНОВ** Қожайбек — Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1906 жылы туған, қамауға алғанға дейін № 105— Сартоғай разъезінде стрелочник болып істеген, бай баласы;
**ШАЛАЕВ** Берше — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1894 жылы туған, қамауға аларда № 105— Сартоғай разъезінде стрелочник болып жұмыс істеген, бай баласы;
**ШАЛАЕВ** Сұлтанбек — Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1909 жылы туған, қамауға аларда № 105— Сартоғай разъезінде кезекші болып істеген, бай баласы, молдада оқыған;
**ЗАЛҒАРАЕВ** Әбдірахман — Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1916 жылы туған, қамауға аларда № 105— Сартоғай разъезінде стрелочник болып жұмыс істеген;
**БЕКЖАНОВ** Жағатай — Қармақшы ауданы, № 6 ауылда 1905 жылы туған, қамауға алғанға дейін Шошқакөл казармасында тұрған;
**ЗАЛҒАРАЕВ** Наурызбай — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1887 жылы туған, қамауға алғанға дейін № 105— Сартоғай разъезінде аға стрелочник болған;
**ЗАЛҒАРАЕВ** Кәри — Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1914 жылы туған, қамауға алғанға дейін Төретам станциясында мектеп меңгерушісі болып істеген;
**ЕСПЕМБЕТОВ** Назық — Қазалы ауданы, № 17 ауылда 1880 жылы туған, № 105— Сартоғай разъезінде тұрғанда қамауға алынған, бай баласы;
**ДӘНДІБЕКОВ** Әбдірей — Қазалы ауданы, № 1 ауылда 1902 жылы туған, қамауға аларда № 100— Түбек разъезінде жол бақылаушысы болып істеген. 1930 жылы Ақмырза қарақшыларының қатарында болып, Кеңес үкіметіне қарсы күрескен.

Бұл 11 азаматқа: Қызылорда облысында «Мұсылмандардың әскери одағы» атты контрреволюциялық, ұлттық, көтерілісшілдік, диверсиялық ұйым бары 1938 жылы әшкереленген, оның құрамына теміржол жұмысшылары да енген, бұл ұйымды Қазақстанда 1932 жылы бұрынғы халық ағарту комиссары Темірбек Жүргенов құрған, осы ұйымға жоғарыда көрсетілген айыпкерлер де белсенді түрде қатысқан, бұлар № 105 Сартоғай разъезінде, Дерментөбе, Жосалы станцияларында бірнеше диверсиялық, жауыздық әрекеттер жасаған, 1938 жылғы 28 ақпанда Дерментөбе станциясында поездың соғысуын (кручение) жасаған, Кеңес үкіметі мен партияға қарсы контрреволюциялық насихат жүргізіп, қазақ жұртшылығын көтеріліске шақырған листовкалар дайындап, таратқан,— деген айыптар тағылып, Қазалы станциясы ОДТО ГУГБ НКВД бөлімшесі 1938 жылғы 1 тамыз және 5 қыркүйектегі қаулыларымен жоғарыда аттары аталған 11 азаматты тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 9, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартқан.

Қазалы станциясы ОДТО ГУГБ НКВД бөлімшесінің 1938 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен: Ахметов Қибай, Молдабеков Оспан, Оспанов Қожайбек, Шалаев Берше, Еспембетов Назық, Шалаев Сұлтанбек, Залғараев Әбдірахман, Залғараев Наурызбай, Залғараев Кәри, Дәндібеков Әбдірей, Бекжанов Жағатай — қылмысты жауапқа тартарлықтай кіналарын мойындарына қойып бере алмауы себепті қылмыстық іс қозғауды лажсыз тоқтатып, бәрін де қамаудан босатқан.

Жоғарыда аттары аталған азаматтар осы екі аралықта 4—5 айдан түрмеде отыруға мәжбүр болған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 30 сәуірдегі қорытындысымен: Ахметов Қибай, Молдабеков Оспан, Оспанов Қожайбек, Шалаев Берше, Еспембетов Назық, Шалаев Сұлтанбек, Залғараев Наурызбай, Залғараев Кәри —ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

## IX

**ШУРЫГИН** Федор Трофимович — родился в 1898 году в гор. Кузнецка, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал кладовщиком райпотребсоюза;

**МОСЬПАНОВ** Гаврил Варнавович — родился в 1898 году в селе Ввоунас, Донской области, сын кулака, член ВКП(б), до ареста работал председателем Казалинского райпотребсоюза, в 1934 году осужден на 2 года лишения свободы за незаконное расходования хлеба, исключен из рядов партии.

Они обвиняются в том, что являлись участниками антисоветской контрреволюционно-националистической организации и по заданию этой организации они проводят антисоветскую вредительскую деятельность, за что Шурыгин Ф. Т. постановлением 4 отдела УГБ ОУНК по Кзыл-Ординской области от 20 апреля 1938 года арестован, а Мосьпанов Г. В.— арестован постановлением Казалинского РО НКВД от 29 мая —1938 года. Оба привлечены к уголовной ответственности по ст. 58—8, 10, 11 УК РСФСР. Обвиняемые Шурыгин и Мосьпанов уголовно-судебной коллегией Кзыл-Ординского областного суда от 28 октября 1938 года приговорены каждый к 25-ти годам лишения свободы. Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР в своем определении 31 марта 1939 года приговор облсуда отменила со стадией предварительного расследования. Постановлением Следчасти УНКВД по Кзыл-Ординской области от 4 апреля 1940 года — ранее избранную меру пресечения Шурыгину и Мосьпанову содержание под стражей — отменено, арестованные из под стражи освобождены под поручительство. Дело для доследования направлено Казалинскому РО НКВД (Других материалов в деле нет).

По заключению прокурора Кызыл-Ординской области от 30 апреля 1997 года оба полностью реабилитированы.

## X

**БӨЛЕКБАЕВ** Көшім — Қазалы ауданының № 15, Айман арық ауылы, Чапаев атындағы колхозда 1884 жылы туған, әлеуметтік тегі — саудагердің от басынан шыққан, өзі де саудагер, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, әйелі — Жібек, баласы Қуаныш;

**ДОСМӘМБЕТОВ** Қосмәмбет —№ 15, Айман арық ауылы, Чапаев атындағы колхозда 1883 жылы туған, әлеуметтік тегі саудагердің отбасынан шыққан, өзі де саудагер, сауатты, партияда жоқ, 1933 жылы колхоз астығын ұрлағаны үшін 5 жылға сотталған, әйелі — Кіреуке, қызы — Сәлима, ұлдары — Асан, Белтын.

Қазалы ауданында Құдайбергенов пен Досымбетовтың контрреволюциялық жұмысын жүргізіп, Қазақстанды СССР-дан бөліп алып, өз алдына байлар өкіметін орнатпақ болып құрылған ұйымға Бөлекбаев пен Досмәмбетов халық жауы болып кеткен Ісмәмбетов арқылы контрреволюциялық ұйымға 1937 жылғы маусым айынан бастап кірген. Сол контрреволюциялық ұйымға кірген күннен бастап Бөлекбаев 1937 жылғы шілде айында колхозшылар арасында теріс үгіт жүргізген: СССР мен Ауғанстан арасында соғыс болып жатыр, енді колхоз құриды деген. 1937 жылы колхозшылар арасында заем таратқанда колхозшылар арасында теріс үгіт жүргізіп, 6000 сомға жазылатын колхозды 3400 сомға ғана жазған. 1937—1938 жылғы егістіктерге минералдық тыңайтқышқа деп арнаған тыңайтқышты жерге дұрыс септірмей, егістіктің шығуына зиянкестік жасаған. Сонымен Бөлекбаев пен Досмәмбетовтер РСФСР ҚК 58 бабының 10 бабының 11 тармағы бабындағы қылмыс жасаған.

Осы қылмыстары үшін Бөлекбаев Көшім мен Досмәмбетов Қосмәмбет Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 8 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғаған. Тер-

геу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1938 жылғы 18 қыркүйекте шығарылған, оны Қызылорда облыстық прокуроры сол жылғы 30 қыркүйекте бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істерді қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 27 қазандағы үкімімен: айыпкерлер Бөлекбаев Көшім мен Досмәмбетов Қосмәмбет РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы екінші бөлімімен айыпты деп тауып, әрқайсысын 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқығынан айыруға, өздеріне тиісті мал-мүлкін конфискалауға сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Бөлім бастығының 1996 жылғы 28 ақпандағы қорытындысымен Бөлекбаев Көшім мен Досмәмбетов Қосмәмбет Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## XI

**БӘТЕНОВ** Палас — Қазалы ауданының № 1, Майлыбас ауылында 1913 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, Орынбор темір жолы, № 12 жол дистанциясы, 4 околодкада жұмысшы болып жұмыс істеген, 101 разъездің жартылай казармасында тұрған, 1930 жылы жездесі Тусов Ақмырза басқарған байлар көтерілісшілерінің жағында болған. (Түсіпов Ақмырза 1930 жылы өлтірілген) , бұрын сотталмаған, үйленбеген;

**ШӨЖЕНОВ** Марал —№ 1, Майлыбас ауылында 1910 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, Байқожа станциясы, № 12 жол дистанциясы, 4 околодкада жұмысшы болып жұмыс істеген, 1929—1930 жылдары Ақмырза басқарған байлар көтерілісшілерінің жағында болған, 1938 жылдың 12 сәуірінен 25 сәуіріне дейін тұтқында отырған, үйленбеген. Шөженов Маралдың туыстары Дайрабай, Жайлыбай, Шаштыбай Шөженовтер контрреволюциялық әрекеттері үшін НКВД арқылы тұтқындалып кеткен;

**ШӨЖЕНОВА** Жәмила —№ 1, Майлыбас ауылында 1907 жылы туған, ірі байдың қызы, сауатсыз, партияда жоқ, Байқожа станциясында тұрған, Шөженов Дайрабайдың әйелі, Дайрабай 1938 жылы тұтқынға алынып, контрреволюциялық әрекеті үшін ату жазасына сотталған.

Шөженов Марал, Шөженова Жәмила, Бәтенов Палас 1937 жылы Ақмырза қарақшыларының басшылары болған Түсов Торғайдың және Шөженов Шаштыбайдың басшылығымен Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліске дайындық жұмысына белсене қатысқан, контрреволюциялық үгіт жүргізген, өмір сүріп тұрған құрылыстың жақын арада өзгеруі туралы жалған лақаптар таратқан.

1938 жылдың ақпан айында Шаштыбай, Жайлыбай, Дайрабай Шөженовтер тұтқынға алынғаннан кейін бостандықта қалған Шөженова Жәмила, Шөженов Марал және Бәтенов Палас туысқандарының қуғын-сүргінге ұшыраған кегін алу мақсатында контрреволюциялық жұмыстарын жандандырған, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген, Кеңес өкіметі қазақ халқын жазықсыз жаппай жазалауда деген.

Шөженова Жәмиланың үйінде контрреволюциялық жасырын жиын өткізілген. Осындай бір жиында 1938 жылдың 1 наурызында жоғарыда көрсетілген контрреволюциялық топқа қатысушыларды тұтқынға алғаны үшін Кеңес өкіметіне кек сақтауға келіскен. Осы келісім негізінде теміржол транспортында диверсиялық акт дайындаған, рельсті ағыту жолымен поездарды күйретпекші болған. Шөженова Жәмила диверсияға дайындық туралы былай деген: «Бәтенов Палас Әбдіраманов ремонт жүргізіп жатқан жерде поездың күйреуі үшін теміржолды бұзу жөнінде тапсырма берді, сол үшін Әбдірамановты түрмеге жабады. Шөженов Марал Жәкеев Малбағарға түнгі обход кезінде поездың күйреуі үшін темір жол рельсін ажыратып қоюды тапсырған, оған околодканың бригадирі ретінде Әбдіраманов жауап береді, оны міндетті түрде тұтқынға алады».

Осы жиында сол жылғы 1 наурызда қайткен күнде де бірінші кезекте парторг Әбдірамановты құртуға уәделескен. Осы келісімнің негізінде провокациялық, жалақорлық қатынастар жазып, жалған куәлерді таратқан. Террорды және диверцияны жүзеге асыру үшін жол обходчигі Жәкеев Малбағарды сатып алып, осы қылмысты орындағаны үшін оған 5000 сом беруге келіскен. Жәкеев Малбағарға аванс ретінде Шөжеев Марал 100 сом, Шөженова Жәмила 150 сом, барлығы —250 сом берген, бірақ Жәкеев Малбағар қылмысқа бармаған. Шөженов Марал террорлық актіге дайындық туралы былай деген: «біз жол обходчигі Жәкеев Малбағарды үйге шақырдық, Жәмила жиналғандарға палау берді, біз Малбағарға парторг Әбдірамановты өлтіруге ұсындық. Өлтіргені үшін 5000 сом береміз деп уәде бердік».

Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 3 адам Қазалы станциясының ОДТО ГУГБ-ның 1938 жылғы 17 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 8, 9, 17, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі бітіп, айыптау қорытындысы 1938 жылдың 17 тамызында шығарылған.

Приволжье Әскери трибуналының 1938 жылғы 21 қыркүйректегі үкімімен:

— Шөженов Марал —15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқығын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін конфискалауға;

— Шөженова Жәмила мен Бәтенов Палас — әрқайсысы 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқығын жоюға, өздеріне тиісті мүліктерін конфискалауға сотталған. Үкім бұзылмайды, шағым беруге жатпайды делінген.

Қазақ ССР прокурорының бірінші орынбасарының бақылау ретіндегі наразылығы бойынша — Приволжье Әскери трибуналының 1938 жылғы 21 қыркүйектегі Шөженов Марал, Шөженова Жәмила, Бәтенов Палас жөніндегі үкімі бұзылып, олар-

дың әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан, іс өндірістен қысқартылған.

XII

**ӘЛМАҒАМБЕТОВ** Бегәлі — Арал ауданының Аралқұм станциясында 1912 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін Аралқұм станциясында стрелочник болып істеген.
**ӨТЕГЕНОВ** Шонай — Арал ауданы, № 9 ауыл, № 89 разъезде 1913 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін осы разъезде стрелочник болып істеген.
**ЕРМАҒАМБЕТОВ** Қошан — Арал ауданының № 2 ауылында 1910 жылы туған, кейін Аралқұм станциясында туған, шала сауатты, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін Аралқұм станциясында стрелочник болып жұмыс істеген.
Айыптау қорытындысы бойынша: жоғарыда аттары аталған айыпкерлер Аралқұм станциясында ұйымдасып, қасақана үкімет пен партияның саясатына қарсылық көрсеткен. 1938 жылдың ішінде Әлмағамбетов бірнеше рет теміржол қызметкерлерінің арасында өткізіліп жатқан ликбез оқуын таратып жіберген, сол жылы 3 қазан күні әйелдер жиналысына бұл үшеуі мас болып барып таратып жіберген. Соның ішінде Әлмағамбетов пен Өтегенов екеуі үкімет пен партияның басшыларына тіл тигізіп, жаман сөздер айтқан. Сол күні кешке болып жатқан комсомолдардың саяси сабағына барып ұрыс шығарған, сабақты өткізбей, таратып жіберген. Бұл үшеуі ликбез мұғалімдерін, әйелдер жиналысын, комсомол оқуын өткізіп жатқан адамдарды сабаған және оларға қатынасқан бір әйелді, жаңа бір комсомолды сабаған. Үкімет басшыларының портреттерін бүлдірген, кітаптарды далаға лақтырған. Міне осы қылмыстары үшін оларды Қазалы станциясы ОДТОГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 13 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 бабының 1 тармағымен қылмыстық іс қозғаған.
Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 24 қаңтардағы үкімімен айыпкерлер Әлмағамбетов пен Өтегеновті ҚК 58 бабының 10—1 тармағымен айыпты деп тауып, әрқайсысын 5 жылға бас бостандығынан айыруға, жазаларын өтегеннен кейін әрқайсысын 2 жылға саяси құқығынан жоюға соттаған. Ермағамбетовты ҚК 74 бабының 2 тармағымен айыпты деп тауып, 5 ай еріксіз жұмысқа сотталған, тұтқында болған күндерін есептеп, жазасын өтеді деп санап, тұтқыннан босатылған.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 24 ақпандағы үйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 24 қаңтарындағы үкімі күшінде қалдырылған.
Қазақ ССР Жоғарғы соты президиумының 1965 жылғы 30 наурыздағы қаулысымен, Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 24 қаңтардағы үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 24 ақпандағы Әлмағамбетов Бегәлі мен Өтегенов Шонай жөніндегі үйғаруы өзгертіліп, олардың әрекетін ҚК 58 бабының 10 тармағы 1 бөлімшесінен ҚК 74 бабының 2 тармағына ауыстырылған, сол баппен олардың жазасын 2 жыл бас бостандығы еркінен айыруға үйғарып, олардың соттылығы алынып тасталды деп есептеген.
Қазақ ССР прокуроры орынбасарының бұл жөніндегі наразылығы қанағаттандырылған.

## 1940 жылы

I

**ІЗБАЕВ** Мұқыш — Қазалы ауданының № 12 ауылы, «Жаңа басшылық» колхозында 1906 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, 1934 жылы колхоз астығын ішіп-жеп қойғаны үшін 3 жылға сотталған, колхозшы, үйленген, қарындастары — Урла, Айқын;
**МӘМБЕТОВ** Құлмағамбет —№ 12 ауыл, «Жаңа басшылық» колхозында 1889 жылы туған, софының баласы, өзі де молда болған, шала сауатты, партияда жоқ, 1931 жылы мемлекеттік тапсырманы орындамағаны үшін 3 жылға сотталған, жаңа мерзімін өтемей қашып кеткен; қарақшылар көтерілісіне қатысқан, «Жаңа басшылық» колхозының мүшесі, әйелі — Несібелі, қыздары — Рахима, Сырға;
**БОРАНБАЕВ** Алдамбай —№ 12 ауыл, «Жаңа басшылық» колхозында 1891 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, 1931 жылы мемлекеттік тапсырманы орындамағаны үшін 3 жылға сотталған, 1930 жылғы қарақшылар көтерілісіне қатысқан, колхозшы, әйелі — Балымхан, екінші әйелі — Масаты, балалары — Айжігіт, Ізбасқан, қызы — Қымбат.
Ізбаев Мұқыш, Мәмбетов Құлмағамбет, Боранбаев Алдамбай «Жаңа басшылық» колхозының мүшесі болып тұрған кезде өзара тығыз байланысты болып, осы колхоздың колхозшылары арасында колхоздың экономикалық қуатын әлсіретуге бағытталған контрреволюциялық, кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Одан басқа партия мен кеңес үкіметінің адресіне провокациялық лақаптар таратқан.
Атап айтқанда: Ізбаев Мұқыш 1937 жылдың 10 желтоқсанында Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесі сайлауына дайындық кезінде СССР Жоғарғы Кеңесінің адресіне жаман сөздер айтқан. 1939 жылдың қараша, желтоқсан айларында Ізбаев пен Мәмбетов «Жаңа басшылық» колхозының колхозшылары арасында жеңіліс үгітін жүргізген, Кеңес үкіметінің сөзсіз құлайтыны, алдағы Германиямен соғыста СССР-ді жеңетіні туралы айтқан.
1939 жылдың қыркүйек айында және 1940 жылдың қаңтар-ақпан айларында Ізбаев, Мәмбетов және Боранбаев колхозшылар арасында олардың колхоздан шығуына бағытталған белсенді үгіт жүргізген. «Біздің колхозымыз әлсіз, сондықтан бізге жұмысты тастап, ірі, күшті колхозға кету

керек» деген. Содан кейін 2 үй қожалығы көшіп кеткен.
1938 жылы Мәмбетов әдейі шөп дайындау жұмысын бұзған, жоспардағы 400 гектардың орнына 250 гектар жердің ғана шөбі шабылып, ауданға орындалды деп ақпар берген. Соның салдарынан колхоздың малы шөпсіз қалған және колхозшыларға еңбек күніне 17 килограмм орнына 9 килограмнан ғана берген. 1939 жылдың қаңтар айында Ізбаев, Мәмбетов және Боранбаев колхозшылардың жалпы жиналысында колхоздың 51 центнер астығын құртқан Жүрсімбаев деген қоймашыны қорғаған. Колхозшыларға Жүрсімбаевты сотқа бермей-ақ қойындар, колхозшылардан астық жинау жолымен Жүрсімбаевтың қарызын өтейік деп ұсыныс айтқан және солай істеген. Соның салдарынан бірнеше колхозшылар еңбек күніне астықты 1 центнерден кем алған.
1939 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында және 1940 жылдың ақпанында Мәмбетов, Ізбаев және Боранбаев колхоздағы тиянақты жұмысты бұзу мақсатында колхозшылардың арасында олардың жұмысты тастап, жұмысқа шықпауы жөнінде ұйымдасқан түрде үгіт жүргізген. Соның салдарынан жарма үшін талап жатқан колхозшылар жұмысты тастап кетіп, жарма тазаланбай қалған. Сондай-ақ колхозшылардың малын бағып жүрген бақташы да жұмысқа шықпаған. 1939 жылдың желтоқсан айында Мәмбетов өзінің қойын бағып тұрғанда былай деген: «Мен мемлекетке өз малымды сатпаймын, мемлекетке сатқаннан бізге келер пайда жоқ».
1937—1938—1939—1940 жылдары олар колхоздың экономикасын құлату, немесе әлсіретуге, кеңес өкіметінің саясатына қарсы бағытталған контрреволюциялық үгітті үнемі жүргізген.
Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 3 адам Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1940 жылғы 9 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі бітіп, айыптау қорытындысы 1940 жылдың 14 сәуірінде шығарылған. Айыптау қорытындысын облыстық прокурордың орынбасары 1940 жылдың 29 сәуірінде және облыстық соттың қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясы сол жылғы 5 мамырда бекіткен.
Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының көшпелі сессиясының 1940 жылғы 9 мамырдағы үкімімен: Мәмбетов Құлмағамбет, Боранбаев Алдамбай, Ізбаев Мұқыш — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 1 жылға саяси құқығын жоюға сотталған.
Қазақ ССР прокуратурасының қылмысты істер қарайтын бөлім прокурорының 1940 жылғы 14 маусымдағы қорытындысымен Қызылорда облыстық сотының 1940 жылғы 9 мамырдағы үкімін күшіне қалдыруға, айыпкерлердің шағым арыздарын аяқсыз қалдыруға ұйғарған.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 15 маусымдағы ұйғаруымен — Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған.
Қазақ ССР Жоғарғы соты президиумының 1990 жылғы 4 мамырдағы қаулысымен — Мәмбетов Құлмағамбет, Ізбаев Мұқыш және Боранбаев Алдамбай жайлы Қызылорда облыстық қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының ұйғаруы бұзылып, бұл іс сотталушылардың әрекеттерінде қылмыстың құрамы жоқ болғандықтан өндірістен қысқартылған.
Қазақ ССР прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған. Бұлар сот арқылы толық ақталған.

## II

**ӘБЗӘЛИЕВ** Нұрет (немесе ол Омаров Нұрмахан) — Қазалы ауданы, № 3 ауылда 1886 жылы туған, ишанның баласы, өзі де молда, мешіті болған, арабша сауатты, партияда жоқ, «Ақөзек» колхозында колхозшы, бұрын сотты болмаған, әйелі — Жәмила, баласы — Баймахан, қыздары — Зинагүл, Нәбира;
**ЫБЫРАЕВ** Садықбай — Қазалы ауданының № 9 ауылында 1879 жылы туған, негізі кедей шаруа, арабша сауатты, партияда жоқ, тұрақты жұмыс істемеген, 1929 жылы Қазалы қалалық халық соты арқылы астық тапсыру салығын орындамағаны үшін 3 жылға сотталған, жаза мерзімінен бұрын босанып шыққан, әйелі — Рыскүл, балалары — Темірхан, Қали, қызы — Тәбиға. Қамауға алынғанға дейін Жаңақазалы қаласы, 1 Мамыр көшесі, № 59 үйде тұрған;
**ҚОЖАНАЗАРОВ** (Алдасүгіров) Әбен — Қазалы ауданының № 15 ауылында 1870 жылы туған, молда, мешіті болған, арабша сауатты, тұрақты жұмыс істемеген, бұрын сотты болмаған, әйелі Күласыл, қыздары — Мария, Қадиша, Айша. Қамауға алынғанға дейін Жаңақазалы қыстағы, Ерназаров атындағы көше, № 2 үйде тұрған;
**ОРАЗӘЛИЕВ** Рахмет — Қазалы ауданының № 3 ауылы, «Ақарық» колхозында 1887 жылы туған, ірі бай-молда болған, мешіт ұстаған, арабша сауатты, партияда жоқ, тұрақты жұмыс істемеген, бұрын сотты болмаған, әйелі — Алтыншаш, баласы — Айтназар, Рзағали, қамауға алынғанға дейін «Ақарық» колхозында тұрған;
**РАМБЕРДИЕВ** (Әбибуллаев) Камал — Қазалы ауданының № 10 ауылында 1880 жылы туған, молда, мешіт ұстаған, партияда жоқ, тұрақты жұмыс істемеген, бұрын сотты болмаған, әйелі — Меруерт, балалары — Рзаш, Мырзаш, Пәтима. Қамауға алынғанға дейін Жаңақазалы қыстағы, Толстой көшесі, үй номері жоқ — тұрған;
**ҚОСНАЗАРОВ** (Қайынов) Әбдуәли — Қазалы ауданының № 18 ауылында 1885 жылы туған, молда, мешіт ұстаған, арабша сауатты, партияда жоқ, «Қазақстан» колхозында кесек құюшы болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, әйелі — Үрзада, балалары Сайтдин, Нұритдин, Айжамал, Махмет, қамауға алынғанға дейін Жа-

нақазалы қыстағы, Сталин көшесі, № 31 үйде тұрған.
**АРАЛБАЕВ** Кемал — Қазалы ауданының № 9 ауылында 1882 жылы туған, молда болған, арабша сауатты, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, әйелі — Айша, қызы — Ақдәрі. Қамауға алынғанға дейін аудандық тұтынушылар одағында күзетші болып жұмыс істеген, Жаңақазалы қыстағы, Калинин көшесі, № 72 үйде тұрған.
1940 жылдың қаңтар айының аяғында Жаңақазалы қыстағында Кеңес өкіметіне қарсы діни топтың бар екендігі ашылған, бұл топ негізінен, бұрынғы байлар және молдалардан құрылған, оған Әбзәлиев Нұрет, Қожаназаров Әбен, Оразәлиев Рахмет, Аралбаев Кемал, Қосназаров Әбдуәли, Рамбердиев Кемал, Ыбыраев Садықбай кірген. Олар қазақ жұртшылығы арасында контрреволюциялық-зиянкестік әрекеттер жүргізген, әртүрлі діни салт-дәстүрлер мен мейрамдар өткізу арқылы қазақ жұртшылығының бас қосуын ұйымдастырып, оны өздерінің кеңес өкіметіне қарсы діни үгіт жүргізу үшін пайдаланған. Бұл топ партия мен кеңес өкіметінің шараларына қарсы бағытталған провокациялық лақаптар таратқан, жеңілістік, бүліншілік үгіт жүргізген, сөйтіп қазақ жұртшылығының артта қалған бөліктері арасында колхоз құрылысына, біздің еліміздегі социалистік құрылысқа сенбеушілік сезімін тудырып, партия мен кеңес өкіметінің саясатының дұрыстығына сенімсіздік көзқарас тудырған. Бұл топ діни әдет-ғұрыпты, діни нанымды пайдаланып, қазақ жұртшылығын үкіметтен мешіт ашуға талап қоюы үшін үгіт жүргізген. Жаңқазалы қыстағындағы Қожаназаров (Алдасүгіров) және Қосназаров басқарған бұл топ Кеңес Одағының күш-қуатын әлсіретуге бағытталған өздерінің қылмыстық әрекеттерін Уфа қаласындағы діни басқарманың басшылығымен жүргізген.
1937 жылғы қараша айында Алдасүгіров пен Қосназаров осы топтың басқа мүшелерімен бірлесіп жиын өткізіп, онда алдағы болатын «Құрбан айт» мейрамын колхозға, кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізетін орынға айналдыру жоспарын жасаған, бұл жоспарды олар жүзеге асырған. Діни мейрамға жиналған қазақтарға партия мен үкіметтің шараларына қарсы жалақорлық лақаптар таратып, кеңес өкіметіне қарсы ашықтан ашық үгіт жүргізген. Олар: «бұрын қазақ халқы бостандықта болған еді; қай жерде жиналғысы келсе сол жерде бас қосатын еді, ал қазір қазақтарды колхозға апарып тықты, онда олар ашаршылыққа ұшырады, олардың малдарын тартып алды»— деп сөз сөйлеген.
1939 жылдың жаз айында және қараша айында Алдасүгіров діни жиында және өлік намазында кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, жалақорлық лақаптар таратқан. «Қазір өмір сүру қиындап кетті, колхозшылар аш-жалаңаш қалды, барлығымыз аштықтан өлеміз» деген.
Ыбыраев Садықбай 1937 жылдың ішінде басқа да молдалармен бірге «құрбан айт» мейрамында кеңес өкіметіне қарсы үгіт айтып, колхоз бен кеңес өкіметіне қарсы жалақорлық лақаптар таратқан. Сол жерде жиналған адамдардан мешіт ашуға қаржы жинаған. Ыбыраев сонымен қатар емшілікпен айналысып, ауруларды әртүрлі еммен емдеген. Мәселен, 1936 жылы бір ауру әйелдің мұрнынан қан алып, ақырында мұрыны пұшық болып қалған. 1940 жылды бір әйелді емдеп, кейін ол әйел қайтыс болған.
Омаров Нұрмахан, немесе ол Әбзәлиев Нұрет — революцияға дейін 1916—1917 жылдары провокатор болған, жандармдармен байланыс жасап, олардан айлық алып тұрған. Кеңес өкіметі тұсында жауыздық-зиянкестік пікірде болып, кеңес өкіметіне, колхоз құрылысына қарсы контрреволюциялық үгітті үнемі таратып келген, партия мен үкіметтің шараларына жала жауып, түрлі лақаптар таратқан. Сонымен бірге ол емшілікпен айналысып, сол үшін ақша алып отырған.
Сол сияқты Аралбаев Кемал, Қосназаров Әбдуәли, Оразәлиев Рахмет, Рамбердиев Камал қазақ жұртшылығы арасында үнемі кеңес өкіметіне қарсы контреволюциялық-ұлтшылдық үгіт таратып келген, дінді уағыздаған, колхозшылардың арасында ру қайшылықтарын туғызған.
Осы қылмыстары үшін Әбзәлиев Нұрет, Ыбыраев Садықбай, Қожаназаров Әбен, Оразәлиев Рахмет, Рамбердиев Камал, Қосназаров Әбдуәли, Аралбаев Камал — әрқайсысы 8 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған.
Қосназаров (Қайымов) Әбдуәли қамауда жатқанда қайтыс болған.
Орынбор теміржолы МГБ күзет басқармасы 1 бөлімінің 1 бөлімшесінің 1950 жылғы 5 маусымдағы қорытындысы бойынша, бұлар ұйымдасқан кеңес өкіметіне қарсы әрекеттер жасамаған, басқарушылары болмаған, барлығының да жастары ұлғайып кеткен, сондықтан олар СССР МГБ мен Прокуратурасының 1948 жылғы 26 қазандағы № 66/241 директивасына жатпайды, — деп көрсетілген.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 13 шілдедегі қорытындысымен Әбзәлиев Нұрет, Ыбыраев Садықбай, Қожаназаров Әбен, Оразалиев Рахмет, Рамбердиев Камал, Қосназаров Әбдуәли, Аралбаев Камал — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

### III



**ЖАНЫҚҰЛОВ** Жаңабай — Майлыбас станциясында 1895 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол станцияда тұрып, іргесіндегі «Комсомол» колхозында колхозшы болып жұмыс істеген;
**ДЕМЕСІНОВ** Есжан — Майлыбас станциясында 1902 жылы туған, қамау-

ға алынғанға дейін сельпо қарауылы болып жұмыс істеген;

**НАЗАРОВ** Шалқожа —№ 1 ауылда 1886 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Майлыбас станциясында тұрып, «Комсомол» колхозында колхозшы болып жұмыс істеген.

Бұл үш азаматқа РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтарымен айып тағылып, қамауға алынған. НКВД Ерекше мәжілісінің 1940 жылғы 22 маусымдағы қаулысымен Ж. Жаныкұлов, Е. Демесінов, Ш. Назаров — әрқайсысы 5 жылдан түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 16 қазандағы қорытындысы бойынша, Жаңабай Жаныкұлов, Есжан Демесінов, Шалқожа Назаров сот шешімімен толық ақталған.

## IV

**ЯКОВЛЕВ** Василий Александрович — родился в 1909 году в Куйбышевской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал инспектором отдела кадров станции;

**ЛИ** Сергей Сен-Ненович — родился в 1911 году в гор. Ворошиловке ДВК, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал военруком школы.

Этих 2 граждан обвинили по ст. 58 УК РСФСР, арестовали в ноябре 1941 года. Осуждены линейным судом Оренбургской железной дороги 25 ноября 1941 года каждый по 6 лет тюремного заключения.

Они реабилитированы 4 августа 1990 года.

## V

**ӘБИБУЛЛАЕВ** Кемал — № 10 ауылда 1880 жылы туған, қамауға алғанға дейін Жаңақазалы поселкасында тұрған, Арал балық комбинатында жүк тиеуші болып істеген;

**ОМАРОВ** (Әбжәлиев) Нұрмахан — Қазалы ауданында 1881 жылы туған, қамауға алғанда № 3 ауылда молда болған;

**АЛДАЗАУЫРОВ** Әбен —№ 15 ауылда 1863 жылы туған, қамауға алғанда Жаңақазалыда молда болған;

Бұл 3 азаматқа РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтары бойынша айып тағылып, қамауға алынған. НКВД ерекше мәжілісінің 1940 жылғы 22 маусымдағы қаулысымен: Әбибуллаев К., Омаров Н., Алдазауыров Ә.— әрқайсысы 8 жылдан түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облыстық прокурорының наразылығы бойынша, облыстық сот президиумы 1989 жылғы 13 шілдеде Әбибуллаев К., Омаров Н., Ә. Алдазауыровты толық ақталған.

# 1941 жылы

## I



**АЙБОСЫНОВ** Жанзақ — Қазалы ауданының № 2 ауылында 1916 жылы туған, негізі бай, білімі 5 класс, БКП(б) мүшелігіне кандидат, 1936 жылы станция кезекшісі курсын бітірген, № 98 разъездің бастығы болып істеген, бұрын сотталмаған, әйелі Зинегүл, інілері — Әбжәми, Әбдіқали;



**АЙБОСЫНОВ** Бекбан — № 2 ауылда 1892 жылы туған, бұрын бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, еш жерде жұмыс істемеген, № 98 разъезде тұрған, 1916 жылы ұрыларды жасырғаны үшін тергеуде болған, әйелі — Зинеп, балалары — Жанзақ, Әбжәми, Әбдіқали;



**БЕРДЕНОВ** Әлихан — Қазалы ауданының № 1 ауылында 1896 жылы туған, шала сауатты, 1929 жылы үш ай БКП(б) мүшелігіне кандидат болған, кейін партиядан шығарылған, 1937 жылы станция кезекшісі курсын бітіріп, № 98 разъезд кезекшісі болып істеген, бұрын сотталмаған, әйелі — Балман, баласы — Ерліхан, қыздары — Зәрипа, Кенже;



**САТЫБАЛДИЕВ** (Келімбетов) Қоблан —№ 2 ауылда 1867 жылы туған, бұрын молда, ауыл старшинасы болған, кейін № 1 ауылда, Көбек станциясындағы водокачканың территориясында тұрған, еш жерде жұмыс істемеген, 2 жыл діни оқуын оқыған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, әйелі — Сарайкүл, баласы — Аймахан, қыздары — Загура, Құндыз, Кәрила;



**ОРЫНБАЕВ** Исалы —№ 1 ауылда, «Комсомол» колхозында 1882 жылы туған, «Майлыбас» станциясының территориясында тұрған, тәуіпшілікпен айналысқан, шала сауатты, партияда жоқ, 1937 жылы зейнетке шыққан, бұрын сотталмаған, әйелі Жаңабибі, ұлдары — Жұмамұрат, Қалмантай, қыздары — Қаншайым;



**ӘЛСҮГІРОВ** Байжан —№ 2 ауыл, Жамбыл атындағы колхозда 1893 жылы туған, бай, манаптың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1937 жылы көп әйел алғаны үшін сотталған, кейін ақталған, әйелі — Жамал, баласы — Ұрысбай.

1941 жылдың желтоқсан айы мен 1942 жылдың қаңтар айында № 98 разъезде Кеңес өкіметіне қарсы байлар тобы әшкереленіп, жойылған, ол топқа осы 6 адам кірген. Молда Сатыбалдиев Қоблан және бұрынғы бай Айбосынов Бекбан 1934 жылдан бастап Кеңес өкіметіне қарсы бай-құлақ тобына мүше болған, бұл топты Қазалы ауданына белгілі ірі бай-молда Ишанов Әзиз құрған. 1934—35 жылдары бұл топқа басшылықты Ишанов молда Сатыбалдиев арқылы жүргізген. Ишановтың тапсырмасымен Сатыбалдиев пен Айбосынов Бекбан өздерінің Кеңес өкіметіне қарсы бай-құлақ тобын құрып, оған осы іс бойынша айыпталған № 98 разъездің бастығы Айбосынов Жанзақ, Берденов Әлихан, Орынбаев Исалы, Әлсүгіров Байжандар кірген.

Бұл топ колхоз құрылысына қарсы бүліншілік жұмыстар жүргізген, қазақтарды колхозға кірмеңдер, кіргендерің салық төлемеңдер, мемлекетке астық өткізбеңдер деп үгіт жүргізген. Колхоз туралы әртүрлі провокациялық лақаптар таратып, колхозда аштықтан өлесіңдер деп колхозшыларды қорқытқан. Кеңес өкіметіне, коммунистік партияға жала жапқан. Осындай үгіт жүргізе отырып Сатыбалдиев өзі бірінші болып колхоздан шығып, оның артынан 20 үй қожалығы шыққан.

1936 жыды Сатыбалдиев Айбосынов Бекбанмен, өзінің туысы Әлсүгіров пен Айбосынов Жанзақты Кеңес өкіметіне қарсы үгіттеп, оларды өзінің қатарына қосып алған.

1941 жылдың тамыз-желтоқсан айларында Сатыбалдиев, Әлсүгіров Кеңес өкіметі жақын арада құлайды, Германия жеңеді, халыққа жақсы жағдай жасайды деп провокациялық лақаптар таратқан. Олар: «әзір Кеңес өкіметі жеңілгенше колхоздан шығып, Қызылқұмға барып тығыла тұрайық» деп үгіт жүргізген.

Айбосынов Бекбан 1934 жылы колхоздан шығып, содан бері еш жерде жұмыс істемеген, оның ықпалымен колхоздан бірнеше үй қожалығы шығып кеткен. 1941 жылдың қыркүйек айында Айбосынов немересін жерлегеннен кейін үйіне Орынбаев Исалыны шақырып алып, өзінің баласы және Берденов Әлихан барлығы Германияның жеңуі үшін дұға оқыған.

Әлсүгіров Байжан — әржерде контрреволюциялық жеңілістік үгіттер жүргізіп, колхозшыларды колхоз құрылысына, кеңес өкіметіне қарсы әрекеттер жасауға шақырған. Берденов Әлихан болса, темір жол транспортында кеңес өкіметіне қарсы бүліншілік әрекеттер жасаған, жеңілістік үгіт жүргізген, НКПС бұйрықтарын орындамаған, еңбек тәртібін бұзған, Қызыл Армия үшін жылы киім-кешек жинау туралы, Отан қорғауға қаржы жинастыру туралы партия мен үкіметтің шараларына қарсы шыққан, қазақтарды Отан қорғауға бармауға үгіттеген. Айбосынов Жанзаққа келсек, 1941 жылы өзінің қызмет бабын пайдаланып, өзінің әкесімен және Берденов Әлиханмен бірігіп, № 98 разъезде бүліншілік жұмыстар жүргізген, фашистік Германияны мадақтап, Кеңес өкіметіне қарсы әртүрлі жеңілістік, провокациялық, ойдан шығарылған лақаптар таратқан. № 98 разъездің теміржолшылары арасында Қызыл Армияға, Кеңес Одағының маршалдарына жала жауып, халық жауы Троцкийді мақтаған, шетел еңбекшілерінің, патша үкіметі тұсындағы халықтың тұрмысын көксеген. Өзінің қызметкерлері арасында маскүнемдік ұйымдастырып, еңбек тәртібін бұзған, НКПС бұйрығын орындамаған. Орынбаев Исалы болса, жұртшылық арасында тәуіпкершілікпен айналысып, діни салт-дәстүрді орындап, арамтамақтыққа салынған.

Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 6 адам Қазалы станциясы ОТО НКВД-ның аға оперуполының 1941 жылғы 8 желтоқсандағы қаулысымен тұтқындалып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімі, 58 бабының 11 тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі бітіп, айыптау қорытындысы 1942 жылдың 20 ақпанында жасалып СССР НКВД-ның Ерекше мәжілісінің қарауына жіберген.

СССР НКВД Ерекше мәжілісінің 1943 жылғы 24 ақпандағы қаулысымен:

— Айбосынов Бекбан, Айбосынов Жанзақ, Берденов Әлихан, Әлсүгіров Байжан — әрқайсысы 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне, — Орынбаев Исалы, Сатыбалдиев Қоблан — әрқайсысы 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған.

Берденов Әлихан 1945 жылғы 27 сәуірде Котлас ИТЛ-да Гулжде (НКВД лагерінде) қайтыс болған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1995 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысымен — Айбосынов Бекбан, Айбосынов Жанзақ, Әлсүгіров Байжан, Берденов Әлихан, Орынбаев Исалы, Сатыбалдиев Қоблан

— Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

II

**ПРЕДТЕСЕНСКИЙ** Владимир Алексеевич — родился в 1883 году в Чкаловской области, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал ветврачом;

**ПЕРЕХИН** Георгий Лаврентьевич — родился в 1908 году в Башмакском районе Пензенской области, до ареста проживал на Казалинске, работал санитаром ветучастка;

Этих двух граждан обвинили, что они не могли достичь качественное высокое достижение животноводства в своем участке. Линейный суд Оренбургской железной дороги 11 мая 1941 года обоих осудил по 10 лет тюрьмы каждого.

Кзыл-Ординская областная прокуратура 19 апреля 1990 года их полностью реабилитировала.

III

**КРИПАКОВ** Николай Федорович — родился в 1893 году в селе Татищева, Переволоцкого района, Чкаловской области, образование 2 класса сельской школы, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск, по ул. Карла Маркса, 13, работал плотником вагонного участка ст. Казалинск. Он с 1915 по 1917 год служил в Царской армии, в 1919 году один месяц с 1 мая до июня — служил в белой армии Дутова;

**ДОЛИН** Николай Васильевич — родился в 1910 году в гор. Казалинске, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в гор. Казалинске, по ул. Ленина, 44, работал слесарем-бригадиром оценочного ремонта вагонного участка ст. Казалинск;

**КАТЕНОВ** Григорий Леонтьевич — родился в 1894 году в селе Поповка, Вовленского района, Татарской АССР, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Ново-Казалинске, по ул. Карла-Маркса, 9, работал в почтовом отделении ст. Казалинск обменьщиком почты, инвалид второй группы.

По обвинительному заключению: Крипаков Николай Федорович, Долин Николай Васильевич и Катенов Григорий Леонтьевич — совместно на почве антисоветских убеждений в 1940 и 1941 годах среди рабочих вагонного участка и граждан поселка Ново-Казалинск проводили антисоветскую агитацию, распространяли ложные клеветнические слухи, агитировали за поражение Советского Союза в войне с Германией, восхваляли фашизм и силу немецкого оружия, дискредитировали руководителей партии и правительства, доказывали неизбежность перемены власти в Советском Союзе,— за что они постановлениями НКГБ по Кзыл-Ординской области от 21 июля и 4 августа 1941 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. ст. 58—10 ч. 2 и 58—11 УК РСФСР.

Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского облсуда от 30 августа 1941 года подсудимые Крипаков Н. Ф., Долин Н. В. и Катенов Г. Л. осуждены каждый на 10 лет лишения свободы с последующим поражением в избирательных правах сроком на 3 года каждого.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 18 ноября 1941 года приговор Кзыл-Ординского облсуда от 30 августа 1941 года оставлен в силе.

Постановлением Президиума Верховного суда Казахской ССР от 22 октября 1962 года приговор Кзыл-Ординского облсуда от 30 августа 1941 года, определение Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 18 ноября 1941 года в отношении Крипакова Н. Ф., Долина Н. В., Катенова Г. Л. отменены, дело производством прекращено за отсутствием в их действиях состава преступления. Протест зам. прокурора Казахской ССР — удовлетворен.

**1942 жылы**

**БЕЗУГЛАЯ** Евгения Ивановна — родилась в 1918 году в Сталинской области, до ареста проживала на ст. Казалинске, работала врачом в эвакогоспитале;

**ПАНКОВА** Александра Назаровна — родилась в 1918 году в гор. Константинове Сталинской области, до ареста проживала на ст. Казалинске, работала в эвакогоспитале.

Этих 2 гражданок обвиняли по ст. 58 УК РСФСР и арестовали. Осуждены особым совещанием при НКВД 25 апреля 1942 года: Безуглая Е. И.— на 7 лет, Панкова А. Н.— на 5 лет тюремного заключения. Они реабилитированы: Панкова А. Н.— 9 августа 1989 года, Безуглая Е. И. —5 февраля 1990 года.

**1943 жылы**

I

**ОРАҚОВ** Ханқожа — Қазалы ауданы территориясындағы «Қарақұдық» деген жерде 1894 жылы туған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған;

**ҚОЖАМЖАРОВ** Жүсіпбек — Қазалы ауданында 1892 жылы туған, қамауға алғанға дейін тұрақты мекен-жайы болмаған, жұмыс істемеген;

**ТӨЛЕГЕНОВ** Алпыс — Қазалы ауданында 1895 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Жаңадария» деген Қызылқұм қойнауында тұрған, малшы болған;

**НҰРЖАНОВ** Исағабыл —№ 5 ауылда 1910 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылқұмның «Сары бұлақ» деген жерінде тұрған, жұмыс істемеген.

Бұл 4 азамат 1943 жылғы ақпанда қамауға алынып, оларды РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11, 59 бабының 3 тармақтарымен айыптаған. Қызылорда облыстық соты арқылы 1943 жылғы 27 ақпан-

да төртеуі де 10 жылдан түрме жазасына сотталған.
Бұл төрт азамат 1989 жылғы 3 наурызда толық ақталған.

II

**ВАЛЬТЕР** Давид Енохович — родился в 1912 году в гор. Подомбицы, Польша, национальность еврей, до ареста проживал гор. Казалинске, образование высшее, как граждании СССР работал зав. инфекционным отделением городской больницы;
**ВАЛЬТЕР** Мария Ароновна — родилась в 1914 году в гор. Варшава, еврейка, до ареста проживала в гор. Казалинске, образование высшее, как гражданка СССР работала санитарным врачом при Казалинском райздравотделе.
Этих 2 граждан арестовали по постановлению КРО УНКВД по Кзылординской области 26 марта 1943 года, и возбудили уголовное дело по ст. 58 1«а», 16—192 «а» часть 2 УК РСФСР.
Вальтера Давида Еноховича обвинили в том, что являясь гражданином СССР и имея советский паспорт, без соответствующего оформления о выходе из Советского гражданства, зарегистрировался в польском представительстве, как польский гражданин, тем самым изменил Родине, за что его можно обвинить по ст. 58—1 «а» УК РСФСР.
Вальтер Марию Ароновну обвинили в том, что являясь гражданкой СССР и имея советский паспорт, без соответствующего оформления о выходе из советского гражданства, зарегистировалась в польском представительстве в СССР, как Польская гражданка, на основании чего отказывалась платить советским органам налоги, тем самым изменила Родине, за что ее можно обвинить по ст. 58—1 «а», 16—192 «а» часть 2 УК РСФСР.
В заключении Следотдела НКВД Казахской ССР от 26 июня 1943 года в отношении Вальтера Давида Еноховича указано, что подобная регистрация не является изменой Родине, так как Польского национального паспорта он не получал, после регистрации проживал по Советскому паспорту и продолжал работать в Советском учреждении. Следовательно обвиняемому Вальтеру Д. Е. обвинение по ст. 58—1 «а» УК РСФСР предъявлено необоснованно и следствием оно не доказано. Постановлением следотдела УНКВД по Кзыл-Ординской области от 9 июля 1943 года уголовное преследование в отношении Вальтера Д. Е. прекращено, из под стражи он освобожден.
В заключении следотдела НКВД Казахской ССР от 25 июня 1943 года в отношении Вальтер Марии Ароновны уголовное преслодование по ст. 58—1 «а», 16—192 «а» часть —УК РСФСР прекращена и она из-под стражи освобождена, предоставлено ей право на оформление Польского национального паспорта. В случае непредоставления ей документов, потверждающих Польское гражданство в срок, предложено ей получить Советский паспорт.
Заключением прокурора Кзыл-Ординской области от 25 апреля 1997 года Вальтер Д. Е., Вальтер М. А. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитированы.

## 1944 жылы

I

**ПОПОВА** Мария Максимовна — родилась в 1903 году в с. Октябрьское, Октябрьского района, Чкаловской области, русская, беспартийная, образование начальное, до ареста проживала на ст. Казалинск, по ул. Полтарацкая, 19, работала в школе ФЗО № 36, кастелянщей.
**СМИРНОВА** Наталья Дмитриевна — родилась в 1907 году в с. Домашка. Бузулукского района, Чкаловской области, русская, малограмотная, беспартийная, до ареста проживала на ст. Казалинск, по ул. Карла-Маркса, 7, работала в школе ФЗО № 36, гардеробщицей.
Они обвинялись в том, что, являясь враждебно настроенной к советской власти, на протяжении второй половины 1944 года Попова Мария Максимовна и Смирнова Наталья Дмитревна проводили среди сотрудников школы ФЗО № 36 ст. Казалинск активную антисоветскую агитацию, дискредитировали руководителя Советского Правительства, восхваляли немецких фашистов и их условия содержания в лагерях советских военнопленных, они совместно старались исказить политический смысл Указа Президиума Верховного Совета СССР о награждении многодетных матерей, предсказывали неизбежную гибель Советской власти, распространяли злостные провокационные слухи о союзниках СССР — за что Попова Мария Максимовна и Смирнова Наталья Дмитриевна Постановлением ОТО НКГБ ст. Казалинск в декабре 1944 года были арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58—10 ч. 2, 58—11 УК РСФСР.
Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кзылординского Облсуда от 17 марта 1945 года Попова Мария Максимовна и Смирнова Наталья Дмитревна осуждены на 3 года каждая с поражением избирательных прав на 2 года каждая.
Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Каз. ССР от 21 мая 1945 года — Приговор судебной коллегии Кзылординского Облсуда от 17 марта 1945 года в отношении осужденных Поповой М. М. и Смирновой Н. Д. за мягкостью наказания отменен и дело возвращено на новое рассмотрение в тот же суд со стадии судебного следствия в ином составе судей.
Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верхсуда Каз. ССР. от 20 февраля 1962 года — приговор Кзылординского облсуда от 2 сентября 1945 года по делу Поповой М. М. и Смирновой Н. Д. отменен и дело производством прекращено за отсутствием в их действиях состава преступления.
Протест прокурора Казахской ССР удовлетворен.

II

**КОПЫЛОВ** Василий Иванович — родился в 1889 году в селе Васильева, Белозерского района, Чкаловской области, грамотный, безпартийный, до ареста проживал на ст. Казалинск, работал токарем-бондажником паровозного депо;

**ЧЕРНИКОВ** Николай Петрович — родился в 1916 году в городе Казалинске, грамотный, беспартийный, до ареста проживал на ст. Казалинске, работал токарем паровозного депо;

**МАРЧУКОВ** Александр Гаврилович — родился в 1902 году на ст. Казалинске, грамотный, беспартйный, исключен из рядов ВКП(б) в 1931 году, до ареста работал слесарем паровозного депо.

Эти 3 граждане арестованы постановлением ОТО НКГБ ст. Казалинск от 12 апреля 1944 года и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58—10 ч. 2 и 58 —11 УК РСФСР. Приговором Военного Трибунала Оренбургской ж/д от 17 июля 1944 года Черников Н. П. Марчук А. Г. за отсутствием состава преступления по суду оправданы и освобождены из-под стражи.

Ввиду смерти обвиняемого Копылова В. И. на основании ст. 4. п. 1 УКП дело в отношении последнего в уголовном порядке прекращено.

### 1945 жылы.

**КИЛЯКОВ** Семен Ванифатьевич — родился в 1880 году в с. Чернышевск, Иленского района, Чкаловской области, русский, гражданин СССР, образование 3 класса, беспартийный, из крестьян-кулаков, до ареста проживал в пос. Ново-Казалинске по ул. Полторацкая №39, работал кладовщиком пекарни поселка. Он во время гражданской войны активно участвовал в рядах белой армии против Красной Армии, зять Овечкина, в 1930 году он с женой лишены избирательных прав голоса.

**ОВЕЧКИН** Иван Павлович — родился в 1895 году в с. Ташла, Ташлинского района, Чкаловской области, русский, соц. происхождение из быв. кулака, в 1930 г. судим по ст. 58-10 ч. 1 УК РСФСР, беспартийный, до ареста проживал в пос. Ново-Казалинске по ул. Советская, №77, работал сторожем ж/д. школы №68 ст. Казалинск.

**ПАНКИН** Макей Макарович — родился в 1896 году в пос. Грязно-Иртенский, Иленского района, Чкаловской области, русский, гр-н СССР, из крестьян-кулаков, малограмотный, беспартийный, до ареста проживал в пос. Ново-Казалинске, по ул. Полторацкая 38, работал сторожем Ж/Д интерната при школе №66 ст. Казалинск. Он родственник Килякова и Овечкина.

В 1934—1935, 1940 годах Киляков, Овечкин и Панкин прибыли на постоянное местожительство в поселок Ново-Казалинск и на почве своих родственных и общих антисоветских настроений сблизились друг с другом и на протяжнии последнего года Отечественной войны они среди работников железнодорожного транспорта, а так же и жителей поселка Ново-Казалинск проводили активную антисоветскую агитацию, направленную на дискредитацию руководителей партии и Советского правительства, распространяли всевозможные антисоветские провокационные вымысли, вели антисоветскую, пораженческую агитацию, возводили всевозможную клевету на Советскую власть, предсказывали скорую и неизбежную гибель Советской власти, распространяли антисоветские провокационные вымысли против колхозов, коммунистов и сов. власти, доказывали, что колхозы якобы, несут голод и нищету, что колхозники-крестьяне могут только жить зажиточно при единоличном хозяйстве,в клеветнической форме высказывались о печати, информбюро, восхваляли дореволюционный строй в России, Германский фашизм и его армию, культурный уровень Германии, выступали с клеветой на Советскую власть,— за что они Постановлением ОТО НКГБ ст. Казалинск от 30 июня 1945 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-10 я. 2. УК РСФСР.

Приговором судебной коллегии по уголовным делам Кзылординского областного суда от 26 декабря 1945 года — обвиняемый Киляков Семен Ванифатьевич осужден к 7 годам лишения свободы с последующим поражением в избирательных правах сроком на 2 года.

Обвиняемый Овечкин Иван Павлович осужден к 6 годам лишения свободы с последующим поражением в избирательных правах на 2 года.

Действия обвиняемого Панкина М. М. переквалифицировано со ст. 58-10 ч. 2. УК на ст. 58-12 УК и на основании этой статьи он осужден к 3 годам лишения свободы без поражения в избирательных правах.

Определением Верховного Суда Каз.ССР от 26 января 1946 года приговор Кзылординского облсуда оставлен в силе.

Постановлением Президиума Верховного суда Каз.ССР от 16 декабря 1960 года — приговор Кзылординского областного суда от 26 декабря 1945 года и Определение Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Каз.ССР от 26 января 1946 года в отношении Килякова Семена Ванифатьевича, Овечкина Ивана Павловича и Панкина Макея Макаровича — отменено, дело производством прекращено за отсутствием в их деянии состава преступления.

### 1948 жылы

**ЮРЕНЬКОВ** Василий Иванович — родился в 1900 году в селе Дивовка, Саратовской области, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал мастером производственного обучения в детской колонии;

**ДИТЬКОВ** Федор Михайлович — родился в 1908 году в селе Сутоки, Ленинградской области, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал старшим мастером в детской колонии;

**КОВАЛИВНИЧ** Петр Семенович — родился в 1918 году в гор. Харькове, до ареста проживал в гор. Казалинске, работал начальником цеха детской

колонии. Они обвинены и арестованы в ноябре-декабре 1948 года по известной ст. 58 УК РСФСР. Кзыл-Ординским облсудом 15 декабря 1948 года осуждены: Юреньков В. И., Дитьков Ф. М.— по 8 лет лишения свободы, Коваливнич П. С.— на 10 лет тюрьмы. Генеральным прокурором Республики Казахстан они реабилитированы 24 июня 1992 года.

### 1949 жылы

**МИЛЮТИН** Сергей Никандрович — родился в 1886 году на ст. Голубинск, Сталинградской области, до ареста проживал в гор. Казалинске, отбывал ссылку;

**БАТИЩЕВ** Иван Васильевич — родился 1907 году в селе Никольское, Тамбовской области, отбывал ссылку.

Приговором Кзыл-Ординского областного суда от 5 сентября 1949 года осуждены они на 10 лет каждый.

Кзыл-Ординским областным прокурором они полностью реабилитированы 18 апреля 1996 года.

### 1950 жылы

**УЛЬРИХ** Иосиф Иванович — родился в 1902 году в селе Келлер, Добринского района, Саратовской области (бывшая АССР немцев Поволжия), немец, беспартийный, малограмотный, происходит из кулачества, бывший участник контрреволюционного восстания в 1918-1921 годах и кулацкого мятежа против коллективизации в 1930 году. В момент ареста проживал в пос. Ново-Казалинск, работал плотником участка «Дорстрой» №6 ст. Казалинска;

**УЛЬРИХ** Яков Иванович — родился в 1905 году в селе Келлер, Добринского района, Саратовской области (бывшая АССР немцев Поволжия), немец, беспартийный, происходит из кулачества, бывший участник контрреволюционного восстания в 1918—1921 годах и кулацкого мятежа против коллективизации в 1930 году, за что в 1930 году был осужден по ст. 58-10 ч. 2. УК РСФСР к 5 годам концлагерей. До ареста проживал в гор. Казалинска и работал шофером детской колонии Казалинского РОМВД;

**ФРАНК** Михаил Семенович — родился в 1910 году в селе Луй, Мариентальского района, Саратовской области (бывшая АССР немцев Поволжия), немец, беспартийный, неграмотный, не судим. До ареста проживал в пос. Ново-Казалинск, работал плотником участка «Дорстрой» №6 ст. Казалинск;

**КЕРКЕСНЕР** Вильгельм (он же Василий Адамович) — родился в 1913 году в селе Келлер, Добринского района, Саратовской области (бывшая АССР немцев Поволжия), немец, беспартийный, неграмотный, судим по указу от 26 декабря 1941 года. До ареста проживал в пос. Ново-Казалинск, работал кузнецом НЖЧ ст. Казалинск;

**БРУГ** Карл Андреевич — родился в 1899 году в селе Мессер, Бальцеровского района, Саратовской области (бывшая АССР немцев Поволжия), немец, беспартийный, грамотный, не судим. До ареста проживал в пос. Ново-Казалинске, работал завхозом поселковой больницы;

**МЕЦЛЕР** Раингольд (он же Иван Адамович)— родился в 1919 году в селе Альтваймарт, Полосовского района, Саратовской области (бывшая АССР немцев Поволжия), немец, беспартийный, грамотный, происходит из кулацкой семьи, отец и брат которого во время гражданской войны являлись участниками контрреволюционного восстания, судим в 1944 году по ст. 162«Д» к 5 годам лишения свободы. До ареста проживал в пос. Ново-Казалинск, работал шофером депо.

По обвинительному заключению: все они, будучи враждебно настроенными по отношению к Советской власти, вступили в преступную связь с другими враждебно настроенными к Советской власти спецпереселенцами, совместно систематически проводили антисоветскую агитацию среди населения.

Ульрих Я. И., Ульрих И. И., Франк М. С. и Керкеснер В. в конце 1941 года были переселены из Московской области в Казахстан. Находясь на спецпоселении в Казалинском районе вступили в преступную связь между собою и с начала 1942 года на протяжении ряда лет до момента ареста саботировали работу в колхозах и на производстве. Впоследствии ими в антисоветскую работу были вовлечены Бруг К. А., Мецлер Р., которые также проводили вместе с ними антисоветскую работу.

Так, в январе 1942 года участники этой антисоветской группы Ульрих Я. И., Ульрих И. И., Франк М. С., Керкеснер В. А., находясь на спецпоселении в колхозе «Бозкуль», Казалинского района, были направлены на работу по рытью канала, где они сговорившись между собой с целью срыва канала, бросили работу и ушли в гор. Казалинск, уведя с собою вместе всех немцев. работавших там. Организатором этого саботажа был обвиняемый Ульрих Яков Иванович. В результате чего работа на канале была сорвана.

Ульрих Яков Иванович и Керкеснер Вильгельм Адамович в январе 1942 года в присутствии Франка и Кайста, во время призыва немцев на трудфронт, среди них распространяли провокационные слухи, направленные против призыва немцев на трудфронт, высказывали злобную ненависть по адресу руководителей партии и правительства. Ульрих Иосиф Иванович в начале 1946 года среди своего окружения возводил клевету на Советскую действительность, восхвалял при этом Англию и Америку, а также дореволюционный царский режим в России.

Осенью 1946 года на квартире Франка Михаила они высказывали антисоветские суждения о неизбежности новой войны со стороны англо-американского блока против СССР и предсказывали поражение в ней СССР.

Мецлер Р. А. в мае 1947 года в своей квартире в присутствии Фалькенштейна вел антисоветские пораженческие разговоры, высказывал изменческие настроения по отношению коммунистов и

других советских работников. При этом высказывал диверсионные намерения.

Бруг К. А. осенью 1947 года в своей квартире в присутствии Никренс вел клеветнические разговоры об экономическом положении рабочих в СССР и критиковал с антисоветских позиций мероприятия партии и правительства о новостройках в СССР. Керкеснер в январе 1948 года на квартире Ульриха Иосифа высказывал свое недовольство по поводу цен на продтовары в СССР. В феврале 1948 года все они собравшись в мастерской ОРСа ст. Казалинск обсуждали об отмене карточной системы, высказывали клеветнические измышления на Советскую действительность, восхваляли экономическую жизнь в капиталистических странах. Вели пораженческие разговоры.

В марте 1950 года в день выборов в Верховный Совет СССР Мецлер Раингольд, будучи прикрепленным с автомашиной к избирательному участку, во время перевоза избирателей и членов избирательной комиссии, умышленно наехал на стену дома и испортил машину. 5 марта 1950 года, собравшись в квартире Ульриха Иосифа, все они пели песни антисоветского содержания, в которых клеветали на Советскую действительность, экономическое положение Советских людей, восхваляли жизнь в бывшей фашистской Германии,— за что все они постановлениями УМГБ по Кзыл-Ординской области от 14 апреля и 12 мая 1950 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. ст. 58-10 ч. 1 и 58 11 УК РСФСР.

Приговором выездной сессии Судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского областного суда от 23 июня 1950 года Ульрих Иосиф Иванович, Ульрих Яков Иванович, Франк Михаил Семенович, Керкеснер Вильгельм (он же Василий Адамович), Бруг Карл Андреевич и Мецлер Раингольд (он же Иван Адамович)— подвергнуты к лишению свободы в ИТЛ сроком на 10 лет последующим поражением избирательных прав сроком на 5 лет каждого.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 16 августа 1950 года приговор Кзыл-Ординского областного суда оставлен в силе.

Постановлением Президиума Верховного суда Казахской ССР от 29 апреля 1955 года приговор Кзыл-Ординского областного суда от 23 июня 1950 года и определение Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 16 августа 1950 года в отношении Мецлер Раингольда (он же Ивана Адамовича) отменены и дело производством прекращено за недоказанностью преступления, в отношении остальных осужденных изменено, исключено из приговора обвинение по ст. 58 II УК РСФСР и меру наказания снизить: Ульриху Иосифу Ивановичу, Ульриху Якову Ивановичу, Франку Михаилу Семеновичу — до 5 лет лишения свободы без поражения в правах, Керкеснеру Вильгельму (он же Василий Адамович), Бругу Карлу Андреевичу — до 3 лет лишения свободы, без поражения в правах.

На основании Указа от 22 марта 1953 года «Об амнистии» отбытия наказания освободить со снятием судимости, все освобождены из-под стражи.

Постановлением Пленума Верховного суда Казахской ССР от 20 декабря 1962 года приговор Кзыл-Ординского областного суда от 23 июня 1950 года и все последующие судебные постановления в отношении выше названных немецких граждан отменены, дело производством прекращено за отсутствием в их действиях состава преступления. Все они реабилитированы.

# ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША

### 1928 жылы

**СИМЕНКО** Онуфрий Федорович — родился в 1900 году в Бессарабии, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был рабочим.

**ЧИГРЕНЬ** (он же Герман) Яков Гаврилович — родился в 1899 году в Бессарабии, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был чернорабочим.

Этих 2 граждан арестовали и возбудили уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены Коллегией ПП ОГПУ 1 февраля 1928 года к 3 годам тюремного заключения каждый.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области они полностью реабилитированы 13 сентября 1989 года.

### 1929 жылы

**ШАНДИЕВ** Құлажат — Маңғышлақ ауданының №10 ауылында 1872 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған;

**ШАНДИЕВ** Наурыз — Маңғышлақ ауданының №10 ауылында туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған.

Бұл 2 азаматты ОГПУ Адаев округі бөлімінің 1929 жылғы 17 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58-10 бабымен қылмыстық іс қозғаған. ОГПУ Коллегиясы жанындағы ерекше мәжілістің 1929 жылғы 14 маусымдағы қаулысымен екеуі де 3 жылдан түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облыстық КГБ басқармасының 1958 жылғы қаулысымен Құлажат және Наурыз Шандиевтар толық ақталған.

### 1931 жыл

**РЯБУШКИН** Владимир Яковлевич — родился в 1910 году в гор. Кзылорде, сын рабочего жестянчика депо ст. Кзылорда, образование 3 класса, беспартийный, с 1929 по 1930 год проходил курсы туристов в гор. Ашхабаде, по окончанию которых путешествовал в погранпоездке.

**АРЦЕВ** Константин Федорович — родился в 1910 году, из крестьян, по профессии живописец, проживал в гор. Кзылорде по ул. К. Маркса №19, образование 3 класса, беспартийный, с 1925 по 1927 год работал в Донбассе, в 1927 году в день ареста проживал в гор. Кзылорде.

**МИХАЙЛОВСКИЙ** Константин Адольфович — родился в 1910 году в г. Ленинграде, окончил 3-х кл. городское училище, по профессии переплетчик, беспартийный, член ВЛКСМ, адм. ссыльный по постановлению Коллегии ОГПУ 1929 г. за принадлежность к оппозиции сроком на 3 года, проживал в гор. Кзылорде по ул. Муратбаева, №1.

**КРУТЫХ** Николай Арсентьевич — родился в 1909 году в дер. Кеменки, Оренбургского округа, аптекарь — работник, со средним образованием, беспартийный, проживал в гор. Кзылорде, ул. Каракалпакская №70.

**ПАТРУБЕЙКО** Андрей Гаврилович — родился в 1904 году в дер. Туры, Сталинского уезда, Минской губернии, по национальности — поляк, польский подданный, окончил 4 класса училища, по профессии костировщик животных, занимался фотографией, беспартийный, служил в польской армии с 1925 года, адм. высланный в Казахстан за нелегальный переход границы в 1929 году, проживал в гор. Кзылорде, ул. Безымянная, №13.

**ПЕРЕГУДОВ** Николай Григорьевич — родился в 1912 году, сын рыбака ст. Соло-Тюбе, работал переплетчиком в типографий, малограмотный, беспартийный, проживал в гор. Кзылорде по ул. К. Маркса, дом №19.

**МИГАНОВИЧ** Бронислав Викторович — родился в 1904 году в г. Крена (Литва), служил телеграфистом ст. Кзылорда, беспартийный, с низшим образованием, проживал в г. Кзылорде, по ул. Карла-Маркса №19.

**САЙДУЛЛИН** Александр Шарипович — родился в 1906 году в дер. Ушала Оренбургского округа, работал машинистом городской бани, малограмотный, беспартийный, проживал в гор. Кзылорде, по ул. Карла-Маркса №46.

**ЗИНЧЕНКО** Никифор Ефимович — родился в 1910 году в дер. Кавали, Хорольского района, Дюбинского округа, по профессии портной, малограмотный, беспартийный, судим в 1928 году Лубинским судом, приговорен к 3 годам концлагеря, откуда выслан в Казахстан, проживал в гор. Кзылорде, по ул. Муратбаева, №1 кв. 4.

Они обвиняются в том, что ставили своей целью совместный нелегальный переход границы, основными организаторами которых были Рябушкин Владимир Яковлевич, Арцев Константин Федорович. Они занимались снабжением для всех документов с поддельными печатями, штампами и росписями; Патрубейко Андрей Гаврилович — занимался подделкой документов, Крутых Н. А.— распространял фальшивых червонцев, Перегудов Н. Г.— снабжал шрифтом из типографии для изготовления печатей, Миганович Б. В.— снабжал документами военной части и ПП ОГПУ, Сайдуллин А. Ш.— реализовал товары, Зинченко А. Е.— реализовал товары также предоставил квартиру для укрытия товаров — с целью подрыва и мощи СССР. За что они постановлением Кзылординского горотделения ПП ОГПУ от 30 июня и 1 июля 1931 года и привлечены к условной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР.

Постановлением 1 отделения ОО при ОГПУ в КА ССР от 2 марта 1932 года уголовное дело в отношении Рябушкина В. Я., Арцева К. Ф., Михайловского К. А., Крутых Н. А., Потрубейко А. Г., Перегудова Н. Г., Мигановича Б. В., Сайдулина А. Ш., Зинченко Н. Е., производством прекращено и они все из-под стражи освобождены из-за недоказанностью состава преступления.

По заключению прокурора Кзылординской области от 15.09.97 года все они 9 человек на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года — реабилитированы.

## 1932 жылы

**МАСУДОВ** Гариф — родился в 1890 году в Оренбургской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орде, работал учителем школы им. Коминтерна;

**ЗАГФАРОВ** Гариф — родился в 1884 году в Симбирском уезде, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал учителем географии;

Этих 2 граждан арестовали и привлекли к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены тройкой при ПП ОГПУ 21 ноября 1932 года к 5 годам тюремного заключения каждый. Они полностью реабилитированы 11 августа 1989 года.

## 1933 жылы

### I

**ДӘУЖАНОВ** Еркеш — Қызылорда қаласында 1902 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы қалада мұғалім болып істеген;

**ТҮЛКІБАЕВ** Бекет — Қызылорда ауданы, №5 ауылда 1882 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрып, жалданып жұмыс істеген.

Бұл 2 азаматты Қызылорда қалалық-аудандық ОГПУ бөлімі қамауға алып, РСФСР ҚК 58 бабымен қылмысты іс қозғаған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігінің жанындағы үштіктің 1933 жылғы 11 қазандағы қаулысымен, екеуі де 6 жылдан түрме жазасына сотталған.

Қызылода облыстық прокурордың қорытындысымен, екеуі де 1990 жылғы 12 наурызда толық ақталған.

### II

**СҮТЕНОВ** Шағдарбек — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1881 жылы туған, бай-болыстың баласы, руы көзей қыпшақ, өзі 1913 жылы Сырдария облысы, Перовск уезі, Головачев болысының управителі болған, 1921 жылы Қоғалы болыстық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған, 1924 жылы Кеңес өкіметіне қарсы жүргізген үгіті үшін тұтқынға алынған, онан босанып шыққан, 1925—1929 жылдары Сұлутөбе станциясындағы сексеуіл дайындау мекемесінде қабылдаушы болып істеген, екі әйелі, 4 баласы бар;

**ШАҚАБАЕВ** Әбіл — Қызылорда ауданының №2 ауылында 1894 жылы туған, бай болған, руы алтыбас қыпшақ, кейінгі кезде Қоқан қаласында «Мулькабал» деген жерінде тұрған, арбакештер артелінде жұмыс істеген, партияда жоқ, сауатсыз, 3 баласы бар, сотты болмаған, 3 жалшы ұстаған;

**ИСАҚАЕВ** Рүстембек — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1902 жылы туған, бай болған, руы абыз, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған, арбакештер артелінде жұмыс істеген, партияда жоқ, сауатсыз, әйелі, бір баласы бар, сотты болмаған;

**ӘБДІРАМАНОВ** Сәулебек — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1895 жылы туған, бай болған, руы абыз, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған, арбакештер артелінде жұмыс істеген, партияда жоқ, шала сауатты, 4 баласы бар, сотты болмаған;

**АЙТМАҒАМБЕТОВ** Арыстанбай — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1904 жылы туған, бай болған, руы досан қыпшақ, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған, арбакештер артелінде жұмыс істеген, үйленбеген, партияда жоқ, сотты болмаған;

**СҮТЕНОВ** Әбдіхалық — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1894 жылы туған, бай болған, руы көзей қыпшақ, бай болған, 2 жалшы ұстаған, партияда жоқ, сауатсыз, мал-мүлкі тәркіленіп, сотталған, түрмеден қашып кеткен, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған;

**ӘБУБӘКІРОВ** Шәмбіл — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1913 жылы туған, тәркіленген байдың баласы, руы көзей қыпшақ, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған, мақта зауытында жұмыс істеген, партияда жоқ, шала сауатты, үйленбеген;

**САРБАСОВ** Ерғали — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1896 жылы туған, байдың баласы, руы досан қыпшақ, партияда жоқ, сауатты, колхоз мүшесі, сотты болмаған;

**МЫРЗАТАЕВ** Ұрмахан — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1894 жылы туған, руы көзей қыпшақ, шала сауатты, БКП(б) мүшесі, партиядан осы іс бойынша байлармен байланыс жасағаны үшін шығарылған, 1932 жылы колхоз тұқымын талан-таражға салғаны үшін сотталған;
**ӘБДІМОМЫНОВ** Тәжібай — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1895 жылы туған, руы досан қыпшақ, колхоз мүшесі, шала сауатты, БКП(б) мүшесі, осы іс бойынша партия қатарынан шығарылған, сотты болмаған;
**ҚОЖАХМЕТОВ** Әбек — Қызылорда ауданының №1 ауылында 1896 жылы туған, руы досан қыпшақ, колхоз мүшесі, партияда жоқ, сауатсыз, сотты болмаған, товарлы-сүт фермасының меңгерушісі болып жұмыс істеген.

Сұлутөбе ауылында 1932 жылдың шілде-қыркүйек айларында тұрғындар жаппай Өзбекстанға қоныс аударуы байқалған. №1 ауылдың 400 қожалығынан 50 үй, 1000 бас жұмыс көлігінен 30 бас ғана қалған. Осындай жағдай №2 ауылда да орын алған, 200 қожалықтан 25 үй ғана қалған, 600 бас жұмыс көлігінен бірде-бір басы қалмаған. Ауылдың экономикасы құлдырауына бұрынғы патша тұсында Головачев болысының управителі болған Сүтенов Шағдарбек басқарған байлар тобы тікелей кінәлі.

Сүтенов Шағдарбек Октябрь революциясынан кейінгі кезде осы ауылдарда, байлар контрреволюциясын ұйымдастырушы және дем берушісі болған. 1925 жылға дейін Сүтенов және оның інілері мен ағалары жергілікті өкімет басында болды. 1925 жылы ол Кеңес өкіметіне қарсы белсенді жұмыс жүргізгені үшін тұтқынға алынғаннан кейін ол басшы өкімет орындарына сайланбаған, бірақ ол басқарған топтың мүшелері басшылықта қала берген. Ш. Сүтенов Сұлутөбе станциясына келіп Сексеуіл тресінің қабылдаушысы болып жұмысқа орналасып, сол жерден Қоғалы болысындағы байлар тобының жұмысына нұсқау беріп отырған. 1928—1929 жылдары ол ауылдағы кедей шаруалардың саяси өсуін байқап, өзінің келешегінен, ұсталып кетуден қауіптеніп, өзімен жақсы қарым-қатынаста болған коммунистермен ақылдасып, подпольеге кету мәселесін шешкен. Ол өзіне берілген 20 байлар қожалығынан топ ұйымдастырып, солармен бірге Қоқан қаласына кеткен. Оның ауылда қалған жігіттері басшы қызметтерге сайланып, Сүтеновпен байланыс жасап, оның нұсқауымен ауылда жауыздық-зиянкестік жұмыстарын жүргізе берген. Олар жұртшылықты саяси-шаруашылық науқандарға қарсы күресуді ұйымдастырушы болған және олар колхоз малын жаппай қыруға үгіт жүргізіп, өздері малды талан-таражға салуға тікелей қатысқан. Сөйтіп жұртшылықты күйзеліске ұшыратып, енді оларға Өзбекстандағы Сүтеновке көшіп баруды ұсынған. Сүтенов Өзбекстанда пайдасы мол артель ұйымдастырған, малы түгел,— деп үгіт жүргізген. Сөйтіп жұртшылықты Өзбекстанға жаппай көшуді ұйымдастырған. Өзбекстанда тығылып жүріп Сүтенов Қоқан қаласында түйекештердің жалған артелін ұйымдастырып, онымен «Кооптранссоюз» системасына кірген. Сүтеновпен байланыс жасау үшін ауылдан келген топ мүшелері, ауылдық өкіметтің өкілдері одан колхоз құрылысына қарсы күресу жөнінде тапсырмалар алып кететін болған. 1930—1931 жылдары Сүтеновтың артелі қашқын байлар мен қарақшылар элементінің ошағына айналған.

Шақабаев Әбіл №2 ауылда беделді болған, Сүтенов Шағдарбектің нұсқауымен ол өз руластарының арасында Өзбекстанға қоныс аудару жөнінде үгіт жүргізген, оның үгітімен бар қожалық көшіп кеткен. Сүтеновтың тапсырмасымен 1931 жылғы тамыз айында жеке куәлік алуды сылтау етіп, ауылға келіп жаппай көшу туралы үгіт жүргізген.
Исақаев Рүстембек өзінің руластары арасында Өзбекстанға көшу туралы үгіт жүргізген, колхоздың малын ұрлап, оны Өзбекстанға жіберген.
Әбдіраманов Сәулебек Сүтенов Шағдарбектің күйеу баласы болған. Ол колхоздың үш түйесі мен атын ұрлап, өзінің туысы Айнабек Әбдіраманов арқылы Қоқан қаласына апарған.
Аймағамбетов Арыстанбай 1930 жылдың қазан айында 4 бай қожалығымен бірге Өзбекстанға қоныс аударған.
Сүтенов Әбдіхалық 1931 жылға дейін (мамырға дейін) ауылда тұрған, бұл да Өзбекстанға қоныс аудару туралы үгіт жүргізген, ол өзінің ағасы Шағдарбектің нұсқауымен Кеңес өкіметіне қарсылығы үшін, жауапқа тартылып қалмауы үшін алдымен Түркістан қаласына, одан Қоқан қаласына қашып кеткен.
Әбубәкіров Шәмбіл міндетті түрде салық төлеуден қашып, байлар тобына қосылған, әкесі тәркіленіп, жер аударылған.
Сарбасов Ерғалидың үгіттеуімен ауылдан 17 қожалық көшіп кеткен, оның ұйымдастыруымен колхоз жылқысы талан-таражға түскен, 8 жылқы ұрланып, сойылып кеткен.
Кооперацияда жұмыс істеп жүріп, кооперацияның 500 сомын жеп қойған, байлар тобымен байланыс жасаған.
Мырзатаев Ұрмахан партия ячейкасының хатшысы бола тұрып, Сүтеновтың тобында болып, колхоздың 27 пұт бидай тұқымын ұрлаған, байлардың көшуіне ықпал жасап, олардан пара алған.
Әбдімомынов Тәжібай колхоздың екі жылқысын ұрлап, оның 1000 сом тұратын біреуін Жаңақорған ауданына жіберген, екіншісін ауылда тығып қойған.
Қожахметов Әбек колхоздың бір атын ұрлап, оны 450 сомға сатып, ақшасын пайдаланған, колхоздың бір түйесін сойып жеген. Сүтенов тобының мүшесі болған,Қоқанға айдалатын малдарға документ дайындаған. Товарлы-сүт фермасының меңгерушісі болып тұрған кезінде 50 процент малды талан-таражға салған.
Міне осындай кіналары үшін 11 адамнан тұратын топ Қызылорда аудандық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы қыркүйек айындағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 11 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Айыптау қорытындысы бойынша, бұлардың ісі ОГПУ

Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы сәуірдегі қаулысымен: Сүтенов Шағдарбек, Шақабаев Әбіл, Исақаев Рүстембек, Әбдіраманов Сәулебек, Айтмағамбетов Арыстанбай, Сүтенов Әбдіхалық, Сарбасов Ерғали, Қожахметов Әбек — әрқайсысы 10 жылдан, Мырзатаев Ұрмахан, Әбдімомынов Тәжібай — әрқайсысы 5 жылдан, Әубәкіров Шәмбіл —3 жыл концлагерге сотталған.

Бұлардың барлығы 1933 жылғы 23 мамырда Карлагке айдалған.

Қызылорда облыстық прокурор орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен: Сүтенов Шағдарбек, Әбдіраманов Сәулебек, Әбдімомынов Тәжібай, Әубәкіров Шәмбіл, Айтмағамбетов Арыстанбай, Исақаев Рүстембек, Қожахметов Әбек, Мырзатаев Үрмахан, Сарбасов Ерғали, Сүтенов Әбдіхалық, Шақабаев Әбіл — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указы негізінде толық ақталған.

## III

**ПАПИРМЕЙСТЕР** Самуил Ефремович — родился в 1908 году в Омской губернии, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, не занимался общественно-полезным трудом;

**ОРЛОВ** Николай Зосимович — родился в 1903 году в Черниговской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, не занимался общественно-полезным трудом;

**МОГИЛЕВСКИЙ** Абрам Гилевич — родился в 1907 году в Черниговской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, не занимался общественно-полезным трудом;

Этих 3 граждан арестовали и возбудили уголовное дело за то, что они занимаются паразитическим образом жизни.

Осуждены тройкой при ПП ОГПУ Казахстана 22 декабря 1933 года на 3 года ссылки каждый.

Кзыл-Ординским областным прокурором они реабилитированы 8 октября 1991 года.

## IV

**ИНДЕХ** Давид Иосифович — родился в 1904 году в гор. Бердичев, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был адм. ссыльным;

**БЕРГЕР** Вера Абрамовна — родилась в 1898 году, до ареста проживала в гор. Кзыл-Орда, была адм. ссыльной.

Осуждены они тройкой при ПП ОГПУ Казахстана 22 декабря 1933 года на 3 года ссылки каждый.

Кзыл-Ординским областным прокурором они реабилитированы 28 октября 1991 года.

## V

**ЖОРАБАЕВ** Ережеп — Қызылорда қаласында 1895 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы қалада тұрып, «Горсовет» атты колхоз төрағасы болып істеген;

**ЗАРИХИН** Александр Алексеевич — родился в 1894 году в гор. Иргиз, Туркестанского края, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал завскладом и счетоводом колхоза «Горсовет»;

**ҚАРАБЕКОВ** Тәшкенбай — Қызылорда қаласында 1885 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласындағы «Горсовет» колхозында бригадир болып істеген.

Қызылорда қалалық-аудандық ОГПУ бөлімі оларды қамауға алып, РСФСР ҚК 58 бабымен қылмыстық іс қозғаған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен: Жорабеков Ережеп, Зарихин Александр Алексеевич — әрқайсысы 5 жылдан, Қарабеков Тәшкенбай —6 жылға түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облыстық прокурорының қорытындысымен, бұл үшеуі 1989 жылғы 11 тамызда толық ақталған.

## VI

**БЕКІШЕВ** Сүлеймен — Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1896 жылы туған, руы жаппас, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, мал-мүлкі тәркіленіп, сотты болған.

**ИШАНОВ** Оразбай — № 8 ауылда 1863 жылы туған, руы қонақбай, бай болған, ескіше шала сауатты, партияда жоқ, сотталған, қамаудан қашып кеткен.

**ИШАНОВ** Смайыл — № 8 ауылда 1887 жылы туған, руы қонақбай, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, сотталмаған.

Айыптау қорытындысы бойынша: бұл байлар тобы колхозшылар арасында партия мен үкіметтің ауылда жүргізіп жатқан шараларына, Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Сонымен қатар егіс даласындағы астықты ұрлаумен айналысқан, тары тұқымын талан-таражға салған. 1933 жылдың тамыз айында «Мақпалкөл» тозындағы астық жинау және бастыру кезінде Бекішев Сүлеймен, Ишанов Оразбай, Ишанов Смайыл тоз мүшелерінің арасында колхоз астығын талан-таражға салу үшін үгіт жүргізген. «Өкімет астықты биыл да бұрынғы жылдардағыдай алып қояды, Кеңес өкіметінің ауылда жүргізіп отырған саясаты - алданыш, астық дайындау болмайды, барлық салықтан босандыңдар деп айтқанымен, бұл үкімет тарапынан астық ұрланбасын деп жүргізіп отырған үгіті...», 10 процент бастырылған астықты бізге бөліп, 90 процент астықты өкімет алып қояды, ал біз тағы да ашығамыз, биыл да көп адам аштықтан өлді, соның кері болады. Сондықтан барлық тәсілмен қысқа астық дайындап алуымыз керек» деп, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Сонымен, қатар олар өздерінің теріс үгітімен шөп дайындау науқанын да бұзған. «Шөптің бізге керегі жоқ, өйткені өкімет жұртшылықтың барлық малын ет дайындауға алып қойды, сондықтан шөп дайындау жөніндегі барлық жұмыс зая, онан да қысқа астық дайындап алумен айналысқанымыз жақсы, онсыз аштан өлеміз, өткен жылы жұртшылықтың 50 проценті аштан өлгенін ұмыт-

пау керек» деп халықты үгіттеген. Соның салдарынан 8 тамызда тозда шөп дайындау жұмысы мүлдем тоқтатылып, тоз шөп дайындау жоспарын орындай алмай қалған.

Аттары аталған үшеуі бидайдың, арпаның басындағы дәнін ұрлау үстінде бірнеше рет көзге түскен, бірақ тоз төрағасы тарапынан оларға ешқандай шара қолданылмаған, өйткені олар беделді болған.

«Мақпалкөл» тозына 1933 жылғы мамыр айында 60 гектар тары егуге жоспар беріліп, тоз ауданнан 60 пұт тарының тұқымын алған. Ишанов Смайыл жұртшылық арасында ешкім жұмысқа шықпасын, біз ашпыз, жұмыс істемейміз деп үгіт жүргізген. Соның салдарынан ешкім жұмысқа шықпаған. Ишанов өзінің дегеніне жетіп, тары тұқымын өздері пайдаланып, 60 гектар тары егудің орнына 35 гектар ғана еккен, сонда да ауданға 60 гектар тары егілді деп ақпар берген.

Бұл топтың барлық әрекеті колхоз жұмысына кері әсерін тигізген, олардың үгітінен кейін қырманнан, егістіктен жаппай астық ұрлау басталған, астық жинау жұмыс бұзылып, астық талан-таражға түскен.

Міне осы әрекеттері үшін Бекішев Сүлеймен, Ишанов Оразбай, Ишанов Смайыл ОГПУ Қызылорда қалалық, аудандық бөлімі өкілінің 1933 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР КК 58 бабының 10 тармағымен және ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңының негізінде қылмыстық іс қозғалған. Айыптау қорытындысы бойынша тергеу ісі ОГПУ Оңтүстік Қазақстан облыстық бөліміне жіберілген.

Оңтүстік Қазақстан ОГПУ бөлімі тергеу бөлімінің (СПО) 1933 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен Ишанов Оразбайдың жасының ұлғаюына (70 жаста) байланысты, оның қара жұмысқа жарамайтындығы ескеріліп, үштіктің қаулысы шыққанға дейін ешқайда кетпеу туралы тілхаты алынып, қамаудан босатылған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 11 желтоқсандағы қаулысымен: Ишанов Смайыл — 8 жылға еңбекпен түзеу лагеріне, Бекішев Сүлеймен — 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған, Ишанов Оразбай — жазадан босатылып, ешқайда кетпеу жайлы тілхаты жойылған.

Ишанов Смайыл 1936 жылғы қараша айында Карлагтан НКВД-ның Дальлагіне айдалған.

СССР НКВД жанындағы Ерекше Мәжілістің 1935 жылғы 3 шілдедегі қаулысымен Бекішев Сүлейменнің айыбы КК 58 бабының 10 тармағына 162 баптың «Д» тармағы қосылып, жаза мерзімі бұрынғы қалпында қалдырылған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 11 тамыздағы қорытындысымен Ишанов Смайыл, Бекішев Сүлеймен СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығы негізінде толық ақталған.

## VII

**ЗАРИХИН** Александр Матвеевич — родился в 1894 году в гор. Иргиз, Туркестанской области, приписан к пос. Александровка, Кзыл-Ординского района, Кзыл-Ординской области, проживал в гор. Кзыл-Орда по ул. Полтарацкая, 23, по соц. положению сын полицейского и сам служил в полиции, служащий, до ареста работал зав.складом горкомхоза, счетоводом колхоза имени «Горсовета», беспартийный, грамотный, несудимый, женат, имеет 3 дочерей и сына, состоял на учете красных партизан, как служащий в Перовском отряде, русский, подданный СССР.

Он обвиняется в том, что, являясь организатором колхоза им. «Горсовет», являясь чуждым элементом, принимал в таковое байство, сколотив вокруг себя группу лиц из чуждого элемента, совместно с которыми подрывал соц. строительство, т.е занимался расхищением колхозного имущества и средств, а также имущество горкомхоза, занимался спекуляцией скотом вместо укрепления колхоза и сделать колхозника зажиточным, в колхозе имел цель наживы и совершил ряд других злоупотреблений, т.е. преступлении, предусмотренный ст. 58 п. 11 УК и Постановления ВЦИК от 7 августа 1932 года.

**ЖОРАБЕКОВ** Ережеп — Қызылорда қаласында 1895 жылы туған, осы қаланың Қарақалпақ көшесі, 20 үйде (қазіргі Журба көшесі) тұрған, негізі шаруа, бұрын арбакеш болып жұмыс істеген, кейін «Горсовет» колхозының төрағасы болып жұмыс атқарған, партияда жоқ, шала сауатты, сотталмаған, үйленген, қызы, ұлы бар. Әскер қатарында болмаған, ұлты өзбек, СССР азаматы.

«Горсовет» колхозының төрағасы болып тұрғанда ол колхозға байларды және Кеңес үкіметіне қарсы пиғылдағы элементтерді алып, оларды жасырған, Зарихинмен бірлесіп өзінің маңайына жаңағыларды топтастырып, социалистік құрылысты бұзу әрекетін жүргізген, колхоздың мүлкін, қаржысын ішіп-жеумен, талан-таражға салумен айналысқан, колхоздағы мақсаты жеке баю, кедейлерді ығыстыру болған. ҚК 58 бабының 11 тармағы мен ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған,

**ҚАРАБЕКОВ** Тышқанбай — Қызылорда қаласында 1885 жылы туған, руы қаңлы, «Горсовет» атындағы колхозда тұрған, бұрын базарда ұн сататын саудагер болған, кейін колхозда бригадир болып істеген. Партияда жоқ, сотты болмаған, үйленген, әйелі, ұлы бар.

Бұл да Зарихинмен және Жорабековпен бірлесіп, колхозда бригадир болып істеп жүргенде жауыздық-зиянкестік әрекеттермен айналысып, колхоздың мүлкі мен қаржысын ішіп-жеп, талан -таражға салған, тұқым ұрлаумен, малды сатып жеумен және егіс науқаны кезінде зиянкестікпен айналысқан. Ол ҚК 58 бабының 11 тармағы мен ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған.

**ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ** Мүсіреп — Қызылорда ауданының № 17 ауылында 1894 жылы туған, руы мойнақ, кейін Қызылорда қаласы, Атбасар көшесі, № 91 үйде тұрған, бұрын алып-сатар, саудагер болған, еш жерде жұмыс істемеген, партияда жоқ, сауатсыз, сотты болмаған, 2 ұлы бар.

Ол арам пиғылдағы элемент-саудагер ретінде Жорабековтің тобы арқылы колхоз жұмысына пайдаланылған, колхоз жеріне жеке егіс егіп, су тартқышты (водокачка) пайдаланған. Саудагерщілік мақсатында тоз арқылы Қарақалпақстанға мал сатып әкелуге жіберілген, әкелген малдарды қымбат бағаға сатып пайдаланған. Жорабековпен тағы басқалармен бірлесіп, колхоздың малдарын сою және басқа зиянкестікпен айналысқан. Ол ҚК 58 бабының 11 тармағы мен ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған.

**ОРЫНБАЕВ** Ізбасар — Тереңөзек ауданына қарасты Жалағаш қыстағында 1864 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Сарқырама арығы бойында тұрған, одан кейін «Горсовет» колхозына барып тұрған, негізі кулак, бай болған, колхоз мүшесі, партияда жоқ, сауатсыз, сотты болмаған, 2 баласы бар, бір баласы 1930 жылы саудагерлігі үшін жер аударылған, 1933 жылы қайтып келген. Ол колхозшылардың үйғаруымен Қарақалпақстанға сүт бағытындағы сиырларды арзан бағаға сатып әкелуге жіберілген, бірақ ол қымбат бағамен сиыр сатып әкелген, ол сиырларды колхозшыларға берудің орнына базарға сатқан. Ол бір түйені етке сойған. Ол ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған.

**ҮСЕНОВ** Баймахан — Қызылорда қаласында 1895 жылы туған, руы қожа, осы қаланың Сарқырама көшесі, № 23 үйде тұрған, әлеуметтік тегі қызметкер, қызыл партизандар бюросында сектор меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1931 жылдан БКП(б) мүшесі, шала сауатты, сотты болмаған, бір қызы бар, әскери есепте тұрған, Перовск партизандар отрядының құрамында болған. Одан кейін ОГПУ органында вахтер болып жұмыс істеген, ОГПУ органынан запасқа шыққан.

Ол да Зарихинмен, Жорабековпен тығыз байланыста болып, қызыл партизандар үшін, оларға қажеті жоқ болса да, мал сатып алуға рұқсат алып, «Горсовет» атындағы колхозға мал сатып алуға барған. Ол колхоздан сүт беретін, қымбат емес жақсы сиыр сатып алуға тапсырма алған, бірақ ол колхоздан малды өте қымбатқа және қысыр сиыр сатып алған, ол сиырларды колхозшылар алмаған, кейін ол сиырларды базарға апарып қымбат бағасына сатып жіберген. Сонымен қатар ол топтағылармен бірге кешкілік отырыс жасап, арақ ішіп мас болып, Жорабековпен бір колхозшыға шабуыл жасаған, кімде-кім осы туралы арыз берсе оны колхоздан шығару мәселесі қойылған. Үсенов бұл топтың бар екенін және оның жасап жатқан қылмыстарын біле тұра, жасырған. Ол ҚК 58 бабының 11 тармағымен және ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған.

ОГПУ Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1933 жылғы 2 қазандағы қаулысымен бұлар тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Айыптау қорытындысы бойынша, бұл іс Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімі арқылы Қазақ ССР ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

ОГПУ Сенімді өкілдігі тергеу бөлімінің 1933 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен Үсенов Баймаханның әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан іс тергеуден қысқартылып, қылмыс қозғау шарасы алдында алынған Қызылордадан басқа жаққа кетіп қалмау туралы тілхаты бұзылған.

Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен:

— Құлмағамбетов Мүсіреп, Қарабеков Тышқанбай — әрқайсысы 6 жылға еңбекпен түзеу лагеріне,

— Зарихин Александр Матвеевич, Жорабеков Ережеп - әрқайсысы 5 жылдан еңбекпен түзеу лагеріне сотталған,

— Орынбаев Ізбасар — алдын ала тұтқында болған мерзімін жазаға жатқызып, қамаудан босатылған, ешқайда кетпеу жайлы тілхаты жойылған.

— Постановлением троики при ПП ОГПУ в Казахстане от 23 мая 1934 года во изменение прежнего постановления: Зарихин Александр Матвеевич из-под стражи освобожден с зачетов предварительного заключения, переквалифицирован состав преступления по ст. 58-11 и 111 УК.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 11 тамыздағы қорытындысымен Зарихин А.М., Құлмағамбетов М. Жорабеков Е. Қарабеков Т. СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

## 1934 жылы

### I

**ОСПАНОВ** Қасым — Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1894 жылы туған, руы — мойнақ жаппас, кейін Қызылорда қаласы, Энгельс көшесі, № 55 үйде тұрған, шала сауатты, 1926 жылы БКП(б) мүшелігіне өткен, бұрын сотталмаған, теміржол жұмысшыларын жабдықтау мекемесінде нан сатушы болып жұмыс істеген, әйелі Күлімжан, қыздары — Ажаркүл, Минауар, 1915 жылдан 1921 жылға дейін Орынбор қаласында 1 атты әскер Қырғыз полкінде атты әскер болған.

**ЖАҒЫПАРОВ** Әбдіғали — Ақтөбе облысы, Ақтөбе ауданының № 10 ауылында 1905 жылы туған, руы табын, кейін Қызылорда қаласы Энгельс көшесі, № 55 үйде тұрған, шала сауатты, 1932 жылға дейін БЛКЖО мүшесі болған, бұрын сотталмаған, Қызылорда «Леспромхоз» мекемесінде хатшы болып жұмыс істеген, әйелі — Мүбәрәк, қызы Мәдина, Мағым.

**ТАЛҚАМБАЕВ** Пірімжан — Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1904 жылы туған, 1929 жылдан Қызылорда қаласы, Энгельс көшесі № 52 үйде тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, сабын жасайтын зауытта аға жұмысшы болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, әйелі — Күпен, ұлдары Рақымжан, Қасымжан.

**ОСПАНОВ** Мүсілім — Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1897 жылы туған, кейін Қызылорда

каласы, Энгельс көшесі № 55 үйде тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, отын сатумен айналысқан, үйленген.

**ЖҰМАҒҰЛОВА** Әлия — Тереңөзек ауданының Адамесек елді мекенінде 1898 жылы туған, кейін № 8 ауылда, «Қызыл коммуна» тозында тұрған, сонда жұмыс істеген, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, жесір, баласы — Бекайдар.

**ЕРМОЛОВ** Павел Иванович — родился в 1904 году в селе Балхановики Сорачинского района, Средне-Волжского края, русский, гражданин СССР, беспартийный, грамотный, ранее судим за растрату, до ареста работал уполномоченным оперативной части Кзыл-Ординского РУМА, проживал в гор. Кзыл-Орда, пер. Белинского, № 2, по ул. Энгельса, № 5 кв 3.

**КУЗЬМИН** Максим Михайлович — родился в 1908 году в гор. Казалинске, русский, гражданин СССР, грамотный, член ВКП(б), семейный, не судимый, работал младшим милиционером РУМа, проживал в гор. Кзыл-Орда, по ул. Энгельса № 55.

**ЕРІМБЕТОВ** Баймұрат — Қызылорда ауданының № 14 ауылында 1908 жылы туған, білімі бастауыш, 1926 жылдан БЛКЖО мүшесі, бұрын сотталмаған, қамауға алынғанға дейін Қызылорда аудандық милициясы өкілінің көмекшісі болып жұмыс істеген, Қызылорда қаласы, Карл Маркс көшесі, № 55 үйде тұрған, әйелі — Қалдыгүл.

**НҰРЕКЕШОВ** Құрмансейіт — Қарағанды облысы, Еңбекшілдер ауданының № 4 ауылында 1900 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Карл Маркс көшесі, № 52 үйде тұрған, сауатты, 1928 жылдан БКП(б) мүшесі, бұрын сотталмаған, қамауға алғанға дейін Қызылорда аудандық милиция бөлімінің бастығы болып жұмыс істеген, әйелі — Сәлима, балалары — Хамит, Ғани.

**ТАЙЫРОВ** Парман — Түркістан қаласында 1914 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Қарақалпақ көшесі, № 18 үйде тұрған, сауатты, БЛКЖО мүшесі, бұрын Қалалық кеңесте базар агенті болып жұмыс істеген, кейін еш жерде жұмыс істемеген, саудагершілікпен айналысқан, үйленбеген.

**МҰХАМБЕТЖАНОВ** Керімбек — Жаңақорған ауданы, № 1 Бесарық ауылдық кеңесінде 1895 жылы туған, сауатты, 6 айлық партия курсын бітірген. 1925 жылдан БКП (б) мүшесі, бұрын сотталған, сот арқылы ақталған, қамауға алынғанға дейін аудандық прокурор болып жұмыс істеген, Қызылорда қаласында тұрған, әйелі — Рахима, балалары Молдабек, Болат, қызы — Шолпан.

БКП(б) Қызылорда аудандық комитеті бюросының 1934 жылғы 17 сәуірдегі қаулысында атап көрсетілгеніндей:

а) еврейлердің пасхысы кезінде Оспанов Қасым басқарған бір топ қазақтар әдейі қазақтар мен еврейлердің арасында ұлт араздығын қоздыруға бағытталған контрреволюциялық, ұлтшылдық әрекеттер жасаған. Кейбір жауапты қызметкерлер (мәселен Ерімбетов) бұл жағдайға қарсы күресуге және ондай әрекетті болдырмауға бағытталған шаралар көрудің орнына ұлт араздық әрекеттерді күшейтуге ықпал жасаған.

ә) Работник милиции Ермолов (пом. уполномоченного ОРО), получив официальное заявление от Оспанова о потере ребенка и обвинении евреев об убийстве этого мальчика, не принимал никаких срочных мер к предотвращению а наоборот пошел на поводу контрреволюционных настроений и отдал незаконное распоряжение о производстве обысков у евреев. Милиционер Кузьмин исполнил это незаконное распоряжение, произвел обыск у гражданина Мамонова (персидско-подданный еврей) в 11 часов ночи 31 марта под пасху, б) аудандық милиция бөлімінің бастығы Нұрекешов пен аудандық прокурор Мұхамбетжанов осы контрреволюциялық әрекетке қарсы соққы берудің орнына, таптық қырағылықты жоғалтып, саяси соқырлық танытқан, милиция қызметкерлерінің әрекетіне саяси мән бермеген. в) аудандық партия комитетінің бюросы атап көрсеткеніндей, ОГПУ аудандық бөлімі қызметкерлерінің араласуы арқасында бұл контрреволюциялық әрекетке тиым салынған. Сол бюро қаулысы бойынша, аудандық милиция бөлімінің бастығы Нұрекешовке қатаң сөгіс жарияланып, қызметінен босатылған, аудандық прокурор Мұхамбетжановқа сөгіс жарияланып, қызметінен босатылған. Бұл қаулының бекітілуі БКП(б) облыстық комитетінен сұралған.

Осы бюро қаулысы бойынша: «Ермолова снять с работы с привлечением к судебной ответственности, милиционера Кузьмина исключить из партии и отдать под суд» деп қаулы алынған. БЛКЖО аудандық комитетіне Ерімбетовтің комсомолдық мәселесін шешу тапсырылған, прокурорға оны қылмысты жауапқа тарту тапсырылған. Орта Азия темір жолының 6 эксплуатациялық ауданының саяси бөлімінің алдына Оспановты партиядан шығару мәселесі қойылған, оны қылмыстық жауапқа тарту аудандық прокуратураға жүктелген.

«Бала жоғалды, оны еврейлер өлтіріп, пасхы мейрамында қанын ішті» деп басталып, милиция бөліміне ауызша айтылған бір ауыз арыздан үлкен ұлт араздығы туып кете жаздаған бұл оқиға қалай өрбіді? Мәселенің мән-бағдары мынандай болып еді:

Қызылорда қаласы бірқатар жылдардан бері баймолдалардың жаңа төңкеріске қарсы ұлтшылдардың ұясы болып келген. Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылордаға көшкеннен кейін бұл қалада Байтұрсынов Дулат бастаған астыртын қазақ ұйымының орталығы болған. Ол орталық 1929 жылы жойылған. Қызылорданың бұл орталығы өзінің жүргізген жұмысын Досмұхамбетов бастаған Орта Азиядағы ұлтшылдар орталығымен байланыстыра отырып, бірсыпыра жас қазақ оқушыларын, оқымыстыларын, жаңа ауылдың басқа да элементтерін ықпалына ертіп алған. Соңғы екі жыл бойына колхоз құрылысына қарсы жүргізілген қозғалыстарды, Қарақұм, Қызылқұмда болған қарақшылық көтерілістерді (мәселен Даусанұлы, Шөкенұлы, т.б) ұйымдастыруға, колхоздардың ыдырауына, кеңес өкіметінің әрекетіне қарсы, ауыл тұрғындарының наразылығын туды-

руға, көшпенділікті және жалпылай малды сойып құртуға бағытталған әрекеттерді кең өрістеткен. Малды бетални сойып, құртудан халықтың өлім-жітімге ұшырауына себепкер болған. Бесінді ауылдағы Кәшкенұлының, № 12 ауылдардағы Сүтенұлының № 33-3 ауылдағы Байқадамұлының, № 11-12 ауылдағы Тоқтақожаұлының істері осы бай-молдалар тобының ықпалымен өршіген. Әр жердегі көтерілісшілер топтарын құрып, жаңа оқу орындарында (мектеп, курстарда) ұлтшыл кадрларды дайындап шығаруды мақсат еткен. Осы жұмыстардың бәріне Баймұхамбет ұлы әшкереленіп жойылғанға дейін басшылық еткен. 1932 жылдың аяғында көтеріліске шақырып қағаз таратқан бұрынғы ишандар Жағыпарұлы мен Мақсұтұлы басқарған татар ұлтшылдар тобы жойылған. 1933 жылы Қызылорда партия ұйымына жол басы болған Сағатұлы партия жолын бұрмалағаны үшін орнынан алынып, партиядан шығарылып, сотталып кеткен.

Бұл жағдайлар бай-молда элементтерінің төңкеріске қарсы жүргізетін жұмыстарын неғұрлым түрлендіруге итермелеген. Соңғы кезде Қызылордада бұл жұмыстар мүлде күшейіп, аяғында террорлық әрекетті істерге айналған. Мысалы мешітті жауып, кино-театрға айналдыру жайлы партия шешімі шыққаннан кейін, соның кегін алу ретінде 19 наурыз күні кино-театрдың күзетшісі Нешереданы өлтірген. «Бубетші, егер сен Қызылордадан кетпесең, бабаң Нешередаға ұқсайсың, білдің бе? Жұрттың бәрі мешіттік, қызығы мешітті қалдырыңдар. Коммунист атаулыны ағаш басына ілеміз. Осылай істе, ұқтың ба» деп қорқыту сөздері жазылған қағаз Нешереда өлтірілген театр ішінен табылған.

Осындай түрлендірілген контрреволюциялық жұмыстардың бірі 1934 жылғы 14 наурыз күні бай-молдалардың бас қосып, жергілікті ұлтшылдардың жәрдемдесуімен қазақ баласын сол қаладағы еврейлер қанын ішу мақсатымен өлтірді деп, еврейлерге қарсы ойдан шығарып айып тудырған. Бұл топты басқарушы Қызылорданың Оспанов Қасым деген байы болған. Еврейлерге қарсы бағытталған бұл жиынға Оспанұлының үй іші, Жақып, туыс және таныстары, Жағыпарұлы Әбдіғали, Талқамбайұлы Пірімжан, Оспанұлы Мүсілім, Алпысбайұлы Асан, Көтібарұлы Нарекеш және Оспанұлының Қызылордаға өз жұмысымен келген № 8 ауылда тұратын түбі жақын Жұмағұл әйелі Әлия болған.

Оспанұлы Қасымның үйінде болған бұл мәжілісте «бала ұрланды», «оның қанын еврейлер пасха күні түтікпен ішу үшін ұрлады» деп жария жасауға сөз біріктіреді. Оспанұлы Қасым үйіне келіп қонып жатқан Жұмағұл әйелі Әлияға айтып, қолындағы кірме Сағидолла деген баланы «ұрланды» деп жариялауға көндірген. Әлия Сағидолланы 3 күнге елге алып кете тұрмақшы болған. Оспанұлы Сағидоллаға Әлиямен бірге үш күнге № 8 ауылға барып тұра тұруды, қалаға қайтатын мерзімді өзі айтатынын сездірген. Туасы момын Сағидолла бұған көнген.

Наурыздың 31 күні таңертең Жұмағұл әйелі Оспанұлы Мүсілімнің үйіне қонып шығып, Сағидоллаға «сен киініп паромға бара бер, сол жерде жолығып, ауылға сол жерден бірге кетеміз» деп, өзі базарға кетеді. Сағат 11-де Сағидолла паром басында Әлиямен кездесіп, № 8 ауылға жүріп кетеді. Ауылға барғаннан кейін баланы өзінің нағашы апасынікіне түсіреді. Бұл күнге дейін бұл бала шетке шығып көрмеген, Оспанұлы Қасымның айтуы бойынша жақсы құлықты болған.

Осындай қулық-сумдыққа толы дайындық шараларын іске асырғаннан кейін наурыздың 31 күні Оспанұлы Қасым інісі Оспанұлы Мүсіліммен күйеу баласы молда Жағыпарұлы Әбдіғалимен ауыз біріктіріп, еврейлер дінін орындау мақсатында бала ұрлағанын, сол баланы «іздеу» қажет екенін айтып, милицияға арыз жазады. Онда былай деген : «31 наурыз күні Сағидолла атты бала жоғалды, сол бала сігәндардың және еврейлердің қолына түспеді ме деп шүбәланамыз. Бүгін олардың мейрамы. Олардың шариғаты бойынша бала союға тиіс» — деген. Бұл арызды Оспанұлы мен Жағыпарұлы милицияның кезекшісі Ермоловтың қолына әкеліп тапсырады да, «іздеу» шарасын қолдануды өтінеді. Арыз бергеннен кейін Оспановтар қала ішінде «еврейлер бала ұрлады» деп хабар таратады. Сөйтіп жүргендерінде Оспанұлы мен Жағыпарұлы базарда өздерінің туысы Толғанбайұлы Пірімжанды жолықтырып, оны өздерімен ертіп қайтадан милиция мекемесіне келеді. Ногина көшесінде Мамонов (Персия қол астына қарайтын) деген еврейдің үйіне жақындай беріп, мұның үйінде пасха мейрамы мейрамдалып жатқанын біліп, еврейлердің «бала ұрлағанын» әшкерелемек болған шабуылдарын осы Мамоновтың үйінен бастауды белгілейді.

Милицияның кезекшісі Ермоловқа келіп, Оспанов, Жағыпаров және Толғанбаев баланың ұрланғанына және дін жолын орындау мақсатымен оны өлтіруге Мамоновтан сезіктенеміз, соның үйіне тінту жасауды тілейміз, деген. Ермолов 1934 жылдың 1 сәуірінде түнде іздеу бөлімінің қызметкері Кузьминге «мына мәлімдемешілердің көрсетулері бойынша барып тінту жасап кел» деп бұйрық берген. Мамоновтың үйіне бара жатып жолшыбай Оспанұлы Кузьминге Мамоновтың мұның баласын «ұрлағандығын» айтып, жіте тінту жасауды өтінеді. Тінтуге ордер алмастан Кузьмин Мамоновтың үйіне келіп, тінту жасайтынын мәлімдейді. Тінту жасауға ордерің бар ма деп сұрағанда Кузьмин мылтықпен қорқытып: «жоғалған баланы - мұсылман баласын іздеймін, сендер пасха мейрамында оның қанын ішіпсіңдер»— дейді.

Сәуірдің 1 күні Оспанов пен Жағыпаров милиция кеңсесіне келіп соның бастығы Нұрекешовке ұрланған бала жайында Ермоловқа жазып берген арызға байланысты ол ештеңе істемеді деп шағынады, қаладағы барлық еврей үйлеріне тінту жасауды өтінеді. Сөйтіп тұрғанда бұлардың үстінде милиционер Ерімбетов пен аудандық прокурор Мұхамеджанов кіріп келіп, Оспановтың арызымен танысқанын, енді не шара көру керек екенін сөз етіседі. Ерімбетов былай

дейді: «милиция қызметкері болып жүргенімде, милицияның бірнеше қызметкерлерімен бірге 1928 жылы Қызылорда қаласында осы секілді бір іспен айналысып, ұрланған баланың қанын еврейлердің пасхасында шегемен тескілеп қанын алғандық оқиғасын ашып едім» — деген. Бұдан кейін милиция бастығы Оспанұлына туыстарыңды қару-жарақтарымен бір топ адам жиып келіп, милицияға көмек беруді бұйырады. Бастық Оспановтың арызына былай деп бұрыштама соғып: «қолы бос барлық милиция қызметкерлерін жинап алып және Оспановтың жинаған адамдарын қосып, еврейлерге жаппай тінту жаса, пасханы мейрамдап жатқан үйлерден тұтқынға алу үшін бір-бір адамын ұстап әкел» деп бұрыштама соғылған Оспановтың арызын Ерімбетовке береді. Осы әңгіменің ішінде тұрған прокурор Мұхамеджанов тап дұшпанының ойдан шығарған жаласына жол бермеуге шара қолданудың орнына Нұрекешевтің милиционер Ерімбетовке берген бұйрығын қуаттап, қосымша тездетуді бұйырған.

Тайыров Мамоновтың қызы Тамараны тоқтатып айқайлап: «сен ойнасқор, мұсылман баласының қанын іштіңдер» деп, адамшылығына кемшілік келтірген, оның көз әйнегін сындырған. Сол жерге үстіне келіп қалған еврей тоқтау айтқанда: «сен де біздің баламыздың қанын ішкенсің, оны қорғайсың ба?» деп оны ұрған. Одан кейін Тайыров базар ішіндегі еврейлер Виллер, Турчак, Мамоновты көріп, қолындағы пышағымен жаралау үшін Виллерге ұмтылған. Бірақ қолындағы пышағын тартып алғандықтан ол ойын іске асыра алмаған.

Осындай әрекеттер үшін жоғарыда аттары аталған айыпкер ОГПУ-дің Қызылорда ауданындағы өкілінің 1934 жылғы 16 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 тармағымен және 17-58 бабының 1 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесінің 1934 жылғы 19-28 маусымдағы үкімімен:

— Оспанов Қасым, Жағыпаров Әбдіғали - әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға,

— Ерімбетов Баймұрат 6 жылға бас бостандық еркінен айыруға

— Талқамбаев Пірімжан, Оспанов Мүсілім, Жұмағұлова Әлия, Тайыров Пірман - әрқайсысы 5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға,

— Нұрекешев Құрмансейіт — 4 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

— Ермолов Павел Иванович и Кузьмин Максим Михайлович — каждый осуждены к 2 годам лишения свободы,

— Мұхамеджанов Керімбек — сот арқылы ақталып шыққан. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бөлім бастығының 1996 жылғы 28 ақпандағы қорытындысымен: Оспанов Қасым, Жағыпаров Әбдіғали, Талқамбаев Пірімжан, Оспанов Мүсілім, Жұмағұлова Әлия, Ермолов П.И., Кузьмин М.М. , Ерімбетов Баймұрат, Нұрекешев Құрмансейіт, Тайыров Парман, Мұхамеджанов Керімбек — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

ГАЗЕТА «ПРАВДА ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА» — от 21 мая 1934 года, перепечатала из «Казахстанской правды».

Обстоятельства этого возмутительного дела таковы. В районное отделение Кзыл-Ординской милиции 31 марта этого года пришел некий гражданин Оспанов и заявил, что у него пропал 11 летний мальчик Сейдулла. От имени восьми граждан Оспанов подал заявление, в котором просил произвести обыски у некоторых евреев, подозреваемых им в похищений мальчика.

Эту просьбу Оспанов аргументировал ссылками на давнишние пристрастие евреев одабривать пасхальную мацу кровью мусульманских отроков. Помощник уполномоченного оперативно-розыскного отдела милиции Ермолов хладнокровно выслушал эту чудовищную првокационную просьбу и с обычной для кзылординских блюстителей порядка расторопностью принялся на дело.

Ответственному дежурному Кузьмину было отдано распоряжение произвести обыск у гражданина Израиля Мамонова, который и подозревался в преступном хлебопечении. Разумеется, обыск не дал никаких результатов.

На другой день, 1-го апреля в милицию снова является Оспанов, на этот раз с гражданином Жагипаровым. Заявление о пропаже мальчика и вчерашнее обвинение евреев повторяется уже начальнику милиции Нурекешеву.

— Идите, соберите, своих родственников, — сказал начальник,— человек пять-шесть, а мы дадим вам милиционеров, и будете производить обыски.

Оспанов ушел за родичами.

В это время в милиции шло партийное собрание. На нем присутствовал районный прокурор Мухамеджанов и другие ответственные товарищи. Слово для внеочередного заявления взял Нурекешев:

— Товарищи оперативники, сказал он многозначительно,— будьте готовы. Скоро пойдем на обыски.

И в самом деле — Оспанов долго себя не заставил ждать. Еще не успело кончиться партийное собрание, не успели Кзыл-Ординские детективы обсудить наболевшие вопросы своего ведомства, как дверь распахнулась, и в комнату вошли вооруженные оспановские понятые. Они сложили в углу пудовые дубины и стали ждать, пока соберутся оперативники.

— Дело известное, — сказал помощник уполномоченного Еримбетов, как сейчас помню в 1928 году произошел в Кзыл-Орде аналогичный случай. Мацу еще тогда на чистой крови месили.

Райпрокурор Мухамеджанов понимающе кивал головой. Неизвестно, чем бы все это кончилось, не вмешайся начальник районного отделения ОГПУ. Новые обыски не были предотвращены.

Больше того — делу был дан ход. Арестовали Оспанова и Жагипарова, Ермилова и Еримбетова. Дело обсудил и Кзыл-Ординский райком партии.

Что имел перед собой райком?

Исключительную по наглости контрреволюционную антисемитскую вылазку. Вылазку, явно спровоцированную классовым врагом и заранее подготовленную. Об этом свидетельствует тот факт, что следствие немедленно же установило — у Оспанова мальчик никогда не пропадал, а был им за день до заявления в милицию отправлен в аул к родственникам.

Руководители Кзылординской милиции в этом возмутительном деле приняли на себя роль прямых помощников классового врага. Произошло это в результате какого-то совершенно невероятного по своим размерам притупления классовой бдительности и засоренности милицейских кадров. В самой милиции ответственная работа доверялась классово-чуждым людям. Организатор первого обыска — помощник уполномоченного Ермолов — оказался сыном псаломщика.

Наконец, райкому было известно, что прокурор Мухамеджанов не только не пресек контрреволюционной вылазки, но и санкционировал пособничество милиции антисемитам и этим самым объективно сам встал под флаг погромщиков.

Какое же решение вынес райком, располагавшей всеми этими данными? 17 апреля прокурор Мухамеджанов и начальник милиции Нурекешев бесшумно снимаются с работы и получают по строгому выговору. И это все. Закопошившиеся контрреволюционная мразь, группа отьявленных мерзавцев получила неожиданную поддержку в районном партийном комитете.

Кзылординский райком не понял политический сущности этого дела, не разглядел контрреволюционной подоплеки антисемитской вылазки, не разобрался в движущих фигурах провокации. Не отдал райком под суд прокурора Мухамеджанова и начальника милиции Нурекешева, не организовал показательного процесса над всей антисемитской бандой. Не поставил райком этого дела и на широкое обсуждение партийной организации, не сделал выводов о необходимости углубить в районе интернациональное воспитание.

Ничего этого райком не сделал, а слиберальничал, смазал дело, политическое значение которого исключительно.

У Кзылординского райкома не оказалось классового чутья, чтобы почувствовать отвратительное зловоние антисемитской вылазки, не нашлось большевистских слов для ее оценки и суровых мер к врагам.

Равнодушно отнесся к происшествию в Кзылорде и Южно-Казахстанский областной прокурор Мусин. Он спокойно созерцал из Чимкента ход следствия в Кзылорде, длившийся уже больше месяца и ждал как будут события развиваться дальше.

Решение Кзылординского райкома, несколько позже обсуждается областным комитетом партии. И что же? Обком вносит коррективу в решение райкома, но какую? Строгий выговор прокурору Мухамеджанову заменяется просто выговором, снятие его в Кзылорде с работы утверждается. Обком предоставил возможность использовать Мухамеджанова на прокурорской работе в другом районе. Мухамеджанова заметили послать прокурором в Кармакчи.

Этим закончено в Южном Казахстане дело об антисемитской контрреволюционной вылазке в Кзылорде. Дело об исключительно по своей наглости контрреволюционной вылазке в Кзылорде не закончено. Необходимо немедленно довести до конца следствие, дать делу правильную политическую оценку и привлечь всех соучастников этого гнусного дела, а в этом числе и работников прокуратуры и милиции, к суровой ответственности, соответствующей тяжести совершенных преступлений.

Южно-Казахстанский обком должен пересмотреть свое первоначальное решение. Кзылординское дело еще один сигнал к усилению интернационального воспитания масс, к решительному повышению классовой бдительности.

(*«Казправда»* от 16 мая 1934 года на тему Контрреволюционная антисемитская вылазка в Кзылорде»).

## МӘСЕЛЕГЕ ПАРТИЯЛЫҚ БАҒА ҚАЛАЙ БЕРІЛДІ?

БКП/б/ Қызылорда аудандық комитетінің 1934 жылғы 20 мамырдағы бюро мәжілісінің қаулысымен «Казахстанская правда» газетінде жарияланған сын мақала дұрыс деп табылып, Нұрекешев пен Мұхамеджанов партия қатарынан шығарылып, қылмыстық жауапқа тартылған.

БКП/б/ Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің 1934 жылғы 23 мамырдағы бюро мәжілісінің қаулысымен Қызылорда аудандық партия комитетінің бюро қаулысының шешімі бекітілген.

— Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің 1934 жылғы 23 мамырда болған пленумында осы мәселе кеңінен сөз болған.

### 1937 жылы

### I

**МИРОНОВИЧ** Карп Иосифович — родился в 1888 году в селе Борщи, Каменец-Подольской области, до ареста проживал на ст. Кзыл-Орда, работал осмотрщиком вагонов:

**ПОНАРИН** Яков Иванович — родился в 1895 году в селе Романовка, Самарской губернии, до ареста проживал на ст. Кзыл-Орда, работал заведующей конторой.

**ЛЮБЕРГ** Анатолий Васильевич — родился в 1900 году в гор. Перего, Эстония, до ареста проживал на ст. Кзыл-Орда, работал столяром.

**НОВИЦКИЙ** Василий Федорович — родился в 1909 году в гор. Ростове, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, но точного местожительства не было, был вором-рецидивистом.

Этих 4 граждан арестовали и привлекали к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Их обвиняли за то, что они внесли вред в деятельности железной дороги. Осуждены линейным судом Ташкентской железной дороги 27 февраля 1937 года: Люберг Аналий Васильевич, Новицкий Василий Федорович — к высшей мере наказания — расстрелу, Миронович Карп Иосифович, Понарин Яков Иванович — к 6 годам тюремного заключения каждый.

Полностью реабилитированы: Люберг А.В., Новицкий В.Ф. — 8 августа 1989 года, Миронович К.И., Понарин Я.И.— 22 июня 1992 года.

## II

**НҰРҒАЛИЕВ** Дәржан — Орынбор облысының (Батыс Қазақстан) Бүрсін ауылдық кеңесінде 1905 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған.

**ҚАНАФИН** Абдолла — Батыс Қазақстан облысы, Бүрсін ауылдық кеңесінде 1906 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған.

**ДЫНБАЕВ** Тоғызбай — Оңтүстік Қазақстан облысы, Торғай ауылдық кеңесінде 1897 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған.



**ЕСЕНЖОЛОВ** Естай— Қызылорда ауданының № 5 ауылында 1911 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған.

Бұл 4 азаматқа РСФСР ҚК 58 бабы бойынша айып тағылып, қамауға алынған. Оңтүстік Қазақстан облысы НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысымен, төртеуі де 10 жылдан түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1995 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысымен, Нұрғалиев Д., Канафин А., Дынбаев Т., Есенжолов Е.— Қазақстан республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі » Заңы негізінде толық ақталған.

## III

**НҰРМАҒАМБЕТОВ** (Тапалахун) Нұратдин — Қызылорда ауданының № 7 ауылы, «Қызыл жалау» колхозында 1886 жылы туған, халық «Тапал ахун» деп атап кеткен, Молда-ишан баласы, «қожа» руынан, өзі де молда, колхоз мүшесі, революцияға дейін малшылықпен, молдашылықпен айналысқан, діни сауатты. Әкесі — «Сарыбасат» деген жерде мешіт ұстаған. Әйелі Бибімариям, ұлдары — Махмут, Шахап, қыздары — Қатира, Сәлима,Ләтипа;

**ҚАЛМЕНОВ** (Тұрымов) Сұлтан — Қызылорда ауданының Бесөзек ауылдық кеңесі, «Қызыл жалау» колхозында 1879 жылы туған, руы «қожа». кедей-шаруа отбасынан шыққан, сауатсыз, колхозшы. Әйелі — Ділдә, ұлдары — Сұлтанов Піркен, Тыныштықбай.

**ИСАҚОЖАЕВ** Әбіш — Қызылорда ауданының № 6 ауылында 1879 жылы туған, «Ақ арық» колхозында тұрған, революцияға дейін және одан кейін өзінің жеке мешіті болған. Молдалықпен айналысқан, сауатты. Әйелі — Жұмагүл, балалары - Абдуллаев Бобаш, Сақап, Насыр, қыздары — Барша, Сәпия.

**ӘБІЛАСАНОВ** Икрам — Қызылорда ауданының № 6 ауылында 1899 жылы туған, руы «қожа», молда баласы, өзі де молда болған, діни сауатты, революцияға дейін және одан кейін де жеке мешіт ұстаған, «Ақ арық» қазіргі октябрь ауылдық кеңесі, «Қоғалы көл» кеңшарында тұрған, колхозшы, діни сауатты. Әйелі Рахия, қызы — Мұхтарима, ұлдары — Әбіласанов Әлдеш, Муфтахадин, Зұлқарнай, Іскендір.

**ТҰРҒАМБАЕВ** Кәри Сүйінқазы — Қызылорда ауданының № 10 Далакөл ауылы «Күміс Қорған» колхозында 1878 жылы туған, молда баласы, діни сауатты, революцияға дейін және одан кейін де өзінің жеке мешіті болған, молдалықпен айналысқан. Бұхара қаласындағы Бахрам Кари молдада 6 жыл оқыған. Әйелі — Залхия, ұлдары- Карие, Жағыпар, Әбіләкім.

**НҰРЖАНОВ** Абдулла — Қызылорда ауданының № 10 аулында 1897 жылы туған, білімі ортадан төмен, қызметкер, базар комитетінің бастығы болып қызмет істеген, әкесі болыстың хатшысы болған, Әйелі — Батукүл, қызы — Рабиғаш, ұлдары — Мұхтар, Сүндетбай,

**ЖАНСЕЙІТОВ** Баттал — Қызылорда ауданының № 12 ауылы, «Көкжиде» колхозында 1887 жылы туған, орта шаруа отбасынан шыққан, революцияға дейін және одан кейін де тәуіпшілікпен айналысқан, сауатты. Әйелі — Жібек, ұлдары — Батталов Әбдіғаппар, Әбсаттал,

**АЛДАБЕРГЕНОВ** Басафа — Қызылорда ауданының № 13 Алмакесек ауылы, «Комсомол» колхозында 1887 жылы туған, молда баласы, өзі де молда, діни сауатты, өзі жеке мешіт ұстаған,1930 жылы астық тапсыру жөніндегі нақты тапсырманы орындамағаны үшін екі рет ұсталған. Әйелі — Рахиля, ұлдары — Басафин, Сапит, Басафаев Сайфула, қыздары — Әсия, Зубайда.

**БАҚБЕРГЕНОВ** Жүсіп — Қазалы ауданының № 7 ауылында 1887 жылы туған, кейін Қызылорда ауданының № 10 ауылында тұрған, молда баласы, діни сауатты, Қазалы Мұхтасарын бітірген, революцияға дейін және одан кейін де молдалықпен айналысқан. Ұлдары — Жүсіпов Қимал, Орынтай, қызы — Аймуа,

**БАЙБАҚТИЕВ** Сейдахмет — Қызылорда ауданының № 6 ауылында 1887 жылы туған, молда баласы, діни сауатты, революцияға дейін және одан кейін де молдалықпен айналысқан. Әйелі — Жұманай, ұлдары — Сейдахметов Яхия, Тұрмағамбет;

**КЕУОВ** Ыбырайым — Оңтүстік Қазақстан облысы, Мерке ауданы, Тельман атындағы колхозда 1888 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, колхоз шаруашылығының меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1934 жылы Мерке аудандық 2 учаскелік халық сотының үкімімен колхоз малына салқын қарағаны үшін 3 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, 20 күн қамауда болып Қазақстанның 15 жылдығына байланысты амнистиямен босатылған.

**ШЫНЫБЕКОВ** Ысқақ — Оңтүстік Қазақстан облысы, Мерке ауданы, Тельман атындағы колхозда 1896 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, колхозда ағаш егу жөнінде бригадир болып жұмыс істеген, 1930 жылы молда ретінде мешіт ұстағаны үшін 2 жылға бас бостандығы еркінен айыруға соттаған, үш ай отырғаннан кейін ақталып, қамаудан босанып шыққан,

**ЖАНКҮШІКОВ** Даутөле — Оңтүстік Қазақстан облысы, Мерке ауданы, Тельман атындағы колхозда 1901 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ колхозда егінші болып жұмыс істеген,

**САБДЕНОВ** Маделбек — Оңтүстік Қазақстан облысы, Мерке ауданы, Тельман атындағы колхозда 1906 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, колхозда қант қазалшасын өсіретіндердің бригадирі болып жұмыс істеген. 1935 жылы Мерке аудандық халық сотының үкімімен 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңға сәйкес 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, қамауда 7 ай отырғаннан кейін босанып шыққан, істі обл. сот қайта тексеруге қайтарып жіберген, ол сөйтіп аяқсыз қалған;

**ӘҢГІРҚОЖАЕВ** Имамқап — Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, «Еңбек» колхозында 1903 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, колхозшы, молда болған, әйелі — Зейнеп, баласы — Әбубәкір;

**БАССИРАҚОВ** Әбдуали — Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, «Баба-Ата» селосында 1878 жылы туған, «Еңбек» колхозында колхозшы, сауаты бар, партияда жоқ, молда болған, әйелі — Жұмабибі, баласы — Камал.

**АХМЕТОВ** Әлімхан — Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, «Баба-ата» селосында 1903 жылы туған, «Еңбек» колхозында бригадир болып жұмыс істеген, шала сауатты, партияда жоқ, молда болған, әйелі — Ізет, қызы — Тәжігүл.

**АППАҚОВ** Мардан — Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, «Баба-ата» селосы, «Еңбек» колхозында хат тасушы болып жұмыс істеген, сауаты бар, партияда жоқ, молда болған, әйелі — Ханикүл.

**ӘЙТІМОВ** Мұхи — Талас ауданында 1903 жылы туған, кейін Созақ ауданы, «Баба-ата» селосы, «Еңбек» колхозында тұрған, колхозшы, сауаты бар, партияда жоқ, молда болған. Әйелі — Әлкенова Ш. балалары — Үсайын, Мапай, қызы — Сақыпжамал;

**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ** Менеш — Оңтүстік облысы, Сарысу ауданы, Байқадам селосы, № 10 ауыл, «Үлгілі» колхозында 1881 жылы туған, арабша сауатты, молда, партияда жоқ, ұлдары — Абылай, Әбілқадыр, Әбдіғаппар;

**ЖӘРІМБЕТОВ** Әйтпембет — Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарысу ауданы, Байқадам селосы, № 10 ауыл, «Ынталы» колхозында 1877 жылы туған, молда, арабша сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1935 жылы мемлекетке салық төлеуде нақты тапсырманы орындамағаны үшін 2 жылға сотталған. Ұлдары — Әбілпатта, Әбдіразақ.

**АЗХАНОВ** Жүсіп — Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарысу ауданы, Байқадам селосы, № 10 ауыл, «Ынталы» колхозында 1882 жылы туған, арабша сауатты, молда, партияда жоқ, колхозшы-диірменші, әйелі — Ырысай, қызы — Күлшахар.

**АЛАШБАЕВ** Мырзахмет — Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарысу ауданы, Байқадам селосы, № 10 ауыл, «Игілік» колхозында 1870 жылы туған, арабша сауаты бар, молда, партияда жоқ, малшы, әйелі — Әтір, ұлы — Әбу, қыздары — Набакүл, Әсия.

Бұл 23 айыпкерге тағылған айып: — бұлар әлеуметтік тегі бойынша СССР-дағы коммунистік құрылысқа қарсы ортадан шыққан, 1936 жылдың күзінде түрік разведкасының агенті Хансейтовтың тапсырмасымен олар контрреволюциялық мұсылман дінбасылары ретінде АППАҚ Ишан арқылы контрреволюциялық діни-ұлттық панисламдық ұйымға тартылып, топқа біріккен. Аппақ Ишанның бастауымен қазақ жұртшылығының арасында жауыздықпен қарулы көтеріліс арқылы Кеңес үкіметін құлатып, СССР-да капиталистік құрылысты жаңғырту бағытында контрреволюциялық жұмыстар жүргізген, осы мақсатта олар Қазақ жұртшылығын діни қоғамға тартуды бүркемеленіп, өзінің контрреволюциялық кадрларын дайындаған, Қазақ жұртшылығына панисламизмді енгізіп, сол арқылы СССР-дағы құрылысқа қарсылық көзқарас туғызған, ауылауылдағы барлық мешіттерді іске қосып, мұсылман дінін тарату жөнінде үгіт жүргізген, 1936 жылғы 12 қарашада контрреволюциялық жұмыстарын мына негізгі мәселелерге бағыттаған;

а) Колхоздар мен совхоздарда кең көлемде елінің экономикалық күш-қуатын әлсірету;

ә) Мұсылман жастарын өздерінің әке-шешелері арқылы коммунистік тәрбие мен оқудан бөліп алып, оларды контрреволюциялық ұлттық рухта даярлау, орыс халқына теріс көзқарас қалыптастыру;

б) Контрреволюциялық дін басыларымен байлар өкілдерін төменгі деңгейдегі колхоз, кеңес органдарына тығып, солар арқылы Кеңес үкіметіне қарсы колхоз- совхоз шаруашылығы экономикасын құлату;

в) Діни қоғамды қалпына келтіру, панисламистік көтерілісшілер кадрларын дайындап, Қазақстанда Кеңес үкіметін қарулы күшпен құлату, сөйтіп панисламистік буржуазиялық ұлттық-фашистік өкімет орнату;

Міне осындай айыптар тағылып, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің қаулысымен:

| | |
|---|---|
| Нұрмағамбетов Нұратдин — | 1937 жылғы 29 шілдеде, |
| Қалменов Сұлтан — | 28 шілдеде, |
| Исақожаев Әбіш — | 14 маусымда, |
| Әбіласанов Икрам — | 20 маусымда, |
| Тұрғамбаев Кәри — | 8 маусымда, |
| Нұржанов Әбдулла — | 23 маусымда, |
| Жансейітов Баттал — | 27 шілдеде, |
| Алдабергенов Басафа — | 27 шілдеде, |
| Бақбергенов Жүсіп — | 15 маусымда, |
| Байбақтиев Сейдахмет — | 27 шілдеде, |

Оңтүстік Қазақстан облыстық УГБ НКВД басқармасының қаулысымен;

| | |
|---|---|
| Кеуов Ыбырайым — | 1937 жылғы 26 мамырда, |
| Шыныбеков Ысқақ — | 26 мамырда, |
| Жанкүшіков Даутөле — | 27 шілдеде, |
| Сабденов Маделбек — | 27 шілдеде, |
| Әңгірқожаев Имамқап — | 29 шілдеде, |
| Бассирақов Әбдуали — | 28 шілдеде, |
| Ахметов Әлімхан — | 28 шілдеде, |
| Аппақов Мардан — | 29 шілдеде, |
| Әйтімов Мухи — | 5 тамызда, |
| Құдайбергенов Менеш — | 31 шілдеде, |
| Жәрімбетов Әйтпембет — | 25 шілдеде, |
| Азханов Жүсіп — | 25 шілдеде, |
| Алашбаев Мырзахмет — | 25 шілдеде тұтқынға алынып, |

алдыңғы 10 азаматқа РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен, одан кейінгі 13 азаматқа осы бабтың 2,7,11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысымен 23 айыпкер: Н.Нұрмағамбетов, С.Қалменов, А.Исақожаев, Н.Әбіласанов, К.Тұрғанбаев, Б.Жансейітов, Б.Алдабергенов, Ж.Бекбергенов, С.Байбақтиев, Ы. Кеуов, И.Шыныбеков, Д.Жанкүшіков, М.Сабденов, И.Жангірқожаев, Ә.Бассирақов, Ә.Ахметов, М.Аппақов, М.Әйтімов, М.Құдайбергенов, Ә.Жәрімбетов, Ж.Азханов, М.Алашбаев — барлығы да ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім сол жылғы 13 қыркүйекте орындалған.

Қаралау қорытындысында көрсетілгендей, іс бойынша 23 адам айыпталған, ал Онтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы үштігінің 1937 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысы бойынша 23 адам сотталған, айыпкер Нұржанов Абдуллаға үштіктің қаулысы және ол жөнінде істің қысқарғаны жөнінде туралы документтер жоқ.

Оңтүстік Қазақстан облыстық соты Президиумының 1958 жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 5 қыркүйектегі қаулысы бұзылып, М.Нұрмағамбетов, С.Қалменов, Ә.Исақожаев, И.Әбіласанов, К.Тұрғамбаев, Б.Жансейітов, Б.Алдабергенов, Ж.Бекбергенов, С.Байбақтиев, Ы.Кеуов, И.Шыныбеков, Д.Жанкүшіков, М.Сабденов, И.Жангірқожаев, Ә.Бассирақов, Ә.Ахметов, М.Аппақов, М.Әйтімов, М.Құдайбергенов, Ә.Жәрімбетов, Ж.Азханов М.Алашбаевтардың әрекетінде қылмыс белгісі анықталмағандықтан, іс мүлдем қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы қорытындысымен жоғарыда көрсетілген 23 азамат Қазақстан республикасының 14.04.1993 жылғы Заңының негізінде толық ақталған.

## IV

**ДЬЯКОВ** Алексей Дмитриевич — родился в 1902 году в дер.Тихоновская, Бузулукского района, Оренбургской области, русский, гр-н СССР, образование низшее, беспартийный, до ареста проживал в г. Кзылорде, Ж/Д бараке № 1, работал пом.шофера 1 дистанции службы пути Ташкентской Ж/Д;

В 1918 году добровольно служил в II карательном полке белой армии генерала Капеля в гор. Бузулуке рядовым, в 1922 году бежал в Манчжурию. После возвращения из Манчжурии, начиная с 1935 года, систематически проводил контрреволюционную агитацию. Проживая в Манчжурии, был связан с Японской разведкой, в пользу которой проводил вражескую работу, т.е. совершил преступления, предусмотренные ст. ст. 58-4, 58-10 УК РСФСР. Постановлением ОП 6 отд. УГБ ст. Кзылорда от 13 июня 1937 года арестован.

**КУЗНЕЦОВ** Алексей Георгиевич — родился в 1903 году в Билярском районе, Татарской АССР, русский, гр-н СССР, образование среднее, беспартийный,служащий, до ареста проживал в г. Кзылорде по ул. Нариманова, 37, работал в НЖЧ-1 десятником. Проживая до 1935 года на станции Хинган КВЖД имел связь с Японскими полицейскими, переехав затем после продажи КВЖД в Кзылорду, занимался антисоветской агитацией против сов. власти, а также занимался хищением лесоматериалов со склада НЖГ-1, - за что он постановлением ОП 6 отд. УГБ ст. Кзылорда от 15 июня 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-10 и 116 ч. 2 УК РСФСР.

**ВИЗГУНОВ** Петр Иванович — родился в 1899 году в гор. Билярск, Татарской АССР, русский, гр-н СССР, образование начальное, беспартийный, до ареста проживал в г. Кзылорде по ул. Нариманова, 37, работал машинистом подъемного крана депо ст. Кзылорда.

С апреля 1919 года по февраль 1920 г. служил в 34 Сибирском полку армии Колчака рядовым. В 1920 году бежал в Манчжурию. В 1930 г. в городе Харбине окончил автотранспортные курсы «Интернационала» в основном готовили кадры для нацистско-диверсионной работы. Прибыв в 1935 году в СССР, связался с контрреволюционной группой на ст. Кзылорда, состоявшей из лиц, ранее находившихся за границей. Проводил контрреволюционную агитацию, направленную на дискредитацию мероприятий сов. власти, — за что он Постановлением ОП 6 отд. УГБ ст. Кзылорда

от 2 июля 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-4, 28-10 УК РСФСР.

**ШИПИЦЫНА** Анастасия Прокофьевна — родилась в 1892 году, в с. Посольск, Селендинского района, Забайкальской области, русская, гражданка СССР, малограмотная, беспартийная, до ареста проживала на станции Ак-булак Оренбургской Ж/Д., работала уборщицей детсада при ст. Ак-булак.

С 1921 по 1935 год находилась в Манчжурии, где была связана с Японской полицией, при ст. Джаланьтунь содержала явочную квартиру полиции. Проживая на ст. Ак-булак занималась антисоветской агитацией и поддерживала связь со своим сыном Шипицыном и Дьяковым, которые занимались также антисоветской агитацией и собиранием сведений в пользу Японии,— за что она постановлением ОП 6 отд. УГБ НКВД ст. Кзылорда от 11 июля 1937 года арестована и привлечена к уголовной ответственности по ст. 58-4 УК РСФСР.

**КУЧЕРЕНКО** Василий Степанович — родился в 1890 году в г. Днепропетровске, по национальности - украинец, гр-н СССР с 1930 года, образование низшее, беспартийный, до ареста проживал в г. Кзылорде по ул. Банковская, 20 кв. 21., работал экспедитором материального склада ст. Кзылорда.

В 1925 году бежал в Манчжурию, откуда вернулся в 1935 году. Проживал за кордоном, являлся агентом японско-манчжурской полиции и был лично связан с резидентами Японской разведки на ст. Пограничный, которым передавал секретные материалы, пробыв в СССР, вошел в контрреволюционную группу ст. Кзылорда и проводил контрреволюционную агитацию, — за что он постановлением ОП 6 отд. УГБ НКВД ст. Кзылорда от 13 июня 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-4, 58-10 УК РСФСР.

Постановлением тройки при НКВД Узбекской ССР от 8 сентября 1937 года Дьяков Алексей Дмитриевич, Визгунов Петр Иванович, Кучеренко Василий Степанович — осуждены к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 12 октября 1937 года.

Кузнецов Алексей Георгиевич, Щипицина Анастасия Прокофьевна — осуждены каждый на 10 лет в ИТЛ. Определением судебной коллегии Верховного Суда Узбекской ССР от 30 марта 1956 года в отношении всех лиц постановление Тройки при НКВД от 8 сентября 1937 года отменено и дело производством прекращено за недоказанностью состава преступления.

Все они на основании закона РК от 15.04.93. г. реабилитированы.

## V

**АЩЕУЛОВ** Георгий Федорович — родился в 1890 году, в с. Елизаветинский, Орского района, Оренбургской области, русский, образование 4 класса, беспартийный, до ареста проживал в г. Кзылорде по ул. Казахская 40, работал бухгалтером райзаготскота.

С 1918 по 1919 года служил в белой армии генерала Дутова, в 1931 году судим за невыполнение плана мясопоставки, оправдан.

**БАРАБАШ** София Иосифовна — родилась в 1889 году в г. Полтаве, Украинской ССР, дочь дворянина, русская, гр-нка СССР, образование среднее, служащая, до ареста проживала в г. Кзылорде по ул. Першина 19, работала в артеле «Красная Звезда» завхозом.

Судима в 1933 году по ст. 116 УК на полутора года тюремного заключения, срок отбыла.

Они обвиняются в том, что имели систематическую связь с японским агентом Матыгиным, которым и завербованы для работы против СССР в пользу Японии. Вели контрреволюционную пораженческую агитацию, — за что Ащеулов Г.Ф. и Барабаш С.И. Постановлением Кзылординского РО НКВД от 19 декабря 1937 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР.

Постановлением Тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 8 февраля 1938 года Ащеулов Георгий Федорович и Барабаш София Иосифовна осуждены к высшей мере наказания - расстрелу.

Данные об исполнении Постановления Тройки о расстреле Ащеулова и Барабаш в деле не имеются.

Определением Военного Трибунала ТУРКВО от 10 декабря 1960 года Постановление Тройки при УНКВД по Южно-Казахстанской области от 8 февраля 1938 года в отношении Ащеулова Г.Ф. и Барабаш С.И. отменено и дело о них на основании ст. 5 п. 1 УКК Уз.ССР прекращено за отсутствием события преступления.

Ащеулов Г.Ф. и Барабаш С.И. - реабилитированы в 1960 году.

## VI



**ИСМАГУЛОВ** Ибрай — родился в 1904 году в колхозе «Кзыл-отар», Кзыл-юльского района, Татарской АССР, по национальности татарин, гражданин СССР, образование среднее, окончил «Казанпрос» в гор. Кзыл-Орде, служащий, член ВКП(б) с 1928 года, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орде, работал заведующим районо.

Исмагулов Ибрай является членом контрреволюционной националистическо-повстанческой организации, ставившей своей задачей свержение Советской власти и восстановление капиталистического строя в СССР. С этой целью он занимался подготовкой контрреволюционных кадров. Сын

служителя религиозного культа, его отец был в мечете азанча.

**ОРАЗБЕКОВ** Мұқатай — Қызылорда ауданының № 11 ауылында 1903 жылы туған, сауатты, орыс мектебінің 1 сатысын бітірген. 1930 жылдан ВКП(б) мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған. КК(б)П Қызылорда аудандық комитетінің іс басқарушысы болып қызмет атқарған.

Контрреволюциялық - ұлттық ұйымның мүшесі болған, контрреволюциялық-ұлттық жұмыстар жүргізген.

**ИМАНБАЕВ** Әбдірайым — Қызылорда ауданының № 10 ауылында 1900 жылы туған, молданың баласы, Күміс Қорған деген жерде меншікті мешіті болған, білімі бастауыш, мал шаруашылығы, қаржы, партия курстарында оқыған, қызметкер, 1926 жылдан БКП (б) мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған, ККП(б) Қызылорда аудандық комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқарған, әйелі — Әйгүл, қызы — Сәлима, баласы — Өндіріс.

Иманбаев Әбдірайым контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымның мүшесі болған, колхоздарда Кеңес өкіметімен күресу үшін Қызылорда ауданында көтерілісшілер тобын құрған, сол үшін ол 1934 жылы Қызылорда қалалық соты арқылы сотталған.

**ҚҰНАНҒАРАЕВ** Шайзада — Қызылорда ауданының № 6 ауылында 1909 жылы туған, ауыл старшинасының баласы, білімі 6 класс, 1928 жылдан БЛКЖО мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған, Қызылорда аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы болып жұмыс істеген. Әйелі — Шәрбан, баласы — Бағдат, қызы — Сәуле.

Құнанғараев Шайзада Қызылорда аудандық атқару комитетінің төрағасы Көжембаевтың Қызылорда ауданының территориясында құрған ұлттық-көтерілісшілер ұйымының мүшесі болған. Құнанғараев аудандық атқару комитеті президиумының 1937 жылғы қыркүйек айындағы қаулысымен халық жауы Көжембаевпен және тұтқынға алынған контрреволюциялық орталықтың мүшесі Есқараевтың туыстарымен тығыз байланысы болғаны үшін қызметінен босатылған.

1932 жылы астық дайындауға салқын қарағаны үшін Қызылорда қалалық халық соты арқылы РСФСР ҚК 111 бабымен бір жарым жылға сотталған.

**ТӨЛЕБАЕВ** Аябек — Қызылорда ауданының № 5 ауылында 1894 жылы туған, байдың баласы, сауаты бар, қызметкер, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласы, Энгельс көшесі, № 52 үйде тұрған, аудандық мал дайындау конторы меңгерушісінің көмекшісі болып қызмет атқарған.

Төлебаев Айбектің мал-мүлкі 1930 жылы тәркіленіп, өзі қуғын-сүргіннен Өзбекстанға қашып кеткен, ол жақтан елге 1935 жылы қайтып оралған. Өткен кезеңде ол ауылдағы контрреволюциялық- ұлттық топтың жетекшілерінің бірі, алаш-ордашылармен байланыста болған. 1937 жылғы ақпан айында Қызылорда қаласына Алашордашылардың «Ақ жол» газетінің бұрынғы редакторы Иса Тоқтыбаев келіп, НКВД көзіне түсіп қалмау үшін Төлебаев Аябекпен жасырын түрде кездескен, сонымен қатар осы кезеңде Төлебаев молданың баласы, Қызылордадағы ауыл шаруашылық банкінің бастығы Қауымбаев Есқалимен тығыз байланыста болған.

Ал Қауымбаев Есқали Ходжановтың тұсында Волкомның хатшысы болып қызмет істеген және Ходжановтың тобына белсенді түрде қатысқан.

Төлебаев Аябек мал дайындау конторасында жұмыс істеп жүріп малды айырбастау, сату және басқа да зиянкестік әрекеттермен айналысқан. Төлебаев сонымен қатар Көжембаев басқарған контрреволюциялық ұлттық көтерілісшілер тобының мүшесі болған, олар бір-бірімен тығыз байланыста болған.

1931-1932 жылдары ол РСФСР ҚК 31 бабының 3 тармағымен міндетті жоспарды орындамағаны үшін бір жарым жылға сотталған.

**АБАУОВ** Күлиман — Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1910 жылы туған, байдың баласы, білімі орта, Казинпросты бітірген. 1928 жылдан БЛКЖО мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қызылорда ауданының № 14 ауылы, «1 Май» колхозында тұрған, орталау мектептің директоры болып қызмет атқарған:

Абауовтың әкесі 1930 жылы басқа да байлармен бірге Қызылқұмға қашып, Ақмырза қарақшыларына қатысқаны үшін атылған, өзі тергеуге алынған.

Абауов мектеп директоры болып жүріп контрреволюциялық -ұлтшылдық үгіт жүргізген. Сонымен қатар 1930-1931 жылдары қарақшылар тобында жүрген әкесімен хат арқылы байланыс жасап тұрған.

**НАУРЫЗБАЕВ** Мұхамбетжан — Қызылорда ауданының № 1 Қараөзек ауылдық кеңесінде 1908 жылы туған, байдың баласы, білімі орта, педтехникумды бітірген. 1926 жылдан БЛКЖО мүшесі, қызметкер. Қамауға алынғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған, аудандық «Ленин туы» газетін редакциясында хатшы болған. М.Наурызбаев - контрреволюциялық-ұлттық ұйымның мүшесі ретінде Қызылорда ауданының колхоздарында көтерілісшілер тобын ұйымдастырып, оны басқарған. Сонымен бірге Кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін жаңа мүшелер тартқан.

Айыптау қорытындысы бойынша: жоғарыда аттары аталған айыпкерлер Қызылорда ауданының территориясында өмір сүрген контрреволюциялық ұлттық-көтерілісшілер тобына Алматы контрреволюциялық орталықтың мүшелері кірген. Бұл топты бұрынғы КазЦИК-тің төрағасы, кейін тұтқынға алынған Құлымбетов, Нұрмақов, Жүргенов, тағы басқалары құрып, басқарған. Олардың алға қойған мақсаты Жапонияның көмегімен Қазақстанда Кеңес өкіметін құлатып, Қазақстанды СССР-дан бөліп алу, сөйтіп капиталистік құрылыстағы ерікті Қазақ өкіметін құру болған. Контрреволюциялық топ бұл міндетті Жапонияның СССР-ға шабуыл жасаған кезінде қазақ

жұртшылығын жаппай қарулы көтеріліске шығару жолымен жүзеге асыруды, сол жолмен Кеңес тылына бүліншілік тудырып, Қызыл Армияның жеңілісін қамтамасыз етуге, сөйтіп Кеңес өкіметін құлатуға болады деп белгілеген.
Осы мақсатта айыпкерлер соғыс кезінде Кеңес өкіметіне қарсы қазақ жұртшылығын белсенді контрреволюциялық шабуылға дайындаған. Кеңес өкіметіне, оның жүргізіп жатқан шараларына қарсы қазақ жұртшылығының ыза-кегін туғызу, ұлт араздығын қоздыру және қазақ жұртшылығына Алаш-ордашылардың идеясын ендіруге ұйымдасқан түрде күшті контрреволюциялық жұмыстар жүргізген. Өздерінің контрреволюциялық ықпалын күшейту және өздерінің кадрларын көбейту үшін өз қатарына Кеңес үкіметіне қарсы жауыздық пиғылдағы адамдарды тартып, оларды Кеңес өкіметін құлатуға бағытталған контрреволюциялық жұмысқа пайдаланған.
Міне осындай айыптаулар негізінде жоғарыда аттары аталған 7 айыпкер Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 14-27 қыркүйектегі, 7-10 қазандағы қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР КК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.
Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысымен Исмагулов Ибрай, Оразбеков Мұқатай, Иманбаев Әбдірайым, Төлебаев Аябек, Абауов Күлиман — ең жоғары қылмыстық жаза — атуға сотталған. Үкім 1937 жылғы 14 қарашада, сағат 24 -те орындаған. Осы қаулымен Құнанғараев Шайзада, Наурызбаев Мұхамбетжан әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған.
Наурызбаев Мұхамбетжан 1943 жылдың наурыз айынан Каспий ИТЛ-да жер қазу жұмысында істеген, күндік тапсырмасын артығымен орындап, жақсы жағынан көрінген. СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1945 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен жоғары өндірістік көрсеткіші және тұрмыстағы өте жақсы тәртібі үшін лагерьдегі жаза мерзімін 8 айға кеміткен.
Қызылорда облыстық соты президиумының 1956 жылғы 14 желтоқсандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысы бұзылып, Исмагулов Ибрай, Оразбеков Мұқатай, Иманбаев Әбдірайым, Құнанғараев Шайзада, Наурызбаев Мұхамбетжан, Абауов Күлиман жөніндегі іс қылмыс құрамы жоқ болғандықтан қысқартылған.
Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

## 1938 жылы

### I

**БУДОРИН** Борис Илларионович — родился в 1901 году в селе Чернышево, Куйбышевской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал бухгалтером Рыбтреста;
**НИКИТИН** Леонид Владимирович — родился в 1904 году в гор. Алматы, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал бухгалтером Сельхозбанка.
Этих 2 граждан обвинили в растранжировании бюджетных средств, арестовали, привлекли к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены специальной коллегией Южно-Казахстанского областного суда 9 января 1938 года к 6 годам тюремного заключения каждый.
По заключению Кзыл-Ординского областного прокурора они реабилитированы 1 февраля 1990 года.

### II

**ТЫНЫШТЫҚБАЕВ** Жетпісбай — облыс территориясында 1890 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған.
**ЖАБАЕВ** Меңлібай — Тереңөзек ауданы, Далакөл ауылдық кеңесі территориясында 1892 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған.
Бұл 2 азаматты РСФСР ҚК 58 бабы бойынша айыптап, қамауға алған. Қызылорда облыстық сотының үкімімен 1938 жылғы 7 ақпанда екеуі де 15 жылдан түрме жазасына сотталған.
Қызылорда облыстық прокурорының 1996 жылғы 28 ақпандағы қорытындысымен Тыныштықбаев Ж., Жабаев М. — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі» Заңы негізінде толық ақталған.

### III

**НИ** Павел Филиппович — родился в 1896 году в дер. Красное село, Посьетского района, Приморской области, уроженец ДВК, кореец, гражданин СССР, образование высшее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал препадователем корейского пединститута.
**КАН** Пен-Дя — родился 1889 году в селе Гук-Хари, Бядин-Гун уезда, Хван-хядо округа, Корея, кореец, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал преподавателем корейского пединститута.
Они обвиняются в том, что состояли членами Японо-Фильской, шпионской провокационной группы, принимали активное участие на конспиративных совещаниях этой группы. Будучи учителями Посьетского района во время пребывания японцев в Приморье давали сведения агентам японской разведки интересующие их, зная своего свояка Ро Ке Хи как японского шпиона, не сообщили соответствующим органам и способствовали последнему в шпионской работе, за что постановлением Кзылординского РО НКВД от 27 января 1938 года они арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-1 «а» УК РСФСР.
Приговором военного трибунала воиск НКВД Казахской ССР от 3 ноября 1939 года Ни Павел Филиппович и Кан Пен Дя по признакам ст. 58

1 «а» УК по суду считаны оправданными и из-под стражи освобождены.
По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 7 августа 1997 года Ни Павел Филиппович и Кан Пен Дя на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитированы.

## IV

**КЛИМОВА** Мария Константиновна — родилась в 1912 году в Тобольском районе, Северного края, до ареста проживала в гор. Кзыл-Орда.
**СТАНИСЛАВСКАЯ** Алевтина Андреевна — родилась в 1918 году в гор. Варшава, Польша, до ареста проживала в гор. Кзыл-Орде.
**БАБИНА** Татьяна Пантелеевна — родилась в 1914 году в Винницкой области, до ареста проживала в гор. Кзыл-Орда.
**СЕРМЯГИНА** (она же — Гицик) Аза Федоровна родилась в 1919 году, до ареста проживала в гор. Кзыл-Орда.
**АХМЕДОВА** Максума — родилась в 1921 году в гор. Казани, до ареста проживала в гор. Кзыл-Орда.
Этих 5 гражданок арестовали, возбудили уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены они Кзыл-Ординским облсудом 22 апреля 1938 года к 10 годам тюремного заключения каждая. Затем статья УК изменена.
По заключению Кзыл-Ординского областного прокурора от 1 июня 1990 года, Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года, они реабилитированы.

## V



**Ли** Ун-Чер — родился в 1914 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был студентом;
**КАН** Андрей Андреевич — родился в 1888 году в ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, не работал.
Этих 2 граждан-корейцев арестовали, возбудили уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР, обвинили их в том, что они высказывали антисоветские высказывания, против СССР. Осуждены Особым совещанием при НКВД 19 июня 1938 года к 8 годам тюремного заключения каждый.
Они полностью реабилитированы 4 августа 1989 года.

## VI

**КОГАЙ** Филипп Иванович — родился в 1902 году в селе Синельникова, Молотовского района, ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал бухгалтером столовой колхоза «Казрис» Сыр-Дарьинского района, образование среднее, с 1932 по 1935 год состоял в рядах ВКП(б).
**ХЕ** Ен-Бин — родился в 1901 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал лаборантом-химиком санитарно-бактериологической лаборатории, образование высшее.
**КИМ** Хен-Гук — родился в 1906 году в Молотовском районе, Уссурийской области ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был студентом и секретарем партийного комитета корейского педагогического института.
**ЛИ** Шен-Ха — родился в 1910 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал костюмером корейского театра.
**ШИН** Бон-Гир — родился в 1900 году в Буденовском районе ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был чернорабочим в колхозе «Интернационал».
**КИМ** Дон-Сан — родился в 1910 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал наборщиком гостипографии.
**НИ** Григорий — родился в 1888 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, без определенных работ;
**ЛИ** Дон-Чер — родился в 1905 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал в колхозе «Интернационал»;
**ЦОЙ** Цо-Хун — родился в 1912 году в Манчжурии, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал наборщиком гостипографии;
**КИМ** Дык-Тен — родился в 1906 году в селе Пеняжино ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был студентом;
Постановлением 4-го отделения 3-го отдела УГБ НКВД Казахской СССР города Кзыл-Орда от 15 февраля 1938 года арестован Когай Ф.И., постановлением Кзыл-Ординского РО НКВД от 20 декабря 1937 года арестован Хе Ен-Бин, постановлением Кзыл-Ординского РО НКВД от 25 января 1938 года — арестован Ким Хен-Гук, постановлением Кзыл-Ординского РО НКВД от 16 февраля 1938 года — арестованы Ли Шен-Ха и все остальные. Против них возбуждено уголовное дело по ст. 58-1 «а» УК РСФСР.
Постановлением Комиссии НКВД и Прокуратуры СССР от 5 сентября 1938 года осуждены: Когай Филипп Иванович, Хе Ен-Бин, Ким Хен-Гук, Ли Шен-Ха, Шин-Бон-Гир, Ким Дон-Сан, Ни Григорий, Ли Дон-Чер, Цой Цо-Хун, Ким Дык-Тен к высшей мере наказания — расстрелу.
Приговор по отношению этих лиц был приведен в тот же день.
Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 24 апреля 1963 года постановление комиссии НКВД и Прокуратуры СССР от 5 сентября 1938 года отменено и дело в отношении Когая Ф.И. производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест заместителя Генерального прокурора от 18 апреля 1963 года удовлетворен.

Определением Военного трибунала ТуркВО от 28 сентября 1963 года постановление комиссии НКВД и Прокуратуры СССР от 5 сентября 1938 года в отношении Хе Е.Б. отменено и дело о нем на основании п. 1 ст. 5 УПК Узбекской ССР прекращено за отсутствием состава преступления. Протест в порядке надзора Военного прокурора ТуркВО от 23 сентября 1963 года удовлетворен.

Определением Военного трибунала ТуркВО от 22 ноября 1963 года постановление Комиссии НКВД и Прокуратуры СССР от 5 сентября 1938 года в отношении Ким Х.Г. отменено и дело о нем на основании п. 1 Ст. 5 УПК Узбекской ССР дальнейшим производством прекращено за отсутствием состава преступления. Заключение отдела КГБ при Совете Министров Казахской ССР по Кзыл-Ординской области от 19 октября 1963 года и протест Военного прокурора ТуркВО от 14 ноября 1963 года удовлетворены.

Определением Военного трибунала ТуркВО от 4 июня 1963 года постановление Комиссии НКВД и Прокуратуры СССР от 5 сентября 1938 года в отношении Ли Шен-Ха отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО от 20 мая 1963 года удовлетворен.

На основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года, по определению прокурора Кзыл-Ординской области реабилитированы: 30 июня 1989 года Шин Бон-Гир, Ни Григорий, 23 июня 1989 года Ким Дю Сан, 13 июля 1989 года Ли Дон-Чер, 9 августа 1989 года Цой Цо Хун, Ким Дык-Тен.

## VII

**ЦОЙ** Тян (Тхяк) Ен — родился в 1912 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, студент Корейского педагогического института, член ВЛКСМ.

**ХВАН** Василий Васильевич — родился в 1908 году в ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал методистом-консультантом Облоно, образование высшее, член ВКП(б).



**ЛИ** Ер — родился в 1908 году на ст. Раздольная, Ворошиловской области, ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал парикмахером артели «8-го марта»;

**ДРОБЕТ** Дмитрий Спиридонович — родился в 1897 году в гор. Александрия, Херсонской губернии, до ареста проживал в гор.Кзыл-Орда, но постоянного местожительства не имел.

**СОН** Сан-У — родился в 1900 году в Манчжурии, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был студентом.

У Си-Ук — родился в 1900 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал агротехником рисоопытной станции.

Постановлением 3-го отделения Кзыл-Ординского облотдела НКВД от 27 мая 1938 года — арестован Цой Тян (Тхяк) Ен, от 28 мая 1938 года Хван Василий Васильевич, от 29 июля 1938 года Ли Ер, остальные. Они обвинялись по ст. 58-6 УК РСФСР. Произведенным расследованием, например, установлено, что Цой Тян-Ен в 1929 году нелегально прибыл из Кореи в СССР, поддерживал связь с членами контрреволюционной-националистической, шпионской организации «Корбюро», перебежчик. Так и остальные привлечены к уголовной ответственности по таким мотивам.

Решением Особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 28 сентября 1938 года осуждены: Цой Тян (Тхяк) Ен — как социально опасный элемент заключен в ИТЛ сроком на 5 лет, Хван Василий в ИТЛ на 10 лет, Ли Ер, Дробет Дмитрий Спиридонович, Сон Сан У, У Си Ук — к высшей мере наказания — расстрелу.

Постановлением 3-го отдела УГБ УНКВД по Кзыл-Ординской области от 17 декабря 1938 года следственное дело по обвинению Цой Тян (Тхян) Ен — производством прекращено и он освобожден из-под стражи как не доказанностью состава преступления.

Обвинительное заключение УНКВД Кзыл-Ординской области от 19 марта 1939 года утвержден следчастью НКВД Казахской ССР от 1 апреля 1939 года и дело направлено на рассмотрение Особого соовещания. Постановлением Особого совещания при НКВД СССР от 17 марта 1940 года Хван Василий Васильевич осужден на 3 года ИТЛ.

Определением Военного трибунала Туркестанского Военного округа от 14 марта 1962 года — постановление тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 28 сентября 1938 года в отношении Ли Ер отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО на постановление тройки удовлетворен. Он реабилитирован в 1962 году.

По утверждению Кзыл-Ординского областного прокурора на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитированы: 27 июня 1989 года, Сон Сан -У, 22 мая 1989 года У Си-Ук, 24 августа 1989 года Дробет Дмитрий Спиридонович.

## VIII

**ХВАН** Ден-Хун — родился в 1903 году в дер. Тайсу-ай, Буденовского района, Приморской области ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал инструктором Кзыл-Ординского горкома КП (большевиков) Казахстана, редактор газеты «Авангард», образование нижесреднего, с 1927 по 1938 год член ВКП(б);

**ХЕ** Александр (Хе Гай) — родился в 1914 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда,

ул.Полтарацкого, 40, работал рабочим в облсоюзпушнине;

**ЮН** Ши-Хван — родился в 1909 году в Сейфунском районе ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, член ВКП(б), работал заместителем заведующего облоно;

**ТЕН** Сун-Ги — родился в 1900 году в Корее, до ареста проживал в гор.Кзыл-Орда, работал в автошколе;

**ХВАН** Бо-Чер — родился в 1906 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал в редакции газеты «За рис».

Постановлением Кармакчинского РО НКВД от 26 июня 1938 года арестован Хван Дон-Хун и возбуждено уголовное дело по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением Кзыл-Ординского РО НКВД от 15 сентября 1938 года арестованы Хе Александр, Юн Ши-Хван, Тен Сун-Ги, Хван Бо-Чер, и возбуждены уголовное дело по ст. 58-6 УК РСФСР. Все они обвинялись в шпионаже в пользу иностранной разведки. Постановлением Особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 29 сентября 1938 года осуждены: к высшей мере наказания — расстрелу Хван Ден-Хун, Хе Александр (Хе Гай), Юн Ши-Хван, Тен Сун-Ги, Хван Бо-Чер.

Определением Военного трибунала Туркестанского военного округа от 30 мая 1961 года — постановление Особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 29 сентября 1938 года в отношении Хван Дон-Муна отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО на постановление Особой тройки удовлетворен. Он реабилитирован в 1961 году.

Определением Военного трибунала Туркестанского военного округа в начале сентября 1969 года постановление особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 29 сентября 1938 года в отношении Хван Бо-Чера отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО на постановление Особой тройки удовлетворен. Хван Бо-Чер реабилитирован 28 августа 1969 года.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области, на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года полностью реабилитированы: 15 мая 1989 года Хе Александр (Хе Гай), 22 мая 1989 года Юн Чи Хван, Тен Сун-Ги.

## IX

**ХЕ** Чин-Дюн (он — же Хе-Чи) — родился в 1880 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, пос. Красный городок, дом № 48, без определенных занятий;

**КИМ** Никифор Федорович — родился в 1872 году в Биробиджанском районе Амурской области, до ареста проживал в гор.Кзыл-Орда, был частником.

**ЛАСКОВ** Евгений Андреевич (он-же Шен Ден-У) — родился в 1901 году в селе Асан, Корея, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал санитарным врачом.

Этих 3 граждан-корейцев арестовали, обвинили в шпионаже в пользу иностранной (японской) разведки, привлекали к уголовной ответственности по ст. 58-2 УК РСФСР. Осуждены Особой тройкой 5 октября 1938 года Хе Чин-Джон, Ким Никифор Федорович, Ласков Евгений Андреевич к высшей мере наказания — расстрелу.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области, согласно Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитированы: Хе Чин-Дюн — 22 мая 1989 года, Ким Никифор Федорович — 6 июля 1989 года, Ласков Евгений Андреевич— 15 мая 1989 года.

## X

**ВОРОТНИКОВ** Григорий Яковлевич — родился в 1893 году на ст. Ветлянская, Соль-Илецкого района, Оренбургской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал преподавателем в сельхозтехникуме.

**ТЕ** Хун — родился в 1899 году в дер. Моденни, Кайсан-Гунского уезда, Корея, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал агротехником в Соло-Тюбинской МТС, с 1926 по 1935 год был членом ВКП (б), окончил КомВУЗ в ДВК.

**КИМ** Хек — родился в 1907 году в провинции Кен-Гидо, Корея, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, студент Корейского педагогического института.

**КИМ** Сек-Тен (он же Ким Александр) — родился в 1912 году в Уссурийской области, ДВК, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал заведующим столовой артели «Дальневосточник»;

**МУН ХАК** Дюн — родился в 1909 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был студентом Корейского педагогического института.

**ПОТАПОВ** Самойло Самойлович — родился в 1864 году в гор. Сумы, Харьковской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал директором нефтебазы.

**ЦОЙ ХАК** Цен — родился в 1900 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, ул. Энгельса, дом № 62, работал парикмахером.

Этих 7 граждан обвинили в шпионаже иностранной разведки, в действиях вражеской направленности к Советской стране. Постановлением 3 отдела Кзыл-Ординского областного УНКВД от 30 июня 1938 года арестован Воротников Г.Я., 26 апреля 1938 года Те-Хун, и остальные. Их привлекали к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением Особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 9 октября 1938 года осуждены: Воротников Г.Я., Те Хун, Ким Хек, Ким Сек-Тен, Мун Хак-Дюн, Потапов С.С., Цой Хак-Цен к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного Трибунала Туркестанского Военного округа от 10 ноября 1960 года — постановление особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 9 октября 1938 года

в отношении Воротникова Г.Я. отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО на постановление особой тройки удовлетворен. Воротников Г.Я. реабилитирован в 1960 году.

Определением Военного трибунала Туркестанского военного округа от 27 июля 1960 года — постановление Особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 9 октября 1938 года в отношении Те-Хуна отменено и дело о нем на основании п. 1 ст. 5 УПК Узбекской ССР производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО на постановление Особой тройки удовлетворен. Те Хун реабилитирован в 1960 году.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области, на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитированы: Цой Хак-Сен, Ким Сек-Тен — 15 мая 1989 года, Ким Хек, Потапов С.С. — 22 мая 1989 года, Мун Хак-Дюн — 17 августа 1989 года.

## XI

**ЛИ** Николай Николаевич — родился в 1905 году в селе Благославленное, Сталинского района ДВК, до ареста проживал в городе Кзыл-Орда, работал завскладом артели «Стройматериалов».

**ЛИ** Василий Петрович — родился в 1909 году в гор. Владивостоке, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал мясником в базаротресте.

**ЛИ** И Гю — родился в 1904 году в Корее, постановлением Особого совещания НКВД СССР от 1 августа 1936 года был сослан из ДВК в Казахстан с женой Лим Ден-Дон сроком на 3 года каждый по обвинению в шпионской деятельности, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, газетный работник, образование среднее.

**ЛИМ** Ден-Дон, — родилась в 1899 году в Корее, постановлением Особого совещания НКВД и Прокуратуры СССР от 1 августа 1936 года была сослана из ДВК с мужем Ли И Гю в Казахстан сроком на 3 года каждый по обвинению шпионской деятельности, до ареста проживала в гор. Кзыл-Орда, работала учительницей.

**ПАН** Чер-Вон — родился в 1875 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, без определенных занятий;

**ЮГАЙ** Борис — родился в 1908 году в дер. Бодровка ДВК, был членом ВКП(б), до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, студент Корейского педагогического института.

**ПОСЛАВСКИЙ** Карл Викентьевич — родился в 1878 году в Липовецком уезде, Киевской губернии, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал в ковровой фабрике.

ЛИ Чан-Сак — родился в 1913 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал наборщиком типографии.

**СЕДЛИЦКИЙ** Николай Васильевич — родился в 1879 году в Херсонской губернии, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал юристом-консультантом Кзыл-Ординского Казторга;

**ЦОЙ** Тен-Юн — родился в 1910 году в гор. Владивостоке, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, студент Корейского педагогического института.

**КИМ** Му-Чур — родился в 1914 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, был студентом второго курса Корейского педагогического института.

**ПАК** Чен-До — родился в 1868 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орде, без определенных занятий;

**АЛИЕВ** Мамед — родился в 1905 году в гор. Дарогез, Иран до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал чистильщиком обуви.

**НАМ** Ден-Ук — родился в 1907 году в Корее, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал корректором газеты «За рис».

Постановлением Кзыл-Ординского областного управления НКВД от 17 марта 1938 года арестован Ли Николай Николаевич, от 23 марта 1938 года — арестован Ли Василий Петрович, от 14 февраля 1938 года Ли И Гю и остальные. Их обвинили по ст. 58 6,11,58-1 «а», 58-11 УК РСФСР. Осуждены Особой тройкой при УНКВД по Кзыл-Ординской области 17 октября 1938 года: Ли Николай Николаевич, Ли И-Гю, Ли Василий Петрович, Пан Чер-Вон, Лим Ден-Дон, Югай Борис, Пославский Карл Викентьевич, Ли Чан-Сак, Седлицкий Николай Васильевич, Цой Ген-Юн, Ким Му-Чур, Пак Шен-До, Алиев Мамед, Нам Ден-Ук к высшей мере наказания — расстрелу.

Постановлением Президиума Кзыл-Ординского областного суда от 2 июля 1957 года постановление бывшей особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 17 октября 1938 года в отношении Ли Н.Н. отменено и дело о нем производством прекращено за отсутствием состава преступления. Протест прокурора Кзыл-Ординской области удовлетворен.

Определением Военного трибунала Тихоокенанского Флота от 25 февраля 1963 года — постановление бывшей особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 17 октября 1938 года в отношении Ли В.П. отменено и дело о нем прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления. Протест Военного прокурора ТОФ от 15 февраля 1963 года удовлетворен.

Определением Военного трибунала Туркестанского Военного округа от 27 июля 1960 года — постановление бывшей особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 17 октября 1938 года в отношении Ли И Гю отменено и дело о нем прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО удовлетворен, он реабилитирован в 1960 году.

По заключению областного прокурора, на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитированы: 15 мая 1989 года Югай Борис, Лим Ден-Дун, Пославский Карл Викентьевич, Ли Чан

Сак, Ким Му-Чур, 22 мая 1989 года Седлицкий Николай Васильевич, Цой Ген-Юн, 9 июня 1989 года Пан Чер-Вон, 4 августа 1989 года Пак Шен-До, Алиев Мамед, 17 августа 1989 года Нам Ден-Ук.

Что касается Лим Ден-Дон, она не была расстрелена. Определением Военного трибунала Туркестанского Военного округа от 27 июля 1960 года — постановление Особого совещания НКВД СССР от 1 августа 1936 года в отношении Лим Ден-Дон отменено и дело о ней прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО удовлетворен. Она была реабилитирована в 1960 году.

### XII

**МАНАТАЕВ** Оразбай — Қызылорда ауданы, Аламесек ауылдық кеңесі, № 11 ауылда 1905 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласында тұрған, депоның шаруашылық бригадасында слесарь болып жұмыс істеген;

**ОҢҒАРОВ** Қожаназар — Қызылорда ауданы, Аламесек ауылдық кеңесі, № 15 ауылда 1883 жылы туған, қамауға алғанға дейін, Қызылорда қаласында тұрған, депоның қосалқы цехының қарауылы болып жұмыс істеген.

Қызылорда станциясы ОДТО ГУГБ НКВД -ның 1938 жылғы 29 қаңтардағы қаулысымен Манатаев Оразбай, 26 наурыздағы қаулысымен Оңғаров Қожаназар тұтқынға алынып, оларға РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімі, 59 бабы, 7 тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Тәшкен теміржол тораптық сотының 1938 жылғы 20 қазандағы үкімімен Манатаевты ҚК 59 бабының 7 тармағына сәйкес сот бойынша қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, қамаудан босатқан. СССР Жоғарғы Соты Теміржол коллегиясының 1939 жылғы 25 қаңтардағы ұйғаруымен ол ақталған.

ҚК 58-10, 59-7 бабымен қылмыстық іс қозғалған Оңғаров Қожаназар Тәшкен теміржолының тораптық сотының 1938 жылғы 20 қазандағы үкімімен Оңғаров Қожаназарды 2 жылға бас бостандығы еркінен айыруға — еңбек түзеу лагеріне сотталған. СССР Жоғарғы Соты теміржол коллегиясының 1939 жылғы 25 қаңтардағы ұйғаруымен теміржол тораптық сотының үкімі бұзылып, оның әрекетінде қылмыс құрамының жоқ болуына байланысты іс өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған.

### 1941 жылы

**РЫБАКОВ** Дмитрий Степанович — родился в 1901 году в селе Величаевка, Куйбышевской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал мастером по хлебопечению;

**ГОРБУНОВ** Дмитрий Евгеньевич — родился в 1903 году в селе Троцкое, Чкаловской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал рабочим хлебопекарни № 1.



**ШИГАЕВ** Илья Федорович — родился в 1907 году в селе Судосево, МАССР, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал тесомесом хлебопекарни № 1. Они обвинены в саботаже деятельности хлебопекарни № 1, арестованы, привлекли к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены линейным судом Ташкентской железной дороги 24 января 1941 года: Рыбаков Д.С. к 5 годам тюремного заключения, Горбунов Д.Е. на 4 года, Шигаев И.Ф. на 3 года. По заключению прокурора Кзыл-Ординской области, на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года, они реабилитированы 10 июня 1992 года.

### 1943 жылы

### I

**ОСПАНОВ** Алданкүл — Шиелі ауданының № 1, Тартоғай ауылдық кеңесінде 1926 жылы туған, негізі кедей шаруа, білімі 7 класс, партияда жоқ, еш жерде жұмыс істемеген, тұрақты мекен жайы жоқ, үйленбеген, бұрын сотты болмаған, ағасы — Аманбек.

**МАЙЛЫБАЕВ** Ілияс — Сырдария ауданының № 14 ауылы, «1 Май» колхозында 1878 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, осы колхозда бақташы болып жұмыс істеген, бұрын сотталған, әйелі — Гүлжамал, қыздары — Үрмаш, Алмаш, баласы — Қайырбек, інісі — Құрман.

Оспанов Алданкүл — 1943 жылы 10 шілдеде Қызылорда облыстық НКВД басқармасы арқылы НКВД органына құпия қызметке тартылып, Мәмбетов Назар басқарған қаруланған қарақшылар тобының тұрған жерін тауып, анықтау үшін жіберілген. Бірақ Оспанов бұл тапсырманы орындамай, НКВД органымен өзінің байланысы бар екенін жұртшылыққа жариялап қойған. Әскер қатарына алынуға міндетті бола тұрып, Отанға әскери қызмет жасағысы келмей, әскери есепке тұрмаған, жасырын жағдайға түсіп, Мәмбетов Назардың қарулы қарақшылар тобына қосылған, қаруланып алып Мәмбетовпен және басқа да қылмысты элементтермен бірге колхоз малдарын және жұртшылықтың малдарын ұрлаумен айналысқан. Ол 4 бас ірі қараны, 1 қой ұрлаған. Одан басқа ол Мәмбетовпен бірге өкімет өкілдерінің оларды ұстау әрекетін жасаған күнде, оларға қарулы тойтарыс беру мақсатын ұстаған.

Майлыбаев Ілияс — 1943 жылдың 8 тамызында Сырдария аудандық НКВД бөлімі арқылы НКВД органына құпия қызметке тартылған, бірақ Майлыбаев өзінің НКВД органына құпия қызметке тартылғанын жұртшылыққа және Мәмбетовке білдіріп қойған. Сонымен қатар ол сатқын

Мәмбетовті жасырумен айналысып, оған азық-түлікпен жәрдем беріп отырған.

Осы қылмыстары үшін Оспанов Алданқұл мен Майлыбаев Ілияс Қызылорда облыстық НКВД басқармасының 1943 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, Оспанов Алданқұл — РСФСР ҚК 121, 193-17 «а», 193-10 «а» және 59-3 баптарының тармақтарымен, Майлыбаев Ілияс — 121, 193-17 «а» және 17-58-1 «б» бабының тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1944 жылдың 17 сәуірінде аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД басқармасының бастығы 1944 жылдың 21 сәуірінде, облыстық прокурор - 17 сәуірде бекіткен.

СССР НКВД-сының жанындағы Ерекше мәжілістің 1944 жылғы 5 тамыздағы қаулысымен;

— Оспанов Алданқұл 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне,

— Майлыбаев Ілияс — 5 жылға Қызылорда облысының бір ауданына жер аударуға сотталған: Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 9 маусымдағы қорытындысымен Оспанов Алданқұл мен Майлыбаев Ілияс — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## II

**БЕЛОВ** Михаил Григорьевич — родился в 1916 году в Баранском районе Пензенской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал экспедитором в фельдсвязе УНКВД;

**СЕМП** Евгений Францискович — родился в 1917 году в гор. Сенок, Польша, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал в Польском представительстве в Кзыл -Орде.

Они обвинены по ст. 58-2 УК РСФСР, арестованы Кзыл-Ординским городским НКВД. Осуждены Особым совещанием при УНКВД Белов М. Г. и Семп Е. Ф.— на 15 лет тюремного заключения каждый.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года, они реабилитированы 13 июля 1989 года.

## III

**БАГИНСКИЙ** Андрей Васильевич — родился в 1890 году в гор. Киеве, украинец, гражданин СССР, образование высшее, окончил военно-политическую академию, с 1917 по 1938 год — член ВКП(б), до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, по ул. Казахская, 59, работал кассир-счетоводом облздравотдела.

Багинский А. В. в 1939 году решением Особого совещания при НКВД СССР осужден на 5 лет ссылки в Казахстан за участие в военно-фашистском заговоре. Он имел награды: Медаль «XX лет РККА», орден Красного Знамени, которого получил в 1920 году, 4 Грамоты ВЦИКа, оружие, орден. Служил в Красной Армии с августа 1917 года по март м-ц 1938 года на разных командных политических постах, имел звание Бригадного комиссара.

**БАГИНСКАЯ** Евдокия Георгиевна — родилась в 1894 году в гор. Махшай, Пензенской области, русская, гражданка СССР, образование средне-медицинское, беспартийная, до ареста проживала в гор. Кзыл-Орда, по ул. Казахская, 59, работала медицинской сестрой в детской консультации.

По обвинительному заключению: Багинский А. В. и его жена Багинская Е. Г. совместно распространяли среди населения антисоветскую пораженческую агитацию, направленную на дискредитацию мероприятий партии и правительства, при этом восхваляли силу и мощь немецкой армии и ее командный состав, предсказывали победу Германии, клеветали на Красную Армию и ее командный состав, восхваляли врагов народа, возводили клевету на сообщения Советской печати и сводки Совинформбюро,— за что они постановлением Следотделения УНКГБ по Кзыл-Ординской области от 3 сентября 1943 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-10 ч. 2 УК РСФСР.

Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кзылординского облсуда от 12 ноября 1943 года Багинский Андрей Васильевич осужден на 8 лет, а Багинская Евдокия Георгиевна осуждена на 6 лет к лишению свободы, с поражением избирательных правах каждого по отдельности сроком на 3 года, с конфискацией имущества.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 31 января 1944 года приговор облсуда в отношении Багинского А. В., Багинской Е. Г. от 12 ноября 1943 года оставлен в силе.

Постановлением Президиума Верховного Суда Казахской ССР от 22 мая 1962 года приговор Кзыл-Ординского облсуда и определение Верховного суда Казахской ССР по делу Багинского А. В. и Багинской Е. Г. отменены и дело о них производством прекращено за отсутствием в их действиях состава преступления. Протест заместителя прокурора Казахской ССР удовлетворен. Оба реабилитированы.

## IV

**КАХМАНСКИЙ** Бронислав Владиславович — родился в 1903 году в г. Ланьцут, Краковской области, Польша, гр-н СССР, образование высшее, профессор иностранных языков гимназии, доверенное лицо Польского посольства в гор. Кзыл-Орде, беспартийный, в 1927 году окончил Краковский университет. В июле 1940 г. осужден Особым Совещанием при НКВД СССР за нелегальный переход границы к 5 годам ИТЛ, в 1941 году амнистирован как бывший польский гражданин.

**ЯНЧИЛИК** Юзефа Антоновна — родилась в 1912 году в дер. Вульна Дрогунская, Белостокской области, Польша, полька; образование начальное, гр-ка СССР, не работала, беспартийная, проживала в г. Кзыл-Орде, ул. Переездная, 14.

Они обвинялись в том, что являлись агентами иностранной разведки, по заданию которой проводили шпионскую и другую вражескую работу против СССР. Вместе с тем являлись гражданинами СССР, без разрешения органов Советской власти и соответствующего оформления документов в установленном законом порядке о выходе из гражданства СССР, зарегистрировали себя в посольстве как польского гражданина, тем самим незаконно приобрели иностранное подданство, то есть изменили Родине, в получении советского паспорта отказались. За что постановлением КРО УНКВД по Кзыл-Ординской области от 13 марта 1943 года они арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-1 «а» и 16-192 «а» ч. 2. УК РСФСР.

По Постановлению следотделения УНКГБ по Кзыл-Ординской области от 18 октября 1943 года ранее предъявленное Кахманскому и Янчилик обвинение по ст. 58-1 «а» УК снято за недоказанностью, квалифицируя состав преступления Кахманского по ст. 58-10 ч. 2. п. 16-192 п «а» ч. 2. УК, а Янчилик по ст. 16-192 п «а» ч. 2 УК РСФСР.

Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского Облсуда от 22 ноября 1943 года Кохмановского Б. В. и Янчилика по П. 5 ст. 4 УПК, мера пресечения их изменено и они из-под стражи освобождены.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от. 24.04.1997 года Кахманский Б. В. и Янчилик Ю. А. на основании ст. 1 Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 г. реабилитированы.

## 1945 жылы

**МАЗАКАЕВ** Хасан — родился в 1900 году в селе Алхан-Юрт, Урус-Мартанского района, Чечено-Ингушской АССР, чеченец, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал в хлебокомбинате.

**МАЗАКАЕВ** Хуси — родился в 1920 году в селе Алхан-Юрт, Урус-Мартановского района, Чечено-Ингушской АССР, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орде, работал грузчиком рисозавода. Они обвиняются в том, что проживая на северном Кавказе активно занимались бандитизмом, терроризировали население, ограбляли магазины и склады колхозов и совхозов и других госучреждений и предприятий, неоднократно оказывали вооруженное сопротивление опергруппам НКВД по переселению в Казахстан. Работая на хлебокомбинате и рисзаводе агитировали рабочих бросить срочную работу, в результате чего 31 августа 1945 года 30 человек чеченцев бросили работу,— за что они арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 59-3, 58-10 ч. 2 УК РСФСР. Их арестовало отделение УНКВД по ББ своим постановлением от 15 ноября 1945 года.

Постановлением 3 отд. ОББ МВД Казахской ССР от 9 декабря 1946 года следственное дело по обвинению Мазакаева Хасана и Мазакаева Хуси за недостаточностью собранных улик для предания суду обвиняемых дальнейшим производством прекращено, арестованные из-под стражи освобождены.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 30 апреля 1997 года Мазакаев Хасан и Мазакаев Хуси на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года — реабилитированы.

# АРАЛ АУДАНЫ БОЙЫНША

## 1930 жылы

### I

**МАРКОВ** Федор Трифонович — родился в 1873 году в гор. Тулыга (Румыния), до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**МЫСЕНКО** Илья Иванович — родился в 1888 году в Киевской губернии, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**ЖИГМАНОВ** Степан Васильевич — родился в 1893 году в Самарской губернии, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**ВИШНЯКОВ** Абрам Петрович — родился в 1879 году в Измаиле, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**ГРЕЧУК** Емельян Иванович — родился в 1875 году в гор. Темирюк, Кубанской области, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**САРСАҒАТОВ** Уайса — Қызылорда облысында 1897 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Ұзынқайыр» селосында балықшы болған;

**ПРЕСНЯКОВ** Иван Васильевич — родился в 1888 году в Ульяновском округе, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**ШЕПОВАЛОВ** Алексей Васильевич — родился в 1884 году в гор. Ташкенте, проживал до ареста в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**РОЖЕНКО** Фома Демьянович — родился в 1887 году в гор. Измайле, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**ПОРОШЕНКО** Сергей Михайлович — родился в 1890 году в гор. Измаиле, Бессарабской губернии, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**КУЛЬЧЕНКО** Константин Платонович — родился в 1890 году в гор. Темирюк, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**БУЗЫРИХИН** Николай Григорьевич — родился в 1887 году в гор. Марчанск, Тамбовской области, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**УДОВЕНКО** Федор Филиппович — родился в 1897 году в гор. Ейск, Кубанской области, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**СКАЧКОВ** Алексей Миронович — родился в 1889 году в гор. Темирюк Кубанской области, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**ГРЕЧУК** Марк Иванович — родился в 1888 году в гор. Темирюк Кубанской области, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**ГОНЧАРОВ** Сергей Ануфриевич — родился в 1990 году в гор. Измаиле Бессарабской губернии, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**СОРПИОНОВ** Варфолемей Ермилович — родился в 1886 году в гор. Измаиле Бессарабской губернии, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**ЖИГМАНОВ** Прокофий Васильевич — родился в 1891 году в Самарской губернии, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в селе «Узункайыр»;

**СПАСОВ** Михаил Егорович — родился в 1897 году в Кзыл-Ординской области, до ареста проживал в селе «Узункайыр», работал рыбаком.

Все эти 19 граждане привлечены к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР, арестованы отделением Аральского района ОГПУ. Решением тройки ПП ОГПУ 4 июня 1930 года осуждены на 3 года ссылки: Марков Ф. Т., Мысенко И. И., Жигманов С. В., Вишняков А. П., Гречук Е. И., Роженко Ф. Д., Порошенко С. М., Кульченко К. П., Бузырихин Н. Г., Удовенко Ф. Ф., Спасов М. Е. Освобождены с зачетом предварительного заключения: Сарсағатов Уайса, Пресняков И. В., Шеповалов А. В., Скачков А. М., Гречук М. И., Гончаров С. А., Сорпионов В. Е., Жигманов П. В.

Все вышеизложенные граждане полностью реабилитированы 13 июня 1989 года, протест областного прокурора удовлетворен.

II

**ТКАЧЕНКО** Петр Андреевич — родился в 1872 году в Ростовском округе, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рыбопромышленником;
**БУЛАВИН** Дмитрий Иванович — родился в 1879 году в Саратовской губернии, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рыбопромышленником;
**БЕРЕЗНИЦКИЙ** Петр Васильевич — родился в 1877 году в Терской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рыбопромышленником;
**ТИМОФЕЕВ** Петр Ефимович — родился в 1872 году в гор. Азове, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рыбопромышленником;
**СОКОЛОВСКИЙ** Егор Павлович — родился в 1879 году в Донецкой области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рыбопромышленником;
**АЗАРЕНКО** Петр Петрович — родился в 1880 году в Донецкой области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рыбопромышленником.
Все эти 6 граждане обвинены по ст. 58 УК РСФСР, арестованы в начале марта 1930 года. Осуждены тройкой при ПП ОГПУ 9 марта 1930 года каждый по 10 лет тюрьмы: Ткаченко П. А., Булавин Д. И., Березницкий П. В., Тимофеев П. Е.
Каждый на 5 лет тюрьмы: Соколовский Е. П., Азаренко П. П.
По протесту Кзыл-Ординского областного прокурора 17 августа 1989 года все они полностью реабилитированы.

**1931 жылы**

I

**ТІЛЕУБАЕВ** (Төлебаев) Қасымхан — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының № 27 ауылында 1907 жылы туған, кейін Арал ауданының территориясында тұрған, байдың баласы, дауыс беру құқығынан айырылған, сауатты, партияда жоқ, жеке шаруашылықпен айналысқан, үйлі-жайлы;
**КҮЙЛЕПЕСОВ** Мұқан — Ырғыз ауданының № 27 ауылында 1911 жылы туған, кейін Арал ауданының территориясында тұрған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, дауыс беру құқығынан айырылған, жеке шаруашылықпен айналысқан, үйленген;
**БИСЕКЕЕВ** Орманбет — Ырғыз ауданының № 27 ауылында 1909 жылы туған, кейін Арал ауданының территориясында тұрған, байдың баласы, дауыс беру құқығынан айырылған, сауатты, партияда жоқ, жеке шаруашылықпен айналысқан, үйленген;
**ӘБЕТОВ** Телмырза (Тілеумырза)— Ырғыз ауданының № 27 ауылында 1900 жылы туған, кейін Арал ауданының территориясында тұрған, бұрынғы бидің баласы, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген.
Бұл 4 бай-би баласына тағылған айып: 1930 жылдың көктемінде Арал ауданымен шекаралас жерде — Ырғыз ауданының территориясында қарулы көтеріліс болған, оның алдына қойған мақсаты — кеңес өкіметінің жүргізіп отырған шараларына қарсылық көрсету, жергілікті жерлердегі өкімет билігін өз қолдарына алу, түпкі мақсаты — кеңес өкіметін құлату болған. Сол жылғы ақпан айында Төлебаев Қасымхан байлар басқарған қарақшылар ішінен хан сайлап алғанын біліп, Жетіқара ауданының «Шұбар бие» деген жерде өтетін кеңеске барған, ол кеңесті Мұқантай-ахун өткізген, онда қарақшылар тобын ұйымдастыру мәселесі шешілген. Осы кеңестен кейін Төлебаев ауылға қайтып келіп, «Шөлдербай» деген жерде 20 адам-сарбаздан құралған топ ұйымдастырған. Содан кейін ол қайтадан Жетіқара ауданына, «Шұбар төс» деген жеріне барып, Қостанай комотрядына қарсы ұрысқа қатысқан. Қостанай комотряды қарақшыларды талқандағаннан кейін Төлебаев өзінің туысы Сұлтан ханмен бірге зыта қашқан. Жолда адасып, қатты суық боранда Сұлтан хан үсіп өлген де, Төлебаев қатты суыққа шалдыққан.
Күйлепесов Мұқан 1930 жылдың 24 ақпанында Отарбаев Оспанның үйінде болған кеңеске қатысқан, онда қарақшылар ұйымдастырып, Айжарқын ханға қосылу мәселесі шешілген. Осы кеңесте құдай жолы беріліп, бата оқылған. Әленов Оспанның үйінде Айжарқын хан мен Мұқантай өткізген кеңеске қатысқан. Қарақшыларға 2 ат берген, өзі Ырғыз маңында болған ұрысқа қатысқан.
Бисекеев Орманбет Айжарқын ханның қарақшыларына белсенді түрде қатысқан. 1930 жылдың ақпан айында Отарбаев Оспанның үйінде болған кеңеске қатысып, қарақшылар ұйымдастыру, сөйтіп Айжарқын ханға қосылу мәселесін шешуді қолдаған. Ырғыз маңында болған ұрысқа қатысқан.
Әбетов Телмырза да барлық өткізілген кеңестерге, ұрыстарға белсенді түрде қатысқан.
Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 4 адам Арал аудандық ОГПУ бөлімінің 1931 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 10, 11 тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 1931 жылғы 8 тамызда бітіп, айыптау қорытындысы шығарылған.
Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 16 желтоқсандағы қаулысымен:
Күйлепесов Мұқан, Бисекеев Орманбек, Тілеубаев Қасымхан — әрқайсысы 3 жылға концлагерьге,
Әбетов Тілеумырза —1 жылға шартты түрде концлагерьге сотталған.
Қызылорда облыстық прокурор орынбасарының 1990 жылғы 5 ақпандағы қорытындысымен — Күйлепесов Мұқан, Бисекеев Орманбет, Тілеубаев Қасымхан, Әбетов Тілеумырза — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

II

**ТОҚБОЛАТОВ** Мәмбет (Аққүшік)— Арал ауданының № 14 ауылы, Қарақұмда 1864 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын қыс айларында Қызылқұмда, жаз айларында Қарақұмның «Қалмас» деген жерінде қоныстануды әдетке айналдырған, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы;

**МӘМБЕТОВ** Серікбай —№ 14 ауыл, Қарақұмда 1891 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, Тоқболатов Мәмбеттің баласы, үйленген;

**МӘМБЕТОВ** Райым —№ 14 ауыл, Қарақұмда 1898 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген, Мәмбеттің баласы.

1931 жылғы ақпан айының басында Арал ауданының № 3 ауылының байы Тоқболатов Мәмбет және оның балалары Серікбай мен Райым Мәмбетовтер ет дайындаудан бас тартып, жергілікті өкіметтің ескертпелеріне қарамастан, «Мұзбел» деген жердегі қыстаудан Қарақұмның орталығына көшіп кеткен. Оларға іздеу салып жіберілген ауыл активтері Тоқболатовтың және оның балаларының ауылын тауып, мал тапсыруды талап еткен, бірақ Тоқболатовтар мал тапсырмайтынын білдірген. Көк аша ауылы, № 3 ауылдық кеңестің өкілі Байыровтың мал тапсыру жөніндегі екінші ұсынысынан олар үзілді-кесілді бас тартқан. Мәмбетовтер отбасының көшуі байлардың Қарақұмның орталығындағы «Көк қабақ» және «Көк аша» деген жерге жаппай көшуіне бастама болған. Тоқболатовтың Ыбырай Аққүшіков немесе ол Мәмбетов, Сатаев қарақшыларының үйымдастырушысы және басшысы болған. Сол себепті де Тоқболатовтың Қарақұмға көшуі баласының қарақшыларына қосылу болған.

Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 3 адам Арал ауданы бойынша ОГПУ Сенімді өкілінің 1931 жылғы 24 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі бітіп, айыптау қорытындысы сол жылғы 29 сәуірде шығарылған.

— Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 21 тамыздағы қаулысымен: Мәмбетов Серікбай, Мәмбетов Райым — әрқайсысы 3 жылға концлагерьге,

— Тоқболатов Мәмбет Қазақстаннан тысқары жерге 3 жылға жер аударуға,

Мәмбетовтердің мал-мүлкі конфискалануға сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 16 қазандағы қорытындысымен — Тоқболатов Мәмбет, Мәмбетов Серікбай, Мәмбетов Райым — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

III

**ЕСЕНОВ** Қамысбай — Арал ауданының № 7 ауылы, «Шеңгелді» деген жерінде 1885 жылы туған, негізі орта шаруа, малшы, шала сауатты, партияда жоқ, 1928 жылы аттас фамилиямен шатастырып дауыс беру құқынан айырылған, бірақ 1930 жылы дауыс беру құқы қайтарылып берілген, қамауға алынғанға дейін Арал аудандық мал шаруашылығы одағында дайындаушы агент болып жұмыс істеген, үйленген, қарамағында 5 жаны болған, Аманөткел поселкесінде тұрған;

**АҚМӘМБЕТОВ** Мұхамбетсалы — Арал ауданының № 7 Аманөткел ауылы, «Шеңгелді» деген жерде 1907 жылы туған, сауатты, Арал аудандық мал шаруашылығы одағында дайындаушы-қабылдаушы болып жұмыс істеген, үйленген, қарамағында 3 жаны бар.

Есенов Қамысбай — бұрынғы саудагер, баласы Ақмәмбетов Мұхамбетсалымен бірге 1930 жылдың тамыз айында белгілі ишан Ақмырза басқарған көтерілісшілер қозғалысы кезінде Ақмырза қарақшылары тұрған жерге көшіп келген. Ондағы мақсаты қарақшыларға белсенді түрде қатысу болған. Ақмырза қарақшыларының «Түзу тоғай — Ағаш» деген жердегі Қазалы комотрядына қарсы ұрысына қатысқан. Қарақшылар талқандалғаннан кейін Есенов пен Ақмәмбетов қарақшылардан қашып, өздерінің № 7 ауылына қайтып келген, ол жерде кедейлер мен батырақтардың жалпы жиналысында қарақшылар қозғалысына қатысқандары үшін сайлау-сайлану құқынан айырылған. Бұдан басқа Есенов Қамысбай кеңес өкіметіне жат элемент болса да, Арал аудандық мал шаруашылығы одағына дайындаушы-агент болып кіріп алып, одан өткізушілерге берілетін қымбат бағалы тауарларды алып, Есенов бұл тауарларды байларға қымбат бағасына сатып отырған.

Ақмәмбетов Мұхамбетсалы өзінің әлеуметтік негізін жасырып, БЛКЖО қатарына кіріп алған және Арал живсоюзға дайындаушы-агент болып орналасқан. Ақмәмбетов әлеуметтік негізін жасыру мақсатында фамилиясын өзгертіп алған, өйткені оның әкесі Есенов Қамысбай 1928 жылы ауылдың жалпы жиналысында бұрынғы саудагер ретінде сайлау-сайлану құқынан айырылған болатын.

Осы қылмыстары үшін Есенов Қамысбай мен Ақмәмбетов Мұхамбетсалыны ОГПУ Арал ерекше секторы (ОС) 1931 жылғы 14 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 14 тармақтарымен қылмыстық іс қозғаған.

Тергеу ісі 1931 жылдың 23 сәуірінде аяқталған, айыптау қорытындысы 26 сәуірде шығарылған, оны ОГПУ-дың Арал ОС-ның бастығы бекіткен.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы Үштіктің 1931 жылғы 2 маусымдағы қаулысымен:

— Есенов Қамысбай —3 жылға концлагерьге, малмүлкін конфискелеуге сотталған.

— Ақмәмбетов Мұхамбетсалы жөніндегі іс қысқартылып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 16 қазандағы қорытындысымен Есе-

нов Қамысбай мен Ақмәмбетов Мұхамбетсалы — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## IV

**ХРАПАЧ** Илья Васильевич — родился в 1886 году в дер. Балки, Мелитопольского уезда, Таврической губернии, проживал в хуторе Малая Чеботаревка, Тепловского района, Уральского округа, украинец, окончил сельскую школу, выслан из пределов Тепловского района, как пользовавшийся наемным трудом, будучи ссыльным острова Возрождения Аральского района, где работал в распоряжении завотделением ЦРК;

**МОРГУНОВ** Константин Павлович — родился в 1890 году в хуторе Верхне-Кардоильском, на ст. Ново-Николаевской, Донской области, донской казак, образование 3 класса, в 1918—1919 годах служил в белой армии, ссыльный на остров Возрождения Аральского района.

Они подозревались в преступных действиях, предусмотренных ст. 58-10 УК РСФСР. Данными предварительного следствия виновность указанных выше лиц не доказана. Постановлением Уполномоченного ОО Аральского Оперсектора от 19 июля 1931 года — предварительное следствие по данному делу дальнейшим производством прекращено за отсутствием в действиях приписываемых Храпач и Моргунову состава преступления, и они были направлены через УЛОН обратно в распоряжение комендатуры острова Возрождения.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 19 мая 1997 года Храпач И. В., Моргунов К. П. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года — реабилитированы.

# 1932 жылы

## I

**МЕҢДІБАЕВ** Мұхитдин — Арал ауданы, № 2 ауылда 1890 жылы туған, бай, молда болған, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, 1925 жылдан 1928 жылға дейін Шалқардағы Мұхтасибаттың орынбасары болған, 1930 жылы жалшылар еңбегін қанағаны, міндетті салық тапсырмасын орындамағаны үшін сотталған.

Меңдібаев Мұхитдин 1931 жылдың қыркүйек айында Арал қаласына келе жатқанда жолда өлкелік комитеттің өкілі оны ұстаған, бірақ ол қашып құтылып кеткен. Ауылға қайтып келгеннен кейін ол қаруланып, көшуге дайындық жасаған. Осы жылдың 20 қазанында ол № 2 ауылдың оншақты шаруаларын өзінің үйіне жинап алып: «Боранбаев құсап ауылдан тез арада алыстағы Шымбай даласына көшуіміз керек, өйткені қазір Кеңес өкіметі ешқандай тапқа қарамай, барлық жұрттың мал-мүлкін тартып алып жатыр, ет дайындау ерікті түрде жүріп жатқан жоқ, өкімет ешнәрсеге қарамай, осы Қалмас жеріне барлық көшушілерді топтастырып, конфискалап, соттайды»— деген.

1931 жылдың қараша айында Меңдібаев өзінің ауылына № 2 ауылдың байларын шақырып, жасырын жиналыс өткізіп, онда көшуді қайткенде тәуір жүргізу мәселесі қаралған. «Кеңес өкіметі бәрібір бәрін тартып алып қояды, тек байлардан ғана емес, кедей шаруалардан да тартып алады, ал егерде біз алыстағы Қарақалпақтың шекарасына көшіп кетсек, біз тәуелсіз өмір сүреміз және Кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін ұйымдасамыз»— деген.

Осы жылдың 5 желтоқсанында Меңдібаев «Балсұранды ой» деген жерде өзінің үйінде тағы да жасырын жиналыс шақырып: «Тез алға жылжып, Шымбай ауданына жетуіміз керек, онда біз тығылып, Кеңес өкіметіне қарсы дайындық жұмыстарын жүргіземіз, ал бір жағдай бола қалғанда біздің жеткілікті қаруымыз бар» деген. Осы жиналыста жол бастаушы Қазанбаев Құламанға қаржы жинау мәселесі қаралып, Меңдібаев 500 сом төлеу керек деп ұсыныс жасаған.

«Шұбар төбе» деген жерде өткізілген мәжілісте Меңдібаев хан болып сайланған, оның көмекшілері болып байлар Қоңырбаев Ермағамбет пен Құлтасов Аяпберген сайланған.

Көшпенділерді өкімет органының отрядтары ұстаған жағдайда Меңдібаевтың пиғылы отряд бастығы Ағзамовты өлтіру болған. Ол: «мен өзімнің даңқымды халық арасында мәңгі қалдырғым келеді, артынан не болса ол бола берсін, мен осы ойымды жүзеге асырғым келеді, асырамын да» деген. Бірақ байлар Есенжолов пен Досмағамбетовтер оның бұл пиғылына тойтарыс берген, Меңдібаевқа өз ойынан қайтпаған жағдайда Ағзамовқа хабарлауға мәжбүр боламыз» деп қорқытқан.

Отряд командирі Меңдібаевтың винтовкасын, оқ дәрісін тартып алған.

**БӨЛЕБАЕВ** Әбдіжәлел — Арал ауданының № 2 ауылында 1906 жылы туған, бай болған, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, сопының баласы, шала сауатты, ауылдық кеңестің төрағасы болып тұрған кезінде қарулы көшпенділер басшыларына жақындасып, молда Меңдібаевтың жақын кеңесшісі болған. Қоныс аударуды жақтап үнемі үгіт жүргізген. 1931 жылдың қараша айында Меңдібаевпен бірге көшуге қатысқан, ондағы мақсаты үкімет тарапынан жүргізіліп жатқан шаруашылық-саяси науқаннан тығылу болған. Меңдібаевтың үйінде өткізілген мәжілістерге қатысқан. Өкімет органының отрядтары немесе өкілдері шыға қалған жағдайда оларға қарулы тойтарыс беру керек болған. Көшуші 50-60 үйдің басшысы ретінде ол үшін 100 см тұратын мылтық сатып алған. Жұртшылық арасында міндетті түрде қоныс аудару керек деп үнемі үгіт жүргізген.

1931 жылдың қараша айында Бөлебаевтың үйінде өткізілген мәжілісте қару сатып алу мәселесі қаралып, оған 100-ге тарта адам қаты-

сқан. Оларға Бөлебаев бір түйе сойып, сыйлаған.
1931 жылы Бөлебаев ауылдық кеңестің төрағасы болып тұрғанда ет дайындау, саяси-шаруашылық науқаны жүріп жатқан кезде 25 байдан сайлау-сайлану құқығын алып беремін деп 200-300 сомнан пара алғаны үшін С.О. (тергеу бөлімі) арқылы тұтқынға алынған, кейін қамаудан босатылған. Содан кейін ол ауылдық кеңестің төрағасы Ықыласовты байларға міндетті салық салудың инициаторы болды деп өлтірмекші болған.
Өзін айыптымын деп санамаған.
**ҚАЛАУЫЛОВ** Ыбырайым — Арал ауданы, № 2 ауылда 1883 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, 3 баласы бар, бұрын сотталмаған.
Ол жұртшылық арасында Қызылқұмға тездетіп көшіп кету керек, онда бізді ешкім көрмейді, біз ол жақта жақсы өмір сүреміз, ал бұл жерде өкімет міндетті салық салып, оны орындамағандардың мал-мүлкін конфискалап, жер аударады деп үгіт жүргізген. Өзі міндетті тапсырманы орындаудан бас тартқан. 20 үй шаруашылығын басқарушы ретінде олардың арасында үнемі қоныс аудару туралы үгіт жүргізген және Меңдібаев өткізген жасырын жиындарға қатысқан, 2 коммунарды қарусыздандырған.
Өзін айыптымын деп санамаған.
**ДОСЫМАНОВ** Рай — Арал ауданы, № 2 ауылда 1910 жылы туған, руы жақайым, бай-малшы болған, шала сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.
Ол № 2 ауыл тұрғындары арасында ауылды тастап, Қызылқұмға көшіп кету керек, ол жақта бізді ешкім таба алмайды және байқамайды, Кеңес өкіметінен алысырақ боламыз, ол біздің барлық малымызды тартып алады, бермегендерді жер аударады деп үнемі үгіт жүргізген. 1931 жылдың қазан айында «Шұбар төбе» деген жерде Меңдібаев өткізген мәжіліске белсене қатысқан. Комотряд оның жерге көміп тастаған мылтығын алған.
Өзін айыптымын деп санамаған.
**ЕСЕНЖОЛОВ** Тілеген —№ 2 ауылда 1891 жылы туған, бай болған, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, малшы, партияда жоқ.
Ол да жұртшылық арасында Қызылқұмға көшу керек, Қарақұмға көшкендердің барлығы Қарақалпаққа бару үшін Қызылқұм арқылы жүреді. Ол жақта тұрмыс өте жақсы, ешкімді қудаламайды, ешқандай науқан жоқ, егер сендер осы жақта қалсаңдар сендерді конфискалап, бар малдарыңды тартып алады, ақырында сендер аштан өлесіңдер» деп үнемі үгіт жүргізген. Меңдібаев өткізген барлық жасырын жиналыстарға қатысқан. Комотряд арқылы оның мылтығы алынған. Өзін айыптымын деп санамаған.
**МАХАНОВ** Қожахмет — № 2 ауылда, 1892 жылы туған, руы жақайым, бай-малшы, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Ол да жұртшылық арасында қоныс аударуды уағыздаумен болған, «егер көшпесеңдер салық салып, мал-мүлкіңді конфискалайды, онан да бізбен бірге көшіңдер, сендерді Қарақалпақ автономиялы облысына апарамыз, ол жақта өмір жақсы, ешқандай заем, шаруашылық науқаны жоқ» деп үгіттеумен болған. Осы үгіттің салдарынан жаппай көшу басталған. «Шұбар төбе» деген жердегі жасырын жиналысқа қатысқан. Өзін айыптымын деп санамаған.
**СҮЛЕЕВ** Нажматдин — Арал ауданының Құланды поселкасында 1905 жылы туған, бай-болыстың баласы, руы наурыз, шала сауатты, партияда жоқ, сотталмаған.
Бай-болыстың баласы ретінде, өзінің руластарын басқарып, солар арқылы көпшілік кедейлерге ықпалын жүргізген. Бұл да көшпенділер арасында үнемі үгіт жүргізіп, Меңдібаев өткізген барлық контрреволюциялық жиналыстарға қатысқан, Комотряд арқылы оның винтовкасы, 37 патроны, 71 атылған оқтың гильзасы алынған. Ол өзін айыптымын деп санамаған.
**ҚҰЛТАСОВ** Аяпберген —№ 2 ауылда 1896 жылы туған, бай болған, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, шала сауатты, партияда жоқ. 1929 жылдан 1930 жылға дейін № 2 ауылдық кеңестің төрағасы міндетін атқарған, жеке шаруашылығында жалшы ұстаған, саудагерлікпен айналысқан.
Ол бұрынғы ауыл старшинасы ретінде көшпенділер арасында көрнекті роль атқарған. Меңдібаевпен бірге жұртшылық арасында үнемі үгіт жүргізгені арқасында жаппай көшу басталған. Ол: «қорықпай көше беріңдер, жақын арада бізге басқалар да қосылады, егер бізді өкімет өкілдері немесе отрядтары көріп, күш қолданатын болса, оларға біз қарулы тойтарыс береміз. «Жармала», «Қара үңгір» тұрғындарынан қару алып, оларды да көшіруіміз керек деген. 1931 жылғы қараша айында өткізілген жасырын мәжілісте бай Бөлебаевтың сөйлеген сөзін белсенді түрде қуаттаған, Бөлебаев көшпенділердің ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланған. Көшкісі келмегендерді мылтықпен қорқытқан. Ол да өзін айыптымын деп санамаған.
**КҮЗЕНБАЕВ** Алдаберген —№ 2 ауылда 1895 жылы туған, бай-малшы болған, сауатсыз, партияда жоқ, сотты болмаған.
Ол да Меңдібаев өткізген жасырын мәжілістерге қатысқан. Сол мәжілістердің бірінде ол 20 үй шаруашылығына басшы болып тағайындалған, олардың арасында тез көшу туралы үгіт жүргізген.
Ол өзін айыптымын деп санамаған.
**ҚОНҒАРБАЕВ** Ермағамбет —№ 2 ауылда 1893 жылы туған, руы жақайым, малшы, шала сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.
Бұл да Меңдібаев өткізген жасырын мәжілістерге қатысып, жұртшылық арасында жаппай көшу жөнінде үгіт жүргізген. Көшпенділерден көшу кезінде жол көрсеткенге төлеу үшін 500 сом ақша жинаған. «Көк Арал» жерінде ауылдық кеңес оған актив ретінде салық жинауды тап-

сырған, бірақ ол оны орындамаған. 500 сомның облигациясын таратумен және 700 сом вкладты жинаумен айналысып, барлық 1200 сомның 350 сомын ғана өткізген. Заем тарату кезінде жұртшылық арасында: «Көк Аралда» тұру өте қиын, бұл жерде әртүрлі салық салынады, нан жоқ, Шымбайға көшу керек, ол жақта салық алынбайды, нан көп» деп үгіт жүргізіп, тез көшуде Меңдібаев ханның жол серігі болып, 40 үй шаруашылығын басқарған. Ол өзін айыптымын деп санамаған.

**ЕЛІКБАЕВ** Өмірзақ — Арал ауданының № 9 ауылында 1883 жылы туған, руы жақайым, сауатсыз, партияда жоқ, балық аулаумен айналысқан, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.

Ол салық төлемеу мақсатында Меңдібаевпен бірге қарулы көшуді басқарған, барлық малын сатып, құртқан. Ол да өзін айыптымын деп санамаған.

**АРТЫБАЕВ** Нұрғали — № 2 ауылда 1905 жылы туған, байдың баласы, партияда жоқ, шала сауатты, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.

1931 жылдың қараша айында міндетті мемлекеттік салықты төлеуді орындаудан тыс қалу мақсатында көшу мәселесін шешуге белсене қатысқан. Сол жылдың қазан және желтоқсан айларында Меңдібаевтың үйінде Шымбай даласына тезірек жылжу мәселесін шешуге қатысқан, сол жерде Кеңес өкіметіне қарсы жауыздық жұмыстарын жүргізбекші болған. Көшпенділердің 30 үй-шаруашылығын басқарып, олардың арасында қоныс аудару туралы үгіт жүргізген. Ол өзін айыптымын деп санамаған.

**ЖҮРІМОВ** Нұғыман — № 2 ауылда 1901 жылы туған, руы жақайым, малшы, молда болған, сауатты, партияда жоқ, сотты болмаған.

Ол Меңдібаев ханның жақын кеңесшісі, Қарақұмға көшушілердің басшысы болған. Ол өзін айыптымын деп санамаған.

**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ** Мұхамбет — № 2 ауылда 1877 жылы туған, руы жақайым, малшы, сауатсыз, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.

Бұл да Меңдібаев өткізген барлық контрреволюциялық жасырын мәжілістерге белсене қатысқан. Оған № 2 ауылдық кеңес жұртшылық арасында тарату үшін 550 сомның облигациясын берген, ол көшкен кезде оны алып кеткен. Өзінің қолындағы винтовкасымен ол өкімет өкілдері мен отрядтарына қарулы тойтарыс бергісі келген. Қыркүйек айында өткізілген жасырын мәжілісте ол 20—30 үй шаруашылығын басқарушы болып тағайындалған, олардың арасында көшу туралы үнемі үгіт жүргізген. Отрядтар келген кезде ол винтовкасын өз еркімен бермей, жерге көмген жерінен тауып алған. Құдайбергенов өзін айыптымын деп санамаған.

**МЫҢЖАСАРОВ** Артықбай — № 2 ауылда 1856 жылы туған, руы жақайым, бай — малшы болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.

Бұл да Меңдібаев өткізген контрреволюциялық жасырын жиналыстарға қатысқан, жұртшылық арасында жаппай көшу жөнінде үгіт жүргізген, 40 үй-шаруашылығын басқарып, оның үгітімен барлығы көшіп кеткен. Ол өзін айыптымын деп санамаған.

**ДАРХАНОВ** Әбілда — № 2 ауылда 1879 жылы туған, бай-малшы болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған. Дарханов та жаппай көшуге үгіттеген Меңдібаев өткізген жасырын жиналыстардың бәріне де қатысқан, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Ол да өзін айыптымын деп санамаған.

**ТӘЖМАҒАМБЕТОВ** Іскендір — № 2 ауылда 1890 жылы туған, молданың баласы, өзі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған. Бұл да Меңдібаев өткізген контрреволюциялық жасырын жиналыстарға қатысқан, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Ол өзін айыптымын деп санамаған.

**СҰРҒАЛИЕВ** Оспан — № 2 ауылда 1874 жылы туған, бай-малшы болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.

Ол міндетті салық төлеуден бас тарту мақсатында жұртшылық арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген, жаппай көшуге және Меңдібаев өткізген барлық контрреволюциялық мәжілістерге қатысқан, өзімен бірге 10 үй-шаруашылығын көшу кезінде басқарған. Ол да өзін айыптымын деп санамаған.

**РЫСМАҒАМБЕТОВ** Тәңірберген — № 2 ауылда 1871 жылы туған, бай-малшы болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.

Бұл да Меңдібаев өткізген барлық контрреволюциялық жасырын жиналыстарға қатысып, көшу жоспарын жасаған, жұртшылық арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Өзін айыпты санамаған.

**ДОСМАҒАМБЕТОВ** Сермағамбет —№ 2 ауылда 1895 жылы туған, бай-малшы болған, сауатсыз, партияда жоқ, сотталған, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.

Меңдібаев өткізген барлық контрреволюциялық жасырын жиналыстарға қатысып, жаппай көшуге байланысты, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Отряд бастығы Ағзамовты өлтіру мәселесін талқылаған. Ол өзін айыпты санамаған.

**ЖАМАХАНБЕТОВ** Жұмағазы — № 2 ауылда 1901 жылы туған, бай-малшы болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған. Кеңес өкіметі жүргізген шаруашылық-саяси науқаннан бас тарту мақсатында жаппай көшу мәселесін шешуге белсене қатысып, Кеңес өкіметін құлатуға байланысты күш жасақтау мәселесін шешуге және Меңдібаев өткізген барлық жасырын жиналыстарға қатысқан.

**ЕСЕНЖОЛОВ** (Есенжанов) Тілеген — № 2 ауылда 1901 туған, бай-малшы болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған. Міндетті салықты төлеуден бас тартқан, Меңдібаев өткізген барлық контрреволюциялық жиналыстарға қатысқан, жұртшылық

арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Ол да өзін айыптымын деп санамаған.

**АЙНАБЕКОВ** Айғара — Арал ауданының № 9 ауылында 1900 жылы туған, бай-малшы болған, сауаты бар, селолық бастауыш мектепті бітірген, партияда жоқ, сотталмаған, міндетті салық төлеуден бас тартқан. Өзінің жақын туыстарының арасында жасырын түрде қоныс аудару туралы үнемі үгіт жүргізген. Өзінің туыстары арқылы көпшілікке ықпалын жүргізіп, соның арқасында барлық малын есептен жасырған. Мендібаев өткізген контрреволюциялық мәжілістерге қатысқан. Көшуді тоқтатуға жіберілген 2 коммунарды қарусыздандыруға қатысқан, тінту кезінде олардың ақшасын және мылтықтарын алған. Коммунарларды босатқан кезде олардың мылтықтарын қайтарып берген, бірақ патрондарын бермеген. Себебі босанған коммунарлар көшпенділерді атуы мүмкін деп қорыққан. Ол өзінен тартып алынған револьверді заңсыз сақтағаны үшін жауаптымын дей келіп, көшуді басқарғаны жөнінде айыптымын деп санамаған.

**ҚАРАМАНОВ** Мұса — Арал ауданының № 9 ауылында 1906 жылы туған, руы жақайым, шала сауатты, партияда жоқ, үйленбеген, сайлау-сайлану құқығынан айырылған. Бұл да Мендібаев өткізген барлық контрреволюциялық жиналыстарға қатысып, жұртшылық арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Көшуге 5 үй-шаруашылығын дайындап, басқарған, мылтығын отрядтағыларға бермей, жерге көміп қойған жерінен тауып алынған. Ол өзін айыпты санамаған.

**ҚАЗАНБАЕВ** Құламан — Арал ауданының № 6 ауылында 1875 жылы туған, бай-малшы болған, руы қаракесек, сауатсыз, партияда жоқ, сотталмаған. Ол Шалқар ауданының 16 үй-шаруашылығын көшіруге дайындап, басқарған, 85 үйден Қызылқұмға жеткізіп тастаймын деп уәде беріп, 500 сом алған. Арал ауданының көшпенділеріне «Қалмас» деген жерде қосылып, үнемі мал ұрлаумен айналысқан, көшпенділердің 20 бас жылқысын, 15 түйесін ұрлап алып қалған. Комотряд оның мылтығын (винтовка), 8 патронын алған. Ол да өзін айыптымын деп санамаған.

**ЖАСАҚБАЕВ** Қадыр — № 2 ауылда 1882 жылы туған, руы жақайым, бай-малшы, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айрылған. Ол Мендібаевтың тапсырмасымен жұртшылықты көшуге зорлаған, олардың арасында «Қарақалпақта өмір сүру жақсы, онда ешқандай ет дайындау және басқа да науқан жоқ, ал егерде осы жерде көшпей қалсаңдар құрисыңдар, сендердің барлық малдарыңды етке алып қояды, астық бермейді» деп үгіт жүргізген. Ол өзін айыптымын деп санамаған.

**НҰРЖАНОВ** Кеуленбай — Арал ауданының № 3 ауылында 1894 жылы туған, руы жақайым, орта шаруа, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, сотталмаған. Ол да көшушілерді басқарған, Мендібаев өткізген барлық жасырын жиналыстарға қатысқан, жұртшылық арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген, оларды Қарақұмға көшуге шақырған. Ол өзін айыптымын деп санамаған.

**АРТЫҚБАЕВ** Жолдыбай — № 2 ауылда 1883 жылы туған, бай-малшы, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған. Ол Мендібаев өткізген барлық контрреволюциялық жиналыстарға қатысып, жұртшылық арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Міндетті салық төлеуден қашып, басқалармен бірге қоныс аударған. Өзін айыптымын деп санамаған.

**ТҰРМАНОВ** Есжан — № 2 ауылда 1892 жылы туған, руы байқожа, молда, малшы болған, шала сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған. Ол 40 үй-шаруашылығын көшуге дайындап, басқарған, міндетті салық төлеуден бас тартып, Қызылқұмға қашқан. Мендібаев өткізген барлық контрреволюциялық жиналыстарға қатысқан. Ол өзін айыптымын деп санамаған.

Аттары аталған 29 адамның барлығы Арал аудандық ОГПУ бөлімінің 1931 жылғы желтоқсандағы қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Айыптау қорытындысы бойынша тергеу ісі 1932 жылғы 8 наурызда аяқталған, аты аталғандарға тағылған айып мойындарына қойылды деп саналған, олардың ісі Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 27 наурыздағы қаулысымен:

— Мендібаев Мұхитден — 10 жыл концлагерьге,

— Бөлебаев Әбдіжәлел, Досыманов Рай, Есенжолов Тілеген — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге, мал-мүлкін тәркілеуге, Сүлеев Нажметдин, Құлтасов Аяпберген, Қондарбаев Ермағамбет, Елікбаев Өмірзақ, Құдайбергенов Мұхамбет, Айнабеков Айғара, Қазанбаев Құлман, Тұрманов Есжан — әрқайсысы 3 жылға концлагерьге,

— Қараманов Мұса — 2 жылға концлагерьге,

— Мынжасаров Артықбай, Рысмағамбетов Тәңірберген — әрқайсысы 3 жылға Қазақстан ішіне жер аударуға сотталған.

— Маханов Қожахмет, Күзекбаев Алдаберген, Дарханов Әбілда, Жамаханбетов Жұмағазы, Жасақбаев Қадір, әрқайсысы арнайы қоныс аударуға сотталған, үкім СПО арқылы орындалсын деп көрсетілген.

— Қалауылов Ыбырайым, Артыбаев Нұрғали, Жүрімов Нұғыман, Тәжімағамбетов Іскендір, Сұрғалиев Оспан, Досмағамбетов Сермағамбет, Есенжолов Құрмаш, Нұржанов Кеуленбай, Артықбаев Жолдыбай — алдын ала отырған мерзімін жазаға есептеп, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық соты президиумының 1988 жылғы 16 желтоқсандағы қаулысымен, Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 27 наурыздағы — жоғарыда аттары аталған 29 азаматтың ісі жөніндегі қаулысы бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған.

Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

## II

**МОЛЖІГІТОВ** Жалдыбай — № 8 ауылда 1865 жылы туған, қамауға Қазалы аудандық ОГПУ бөлімі 1932 жылғы 29 тамызда алып, РСФСР ҚК 58—10 бабымен қылмыстық іс қозғаған, қамауға алғанға дейін сол ауылда малшы болған;

**ЖАЛДЫБАЕВ** Байғазы — № 8 ауылда 1895 жылы туған, Қазалы аудандық ОГПУ бөлімі 1932 жылғы 29 тамызда қамауға алып, РСФСР ҚК 58—10 бабымен қылмыстық іс қозғаған, қамауға алғанға дейін сол ауылда малшы болған.

Арал аудандық ОГПУ бөлімі сол жылғы 20 қазанда осы 2 азаматтың екеуін де әрекеттерінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, қылмыстық істерін қысқартып, қамаудан босатқан.

Қос азамат түрмеде 52 күннен отырып шыққан.

## III

**ҚҰҚАНОВ** Матай — Арал ауданы, № 1 ауылда 1896 жылы туған, молда баласы, сотты болған, малшы.

**ҚОСПАНОВ** Тілеуберген — № 1 ауылда 1896 жылы туған, ата-тегі бай, малшы.

**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ** Әкімбай — № 1 ауылда 1862 жылы туған, бай болған, сотты болып, саяси құқығынан айырылған.

**БӨЛЕБАЕВ** Таңқай — № 1 ауылда 1898 жылы туған, бай-саудагер баласы, ауылдық кеңес төрағасы болған.

**ӘЛІБАЕВ** Тілек — № 1 ауылда 1905 жылы туған, малшы.

**РЫСМАХАМБЕТОВ** Нұрма — № 1 ауылда 1886 жылы туған, малшы.

**НҰРЕКЕШОВ** Сүлеймен — № 19 ауылда 1905 жылы туған, қамауға алғанға дейін № 1 ауылда сельпо төрағасы болып істеген.

**МҰХАМЕДЬЯРОВ** Құдас — № 1 ауылда 1903 жылы туған, қамауға алғанға дейін осындағы колхоз төрағасы болған.

**САРАЛТАЕВ** Мырзалы — № 1 ауылда 1892 жылы туған, болыс баласы, малшы;

**САПАЕВ** Әбдуәли — № 1 ауылда 1878 жылы туған, болыс баласы, малшы.

**КҮЙЕМБАЕВ** Есжан — № 1 ауылда 1888 жылы туған, малшы;

**АСАНОВ** Төрехан — № 1 ауылда 1897 жылы туған, ірі байдың баласы, осы ауылға қарасты колхоз төрағасының хатшысы.

**БИСЕМБАЕВ** Нұртай — № 1 ауылда 1872 жылы туған, малшы.

Бұл 13 азаматқа № 1 ауылдағы контрреволюциялық-бай элементтер 1932 жылғы 2 маусымда Кеңес өкіметі мен партияның шараларына қарсы тұру мақсатында Қарақалпақстанға жаппай қоныс аударуға контрреволюциялық үгіт жүргізген, қарулы күшпен көшпелі «адаевшыларға» қосылу мақсатын қойған, сонымен қатар колхоз бен кооперацияның тараған басшыларымен байланыс жасай отырып, жауыздық мақсатпен балық аулауға шығатын кемелерге берілетін азық-түлікті, өндіріс товарларын талан-таражға салумен айналысқан, соның салдарынан бірінші, екінші тоқсанның балық аулау жоспары орындалмай қалған, бұл жаулық әрекеттердің балықшы-колхозшыларға әсері тиген, 100 үй Қарақалпақстанға қоныс аударған, байлар мен құлақтарды қолдап оларды салық төлеуден жасырған,— деген айыптар тағылып, Арал аудандық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58—7, 10 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 22 қаңтардағы қаулысымен: Құқанов Матай, Қоспанов Тілеуберген, Асанов Төрехан — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге, Бөлебаев Таңқай, Әлібаев Тілек, Рысмахамбетов Нұрма, Нұрекешов Сүлеймен, Мұхамедьяров Құдас, Саралтаев Мырзалы, Сапаев Әбдуәли — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге,, Күйембаев Есжан — 3 жылға концлагерьге, Құдайбергенов Әкімбай, Бисембаев Нұртай — ОГПУ Сенімді өкілдігі арқылы өлкенің шет аймақтағы облыстарының біріне әрқайсысын 5 жылға жер аударуға сотталған.

Қызылорда облыстық соты президиумының 1956 жылғы 30 тамыздағы қаулысымен Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 22 қаңтардағы қаулысы бұзылып, жоғарыда аттары аталған 13 азаматтың әрекеттерінде қылмыс белгісі болмағандықтан істері өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 19 мамырдағы қорытындысымен жоғарыда көрсетілген 13 азамат Қазақстан республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы Заңының негізінде толық ақталған.

## IV

**МУРАДОВ** Шамиль — родился в 1910 году, по национальности турок, бывший кулак, спецпереселенец, до ареста проживал в гор. Аральске, работал грузчиком артели № 3 Аралгосрыбтреста. Он достаточно изобличается в том, что будучи старшим грузчиком артели № 3 по разгрузке судов АралСО, систематически занимался хищением рыбы — усачей, осетров с целью спекуляций.

**ПЕНЧУК** Иван Павлович — родился в 1903 году в пос. Подгорное, Кустанайского района, Актюбинской области, украинец, выслан обществом в Арморе как кулак, будучи старшим рабочим по флоту АралСО, зная о преступных действиях Шамиль Мурадова не принял надлежащих мер, а наоборот руководил хищением и сбытом похи-

щенной рыбы, за что брал соответствующую долю прибыли.

**МУСТАФАЕВ** Алескер — родился в 1912 году в гор. Канже, Канжинского округа, по национальности турок, образование среднее-специальное, окончил строительный техникум, выслан обществом в Аралморе вместе с отцом-кулаком, будучи экспедитором флота АралСО— 25 сентября 1932 года в 4 часа ночи принял от Шамиля Мурадова за ведома краденных 10 штук усачей, чем содействовал укрытию и сбыту.

**МУРАДОВ** Халиль — родился в 1912 году в пос. Дакче-Саман, Казахского района, Казахского округа, по национальности — турок, выслан обществом как кулак в Аралморе будучи грузчиком артели № 3 и зная о преступных действиях Шамиль Мурадова не сообщал властям, а наоборот помогал доставлять на квартиру краденную рыбу;

Они — спецпереселенцы, по постановлению Аральского ГРООГПУ от 29 сентября 1932 года арестованы, Мурадов Шамиль, Пенчук Иван привлечены по делу в качестве обвиняемых по ст. 58—7 УК РСФСР, Мурадов Халиль и Мустафаев Алескер привлечены по делу в качестве обвиняемых по ст. ст. 17-58-7 УК РСФСР.

**ВАГИЧКО** Лаврентий Захарович — родился в 1904 году в селе Беляевка, Червонoповстанческого района, украинец, до ареста проживал в гор. Аральске, работал помощником командира судна «Декабрист».

**ҚОСАЕВ** Нәжім — Қазалы ауданы, № 13 ауылда 1904 жылы туған, батрақ семьясынан, үйленбеген, «Декабрист» суднасының рулевойы болып істеген.

**ТАЙЕУБАЕВ** Жұмахан — Арал қаласында, Ленин көшесінде 1902 жылы туған, матрос болып істеген.

**НАУРЫЗБАЕВ** Сафа — Арал қаласындағы Демократия көшесі, № 19 үйде 1909 жылы туған, кеме рулевойы болып істеген.

**КРАВЧЕНКО** Семен Самойлович — родился в 1895 году в селе Великая Рыбица, Харьковской губернии, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рулевым.

**ЖДАНОВ** Андрей Иванович — родился в 1905 году в селе Липовка, Бузудского района, до ареста проживал в гор. Аральске, работал матросом.

Они обвиняются в том, что заранее обдуманному плану и общей между собою договоренности, ночью 24 сентября 1932 года в момент выгрузки рыботоваров из судна «Декабрист», на котором они работают, похитили 30 соленых усачей, из коих 21 усача отправили шлюпкой на берег моря и продали спецпереселенцам Мурадову и Мустафаеву, а остальные 9 усачей распределили между собой, тем самым нанесли экономический ущерб Аргосрыбтресту.

По постановлению Аральского горрайотделения ОГПУ от 4 ноября 1932 года — Вагичко Л.З., Кусаев Н., Таеубаев Ж., Наурызбаев С., Кравченко С. С., Жданов А. И. арестованы и привлечены по данному делу в качестве обвиняемых по ст. 58-7 УК РСФСР.

**ХРЯЧКОВ** Михаил Артемьевич — родился в 1881 году в Кальмыцкой автономной области, из семьи рыбака, бывший солдат Керенского, до ареста проживал в гор. Аральске, работал агентом Арбазы госрыбтреста.

**ГАЛИЕВ** Мустафа — родился в 1902 году, татарин, сын рыбопромышленника, до ареста проживал в гор. Аральске, работал приемчиком Арбазы.

Достаточно изобличаются в том, что они с целью создания излишков рыботоваров в Арбазе госрыбтреста, за счет промыслов мошенническим путем укрывали полученные излишки рыботоваров с судов, тем самым нанесли экономический ущерб Аргосрыбтресту.

По постановлению Аральского ГРООГПУ от 5 сентября 1932 года Хрячков М. А., Галиев М. арестованы и привлечены по данному делу в качестве обвиняемых по ст. 169-2 УК РСФСР.

**ӨТЕГЕНОВ** Ермағамбет — Ырғыз ауданындағы № 34 ауылда 1904 жылы туған, қамауға алғанға дейін Арал қаласында тұрған. Арбазаға балық товарларын қабылдаушы болып істеген, аулаудан түскен балықтарды кіріске алмау есебінен артық өнімдер қорын жасауды мақсат еткен, ірі ұрлық әрекеттерге барған.

**КОРШУНОВ** Алексей Петрович — родился в 1899 году в гор. Астрахане, до ареста проживал в гор. Аральске, бывший приемщик Арбазы, 23 сентября 1932 года осужден Аральским нарсудом на 6 месяцев принудительных работ за хищение рыбы — лещ.

**БАРХАНСКИЙ** Максим Иванович — (год рождения, место рождения не известны)— милиционер Аральской раймилиции, вполне изобличается в хищении рыбных товаров со складов Аралгосрыбтреста.

По постановлению Аральского ГРООГПУ от 20 октября 1932 года Утегенов Ермагамбет, Коршунов Алексей Петрович и Барханский Максим Иванович арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-7 УК РСФСР.

*Следственное дело по обвинению:*

Мурадова Шамиля, Пенчук Ивана Павловича, Мурадова Халиля, Коршунова Алексея Петровича, Барханского Максима Ивановича, Мустафаева Алескера, Вагичко Лаврентия Захаровича, Наурызбаева Сафа, Жданова Андрея Ивановича, Кусаева Нажима, Таеубаева Жумахана, Кравченко Семена Самойловича, Хрячкова Михаила Артемьевича, Галиева Мустафу, Утегенова Ермагамбета — направлены через Актюбинской областной отдел ОГПУ в тройку ПП ОГПУ Каз.ССР для внесудебного рассмотрения.

Постановлением тройки при ПП ОГПУ в Казахстане от 28 декабря 1932 года — Мурадов Шамиль, Пенчук И. П., Коршунов А. Т., Вагичко Л. З., Хрячков М. А.— заключены в кон-

цлагерь сроком на 10 лет каждый, Барханский М. И., Галиев М.— заключены в концлагерь сроком на 5 лет каждый, Мурадов Х., Мустафаев А., Утегенов И.— заключены в концлагерь сроком на 3 года каждый, Наурызбаев С., Жданов А. И., Кусаев Н., Таеубаев Ж., Кравченко С. С. — приговаорены к залючению в концлагерь на 3 года, считая приговор в отношении всех 5-ти условным.

Постановлением Президиума Кзыл-Ординского облсуда от 20 апреля 1965 года — постановление бывшей тройки при ПП ОГПУ в Казахстане от 28 декабря 1932 года по отношению всех 15 человек отменено, дело производством прекращено.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 23 апреля 1997 года все 15 человек на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года реаблитированы.

## VI

**БӘЙІМБЕТОВ** Құлсары — Арал ауданының № 7 ауылында 1847 жылы туған, бай-феодал, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, 1928 жылы мал-мүлкі конфискеленген, Адаев округі, Темір ауданына жер аударылған, 1932 жылғы маусым айында Арал ауданының № 7 ауылына қайтып келген.

**ҚҰЛСАРИЕВ** Әмірхан — Арал ауданының № 7 ауылында 1885 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, 1931 жылы ет дайындау жөніндегі міндетті тапсырманы орындамағаны үшін халық соты арқылы 2 жылға сотталып, Қызылорданың еңбек түзету үйіне айдалған, одан қашып кеткен.

**АҚЖАНОВ** Балапан — Арал ауданының № 8 ауылында 1902 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, 1931 жылы міндетті тапсырманы әдейі зұлымдықпен орындамай, тұтқындаудан қашып тығылған;

**АҚТАНОВ** Әбдіраман — Арал ауданының № 8 ауылында 1892 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, ет дайындау жөніндегі міндетті тапсырманы орындамаған.

**БАЙЫРОВ** Рахмет — Арал ауданының № 7 ауылында 1872 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, міндетті тапсырманы әдейі зұлымдықпен орындамай, тұтқындалудан қашып, Қарақұмға барып тығылған.

**БОРАМБАЕВ** Смайыл — Арал ауданының № 2 ауылында 1908 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, 1923 жылы транспортты мобилизация жасау кезінде ауылдық кеңестің төрағасы қызметін, мөрін тастап, Қарақалпақстанға қашып кеткен, ол жақтан елге 1932 жылы қайтып оралған.

**ЖАСЫМОВ** Жанпейіс — Арал ауданының № 7 ауылында 1886 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, міндетті дайындаудың барлық түрін әдейі зұлымдықпен орындамағаны үшін сотталған, Ақтөбе еңбек түзету үйінен қашып шығып, тұтқындалудан қашып тығылған.

**ТЕКЕЕВ** Аманжол — Арал ауданының № 8 ауылында 1865 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, 1932 жылы міндетті тапсырманы орындамағаны үшін 3 жылға сотталып, Саратов қаласына жер аударылған, одан қашып кеткен.

**ЕРІМБЕТОВ** Махамбет — Арал ауданының № 9 ауылында 1864 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, 1932 жылы міндетті тапсырманы орындамағаны үшін 3 жылға сотталып, Саратов қаласына жер аударылған, одан қашып кеткен.

**ЖҰМАБАЕВ** Қосмағамбет — Арал ауданының № 7 ауылында 1893 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, міндетті тапсырманы әдейі зұлымдықпен орындамай, тұтқындалудан қашып, Қарақұмға тығылған.

**ТҰЯҚОВ** Бейіс — Арал ауданының № 8 ауылында 1876 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, міндетті тапсырманы әдейі зұлымдықпен орындамаған;

**ЖОЛАЕВ** Ешпан — Арал ауданының № 8 ауылында 1886 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, міндетті тапсырманы әдейі зұлымдықпен орындамаған, тұтқындалудан қашып жүрген.

**МАЛАЕВ** Байділда — Арал ауданының № 8 ауылында 1901 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, міндетті тапсырманы әдейі зұлымдықпен орындамай, 1931 жылы Қазалы ауданына қоныс аударған.

Бұларға тағылған айып:— 1932 жылы партия мен кеңес үкіметі байлар мен кулактарды тап ретінде жоюға кіріскен кезде ауылдағы кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық элементтер ауылда жүргізіліп жатқан шаруашылық-саяси науқанға қарсы тұру, мемлекеттік міндетті тапсырманы орындаудан бас тарту мақсатында Қарақалпақстанға тез арада көшу үшін контрреволюциялық үгіт жүргізген, осы бағытта олар жасырын жиын, мәжіліс өткізіп, түрлі провокациялық-жеңіліс лақаптарын таратқан. Осындай кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық әрекеттер жасау салдарынан 1931 жылдың тамыз айынан 1932 жылдың сәуір айына дейін Арал ауданының № 2, 7, 8 және 9 ауылдарынан Қарақалпақстанға 514 үй көшіп кеткен. Олар елді былай деп үгіттеген: «Қарақалпақстанда жағдай бұрынғыша, өзгермеген, онда ешқандай шаруашылық-саяси науқан жүргізілмеген, кеңес үкіметі жақын арада құлайды, өкімет ақтардың қолында болады. Осы қылмыстары үшін олар Арал аудандық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы шілде айындағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58-бабының 10 тармағы 1 бөлімшесімен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 28 қазандағы қаулысымен: Құлсариев Әмірхан 8 жылға концлагерьге, Ақжанов Балапан, Ақтанов Әбдіраман, Жасымов Жанпейіс,— әрқайсысы 5 жылға концлагерьге, Борамбаев Смайыл, Жұмабаев Қосма-

ғамбет, Тұяқов Бейіс, Жолаев Ешпан, Малаев Байділда — әрқайсысы 3 жылға концлагерьге, Бәйімбетов Құлсары, Байыров Рахмет, Текеев Аманжол, Ерімбетов Махамбет — әрқайсысы 3 жылға Қазақстаннан тысқары жаққа жер аударуға, барлығының мал-мүлкін конфискелеуге сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1962 жылғы 18 сәуірдегі қаулысымен Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 28 қазандағы Бәйімбетов Қ., Құлсариев Ә., Әлжанов П., Ақтанов Ә., Байыров Р., Борамбаев С., Жасымов Ж., Текеев А., Ерімбетов М., Жұмабаев Қ., Тұяқов Б., Жолаев Е., Малаев Б.— ісі бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан, іс мүлдем қысқартылған.

## 1933 жылы

### I

**ҚҰТТЫҚБАЕВ** Иса — Арал ауданының № 19 ауылында 1897 жылы туған, бай-молданың баласы, сауатты, 1930 жылдан БКП(б) мүшесі, қызметкер, бұрын сотталмаған, қамауға алғанға дейін «Райым» колхозының төрағасы болып істеген, үйленген.

**БӘШЕНОВ** Әнес — Орал облысы, Қаратөбе ауданының № 5 ауылында 1905 жылы туған, 1931 жылдан БКП(б) мүшелігіне кандидат, қызметкер, қамауға алғанға дейін фарфор зауытының әмбебап магазинінің бастығы болып қызмет атқарған, үйленген.

**ПІРІМБЕТОВ** Арық — Арал қаласында 1896 жылы туған, шала сауатты, БКП(б) мүшесі, Құланды кәсіпорнында партия ячейкасының хатшысы, қамауға алғанға дейін «Чаганок» қосалқы шаруашылығының меңгерушісі, үйленген.

**ІЗМӘМБЕТОВ** Әбибулла — Арал ауданының № 16 ауылында 1903 жылы туған, ірі байдың — молданың баласы, 1931 жылдан БКП(б) мүшелігіне кандидат, бұрын сотталмаған, қамауға алғанға дейін «Құланды» кәсіпорыны директорының көмекшісі болып істеген, үйленген.

**АЛДАНАЗАРОВ** Сағи — Арал ауданының № 1 ауылында 1912 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, «вычищен КК РКИ по І-ой категории с запрещением занимать отвественной должности» деген айып тағылып, «Жаңа жол» колхозында бухгалтерлікте істеп жүргенде қамауға алынған, үйленбеген.

**АЛДОҢҒАРОВ** Жақып — Қазалы ауданының № 23 ауылында 1907 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, қызметкер, «вычищенный по 1-ой категории за растрату» деген айыппен қамауға алғанға дейін «Құланды» кәсіпорнында дүкен меңгерушісі болған.

**ЕРМҰХАМЕДОВ** Қапаш — Орал облысы, Заорал ауданының № 3 ауылында 1892 жылы туған, бай болған, Арал қаласына жер аударылған, сауатты, партияда жоқ, қамауға алғанға дейін шыны-фарфор мекемесінде бухгалтер болып істеген, үйленген.

1933 жылдың қараша айында № 1 ауыл, Құланды кәсіпорынында контрреволюциялық жауыздық топ ашылған, құрамында 7 адамы бар ол топты ауылдық кеңестің төрағасы Құттықбаев Иса басқарған. Оның алға қойған мақсаты жергілікті ауылдық кеңес аппаратын басып алып, Қарақалпақстанға жаппай көшуді ұйымдастыру, азық-түлік қиыншылықтарын тудыру, колхоздарды құлату, қаржы фондыларын талан-таражға салу болған. Кедейлерге, орта шаруаларға, колхозшыларға жеке заңсыз салық салған.

1932 жылдың күзінде аудан «Жаңа жол» колхозының басшылығын нығайту үшін төрағалық қызметке Қызылордадағы курсты бітірген ұлтшыл Бәшенов Әнесті және № 1 ауылдық кеңестің төрағалығына бұрынғы аудандық атқару комитетінің қызметкері, ұлтшыл бай, молданың баласы Құттықбаев Исаны жіберген. Олар ауылға келісімен өздерінің маңайына жергілікті жауапты қызметкерлерден шыққан контрреволюциялық ұлтшыл элементтерді ұйымдастыра бастаған. Сөйтіп олар мықты контрреволюциялық ядро құрған. Құттықбаев Исаны, Бәшенов Әнесті, Ерімбетов Арықты — партия ячейкасының хатшысы етіп сайлаған, «Құланды» кәсіпорыны директорының көмекшісі етіп бұрынғы Алаш орданың кезіндегі Орал милициясының бастығы Ізмұхамедов Қапашты, жалған белсенді Алданаров Сағиды колхоздың есепшісі етіп, Алдоңғаров Жақыпты рыбкооптың дүкен меңгерушісі етіп жұмысқа қойған.

Құттықбаев басқарған бұл контрреволюциялық топ мүшелерінің үйлерінде отырыс жасап, арақ ішеміз деп сылтауратып жиналып, онда қазақ халқының жағдайы туралы мәселені талқылап, алдағы әрекеттердің жоспарын белгілеген. Осындай бір жиында Бәшенов былай деген: «Кеңес өкіметі қазақ халқын кедейлендірді, қазақтарды күштеп колхозға тықты, олар аштықтан ісіпкеуіп, өлуде, ал тірі қалғандардың бәрі түрмеде отыр». Пірімбетов пен Ермұхамедов былай деген: «Партия қазақ халқын өлімге әкелді, Қазақстанның жартысы аштықтан өлді, бұл жағдайдан шығудан ең негізгі жолы — бұл Қарақалпақстанға жаппай көшу, ол жақта жағдай жақсы. Титығы әбден құрыған қазақ көпшілігінің арасына барып, оларды Қарақалпақстанға жаппай көшуді ұйымдастыруымыз керек» деген. Бұл пікірге жиналғандардың барлығы да келіскен.

Бірқатар саяси мәселелерді талқылағаннан жоне алдағы контрреволюциялық жауыздық әрекеттерді белгілегеннен кейін жаппай көшуді ұйымдастырудың және азық-түлік қиыншылықтарын тудырудың мынандай негізгі мақсаттары қойылған.

а) ауылдың барлық малын күштеп қоғамдастыру, ол үшін Бәшенов, Құттықбаев, Пірімбетов және Алданазаров 1932 жылдың күзінде колхоздың жиналысында «жаппай коллективтендіру ту-

ралы» баяндама жасаулары тиіс, содан кейін кедейлер 18 үй-қожалығы малсыз деп қорқып, балық аулау құралдарын тастап Қарақалпақстанға көшіп кеткен.
б) колхоздың жұмыс көліктерін жауыздықпен сойып, қырып-жойған, етін кәсіпорын қызметкерлеріне сатып, көбісін өздері бөлісіп алған, түскен ақшаны ішімдікке жұмсаған, сатылған малдарға өлім-жітімге ұшырады деп жалған акті жасаған. Сөйтіп олар 20 түйені, 13 жылқыны құртқан, колхозға ақшалай шаққанда 24.228 сом зиян келтірген, колхоздың балық аулайтын, басқа да мүліктерін талан-таражға салудан 5.882 сом зиян келген. Колхоздың барлық зияны 35.898 сом болған.
в) үнемі ішімдікке салынып, балық аулау жоспарын қасақана орындамай отырған, сөйтіп колхозшыларға ауыр жағдай тудырған. Балық аулау жоспары 10-15 проценттен ғана орындалған.
г) жауапты қызметтерде өздерінің жақын адамдарын ұстау арқасында, мәселен қойма меңгерушісі Алданазаров арқылы ауданнан аш-жалаңаштарға беруге алынған азық-түлік көмегін контрреволюциялық топ өздері ішіп-жеп, талан-таражға салған. Бәшенов 8 пұт, Ермұхамедов 5 пұт, Құттықбаев 7 пұт, тағы басқа барлығы 49 пұт азық-түлік ұрланған. Сол кезде № 1 ауылда аштықтан 70 адам өлген.
д) контрреволюциялық топ ауылдық кеңес төрағасы Құттықбаев арқылы қызмет баптарын пайдаланып, өздерінің жеке бас пайдалары үшін колхозшыларға, кедейлерге ақшалай міндетті салық салған, төлеуден бас тартқандарды тұтқынға аламыз деп қорқытып, 3 мың сом ақша жинаған, ол ақшаны өздері пайдаланып, ішіп-жеген, ішімдікке салынған. Мұндай ауыр жағдайға төтеп бере алмаған 12 үй қожалығы көшіп кеткен.
е) рыбкооптың дүкен меңгерушісі Алдоңғаров Жақып арқылы контрреволюциялық топ балық аулау фондысын үнемі ұрлап, «Құланды» балықшыларының жағдайын нашарлатқан. Елден 120 үй көшіп кеткен.
Жоғарыда көрсетілген қылмыстық әрекеттері үшін аттары аталған 7 адам 1933 жылы (айы, күні көрсетілмеген) тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған. Ақтөбе облыстық ОГПУ бөлімі тергеу ісін бітіріп, айыптау қорытындысын және істі Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберген.
(Делода соттың үкімі, немесе үштіктің қаулысы жоқ).
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылғы 15 сәуірдегі қорытындысымен — Құттықбаев Иса, Бәшенов Әнес, Пірімбетов Арық, Ізмәмбетов Әбибулла, Алданазаров Сағи, Алдоңғаров Жақып, Ермұхамедов Капаш — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## 1934 жылы

### І



**БИЖАНОВ** Иса — Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының № 10 ауылында 1903 жылы туған, әкесі патша тұсында бай, болыс, болыстық сот болған, Иса кейін Сексеуіл станциясындағы № 6 ауылда тұрған, селолық училищені бітірген, 1926 жылдан БКП(б) мүшесі, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.



**ЕРМАҒАМБЕТОВ** Манау — Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының № 16 ауылында 1903 жылы туған, әкесі бай болған, кейін Сексеуіл станциясы жанындағы № 6 ауылда тұрған, Сексеуіл станциясындағы мұнай бұрғылау орнында машинист болып істеген, 1931 жылдан БКП(б) мүшесі, білімі бастауыш, бұрын сотталмаған, 2 ұлы, бір қызы бар.



**РЫСБАЕВ** Барлық — Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының № 16 ауылында 1904 жылы туған, ірі байдың баласы, білімі 2 класс, партияда жоқ, кейін Сексеуіл станциясы жанындағы № 6 ауылда тұрған, Сексеуіл станциясында малшы болып жұмыс істеген, теміржол кәсіподағының мүшесі, бұрын сотталмаған, бір ұлы, бір қызы бар.



**ҚҰЛТАЕВ** Алғатүс — Арал ауданының Сексеуіл станциясы жанындағы № 6 ауылда 1906 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, Сексеуіл станциясында кочегар болып жұмыс істеген, 1933 жылы жұмысқа салқын қарағаны үшін ҚК 59 бабының 3 тармағымен бір жылға шартты түрде сотталған, 2 баласы бар.
**МӘМБЕТОВ** Әбубәкір — Қазалы ауданының территориясында 1908 жылы туған, ауқатты малшы-

ның баласы, кейін Сексеуіл станциясы жанындағы № 6 ауылда тұрған, білімі бастауыш, 1932 жылдан БКП(б) мүшесі, Сексеуіл станциясындағы кондукторлар бригадасында кіші нарядчик болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, әскерде болмаған, үйленбеген;

**ҚИЯСОВ** Жұмаділда — Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының № 16 ауылында 1894 жылы туған, кедей шаруаның баласы, шала сауатты, партияда жоқ, кейін Сексеуіл станциясы жанындағы № 6 ауылда тұрған, Сексеуіл станциясында бақылау будкасында слесарь болып істеген, темір жол кәсіподағының мүшесі, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.



1933 жылдың аяғында Сексеуіл станциясы мен № 6 ауылда, осы ауылдық кеңестің төрағасы молданың баласы Бекешев Нағыметтің ұйымдастыруымен (ол кейін Ақтөбе облыстық ОГПУ бөлімі арқылы ұсталып кеткен) контрреволюциялық байлардың ұлттық, көтерілістік — жауыздық ячейкасы құрылған. Оның алға қойған түпкі мақсаты: Кеңес Одағына қарсы капиталистік елдер тарапынан соғыс ашылған кезде қазақ жұртшылығын Кеңес өкіметін құлатуға дайындау болған.

Контрреволюциялық ячейканың жақын арадағы мақсаты:

а) қазақ жұртшылығы арасында ячейка мақсаттарын жеткізу, кеңес өкіметінің ел ішінде жүргізіп жатқан шараларына қарсы үгіт жүргізу,

б) өкімет тарапынан қазақ кедейлеріне берілетін азық-түлік көмегін талан-таражға салып, оны бұрынғы байлар мен молдаларға және әртүрлі қылмыстары үшін сотталғандарға үлестіру, сөйтіп кедейлердің материалдық жағдайларын онан сайын нашарлатып, кеңес өкіметіне қарсы наразылығын туғызу.

в) бұрынғы байлар мен молдаларға және кеңес өкіметіне қарсы элементтерге — олардың қолдарына кедей деп куәлік беру, жұмысқа, әсіресе темір жол транспортына орналастыру, келешек оларды кеңес өкіметіне қарсы мақсатқа пайдалану,

д) темір жол транспортында жұмыс істейтін қазақтардың арасында үгіт жүргізіп, еңбек тәртібін бұздыру,

е) паравоздарды әдейі қастандықпен бұзып, оның жолға шығуын кешіктіру,

и) адам таситын және жүк таситын поездардың вагондарындағы буксты әдейі жандыру, вагондарды ажыратып жіберу, паравоздарға мұнайды суға араластырып беру сияқты жауыздықпен зиянкестік жасау.

Контрреволюциялық ячейканың осындай мақсаты мен міндеттері жайлы айыпкерлердің берген жауаптары:

Бижанов Иса: «...біздің контрреволюциялық топтың негізгі мақсаты мен міндеті Кеңес өкіметін құлату, ескі тәртіпті орнату, байларды, молдаларды және ақсақалдарды бұрынғы қалпына келтіру... Бұл мәселелер 1933 жылғы 26 қараша күні менің үйімде талқыланды. Оған — Бекешев, Сейітмәмбетов, Ермағамбетов, Құлтаев қатысты... Оған қатысушылардың барлығы мен және Бекешев арқылы жоғарыда қойылған мәселелерге толық келісті» деген.

Ермағамбетов Манау: «...Мен өзімді контрреволюциялық топтың мүшесімін деп 1933 жылдың қараша айынан бастап санаймын. Мен Бижанов Исаның үйінде № 6 ауылдық кеңестің төрағасы, молданың баласы Бекешев Нағыметпен, осы ауылдық кеңес төрағасының орынбасары Сейітмәмбетов Кенжеғарамен үнемі кездесіп тұрдым. Олар маған «сен темір жол транспортында нашар жұмыс істе, еңбек тәртібін бұз, зиянкестік әрекеттер жаса, саған біз азық-түліктен жәрдем беріп тұрамыз» деді. Мен оған келістім...» деген.

Құлтаев Алдатүс: «...1933 жылғы 26 қараша күні мен Бижанов Исаның үйіне келдім, онда Ермағамбетов Манау, № 6 ауылдық кеңестің төрағасы Бекешев Нағымет, Таласбаев Әлмахан болды. Таласбаев ол кезде Арал қалалық прокуратурасының хатшысы болып жұмыс істейтін, демалыста жүр екен. Осы жиында Бижанов мәселе қозғап, былай деді: «кеңес өкіметі бізді аздырды, барлық малымызды тартып алды, біз қайткен күнде де кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізуіміз қажет, кедейлерге азық-түлік көмегін бергізбеу керек, олар да кеңес өкіметіне қарсы болулары тиіс». Қабырғада ілулі тұрған Сталиннің портретін Бижанов Иса алып жыртып былай деді: «біздің де уақытымыз келер, сонда біз сендердің бастарыңды осылай етіп жұламыз» деді. Ертеңіне Бижанов Иса ауылдық кеңес кеңсесінің алдында кездесіп маған кешегі әңгімені ешкімге айтушы болма, біреулер біліп қойса бәріміз құримыз деді. Мен оған ешкімге айтпаймын деп уәде бердім».

Мәмбетов Әбубәкір: «1934 жылы 20-21 наурыз күні мен Сексеуіл станциясының базарында Сексеуіл депосының кочегары Құлтаев Алғатүспен кездесіп, онымен бірге үйіне бардым. Менен кейін ол үйге ауылдық кеңес хатшысы Таласбаев Әлмахан келді. Шай ішіп отырған кезде Құлтаев мәселе көтерді, «кеңес өкіметі ұзақ өмір сүре ме екен? Патша тұсында барлығы бар еді, ал қазір түк те жоқ. Кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізіп, оны құлатуымыз керек» деді. Оған Таласбаев былай деп жауап берді: «барлығы бірден бүгін істелмейді, ертең біз өзіміздің өкіметімізді күтуіміз керек... «Құлтаевтың үйінде кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізу мәселесі ашық айтылды. Бекешев пен Бижановтың контрреволюциялық жұмысы маған белгілі болды».

Рысбаев Барлық: «...1934 жылғы ақпан айында (күні есімде жоқ) мен Ермағамбетовтың үйіне бардым. Онда Ермағамбетов, Қиясов Жанділда болды. Шай ішіп отырғанда Ермағамбетов сөз бастап былай деді: «бізде топ бар, оған ауылдық кеңестің барлық қызметкерлері кірген, онда мен де бармын. Біздің топтың алға қойған мақсаты — кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізу, өйткені кеңес өкіметі бізді аздыр-

ды, барлық малымызды тартып алды, сол себепті біз темір жол транспортында жұмыс істейтіндер нашар жұмыс істеп, тарнспорттың жұмысын күйретуіміз керек». Осыдан кейін Ермағамбетов маған бізге қосыл, біздің берген тапсырмамызды орында деп кеңес жасады. Мен оған келісім бердім. Қатысып отырған Қиясов Жанділда Ермағамбетовтің сөзін қуаттады».

Айыпкер Қиясов Жанділда тергеу барысында контрреволюциялық топқа қатысы барын мойындамаған.

Бұлардың барлығы кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, кедей шаруаларға берілуге тиісті азық-түлікті талан-таражға салып, байларға, молдаларға, тағы басқа элементке үлестіріп берген. Олардың байлықтарын жасырып, кедей шаруа деп жалған куәліктер бергізген. Бұлар контрреволюциялық топқа адам тартумен айналысқан.

Жоғарыда аттары аталған 6 адам Ақтөбе станциясындағы ОДТО ОГПУ-ның 1934 жылғы 9 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1934 жылғы 19 маусымда шығарылған. Іс СВК ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

СВК (Средне-Волжский край) ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1934 жылғы 22 маусымдағы қаулысымен:

— Бижанов Иса, Ермағамбетов Манау — әркайсысы 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне,

— Рысбаев Барлық — 4 жылға еңбекпен түзеу лагеріне,

— Құлтаев Алғатүс — 3 жылға еңбекпен түзеу лагеріне,

— Мәмбетов Әубәкір — 2 жылға еңбекпен түзеу лагеріне,

— Қиясов Жанділда — 2 жылға шартты жазаға сотталған.

Қызылорда облыстық соты президиумының 1965 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен — СВК ПП ОГПУ жанындағы үштіктің 1934 жылғы 22 маусымдағы Бижанов Иса, Ермағамбетов Манау, Рысбаев Барлық, Құлтаев Алғатүс, Мәмбетов Әубәкір, Қиясов Жанділда жөніндегі қаулысы бұзылып, қылмыс құрамы жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған.

Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

## 1936 жылы

## I

**ГРЕБЕЖ** Тайсия Адамовна — родилась в 1914 году на ст. Эхо, Северной Манчжурии, до ареста проживала на станции Саксаульская.

**МОСКАЛЬЧУК** Мария Степановна — родилась в 1913 году на разъезде Нагорный Северной Манчжурии, до ареста проживала на ст. Саксаульская;

**МОСКАЛЬЧУК** Евдокия Степановна — родилась в 1913 году на разъезде Нагорный, Северной Манчжурии, до ареста проживала на ст. Саксаульская;

**ДОРОГАН** Антонина Феоктистовна — родилась в 1910 году на ст. Эхо, Северной Манчжурии, до ареста проживала на ст. Саксаульская;

**КУЗНЕЦОВА** Мария Федоровна — родилась в 1916 году в селе Муровья, Амурской Железной дороги, до ареста проживала на ст. Саксаульская.

Эти 5 гражданок обвинены в том, что они допускали развал в своих работах, принесли вред в деятельности железной дороги, так и пограничная и внутренняя охрана арестовала их, возбудила уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены приговором военного трибунала пограничной и внутренней охраны НКВД Казахстана: Гребеж Т. А., Москальчук М. С.— по 10 лет тюрьмы каждая, Москальчук Е. С.— 6 лет тюрьмы, Кузнецова М. Ф.— 5 лет тюрьмы, Дороган А. Ф.— 3 года тюрьмы.

Генеральным прокурором Республики Казахстан все эти 5 гражданки реабилитированы 1 декабря 1995 года.

## 1937 жылы

## I

**МЫРЗАБЕКОВ** Қарабала — № 8 Жақсықылыш ауылында 1860 жылы туған, ірі бай болған, сауатсыз, 1930 жылы мал-мүлкі тәркіленген, қуғын-сүргіннен қорқып, қашып үлгірген;

**ҚАПАШОВ** Қошқарбай — Шалқар ауданының № 25 ауылында 1912 жылы туған, Арал ауданының Қарақұм жерінде тұрған, ірі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, 1932 жылы Қарақұмдағы көтерілісшілерге көмектесті, соларға болысты деп айыпталып, 7 жыл бас бостандығынан айырылған, Ырғыздағы түрмеден қашып шығып, Арал ауданы территориясында жасырынып жүрген.

**ҚАРАБАЛАЕВ** Ташау — Арал ауданының № 8 ауылында 1896 жылы туған, Қарақұм ауылдық кеңесі территориясында малшы, бригадир болған, шала сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы мал-мүлкі тәркіленген, ал өзі қуғын-сүргіннен қашып үлгірген.

**ЖАЗЫҚБАЕВ** Төреахмет — Арал ауданының № 9 ауылында 1887 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, «Төбе құдық» серіктестігінің мүшесі, бай, саудагер, 1932 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, өзі 7 жылға сотталған, айып мерзімін өтеуден қашып, жасырынып үлгірген.

Бұл 4 азамат — контрреволюциялық топқа ұйымдасып, колхозшылар арасында контрреволюциялық іріткілік, ыдырату сипатында үгіт жүргізіп, оларды Кеңес заңына бағынбауға, айдалаға көшуге шақырған, сол үгіттің салдарынан 1936 жылы «Аралқұм» колхозынан 40 жеке шаруашылық көшіп кетіп, колхоз мүлдем құлаған, сол жылы хандрилл жинау жоспары орындалмай қалған, көшуге қарсы күрескен ауыл коммунистеріне террор жасауға әрекеттенген, 1937 жылы серіктестіктердің ауылшаруашылығы артелі уставына көшуіне қарсы ашықтан-ашық контрреволюциялық үгіт жүргізген, Отан қорғауына шығарылған заемға қарсы жауыздық үгіт жүргізген,— деп айыпталып, Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы тамыз айындағы

қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР Қылмыс кодексінің 58 бабының белгілі тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған.
Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен: Мырзабеков Қарабала, Қапашов Қошқарбай, Қарабалаев Ташау, Жазықбаев Төреахмет — ең жоғарғы қылмыстық жаза — атуға сотталған.
Қызылорда облыстық соты президиумының 1957 жылғы 31 тамыздағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 26 тамыздағы Мырзабеков Қ., Қапашов Қ., Қарабалаев Т., Жазықбаев Т. жөніндегі қаулысы бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан, іс өндірістен қысқартылған.
Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 19 мамырдағы қорытындысымен — Мырзабеков Қарабала, Қапашов Қошқарбай, Қарабалаев Ташау, Жазықбаев Төреахмет Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау» туралы 1989 жылғы 14 сәуірдегі заңының 1 бабының негізінде толық ақталған.

## II

**БЕРГОВИН** (Берюгин) Иван Тарасович — родился в 1898 году в селе Глебовск, Беларуссии, до ареста проживал в гор. Аральске, работал председателем ФЗМК.
**КОРШУНОВ** Сергей Кириллович — родился в 1895 году в гор. Уральске, до ареста проживал в гор. Аральске, работал завскладом;
**ГАДЖИКАСАНОВ** Шамиль — родился в 1897 году в Тауском районе Дузыканской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал на ответственной должности райисполкома;
**САНТАЛИН** Николай Васильевич — родился в 1893 году в Актюбинской области, до ареста проживал в гор. Аралське, был чернорабочим.
Эти 4 гражданина арестовали и обвиняли за то, что они вели антисоветскую пропаганду, разбазаривали народное имущество и т. д. Приговором Кзыл-Ординского облсуда 10 февраля 1937 года все они осуждены по 10 лет тюрьмы.
15 апреля 1996 года они полностью реабилитированы.

## III



**ПЕТРУХИН** Василий Иванович — родился в 1911 году в селе Вечекусы, Ордатовской волости, Сибирской губернии, образование 9 классов, беспартийный. Постановлением ДТО ГУГБ НКВД гор. Оренбурга от 2 октября 1937 года арестован и возбужден уголовное дело по ст. 58-6, 7, 11 УК РСФСР. Постановлением комиссии НКВД и прокурора СССР от 25 декабря 1937 года и от 20 декабря 1937 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. До ареста он проживал на ст. Саксаульская, работал бухгалтером депо;



**ВОЛОШИН** Михаил Григорьевич — родился в 1913 году в селе Поповка, Н. Уссурийского уезда, Приморской области, образование низшее, арестован 9 декабря 1937 года по ст. 58-1 «а», 4, 9, УК РСФСР, беспартийный, до ареста — машинист депо ст. Саксаульская;



**СИТЕК** Томаш Янович родился в 1892 году в Люблинской губернии (Польша), поляк, гражданин СССР, грамотный, беспартийный, арестован 9 сентября 1937 года по ст. 58-6, 7, 11 УК РСФСР. До ареста работал бригадиром по ремонту паровозов депо ст. Саксаульская.



**КИРИЛЮК** Александр Викторович — родился в 1914 году на ст. Хандао-Хедзы КВЖД, арестован 7 ноября 1937 года по ст. 58-4, 6, 9, 11 УК РСФСР, проживал на ст. Саксаульская, работал слесарем депо;



**ГУМЕННЫЙ** Евдоким Сергеевич — родился в 1888 году в селе Лемищиха, Киевской губернии, малограмотный, арестован, 16 сентября 1937 года по ст. 58-4, 6, 9 11 УК РСФСР, до ареста проживал на ст. Саксаульская, помощник машиниста депо;
**ТРЕТЬЯКОВ** Владимир Михаилович — родился в 1912 году в гор. Харбине. Арестован 6 октября 1937 года, до ареста проживал на ст. Саксаульская, образование 6

классов, беспартийный, работал музыкантом кинотеатра ст. Саксаульская;



**ЕВСЮКОВ** Георгий Георгиевич — родился в 1882 году на ст. Надеждинской, Краснодарского края, малограмотный, беспартийный, арестован 3 ноября 1937 года по ст. 58-6, 11 УК РСФСР, работал садовником дистанции пути при ст. Саксаульская;



**ШУМАРЕВ** Иван Никитович — родился в 1891 году в дер. Бельки бывшей Могилевской губернии, образование низшее, беспартийный, арестован 5 ноября 1937 года по ст. 58-4, 6, 9, 11 УК РСФСР постановлением ОДТО ГУГБ НКВД с. Казалинске, до ареста проживал на ст. Саксаульская, работал слесарем депо;



**КОСТЫШЕВ** Петр Иванович — родился в 1908 году на ст. Бухеду КВЖД, образование низшее, беспартийный, арестован 9 октября 1937 года по ст. 58-6, 7, 11 УК РСФСР постановлением ДТО ГУГБ НКВД гор. Оренбурга, до ареста работал слесарем депо ст. Саксаульская.

Все эти 9 граждане Постановлением НКВД и прокурора СССР от 25 декабря 1937 года и от 20 декабря 1937 года осужден к высшей мере наказания — расстрелу. Определением Военного трибунала Приволжского военного округа от 25 апреля 1958 года Постановление Комиссии НКВД и пркурора СССР от 25 декабря 1937 года в отношении Волошина М. Г., Ситека Т. Я., Кирилюка А. В., Гуменного Е. С., Третьякова В. М., Евсюкова Г. Г., Шумаева (Шумарева) И. Н., Костышева П. И. и Постановление комиссии НКВД и прокурора СССР от 20 декабря 1937 года в отношении Петрухина В. И.— отменено и дела о них за отсутствием состава преступления в уголовном порядке прекращены. Протест Военного прокурора при ВО-удовлетворен. Все они реаблитированы.

## IV

**ТКАЧЕНКО** Харитон Иванович — родился в 1890 году в Киевской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал слесарем артели.

**ДОМБРОВСКИЙ** Александр Мартынович — родился в 1883 году в гор. Минске, до ареста проживал в гор. Аральске, работал сапожником.

**ИЛЬИН** Павел Павлович — родился в 1901 году в Харьковской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал строгальщиком.

**ГРАЧЕВ** Владимир Николаевич — родился в 1918 году в гор. Москва, до ареста проживал в гор. Аральске, работал чернорабочим.

**ВИНОГРАДОВ** Николай Васильевич — родился в 1900 году в Московской области, до ареста проживал в гор. Аральске. Эти 5 граждан арестованы УНКВД Актюбинской области, привлечены к уголовной ответственности по ст. 58—3,9 и 11 УК РСФСР. Осуждены тройкой УНКВД Актюбинской области от 14 августа 1937 года к высшей мере наказания расстрелу — Ткаченко Х. И., Домбровский А. М., Ильин П. П., Грачев В. Н., Виноградов Н. В.

13 июня 1989 года все они полностью реабилитированы.

## V

**ЖИВОЛУП** Кузьма Афанасьевич — родился в 1910 году в Уральской области, до ареста проживал в пос. Бугунь, работал масленщиком.

**МАТВЕЕВ** Акакий Иванович — родился в 1885 году в Балашовском уезде, Саратовской губернии, до ареста проживал в пос. Каратерен, работал медфельдшером.

**МАТВЕЕВ** Василий Акакиевич — родился в 1907 году в Саратовской области, до ареста проживал в пос. Каратерен, работал рабочим в рыбзаводе «Узункайыр»;

**ҚҮСМӘМБЕТОВ** Абыла — № 17 ауылда 1892 жылы туған, қамауға алғанға дейін Арал қаласында тұрған, мемлекеттік пароходствода жұмысшы болған.

Бұл 4 азаматқа қарсы Ақтөбе облысының НКВД басқармасы қылмыстық іс қозғап, қамауға алған, оларға кеңес өкіметіне қарсы террорлық әрекеттер жасады деген айып тағылған. Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 14 қазандағы шешімімен Живолуп Кузьма Афанасьевич, Матвеев Акакий Иванович, Матвеев Василий Акакиевич, Құсмәмбетов Абыла жазаның ең ауыры — атуға бұйырылған.

1989 жылы 9 маусымда олар толық ақталған.

## VI

**НҰРЖАНОВ** Рахманберді — № 10 ауылда 1878 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Бөген» селосында тұрған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған;

**ЕЛЕКБАЕВ** Өмірзақ — № 9 ауылда 1879 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған;

ҚОСҚҰЛОВ Күйек — № 8 ауылда 1885 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған;

МАНАҚОВ Бұқарбай — № 5 ауылда 1874 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, бай болған;

БОЗАЕВ Нұрғали — № 11 ауылда 1890 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, жеке шаруашылықпен айналысқан;

АМАНОВ Иса — № 5 ауылда 1892 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Аралқұм» совхозының мүшесі болған.

Бұл 6 азаматқа Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы РСФСР ҚК 58 бабының белгілі баптары бойынша қылмыстық іс қозғап, қамауға алған. Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы үштігінің 1937 жылғы 6 желтоқсанғы шешімімен: Нұржанов Рахманберді, Елекбаев Өмірзақ — жазаның ең ауыры — атуға, Қосқұлов Күйек, Манақов Бұқарбай, Бозаев Нұрғали, Аманов Иса — әрқайсысы 10 жылдан түрме жазасына сотталған.

Казақстан Республикасы Бас прокурорының шешімімен: Нұржанов Рахманберді 1989 жылғы 9 маусымда, Елекбаев Өмірзақ — 1989 жылғы 7 қыркүйекте, Манақов Бұқарбай — 1989 жылғы 25 қыркүйекте, Аманов Иса — 1989 жылғы 16 желтоқсанда, Бозаев Нұрғали, Қосқұлов Күйек — 1989 жылғы 30 желтоқсанда толық ақталған.

## VII

ӘЛІПБАЕВ Қайып — № 7 ауылда 1889 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, бай болған;

БАЙБОЛОВ Жанас — № 17 ауылда 1873 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, молда болған;

НҰРПЕЙІСОВ Әлжан — № 11 ауылда 1876 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, молда болған;

ПЕРЕВЕРЗЕВ Григорий Владимирович — родился в 1880 году в Днепропетровской области, до ареста проживал в Аральском районе, был служителем культа;

ФАХРУДДИНОВ Барий Хайрутдинович — родился в 1893 году в Татарской АССР, до ареста проживал в гор. Аральске, работал начальником снабжения треста «Аралсоль».

Эти 5 граждан арестованы отделом Аральского района НКВД, возбуждено уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР, обвинены в том, что они вели антисоветскую агитацию. Осуждены тройкой УНКВД Актюбинской области 10 ноября 1937 года: Алипбаев Кайып, Байболов Жанас, Нурпеисов Альжан, Переверзев Григорий Владимирович, Фахрутдинов Барий Хайрутдинович — по 10 лет каждый в тюремное заключение.

Алипбаев Кайып, Фахрутдинов реабилитированы 15 мая 1989 года, Байболов Жанас — реабилитирован 13 сентября 1989 года, Нурпейсов Альжан, Переверзев Григорий Владимирович — реабилитированы 25 сентября 1989 года.

## VIII

ОРАЗБАЕВ Қадырқожа — № 8 ауылда 1888 жылы туған, қамауға алғанға дейін Арал балық комбинатының мұздатқышында бондарь болып жұмыс істеген;

ЕСЕНОВ Қамысбай — № 17 ауылда 1882 жылы туған, қамауға алғанға дейін Арал қаласында тұрған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған;

БЕРДІҚҰЛОВ Садық — № 8 ауылда 1895 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, малшы болған;

ДОСМАҒАМБЕТОВ Өтепберген — № 10 ауылда 1869 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, жұмысы белгісіз;

ТӨРЕХАНОВ Әбді — № 17 ауылда 1877 жылы туған, қамауға алғанға дейін Аманөткел ауылында тұрған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған;

РАХМЕТОВ Сұлтан — № 17 ауылда 1868 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған;

АМАНБАЕВ Жаймағамбет — № 10 ауылда 1882 жылы туған, қамауға алғанға дейін Бөген поселкасында тұрған, малшы болған;

ДҮЙСЕНОВ Смағұл — № 20 ауылда 1874 жылы туған, қамауға алғанға дейін Арал қаласында тұрған, мүгедектер артелінің меңгерушісі болған;

БЕРДІҚҰЛОВ Садық — Арал ауданында 1889 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Қарақұм» ауылдық кеңесінде серіктік мүшесі болған;

ЕРЖАНОВ Мертөбе — Қазалы ауданының № 18 ауылында 1900 жылы туған, қамауға алғанға дейін Арал қаласында тұрған, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған;

ИБРАГИМОВ Балқаш — Қарақұм ауылдық кеңесі территориясында 1908 жылы туған, қамауға алғанға дейін Арал қаласында тұрған, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған;

ШОНАЕВ Әбіш — № 17 ауылда 1882 жылы туған, қамауға алғанға дейін Ақшатау елді мекенінде тұрған, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған;

ЖҰБАКЕШЕВ Ізмағамбет — № 10 ауылда 1907 жылы туған, қамауға алғанға дейін Бөген қыстағында тұрған, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған;

ОРАЗБАЕВ Еңсеп — № 8 ауылда 1879 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қарақұм ауылдық кеңесінде тұрған, серіктестік хатшысы болған.

Бұл 14 азаматқа қарсы Арал аудандық ОГПУ бөлімі қылмыстық іс қозғап, колхоз тірлігіне зиянкестік әрекеттер жасады, кеңес өкіметін қаралаумен айналысты, қоғам дәулетін талан-таражға салды деп айыптап, жинақтаған құжаттарын Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы Сенімді өкілдігінің үштігіне берген. Сол үштіктің 1937 жылғы 20 қарашадағы өкімімен: Оразбаев Қадырқожа, Есенов Қамысбай, Бердіқұлов Садық, Досмағамбетов Өтепберген, Төреханов Әбді, Рахметов Сұлтан, Аманбаев Жаймағамбет, Дүйсенов Смағұл — жазаның ең ауыр түріне — атуға, Ержанов Мертөбе, Ибрагимов Балқаш, Шонаев

Әбіш, Жұбакешев Ізмағамбет, Оразбаев Еңсеп— әрқайсысы 10 жылдан түрме жазасына сотталған. Облыс және Қазақстан прокуратура орындарының шешімімен: Оразбаев Қадырқожа — 1968 жылғы 26 сәуірде, Есенов Қамысбай, Бердіқұлов Садық — 1989 жылғы 6 шілдеде, Жұбакешев Ізмағамбет, Оразбаев Еңсеп — 1989 жылғы 27 ақпанда, Досмағамбетов Өтепберген, Төреханов Әбді, Рахметов Сұлтан — 1989 жылғы 22 мамырда, Дүйсенов Смағұл — 1989 жылғы 24 тамызда, Ержанов Мертөбе — 1989 жылғы 18 қаңтарда, Ибрагимов Балқаш — 1989 жылғы 30 маусымда, Амантаев Жаймағамбет — 1989 жылғы 2 қарашада, Шонаев Әбіш — 1989 жылғы 15 мамырда толық ақталған.

IX

**БУРЕНИН** Дмитрий Петрович — родился в 1895 году в Черниговской области, до ареста проживал в Аральском районе, работал уборщиком рыбзавода;
**ИЛЬЕНКО** Деомид Евстафьевич — родился в 1895 году в Черниговской области, до ареста проживал в Аральске, работал слесарем госпароходства;
**ПОДНЕБЕСОВ** Михаил Иванович — родился в 1896 году в Куйбышевской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал бухгалтером госбанка.

Эти 3 гражданина арестованы и привлечены к уголовной ответственности отделом НКВД Аральского района по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены тройкой УНКВД по Актюбинской области: Буренин Д. П, Поднебесов М. И.— по 10 лет тюремного заключения каждый, Ильенко Д. Е.— на 8 лет тюрьмы.

По протестам областного и республиканского прокуроров: Поднебесов Михаил Иванович — реабилитирован 30 сентября 1964 года, Буренин Дмитрий Петрович, Ильенко Деомид Евстафьевич — реабилитированы 25 сентября 1989 года.

X

**ГЛАЗУНОВ** Иван Андреевич — родился в 1887 году в Ульяновской области, до ареста проживал в гор. Аральске;
**КАДЫР** Юльян Иванович — родился в 1875 году в Илкутинском уезде Курлянской губернии, до ареста проживал в гор. Аральске, работал сторожем горрыбкоопа.

Эти 2 гражданина привлечены к уголовной ответственности и посажены в тюрьму Аральским районным отделением НКВД, их обвиняли, что они занимались оклеветанием Советской власти, принесли вред в деятельности района и т. д. 25 декабря 1937 года они осуждены тройкой НКВД по Актюбинской области к высшей мере наказания — расстрелу.

Генеральной прокураторой Республики Казахстан 27 февраля 1989 года они полностью реабилитированы.

XI

**ДЕРЮГИН** Николай Никандрович — родился в 1915 году в Оренбургской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал кассиром коммунсектора госпароходства;
**ЦИБУЛЬСКИЙ** Василий Емельянович — родился в 1902 году в Киевской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал счетоводом госпароходства.

Эти 2 гражданина обвиняли, что они систематически занимались разбазариванием денежных средств госпароходства, нанесли вред делу. Осуждены Актюбинским облсудом 25 декабря 1937 года по 10 лет тюрьмы каждый.

Генеральным прокурором Республики Казахстан 26 апреля 1990 года оба полностью реабилитированы.

XII



**ТРЕТЬЯКОВ** Михаил Семенович — родился в 1886 году в Красноярском крае, до ареста проживал на ст. Саксаульская, работал кочегаром бани;
**ЛЕВКИН** Дмитрий Илларионович — родился в 1918 году в гор. Харбине, до ареста проживал на ст. Саксаульская, работал слесарем депо;
**БЕДАК** Александр Лукич — родился в 1916 году в Вятской губернии, до ареста проживал в ст. Саксаульская, работал машинистом парового молота.

Эти 3 гражданина арестованы и обвинены по ст. 58 УК РСФСР в том, что они систематически занимались саботажем в производстве, нанесли вред общему делу. Осуждены комиссией НКВД и Прокуратурой СССР 25 декабря 1937 года: Третьяков М. С., Левкин Д. И., Бедак А. Л. — к высшей мере наказания — расстрелу.

Генеральной прокуратурой Республики Казахстан 4 сентября 1989 года они полностью реабилитированы.

XIII

**ЧАЙКО** Михаил Григорьевич — родился в 1892 году в Оренбургской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал слесарем судоверфи,
**ЕКИМОВ** Алексей Андреевич — родился в 1898 году в гор. Шлиссельбурге, Ленинградской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал бухгалтером в Сольтресте;
**КОВАЛЬ** Куприян Спиридонович — родился в 1900 году в Одесской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал плотником острова Возрождения.

Эти 3 гражданина арестованы и обвинены по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены они тройкой УНКВД по Актюбинской области 15 сентября 1937 года к высшей мере наказания — расстрелу.
Они полностью реабилитированы 9 июля 1989 года.

## XIV

**ӘБДІҚАДЫРОВ** Елубай — Арал ауданының № 7 ауылы, Екпінді серіктігінде 1910 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, тұрақты жұмыс істемеген, 1936 жылы мал ұрлағаны үшін Арал халық соты арқылы РСФСР ҚК 162 бабымен 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, үйленбеген;
**РЫСҚҰЛОВ** Балмағамбет — Арал ауданының № 7 ауылы, Екпінді серіктігінде 1902 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, 1936 жылы Үкіметтің 1932 жылғы 7 тамыздағы заңымен тұтқынға алынып, екі ай тергеуде болған, Екпінді серіктігінде екі жылдай төрағасы болып жұмыс істеген, отызыншы жылдары Асан қарақшыларының көтерілісіне қатысқан, әйелі Жәмила, баласы Жанділда, қызы Қазипа.
1931 жылы Рысқұлов Балмағамбет пен оның әкесі Күсепов Рысқұлға бай ретінде ет тапсыру жайлы міндетті салық салынған, бірақ олар оны орындамай, Қарақалпақстанға қашып кеткен. Сол жақта жүріп олар қашып жүрген байлар — Асан қарақшыларына қосылып, Кеңес өкіметіне қарсы белсенділікпен күрес жүргізген. Олар адам тонаумен және басқа да қылмыстармен айналысқан. 1933 жылы олар өздерінің туған ауылына қайтып келген. Рысқұлов Балмағамбет ауданның бір мекемесінің бұрынғы бастығы Іскендіровтың қолдауымен Екпінді серіктігінің басқарма төрағасы болған. Өзінің әкесі Күсепов Рысқұлмен бірге серіктіктің экономикалық қуатын әлсірету жолымен оны құлатуға бағытталған жауыздық-зиянкестік әрекеттерді кең түрде жүргізген. Олар малды жаппай сойып, қыруға үгіт жүргізген, ал Әбдіқадыров Елубай Рысқұловтың нұсқауымен мал ұрлаумен айналысқан. Осылардың жауыздық-зиянкестік әрекеттерінің арқасында 1934 жылдан 1936 жылға дейін Екпінді серіктігінде 180 бас мал шығын болған.
Рысқұлов Балмағамбет тұтқынға алынып, үкіметтің 1932 жылғы 7 тамыздағы заңының негізінде сотқа берілген, бірақ іс соттан жоғалған. Рысқұлов облыстық прокуратура арқылы қамаудан босатылған. Бірақ кейінгі жауапкершіліктен қорқып, қашып тығылған.
Әбдіқадыров Елубай 1936 жылы мал ұрлағаны үшін 3 жылға сотталған, бірақ шартты түрде мерзімінен бұрын қамаудан босатылған. Ауылға қайтып келгеннен кейін Рысқұлов пен Әбдіқадыров өздерінің қылмыстық әрекеттерін одан әрі жүргізген. Рысқұловтың тапсырмасымен Әбдіқадыров 1936 жылы желтоқсан айында азамат Әбділханның үйін тонап, 1000 сомның затын алып, Рысқұловтың үйінде тығылып жатқан жерінен ұсталған, бірақ Рысқұловтың беделі арқасында тоналушы Әбділхан бұл туралы ешбір жерге хабарламаған, қайта ақсақалдық жолмен бітімге келген. Рысқұлов серіктік мүшелері арасында жеңілістік үгіт жүргізген. Ол: Кеңес өкіметі ұзақ өмір сүре алмайды, сондықтан колхоздармен күрес жүргізуіміз керек деген.
Осы қылмыстары үшін Әбдіқадыров Елубай мен Рысқұлов Балмағамбет Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 10 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 21 қазанда шығарылған.
Ақтөбе облыстық НКВД басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен Әбдіқадыров Елубай мен Рысқұлов Балмағамбет — әрқайсысы 10 жылға еңбек түзеу лагеріне сотталған.
(Әбдіқадыров Елубай НКВД-ның Ярослав облысы, Углич қаласындағы ИТЛ-на айдалған).
Қызылорда облыстық НКВД УРКМ ОУР-ның 1940 жылғы 29 тамыздағы қаулысы бойынша үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы Әбдіқадыров Елубай жөніндегі қаулысы күшінде қалдырылып, оның үштің қаулысын бұзу жөніндегі шағымы нәтижесіз тасталған.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 2 қарашадағы қорытындысымен Әбдіқадыров Елубай мен Рысқұлов Балмағамбет СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## XV

**СҮНДЕТОВ** Тақаш — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының № 7 ауылында 1904 жылы туған, қамауға алғанға дейін Арал аудандық мал дайындау мекемесінің бастығы болған;
**ЗАГРЕБИН** Пимен Платонович — родился в 1897 году в Куйбышевском крае, до ареста проживал в гор. Аральске, работал госпароходстве;
**СИНИЦИН** Василий Александрович — родился в 1883 году в Кубышевской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал в рыбохолодильном комбинате;
**МАХАМБЕТОВ** Әлдезер (Елдезер)— Арал ауданы, № 6 ауылда 1895 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда тұрған, қоғамдық еңбекпен айналыспаған;
**ҚАРАШАЕВ** Жұмаш — Арал ауданы, № 5, Октябрь ауылдық кеңесінде 1909 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған;
**ФИЛИСТЕЕВ** Петр Евдокимович — родился в 1912 году в селе Бор Уральской области, до ареста проживал в гор. Аральске;
**ЕРІМБЕТОВ** Молдаш — Арал ауданының № 9 ауылында 1893 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы аудандағы «Көгерту» колхозында тұрған.
Бұл 7 азаматқа қарсы РСФСР ҚК 58 10 бабымен қылмыстық іс қозғап, Арал аудандық НКВД бөлімі 1937 жылғы 30 маусымда қамауға алған. Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы үштігінің 1937 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен: Сүнде-

тов Тақаш, Загребин Пимен Платонович, Синицин Василий Александрович, Махамбетов Әлдезер — әрқайсысы 10 жылдан, Қарашаев Жұмаш, Филистеев Петр Евдокимович, Ерімбетов Молдаш — әрқайсысы 8 жылдан түрме жазасына сотталған.

Сүндетов Тақаш жөніндегі үштіктің қаулысы 1940 жылғы 23 наурызда бұзылып, оның әрекетінде қылмыстың белгісі жоқ деп табылып, ол ақталған. Қарашаев Жұмаш жөніндегі үштіктің қаулысын Қызылорда облыстық соның президиумы 1959 жылғы 29 қарашадағы қаулысымен бұзып, оны ақтаған. Рысқұлов, 1989 жылғы 22 мамырда — Загребин Памен Платонович, Ерімбетов Молдаш, 1989 жылғы 15 мамырда — Синицин Василий Александрович, 1988 жылғы 28 қазанда Махамбетов Әлдезер, 1996 жылғы 4 қаңтарда Филистов Петр Евдокимович толық ақталған.

## XVI

**ҚҰРМАНБАЕВ** Сары — Арал ауданы, № 9 ауылдық кеңесі, Сапақ станциясында 1894 жылы туған, кейін Жақсықылыш ауылдық кеңесі, «Аралсоль» комбинаты поселкасында тұрған, тұз өндірісінің меңгерушісі, кейіннен темір жол веткасының аға жұмысшысы болып істеген, партияда жоқ, шала сауатты, 1933 жылы УГПУ органы арқылы тұтқынға алынған, контрреволюциялық, ұлтшылдық, фашистік ұйымның мүшесі болған, сол ұйымның тапсырмасымен контрреволюциялық-террорлық үгіт жүргізген, Кеңес үкіметі мен партияның басшыларын өлтіруге ашықтан-ашық шақырған, жауыздық әрекеттермен, социалистік меншікті талан-таражға салумен айналысқан,— деп айып тағылып, Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 2 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

**БАЙБОЛОВ** Дидар Бисенұлы — Қазалы ауданының № 6 ауылында 1897 жылы туған, кейін Арал ауданының № 10 ауылында тұрып, сол ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған, 1932—1937 жылдары БКП(б) мүшесі бола тұрып, молдамен байланысы үшін партия қатарынан шығарылған, кеңес өкіметінің қас жауы ретінде, контрреволюциялық, ұлттық-фашистік ұйымның мүшесі болған, сол ұйымның тапсырмасымен контрреволюциялық үгіт жүргізіп, колхоздарда террорлық әрекеттер жасаған,— деп айыптап, Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынған. РСФСР ҚК 58 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы үштігінің 1937 жылғы 30 қарашадағы қаулысымен: Құрманбаев Сары қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, Байболов Дидар Бисенұлы — 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған. Құрманбаев Сары жөніндегі үкім сол жылғы 3 желтоқсанда орындалған.

Қызылорда облыстық соты президиумының 1957 жылғы 17 желтоқсандағы қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы үштігінің Құрманбаев Сары, Байболов Дидар Бисенұлы жөніндегі 1937 жылғы 30 қарашадағы қаулысы бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс белгісі жоқ деп табылып, іс өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың қарсылығы қанағаттандырылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысы бойынша, Құрманбаев Сары, Байболов Дидар Бисенұлы толық ақталған.

## XVII

**КУЗЬМИН** Иван Антонович — родился в 1891 году в селе Теплова, того же района, Уральской области, до ареста проживал на острове Авань, работал в рыбзаводе рабочим;

**ГУРОВ** Николай Яковлевич — родился в 1914 году в селе Новотроицкого, Кустанайской области, до ареста проживал в пос. Бугунь, работал в рыбзаводе «Бугунь»;

**ТИТКОВ** Александр Егорович — родился в 1903 году в селе Большая Ягуновка, Лушицкого района, Куйбышевской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал в рыбохолодильном комбинате в качестве приемщика;

**ШРАМКО** Никифор Иосифович — родился в 1900 году в селе Александровское, Днепропетровской области, до ареста проживал в пос. Бугунь, работал солильщиков в рыбзаводе «Бугунь»;

**ПАНЧЕНКО** Петр Федорович — родился в 1909 году в селе Буденовка, Зауралського района, Уральской области, до ареста проживал в гор. Аральске, работал помощником машиниста транспортного отдела Аральского рыбтреста.

Эти 5 граждане обвинялись в том, что являлись участниками конрреволюционной, вредительско-диверсионной группы, будучи яро, враждебно озлобленным своей высылкой занимались антисоветской, контрреволюционной, вредительской деятельностью, распространяли правокационные слухи о войне, о скором падении Советской власти, призывали трудопереселенцев к забастовкам и неподчинению Советской власти, высказывали террористические настроения по отношению к руководителям партии и правительства,— за что они Постановлением Аральского районного отдела НКВД от 10 сентября 1937 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58—7, 10, 10, 11 УК РСФСР.

Постановлением тройки при УНКВД по Актюбинской области от 14 октября 1937 года Кузьмин И. А., Гуров Н. Я., Титков А. Е., Шрамко Н. И., Панченко П. Ф. осуждены к высшей мере наказания — расстрелу. Приговор приведен в исполнение 20 октября 1937 года. Гуров Н. Я осужден к 10 годам ИТЛ.

Постановлением Президиума Кзыл-Ординского областного суда от 20 июня 1958 года — постановление бывшей тройки УНКВД по Актюбинской области от 14 октября 1937 года по делу Кузьмина И. А., Титкова А. Е., Шрамко Н. И., Панченко П. Ф., Гурова Н. Я. отменено и дела производством прекращены за недоказанностью со-

става преступления. Протест областного прокурора удовлетворен.
По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 13 мая 1997 года Кузьмин И. А., Титков А. Е., Шрамко Н. И., Панченко И. Ф., Гуров Н. Я. — на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года — реабилитированы.

## XVIII



**ПАХОМЕНКОВА** Анна Васильевна — родилась в 1905 году в дер. Тонарка, Калужского района, Московской области, Постановлением 4-го отделения ДТО ГУГБ НКВД от 5 декабря 1937 года арестована, возбуждено уголовное дело по ст. 58-6, 11 УК РСФСР; Постановлением комиссии НКВД и прокурора СССР от 25 декабря 1937 года осуждена к высшей мере наказания — расстрелу. До ареста работал ст. счетоводом ст. Саксаульская;



**ТИТОВ** Сергей Степанович — родился в 1908 году на ст. Мендухе, Сев. Манчжурии. До ареста проживал на ст. Казалинске, работал ответственным испольнителем райтрансторгпита ст. Казалинска, член ВЛКСМ, кандитат в члены ВКП(б). Арестован ДТО УГБ НКВД гор. Оренбурга 1 октября 1937 года по ст. 58-4, 6, 9, 11 УК РСФСР;



**ГЛЯУДЕЛЬ** Стефания Казимировна — родилась в 1893 году на ст. Анастасьевская, Варшавской железной дороги, полька, беспартийная, образование низшее. До ареста проживала на ст. Казалинске, работала телеграфисткой станции. Арестована 10 октября 1937 года, и возбуждено уголовное дело по ст. 58-6, 9, 11 УК РСФСР;
**МИХЕЕВА** Апполинария Ивановна — родилась в 1892 году в бывшем Красноуфимском уезде Пермской Губернии, до ареста проживала на ст. Казалинске, работала медицинской сестрой станции, беспартийная.



Все эти граждане — постановлением Комиссии НКВД и прокурора СССР от 25 декабря 1937 года осуждены к высшей мере наказания — расстрелу. Определением Военного трибунала Южно-Уральского военного округа от 21 августа 1957 года постановление Комиссии НКВД и прокурора СССР от 25 декабря 1937 года в отношении Титова С. С., Гляудель С. К., Пахоменковой А. В., Мизеевой А. И.— отменено и дело о них на Основании П. 5 ст. 4 УПК РСФСР за отсутствием состава преступления производством прекращено. Протест главного военного прокурора на постановление удовлетворен. Все они реабилитированы.

## XIX

**БЕГІМАНОВ** Аймахан — Арал ауданының № 17 ауылы, «Октябрь» колхозында 1877 жылы туған, бай-молда болған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, үйлі-жайлы, әйелі — Жамила, балалары — Әбдіғали, Сайдилла, Үрзада, Айқын, Ергізбай;
**АТТАУОВ** Ақбала — Арал ауданының № 6 ауылында 1888 (1882) жылы туған, бай-саудагер болған, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Октябрь» серіктігінде тұрған, малшы болған, 1931 жылы РСФСР ҚК-ның 61 бабымен 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға, мал-мүлкін конфискелеуге сотталған, 1936 жылы екінші рет ҚК-ның 107 бабымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, үйленген, әйелі — Раушан, балалары — Бүркітбай, Жанзақ;
Бегіманов Аймахан мен Аттауов Ақбала 1919 жылы Колчактың қарақшыларымен бірге кеңес өкіметіне қарсы күрескен, Колчактың армиясына азық-түлікпен, жем-шөппен, көлікпен, материалдық көмек көрсетуге белсенді қатысқан. № 17 ауылдық кеңестің территориясында тұрып Бегіманов пен Аттауов өзара тығыз байланыс жасап, колхоз құрылысына үнемі қарсы контрреволюциялық әрекеттермен айналысқан, партия мен үкіметтің барлық шараларына қарсы шыққан. «Октябрь» серіктестігінде бұлар рулық байлар тобын ұйымдастырған.
Бегіманов Аймахан «Күшік» деген жердің уланған жер екенін, оған мал жаюға болмайтынын біле тұра, 1937 жылдың тамыз айында қой көшіріп, соның салдарынан 63 бас мал уланып өлген.
1933—34 жылдары Бегіманов «Октябрь» серіктестігінң төрағасы болып тұрып, өкімет тарапынан көмекке деп берілген малды бай элементтеріне бөліп берген. 1937 жылы Бегіманов пен Аттауов жылқы фермасын ұйымдастыруға және серіктестіктің ауылшаруашылық уставына көшуіне белсенді түрде қарсы тұрған. 1937 жыл-

дың 10 шілдесінде қорғаныс заемына жазылу кезінде бұл екеуі контрреволюциялық үгіттер айтып, заемға жазылуға қарсы шыққан. Бұлар партия мен үкіметтің әйел теңдігі мәселесі жөніндегі шараларын бұзу жөнінде белсенді жұмыс жүргізген, әйелдерді оқытуға қарсы шыққан. Байлар тобы әртүрлі сылтаулармен шөп дайындау науқанына кедергі жасап, барлық бригаданы жұмыстан босатып, 2 күн бейіт соқтыруға жұмсаған.

Осы қылмыстары үшін Бегіманов Аймахан мен Аттауов Ақбала Арал аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған (ҚК-нің бабы көрсетілмеген).

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен:

Аттауов Ақбала 10 жылға еңбек түзету лагеріне, — Бегіманов Аймахан — 8 жылғы еңбек түзету лагеріне сотталған.

(Істе басқа қағаздар, сот үйғарулары жоқ).

Қызылордаоблыстық прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 30 қазандағы қорытындысымен Бегіманов Аймахан мен Аттауов Ақбала СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

## 1938 жылы

### I

**ПАК** Дю До — родился в 1898 году в Корее, до ареста проживал в Аманоткельском ауылном совете Аральского района, работал учителем;

**ХАН** Ки Чер — родился в 1907 году в Корее, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рабочим судоверфи Аралрыбтреста.

Оба гражданина-корейца, проживающих в гор. Аральске, отделением Аральского района НКВД арестованы в сентябре 1937 года и обвинены по ст. 58 УК РСФСР, что якобы они вели антисоветскую пропаганду, стремились к развалу производства. Осуждены они Особой тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 29 сентября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу.

Решением Генеральной прокуратуры Республики Казахстан полностью реабилитированы: Пак ДЮ ДО — 15 мая 1989 года, Хан Ки Чер — 22 мая 1989 года.

### II

**ХАН** Андрей Степанович — родился в 1896 году в Посьетском районе Приморского края, до ареста проживал в гор. Аральске, трудпереселенец;

**ДРОЗД** Федор Аркадьевич — родился в 1903 году в Уссурийском районе ДВК, до ареста проживал в гор. Аральске, член ВКП(б), работал наборщиком типографии.

Оба гражданина разных национальностей, проживающих в гор. Аральске, арестованы отделением Аральского района НКВД и обвинены по ст. 58 УК РСФСР, за то что они якобы вели антисоветскую пропаганду, стремились к развалу экономики. Осуждены они Особой тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 17 октября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу.

Решением Генеральной прокуратуры Республики Казахстан оба гражданина полностью реабилитированы 22 мая 1989 года.

### III

**НОГАЙ** Сан Чер — родился в 1897 году в Корее, до ареста проживал в гор. Аральске, работал плотником госрыбтреста;

**ХВАН** Сун Бон — родился в 1909 году в Корее, до ареста проживал в гор. Аральске, работал в научной станции «ВНИРО».

Оба гражданина-корейца, проживающих в гор. Аральске, арестовали и обвинили по ст. 58 УК РСФСР работники отделения НКВД Аральского района. Якобы они вели антисоветскую пропаганду, стремились к развалу экономики района и страны. Осуждены они Особой тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 9 октября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу.

Оба гражданина-корейца решением Генеральной прокуратуры Республики Казахстан полностью реабилитированы 22 мая 1989 года.

### IV

**АМАНБАЕВ** Жаймағамбет — № 10 ауылда 1882 жылы туған, арабша сауатты, партияда жоқ, кейін Бөген ауылдық кеңесінде тұрған, «Қызыл жар» серіктестігінің мүшесі болған, бұрын ірі бай, болыс болып, шаруаларды қанаған деп 1930 жылы мал-мүлкі тәркіленген, сол жылы жұртшылық арасында Кеңес өкіметінің саясатын орындамауға шақырып, контрреволюциялық үгіт жүргізген, Кеңес өкіметіне қарсы элементтерден қарақшылар тобын жасақтаған, сөйтіп жауыздық әрекеттер жасаған деп, айыпталып, 7 жылға сотталған. Айып мерзімін өтемей қашып шығып, қайтадан Арал ауданына келіп әртүрлі жауыздық әрекеттер жасады деп екінші рет ұсталып, 7 ай түрмеде отырып шығады. «Аралсульфат» комбинатында жұмыс істеп жүріп тағы да жұмысшылар арасында Кеңес өкіметін, Сталиндік конституцияны жамандап, үгіт жүргізді, өндірістік жоспарды орындамауға, өндірісті тастап кетуге өзгелерді үгіттеді, соның салдарынан 35 жұмысшы өндірісті тастап кетуі салдарынан өндірістік жоспар орындалмай қалды. Комбинатты тастап, қайтадан «Қызыл жар» серіктестігіне келіп ашаршылық жайлы, соғыс жайлы, Кеңес өкіметінің соғыста құлайтыны жайлы жауыздық хабарлар таратты, — деген айыптар тағылып, Арал аудандық НКВД бөлімі оны 1937 жылғы 5 қарашада тұтқынға алып, қайтадан қылмыстық іс қозғаған;

**ЖҮСІПОВ** Шүйіншіәлі — № 12 ауылда 1867 жылы туған, бұрынғы бай, жалшылар ұстаған, бандылар қозғалысына қатысқаны үшін 1931

жылы 10 жыл бас бостандық еркінен айырылған. Оған қайтадан контрреволюциялық үгіт жүргізді, ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшесі болды, балық аулау жоспарын әдейі орындамады,— деген айыптар тағылып, 1938 жылғы 25 қаңтарда Арал аудандық НКВД бөлімінің қаулысымен тұтқынға алынған;

**ЖҮГІНІСОВ** Қапан — № 9 ауылда 1882 жылы туған, сауатсыз, бұрын бай болып, жалшы ұстаған, 1928—1930 жылдары әдейі зұлымдықпен айналысты, қашып кетіп, кезінде жазаланбай қалды, қарақшылар қозғалысын белсенді ұйымдастырушы, контрреволюциялық диверсиялық ұйымның белсенді мүшесі болды, халық жауларымен байланыста болды, теміржолда істейтін жұмысшылар арасында үгіт жүргізіп, 1937 жылғы 7 қарашада соның тапсырмасымен үлкен теміржол апаты жасалды, — деген айып тағылып, Арал аудандық НКВД бөлімі оны 1938 жылғы 25 қаңтарда қамауға алған;

**БАЙШОРАЕВ** Сүндет — № 5 ауылда 1904 жылы туған, балықшы болып істеген. Арал аудандық НКВД бөлімі оған да жоғарыдағыдай айыптар тағып, 1937 жылдың соңғы айында қамауға алған.

Бұл 4 азамат жайлы Арал аудандық НКВД бөлімі жинақтаған құжаттар қолына тисімен, Ақтөбе облыстық НКВД басқармасынаң үштігі Аманбаев Жаймағамбетті 1937 жылғы 20 қарашада ең жоғары қылмыстық жаза — атуға бұйырып, ол бұйрық 20 қарашада орындалған. Жүсіпов Шүйіншіәлі, Жүгінісов Қапан, Байшораев Сүндет жайлы 1938 жылғы 2 ақпанда ең жоғары қылмыстық жаза — ату жайлы өкім шығарып, ол бұйрық та мезгілінде орындалған.

Аманбаев Жаймағамбет, Жүгінісов Қапан 1989 жылғы 16 қаңтардағы ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының указына сай, республиканың Бас прокуроры 1989 жылғы 20 қарашада толық ақтаған, ал Жүсіпов Шүйініщәлі, Байшораев Сүндет облыстық прокурордың ұйғарымымен 1989 жылғы 22 мамыр күні толық ақталған.

## V

**БУСЫГИН** Георгий Клеоникович — родился в 1890 году в селе Литево, Ртищевского района, Пензенской области, русский, беспартийный, образование средне-техническое, окончил курсы мореходного, с 1919 по 1921 год состоял членом ВКП(б), до ареста проживал в гор. Аральске, работал зав. техническим отделом и зам. главного инженера судостроительного завода Аральского госпароходства, арестован 2 января 1938 года, обвинен по ст. 58-7, 11 УК РСФСР, переквалифицирован на ст. 58-1 «а» УК РСФСР.

**КОЛОКОЛЬНИКОВ** Александр Григорьевич — родился в 1885 году в селе Терсы, Еланского района, Сталинградской области, русский, беспартийный, по состоянию торговец, в 1928 году лишался избирательных прав голоса, в 1930 году арестовывался органами ОГПУ НКВД в гор. Термезе, после 4-х месячного заключения был освобожден, с 1932 года до ареста работал в системе Аральского госпароходства в должности начальника судоподъемного цеха. Ставленник Бусыгина, арестован 28 января 1938 года, обвинение предъявлено по ст. 58-7, 10, 11 УК РСФСР;

**ЗЛОТСКИЙ** Петр Кузьмич — родился в 1901 году в гор. Геничевске, Таврической губернии, русский, беспартийный, по соц. положению судовладелец, ранее судим по ст. 106 УК РСФСР на один год к принудительным работам, до ареста работал в Аральском госпароходстве в должности помощника начальника пристани, арестован 2 января 1938 года, обвинение прдъявлено по ст. 58-7, 10 УК РСФСР;

**ФОНЯКОВ** Павел Григорьевич — родился в 1904 году в гор. Тобольске, Уральской области, русский, беспартийный, образование средне-техническое, в 1925 году окончил техникум водных путей сообщения, сын крупного купца, вместе с отцом до 1930 года занимался торговлей, в 1930 году раскулачены, до ареста работал в системе Аральского госпароходства в должности главного диспетчера, арестован 28 января 1938 года, обвинение предъявлено по ст. 58-7, 9, 11 УК РСФСР;

**АФАНАСЬЕВ** Борис Петрович — родился в 1905 году в гор. Куйбышеве, русский, образование среднее, беспартийный, происходит из мещан, не судим, старший брат находится за границей, до ареста работал в системе Аральского госпароходства в должности начальника коммерческой группы, арестован 2 января 1938 года, обвинение предъявлено по ст. 58-7, 10 УК РСФСР;

**ДОРОХИН** Иван Васильевич — родился в 1879 году в хут. Калачево, Филоновской станицы, Донской области, русский, беспартийный, бывший торговец, в 1929 году лишался избирательных прав, до ареста проживал в гор. Аральске, работал рабочим судоподъемного цеха госпароходства, в 1935 году судим за невыполнение твердого задания по мясоналогу;

**КОРОЛЕВ** Михаил Николаевич — родился в 1889 году в дер. Бугульчан, Стерлитамакского района, Башкирской АССР, русский, образование начальное, служащий, в 1929 году при чистке партии из членов ВКП(б) исключен, в 1933 году судим по ст. 109 и 111 УК РСФСР, до ареста работал экспедитором пристани Аральское море;

**ДЕРЮГИН** Степан Никандрович — родился в 1903 году в дер. Тула, Серочинского района, Оренбургской области, с 1927 года состоял членом ВКП(б), исключен из партии в связи с этим делом, до ареста работал инспектором охраны труда при Баскомрече Аральского госпароходства;

**РИМСКИЙ-КОРСАКОВ** Георгий Константинович — родился в 1907 году в гор. Кирове, Одесской области, УССР, русский, служащий, беспартийный, с высшим образованием, происходит из дворян, в 1933 году состоял под следствием, до ареста работал нач. механико-судовой службы Аральского госпароходства, арестован 8 июня 1938 года;

**БАГРЕЦОВ** Яков Яковлевич — родился в 1898 году в селе Кизильское, Верхне-Уральского уез-

да, Оренбургской губернии, русский, с 1918 по 1926 год состоял членом в ВКП(б), исключен из партии в связи с растратой, вторично вступил в ВКП(б) в 1937 году, иключен в связи с данным делом, судим в 1929 году за растрату к 2 годам лишения свободы, до ареста работал линейным механиком Аральского госпароходства, арестован 3 июня 1938 года;

**МАЛЬКОВ** Иван Михайлович — родился в 1894 году в селе Черноречинское, Бузулукского района, Оренбургской области, русский, с 1919 по 1929 год состоял в ВКП(б), исключен за пьянство, с 1917 по 1918 год состоял в партии эсеров, судился по ст. 74 УК РСФСР на 1 год 6 месяцев, до ареста работал механиком парохода госпароходства;

**КОНЧАЛИН** Петр Иванович — родился в 1908 году в гор. Алатырь, Чувашской АССР; из семьи служителя религиозного культа, русский, служащий, образование нижесреднего, исключен из ВКП(б), до ареста работал начальником группы нормирования судоремонтного завода;



**КОРОБКОВ** Михаил Иванович — родился в 1904 году в гор. Ленкорань, Азербайджанской ССР, русский, из семьи баптиста, владельца мельницы, служащий, образование высшее, беспартийный, до ареста работал начальником материально-технического снабжения Аральского госпароходства;

**ЩЕТИНИН** Иван Игнатьевич — родился в 1907 году в селе Вологодская Балка, Северо-Кавказского края, русский, член ВКП(б) с 1932 года, в 1936 году исключен за утерю партбилета, образование высшее, до ареста работал главным инженером судоремонтного завода Аральского госпароходства, арестован 12 июня 1938 года;

**МАСЛЕЕВ** Николай Яковлевич — родился в 1913 году в гор. Саратове, русский, служащий, образование высшее-техническое, член ВЛКСМ, работал прорабом нового судостроения в Аральском госпароходстве;

**БУБЯКИН** Василий Матвеевич — родился в 1895 году в селе Киясово, Саракульского района, Уральской области, русский, служащий, с 1929 года член ВКП(б), исключен в июне 1938 года по данному делу, до ареста работал парторгом ЦК ВКП(б) при Аральском госпароходстве, арестован 8 июня 1938 года;

**ДЕВЯТКИН** Дмитрий Васильевич — родился в 1901 году в селе Медведка, Тоцкого района, Куйбышевской области, русский, служащий, образование начальное, член ВКП(б) с 1928 года, работал начальником пристани Аральск, арестован 14 июня 1938 года;

**ОСБАЛЬД** Юрий Маркович — родился в 1898 году в гор. Вала, Англия, по национальности венгр, с 1910 года проживал в гор. Будапеште, в Россию прибыл в 1916 году в качестве военнопленного, с 1918 по 1921 год состоял в ВКП(б), выбыл механически, с 1917 по 1924 год служил комендантом ВЧК ОГПУ в гор. Турткуле, до ареста работал инспектором судонадзора Аральского госпароходства;

**СЕЕЛИГСОН**, он-же Зеликсон Николай Феликсович — родился в 1898 году в гор. Варшаве, по национальности немец, образование высшее, беспартийный, в 1920 году служил в Польской армии в чине прапорщика, в том же году нелегально переброшен с СССР на пароходе «Штейгервальд», в Варшаве вместе с отцом имел обувную мастерскую, с применением наемной рабочей силы, с 1920 года состоял членом ВКП(б), исключен в 1936 году в момент партпроверки, до ареста работал протензионистом в Аральском речном пароходстве;

**СКОПЦОВ** Иван Перфирьевич — родился в 1900 году в селе Скрябино, Камышинского района, Саратовской области, русский, беспартийный, в 1929 году состоял под судом, до ареста работал начальником механического цеха судоремонтного завода Аральского госпароходства;

**КАПЛАН** Павел Израйлович — родился в 1905 году в местечке Зельба, Польша, по национальности — еврей, сын торговца, с высшим образованием, в Польше имеет родственников, с которыми поддерживал письменную связь, член ВКП(б) с 1927 года, в 1937 году исключен за троцкизм, родственники репрессированы, как враги народа, до ареста работал начальником планового отдела госпароходства, арестован 14 июня 1938 года.

Постановлением Следственной части НКВД Казахской ССР от 3 мая 1939 года следственное дело по обвинению Бусыгина Г. К., Колокольникова А. Г., Фонякова П. Г., Багрецова Я.Я., Римского-Корсакова Г. К., Щетинина И. И., Девяткина Д. В., Каплан П. И. объединено в одно дело.

Материалами следствия установлено, что выше перечисленные 21 граждане состояли членами антисоветской право-троцкистской вредительской организации, на протяжении ряда последних лет занимались явно вредительско-диверсионной деятельностью, в основном направленной на подрыв мощи системы госпароходства, путем производства вредительских работ по судостроению, срыва и затяжки пароходов в ремонте, сверхплановой затраты времени и средств при спуске пароходов, тем самым наносили громадный ущерб государству. По линии снабжения и переброски грузов также производили явное вредительство, путем заражения хлеба, допускали обезличку грузов, смешивание экспорт хлопкового семян с недоброкачественным, не своевременный завоз пром. и прод. товаров для снабжения населения, простой судов, громадные потери и порчи грузов, создавали недовольства среди рабочих, путем непосильного труда и неосновательного увольнения рабочих с работы и ряда других фактов.

Приговором Военного трибунала Пограничных и внутренних войск Казахской ССР от 17 октября 1938 года Колокольников Александр Григорьевич осужден к высшей мере наказания — расстрелу. В порядке ст. 204 п «б» и 161 УПК уголовное преследование по отношению остальных перечисленных лиц за отсутствием состава преступных деяний в их действиях производством прекращено, и они из-под стражи освобождены. Дело по отношению Каплан Павла Израйловича уголовное преследование выделено в особое производство для дальнейшего расследования.

Определением Военной коллегии Верховного Суда СССР от 23 марта 1939 года приговор Военного трибунала ПВО Казахской ССР от 17 октября 1938 года в отношении осужденного к расстрелу А. Г. Колокольникова отменено с направлением дела на доследование со стадии предварительного следствия.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 21 ареля 1997 года: Г. К. Бусыгин, А. Г. Колокольников, П. К. Злотский, П. Г. Фоняков, Б. П. Афанасьев, И. В. Дорохин, М. Н. Королов, С. Н. Дерюгин, Г. К. Римский-Корсаков, Я. Я. Багрецов, И. М. Мальков, П. И. Кончалин, М. И. Коробков, И. И. Щетинин, Н. Я. Маслеев, В. М. Бубякин, Д. В. Девяткин, Ю. М. Оббальд, Н. Ф. Сеелигсон, И. П. Скопцов, И. Каплан на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года реабилитированы.

## VI

**МҰЗДЫБАЕВ** Жолдас — Арал ауданының № 2 ауылдық кеңесінде 1899 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, ірі бай болған, адам жалдаған, 1938 жылы «Құмсай» колхозының төрағасы болып істеген кезінде колхозды түгелдей құлатқаны, мал басын құртқаны үшін 7 адамның бірі болып, 10 жыл бас бостандығы еркінен айырылған;

**МҰЗДЫБАЕВ** Амандос — № 2 ауылдық кеңесте 1902 жылы туған, «Құмсай» колхозында колхозшы болған.

Бұл 2 азамат Кеңес үкіметінің қас жауы ретінде Арал ауданының № 6 ауылында тұрғанда контрреволюциялық-ұлттық ұйымның мүшесі болған, колхозшылар арасында үнемі жауыздық-дұшпандық пиғылда колхоз құрылысын құлатуға күш салған. Олар үнемі Кеңес үкіметі мен Компартияны жамандап, олардың жүргізіп отырған саяси-шаруашылық науқанын бұзу бағытында үгіт жүргізген,— деп айып тағылып, Арал аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 22 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Ақтөбе облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 2 ақпандағы қаулысымен Мұздыбаев Жолдас — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, ал Мұздыбаев Амандос 10 жыл бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

Қызылорда облыстық КГБ басқармасы тергеу бөлімшесінің 1957 жылғы 18 сәуірдегі қаулысымен Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 2 ақпандағы қаулысы бұзылып, ағайынды Жолдас және Амандос Мұздыбаевтардың іс әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан олар туралы іс қысқартылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысы бойынша, Жолдас және Амандос Мұздыбаевтар Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 наурыздағы Заңы бойынша толық ақталған.

## VII

**ӘЛМАҒАМБЕТОВ** Бегәлі — Арал ауданының Аралқұм станциясында 1912 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін Аралқұм станциясында стрелочник болып істеген.

**ӨТЕГЕНОВ** Шонай — Арал ауданы, № 9 ауыл, № 89 разъезде 1913 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін осы разъезде стрелочник болып істеген.

**ЕРМАҒАМБЕТОВ** Қошан — Арал ауданының № 2 ауылында 1910 жылы туған, кейін Аралқұм станциясында тұрған, шала сауатты, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін Аралқұм станциясында стрелочник болып жұмыс істеген.

Айыптау қорытындысы бойынша: жоғарыда аттары аталған айыпкерлер Аралқұм станциясында ұйымдасып, қасақана үкімет пен партияның саясатына қарсылық көрсеткен. 1938 жылдың ішінде Әлмағамбетов бірнеше рет теміржол қызметкерлерінің арасында өткізіліп жатқан ликбез оқуын таратып жіберген, сол жылы 3 қазан күні әйелдер жиналысына бұл үшеуі мас болып барып таратып жіберген. Соның ішінде Әлмағамбетов пен Өтегенов екеуі үкімет пен партияның басшыларына тіл тигізіп, жаман сөздер айтқан. Сол күні кешке болып жатқан комсомолдардың саяси сабығына барып ұрыс шығарған, сабақты өткізбей, таратып жіберген. Бұл үшеуі лекбез мұғалімдерін, әйелдер жиналысын, комсомол оқуын өткізіп жатқан адамдарды сабаған және оларға қатынасқан бір әйелді және бір комсомолды сабаған. Үкімет басшыларының портреттерін бүлдірген, кітаптарды далаға лақтырған. Міне осы қылмыстары үшін оларды Қазалы станциясы ОДТОГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 13 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 бабының 1 тармағымен қылмыстық іс қозғаған.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 24 қаңтардағы үкімімен айыпкерлер Әлмағамбетов пен Өтегеновті ҚК 58 бабының 10-1 тармағымен айыпты деп тауып, әрқайсысын 5 жылға бас бостандығынан айыруға, жазаларын өтегеннен кейін әрқайсысын 2 жылға саяси құқығынан жоюға соттаған. Ермағамбетовты ҚК 74 бабының 2 тармағымен айыпты деп тауып, 6 ай еріксіз жұмысқа сотталған, тұтқында болған күндерін есептеп, жазасын өтеді деп санап, тұтқыннан босатылған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 24

ақпандағы үйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 24 қаңтардағы үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты президиумының 1965 жылғы 30 наурыздағы қаулысымен, Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 24 қаңтардағы үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 24 ақпандағы Әлмағамбетов Бегәлі мен Өтегенов Шонай жөніндегі үйғаруы өзгертіліп, олардың әрекетін ҚК 85 бабының 10 тармағы 1 бөлімшесінен ҚК 74 бабының 2 тармағына ауыстырылған, сол баппен олардың жазасын 2 жыл бас бостандығы еркінен айыруға үйғарып, олардың соттылығы алынып тасталды деп есептеген.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының бұл жөніндегі наразылығы қанағаттандырылған.

## 1940 жылы

**МАКСИН** Герасим Романович — родился в 1896 году в гор. Казалинске, до ареста проживал в пос. Камышлы-Баш, работал десятником угольного склада;

**ҚҰЛЖАНОВ** Бәйімбет — № 16 ауылда 1890 жылы туған, қамауға алғанға дейін Сексеуіл стансасында тұрған, мектеп күзетшісі болып істеген;

**БЕКМҰРЗАЕВ** Сақташ — № 16 ауылда 1895 жылы туған, қамауға алғанға дейін Сексеуіл стансасында тұрған, материалдық заттар қоймасында күзетші болған;

**ИСАЛДАЕВ** Ерке — Қамыстыбас поселкасында 1883 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Қызыл ту» колхозында колхозшы болған;



**ЕҢСЕПОВ** Мырзағали — Қамыстыбас поселкасында 1908 жылы туған, қамауға алғанға дейін Бекбауыл стансасында стрелочник болып істеген;

**ТРИФОНОВ** Петр Егорович — родился в 1897 году в Куйбышевской области, до ареста проживал на ст. Камышлы-Баш, работал машинистом водокачки.

Эти 6 граждане районным отделением НКВД арестованы в июне 1940 года и обвинены по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены Особым совещанием при НКВД 22 июня 1940 года: Максин Герасим Романович — к 8 годам лишения свободы, все остальные — к 5 годам лишения свободы.

Определением Генерального прокурора Республики Казахстан полностью реабилитированы: Максин Г. Р.,— 7 августа 1989 года, все остальные — 9 августа 1989 года.

## 1941 жылы



**ӨТЕТІЛЕУОВ** (Ұзақбаев) Бодық — Арал ауданы, № 9 ауылдың Шөмішкөл деген жерінде 1863 жылы туған, кейін Бекбауыл станциясы территориясындағы Нұрша деген жерде тұрған, бай, молда, ауыл старшинасы болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған. 1932 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, Арал ауданындағы Куйбышев атындағы колхозға берілген, қуғын-сүргіннен қашып Қарақұмға барып тығылған. 1934 жылы сол жақтан ауылына Өтетілеуов деген фамилиямен қайтып келген, қамауға алғанға дейін № 87 Алтықұдық разъезінде тұрған. Әйелі — Ділда, екінші әйелі Жұбатқан, балалары — Смайыл, Баташ, Канишин, Нұржан, қыздары — Сұрухан, Дариха;

**КӨРПЕБАЕВ** Төлепберген — Арал ауданының



бұрынғы № 2, кейінгі № 8, Қарақұм ауылдық кеңесінде 1910 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, № 11 жол дистанциясы, № 87 Алтықұдық разъезінде жол бригадирі болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, әйелі Қымбат.

Өтетілеуов — Ұзақбаев Бодық 1932 жылы малмүлкі конфискаланғаннан кейін ашықтан-ашық кеңес өкіметіне қарсы екенін білдіріп, оның жүргізіп жатқан шараларына қарсы белсенді түрде күрес жүргізе бастаған. Ол кеңес өкіметіне жауыздық пікірде болып, өзінің жақын туысы Көрпебаев Төлепбергенді кеңес өкіметіне қарсы жолға көндірген. Ол екеуі қамауға алынғанға дейін кеңес өкіметіне қарсы жеңілістік үгіт жүргізген. Көрпебаев партия қатарында бола тұрса да, Өтетілеуов — Ұзақбаевтың талап етуімен Сталиннің, Ворошиловтың және Ждановтың ілулі тұрған портреттерін жұлып алып, отқа жаққан.

Өтетілеуоів — Ұзақбаев колхозшыларды колхоздан жаппай шығуға үгіттеп, оларды колхоз туралы түрлі провокациялық сөздермен қорқытқан. Ол 1939 жылдан бастап күнделікті өзінің туысы Көрпебаевты кеңес өкіметіне қарсы рухта әрекет жасап, өзінің жағына тартқан. 1940 жылы бұл екеуі артта қалған қазақ жұртшылығының арасында кеңес өкіметін құлату, СССР-да капиталистік құрылысты орнату туралы құдайға құлшылық

жасау жиынын өткізіп, оны кеңес өкіметіне қарсы түрлі жала жабу және капиталистік құрылысты мадақтау үшін пайдаланған.
1941 жылы фашистік Германия СССР-ға қарсы соғыс ашқан кезде Қызыл Армияның уақытша жеңілістеріне қуанып, № 87 разъезде кеңес өкіметіне қарсы белсенді жеңілістік үгіттер жүргізіп, кеңес өкіметі жақын арада құлайды деп сәуегейлік айтқан. 1941 жылдың 20 шілдесінде Өтетілеуов-Ұзақбаев тұрғындардан радиоқабылдағышты алған кезеңін пайдаланып, провокациялық лақаптар таратып, коммунистік партия мен кеңес өкіметіне жала жапқан. 1941 жылдың тамыз айында ол халық арасында соғыс басталуына байланысты үрейленушілік туғызып, кеңес өкіметіне жала жауып, жақын арада СССР-да ашаршылық болады-мыс деп үрей туғызған. Осыған байланысты ол жұртшылықты жаппай азық-түлік сатып алуға шақырған.
1940 жылдың тамыз айында Көрпебаев өзінің үйінде Өтетілеуов-Ұзақбаевқа коммунистік партия қатарына жауыздық мақсатта кіргенін айтқан. 1940—1941 жылдары Көрпебаевтың үйінде Өтетілеуов-Ұзақбаев бірнеше рет құдайға құлшылық жасап, кеңес өкіметіне қарсы әңгімелер айтылған.
Осы қылмыстары үшін Өтетілеуов-Ұзақбаев Бодық пен Көрпебаев Төлепберген 1941 жылдың 4 және 17 желтоқсандарғы Қазалы станциясының ОТО НКВД-ның қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімшесімен қылмыстық жауапқа тартылған. Тергеу ісі 1942 жылдың 28 ақпанында бітіп, айыптау қорытындысы 1 наурызда шығарылған.
Орынбор теміржолы Әскери трибуналының 1942 жылғы 10 шілдедегі үкімімен Өтетілеуов-Ұзақбаев Бодық, Көрпебаев Төлепберген — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқығын жоюға сотталған. Үкім түпкілікті, шағым беруге жатпайды делінген.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1990 жылғы 26 сәуірдегі үйғаруымен — Орынбор теміржолы Әскери трибуналының Өтетілеуов-Ұзақбаев Бодық және Көрпебаев Төлепберген жөніндегі үкімі бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан іс мүлдем қысқартылған.
Қазақ ССР Прокуроры бірінші орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

## 1942 жылы

### I

**АМАНБАЕВ** Сәрсен — Арал ауданы, № 12 ауылда 1900 жылы туған, қамауға алғанға дейнін осы ауылда тұрған;
**ТІЛЕУОВ** Нысанғали — Арал ауданының № 8 ауылында 1907 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;
**БЕКАЙДАРОВ** Шанбай — Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1903 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;
**ЕРӘЛИЕВ** Нарбай — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1901 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;
**ҚАРАБАЕВ** Асқар — Жалағаш ауданының № 15 ауылында 1924 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;
**АБДУЛЛАЕВ** Сағит — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы № 27 ауылда 1916 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;
**БАРМАҚОВ** Ыдырыс — Қармақшы ауданы, № 9 ауылда 1909 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;
**БАЙКӨБЕКОВ** Асқар — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, № 27 ауылда, 1880 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған.
Бұл 8 азаматқа қарсы қылмыстық іс қозғалып, қамауға алынған. Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 20 желтоқсандағы үкімімен: Аманбаев Сәрсен, Тілеуов Нысанқали, Бекайдаров Шанбай — әрқайсысы 10 жылдан, Ерәлиев Нарбай, Қарабаев Асқар, Абдуллаев Сағит, Бармақов Ыдырыс — әрқайсысы 7 жылдан, Байкөбеков Асқар — 3 жыл түрме жазасына сотталған.
Қазақстан Республикасы Бас прокурорының шешімімен: Аманбаев Сәрсен, Тілеуов Нысанғали, Бекайдаров Шанбай, Ерәлиев Нарбай — 1995 жылғы 1 желтоқсанда, Қарабаев Асқар, Абдуллаев Сағит, Бармақов Ыдырыс, Байкөбеков Асқар — 1996 жылғы 1 желтоқсанда толық ақталған.

### II





**СҮЙКІМБАЕВ** Шұңғыл — Арал ауданы № 8 ауыл, Қарақұм ауылдық кеңесі, «Аралкұм» колхозында 1882 жылы туған;
**ҚАРАБАЛАЕВ** Мұқыш — сонда 1892 жылы туған.
Бұл 2 азамат НКВД-ның Арал аудандық бөлімінің 1942 жылғы 22 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімі, 58 бабының 11 тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық соты көшпелі сессиясының 1942 жылғы 26 желтоқсандағы үкімімен Сүйкімбаев Шұңғыл, Қарабалаев Мұқыштың екеуін де айыпты деп тауып, 10 жылға бас бостандығынан айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқығынан айыруға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 25 қаңтардағы үйғаруымен облыстық сот үкімі күшінде қалдырылған.

СССР Жоғарғы сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 3 сәуірдегі үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін, Қазақ ССР Жоғарғы сотының үйғарымын бұзып, істі қайта тергеуге жіберген. Қызылорда облыстық НКГБ басқармасы тергеу бөлімінің 1943 жылғы 18 желтоқсандағы қаулысымен, УПК-ның 4 бабының бірінші тармағына сәйкес Сүйкімбаев Шүңғыл, Қарабалаев Мұқыштың екеуі де түрмеде қайтыс болуына байланысты қылмысты іс қысқартылған.

### III



**ӘЛМАҒАМБЕТОВ** Жұмаш — Арал ауданы, № 8 ауыл, Қарақұм ауылдық кеңесіндегі «Аралқұм» колхозында 1879 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда бақташы болып жұмыс істеген;

**ДӘУҚАРАЕВ** Жоламан — Қарақұм ауылдық кеңесі, «Аралқұм» колхозында 1894 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы колхозда колхозшы болған.

Осы екі топтамадағы аттары атап көрсетілген Сүйкімбаев Шүңғыл, Қарабалаев Мұқыш, Әлмағамбетов Жұмаш, Дәуқараев Жоламанға мынандай жалпы айыптау қойылған: олар ұлы Отан соғысы басталған күннен бастап төртеуі өзара бірігіп, халық арасында халықты үрейлендіретін контрреволюциялық өсектер таратқан, өзара ұйым ашып, осы соғыста Германия жеңеді деп санап, өздерінше колхоздың мал-мүлкін өзара бөліп алуға жоспар жасаған, осы мақсатта Әлмағамбетов пен Сүйкімбаев колхоз фермасындағы қойларға өзара бөліп алу үшін өз ендерін салған. Айыпкерлердің 1942 жылғы 7 мамырдағы өзара мәжілісінде колхоз малдарын таратып алуда Әлмағамбетовты бастық етіп сайлаған. Бұдан басқа айыпкерлер халық арасында үкімет пен партияның басшылары туралы өтірік-өсектер таратып, тілдерін тигізген.

Міне осы айыптауларға сәйкес.

Арал аудандық НКВД бөлімінің 1942 жылғы 6 тамыздағы қаулысымен Әлмағамбетов Жұмаш тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, II бөлімі, 58 бабының 11 тармағы бойынша қылмысты жауапқа тартылған. Аудандық НКВД бөлімі Дәуқараев Жоламанды 1942 жылғы 22 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алып, дәл осы ҚК баптары бойынша қылмысты жауапқа тартқан.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1942 жылғы 26 желтоқсандағы үкімімен Әлмағамбетов Жұмашты айыпты деп санап, сол РСФСР ҚК 58-2 бабымен қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға соттаған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын коллегиясының 1943 жылғы 25 қаңтардағы үйғаруымен облыстық соттың үкімін күшінде қалдырған.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 17 ақпандағы жабық мәжілісінде Әлмағамбетов Жұмаштың ату жазасына сотталған үкімін жеңілдету туралы берген өтініші қаралып, ату жазасын 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 5 жыл саяси құқығын жоюға өзгерткен.

ССРО Жоғарғы сотының қылмысты істерді қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 3 сәуірдегі үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін, Қазақ ССР Жоғарғы сотының үйғаруын бұзып, істі қайта тергеуге жіберген. Қазақ ССР Жоғарғы соты пленумының 1943 жылғы 1 тамыздағы № 14 қаулысымен қылмыстық іс қысқартылған, Әлмағамбетов Жұмаш қамаудан босатылған. Қазақ ССР Прокуратурасы мұнымен келіскен.

Ал Дәуқараев Жоламан жайлы сөз етсек, Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1942 жылғы 26 желтоқсандағы үкімімен оны айыпты деп тауып, 10 жылға бас бостандығынан айыруға, 5 жыл сайлау-сайлану құқығын айыруға соттаған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істерді қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 25 қаңтардағы үйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырған. ССРО Жоғарғы Сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 3 сәуірдегі үйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының үкімін, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының үйғарымын бұзып, істі қайта тергеуге жіберген. Қызылорда облыстық НГКБ басқармасының тергеу бөлімінің 1943 жылғы 28 желтоқсандағы қаулысымен, УПК-ның 204 бабының «б» тармағына сүйеніп, істі қысқартып, қамаудан босатқан. Бұл қаулыны Қазақ ССР НКГБ мен Қазақстан прокуратурасы келісіп, бекіткен.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 28 сәуірдегі қорытындысымен, Сүйкімбаев Шүңғыл, Қарабалаев Мұқыш, Әлмағамбетов Жұмаш, Дәуқараев Жоламан — Қазақстан республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

### IV

**КУШНИКОВ** Иван Дмитриевич — родился в 1876 году в гор. Туле, до ареста проживал в гор. Аральске, работал токарем;

**МЕЛЬНИКОВ** Емельян Григорьевич — родился в 1875 году в селе Моконец, Тульской области, до ареста проживал в гор. Аральске;

**БОРИСОВ** Александр Иванович — родился в 1876 году в селе Скопан, Тульской области, до ареста проживал в гор. Аральске;

**РОЖКОВ** Николай Иванович — родился в 1889 году в селе Пуцково, Тульской области, до ареста проживал в гор. Аральске.

Эти 4 гражданина арестованы и обвинены по ст. 58-2 УК РСФСР. Приговором Кзыл-Ординского

областного суда от 28 ноября 1942 года все четверо осуждены к высшей мере наказания — расстрелу.

Генеральным прокурором Республики Казахстан 11 декабря 1995 года они полностью реабилитированы.

V

**КЮЛЬ** Хари Карлович — родился в 1917 году в гор. Таллине, Эстонской ССР, эстонец, до ареста проживал в Аральском районе, работал старшим матросом рыбзавода «Уялы»;

**ЛЕППИК** Вольдемар — родился в 1907 году на острове Даго, Эстонской ССР, эстонец, до ареста проживал в Аральском районе, работал матросом рыбзавода «Уялы»;

**ОЛЬМРЕ** Эвальд Примович — родился в 1905 году на острове Тагу, Гейнской области, до ареста проживал в Аральском районе, работал кочегаром рыбзавода «Уялы»;

**ТАММАН** Карл Якобич — родился в 1912 году в гор. Вильяда, Эстонской ССР, эстонец, до ареста проживал на острове Уялы, работал рабочим в рыбзаводе;

**МАДИСОН** Артур Густович — родился в 1911 году в гор. Екатеринбурге, до ареста проживал в Аральском районе, работал рабочим в рыбзаводе «Уялы»;

**РАНД** Арсений Александрович — родился в 1911 году в гор. Теркуе, Эстонской ССР, эстонец, до ареста проживал в Аральском районе, работал старшим кочегаром рыбзавода «Уялы»;

**СУТТО** Август Августович — родился в 1918 году в гор. Екатеринбурге, работал рабочим в рыбзаводе «Уялы»;

**ИААК** Оскар Эдуардович — родился в 1909 году в гор. Тарту, Эстонской ССР, до ареста проживал в Аральском районе, работал рабочим в рыбзаводе «Уялы»;

**ШИРМЕР** Эткар Карлович — родился в 1923 году в Кудрлкевском районе, Эстонской ССР, до ареста проживал в Аральском районе, работал рыбаком в рыбзаводе «Уялы»;

**ВАЛЬДЕ** Хельда Александрович — родился в 1924 году в гор. Таллине, Эстонской ССР, эстонец, до ареста проживал в Аральском районе, работал матросом рыбзавода «Уялы».

Этих 10 граждан-эстонцев арестовали, обвинили по ст. 58 УК РСФСР. Все они арестованы постановлением Аральского районного отдела НКВД в феврале 1942 года. Осуждены особым совещанием при НКВД 7 февраля 1942 года: Кюль Х. К., Леппик В., Ольмре Э. П., Тамман К. Я., Мадисон А. Г. — к высшей мере наказания — расстрелу, Ранд А. А., Сутто А. А., Исаак О. Э., Ширмер Э. К., Вальде Х. А. — к 10 годам лишения свободы каждый.

Генеральным прокурором Республики Казахстан 28 февраля 1990 года все они полностью реабилитированы.

## 1946 жылы

I

**ШНАЙДЕР** Богдан Христофорович — родился в 1908 году в селе Романовское, Ростовской области, до ареста проживал в гор. Аральске, не занимался общественно полезным трудом;

**ШНАЙДЕР** Екатерина Федоровна — родилась в селе Миршинска, Краснодарского края, до ареста проживала в гор. Аральске, не занималась общественно полезным трудом;

**ТЕМКЕЛЬ** Давид Адамович — родился в 1886 году в Саратовской области, до ареста проживал в гор. Аральске, не занимался общественно полезным трудом.

Этих трех граждан арестовали и обвинили в том, что они не занимаются общественно полезным трудом, ведут антисоветскую пропаганду. Решением Кзыл-Ординского областного суда 30 мая 1946 года осуждены: Шнайдер Б. Х., Шнайдер Е. Ф., Темкель Д. А. по 10 лет тюремного заключения каждый.

Решением Генерального прокурора Республики Казахстан 10 ноября 1995 года все трое полностью реабилитированы.

II

**МУСТАФАЕВ** Тәжен — № 16 ауылда 1917 жылы туған, Қызылорда облыстық МВД басқармасы бандитизммен күрес бөлімінің 1946 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 14 бабымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1947 жылғы 28 сәуірдегі үкімімен 10 жыл бас бостандығынан айыру жазасына сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Соты қылмыстық істер қарайтын коллегиясы 1947 жылғы 31 мамырдағы шешімімен Қызылорда облыстық сотының бұл шешімін күшінде қалдырған.

Мұстафаев Тәжен 1944 жылғы 25 ақпанда мұнан да бұрын бір рет сотты болып, 10 жыл түрме жазасын алған, бірақ сот үкімін орындаудан жалтарып, түрмеден қашып шыққан. Сол қашудан кейін Арал қаласындағы еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген кезде, ол Мәскеуге, Алматыға 360 жолдық көлемде өлеңмен арыздар жазған. Сол ұзақ өлең-арыздағы «Облсотқа арнадым» деп аталатын тарауында мынандай жолдар бар:

«...Мен шын кедейдің баласы,
жетім қалған жасымнан.
Кой бағып жүрген қойшы едім,
Кеңес өкіметіне кез келіп,
Жаңадан бағым ашылған.
Жетім қалған жас інің
облыстық оділ сот
алдына келіп бас ұрған.
Істеген істі қалдырмай,
Анығын айтам көргенді,
Сөзім жоқ қалып жасырған.
...Жетім болып жүргенде
Жалшылық істеп байларға,

Адам жоқ маған қараскан,
Ақылменен ойласпай,
Надандықтың белгісі,
Қараңғы түнде адаскан.
Кемшілік көріп далада,
Ақыл айтар адам жоқ,
Осындай іспен жанасқан.
Қызық көрмей дүниеде,
Тоғыз жыл болып түрмеде,
Асып тұрмын жаластан...»

**ТАЙМАНОВА** Базаркүл — № 17 ауылда 1926 жылы туған. Қызылорда облыстық МВД басқармасы бандитизммен күрес бөлімінің 1946 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 17, 59 баптарымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1947 жылғы 28 сәуірдегі үкімімен 3 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Соты қылмыстық істер қарайтын коллегиясының 1947 жылғы 31 мамырдағы шешімімен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырған.

**ЖҮСІПОВ** Ибадулла — № 16 ауылда 1926 жылы туған. Қызылорда облыстық МВД басқармасы бандитизммен күрес бөлімінің 1946 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 17, 59 бабының үшінші тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1947 жылғы 28 сәуірдегі үкімімен 3 жыл бас бостандығы еркінен айыруға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы Соты қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1947 жылғы 31 мамырдағы ұйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды ақтау бөлімінің 1997 жылғы 21 сәуірдегі қорытындысы бойынша, Мұстафаев Тәжен, Тайжанова Базаркүл, Жүсіпов Ибадулла толық ақталған.

## 1949 жылы

**ГОНЧАРЕНКО** Тимофей Яковлевич — родился в 1920 году в гор. Аральске, образование среднее, окончил 10 классов, до ареста проживал в гор. Аральске, по ул. Микояна, 17, работал старшим товароведом рыболовпотребсоюза;

**ШЕМАРДИН** Михаил Павлович — родился в 1890 году в гор. Маршанске, Тамбовской области, образование среднее, окончил реальное училище, до ареста проживал в гор. Аральске, работал юристконсультом стекольного завода.

По обвинительному заключению: Гончаренко Т. Я., являясь военнослужащим Советской Армии и находясь на фронте Отечественной войны, в сентябре 1941 года был пленен войсками противника. С сентября 1941 года по март 1945 года находился в плену у немцев и содержался в лагерях для советских военнопленных на территории Германии. В марте 1945 года бежал к американцам, которыми в июне 1945 года был передан Советскому командованию.

Вернувшись к месту постоянного жительства в гор. Аральск, Гончаренко вступил в преступные связи с Шемардиным, и будучи враждебно настроенными по отношению к Советской власти, по обоюдной договоренности между собой, они проводили антисоветскую работу: среди своего окружения восхваляли агрессивную политику англоамериканских империалистов, предсказывали неизбежность войны против СССР и поражение СССР в этой войне, возводили клевету на Советскую действительность, дискредитировали вождя, высказывали шовинистические измышления в адрес казахского народа, за что они постановлением УМГБ по Кзыл-Ординской области от 16 декабря 1949 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст.ст. 58-10 ч. 1 и 58-11 УК РСФСР.

Определением подготовительного заседания судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского облсуда от 18 февраля 1950 года дело обвиняемого Шемардина М. П. на основании пункта ст. 4 УПК РСФСР дело производством прекращено.

Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского облсуда от 23 февраля 1950 года Гончаренко Тимофей Яковлевич осужден к 8 годам лишения свободы с последующим поражением в избирательных правах сроком на 5 лет.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 27 марта 1950 года — приговор Кзыл-Ординского облсуда от 23 февраля 1950 года в отношении осужденного Гончаренко Т. Я. оставлен в силе.

Постановление Пленума Верховного суда Казахской ССР от 24 сентября 1962 года — приговор Кзыл-Ординского облсуда от 23 февраля 1950 года и все последующие судебные постановления в отношении Гончаренко Тимофея Яковлевича отменены, дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 28 сентября 1962 года — определение подготовительного заседания Кзыл-Ординского облсуда от 18 февраля 1950 года в отношении Шемардина И. П. отменено и дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

# ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША

**1930 жылы**

I

**МАХАЕВ** Егізбай — Қармақшы ауданының №7 ауылында 1870 жылы туған, бай болған, ауыл старшинасы, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы;

**КӨШЕРБАЕВ** Бетеген — №7 ауылда 1861 жылы туған, бай, ауыл старшинасы болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, әйелсіз;

**ҚАЛАҒАНОВ** Ыбырай — №7 ауылда 1896 жылы туған, ірі саудагердің баласы, интеллигент, қызметкер, қалалық училищені бітірген, 1918 жылдан 1923 жылға дейін БКП(б) мүшесі болған, партия қатарынан топ құрғаны үшін шығарылған, 1927 жылға дейін кеңес және қоғамдық қызметтерде болған, атап айтқанда: 1918—1919 жылдары Қызылорда қаласында уездік ЧЕКА-ның коллегия мүшесі, 1919 жылдың тамыз айынан 1920 жылдың наурыз айына дейін 6 аудан бойынша жолтранспорт, ЧЕКА-сының коллегия мүшесі, 1920 жылдың наурыз айынан маусым айына дейін БКП(б) Угоркомының жауапты хатшысы, сол жылдың шілде айынан қазан айына дейін Түркфронттың ерекше бөлімінің Перовск пунктіндегі белсенді бөлімшесінің меңгерушісі, 1921 жылдың наурыз айынан маусым айына дейін «Ақжол» газетінде шаруашылық меңгерушісі, сол жылдың маусым айынан қыркүйек айына дейін Түркістан уезінің Политбюро бастығы, 1925 жылдың тамыз айынан 1926 жылдың қыркүйек айына дейін Қазақстан Наркоматында инспектор, 1927 жылдың наурыз айынан 1928 жылдың қаңтар айына дейін Қазақстан НКВД-сы жалпы бөлімінің меңгерушісі, 1928 жылдың қаңтар айынан қызметтен босатылып, №7 ауылда тұрған, күзгі астық дайындау жұмысына кедергі жасағаны үшін тергеуде жүрген.

**МАХАНОВ** Ысқақ — №7 ауылда 1899 жылы туған, ірі саудагердің баласы, сауатты, партияда жоқ, үйленген, 2 баласы бар. 1914 жылдан 1917 жылға дейін Перовск қаласында тұрған, қалалық орыс-түзем мектебінде оқыған, 1928 жылдан 1930 жылға дейін №7 ауылда ауыл шаруашылық артелінің мүшесі, «Байбол тақсыр» артелінің төрағасы болып істеген, №7 ауылда күзгі астық дайындау жұмысына кедергі жасағаны үшін тергеуде жүрген.

**ТҰРМАХАНОВ** Дүйсен — №7 ауылда, «Құрайлыда» 1891 жылы туған, софының баласы, сауатты, партияда жоқ, үйленген, отбасында 8 жаны бар, 1927—1928 жылдары ауылдық кеңестің төрағасы болған, кейін №7 ауылда күзгі астық дайындау жұмысына кедергі жасағаны үшін тергеуде жүрген;

**БАЙСАЛОВ** Омар — №7 ауылдағы «Ақбаста» 1885 жылы туған, орта шаруа малшының баласы, шала сауатты, бұрын Қармақшы поселкасындағы учаскелік приставтың жігіті болған.

**ҚАЛАБАЕВ** Мырзақұл — Қармақшы ауданы, №8 ауыл, «Сарықұмда» 1881 жылы туған, кейін №7 ауылда тұрған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, 4 жалшы-батрақ ұстаған, бұрын сотты болмаған, үйлі-жайлы;

**БОТАБАЕВ** Ахмет — №7 ауылда 1887 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, өзінің жеке шаруашылығында жалшылар ұстаған, үйлі-жайлы.

Қармақшы ауданы, №7 ауылдың жоғарыда аттары аталған байлары мен атқамінерлері, басшысы Қалағанов Ыбырай болып, Кеңес өкіметіне қаны қас болғандықтан, байлар мен атқамінерлерді топтастырып, оларды үнемі қорғап келген, ауылдық кеңестің өкілдерін пайдаланып, кедейлердің құқығын аяқ асты еткен, олардың арасында Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық-ұлшылдық үгіт жүргізіп, оларды ыдыратып, үнемі қорқытып-үркітіп, кеңес өкіметінің жүргізіп отырған шараларына қарсы қойған.

Бұл байлар тобы тұрғындар арасында: «патша өкіметі тұсында халық Кеңес өкіметіндегіден жақсы тұрып еді, патша халықтан салық алған жоқ, ал қазір Кеңес өкіметі салықпен шаруашылықты құртып отыр. Мемлекетке астық пен мал азығын тапсырмау керек, өйткені оны армияға жібереді, ал біздің малымыз жем-шөпсіз қалады» деп үгіт жүргізген. Көшербаев Бетеген Қарақұмдағы халық арасында: «Троцкий шетелде өз армиясын құрып жатыр, ол қытайлықтармен бірлесіп Кеңес Одағына қарсы шығады. Троцкий жақын арада Москеуге келеді, ал қытайлықтар Кеңес Одағының көп жерлерін басып алды. Кеңес Одағы көп кешікпей құлайды, деп үгіт жүргізген. Ол өзінің малын әдейі

салып құртқан, Бұқараға 15 түйесін айдап жіберген.

Қалағанов Ыбырай 1928 жылы байлардың шаруашылығын тәркілеу кезінде Маханов Ысқақ пен ауылдық кеңестің бұрынғы төргасы Тұрмановпен бірлесіп, байлардың мал-мүлкін тәркілеуден жасырып қалып, олардан 400 сом, 1 жылқы параға алған. Маханов Ысқақ артель мүшелеріне бөлініп берілуге тиісті 12 қап ұнды өзі пайдаланып кеткен. Бұл да байлардың мал-мүлкін тәркілеуден жасырып қалған. Байсалов Омар жақын арада Кеңес өкіметі құлайды деп ауылдық кеңесте жұмыс істейтін әйелін шығарып алған, оның тығып қойған жоңышқасын ашып қойғаны үшін кедей шаруа Сүйіндіковты соққыға жыққан. Қалбаев Мырзақұл арамзалықпен өзінің шаруашылығын құртқан, салық төлеуден қашып, өзінің малын жасырған, өзінің жалшысы Мәмбетовті ұрып жыққан. Ботабаев Ахмет өзінің жалшыларын өлімші етіп сабаған. Бұл да өзінің малын салық төлеуден жасырып, көбісін сатып құртқан.

Осы қылмыстары үшін бұл байлар тобы (8 адам) Қызылорда округтік ОГПУ бөлімінің 1 бөлімшесінің 1930 жылғы 13 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 8, 10 тармақтары, 62 бабымен қылмыстық жауапқа тартылған. Тергеу ісі 1930 жылдың 4 наурызда бітіп, айыптау қорытындысы сол жылғы 25 наурызда шығарылған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен:

— Қалыбаев Мырзақұл, Ботабаев Ахмет — әрқайсысы 3 жылға концлагерьге,

— Қалағанов Ыбырай, Маханов Ысқақ — әрқайсысы 5 жылға Қазақстан ішіне округтен тысқары жерге жер аударуға,

— Махаев Егізбай, Көшербаев Бетеген — әрқайсысы 3 жылға Қазақстан ішіне округтен тысқары жерге жер аударуға сотталған.

— Тұрмаханов Дүйсен, Байсалов Омар — алдын ала отырған уақытын есептеп, қамаудан босатылған.

Жер аударылғандар Қарқаралы қаласында тұрған. Қызылорда облыстық соты Президиумының 1962 жылғы 13 маусымдағы қаулысымен Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 31 мамырдағы А. Ботабаев, Ы. Маханов, М. Қалабаев, О. Байсалов, Д. Тұрмаханов, Ы. Қалағанов, Б. Көшербаев жөніндегі ісі бұзылып, оларға тағылған айыптың анықталмағаны үшін олардың ісі мүлдем қысқартылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1996 жылғы 10 қаңтардағы қорытындысымен — жоғарыда аттары аталған азаматтар заңсыз сотталған деп тауып, олар Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## II

**АҚШОЛАҚОВ** Аймағамбет — №3 ауылда 1879 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сонда тұрған, бай болған;

**НАУРЫЗБАЕВ** Молдақожа — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1888 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауданда тұрған, малшы;

**ҮМБЕТБАЕВ** Кенжебай — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1885 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауданда тұрған, малшы;

**ТОҚЖАНОВ** Төлеген — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1895 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сол ауданда тұрған, малшы;

**НАУРЫЗБАЕВ** Смағұл — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1888 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданда тұрған, малшы;

**КӨПЕШБАЕВ** Майқұт — №3 ауылда 1892 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы;

**КӘРІБАЕВ** Өтей — №3 ауылда 1903 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы;

**ТОҚСЕЙІТОВ** Құмабай — Қармақшы ауданында 1913 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауданда тұрған, малшы;

**ІЗБАСАРОВ** Мәлік — Қармақшы ауданында 1910 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауданда тұрған, малшы;

**ДАНАШҰРІНОВ** Елубай — Қармақшы ауданында 1890 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауданда тұрған, малшы;

**ЕСЕНБАЕВ** Қанкебай — №3 ауылда 1886 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы;

Бұл 11 азаматтың барлығы да Қармақшы аудандық ОГПУ бөлімінің қаулысымен 1930 жылы қамауға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған, оларға негізінен құмдарға барып қарақшылық топтар құрған, сөйтіп Кеңес өкіметін құлату мақсатында әрекет жасаған деп айыптар тағылған. ОГПУ Сенімді өкілі жанындағы үштіктің тергеу қорытындысында оларға тағы да «қарақшылар қатарына қосылуға жұртшылықты үгіттейді, қызыл отрядтарға қарсы ұрыста белсенділік көрсетті: Ақмырза молда басқарған қарақшыларды азықтүлікпен, көлікпен қамтамасыз етіп отырды, қарақшылар талқандалғаннан кейін құм арасына барып тығылып, қызыл отрядтардың қолына түспеу шараларын жасады» деген айыптар тағылып, РСФСР ҚК 58-2, 59-3 баптары бойынша: оларды Шымкент ОГПУ-ы оперативтік секторының қарауына береді. 1930 жылғы 15 қарашадағы сол опесектордың шешімі бойынша: Ақшолақов Аймағамбет, Наурызбаев Молдақожа, Үмбетбаев Кенжебай, Тоқжанов Төлеген, Наурызбаев Смағұл, Көпешбаев Майқұт, Кәрібаев Өтей, Есенбаев Қанкебай — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, Тоқсейітов Құмабай, Ізбасаров Мәлік, Данашұрінов Елубай әрқайсысы — 5 жылдан түрме жазасына сотталған. Ату жазасы берілген сегіз азамат іле-шала атылған.

Аттары аталған он бір азамат 1993 жылғы 5 қазанда ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысы бойынша толық ақталған.

## III

**БАЙМҰХАНОВ** Жақыман — Қармақшы ауданы, №19 ауылда 1903 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауданда сельпо меңгерушісі болған;

**СМАҒҰЛОВ** Жүсіп — Қармақшы ауданы, №19 ауылда 1898 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Қызыл дикан» колхозында колхозшы болған;

**МЫРЗАГЕЛДИН** Жалмағамбет — Қызылорда округінің Қарсақпай ауданында 1874 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы ауданының №7 ауылында тұрған, малшы;

**БЕКТАСОВ** Сәндікерей — Қызылорда округінің Карсақпай ауданында туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы ауданының №8 ауылында тұрған, малшы.

Бұл 4 азамат Қармақшы аудандық ОГПУ бөлімінің шешімімен 1930 жылы қамауға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 12 тамыздағы қаулысы бойынша: Баймұханов Жақыман, Бектасов Сәндікерей — әрқайсысы 10 жылдан, Мырзагелдин Жалмағамбет — 5 жылға, Смағұлов Жүсіп — 3 жылға түрме жазасына сотталған.

Баймұханов Жақыман, Смағұлов Жүсіп 1989 жылғы 29 маусымда, Мырзакелдин Жалмағамбет — 1989 жылғы 31 тамызда, Бектасов Сәндікерей — 1989 жылғы 7 қыркүйекте толық ақталған.

## IV

**ЕЛЕУБЕРГЕНОВ** Күнжан — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1868 жылы туған, 1930 жылғы 2 карашада Шымкент ОГПУ оперативтік тобының Қызылордадағы өкілінің қаулысымен тұтқынға алынғанға дейін әуелі Жұмағазы хан тобында, ол талқандалғаннан кейін Қожбан хан қарамағында болған, оған РСФСР ҚК 58-2, 59-3 баптарымен қылмыстық іс қозғалған;

**ЕСІРКЕПОВ** Айтбай — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1885 жылы туған, Шымкент ОГПУ оперативтік тобының Қызылордадағы өкілінің қаулысымен 1930 жылғы 2 карашада тұтқынға алынғанға дейін әуелі Жұмағазы хан, ол талқандалғаннан кейін Қожбан хан қарауында болған, оған РСФСР ҚК-ның 58-2, 59-3 баптары бойынша қылмыстық іс қозғалған;

**МАРҚАБАЕВ** Роман — Қармақшы ауданында, 1884 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның №3 ауылында тұрған, малшы болған;

**ЖҮЗЖАСАРОВ** Айтбай — Қармақшы ауданы, №2 ауылда 1908 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ҚАРЫМСАҚОВ** Шәкен — Қармақшы ауданы, №1 ауылда 1892 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**БӨЛЕКБАЕВ** Душансы — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1906 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**САЛЫҚБАЕВ** Қоңырбай — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1885 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ҚҰРМАНБАЕВ** Қадыр — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1890 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ЖАНСЕЙІТОВ** Жүнайт — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1898 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ЖАҢАБЕРГЕНОВ** Нұрпейіс — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1892 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ҮРКЕШБАЕВ** Ысқақ — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1895 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ТОҚСАНБАЕВ** Шіркеш — Қармақшы ауданы, №1 ауылда 1873 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ШӘЙКЕЕВ** Мұхамбетжан — Қармақшы ауданы, №2 ауылда 1897 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, тігінші болған;

**САРАНЖАНОВ** Ешпан — Қармақшы ауданы, №1 ауылда 1910 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, егінші болған;

**АЙБЕРГЕНОВ** Әбдит — Қармақшы ауданы, №8 ауылда 1903 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**НИЕТЖАНОВ** Мұхамбетжан — Қармақшы ауданы, №7 ауылда 1855 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ҚАРАШЕВ** Жартыбай — Қармақшы ауданы, №7 ауылда 1863 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ҚҰТБАСОВ** Ұлықсай — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1899 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ШАПАҚОВ** Жүніс — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1881 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ҚОЯНБАЕВ** Әлдеш — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1901 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**АЙБЕРГЕНОВ** Ілияс — Қармақшы ауданы, №8 ауылда 1897 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

**ЫБЫРАЕВ** Мұса — Қармақшы ауданы, №3 ауылда 1903 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, малшы болған;

Бұл 22 азаматтың барлығына да РСФСР Қылмыс кодексінің 58-2, 59-3 баптары бойынша қылмыстық іс қозғалып, оларға Жұмағазы хан, Қожбан хан бандыларына болысты деген айып тағылған. Әсіресе Елеубергенов Күнжан, Есіркепов Айтбай, Марқабаев Романға Жұмағазы бандыларына өз еріктерімен барып қосылды, ол талқандалғаннан кейін Қожбан бандысына болысты, Қызыл отрядтарға карсы қарулы көтеріліс үйымдастырды, өзгелерді сол бандыларға баулыды деген айыптар тағылған. Шымкент ОГПУ оперативтік тобы үштігінің тергеу материалдары бойынша, Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілі үштігінің 1930 жылғы 21 қарашадағы қаулысымен: Елеубергенов Күн-

жан, Есіркепов Айтбай, Марқабаев Роман ең жоғары қылмыстық жаза — атуға бұйырылған, алғашқы екеуіне бұйрық іле-шала орындалып атылған, ал Марқабаев Романға байланысты ату жазасы кейін 10 жыл түрме жазасымен ауыстырылған, Жүзжасаров Айтбай, Қарымсақов Шәкен — әрқайсысы 10 жылдан түрме, Бөлекбаев Душансы, Салықбаев Қоңырбай, Құрманбаев Қадыр, Жансейітов Жұнайт, Жаңабергенов Нұрпейіс, Үркешбаев Ысқақ, Тоқсанбаев Шіркеш, Шәйкеев Мұхамбетжан, Саранжанов Ешпан, Айбергенов Әбдит — әрқайсысы 5 жылдан, Ниетжанов Мұхамбетжан, Қарашев Жартыбай, Құтбасов Ұлықсай, Шапақов Жүніс, Қоянбаев Әлдеш, Айбергенов Ілияс, Ыбыраев Мұса — әрқайсысы 3 жыл түрме жазаларына сотталған.

ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы қыркүйек айының 4-і күнгі қаулысына сәйкес, жоғарыда аттары аталған азаматтар толық ақталған.

## V

**ЖОРТЕКЕЕВ** Рүстембек — Қармақшы ауданы, №12 Қосарық ауылдық кеңесі, Ворошилов атындағы колхоз территориясында 1880 жылы туған, сауатсыз, мал баққан, ауыл ақсақалы болған, үш баласы Медеубай, Үсай, Кенжалы, тағы бірнеше қыздары болған.

**ОРАЛБАЕВ** Кішкентай — Қармақшы ауданы, №12 Қосарық ауылдық кеңесі, Ворошилов атындағы колхоз территориясында 1880 жылы туған, мал баққан, ауыл ақсақалы болған.

**ТҰРЫМОВ** Сейсен — Қармақшы ауданы, №12 ауылдық кеңес территориясында 1882 жылы туған, жұмысы туралы мәлімет жоқ.

Бұл 3 азаматқа колхоз құрылысына қарсы шықты, Ақмырза ахун қарақшыларына тілеулестік білдірді деген айыптар тағылып, 1930 жылы Қармақшы ОГПУ бөлімінің қаулысымен тұтқынға алынған. Қазақстан ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қаулысымен (қаулының болған күні көрсетілмеген) үшеуіне де 3 жылдан концлагерь жазасы берілген.

ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 9 маусымдағы қаулысы бойынша үшеуі де толық ақталған.

«Боздақтар» естелік кітабының редакциясынан: Жортекеев Рүстембектің баласы, Қызылорда қаласы, Матросов түйық көшесі, №32 үйде тұратын Кенжалы Рүстембековтың айтуынша, әкесі түрмеге алынып, «халық жауы» атанып, сотталып кеткеннен кейін үлкен ұлы Медеубай фамилиясын жасырып «Жортекеев» деп өзгертуге мәжбүр болған, ал сол кезде Үсай мен Кенжалы жас болуы себепті фамилиясын өзгертпеген. Рүстембек елге 1935 жылы НКВД-ның Сібір лагерінен әрең оралған, өзге екі боздақ сол кеткеннен жоқ болып кеткен.

## VI

**СӘТЕНОВ** Қойшығұл — Қармақшы ауданы, №7 ауылда 1892 жылы туған, шала сауатты, малшы болған, қамауға алғанға дейін сол ауылда колхозшы болып жұмыс істеген.

**КЕЛІМБЕТОВ** Демесін — Қармақшы ауданы, №7 ауылдық кеңесте 1877 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда колхозшы болған.

Бұл 2 азаматқа колхоз құрылысына қайшы әрекеттерге барды деген айып тағылып, РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ Сенімді өкілі үштігінің 1930 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен екеуі де 5 жылдан түрме жазасына сотталған.

ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 6 шілдедегі жарлығымен екеуі де толық ақталған.

## VII

**ТІЛЕУБЕРГЕНОВ** Дәуренбек — Қармақшы ауданы, №13 ауылда 1882 жылы туған, ОГПУ-дың Арал ауданындағы сенімді өкілі жіберген жедел топ арқылы 1930 жылғы 30 қарашада тұтқындалып, ОГПУ-дың Қызылорда ауданындағы сенімді өкілі РСФСР ҚК 58-2 және 59-3 баптары бойынша қылмысты іс қозғаған, қамауға алынғанға дейін сол аталған ауылда тұрған.

**БАЙНИЯЗОВ** Аралбай — Қармақшы ауданы, №1 ауылда 1874 жылы туған, ОГПУ-дың Арал ауданындағы сенімді өкілі жіберген жедел топ арқылы 1930 жылғы 30 қарашада тұтқындалып, ОГПУ-дың Қызылорда ауданындағы сенімді өкілі РСФСР ҚК 58-2 және 59-3 баптары бойынша қылмысты іс қозғаған, қамауға алынғанға дейін сол аталған ауылда тұрған.

Сырдария (бұрынғы Қызылорда) ауданының ОГПУ-дың сенімді өкілі жүргізген тергеу барысында екі азаматтың да қылмыстық істері анықталмағандықтан, іс қысқартылып, олар түрмеден босатылған.

## VIII

**ҚАЛАБАЕВ** Мырзақұл — Қармақшы ауданы, №8 ауылда 1881 жылы туған, Қармақшы аудандық ОГПУ өкілінің шешімімен 1930 жылы тұтқындалған, соған дейін сол аты аталған ауылда тұрған;

**БОТАБАЕВ** Ахмет — Қармақшы ауданы, №7 ауылда 1887 жылы туған, Қармақшы аудандық ОГПУ өкілі 1930 жылы тұтқынға алғанға дейін аты аталған ауылда тұрған;

**БАЙСАЛОВ** Омар — Қармақшы ауданы, №7 ауылда 1885 жылы туған, Қармақшы аудандық ОГПУ өкілі 1930 жылы қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған;

Аты аталған 3 азаматқа РСФСР ҚК-ның 58 бабының белгілі тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалып, ОГПУ Сенімді өкілі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен Қалабаев Мырзақұл, Ботабаев Ахмет — әрқайсысы 3 жылдан түрме жазасына сотталған, ал Байсалов Омардың алдын-ала қамауда болған мерзімін есептеп, тұтқыннан босатылған. Үшеуі де 1996 жылғы 10 қаңтарда толық ақталған.

**КҮЙІКОВ** Бисембай — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1850 жылы туған, ірі бай болған, партияда жоқ, сауатсыз, үш әйел алған, саяси құқы жойылған, бұрын ауыл старшинасы болған;

**БИСЕМБАЕВ** Мәди — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1896 жылы туған, Күйіков Бисембай байдың баласы, ірі малшы, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын ауыл старшинасы болған, саяси құқы жойылған;

**ӨТЕКОВ** Қарабала — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1875 жылы туған, ірі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, саяси құқы жойылған;

**ӨТЕКОВ** Қарымсақ — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1892 жылы туған, ірі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, саяси құқы жойылған;

**ТЕБЕРІКОВ** Қойшығұл — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1890 жылы туған, ірі бай болған, екі әйел алған, сауатсыз, партияда жоқ, саяси құқы жойылған;

**КӘРІБАЕВ** Нұржан — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1860 жылы туған, ірі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, саяси құқы жойылған;

**БАҚАНОВ** Жанатай — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1880 жылы туған, ірі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, саяси құқы жойылған.

Бұларға: — бұл ірі байлар 1928 жылы конфискация жүргізілгенге дейін кедей шаруалар арасында бай ретінде өздерінің бұрынғы беделдерін сақтап келген, бұрын зорлық-зомбылық көрген кедейлер байлардың әрекетіне қарсы тұра алмаған, тек қана конфискация жүргізілген шақта ғана байлардың қанауынан шыға бастаған. Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған шараларына қарсы болған, конфискациядан және жер аударудан қашқан бұл ірі бай-қанаушылар Кеңес үкіметіне қарсы ашықтан-ашық күрес жолына түскен, өздерінің малдарын аяусыз қыра бастаған, сөйтіп контрреволюциялық әрекетке көшкен, ауыл жұртшылығы арасында Кеңес үкіметіне қарсы үгіт таратып, жүргізіліп жатқан саяси-шаруашылық науқанды бұзуға тырысқан, ауыл активтері мен басшыларына террор жасауға барған,— деп айыптар тағылып ОГПУ-дың Қызылорда округтік бөлімінің 1930 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен Күйіков Бисембай, Бисембаев Мәди, Өтеков Қарабала, Өтеков Қарымсақ, Теберіков Қойшығұл, Кәрібаев Нұржан, Бақанов Жанатай тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен, 133, 143, 60, 62 және 199 баптарымен қылмыстық іс қозғаған.

Қаралау қорытындысы бойынша тергеу ісі Қызылорда округтік сотына жіберілген, бірақ архивтік-қадағалау ісінде басқа мәліметтер жоқ.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 22 қыркүйектегі қорытындысымен Күйіков Бисембай, Бисембаев Мәди, Өтеков Қарабала, Өтеков Қарымсақ, Теберіков Қойшығұл, Кәрібаев Нұржан, Бақанов Жанатай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**ҚАЛЫБАЕВ** Қали (Кәри)— Қармақшы ауданы, № 6 ауылда 1882 жылы туған, бай болған, сауаты бар, партияда жоқ, бұрын болыстың хатшысы болған, саяси құқы жойылған;

**МҰЛДАРИНОВ** Құрмантай — № 6 ауылда 1902 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, саяси құқы жойылған, 1930 жылы ауыл кедейлері жиналысының қаулысымен малы тәркіленген, өзі қоныс аударуға тиіс болған;

**ДОСМӘМБЕТОВ** Әлиакпар — № 6 ауылда 1899 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бай-қанаушы ретінде саяси құқы жойылған, 1930 жылы ауыл кедейлері жиналысының қаулысымен малы тәркіленген, өзі қоныс аударуға тиісті болған;

**ЖАЛДЫБАЕВ** Атрай — № 6 ауылда 1862 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бай-қанаушы ретінде саяси құқы жойылған, 1930 жылы ауыл кедейлері жиналысының қаулысымен малы тәркіленген, өзі қоныс аударуға тиісті болған;

**АМАНБАЕВ** Кәміл — № 6 ауылда 1894 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бай-қанаушы ретінде саяси құқы жойылған, 1930 жылы ауыл кедейлері жиналысының қаулысы бойынша малы тәркіленген, өзі қоныс аударуға тиісті болған;

**МҰСТАФАЕВ** Шәмен — № 6 ауылда 1902 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бай-қанаушы ретінде саяси құқы жойылған, 1930 жылы ауыл кедейлерінің жиналыс қаулысы бойынша малы тәркіленген, өзі қоныс аударуға тиісті болған.

Бұларға тағылған айып: — бұл байлар тобы Кеңес үкіметі жүргізіп отырған шараларға қарсы әрекет жасаған, олар өздерінің контрреволюциялық жұмысын беделді атқа мінер, болыстың бұрынғы хатшысы Қалыбаев Қалидың басшылығымен жүргізген, ол сауатты, баспаны ажырата алатын, жаңалықты қадағалап отыратын адам болған, бұл байлар тобы ауыл жұртшылығы арасында Кеңес үкіметіне қарсы, оның жақын арада құлайтыны жайлы үгіт жүргізген. Мәселен, 1929 жылы күзде Қытайдың КВЖД-ны басып алуына байланысты байлар тобы ауыл жұртшылығы арасында Кеңес үкіметі жақын арада құлайды, өйткені Қытай Кеңес жерінің бірталай бөлігін басып алды, оның әскерлері еліміздің түкпіріне еніп барады, ал Қызыл әскерлер шегініп барады, бұрынғы өкімет жақын арада қайтадан келеді,— деп суық хабарлар таратқан. Бұл байлар тобы 1930 жылы ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіруді жүргізіп жатқан кезде жұртшылық арасында «Кеңес өкіметі елді тонап, барлығымызды колхозға тығып, кедей шаруалардан колхозға тартып алған малдар кейін қайтарылмайды, барлықтарың малсыз қаласыңдар, жұмыс істеу қиын болады»— деп үгіт жүргізген. Кедейлерді колхозға кірмеуге, байлармен бірігіп жеке мал артелдерін ұйымдастыруға көндірген. Байлардың шаруашылығын конфискалауды

білген Қалыбаев Қали байлар арасында шаруашылықты құртып, ауданнан тысқары жаққа көшу туралы үгіт жүргізген,— деп, ОГПУ Қызылорда округтік бөлімінің 1930 жылғы 14 наурыздағы қаулысымен Қалыбаев Қали (Кәри), Мұлдаринов Құрмантай, Досмәмбетов Әлиакбар, Жалдыбаев Атрай, Аманбаев Кәміл, Мұстафаев Шәмен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы бойынша және 62 бап бойынша қылмыстық іс қозғалған.

ОГПУ Қызылорда округтік бөлімінің 1930 жылғы 28 сәуірдегі қаулысымен Қ. Қалыбаев, Қ. Мұлдаринов, Ә. Досмәмбетов, А. Жалдыбаев, К. Аманбаев, Ш. Мұстафаевтың әрекеттерінде қылмыс құрамы болмағандықтан, іс өндірістен қысқартылып, олар тегіс қамаудан босатылған. Олар 44 тәулік қамауда ұсталған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 15 қыркүйектегі қорытындысымен бұл 8 азаматтың бәрі де СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## XI

**БЕЛІКБАЕВ** Пірім — Қармақшы ауданының № 8 ауылы, «Сарықұм» деген жерінде 1881 жылы туған, бай болған, дауыс беру құқығынан айырылған, партияда жоқ, бұрын соталмаған, 3 баласы бар;

**БАЛЫМБЕТОВ** Әділ (Әбілда)— № 8 ауыл, «Сарықұм» деген жерде 1883 жылы туған, атқамінер, құлақ болған, сауаты бар, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, баласы бар;

**БАЙБОСЫНОВ** Төлеш — № 8 ауылда 1896 жылы туған, бұрын ірі бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, 1 баласы бар;

**ҚАСЫМБАЕВ** (Қосымбаев) Тоқпай — № 8 ауыл, «Сарықұм» деген жерде 1863 жылы туған, бай, патша өкіметі тұсында болыс болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, екі әйелі, 3 баласы бар;

**ТОҚТАМЫСОВ** Иткара — № 8 ауылда 1875 жылы туған, бай, патша өкіметі тұсында 3 жылдай ауыл старшинасы болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, 2 әйелі, 2 баласы бар.

Жоғарыда аттары аталған беделді байлар — атқамінерлер № 8 ауылдың кедейлерін өздерінің қарауында ұстаған. Кедейлердің жартысы экономика жағынан байларға тәуелді болғандықтан, байлардың кеңес өкіметіне қарсы әрекеттеріне жәремдесіп отырған. Байлар тобының тапсырмасымен ауылдық кеңес пен аудандық атқару комитетінің өкілдеріне жалған материалдар жинаған және байлардың малдарын жасырып тығуға, құртуға көмектескен. Кедейлердің осы бөлегін өздерінің маңайына сақтап қалу және кеңес өкіметіне қарсы күреске оларды пайдалану мақсатында, бұл байлар тобы кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Кеңес өкіметі кедейлерге жәрдемдеспейді, қайта оларды қанайды, кедейлер жақсы тұрады сонда ғана, егерде байларға конфискаланған мал-мүліктерін қайтарып берсе, колхоз, артель дегендердің бәрі кеңес өкіметіне кедейлерді қанау үшін ғана керек» деп үгіт жүргізген.

1930 жылдың қаңтар айының аяғында ауылдық кеңестің қаулысымен кедейлер белсенділерінен № 8 ауыл байларының шаруашылықтарын тексеру және есепке алу үшін ерекше үштік құрылған. Осы жағдайды естіген бай Белікбаев Пірім атқа мінер-құлақ Балымбетов Әділмен бірге өзінің үйінде жасырын мәжіліс жасап, онда осы ауыл үштігінің қандай жолмен әшкерелену жолын ойластырған, байлар шаруашылықтарын есепке алдырмау мәселесін талқылаған. Белікбаев пен Балымбетов өздерінің осы әрекетке қатыстығын жасыру үшін осы мәжіліске өздерінің ықпалында жүрген кедейлер бөлігін қатыстырған. Бұл мәжілісте бай Белікбаев — ауыл үштігінің заңсыз әрекеттері туралы протоколға кедейлердің қол қоюы үшін оларды үгіттеген, яғни бұл ауыл үштігі өздерінің жұмыстарымен ауылды күйзеліске ұшыратты, бұл бүліншіліктен Белгібаевтың әйелі бала тастады деп өтірік лақап таратқан. Осы мәжіліске қатысқан атқа мінер Балымбетовтың ықпалының және байлардың күшті үгітінің арқасында мәжіліске қатысып отырған кедейлер протоколға қолдарын қойып, аудандық және округтік басшыларға тапсыру үшін бай Белікбаевтың қолына берген.

1928 жылы байлардың мал-мүлкін конфискалаған кезде бай Белікбаев Пірім өзінің малының жартысын сатып, қалған 250 қойы мен 200 бас жылқысын 1929 жылдың көктемінде Қарақұмға жіберіп жасырған. Оның бұл ісіне сол кездегі № 8 ауылдық кеңестің төрағасы Торымханов Бейсен көмектескені үшін байдан параға жаңа саржы алған.

Балымбетов Әділ Белікбаев Пірімнің кеңес өкіметіне қарсы әрекетімен тығыз байланыста болған, онымен бірге жиналыс өткізіп, ауыл үштігіне қарсы жалған материалдар жинаған, ауыл шаруашылық артелінің төрағасы Шәкіровтың осы үштіктегі әрекетін әшкерелеген.

1928 жылы байдардың мал-мүлкін конфискалаған кезде Балымбетов ауыл кедейлерінің арасында: «Кеңес өкіметі байлардан тартып алған малдарды колхоздарда талан-таражға салып, сол колхоздар мен артельдерден ешқандай пайда болмайды» деп үгіт жүргізген.

1929 жылдың маусым айында Балымбетов ауыл тұрғындары арасында Троцкийдің шет елде армиясы бар, жақын арада кеңес өкіметінің шекарасына келеді» деп контрреволюциялық лақаптар таратқан.

Байбосынов Төлеш ірі бай ретінде 1928 жылы мал-мүлкін конфискалаған кезде өзінің туысы Жаманқозов Мамыраның конфискалауға жатқан малының жартысын тығып, ол малды 1929 жылдың көктемінде сатып жіберіп, ақшасын жер аударылып кеткен бай туысына апарып берген. Осы жылдың маусым айында бай туысына 3 түйе мен 1 ат жіберген. 1930 жылдың ақпан айының басында Байбосынов ызаланып, өзінің малдарын сатып, қалған жартысын жасыру мақ-

сатында № 8 ауылдың кедейі Тасқынбаев арқылы Қарақалпақ облысына жіберген. 1929 жылдың желтоқсан айында Байбосынов ауыл тұрғындарының арасында «Қытайлар СССР-дің көптеген жерін басып алды, жақын арада барлық коммунистерді таяқтың астына алып, бізге келеді, кеңес өкіметі жақын арада құлайды, бұрын конфискаланып жер аударылған байлар өз туған жеріне қайтып оралады» деп кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген.

Тоқтамысов Итқара — беделді бай ретінде патша өкіметі оны ауыл старшинасы етіп қойған, ол жұмысты үш жыл атқарған. 1928 жылы байлардың шаруашылығын конфискалаған кезде Тоқтамысов ауыл кедейлерінің арасында: «байлардан конфискаланып алынған барлық малды өкімет өзіне жинап алды, ал кедейлер мен батрақтарға байлардан конфискаланып алынған малдан түк те тимейді, дәмеленбей-ақ қойыңдар» деп кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. 1929 жылдың қазан айында Тоқтамысов тұрғындар арасында: «қытайлар СССР-дің көптеген жерін басып алды, кеңес өкіметі ұзақ тұра алмайды, өйткені СССР-ға қарсы барлық буржуазиялық мемлекеттер шығады» деп контрреволюциялық үгіт таратқан. 1929 жылы Тоқтамысов Қармақшы ауданының № 4 ауылына күйеуге ұзатылған қызының қалың малына 500 сом ақша алған.

Қасымбаев Тоқпай ірі бай-реакционер ретінде, өзінің малын конфискадан жасырып, Қармақшы ауданынан басқа жаққа жіберу үшін ол 1928 жылдың күзінде конфискалау жүріп жатқан кезде өзінің малының көп бөлігін Арал ауданына жіберіп, сол жақта сатып жіберген. Қасымбаев бұл әрекетін ауылдық кеңестің бұрынғы төрағасы Торғымбетов арқылы жүргізген, сол үшін ол Қасымбаевтан ат, 40 қой және бірнеше жүз сом пара алған. Соның арқасында Қасымбаев конфискадан аман қалған.

Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 5 адам ОГПУ-дің Қызылорда округтік бөлімінің 1930 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, Белікбаев Пірім — РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен, 8, 62 баптарымен, Балымбетов Әділ — 58 бабының 10 тармағымен, Байбосынов Төлеш — 58 бабының 10 тармағымен, 62 бабымен, Тоқтамысов Итқара — 58 бабының 10 тармағымен, 118 бабымен, Қасымбаев Тоқпай — 118, 62 баптарымен қалмыстық жауапқа тартылған. Тергеу ісі 1930 жылдың 22 ақпанында аяқталып, айыптау қорытындысы сол жылғы 27 ақпанда шығарылған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 24 сәуірдегі қаулысымен:

— Белікбаев Пірім — 5 жылға концлагерьге,

— Балымбетов Әділ, Байбосынов Төлеш, Тоқтамысов Итқара, Қасымбаев Тоқпай — әрқайсысы Қазақстан ішіне 3 жылға жер аударуға сотталған.

Бірақ ол жер аударылғандардың қайда жер аударылғаны жайлы дерек істе жоқ болып шықты.

Қызылорда облыстық прокурордың орынбасарының 1989 жылғы 16 қазандағы қорытындысымен Белікбаев Пірім, Балымбетов Әділ, Байбосынов Төлеш, Тоқтамысов Итқара, Қасымбаев Тоқпай — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## XII

**ҮМБЕТОВ** Палау — Аламесек ауданының № 1 ауылында 1892 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, бай болған.

**ЖЫЛҚЫБАЕВ** Сүндет — Аламесек ауданының № 1 ауылында 1880 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бай болған.

**ӘЛІМБАЕВ** Әбіш — қазалы ауданының № 7 ауылында 1893 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, орта шаруа.

**МАМЫРОВ** Қауынбай — Қазалы ауданының № 7 ауылында 1874 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, орта шаруа.

**ШАЛБАЕВ** Күйлібай (Қойлыбай) — Қармақшы ауданының № 8 ауылында 1905 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, кедей шаруа.

**НАРБАЕВ** Қалдыбай — Қармақшы ауданының № 10 ауылында 1874 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, кедей шаруа.

— Бұл 6 азаматтың барлығы да — Ақмырзаның қарақшыларына өз еркімен қосылып, Ақмырза көтерілісіне белсене қатысқан, Қызылдарға қарсы өз каруларымен соғысқан, ел арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген — деп айып тағылып, РСФСР ҚК-ның 59 бабының 3 тармағымен қылмысты іс қозғалған. Қарақшыларды ұйымдастырушы Ақмырза ишанның бірінші көмекшісі болып, Ақмырзаның тапсырмасымен Аламесек ауданымен оған көршілес жатқан аудандардың елді мекендерінде Ақмырза қарашыларының қатарына қосылуға үгіттеп жұмыс жүргізген. Қарақшыларды ат көлікпен, азықтүлікпен жабдықтап, әр 5—6 күнде Ақмырзаға келіп атқарған жұмыс туралы баяндап отырған, қызыл отрядтар келісімен ауыл-ауылға өз адамдарын жіберіп, өзі де шығып, қызылдардан нанды, астықты, малды тығуды ескерткен — деп айып тағылып, ОГПУ Қызылорда Округтік бөлімінің 1930 жылғы 1 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 59 бабының 3 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың жанындағы үштіктің 1930 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен Үмбетов Палау, Жылқыбаев Сүндет — ең жоғары жаза — атуға сотталған. Әлімбетов Әбіш, Мамыров Қауынбай, Шалбаев Күйлібай әрқайсысы 5 жылға концлагерьге сотталған, ел Нарбаев Қалдыбай — 3 жыл концлагерьге сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1995 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысымен — Үмбетов Палау, Жылқыбаев Сүндет, Әлімбаев Әбіш, Мамыров Қауынбай, Шалбаев Күйлібай, Нарбаев Қалдыбай толық ақталған.

## 1931 жылы

### I

**КИЕВ** Раушан — Қармақшы ауданы, № 26 ауылда 1906 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған, бай болған;
**ЕСІРКЕГЕНОВ** Бірсүгір — Қармақшы ауданы, № 3 ауылда 1889 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, бай болған;
**ЕСІРКЕГЕНОВ** Төртбай — Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1878 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, бай болған;
**НҰРТАЗАЕВ** Данияр — Қармақшы ауданы, № 13 ауылда 1899 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған, бай болған.

Бұл 4 азаматқа колхоздасу саясатына қарсы шықты, жеке малын ұжымдасуға бермей жасырды, деген айыптар тағылып, қамауға алынып, үстерінен қылмысты іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық соты 1931 жылы шығарған үкімінде төртеуі де түрме жазасына сотталған. Бірақ соттың болған күні, айып тағылған азаматтардың неше жылға сотталғаны көрсетілмеген.

Қазақстан Бас прокуратурасы 1997 жығы 10 наурызда оларды толық ақтаған.

### II

**МАХАМБЕТОВ** Ыбырай — Қармақшы ауданы, № 9 ауылда 1894 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;
**КЕНБАЕВ** Алпысбай — Қармақшы ауданы, № 2 ауылда 1897 жылы туған, қамауға алғанға дейін Тереңөзекте тұрған;
**КЕМБАЙЫЛОВ** Омар — Қармақшы ауданы, № 9 ауылда 1894 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған.

Бұл 3 азаматқа колхоздасу саясатына қарсы шықты, жеке малын ұжымдасуға беруден жасырды, кеңес өкіметін құлату әрекетіне белсене араласты деген айып тағылып, 1931 жылы үшеуі де қамауға алынып, үстерінен қылмысты іс қозғалған. РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесі РСФСР ҚК 58-2 бабы бойынша Махамбетов Ыбырайды, Кенбаев Алпысбайды — ең жоғары қылмыстық жаза — атуға, Кембайылов Омарды — 6 жыл түрме жазасына соттаған (сот болған күні көрсетілмеген).

Қазақстан Бас прокуратурасының 1995 жылғы 26 маусымдағы қаулысымен екеуі де толық ақталған.

### III

**КҮЙЛЕПЕСОВ** Мұқан — Ырғыз ауданында 1913 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы ауданының № 27 ауылында тұрған, малшы болған;
**БИСЕКЕЕВ** Орманбек — Ырғыз ауданында 1909 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы ауданындағы № 27 ауылда тұрған, машы болған;
**ТІЛЕУБАЕВ** Қасымхан — Ырғыз ауданында 1913 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы ауданының № 27 ауылында тұрған, малшы болған;
**БАЗАЕВ** Мансарбай — Ырғыз ауданында 1857 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы ауданының № 15 ауылында тұрған, малшы болған;
**ӘБЕТОВ** Тілеумырза — Ырғыз ауданында 1900 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы ауданының № 27 ауылында тұрған, малшы болған;
**ӘЛМЕНОВ** Әмір — Ырғыз ауданында 1903 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы ауданында тұрған, малшы болған.

Бұл 6 азаматқа Қармақшы аудандық ОГПУ бөлімі қылмысты іс қозғап, қамауға алған, оларды РСФСР ҚК-ның 58-2 бабымен колхоздасу саясатына қарсы шықты, жеке малын жасырды, шаруалар бандыларына көмектесті деген айыптар тағылған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілі үштігінің 1931 жылы 16 желтоқсандағы қаулысымен Әлменов Әмір — 5 жыл түрме, Күйлепесов Мұқан, Бисекеев Орманбек, Тілеубаев Қасымхан, Базаев Мансарбай — әрқайсысы 3 жылдан түрме, Әбетов Тілеумырза 1 жыл түрме жазасына сотталған.

Қазақстан Бас прокуратурасының шешімімен, 1990 жылғы 5 ақпанда алтауы да толық ақталған.

### IV

**СЕЙІЛХАНОВ** Әзілхан — Қармақшы ауданы, № 16 ауылда 1899 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда егінші болып істеген;
**ҚАРАБАЛАЕВ** Достанбай — Қармақшы ауданы, № 16 ауылда 1882 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылда егінші болып істеген;
**МҰРАТОВ** Әмірхан — Қармақшы ауданы, № 31 ауылда 1913 жылы туған, қамауға алғанға дейін № 31 ауылда егінші болған.

Бұл 3 азаматқа қарсы ОГПУ Сенімді өкілінің Қызылорда аудандық бөлімшесі РСФСР ҚК 58-2 бабы бойынша қылмыстық іс қозғап, 1931 жылғы 22 желтоқсанда тұтқынға алған. ОГПУ үштігінің 1931 жылғы сол 22 желтоқсандағы қаулысымен Сейілханов Әзілхан, Қарабалаев Достанбай — әрқайсысы 3 жылдан түрме жазасына сотталған, ал Мұратов Әмірханға тағылған айып дәлелденбеуі себепті оны түрмеден босатқан.

ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 11 тамыздағы шешімі бойынша үшеуі де толық ақталған.

### V

**БАЙНИЯЗОВ** Аралбай — Кармақшы ауданы, № 1 ауылда 1875 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қарақұмның «Мойынқұм» деген жерінде тұрып, мал баққан;
**ТІЛЕУБЕРГЕНОВ** Дәуренбек — № 13 ауылда 1887 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қарақұмның «Нұра» деген жерінде тұрып, мал баққан;
**ТАПАЛОВ** Әбдісахи — № 13 ауылда 1887 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қарақұмның «Сай құдық» деген жерінде тұрып, мал баққан («Ақтөбе» серіктестігі есебінен).

Бұл 3 азаматқа Кожбан ханның қарақшыларына қосылды деген кіна тағылып, ОГПУ Сенімді

өкілдігінің Қызылорда (Сырдария) ауданы өкілінің 1931 жылғы 10 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен және 59 бабының 3 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Алдын ала тергеу барысында осы іс бойынша оларға тағылған айып анықталмағандықтан, Қызылорда ауданындағы ОГПУ Сенімді өкілдігінің 1931 жылғы 16 қаңтардағы қаулысымен үшеуі де тұтқыннан босатылып, қылмыстық іс қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 22 мамырдағы қорытындысы бойынша, А. Байниязов, Д. Тілеубергенов, Ә. Тапалов ССРО Жоғарғы Кеңесі президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы бойынша толық ақталған.

**1933 жылы**

**I**



**БЕКБАЕВ** Асқар — Қызылорда қаласында 1903 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Қармақшы аудандық совет атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істеген;



**САҒАТОВ** Ғалымжан Садықұлы — Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында 1900 жылы туған, 1920 жылдан БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Қармақшы аудандық партия комитетінің хатшысы болып істеген;



**ТАЙБОСЫНОВ** Жарылқасын — Қармақшы ауданында 1904 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Ленин атындағы колхоз басқармасының төрағасы болып істеген;

**ҚАРЛЫБАЕВ** Есқара — Қармақшы ауданында 1880 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Ленин атындағы колхоз төрағасының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары болып істеген.



**ӘБДІРАХМАНОВ** Төлеген — Тереңөзек ауданында 1892 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Қармақшы аудандық тұтыну одағының төрағасы болып істеген;



**МЕЙІРМАНОВ** Әбіш — Тереңөзек ауданында 1894 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Қармақшы аудандық халық сотының судьясы болып істеген;

**БӘЙІМБЕТОВ** Меңлібек — Жалағаш ауданында 1894 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін ауылдық кеңес төрағасы болып істеген;

**ЖЕТЕРБАЕВ** Тұңғышбай — Қызылорда қаласында 1897 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Қармақшы аудандық совет атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып істеген;

**ҚАЙНАРОВ** Әлмахан — Қармақшы ауданында 1890 жылы туған, қамауға алғанға дейін колхоз төрағасының орынбасары болып істеген.

Бұл 9 азаматтың барлығына да: Кеңес үкіметінің, партияның саясатына қарсы элементтер арасынан шыққандар, Кеңес өкіметіне қарсы жауыздық ұйымның қатарында болғандар, колхоздардағы жауапты басшылық орындарға Кеңес өкіметіне дұшпандық пиғылдағы адамдардан тағайындаған, олар Ленин атындағы және «Мәдениет» колхоздарының мал басын және колхоз мүлкін құрту жолымен шаруашылықты құлатқан, өздерінің қызмет бабын пайдаланып, колхоздардың малы мен мүлкін талан-таражға салған, аудан басшылары осы колхоздардың жағдайын біле тұра, ешқандай шара қолданбаған, деген айыптар тағып, Кармақшы аудандық ОГПУ бөлімі 1933 жылдың алғашқы айларында қабылдаған бірнеше қаулылары бойынша оларды тұтқынға алған, РСФСР ҚК 58 бабының 7 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғаған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен: Бекбаев Асқар, Мейірманов Әбіш, Әбдірахманов Төлеген, Тайбосынов Жарылқасын, Бәйімбетов Меңлібек, Қайнаров Әлмахан — әрқайсысы 10 жылдан еңбекпен түзеу, Сағатов Ғалымжан Садықұлы, Жетербаев Тұңғышбай —

әрқайсысы 6 жылдан еңбекпен түзеу, Қарлыбаев Есқара — 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық соты президиумының 1958 жылғы 23 қыркүйектегі қаулысымен — Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 25 желтоқсандағы Бекбаев А., Сағатов Ғ. С., Тайбосынов Ж., Қарлыбаев Е., Әбдірахманов Т., Мейірманов Ә., Бәйімбетов М., Жетербаев Т., Қайнаров Ә. жөніндегі қаулысы бұзылып, оларға тағылған айыптар анықталмағандықтан, іс өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облысы прокурорының 1997 жылғы сәуір-мамыр айларындағы қорытындысымен: бұлардың барлығы да Қазақстан республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жайлы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## 1937 жылы

### І



**КІРЕКЕСОВ** Мұхамедияр — Қармақшы ауданының № 14 ауылында 1900 жылы туған, болыстың баласы, сауатты, қызметкер, БКП(б) мүшесі, 1937 жылы Кеңес өкіметіне қарсы, ұлтшылдық ұйымға мүше болғаны үшін партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Қармақшы аудандық партия комитетінде есеп бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. Негізінен оған басшы қызметтерге ұлтшыл элементтерді орналастырып, солар арқылы ауыл шаруашылығында бүліншілік жұмыстар жүргізген. Аудан аппараттарында Қарақұм қарақшыларына белсенді түрде қатысқан Сәрсенбаевты Уполкомзагтың статисті, бұрын 1932 жылғы 7 тамыздағы заңмен сотталған Бекеновты, аудандық жер бөлімінің инспекторы, бұрынғы байдың баласы, контрреволюциялық ұйымға қатысқаны үшін 1921 жылы партия қатарынан шығарылған Алтыруов Тұрмаханды жұмыстарында сақтап қалған деген айыптар тағылған;

**ШАХАРОВ** Мырзақұл — Қармақшы ауданының № 2 ауылында 1904 жылы туған, орта шаруадан шыққан, сауатты, қызметкер, БКП(б) мүшесі, 1937 жылы осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін аудандық мал дайындау мекемесінің бастығы болып қызмет атқарған. Оған негізінен: № 10 ауылдық кеңестің төрағасы болып тұрғанда контрреволюциялық ұйымның басшысы Ізбановтың тапсырмасын орындап, 1935 жылы өз ауылынан 50 колхозшыны «Ақын» каналын қазуға мерзімінде жібермеген, соның салдарынан канал жұмысы бітпей қалған. Тұқымды мұзды жерге себуді ұйымдастырғандықтан, тұқым үсіп кеткен. Аудандық астық дайындау мекемесінің аппаратында байлар мен молдаларды, атақты мал ұрлаушыларды ұстаған деген айыптар тағылған;

**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ** Жақсылық — Сырдария ауданының № 5 ауылында 1894 жылы туған, сауатты, қызметкер, БКП(б) мүшесі, 1937 жылы осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін Қармақшы аудандық тұтынушылар одағында нұсқаушы болып қызмет атқарған. Оған негізінен: кооперация системасында жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізген, мемлекет қаржысын ішіп-жеумен, талан-таражға салумен айналысқан, өзі кооперацияның 4 мың сомын жеп қойған, өтпейтін тауарларды ауыл дүкендеріне жіберіп, колхозшылардың Кеңес өкіметіне наразылығын тудырған деген айыптар тағылған;

**АЯЗБАЕВ** Мейірхан — Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1893 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, сауатты, БКП(б) мүшесі, 1937 жылы осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін осы ауданның № 8 ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған. Оған негізінен: жауыздық жұмыспен колхоздың малдарына қотыр ауруын жұққызған, ол ауруды барлық колхоздарға таратқан. «Құрайлы» каналын қазуды дұрыс ұйымдастырмағандықтан, 100 гектар егістік және күріш өліп қалған. Бұрынғы байларды, молдаларды, саудагерлерді, ұлтшылдарды және басқа элементтерді қорғап қалған деген айыптар тағылған;

**СӘБИТОВ** Әбжәли — Сырдария ауданы территориясында 1903 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, сауатты, БКП(б) мүшесі, 1936 жылы кооператив қаржысын жеп қойғаны үшін сотталып, партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін «Игілік» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған. Енді оған негізінен: колхозға байларды, молдаларды, саудагерлерді орналастырып, солар арқылы бүліншілік жұмыстар жүргізген, оларға барлық жағдайларды жасап, ал колхозшыларға жағдай жасамаған, соның салдарынан колхоздан колхозшы кедейлер шығып кеткен деген айыптар тағылған;

**ДОСМӘМБЕТОВ** Қаһарман — Қармақшы ауданының № 3 ауылында 1897 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, сауатты, қызметкер, БКП(б) мүшесі, 1937 жылы осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған. Қамауға алынғанға дейін Қармақшы аудандық жер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. Оған негізінен: қыстың қақаған аязында 40 адамды — аш-жалаңаш кедейлерді «Ақын» каналын қазуға, қашықтығы 50 шақырым жерге жаяу айдаған, ауданның 1500 колхозшылары өте ауыр жағдайда осы каналды қазуға үш ай бойы жұмыс істеген, бірақ канал жарамсыз болып, су ақпаған. Бұл колхозшылардың Кеңес өкіметіне деген наразылығын тудырған.

Осы 6 азамат Қармақшы аудандық НКВД Қармақшы аудандық бөлімінің 1937 жылғы 14 карашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, олар РСФСР ҚК 58 бабының 2, 9, 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1932 жылғы 4 желтоқсандағы қаулысымен:

Кірекесов Мұқамедияр, Шахаров Мырзақұл, Құдайбергенов Жақсылық, Аязбаев Мейірхан, Сәбитов Әбжәли, Досмәмбетов Каһарман әрқайсысы 10 жылдан концлагерьге сотталған.

М. Кірекесов, Ә. Сәбитов, М. Шахаров — Волголагке айдалған, Д. Құдайбегенов — Ярослав облысы, Владимир ауданы, Севвостлагке айдалған, ол 1938 жылы 29 қыркүйекте сонда қайтыс болған. Шахаров жазасын Волголагте өтеген, ол 1956 жылғы 31 мамырда сот арқылы ақталған.

Делода Аязбаев Мейірхан, Досмәмбетов Қаһарман жайлы өзге құжат жоқ болып шықты.

## II

**КҮЗЕМБАЕВ** Дәурен — Мерке ауданының Жаңа Тоғай ауылында 1891 жылы туған, БКП(б) қатарынан шығарылған, Қармақшы ауд. партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарған, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған, оған контрреволюциялық ұлттық ұйымның мүшесі, совет үкіметін құлату, сөйтіп Қазақстанда буржуазиялық-ұлттық мемлекет құру міндетін қойған деп айып тағылған, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

**АЛМАТОВ** Көшен — Қармақшы ауданының № 14 ауылында 1907 жылы туған, БКП(б) қатарынан шығарылған, аудандық «Екпінді» газетінің редакторы болып қызмет атқарған, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 21 карашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

**ЕСПАНОВ** Оспан — Қармақшы ауданының № 10 ауылында 1891 жылы туған, БКП(б) қатарынан шығарылған, Қаракеткен поселкесінде селолық магазиннің меңгерушісі болған, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 23 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

**ҚАРАҚҰЛОВ** Пірназар — Қармақшы ауданының № 16 ауылында (қазіргі Жалағаш ауданы) 1894 жылы туған, бұрын бай болған, 1932 жылы колхоздағы қылмысын жасырғаны үшін ұсталған. Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. 1938 жылғы 27 қаңтарда, 24 сағатта атылған.

**АЛТЫРУОВ** Тұрмахан — Қармақшы ауданының № 13, Сырдария ауылында 1896 жылы туған, аудандық қаржы бөлімінде инспектор болған, 1923 жылы партияға қарсы топқа қосылғаны үшін партиядан шығарылған, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 23 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмысты іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

**ҚАРАЕВ** Сқақ —Қармақшы ауданының № 16 Калинин ауылында (қазіргі Жалағаш ауданы) 1902 жылы туған, 1928 жылы байларды конфискелеу кезінде Қарқаралы округіне ата-аналарымен бірге жер аударылған. Жартылай феодал Қара Жүргеновтің баласы. Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. 1938 жылғы 27 қаңтарда, 24 сағатта атылған.

**БЕКОВ** Құлмырза — Қармақшы ауданының № 8 ауылында 1910 жылы туған, БКП(б) қатарынан шығарылған, аудандық жер бөлімінің бухгалтері болып қызмет атқарған, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

**ЕСПАНОВ** Досмағамбет — Қармақшы ауданының № 8 ауылында 1893 жылы туған, «Оян» колхозының төрағасы қызметін атқарған, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 23 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмысты іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

**ҚАРАЖАНОВ** Әбдібек — Қармақшы ауданының № 7 ауылында 1906 жылы туған, 1931 жылы нақты тапсырманы орындамағаны үшін 10 жылға сотталған, «Қазақбай» колхозының колхозшысы, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмысты іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

**САДАҚБАЕВ** Мақаш — Қармақшы ауданының № 7 ауылында 1907 жылы туған, аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет атқарған, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

**БЕКБАУЫЛОВ** Мәден — Жаңақорған ауданының № 14 ауылы, «Ащықұдық» колхозында 1902 жылы туған, БКП(б) қатарынан шығарылған, Қармақшы аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 9, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға сотталған.

**ТАЛҚАМБАЕВ** Жұмағазы — Қармақшы ауданы, № 52 ауылда 1890 жылы туған, аудандық атқару комитетінде ат арбамен адам тасушы болып жұмыс істеген, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 9, 11 тармақтарымен қылмысты іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған, оның үйі контрреволюционер-ұлтшылдардың бас қосатын жері болған, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 ·желтоқсандағы қорытындысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

**ӘДІЛОВА** Жұмагүл — Қармақшы ауданының № 2 ауылында 1899 жылы туған, Қармақшы аудандық партия комитетінде нұсқаушы болған, БКП(б) қатарынан шығарылған, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған, бұған да жаңағыдай айып тағылған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен 10 жылға концлагерьге сотталған.

Бұл 13 азамат Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы тергеу бөлімшесінің 1937 жылы 23 шілдедегі қаулысымен тұтқындалған, Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы Күзембаевты, Алматовты, Еспановты, Әділованы, Алтыруовты, Бековты, Еспановты, Садақбаевты, Бекбауыловты, Қаражановты, Талқамбаевты әрқайсысын 10 жылға концлагерьге сотталған қаулысы бұзылған. Осы жоғарыдағы сотталғандарды — Рыбиненая стансасындағы НКВД-ның Волголагерінде мерзімін өтеп жатқандарды — Қармақшы аудандық НКВД бөліміне этаппен айдап әкеліп, олардың ісіне қайта тергеу жүргізген.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1939 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы — Әділова Жұмагүлді, Беков Құлмырзаны, Садақбаев Мақашты, Қаражанов Әбдібекті, Талқамбаев Жұмағазыны, Ешпанов Оспанды әрқайсысын 10 жылға концлагерьге соттаған қаулысы бұзылып, олар қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1939 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы Еспанов Досмағамбетті, Алматов Көшенді, Алтыруов Тұрмаханды, Бекбауылов Мәденді — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге соттаған қаулысын күшінде қалдырған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1957 жылғы 23 қыркүйектегі қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы — Бекбауылов Мәден, Алматов Көшен, Алтыруов Тұрмахан, Еспанов Досмағамбет, Қарақұлов Пірназар, Қараев Сқақ жөніндегі қаулысы бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс құрамы анықталмағандықтан ісі өндірістен қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандарылған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 5 мамырдағы қорытындысымен Алматов Көшен ақталған.

## III

**БЕКМҰРЗАЕВ** Сүйіндік — Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1873 жылы туған, партияда жоқ, молда болған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Оспан — Қармақшы ауданының № 5 ауылында 1880 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, молда болған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;

**ЖАЙШЫЛЫҚОВ** Тыныштықбай — Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1877 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, 1931 жылы салықты орындамағаны үшін 1,5 жылға еңбек түзету жұмысына сотталған, бай болған, мал-мүлкі конфискеленген, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;

**ТҰРҒАМБАЕВ** Ахмет — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1879 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, 1931 жылы салықты орындамағаны үшін

1,5 жылға еңбек түзету жұмысына сотталған, бай болған, мал-мүлкі конфискеленген, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;

**САРИЕВ** Табынбай — Қармақшы ауданының № 13 ауылында 1867 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, молда болған.

**ЖҰМЫРБАЕВ** Смайыл — Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1877 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, молда болған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;

**КЕРІМБАЕВ** Ержан — Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1894 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, молда болған, қамауға алғанға дейін осы ауылда тұрған;

Бұл 7 азаматтың барлығы да — жұртшылық арасында Кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық діни үгіт жүргізген, осы мақсатта олар діни салт-дәстүрді, діни мерекелерді өткізуді бетке ұстап, өздерінің құпия жиынында үнемі басқосып, ел арасында контрреволюциялық әрекеттерді ұйымдастыруға келісіп алатын болған, мұндай құпия бас қосу 1936 жылдың аяғынан бастап үнемі өткізіліп тұрған, колхоз құрылысына қарсы шығып, колхозшыларды жұмысқа шықпауға үгіттеген, бұлардың көбісі мешіт ұстаған, жұртшылықты өздерінің тобына қосумен айналысқан деп айып тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен — Бекмұрзаев Сүйіндік, Сүлейменов Оспан, Жайшылықов Тыныштықбай, Тұрғамбаев Ахмет, Сариев Табынбай, Жұмырбаев Смайыл ең жоғарғы жаза — атуға сотталған, үкім осы жылғы желтоқсан айының 3 күні сағат 24-те орындалған, ал Керімбаев Ержан — 10 жылға концлагерьге сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1961 жылғы 3 тамыздағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 19 қарашадағы қаулысы бұзылып, оларға қойылған айыптың анықталмағанына байланысты іс қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Сот арқылы олар толық ақталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің 1995 жылғы 14 сәуірдегі Заңына сәйкес жоғарыдағы азаматтар толық ақталған.

## IV

**ЖАЙЛАУБАЕВ** Тұрсын — Қармақшы ауданы, № 13 ауылдық кеңесі, «Қызыл жарма» колхозында 1900 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, әйелі — Қатира, баласы — Қамаз;

**НҰРЖАНОВ** Бижан — № 13 ауылдық кеңес, «Қызыл жарма» колхозында 1905 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, әйелі — Балжан, баласы — Бітімбай;

**БҰҚБАНОВ** Көкей — Қармақшы қыстағында 1892 жылы туған, кейін осы ауданның № 13 ауылдық кеңесі, «Қызыл жарма» колхозында тұрған, негізі кедей шаруа, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, әйелі — Мәрия, балалары — Мусағали, Жайберген;

**ҰЗАҚОВ** Мәлік — № 13 ауылдық кеңесі, «Қызыл жарма» колхозында 1915 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатты, 1932 жылдан БЛКЖО мүшесі, 1936 жылдан № 13 ауылдық кеңес хатшысы, бұрын сотталмаған, әйелі Дәмен, баласы — Шахран;

**ҮСЕНТАЕВ** Шаймахан — № 13 ауылдық кеңес, «Қызыл жарма» колхозында 1900 жылы туған, негізі — кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, әйелі — Мәрияш, қызы — Гүлбахарам;

**ҚАРАҚҰЙШИЕВ** Қалымбет — Қармақшы қыстағы, Аманкелді көшесі, № 38 үйде 1903 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауаты бар, партияда жоқ, дайындау мекемесінде күзетші болып істеген, бұрын сотталмаған, әйелі — Ауаш;

**ҰЗАҚБАЕВ** Әбіл — Қармақшы қыстағында 1894 жылы туған, кейін осы ауданның № 13 ауылдық кеңесі, «Қызыл жарма» колхозында тұрған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, әйелі Қазына;

**АЛПЫСБАЕВ** Шоман — Қармақшы қыстағында 1900 жылы туған, кейін осы ауданның № 13 ауылдық кеңесі, «Қызыл жарма» колхозында тұрған, негізі — кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, әйелі Шаукен, ұлы — Тілеген, қызы — Райкүл;

**ӨТЕБАЕВ** (Өтебасов) Нұрмахан — Қармақшы қыстағында 1890 жылы туған, кейін осы ауданның № 13 ауылдық кеңесі, «Қызыл жарма» колхозында тұрған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, әйелі — Жұмагүл, ұлы Махмұт, қызы — Жақсыгүл;

**ҮСЕНТАЕВ** Бекмахан — Қармақшы қыстағында 1905 жылы туған, кейін осы ауданның № 13 ауылдық кеңесі, «Қызыл жарма» колхозында тұрған, негізі кедей шаруа, білімі 2 класс, 1931 жылдан БКП(б) қатарынан шығарылған, колхозшы, 1934 жылы кооператив қаржысын ішіп-жеп қойғаны үшін 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңға сәйкес 6 жылға сотталған, бірақ ақталып шыққан, әйелі — Баршагүл, ұлы — Нұрсәлім;

**ТАУБАЕВ** Әбубәкір — Қармақшы қыстағында 1901 жылы туған, кейін осы ауданның № 13 ауылдық кеңесі, «Қызыл жарма» колхозында тұрған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, әйелі — Агуш, қызы — Шайзада;

**ТӨРЕБАЕВ** Жұқа — Қармақшы қыстағында 1893 жылы туған, кейін осы ауданның № 5 ауылдық кеңесі, «Бірлестік» колхозында тұрған, негізі — кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, әйелі — Заубай, қызы — Рaушан.

Төребаев Жұқа 1933 жылы Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 3 түйесін жайылып жүрген

жерінен ұрлап, № 13 ауылдық кеңеске әкеліп, «Қызыл жарма» колхозының төрағасы Алпысбаевке келген. Алпысбаевпен, тағы басқалармен келісіп, ұрланған түйелерді сойып, етін өзара бөлісіп алған. Ұрланған түйенің сойылғанын ауылдық кеңес төрағасының орынбасары Қожақұлов біліп қалады да, ол бұл жағдайды аудан орталығына хабарламақшы болған. Бірақ Алпысбаев және басқалар Кожақұловты ұстап жібермей, Ұзақбаевтың үйінде бір түн күзетпен ұстаған. Келесі күні Төребаевтың, Үсентаевтың, Өтебасовтың және басқалардың басшылығымен Кожақұловпен бірге Үсентаевтың әкесін жерлеу намазына барамыз деген сылтаумен жолға шыққан, жолда келе жатып Өтебасов Кожақұловты мылтықпен атып өлтірген. Олардың осы қылмыстық әрекетін әшкерелеген Раисованы да өлтіруге олар тікелей қатысқан. Бұл екі адамның өлтірілуі Үсентаевтың тікелей тапсырмасымен жүзеге асырылған. Бұл қылмысты әкекетке Төребаев пен Жайлаубаев та тікелей қатысты болған.

1934 жылы Үсентаев колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салып, ішіп-жеп қойғаны үшін 6 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, кейін қамаудан босатылған. Одан кейінгі жазадан қашқалақтап жүрген.

Өтебасов 1933 жылы Үсентаев тағы басқалармен бірлесіп Қармақшы аудандық милициясының үш түйесін ұрлап союға белсенді қатысқаны, оның Кожақұловты, Райсованы өлтіруге белсене қатысқаны, бұл қылмысты әрекеттерде Ұзақбаев, Алпысбаев, Таубаев, Ұзақовтармен сыбайластығы әшкереленген.

Осы қылмысты әрекеттері үшін жоғарыда аттары аталған 12 айыпкер 1937 жылғы 23 қарашада Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 59 бабының 3 тармағымен және 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңмен оларға қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу барысында олар тағылған айыпты толық мойындаған, айыптау қорытындысы бойынша олардың қылмыстық әрекеттері НКВД-ның № 00447 санды бұйрығына жатқызылып,ісі Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің қарауына жіберген. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы УРО-ның 1937 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен — Үсентаев Шаймахан, Қаракүйшиев Қалымбет, Нұржанов Бисен, Бұқбанов Көкейді одан әрі қамауда ұстауға қажетсіз деп тауып, Қармақшы ауданының территориясынан ешқайда кетпеуге тілхат алып, қамаудан босатқан.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысымен:

— Төребаев Жұқа, Өтебасов Нұрмахан — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, жеке мүлкін тәркілеуге сотталған. Үкім сол желтоқсанның 8 күні, түнгі сағат 24-те орындалған;

— Алпысбаев Шоман, Ұзақбаев Әбіл, Таубаев Әбубәкір, Жайлаубаев Тұрсын, Ұзақов Мәлік, Үсентаев Бекмахан — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 5 ақпандағы қорытындысымен Төребаев Жұқа, Өтебасов Нұрмахан, Үсентаев Бекмахан, Ұзақбаев Әбіл, Алпысбаев Шоман, Таубаев Әбубәкір, Жайлаубаев Тұрсын, Ұзақов Мәлік СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

## V

**БІЛМАНОВ** Қарымсақ — Қармақшы ауданының № 15 ауылында 1892 жылы туған, негізі шаруа, шала сауатты, БКП(б) мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін № 11 ауылдық кеңестің төрағасы болып істеген, 1933 жылы колхоз мүлкін талан-таражға салғаны үшін сотталған, бұрын мал ұрлайтын қарақшы болған, әйелі — Зоя, ұлдары — Садақбай, Әли, қызы — Күлпаршын;

**ҚАЙҚАМБАЕВ** Исабай — Қармақшы ауданының № 11 ауылында 1891 жылы туған, негізі шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, қамауға алынғанға дейін «Томарбөгет» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған, әйелі — Торта;

**РОМАНОВ** Әубәкір — № 11 ауылда 1899 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, қамауға алынғанға дейін «Томарбөгет» колхозында бригадир болып істеген, әйелі — Зибагүл;

**АХМЕТОВ** Зини — № 11 ауылда 1905 жылы туған, негізі орта шаруа, сауатты, партияда жоқ, қызметкер, 1937 жылы колхоз малын құртқаны үшін сотталған, қамауға алынғанға дейін «Томарбөгет» колхозында есепші болып жұмыс істеген, әйелі — Замнаси, қызы — Қаламқас;

**САҒЫМБАЕВ** Қитарбек — № 11 ауылда 1915 жылы туған, бай, қарақшының баласы, партияда жоқ, 1937 жылы колхоз·малын құртқаны үшін 6 айға еріксіз жұмысқа сотталған, кейінгі кезде «Томарбөгет» колхозында колхозшы болған, әйелі — Ақгүл;

**РЫСБАЕВ** Әнуар — № 11 ауылда 1917 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Томарбөгет» колхозында колхозшы болған, әйелі — Қоснұс;

**ТҮШКЕЕВ** Бостан — № 11 ауылда 1912 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, қамауға алғанға дейін «Томарбөгет» колхозында табель толтырушы болып істеген, әйелі — Ақбала, қызы — Деляфруз;

**БАЗАРОВ** Ұмыт — № 11 ауылда 1914 жылы туған, негізі кедей шаруа, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, қамауға алғанға дейін «Томарбөгет» колхозында колхозшы болған, үйленген;

**АҚТАЕВ** Қожатай — № 11 ауылда 1899 жылы туған, негізі кедей шаруа, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, қамауға алғанға дейін «Томарбөгет» колхозында бригадир болып істеген, әйелі — Ораз, ұлдары — Сүленбай, Мүсілім;

**ДӘРМЕНҚҰЛОВ** Ерген — № 11 ауылда 1903 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты,

партияда жоқ, бұрын сотталмаған, қамауға алғанға дейін «Томарбөгет» колхозында төраға болып жұмыс істеген, әйелі — Ақат, ұлы — Әбдіқали;

**БЕЙСЕМБАЕВ** Нұртай — № 11 ауылда 1913 жылы туған, байдың баласы, партияда жоқ, 1933 жылы колхоз меншігін талан-таражға салғаны үшін сотталған, қамауға алғанға дейін «Томарбөгет» колхозының колхозшысы болған, үйленбеген;

**АРЫҚОВ** Тоқсейіт — № 11 ауылда 1909 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, қамауға алғанға дейін «Томарбөгет» колхозының колхозшысы болған, әйелі — Дәметкен.

Бұл 12 азаматтың барлығы да Кеңес өкіметіне қарсы ұлттық, террорлық көтерілісшілер ұйымының Қармақшы ауданындағы, оның ішінде «Томарбөгет» колхозындағы филиалының мүшелері болған. Бұл ұйымға қатысушылар, оның басшыларының бір Шахаров Мырзақұлдың (ол 1937 жылы қарашада сотталып кеткен) тапсырмасымен олардың ауылда және колхозда атқарып отырған қызметтерін пайдаланып, атап айтқанда: Білманов № 11 ауылдық кеңес төрағасы, Қойқамбаев «Томарбөгет» колхозының төрағасы, Ахметов сол колхоздың есепшісі, Романов және Ақбаев колхоз бригадирлері, Түшкеев табель жүргізуші және басқалары колхоз мүшелері болғанын пайдаланып, колхозды құлатуға, жүргізіліп жатқан шаруашылық, саяси шараларды бұзуға бағытталған жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізген. Мәселен, 1937 жылдың күзінде және 1938 жылдың көктемінде ұйымға қатысушылар — Білманов, Қойқамбаев және Романов жауыздық-зиянкестік мақсатпен ұзындығы 2000 метрлік канал қаздырған, бірақ онан су ақпаған, оны қазуға 365 еңбеккүні жұмсалған. Соның салдарынан егістік суарылмай қалған. 1938 жылдың көктемінде әдейі суарылмайтын 60 гектар жерге бидай сепкен, шіріп кеткен жарамсыз тұқымды сортты тұқымға айырбастап, тазаланбаған, күрмек араласқан тұқымды сепкен.

Олар мал шаруашылығында да зиянкестік-жауыздық жұмыстар жүргізген, әдейі қасақана малды кенесі бар, уланған жерге айдаған, соның салдарынан 27 қой уланып өлген. Сырттан әкелінген асыл тұқымды малды бұрынғы бай-қарақшыларға таратып берген, кейін ол малдарды жауыздықпен сойып жіберген. Бұл ұйымға қатысушылар мұндай жауыздық-зиянкестік жұмыстардан да басқа террорлық жолға түскен.

Өздерінің контрреволюциялық әрекеттерін колхозшы Ержамбаева Шәмшінің әшкерелеп қойғанынан қорқып, ұйымға қатысушылар оны өлтірмекші болған, өйткені Ержамбаева олардың контрреволюциялық жиынының үстінен шыққан. Осы мақсатта олар Қойқамбаевтың үйінде контрреволюциялық жиын өткізіп, онда Ержамбаеваны өлтіруге келіскен. Бұл террорлық актіні орындауды Рысбаев пен Сағымбаевқа жүктеген. Сол жылғы 10 сәуірде Рысбаев ұйымның тапсырмасымен Ержамбаеваны өлтіру мақсатында оны мылтықпен атқан, бірақ Ержамбаева ауыр жараланып, бет-аузы бүлінген, бірнеше тісі сынған, өлмей аман қалған.

Бұдан басқа Қойқамбаев, Романов және Ахметов 1930 жылы ауылдық кеңестің төрағасы, коммунист Ешов Бержікейді айуандықпен өлтірген.

Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 2 айыпкер Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 12, 14-27 сәуірдегі қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 8 және 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі сол жылғы 21 шілдеде бітіп, айыптау қорытындысы 25 шілдеде жасалған да, Қызылорда облыстық прокуроры оны 3 тамызда бекіткен. Айыптау қорытындысы Қазақ ССР НКВД-сының Шекара және ішкі әскерлерінің әскери прокуроры арқылы 1938 жылғы қазандағы қаулысымен бекітілген. Сонан кейін істі Қазақ ССР НКВД-ның Шекара және ішкі әскер трибуналына жіберілген.

Қазақ ССР НКВД Шекара және ішкі күзет әскери трибуналының 1938 жылғы 10—14 қарашадағы үкімімен:

— Білманов Қарымсақ пен Қойқамбаев Исабай — әрқайсысы 20 жылға.

— Романов Әубәкір, Ахметов Зини, Рысбаев Әнуар, Дәрменқұлов Ерген — әрқайсысы 15 жылға;

— Сағымбаев Қитарбек, Түшкеев Дастан, Базаров Ұмыт, Ақтаев Қожатай — әрқайсысы 12 жылға;

— Бейсембаев Нұртай, Арықов Тоқсейіт — әрқайсысы 10 жылға құлып астына, барлығының да саяси құқығын 5 жылға жоюға сотталған.

ССРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 1940 жылғы 15 қарашадағы ұйғаруымен, Әскери трибуналдың үкімі бұзылып, істің алдын ала тергеу арқылы қайта қарауға жіберілген. Бұл іс бойынша Қармақшы аудандық НКВД бөлімі арқылы қайта тергеу жүргізілген.

Қармақшы аудандық НКВД бөлімі 1941 жылғы сәуірде Білманов Қарымсақ, Қойқамбаев Исабай, Романов Әбубәкір, Ахметов Зини, Ақтаев Қожатай, Дәрменқұлов Ерген, Бейсембаев Нұртай, Арықов Тоқсейіт, Түшкеев Достан, Сағымбаев Қатарбек, Базаров Ұмыттың РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 8, 11 тармақтарымен айыпталған ісі тергеу барысында тоқтатылып, айыпкерлер қамаудан босатылсын деп қаулы шығарған. Сонымен бірге айыпкер Рысбаев Әнуар жөнінде — оған РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 8, 11 тармақтары бойынша тағылған айып анықталмағандықтан, бұл бап одан алынып тасталған, оны РСФСР ҚК 39 бабымен қылмысқа тарту ретсіз, өйткені оның жасаған қылмысына көп уақыт өткендіктен, қоғамдық маңыздық сипатын жойған, сондықтан РСФСР ҚК 8 бабын басшылыққа алып, Рысбаев Әнуардың ісі тергеумен тоқтатылып, ол қамаудан босатылсын, делінген.

Осы іс бойынша қылмысқа тартылып, Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының ішкі түрмесінде қамауда отырған Қойқамбаев Исабай мен Білманов Қарымсақ 1941 жылғы 15 қыркүй-

екте қамаудан босатылған, қалған 10 айыпкердің қай лагерьде жүргені белгісіз болғандықтан, қамаудан босатылмаған.

Қазақ ССР НКГБ тергеу бөлімінің аға тергеушісінің 1943 жылғы 7 шілдедегі қорытындысымен, әр жақтағы лагерьлерде жүрген А. Романов, З. Ахметов, К. Сағымбаев, А. Рысбаев, Д. Түшкеев, У. Базаров, К. Ақтаев, Е. Дәрменқұлов, Н. Бейсембаев, Т. Арықовты қамаудан босатуды дұрыс деп тапқан.

Қызылорда облыстық прокурорының аға көмекшісінің 1990 жылғы 10 желтоқсандағы қаулысымен Ақтаев Қожабай, Ахметов Зини, Арықов Тоқсейіт, Базаров Ұмыт, Бейсембаев Нұртай, Білманов Қарымсақ, Дәрменқұлов Ерген, Қойқамбаев Исабай, Романов Әубәкір, Рысбаев Әнуар, Сағымбаев Қатарбек, Түшкеев Достандар жөніндегі қылмыстық іс олардың әрекетінде қылмыстың сипаты болмағандықтан, мүлдем қысқартылған.

Бұлардың барлығы ақталған.

## VI

**АЛТАЕВ** Қарабала — Қармақшы ауданының № 12 ауылы, «Түпбөгет» колхозында 1906 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1932 жылдан 1934 жылға дейін қуғыннан қашып Өзбекстанда жасырынып жүрген, үйленбеген, інісі — Қартқожа.

**ОМАРОВ** Алғашбай — Қармақшы ауданының № 12 ауылы, «Түпбөгет» колхозында 1894 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, колхоздың қаржысын талан-таражға салғаны үшін қуғыннан қашып жасырынып жүрген, үйленген, әйелі — Кенішкүл, қыздары — Алмагүл, Орын.

Алтаев Қарабала — байдың, адам еңбегін қанаушының баласы болғандықтан, кеңес өкіметіне қарсы жат пікірде болып, жұртшылықтың арасында үнемі контрреволюциялық жеңілістік үгіт жүргізіп келген. Мәселен, 1936 жылдың желтоқсан айында ол колхозшылар арасында: «Елде ешқандай жетістік жоқ, бұрын бір байдың қойы қазіргі бір ауданның қойынан көп болған»— деп сөз айтқан. Одан кейін тағы да: «Сталин өтірік айтады. Ол жетістік туралы айтқан болатын, ал шын мәнісінде елде ешқандай жетістік жоқ»— деген. Алтаев газетте басылған халық көсемі Сталиннің портретін балағаттап, қаламмен көзін тесіп, аузын кесіп, былай деген: «ол сөйлей алмасын деп аузын кестім, көрмесін деп көзін тестім».

1937 жылдың сәуір айында Алтаев пен Омаров бір колхозшының үйінде отырып, бірнеше колхозшылардың қатысуымен ашықтан-ашық контрреволюциялық үгіт жүргізген. Алтаев: «Сталин дұрыс саясат жүргізіп отырған жоқ, колхозшылардың тұрмысы жақсарудың орнына нашарлап барады»— деп сөз айтқан. Омаров оның сөзін қолдап: «Бұрын шынында да жақсы болған еді. Бәрі арзан болатын және барлық жұрт жақсы киінетін, ішіп-жейтін, ал қазір аш-жалаңаш жүрміз»— деген. Ол өз сөзінің шындығын білдіру мақсатында жалаңаяқ аяғын көтеріп, жұртқа көрсеткен.

Алтаев Омаровтың қолдауын пайдаланып, мәселені дауысқа салған: «Кімдер ескі өкіметті қолдайды, қолдарыңды көтеріңдер» деген. Өзі бірінші болып қолын көтерген, оны қуаттап Омаров қолын көтерген. Омаров колхоздың 400 сомын, кооперативтің 500 сом қаржысын ішіп-жеп қойған.

Осы қылмыстары үшін Алтаев Қарабала мен Омаров Алғашбай Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 28 маусым — 1 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен — Алтаев Қарабала мен Омаров Алғашбай — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған.

Алтаев пен Омаров сотталғаннан кейін СССР НКВД-ның Хабаров өлкесі, Амур темір жолы, Забитая стансасы, Воллаг-10 бөлімшесі, № 7 колонияда қамауда болған. (1941 ж. Новосибирск облысы, Асин ауданы лагерінде болған).

Қызылорда облыстық прокурордың 1940 жылғы 28 маусымдағы қортындысы бойынша Алтаев пен Омаровтың арыздары нәтижесіз қалдырылған.

Қызылорда облыстық прокурор орынбасарының 1989 жылғы 11 қыркүйектегі қорытындысымен Алтаев Қарабала мен Омаров Алғашбай — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## VII

**АЛДАШБАЕВ** Әубәкір — Қармақшы ауданының № 9 ауылы, «Жаңа тілек» серіктестігінде 1893 жылы туған, руы кете, ірі байдың — молда-ишан-ахунның баласы, әкесі Ераназаров Алдашбай 1936 жылы өлген, Әубәкірдің өзі де әкесіндей ірі бай, молда болған. Революцияға дейін Бұхарадағы медреседе оқыған, партияда жоқ, үйленген, әйелі — Рупия, қызы — Зәкида, інілері — Омар, Асан, Мұстафа, Қожахмет;

**АЛДАШБАЕВ** Қожахмет — Қармақшы ауданының № 9 ауылы, «Жаңа тілек» серіктестігінде 1907 жылы туған, ірі байдың — молда-ишан-ахунның баласы, өзі де бай-молда болған, арабша сауатты, партияда жоқ, әйелі — Ақиін, баласы Қаратай, ағасы — Әубәкір, Омар, Асан, Мұстафа, Әбділхамит.

Ағайынды Әубәкір, Кожахмет Алдашбаевтар ірі ишан, ахунның балалары ретінде, өздері де ірі бай, молда болып, Кеңес өкіметіне қарсы дұшпандық жат пиғылда болған, бірнеше жыл бойы ұйымдасқан түрде ауыл-ауылды аралап, тұрғындар арасында Кеңес өкіметіне қарсы жеңілістік сипатта контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген. Олар ашықтан-ашық контрреволюциялық үгіт жүргізу үшін 1936 жыл маусым айында әкесінің қайтыс болғанын пайдаланған. Ауыл-ауылды аралап, жұртшылықты әкесінің намазына шақырып, на-

мазға жиналғандарға Әубәкір: «Коммунистік партияның артынан ермеу және оған сенбеу керек, мұсылман дінінің соңынан еріп, тек ғана соған сену керек, әйтпеген күнде бәріміз құримыз»,— деп контрреволюциялық сөз айтқан. Жақын жатқан 4 ауылдың адамдарын әкесінің намазына шақырған, намазға 400—500 адам, 6—7 молда қатысқан, сөйтіп намазды мұсылмандардың үлкен жиынына айналдырған. 1936 жылдың қыркүйек айында әкесінің қабырының қасынан мешіт салу үшін контрреволюциялық үгітті кең көлемде жүргізген. Әубәкір мен Қожахмет: «Енді халықтың құдайға сенем десе де, мешіт салам десе де еркінде, бұл жөнінде бізге ешкім қарсы тұра алмайды» деген. Халықтан пітір-садақаға алым жинап, 1936 жылдың қыркүйек айында әкесінің қабырының қасынан мешіт салдырған. Сол жерде әкесіне ас беріп, құдайы-жолы жасаған, тіптен моланың басына екі ақ жалау іліп қойған. Әсіресе олар кейінгі кезде контрреволюциялық үгітті ашықтан-ашық жүргізетін болған. Қожахмет қолына Құранды алып, адамдарды аралап, Құранның сөрелерінің мағынасын жұртшылыққа түсіндіруді сылтау етіп, Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт таратқан. 1937 жылдың шілде айында Кожахмет: «мұсылман жолы — нағыз дұрыс жол, барлығымыз осы жолға түсуіміз керек. Кеңес өкіметінің жолы — дұрыс жол емес» деген. Әубәкір жұртшылық арасында: «жастарға Кеңес өкіметіне емес, мұсылман жолына түсулері, құдайға сенулері керек екенін ескертемін» деген. Алдашбаев Әубәкір байларды конфискалап жатқан кезде Өзбекстан территориясына қашып кетіп, сол жақта бір совхозға мүше болып кіріп, совхоздың қаракөл терісін ұрлап, 1932 жылы 5 жылға сотталған, жаза мерзімін өтемей Қармақшы ауданына қашып келген. Ол «Өзбекстанда халықтың тұрмысы жақсы, бұл жердегідей азаннан кешке дейін ауыр жұмыс істемейді, сол жаққа жаппай көшу керек» деп үгіт таратқан.

Осы қылмыстары үшін Алдашбаев Әубәкір, Кожахметтер Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 14—18 тамыздағы қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасының жанындағы үштіктің 1937 жылғы 27 қыркүйектегі қаулысымен:

— Алдашбаев Әубәкір ең жоғары қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 1937 жылғы 5 қазан күні орындалған. Алдашбаев Әубәкірдің мал-мүлкі тәркіленген.

— Алдашбаев Қожахмет — 10 жылға концлагерге сотталған.

***«Боздақтар» редакциясының ескертуі:* Бұл мәліметте Алдашбаев Әубәкірдің інісі Алдашбаев Қожахметті 10 жылға концлагерге сотталды дегенімен, ол да ағасымен бірге сол 1937 жылғы — 27 қыркүйекте атылғаны жайлы архивтік дерек осы томдағы «Құрыққа түскен молдалар мен ишандар» атты мақалада атап көрсетілді. Алдашбаев Әубәкірден тәркіленген мал-мүлік туралы сол боздақтың туған қызы, қызылордалық Зәкида Әубәкірованың осы томдағы «Хабар-ошарсыз кетіп бара жатқандар» атты топтамада баян етілді. Ал Алдашбаев Қожахметттің ағасы Әубәкірмен бірге жоқ болып кеткенін, егер ол он жылға концлагерге сотталғаны рас болса, кейін бір дерегі болар еді ғой дегенді сол боздақтың туысы, белгілі азамат Әбдірәш Іскендіров айтады.**

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 6 шілдедегі қорытындысымен Әубәкір және Қожахмет Алдашбаевтар — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## 1938 жылы

### I

**ШАЛТЫҚОВ** Атақан — Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1908 жылы туған, кейін Қармақшы қыстағы, Ленин көшесі, № 50 үйде тұрған, сауатты, партияда жоқ, Қармақшы аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып істеген, бұрын сотталмаған, әйелі — Рахия, қызы — Қоспула, ұлы — Кәмит;

**ЖҮСІПОВ** Нұрбай — Қармақшы ауданының № 25 ауылы, «Жас қайрат» колхозында 1901 жылы туған, сауатты, қызметкер, БКП(б) мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алғанға дейін № 25 ауылдық кеңестің төрағасы болып істеген, 1933 жылы астық тапсыру жоспарын орындамағаны үшін тергеуде болған, әйелі — Үміткүл, қызы — Әсемкүл;

**ҚАЮПОВ** Мәлік — № 25 ауылда 1908 жылы туған, кейін Қармақшы қыстағы, Ленин көшесі, № 29 үйде тұрған, сауатты, қызметкер, БКП(б) қатарынан осы іс бойынша шығарылған, бұрын сотты болмаған, қамауға алғанға дейін Қармақшы аудандық атқару комитетінде хатшы болып істеген, әйелі — Маухиза.

Қармақшы аудандық қаржы бөлімінде, аудандық атқару комитетінің жүйесінде Кеңес өкіметіне қарсы ұлттық контрреволюциялық ұйымның филиалы болған. Қармақшы ауданындағы бұл ұйым 1936—1937 жылдары құрылған, оның басшылары Тұрабаев Сермахан (1938 жылы ол сотталып кеткен), Ізбанов Аққазы (1938 жылдың наурыз айында ол сотталып кеткен) болған. Ал Шалтықов Атахан, Жүсіпов Нұрбай, Қаюпов Мәлік осы ұйымға мүше болып қатысқан. Бұлар Тұрабаевтың, Алилованың тапсырмасымен Қармақшы аудандық қаржы бөлімі мен аудандық атқару комитетінің системасында және «Ақ байдақ» колхозында жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізген.

Мәселен Шалтықов Атахан Кеңес өкіметіне қарсы ұлттық контрреволюциялық ұйымға 1937 жылдың маусым айынан қатысып, жеке өзі осы ұйымға бір адамды тартқан, бірнеше контрреволюциялық жиындарға қатысып, аудандық қаржы бөлімінде жауыздық жұмыстар жүргізу нұсқауларын алған. Аудандық қаржы бөлімінің бухгалтер-ревизоры болып қызмет атқарып тұрған

кезінде осы ұйымның тапсырмасымен аудандық қаржы бөлімінің системасында жауыздық-бүлiншiлiк жұмыстар жүргізген: ауылдық кеңестерге дер кезінде ревизия жасамаған, соның салдарынан 1938 жылдың бірінші тоқсанында 4 ауылдық кеңес бойынша 8805 сомның қаржысын талан-таражға салып, ішіп-жеп қойған, 10 ауылдық кеңес бойынша 5886 кредитсіз бюджет қаржысы ашылған. Одан басқа сол жылдың ақпан айында аудандық оқу бөлімінде ревизия жасап, әдейі 12 мың растратаны 8 мың деп, сонымен қатар мектеп бойынша 80 мың растратаны 42 мың деп көрсеткен. Аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарып тұрғанда касса жоспарынсыз аудандық атқару комитетіне 100 мың сом аванс берген, жеке секторлардың қарыздарын төлеуіне ешқандай шара көрмеген. 1938 жылдың екінші тоқсанында мемлекеттік кіріс бойынша 36395 сом жиналмаған. Бай-молдалардың жеке қожалықтарына салық салуға шара көрмеген.

Жүсіпов Нұрбай Кеңес өкіметіне қарсы ұлттық ұйымға қатысушы ретінде 1936 жылдын қыркүйек айынан бастап контрреволюциялық жиындарға қатысқан. «Ақ байдақ» колхозының төрағасы болып тұрғанда осы ұйымның тапсырмасымен сол колхозда жауыздық-бүлдірушілік жұмыстар жүргізген, колхоздың мүлкін талан-таражға салған. 1936—1937 жылдары Жүсіпов колхоз фондысынан 119 центнер күрішті және 4446 сомды жеке пайдасына жаратқан, 32 бас малды жауыздықпен сойып жіберген. Колхозшылардың еңбек күнін талан-таражға салып, заяға кетіру мақсатында 22 гектар күрішті су шықпайтын жерге ектірген, оны күтіп-баптауға 920 еңбек күн кеткен, 22 гектар жерді күзде трактормен айдауға колхоз МТС-қа 38 центнер астық төлеген, 10 гектар жоңышқаны суармаған. Соның салдарынан жоңышқа шықпай қалған. Сөйтіп ол «Ақ байдақ» колхозы колхозшыларының ренішін тудырған.

Қаюпов Мәлік Кеңес өкіметіне қарсы ұлттық контрреволюциялық ұйымға белсенді қатысушы ретінде, 1937 жылдың маусым айынан бастап контрреволюциялық жиын өткізіп, онда «Ақ байдақ» колхозында жауыздық бүлдірушілік жұмыстар жүргізуге нұсқаулар берген. Мемлекеттік кіріс жөніндегі инспектор болып тұрғанда ұйымның тапсырмасымен әдейі кооперация мен мемлекеттік сауда жүйесінде сауда айналымын тексеру және бақылау жүргізілмеген, соның салдарынан 1937 жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік кіріс жоспары орындалмай қалған.

Осындай қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 3 айыпкер Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 29 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 11 желтоқсанда біткен. Айыптау қорытындысы сол жылғы 22 желтоқсанда бекітіліп, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының қарауына жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 18 қаңтардағы үкімімен: Шалтықов Атахан, Жүсіпов Нұрбай, Қаюпов Мәлік РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен — әрқайсысы 10 жылға бас бостандығы еріктерінен айырылуға, ҚК 58 бабының 7, 11 тармақтарымен және 1937 жылғы 2 қазандағы Үкімет қаулысына лайық әрқайсысы 20 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, тұтқында ұстауға, әрқайсысы 5 жылға сайлау-сайлану құқығын жоюға және өздеріне тиісті мал-мүлкін тәркілеуге сотталған. Үкім тұжырымды, шағым беруге жатпаған. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 27 қыркүйектегі ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 18 қаңтардағы — Шалтықов, Қаюпов және Жүсіповтің ісі жөніндегі үкімі бұзылып, республика прокуратурасы арқылы іс алдын-ала тергеу арқылы қайта қарауға берілген.

Қызылорда облыстық НКВД басқармасы тергеу бөлімшесінің 1940 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен — Шалтықов Атахан, Жүсіпов Нұрбай, Қаюпов Мәліктің тергеу ісі өндірістен тоқтатылған. Жүсіповтың 4458 сом колхоз қаржысын пайдаланып кеткені туралы материалды жеке өндіріске шығарып, аудандық прокуратураға қайта тексеруге берген. Шалтықовтың өзінің қызметіне салқын қарағаны туралы материалды жеке өндіріске шығарып, аудандық прокуратураға қайта тексеруге берген. Қаюпов Мәліктің ісінің тоқтатылуына байланысты, ол қамаудан босатылған.

Шалтықов Атахан мен Жүсіпов Нұрбайдан ешқайда кетіп қалмауы туралы тілхат алып, қамаудан босатылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының шешімімен бұл азаматтар 1994 жылғы 12 сәуірде толық ақталған.

## II

**ТӘЖІМАНОВ** Қалмұрат — Қармақшы ауданының № 3 ауылы, «Ызакөл» колхозында 1898 жылы туған, шала сауатты, колхозшы, партияда жоқ, 1934 жылы Қармақшы аудандық халық соты арқылы РСФСР ҚК 109 бабымен сотталған, қамауға алғанға дейін «Ызакөл» колхозының төрағасы болып істеген, әйелі — Кембота;

**ҚОШЫМАНОВ** Ысқақ — «Ызакөл» колхозында 1904 жылы туған, молданың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, колхозда бригадир болып істеген, бұрын сотталмаған, әйелі — Нұрғанша қыздары — Күлзипа, Базита;

**ЕРМЕКБАЕВ** Ерғали — № 3 ауыл, «Ызакөл» колхозында 1909 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, колхозда бригадир болып істеген, бұрын сотталмаған, үйленбеген;

**ҚАДЫРОВ** Ізет — Қармақшы ауданының № 1 ауылы, «Каракөл» колхозында 1900 жылы туған, сауатты, 1932 жылы қамауға алғанға дейін БКП(б) мүшесі болған, «Қаракөл» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған, әйелі — Ажар, қызы — Құндықгүл;

**ҚАЗАНОВ** Махамбет — № 1 ауыл, «Қаракөл» колхозында 1911 жылы туған, байдың баласы, сауаты бар, партияда жоқ, колхозда есепші болып істеген, бұрын сотталмаған, әйелі — Палау;

**ЖАППАСБАЕВ** Қалақай — № 3 ауыл, «Ызакөл» колхозында 1900 жылы туған, сауатты, 1930 жылға дейін БКП(б) мүшелігіне кандидат болған, 1933 жылы 1932 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес тұқым фондысын ішіп-жеп қойғаны үшін 5 жылға сотталған, одан кейін Қызылтам сельпосының сатушысы болып істеген, әйелі — Зейнеп, қызы — Күланда, ұлы — Асқар.

Жоғарыда аттары аталған 6 адам ауыл шаруашылығының түрлі басқару орындарында жауапты қызметкерлер бола жүріп, Қазақстан көлеміндегі, оның ішінде Қармақшы ауданының № 1 және № 3 ауылдарындағы контрреволюциялық топқа мүше болған, 1937 жылы мамыр-маусым айларында бұрынғы халық жаулары ретінде ұсталып кеткен Байсалбаев, Байғабылов дегендермен сыбайлас ретінде осы ұйымға мүше болып тартылған. Бұлар сол ұлтшыл-контрреволюциялық ұйымның мақсатын іске асыру жолында әрқайсысы түрліше міндеттер бөлісіп алып, шаруашылықты құлату, көпшілікті үкіметтің саясатына қарсы қоюмен, Қазақстанды СССР-ден бөліп алып, онда байлар өкіметін орнатпақшы болған. Сол үшін Тәжіманов, Қошыманов, Жаппасбаев, Ермекбаев, Қадыров, Бозановтар мал басын кемітуге үгіт таратып, өздері бас болып малдарын сойып алып, көпшілікке жол ашуларының арқасында «Ызакөл» колхозынан 1937—1938 жылдары 80 бас мал кеміп кеткен. Сонымен қатар бұлар 1937 жылғы көктем егісінің кезінде сортты бидай тұқымын сортсыз бидайға араластырып себудің арқасында оның шығымын 50 процентке төмендетіп жіберген. Сол жылы су жүрмейтін жерден бұлар арық қаздырып, 20 гектар бидай, 30 гектар тары, 5 гектар үпілмелік, 5 гектар жоңышқаны судан қалдырған. 1938 жылғы егіс түсында да сортты арпаны сортсыз арпамен араластырып 2 гектар жерге сеуіп, шығымын төмендетіп жіберген. Жаңа егіске су жібермей 15 гектар тары, 5 гектар жоңышқа, 5 гектар үпілмелікті пайдадан қалдырған. Осы жылғы егісті орып, жинау кезінде машина құралын алмай, егісті қолмен жинап, кешеуілдетіп, дәндерінің төгіліп қалуына жол берген. Қадыров, Қазановтар зиянкестік мақсаттармен «Қаракөл» колхозының 1938 жылғы жазғы егіс егу кезінде 10 гектар жерге сортты-сортсыз тарыны араластырып шашып, пайдадан қалдырған, 32 гектар тарыға, 10 гектар бидайға, 7 гектар үпілмелікке су бермегендіктен, шықпай қалған. Қадыров жеке басының пайдасына 1216 сом, Қазанов 627 сом колхоз қаржысын жұмсап, жоқ еткен. Қадыров 1937 жылы сауатсыздар мектебінде мұғалім болғанда оқуды жұмыс мезгілінде өткізіп, колхоздың шаруашылығын тоқтатқан. Қазанов есеп жұмысын дұрыс жүргізбей, жалқауларға еңбек күнін көп жазып, озаттардың еңбек күнін кем жазған және Жаппасбаевпен бірігіп Октябрь революциясының 21 жылдық мерекесіне арналып қойылған мерекелік концертке мас болып барып, таратып жіберген, көпшіліктің алдында өкіметке қарсы сөздер айтқан.

Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 6 адам Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 20 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 7 желтоқсанда бітіп, айыптау қорытындысы 15 желтоқсанда шығарылған.

Қызылорда облыстық соты көшпелі сессиясының 1939 жылғы 20 қаңтардағы үкімімен:

— айыпкерлер Қадыров Ізет, Тәжіманов Қалмұрат, Жаппасбаев Қалақай, Ермекбаев Ерғали, Қазанов Махамбет, Қошыманов Ысқақ — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға,

— Кадыров пен Тәжімановты 58 баптың 11 тармағымен және 1937 жылғы қазандағы үкімет қаулысына лайық — әрқайсысы 20 жылға,

— осы соңғы айыптаумен Жаппасбаевты, Ермекбаевты, Қазановты және Қошымановты — әрқайсысы 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға;

— алтауының да сайлау-сайлану құқығын 5 жылға жоюға, өздеріне тиісті мал-мүлкін конфискалауға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 27 қыркүйектегі ұйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 20 қаңтардағы жоғарыдағы сотталушылардың ісі бойынша үкімі толығымен бұзылған. РСФСР ҚК бабының 11 тармағы бойынша сотталғандардың барлығының ісі алдын ала тергеу арқылы қайта карауға қайтарылған. ҚК 58 бабының 7 тармағымен айыпталғандардың (Жаппасбаевтан басқалары) алдын ала тергеу арқылы қайта карауға қайтарылған.

ҚК 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімшесімен сотталғандардың ісі (Қазанов пен Жаппасбаевтан басқалары) анықталмағандықтан, өндірістен тоқтатылған, ал Қазановтың, Жаппасбаевтың қылмыстарын ҚК 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімшесінен ҚК 74 бабының 2 бөлімшесіне ауыстырған, жаза мерзімі ҚК 74 баптың 2 бөлімшесімен әрқайсысы 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға ұйғарылған.

ҚК 58 бабының 7 тармағымен айыпталған Жаппасбаевтың ісі қылмыс құрамы болмағандықтан өндірістен тоқтатылған.

Қазақ ССР прокурорының міндетін атқарушы Горскийдің наразылығы қанағаттандырылған.

Бұлардың барлығы 1939 жылдың 14 тамызында Магадан қаласына, НКВД-ның Севвостлагына айдалған.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1996 жылғы 10 қаңтардағы қорытындысымен — жоғарыда аттары аталған 6 азамат Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

## III

**РҮСТЕМБАЕВ** Тоқаш — Қармақшы ауданы, № 7 ауылда 1888 жылы туған, БКП(б) мүшесі, кама-

уға алынғанға дейін осы ауылдық кеңестің төрағасы болып істеген;
**БҰЛАҚБАЕВ** Мақаш — № 7 ауылда 1908 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Ежов атындағы колхоз төрағасы болып істеген;
**ЕЛЕНҚҰЛОВ** Мамырай — № 7 ауылда 1909 жылы туған, БКП(б) мүшелігінен шығарылған, аудандық мемлекеттік қауіпсіздендіру бөлімінде аға инспектор болып істеп жүргенде тұтқындалған;
**ҚЫСТАУБАЕВ** Бұзан — № 7 ауылда 1889 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхоз төрағасының орынбасары болып істеген;
**ТОБАҒАБЫЛОВ** Сқақ — № 7 ауылда 1898 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхоздың колхозшысы болған;
**КЕНЖӘЛИЕВ** Бекен — № 7 ауылда 1894 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхозда бригадир болған;
**ТҰРМАХАНОВ** Сисен — № 7 ауылда 1914 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхозда сельпо сатушысы болған;
**САРБАЕВ** Байдажан — № 7 ауылда 1912 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхоздың бұрынғы төрағасы;
**НҰРПЕЙІСОВ** Сәрсенбай — № 7 ауылда 1914 жылы туған, 1934 жылы ҚК 109 бабымен 3 жылға сотталған, қамауға алғанға дейін № 7 ауылдық кеңестің хатшысы болып істеген;
**ҚАРҒАБАЕВ** Өтемахан — № 7 ауылда 1891 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхозда нан қабылдаушы болып істеген;
**ЖАҚСЫМБЕТОВ** Жүсіп — № 7 ауылда 1900 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхозда колхозшы болған;
**АЯҒАНОВ** Әлжан — № 7 ауылда 1905 жылы туған, қамауға алынғанға дейін сонда сатушы болып істеген;
**ЖАМПОҚОВ** Баймаш — № 7 ауылда 1918 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхозда есептеуші болып істеген;
**ШЕКТІБАЕВ** Әліқұл — № 7 ауылда 1896 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхозда колхозшы болған;
**БАЙБОСЫНОВ** Жалмұрат — № 7 ауылда 1919 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Чапаев атындағы колхозда сауатсыздар мектебінің мұғалімі болып істеген;
**КҮЛЕНКИЕВ** Серібай — № 7 ауылда 1894 жылы туған, қамауға алынғанға дейін осы ауылдық кеңес төрағасының орынбасары болып істеген.
Бұл 16 азаматтың барлығына да: Кеңес үкіметіне қарсы ұлттық ұйымға қатысушылар, сол ұйымның тапсырмасымен ауылда, колхозда,ауданда жауыздық жұмыстар жүргізген, көктемгі егіс кезінде күрмек араласқан күріш тұқымын егіп, әрі ол судан қалып, өнім бермеген, колхоздың мал-мүлкін, қаражатын пайдаланып, талан-таражға салған, ССРО Жоғарғы Кеңесінің сайлауы қарсаңында контрреволюциялық жиындар өткізіп, сайлауды өткізбеуге уәделескен,— деген айыптар тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 15 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.
Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 10 желтоқсандағы үкімімен: Есенқұлов Мамырай, Бөлекбаев Мақаш, Аяғанов Әлжан, Рүстембаев Тоқаш, Сарбаев Байдажан, Кыстаубаев Бұзан — әрқайсысы 20 жылға бас бостандығынан айыруға, 5 жылға саяси құқығын жоюға, Нұрпейісов Сәрсенбай, Тобағабылов Сқақ, Байбосынов Жалмұрат, Тұрмаханов Сисен, Жампоқов Баймаш — әрқайсысы 15 жылдан бас бостандығынан айыруға, 5 жылдан саяси құқығын жоюға, Күленкиев Сарыбай, Кенжәлиев Бекен, Қарғабаев Өтемахан, Жақсымбетов Жүніс, Шектібаев Әліқұл — әрқайсысы 10 жылдан бас бостандығынан айыруға, 3 жылдан саяси құқығынан айыруға сотталған.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1940 жылғы 9 қаңтардағы ұйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 10 желтоқсандағы жоғарыда аттары аталған 16 азамат жайлы үкімінің күші жойылып, олардың әрекетінде қылмыс белгісі болмауы себепті іс өндірістен қысқартылып, бәрі де тұтқыннан босатылған.
Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 19 мамырдағы қорытындысы бойынша, бұлардың барлығы Қазақстан республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## IV

**БАҚТЫБАЕВ** Құрмаш — Қармақшы ауданының № 21 ауылында 1895 жылы туған, бұрын «Бостандық» колхозының төрағасы болып істеген кезінде БКП(б) қатарынан шығарылған, қамауға алар сәтте аудандық жер бөлімінің зоотехнигі болып істеген;
**СЕЙІТПЕМБЕТОВ** Жүсіп —Тереңөзек ауданының № 5 ауылында 1887 жылы туған, Қармақшы ауданының № 17 ауылдық кеңесінің төрағасы болып істеген кезінде БКП(б) қатарынан шығарылған, 1935 жылы колхоз малын жауапсыздықтан қырғаны үшін 1 жыл еріксіз жұмысқа сотталған;
**ІЗТІЛЕУОВ** Әбдәзи — № 17 ауылда 1906 жылы туған, қамауға алардың алдында «Қызыл сая» колхозында басқарма төрағасы болып істеп, БКП(б) қатарынан шығарылған.
Бұл 3 азаматқа: Кеңес үкіметіне қарсы ұлттық, контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған, сол ұйымның тапсырмасымен «Бостандық», «Таң», «Қызыл сая» колхоздарында жауыздықтөңкерістік жұмыстар жүргізген, олардың мақсаты колхозды құлату, жүргізіліп жатқан шаруашылық, саяси шараларды жүргізбей, оған кедергі жасау, сөйтіп колхозшылардың Кеңес үкіметіне наразылығын тудыру болған, колхоздарда рулық топтар құрып, оларды бір-біріне қарсы қойып, колхозда еңбек тәртібін әлсіретіп, бұзған, олар контрреволюциялық жиындарға қатысып, контрреволюциялық жұмыстарға тап-

сырмалар алып отырған, 1936 жылы көктемгі егіске жауыздықпен қарап, күріш, бидай егісіне жарамсыз тұқым сеуіп, өнбей қалған, күрішті күрмек басып кеткен, егіске уақтылы су бермеген, тұқымдық астықты өздері ішіп-жеп қойған,— деген айыптар тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 17 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынған. РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 11 тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 28 ақпандағы үкімімен: Бақтыбаев Құрмаш, Ізтілеуов Әбдәзі — әрқайсысы 20 жылдан бас бостандығынан айыруға, 5 жылдан саяси құқығын жоюға, Сейітпембетов Жүсіп — 15 жылға бас бостандығынан айыруға, 3 жылға саяси құқығын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 27 наурыздағы үйғаруымен: Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 28 ақпандағы үкімі бұзылып, оларға тағылған айыптың жеткіліксіз болуынан іс өндірістен тоқтатылып, олар қамаудан босатылған.

Қызылорда облысының прокуроры 1997 жылғы 19 мамырда өз қорытындысымен: Бақтыбаев Құрмаш, Сейітпембетов Жүсіп, Ізтілеуов Әбдәзи — Қазақстан республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталды.

## V

**КИМ** Ен Чун — родился в 1911 году в Молотовском районе ДВК, постановлением Кармакчинского отделения НКВД от 1 сентября 1937 года арестован, привлечен к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР, до ареста проживал в пос. Кармакчи, учитель;

**ПАК** Пен Гир — родился в 1903 году в Корее, арестован Кармакчинским районным отделением НКВД в сентябре 1938 года, колхозник в ауле № 4;

**ПАК** Ен — родился в 1889 году в Корее, арестован в сентябре 1938 года, проживал в пос. Кармакчи, не работал;

**ЭМ** За Сен — родился в 1913 году в ДВК, арестован в сентябре 1938 года, не работал;

**КИМ** Бон Су —родился в 1905 году в гор. Ворошилове, ДВК, арестован в сентябре 1938 года Кармакчинским районным отделением НКВД, до ареста проживал в ауле № 4, колхозник;

**ЦОЙ** Су Вон — родился в 1900 году в Корее, арестован в сентябре 1938 года, колхозник колхоза «Красный путь».

Этих 6 корейских граждан обвинили в шпионаже в пользу иностранных разведок, привлекли к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 5 сентября 1938 года: Ким Ен Чун, Пак Пен Гир, Пак Ен, Эм За Сен, Ким Бон Су, Цой Су-Вон к высшей мере наказания — расстрелу. Все они полностью реабилитированы 9 августа 1989 года.

## VI

**ПАН** Се-Гык — родился в 1887 году в Корее, до ареста проживал в колхозе «Новый мир» Кармакчинского района, колхозник;

**КИМ** Сан-Бем — родился в 1903 году в Корее, до ареста проживал в колхозе им. Ворошилова Кармакчинского района, колхозник;

**КИМ** Пен-Себ — родился в 1900 году в Корее, до ареста проживал в 5-ом участке Кармакчинского района, работал учителем средней школы;

**ТЕН** Ки-Чер — родился в 1916 году в Молотовском районе ДВК, до ареста проживал в ауле № 6 Кармакчинского района, колхозник;

**ТЯН** Нак-Се — родился в 1885 году в Корее, до ареста проживал в колхозе «Новый мир» Кармакчинского района, колхозник;

**ПАК** Тин-Сам — родился в 1905 году в Корее, до ареста проживал в Кармакчинском районе, работал учителем НСШ;

**КИМ** Чан-Себ — родился в 1878 году в провинции Сан-Су, Корея, до ареста проживал в Кармакчинском районе, работал колхозником;

**ДИ** Василий — родился в 1906 году в ДВК, до ареста проживал в Кармакчинском районе, был колхозником колхоза «Тан»;

**КО** Бон-Чак — родился в 1878 году в Корее, до ареста проживал в пос. Кармакчи, колхозник;

**КИМ** Иван Григорьевич — родился в 1903 году в Ворошиловском районе ДВК, до ареста проживал в колхозе «III интернационал» Кармакчинского района, колхозник.

Этих 10 корейских граждан обвинили в шпионаже в пользу иностранной разведки, арестовали, привлекли к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 5 октября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу: Пан Се-Гык, Ким Сан-Бем, Ким Пен-Себ, Тен Ки-Чер, Тян Нак-Се, Пак Тин-Сам, Ким Чан-Себ, Ди Василий, Ко Бон-Чак, Ким Иван Григорьевич.

Они полностью реабилитированы: 22 мая 1989 года Ким Иван Григорьевич, Ко Бон-Чак, Ди Василий, Ким Чан-Себ, Тен Ки-Чер, Ким Сан-Бем, 4 августа 1989 года. Пан Се-Гык, Ким Пен-Себ, Тян Нак-Се, 4 ноября 1989 года Пак Тин-Сам.

## VI

**ЛИ** Сен-Де — родился в 1907 году в губернии Кир-Хо, Корея, до ареста проживал в колхозе «Кзыл Ту» Кармакчинского района, колхозник;

**ТЕН** Чан-Сен — родился в 1876 году в Корее, до ареста проживал на ст. Жосалы, работал сторожем;

**ЯН** Сен-Гык — родился в 1891 году в Корее, до ареста проживал в колхозе «III интернационал» Кармакчинского района, колхозник;

**ЦОЙ** Андрей — родился в 1903 году в Корее, до ареста проживал в Кармакчинском районе, колхозник;

**ХАН** Эм-Сан — родился в 1896 году в Корее, до ареста проживал в колхозе им. Ворошилова Кармакчинского района, работал бригадиром полеводческой бригады;
**КИМ** Чан-Нак — родился в 1894 году в Корее, до ареста проживал в колхозе «Утренняя заря» Кармакчинского района, колхозник;
**ПЯК** Ше-Хван — родился в 1895 году в Корее, до ареста проживал в пос. Кармакчи, учитель.
Этих 7 граждан корейской национальности арестовали в сентябре — октябре 1938 года, обвинили в шпионаже иностранной разведки, привлекли к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 9 октября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу всех 7 граждан.
Реалибитированы: 22 мая 1989 года Ли Сен-Де, Тен Чан-Сен, Ян Сен-Гык, Цой Андрей, Хан Эм-Сан, 15 мая 1989 года Ким Чан-Нак, 4 августа 1989 года Пяк Ше-Хван.

## VIII

**КИМ** Андрей (КИМ Ен-Хак)— родился в 1913 году в Корее, до ареста проживал в пос. Кармакчи, работал пионервожатым в СШ;
**КИМ** Андрей (Ким Ден-Мен)— родился в 1890 году в Корее, до ареста проживал в ауле № 4 Кармакчинского района, работал живописцом;
**ХОН** Фу (Ян Чи-Сон)— родился в 1906 году в Китае, до ареста проживал на ст. Жалагаш, работал маляром;
**ЦОЙ** Сен-Дин — родился в 1895 году в Корее, до ареста проживал в Кармакчинском районе, работал колхозником.
Этих 4 граждан корейской и китайской национальностей арестовали и обвинили в шпионаже иностранной разведки по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 17 октября 1938 года к высшей мере наказания — расстрелу все четыре гражданина.
Полностью реабилитированы: 4 августа 1989 года — Ким Андрей, 9 июня 1989 года — Ким Андрей (Ким Ден-Мун), 17 августа 1989 года — Хон Фу, 22 мая 1989 года — Цой Сен-Дин.

## IX

**ЮН** Чер-Го — родился в 1885 году в Корее, гражданин СССР, до ареста проживал в колхозе «Утренняя заря», колхозник;
**КАН** Ик-Сан — родился в 1893 году в Корее, гражданин СССР, до ареста проживал в колхозе «Утренняя заря»;
**ЛИ** Гык-Нен — родился в 1882 году в Корее, до ареста проживал в колхозе «Утренняя заря»;
**ЛИ** Дяй-Гван — родился в 1882 году в Корее, , до ареста проживал в колхозе «Утренняя заря».
Они обвиняются в том, что Юн Чер-Го, будучи на территории Манчжоу-Го в 1919 году, был завербован начальником японской полиции в провинции Юхва-Хен для шпионской работы в пользу Японии, которым передан на связи агенту этой разведки. По заданию названной разведки в 1919—1921 годах Юн Чер-Го выявлял подпольных революционеров, лиц настроенных против Японии, которых выдавал в руки японской полиции. С 1924 по 1937 год проживая на ДВК Юн Чер-Го по шпионской работе в разное время имел связь с агентами японской разведки, по заданиям которых собирал и передавал им шпионские сведения как военного, так и экономического характера.
После переселения в Казахстан Юн Чер-Го продолжал свою шпионскую связь с агентом японской разведки, получал задания о совершении диверсии. Во исполнении задания обвиняемый Юн Чер-Го 20 августа 1938 года передавал нелегальное сведение с участием обработанных им иностранных лиц: Ли Гык-Нен, Ли Дяй-Гван, Кан Ик-Ман, перед которыми поставил вопрос о поджоге конюшни, с целью нанести экономический ущерб и вызвать недовольство со стороны колхозников к Советской власти. Обвиняемый Кан Ик-Ман, которому было поручено совершение указанного диверсионного акта, во время обеденного перерыва совершил поджог конюшни, в результае которого погибло 21 лошадь и другие имущества колхоза «Утренняя заря». Убытки нанесенные пожаром исчислялись в сумме 60800 рублей, за что постановлением Кармакчинского РО НКВД от 24 августа 1938 года все они арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-6, 9 УК РСФСР. Приговором Военного трибунала войск НКВД Казахской ССР от 13 ноября 1938 года. Кан Ли-Ман на основании ст. 16-175-2 УК лишен свободы на 5 лет ИТЛ без поражения в правах, Юн Чер-Го по ст. 58-6, 9 УК, Ли Гык-Нен — по ст. 58-9 УК, Ли Дяй-Гван — по ст. 58-9 УК по суду оправданы и из-под стражи освобождены, Кан Ик-Сан по ст. 58-9 УК также оправдан.
По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 19 мая 1997 года Юн Чер-Гю, Кан Ик-Сан, Ли Гык-Нен, Ли Дяй-Гван — на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года — реабилитированы.

## X

**ЕЛЕСБАЕВ** Қожабай — Қармақшы ауданы № 10 ауылда 1896 жылы туған, кейін осы ауданның № 14 ауылында тұрған, бұрын молда болған, білімі орталау, БКП(б) мүшесі, қамауға алынғанға дейін аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған, әйелі — Орын, баласы — Сағат;
**НҰРБЕКОВ** Есқара — Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленгір ауданында 1905 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Қармақшы аудандық атқару комитетінің кадр бөлімінің менгерушісі, аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы болып қызмет атқарған, әйелі — Қатира 1914 жылы туған;
**ТҰРАБАЕВ** Сермахан — Қармақшы ауданының № 3 ауылдық кеңесте 1903 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қармақшы аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып

қызмет атқарған, балалары — Ермақаш, Сәбит;
**ЕРҚОЖАЕВ** Өтеген Лепесұлы — Қармақшы ауданы, № 4 ауылда 1912 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қармақшы аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, 1938 жылы бір жыл еріксіз жұмысқа сотталған;
**ОТАРБАЕВ** Ұмыш — Қармақшы ауданы, № 15 ауылда 1911 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алынғанға дейін Қармақшы қыстағы, Ленин көшесі, № 21 үйде тұрып, аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған;
**ШЕГЕБАЕВ** Әбдірәсіл — Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1912 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Қармақшы қыстағы, Совет көшесінде тұрып, аудандық атқару комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған;
**НИЕТБАЕВ** Әбен — Қармақшы ауданы, № 3 ауылда 1912 жылы туған, қамауға алынғанға дейін Қармақшы қыстағында тұрып, аудандық комсомол комитеті саяси оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, әйелі — Рәбиға, баласы — Бақыт;
**КЕНЖАЛИЕВ** Жұбатқан — Қармақшы ауданы, № 8 ауылда 1899 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Қармақшы аудандық партия комитетінің «Шымбөгет» колхозындағы насихатшысы болып қызмет атқарған, баласы — Абат, қызы — Бибіқатша.
НКВД Қармақшы аудандық комитетінің қаулысымен:
Елесбаев Қожабай —1938 жылғы 19 шілдеде,
Нұрбеков Есқара —1938 жылғы 8 маусымда,
Тұрабаев Сермақан —1938 жылғы 5 маусымда,
Ерқожаев Өтеген —1938 жылғы 4 маусымда,
Шегебаев Әбдірәсіл —1938 жылғы 21 маусымда,
Отарбаев Ұмыш —1938 жылғы 7 маусымда,
Ниетбаев Әбен —1938 жылғы 20 маусымда,
Кенжалиев Жұбатқан —1938 жылғы 20 маусымда тұтқынға алынып, оларға қарсы РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмысты іс қозғалған. Оларға: Кеңес үкіметіне қарсы ұлттық ұйымның мүшесі болған, осы ұйымның тапсырмасымен партия мен үкіметтің шараларына қарсы ауданда жауыздық-дұшпандық жұмыстар жүргізген, аудандық қаржы бөлімінің саласы бойынша жеке секторды қуаттап, оларға салық салмаған, дін басындағылар да салық төлемеген, сонымен қатар ТОЗ-дың ауылшаруашылық артелінің уставына енуін әдейі тежеп отырған, колхоздар үшін ауданға ауылшаруашылығы машиналарын әкелуге ешқандай шара көрмеген, колхоздарға минералдық тыңайтқыштар беру жұмысы жүргізілмеген, ауылшаруашылығын өркендету жөнінде жоспарлы жұмыстар бетімен жіберілген, финанс тәртібі бұзылған, мұғалімдерге 2-3 айлап еңбек ақылары төленбеген, бюджет қаржылары заңсыз артық жұмсалған. Ұйымның тапсырмасымен бұлар контрреволюциялық жиындарға қатысып, ұйымға адам тартумен, дұшпандық жұмыстар жүргізумен айналысқан,— деген айыптар тағылған.
Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 10 қыркүйектегі үкімімен: Елесбаев Қожабай, Тұрабаев Сермақан, Ерқожаев Өтеген әрқайсысы 15 жылдан бас бостандығынан айыруға, негізгі жазасын өтегеннен кейін әрқайсысын 5 жылдан саяси хұқығын жоюға, Нұрбеков Есқара 12 жыл бас бостандығынан айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жыл саяси құқығын жоюға, Отарбаев Ұмыш, Кенжалиев Жұбатқан — әрқайсысы 8 жылдан бас бостандығынан айыруға, негізгі жазасын өтегеннен кейін әрқайсысын 5 жылдан саяси құқығын жоюға, Ниетбаев Әбен, Шегебаев Әбдірәсіл — әрқайсысы 5 жылдан бас бостандығынан айыруға, негізгі жазасын өтегеннен кейін әрқайсысын 3 жылдан саяси хұқығын жоюға сотталған.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 26 шілдедегі үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 10 қыркүйектегі үкімі толығымен бұзылып, барлық сотталғандардан РСФСР ҚК 58 бабынын 2, 7, 11 тармақтары айыптау ісінен алынып тасталған, Ж. Кенжалиев, Ә. Шегебаев, У. Отарбаев, Ә. Ниетбаевтың қылмысы анықталмағандықтан, істері өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған, Қ. Елесбаев, Е. Нұрбеков, С. Тұрабаев, Ө. Ерқожаевтың істерін қылмыстың түрін алдын-ала тексерумен қайта қарауға жіберіп, олардан Қармақшы ауданынан басқа жаққа кетіп қалмау жайлы тілхат алып, қамаудан босатқан.
Қызылорда облыстық НКВД басқармасы тергеу бөлімінің 1940 жылғы 27 қарашадағы қаулысымен Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1940 жылғы 26 шілдедегі үйғаруымен келісіп, қылмыстық істі өндірістен қысқартқан.
Қызылорда облыстық прокурорында 1997 жылғы 21 сәуірдегі қорытындысымен бұлардың барлығы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

## XI

**КИМ** Ен Ун — родился в 1905 году в селе Ханбалабай, Суйфунского района, ДВК, гражданин СССР, член ВКП(б), до ареста проживал в колхозе «III интернационал», колхозник;
**ХЕ** Александра (она же Ли Александра)— родилась в 1912 году в селе Ченсуфен, Сейфунского района, ДВК, кореянка, беспартийная, муж Ли Чун-Эн арестован во Владивостоке органами НКВД в 1937 году, до ареста проживала в колхозе «Тан» Кармакчинского (ныне Жалагашского) района, колхозница;
**ЦАЙ** Ден-Хак — родился в 1913 году в селе Чагоу-Пиянко, Ворошиловского района, ДВК, кореец, гражданин СССР, кандидат в члены ВКП(б), окончил в 1935 году совпартшколу в гор. Ворошилове, ДВК, до ареста проживал в колхозе «III интернационал», работал заместителем председателя колхоза;
**КИМ** Сун-Гук — родился в 1891 году в Корее, гражданин СССР, беспартийный, до ареста проживал в колхозе «Утренняя заря», колхозник;
**КИМ** Илья Иванович — родился в 1908 году в селе Синельникове, Молотовского района, ДВК,

гражданин СССР, член ВКП(б), исключен из партии за пассивность, до ареста проживал на ст. Жалагаш;

**ТЕН** Чан-Ер — родился в 1918 году в Китае-Манжуге, кореец, гражданин СССР, беспартийный, до ареста проживал в совхозе треста Кармакчинского района, работал в колхозе «Путь Октября», колхозник;

**ЛИ** Хын-Гун — родился в 1917 году в Китае-Манжуге, кореец, гражданин СССР, до ареста проживал в совхозе треста, работал в колхозе «Путь Октября», колхозник;

**КИМ** Ду-Ман — родился в 1903 году в Корее, кореец, гражданин СССР, беспартийный, да ареста проживал в пос. № 5, Кармакчинского района;

**ЛИ** Гван-Се — родился в 1899 году в Кан Вондо, Корея, кореец, беспартийный, до ареста проживал в колхозе «Утренняя заря», аул № 6, колхозник;

**ЛИ** Сун-Ге — родилась в 1912 году в Корее, кореянка, гражданка СССР, беспартийная, окончила педтехникум в корейском языке в гор. Ворошилове, ДВК, профессия и специальность — педагог, место службы и должность — художественная фабрика гор. Москвы, в качестве вышивательницы, в 1933 году в гор. Ворошилове, ДВК, арестовывалась органами НКВД за группировку внутри корейского педтехникума и сидела в тюрьме два месяца, до ареста проживала в ауле № 6, колхозе «Утренняя заря»;

**ЛИ** Нак-Тюн — родился в 1893 году в Корее, кореец, гражданин СССР, беспартийный, грамотный по японски, судился за переход границы, до ареста проживал в колхозе «Утренняя заря», колхозник. Он в 1932 году нелегально из Китая прибыл в СССР и за переход гос. границы арестовывался органами НКВД и был выслан в гор. Омск. После ссылки он до переселения в Казахстан проживал на ДВК Ханкайском районе, в селе Морозовке, где, проживая имел письменную связь с друзьями, находящимися в гор. Омске, которыми вместе перешел в СССР. В одном из писем друзья Ли Нак-Тюна писали ему, что активно не участвовать в колхозном труде, сообщить о положении колхоза «Утренняя заря» и др. Он после этого неоднократно пытались узнать каким образом можно отправить письмо в Корею.

Все эти 11 граждане-корейцы изобличались в том, что они, находясь на территории ДВК, и других восточных стран, завербованы на службу японской разведки, стали ее агентами, и по ее заданию проводили шпионскую службу в пользу Японии, то есть совершили преступления, предусмотренные по ст. 58-6 УК РСФСР. В вину Ким Сун-Гук было прибавлено и еще обвинение о том, что он совершил диверсионный акт в этом колхозе «Утренняя заря», поджог конюшни, за что привлечен к уголовной ответственности кроме ст. 58-6 и еще по ст. 58-9 УК РСФСР.

Постановлением 3-го отдела УНКВД по Кзыл-Ординской области от 28 июля 1938 года арестованы — Ким Ен-Ун, Хе Александра, Цай Ден-Хак, 13 сентября 1938 года — Ким Сун-Гук, в апреле 1938 года — Ким Илья Иванович, 10 марта 1938 года — Тен Чан-Ер, Ли Хин-Чун, Ким Ду-Ман, Ли Нак-Тюн, 24 августа 1938 года — Ли Гван-Се, Ли Сун-Ге и возбуждено уголовное дело против них по ст. 58-6 УК РСФСР.

Постановлением Кармакчинского РО НКВД от 20 июля 1938 года за недоказанностью состава преступления по обвинению Ким Ен-Уна, Хе Александры, Цай Ден -Хака дальнейшим производством следствия прекращено, и они из-под стражи освобождены.

Дальнейшая судьба арестованные и возбужденные уголовные дела по ст. 58 -6 и 58-9 УК РСФСР: Ким Сун-Гук, Ким Илья Иванович, Тен Чан-Ер, Ли Хын-Гун, Ким Ду-Ман, Ли Гван-Се, Ли Нак-Тюн — не известна, о них в делах нет последние данные.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 13 мая 1997 года, на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года, все они реабилитированы.

## XII

**ҰЗАҚБАЕВ** Тоқсейіт — Қармақшы ауданының № 24 ауылында 1903 жылы туған, бай баласы, сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, әйелі — Күлиша, қызы — Сәпия;

**МІНАЙЫТОВ** Бақтыбай — № 24 ауылда 1905 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозы төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, 1938 жылғы 29 наурызда Қармақшы аудандық халық соты арқылы РСФСР ҚК 74 бабымен 3 жылға сотталған;

**АРОНОВ** Сейітқазы — № 24 ауылда 1911 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозында колхозшы болып істеген, 1938 жылғы 29 наурызда Қармақшы аудандық халық соты арқылы РСФСР ҚК 74 бабымен 3 жылға сотталған;

**БАЙНАЗАРОВ** Әбен — № 24 ауылда 1902 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозында есептеуші болып жұмыс істеген, әйелі — Мәрия, баласы — Ермағамбет;

**БЕКБАУОВ** Ару — № 24 ауылда 1900 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозында астық қабылдаушы болып жұмыс істеген, әйелі — Рүштама;

**ЕШПЕНБЕТОВ** Фазыл — № 24 ауылда 1902 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозында колхозшы, 1938 жылы РСФСР ҚК 146 бабымен 1 жылға еріксіз жұмысқа сотталған, әйелі — Жарас, баласы — Сайыт.

Бұларға тағылған айып:— олар Кеңес үкіметіне қарсы ұлттық-контрреволюциялық ұйымға мүше болған, соның тапсырмасымен «Бостандық» колхозында жауыздық-зиянкестік жұмыстар жүргізген. Ешпенбетов Фазыл 1937 жылғы маусым айында БКП(б) мүшесі, ауылдық кеңестің төрағасы Әлменовке қастандықпен шабуыл жасаған, колхозшылар арасына Кеңес үкіметіне, колхоз құрылысына қарсы үгіт жүргізген, кол-

хозшылардың күшімен Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жасап, оны құлатып, буржуазиялық құрылыс орнатпақ болған,— деп, Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен Ұзақбаев Тоқсейіт, Байназаров Әбен, Бекбауов Ару, 29 наурыздағы қаулысымен — Мінайытов Бақтыбай, Аронов Сейітқазы, 31 наурыздағы қаулысымен — Ешпембетов Фазыл тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақ ССР НКВД Шекара және Ішкі күзеті әскери трибуналының 1938 жылғы 3 және 4 қарашадағы үкімімен Ұзақбаев Тоқсейіт —20 жылға, Мінайытов Бақтыбай, Бекбаев Ару — әрқайсысы 15 жылға, Аронов Сейітқазы —10 жылға, Ешпенбетов Фазыл —7 жылға түрме жазасына, жаза мерзімін өтегеннен кейін әрқайсысының саяси құқын 5 жылға жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының 1938 жылғы 29 мамырдағы ұйғаруымен, РСФСР УПК 413 және 414 баптарын басшылыққа алып, Қазақ ССР НКВД Шекара және Ішкі күзеті әскери трибуналының 1938 жылғы 3 және 4 қарашадағы үкімі толық бұзылып, алдын ала тергеумен қайта қарауға жіберген.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1940 жылғы 15 наурыздағы қаулысымен, Ұзақбаев Тоқсейітті, Мінайытов Бақтыбайды, Аронов Сейітқазыны, Байназаров Әбенді, Бекбауов Аруды, Ешпенбетов Фазылды айыптаған қылмыстық іс РСФСР УПК 204 бабының «б» пункті негізінде мүлдем қысқартылып, бұрынғы қабылданған қамау жазасы бұзылып, олар қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 29 шілдедегі қорытындысымен Т. Ұзақбаев, Б. Мінайытов, С. Аронов, Ә. Байназаров, А. Бекбауов, Ф. Ешпенбетов — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## XIII



**ЖҮСІПОВ** Қожамжар — Қармақшы ауданының № 10 ауылдық кеңесінде 1907 жылы туған, негізі кедей-шаруа, сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қызметкер, № 10 ауылдық кеңестің бұрынғы төрағасы, қамауға алынғанға дейін Қармақшы аудандық атқару комитетінің кадрлар бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, Қармақшы поселкесінде тұрған, үйленген, әйелі — Злиха, қызы — Назима, інісі — Қайыпназар, қарындасы — Үрбибі.

**ДАЙРАБАЕВ** Мәдияр — Қармақшы ауданының № 10 ауылдық кеңесінде 1893 жылы туған, негізі — кедей шаруа, шала сауатты, 1933 жылы колхоз мүлкін құртып жібергені үшін 10 жылға сотталған, кейінгі қамауға алынғанға дейін № 10 ауылдық кеңесі, Ленин атындағы колхозы төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Зенап, балалары — Жұбатқан, Зада, қызы — Балакүл;



**ЕГІЗБАЕВ** Әбзәли — Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1907 жылы туған, негізі — кедей шаруа, сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Көктөбе» колхозындағы мектепте 5 класс оқытушысы болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Қанша, баласы — Ныгмет Егізбаев, Аманкелді;

**АЯПОВ** Үбісұлтан — Қармақшы ауданының № 10 ауылдық кеңесінде 1890 жылы туған, негізі — кедей-шаруа, шала сауатты, БКП(б) мүшесі, колхоз мүлкін талан-таражға салғаны үшін партия қатарынан шығарылған, 1933 жылы колхоз малын құртып жібергені үшін 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, кейін «Өндіріс», «Қызыл Әскер» колхозында аға мұрап болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Рабиға, қызы — Пәтіш;



**БАЙСАҚАЛОВ** Мырзатай — Қармақшы ауданының № 10 ауылдық кеңесінде 1912 жылы туған, байдың баласы, сауатты, БЛКЖО мүшесі, осы іске байланысты комсомол қатарынан шығарылған, қызметкер, қамауға алынғанға дейін № 10 ауылдық кеңесінің хатшысы болып қызмет істеген, бұрын сотты болмаған, үйленген, баласы — Әбдіқан;



**ЕРЕКЕШЕВ** Тілеу — Қармақшы ауданының № 10 ауылдық кеңесінде 1897 жылы туған, негізі — кедей шаруа, шала сауатты, 1932 жылдан БКП(б) мүшесі, 1938 жылы осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін № 10 ауылдық кеңесі, «Ақжар» колхозының төрағасы болып жұмыс

істеген, бұрын сотты болмаған, үйленген. (Ерекешова Шоның, Жарлықова Аймаш, Ерекешов Мұхамедқали, Тілеуов Сәду, Тілеуова Айнаш);



**ҚҰТЫШОВ** Нұржан — Қармақшы ауданының № 10 ауылдық кеңесінде 1911 жылы туған, байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Өндіріс» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, отбасында шешесі — Салиха, Тоты, Әбжан;



**КЕНТІБАЕВ** Бисары — Қармақшы ауданының № 9 ауылдық кеңесінде 1907 жылы туған, негізі — кедей-шаруа, сауатты, БКП(б) мүшесіне кандидат, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін № 10 ауылдық кеңесінде мұғалім болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Палым, балалары — Тоқтаған, Бекмағамбет, қызы — Жансая;



**ЖҰБАЕВ** Тілеу — Қармақшы ауданының № 10 ауылдық кеңесінде 1908 жылы туған, белсенді атқамінер, байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, колхозшы, қамауға алынғанға дейін «Өндіріс» колхозында тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Дәме;



**НАЙЗАБАЕВ** Байділла — Қармақшы ауданының № 9 ауылдық кеңесінде 1901 жылы туған, негізі шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін № 12 ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Шаштыкүл, қыздары — Моншаққүл, Меруерткүл, Жанашкүл;



**ТҰРАБАЕВ** Назар — Қармақшы ауданының № 10 ауылдық кеңесінде 1904 жылы туған, негізі — кедей-шаруа, шала сауатты, БКП(б) мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, «Егінші» колхозының төрағасы болған, қамауға алынғанға дейін № 10 ауылдық кеңесінде салық агенті болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Жеңіскүл, қызы — Бибайша;



**ҚОЖАНАЗАРОВ** Тебеген — Қармақшы ауданының № 9 ауылдық кеңесінде 1894 жылы туған, негізі — кедей-шаруа, сауатты, партияда жоқ, 1933 жылы колхоз астығын талан-таражға салғаны үшін 10 жылға сотталған, кейін Қармақшы аудандық жер бөлімінде зоотехник болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Көпіш, баласы — Бекіш;



**ЕСПАЕВ** Бұқарбай — Қармақшы ауданының № 12 ауылдық кеңесінде 1895 жылы туған, негізі — кедей шаруа, шала сауатты, БКП(б) мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, «Түпбөгет» колхозында тұрған, колхозшы, бұрын сотты болмаған, үйленген, әйелі — Сарықыз, баласы — Әмірәлі, қызы — Зәку;



**КҮНТУАРОВА** Ақбала — Қармақшы ауданының № 18 ауылдық кеңесінде 1902 жылы туған, жынысы әйел, негізі — кедей-шаруа, шала сауатты, 1932 жылдан БКП(б) мүшелігіне кандидат, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін № 10 ауылдық кеңесі, Ленин атындағы колхоздың төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, үйленген, күйеуі — Күнтуаров Бүйенбай Қармақшы поселкесіндегі ірі купец Колендировтың агенті және приказчигі болған, ірі бай, 2 жалшы ұстаған, қызы — Ортай;

**ҚАРАЖАНОВ** Өміртай — Тереңөзек ауданының № 26 ауылында 1904 жылы туған, руы қожа, белгілі молданың баласы, атасы Асан ол да атақты молда болған, жалшы ұстаған, Өмірбай 1934 жылы РСФСР ҚК-ның 109—111 және 162 баптарымен 10 жылға сотталған, 1935—37 жылдары Мәскеу — Ташкент арасында саудагерлікпен айналысқан, қамауға алынғанға дейін № 9-10-11-12 ауылдық кеңестерінде орман шаруашылығының қорықшысы болып жұмыс істеген, Қармақшы ауданының № 10 ауылдық кеңесінде тұрған, үйленген, әйелі — Қошбике, балалары — Тоқмырза, Бекмырза.

Бұл аттары аталған азаматтарға қылмысты іс қозғалуына негізгі себеп болған нәрсе — Қармақшы ауданында НКВД органы арқылы кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық жауыздық-зиянкестік ұйымы табылады деп жария етілген. Бұл ұйым өзінің қатарына кеңес өкіметіне қарсы бай-молдаларды және ұлтшылдарды, тағы басқа элементтерді тартқан, олар ауылдарда жауыздық-зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген, негізінен ауылшаруашылық жұмыстарын бұзу, малды құрту, ауылшаруашылық артелі уставын өрескел бұзу, колхоз мүлкін және қаржысын талан-таражға салу жолымен тұрғындардың кеңес өкіметінің шараларына наразылығын тудыру мақсатын ұстаған. Осы кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға: Жүсіпов, Дайрабаев, Егізбаев, Аяпов, Байсақалов, Ерекешев, Құтышев, Кентібаев мүше болған,— делінді.

Аттары аталған 15 азаматқа қарсы РСФСР қылмыс кодексі 58 бабының 2, 7, 10 және 11 тармақтарымен айыптар тағылып, облыстық прокуратурада басталған № 481 қылмыстық іс бойынша 1938 жылғы 3 шілдеде олар қамауға алынған. Оларды қамауға алуға аудандық прокурор З. Байназаров санкция беріп, қамауға алуды аудандық НКВД бастығы Петкин, ал тергеуді НКВД өкілі сержант Шоманов жүргізді. Бұл істегі адамдардың негізі Қармақшы ауданындағы «Ақжар», Ленин атындағы, Майлыөзек, Қуаңдария, Т. Көмекбаев атындағы шаруашылық территориясында орналасқан бұрынғы колхоздарда, № 10, № 12 ауылдарда тұратын азаматтар еді. Олар Қожамжар Жүсіповтің бастауымен колхоз құрылысына зиянкестік әрекеттер жасады, егісті уақтылы егіп, суармады, мал басын кеміту мақсатында колхоз малдарын сойып алуға жұртты үгіттеді,— деген айыптар тағылды.

Жүсіпов Қожамжар № 10 ауылдық кеңестің төрағасы болып тұрғанда кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға 1936 жылдың желтоқсан айында аудандық мал дайындау бөлімінің бұрынғы бастығы Шахаров Мырзақұл арқылы тартылған. Жүсіпов Қожамжар № 10 ауылдағы кеңес өкіметіне қарсы, ұлтшылдық жауыздық топтың жетекшісі болған, осы топқа қатысушылар Ерекешев, Құтышев, Дайрабаев және Тұрабаев арқылы ауыл колхоздарында зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. Жүсіповтың тапсырмасымен 1937 жылы колхозда су жүйесінен алыс жерге 80 гектар бидай еккен, соның салдарынан егіске су бармай 60—70 гектар бидай құрап қалған. Жүсіпов ауылда малды аяусыз жыртқыштықпен союдың ұйымдастырушысы болған, соның салдарынан 1937 жылдың ішінде № 10 ауыл бойынша 40 бас мал құртылған.

Жүсіпов ауылдық кеңес төрағасы деген қызмет бабын пайдаланып, колхозда ру тартысын ұйымдастырған, сөйтіп колхоз шаруашылығын құлатқан, өйткені ауылшаруашылық жұмыстары мерзімінде орындалмаған, оған қоса Жүсіпов Серіктестіктердің ауылшаруашылық артелінің Уставына көшуін әдейі тежеген, 1936 жылы Жүсіпов Шахаровпен бірге осы ұйымға — «Ақжар» колхозының төрағасы Ерекешев Тілеуді, Ленин атындағы колхоздың бұрынғы төрағасы Дайрабаев Мәдиярды, «Егінші» колхозының төрағасы Тұрабаев Назарды, «Ақжар» колхозының хатшысы Байсақалов Мырзатайды тартқан, оларға колхозда жауыздық-зиянкестік бүлдірушілік жұмыстар жүргізу туралы тапсырмалар берген.

1937 жылдың басында бұл ұйымға Жүсіпов «Өндіріс» колхозының төрағасы Құтышев Нұржанды және сол колхоздың белсендісі Жұбаев Тілеуді тартқан, оларға да колхозда жауыздық-зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізу жөнінде тапсырмалар берілген.

Дайрабаев Мәдияр — Ленин атындағы колхоздың төрағасы болып тұрған кезінде 1937 жылдың мамыр айында № 10 ауылдық кеңестің бұрынғы төрағасы Шахаров Мырзақұл арқылы осы ұйымға тартылған. Ұйым тапсырмасымен Дайрабаев колхозда зиянкестік жұмыстар жүргізген. 1937 жылы егістікке арналған 15 гектар жерді әдейі айдатпай, ауданға 100 гектар егістік жер айдалды деп өтірік ақпар берген. Бұдан басқа егін шығымдылығын азайту мақсатында егістік жерді таяз жыртқызып, соның салдарынан егін шығымдылығы 20—25 процентке азайып кеткен.

1937 жылы шөп дайындау жоспары 400 тонна болса, оны 300 тонна орындап, ауданға 120 процент орындалды деп өтірік ақпар берген. 1938 жылы жауыздық мақсатымен 2 гектар күрішті айдалмаған жерге еккізген, сонда егіс шықпай қалған, 40 гектар егілген күрішті уақытында отамағандықтан 60 гектар күріштікті арам шөп басып кеткен, дұрыс өнім алынбай қалған, сол жылы 10 гектар тарыға әдейі су бермей өліп қалған.

Егізбаев Әбзали —№ 10 ауылдағы Ленин атындағы орталау мектептің директоры болып тұрған кезінде 1937 жылдың тамыз айында Қармақшы аудандық жер бөлімінің бұрынғы бастығы Шүкіров Алмас арқылы кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымға тартылған. Осы ұйымның тапсырмасымен Егізбаев орталау мектепте зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жасаған. Мектепті жөндеу жұмысын әдейі созған. Оқу жоспарын бұзған, соның салдарынан 1937 оқу жылының оқу жоспары 70 процентке ғана орындалған. Оқушыларды ұлтшылдық рухта тәрбиелеген. 1937 жылы Егізбаев аудандық оқу бөліміне оқу жасындағы балалар 420 деп өтірік ақпар берген, ал балалардың нақты саны 570

болған, соның салдарынан мектептің класс бөлмелері мен оқу құралдары жетпей қалған.
Әбзәли Егізбаев 38 жылғы 17 тамызда қамауға алынса, оның анкетасын былайша толтырды, «Егізбаев Әбзәли 1907 жылғы Қармақшы ауданының «Көктөбе» колхозында туған, қызметкер болып істеген, әйелі Мұғалова Қаншай —1916 жылы туған, баласы Нағымет Егізбаев 3 жаста» делінген. НКВД тергеушісі сержант Шоманов 1938 жылғы 18 тамызда Егізбаев Әбзәлиден жауап алуды бастандырады. Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйым мүшелігіне тартылған, оған аудан басшыларының бірі — жер бөлімінің бастығы, қазірде халық жауы болып отырған Алмас Шукіровтың ықпалымен мүше болған. Бұл әңгіме Жүсіпов Қожамжар үйінде болған, бұларға қоса мектеп жөндеуін бір айға кешіктіріп, класс бөлмелерін орынсыз тарылтып, оқу сапасының төмендеуіне әкеп соқтырған, сөйтіп жаулық әрекетке көрекөзге барған» деген айыптарды Егізбаев Әбзәлидің жонына жарып тыққан.
Аяпов Үбісұлтан —№ 10 ауылдық кеңестің мұрабы болып тұрып, 1937 жылдың мамыр айында № 10 ауылдағы сельпоның бұрынғы бастығы Ешпанов Оспан арқылы осы ұйымға тартылған. Ұйымның тапсырмасымен Аяпов колхозда жауыздықзиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. 1937 жылы зиянкестік пиғылмен арық қазу жұмысын жүргізген, соның салдарынан арықтан су жүрмеген, сөйтіп егілген 40 гектар егістік сусыз қурап қалған. Аяпов мұрап болып тұрған кезінде суды әдейі керек етпейтіндерге жіберіп, керек етіп отырғандарға жібермеген, содан ауыл бойынша 6 гектар егістік судан қалып, өліп қалған. 1938 жылғы көктемде колхоздардың егісін сумен қамтамасыз етпегендіктен 150 гектар егістік суарылмай өліп қалған.
Байсақалов Мырзатай —«Ақжар» колхозының есептеушісі әрі хатшысы болып тұрған кезінде 1937 жылдың мамыр айында № 10 ауылдық кеңестің бұрынғы төрағасы Жүсіпов Қожамжар арқылы осы ұйымға тартылған. Ұйым тапсырмасымен Байсақалов осы колхоздың төрағасы Ерекешевпен бірге колхозда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. Жыртқыштық жолмен мал басын құрту үшін үгіт жүргізген, соның салдарынан 1937 жылдың ішінде колхозда 30 бас мал құртылған.
1937 жылдың күзінде СССР Жоғарғы Кеңесі сайлауы кезінде сайлаушылар тізіміне әдейі «Ақжар» колхозы бойынша 7 адамды, Ленин атындағы колхоздан 3 адамды тіркемей қойған, соның салдарынан ол адамдар дауыс беруге қатыспай қалған. Ол Ленин атындағы колхозда ру топтарын құрған.
Ерекешев Тілеу —«Ақжар» колхозының төрағасы болып тұрған кезінде 1937 жылдың ақпан айында Жүсіпов Қожамжар арқылы осы ұйымға тартылған. Ұйым тапсырмасымен колхозда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. 1937 жылы зиянкестік мақсатында егістік жерді соқамен таяз жыртқандықтан жерді арам шөп басып кеткен, содан егін шығымдылығы нашар болған. Жыртқыштық жолмен 1937 жылы 12 бас малды қырып, сойып жіберген. Кәрі қойларды етке өткізіп жіберудің орнына 22 бас жас жарамды қойларды етке өткізіп жіберген. 1938 жылы колхоз жоспар бойынша 50 гектар тары егуге тиіс болған, ал Ерекешев әдейі одан 7 гектар тарыны екпеген, 13 гектар егілген тарыға су берілмегендіктен қурап қалған. Одан басқа 13 гектар бидайға, 10 гектар күрішке су берілмегендіктен ол да өліп қалған.
Құтышев Нұржан —«Өндіріс» колхозының төрағасы болып тұрғанда 1937 жылдың мамыр айында осы ұйымға Жүсіпов Қожамжар арқылы тартылған. Ұйым тапсырмасымен ол колхозда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген: 1937 жылы әдейі 8 гектар тарыны суармай, ақырында ол өліп қалған. Малды жаппай қырыпсою туралы үгіт жүргізген, соның салдарынан 1937—38 жылдары 15 бас мал шығын болған. 1938 жылы зиянкестікпен 40 гектар тарыға су бермей және уақтылы отамағандықтан егіннің 80 проценті өліп қалған. Сол жылы егіс науқаны кезінде зиянкестікпен колхозшылардың бір бөлігін аң аулауға жіберген, соның салдарынан егістің мерзімі ұзаққа созылып, өнім аз алынған.
Кентібаев Бисары —«Ақбел» колхозындағы мектепте мұғалім болып тұрғанда 1937 жылдың маусым айында № 9 ауылдық кеңестің бұрынғы төрағасы Аязбаев Мейірхан арқылы осы ұйымға тартылған. Ұйымның тапсырмасымен ол мектепте зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. 1937 жылы үнемі сабақтарды бұзып отырған, содан оқу жоспары орындалмай қалған және 8 оқушы екінші жылға орнында қалған. Халық жауы болып айыпталған Жансүгіров Ілиястың және басқа алашордашылар жазушыларының кітаптарын тартқан. Колхозшылар арасында малды жаппай қырып сою туралы үгіт жүргізген. 1937—38 жылдары Мемлекеттік заемдарды тарату кезінде заемға жазылу жұмысын бұзуға бағытталған үгіт жүргізген.
Жұбаев Тілеу —«Өндіріс» колхозының мүшесі болып тұрғанда 1937 жылдың мамыр айында Жүсіпов Қожамжар арқылы осы ұйымға тартылған. Ұйымның тапсырмасымен колхозда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. 1937 жылы колхозшылар арасында малды жаппай қырып сою туралы үгіт жүргізген, өзі 4 қойын сойған, қоғамдық бір бас жылқыны сатып жіберген, № 10 ауылдық кеңестің төрағасы Жүсіповтың және «Өндіріс» колхозының төрағасы Құтышевтің қолдауымен кейінгі екі жылда Жұбаев колхозда жұмыс істемеген, ал азықтүлікпен басқа колхозшыларымен бірдей қамтамасыз етілген.
Найзабаев Байділда —№ 12 ауылдық кеңестің төрағасы болып тұрғанда 1937 жылдың сәуір айында аудандық жер бөлімінің мал дәрігері Үсенов Айман арқылы осы ұйымға тартылып, № 12 ауылда кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық топты басқарған және колхоздарда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. Колхозшылар арасында малды жаппай қырып сою туралы үгіт жүргізген, соның салдарынан 1937 жылы үш кол-

хозда 65 бас қой құрыған. Сол жылы Найзабаевтың тапсырмасымен 45 гектар егістік жер зиянкестікпен айдалған, содан егін шығымдылығы нашар болған. № 12 ауылдық кеңестің төрағасы болып тұрған кезінде осы ұйымға қатысушыларға егістік жерді соқамен таяз жыртуға тапсырма берген, сөйтіп егістікті арам шөп басып кеткен. «Түпбөгет» колхозында ру топтарын құрған.

Тұрабаев Назар —«Егінші» колхозының төрағасы болып тұрған кезінде 1937 жылдың мамыр айында Жүсіпов Қожамжар арқылы осы ұйымға тартылып, колхозда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. 1937 жылы ол 7 гектар тарыны әдейі сусыз қалдырып, ақырында егін құрап қалған, колхозға егілген бидайдан бір жарым гектарын өзі пайдаланған. 1937—38 жылдары колхозда ру топтарын құрып, оны кеңес үкіметінің ауылда жүргізіп жатқан шараларын бұзуға пайдаланған. № 10 ауылдық кеңес төрағасының орынбасары болып тұрған кезінде серіктестіктердің ауылшаруашылық артелінің уставына көшуін тежеген. 1938 жылы осы ауылдық кеңестің салық инспекторы болып тұрған кезінде зиянкестікпен салық жинау жоспарын орындауды бұзған.

Қожаназаров Тебеген —«Ақбел» колхозы төрағасының орынбасары болып тұрғанда 1937 жылдың шілде айында Қармақшы аудандық жер бөлімінің бұрынғы бастығы Шүкіров Алмас арқылы осы ұйымға тартылып, колхозда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. 1937 жылы ол колхозда ру топтарын құрып, колхоздың еңбек тәртібін бұзған. Сол жылы колхоздың 40 гектар күрішін айдалмаған және су шықпайтын жерге еккізген, ақырында егіннің жартысы өліп қалған. Колхозшылар арасында малды жаппай қырып сою туралы үгіт жүргізген, соның салдарынан 1937 жылы 12 бас қой құрып кеткен. Сол жылы жоспар бойынша 300 тонна шөп дайындалу керек болса, одан бар болғаны 150 тонна ғана дайындалған, ауданға 100 процент орындалды деп өтірік ақпар берілген.

Еспаев Бұқарбай —«Түпбөгет» колхозының төрағасы болған кезінде 1937 жылдың сәуір айында Шүкіров Алмас арқылы осы ұйымға тартылып, колхозда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. 1937 жылы 15 гектар бидайды және 7 гектар арпаны сусыз қалдырып, бидайдың әр гектарынан бар болғаны 5 центнерден ғана өнім алған, ал 7 гектар арпа шықпай қалған. Колхозшылар арасында малды жаппай қырып сою туралы үгіт жүргізген, соның салдарынан 1937 жылы колхоз бойынша 30 бас мал құрыған. 1938 жылы су шықпайтын жерге 100 гектар бидай еккізген, одан 10 гектар бидай өліп қалған, ал қалған 90 гектар бидайдың 50 проценті шықпай қалған. Одан басқа 13 гектар күрішті айдалмаған жерге еккендіктен 75 проценті өліп қалған.

Күнтуарова Ақбала — Ленин атындағы колхоздың төрайымы болып тұрған кезінде 1938 жылдың наурыз айында № 10 ауылдық сельпо төрағасы Жанаев Нұрмағамбет арқылы осы ұйымға тартылып, колхозда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. 1938 жылы 7 гектар бидайды әдейі сусыз қалдырып, өліп қалған. Сол жылы тұқым күрішті күрмектен тазартпай, 42 гектар лас күйінде еккен күрішті 3—4 рет отаудың орнына бір-ақ рет отаған, соның салдарынан күрішті күрмек басып кеткен. 10 гектар күрішті әдейі суармағандықтан шықпай қалған, егіс егер кезде агрономиялық ережені сақтамай егісті 30 күнге созып жіберген.

Қаражанов Өмірбай — жеке шаруасымен айналысып, саудагерлік жасап жүрген кезінде 1936 жылдың аяғында Жүсіпов Қожамжар арқылы осы ұйымға тартылып, ауылда зиянкестік, бүлдірушілік жұмыстар жүргізген. Колхозшылар арасында малды жаппай қырып сою туралы үгіт жүргізген, өзі 1937 жылы 9 бас қойын құртып жіберген, колхозды тарату және ауылшаруашылық жұмысын бұзу мақсатында Қаражанов колхозшылардан 21 адамнан саудагерлер тобын құрған, олар колхозда жұмыс істемей, саудагершілікпен айналысқан.

Осы қылмыстары үшін Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы УГБ 4 бөлімінің қаулысымен Жүсіпов Қожамжар 1938 жылдың 12 қазан күні, Дайрабаев Мәдияр сол жылғы 15 шілдеде, Егізбаев Әбзәли —17 тамызда, Аяпов Үбісұлтан —4 шілдеде, Байсақалов Мырзатай, Тұрабаев Назар, Ерекешев Тілеу —8 қазанда, Құтышев Нұржан, Кентебаев Бисары —13 қазанда, Жұбаев Тілеу — 12 қазанда, Найзабаев Байділда —3 шілдеде, Қожаназаров Тебеген —22 шілдеде, Еспаев Бұқарбай —17 тамызда, Күнтуарова Ақбала —13 қазанда, Қаражанов Өмірбай —20 қазанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 2, 7, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

1939 жылғы 20 қаңтарда Ақдәулетовтің төрағалық, Өтепбергеновтің халық заседательдік, Қожахметовтің хатшылық етуімен Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының сот процесі басталған. Сол соттың үкімімен:

— Жүсіпов Қожамжар, Дайрабаев Мәдияр, Байсақалов Мырзатай, Аяпов Үбісұлтан, Ерекешев Тілеу — әрқайсысы 20 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазаларын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға;

— Егізбаев Әбзәли, Қаражанов Өмірәлі, Құтышев Нұржан, Кентібаев Бисары, Қожаназаров Тілеген, Жұбаев Тілеу — әрқайсысы 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазаларын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға;

— Найзабаев Байділда, Төребаев Назар әрқайсысы —10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазаларын өтегеннен кейін 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған. Барлығының малмүлкі конфискеленген.

Сотталғандар бірден Шымкент қаласындағы түрмеге жөнелтіліп, онда 6 ай жатқан. 1939 жылғы 27 шілдеде олар жазаларын өтеуге Владивосток қаласына айдалған. Сол жылғы 13 тамызда Егізбаев Әбзәли Владивостоктан 6 шақырым жердегі НКВД-ның «Партизанский» деген лагерінен жазған хаты елге келіп, өзінің ауыр азабын, «Одинокий» деген кен орындарына келген

140 «халық жауының» 100-і ауыр жұмыс пен аштық, қыс суығына шыдамай өліп кеткенін, оларды дұрыстап көмумен ешкімнің ісі болмағанын хабарлаған. 1944 жылғы 5 шілдеде жазған келесі хатында Егізбаев Әбзәли Шығыс сапарында жазықсыз 32 ай бойы өмірін өксіткенін білдірген. Осындай ауыр азапты жағдайды өзге де тұтқындағылар елге хабарлаған.

1939 жылғы 31 тамызда Қазақ ССР Прокуроры Қазақ ССР Жоғарғы сотына Қызылорда облыстық соттың үкімін бұзып, істі қайта тергеуге жіберуге бақылау ретінде наразылық білдірген. Сол жылғы 21 қыркүйекте Қазақ ССР Жоғарғы сотының коллегиясы бұл наразылықты қарап, облыстық сот үкімін бұзып, істі қайта тергеуге жіберген. Қайта тергеу жұмысын облыстық НКВД арнаулы бөлімінің тергеушісі, қауіпсіздік комитетінің кіші лейтенанты Шалабаев Мұртаза жүргізеді. Оның тергеу қорытындысы бойынша: Аяпов Үбісұлтан, Байсақалов Мырзатай, Дайрабаев Мәдір, Ерекешев Тілеу, Егізбаев Әбзәли, Есбаев Бұқарбай, Жұбаев Тілеу, Жүсіпов Қожамжар, Құтышев Нұржан, Кентібаев Бисары, Қожаназаров Тебеген, Күнтуарова Ақбала, Қаражанов Өмірбай, Найзабаев Байділда, Тұрабаев Назардың әрекеттерінде қылмыстық сипаттар болмағандықтан, іс қысқартылып, олар толық ақталады. НКВД облыстық комитетінің бастығы қауіпсіздік комитетінің аға лейтенанты Смирнов 1940 жылғы 18 қарашада бұл екінші тергеу қорытындысы бойынша, 15 азаматтың үстінен қозғалған қылмыстық істі қысқартады.

Бұл ақтау қорытындысы шығып, толық ақталмай тұрғанда Күнтуарова Ақбала 1939 жылғы 6 маусымда Қызылорда түрмесінде «белгісіз» сырқаттан қаза тапқан еді.

НКВД-ның «Сев-вост. лагы» ДВК-ның 1940 жылғы 15 қаңтардағы қатынасы бойынша, Ерекешев Тілеу —1939 жылғы 31 қазанда НКВД лагерінде қайтыс болған, бірақ НКВД бастығы Смирновтың 1941 жылғы 14 қаңтардағы Қазақ ССР НКВД-сының бірінші арнаулы бөліміне жолдаған қатынасында дәл сол Ерекешев Тілеуді және тағы басқа Жүсіпов Қожамжарды, Егізбаев Әбзәлиді, Найзабаев Байділданы Магадан лагерінен облысына қарай жіберілді деп алдаған. Құтышев Нұржан, Қаражанов Өмірбай — Владивостоктағы Магадан лагерінде, Байсақалов Мырзатай, Дайрабаев Мәдір —«Нагаев» атты лагерде қаза тапқаны жайлы Қызылорда облыстық НКВД басқармасы 1941 жылғы 4 қаңтарда хабарлаған. Ал, Қожаназаров Тебеген мен Есбаев Бұқарбай елге оралмаған күйі жоқ болып кеткен, олардың қаза тапқан жері белгісіз күйінде қалған. Егізбаев Әбзәли ғана елге аман оралып, артынша Ұлы Отан соғысына аттанды да, Қиыр Шығыста қаза тапты.

Қызылорда облыстық прокурордың аға көмекшісінің 1991 жылғы 21 наурыздағы қаулысы бойынша — Жүсіпов Қожамжарды, Дайрабаев Мәдиярды, Егізбаев Әбдәлиді, Аяпов Үбісұлтанды, Байсақалов Мырзатайды, Ерекешев Тілеуді, Құтышев Нұржанды, Кентібаев Бисарыны, Жұбаев Тілеуді, Тұрабаев Назарды, Найзабаев Байділданы, Қожаназаров Тілегенді, Есбаев Бұқарбайды, Күнтуарова Ақбаланы, Қаражанов Өміртайды айыптаған қылмыстық істі олардың әрекеттерінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан өндірістен қысқартқан.

**(Бұл топтамадағы 15 адам жайлы мәліметтер облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінен алынып, 1996 жылғы 1 маусымда Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы» газетінде Егізбаев Әбзәлидің баласы Нағымет Егізбаевтың қолындағы құжаттар негізінде жазылған «Жазықсыз жазаланғандар» атты көлемді мақаламен толықтырылды).**

## XIV

**ЖАНБОЛҒАНОВ** Төребек — Қармақшы ауданы, № 3 ауылда 1916 жылы туған, автомашина авариясын жасағаны үшін 6 айға сотталған, қамауға алар сәтте аудандық комсомол комитеті пионерлер бөлімінің меңгерушісі болған;

**ЖАЛБЫРОВ** Жүсіпәлі —№ 18 ауылда 1910 жылы туған, кейін № 12 ауылда тұрған, ишанның баласы, қамауға аларда аудандық дайындау мекемесінде инспектор болып істеген, әрі аудандық комсомол комитетінде насихатшы болған;

**БАЙМҰРАТОВ** Шәріпбай — Қармақшы қыстағында 1915 жылы туған қамауға алғанға дейін аудандық партия комитетінде іс жүргізуші болып істеген.

Бұл 3 азаматқа: Кеңес үкіметіне қарсы ұлттық ұйымның мүшесі болған, ұйымның тапсырмасымен ауданда контрреволюциялық, жауыздық жұмыстар жүргізген,— деген айыптар тағылып, Қармақшы аудандық НКВД бөлімі 1938 жылғы 20 маусымда тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық тергеу бөлімінің 1939 жылғы 28 маусымдағы үйғарымында атап көрсетілгеніндей, қосымша тергеу барысында Жанболғановты, Жалбыровты, Баймұратовты айыптарлық қаралау материалдары табылмаған, ал делодағы материалдармен істі сотқа беруге жеткіліксіз. Осыларды ескере отырып, УПК-ның 204 бабының «б» пунктін басшылыққа алып, Жанболғанов Төребекті, Жалбыров Жүсіпәліні, Баймұратов Шәріпбайды қамаудан босатып, олар жөніндегі істі тоқтатқан.

Үш азамат осы екі аралықта түрмеде 1 жыл 8 күн отырған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен, олар Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

## XV

**ӘЛИАСҚАРОВ** Әлімбай — Қармақшы ауданының № 8 ауылында 1908 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатты, қызметкер, партияда жоқ, соңғы кәсібі — Ақжар МТС-інде нұсқаушы-бухгалтер болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған;

**ОРАЗБАЕВ** Әбжәміл —№ 8 ауылда 1908 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатты, қызметкер, партия қатарынан осы іс бойынша шығарылған, соңғы кәсібі —«Бозарық» колхозында есепші болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, әйелі Айша;

**ОҢАЛБАЕВ** Еркөбек —№ 8 ауылда 1890 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, соңғы кәсібі — Сталин атындағы колхоздың төрағасы болып қызмет атқарған, бұрын РСФСР ҚК 109 бабымен 3 жылға сотталған;

**ШОЛАҚОВ** Бүркітбай —№ 8 ауылда 1899 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, соңғы кәсібі —«Жаңабақыт» колхозының төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, әйелі — Ақбөпе, қызы — Ханымкүл;

**ӘЛІБАЕВ** Нұртай —№ 8 ауылда 1899 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, соңғы кәсібі —«Бозарық» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы;

**ЖАЙСАҢБАЕВ** Әлмағамбет —№ 8 ауылда 1907 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатты, партияда жоқ, соңғы кәсібі —«Жаңабақыт» колхозында есепші болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, әйелі Ханымша, баласы Бекзат;

**ТАУБОЛАТОВ** Әлмағамбет —№ 8 ауылда 1900 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, соңғы кәсібі —«Жаңабақыт» колхозында колхозшы, бұрын сотталмаған;

**ҮРГЕНІШБАЕВ** Мырзақұл —№ 8 ауылда 1890 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, соңғы кәсібі —«Жаңарық» колхозында төраға болып істеген, бұрын сотталмаған, әйелі Қадиша, балалары — Ыбыраш, Ыдырыс, Ілияс, Орынкүл;

**ЖОЛАМАНОВ** Мақаш —№ 8 ауылда 1912 жылы туған, байдың баласы, сауатты, осы іс жайлы БЛКЖО қатарынан шығарылған, соңғы кәсібі — № 8 сауатсыздарды оқытатын мектепте мұғалім болып қызмет атқарған, әкесі мен ағасы 1930 жылы Қарақұм қарақшыларына қатысып, ағасы сол жақта атылып кеткен. Мақаш 1930 жылы 6 айға еріксіз жұмысқа сотталған. Әйелі Ханым, баласы Мұрсал;

**ЕРЖАНОВ** Қуанышбай —№ 8 ауылда 1916 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатты, партияда жоқ, соңғы кәсібі — Қармақшы аудандық жер бөлімінде есеп жүргізуші болып істеген, бұрын сотталмаған, үйленбеген, інісі Дәубай;

**ЖҮСІПОВ** Таян —№ 8 ауылда 1908 жылы туған, негізі — байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, соңғы кәсібі —«Жаңабақыт» колхозында мұғалім болып істеген, бұрын сотталмаған.

Қармақшы ауданынан әшкереленіп, қолға түскен осы 11 адамдық топ Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық-ұлттық, жауыздық ұйымның бір бөлігі ретінде осы № 8 ауылда ұйымдасып, ұйымдастырушысы бұрын «халық жауы» ретінде әшкереленіп кеткен Шүкіров, Аязбаев, Кенжеәлиевтермен бірлесіп, айыпкерлер Әлиасқаров, Орабаев және Ержановтер Кеңес өкіметіне қарсы өздерінің ұйымына мүшелікке Оңалбаев, Шолақов, Әлиасқаров, Жайсаңбаев, Тауболатов, Үргенішбаев, Жоламанов, Жүсіповті тартқан. Бұлар өз еркімен Кеңеске қарсы ұлтшылдар ұйымына мүше болып, барлығы бірлесіп бірнеше рет жасырын мәжілістер өткізген, бір-бірінен нұсқаулар алып, сол № 8 ауылдың қарауындағы колхоздардың арасында үлкен зиянкестік-жауыздық жұмыстарын ұйымдастырған.

Жоғарыда аты аталған айыпкерлер Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық ұйымға мүше болған. Колхоздардың егіс шаруашылығына зиянкестік жұмыстар жүргізіп, су келмейтін жерлерге арық қаздырып, ол қазған арықтарынан егістікке су шықпаған. Жаңа тазартылған тұқымды күрмекпен араластырып септірген. Егін егілетін жерлерді айдау кезінде тайыз айдатқан. Осындай қасақана зиянкестік жұмыстың салдарынан 8 ауыл көлеміндегі колхоздардан 1937—1938 жылдары 87 гектар егін мүлде өнбей қалған. Мұнымен қатар бірсыпыра егін уақтылы егілмей, кешіктіріліп егілген. Шыққан егінді отақ басып, оны отау жұмысын қасақана жүргізбеген. Осының салдарынан егілген егіннен жалпы дұрыс өнім алынбаған.

Колхозшылардың арасында контрреволюциялық-ұлтшылдық үгіт жүргізіп, олардың арасында ру тартысын қоздырған, серіктестіктен колхозға көшкенде өздері бас болып, жұмыс көлігін сою, сату жолымен мал басын құртқан. Осының салдарынан 8 ауыл көлеміндегі колхоздардан сол жылдары 337 бас малды құртқан.

Шөп дайындау кезінде орылмаған шөпті орылды деп өтірік ақпар беріп, қасақана колхозшылардың малын құрту, тұрмысын нашарлату мақсатымен шөпсіз қалдырған. Осының салдарынан мал көптеп өлім-жітімге ұшыраған.

Колхоздың қаржысын кез келген жерге жұмсап, ауылшаруашылық артелінің уставын үнемі бұзып, еңбеккүнге берілетін қаржы колхозшыларға қасақана бергізілмеген. Колхоз жұмысына зиянкестік жасау мақсатында сауатсыздардың сабағын жұмыс уақытында өткізген, мектептегі сабақ үнемі өткізілмей, сабақ беру тәртібі бұзылған.

Осы қылмыстары үшін 11 адамнан құралған бұл топ Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы шілде-тамыз айларындағы қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының, 7, 11 және 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Бұларды айыптаған тергеу ісі 1938 жылғы 28 желтоқсанда аяқталған. Айыптау қорытындысы 1938 жылдың 14 қазанында алғаш рет облыстық сотқа барып түскен.

Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 22 қаңтардағы үкімімен — Әлиасқаров Әлімбай, Оразбаев Әбжәміл, Оңалбаев Ергүбек — ҚК бабының 10 тармағы 1 бөлімімен әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға; ҚК 58 бабының, 7, 11 тармақтарымен және 58 баптың 2 тармағына сүйеніп және 1937 жылғы 2 қазандағы Үкімет қаулысын қолданып, әрқайсысы 20 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, ҚК 49 бабының тиісті тармақтарына сүйеніп, жазаның ауыры —20 жылға және жазасын өтеп болғаннан кейін

әрқайсысы 5 жылға сайлау-сайлану құқығынан айырылуға;
Жүсіпов Таян, Ержанов Қуанышбай, Жоламанов Мақашты ҚК 58 бабының 10 тармағы, бөлімімен әрқайсысын 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, ҚК 58 бабының 7, 11 тармақтары мен 58-2 бабына сүйеніп және 1937 жылғы 2 қазандағы Үкімет қаулысын қолданып, әрқайсысы 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, ҚК 49 бабына сүйеніп жазаның ауыры — әрқайсысы 15 жылға, жазасын өтеп болғаннан кейін әрқайсысы 5 жылға сайлау-сайлану құқығынан айыруға;
Үргенішбаев Мырзақұл, Әлібаев Нұртай, Жайсаңбаев Әлмағамбет, Шолақов Бүркітбайды ҚК 58 бабының 10 тармағы, 1 бөлімімен әрқайсысы 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға, ҚК 58 бабының 7, 11 тармақтарымен, 58-2 бабына сүйеніп және 1937 жылғы 2 қазандағы Үкімет қаулысын қолданып, әрқайсысы 12 жылға бас бостандық еркінен айыруға, ҚК 49 бабына сүйеніп жазаның ауыры әрқайсысы 12 жылға, жазасын өтеп келгеннен кейін әрқайсысы 3 жылға сайлау-сайлану құқығынан айыруға;
— Тауболатов Әлмағамбетті ҚК 58 бабының 7, 11 тармақтарымен 58-2 бабына сүйеніп, 7 жыл бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтеп келгеннен кейін 2 жылға сайлау-сайлану құқығынан айыруға сотталған. ҚК 58 бабының 10 тармағы 1 бөлімі бойынша қылмыс белгісі жоқ деп, үкімнен ол статьялар алынып тасталған.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 9 мамырдағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 22 қаңтардағы үкімі бұзылып, қылмыс құрамының анықталмағандығынан, іс өндірістен қысқартылған, жоғарыда аттары аталған 11 азамат қамаудан босатылған. Ал Жоламанов Мақаш болса ол НКВД-ның Сев. Вост. Лагінде 1939 жылғы 24 қазанда қайтыс болған.
Осы мәселеге байланысты Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы» газетінің 1996 жылғы 1 маусымдағы номеріндегі «Жазықсыз жазаланғандар» атты мақаласы, жаламен сотталып, Владивостоктегі НКВД лагерлерінің бірінен жазасын өтеп елге оралған Жүсіпов Таян ақсақалдың «Боздақтар» редакциясына жазған хатында не айтылды:
Жоғарыда аттары аталған 11 азаматқа 1939 жылғы 27 қарашада облыстық сотта Ақдәулетов дегеннің төрағалық етуімен сот мәжілісі болып, соның солақай пікірімен айыпталғандардың бәрі Владивостокқа жер аударылған. 1939 жылғы 31 тамызда Қазақ ССР прокуроры Қазақ ССР Жоғарғы сотына Қызылорда облыстық сотының үкімін бұзып, істі қайта тергеуге алу үшін бақылау ретінде наразылық білдірген. Сол жылғы 21 қыркүйекте Қазақ ССР Жоғарғы сотының коллегиясы бұл наразылықты қарап, істі қайта тергеуге жібереді. Қайта тергеуді облыстық НКВД басқармасы арнаулы бөлімінің тергеушісі, қауіпсіздік комитетінің кіші лейтенанты Шалабаев Мұртаза жүргізеді. Соның тергеуі бойынша 11 азамат толық ақталып, облыстық НКВД бастығы Смирнов оны бекітеді. Аталған азаматтардың үстінен көтерілген қылмыстық іс қысқартылады.
Сотталғандардың бірі Жүсіпов Таянның редакцияға жазған хатынан:
Ол Владивостокта өздерінен бұрын сотталған Егізбаев Әбжәли, тағы сол топтағы бірнеше азаматпен кездескен. Бәрін бірге қосып, онда 25—30 адамнан топтап-топтап, машиналарға тиеп, Колыма өзені бойындағы «Партизанский», «Одинокий» деп аталатын Магадан облысындағы кен орындарына апарған, сонда қара жұмысқа салған. 1939 жылы сонда жинақталған 140 тұтқынның 100-і аштықтан, аурудан, суықтан үсіп өлген. Өлгендерге мола қазып, жерлеу жұмыстары жүргізілмеген. Қопарғыш қойып, жерді қопаратын да, үңгірге өліктерді көме салатын. Оңалбаев Еркебек, Келеңкеев Серікбай деген азаматтар тап осылай көмілгенін көзіммен көрдім...

## 1939 жылы

**ШҮКІРОВ** Алмас — Алматы облысы, Қордай ауданы, Успенскі ауылдық кеңесінде 1910 жылы туған, білімі арнаулы орта, Алматы ауыл шаруашылық техникумын бітірген, БК(б)П мүшесі, Қармақшы аудандық ауыл шаруашылық бөлімінде агроном болып істеген, 1937 жылы контрреволюциялық әрекеттері үшін партия қатарынан шығарылған. Қармақшы аудандық НКВД бөлімі 1937 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен кеңес өкіметін құлатуды мақсат етті, контрреволюциялық-террорлық ұйымның мүшесі болды, осы ұйымның басшысының тапсырмасымен колхоз құрылысын құлатуды мақсат етті, егін суаруды көре көзге кешеуілдетті, мал басын кеміту үшін жаппай сойып алуға өзгелерді үгіттеді деген айыппен қамауға алды. Қамауға алғанға дейін ол Қармақшыда тұрды;
**ҚОШЫМАНОВ** Омар — Қармақшы ауданы, № 3 ауылда 1912 жылы туған, «Томарбөгет» колхозының төрағасы және мұғалім болып жұмыс істеген, қамауға алғанға дейін осы колхозда тұрған;
**ЖАҒАЛТАЕВ** Дастанбай — Қармақшы ауданы, № 8 ауылда туған (туған жылы көрсетілмеген), «Ақбел» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, қамауға алғанға дейін сонда тұрған;
**САПАРОВ** Әсіл — Қармақшы ауданы, № 4 ауылда туған (туған жылы көрсетілмеген), «Комсомол» колхозында колхозшы болып істеген.
**БАЙҒАБЫЛОВ** Смайыл — Қармақшы ауданы, № 3 ауылда туған (туған жылы көрсетілмеген), Қызылтам ауылдық кеңесінде сельпо төрағасы болып жұмыс істеген, қамауға алғанға дейін Қызылтам станциясында тұрған;
**БАЙСАЛБАЕВ** Пірман —№ 3 ауылда туған (туған жылы көрсетілмеген), сол ауылда есеп қызметкері болып істеген, қамауға алғанда Қармақшы қыстағында тұрған.

Бұл азаматтарға байланысты РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 10 және 11 тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалып, қамауға алған. Қамауға алуға Қармақшы ауданының прокуроры З. Байназаров ордер берген. Оларды қамауға алуды аудандық НКВД бастығы Петкин жүзеге асырған.

Бұл қылмыстық іс бойынша, жоғарыда аттары аталған айыпкерлер колхоз құрылысына зиянкестік жасады, егін суаруды көре көзге кешеуілдетті, мал басын кемітіп жіберді, малды сойып алуға тұрғындарды үгіттеді, сөйтіп кеңес өкіметін құлатуды мақсат етті деген айыптар тағылды.

1939 жылғы 27 қарашада Қызылорда облыстық сотында Ақдәулетов деген судьяның төрағалық етуімен сот мәжілісі болып, онда осы топтың басшысы ретінде Шүкіров Алмасқа 15 жыл түрме жазасы, 5 жыл сайлау-сайлану құқығынан айыру жазасы, ал қалған 5 айыпкерге әрқайсысына 10 жылдан түрме жазасы берілген. Кейін олар НКВД-ның Сібір лагерлеріне айдап жіберілген, сөйтіп олар Владивосток жақта мұнан бұрын Сібірге айдалғандарға барып қосылып, азапты бірге көрген.

1939 жылғы 31 тамызда Қазақ ССР прокуроры Қазақ ССР Жоғарғы сотына Қызылорда облыстық сотының үкімін бұзып, істі қайта тергеуге алу үшін бақылау ретінде наразылық білдірген. Сол жылғы 21 қыркүйекте Қазақ ССР Жоғарғы сотының коллегиясы бұл наразылықты қарап, істі қайта тергеуге жібереді: Қайта тергеуді облыстық НКВД арнаулы бөлімінің тергеушісі, хауіпсіздік комитетінің кіші лейтенанты Шалабаев Мұртаза жүргізеді. Осы іс бойынша айыпталған 13 азамат ақталып, облыстық НКВД бастығы Смирнов оны бекітіп, аталған азаматтардың үстінен көтерілген қылмыстық істі қысқартады.

(Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы» газетінің 1996 жылғы 1 маусымдағы «Жазықсыз жазалағандар» атты мақаласы, жаламен сотталып Владивостоктағы НКВД лагерьлерінің бірінен жазасын өтеп елге оралған Жүсіпов Таянның хаты бойынша).

### 1940 жылы

I

**ШАЛТЫҚОВ** Атақан —№ 9 ауылда 1908 жылы туған, қамауға алғанға шейін Қармақшы аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып істеген;

**ЖҮСІПОВ** Нұрбай —№ 23 ауылда 1901 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауылдық кеңестің төрағасы болып істеген;

**ҚАЮПОВ** Малиа —№ 25 ауылда 1909 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы аудандық атқару комитетінің хатшысы болып істеген.

Бұл 3 азаматтың үшеуіне де жергілікті бюджет қаржысын талан - таражға салды деген айыптар тағылып, қамауға алынған. Тергеу кезінде Жүсіпов Нұрбай, Қаюпов Малиа — әрекеттерінде қылмыстың белгісі де болмауы себепті облыстық сот шешімімен бірден түрмеден босатылып, іс қысқартылған. Ал Шалтықов Атақанды облыстық сот 10 жылға түрме жазасына соттаған.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының шешімімен бұл азамат та 1994 жылғы 12 сәуірде толық ақталған.

II

**КОРЧАГИН** Николай Иванович — родился в 1903 году на ст. Ивановская, Ташкентской железной дороги, русский, гражданин СССР, член ВКП(б) с 1929 по 1940 год, образование 3 класса сельской школы, до ареста проживал на ст. Джусалы, работал пом. машиниста паровоза. Он с 1923 по 1928 год работал кондуктором, с 1928— стрелочником. В августе 1940 года осужден на 6 м-цев принудительных работ с вычетом 20 процентов за нарушение Указа Президиума Верховного Совета СССР «О трудовой дисциплине».



**СБИТНЕВ** Павел Евграфович — родился в 1898 году в селе Первое Красное, Сорочинского района, Чкаловской области, русский, гражданин СССР, малограмотный, с 1924 по 1940 год член ВКП(б) до ареста проживал на ст. Джусалы, по ул. Свердлова, 24, работал машинистом электростанции.

По обвинительному заключению: Корчагин Н. И. и Сбитнев П. Е., будучи враждебно настроенными к Советской власти, среди рабочих ст. Джусалы вели антисоветскую агитацию, выступали против Указов Президиума Верховного Совета СССР, клеветали на жизнь при Советской власти и распространяли анекдот антисоветского содержания. Так, обвиняемый Корчагин в апреле 1939 года в злостной антисоветской форме высказался в отношении 3-й сталинской пятилетки. В июне того-же 1939 года пытался дискредитировать Ленинский принцип о равноправии женщин. В 1940 году после опубликования Указа Президиума Верховного Совета СССР от 26 июня 1940 года совместно со Сбитковым выступали против этого Указа и распространял антисоветскую клевету. В этом же году проявил недовольство постановлениям правительства о введении платы за учебу в старших классах средних школ и высших учебных заведениях и поэтому вопросу выступал в антисоветском духе и проводил другие антисоветского характера суждения.

Обвиняемый Сбитнев П.Е. в автусте и сентябре 1938 года, будучи в доме отдыха ЦК

Союза железнодорожников, среди отдыхающих распространял клевету на колхозный строй, на политику партии и правительства по вопросу о награждении орденами граждан СССР и вел другие антисоветские разговоры,— за что Корчагин Н. И., Сбитнев П. Е. постановлением ОДТО НКВД ст. Казалинск от 28 декабря 1940 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-10 ч. 1-я УК РСФСР.

Приговором Линейного суда Оренбургской железной дороги от 12 мая 1941 года Корчагин Николай Иванович осужден к 7 годам лишения свободы с поражением в правах на 3 года.

Приговором Железнодорожной коллегии Верховного Суда СССР от 22 июля 1941 года Сбитнев Павел Евграфович осужден к 7 годам лишения свободы с поражением в правах на 3 года.

Определением Железнодорожной коллегии Верховного суда СССР от 4 июля 1941 года приговор в отношении Корчагина оставлен в силе, а в отношении Сбитнева отменен и дело направлено в суд на новое рассмотрение со стадии судебного следствия.

Определением Железнодорожной коллегии Верховного суда СССР от 25 августа 1941 года приговор Линейного суда от 22 июля 1941 года в отношении Сбитнева оставлен в силе.

Постановлением Пленума Верховного Суда СССР от 11 июля 1962 года приговор Линейного суда Оренбургской железной дороги от 12 мая 1941 года и определение Железнодорожной коллегии Верховного суда СССР от 4 июля 1941 года в отношении Корчагина Николая Ивановича, а также приговор линейного суда Оренбургской железной дороги от 22 июля 1941 года и определение Железнодорожной коллегии Верховного Суда СССР от 25 августа 1941 года в отношении Сбитнева Павла Евграфовича отменены и дело о них на основании п. 2 ст. 5 УПК РСФСР производством прекращено за отсутствием в их действиях состава преступления.

Протест Генерального прокурора СССР по делу Корчагина Н. И. и Сбитнева П. Е.— удовлетворен.

## 1941 жылы

**РЗЯНКИН** Никифор Васильевич — родился в 1882 году в селе Ново-Михайловке, Нижне-Ломовского района, Пензенской области, русский, гражданин СССР, образование — самоучка, беспартийный, до ареста проживал в пос. Кармакчи по ул. Кзыл-Ординская, 4, работал дезинфектором 9 санучастка.

**КОТЕЛЬНИКОВ** Семен Иванович — родился в 1909 году в селе Старый-Шуструй, Нижне-Ломовского района, Пензенской области, русский, гражданин СССР, выходец из кулаков, образование низшее, беспартийный, до ареста проживал на ст. Джусалы, работал плотником 12 дистанции службы пути.

По обвинительному заключению: Рзянкин Н. В., Котельников С. И., проживая и работая на ст. Джусалы, среди рабочих и служащих проводили антисоветскую агитацию, распространяли провокационные слухи о голоде в Советском Союзе, высказывали повстанческие, пораженческие настроения, дискредитовали мероприятия партии и правительства, высказывали недовольство по вопросу ликвидации кулачества,— за что они постановлением ОО НКГБ ст. Казалинск от 23 июня 1941 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58—10 ч. 2 УК РСФСР.

Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского облсуда от 31 августа 1941 года подсудимые Рзянкин Никифор Васильевич и Котельников Семен Иванович подвергнуты к лишению свободы сроком по 10 лет каждого с поражением в избирательных правах каждого по 3 года.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Каз. ССР от 27 октября 1941 года приговор Кзыл-Ординского областного суда оставлен в силе.

Постановлением Президиума Верховного суда Каз. ССР от 30 сентября 1963 года приговор Кзыл-Ординского облсуда от 31 августа 1941 года и определение Судебной коллегии по уголовным делам Верхсуда Каз. ССР от 27 октября 1941 года отменены и дело в отношении Рзянкина Н. В. и Котельникова С. И. производством прекращено за отсутствием в их действиях состава преступления.

## 1942 жылы

### I

**ӘБІЛҚОЖАЕВ** Дәнейқожа (Данияр)— Қармақшы ауданы, № 4 ауыл, Молотов атындағы колхозда 1899 жылы туған, байдың баласы, сауатсыз, партияда жоқ, Қарақұмда мекендеген, үйлі-жайлы, әйелі Шағатаева Тұрсынай, баласы Үмбетбай. Д. Әбілқожаев 1930 жылы бай ретінде қуғын-сүргіннен қашып, Қарақұмға қашып барған, Қарақұм байлары қарақшыларының қарулы көтерілісіне белсенді түрде қатысқан. Әскер жасында болғанына қарамастан, әскери есепке тұрмай, соғыс жылдары қашып жүрген;

**САХИЕВ** Балабай — Қармақшы ауданының № 1 ауылында 1912 жылы туған, байдың баласы, арабша сауаты бар, партияда жоқ, жұмыс істемеген, үйленбеген, Қарақұмда мекендеген, Қарақұм қарақшыларының қарулы көтерілісіне қатысқан, 1939 жылдан бері өкімет-тен қашып, әскери есепке тұрмай, Қарақұмда қарақшы Әлментай балаларына барып қосылған;



**АМАНБАЕВ** Сәрсен — Арал ауданының № 8 ауылы, Куйбышев атындағы колхозда 1908 жылы туған, әкесі де, өзі де бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, 1942 жылы әскерге шақырудан қашып, Қарақұмға барып тығылған, әйелі — Қапия, баласы — Оңғар;



**ТІЛЕУОВ** Нысанғали — Арал ауданы, № 8 ауыл, Куйбышев атындағы колхозда 1907 жылы туған, байдың баласы, әкесі Тілеубай «халық жауы» болып ұсталып, сотталған, шала сауатты, партияда жоқ, 1942 жылы әскерге шақырудан қашып, Қарақұмға барып тығылған. Әйелі — Күнтай, балалары — Қалиша, Қаникүл, Жұмабек;



**ДОСЖАНОВ** (немесе Қараев) Айнатай — Жалағаш ауданы, № 16 ауыл, «Жаңаталап» колхозында 1924 жылы туған, туған ағалары Қараев Досжан және Қараев Қосжан Қарақұм қарақшыларының қарулы көтерілісіне қатысқан, хан болған, сол үшін олар тұтқынға алынып, жазаланған, әкесі Қара және ағасы Жүргенов Темірбек 1937 жылы халық жауы ретінде тұтқынға алынып, атылған. Айнатайдың білімі 6 класс, партияда жоқ, жұмыс істемеген, үйленбеген, әскери есепке тұрмай, қашып жүрген;

**БЕКАЙДАРОВ** Шанбай — Қармақшы ауданы, № 12 ауыл, Ворошилов атындағы колхозда 1903 жылы туған, орта шаруадан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, үйленбеген, 1940 жылы әскери есепке тұрмай Қарақұмға қашып, сондағы қарақшылар тобына барып қосылған;



**БАРМАҚОВ** Ыдырыс — Қармақшы ауданы, № 9 Көктөбе ауылы, Карл Маркс атындағы колхозда 1909 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, әйелі — Шақан, баласы — Әбдісерік. 1942 жылдың 10 қазанында Қармақшы АӘК арқылы әскерге алынып, Петропавловск қаласындағы әскери бөлімшеге жіберілген. Жолда бара жатқанда Ақсай станциясының жанындағы разъезде (Ақтөбе қаласына жақын жерде) эшелоннан түсіп, қашып кеткен;

**ЕРӘЛИЕВ** Нарбай — Қармақшы ауданы, № 13 ауыл, Калинин атындағы колхозда 1901 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, әйелі — Кеніш, балалары жоқ, 1942 жылдан әскер қатарынан қашып, Қарақұмға барып Әлментай бастаған қарақшылар тобына қосылған;



**ҚАРҒАБАЕВ** Асқар — Жалағаш ауданы, № 15 Бірінші Май ауылдық кеңесі, Жамбыл атындағы колхозда 1924 жылы туған, білімі 7 класс, партияда жоқ, жұмыс істемеген, үйленбеген, әскери есепке тұрмай, әскер қатарына шақырылудан қашып, Қарақұмда жүрген;



**ІЗДЕНБАЕВ** Тәшібай — Жалағаш ауданы, № 19 ауылда 1887 жылы туған, орта шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, тұрақты мекен-жайы болмаған, жұмыс істемеген, әйелі — Күлдәрі, қызы — Бибісара. 1941 жылдан ешбір документсіз Қарақұмда қашып жүрген.

**БАЙКӨБЕКОВ** Асқар — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, № 27 ауылда 1880 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, жұмыс істемеген, әйелі — Балзия, баласы — Төлеш. 1935 жылдан ешқандай документсіз Қарақұмда қашып жүрген;

**АБДУЛЛАЕВ** Сағила — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, № 28 ауылда 1916 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, үйленбеген, жұмыс істемеген, әскер қатарына шақырылудан қашып, Қарақұмда жасырынып жүрген.

Айыптау қорытындысы бойынша: 1930 жылдан Қарақұмда бұрынғы байлар мен Кеңес өкіметіне қаны қас адамдар тығылып жүрген, олар Кеңес өкіметіне қарсы қарақшылардың қарулы көтерілісіне белсене қатысқан, Отан соғысы жылдарында құпия, жасырын жағдайда жүрген олар қаруланған қарақшыларға айналған. Осы қарулы қарақшылар тобын ұйымдастырушы және оның басшысы Әбілқожаев Дәнейқожа болған, ол Қарақұм қарақшыларының көтерілісіне белсене қатысқан, өкіметтен тығылып, 12 жыл қашып жүрген. Кеңес өкіметіне бұрыннан қаны қас Д. Әбілқожаев Қарақұмда құпия түрде жасырынып жүріп өзінің маңайына Кеңес өкіметіне қас, қашқын, қарақшы элементтерді топтастырып, өздерінің алдына Кеңес өкіметінің заңына бағын-

бау, әскери есепке тұрмау, Қызыл Армия қатарына бармау, сөйтіп сатқыншылық жолға түсуді мақсат етіп қойған. Әбілқожаевтың осы қарақшылар тобына белсенді түрде қатысушылар — Сахиев Балабай, Досжанов Айнатай, Бақайдаров Шанбай, Ерәлиев Нарбай, Қарғабаев Асқар, Ізденбаев Тәшібай, Байкөбеков Асқар, Абдуллаев Сағила және олардың қатарына кейін қосылған бұрынғы байлар — Аманбаев Сәрсен, Тілеуов Нысанғали және Қызыл Армиядан қашқан Бармақов Ыдырыс бар.

Д. Әбілқожаев фашистік Германияны жақтап, Кеңес өкіметіне қарсы жеңіліс үгітін таратып, ашықтан-ашық Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліске шақырған. Жоғарыда аттары аталған адамдар Кеңес үкіметіне қарсы ұйымға кіріп, қарақшылықпен айналысуға келіскен. Бұл үшін олардың барлығы мылтықпен, оқ-дәрімен қаруланып, дүрбі, ат тауып мінген. Кеңес өкіметінің өкілдері ұстаған жағдайда оларға қарулы күш көрсетуге өзара келіскен.

Олардың әрқайсысымен қылмыстық әрекеттері төмендегідей болған:

а) 1942 жылдың қазан айында Қарақұмға көшірілетін малдың жолын анықтау үшін Қармақшы аудандық партия комитетінің хатшысы Кривошей жолдас басқарған беделді комиссия Қарақұмға шығады. Әбілқожаев пен Сахиев басқарған Қарақшылар «Сайқұдық» деген жерде Халық депутаттары Жалағаш аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Күлкенов жолдас басқарған осы беделді комиссияның мүшелерінің бір тобын тұтқынға алып, бір тәулік ұстаған;

ә) 1942 жылдың 29 желтоқсанында қарақшылар Аманбаев Сәрсен, Тілеуов Нысанғали және Досжанов Айнатай қарақшы Сахиев Балабайдың басшылығымен (қарамағында 6 қарақшы болған) Арал ауданының «Көгерту» колхозына қарақшылық шабуыл жасаған. Төрт мылтықтан оқ атып, колхоз малының бақташысы Қоңыратбаев Әлмағамбетті тұтқынға алып, колхоздың 3 жарамды түйесін Қарақұмға айдап әкеткен, бірнеше күннен кейін бақташы Қоңыратбаевты босатып жіберген;

б) Қарақшылар Бекайдаров Шанбай, Ерәлиев Нарбай, Қарғабаев Асқар, Байкөбеков Асқар және Абдуллаев Сағила Отан соғысының басынан Қызыл Армия қатарына шақырылудан қашып, Қарақұмға барып тығылып, Әбілқожаевтың қарулы қарақшылар тобына қосылған. Олар қаружарақпен қаруланып, өздерін Кеңес өкіметінің өкілдері ұстаған жағдайда қарумен күш көрсетуге дайындалған, сөйтіп сатқындық жолға түскен. Осы қарақшылар тобына 1941 жылғы қазан айында Жалағаш ауданының «Бірлік» колхозының мүшесі Ізденбаев Тәшібай қосылған. Оған колхоздың малын Қарақұмға жайылымға шығару тапсырылған, ал ол Қарақұмда қарақшы Әбілқожаевтың малымен қосылып кеткен;

в) 1942 жылдың желтоқсан айының бас жағында Қарақұмның «Бөрі ойнақ» деген жерінде өкімет органының өкілдері қарақшыларды ұстауға әрекет жасағанда Әбілқожаев Дәнейқожа, Сахиев Балабай, Досжанов Айнатай, Ерәлиев Нарбай, Қарғабаев Асқар және Абдуллаев Сағила оларға қарсы қарулы күш көрсетіп, мылтықтан оқ атып, бір тәулікке дейін қарсыласқан. Сол кезде Қызыл Армиядан қашқан Бармақов Ыдырыс оларға қосылып, ол өзінің сатқыншылығын көрсеткен.

Міне осы айыптаулар негізінде жоғарыда аттары аталған 12 қылмыскерлер Қызылорда облыстық ОББ УНКД-ның 1942 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б», 58 10 ч 2, 11, 59 бабының 3, 193 бабының 10 «а» тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық сотының 1943 жылғы 18 наурыздағы сот мәжілісі алдындағы дайындық протоколымен ҚК 59-3 және 193-10 «а» баптарын қалдырып, ҚК 58-1 «б», 58-10-ч 2, 58-11 баптарын дұрыс тағылмағандықтан қысқартып, істі сотқа қарауға жіберген.

Қызылорда облыстық соты қылмыстық істер қарайтын коллегиясының 1943 жылғы 6-7 сәуірдегі үкімімен:

— Әбілқожаев Дәнейқожа, Сахиев Балабай, Досжанов Айнатай — ең жоғары қылмыстық жаза — атуға, мал-мүлкі тәркіленуге сотталған;

Аманбаев Сәрсен, Тілеуов Нысанғали — әрқайсысы 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 5 жылдан сайлау-сайлану құқығынан айыруға, өздеріне тиісті мал-мүліктерін тәркілеуге сотталған;

— Бекайдаров Шанбай, Ерәлиев Нарбай, Қарғабаев Асқар, Абдуллаев Сағида, Бармақов Ыдырыс — әрқайсысы 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. УПК ескертуіне лайық бұлар жөнінде, яғни Бекайдаров, Ерәлиев, Қарғабаев, Абдуллаев, Бармақов жөндерінде сот үкімін орындауды тоқтатып, Қызылорда КӘК арқылы әскер қатарына жіберуге деп санаған.

— Айыпкер Байкөбеков Асқардың қылмыстық әрекетін ҚК 59-3 бабынан сол заңның 59-6 бабына аударып, 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

— Қызылорда облыстық соты қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 3 сәуірдегі ұйғаруымен, Ізденбаев Тәшібайдың Қармақшы ауруханасында өкпе ауруынан 1943 жылғы 13 наурызда қайтыс болуына байланысты, Ізденбаев Тәшібай жөніндегі қылмыстық іс өндірістен тоқтатылған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты қылмыстық істер қарайтын коллегиясының 1943 жылғы 28 мамырдағы ұйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының 1943 жылғы 6-7 сәуірдегі үкімін негізінде күшінде қалдырып, сотталушы Сахиев Балабай, Досжанов Айнатай жөніндегі ату жазасын 10 жыл еркінен айыруға, 5 жылдан сайлау-сайлану құқығынан айыруға, сотталушылардың өздеріне тиісті малмүлкін ғана тәркілеуге сотталған. Облыстық сот үкімін Байкөбеков жөнінде бұзып, істі мүлдем қысқартуға, Байкөбеков Асқарды тұтқыннан босатуға, басқа сотталушылар жөніндегі үкімді

күшінде қалдырып, шағымдарын нәтижесіз қалдыруға үйғарылған.
СССР Жоғарғы соты қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 28 тамыздағы үйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының 1943 жылғы 6-7 сәуірдегі үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы соты қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 28 мамырдағы Әбілқожаев Дәнейқожа жөніндегі үйғаруы бүзылып, Әбілқожаевтың ату жазасын 10 жыл бас бостандығы еркінен айыру мен 5 жыл сайлау-сайлану құқығынан айыруға, сотталушының өзіне ғана тиісті мал-мүлкін тәркілеуге үйғарылған.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бөлімінің 1995 жылғы 1 желтоқсандағы қорытындысымен: Әбілқожаев Дәнейқожа, Сахиев Балабай, Досжанов Айнатай, Аманбаев Сәрсен, Тілеуов Нысанғали, Бекайдаров Шанбай, Ерәлиев Нарбай, Қарғабаев Асқар, Абдуллаев Сағида, Бармақов Ыдырыс, Байкөбеков Асқар — Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде толық ақталған.

## 1943 жылы

### I

**ҚАЗАНҒАПОВ** Жақан — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, № 19 ауылда 1895 жылы туған, конфискаланған ірі бай, Қарақұм байлар-қарақшылар көтерілісіне белсене қатысқаны үшін 5 рет НКВД арқылы тұтқынға алынған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Қармақшы ауданының № 8 ауылы, «Оян» колхозында тұрған, колхоздың азық-түлік қоймасының күзетшісі болып жұмыс істеген, әйелі — Әниша, баласы — Қоңыр, қыздары — Қанышкүл, Айнакүл, інілері — Жүсіпбек, Ырсымбек;
**ҚАЗАНҚАПОВ** Жүсіпбек — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, № 19 ауылда 1904 жылы туған, кейін Қармақшы ауданының «Оян» колхозында тұрған, конфискаланған ірі бай, Қарақұм байлар-қарақшыларының көтерілісіне қатысқан, қуғын-сүргіннен Өзбекстанға қашып кеткен, шала сауатты, партияда жоқ, колхозда бригадир болып жұмыс істеген, әйелі — Үрсұлу, қызы — Марфу, ұлы — Есенбек, ағасы — Жақан;
**ҚАЗАНҚАПОВ** Ырсымбек (Рысанбек)— Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, № 19 ауылда 1900 жылы туған, кейін Қармақшы ауданының «Оян» колхозында тұрған, ірі байдың баласы, өзі де бай болған, Қарақұм байлар-қарақшыларының көтерілісіне белсене қатысқаны үшін 10 жылға сотталған, жаза мерзімін өтеп шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, үйленбеген;
**СЕРІКБАЕВ** Әлібек — Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, № 19 ауылда 1897 жылы туған, кейін Қармақшы ауданының «Оян» колхозында тұрған, байдың баласы, әкесі 1930 жылы Қарақұмдағы байлар-қарақшылар көтерілісіне белсене қатысқан, сол көтерілісте өлген, шала сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, әйелі — Сұлу, баласы — Мұхамбетжан, қызы — Фатима;
**ӨМІРОВ** Тоқсанбай — Қармақшы ауданының № 8 ауылы, «Оян» колхозында 1898 жылы туған, конфискаланған байдың баласы, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алғанға дейін «Оян» колхозы төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, бұрын кеңес өкіметіне қарсы әрекеттері үшін НКВД органы арқылы тұтқынға алынып, сотталған. Әйелі — Мұнай, балалары — Мұхтар, Ақтай.
Қармақшы ауданының «Оян» колхозында 1942 жылдан маусым айынан бастап контрреволюциялық байлар тобы өмір сүрген. Кеңес өкіметіне қарсы болған бұл байлар тобы колхоз тұрғындарының арасында үнемі ұйымдасқан түрде үгіт жүргізген. Бұрынғы байлардан және 1930 жылы Қарақұмда кеңес өкіметіне қарсы күрескен қарақшылардан Қазанқаповтардан, Өміров пен Серікбаевтардан құралған бұл топ кеңес өкіметіне, колхоз құрылысына қарсы күрескен. Олар өздерінің контрреволюциялық әрекеттерін ұйымдасқан түрде Өміров Тоқсанбайдың тікелей басшылығымен жүргізген. Бұл байлар колхоз тұрғындарының арасында жүргізген контрреволюциялық үгіттерінде коммунистік партия мен кеңес өкіметінің адресіне жауыздық пікірлер айтып, Кеңес Одағындағы түрмысқа жала жапқан. Олар фашистік Германияны мадақтап, Гитлердің келуін күткен және бұл соғыста неміс армиясы сөзсіз жеңеді, Кеңес Одағы жеңіледі-міс деп сәуегейлік сөздер айтқан. Кеңес Одағының Информбюросына жала жапқан. Колхозшыларды Қызыл Армия қатарына бармауға және Кеңес Одағын қорғамауға үгіттеген.
Топқа қатысушылар колхоздың барлық басшылық жұмысына топ мүшелерін ұсынып, орналастырған. Кеңес өкіметіне қарсы жеңілістік сипаттағы үгітті жүргізу жолымен колхозшыларды кеңес өкіметіне қарсы бағыттаған. 1942 жылдың 5 қыркүйегінде Өміров Тоқсанбайдың үйінде топқа қатысушылардың жиыны өткізіліп, онда олар колхоздың астығы мен малын үнемі талан-таражға салуды, колхозды құлатуды талқылаған.
Өміров колхозшы Егізбаевтың үйінде (1942 жылғы 12 шілдеде) кеңес еліндегі өмірге өзінің риза еместігін, немістердің тезірек келуін қалаған сөздер айтқан. Өміров 1941 жылдың аяғында «Оян» колхозының конторасында колхозшыларды Қызыл Армияға жылы киімдер жинап бермеңдер деп үгіттеген.
1942 жылдың 10 қыркүйегінде топқа қатысушылар Қазанқапов Жақанның үйінде екінші жасырын жиын өткізіп, онда соғыс туралы мәселе талқылаған, Қазанқапов Жақан Германияны мадақтап, «Германия дүние жүзіндегі ең күшті және жеңілмейтін ел» деген. Қазанқапов Жақанның бұл сөзін Жүсіпбек және Ырсымбек Қазанқаповтар толық қолдаған. Өміров пен Серікбаев осы жиында фашистік Германияны мадақтап, бұл соғыста Германия сөзсіз жеңеді деген.
1942 жылдың 19 қыркүйегінде үшінші жасырын жиын өткізіліп, онда тағы да соғыс мәселесі сөз болған.

Осы қылмыстары үшін бұл 5 адамдық топ Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1943 жылғы 1 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, Өміров Тоқсанбайға, Жақан, Жүсіпбек, Ырсымбек Қазанқаповтарға РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімі, 58-11 баппен, Серікбаев Әлібекке — ҚК 58 баптың 10 тармағының 2 бөлімімен және 93 баптың 7 тармағының 11 бөлімімен айыптар тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1943 жылдың 26 ақпанында біткен, айыптау қорытындысы 28 ақпанда шығарылған. Облыстық прокурор орынбасарының 1943 жылғы 16 наурыздағы қорытындысымен айыптау қорытындысы бекітіліп, іс облыстық соттың қарауына жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 25—26 мамырдағы үйғаруымен істі қайта тергеуге облыстық прокуратураға жіберген.

Қайта тергеу ісі 1943 жылдың 3 тамызында бітіп, істі облыстық соттың қарауына жіберген.

Қызылорда облыстық соттың қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 18 қыркүйектегі үкімімен:

— айыпкерлер Өміров Тоқсанбай, Қазанқапов Жақан, Қазанқапов Жүсіпбек, Қазанқапов Ырсымбектерді РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен және 58 бабының 11 тармағымен айыпты деп тауып, әрқайсысы —10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, сайлау-сайлану құқығын әрқайсысында 3 жылға жоюға, өздеріне тиісті мал-мүліктерін конфискалауға;

— айыпкер Серікбаев Әлібекті ҚК 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен және 58 бабының 11 тармағымен айыптап, 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, сайлау-сайлану құқығын 5 жылға жоюға, сол заңның 49 бабына сәйкес ақырғы өтейтін жазасын 10 жыл деп есептеуге, оның өзіне тиісті мал-мүлкін конфискалауға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 2 қазандағы үйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының 1943 жылғы 13 қыркүйектегі үкімі күшінде қалдырылған, олардың шағымдары аяқсыз қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен, Қызылорда облыстық сотының 1943 жылғы 13 қыркүйектегі Өміров Тоқсанбай, Қазанқапов Жақан, Қазанқапов Жүсіпбек, Қазанқапов Ырсымбек және Серікбаев Әлібек жөніндегі үкімі мен Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 2 қазандағы үйғаруы бұзылып, олардың әрекетінде қылмыстардың сипаты болмағандықтан, іс қысқартылған. Ә. Серікбаевтың ісі жөніндегі үкімнің қалған жағы өзгеріссіз қалдырылған.

Қазақ ССР прокурорының орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

## II

**ТЫНЫМБАЕВ** Омар — Қармақшы ауданының № 1 ауылында 1905 жылы туған, кейін Қармақшы қыстағы, Бойнинская көшесі, № 28 үйде тұрған, шала сауатты, 1939 жылдан БКП(б) мүшесі, қызметкер, аудандық мал дайындау мекемесінің басқарушысы болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, әйелі — Ақшай, қызы — Рахила, ұлы — Шәмші;

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Байғара — Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1913 жылы туған, ірі байдың баласы, шала сауатты, БЛКЖО мүшесі болған, аудандық мал дайындау мекемесінде база меңгерушісі болып жұмыс істеген. Сүлейменов Байғара 1941 жылдың тамызында әскер қатарына алынып, Отан соғысына қатысқан, 1941 жылдың желтоқсан айында Калинин майданында оң қолынан жарақат алып, Владимир, Сызрань қалаларындағы госпитальдарда емделген, Қармақшы ауданына 1942 жылдың 6 тамызында қайтып оралған. Бұрын сотталмаған. Әйелі — Қаншай, қызы — Лида, туысы — Сүлейменов Қуат, Муса.

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Қуат — Қармақшы ауданының № 9 ауылында 1888 жылы туған, негізі бай, өзі де бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, аудандық мал дайындау мекемесінде бақташы болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, әйелі — Қали, баласы — Нұғыман, туыстары — Байғара, Муса;

**КЕНЖЕБАЕВ** Алдоңғар — Қармақшы ауданының № 2 ауылында 1903 жылы туған, негізі бай, шала сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы Қарақұмда қарақшылардың көтерілісіне қатысқаны үшін 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, лагерьден 1934 жылы босанып шыққан, ауылға қайтып келгеннен кейін Қармақшы аудандық мал дайындау мекемесінде бригадир болып жұмыс істеген. Әйелі — Жәміш, баласы — Алдаберген, інісі — Кенжебаев Жақсылық;

**ҚУАТОВ** Нұғыман — Қармақшы ауданының № 14 ауылында 1915 жылы туған, кедей-шаруадан шыққан, білімі 3 класс, партияда жоқ, аудандық май дайындау мекемесінде учаскелік май жинаушы болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, 1937 жылдан 1939 жылға дейін әскер қатарында болған, әйелі — Шерат, қызы — Ақшырын, ұлы — Жаппасбай.

Бұл байлар тобы контрреволюциялық Қарақұм қарақшыларының қарулы көтерілісіне қатысқан. Бұл топ кеңес өкіметіне жауыздық пиғылда болып, фашистік Германиямен соғыста СССР-дің құлауын күткен. Осы жағдайда олар Қармақшы аудандық мал дайындау системасында мемлекет малын талан-таражға салу жолымен ұйымдасқан түрде кеңес өкіметіне қарсы жауыздық-жыртқыштық жұмыстар жүргізуге өзара келіскен. Осы топқа қатысушылардың ұйымдасқан түрде малды таланға салу әдісінің бірі — өздері үшін және жақын-жуықтары үшін ірі қараны майда ұсақ малдарға айырбастап алу болған. Сонымен бірге топқа қатысушылар мемлекет малын үнемі сойып, етін өзара бөлісіп алып отырған. Өздерінің қылмыстарының ізін

жасыру мақсатында аудандық мал дайындау мекемесінде ұрғашы малдардың төліне ешқандай есеп жүргізбеген.

Аудандық мал дайындау конторасында қаржы жұмысы бетімен жіберілген, кіріс-шығыс документтер, есеп-қисап жұмысы әдейі шатастырылған. 1942 жылы колхоздардың және жекелерден мемлекетке ет тапсыру есебінен 1348 ірі қара, 4781 бас майда мал, 1943 жылы 926 ірі қара, 616 майда мал түскен, одан осы мерзім ішінде тек ғана 5 ірі қара, 1 бас майда мал кіріске алынған. Сөйтіп көптеген нақты алынған мал және төлдер есепке алынбаған, өздері талан-таражға салып, ішіп-жеген.

Осы топқа қатысушылар ұйымдасқан түрде жыртқыштық-жауыздық жұмыстарының салдарынан 1942—1943 жылдары жүргізілген арнайы тексеру жұмысының нәтижесінде 1943 жылдың 1 маусымына аудандық мал дайындау системасында 40 бас ірі қара, 81 бас майда мал кем шыққан. Одан басқа аудандық мал дайындау мекемесінің бұрынғы бастығы және Тынымбаев арқылы колхоздарға және жеке адамдарға заңсыз тілхат алып таратып берген. Бұл топқа қатысушылар жұртшылық арасында үнемі кеңес өкіметіне қарсы фашистік, жеңілістік үгіт таратқан, бір-бірінің үйлеріне жиналып, мемлекет малын ұйымдасқан түрде талан-таражға салу мәселесін талқылайтың болған. Осындай жиындардың бірінде Тынымбаев Омар осы топқа қатысушыларға соғыс уақытын пайдаланып, малдарды талан-таражға салуға тапсырма берген. Сонымен бірге ол былай деген: «Жақын арада Кеңес Одағы фашистік Германиядан жеңіледі, олардың қылмыстық жұмыстары ешкім арқылы тексерілмейді және жауапқа тартылмайды» Тынымбаевтың бұл тапсырмасын топқа қатысушылардың барлығы қолдаған.

Жоғарыда аттары аталған 5 адам осы қылмыстары үшін Қармақшы аудандық НКВД бөлімінің 1943 жылғы 17-18 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімшесі, 58 баптың 11 тармағы және 1932 жылғы 7 тамыздағы заңмен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу бітіп, айыптау қорытындысы 1943 жылдың 26 шілдесінде шығарылған.

Қызылорда облыстық соты көшпелі сессиясының 1943 жылғы 30 қараша және 1-3 желтоқсандағы үкімімен:

— айыпкерлер Сүлейменов Қуат, Кенжебаев Алдоңғар, Қуатов Нұғыман ҚК 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен айыпты деп тауып, әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға негізгі жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқығынан жоюға,

— Сүлейменов Байғара ҚК 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен 10 жылға, сол ҚК-ның 109 бабымен 3 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, ҚК 49 бабына сәйкес жазаның ауыры 10 жылды өтеуге, негізгі жазасын өтегеннен кейін 2 жылға саяси құқығын жоюға;

— Тынымбаев Омар ҚК 111 бабымен айыпталып, бір жыл еңбекпен түзеу жұмысына қосуға, айлық табысынан 20 процентін мемлекет пайдасына ұстауға сотталған. Бірақ алдын ала тергеуде қамауда отырған 3 ай 9 күнін әр күнін 3 күннен есептеп, берілген жазаны өтеді деп санаған.

— Айыпкерлер Сүлейменов Қуат, Сүлейменов Байғара, Кенжебаев Алдоңғар, Қуатов Нұғыман, Тынымбаев Омардан 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңмен тағылған айыптар дәлелденбегендіктен алынып тасталған;

Тынымбаев Омарды 58 баптың 10 тармағы, 2 бөлімімен айыпталған қылмыстың мойнына қойылмағандығынан, мүлдем ақталған, қамаудан босатылған.

— Сүлейменов Қуат, Кенжебаев Алдоңғар, Қуатов Нұғыман, Сүлейменов Байғаралардың өз бастарына тиісті мал-мүлкі конфискаланып, мемлекет пайдасына алуға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1944 жылғы 1 ақпандағы ұйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған, сотталушылардың шағым арыздары нәтижесіз қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумының 1989 жылғы 1 қыркүйектегі қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1943 жылғы 1-3 желтоқсандағы үкімі, Қазақ ССР Жоғарғы соты қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1944 жылғы ақпандағы ұйғаруын Сүлейменов Қуат, Кенжебаев Алдоңғар, Қуатов Нұғыман жөнінде толықтай бұзуға, аталған сот қаулыларын Сүлейменов Байғара жөнінде РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімі бойынша бұзып, олар жөнінде қылмыстық істі мүлдем өндірістен қысқартқан. Аталған сот қаулыларындағы Сүлейменов Байғараны Қазақ ССР ҚК 109 бабымен 3 жылға бас бостандығы еркінен айыру жөнінде өзгеріссіз қалдырылған.

Қазақ ССР прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

## 1950 жылы

### I

**ҚАРАКЕНЕЕВ** Дастан — Қармақшы ауданының № 9 ауылы, «Ақбел» колхозында 1909 жылы туған, әлеуметтік негізі кедей-шаруа, білімі орта, Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың бірінші курсын бітірген, 1938 жылдан 1942 жылға дейін БКП(б) мүшесі болған, партия қатарынан шығарылған, Ленин сельпосында экспедитор болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, қамауға аларда Чкалов атындағы колхозда тұрған. Әйелі — Балдақ, ұлы Әшірбек, қызы — Айымкамал.

**ДОСАНОВ** Аймахан — № 9 ауыл, «Ақбел» колхозында 1892 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, бұрын БКП(б) мүшесі болған, партия қатарынан шығарылған, Ленин сельпо-

сы төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған. Әйелі — Рахима, балалары — Рыскүл, Шәріпкүл, Бақытбек, Тұрақ.

**ОҢАЛБАЕВ** Баймағамбет — Қармақшы ауданының № 8 далакөл ауылдық кеңесі, Сталин атындағы колхозда 1911 жылы туған, негізі кедей шаруа, білімі арнаулы орта, Қызылорда педагогикалық училищесін бітірген, мамандығы мұғалім, партияда жоқ, Қармақшы аудандық мал терітерсегін жинайтын («райживсырье») конторасында тері жинаушы болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, әйелі — Зәйпін, балалары — Какфон, Камал, Жамал.

Қаракенеев Дастан — Кеңес Армиясының қатарында, 8 дивизия, 7 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде ұлы Отан соғысына қатысып, 1942 жылдың қараша айының 11 күні Смоленск бағытында немістердің тұтқынына түскен. Тұтқында 1944 жылдың сәуір айына дейін кеңес әскерлерінің тұтқындарының лагерінде болған кезінде Гестапо органының бірнеше рет тергеуінде болған. 1944 жылдың тамыз айында Францияның территориясында неміс тұтқынынан Американың және Францияның әскерлері арқылы босанған. Ал 1945 жылы Француз өкіметі арқылы Кеңес өкіметінің командованиесіне берілген.

Досанов Аймахан болса, ол 1933 жылғы 16 наурызда колхоз мүлкін ішіп-жеп қойғаны үшін 1932 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес, 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған. Ол Коми АССР, Железнодорожный поселкасы, Севжелдерлагтен 1943 жылғы 16 наурызда жазасын толық өтеп шыққан.

Оңалбаев Баймағамбет — халық жауының туысы, 1942 жылдан 1945 жылға дейін немістердің тұтқынында болған, сол уақыттың ішінде Кеңес әскерлері тұтқындарының лагерінде болған. 1945 жылғы сәуір айында Германия территориясында неміс тұтқынынан Америка әскерлері арқылы босанып шығып, кейін Кеңес Үкіметінің командованиесіне берілген.

Каракенеев Дастан Ұлы Отан соғысынан кейін Қармақшы ауданына келіп, Досанов Аймаханмен қылмыстық байланысқа кіріскен, сонымен бірге Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдасқан жұмыстар жүргізген:

— руластық топтар құрған;

— партия органдарының қаулыларына ашықтан-ашық қарсы шыққан;

— Англия мен Американың тұрмысы мен техникасын мақтаған;

— алдағы уақытта тағы да сөзсіз соғыс болады, ол соғыста Кеңес одағы жеңіледі— деп сәуегейлік сөздер айтқан.

Мәселен, 1949 жылдың қазан айында астық қабылдау пунктінен «Ақбел» колхозынан қайтып келе жатқанда жолшыбай Қаракенеев Бәжімовқа өзінің немістердің және американдықтардың тұтқынында болғанын айтып, Америкадағы тұрмыс пен техниканы мақтаған. Американдықтардың техникасын Қаракенеев 1950 жылдың сәуір айында Досановпен бірге Қармақшы поселкасында бір танысының үйінде отырғанда мақтаған және тағы да сөзсіз соғыс болады, ол соғыста Кеңес Одағы сөзсіз жеңіледі деген. Бұл сөзін Досанов қостаған.

1950 жылдың мамыр айында Қармақшы поселкасында Тұңғышбаевтың үйінде Қаракенеев Кеңес Одағындағы халықтардың тұрмысын жамандап, Кеңес Одағындағы халықтар Америка мен Англиядағы халықтардан нашар тұрады деген.

1950 жылдың маусым айында Қаракенеев Оңалбаевпен бірге «Бозарық» колхозында Аяғановтың үйінде дәл жаңағыдай сөздер айтқан. Оны Оңалбаев қостаған.

1950 жылғы қаңтар айында Қаракенеев «Ақбел» колхозының есепшісі Қожаназаровтың үйінде Досанов Аймаханның «Ақбел» колхозының есеп беру-сайлау жиналысында партия органдарының қаулыларына қарсы шығып сөйлегенде оны қуаттамадыңдар деп Бекәлиев пен Тәжібаевқа кінә таққан.

1950 жылдың мамыр айында Досанов ұлды болғаны үшін отырыс жасаған. Қонаққа Қаракенеев шақырылған, ол ішіп отырып халық жауларын еске алып, оларды мақтаған. 1950 жылдың тамыз айында Қаракенеев Қасанов Шаймерденнің үйінде қонақта отырып, тағы да халық жауларын еске алып, оларды қазақ халқының «адал жандары», «алдыңғы қатарлы, ақылды адамдары» деп мақтаған. 1950 жылдың тамыз айында «Ақбел» колхозының бригадирі Құлбарақовтың үйінде Қаракенеев және Досанов бір-бірін қоштап, «өкімет колхозшылардың барлық астығын алып қойып, оларды аш қалдырады» деген.

Досанов Аймахан болса, ол 1950 жылдың қаңтар айында Қармақшы аудандық партия комитетінің «Ақбел» колхозының төрағалығына ұсынған Бәжімовке қарсы руластық топ ұйымдастырған, колхоздың есеп беру-сайлау жиналысы кезінде Досанов өзінің туыстарымен бірге аудандық партия комитетінің қаулысына қарсы шығып, жалпы партияның беделін түсірген.

1950 жылдың сәуір айында Досанов Қармақшы поселкасындағы танысының үйінде отырғанда өзінің Кеңес өкіметіне жауыздықпен қарайтынын айтып, қазақ халқының Октябрь революциясына дейінгі тұрмыс-салтын мақтаған, Досановты Қаракенеев қоштаған.

1950 жылдың мамыр айында Досановтың үйінде қонақтар арақ ішіп отырғанда ол қонақтарға ең әуелі колхозшылардың жеке огороды суарылсын, ал колхоздың егісі қурап қалсын деген. Қаракенеев Досановты қоштаған. Халық жауларын еске алып, Досанов сол үшін тост көтерген.

Оңалбаев Баймағамбет болса, ол ұлы Отан соғысынан кейін Қармақшы ауданына келіп, Қаракенеевпен және Досановпен сыбайласып, олардың Кеңес өкіметіне қарсы жауыздық қатынасын бөліскен, кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. 1949 жылдың ақпан айында «Оян» колхозының мүшесі Мамырбаевтың үйінде Оңалбаев Франция мен Түркияның экономикасын, мәдениетін және техникасын мақтаған, өзінің Кеңес өкіметінің саясатына жауыздықпен қарайтынын айтқан. 1950 жылдың маусым айында Оңалбаев Қаракенеевпен бірге «Бозарық» кол-

хозында Аяғановтың үйінде Оңалбаев Қаракенеевтің Кеңес өкіметіне қарсы сөйлеген сөзін қолдап былай деген: «Қазір егістікке жаңа техникалық дақыл — кендір егісі өндірілді, ол колхозшыларға пайда келтірмейді, осы егістікпен Кеңес өкіметі халықты қанағысы келіп отыр» деген. Оңалбаев өзінің Кеңес өкіметін көре алмайтынын 1949 жылғы қазан айында айтқан болатын. Қармақшы ауданының «Шіленгүл» деген жерінде ол колхозшыларға кеңес өкіметі тұсында әділеттілік жоқ, кеңес өкіметі халықты алдайды, өкімет колхозшылардың барлық астығын алып қояды, сөйтіп колхозшыларды аш қалдырады» деген сөздер айтқан. Ол тағы да былай деген: «колхоз халық үшін бақытсыздық, колхозшылар капиталистік елдегі малдан да нашар тұрады».

Осы қылмыстары үшін Қаракенеев Дастан, Досанов Аймахан, Оңалбаев Баймағамбет Қызылорда облыстық МГБ басқармасының 1950 ылғы 17 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, Қаракенеев Дастан мен Досанов Аймаханға РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 1 бөлімімен және 58 баптың 11 тармағымен, Оңалбаев Баймағамбетке ҚК 58 бабының 10 тармағы бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1950 жылдың 18 желтоқсанында аяқталған, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған. Оны Қызылорда облыстық МГБ басқармасының бастығы және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісінің 1951 жылғы 4 қаңтардағы ұйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 17—18 қаңтардағы үкімімен:

— Қаракенеев Дастан, Досанов Аймахан — әрқайсысы 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқығынан айыруға;

— Оңалбаев Баймағамбет — 7 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, негізгі жазасын өтеп болғаннан кейін Қармақшы ауданында 3 жылға дейін түрмау шартымен жер аударуға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1951 жылғы 28 ақпандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1951 жылғы 18 қаңтардағы үкімін негізінде күшінде қалдырып, Қаракенеев пен Досановтың айыбынан ҚК 58 бабының 11 тармағы шығарылып тасталған. Бұлардың шағымдары нәтижесіз қалдырылған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты президиумының 1954 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен Қаракенеев Дастан, Досанов Аймахан, Оңалбаев Баймағамбеттің ісі бойынша үкім мен ұйғаруды өзгертіп, олардың жазасын 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға түсіру және 1953 жылғы 27 наурыздағы «Амнистия туралы» жарлық негізінде, жазаларын өтемей, қамаудан босатылған. Құқығын жою және жер аудару үкімнен алынып тасталған. Олар сотталмаған деп есептелген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бөлім бастығының 1993 жылғы 28 қазандағы қорытындысымен — Қаракенеев Дастан, Досанов Аймахан, Оңалбаев Баймағамбет — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

**Істегі француз тілінен аударылған құжаттан:**

*Франция Республикасы, департамент ДИ №* ОЯД

Территориальная зона Мабеж
Ц. О. Б. 401, бюро по размещению.

УДОСТОВЕРЕНИЕ

Нижеподписавшийся, командир (комендант) сектора Французских Внутренних сил удостоверяет, что поименованный Каракенеев Дастан, русской национальности, пленный немцами, был освобожден Французскими внутренними силами 22 августа 1944 года, и принимал участие в действиях Французских Внутренних сил против немцев с 22 августа 1944 года по 15 ноябрь 1944 года.

Мабеж, 14 февраля 1945 года
Капитан — майор гарнизона
Корню... (Неразборчиво).

Печать
Мабеж, бюро по размещению
Внутр. командир (комендант).

*«Боздақтар» редакциясынан:*
Ұлы Отан соғысында жауға еріксіз тұтқын болып, сол үшін кейін сол жауға Француз әскерлерімен тізе қоса отырып соққы берген Қаракенеев Дастанның бұл архивтік құжатын облыстық ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінен тауып, соны жұртшылық назарына ұсынуды жөн көрдік.

**1951 жылы**

**I**

АЛИСУЛТАНОВ Абубакир — родился в 1891 году в селе Автури, Шалинского района, Чечено-Ингушской АССР, до ареста проживал на территории Кармакчинского района.

БАЙСУГУРОВ Абдрашит — родился 1890 году в селе Автури, Шалинского района, Чечено-Ингушской АССР, до ареста проживал на территории Кармакчинского района.

КУДИЕВ Абаз — родился в 1904 году в селе Автури, Чечено-Ингушской АССР, до ареста проживал на территории Кармакчинского района.

ДАУРБЕКОВ Магомед — родился в 1905 году в селе Автури, Чечено-Ингушской АССР, до ареста проживал на территории Кармакчинского района.

УРУСБАЕВ Усман — родился в 1881 году в селе Автури, Шалинского района, Чечено-Ингушской АССР, до ареста проживал на территории Кармакчинского района.

Эти 5 граждане Чечено-Ингушетии, проживающие на территории района, арестованы 21 ав-

густа 1951 года постановлением УМГБ по Кзыл-Ординской области. Против них возбуждено уголовное дело по ст. 58-10, 58-11 УК РСФСР. Приговором судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского областного суда от 10 декабря 1951 года Алисултанова Абубакира, Байсугурова Абдрашита, Кудиева Абаза, Даурбекова Магомеда и Урусбаева Усмана на основании ст. 58-10 часть 2, 58-11 УК РСФСР осудили к 25 годам заключения ИТЛ с последующим поражением избирательных прав сроком на 5 лет и с конфискацией всего имущества каждого. Определением судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 15 января 1952 года приговор Кзыл-Ординского областного суда оставлен в силе.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда СССР от 2 марта 1955 года приговор Кзыл-Ординского областного суда и определение Верховного суда в отношении выше названных лиц отменены, дело производством прекращено за отсутствием состава преступления в их действиях освобождены, из-под ареста.

# ТЕРЕҢӨЗЕК АУДАНЫ БОЙЫНША

## 1930 жылы

### I

**ҮМБЕТОВ** Палау — Аламесек (қазіргі Тереңөзек) ауданы, №1 ауылда 1892 жылы туған, бай болған, қамауға алғанға дейін аталған ауылда тұрған.

**ЖЫЛҚЫБАЕВ** Сүндет — Аламесек ауданы, №1 ауылда 1880 жылы туған, бай болған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған;

**ӘЛІМБАЕВ** Әбіш — Қазалы ауданы, №7 ауылда 1893 жылы туған, орта шаруа, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған;

**МАМЫРОВ** Қауынбай — Қазалы ауданы, №7 ауылда 1874 жылы туған, орта шаруа, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған;

**ШАЛБАЕВ** Қойлыбай — Қазалы ауданы, №8 ауылда 1905 жылы туған, кедей шаруа, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған;

**НАРБАЕВ** Қалдыбай — Қармақшы ауданы, №10 ауылда 1874 жылы туған, кедей шаруа, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған.

Бұл 6 азаматқа: Қызылқұмдағы Ақмырза қарақшыларына өз еркімен барып қосылды, ол көтеріліске белсене қатысты. Қызылдарға қарсы өз каруларымен соғысты, ел арасында Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізді, ал Үмбетов Палау болса — ол Ақмырзаның бірінші көмекшісі болып, оның тапсырмасымен Аламесек ауданы мен соған көршілес жатқан аудандардың елді мекендеріне барып, Ақмырза қарақшыларына қосылуға үгіттеп, жұмыс жүргізді, бандыларды азық-түлікпен, қару-жарақпен жабдықтап отыруға белсене араласты, әрбір 5-6 күнде Ақмырзаға келіп, атқарылған жұмыстар жайлы баяндап отырды, қызыл отрядтар келісімен ауыл-ауылға өз адамдарын жіберіп, өзі де шығып, қызылдардан нанды, астықты, малды тығуды ескертті,— деген айыптар тағылды. ОГПУ Қызылорда бөлімінің, 1930 жылғы 1 қазандағы қаулысымен РСФСР ҚК 58, 59 баптарымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 19 қарашадағы қаулысымен: Үмбетов Палау, Жылқыбаев Сүндет — жазаның ең ауыры — атуға, Әдімбаев Әбіш, Мамыров Қауынбай, Шалбаев Қойлыбай — әрқайсысы 5 жылдан концлагерьге сотталған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1995 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысымен — бұл 6 азамат толық ақталған.

### II

**КІШКЕНЕБАЕВ** Қадыр — Тереңөзек ауданының №2 ауылында 1885 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын бай болған;

**ИМАНҚҰЛОВ** Молдахмет — Тереңөзек ауданының №2 ауылында 1882 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, молда-саудагер болған;

**ҚАЛҚАЕВ** Шоқай — Тереңөзек ауданының №2 ауылында 1852 жылы туған, арабша сауаты бар, партияда жоқ, молда болған;

**ШАҚАЕВ** Әшір — Тереңөзек ауданының №2 ауылында 1884 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, молда баласы, бай болған;

**ҚОЖБАНОВ** Шәріп — Тереңөзек ауданының №2 ауылында 1893 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бай болған;

**БЕКЕШЕВ** Жайтабар — Тереңөзек ауданының №2 ауылында 1896 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бай болған;

**КЕМБАЕВ** Алпысбай — Қармақшы ауданының №2 ауылында 1896 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бай болған;

**ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ** Ілияс — Тереңөзек ауданының №2 ауылында 1908 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, байдың баласы.

Бұл 8 азаматтың барлығы — кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтеріліске шыққан қылмыскерлер, кеңес үкіметі мен партияның ауыл шаруашылығын коллективтендіру, байларды тап ретінде жою шараларына қарсы шығып, оны жүзеге асырмау мақсатында күшті үгіт жүргізді, жұртшылықты ашаршылықпен қорқытып-үркітіп, бас сауғалап көшуге шақырған, Исламды қорғап қалу үшін қарақшылар тобын құруға әрекет жасаған, сөйтіп Қарақұмда қарақшылар тобы құрылып, кеңес үкіметіне қызылотрядтарға қарсы қолдарына қару алып көтеріліске шығады, елді мекендерді тонап, қарақшыларға қару-жарақпен, азық-түлікпен көмек көрсеткен,— деп айып тағылып, Тереңөзек ауданы бойынша ОГПУ өкілінің 1930 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-

ның 8 бабының 2 тармағымен, 59 бабының 3 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 25 ақпандағы қаулысымен — Кішкенебаев Қадыр, Иманқұлов Молдахмет, Қалқаев Шоқай, Шақаев Әшір, Қожбанов Шәріп, Бекешев Жайтабар, Кемелбаев Алпысбай, Құлмағамбетов Ілияс — ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, үкім осы жылғы наурыз айының 11 күні Қызылорда қаласында орындалған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі қортындысымен бұлардың барлығы толық ақталған.

III

**БАЙТАЛИЕВ** Әйтен — бұрынғы Аламесек, қазіргі Тереңөзек ауданының №12 ауылында 1886 жылы туған, руы «Сарықасқа», байдың баласы, патша үкіметінің тұсында 2 жыл ауыл старшинасы болған, сауатты, 1928 жылдың тамыз айынан БКП(б) мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін №12 ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған, сол ауылда тұрған, бұрын сотты болмаған, үйленген, екі баласы бар;

**САРЫСТЕКОВ** Есберген — бұрынғы Аламесек, қазіргі Тереңөзек ауданының №12 ауылында 1872 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, екі әйел алған, бұрын сотты болмаған.

Байталиев Әйтен мен Сарыстеков Есберген — Қарақұмдағы қарақшыларға үнемі көмек көрсетіп, оған арқа сүйеп келген. 1930 жылдың 15 қазан күні Байталиев Әйтеннің үйіне кеңес өкіметінің қуғынынан қашқан екі адам келген, олар Байталиевтің үйінде бірнеше күн болған, қарақшының біреуі Досжан дегенді Байталиев 6 түйеге астық артып Сарыстеков Есбергенге жіберген, ол жерден астықты дариядан өткізіп Қарақұмдағы қарақшыларға жіберген. Екінші қарақшы Байталиевтің үйінде 20 күндей жатып, оны Байталиев Сарыстековке жіберген, сол жерден әлгі қарақшы дариядан өтіп, қарақшыларға қашқан.

1930 жылдың 1 қараша күні Байталиевке Ақмырза көтерілісіне қатысқан А. Ақжановтың туысы, қашып кеткен қарақшы келген, ол үлкен киізге ораған бірнеше түйіндіні — қарақшыларға астық үшін айырбастауға әкелген. Екі күн өткеннен кейін түнде 12 түйеге артқан астық тиеліп, келген қарақшымен Сарыстеков Есбергенге жіберілген, ол жерден Қарақұмға жөнелтілген. Осы факті жөнінде №12 ауылдың тұрғыны милиция начальнигіне хабарлаған, ол жергілікті коммунарлардан отряд ұйымдастырып, оған керуен жүретін жолды білетін Байталиев кірген. Оны білген Байталиев Сарыстековке хабарлаған, ал өзі отрядты ертіп басқа жолмен кеткен, Сарыстеков астықты тығуға мүмкіншілік берген.

Ауылдық кеңесте жүрген барлық уақытында Байталиев пара алумен айналысқан. Байлардың мүліктерін ауыл шаруашылық салығынан сақтап қалғаны үшін Байталиев №12 ауылдың 5 байынан бір-бір аттан алған, бұл аттардың барлығын өзінің туысы Сарыстековке, одан Қарақұмға айдап жіберген.

Осы қылмыстары үшін Байталиев Әйтен мен Сарыстеков Есберген ОГПУ-дың Аламесек ауданындағы өкілінің 1930 жылғы 13 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 17-58 бабының 2 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 16 желтоқсанда шығарылған, оны ОГПУ-дың Шымкент Оперсекторының бастығы бекіткен.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен:— Байталиев Әйтен мен Сарыстеков Есберген жоғары қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған, мал-мүліктері конфискеленген.

Үкім 1931 жылғы 1 ақпанда Қызылорда қаласында орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жыл 29 маусымдағы қортындысымен Байталиев Әйтен мен Сарыстеков Есберген СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы қаңтардағы указы негізінде толық ақталған.

## 1931 жылы

I

**БАЙҚОЖАЕВ** Тапал — Аламесек (Тереңөзек) ауданы, №47 ауылда 1861 жылы туған, бай болған, 1928 жылы міндетті астық тапсыру міндеттемесін орындамағаны үшін екі рет сотты болған, сол жылы оның мал-мүлкі тәркіленіп, дауыс беру құқығынан айырылған;

**ТАПАЛОВ** Әбсахи — Аламесек ауданы, №47 ауылда 1886 жылы туған, Тапалдың баласы, 1931 жылы Қарақұмда ГПУ отрядтары арқылы ұсталып, 4 айдай түрмеде отырып шыққан;

Бұл 2 азаматқа: Кеңес өкіметінің қас жауы болғандықтан, көктемгі егіс науқанына зиянкестік жасап, жұртшылық арасында үгіт жүргізген, «өкімет бәрі-бір сендерден бар астықтарыңды тартып алады, салық салады, сендерді де тәркілеп, ауылдан қуады, онан да егін екпеңдер. Бізден барлық мал-мүлкімізді тартып алды, енді міне ашжалаңаш жүрміз, сендерге де осы күн туады» деп үгіттеген, ал Тапалов Әбсахи жұртшылыққа «кеңес үкіметі бізді тәркілегені үшін кек аламыз» деп жариялаған,— деген айыптар тағып, ОГПУ Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1931 жылғы 19 мамырдағы қаулысымен Байқожаев Тапал, Тапалов Әбсахиды тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен және 59 бабының 3 тармағымен қылмыстық іс қозғаған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1932 жылғы 21 ақпандағы қорытындысымен Байқожаев Тапал, Тапалов Әбсахидың үстінен қозғалған іс қысқартылып, оларды байлар тізіміне тіркеп, от басы мүшелерімен бірге аудан территориясынан басқа жаққа қоныс аударуға шешім қабылдаған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен Байқожаев Тапал, Тапалов Әбсахи КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

**1933 жылы**

I

**НҰРМАХАНОВ** Жәбен — Тереңөзек ауданы, №29 ауылда 1908 жылы туған, №53 ауыл, «Еңбек» колхозында астық қоймасының меңгерушісі, сауаты бар, партияда жоқ;
**ОСПАНОВ** Аймахан — сонда 1904 жылы туған, №53 ауыл, «Еңбек» колхозында басқарма төрағасы, БКП(б) мүшесі, сауатты;
**ЖӘРМЕНОВ** Тұяқбай — сонда 1901 жылы туған, №53 ауыл, «Еңбек» колхозында колхозшы, сауаты бар, партияда жоқ;
**ОРЫНБАЕВ** Омар — сонда 1899 жылы туған, №53 ауыл, «Еңбек» колхозында колхозшы, сауаты бар, партияда жоқ;
**СӘРСЕНБАЕВ** Дүйсенбай — сонда 1900 жылы туған, №53 ауыл, «Еңбек» колхозында колхозшы, сауаты бар, партияда жоқ;
**ТОРЫМБЕТОВ** Кемел — сонда 1905 жылы туған, № 53 ауыл, «Еңбек» колхозында колхозшы, сауаты бар, партияда жоқ;
**АЯПОВ** Әлжан — сонда 1893 жылы туған, № 53 ауыл, «Еңбек» колхозында колхозшы, сауаты бар, партияда жоқ;
**МАХАМБЕТОВ** Әуезбай — сонда 1891 жылы туған, № 53 ауыл, «Еңбек» колхозында колхозшы, сауаты бар, партияда жоқ.

Бұл 8 азаматтың барлығы да Қызылорда қалалық-аудандық ОГПУ бөлімінің 1933 жылғы 26 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58-8 бабымен және КСРО Орталық Атқару Комитетінің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысымен қылмыстық іс қозғалған, олар колхоз мүлкін талан-таражға салды, колхоздың астық қоймасының күзетшісін және оның әйелі мен баласын өлтірді, сөйтіп террорлық әрекеттер жасады,— деп айыпталған.

Шымкент қаласының ОГПУ үштігінің 1933 жылғы 28 сәуірдегі үкімімен: Оспанов Аймахан, Жәрменов Тұяқбай, Нұрмаханов Жәбен — ең жоғары қылмыстық жаза — атуға сотталған, бұл үкімді ОГПУ коллегиясының санкциясына жіберген; Орынбаев Омар, Сәрсенбаев Дүйсенбай — әрқайсысы 10 жылдан концлагерьге, Торымбетов Кемел, Аяпов Әлжан, Махамбетов Әуезбай — әрқайсысы 5 жылдан концлагерьге сотталған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен бұрынғы үкім бұзылып, Оспанов Аймахан, Жәрменов Тұяқбай, Нұрмаханов Шәбен — әрқайсысына бұрынғы ату жазасы орнына 10 жылдан концлагерьге айдау жазасы берілген, ал қалған бесеуінің әрқайсысы 5 жылдан концлагерьге сотталған.

Бұлардың барлығы да Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды ақтау бөлімінің 1997 жылғы 28 ақпандағы қорытындысымен толық ақталған.

II

**ҚҰЛЫМБЕТОВ** Әлібек — Тереңөзек ауданы, Қараөзек станциясы, № 37/20 ауылда 1895 жылы туған, байдың баласы, сауатты, ата-тегін жасырып 1925 жылы БКП(б) қатарына кірген, № 37 ауылдағы сельпоның дүкен меңгерушісі, кейін осы ауылдағы БКП(б) ячейкасының жауапты хатшысы болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, 3 баласы бар, партия қатарынан 1933 жылы шығарылған;
**ӘУЕЗОВ** Аққұбай — № 37/20 ауылда 1907 жылы туған, байдың баласы, сауатты, БКП(б) мүшесі, ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, үйленген;
**ШЕКТІБАЕВ** Үмбет — №37/20 ауылда 1894 жылы туған, ишанның баласы, сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, № 20 ауылдық кеңестің хатшысы, бұрын сотталмаған, бір баласы бар;
**МҰНАРБАЕВ** Сүлеймен — Қармақшы ауданының № 8 ауылы, Қаракеткен станциясында 1900 жылы туған, кейін Тереңөзек ауданының «Қараөзек» кеңшарында тұрған, сауатты, партия, совет мектебін бітірген, БКП(б) мүшесі, аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, 2 баласы бар;
**ДАЙЫРОВ** Әбіш — № 37/20 ауылда 1894 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сельпода күзетші болып жұмыс істеген, сотталмаған, бір баласы бар;
**ЖАРЫСБАЕВ** Оспан — Қызылорда ауданының № 19 ауылында 1906 жылы туған, кейін Тереңөзек ауданының № 20 ауылы, «Қараөзек» кеңшарында тұрған, атқа мінер, сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, «Жаңа ауыл» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған, сотталмаған, бір баласы бар;
**ТУҒАМБАЕВ** Болғанбай — № 37/20 ауылда 1901 жылы туған, атқа мінер, сауатты, БКП(б) мүшесі, БК(б)П ячейкасының хатшысы, бұрын сотталмаған, 2 баласы бар;
**ЖАРҚЫНОВ** Ахмет — № 37/20 ауылда 1881 жылы туған, бай болған, сауатты, партияда жоқ, «Қызыл ту» колхозында темір ұстасы болып істеген, сотталмаған, бір баласы бар;
**ТӨЛЕМІСОВ** Жаңбыршы — Қызылорда ауданының № 5 ауылында, Сұлутөбе станциясында 1892 жылы туған, кейін Тереңөзек ауданының № 37/20 ауылында тұрған, атқа мінер, сауаты бар, БКП(б) мүшелігіне кандидат, «Қызыл ту» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған, сотталмаған, 3 баласы бар;
**ӘБДІРАСЫЛОВ** Рақыш — № 37/20 ауылда 1896 жылы туған, бай-саудагер болған, сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, 1932 жылы астық ұрлағаны үшін сотталған, кейін «Қызыл ту» кол-

хозының хатшысы болып қызмет атқарған, 2 баласы бар;
**ЕСІМОВ** Раушанбек — № 37/20 ауылда 1896 жылы туған, байдың баласы, сауатты, 1929 жылдан БКП(б) мүшесі, колхоздың тұқым қоймасының меңгерушісі болып қызмет атқарған, бір баласы бар;
**НҰРПЕЙІСОВ** Әжітай — № 37/20 ауылда 1914 жылы туған, байдың баласы, сауатты, БЛКЖО мүшесі, ауылдық кеңестің хатшысы, бұрын сотталмаған, бір баласы бар;
**ЖЫЛҚЫБАЕВ** Бердібек — № 37/20 ауылда 1913 жылы туған, бай-болыстың баласы, сауатты, БЛКЖО мүшесі, «Жаңа ауыл» колхозының төрағасы, бұрын сотталмаған, бір баласы бар;
**ШЕКТІБАЕВ** (Шеттібаев) Ахмет — № 37/20 ауылда 1907 жылы туған, ишанның баласы, сауатты, БЛКЖО мүшесі, «Қараөзек» кеңшары жұмысшылар кәсіподағының хатшысы, колхозда есепші болып қызмет атқарған, сотталмаған, бір баласы бар.
Қызылорда ауданының № 37 және № 39 ауылдарында, кейінгі Тереңөзек ауданының № 20 ауылында ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезінде контрреволюциялық байлар тобы ұйымдасқан, оның алдына қойған мақсаты:
— колхоздарды құлату;
— колхозшыларды кедейшілікке ұшырату;
— кеңес өкіметіне қарсы пиғылдар туғызу болған.
Осы мақсаттарды жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдері мынандай болған:
— 1932—1933 жылғы егіс науқанын бұзу;
— маскүнемдік пен қыдырымпаздықты өрістету;
— ауыл кедейлеріне тінту жүргізу;
— кооператив тауарларын талан-таражға салу;
— үкімет тарапынан берілетін азық-түлік көмегін талан-таражға салып, ішіп-жеу.
Осы контрреволюциялық байлар тобының ұйымдастырушысы және жетекшісі — Құлымбетов Әлібек болған. Құлымбетовтің белсенді мүшелері мен көмекшілері — Әуезов Аққубай, Мұнарбаев Сүлеймен, Шектібаев Үмбет болған. Құлымбетовтің басшылығымен және оның нұсқауымен бұл контрреволюциялық байлар тобы ауылдарда өздерінің контрреволюциялық жұмыстарын жүргізген, өздерінің күші мен беделін пайдаланып, ауылдардағы басшы қызметтерді алып, өздерінің қарамағына жақын-туыстарын жинаған. Осы контрреволюциялық байлар тобының жүргізген жауыздық жұмыстарының салдарынан 1932 жылдың егісі және астық дайындау жұмысы бұзылған, өйткені егіс әдейі жарамсыз жерге егілген, сонымен қатар ол егіс суарылмаған, тұқым шала-шарпы себілген, тұқым қолды болып кеткен. Ақырында ешқандай өнім болмаған. Астық дайындау жоспары орындалмай қалған. Колхоздар үлкен экономикалық зиянға отырған. 1933 жылдың егісін бұзу және колхоздарды толық кедейлендіру мақсатында бұл контрреволюционер байлар тобы жұмыс көлігі және сүт бағытындағы малдарды, астықты, кооператив тауарларын таражға салумен, қырып-жоюмен үнемі айналысқан. Соның салдарынан «Қызыл ту» колхозы бойынша 82 бас жылқы, 22 ірі қара кем болған.
Бұл байлар тобы маскүнемдікке салынып, колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салған. Сол үшін бұл байлар тобы (барлығы 14 адам) Қызылорда қалалық-аудандық ОГПУ бөлімінің 1933 жылғы 30 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабымен 11, 14 тармақтарымен және СССР ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысымен қылмыстық іс қозғалған.
Тергеу ісі 1933 жылғы 19 мамырда біткен. Тергеу ісі айыптау қорытындысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің қарауына жіберілген. Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің 1933 жылғы 3 маусымдағы қорытындысымен бұл істі Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберген.
Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен:
— Есімов Раушанбек —10 жылға концлагерьге;
— Шектібаев Үмбет —8 жылға концлагерьге;
— Құлымбетов Әжібек, Әуезов Аққубай — әрқайсысы 6 жылға концлагерьге;
Мұнарбаев Сүлеймен, Әбдірәсілов Рақыш, Жарқынов Ахмет — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге;
— Шектібаев Ахмет, Дайыров Әбіш, Жарасбаев Оспан — әрқайсысы 3 жылға концлагерьге;
Жылқыбаев Бердібек, Төлемісов Жаңбыршы, Туғанбаев Болғанбай — әрқайсысы 3 жылғы шартты концлагерьге сотталған.
— Нұрпейісов Әжітай — алдын-ала отырған күндері есептеліп, қамаудан босатылған.
Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бөлім бастығының 1995 жылғы 1 желтоқсандағы қорытындысымен: Есімов Р., Шектібаев Ү., Құлымбетов Ә., Әуезов А., Мұнарбаев С., Әбдірәсілов Р., Жарқынов А., Шектібаев А., Дайыров Ә., Жарасбаев О., Жылқыбаев Б., Төлемісов Ж., Тоғамбаев Б., Нұрпейісов Ә.— Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

## III

**ҚҰЛАНБАЕВ** Әбдірахман — Тереңөзек ауданы, №40 ауылда 1886 жылы туған, 1933 жылғы 19 ақпанда тұтқынға алынған, жүн-тері жинайтын агент болып істеген;
**ҚҰЛАНБАЕВ** Мамыт — сонда 1890 жылы туға, 1933 жылғы 15 ақпанда тұтқынға алынған, Тереңөзек сельпосында тері-терсек жинаушы;



**ШІДЕРБАЕВ** Зәкір — Тереңөзек ауданы, № 42 ауылда 1914 жылы туған, «Бостандық» колхозының мүшесі, 1933 жылғы 15 наурызда тұтқынға алынған;
**ЕСАМАНОВ** Дүйсенбай — Тереңөзек ауданы, № 41 ауылда 1900 жылы туған, 1930 жылдан «Бостандық» колхозының мүшесі, егінші, 1932 жылдан Тереңөзек сельпосы-

ның төрағасы болып істеген, 1932 жылдан БКП(б) мүшесі;
**ДӘУЛЕТБАЕВ** Тоғайбай — Шиелі ауданы, № 4 ауыл, Бәйгеқұм станциясында 1890 жылы туған, 1930 жылдан «Гигант» колхозының мүшесі, кейін Тереңөзек ауданының № 43 ауылында тұрған;
**ТОҚМӘМБЕТОВ** Нұржан — Тереңөзек ауданы, № 43 ауылда 1889 жылы туған, 1921 жылдан БКП(б) мүшесі, 1931 жылғы 6 сәуірден Тереңөзек сельпосының төрағасы, 1932 жылдан «Шағарын» колхозының мүшесі, 1933 жылғы 20 ақпанда тұқынға алынған;
**ӨТЕТІЛЕУОВ** Ермахан — Тереңөзек ауданының № 43 ауылында 1891 жылы туған, Қызылорда қаласында 1912 жылы орыс-қазақ мектебінде оқыған, 1932 жылы Тереңөзек сельпосында есепші болып істеген;
**ӨТЕТІЛЕУОВ** Нұрақат — Тереңөзек ауданының № 43 ауылында 1899 жылы туған, 1929 жылдан «Шағарлы» колхозының мүшесі, кейін осы ауданның № 49 ауылында тұрған.
Бұл 8 азаматқа тағылған айып:— Әлментаевтың қарақшыларымен байланыс жасап, оларға ақша қаражатымен, азық-түлікпен, қару-жарақпен, оқ-дәрімен, малмен көмек көрсеткен, контрреволюциялық топ ұйымдастырып, малды сойып, құртқан, кооперацияны құлатып, саяси-шаруашылық науқанға қастандық жасаған, — деген айып тағылып, Қызылорда ОДТО ГПУ-дың және Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ-дің 1933 жылғы 15, 19, 20, 21 ақпандағы қаулыларымен Құланбаев Мамыт, Құланбаев Әбдірахман, Есаманов Дүйсенбай, Тоқмәмбетов Нұржан, Өтетілеуов Нұрақат, Дәулетбаев Тоғайбай, Өтетілеуов Ермахан, сол жылғы 15 наурыздағы қаулысымен — Шідербаев Зәкір тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 59 бабының 3 тармағымен, 58 бабының 14 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.
Қызылорда ГРО ОГПУ бөлімі өкілінің 1933 жылғы 27 мамырдағы қаулысымен, бұл сегіз азаматтың айыптары тергеу барысында мойындарына қойылмағандықтан, УПК-ның 116 бабына сәйкес олар жөніндегі қылмыстық іс тоқтатылып, олардың бәрі де тұтқыннан босатылған.
Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 28 сәуірдегі қорытындысымен, Құланбаев А., Құланбаев М., Шідербаев З., Есаманов Д., Дәулетбаев Т., Тоқмәмбетов Н., Өтетілеуов Е., Өтетілеуов Н.— СССР Жоғарғы Кеңесі президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы бойынша толық ақталған.

## IV

**НАЙЗАБАЕВ** Шапет — Тереңөзек ауданы, № 44 ауыл, «Ақбөгет» колхозында 1905 жылы туған, сауатты, сол колхозда ферма меңгерушісі болып істеген;
**ЕСТІЛЕУОВ** Салман — № 44 ауыл, «Ақбөгет» колхозында 1899 жылы туған, шала сауатты, атқа мінер, колхоз төрағасы болған;
**ТЫҒЫНБАЕВ** Іляс — туған жылы белгісіз,№ 44 ауылда, «Ақбөгет» колхозында төраға болып жұмыс істеген;
**КЕТЕБАЕВ** Бетембай — № 44 ауылда, 1884 жылы туған, сауатсыз, әкесі би болған, бұрын колхоз төрағасы болып істеген;
**АМАНБАЕВ** Параяқ — № 44 ауылда 1883 жылы туған, бай, сауатсыз;
**БАЙНАЗАРОВ** Сейітхан — № 44 ауылда 1899 жылы туған, шала сауатты, болыстың баласы, колхозда завхоз (шаруашылық меңгерушісі) болып істеген, жұмыс көлігін жыртқыштықпен өлтірді деген айып бойынша тергеуге алынып, кейін іс қысқартылған;
**МАҢҒЫТБАЕВ** Пірмағамбет — № 44 ауылда 1894 жылы туған, болыс баласы, шала сауатты, ауылдық кеңес төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген;
**ЖҮСІПОВ** Жүніс — № 44 ауылда 1899 жылы туған, бай баласы, атқа мінер, бұрын колхоз төрағасы болып істеген, кейін осы ауылда насихатшы болған, 1924 жылы БКП(б) мүшесі, астық дайындау науқанын бұзғаны үшін партиядан шығарылған;
**КҮЗЕКБАЕВ** Асыл — № 44 ауылда 1903 жылы туған, бай баласы, атқа мінер, сауатты;
**НҰРСҰЛТАНОВ** Сүйеніш — № 44 ауылда 1907 жылы туған, бай баласы, атқа мінер, бандит болған, сауатсыз,
**НҰРПЕЙІСОВ** Бектас — № 44 ауылда 1893 жылы туған, шала сауатты, колхозда бригадир болып істеген, атқа мінер, колхоз астығын ішіп-жеп қойғаны үшін бір жылға сотталған.
Бұл 11 азаматқа қойылған айып:—1932—1933 жылдары «Ақбөгет» колхозының және № 44 ауылдың шаруашылық көрсеткіштері айтарлықтай төмендеп кеткен, оған «Ақбөгет» колхозы мен № 44 ауылда Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдасқан контрреволюциялық топ мүшелерінің жүргізген жауыздық-зиянкестік жұмыстары себеп болған. Олардың алға қойған мақсаты колхозды құлату болған, осы бағытта олар колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салып, ішіп-жеген, малдарды, жұмыс көліктерін жыртқыштықпен етке союмен айналысқан. Колхоздың 500 бас малын сатып пайдаланған, оған көтеремнен, аурудан өлді, жоғалды деп акті жасаған. Сөйтіп колхоздың барлық малы осы топтардың жауыздық әрекеттерімен құрыған, жоқ болған. Осы топтарды контрреволюциялық әрекетінен 1932 жылдың көктемгі егісі жүргізілмеген, тұқымды ұрлап, талан-таражға салған, ауданға өтірік ақбар берген, сөйтіп 700 пұт тұқым фондысын өзара бөліскен. Осы топтар ауылда барлық үйді тінтіп, қолға ілінгеннің бәрін алып, азық-түлік пен киім-кешекті өзара бөлісіп, колхозшыларға «совет үкіметі біздерге осылай істеңдер деп бұйрық берген» деп жауап берген. Сөйтіп колхозшыларды коллективендіруге, колхозға, партия мен үкіметке қарсы қойған. Астық жинау науқанын бұзу мақсатында үгіт жүргізіп, соның салдарынан 200-ге жуық колхозшылар бірнеше күн бойына жұмысқа шықпаған, өздері астықты ұрлап, колхозшыларды ауылдан көшуге

үгіттеген, ақырында барлық колхозшылар ауылдан тым-тырақай жан-жаққа қашып кеткен.
Міне осындай айыптаулар негізінде Тереңөзек аудандық НКВД бөлімінің 1933 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен осы 11 азамат тұтқынға алынып, оларға қарсы РСФСР ҚК 58 бабының 10 және 11 тармақтары, Орталық Атқару Комитетінің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысы негізінде қылмыстық іс қозғалған.
ОГПУ Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1933 жылғы 27 желтоқсандағы қаулысымен Найзабаев Шапет, Естілеуов Салман, Тығынбаев Ілияс, тағы басқалары жөніндегі қылмыстық іс өндірістен қысқартылған. ОГПУ Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1934 жылғы 2 қаңтардағы қаулысымен Байназаров Сейітхан, Жүсіпов Жүніс тергеу барысында нақты айыптары табылмағандықтан қамаудан босатылған.
Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 22 шілдедегі қорытындысы бойынша: Найзабаев Шапет, Естілеуов Салман, Тығынбаев Ілияс, Кетебаев Бетембай, Аманбаев Парпаяқ, Байназаров Сейітхан, Маңғытбаев Пірмағамбет, Жүсіпов Жүніс, Күзекбаев Асыл, Нұрсұлтанов Сүйеніш, Нұрпейісов Бектас СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## V

**ЕРСАЛДИЕВ** Әбдірей — Тереңөзек ауданының № 42 ауылы, «Бостандық» колхозында 1888 жылы туған, руы «Табын», бай-молда болған, сауатты, 1929 жылы БКП(б) қатарынан шығарылған, «Бостандық» колхозында шаруашылық-саяси науқанды жүргізу жөнінде құрылған үштіктің төрағасы болған, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Омарова, баласы — Азиз;
**АЯПОВ** Себеп —Тереңөзек ауданының № 42 ауылында кейінгі Ленин атындағы колхозда 1896 жылы туған, руы «Табын», байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, № 42 ауылдық кеңесі төрағасының орынбасары болып жұмыс атқарған, 1932 жылы шаруашылық-саяси науқанды бұзғаны үшін сотталған, үйленген, әйелі — Ұлмекен, баласы — Әлібек;
**СМАИЛОВ** Мусабек — Сырдария ауданының № 26 ауылы, Сұлутөбе қыстағында 1909 жылы туған, кейін Тереңөзек ауданының № 23 ауылында тұрған, саудагердің баласы, сауатты, БКП(б) мүшесі болған, қамауға алынғанға дейін аудандық жер бөлімінде хатшы, 1933 жылдың 26 қаңтарына дейін халық тергеушісі болып қызмет атқарған, үйленген, әйелі — Рабиға, қызы — Рауза;
**ЖҮСІПОВ** Ыбырай — Тереңөзек ауданының № 43 ауылында 1902 жылы туған, ірі байдың баласы болған, өзі де бай болған, сауатты, БКП(б) мүшесі, 1927—30 жылдары Тереңөзек аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, 1930 жылы Қызылорда окружкомының қаулысымен ауылшаруашылық салық науқанын бұзғаны және бай-кұлақ элементтерін салық төлеуден жасырып қалғаны, байлармен байланыс жасағаны үшін партия қатарынан шығарылып, қызметінен босатылған. 1931 жылы партияға қайтадан кірген, 1931 жылы № 43 ауылдың «Бидайкөл» колхозында есептеуші, сонымен бірге МСС-та кіші нұсқаушы болып жұмыс істеген. 1932 жылдың сәуір айынан қамауға алынғанға дейін МСС директоры болып жұмыс атқарған, үйленген;
**ДӘРІБАЕВ** Ыбырай — Тереңөзек ауданының № 43 ауылында 1909 жылы туған, байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, МСС-та есептеуші болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Базаркүл, інісі Зұлқарнай, қарындасы — Үрқия, Мерзахия;
**ӘЛИЯКБАРОВ** Бәкір — Тереңөзек ауданының № 42 ауылында 1903 жылы туған, молда-ишанның баласы, сауатты, 1929 жылдан БКП(б) мүшелігіне кандидат, бұрын сотталмаған, қамаудан қашып шыққан, екінші рет ұсталған, қамауға алынғанға дейін Тереңөзек аудандық № 4 учаскелік халық сотында хатшы болып жұмыс істеген, үйленбеген;
**ӘЙТІМОВ** Әлмахан — Тереңөзек ауданының № 53 ауданында 1900 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы бойынша, Войтинцев көшесі, № 6 үйде тұрған, руы — «керейт», сауатты, 1924 жылдан БКП(б) мүшесі, қызметкер, Қызылорда аудандық партколлегиясының хатшысы болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Патшагүл, баласы — Еркін. (Қызылорда қаласы, Киров көшесі, № 6 үйде тұрады).
**ЕСНИЯЗОВ** Бейсенбай — Тереңөзек ауданының № 42 ауылында 1899 жылы туған, болыстың баласы, өзі атқамінер болған, сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозында бұйрық беруші болған, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі, бір қызы, екі інісі болған (әйелі — Ақсәуле, үш баласы бар — Қызылорда қаласы, Аманкелді тұйығы, № 23 үйде тұрады).
**ІЗТІЛЕУОВ** Қайым — № 42 ауылда 1906 жылы туған, байдың баласы, өзі атқа мінер болған, сауатты, партияда жоқ, 1932 жылы астық дайындау жұмысын бұзғаны үшін 1 жыл 6 айға сотталған, қамауға алынғанға дейін «Бостандық» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, үйлі-жайлы;
**МҰНАЙЫТОВ** Бақтыбай — № 42 ауылда 1907 жылы туған, байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, № 42 ауылда саяси-шаруашылық жұмыстарын жүргізу жөнінде құрылған үштіктің мүшесі болған, бұрын сотталмаған, әйелі — Биған, қызы — Нәзи;
**ОЛЖАБАЕВ** Нұртаза — № 42 ауылда 1906 жылы туған, атқа мінер, сауатты, партияда жоқ, «Бостандық» колхозында есепші және қойма меңгерушісі болып жұмыс істеген. (Әйелі — Шәрипа, балалары — Совет, Айсұлу, Марат, Мұрат — олар Тереңөзек қыстағы, Қазақ көшесі, № 59 үйде тұрады).
**ӘБІЛПАТТАЕВ** (Абдулпаттаев) Оспан — № 43 ауылда 1898 жылы туған, молданың баласы, атқа мінер болған, сауатты, партияда жоқ, жетім балалар үйінде (детдом) мұғалім болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған. (Әйелі — Бибіжан, балалары

— Багратион, Бақытжан, Баязит, Фазылхан, қызы Мағрупа, олар Тереңөзек қыстағы, Сталин көшесі, № 13 үйде тұрған).

**БЕЙСЕНБАЕВ** Әбсейіт — № 42 ауылда 1901 жылы туған, байдың баласы, атқа мінер болған, сауатты, партияда жоқ, 1932 жылы топ құрғаны үшін сотты болған, қамауға алғанға дейін № 42 ауылдық кеңестің төрағасы болып жұмыс істеген, үйлі-жайлы, туысы Бейсембаев Әбшүкір.

1932 жылы Тереңөзек ауданының № 42 ауылында байлардың контрреволюциялық жауыздық тобы ұйымдасқан. Олардың алдына қойған мақсаты колхозды құлату, клохозшылардың тұрмысын нашарлатып, кедейлендіру болған. Колхозшылардың ауылдан көшуін ұйымдастырған, астық пен тұқым фондысын талан-таражға салып, астықты жерге көмген, колхозда және МСС-те (ескерту: МСС — машинно-сенная станция) үнемі жауыздық жасаумен айналысқан, егіс науқанын бұзған, жұмыс көлігі малдарын жырткыштықпен сойып, оған өлім-жітімге ұшырады, жоғалды деп өтірік акт жасаған, астық—күріш дайындау жұмысын бұзған, МСС-те шөп дайындау жұмысы бұзылған, қырман басында үнемі арақ ішіп, маскүнемдікке салынған, колхозшылардың үйлерін тінтіп, көздеріне көрінген затты алып, колхозшылардың Кеңес өкіметіне наразылығын тудырған, аудан ұйымдарына жалған цифрлар мен ақпарлар беріп, оларды алдап, теріс жолға салған.

Бұл топтағылар колхоздың 300 бас сиырын, 150 бас жылқысын, 163 бас қойын етке сойып, өздері бөлісіп алған, оған өлім-жітімге ұшырады деп жалған акт жасап, оны колхоздың төрағасы бекітіп, мөрін басқан. Сонымен қатар олар колхоздың 1750 пұт астығы мен күрішін ұрлап, өзара бөліскен. Соның салдарынан мемлекетке астық, күріш тапсыру жоспары орындалмай қалған. 1933 жылы жиналған тұқым фондысын колхоз бастығының, тағы басқалардың рұқсат қағаздарымен талан-таражға түсірген. Ауылда жаппай көшу басталған, Өзбекстанға 160 үй қожалығы көшіп кеткен. № 42 ауылдың «Бостандық» колхозы бойынша 1932 жылдың қараша айында 202 үй қожалығынан 61 үй қожалығы, 194 жылқыдан 20 бас, 329 ірі қарадан 4 бас қалған, 263 түйеден түк те қалмаған.

Қызылорда аудандық ҚК РКИ-дің партия үштігінің 1933 жылғы 4 мамырдағы қаулысымен — жоғарыда көрсетілген қылмыстары үшін БКП(б) мүшелері: Әйтімов Әлмахан, Смайылов Мұсабек, Жүсіпов Ыбырай, Әлиякбаров Бәкір партия қатарынан шығарылып, істері сотқа берілген.

Жоғарыда аттары аталған 13 айыпкер Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ-дың 1933 жылғы қаңтар-ақпан айларындағы және мамырдағы қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11, 14 тармақтары бойынша және 1932 жылғы 7 тамыздағы Заң негізінде қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі мен айыптау қорытындысы Қызылорда қалалық-аудандық ОГПУ арқылы Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөліміне жіберілген.

Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімі СПО-ның 1933 жылғы 10 маусымдағы қорытындысымен Қызылорда қалалық-аудандық ОГПУ бөлімінің айыптау қорытындысына келісіп, істі Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберген.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен (РСФСР ҚК 58 бабының 7, 11 тармақтарымен):

— Ерсалдиев Әбдірей —10 жылға концлагерьге.

— Жүсіпов Ыбырай, Аяпов Себеп — әрқайсысы 8 жылға концлагерьге.

— Смайылов Мусабек, Ізтілеуов Қайым — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге.

— Бейсембаев Әбсейіт —6 жылға концлагерьге.

— Әйтімов Әлмахан, Дәрібаев Ыбырай — әрқайсысы 3 жылға концлагерьге сотталған.

— Әиякбаров Бәкір, Есниязов Бейсенбай, Олжабаев Нұртаза, Мұңайытов Бақтыбай, Әбілпаттаев Оспан алдын ала отырғандарын жазаға жатқызып, қамаудан босатылған.

Сотталғандардың барлығы 1933 жылдың 15 шілдесінде

ОГПУ-дың КарЛАГ-іне айдалған.

Смайылов Мұсабек НКВД-ның КарЛАГ-інен 1934 жылғы 20 сәуірде қашып кеткен, оған Бүкілодақтақ іздеу жарияланған.

Аяпов Себеп 1935 жылы өзінің арызы бойынша қамаудан босатылған. Әйтімов Әлмахан 2,5 жылда жазасын өтеп шыққан.

Қызылорда облыстық соты президиумының 1961 жылғы 21 желтоқсандағы қаулысымен Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 13 мамырдағы қаулысы бұзылып, А. Ерсалиев, Ы. Жүсіпов, С. Аяпов, М. Смайылов, Қ. Ізтілеуов, Ә. Бейсембаев, Ә. Әйтімов, Дәрібаев, Әлиякбаров, Б. Есниязов, Н. Олжабаев, Б. Мұңайытов, О. Әбілпаттаев жөніндегі іс оларға тағылған айыптың анықталмағаны үшін өндірістен қысқартылған.

Прокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1995 жылғы 7 желтоқсандағы қорытындысымен жоғарыда аттары аталған азаматтар Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## 1934 жылы

### I

**НИЯЗБАЕВ** Садық — Қызылорда (Сырдария) ауданының №10 ауылында 1903 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ;

**БӘЙМЕНОВ** Нұрлыбек — Тереңөзек ауданының № 14 ауылында туған, сауаты бар, партияда жоқ, бай баласы.

Бұл екі азамат өзара ұйымдасып, Шаған серіктестерінің пісіп тұрған бидайын ұрлаған, серіктестік күзетшісін өлтіріп, серіктестіктің егіс көлемін жасырып, өтірік ақпар берген, кеңес

үкіметін әлсіретуге әрекет жасап, бірнеше қылмысты істер жасаған,— деген айып тағылып, Тереңөзек аудандық НКВД бөлімінің 1934 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 8 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақ АССР Жоғарғы сотының 1934 жылғы 8—10 тамыздағы үкімімен Ниязбаев Садық, Бәйменов Нұрлыбек, — ең жоғары жаза — атуға сотталған. РСФСР Жоғарғы Соты қылмыстық істер жөніндегі Сот коллегиясының 1934 жылғы 11 қыркүйектегі ұйғаруымен Ниязбаев Садық туралы үкім күшінде қалдырылған, ал Бәйменов Нұрлыбектің ату жазасы 10 жыл бас бостандығы еркінен айыруға ауыстырылған. Жұмысшы шаруа және қызыләскер депутаттары Советінің қаулысымен Ниязбаев Садықтың ату жазасы 10 жыл бас бостандығы еркінен, 5 жыл сайлау-сайлану құқынан айыруға ауыстырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысымен Ниязбаев пен Бәйменовтың кеңес үкіметін әлсірету мақсатында әрекет жасағандары дәлелденбеді, сондықтан олар РСФСР ҚК 58-8 бабымен дұрыс сотталмаған, олардың әрекеттерінде тек ҚК-ның 162«Д» бабында қаралған қылмыс белгісі бар деп тауып, Қазақстан Республикасы Президентінің 14.04.1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде, 58-8 баб бойынша Ниязбаев Садық пен Бәйменов Нұрлыбек толық ақталған.

### 1937 жылы

### I

**НҰРЕКЕЕВ** Мұхамеджан — Тереңөзек ауданының Бесөзек ауылдық кеңесі, «Қызыл жалау» колхозында 1887 жылы туған, партияда жоқ, молда болған, жоғары дәрежелі діни білімі бар, 1914 жылы Тәшкендегі діни медресені бітірген, 1916 жылы сопы атағын алған, мешіт ұстаған, әйелі — Шәрипа, балалары — Әбибулла, Қалтай, Ибрагим, қыздары — Рысқұл, Рысбике;

**ОСПАНОВ** Рахматулла — Сырдария ауданының «Көктөбе» колхозы, Сталин ауылдық кеңесінде 1884 жылы туған, партияда жоқ, бастауыш діни білімі бар;

**НҰРЫМБЕТОВ** Абдулхан (Әбілхақ)— Сырдария ауданының № 6, Сталин ауылдық кеңесінде 1888 жылы туған, кейін № 10 Далакөл ауылдық кеңесі, «Мектеп» колхозында тұрған, орта діни білімі бар, ишан баласы;

**ШАМСЕТДИНОВ** Шайхы — Сырдария ауданының Жәдігер ауылы, «Қара Төбе» колхозында туған, бастауыш діни білімі бар, ишан баласы. Бұл 4 молда, ишан азаматтар контрреволюциялық мұсылман-көтерілісшілер тобының белсенді мүшелері, колхозшыларды діни қоғамына тарту жұмысымен айналысқан, олар Қызылорда ауданында контрреволюциялық молдалар-көтерілісшілер тобын құрып, оны басқарған, колхозшылар арасында контрреволюциялық-ұлттық насихат жүргізіп, оларды кеңес үкіметіне қарсы қойған, колхоздың экономикалық қуатын әлсіретуге бейімдеген, көтерілісшілер тобына тартуға адам дайындаған, елді мекендегі жұртшылықты жаппай Өзбекстанға көшуді ұйымдастырып, белсенді жұмыс жүргізген, барлық молдалар мен байларды, дінге сенуші мұсылмандарды біріктіріп, соғыс бола қойған жағдайда көтеріліс жасап, Қазақстанда еріктіұлттық мемлекет құруды мақсат етіп қойған,— деп айып тағылып, Нұрекеев Мұхамеджанды Қарсақпай аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алған, Қызылорда аудандық НКВД бөліміне айдалып әкелінген; Оспанов Рахматулла, Нұрымбетов Абдулхан (Әбілхақ), Шамсетдинов Шайхы — Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 9—10 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынған. Бұларға қарсы РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысымен — Нұрекеев Мұхамеджан, Оспанов Рахметулла, Нұрымбетов Абдулхан (Әбілхақ), Шамсетдинов Шайхы ең жоғары жаза — атуға сотталған. Нұрекеев Мұхамеджан, Оспанов Рахметулла жөніндегі үкім сол жылғы қараша айының 14-күні, сағат 24-те орындалған. Қызылорда облыстық соты Президиумының 1957 жылғы 26 қаңтардағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 1 қарашадағы қаулысы бұзылып, олардың әрекетінен қылмыс құрамы дәлелденбегендіктен, іс өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің 1996 жылғы 25 наурыздағы қорытындысымен Нұрекеев Мұхамеджан, Оспанов Рахматулла, Нұрымбетов Абдулхан (Әбілхақ), Шамсетдинов Шайхы — Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде толық ақталған.



### 1940 жылы

### I

**БҰҚАРБАЕВ** Сқақ — Тереңөзек ауданы, № 13 ауылдық кеңесі, «Жаңадария» колхозында 1889 жылы туған, бай баласы, өзі де бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, 1931 жылы мемлекеттік салықты төлемегені үшін 4 жылға сотталған.



**ҚОЙШЫБАЕВ** Медетбай — Тереңөзек ауданы, № 13 ауылдық кеңесі «Жаңадария» колхозында туған, бай баласы, білімі бастауыш, партияда жоқ, «Жаңадария» колхозы тексеру комиссиясының төрағасы болған, 1928—1929 жылдары мал-мүлкі тәркіленген, 1931 жылы бай ретінде және қарақшыларға (бандыларға) қосылғаны үшін шешесі Мәрзияны 5 жылға, өзін 6 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, өзінің айтуынша бір айдан кейін босанған, бірақ босағаны жайлы документі болмаған;



**ЖАЛМАХАНОВ** Биімбет — Қармақшы ауданының № 12 ауылында 1905 жылы туған, кейін Тереңөзек ауданы, № 13 ауылдық кеңесі, «Жаңадария» колхозында тұрған, сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, осы колхоздың төрағасы болып қызмет істеген;

**ДҮЙСЕКОВ** Өтеген — Тереңөзек ауданы, № 13 ауылдық кеңесі, «Жаңадария» колхозында 1905 жылы туған, бай баласы, колхозшы, партияда жоқ.

Бұларға: «Жаңадария» колхозында ұйымдасқан кеңес үкіметіне қарсы байлар тобының белсенді мүшелері болған, осы топтың жасырын жиындарына бірнеше рет қатысқан, онда колхоздың активтеріне қарсы террорлық актілер жасауға дайындық мәселелері талқыланған, колхозшылар арасында Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген, колхозшыларды колхоздың малын сойып құртуға шақырған, сөйтіп колхоз құрылысына қарсы шыққан,— деген айыптар тағылып, Тереңөзек аудандық НКВД бөлімінің қаулысымен:
Бұқарбаев Сқақ —1940 жылғы 18 ақпанда,
Қойшыбаев Медетбай —1939 жылғы 4 сәуірде,
Жалмақанов Биімбет —1939 жылы 5 желтоқсанда, Дүйсеков Өтеген —1940 жылғы 27 наурызда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қойшыбаев Медетбай 1939 жылғы 15 сәуірде Тереңөзек КПЗ-ның терезесін, оның торын бұзып, қашып кеткен. Тереңөзек аудандық НКВД бөлімі оған розыск жариялаған. Қойшыбаев Медетбай Қарақалпақ АССР-ның Тамды ауданының территориясынан 1939 жылғы 27 карашада ұсталып, Қызылорда түрмесіне әкелінген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1940 жылғы 31 мамырдағы үкімімен: Бұқарбаев Сқақты, Қойшыбаев Медетбайды әрқайсысын 7 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, осы жазаны өтеп келгеннен соң 3 жылға саяси құқығын жоюға; Жалмаханов Биімбетті 4 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 1 жылға саяси құқын жоюға; Дүйсеков Өтегенді — 2 жыл бас бостандығы еркінен айыруға, 1 жыл саяси құқын жоюға сотталған.

Қызылорда облыстық НКВД басқармасының тергеу бөлімінің 1941 жылғы 24 наурыздағы қаулысымен бұлардың әрекетінде қылмыстық белгі болмауы себепті, іс өндірістен тоқтатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 30 мамырдағы қорытындысымен Бұқарбаев Сқақ, Қойшыбаев Медетбай, Жалмаханов Биімбет, Дүйсеков Өтеген — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

## 1942 жылы

### I



**ЖҮСІПОВ** Әлжан — Тереңөзек ауданы, № 11 ауылдық кеңесі, «Көк-Жиде» колхозында 1881 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, колхозшы, Бұхара қаласындағы діни медресені бітірген, әкесі ишан болған, мешіт ұстаған.



**ЖҮСІПОВ** Тайман — Тереңөзек ауданы, № 11 ауылдық кеңесі, «Көк-Жиде» колхозында 1898 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, Бұхара қаласындағы діни медресені бітірген, «Көкжиде» колхозы төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған, әкесі ишан болған, мешіт ұстаған.

Бұл 2 азаматтың екеуі де кеңес үкіметіне жауыздық, қастандық пиғылда болып, жұртшылық арасында, арнайы ұйымдастырылған жиындарда барлық мұсылмандарды дінді, ескі заңдарды, діни салт-дәстүрлерді ұстауға шақырып, діни насихат жүргізген, партия мен үкіметтің шараларына қарсы үгіт жүргізген, Қызыл Армияның, кеңес еліндегі заңға күйе жағып, революцияға дейінгі өмірді, заңды, сонымен қатар фашистік Гитлер армиясын мадақтаған, Жүсіпов Әлжан мен Тайманның басқаруымен контрреволюциялық жиын өткізіліп, онда діни насихат, контрреволюциялық үгіт жүргізілген, 1942 жылы әскери салық төлеуден бастартқан, колхоз мүлкін талан-таражға салуды ұйымдастырған,— деп айып тағылып, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының СПО-ның 1942 жылғы 24 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР

ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен және 58 бабының 11 тармағымен қылмысты іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1942 жылғы тамыз айының 11 күнгі үкімімен — Жүсіпов Әлжан мен Жүсіпов Тайман ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 5 қыркүйектегі үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған. СССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 2 желтоқсандағы үйғаруымен — Жүсіпов Әлжан мен Жүсіпов Тайманның ату жазасы 10 жыл бас бостандығы еркінен, 5 жыл саяси құқынан айыруға ауыстырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысымен — Жүсіповтердің айтқан сөздерін революцияға қарсы жүргізген насихат деп санауға болмайды, өйткені онда кеңес өкіметін құлату, ойсырату, әлсірету мақсаты жоқ, сондықтан Жүсіпов Әлжан мен Жүсіпов Тайман сот үкімімен қуғын-сүргінге дұрыс түспегендіктен, Қазақстан Республикасы Президентінің 14.04.1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде Жүсіпов Әлжан, Жүсіпов Тайман толық ақталған.

II

**ЕСЖАНОВ** Ешмахан — Тереңөзек ауданының № 13 ауылдық кеңесі, «Көкпая» колхозында 1906 жылы туған, білімі 3 класс, колхозшы, Қызыл Армия қатарына Тереңөзек АӘК арқылы 1942 жылдың маусым айында алынған, 40 атқыштар батальоны, 2 атқыштар ротасы, 2 взводы, 2 бөлімшесінің командирі болған.

**ЖҮСІПОВ** Әли — Тереңөзек ауданының № 1 Қараөзек ауылдық кеңесі, «Жаңарық» колхозында 1905 жылы туған, Қызыл Армия қатарына Тереңөзек АӘК арқылы 1942 жылдың маусым айында алынған, 40 атқыштар батальоны, 2 атқыштар ротасы, 2 взводы, 2 атқыштар бөлімшесінде қатардағы жауынгер болған.

Айыптау қорытындысы бойынша: 108 ерекше бригада, 4 атқыштар батальоны, 2 атқыштар ротасы, 2 взвод жауынгерлері Есжанов Ешмахан мен Жүсіпов Әлиге тағылған айып —1942 жылғы 22 қыркүйекте Есжанов өз бөлімшесінің жауынгерлері орналасқан 2 постыға үнемі барып-кетіп жүрген. Ол осы бөлімшенің командирі болған. Сол күні ол өзінің жауынгері Жүсіпов Әлимен 2 пункт орналасқан орман ішіне түн ішінде барған. Оны ротаның саяси жетекшісі мен взвод командирінің көмекшісі байқап қалған. Олар Есжановтың постыда тұруы керек қой деп ойлаған және Есжанов бұрын немістер жағына өтіп кеткен Сарбөпеевпен жақын болғаны естеріне түсіп, Есжанов пен Жүсіпов қашуға әрекет жасап жүр,— деп оларды ұстап, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғаған. 108 Ерекше бригаданың Әскери тергеушісі мен Әскери прокурорының 1942 жылғы 1 қазандағы қаулысымен, Есжанов Ешмахан мен Жүсіпов Әлидің әрекеттерінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, РСФСР УПК 4 бабының 5 тармағына сәйкес, іс өндірістен қысқартылып, олар қамаудан босатылған.

## 1943 жылы

I

**ЖАНСЫМАҚОВ** Шарапи — Тереңөзек ауданының № 23 ауылы, «Бостандық жол» колхозында 1926 жылы туған, колхозшы, БЛКЖО мүшесі, білімі 6 класс.

**БАЙСАҚАЛОВ** Жансымақ — Тереңөзек ауданының № 23 ауылы, «Бостандық жол» колхозында 1870 жылы туған, колхозшы, сауатсыз, партияда жоқ.

Бұл 2 азаматтың екеуіне — Совет Армиясы қатарынан қашып, «Бостандық жол» колхозының территориясында қамыс ішінде тығылып, қарақшылық жасап жүрген екі адамды азық-түлікпен, тамақпен қамтамасыз еткен және олардың тығылып жүрген жерін үкімет органынан жасырған, деген айып тағылып, Тереңөзек аудандық НКВД бөлімінің 1943 жылғы 11 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 17-58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы ОББ-ның 1943 жылғы 8 қыркүйектегі Қаулысымен тергеу ісі тоқтатылып, тұтқынға алынған Жансымақов Шарапи мен Байсақалов Жансымақ тұтқыннан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 4.05.1997 жылғы Қортындысымен Ш. Жансымақов пен Ж. Байсақалов СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 16.01.1989 жылғы Жарлығы Негізінде толық ақталған.

II



**ЖАМАНОВ** Ахмет — Тереңөзек ауылының № 2 ауылында 1897 жылы туған, ірі байдың баласы, кейін Қараөзек станциясында тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, Қараөзек станциясындағы 76 околодкада жол жөндеуші болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, әйелі — Қанзия, баласы — Смағұл.

**БАУКЕНОВ** Бәкір — Қараөзек ауылдық кеңесі, Қараөзек станциясында 1905 жылы туған, шала сауатты, 1924 жылдан БКП(б) мүшесі, осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, Қараөзек станциясындағы көпір күзетшісі болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, әйелі — Боранкүл, балалары — Жұмаділда, Шолпан.



Жаманов Ахметтің туған ағасы Жаманов Бәжен Қарақұм көтерілісшілеріне қатысқаны үшін Кеңес өкіметі органдары арқылы қуғын-сүргінге түскен. Жаманов Ахмет өзінің саяси көзқарасы жөнінде Кеңес өкіметіне қарсы жауыздық пиғылда болған, осы негізде ол Баукенов Бәкірмен жақындасқан. Өзара тығыз байланыста болып, олар 1941— 1943 жылдары теміржол жұмысшылары арасында үнемі жеңілістік үгіт жүргізген, кеңес өкіметі мен Қызыл Армияға жала жауып, неміс басқыншыларын мадақтаған. Баукенов Бәкір 7 жол дистанциясының көпірінде күзетші болып жұмыс істеп жүріп Жамановпен жақындасып, екеуі қылмыстық әрекеттерге кіріскен. Жамановтың әлеуметтік негізі Кеңес өкіметіне жат пиғылда болып, жұмысшылар арасында үнемі жеңілістік үгіт жүргізіп жүргенін сезген Баукенов оның Кеңес өкіметіне қарсы көзқарасын қолдап, өзі де Кеңес өкіметіне қарсы жеңілістік ой-пікірлер айтып, үгіт жүргізген.

1941 жылдың жаз айында Қараөзек станциясында және № 9 разъезд аралығында жұмыс істап жүрген жұмысшылардың үзілісінде Баукенов жұмысшылар менәңгімесінде фашистік Германия армиясының күшін мадақтап, Қызыл Армияның бұл соғыста жеңілетінін айтқан. 1942 жылдың маусым — тамыз айларында Жаманов пен Баукенов жұмысшылар арасында Кеңес Информбюросы мен баспасөзге, Кеңес өкіметіне жала жауып, патшалық Россия кезіндегі өмірді мадақтаған.

1942 жылдың күз айында жұмысшылардың үзілісінде Баукенов Германиямен соғыстағы Қызыл Армияның жеңілістеріне сенбеуге ниет білдіріп, Кеңес Информбюросының хабарына жала жауып, фашистік Германия армиясынан гөрі Қызыл Армия көп шығынға ұшырауда деп дәлелдеген. Жаманов оның контрреволюциялық сөзін қуаттап, бұл да Кеңес Информбюросына күйе жаққан. 1942 жылдың қыркүйек-қараша айларында Жаманов пен Баукенов теміржол жұмысшыларымен кездескен кезде Кеңес Информбюросының хабарына сенбеу жөнінде өздерінің жеңілістік көзқарастарын үнемі насихаттап отырған, Кеңес өкіметіне жала жауып, неміс басқыншыларының күш-қуатын мадақтаған.

1943 жылдың қаңтар-ақпан айларында Жаманов пен Баукенов теміржол жұмысшыларының Кеңес Информбюросының хабарын газеттен оқу кезінде оған жала жапқан. Баукенов жұмысшыларға Қызыл Армияның ешқандай табысы жоқ деп дәлелдеуге тырысқан. Жаманов оның сөзін қуаттап, неміс басқыншыларын мадақтаған.

1943 жылдың наурыз айында жұмысшылардың бірігіп газет оқуы кезінде Қызыл Армияның Харьков, Белгород қалаларын тастап кеткені туралы Жаманов пен Баукенов жеңілістік көзқарас білдіріп, фашист басқыншыларын мақтаған.

Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған екі айыпкер Қызылорда станциясы НКГБ Транспорт бөлімі бөлімшесінің 1943 жылғы 29 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы 2 бөлімімен және 11 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1943 жылғы 28 шілдеде шығарылған, іс Ташкент теміржолы Әскери прокурорына жіберілген. Ташкент теміржолы Әскери трибуналының 1943 жылғы 9 тамыздағы үкімімен: Жаманов Ахмет, Баукенов Бәкір — әрқайсысы 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға саяси құқығын жоюға, өздеріне тиісті мүліктерін конфискалауға сотталған.

Қазақ ССР прокуроры бірінші орынбасарының Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясына жолдаған 1990 жылғы 30 қаңтардағы наразылығы бойынша, Ташкент теміржолы Әскери трибуналының үкімі бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан, іс қысқартылсын деп сұраған.

# ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ БОЙЫНША

**1930 жылы**

I

**ТҮРКІСТАНОВ** Қошмамбет — Жаңақорған ауданының № 9 ауылында 1877 жылы туған, сауатты, революцияға дейін бай, қожа-имам болған.

**ҚҰЛЫМБЕТОВ** Құрбан — Жаңақорған ауданының № 9 ауылында 1876 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, революцияға дейін бай болған, ауыл төрағасының хатшылығын атқарған.

**СЫРЛЫБАЕВ** Амантай — Жаңақорған ауданының № 2 ауылында 1877 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын бай болған, мал-мүлкі конфискеленген.

1930 жылғы ақпан айының 12-күні Түркістанов Қошымбет, Құлымбетов Құрбан Созақ ханынан хат алады, онда былай делінген: — Жаңақорғандықтардан — жалпы Қырғыз-Әлі руынан басмашы отрядын тездетіп ұйымдастырып бейсенбінің түнінде Жаңақорғанға шабуыл жасап, оны алу, Созақ ханының отрядын басқарушыға көмек көрсету, хан отрядын күтіп алуға әдейілеп адам жіберу, партия-кеңес қызметкерлерін қудалау, сонымен қатар жұма күні басмашыларды Түркістан қаласы сөзсіз басып алатынына сеніңдер». Осы хатты алысымен Түркістанов Қошымбет пен Құлымбетов Құрбан 9 ауылдан 2 ауылға тездетіп шығып кетеді, сол жерде басмашы отрядын ұйымдастыруға кіріседі, сонымен қатар Жаңақорғанға бір мезгілде шабуыл жасауға, хан отрядын күтуге әдейілеп адам-тыңшы жібереді. 1930 жылғы ақпан айының 13 күні № 2 ауылдың тұрғындары, Қырғыз-Әлі руынан шыққандар көтеріліске шығады. Олардың ішінде Сырлыбаев Амантай да бар. Жаңақорғаннан Созаққа барлаушы ретінде жіберілген бесінші отрядтың командирлерін басмашы отрядтары тұтқынға алып қарусыздандырып, ұрып-созып зәбір көрсетеді. Келесі күні Қызылдардың Созақты алуына байланысты тұтқындар босатылады. Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліске шыққан — деп оларға РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмысты іс қозғалған. Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы мамыр айының 20 күнгі қаулысымен Түркістанов Қашымбет, Құлымбетов Құрбан, Сырлыбаев Амантай — ең жоғарғы жаза — атуға сотталған. Іле-шала үкім орындалған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы қаңтар айының 16 жұлдызындағы Жарлығына сәйкес, Түркістанов Қошымбет, Құлымбетов Құрбан, Сырлыбаев Амантай толық ақталған.

II

**БӘЙМЕНОВ** Мұхамедия — Қарсақбай ауданы, № 1 ауылда 1906 жылы туған, бай баласы, тұрған жері — Жаңақорған ауданының № 7 ауылы, БКП (б) мүшелігіне кандидат, осы ауданның № 9 ауылдық кеңесінде төраға болып қызмет атқарған.

**ӨСКЕНБАЕВ** Смайыл — Жаңақорған ауданы, № 9 ауылда 1886 жылы туған, бай баласы, 1928 жылы РСФСР ҚК 109 және 120 баптары бойынша сотталған, оған дейін осы ауылдағы партия ячейкасының жауапты хатшысы болып істеген.

**ЖАМЕНКЕЕВ** Айдар — № 7 ауылда 1902 жылы туған, бай баласы, өзі де бай, БКП (б) мүшесі, 1929 жылы топ құрғаны үшін сотталған, № 9 ауылдағы «Сталин-Еңбек» колхозының төрағасы болған.

**МУСАБЕКОВ** Әкімбек — № 9 ауылда 1898 жылы туған, бай баласы, өзі де бай, 1930 жылы РСФСР ҚК 111 бабымен сотталған, № 9 ауылдық кеңестің хатшысы болған.

**ЖҮНІСОВ** Сапарәлі — № 9 ауылда 1871 жылы туған, бай болған, 1930 жылы міндетті тапсыру жоспарын орындамағаны үшін сотталған.

**ЖҮНІСОВ** Кенжебек — № 9 ауылда 1888 жылы туған, бай болған.

**ЖҮНІСОВ** Мусабек — № 9 ауылда 1870 жылы туған, бай болған. Бұларға тағылған айып: М. Бәйменов, С. Өскенбаев, А. Жаманкеев және Ә. Мусабеков қызмет бабын пайдаланып, туысқан байларды — Сапарәлі, Кенжебек, Мусабек Жүнісовтерді ұйымдасқан түрде жасырып, қорғаған, оларды мемлекеттік тапсырыстан босатып, байлардың мемлекетке ет, жүн және астық тапсыру жоспарын кедейлердің мойнына салған. Кедейлерден 42 бас жас қашарды тартып алып, байлардың жоспары үшін өткізген, кедейлерге ол үшін ештеңе төлемеген. Туысқан байлар Жүнісовтерді колхозға алып, олардың малдарын

колхоздың қоғамдық малдары деп жасырған. Байларды орта шаруа деп бүркемелеген. Жиналыстарда байлар Жүнісовтерге қарсы шығып сөйлегендерді тұтқынға алып, олардың мал-мүлкін конфескелеп (штрафтар) айып салығын салған және оларды қуғын-сүргіннің барлық түрімен қорқытып-үркіткен. Байлар Жүнісовтерді орта шаруа деп қабылдау үшін кедейлерді дауыс беруге күштеп көндірген, Жүнісовтерге жақтап дауыс бермеген кедейлерге нан пайкасын бермеген. Ауылдық кеңес төрағасы М. Бәйменов Жүнісовтерге қарсы шыққан Самбетовті террорлық жасап ұрып-соққан, ұрып жыққан. Ауыл басшылары кедейлерге штраф салу, қамау, жұмыстан, колхоздан шығару сияқты әкімгершілік шаралар көрген, соның салдарынан кедейлердің өшпенділігі туып колхозда еңбек тәртібі бұзылған, шаруашылыққа немқұрайды қарау, жауапсыздық пайда болып, колхоз тараған,— деп, ОГПУ-дің Жаңақорған аудандық өкілінің 1931 жылғы 20 қазандағы қаулысымен жоғарыда аттары аталған 7 азамат тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 11 тармағымен С. Өскенбаев, А. Жаманкеев, Ә. Мусабеков, 58 баптың 10 тармағымен және 59 баптың 1 тармағымен Сапарәлі Жүнісов, Кенжебек Жүнісов, Мусабек Жүнісов, 58 баптың 11 тармағымен және 58 баптың 8 тармағымен Мұхамедия Бәйменовке қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бастығының ОГПУ-дің Жаңақорған аудандық өкіліне жолдаған қатынас қағазы бойынша (датасы көрсетілмеген) Бәйменов Мұхамедия, Өскенбаев Смайыл, Жаманкеев Айдар, Мусабеков Әкімбек, Жүнісов Сапарәлі, Жүнісов Кенжебек, Жүнісов Мусабек — тұтқыннан тілхат арқылы босатылған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 21 сәуірдегі қорытындысымен М. Бәйменов, С. Өскенбаев, А. Жаманкеев, Ә. Мусабеков, С. Жүнісов, К. Жүнісов, М. Жүнісов — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

## 1931 жылы

**ӨТЕГЕНОВ** Құлеке — Жаңақорған ауданының № 21 (15) ауылында, «Жөлек» маңында 1889 жылы туған, руы «күрлеуіт», бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, ауылшаруашылығымен айналысқан, үйленген, 1930 жылы конфискеленген, тұқым фондысын қасақана төлемегені үшін 4 жылға Орал округіне жер аударылған, жеріне бармай Қызылқұмға қашып кеткен.

**НҰРТАЕВ** Әбжаппар — Жаңақорған ауданының № 21(15) аулында 1883 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, дауыс беру құқынан айрылған, ауылшаруашылығымен айналысқан, үйленген.

**БЕГІМОВ** Төлеу — Жаңақорған ауданының № 21(15) ауылында 1906 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, ауылшаруашылығымен айналысқан, үйленген.

**ЖҮЙРЕКОВ** Ахмет — Жаңақорған ауданының № 7 аулында, Телікөлдің «Сауысқандық» деген жерінде 1870 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, ауылшаруашылығымен айналысқан, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

**ҚҰЛМАНОВ** Нұртай — Жаңақорған ауданының № 20(14) ауылында 1904 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, ауылшаруашылығымен айналысқан, бұрын сотталмаған, үйленген.

Жоғарыда көрсетілген байлар тобы кеңес өкіметіне қарсы бейімделген, олар бірнеше жыл бойы кедей-шаруаларды қанап, оларды өздерінің ықпалында ұстап келген, сонымен қатар мемлекеттік міндетті жоспарды, салықты төлеуден бас тартып, Қызылқұмда шоғырланған байлардың ортасына көшкен.

Өтегенов Құлеке 1930 жылдың ақпан айында Қызылқұмға қашқан жерінен ұсталып, № 17 ауылдық кеңестің сол жылғы 27 наурыздағы № 23, 82 қаулыларымен оған мемлекеттік міндетті салық салынған: астықтан 300 пұт, тұқым фондасына 10 пұт, ет дайындауға 20 бас уақ малды 3 күннің ішінде төлеуге тиіс болған. Өтегенов Құлеке бұл салықты төлеуден бас тартқаны үшін ауылдық кеңес арқылы 4500 сом штраф салынған, оны төлеуден де бас тартқан.

Нұртаев Әбжаппар 1930 жылдың күзінде ауылда саяси науқан басталған кезде бай ретінде өзіне мемлекеттік міндетті салық түсетінін алдын ала болжап, күйеу баласы Құлманов Нұртаймен бірге Қызылқұмдағы байларға қашып кеткен. Кедей-шаруалардың арасында үлкен беделге не болғандарын пайдаланып, түйелерді азықтандыруды сылтау етіп, кедейлердің 7 үй-қожалығын көшіріп әкеткен. Нұртаев пен Құлмановтың көшулеріне мемлекеттік міндетті салық төлеу себеп болған. Нұртаевқа астық дайындау жөнінде 100 пұт, тұқым фондысына 20 пұт астық, ет дайындауға 10 бас уақ мал және 4500 сом штраф түскен. Құлмановқа тұқым фондысы мен астық дайындауға 24 пұт астық, қаржы жинауға 150 сом және 1340 сом штраф түскен. Олар осы салықтарды төлеуден бас тартып, Қызылқұмдағы байларға тайып тұрған.

Бегімов Төлеуге де астық дайындау жөнінде міндетті 300 пұт астық төлеу тапсырмасы берілген, белгіленген мерзімде орындамағаны үшін 4500 сом шраф салынған. Жүйреков Ахмет ет дайындау жөнінде міндетті салықты төлеуден бас тартып, № 7 ауылдан № 15 ауылға көшіп кеткен. 1931 жылғы қаңтар айында жоғарыда аты аталған адамдарды ауылдық кеңес отын дайындауға және тасуға жіберген. Оны да орындаудан бас тартып, Қызылқұмға, байлардың шоғырланған жеріне қашып кеткен. Сол жылғы ақпан айында олар ұсталған. Ауылда ауыл шаруашылығын коллективтендіру жоне басқа да саяси науқандар қызу жүргізіліп жатқан кезде кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық элементтер — бай-кулактар партия мен үкіметтің ауылда жүргізіп жатқан жоғарыдағы шараларына қарсы белсенді қарсылық көрсетіп, ауылдан жаппай Қызылқұмға көше бастаған, олар өздерімен бірге кедей және орта

шаруалардың бір бөлігін ала кеткен. Сөйтіп партия мен үкіметтің жүргізіп жатқан саяси міндеттерін бұзу қаупін тудырған. Олардың контрреволюциялық белсенді қарсылықтары ұсталған кезде айқын байқалған. Бай Өтегенов Құлеке ұстауға барған бригада мүшелеріне: «бізге өкіметтің керегі жоқ, біздерге сендердің өкіметтерің мен большевиктеріңнің керегі не, сендер итсіңдер, кеңес өкіметі халықты қанаушы»— деген. Оны басқалар да қолдаған.

Осы қылмыстары үшін олар (5 адам) ОГПУ-дың Жаңақорған ауданындағы өкілінің 1931 жылғы 8 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 16-59 бабының 2 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1931 жылғы 6 сәуірде шығарылған, істі Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберген.

Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 9 маусымдағы қаулысымен:

— Өтегенов Құлеке, Нұртаев Әбжаппар, Бегімов Төлеу, Құлманов Нұртай — әрқайсысы 5 жылға концлагерге сотталған;

— Жүйреков Ахмет — 3 жылға Қазақстан ішіне жер аударуға сотталған;

— Барлығының мал-мүлкі конфискеленген.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1990 жылғы 30 қазандағы қорытындысымен — Өтегенов Құлеке, Нұртаев Әбжаппар, Бегімов Төлеу, Жүйреков Ахмет, Құлманов Нұртай — СССР Жоғарғы Кеңесі Президумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығының негізінде толық ақталған.

**1932 жылы**

I

**БАЙСАПАҚОВ** Бекмырза — № 5 ауылда 1894 жылы туған, БКП (б) мүшесі, қамауға алғанға дейін «Еңбекші қазақ» колхозында ірі қара-сүт фермасының меңгерушісі болып істеген, осы қызметте тұрғанда колхоздың малын, астығын, мүлкін талан-таражға салған, колхозшылар арасында контрреволюциялық үгіт жүргізген,— деген айыппен Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің Жаңақорған аудандық өкілінің 1932 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынған.

**ҮСЕНБАЕВ** Жабай — № 5 ауылда 1890 жылы туған, 1930 жылдан БКП(б) мүшесі, 1931—1932 жылдары «Еңбекші қазақ» колхозындағы тоғай-өндірістік шаруашылығына (леспромхоз) сексеуіл тапсыру жөніндегі өкілі болып істеп жүргенде сексеуіл тапсырудан түскен қаржыны және колхоздың көптеген малын өз басына жаратқан, колхозшылар арасында Совет өкіметіне қарсы үгіт жүргізген,— деген айыппен Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің Жаңақорған ауданындағы өкілінің 1932 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынған.

**АРЫМБАЕВ** Әмит — № 5 ауылда 1904 жылы туған, 1929 жылдан БКП(б) мүшесі, «Еңбекші қазақ» колхозында пункт меңгерушісі болып істеген, топ күрескерлерінің жетекшісі ретінде колхоз құрылысын бүлдіру мақсатында колхоздағы басшылық қызмет орындарын қолына алып, астық жинау және дайындау науқаны кезінде оны тез аяқтау орнына түрлі мәжілістер өткізіп, арақ ішумен айналысқан, колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салған, колхозшылар арасында контрреволюциялық үгіт жүргізген, 1931 жылы бір жылға сотталған, бірақ онан тиісті қорытынды шығармаған,— деп айып тағылып, Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің Жаңақорған аудандық өкілінің 1932 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 12 қаңтардағы қаулысымен: Байсапақов Бекмырза, Үсенбаев Жабай, Арымбаев Әмит ең жоғарғы қылмыстық жаза — атуға сотталған.

Қызылорда облысының прокуроры 1989 жылғы 30 тамыз күні Байсапақов Бекмырза, Үсенбаев Жабай, Арымбаев Әмиттің архивтік қылмыстық істерін қайта қарап, олардың әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, үшеуін де толық ақтаған.

II

**ЯРОВ** Василий Афанасьевич — родился в 1910 году на территории района, до ареста проживал в этом районе.

**КИРИЕНКО** Александр Карпович — родился в 1910 году на территории Яны-Курганского района, до ареста проживал в этом районе.

**ТИЩЕНКО** Федор Васильевич — родился в 1904 году на территории Яны-Курганского района, до ареста проживал в этом районе.

Они арестованы в 1932 году и обвинены в том, что они вели антисоветскую пропаганду, допустили растранжирования госимущества. Осуждены Южно-Казахстанским облсудом в 1932 году (месяц и число не указаны) — по 10 лет тюремного заключения каждый.

Генеральным прокурором Республикики Казахстан 26 июня 1995 года все они полностью реабилитированы.

III

**ҚОЙШЫБАЕВ** Тақан — Жаңақорған ауданының № 9 ауылында 1873 жылы туған, кейін Қызылорда ауданының № 18 ауылында тұрған, руы найман, ірі байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, Қызылорда ауданының мал дайындау конторында гуртоправ болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, ірі саудагер болған, үйлі-жайлы.

**РҮСТЕМОВ** Отарбай — Жаңақорған ауданының № 9 ауылында 1893 жылы туған, кейін Қызылорда ауданының № 32 ауылында тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, Қызылорда аудандық

тұтынушылар қоғамында мал дайындаушы болып жұмыс істеген, бұрын міндетті тапсырма жоспарын орындамағаны және малын жасырғаны үшін сотталған, кейін сот арқылы ақталған.

Айыптау қорытындысы бойынша: Қойшыбаев Тақан — революцияға дейін ірі саудагер болған, қарамағында 6 сауда агенті мен 1000 шақты қойды Орта Азия қалаларына жіберіп отырған. Сауда қызметінде ірі беделге ие болып, 1928 жылға дейін осы шаруамен айналысқан. Осы жылы шаруашылықты жаңаша құруға және байларға қарсы шығуға байланысты, Қойшыбаев мал шаруашылығы жөніндегі серіктестікке төраға болады, ол негізінен байлардың баспанасына айналып, байлар өздерінің малдарын конфискаға түсірмей, серіктестіктің малы деп сатып құртқан.

Рүстемов Отарбай жұртшылықтың сенімін пайдаланып, арбакештер артелін ұйымдастырып, айла жолымен артель арқылы байлардың шаруашылығын өзі пайдаланған.

1931 жылы Жаңақорған ауданының № 9 ауылындағы коллективтендіруге және ауылдың шаруашылығын мақта егісіне көшіруге байланысты Қойшыбаев Тақан мен Рүстемов Отарбай ескі рулық қалдықтарға сүйеніп, колхоздарды ұйымдастыруға және мақта егісіне қарсы үгіт жүргізген. Онымен тұрмай Қойшыбаев пен Рүстемов өздерінің маңына ауылдың 400-ге жуық шаруаларын топтастырып, оларды ауылдан алыс жерге Телкөл көліне апарып, ауылды коллективтендіруге қарсы күресін жалғастырған, оларға барған жергілікті өкімет өкілдерін алдап қайтарып жіберіп отырған.

1932 жылы Қойшыбаев пен Рүстемов № 9 ауылдың жаңадан ұйымдасқан колхозының және өздерінің алдап түсірген 400 шаруаларының ауыр жағдайын пайдаланып, өздерінің шаруашылықтарын жойып, Қазақстаннан басқа жаққа қоныс аудару үшін үгіт жүргізген. Сонымен бірге өздері көшушілердің тобын ұйымдастырып, олардың қолдарына жалған құжаттар беріп, тығылып жүрген байлармен бірге Өзбекстан мен Тәжікстанға айдап жіберген. Қойшыбаев пен Рүстемовтың осы әрекеттері салдарынан № 9 ауылдың колхозынан 80 үйден 25 үй ғана қалған.

Бұл екеуі Кеңес өкіметіне, коллективтендіруге қарсы үнемі үгіт жүргізумен айналысқан. Сол үшін Қойшыбаев Тақан мен Рүстемов Отарбай Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің Жаңақоран ауданындағы өкілінің 1932 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық ісі Қазақ ССР ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен: Рүстемов Отарбай 5 жылға концлагерьге, Қойшыбаев Тақан — жер аударуға (спецпереселение) сотталған.

Рүстемов 1933 жылдың 25 наурызында Карлагке айдалған, Қойшыбаев Тақан 1933 жылдың 28 наурызында ОГПУ-дің Пахта-Арал аудандық бөлімінің қарамағына айдалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 11 тамыздың қорытындысымен Рүстемов Отарбай, Қойшыбаев Тақан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығы негізінде толық ақталған.

## IV

**КЕНЖЕБАЕВ** Әбдіраман — Жаңақорған ауданы территориясында 1894 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауданда сельпо төрағасы болып істеген.

**НӘЛІБАЕВ** Жабалы — аудан территориясында 1903 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауданда тұрған, колхозшы болған.

**СЕРӘЛИЕВ** Нұрманжан — ауданда 1884 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауданда күзетші болып істеген.

**СҰЛТАНБЕКОВ** Әділбек — ауданда 1893 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Бірлік» колхозында колхозшы болған.

**ҮСЕМБАЕВ** Жайлау — ауданда 1898 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Бірлік» колхозында колхозшы болған.

**ҮСЕМБАЕВ** Махан — ауданда 1897 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Бірлік» колхозында колхозшы болған.

**БҰРХАНОВ** Сейітқасым — ауданда 1903 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Бірлік» колхозында төраға болып істеген.

**АСАНБАЕВ** Бәкір — ауданда 1896 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Бірлік» колхозында шаруашылық меңгерушісі болған.

**АХМЕТОВ** Мәнсұр — ауданда 1909 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Бірлік» колхозында колхозшы болған.

**БАРАҚОВ** Мақұлбек — ауданда 1900 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Бірлік» колхозында колхозшы болған.

**СМАЙЫЛОВ** Тәшібай — ауданда 1893 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Бірлік» колхозында өндіріс бригадирі болған.

Бұл 11 азаматқа қарсы қылмыстық іс қозғап, Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің Жаңақорған аудандық өкілінің 1932 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен қамауға алған. Оларға колхоздың малын, астығын, мүлкін талан-таражға салған деген айып тағылған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 12 қаңтардағы қаулысымен: Кенжебаев Әбдіраман, Нәлібаев Жабалы, Серәлиев Нұрманжан, Сұлтанбеков Әділбек, Үсембаев Жайлау, Үсембаев Махан, Бұрханов Сейітқасым, Асанбаев Бәкір, Бараңов Мақұлбек, Смайылов Тәшібай — әрқайсысы 10 жылдан, Ахметов Мәнсұр — 5 жыл түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облысының прокуроры 1989 жылғы 30 тамыз күні Кенжебаев Әбдіраман, Нәлібаев Жабалы, Серәлиев Нұрманжан, Сұлтанбеков Әділбек, Үсембаев Жайлау, Үсембаев Махан, Бұрханов Сейітқасым, Асанбаев Бәкір, Ахметов Мәнсұр, Бараков Мақұлбек, Смайылов Тәшібайдың істерін қайта қарап, олардың

әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, он бірін де толық ақтаған.

V

**БИЖІГІТОВ** Әбдірайым — Жаңақорған ауданының № 8 ауылында 1896 жылы туған, бай болған, сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осыауданның «Төңкеріс» колхозы басқармасының төрағасы болып қызмет атқарған, бұрын сотты болмаған, үйленген, от басында 5 жаны бар.
**ЖАЛТАҢБАЕВ** Нұрмағамбет — Жаңақорған ауданының № 8 ауылында 1887 жылы туған, бұрын саудагер — бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Төңкеріс» колхозының мүшесі, үйленген, от басында 5 жаны бар.
**ДҮЙСЕМБАЕВ** Ақыш — Жаңақорған ауданының № 8 ауылында 1892 жылы туған, негізі — кедей-шаруа, сауатсыз, 1921 жылдан БК(б)П мүшесі, партия ячейкасының хатшысы болған, бұрын сотты болмаған, үйленген, от басында 5 жаны бар.
Жаңақорған ауданының № 8 ауылында колхоз басшылығында байлар, саудагерлер және оларға әлеуметтік жақын элементтер отырған. Олар бір-бірімен тығыз байланыс жасап, өздерінің қастандық жұмыстарын, колхоздың мемлекет алдындағы астық-күріш дайындау жоспарын орындатқызбауға бағытталған, сол үшін ұйымдасқан түрде колхоздың астығын, күрішін, қаржысын талан-таражға салумен және ішіп-жеумен айналысқан.
Бижігітов Әбдірайым «Төңкеріс» колхозының төрағасы болып тұрғанда, бай отбасынан шыққаны ретінде, 1932 жылдары тамыз айынан бастап колхоз фондысынан 80 метр матаны, 21 пұт астықты иемденіп, өзіне жаратып, 1568 сом колхоз қаржысын жаратқан, колхоз фондысынан жалған белсенділерге 124 метр матаны, 30 пұт бидайды, 5 қап күрішті таратып берген, колхозшыларға еңбек күніне 647 пұт күрмекті таратып берудің орнына Бижігітов күрмектің орнына мемлекеттік жоспар үшін тапсырылатын күрішті таратып берген. Одан басқа Бижігітов күрішті және күрмекті ешқандай есепсіз ала берген. Колхоз астығының есебінен арақ әкелгендерге төлеген. Сөйтіп Бижігітов жалған белсенділерге колхоз астығын, күрішін ұрлауға жол ашқан. Осының салдарынан мемлекетке күріш тапсырудың жоспары 33 процентке ғана орындалған. Сөйтіп ол РСФСР ҚК-нің 58 бабының 7 тармағына және үкіметтің 1932 жылғы 7 тамыздағы заңына жататын қылмыс жасаған.
Жалтаңбаев Нұрмағамбет — колхоз қырманының жауапты күзетшісі болып тұрған кезінде күрішті бірнеше рет қаптап алған және басқалардың ұрлауына көмектескен. Колхоз төрағасы Бижігітовпен байланыс жасап, колхоздың астығын, күрішін ұрлауға белсенді түрде қатысқан, маскүнемдікке салынған. Сөйтіп РСФСР ҚК-нің 58 бабының 7 тармағына және үкіметтің 1932 жылғы 7 тамыздағы заңына жататын қылмыс жасаған.
Дүйсембаев Ақыш — партия ячейкасының хатшысы болып тұрғанда 1932 жылдың көктемінде 75 пұт тұқым салысын ұрлауға қатысқан, осы жылдың астық жинау науқаны кезінде колхоздың астығын ұрлауға қатысқан, сол үшін партия ячейкасының хатшылығы қызметінен босатылған. 1932 жылдың қазан айында 2 қап күрішті ұрлаған, сөйтіп үкіметтің 1932 жылғы 7 тамыздағы заңына жататын қылмыс жасаған.
Сол қылмыстары үшін Бижігітов Әбдірайым, Жалтанбаев Нұрмағамбет, Дүйсембаев Ақыш ОГПУ-дың Жаңақорғандық ОС-ның 1932 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынған, қылмыстық іс қозғалған.
Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны ОГПУ-дың облыстық бөлімінің бастығы бекіткен, облыстық прокурор келіскен.
Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы Үштіктің 1933 жылғы 19 сәуірдегі қаулысымен:
— Бижігітов Әбдірайым мен Жалтанбаев Нұрмағамбет — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге.
— Дүйсембаев Ақыш — 3 жылға концлагерьге сотталған.
Бұлар сотталғаннан кейін ОГПУ-дың Қарағанды лагеріне 1933 жылдың 21 мамырында айдалған.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 16 қазандағы қорытындысымен — Бижігітов Әбдірайым, Жалтанбаев Нұрмағамбет және Дүйсембаев Ақыш — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указының негізінде толық ақталған.

## 1933 жылы

I

**АҚАМБАЕВ** Ақмәмбет — Жаңақорған ауданы, № 10 ауылда 1896 жылы туған, сауатты, 1924 жылдан БК(б)П мүшесі, № 6 ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған, 1929 жылы екі рет қоғам қаржысын жеп қойғаны үшін сотталған, 1932 жылы біреудің мүлкін иемдегені үшін сотталған, 1932 жылы топ құрғаны үшін айып тағылған. Бұл тағылған айыптардан ақталған. Әйелі — Ажаркүл, ұлдары — Бәкір, Сәрсенбек.
Жаңақорған аудандық партиялық бақылау комиссиясының 1932 жылғы 5 маусымдағы Мәжілісі бойынша:
Тыңдалды:
Ақамбайұлы Ақмәмбет 1896 жылы туған, ұлты қазақ. 1924 жылдан партия мүшесі, билет № 0949976, партия жолымен жікке қатысқаны үшін тазалау комиссиясынан бір рет сөгіс алған. Бұрын екі рет сотты болған, бірінде екі жылға кесілген. Қатын-бала, үй мүлкі бар. Ақтар әскерінде болмаған, қызыл әскерде де болмаған. Осы күні № 10 ауылдағы «Еңбек» колхозына мүше.
Айыпталатын ісінің түрі:
1) Жікке қатысқан, 2) Ауылдық кеңестің ағасы болып жүргенде колхоз ақшасын жеген, бай-кулактармен байланысқан, пара алған. Бұл қылмыстары сот тергеуінде мойнына қойылған, 3) Бай-кулактардың колхоз қорына сатылатын жаңа киізін өзінің ескі киізін беріп ауыстырып алған

және бір кілем алған. 4) Өне бойы маскүнемдікке салынған.
Қаулы:
Ақмәмбет Ақамбаев жікке қатысып, баймен жақтасқан, бай-кулактардың дүниесін өз бойына жаратқаны үшін партия қатарынан шығарылсын.
Мәжіліс ағасы ӘБДІРӘЙІМҰЛЫ,
хатшысы ҚАТБАЙҰЛЫ.
Көшірме негізінен дұрыс. ҚКП облыстық архиві. Ф. 313, оп 2, Ехр 33, л. 190.
Оңтүстік Қазақстан облыстық партиялық бақылау комиссиясының 1932 жылғы 3 қазандағы қаулысымен Ақамбаев Ақмәмбетке қатаң сөгіс беріліп, партия қатарында қалдырылған. Бірақ оның өмір жолы кейін былай қалыптасқан:
1) Облыстық партия комитеті оны № 6 ауылдық кеңеске төраға етіп жіберсе, сонда жүріп мемлекет қаржысын жеп қойғаны үшін Шу ауданына қашып кеткен.
2) Шу аудандық партия комитеті оны Бурабайтал ауылдық кеңесіне төраға етіп жіберсе, онда да мемлекет қаржысын жеп қойғаны үшін Жаңақорған ауданына қашып келген.
3) Шу аудандық партия комитеті 1934 жылғы 22 қазанда оны партия қатарынан шығарған.
**ӘЙТЕНОВ** Бейсен — Жаңақорған ауданының № 6 ауылдық кеңесінде, Ленин атындағы колхозда 1901 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, 1920 жылдан 1928 жылға дейін саудагерлікпен айналысқан, 1929 жылы дауыс беру құқығынан айырылған, колхозшы, әкесі Әйтен колхоз малын талан-таражға салғаны үшін 2 жылға бас бостандығы еркінен айырылған. Әйелі Анар, баласы — Манап, қызы — Сарматай.
**ШАЙМАНОВ** Әріп (Арын) — Жаңақорған ауданы, № 6 ауылдық кеңесі «Қарақұм» колхозында 1899 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, «Қарақұм» колхозы басқармасының мүшесі, бұрын сотталмаған, әйелі — Қыздаркүл, баласы — Мәлік.
**ӘБІЛОВ** Кенже — № 6 ауылдық кеңесі, Ленин атындағы колхозда 1900 жылы туған, байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, колхоз мүшесі, 1932 жылы РСФСР ҚК 109 бабымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, Әулие Ата еңбек түзеу лагерінен қашып кетіп, кейінгі уақытқа дейін жасырынып жүрген. Әйелі — Қалдан.
**ТҰРҒАМБАЕВ** (Тұрғамбетов) Байділда — Жаңақорған ауданының № 4 ауылында 1906 жылы туған, кейін осы ауданның № 6 ауылы, «Жайылма» колхозында тұрған, сауатты, 7 ай № 6 ауылдық кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, әйелі Базаркүл, туыстары — Әбілда, Ахет.
**НАРБОТЫНОВ** Артықбай — № 6 ауылдық кеңес, «Қарақұм» колхозында 1905 жылы туған, атқамінердің баласы, сауатты, 1930 жылдан БКП(б) мүшелігіне кандидат, «Қарақұм» колхозы басқармасының төрағасы болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, үйленбеген.
**ЖҰМАБЕКОВ** Байболат — № 6 ауылда 1887 жылы туған, шала сауатты, жұмыссыз, 1932 жылы топқа қосылғаны және қоғам қаржысын жеп қойғаны үшін БК(б)П қатарынан шығарылған, сол жылы біржарым жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, қамаудан босатылған. Әйелі Зиба, қызы — Базар.
**БӘЙІМБЕТОВ** Таш — № 6 ауылдық кеңесте 1893 жылы туған, сауатты, партияда жоқ, 1927 жылға дейін саудагерлікпен айналысқан, 1928—1929 жылдары салық төлеуден қашқалақтап жүрген, 1931 жылға дейін дауыс беру құқығынан айырылған, 1930 жылы міндетті тапсырманы орындамағаны үшін бір жылға еріксіз жұмысқа сотталған. Әйелі — Күлбибі, қызы — Әнипа.
**ЕРСЕКЕЕВ** Сәдуақас — № 6 ауылда 1888 жылы туған, революцияға дейін молда болған, Әбдіраман, Жүніс Шабдинов, Қалыбай Жүсіпов деген молдалардан дәріс алған, 1927 жылдан БК(б)П мүшесі, бұрын сотталмаған, әйелі — Пәтима, балалары — Мәлкайдар, Кәбила, Нәбира.
**ДАТҚАБАЕВ** Муса — Жаңақорған ауданының № 7 ауылында 1897 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, № 6 ауылдағы «Қандыарал» колхозында төраға болып жұмыс істеген, 1932 жылы РСФСР ҚК 109 бабымен 6 айға еріксіз жұмысқа сотталған. Әйелі — Қадиша, балалары — Иса, Күлжан.
**ТҰРАПОВ** Епен — № 6 ауылда 1895 жылы туған, бай-молданың баласы, шала сауатты, 1929 жылы байларды қорғап қамқорлыққа алғаны үшін БК(б)П қатарынан шығарылған, «Жайылма» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған. 1932 жылы РСФСР ҚК 109 бабымен бір жылға еріксіз жұмысқа сотталған. Әйелі — Қантай, ұлдары — Дауқабай, Бекмырза, Қалмырза, Мақмұт, Жүніс, қыздары — Базаркүл, Бекайша.
1932—1933 жылдары жоғарыда атап көрсетілген бай-атқамінер элементтер, «жалған белсенділер» Ленин атындағы колхоздың басшы қызметтеріне орналасып алып, үнемі колхоздың астығы мен малын ұрлаумен, ішіп-жеумен және талан-таражға салумен айналысқан. Мақтаны күтіп-баптау және жинау кездерінде олардың әрекеттері контрактация жоспарын бұзуға бағытталған. 1932 жылы шөп жинау кезінде шөп дайындауға да қарсы үгіт жүргізген. Осы топтың жауыздық әрекеттері салдарынан Ленин атындағы колхоз бойынша 524 бас жылқыдан, 135 бас түйеден және 102 бас өгізден 1933 жылы 138 бас жылқы, 42 түйе, 41 бас өгіз ғана қалған. Контрактация жоспарындағы 1350 тонна мақта 15 процент ғана орындалған. Шөп дайындау жоспары да орындалмаған, орылған шөпті олар өртеп жіберген. Соның салдарынан қоғамдық малдар шөпсіз қалған. Бұл топтың әрекеттері колхозды құлатуға, Кеңес өкіметінің ауылда жүргізіп жатқан шаруашылық-саяси шараларын бұзуға бағытталған.
Міне осындай айыптаулар үшін 11 адамнан тұратын бұл топ Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ-дың Жаңақорған ауданындағы өкілінің 1933 ылғы 18 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 38 бабының 7 тармағымен қылмыстық жауапқа тартылған.

Тергеу материалдары айыптау қорытындысымен қоса Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімі арқылы Қазақстан ОГПУ жанындағы Сенімді өкіл үштігінің қарауына жіберілген. Тұтқындағылар Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің қарамағына айдалған.

Оңтүстік Қазақстан Облыстық ОГПУ бөлімі СПО-ның өкілінің 1933 жылғы 19 мамырдағы қорытындысымен айыпкерлер Тұрғамбаев Байділданы, Нарботынов Артықбайды істеген қылмыстарының онша ауыр еместігі үшін Тілхатпен қамаудан босатылған, Жұмабеков Байболат пен Датқабаев Муса —қамаудан босатылған және олардың ісі тоқтатылған.

Бірақ Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен:

— Ерсекеев Сәдуақас, Турапов Епен, әрқайсысы 6 жылға концлагерьге.

— Нарботынов Артықбай, Бәйімбетов Таша — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге.

— Ақамбаев Ақмәмбет, Әбілов Кенже — әрқайсысы 3 жылға концлагерьге.

— Шайманов Әріп — 3 жылға концлагерьге (бұл шартты түрде) сотталған.

— Тұрғамбаев Байділда — алдын-ала отырғанын есептеп, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық соты президиумының 1964 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен Қазақстандағы ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы Б. Әйтенов, Е. Турапов, С. Ерсекеев, А. Нарботынов, Т. Бәйімбетов, А. Ақамбаев, К. Әбілов, А. Шаймановтың ісі бұзылып, оларға тағылған айыптың анықталмағаны үшін олардың ісі мүлдем қысқартылған.

Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бөлім бастығының 1994 жылғы 10 мамырдағы қорытындысымен — Б. Әйтенов, Е. Тұрапов, С. Ерсекеев, А. Нарботынов, Т. Бәйімбетов, А. Ақамбаев, К. Әбілов, А. Шайманов, Б. Тұрғамбаев Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде толық ақталған.

## II

**БИЖІГІТОВ** Әбдірәйім — Жаңақорған ауданындағы бұрынғы № 8 ауыл, қазіргі Шиелі ауданындағы «Төңкеріс» колхозында 1896 жылы туған, қамауға алғанға дйин осы колхоздың төрағасы болып істеген.

**ЖОЛТАНБАЕВ** Нұрмағамбет — «Төңкеріс» колхозында 1887 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы колхозда күзетші болған.

**ДҮЙСЕНБАЕВ** Ақыш — Жаңақорған ауданы территориясында 1893 жылы туған, қамауға алғанға дейін осы ауданда тұрған.

Бұл 3 азаматқа қарсы Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімінің Жаңақорған ауданындағы өкілдігі қылмыстық іс қозғап, қоғам дәулетін талан-таражға салды деген айыппен қамауға алған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі үштігінің 1933 жылғы 19 сәуірдегі қаулысымен: Бижігітов Әбдірәйім, Жолтанбаев Нұрмағамбет — әрқайсысы 10 жылдан, Дүйсенбаев Ақыш — 3 жыл түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры 1989 жылғы 16 қазанда бұл үш азаматтың архивтік құжаттарын қайта қарап, олардың әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, үшеуін де толық ақтаған.

## III

**ИБАДУЛЛАЕВ** Сәруар — Жаңақорған ауданы, № 11 ауылда 1882 жылы туған, арабша сауатты, Айқожа ишанның немересі, әкесі Ибадулла ишан, өзі де ірі ишан болған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған. 4 әйелі болған.

Оған тағылған айыптар.

— контрреволюциялық ұйым құрудың ұйымдастырушысы болған, оның алға қойған түпкі мақсаты шетел интервенттерінің қолдауына сүйеніп, Түркістанда және Қазақстанның оңтүстік облыстарында қарулы күрес арқылы кеңес үкіметін құлату;

— өзінің контрреволюциялық жұмысында шетелдегі контрреволюциядық ұйымнан нұсқау және инструктаж алып отырған;

— Қазақстаннан Орта Азияға жұртшылықты жаппай көшіру;

— Ауғанстанға эмиграциялық қозғалыс құру жұмысын басқарған;

— контрреволюциялық ұйымның алға қойған мақсатына жету жолында өзі тікелей 16 жасырын мәжіліс өткізіп, оларды басқарған;

— Жаппай эмиграция ұйымдастыру сәтсіздікке ұшыраған жағдайда Шупановпен бірге Памир арқылы Ауғанстанға өтіп кетуді көздеген.

Ол өзінің кінәсін мойындаған.

**АСЫЛБЕКОВ** Игілік — Түркістан ауданының № 17 ауылында 1882 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.

Оған тағылған айыптар:

— Контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшелерінің бірі;

— Караван-баши ретінде өкімет жүктерін тонау мен ұрлауды басқарған, оның артелі 1000 пұттан астам астықты ұрлаған;

— 2 наурыз күні Жаңа базардағы үйінде жұртшылықты Ауғанстанға көшіру мәселесі туралы жасырын мәжіліс өткізген.

— Қазақстаннан эмиграцияны ұйымдастыру және мемлекеттік астық жүгін ұрлау мәселесі туралы контрреволюциялық орталықтың өткізген жасырын мәжілісіне қатысқан.

Ол өзінің кінәсін мойындаған.

**ТІЛЕУБЕРГЕНОВ** Құтымбай — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1881 жылы туған, руы божбан, бай-болыс болған, өзінің шаруашылығында 5 жалшы ұстаған, шала сауатты, партияда жоқ, 1929 жылдан қашып жүрген, үйлі-жайлы.

7 -21086

Оған тағылған айыптар:
— Пархар контрреволюциялық тобының жетекшісі;
— Жаңақорған ауданының тұрғындарын Өзбекстанға көшірудің ұйымдастырушысы, контрреволюциялық топтың жетекшісі ретінде, тікелей өзі Жаңақорған ауданына арнайы тыңшы-байланысшы жіберіп, Оразбек, Асан Қасымовтарды, Шайбаров Әбдіні, Мәмбетияр мен Ораз Ерімбетовтерді, тағы басқаларды көшіру жөнінде тапсырма берген. Көшіруді ұйымдастыру жөніндегі оның жүргізген контрреволюциялық жұмыстарының нәтижесінде Жаңақорған ауданынан 750 үй қожалығы қоныс аударған;
— Контрреволюциялық ұйымның тыңшы-байланысшысы Ержанов Тәшімді шетелге — Ауғанстанға өткізіп жіберген;
— Көшпенділерді Ауғанстанға эмиграциясын ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізген;
— Контрреволюциялық ұйымның Конгурде, Дангарада, Сталинабадта өткізген жасырын мәжілістеріне қатысқан.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**ҮСЕМБАЕВ** Дүйсен — Жаңақорған ауданының № 4 ауылында 1877 жылы туған, бай болған, 1928 жылы мал-мүлкі тәркіленген, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айыптар:
— Пархар контрреволюциялық топ жетекшілерінің бірі;
— Жаңақорған ауданының тұрғындарын Тәжікстанға көшіруді ұйымдастырушы, тұрғындардың көшуін ұйымдастыру мақсатында Қазақстанға арнайы адамдар жіберген;
— контрреволюциялық топтың тапсырмасымен топтың тыңшы-байланысшысы Ержанов Тәшімді шекараға өткізіп жіберуге жәрдемдескен;
Тұрғындардың Ауғанстанға эмиграцясын ұйымдастыру жұмысын жүргізген;
— контрреволюяицялық орталықтан контрреволюциялық ұйымның филиалдарына — әсіресе Сәруар Ибадуллаевқа тыңшы-байланысшы болған, оның инициативасы бойынша Гузар қаласында шоғырланған көшпенділерді Тәжікстанның шекарасына апарып тастау белгіленген;
— Байсунда, Конгурде, Дангарада, Пархарда өткізілген жасырын мәжілістерге қатысқан;
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**НЫҒЫМЕТОВ** Махмұт — Жаңақорған ауданының № 9 ауылында 1894 жылы туған, молда болған, арабша сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген.
Оған тағылған айыптар.
— Шекара пунктінде орналасқан Арал контрреволюциялық ұйым филиалы жетекшілерінің бірі және Жаңақорған ауданының тұрғындарын Тәжікстанға көшіруді ұйымдастырушы;
— 1933 жылдың басында контрреволюциялық орталықтың тапсырмасымен байланыс жасау үшін Ауғанстанға жіберілген, бірақ шекарадан өтейін деп тұрғанда ұсталған;
— Тұрғындарды Ауғанстанға эмиграция жасау жұмысын жүргізген;
— Сталинабадта өткізілген жасырын мәжіліске қатысқан.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**СМАЙЫЛОВ** Уайда — Жаңақорған ауданының № 4 ауылында 1894 жылы туған, руы сунақ, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған. Кейін Тәжікстанда Янги-Базарда тұрған, караван-баши болған, әйелі — Қадиша, балалары — Айтжан, Дәрікүл, Сәтен.

**АРҒЫНБАЕВ** Кәку — Сарысу ауданының № 3 ауылында 1864 жылы туған, жартылай феодал, партияда жоқ, бұрын 2 жылға сотталған, КазЦИН және СНК-ның жартылай феодалдарды конфискалау туралы декретіне байланысты жер аударылған, бірақ ссылка жерінен қашып кеткен. Үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— 1930 жылғы Созақ қарақшыларының қозғалысына қатысқан;
— белсенді Қараноғай Чала (шалыны) өлтіруге қатысқан, сол үшін оның екі туысқаны атылған, ал ол тексеруден қашып кеткен;
— Сарысу және Әулие Ата аудандарының тұрғындарын көшурді ұйымдастырушылардың және оларды Ауғанстанға эмиграция жасаушылардың бірі болған;
— Алтыбаев пен Тоқтаназаров Рысбайдың үйінде контрреволюциялық жасырын мәжілістерге қатысқан.
Ол көшуді ұйымдастырғаны жөнінде өз айыбын мойындаған.

**БЕКӘЛИЕВ** Ибрагим — Жаңақорған ауданындың № 4 ауылында 1872 жылы туған, молда, ірі бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, әйелі — Күлай, баласы — Бағаутдин.
Оған тағылған айыптар:
— Байсун контрреволюциялық топтың жетекшісі және Жаңақорған ауданы тұрғындарының көшуін ұйымдастырушы жетекшілерінің бірі болған;
— Тұрғындардың Ауғанстанға эмиграциясын ұйымдастыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізген, сол жөнінде 3 рет жасырын мәжіліс өткізген;
— «Ақ ишанның» діни муридтарымен байланыс жасау үшін Ауғанстанға делегация жіберген;
— Контрреволюциялық ұйым орталығымен және Чупанов (Шапанов) Өтегенмен, Ибайдуллаев Сәруармен үнемі байланыс жасап тұрған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**ЕРӘЛИЕВ** Бердалы— Жаңақорған ауданының № 6 ауылында 1883 жылы туған, руы божбан, «Ақ ишанның» муриді, бай болған, тұрақты 4 жалшы ұстаған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, әйелі — Қалипа, балалары — Нағман, Сәлима, Махмут.
Оған тағылған айыптар:
— Байсун контрреволюциялық топ жетекшілерінің бірі және Жаңақорған ауданының тұрғындарының көшуін ұйымдастырушы;
— Тангарамада және Бекәлиев пен Шупановтың үйінде өткізілген жасырын мәжілістерге қатысқан;
— Ауғанстанға эмиграцияны ұйымдастыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізген, соған көшіп

барған Тоқберген-Ахун Сейдуәлиевпен тығыз байланыста болған;
— Байсун контрреволюциялық тобының контрреволюциялық орталық пен Ибадуллаев Сәруармен және Шахиризябдегі контрреволюциялық топ арасында байланысшы жұмыстарын атқарған;
— Жаңақорған контрреволюциялық тобымен тығыз байланыс жасап тұрған;
— Эмиграция кезінде транспорт артеліндегі мемлекеттің барлық малын Ауғанстанға айдап әкету жөнінде көшпенділер арасында үгіт жүргізген.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**ҚОЙЛЫБАЕВ** Сапар — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1867 жылы туған, ірі ишан, «Ақ ишанның» мүриді болған, партияда жоқ, Қызылқұм ауданының № 6 ауылында тұрақты тұрған, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айыптар:
— Байсун контрреволюциялық топ жетекшілерінің бірі, Казақстанның оңтүстік аудандарынан көшулерді ұйымдастырушы, көшпенділердің Ауғанстанға эмиграциясын ұйымдастырушы. Осы мақсатта бірнеше жасырын мәжіліс шақырған және оны өзі басқарған;
— Өзбекстанда шоғырланған көшпенділерді Тәжікстанның шекарасына жеткізушілердің бірі;
— Эмиграция кезінде «Союзтранстың» меншігіндегі 200 түйені және мемлекеттік жүкті алып кету көшпенділер арасында жұмыс жүргізген;
— Ауғанстанға эмиграциямен көшіп барған «Ақ ишанның» муриді — Тоқберген Ахун Сейдуәлиевпен жазбаша және тыңшылар арқылы байланыс жасап тұрған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**ТОҚНАЗАРОВ** (Тілеубергенов) Әбдікәрім — Әулие Ата ауданының № 25 ауылында 1900 жылы туған, ірі саудагер, сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы РСФСР ҚК 72 бабымен 3 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, 1931 жылы екінші рет контрреволюциялық әрекеттері үшін 6 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, бірақ қамаудан қашып кеткен.
Оған тағылған айыптар:
— Гузаре қаласындағы контрреволюциялық топ жетекшілерінің бірі және Әулие Ата ауданының тұрғындарын Өзбекстанға көшіруді ұйымдастырушы. Көшуді ұйымдастыру мақсатында Гузардан Әулие Ата ауданына арнайы адамдар жіберген;
— контрреволюциялық ұйымның жеке мүшелерінің тапсырмасымен алтын сатып алумен айналысқан, осы мақсатта Әулие Ата ауданына 3 рет келіп кеткен;
— Барлық жасырын түрде өткізілген мәжілістерге белсенді түрде қатысқан және көшпенділерді эмиграцияға жіберу жұмыстарын белсенді жүргізген;
— Көшпенді қазақ әйелдерінің нашар тұрмысын пайдаланып, ол өзбектерге 7 әйелді сатқан.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.

**ТҮСТІКБАЕВ** Жетен — Әулие Ата ауданында 1870 жылы туған, кейін Әулие Ата қаласының № 4 кварталында тұрған, сауатсыз, партияда жоқ, саудагер, жартылай феодал, 1928 жылы РСФСР ҚК 61 бабымен 1,5 жылға Қырғызстанға жер аударылған, одан қашып кеткен.
Оған тағылған айып:
— Гузаре контрреволюциялық топтың белсенді мүшелерінің бірі және Әулие Ата ауданының көшушілерінің жетекшісі, ол өзі 40 үй қожалығының көшуін ұйымдастырған;
— Жасырын мәжілістерге қатысушы және Ауғанстанға эмиграцияның белсенді ұйымдастырушылардың бірі.
— Тұрғындарды Өзбекстанға көшуді ұйымдастыру жөнінде Гузардан Әулие Атаға екі рет адамдар жіберген;
— Шахириязябе контрреволюциялық тобымен тығыз байланыс жасаған. Оның осында контрреволюциялық әрекеттері салдарынан Әулие Ата ауданындағы «Бектөбе» колхозы құлаған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**ЕЛУБАЕВ** Аппаз — Әулие Ата ауданында 1887 жылы туған, кейін Әулие Ата қаласының № 4 кварталында тұрған, саудагер, сауаты бар, партияда жоқ, мал-мүлкі тәркіленген, бұрын сотталған, бірақ қашып жүрген, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Шахиризябе қаласындағы контрреволюциялық топты ұйымдастырушы және оның жетекшісі;
— Оның тікелей басшылығымен 30 үй-қожалық көшіп кеткен;
— Тәжікстанға көшушілерді ұйымдастыру үшін өзі Өзбекстаннан Әулие Ата ауданына келген;
— Контрреволюциялық орталықпен Шуканов арқылы тығыз байланыс жасаған;
— Тұрғындардың Ауғанстанға эмиграциясын ұйымдастыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізген.
Ол көшуді ұйымдастыру жөніндегі айыпты ғана мойындаған.

**БАУБЕКОВ** Сәдуақас — Әулие Ата қаласында, № 2 кварталда 1890 жылы туған, саудагер, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Шахиризябеде контрреволюциялық топтың жетекшілерінің бірі, Әулие Ата ауданынан көшушілерді ұйымдастырушы;
— Ол жеке өзі Әулие Ата ауданынан 30 үй-қожалықтың көшуін ұйымдастырған;
— Контрреволюциялық топтың жасырын мәжілістеріне қатысқан, Байсун контрреволюциялық тобымен тығыз байланыста болған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**АҚПАНАЕВ** Мұхаметәлі — Түркістан ауданының № 14 ауылында 1878 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған. Үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Түркістан ауданынан Өзбекстанға көшуді ұйымдастырушы және оның жетекшісі. Ол 34 үй-қожалығының көшуін ұйымдастырған;
— Контрреволюциялық ұйымның орталығымен, Ибадуллаевпен, Шупановпен тығыз байланыста болған;

— Тұрғындарды Ауғанстанға эмиграцияға жіберу жөніндегі жұмысты белсенді жүргізген.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**БАБАЖАНОВ** Шәмші — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1868 жылы туған, беделді ишан, «Ақ ишанның» мүриді болған, партияда жоқ, 1929 жылы РСФСР ҚК 58 бабымен сотталған, үйлі-жайлы.
— Оған тағылған айып:
— Жаңақорған және Түркістан аудандарынан Өзбекстанға көшушілердің жетекшілерінің бірі, көшпенділерді Қазақстаннан Орта Азияға өткізіп тұрушы адам болған, ол көшпенділердің барып тұратын жерін өз қалауынша белгілеп беріп отырған;
— Контрреволюциялық орталықпен — Ибадуллаев Сәруармен және Қазақстандағы филиалдарымен жеке байланыс жасап отырған;
— Тұрғындарды Ауғанстанға көшіруді ұйымдастыру жұмысын жүргізген.
Ол өзіне тағылған айыптарды мойындамаған. Келтірілген 9 куәнің берген жауаптарымен айыптары анықталады.
**ШӨКЕЕВ** Бабахан (ол немесе Уайысов Асан)— Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1885 жылы туған, атқамінер болған, шала сауатты, партияда жоқ, колхоздан шығарылған, бұрын сотталмаған. Үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Контрреволюциялық ұйымның мүшесі, Бабажанов Шәмшінің нөкері ретінде үнемі қасында болған;
— Түркістан ауданынан көшушілерді белсенді ұйымдастырушылардың бірі;
— Контрреволюциялық ұйыммен байланыс жасау үшін Сталинградқа және Байсунға барған;
— Колхоздарды құлату және көшуді ұйымдастыру мәселелері жөніндегі жасырын мәжілістерге қатысқан.
Ол өзіне тағылған айыптарды мойындаған.
**ЖОРАБЕКОВ** Әбу — Созақ ауданының № 9 ауылында 1890 жылы туған, саудагер, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Созақ қарақшыларының қозғалысына қатысқан;
— Исаев Жанәділдің контрреволюциялық орталығының мүшесі. Оның тапсырмасымен Созақ ауданы тұрғындарының көшуін ұйымдастырған, контрреволюциялық ұйымның байланысшысы болған;
— Көшпенділердің Ауғанстанға эмиграциясын ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізген.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**МАМЫРАЙЫМОВ** Сейдахмет — Жаңақорған ауданының № 4 ауылында 1860 жылы туған, ірі ишан, бай болған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Жаңақорғанда контрреволюциялық ұйымның филиалын ұйымдастырушы және оның жетекшісі; Жаңақорған ауданынан Орта Азияға жаппай көшуді ұйымдастырушы;
— Байсун контрреволюциялық тобының белсенді мүшесі, ол топтың барлық тапсырмаларын жүзеге асырып отырған;
— Ауғанстанға жаппай эмиграцияны ұйымдастыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізген, жасырын мәжілістердің барлығына қатысқан;
— Ауғанстанда эмиграциямен тұрушы Тоқберген Ахун Сейдуәлиевпен байланыс жасап тұрған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**АЛДАБЕРГЕНОВ** Медетбек — Жаңақорған ауданының № 7 ауылында 1892 жылы туған, ірі бай отбасынан шыққан, сауатты, партияда жоқ, (туған ағасы Алдабергенов Серікқұл контрреволюциялық орталықтың мүшесі), қызметкер, аудандық жер бөлімінің статисі болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Жаңақорған контрреволюциялық тобының белсенді мүшелерінің бірі, өзінің ағасы Алдабергенов Серікқұлдың тапсырмасымен Жаңақорған ауданынан жаппай көшуді ұйымдастырып, жүргізген;
— Оның контрреволюциялық әрекеттерінен «Елтай» колхозы құлаған, колхоздың 75 процент колхозшылары көшіп кеткен;
— Аудандық жер бөлімінің статисі болып тұрғанда жауыздықпен астық дайындау және егістік жөнінде көбейтілген орындалмайтын жоспар жасаған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**БАБАЕВ** Ақжан — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1885 жылы туған, шала сауатты, бұрын БК(б)П мүшесі, атқа мінер болған, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Жаңақорған контрреволюциялық тобының белсенді мүшелерінің бірі, тұрғындарды Өзбекстанға көшірудің ұйымдастырушысы;
— Теміржол әкмшілігімен өзінің таныстығын пайдаланып, көшпелі байларға вагондар алып беруге бар күшін салған;
— Өзінің контрреволюциялық жұмысында байланысшы Ерімбетов арқылы Тәжікстандағы контрреволюциялық топпен тығыз байланыста болған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**ҮЛГІРОВ** (Шегіров) Әріпжан — Жаңақорған ауданының № 2 ауылында 1898 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы мал-мүлкі тәркіленген, контрреволюциялық әрекеті үшін ең жоғары жаза атуға сотталған, кейін ол жаза 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға өзгертілген, түтқыннан қашып кеткен. Әйелі, екі баласы бар.
Оған тағылған айып:
— Байсун контрреволюциялық тобының мүшесі, Жаңақорған ауданы тұрғындарын Өзбекстанға көшуін ұйымдастырушы;
— Байсун контрреволюциялық тобының шешімімен Ауғанстанға шет елдегі контрреволюциялық топ мүшелеріне, Сейдуәлиевке және басқаларға жіберілген, бірақ шекарадан өтуге талаптанған кезде шекарашылар арқылы тұтқынға алынған.

Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**ҚҰЛАХМЕТОВ** Әбдісамат — Жаңақорған ауданының № 3 ауылында 1887 жылы туған, ірі ишанның отбасынан шыққан, саудагер, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Байсун контрреволюциялық тобының белсенді мүшелерінің бірі, Жаңақорған ауданы тұрғындарын Өзбекстанға көшуді ұйымдастырушы;
— Аудан тұрғындарын Ауғанстанға эмиграциясын ұйымдастыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізген;
— Байсун контрреволюциялық тобы шақырған жасырын мәжіліске қатысқан;
— Ауғанстанға эмиграциямен көшкен Тоқберген ахун Сейдуәлиевпен, тағы басқалармен тығыз байланыс жасап тұрған;
— мал ұрлаумен айналысқан, ол колхоздың 4 жылқысын ұрлаған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**ЕРІМБЕТОВ** Мәмбетияр — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1889 жылы туған, бай болған, мал-мүлкі тәркіленген, сауатты, партияда жоқ, пара бергені үшін сотталған, қамаудан қашып кеткен, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Ибадуллаев Сәруар басқарған Сталинабад контрреволюциялық тобының белсенді тапсырмаларын орындаған;
— Жаңақорған ауданынан Тәжікстанға көшушілерді ұйымдастырушылардың бірі;
— Пархар және Жаңақорған контрреволюциялық топтарымен байланыста болған, ол Сәруар ишан басқарған контрреволюциялық ұйымға мүше болған, оның жеке тапсырмаларын орындаған.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.
**БАТЫРБЕКОВ** Мұқан — Түркістан ауданының № 21 ауылында 1912 жылы туған, ірі байдың баласы, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
—Оған тағылған айып:
— Гузара қаласындағы контрреволюциялық ұйымның мүшесі, Түркістан ауданынан Өзбекстанға көшуді ұйымдастырушы, оның басшылығымен 15 үй қожалығы көшкен;
— Контрреволюциялық жасырын мәжіліске қатысқан.
Ол өзінің айыбын шінара мойындаған.
**ЖАНТЕМІРОВ** Сапар — Түркістан ауданының № 13 ауылында 1875 жылы туған, ишан болған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад қаласындағы контрреволюциялық ұйымның мүшесі;
— тұрғындарды Ауғанстанға көшіру жөнінде белсенді жұмыс жүргізген, Тәжікстандағы контрреволюциялық орталықтың басшыларымен тығыз байлыныста болған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**САПАРОВ** Уәйіс — Түркістан ауданының № 13 ауылында 1896 жылы туған, ишанның баласы, саудагер, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық тобының белсенді мүшесі және шетелге көшушілердің ұйымдастырушысы, Тәжікстанның контрреволюциялық орталығының Гузар және Байсун филиалдарымен байланысшысы;
«Мақсат» колхозының астығы мен малдарын ұрлаумен айналысқан.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.
**ЖЕТЕНОВ** Мәліқұл — Әулие Ата ауданының № 4 ауылында 1895 жылы туған, руы қаңлы, жартылай феодал, саудагердің баласы, сауатты, партияда жоқ, контрреволюциялық әрекеті үшін 5 жылға сотталған, қамаудан қашып кеткен, әйелі, 4 баласы бар.
— Гузар контрреволюциялық тобының белсенді мүшесі, Әулие Ата тұрғындарын Өзбекстанға көшірудің ұйымдастырушысы;
— Оның контрреволюциялық әрекеттерінен «Бек төбе» колхозы құлаған;
— Ауғанстанға эмиграцияны ұйымдастыруға белсенді түрде қатысқан, Гузар контрреволюциялдық тобының тапсырмасымен жаппай көшуді ұйымдастыру үшін Әулие Ата ауданына келген.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.
**МЫСЫҚБАЕВ** Асылбек — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1892 жылы туған, бай болған, сауатты, қызметкер, бұрынғы БК(б)П мүшесі, 1929 жылы РСФСР ҚК 169 бабымен 2 жылға сотталған.
Оған тағылған айып:
— Жаңақорған контрреволюциялық тобының мүшесі, тұрғындарды Өзбекстанға көшіруді ұйымдастырушылардың бірі, сельпоның төрағасы қызметін пайдаланып, көшпенді байларға жалған құжаттар берген.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.
**НҰРМАНОВ** Тәшім — Жаңақорған ауданының № 11 ауылында 1898 жылы туған, руы қыпшақ, саудагер, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, әйелі, 3 баласы бар.
Оған тағылған айып:
— контрреволюциялық топ жетекшілерінің бірі Шупанов Өтегеннің жеке байланысшы жігіті болған, Шупанов оны ұрланған мемлекет астығын сату жөніндегі приказчигі еткен;
— контрреволюциялық ұйымның өткізген жасырын мәжілістеріне қатысушы, Шупанов Өтегеннің тапсырмасымен сатушы болып Қазақстанның оңтүстік аудандарына барып, көшіру жұмысын жүргізген, атқарған жұмысы үшін Шупановтан сыйлықтар алған, екі айда ол 1400 сом сыйлық алған.
Ол өзін айыптымын деп санамаған, тек Шупановтың әрекетін біле тұра тиісті органдарға білдірмегені үшін айыптымын деп мойындаған.
**СЕЙДАХМЕТОВ** Омар — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1887 жылы туған, молда, сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы 2 жылға сотталған. Үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Сәруар ишан Ибадуллаевтың Жаңақорған контрреволюциялық тобымен байланыс жасаушы

болған, Жаңақорған ауданынан Орта Азияға көшушілердің арасында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген, Жаңақорған контрреволюциялық тобының шақырған жасырын мәжілістеріне қатысқан.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**САПАРБАЕВ** Файзырахман — Әулие Ата қаласында 1901 жылы туған, ірі бай, 15 жалшыға дейін ұстаған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық тобының белсенді мүшелерінің бірі және Әулие Ата ауданынан көшушілерді ұйымдастырушы;
— Контрреволюциялық жасырын мәжілістерге қатысқан;
— Гузар контрреволюциялық тобының байланысшысы болған, көшпенділерді Ауғанстанға эмиграция жасауға дайындық жүргізген.
Ол өзіне тағылған айыптарды мойындамаған, тағылған айыптар 10 куәнің берген жауабымен анықталған.
**ЖАМАНБАЛАЕВ** Оспан — Әулие Ата ауданының № 3 ауылында 1890 жылы туған, ірі бай, саудагер, партияда жоқ, 1929 жылы РСФСР ҚК 61 бабымен сотталған, бірақ тұтқыннан қашып кеткен, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық тобының белсенді мүшелерінің бірі, жасырын мәжілістеріне қатысушы;
— Ауғанстанға эмиграцияны ұйымдастыру жөнінде жұмыстар жүргізген.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**ЖАНДАЕВ** Нұрмұхан — Жаңақорған ауданының № 14 ауылында 1896 жылы туған, атқа мінер, шала сауатты, БК(б)П қатарынан шығарылған, 1930 жылы РСФСР ҚК 111 бабымен бір жарым жылға сотталған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Шахиризябтегі контрреволюциялық топтың мүшесі;
— Ол өзін өкімет адамымын деп алдау жолымен көшпенді байлардан пара алумен және алтын сатып алумен, әрі оны қайта сатумен айналысқан;
— Жаңақорған ауданынан көшушілерді ұйымдастырған.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.
**ЖАРАСОВ** Мақаш — Әулие Ата ауданының № 3 ауылында 1883 жылы туған, бай-саудагер, мал-мүлкі тәркіленген, шала сауатты, партияда жоқ, 1930 жылы ҚК 61 бабымен (3 тармағымен) 2 жылға сотталған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Шахиризяб контрреволюциялық тобының мүшесі;
— Ауғанстанға эмиграцияны ұйымдастыруға белсенді түрде қатысқан, Әулие Ата ауданынан Шахиризябке көшушілерді ұйымдастырған, Гузар контрреволюциялық топпен байланыс жасаған.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.
**АҚНАЗАРОВ** Күздеу — Арыс ауданының № 8 ауылында 1888 жылы туған, «Бедняк» колхозының бұрынғы мүшесі, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық тобының мүшесі, Арыс ауданының тұрғындарын Өзбекстанға көшіруді ұйымдастырушы, Өзбекстаннан қазақ көшпенділерін Тәжікстанға, содан кейін Ауғанстанға эмиграцияға жіберуді ұйымдастырушы;
— Гузар контрреволюциялық тобы мүшелерімен байланыста болған, Арыс ауданына 30 үй қожалығын Өзбекстанға және Тәжікстанға көшірген.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**АХМЕТОВ** Әлішбек — Жаңақорған ауданының № 1 ауылында 1886 жылы туған, руы ноғай, саудагер, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Байсун контрреволюциялық тобының белсенді мүшесі, Ауғанстанға эмиграцияны ұйымдастыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізген, Жаңақорған ауданынан Өзбекстанға көшушілерді ұйымдастырушы.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындамаған, келтірілген айып 5 куәгердің берген жауаптары бойынша анықталған.
**БЕКБОТАЕВ** Рысмұхамбет — Әулие Ата қаласындағы 2 кварталда 1882 жылы туған, бай болған, мал-мүлкі тәркіленген, сауатты, партияда жоқ.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық тобының мүшесі;
— Ауғанстанға эмиграцияны ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізген, Әулие Ата ауданынан Өзбекстанға көшушілерді ұйымдастырушы, 23 үй қожалығын көшуін ұйымдастырған. Ол өзін осы жөнінде ғана айыптымын деп мойындаған.
**БАЙЫТОВ** (Бостанов) Истамбек — Әулие Ата ауданының № 6 ауылында 1893 жылы туған, қызметкер, партияда жоқ, колхоз мүлкі мен малын талан-таражға салғаны үшін 10 жылға сотталған, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының үйғаруымен ақталған. Үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық тобымен байланыс жасап, колхозшылардың 100 үй қожалығын 3 вагон сатып алып, Өзбекстанға көшуін ұйымдастырған, Гузар тобы басшылығымен тығыз байланысты болған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындамаған, келтірілген айып 4 куәнің жауабымен анықталған.
**ОРМАНОВ** Әзімхан — Әулие Ата ауданының № 1 ауылында 1898 жылы туған, бай, ірі саудагер болған, сауатты, партияда жоқ, мал-мүлкі тәркіленген, 6 жылға сотталған, қамаудан қашып кеткен.
Оған тағылған айып:
— Шахиризяб контрреволюциялық тобының мүшесі, Ауғанстанға эмиграция жасау жөнінде жұмыс жүргізген, Қазақстаннан Өзбекстанға көшуді ұйымдастырушы;
— Шахиризябтен Әулие Атаға көшушілерді ұйымдастыру үшін келіп тұрған, Гузар контрреволюциялық топтың басшыларымен байланы-

ста болған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**ЖОЛДЫБАЕВ** Иса — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1892 жылы туған, ірі байдың баласы, атқа мінер, сауатты, партияда жоқ, колхоз мүлкін ішіп-жеп қойғаны үшін 13 рет ұсталған.
Оған тағылған айып:
— Жаңақорған контрреволюциялық тобының байланысшысы ретінде бірнеше рет Тәжікстандағы Ибадуллаев Сәруарға жаппай көшуді ұйымдастыру мәселесі жөнінде барған;
— Колхоз мүлкі мен малын ішіп-жеп қоюмен айналысқан;
— Жаңақорған ауданынан тұрғындардың Тәжікстанға көшуін ұйымдастыруға қатысқан.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.
**ЗӘУІРБЕКОВ** Жүсіпәлі — Әулие Ата ауданының Голочев селолық кеңесінде 1900 жылы туған, ірі бай болған, сауатты, партияда жоқ, барлық туыстары тәркіленген және жер аударылған, өзі колхоздың астығын ұрлағаны үшін 1,5 жылға сотталған, жаза мерзімін толық өтеген.
— Гузар контрреволюциялық тобы басшыларымен тығыз байланыс жасаған, Әулие Ата ауданынан Өзбекстанға жаппай көшуді ұйымдастырушы, оның басшылығымен колхозшылардың 300 үй қожалығы көшіп кеткен, сөйтіп «Аққөл» колхозы құлаған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**ҚОЙЛЫБАЕВ** Бүрке — Әулие Ата ауданының № 2 ауылында 1892 жылы туған, ірі бай болған, адам қанаған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық топтың мүшесі, Әулие Ата ауданынан Өзбекстанға көшушілерді ұйымдастырушы.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**ТАЗАБЕКОВ** Момынжан — Әулие Ата ауданының № 6 ауылында 1885 жылы туған, бай, адам қанаған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық тобының мүшесі, Әулие Ата ауданынан Гузарға көшушілерді ұйымдастырушы.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**ТОҚТАМЫСОВ** Іздуәли — Әулие Ата ауданының № 6 ауылында 1903 жылы туған, бай болған, жалшы ұстаған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық тобының мүшесі, Әулие Ата ауданынан Өзбекстанға көшушілерді ұйымдастырушы болғанын мойындаған.
**ТӨЛЕГЕНОВ** Райымқұл — Әулие Ата қаласында 1885 жылы туған, ірі саудагер, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Шахиризяб контрреволюциялық тобының басшыларымен — Баубековпен және басқалармен байланыс жасап, Әулие Ата ауданынан Шахиризябке жаппай көшуді ұйымдастырғанын ол мойындаған.
**АСАНОВ** Ысқақ — Жаңақорған ауданының № 3 ауылында 1894 жылы туған, бай, болыстың баласы, атқа мінер, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Жаңақорған контрреволюциялық тобының мүшесі, Жаңақорған ауданынан Өзбекстанға және Тәжікстанға көшушілерді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген;
— Ауылдық кеңес төрағасы болып тұрғанда көшпелі байлар мен ишандарға әлеуметтік тегін жасырып жалған анықтамалар берген.
— Тәркіленген байлар мен ишандарды колхозға алғаны, сайлау-сайлану құқығынан айыру үкімін өзінше бұзып, қалпына келтіргені үшін пара алумен айналысқан.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**БӘЙІМБЕТОВ** Рахман — Түркістан ауданының № 18 ауылында 1896 жылы туған, ірі бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық тобының мүшесі болған кезінде Алдабергенов Серікқұлмен тығыз байланыс жасап, оның байланысшысы ролін атқарған, Тәжікстан филиалының байланысшысы болған;
— Түркістан ауданынан Тәжікстанға 50 үй қожалығын көшіруді ұйымдастырған, шетелге эмиграцияны ұйымдастырған және шекарадан өту кезінде Сарай Камарск Шекара ГПУ-і арқылы қамауға алынған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.
**ЖАРАСБАЕВ** Әлсейіт — Түркістан ауданының № 12 ауылында 1904 жылы туған, бай, саудагер болған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Шахиризяб контрреволюциялық тобының мүшесі, Түркістан ауданынан Өзбекстанға көшушілерді ұйымдастырушы;
— Ауғанстанға эмиграция жасау туралы үгіт жүргізген.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындамаған, келтірілген айып 4 куәнің жауабымен анықталған.
**ИШАНОВ** Құрбан — Жаңақорған ауданының № 10 ауылында 1890 жылы туған, молда болған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Жаңақорған контрреволюциялық тобының мүшесі;
— көшуді ұйымдастыру және колхоз малын талан-таражға салу мәселесі бойынша өткізілген контрреволюциялық мәжіліске қатысқан, Тәжікстандағы контрреволюциялық орталықпен тығыз байланыста болған.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.
**ЖАРМҰХАМЕТОВ** Ермұхамет — Қызылорда ауданының № 12 ауылында 1887 жылы туған, беделді имам және мұхтасиб болған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.

Оған тағылған айып:
— колхоз құрылысына қарсы үгіт жүргізген, контрреволюциялық топтың белсенді мүшесі;
— Ауғанстанға эмиграцияны үйымдастыру мәселесі жөніндегі жасырын мәжіліске қатысқан, осы мәжілістің шешімімен көшпенділерді шекара өңіріне жылжыту жөнінде белсенді жұмыс жүргізген. Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**МӘМБЕТОВ** Исабек — Арыс ауданының № 9 ауылында 1904 жылы туған, ірі байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған. Үйленген.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық тобының мүшесі;
— Ауғанстанға эмиграция жасау мақсатында Арыс ауданының тұрғындарын Өзбекстанға, одан кейін Тәжікстанға көшуріді үйымдастырған, Өзбекстанға жаппай көшуді үйымдастыру жөнінде Арыс ауданына байланысшылар жіберген.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**НӘЛІБАЕВ** Иманберді — Жаңақорған ауданының № 3 ауылында 1883 жылы туған, ірі бай болған, мал-мүлкі тәркіленген, сауатсыз, партияда жоқ, 1930 жылы 2,5 жылға Сібір өлкесіне жер аударуға сотталған, ол жақтан қашып кеткен.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық тобына белсенді түрде қатысқан, Жаңақорған ауданынан Тәжікстанға көшушілерді үйымдастырушы, сәуір айында Сталинабадта Шупановтың үйінде қазақтарды Ауғанстанға жаппай көшіруді үйымдастыру жөнінде өткізілген жасырын мәжіліске қатысқан.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындамаған, бірақ келтірілген айып 3 куәнің жауабымен анықталған.

**НӘЛІБАЕВ** Ахат — Түркістан ауданының № 21 ауылында 1907 жылы туған, мал-мүлкі тәркіленген ірі байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық тобының мүшесі, Түркістан ауданының № 5 ауыл колхозшыларын Өзбекстан мен Тәжікстанға көшіруді үйымдастырушы;
— Ишпановтың (Еспановтың) баскесер ұрыларымен тығыз байланыста болған, колхоз малдарын ұрлаумен айналысқан;
— Контрреволюциялық үйымның барлық басшыларымен байланыс жасаған. Ол өзіне тағылған айыпты мойындамаған, бірақ 5 куәнің жауабымен анықталған.

**ӨСКЕЛЕҢОВ** Тұрғанбек — Әулие Ата ауданының № 1 ауылында 1899 жылы туған, жартылай феодал, 20 шақты жалшылардың еңбегін қанаған, шала сауатты, партияда жоқ, 1928 жылдан қашып жүрген, контрреволюциялық жұмыстары үшін 6 жылға сотталған, қамаудан қашып кеткен.
Оған тағылған айып:
— Гузар контрреволюциялық тобының мүшесі, Әулие Ата ауданынан Өзбекстанға көшушілерді үйымдастырушы;
— Ауғанстанға эмиграцияны үйымдастыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізген;
— Белсенді актив Сулаймановқа қарсы террор-акт жасау мәселесі бойынша контрреволюциялық үйым мүшелерінің жасырын мәжілісін шақырған. Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.

**ҚҰЛТАСОВ** Сейітуәли — Түркістан ауданының № 14 ауылында 1883 жылы туған, ишан болған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Янги-Базар контрреволюциялық топтың белсенді мүшесі, Ауғанстан эмиграциясының жетекшісі әрі жол бастаушысы;
— Аман шетел қарақшыларына белсенді түрде қатысқан;
— Түркістан ауданынан Тәжікстанға көшушілерді үйымдастырған, ол өзіне тағылған айыпты мойындамаған, бірақ 5 куәнің жауаптарымен анықталған.

**МАМЫРАЙЫМОВ** Абдолла — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1894 жылы туған, молда, саудагер болған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық тобының мүшесі, Жаңақорған ауданынан колхозшылардың Өзбекстанға көшуін үйымдастырушы;
— Жаңақорған және Сталинабад контрреволюциялық топтары басшыларымен тығыз байланыс жасап тұрған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**КҮЛЕМОВ** Қалдарбек — Жаңақорған ауданының № 5 ауылында 1893 жылы туған, ұры болған, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Жаңақорған контрреволюциялық тобының мүшесі, осы ауданның «Еңбек» колхозы колхозшыларын Өзбекстанға жаппай көшуін үйымдастырған, ол 250 үй қожалығын көшірген, сөйтіп «Еңбек» колхозын құлатқан;
— Байсун контрреволюциялық топ мүшелерімен және Ишпановпен және оның ат ұрлаушы шайкаларымен тығыз байланыста болған.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.

**МОЛДАБЕРГЕНОВ** Еркөңгір — Жаңақорған ауданының № 8 ауылында 1884 жылы туған сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Алдабергенов, Ибайдуллаев басқарған Сталинабад контрреволюциялық топтың мүшесі, Жаңақорған ауданынан Тәжікстанға көшушілерді үйымдастырушы. Сол көшу жайлы өткізілген жасырын мәжіліске қатысқан.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындаған.

**МӘМБЕТОВ** Ирмет — Түркістан ауданының № 16 ауылында 1869 жылы туған, «Ақ ишанның» мүриді, бұрынғы болыс, бай болған, мал-мүлкі тәркіленген, партияда жоқ, 1929 жылы 10 жылға сотталған, мерзімінен бұрын босанған, 1931 жылы 2 жылға сотталған, қамауға алынған жерінен қашып кеткен.

Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық топ мүшесі және Түркістан ауданынан Тәжікстанға 40 үй қожалығын көшіруді ұйымдастырған;
— ауыл шаруашылығын коллективтендіруге қарсы үгіт жүргізіп, колхоздарды күйреткен.
Ол өзіне тағылған айыпты ішінара мойындаған.

**АЙТМЕТОВ** Нармет — Түркістан ауданының № 16 ауылында 1886 жылы туған, бай, саудагер, Сәруар ишанның мүриді, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық топтың мүшесі, ол жақтан байланысшылар жіберіп, Түркістан ауданынан Тәжікстанға көшушілерді ұйымдастырғанын өзі ішінара мойындаған.

**САМЫРАТОВ** Бүрісбай — Жаңақорған ауданының № 4 ауылында 1888 жылы туған, ірі бай болған, сауатты, партияда жоқ, мал-мүлкі тәркіленген, 1930 жылы 3 жылға сотталып, қамаудан қашып кеткен.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық топ мүшесі және Жаңақорған ауданын Тәжікстанға көшушілерді ұйымдастырушы екенін өзі ішінара мойындаған.

**ДӘРІБАЕВ** Медет — Қызылорда қаласында 1908 жылы туған, қуғын-сүргінге ұшыраған ірі байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық топ мүшесі, Қызылорда ауданынан Тәжікстанға көшушілерді ұйымдастырушы екенін ол ішінара мойындаған.

**ҚОСПАНОВ** Бейсембай — Жаңақорған ауданының № 4 ауылында 1882 жылы туған, тәркіленген бай, сауатты, партияда жоқ, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Сталинабад контрреволюциялық топтың байланысшысы, ол жақтан Жаңақорған ауданына бірнеше рет келіп, көшушілерді ұйымдастырған;
— Ауғанстанға эмиграция жасау жұмысын жүргізген, осы мәселе жөніндегі жасырын мәжіліске қатысқан;
— Шупановпен бірге «Союзтранс» тасыған өкімет жүктерін ұрлаумен айналысқан.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындамаған, бірақ 4 куәнің берген жауаптарымен анықталған.

**ҚАЙСЫҚОВ** Жантілеу — Қызылорда қаласында 1882 жылы туған, саудагер, тәркіленген бай, сауатты, партияда жоқ, РСФСР ҚК 61 бабымен 5 жылға сотталған, үйлі-жайлы.
Оған тағылған айып:
— Шахиризяб контрреволюциялық тобымен тығыз байланыс жасаған, Өзбекстанға тұрғындардың көшуін ұйымдастырған;
— колхоз құрылысына қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізіп, колхоздарды тарату жолына салған.
Ол өзіне тағылған айыпты мойындамаған, бірақ 4 куәнің берген жауаптарымен анықталған.

Бұл айыпкерлердің бәрі Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ басқармасы Ерекше бөлімшесінің 1933 жылғы 25 мамырынан 2 және 15 маусымға дейінгі мерзімдегі қаулылары бойынша тұтқынға алынып, Шымкент қаласындағы түрмеге апарып қамалған. Тергеу ісімен айыптау қорытындысы 1933 жылғы 20 желтоқсанда жасалып, істі Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберген. Ол РСФСР ҚК 16—58 бабының 3 тармағымен, 58 баптың 7, 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.
Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен:
— Нығыметов Махмұт, Смайылов Уайда, Тоқназаров (Тілеубергенов) Әбдікәрім, Елубаев Аппаз, Баубеков Сәдуақас, Үлгіров (Шегіров) Әріпжан, Мысықбаев Асылбек, Байытов (Бостанов) Истамбек, Орманов Әзімхан — әрқайсысы 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған;
— Жорабеков Әбу, Жетенов Мәліқұл, Сейдахметов Омар, Өскеленов Тұрғамбек — әрқайсысы 6 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған;
— Ақпанаев Мұхаметәлі, Шәкеев Бабахан, Алдабергенов Медетбек, Құлахметов Әбдісамат, Ерімбетов Мәмбетияр, Сапаров Уәйіс, Нұрманов Тәшім, Сапарбаев Файзырахман, Жаманбалаев Оспан, Жарасов Мақаш, Ахметов Әлішбек, Жолдыбаев Иса, Зәуірбеков Жүсіпәлі, Қойлыбаев Бүрке, Тазабеков Момынжан, Төлегенов Райымқұл, Асанов Ысқақ, Бәймбетов Рахман, Ишанов Құрбан, Жармұхаметов Ермұхамет, Нәлібаев Иманберді, Құлтасов Сейітуәли, Мамырайымов Абдолла, Айтметов Нармет, Қайсықов Жантілеу — әрқайсысы 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған;
— Бабаев Ақжан, Батырбеков Мұқан, Жандаев Нұрмұхан, Тоқтамысов Іздуәли, Жарасбаев Плсейіт, Мәметов Исабек, Нәлібаев Ахат, Күлемов Қадырбек, Дәрібаев Медет — әрқайсысы 3 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған;
— Жантеміров Сапар — 3 жылға Қазақстан ішіне жер аударуға сотталған;
— Ақназаров Күздеу, Бекботаев Рысмұхамет, Молдабергенов Еркөңгір, Самыратов Бүрісбай, Қоспанов Бейсембай — қамауда отырған күндері есептеліп, қамаудан босатылған;
— Ибадуллаев Сәруар, Асылбеков Игілік, Тілеубергенов Құтымбай, Үсембаев Дүйсен, Арғымбаев Кәку, Бекәлиев Ибрагим, Ерәлиев Бердалы, Қойлыбаев Сапар, Түстікбаев Жетен, Бабажанов Шәмші, Мамырайымов Сейдахметтің айыпталған істері ОГПУ Коллегиясына жіберілген;
— ОГПУ Коллегиясының 1934 жылғы 26 ақпанындағы қаулысымен:
Ибадуллаев Сәруар, Асылбеков Игілік, Арғынбаев Кәку, Ерәлиев Бердалы — ең жоғары жаза — атуға сотталған;
Тілеубергенов Құтымбай, Үсенбаев Дүйсен, Бекәлиев Ибрагим, Қойлыбаев Сапар, Түстікбаев Жетен, Бабажанов Шәмші, Мамырайымов Сей-

дахмет — ату жазасы 10 жыл еңбекпен түзеу лагеріне өзгертілген.

V

**ТЕМІРБАЕВ** Өтемұрат — Жаңақорған ауданының № 15 ауылында 1900 жылы туған, руы «Тоқболат», сауатты, 1924 жылдан БК(б)П мүшесі, қызметкер, Еңбек бөлімінде инспектор болып қызмет атқарған, 1930 жылы қызметіне салақ қарағаны үшін сотталған, үйленген.

**БӘЙІМБЕТОВ** Мәді — Жаңақорған ауданының № 10 ауылында 1898 жылы туған, руы «Арғын», кейін осы ауданның № 13 ауылында тұрған, сауатты, 1927 жылдан БК(б)П мүшесі, «Еңбекші» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Рысалды, балалары — Кембел, Сейсенбай.

**ТҰРҒАМБАЕВ** Әбен — Қызылорда ауданының № 41 ауылында 1900 жылы туған, руы «Табын», кейін Жаңақорған ауданының № 13 ауылында тұрған, сауатты, 1926 жылдан БК(б)П мүшесі, осы ауылда партия ячейкасының хатшысы болып қызмет атқарған, бұрын сотталмаған, үйленген әйелі — Базар, қызы — Күлшаһра, қарындасы — Күлшар, інісі — Смағұл.

1933 жылдың қаңтар айында № 13 ауылдың «Еңбекші» колхозының ашыққан колхозшылары үшін 2 тонна азық-түлік ссудасы берілген, бұл астықтан аудан өкілі Темірбаев Өтемұраттың тапсырмасымен бір тоннасын астық дайындау жөнінде берілген жоспарды орындау үшін мемлекетке өткізген «Еңбекші» колхозының төрағасы Бәйімбетов Мәді және партия ячейкасының хатшысы Тұрғамбаев Әбен Темірбаевтың ұсынысын қабылдап, оны орындаған. Бәйімбетов Мәді мен Тұрғамбаев Әбен қалған астықтың бір тоннасын ең алдымен өздері алып, ауылдық кеңестің қызметкерлеріне, активтерге бөліп берген. Бәйімбетовтің өзі 5 пұт астық, Тұрғамбаев 3 пұт астық алған, Темірбаев — 26 фунт астық алған, ал ашыққан колхозшыларға адам басына бір фунттан астық таратқан. Өздерінің қылмысты әрекеттерін жасыру мақсатында жоғарыдағы топ Бәйімбетовтің басшылығымен тізім жасап, ол тізім бойынша астық колхозшыларға таратылған болып көрсетілген.

Осы қылмыстары үшін олар (3 адам) Жаңақорған аудандық ОГПУ бөлімінің 1933 жылғы 27 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58-7 бабымен және 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына сәйкес қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының 1933 жылғы 22 ақпандағы үкімімен:

— ҚК-ның 58-7 бабымен — Темірбаев Өтемұрат 10 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған;

— Бәйімбетов Мәді — ең жоғары жаза — ату жазасына кесілген;

— Тұрғамбаев Әбен — 10 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

РСФСР Жоғарғы соты Қазақ бөлімінің 1933 жылғы 27 наурыздағы үйғаруымен Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының 1933 жылғы 22 ақпандағы үкімі күшінде қалдырылған, Бәйімбетовке берілген ату жазасын өзгертіп, 10 жыл бас бостандық еркінен айыруға, мал-мүлкін конфискелеуге сотталған.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Бөлім бастығының 1995 жылғы 26 маусымдағы қортындысында Оңтүстік Қазақстан облыстық соттың үкімі дұрыс шығарылмаған, өйткені 58 баб контрреволюциялық мемлекетке қарсы жасалынған әрекеттер үшін қолданылатын жаза — делінген. Ал осы сотталушылардың іс-әрекеттері ҚК-ның 109 бабымен жазаға тартылуға тиісті. Олардың ҚК-ның 58 бабымен сотталғаны дұрыс емес, сондықтан осы баб бойынша Бәйімбетов, Темірбаев және Тұрғамбаев — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» заңының негізінде толық ақталған.

**1936 жылы**

**СЕЙДАХМЕТОВ** Бұрқан — Жаңақорған ауданының № 4 ауылы, «Қайқақ»— деген жерінде 1891 жылы туған, ишан-бай болған, арабша сауатты, жоғары діни мектепті бітірген, партияда жоқ, жеке кәсіппен айналысқан, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы. Әйелі — Гауһар, екінші әйелі — Гүляжар, ұлдары — Самен, Музай, қыздары — Кәрима, Райма.

**МАЙЛЫБАЕВ** Борамбай — Жаңақорған ауданының № 4 ауылы, «Қайқақ» деген жерінде 1895 жылы туған, орта шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, ауыл шаруашылығымен айналысқан, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы. Әйелі — Дәме, қызы — Күлбарам, ағасы — Роман (№ 4 ауылдық кеңестің төрағасы болған).

**ШОЙБЕКОВ** Досыбек — Жаңақорған ауданының № 4 ауылы, «Қайқақ» деген жерінде 1898 жылы туған, молда-бай болған, арабша сауатты, діни жоғары мектепті бітірген, жеке кәсіппен айналысқан, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы, әйелі — Мәкен, қыздары — Сәбила, Наркұма, Қызтумас, Ұлбосын.

Сейдахметов Бұрқан, Майлыбаев Боранбай және Шойбеков Досымбек «Қараша» руының 17 үйшаруашылығынан «Қайғақ» атты жалған ТОЗ ұйымдастырып, ТОЗ мүшелерінің арасында партия мен үкімет басшыларын және Кеңес өкіметін әшкерелеуге бағытталған контрреволюциялық үгіттер таратқан. Б. Сейдахметов ишан, молда Д. Шойбеков және Сейдахметовтың туысы Майлыбаев Боранбай 1935 жылғы көктемде көшіп кеткендерінен ауылдарына қайтып келіп, өздерінің бұрынғы жайылым жерлерін қайтып алу, байларға салынатын мемлекеттік салықтан жасырыну мақсатында «Қайғақ» атты жалған ТОЗ ұйымдастырған. Осы жалған ТОЗ-ды ұйымдастырып және соған паналаған Сейдахметов, Шойбеков және Майлыбаевтар № 4 ауыл тұрғындарының арасында кеңес үкіметіне қарсы белсенді

жұмыстар жүргізіп, партия мен Кеңес үкіметінің басшыларын жамандап, провокациялық, жеңілістік лақаптар таратып, капиталистік елдер кеңес үкіметіне қарсы соғыс ашуға дайындалып жатыр деп жұртшылыққа түсіндірген. Бұл үгітті олар құранға сүйеніп жүргізген, құранның аяттары бойынша Кеңес үкіметі 18 жылдан артық өмір сүре алмайды, Шан-Шар-Хан басқарған жаңа үкіметпен алмасуы тиіс — деп айтқан. Олар «Қайғақ» жеріндегі жекешелерді мақтаны жарамсыз жерге егіңдер, егерде биыл мақта шықпай қалса ендігі жылдары мақта егу тапсырмайды — деп үгіттеген. Мақта мен дәнді дақылдарды жақсы құнарлы жерлер бола тұрып, жарамсыз жерлерге егу салдарынан 6 гектар мақта, 10 гектар дәнді дақыл шықпай, өліп қалған.

Осы қылмыстары үшін Сейдахметов Бұрқан, Майлыбаев Боранбай және Шойбеков Досыбек жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1936 жылғы 22 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10-1 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу барысында тағылған айыптар бойынша,олар өздерін кінәлімін деп санамаған, бірақ істегі материалдар және куәлардың берген жауаптары бойынша олардың қылмыстары мойындарына толық қойылған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1936 жылдың 29 қазанда шығарылған. Оны ҚазССР прокуроры көмекшісінің 1936 жылғы 17 желтоқсандағы қаулысымен бекіткен.

РСФСР Жоғарғы сотының Қазақ Бөлімшесінің арнайы коллегиясының 1937 жылғы 5 қаңтардағы үкімімен:

— Сейдахметов Бұрқан 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 4 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға;

— Майлыбаев Боранбай — 4 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1960 жылғы 15 ақпандағы қаулысымен РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ Бөлімшесінің арнайы коллегиясының 1937 жылғы 5 қаңтардағы Сейдахметов Бұрқан, Майлыбаев Боранбай, Шойбеков Досыбекті айыптаған іс жөніндегі үкімі бұзылып, айыптың жеткіліксіздігі үшін іс өндірістен тоқтатылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1996 жылғы 10 қаңтардағы қорытындысымен — Сейдахметов Бұрқан, Майлыбаев Боранбай, Шойбеков Досыбек — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

### 1937 жылы

### I

**ӘЛЖАНОВ** Оразымбет — № 9 ауыл, «Политотдел» колхозында 1898 жылы туған, шала сауатты, 1927 жылы партия уставын бұзғаны, партия жиналыстарына уақтылы қатыспағаны үшін БК(б)П қатарынан шығарылған, бұрын сотталмаған, жұртшылық арасында контрреволюциялық үгіт жүргізіп және жиын өткізіп, онда алдағы болатын советтер сайлауында өзінің кандидатурасын ауылдық кеңес төрағасына ұсынуға, 1937 жылғы тамыз айында екінші рет контрреволюциялық жиын өткізіп, онда халық арасында беделдібеделді, сайлау кезінде Әлжановтың қылмыстық ісін жұртқа жариялады деп БКП(б) мүшесі болып табылатын бір азаматты өлтірмек болып, пышақ салып, қатты жаралады, колхозшыларды Өзбекстанға көшуге, колхоздың жұмысына шықпауға үгіттейді,— деген айыптармен Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі 1937 жылғы 2 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 8, 10 тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғаған;

**ЖОЛДЫБАЕВ** Тақат — № 9 ауыл, «Политотдел» колхозында 1890 жылы туған, шала сауатты, 1932 жылы РСФСР ҚК 166 бабымен сотталған, колхозшылар арасында топ құрған, ондағы мақсаты: «байлар» тобын, «кедейлер тобын» құру болған, сөйтіп колхозды екіге бөлуді көксеген, колхоздан 400 шаруаны Өзбекстанға көшіріп жіберген, контрреволюциялық жиын өткізіп, онда оған қатысушы жақтастарына белгілі бір коммунисті өлтіруге тапсырма берген, ол коммуниске пышақ салып, қатты жарақаттаған, алдағы болатын кеңестердің сайлауын өткізбеуге үгіт жүргізген,— деген айыптармен Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі 1937 жылғы 2 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 8, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғаған.

Оңтүстік Қазақстан облыситық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен: Әлжанов Оразымбет, Жолдыбаев Тақат ең жоғары қылмыстық жаза — атуға сотталған. Үкім он күннен кейін, 1937 жылғы 14 қарашада, түнгі сағат 12-де орындалып, екеуі де атылған.

Қызылорда облыстық прокуроры Әлжанов Оразымбет, Жолдыбаев Тақаттың архивтік құжаттарын қайта қарап, олардың әрекетінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, 1989 жылғы 24 тамыз күні екеуін де толық ақтады.

### II

**ЖҮНІСОВ** Сапарәлі — Жаңарық ауылдық кеңесі, «Кеңес арық» колхозында 1878 жылы туған, бай болған, сауаты жоқ, партияда болмаған, 1931 жылы ГПУ органы арқылы контрреволюциялық қылықтары үшін қамалып, 11 ай түрмеде отырып шыққан, онан қорытынды шығармай, қайтадан контрреволюциялық, ұлттық, жауыздық топтың мүшесі болған, колхозшыларды Өзбекстан, Тәжікстанға көшіруге белсене араласқан, жұртшылықты Совет үкіметіне, колхоз құрылысына қарсы бағыттаған үгіт жүргізумен айналысқан, колхоз малын қырып-жоюды мақсат тұтқан,— деген айыптаулармен Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі 1937 жылы 24 желтоқ-

санда тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғаған;

**ЖҮНІСОВ** Мұсабек — Жаңарық ауылдық кеңесі, «Кеңес арық» колхозында 1869 жылы туған, бай болған, сауаты жоқ, 1931—1932 жылдары контрреволюциялық үгіт жүргізгені үшін тұтқынға алынып, мал-мүлкі тәркіленген, бірақ сонан қорытынды шығармай Совет үкіметіне қарсы ұлттық ұйымға мүше болған, осы ұйымның тапсырмасымен контрреволюциялық жұмыстар жүргізген, колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салған,— деген айыптаулар тағылып, Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі 1937 жылғы 24 желтоқсанда тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғаған;

**ЖҮНІСОВ** Кенжебек — № 9, Жаңарық ауылдық кеңесі, «Кеңес арық» колхозында 1889 жылы туған, сауаты жоқ, ірі феодал-бай болған, 1931 жылы кулак ретінде мал-мүлкі тәркіленіп, контрреволюциялық үгіті үшін 9 ай түрмеде отырып шыққан, онан 1932 жылы босанып, елге келгеннен кейін қайтадан контрреволюциялық, ұлттық, жауыздық топқа мүше болған, колхозшыларды Өзбекстан, Тәжікстанға көшіруге белсене араласқан, колхоз малын, мүлкін талан-таражға салуға бағытталған жауыздық жұмыстар жүргізген,— деген айыптаулар бойынша 1937 жылғы 24 желтоқсанда Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 8, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғаған.

**ҚАЛЫМБЕТОВ** Оспан — Ақүйік ауылдық кеңесі, «Жаңақұрылыс» колхозында 1887 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партия қатарынан 1928 жылы контрреволюциялық ұйымға мүше болғаны үшін шығарылған, 1933 жылы ОГПУ органы арқылы контрреволюциялық жұмысы үшін тұтқындалып, түрмеде отырып шыққан, бірақ онан қорытынды шығармай, қайтадан контрреволюциялық жұмыстар жүргізе бастаған, деген айыптаулармен Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі 1937 жылғы 24 желтоқсанда тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 8, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғаған.

Жоғарыда көрсетілген байлар — Жүнісов Сапарәлі, Жүнісов Мұсабек, Жүнісов Кенжебек және Қалымбетов Оспан — Сапарбеков Садықбек басқарған контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшелері болған, С. Сапарбековтің тікелей басшылығымен колхозда контрреволюциялық зиянкестік-жауыздық жұмыстар жүргізген. Байлар — Жүнісовтердің және Қалымбетов Оспанның мал-мүліктері 1931 жылы конфискеленген, бірақ С. Сапарбековпен туыстық қатынасы арқасында (Сапарбеков ол кезде өлкелік партия комитетінде істеген) аудандық партия комитетінің бұрынғы хатшысы Байханов арқылы мал-мүліктері қайтарылып берілген. Олардың контрреволюциялық әрекеттері төмендегіше болған: 1931—32 жылдары Жүнісов Мұсабек, Жүнісов Кенжебек, Жүнісов Сапарәлі және Қалымбетов Оспан ауыл жұртшылығының арасында Өзбекстан мен Тәжікстанға көшуге бағытталған контрреволюциялық үгіттер жүргізген, соның салдарынан ауылдан 20-дан астам үй-қожалықтары көшіп кеткен.

— Жүнісовтер — Мұсабек, Сапарәлі, Кенжебек — ауылдың, «Кеңес-Арық» колхозның жұртшылығы арасында контрреволюциялық жеңілістік үгіттер жүргізіп, соғыс туралы, кеңес өкіметінің құлайтыны туралы лақаптар таратқан. «Кеңес өкіметі көп уақыт өмір сүре алмайды, капиталистік елдер СССР-ге соғыс ашады, оның үстіне Кеңес Одағының ішінен де соғыс ашылады, барлығы да коммунистерге қарсы шығады, сондықтан қазір СССР-да көп адамдар тұтқынға алынуда, бірақ бәрібір барлығын тұтқынға ала алмайды. Кеңес Одағында қарсы шығатын адамдар әлі көп, біздің міндетіміз қайткен күнде Сапарбеков Садықбекті қорғап қалуымыз керек, ол бізге алдағы соғыс кезінде керек болады»— деп сөздер айтқан.

— 1937 жылы Жүнісовтер — Мұсабек, Сапарәлі, Кенжебек — жұртшылық арасында Өзбекстан мен Тәжікстанға көшуге бағытталған үгіт жүргізген, соның арқасында колхоздан Дүйсебаев Сейіл, Жетпісбаев Ахмет, Кешенбаев Сәмен, Есенбаев Тұрғанбай, тағы басқалар көшіп кеткен.

— Қалымбетов Оспан — ауылдағы беделділердің бірі, «Үлгілі» колхозының төрағасы болып тұрғанда ол үнемі контрреволюциялық жұмыстар жүргізген. 1936 жылы колхоз қаржысын ішіп-жеумен, талан-таражға салумен және асыл тұқымды малдарды құртумен айналысқан, Қалымбетов колхоздан алған 7 бас асыл тұқымды сиырдың 5 басын етке сойып жіберген.

— Өзі иемденіп кету мақсатында Қалымбетов Оспан 1936 жылы Шиелі мақта пунктінің қабылдаушысы А. Тайшиевпен келісіп, «Үлгілі» колохозы 7500 сомға 6,5 тонна мақта өткізген болып, өтірік жазылған ордер сатып алған, бұл ақшаны ол өзіне жаратып жіберген.

— Зиянкестік — жауыздық мақсатында Қалымбетов Оспан 1936 жылы 65 га мақта еккен, бұл мақта өте кеш егілгендіктен барлығы далада қалған.

— Қалымбетов Оспан «Үлгілі» колхозының төрағасы болып тұрған кезінде колхоз қаржысын бір өзі ішіп-жеген, 1936 жылы ол колхоздың 1500 сомын жұмсап қойған.

Осы қылмыстары үшін Жүнісовтер — Сапарәлі, Мұсабек, Кенжебек және Қалымбетов Оспан — Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 24 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған.

Оңтүстік Қазақстан Облыстық НКВД Басқармасы жанындағы Үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен — Жүнісов Сапарәлі мен Жүнісов Мұсабек — ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, мал-мүліктері конфискеленген. Осы үкім бойынша Жүнісов Сапарәлі мен Жүнісов Мұсабек 1937 жылдың 31 желтоқсан күні сағат 24-те атылған.

Осы қаулымен — Жүнісов Кенжебек және Қалымбетов Оспан — әрқайсысы — 10 жылға концлагерьге сотталған, мал-мүліктері конфискеленген.
Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1940 жылғы 17 шілдедегі қаулысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің Жүнісов Кенжебек және Қалымбетов Оспан жайлы қаулысын дұрыс деп тапқан.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен — Жүнісов Сапарәлі, Жүнісов Мұсабек, Жүнісов Кенжебек және Қалымбетов Оспан — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## III

**ҚОҢЫРАТАЕВ** Қалжан — Жаңақорған ауданы, қазіргі Шиелі ауданының № 17 ауылы, «Қызыл ту» колхозында 1887 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда малшы болған.
**БЕКБАУЛИЕВ** Мәден — № 14 ауылда 1903 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қармақшы ауданында тұран, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған.
**ХАСАНОВ** Бакыт — Қостанай облысы территориясында 1909 жылы туан, қамауға алғанға дейін Жаңақорған аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болған.
**ШАФОРОСТОВ** Игнатий Кириллович — родился в 1898 году в Харьковской области, до ареста проживал на ст. Яныкурган, работал молотобойцом МТС.
**СВЕТЛИНСКИЙ** Сергей Иванович — родился в 1870 году в Московской области, до ареста проживал на ст. Яныкурган, был служителем культа — священником.
Бұл 5 азаматқа қарсы Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтары бойынша қамауға алып, айыптау қорытындыларын жариялап, қылмыстық іс қозғаған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен: Қоңыратбаев Қалжан, Бекбауылов Мәден, Хасанов Бақыт, Шафоростов Игнатий Кириллович , Светлинский Сергей Иванович — әрқайсысы 10 жылдан түрме жазасына сотталған.
Қызылорда облысының прокуроры 1989 жылғы 25 қыркүйекте бұл бес азаматтың архивтік құжаттарын қайта қарап, олардың әрекеттерінде қылмыстың белгісі болмауы себепті, бесеуін де толық ақтаған.

## IV

**БЕЙСЕМБАЕВ** Палуан — Жаңақорған ауданының № 4, «Ақ үйық» ауылында 1884 жылы туған, бай болған, сауатты, партияда жоқ, еш жерде жұмыс істемеген. Әйелі — Толтай, баласы — Нұрдилла, қыздары — Рахия, Рашида. 1929 жылы контрреволюциялық үгіт жүргізгені үшін ОГПУ арқылы тұтқында болған.
**ҚОШҚАРОВ** Қадырберген — Жаңақорған ауданының № 4, «Ақ үйық» ауылында 1907 жылы туған, байдың-бидің баласы, шала сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, 1933 жылы колхоз қаржысын ішіп-жеп қойғаны және колхоз малын сойғаны үшін 1932 жылға 7 тамыздағы заңмен 10 жылға сотталған, жаза мерзімін толық өтемей 1936 жылы босанып шыққан. Әйелі — Қатира, інілері — Қошқаров Жұмабек, Қасымбек, босанып келгеннен кейін «Жаңақұрылыс» колхозында тұрған.
**ОСПАНОВ** Жамор — Жаңақорған ауданының № 4, «Жайылма» ауылында 1899 жылы туған, кейін «Ақ үйық» ауылдық кеңесінде тұрған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, бұрын сотталмаған. Әйелі — Бибіш, баласы — Махмут.
1932 жылы Оспанов Жамор, Бейсембаев Палуан Жаңақорған ауданының жұртшылығы арасында ең алдымен Тәжікстанға көшіруді ұйымдастыру, одан кейін қазақ жұртшылығын Ауғанстанға эмиграция жасау туралы контрреволюциялық үгіт жүргізген. 1932 жылы Бейсембаев Палуан мен Оспанов Жамордың басшылығымен Қорғантөбе ауданында Бүркітбаев деген бай «Ноғай» руынан шыққан кедей белсендіні Бейсембаев Палуан мен Оспанов Жамордың Ауғанстанға эмиграция ұйымдастыру жөніндегі контрреволюциялық әрекеттерін әшкерелегені үшін өлтірген. 1936 жылдың қыркүйек айында бай Оспанов Жамор Қорғантөбе ауданынан Қошқаров Қадырбергенге хат жіберген, онда Оспанов Қошқаровтан Жаңақорған ауданының «Жаңақұрылыс»— колхозынан Тәжікстанға көшуді ұйымдастыруды талап еткен. Осы хатта Оспанов Бейсембаев Палуаннан дәл сол сияқты «Бірлік» колхозынан Тәжікстанға көшуді ұйымдастыруды талап еткен.
Қошқаров Қадырберген Оспановтан хатты 1936 жылдың қазан айында алған бойда «Жаңақұрылыс» колхозында бірнеше колхозшылардың қатысуымен контрреволюциялық жиын өткізіп, онда Оспановтың Тәжікстанға көшуді ұйымдастыру туралы жазған хатымен таныстырған. Осы жиында Оспановтың, Бейсембаевтың және Қошқаровтың барлық туысқандары 21 үй қожалық Тәжікстанға көшуді бірауыздан жақтап шешім қабылдаған, колхозшылардың 17 үй қожалығы колхоздан шығып Өзбекстанға көшеміз деп арыз берген.
Сонымен бірге Қошқаровтың контрреволюциялық үгітінің салдарынан «Жаңақұрылыс» колхозының 12 үй қожалығы, «Бірлік» колхозының бірнеше үй қожалығы Тәжікстанға көшіп кеткен, қалғандары көпшілік-саяси, түсінік жұмыстарынан кейін колхозда қалған. Осындай контрреволюциялық жұмыстарды жүргізгеннен кейін Қошқаров Қорғантөбе ауданына Оспановқа барған, ол Бейсембаев Палуан «Бірлік» колхозында Тәжікстанға көшуді ұйымдастыруға байланысты контрреволюциялық жұмыстар жүргізу үшін қалған.

Осы қылмыстары үшін олар (3 адам) Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 19—25 қазандағы қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 8, 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі бітіп, айыптау қорытындысы 1937 жылғы қараша айында шығарылған, істі Қазақ ССР НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің қарауына жіберген.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы Үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен: Бейсембаев Палуан, Оспанов Жамор, Қошқаров Қадырберген — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған. Қызылорда облыстық прокурор орынбасарының 1989 жылғы 11 тамыздағы қорытындысымен Бейсембаев Палуан, Оспанов Жамор, Қошқаров Қадырберген — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

## 1938 жылы

## I

**ЖАЙЛЫБАЕВ** Қалмахан (Қалмағамбет) — Шиелі ауданының № 3, Керделі ауылдық кеңесінде 1907 жылы туған, білімі 7 класс, қызметкер, 1937 жылы БК(б)П мүшелігіне кандидаттықтан шығарылған, 1933 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық ГПУ арқылы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға қатысқаны үшін тұтқынға алынған, одан босанып шыққан. Шиелі аудандық оқу, одан кейін жол бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, әйелі Бибайша, баласы — Абай, қызы — Роза.

**ТЕМІРБАЕВ** Мұстафа — Шиелі ауданының № 15, Жөлек ауылдық кеңесі, «Ортақшыл» колхозында 1907 жылы туған, әлеуметтік тегі кедей шаруа, білімі арнаулы орта, БЛКЖО мүшесі қатарынан халық жауларымен байланысқаны үшін шығарылған, сотталмаған, Шиелі поселкасындағы орталау мектепте мұғалім, интернат директоры болып істеген, әйелі — Зейнеп, баласы — Төлеген;

**САРБАСОВ** Мусахан — Жаңақорған ауданының Өзгент ауылдық кеңесінде 1875 жылы туған, негізі бай болған, шала сауатты, 1937 жылы контрреволюциялық ұлтшыл ұйымға қатысқаны үшін партия қатарынан шығарылған, сотталмаған, қамауға алынғанға дейін ауылдық кеңес төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, үйлі-жайлы.

**МЫРЗАЕВ** Әуез — Жаңақорған ауданының № 5 ауылы, «Мәдениет» колхозында 1897 жылы туған, негізі кедей шаруа, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін колхоз бастығы болып істеген, үйлі-жайлы.

**БАЙМҰРАТОВ** Әбен — Жаңақорған ауданының Жайылма ауылдық кеңесінде 1888 жылы туған, шала сауатты, 1933 жылы партия қатарынан шығарылған, діни мектеп ұстаған молда болғандықтан 1933 жылы бір жылға сотталған, қамауға алынғанға дейін колхоз бастығы болып істеген, үйленген;

Бұлар Қазақстанда болып келген Жаңақорған ауданындағы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға қатысып, Кеңес өкіметін құлатып, байлар мемлекетін орнатпақ болған. Сонымен қатар оқу-ағарту жұмысын, колхоздың егіс шаруашылығы мен мал шаруашылығын төмендетіп, зиянкестік жұмыстар істеген. 1935 жылдан бастап 1938 жылға дейін «Мәдениет», «Жайылма», «Кеңес арық», «Жаңажол» колхоздарында мақта егісіне арналған жерді үшінші рет айдамай, 18—20 см тереңдікте айдаудың орнына 10—12 см тайыз айдап, сапасыз еткен. Соның салдарынан үкіметке өткізетін мақта жоспарын 50 процентке ғана орындаған. 1936 жылы «Мәдениет» колхозынан 60 гектар мақта егісі, 45 гектар бидай егісі шықпай қалған, 60 бас мал жойылған. «Жайылма» колхозынан ру жігін ұйымдастырып, 33 үй көшіп кеткен. «Жаңажол» колхозынан су шықпайтын биік жерден мақта егісіне арнап, 200 гектар жер айдатып, пайдаланусыз қалған. Су шықпайтын «Ақ қабақ» деген жерден жарма қаздырып, 300—400 деген колхозшылардың еңбегін босқа жіберіп, егіс жұмысын кешеуілдеткен.

Оқу-ағарту жұмысын зиянкестік бағытта ұстап, «Майшы», «Қызыл мақташы», «Қызыл ту» колхоздарынан мектеп ашпай, оқу жасындағы балаларды басқа колхоздың мектебіне қатынап, оқуға жоспар сызған, жоспарсыз мектеп салдырып, орынсыз қаражат жұмсаған. Мектеп оқушыларының арасында жік туғызып, орыс-қазақ ұлтына бөлген. Жаңақорған қыстағынан интернат балаларына жатақхана салдырып, 1936 жылы бастай салып, өздері қамауға алынғанша бітірмей, 18 мың сом ақша жұмсап, мектеп пайдасына кірмеген.

Бұлардың бәрі де колхоз шаруашылығында, оқу-ағарту бөлімінде қызметте отырып, қызметтерін еңбекшілердің тілегіне емес, халық жауларының тілегіне сәйкестендіріп, контрреволюциялық жұмыстар істеген.

Осы қылмыстары үшін жоғарыда аттары аталған 5 адам Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 29 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК бабының 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғаған.

Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1938 жылғы 13—14 қазандағы үкімімен:

— айыпкерлер Сарбасов Мусахан, Баймұратов Әбен,— Темірбаев Мұстафа — әрқайсысы 25 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқығын жоюға, мал-мүлкін конфискалауға

— айыпкер Мырзаев Әуез — 20 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқығын жоюға, мал-мүлкін конфискалауға;

— айыпкер Жайлыбаев Қалмағамбет — жазаның ең ауыры — ату жазасына сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 20 желтоқсандағы ұйғаруымен — Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 13—14 қазандағы үкімі бұзылып, алдын ала тергеу арқылы қайта

қарауға жіберген. Қайта тергеу ісі 1939 жылдың 24 қарашасында бітіп, айыптау қорытындысы шығарылған.
Қызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1940 жылғы 10 ақпандағы үкімімен:
— айыпкерлер Жайлаубаев, Темірбаевтардың қылмысы болмағандықтан, ҚК 4 бабының 5 тармағы тәртібімен бұл істен мүлдем ақталған, үкім тұжырымды, шағымға жатпаған.
Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1995 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен — Жайлыбаев Қалмағамбет, Темірбаев Мұстафа — Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## II

**МАРТЫНОВ** Петр Иванович — родился в 1913 году в г. Актюбинске, малограмотный, русский, беспартийный, работал слесарем Яныкурганской МТС;
**ЛУКИН** Дмитрий Андреевич — родился в 1902 году в г. Куйбышеве, русский, грамотный, член ВКП(б), в 1935 году исключен из партии, в 1937 году осужден по ст. 79 УК, работал механиком в Яныкурганской МТС;
**ИВАНОВ** Иван Павлович — родился в 1908 году в с. Джулек, Чилийского района, грамотный, беспартийный, сын крупного кулака, работал агрономом Яныкурганской МТС;
**ПАВЛЮКОВ** Николай Федорович — родился в 1912 году на станции Донгус, Оренбургской области, русский, малограмотный, беспартийный, в марте 1938 года осужден Яныкурганским нарсудом по ст. 74 п. 2 УК РСФСР на 2 года лишения свободы, работал механиком автотранспортного дела Яныкурганской МТС;
**БОЙКО** Степан Тимофеевич — родился в 1894 году в с. Комиссарово, Херсонского округа, УССР, украинец, грамотный, беспартийный, работал механиком Садвинтреста ст. «Ыссы-Еңбекші», Казахского р/на, Каз. ССР.
Эти 5 граждан обвиняются в том, что все они состояли членами контрреволюционной вредительской организации, которая ставила перед собой задачу свержения Советской власти и восстановление капиталистического государства. Они в районе систематически срывали ремонт тракторов, в 1936 году производили ремонт тракторов вредительски, ими трактора становились на повторный ремонт во время посева. В 1936—37 году произвели раскулачивание-разборку двух тракторов с целью вредительства, разбили два новых поршня. Вредительски производили пахоту земель под посев хлопками зерновых культур на 1600 га, без водных ресурсов. Ими вредительски затоплено в колхозе «Елтай» 14 га посева хлопка и 70 га посева зерновых культур,— за что постановлением Яныкурганского РО НКВД от 7 мая 1938 года они арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58 п. 7.11 УК РСФСР.
Приговором Кзылординского облсуда от 10-11 октября 1938 года осуждены: Иванов Иван Павлович к высшей мере наказания расстрелу, Лукин Дмитрий Андреевич к 25 годам лишения свободы, Павлюков Николай Федорович , Мартынов Петр Иванович, Бойко Степан Тимофеевич — к 15 годам лишения свободы каждого, после отбытия срока наказания, обвиняемых Лукина, Павлюкова, Бойко, Мартынова — лишить в избирательних правах каждому по 5 лет.
Судебная коллегия по уголовным делом Верховного суда Казахской ССР от 10 декабря 1938 года приговор Кзылординского облсуда оставил в силе.
Определением судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда СССР от 20 февраля 1939 года — приговор кзылординского облсуда и Опеределение Судебной коллегии по уголовным делам. Верхсуда Каз. ССР в отношении всех осужденных отменены и дело передано на новое рассмотрение со стадии предварительного следствия.
Приговором Кзылординского облсуда от 7-8-9 февраля 1940 года: Лукин Дмитрий Андреевич — осужден на 15 лет лишения свободы с последующим поражением в избирательных правах на 5 лет;
Бойко Степан Тимофеевич — осужден на 15 лет лишение свободы с последующим поражением в избирательных правах на 5 лет;
Иванов Иван Павлович — осужден на 10 лет лишения свободы последующим поражением в избирательных правах на 3 года.
Опеределением Судебной коллегии по уголовным делам Верхсуда Каз. ССР от 31 марта 1940 года приговор Судебной коллегии Кзылординского облсуда от 7-8-9 февраля 1940 года отменен и дело возвращено тому же суду на новое рассмотрение в ином составе суда со стадии судебного следствия.
Приговором Кзылординского облсуда от 20-21 мая 1940 года Лукин Д. А, Бойко С. Т. осуждены на 15 лет лишения с свободы, с последующим поражением в правах на 5 лет каждого, Иванов И. П. осужден на 5 лет лишения свободы, последующим поражением в правах на 2 года.
Определением судебной коллегии по уголовным делам Верхсуда СССР от 14 июня 1941 года — приговор Кзылординского облсуда от 20-21 мая 1940 года и определение суд. кол. Верхсуда Каз. ССР от 21 IX-1940 года в отношении Лукина, Бойко, Иванова отменены и дело передано на новое рассмотрение со стадии предварительного следствия.
Постановлением УНКВД по Кзылординской области от 8 января 1942 года уголовное дело в отношении Лукина, Бойко и Иваново прекращено и они освобождены из под стражи.
По Заключению облпрокурора от 2 апреля 1997 года Лукин, Бойко, Иванов на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года — реабилитированы.

## III

**ҮМБЕТОВ** Төлеген — Шиелі ауданының Жуантөбе ауылдық кеңесі, «Айдарлы» деген жерде 1888

жылы туған, молда болған, Түркістан қаласындағы мұсылман діни мектебін бітірген, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін осы ауданның «Ақтоған» колхозында колхозшы болған, әйелі — Рысқұл, баласы — Мұхамат-хан, қызы — Бибажар;

**САРБАСОВ** Шермолда — Шиелі ауданының № 14 ауылы, «Ащықұдық» колхозында 1863 жылы туған, молда болған, БКП(б) мүшесі, 1929 жылы молла ретінде партия қатарынан шығарылған, қамауға алынғанға дейін «Ащықұдық» колхозында колхозшы болған, үйленген, балалары — Яхия, Жәлел;

**ШАМШИЕВ** Әбусейіт — Жаңақорған ауданының «Өзгент» ауылдық кеңесі, «Еңбек» колхозында 1887 жылы туған, молда-ишанның баласы, шала сауатты, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін «Еңбек» колхозында тұрған, әйелі — Зұлпия, балалары Шусан, Зият, Сыраш, қызы — Матасым;

**ӘЙІМБЕТОВ** Ізбембет — Шиелі ауданының Бәйгеқұм ауылдық кеңесі, Жөлек ауылында 1863 жылы туған, бай-молда болған, арабша сауатты, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін Жөлек ауылында тұрған, тұрақты жұмыс істемеген, әйелі — Мақұл, балалары — Әзиз, Әмит;

**БӘЙІМБЕТОВ** Өтеп — Шиелі ауданының № 14 ауылы, «Ащықұдық» колхозында 1889 жылы туған, молда болған, Түркістан қаласындағы діни мектепті бітірген, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін осы колхозда тұрған, әйелі — Жаңыл, інілері Нұрмахан, Ермахан.

Үмбетов Төлеген — 1931 жылы конфискеленген, қылмысқа тартылудан қашып жүрген, сол жылы Шу аудандық милициясы арқылы тұтқынға алынып, кейін босатылған.

Үмбетов Төлеген, Сарбасов Шермолда, Шамшиев Әбусейіт, Әйімбетов Ізбембет, Бәйімбетов Өтеп — Қазақстанда болып келген, Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы контрреволюциялық-панисламдық ұйымға қатысып, Кеңес өкіметін құлату мақсатымен Қазақстанда діни жолымен байлар үкіметін орнатпақ болған. 1929—1930 жылдары Созақ ауданындағы Кеңес өкіметіне қарсы шыққан қарулы көтеріліске қатынасып, бұрынғы Жаңақорған ауданына қарайтын 16 ауылдың байлары мен молдаларын ұйымдастырып, кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық жұмыстар жүргізген. Контрреволюциялық «Ислам атындағы ұйымға жаңадан адамдар тартып, қатарын көбейткен. Колхозшылар арасында кеңес өкіметі құлайды, байлар мемлекеті орнайды деген контрреволюциялық сөздер айтып, үгіт жүргізген. Колхозшылардың бетін кеңес өкіметінен аудару үшін «Әуелі қиямет» деген кітап жазып таратқан. Жұртшылықтың Өзбекстан мен Тәжікстанға жаппай көшуін ұйымдастырған.

Осы қылмыстары үшін Жаңақорған аудандық НКВД бөлімінің қаулысымен. Үмбетов Төлеген — 1938 жылғы 17 мамырда, Сарбасов Шермолда — 16 мамырда, Шамшиев Әбусейіт — 28 мамырда, Әйімбетов Ізбембет — 8 мамырда, Бәйімбетов Өтеп — 17 мамырда қамауға алынып, РСФСР ҚК 58 бабымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 1938 жылдың 15 шілдесінде аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКВД басқармасының бастығы 6 тамызда, облыстық прокурор 15 тамызда, Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының дайындық мәжілісі 23 қыркүйекте бекіткен.

Қызылорла облыстық сотының көшпелі сессиясының 1938 жылғы 15-16 қазандағы үкімімен:

— айыпкерлер Үмбетов Төлеген, Шамшиев Әбусейіт, Әйімбетов Ізмәмбет — РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен айыпты деп табылып, әрқайсысын 10 жылдан бас бостандық еркінен айыруға, ҚК 58 бабының 2, 11 тармақтарымен айыпты деп табылып, жазаның ең ауыры — ату жазасына бұйырған;

— Сарбасов Шермолда, Бәйімбетов Өтепті ҚК 58 бабының 10 тармағымен айыпты деп тауып, әрқайсысын 10 жылдан бас бостандық еркінен айыруға, ҚК 58 бабының 2, 11 тармақтарымен айыпты деп тауып, үкіметтің 1937 жылғы 2 қазандағы қаулысына сәйкес орқайсысын 15 жылдан бас бостандық еркінен айыруға, ҚК 49 бабының тәртібі бойынша өтейтін жазасы 15 жыл болып белгіленген. Берілген жазаны өтеп болғаннан кейін 5 жылдан саяси құқығын жоюға сотталған.

— Айыпкерлер Үмбетов, Сарбасов, Шамшиев, Әйімбетов, Бәйімбетовтің өздеріне тиісті мал-мүлкі конфискаланған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істерді қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 13 қарашадағы үйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 15—16 қазандағы сотталушылар Үмбетов, Сарбасов, Шамшиев, Әйімбетов, Бәйімбетов жөніндегі үкімін күшінде қалдырған, Сарбасов пен Бәйімбетовтің жаза мерзімдерін әрқайсысына 10 жылдан бас бостандық еркінен айыруға үйғарылған.

СССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 14 ақпандағы ұйғаруымен, Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 15—16 қазандағы үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы соты қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1938 жылғы 13 қарашадағы ұйғаруы өзгертіліп, барлық сотталушылар жөніндегі үкімнен РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағы алынып тасталған. Сотталушылар Үмбетовке, Сарбасовқа, Шамшиевке, Әйімбетовке және Бәйімбетовке РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімімен және 58 бабының 11 тармағымен әрқайсысына 10 жыл бас бостандық еркінен айыруға, жазаларын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқығын жоюға ұйғарылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы бөлім бастығының 1997 жылғы 19 желтоқсандағы қорытындысымен Үмбетов Төлеген, Сарбасов Шермолда, Шамшиев Әбусейіт, Әйімбетов Ізбембет, Бәйімбетов Өтеп Қазақстан Республи-

касының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

* * *

Шамшиев Әбусейіттің әкесі Рахметов Шәмшіишан 1933 жылы Тәжікстан НКВД-арқылы СССР шекарасынан Ауғанстанға жасырын өту кезінде ұсталып, ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған. Үкім орындалған.

## ПРОТОКОЛ № 36

1938 жылғы 31 тамыз күні Шиелі ауданы, Бәйгеқұм ауылдық советіне қарасты «Ащықұдық» колхозының жалпы жиналысы болып, оған 121 еркек, 53 әйел, барлығы 174 адам қатысты.

Осы жиынның қаулысының үшінші буынынан көшірме:

«Шер Сарбасовтың негізі жайында сұраған арызына лайықты төмендегідей мінездеме берілсін: Шер Сарбасов 1863 жылы туған, әкесі Сарбас өмірінше кедейлікпен өткен, бай-молда болмаған. Сарбасов Шердің істеген істері — 1917 жылы әркімнің өгізін алып, томар тасып, күнін көрген, 1920 жылы Бәйгеқұм станциясында вагон салып, 1928 жылға дейін істеген. Сарбасовтың молдалық атақ алуы рас, әкесі атын «Шермолда» деп атап кеткен. Бірақ мешіт ұстап, бала оқытпаған. Кеңеске жаттық мінезбен біреуге үгіт жүргізу сияқты мінезі сезілмеген. Сарбасов өзінің тұтқынға алыну алдында колхозда жұмыс істеп жүрген. Сондықтан оның осы жағдайын растап көпшілік қаулы етеміз.

Мәжіліс ағасы *Назарқұлов,*
мүшесі *Шадырова,*
хатшысы *Дауылбаев.*

## 1942 жылы

### I

**ҚОЖАБАЕВ** Бақылбек — Жаңақорған ауданы, № 3 Ақтөбе ауылдық кеңесі, «Ынтымақ» колхозында 1891 жылы туған, колхозшы, партияда жоқ, сауатсыз;

**ҚҰДАЙНАЗАРОВ** Жұмабек — Жаңақорған ауданы, № 3 Ақтөбе ауылдық кеңесі, «Ынтымақ» колхозында 1875 жылы туған, колхозшы, партияда жоқ, сауатсыз;





**БҰХАРБАЕВ** Жақыпбек — Жаңақорған ауданы, № 3 Ақтөбе ауылдық кеңесі, «Ынтымақ» колхозында 1888 жылы туған, колхозшы, шала сауатты, партияда жоқ;

**САРИЕВ** Ералы — Жаңақорған ауданы, № 3 Ақтөбе ауылдық кеңесі, «Ынтымақ» колхозында 1901 жылы туған, колхозда бригадир болған, партияда жоқ, шала сауатты;

**НҰРЖАНОВ** Палымбет — Жаңақорған ауданы, № 3 Ақтөбе ауылдық кеңесі, «Ынтымақ» колхозында 1872 жылы туған, колхозшы, шала сауатты, партияда жоқ.

Бұл 5 азаматтың барлығы да 1930 жылы кеңес үкіметіне қарсы Созақ қарулы көтерілісіне қатысқан, 1941—1942 жылдары Отан соғысы жылдары жұртшылық арасында кеңес үкіметіне қарсы ұйымдасқан түрде үгіт жүргізген, кеңес үкіметіне қарсы жеңіліс пиғыл таратқан, мемлекеттік заемдарға жазылуға, салық жинауға наразылық білдірген,— деп айып тағылып, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы ОББ-ның 1942 жылғы 17 тамыздағы, 26 қыркүйектегі, 2 қарашадағы қаулыларымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімі, 58 бабының 11 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 24 желтоқсандағы үкімімен: айыпкерлер Қожабаев Бақылбек, Құдайназаров Жұмабек, Бұхарбаев Жақынбек, Нұржанов Палымбет, Сариев Ерәлі — әрқайсысы 10 жылдан бас бостандық еркінен айыру жазасына, 5 жылдан саяси құқын жоюға сотталған. Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 30 қаңтардағы үйғаруымен облсоттың үкімі бұзылып, істі қайта қарау үшін сол облыстық сотқа жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1944 жылғы 28 ақпандағы үйғаруымен Сариев Ералінің Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы жанындағы дәрігерлер комиссиясының 1944 жылғы 22 ақпандағы өкпе ауруын анықтаған актісіне сүйеніп, оны қамаудан босатқан. СССР МВД-ның 1 арнаулы бөлімінің 1947 жылғы 30 маусымдағы Қызылорда облыстық сотына жолдаған № 43/6 қатынасы бойынша, Қожабаев Бақылбек, Құдайназаров Жұмабек НКВД-ның Сібір лагерінде айып мерзімін өтеп жатқанда, яғни Қожабаев Бақылбек 1944 жылғы 23 наурызда, Құдайназаров Жұмабек 1943 жылғы 18 тамызда қайтыс болған, Нұржанов Палымбет СССР Жоғарғы Соты Пленумының 1942 жылғы 1 тамыздағы қаулысы негізінде НКВД-ның Сібір лагерінде 1943 жылғы 14 қыркүйекте босанған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 2 на-

урыздағы үйғаруымен Қожабаев Бақылбек пен Құдайназаров Жұмабектің қайтыс болуына байланысты айыптау ісі өндірістен қысқартылған, ал Нұржанов Палымбет пен Сариев Ералы жайлы тыңдау белгіленген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 29 наурыздағы үкімімен айыпкер Сариев Ераліні РСФСР ҚК-ның 58-10-2, 58-11 бабының тармақтарымен айыпты деп тауып, 1,5 (бір жарым) жыл бас бостандық еркінен айыруға, бірақ оның қамауда жатқан күндерін есепке алып жазаны өтеді деп есептеуге қаулы алынған.

Айыпкер Нұржанов Палымбетті ҚК-ның 58-10-2, 58-11 бабының тармақтарымен айыпты деп тауып, 1 (бір) жыл бас бостандығы еркінен айыруға бірақ оның тұтқында жатқан күндерін ескеріп, жазаны өтеді деп санаған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 25 тамыздағы үйғаруымен Сариев Ералі мен Нұржанов Палымбет жөніндегі Қызылорда облыстық сотының 1948 жлғы 29 наурыздағы үкімін жеңіл жаза тағайындағандықтан бұзып, істі сот тергеуінен бастап басқа құраммен қайта қарауға сол соттың өзіне жіберген.

Қызылорда облыстық соттың қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 11-12 қазандағы үкімімен Сариев Ералі, Нұржанов Палымбет әрқайсысы он жылдан еңбекпен түзеу лагеріне бас бостандық еркінен айыруға, саяси құқын 5 жылға жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 28 желтоқсандағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1948 жылғы 11-12 қазандағы үкімі бұзылып, Сариев, Нұржанов жайлы істегі жинақталған қылмыс материалының жеткіліксіздігінен іс өндірістен қысқартылып, олар тұтқыннан босатылған.

СССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 2 қарашадағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1948 жылғы 11-12 қазандағы үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1948 жылғы 28 желтоқсандағы үйғаруы бұзылып, Сариев пен Нұржановтың ісі алдын ала тексерумен жаңадан қарауға жіберілген.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасы тергеу бөлімшесінің 1950 жылғы 10 шілдедегі қаулысымен Сариев пен Нұржановты айыптау ісін алдын-ала тексеру қортындысымен сотқа беруге жеткіліксіз болғандықтан, іс өндірістен қысқартылған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1979 жылғы 26 қыркүйектегі үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының Бұхарбаев Жақыпбек жайлы 1944 жылғы 5 қыркүйектегі, Қожабаев Бақылбек, Құдайназаров Жұмабек жайлы 1948 жылғы 2 наурыздағы үйғаруы бұзылып, олардың әрекетінде қылмыс құрамының болмауынан іс өндірістен қысқартылған. Қазақ ССР прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 25 сәуірдегі қорытындысымен — Қожабаев Бақылбек, Нұржанов Палымбет, Сариев Ералі, Бұхарбаев Жақыпбек, Құдайназаров Жұмабек — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 19 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

## II

**ТОҚАЕВ** Шайқы — Жаңақорған ауданының Ақтөбе ауылдық кеңесі, «Талды-су» колхозында 1891 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Ұлша, қыздары — Жадыра, Күлия, Күланхан, інісі Тоқаев Шәймерден.

**ТОҚАЕВ** Өксікбай — Жаңақорған ауданының Ақтөбе ауылдық кеңесі, «Талды-су» колхозында 1889 жылы туған, бұрын бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, 1930 жылы Созақ қарақшыларының көтерілісіне қатысқаны үшін тұтқынға алынған, үйленген, әйелі — Балқия, қыздары — Бибіш, Бибіхан, баласы Ерназар, інісі Шәймерден.

Шайхы мен Өксікбай Тоқаевтар бұрынғы байдың балалары ретінде, кеңес өкіметіне қарсы жат пікірде болған. 1930 жылғы Созақ қарақшыларының көтерілісі кезінде Тоқаевтар көтеріліске белсене қатысып, қарақшыларға атын беріп, оларды өкімет органдарынан жасырған. Тоқаев Өксікбай басқа қарақшылармен бірге аудан орталығынан көтерілісті жою мақсатында шыққан комотрядқа қатысушыларды қарусыздандырып, шаштары мен сақалдарын жұлып, сабап, оларды мешітке әкеліп, дінді ұстауға зорлап көндірген және неше түрлі азап көрсеткен. Комотрядтардан тартып алынған соғыс құралдарын-мылтықтарды Тоқаев Өксікбай қарақшылар көтерілісіне қатысқан Қайыпназаровқа тапсырған.

Тоқаев Шайқы Ұлы Отан соғысы басталған күннен бастап өзінің жат пікірін білдірумен бірге, кеңес үкіметіне және колхоз құрылысына қарсы теріс үгіт таратып, колхозшыларды үрейлендіріп, контрреволюциялық өтірік-өсектер таратып, осы соғыста Фашистік Германия жеңеді деген. Соғыс басталған күннен бастап колхозда жұмыс істемей және басқа колхозшыларды жұмыс істемеуге үгіттеген, сонымен бірге стахановшы колхозшылардың арасында іріткі салып, стахановшы Асылбекованы жұмысты нашар істеуге үгіттеп, колхоздың белсенділерімен төбелесіп, тапсырған жұмысты орындамаған. Күнделікті саяси науқандар кезінде колхозшыларды заемға жазылмауға үгіттеп, өзі жылы киім және мемлекетке астық тапсыруға қап беруден бас тартқан.

Тоқаев Өксікбай — колхозшылардың көзінше колхоз құрылысына наразылығын айтып, халықты үгіттеген және үкімет пен партияның басшыларына тілін тигізіп, осы соғыста фашистік Германия жеңеді деген. Колхозшылар арасында заем таратуда колхозшылардың заемға жазылуына кедергі жасап, өзі заемға жазылудан бас тартқан.

Осы қылмыстары үшін Тоқаев Шайқы мен Тоқаев Өксікбай Жаңақорған аудандық НКВД бөлімшесінің 1942 жылғы 13 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58-бабының 10 тармағының 2 бөлімімен және 59 бабының 3 тармағымен қылмысты іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1942 жылдың 9 қарашасында шығарылған, іс Қызылорда облыстық сотының қарауына берілген.

Алдын ала тергеу барысында және сот алдындағы тергеуде Тоқаев Шайқы мен Тоқаев Өксікбай қылмыстарын мойындамаған, бірақ сот тергеуіндегі куәлардың жауаптары бойынша мойындарына қойылған.

Қызылорда облыстық сотының 1992 жылғы 26—27 қарашадағы үкімімен Тоқаев Шайқы ҚК 58-10-11 бабымен айыпты деп тауып, ҚК-58-2 бабы арқылы жазаның ең ауыры — атуға және мал-мүлкін мемлекет пайдасына конфискелеуге сотталған;

— Тоқаев Өксікбайды ҚК 58-10-11 бабымен айыпты деп тауып, сол аңның 58-2 бабы арқылы 10 жылға бас бостандық еркінен айырып, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, бір құнанын мемлекет пайдасына конфискелеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1942 жылғы 28 желтоқсандағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1942 жылғы 26-27 қарашадағы үкімі күшінде қалдырылып, айыпкерлер Тоқаев Шайқы мен Тоқаев Өксікбайдың шағым арыздары аяқсыз қалдырылған.

СССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1943 жылғы 10 ақпандағы ұйғаруымен Тоқаев Шайқы ату жазасы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлкін конфискелеумен ауыстырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1994 жылғы 13 маусымдағы қорытындысымен Тоқаев Шайқы мен Тоқаев Өксікбай Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

### 1945 жылы

**БИДАУЫЛОВ** Сейіткамал — Жаңақорған ауданының Жаңа-арық ауылдық кеңесі, «Политотдел» колхозында 1898 жылы туған, негізі — кедей-шаруа, білімі бастауыш, 1931 жылы Шиелі ауданында үш айлық трактористер курсын бітірген, мамандығы тракторист және етікші, БК(б)П мүшелігіне кандидат, 1940 жылы осы іске байланысты партия қатарынан шығарылған, 1940 жылы мамыр айында Жаңақорған халық соты арқылы РСФСР ҚК-ның 109 және 79 баптарымен 3 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған, кейінгі қамауға алынғанға дейін «Политотдел» колхозында қой және түйе фермасының меңгерушісі болып жұмыс істеген, үйленген. Әйелі — Құлайхан, балалары — Аламан, Ыдырыс, Құлпан, Аманкұл, Есенкұл, Аманкелді;

**ТҰРҒАМБЕКОВ** Әбдірайым — Жаңақорған ауданының Жаңа-арық ауылдық кеңесі, «Политотдел» колхозында 1888 жылы туған, білімі бастауыш, аудандық жер бөлімінің жанындағы химизатор дайындайтын семинардан өткен, партияда жоқ, 1930 жылы молда элементі ретінде топқа қосылғаны үшін тергеуде болған, 1939 жылы 2 жылға сотталған, шағым арызы бойынша ақталып шыққан, кейінгі қамауға алынғанға дейін «Политотдел» колхозында химизатор (агротехник) болып жұмыс істеген, үйленген. Әйелі — Бегай, балалары — Жахат, Жамал, Айдулла, Аманкелді, Қызайхан;

**БАРАҚОВ** Мақұлбек — Жаңақорған ауданының Жаңа-арық ауылдық кеңесі, «Политотдел» колхозында 1892 жылы туған, негізі — кедей-шаруа, шала сауатты, 1932 жылы партия қатарында болған, кейін кеңес өкіметіне қарсы әрекеті үшін партия қатарынан шығарылған, 1932 жылы кеңес өкіметіне қарсы әрекеті үшін 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, жаза мерзімін толық өтеп, 1942 жылы босанып шыққан, 1944 жылы 3 айға еріксіз еңбек ету жұмысына сотталған, «Политотдел» колхозында жылқышы болып жұмыс істеген, үйленген. Әйелі — Болған, баласы — Батырша, інісі Барақов Опан.

**АХМЕТОВ** Сердалы — Жаңақорған ауданының Ақүйек ауылдық кеңесі, Елтай атындағы колхозда 1916 жылы туған, негізі — кедей-шаруа, білімі бастауыш, партияда жоқ, 1940 жылы Жаңақорған аудандық халық соты арқылы РСФСР ҚК-нің 116 бабымен 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 1 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған, 1943 жылы Жаңақорған аудандық халық соты арқылы екінші рет РСФСР ҚК-ның 109 бабымен 6 айға сотталған, қамауға алынғанға дейін Жаңақорған ауданының Ақтөбе ауылдық кеңесі, «Қосүйеңкі» колхозында есептеуші болып жұмыс істеген. Әйелі — Бегай. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1945 жылғы 19 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған;

**ЖҮНІСБЕКОВ** Байсын — Жаңақорған ауданының Жаңа-арық ауылдық кеңесі, «Политотдел» колхозында 1900 жылы туған, негізі кедей-шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, «Политотдел» колхозында бригадир болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Құлбарам.

Бидауылов Жаңақорған ауданындағы «Политотдел» колхозында біраз уақыттан бері сол колхоздың басты қызметінде жүріп, 1943 жылдан сол колхоздың ферма бастығы болып жүріп, колхоз құрылысына жат пікір-ниетте болып, колхозшылар арасында өзіне бедел туғызып, олардың арасынан үкімет пен колхоз құрылысына пікірі жат Тұрғамбеков, Бараұов, Жүнісбеков сияқты адамдарды өзіне бейімдеп, олармен бірлесіп колхоз құрылысына, оның шаруашылығына тікелей қарсы болып оған зиянкестік әрекеттерін жасап келген және көпшілік колхозшылар арасында контрреволюциялық үгіттер жүргізген. Бұл жоғарыда аты аталғандар Бидауылов, Тұрғамбековтердің бастауымен Отан соғысының кезінде колхоз ша-

руашылығын үнемі кейінге кетіруде болып келген. Атап айтқанда — Бидауылов 1943 жылы сол колхозда егіс бригадирі болып тұрып су шықпайтын жаман жерге қасақана 19 гектар жерге тары, 5 гектар жерге бидай егіп, дым шықпай қалған, ешқандай өнім алынбаған, орта есеппен 90 цн. тары, 45 цн. бидай өніміне колхозды зиянға ұшыратқан. Бұл жөнінде барлық бәлені колхоздың сол кездегі төрағасы Сарыбаевқа өтірік аударып, соны жазалатқан. Бидауылов 1943 жылы қасақана дәрігердің рұқсатынсыз колхоздың 6 жұмыс түйесін өзінің әкесіне кестіртіп, оның 2-ін сою үшін өлтірген. 1940 жылы осындай колхоздың малын кестіруден қылмыс заңының 79 бабымен 3 жылға жазаланып, жазасын өтесе де тағы да қасақана істеген. Бидауылов 1943 жылдан ферма меңгерушісі болып жүріп және колхоздың төрағасының орынбасары болып тұрып сол кездегі колхоз төрағасының ауру, мүгедектігін пайдаланып, колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салған, колхоздың жылқы малынан 15 бас жылқысын құртқан, оның орын жабу үшін 1944—45 жылғы туған құлын жабағылардан 15 басын есептен жасырып, ірі мал есебінде көрсеткен. 1944 жылы туған бұзаудан 17 бас бұзауды есепке кіргізбей, өзінің жеп құртқан малдарының орнына салған, 1945 жылы колхозшылардың заң бойынша еңбек күніне берілетін 27 баспақты колхоздың есебінен шығарса да, Бидауылов осы малдардың 11 басын қайтадан колхоздың бөлінбейтін қорынан 33000 сомға сатып алынды етіп өтірік келісім шарттарды колхозшылардың сыртынан колхоздың сол кездегі есепшісі Ахметовпен бірлесіп, колхозшыларға ешқандай ақша да, мал да бермей пайдаланып кеткен, бұл 11 баспақты сатып аламыз деп банкіден чекпен 45 мың сом ақша алған.

1945 жылы Бидауылов колхоз басқармасының және аудандық жер бөлімінің рұқсатынсыз азамат Белоусов дегенге ферманың бір бұзаулы сиырын 7000 сомға сатқан, Топеневке фермадан 6500 сомға 1 атын сатып, ақшасын өзінің бас пайдасына пайдаланған. 1945 жылы сәуір айында Бидауылов есепші Ахметов екеуі өтірік колхозшылардың қаулысын жасап, аудандық жер бөлімінің рұқсатынсыз колхоздың 6 биесін, 1 түйесін Түркістан ауданының базарына апарып, 57 мың сомға сатып, ақшасын талан-таражға салған. 1944 жылдың қараша-желтоқсан айларында туған қозы-лақтардан 85 бас қозы-лақты есептен жасырып, өзінің бұрын ішіп-жеп құртқан малдарының орнына кірістірген, одан да тыс 1945 жылы ферма малын басқа адамға өткізерде Бидауыловтан 191 бас қой-ешкі кем шыққан. 1945 жылғы мал санағында Бидауылов фермедегі кем малдардың орнына өзінің қылмысын жабу мақсатымен жеке меншік колхозшылардың 87 бас малын малшылар арқылы айдатып, санаққа екі рет санатып жіберген. Бидауылов 1943—45 жылға дейін колхоз құрылысына зиянкестік әрекетімен колхоздың ферма малынан 17 бас жылқы, 30 бас ірі қараны, 239 бас қой-ешкіні, 9 бас түйені, 4 бас есекті, барлығы-өсімдігінен басқа — 299 бас малын ішіп-жеп, талан-таражға салған. Бидауылов колхоз шаруашылығын әбден билеп-төстеп, білгенін істеген. Ол 1944 жылы колхоздың бөлінбейтін қорынан банкідегі счеттарынан 107578 сом алған, тағы да басқа жақтардан алғандарын қосқанда қолына алғаны 235087 сом, бұдан түрлі заңды, заңсыз документтерін шығарғанда нақты Бидауыловтың тек өзінің ақшалай жегені — 127787 сом болған.

Бидауылов колхоздың басшы қызметінде жүріп колхоздың экономикалық шаруашылығына зиянкестік әрекеттерінен басқа колхоз құрылысына жат пікірде болып, көпшілік колхозшылар арасында тегі жат Тұрғамбеков, Бароқовтармен бірлесіп, үнемі контрреволюциялық үгіттер жүргізіп келген. Әсіресе малшылар арасында қылмысын ашпау әрекетінде оларды күшпен қорқытып келген, қылмысымды айтсаң еңбек майданына жіберем, өндіріске жұмысқа жіберем деп қорқытқан. Бидауылов — 1945 жылы наурыз айының ішінде аудандық партия комитетінің қаулысы бойынша колхозға жаңадан тағайындалған төрағасы азамат Сқақовты колхозға төраға етіп сайламауға колхозшылар арасында көптеген теріс үгіттер жүргізген, соның салдарынан колхозшылардың бірінші жиналысында Сқақовтың кандидатурасы өтпей қалған, кейін Сқақов колхозға төраға болып сайланғаннан кейін, бұл сырттан келген адам Бидауыловтың қылмыстарын ашып қалама деп, Бидауылов, Тұрғамбеков, Бароқов, Жүнісбековтер бірлесіп түрлі әрекеттер жасаған. Бұлар Тұрғамбековтың үйіне жиылып колхозшылар арасында түрлі теріс үгіттер таратуды келіскен. Осының негізінде Бидауылов 1945 жылы көріне көзге зиянкестік жасау мақсатымен мамыр, маусым айларында колхоздың түйе фермасын қасақана тау учаскесіне шығармай, әдейі сыр бойына, маса-сонаның қалың көп жеріне ұстап, соның салдарынан 8 түйе бота тастаған, 39 түйе «Триманозомоз» деген кесел ауру тапқан және сол жылы колхоздың дарияның аржағына көктем егісіне деп күтімге қойған 34 бас жұмыс көлігін (оның ішінде 22 түйе) бержақтағы колхоздың егістік жеріне мұз кетпей тұрып өткізбей, қастықпен егіс егудің мерзімін өткізіп жіберген.

Тұрғамбеков сол «Политотдел» колхозында бірнеше жылдан бері колхоздың егіс мамандық агротехник-химизаторлық қызметінде жүріп, бұрынғы ескі Николай заманын өксіп жат пікірде болып, колхоздың егін шаруашылығын жылма-жыл кейін кетіріп келген, 1945 жылғы көктем егісінде зиянкестік жасау мақсатымен бірнеше жыл айдалып әбден ескірген жерге, басқа жерде жақсы жер бола тұрса да, қастықпен іске аспайтын 37 га жерді Бароқовпен бірлесіп колхоздың жаңадан келген басқармасын алдап, трактормен 14 күн айдатқан, ақырында аудандық агроном келіп жарамсыз етіп тастаған, ештеңе ектірмей, сөйтіп колхозды 100 еңбек күнге, трактор алымына 43 цн. натурплатқа зиянға ұшыратқан, онымен де қоймай Тұрғамбеков жаңа болған колхоз төрағасының көзін алдап қапылыста сол айдалған жарамсыз жерге 9 гектарына өзі қолыменен

тұқым сепкен, ақырында еш өнім алынбаған, соның салдарынан Тұрғамбеков өзінің зиянкестігінің арқасында колхозға 43500 сом зиян келтірген. Сонымен бірге Тұрғамбеков колхозшылар арасында үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген, 1944 жылғы қыркүйек айының ішінде Бидауыловтың қатысуымен кеңес үкіметін жамандаған, бұрынғы ескі тұрмысты өксіген, бұрынғы діни әдет-ғұрыптарды мақтаған, 1945 жылы сәуір айының ішінде колхоздың тұқым тазалап жатқан әйелдері арасында кеңес үкіметін жамандаған, ескі діни әдет-ғұрыптарды айтқан. Осы сияқты контрреволюциялық үгіттерді үнемі кез-келген жерде жүргізген. Тұрғамбеков 1945 жылы колхозға келген жаңа төраға Сқақовты кетіру мақсатында бірнеше теріс үгіттер жүргізіп, бірнеше колхозшыларды азғырып келген және оларды ұйымдастырып төрағаның үстінен топтасып арыз жаздырған.

Барақов қашаннан колхоз құрылысына қарсы теріс пікірде жүріп, өзінің зиянкестік әрекетімен 1945 жылғы көктем егісінде колхоз атынан көршілес Шиелі ауданында тұқымдық астық дайындауға барып колхозға деп алынған астықтарды мүмкіншілігі бола тұра арасы 16-ақ шақырым жердегі «Политотдел» колхозының орталығына уақытылы жібермей, қасақана кешеуілдетіп, егін егу мерзімін кетірген және алынған астықтан зұлымдыққа салынып 1026 килограмм колхоздың тұқымдық астығын талан-таражға салып құртқан. Соның салдарынан колхоздың жоспарлы егісінен 10 га күріш жері егілмей қалған және Тұрғамбековпен бірлесіп колхоздың 37 га егістік жерін зиянкестікпен сапасыз жерден айдатқан, соның салдарынан колхозды көп зиянға ұшыратқан. Сонымен бірге жат пікірде болып үнемі колхозшылар арасында контрреволюциялық үгіт жүргізіп келген. 1943 жылдың аяғында колхозшы Сырымбетовке кеңес үкіметін жамандап фашистік Германияны мақтаған, колхоз құрылысына наразылығын, 1945 жылғы егін жинау кезінде әдейі көпшілік алдында колхоз партия комитетінің хатшысы Мүсырманқұловтың және Бекбергенованың беделін түсіру мақсатында оларды сөгіп, балағаттап ұрған.

— Жүнісбеков колхозда егіс бригадирі бола тұра, өзінің туысы Барақовпен, Бидауловпен байланыста болып, жат пікірінің нәтижесінде 1945 жылғы көктем егісінде көріне-көзге қатысқан агротехникалық жолды бұзып, Тұрғамбековпен пікірлесіп жауыздық жасау мақсатымен колхоздың күзгі айдалған зябь жеріне жаңадан қайта айдатпай, сақаланбаған жерге 41 га тары, 7,5 га жүгері егіп, тұқымды мүлдем далаға тастаған, колхозшылардың еңбегі заяға кеткен. Соның салдарынан колхоздың жоспарлы алатын 185 цн. тары, 85 цн. жүгері 610 еңбек күн зая кетіп, колхозға қыруар зиян келтірген. Жүнісбеков егіс жұмысынан колхозға 137575 сом зиян келтірген. 1945 жылдың маусым айының ішінде Жүнісбеков өзінің пікірлесі Бидауыловтың қылмысын жабу үшін мал санағы кезінде комиссия мүшелеріне мал фермасынан 52 бас сауын сиырды колхозшыларға бердік деп тілхат берген. Тексере келгенде бұл жағдай өтірік болып шыққан. Жүнісбеков бригадир болып тұрған кезінде қарамағындағы колхозшыларға таратып беру үшін 21 мың сомның үшінші соғыс заемының облигациясын алып таратпай өзі пайдаланып кеткен. Жүнісбеков 1945 жылғы сәуір айының ішінде колхоздың көпшілік жиналысында халық алдында ашық түрде колхоз құрылысына жатпайтын контрреволюциялық сөздер айтып, колхозшыларға саяси теріс пікір туғызған, кеңес үкіметіне наразылық пікірін білдірген.

Ахметов 1945 жылдың ақпан айынан бастап колхозда есепшілік қызметінде жүріп, өзінің қызмет бабын пайдаланып, колхоздың есеп жұмысына немқұрайды қарап, есеп жұмысын бетімен жіберген. Бидауыловпен бірлесіп колхозшылардың еңбегіне берешек 11 баспаққа өтірік шарт жасауға тікелей көмектескен және банкіден чекпен ірі сумма алуға Бидауыловқа көмектескен. 1944 жылғы колхозшылардың алашақ үшінші соғыс заем облигациясын уақтылы таратып бермей, оның 16554 сомын өзі пайдаланып кеткен. Бидауыловтың 31500 сомға өтірік жасап берген документін тексермей кіріске алған. Қызмет бабын пайдаланып банкіден алынған ақшадан 570 сомды өзі пайдаланған.

Жоғарыдағы аты аталған Бидауылов, Тұрғамбеков, Барақов, Жүнісбековтер көп уақыттан бері біріккен түрде ұйымдасып, «Политотдел» колхозының шаруашылығына зиянкестік әрекеттерінің салдарынан колхоз шаруашылығына үш есе есептегенде 3251271 сомдық шығынға ұшыратып, зиян келтірген.

Осы қылмыстары үшін олар (5 адам) Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1945 жылғы 19 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 7, 10, 11 тармақтарымен және 1932 жылғы 7 тамыздағы заңымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1946 жылдың 13 сәуірінде бітіп, айыптау қорытындысы сол жылғы 15 сәуірде шығарылған. Іс Қызылорда облыстық сотының қарауына жіберілген.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 26—30 сәуірдегі үкімімен:

— айыпкер Бидауылов Сейіткамал — 20 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлкін конфискелеуге сотталған;

— Тұрғамбеков Әбдірайым — 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлкін конфискелеуге сотталған;

— Барақов Мақұлбек — 12 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, мал-мүлкін конфискелеуге сотталған;

— Жүнісбеков Байсын — 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау-сайлануға құқын жоюға, мал-мүлкін конфискелеуге сотталған;

— Ахметов Сердәлі — 4 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Үкім бойынша колхозға келтірілген зиянды өндіруге колхоз пайдасына:
Бидауыловтан — 2047266 сом,
Тұрғамбековтен — 130500 сом,
Бараковтан — 660780 сом,
Жүнісбековтен — 412725 сом,
Ахметовтен — 570 сом өндірілсін делінген.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1946 жылғы 27 маусымдағы ұйғаруымен:
— Қызылорда облыстық сотының 26-30 сәуір 1946 жылғы үкімі күшінде қалдырылған, сотталушылардың шағым арыздары аяқсыз қалдырылған.
Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының 1957 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен: Бидауылов Сейіткамалға, Бараков Мақұлбекке ҚК-ның 58-10 бабының екінші тармағымен және 58-11 бабымен тағылған айыптары жөнінде Қызылорда облсотының үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы сотының ұйғаруы бұзылып, бұл істі дәлелденбегендіктен мүлдем қысқартқан;
— Сотталушы Тұрғамбеков Әбдірайым жөнінде Қызылорда облсотының үкімімен Қазақ ССР Жоғарғы сотының ұйғаруы бұзылып, ол туралы іс дәлелденбегендіктен мүлдем қысқартылған;
— Жүнісбеков Байсынның ҚК-ның 58-10 бабының 2 тармағымен және 58-11 бабымен сотталғаны туралы облсот үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының ұйғаруы бұзылып, қысқартылған, себебі оған бұл айып алдын-ала тергеуде қойылмаған.
— Сотталушылар: Бидауылов Сейіткамал және Бараков Мақұлбектердің ҚК-ның 58-7 бабы жөнінде облсоттың үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы сотының ұйғаруы бұзылып, ол жөнінде іс қысқартылған. Сонымен қатар Бараковтың 7 тамыз 1932 жылғы Заң мен айыпталған айыбын ҚК-ның 109 бабына аударып оған 5 жыл бас бостандық еркінен айыру жазасы берілген;
— Сотталушы Жүнісбеков Байсынның ҚК-ның 58-7 бабымен айыпталған айыбын ҚК-ның 109 бабына ауыстырып, оған сол үкімдегі 8 жыл бас бостандық еркінен айыру жазасы қалдырылған;
— Бидауылов Сейіткамалдың 7 тамыз 1932 жылғы заңмен сотталғаны жөніндегі және Ахметов Сердәлінің ҚК-ның 116 және 109 баптарымен сотталғаны жөніндегі облыстық соттың үкімі және Қаз ССР Жоғарғы Сотының ұйғаруы өзгеріссіз қалдырылған;
— Сотталушылардың өндірілсін делінген 3251271 сом ақша үш есе есеппен алынғандықтан және нақтылы келтірілмеген зиян үшін де есептелгендіктен соттың үкімі бұзылып, ісі кейін жалпы ақылы іс ретінде қайта қарауға сол соттың өзіне тапсырылған.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1944 жылғы 10 наурыздағы қорытындысымен — Бидауылов С., Тұрғамбеков Ә., Бараков М., Ахметов С., Жүнісбеков Б.— Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## 1947 жылы

**БӘЙІМБЕТОВ** Төлен — Жаңақорған ауданының Төменарық поселкесінде 1879 жылы туған, молда болған, шала сауатты, партияда жоқ, жұмыс істемеген, мүгедек, үйлі-жайлы, бұрын сотталмаған, әйелі — Тұрсын, баласы — Сұлтанбек;
**ҚҰРБАНӘЛИЕВ** Әмет — Жаңақорған ауданының Төменарық поселкесінде 1892 жылы туған, арабша сауатты, партияда жоқ, өндіріс комбинатында етікші болып жұмыс істеген, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Жұмакүл, қызы — Ұлбосын;
**СЕЙІЛОВ** Рахмет — Жаңақорған ауданының № 7 Құмарық ауылдық кеңесі, «Екпінді» колхозында 1892 жылы туған, колхозшы, күріш еккен, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Зиба, балалары — Оразхан, Мырзахан;
**НҰРЖАНОВ** Қосым — Жаңақорған ауданының «Жайылма» колхозында 1874 жылы туған, кейін Төменарық поселкесінде тұрған, сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, жұмыс істемеген, үйленген, әйелі — Әлима, балалары — Қосымова Сеймай, Қосымов Ерлан (Отан соғысында хабар-ошарсыз кеткен).
Бұлар 1929—30 жылдан бастап ұлтшыл Шопанов Өтегеннің контрреволюциялық ұйымына кіріп, кеңес өкіметінің саясатына қарсы Шопановтан бірнеше тапсырмалар алып, контрреволюциялық ұлтшылдық саясатын халықтың арасына таратып жүрген. Атап айтқанда 1928-29-30 жылдары қазақтарды Өзбекстан, Тәжікстан сияқты жерлерге көшіруге көмектесіп, үгіт жүргізген. Кейін Шопанов Өтеген ұсталғаннан кейін кеңес үкіметіне қарсы ашық күресу саясатын өзгертіп, 1941 жылдан бастап Отан соғысының кезінде өздерінің үкіметке жат пікірін колхозшылардың арасына тарата бастаған. Кеңес үкіметі халықты кедейлендірді, неміс келсе баяғы Николай заманы орнап, халық жақсы тұрмысқа жетер еді деген.
1947 жылғы Жоғарғы Кеңестің сайлауында кеңестің сайлау системасын жамандап, Николайдың тұсындағы сайлауды мақтаған пікірде колхозшылардың арасына теріс үгіт тарата бастаған. Мұнымен қоса колхоз жұмысына әрдайым кедергі жасап келген. Жоғарыдағы сияқты өзінің жат пікірін кеңес үкіметін жақтырмайтын Бәйімбетов сияқты адамдарға айтып, ең әуелі өздерінің жақын туыстарына айтып, бірте-бірте халыққа таратып теріс үгіт жүргізе бастаған. Бәйімбетов Төлен ағасы Құрбанәлі Бәйімбетов өлгеннен кейін Төменарықтағы мешіттің иесі болып қалып, мешіт жабылғаннан кейін Отан соғысы кезінде кеңес үкіметін немістер жеңеді, сөйтіп мұсылмандарға мешіт ашып, бұрынғы байшылдық заман орнайды деген пікірде кейбір колхозшылардың арасына тарата бастаған.
Құрбанәлиев Әмет өзінің газет оқып хат танитынын пайдаланып, газеттегі сөзді теріс бұрмалап кеңес үкіметі немістерден жеңіледі, Англия мен Америка басып алып бұрынғы Николай заманы орнайды деген пікірде көпшілікті және туысқан-

дарын сендіріп, үкіметке қарсы саясатын өзінің туысы Бәйімбетов арқылы колхозшылардың арасына таратып отырған. Отан соғысы жылы кеңес үкіметінің бастықтары Москеуден шығып тығылып жүр деген пікірді халыққа тарата бастаған.
Нұржанов Қасым көбінесе Бәйімбетовтың үкіметке қарсы айтқан сөздерін мақұлдап, әр жерде мешіттің ашылуын және Николай заманының орнауын көксеген пікірін колхозшылардың арасында айтып жүрген.
Осы қылмыстары үшін олар (4 адам) Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1947 жылғы шілде-қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 2 бөлімшесімен, 58 баптың 11 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.
Тергеу ісі бітіп, айыптау қорытындысы 1947 жылдың 7 қарашада шығарылған.
Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1947 жылғы 25-27 желтоқсандағы үкімімен — Сейілов Рахмет 8 жылға еңбек түзету лагеріне өтеуге, бас бостандық еркінен айыруға, 5 жыл саяси құқын жоюға; Құрбанәлиев Әмет — 6 жылға еңбек пен түзету лагерінде өтеуге, бас бостандық еркінен айыруға, саяси құқын 3 жылға жоюға;
Бәйімбетов Төлен — 5 жылға еңбекпен түзету лагерінде өтеуге, бас бостандық еркінен айыруға, саяси құқын 2 жылға жоюға;
Нұржанов Қосым — 1 жылға еңбекпен түзету лагерінде өтеуге, бас бостандық еркінен айыруға, айыпкерлердің барлық мал-мүлкі конфискелеуге сотталған.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 29 қаңтардағы үйғаруымен — Қызылорда облыстық сотының 1947 жылғы 27 желтоқсандағы үкімі бұзылып, істі сот тергеуінен бастап, басқа құраммен қарау үшін сол соттың өзіне жіберілген.
Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын көшпелі сессиясының 1948 жылғы 10 наурыздағы үкімімен — Сейілов Рахмет 8 жылға еңбекпен түзету лагеріне еркінен айыруға, саяси құқын 3 жылға жоюға;
Құрбанәлиев Әмет — 6 жылға еңбекпен түзету лагеріне еркінен айыруға, саяси құқын 3 жылға жоюға;
Бәйімбетов Төлен — 5 жылға еңбекпен түзету лагеріне айыруға, саяси құқын 2 жылға жоюға;
Нұржанов Қосым — 1 жылға еңбекпен түзету лагеріне еркінен айыруға, айыпкерлердің жеке меншігіндегі барлық мал-мүліктерін конфискелеуге сотталған.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын коллегиясының 1948 жылғы 21 сәуірдегі үйғаруымен — Қызылорда сотының 1948 жылғы 10 наурыздағы үкімі күшінде қалдырылған.
СССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 30 наурыздағы үйғаруымен — Қызылорда облыстық сотының үкімі, Қазақ ССР Жоғарғы сотының үйғаруы бұзылып, Сейілов, Құрбанәлиев, Бәйімбетов, Нұржанов жөніндегі істі сот тергеуінен бастап, басқа құраммен қарау үшін сол соттың өзіне жіберілген.
Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 20-21 қазандағы үкімімен — Бәйімбетов Төлен, Құрбанәлиев Әмет, Сейілов Рахмет, Нұржанов Қосым — әрқайсысы 10 жылға еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға, мал-мүлкін конфискелеуге сотталған.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1949 жылғы 12 желтоқсандағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1949 жылғы 21 қазандағы үкімі күшінде қалдырылған, сотталушылардың шағым арыздары аяқсыз қалған.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1994 жылғы 31 наурыздағы қорытындысымен — Бәйімбетов Төлен, Құрбанәлиев Әмет, Сейілов Рахмет, Нұржанов Қосым — Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## 1948 жылы

### І

**АРЫНҒАЗИЕВ** Жолмырза — Жаңақорған ауданының Аққорған ауылдық кеңесі, «Келін-Төбе» колхозында 1899 жылы туған, ірі байдың отбасынан шыққан, 1929 жылы конфискеленген, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1934 жылы 10 жылға сотталған, 1944 жылы колхоздың астығын ұрлағаны үшін РСФСР ҚК-ның 166 бабымен 6 жылға сотталған, үйленген. Әйелі — Орынбике;
**АБЫЛАЕВ** Әуелбек — Жаңақорған ауданының Аққорған ауылдық кеңесі, «Келін-Төбе» колхозында 1903 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, 1942 жылы 26 шілдеде Батыс майданда қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысып, 1942 жылдан 1945 жылдың сәуір айына дейін немістердің тұтқынында болған, 1945 жылдың сәуір айында америка әскерлерінің командованиясы совет әскерлерінің қолына берген, 1945 жылғы 14 тамыздағы СССР Жоғарғы кеңесінің «жасы ұлғайғандарды әскер қатарынан босату туралы» жарлығына байланысты әскерден босанып ауылға келген, үйленген. Әйелі — Жамал.
Арынғазиев пен Аблаевтың кеңес өкіметіне қарсы ой-пікірлері бір болған, олар бір-бірімен тығыз байланыс жасап, колхозда кеңес өкіметіне қарсы жұмыс жүргізу үшін колхоздың басшылығын өздерінің қолдарына басып алып, содан кейін колхозда бүліншілік жұмыстар жүргізуге келіскен. Өздерінің жауыздық пиғылдарын жүзеге асыру мақсатында олар екі жылдан артығырақ уақыт ішінде колхозшылар арасында кеңес өкіметіне қарсы үнемі үгіт жүргізіп, патша үкіметі тұсындағы өмірді мадақтап, кеңес өкіметінің шындығына, колхозшылардың өмір жағдайына жала жауып, колхоз басшылығына қарсы жала сипатындағы материалдар жинақтаған.

1947 жылдың қаңтар айында Жаңақорған аудандық партия комитетінің қызметкері Омаровтың үйінде, аудандық прокуратура қызметкері Байбатыровтың көзінше Арынғазиев қамауда болғанын, әңгіме етіп, кеңес құрылысын жамандап, капиталистік құрылыстағы өмірді мақтаған.
1947 жылғы шілде айында егіс даласында жұмыста жүріп, кеңес өкіметіне өзінің жауыздық пиғылын білдіріп, жұмысты тастап үйіне кетіп қалған. Бірнеше колхозшылардың көзінше колхозшылардың өміріне жала жауып, коммунистік партия мен кеңес үкіметінің атына жаман сөздер айтқан.
1944 жылдың қазан айында колхозшы Абылбековпен әңгімесінде неміс фашист басқыншыларына қарсы күреске күш жинау туралы партия мен кеңес үкіметінің шараларына өзінің қарсы екенін білдірген, Кеңес Одағы фашистік Германиямен соғыс барысында жеңіледі, содан кейін капиталистік құрылыс орнайды — деген. Өзінің туысын колхоз жұмысына шықпауға көндірген, колхоз басшылығын өз қолына басып алу мақсатында өзінің туыстарын топтастырып, партия-совет органына колхоз басшылығына қарсы жалақорлық арыз жазуды күштеп көндірген.
Аблаев Әуелбек — 1947 жылдың басында өзінің үйінде Арынғазиевпен колхозда кеңес үкіметіне қарсы жұмыс жүргізуге, өздерінің қатарына кеңес өкіметіне қарсы пиғылдағы колхозшыларды тартып, колхоз басшылығын өздерінің қолына басып алуға келіскен. 1947 жылдың желтоқсан айында «Тайпалтүл» каналын қазу жұмысында бірнеше колхозшылардың көзінше өзінің кеңес өкіметі мен колхоз құрылысына жауыздығын білдіріп, колхозшылардың тұрмысына жала жауып, фашистік Германияның өкіметтік құрылысын мадақтаған. 1947 жылдың қазан айында колхозшы Абылбековпен әңгімесінде колхоз құрылысын жамандап, немістерді барынша мақтап, немістердің тұтқынынан Кеңес Одағына бекер келгеніне өкініш білдірген. 1948 жылғы 1 мамырда колхозшы Байназаровпен әңгімесінде өзінің кеңес өкіметіне қарсы пиғылын білдіріп, халықаралық 1-мамыр мерекесінің адресіне жаман сөздер айтқан.
Осы қылмыстары үшін Арынғазиев Жолмырза мен Абылаев Әуелбек Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 5 бөлімшесінің 1948 жылғы шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімшесімен және 58 баптың 11 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.
Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1948 жылдың 6 қыркүйегінде шығарылған.
Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 25 қыркүйектегі үкімімен Арынғазиев Жалмырза мен Аблаев Әуелбек — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға, мал-мүлкін конфискелеуге сотталған.
Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 10 қарашадағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі күшінде қалдырылған.
Контрреволюциялық қылмысы үшін сотталғандардың ісін қайта қарау жөніндегі Қызылорда облыстық комиссияның 1945 жылғы 30 тамыздағы мәжіліс қаулысымен Арынғазиев Жалмырза мен Аблаев Әуелбектің жаза мерзімін нақты отырғанына жатқызып, олар қамаудан босатылсын — делінген.
Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының 1955 жылғы 15 маусымдағы қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1948 жылғы 10 қарашадағы Арынғазиев Жалмырза мен Аблаев Әуелбек жөніндегі үйғаруы өзгертіліп, Облсоттың үкімінен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 11 тармағы анықталмағандықтан алынып тасталған, ал 58 баптың 10 тармағының 1 бөлімшесі бойынша Арғынғазиев пен Аблаевқа айып жазасын 5 жыл бас бостандық еркінен айыруға түсіріп, айып мерзімін өтегендері үшін олар қамаудан босатылған. СССР Жоғарғы Кеңесінің 1953 жылғы 27 наурыздағы «Амнистия туралы» Жарлығының негізінде олардан айыптары алынып тасталған.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1996 жылғы 28 ақпандағы қорытындысымен Арынғазиев Жолмырза мен Аблаев Әуелбек Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде ақталған.

## II

**АНУФРИЕВ** Сафрон Григорьевич — родился в 1892 году в Мартанском районе Чечено-Ингушской АССР, до ареста проживал в Яныкурганском районе, не занимался общественно-полезным трудом;
**ЧИВИЛЬ** Люциан Францевич — родился в 1921 году в Мартанском районе Чечено-Ингушской АССР, не занимался общественно-полезным трудом;
**МАСЮК** Степан Мефодьевич — родился в 1925 году в Мартанском районе Чечено-Ингушской АССР, до ареста проживал в Яныкурганском районе, не занимался общественно-полезным трудом.
Эти 3 гражданина обвинили за то, что они не занимаются общественно-полезным трудом, занимаются воровством и т. д. Областной суд в 1948 году их осудил по 10 лет тюремного заключения каждого.
10 ноября 1995 года областой прокурор их реабилитировал.

## III

**ҮРКІМБАЕВ** Сәрсен — Жаңақорған ауданының «Жаңа құрылыс» колхозында 1902 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, осы колхозда бригадир болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, Отан соғысына қатысып, Ростов, Севастополь Кенигсберг бағытында майданға қатардағы жауынгер ретінде қатысқан, үйленген, әйелі — Қадиша, баласы — Шахан.
**ФАЗЫЛОВ** Сейітқұл — Жаңақорған ауданының «Ақ үйық» ауылдық кеңесі, «Жаңа құрылыс» колхозында 1923 жылы туған, ірі байдың баласы,

білімі орта, партияда жоқ, осы колхозда есептеуші болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, Отан соғысына қатысып, Брянск бағытында майданға қатысқан, немістердің тұтқынында болған, үйленген, әйелі — Ембергенова Қалия, інілері — Қансейіт, Жансейіт, Байсейіт, қарындастары — Жария, Әсия, Сапура.

Үркімбаев пен Фазылов — кеңес өкіметіне қарсы жау ретінде, өзара байланыс жасап, ұзақ жылдар бойы «Жаңа құрылыс» колхозында Кеңес өкіметіне қарсы зиянкестік, қастық жұмыстар жүргізген.

Үркімбаев Сәрсен бұрын жалған атқамінер болған. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезінде феодал-байлар элементтерімен тығыз байланыста болып, қазақ ауылдарында кеңес өкіметіне қарсы үгіттер жүргізген, колхоз құрылысының тиімсіздігі туралы дәріптеген және Өзбекстанға жаппай көшу қажеттігі туралы дәлелдер айтқан. 1933 жылы өзінің колхоз құрылысына қарсы шыққан әрекеттерінен қорқып, Өзбекстанға қашып кеткен.

Өзінің «Жаңа құрылыс» колхозында тұрған кезінде Фазыловпен байланыс жасап, екеуі бірігіп колхозшылар арасында үнемі кеңес өкіметіне қарсы үгіттер жүргізіп, яғни патша үкіметі тұсындағы, капиталистік елдердегі өмір тіршілігін мақтап, кеңес үкіметіндегі шындыққа, колхозшылардың тұрмыс жағдайына жала жауып, Кеңес Одағы мен ағылшын-американ империалистері арасында соғыс сөзсіз болатынын, ол соғыста Кеңес Одағының жеңілетіні жөнінде сәуегейлік сөздер айтқан.

1945 жылдың желтоқсан айында бір колхозшының үйінде бірнеше колхозшылар қатысып отырғанда өзінің кеңес өкіметіне қастандығын білдіріп, колхоз құрылысының беделін түсірген, жеке баюшылық мақсатында колхозда жекешелендіруді енгізуді жақтаған. 1946 жылы «Жайылма» учаскесінде өзінің үйінде бірнеше колхозшылардың көзінше бұрынғы фашистік Германияның өкімет құрылысын, америка мен жапондардың мәдениеті мен техникасын барынша мақтап, керісінше Кеңес Одағы армиясының беделін түсірген.

1947 жылдың маусым айында «Жайылма» учаскесінде колхоз парткомы Сүлейменовтың және басқалардың көзінше компартия адресіне жаман сөздер айтып, тіл тигізген. Сол жылдың қыркүйек айында Фазыловпен әңгімесінде колхоз құрылысын жек көретінін айтып, мемлекетке астық тапсыруға қарсы жұмыстар жүргізу туралы пікірлескен. 1948 жылдың қаңтар айында «Сунақ-Ата» және «Тапан-күлік» жармаларында тұрғанда екі колхозшыны жазықтан-жазықсыз сабап, колхоз құрылысының адресіне әртүрлі жала жапқан. Сол жылдың наурыз айында «Ащы-Арық» учаскесінде колхозшылар ортасында кеңес өкіметіне қарсы пікір туғызу мақсатында кеңес үкіметінің адресіне әртүрлі жала жапқан. Осынау провокациялық әңгімелер Фазыловтың қатысуымен бірнеше жерде айтылған.

Фазылов Сейітқұл — ірі байдың отбасынан шыққан. Коллективтендіру кезеңінде оның туыстары конфискеленуден қорқып Тәжікстанға қашып кеткен. Отан соғысы кезінде 1942 жылы ешқандай қарсылық көрсетпей немістердің тұтқынына түскен.

«Жаңа құрылыс» колхозында тұрған кезеңінде Үркімбаевпен байланыс жасап, кеңес өкіметіне қарсы колхозшылар арасында үнемі үгіт жүргізген. 1947 жылғы сәуір айында мектеп директорының үйінде отырып, бірнеше колхозшылардың көзінше өзінің немістердің тұтқынында болғанын айтып, немістерді әбден мақтаған, немістер тұтқынға түскендерді ешуақытта қорлаған жоқ, керісінше оларға жақсы жағдай жасады, кеңес баспасөзінің немістердің айуандығы туралы хабары ешқандай шындыққа жатпайды деген. Фашистік Германияның байлығы мен мәдениетін бірнеше жерде отырғанда мақтаған.

1948 жылы мамыр айында бір колхозшы әйелмен сөйлесіп отырғанда «колхозшылар егіс даласында босқа тер төгіп жүр, олардың жинаған астығын кеңес үкіметі түк қалдырмай алып қояды» деген. Үркімбаев екеуі колхозшылар арасында «колхозда таза-адал жұмыс істеудің қажеті жоқ, жеке баю мақсатында колхоздың байлығын мүмкіншілігі болғанша ұрлау керек»— деп бірнеше жерде үгіт жүргізген.

Осы қылмыстары үшін Үркімбаев Сәрсен мен Фазылов Сейітқұл Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1948 жылғы 3 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 1 бөлімімен және 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1948 жылдың 3 қыркүйегінде аяқталған, айыптау қорытындысы 4 қыркүйекте шығарылған, оны Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының бастығы 6 қыркүйекте және Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 23 қыркүйектегі дайындау мәжілісінің үйғаруымен бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 26—27 қыркүйектегі үкімімен — айыпкерлер Үркімбаев Сәрсен мен Фазылов Сейітқұл — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазаларын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өздеріне тиісті мал-мүліктерін конфискелеуге сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры 30 қыркүйектегі қорытындысымен облыстық соттың үкімімен келіскен.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1948 жылғы 10 қарашадағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімін күшінде қалдырған, сотталушылардың шағым арызын аяқсыз тастаған. Соттың үкімінен сотталушылардың мал-мүлкін конфискелеу шығарылып тасталған.

Қазақ ССР прокурорының бірінші орынбасарының бақылау ретінде Үркімбаев пен Фазыловтың қылмыстық ісі жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы сотының Президиумына 1989 жылғы 9 қарашада

жолдаған наразылығы бойынша Қызылорда облыстық сотының үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының Үркімбаев Сәрсен және Фазылов Сейітқұл жайлы үйғаруын бұзуды, істі олардың әрекеттерінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған. Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 9 қарашадағы қорытындысымен екеуі де толық ақталған.

## 1949 жылы

### I

**ӘБДІРАХМАНОВ** Әби — Жаңақорған ауданының Ақ-Қорған ауылы, «Талап» колхозында 1891 жылы туған, шыққан тегі ірі бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1933 жылы 7 тамыз 1932 жылғы Заңымен сотталған, үйленген, әйелі — Құттықыз, баласы — Әбиев Атман;

**РҮСТЕМОВ** Махамбетжан — Жаңақорған ауданының № 2 ауылы, «Талап» колхозында 1883 жылы туған, шыққан тегі бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, 1938 жылы РСФСР ҚК-нің 109 бабымен 2,5 жылға сотталған, үйленген, әйелі — Рысбибі, баласы — Махамбетжанов Шапияр;

**ЖҮНІСҚОЖАЕВ** Сапар — Жаңақорған ауданының Ақ-Қорған ауылы, «Талап» колхозында 1900 жылы туған, шыққан тегі бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталған, үйленген, әйелі — Набад, балалары — Айыпназар, Тұрсын, Әскербек, Құралай, Сапар (Отан соғысына 114 атқыштар бригадасының 3 батальонының (п) я № 17(59) барлау ротасының құрамында қатардағы жауынгер ретінде Калинин бағытында ұрысқа қатысып, 1942 жылдың 1 желтоқсанында немістердің тұтқынына түсіп, тұтқында 1945 жылдың 6 мамырына дейін болған).

Әбдірахманов Әби — бұрын контрреволюциялық ұлтшылдық топтарға қатысқан. 1930-31 жылдары Ақ-Қорған ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарып тұрғанда байлар элементтерін барынша қорғап, оларды конфискеден аман алып қалып, Өзбекстанға көшіріп жіберген. Айып мерзімін өтеу кезінде Тәшкент облысының Шыназ ауданында тұрып, контрреволюциялық әрекеттермен айналысқаны үшін 1937 жылы екінші рет тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 10 тармағымен 10 жылға еңбек түзеу лагеріне сотталған. Айып мерзімін Қиыр Шығыста өтеген. Рүстемов Махамбетжанның әкесі патша үкіметі тұсында болыс болған, атасы Бұхар ханының бегі болған. 1930 жылы Созақ контрреволюциялық көтерілісшілердің құрметіне құдайы беріп, ұлттық ойын «Көкпар» ұйымдастырғаны үшін 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған. 1934—38 жылдары «Келін-Төбе» колхозының төрағасы болып қызмет атқарып тұрғанда колхоз меншігін ішіп-жеп, талан-таражға салғаны үшін екінші рет 2,5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.

Жүнісқожаев Сапардың әкесі ірі бай және болыстың биі (сот) болған.

1947—1949 жылдары жоғарыда көрсетілген адамдар, «Талап» колхозында тұрып, өзара тығыз байланыс жасап, колхозшылар арасында ұйымдасқан түрде кеңес өкіметіне қарсы жұмыстар жүргізген, еңбек тәртібін бұзған, ру араздығын тудырған, колхоз коммунистеріне қарсы жалақорлық материалдар жасаған, кеңес өкіметін жамандап, патша үкіметі тұсындағы өмірді мадақтаған, ағылшын-американ тарапынан жаңа соғыстың сөзсіз болатыны, онда кеңес Одағының жеңілетіні туралы лақап таратқан.

Әбдірахманов 1949 жылдың наурыз айында колхозшы Мырзаевты кездестіріп, оны колхозда жұмыс істеудің қажеті жоқ, колхоздан шығу керек деп үгіттеген. Сол жылғы сәуір айының басында колхозшы Мәмбетовты колхоз басшыларына қарсы жалақорлық материалдар жинауға үгіттеген. 1949 жылдың мамыр айының басында Жүнісқожаев пен Рүстемовтың кеңес өкіметіне қарсы әңгімесін қолдап, колхоз басшылығын тартып алу мақсатында колхоз коммунистеріне қарсы күресуге шақырған. 1919 жылдың мамыр айының аяғында Шерімбетовтің үйінде Әбдірахманов-Рүстемовпен Жүнісқожаевтың қатысуымен жақын арада кеңес өкіметі құлайды, Англия мен Америка оны күйретеді, содан кейін өмір жақсарады — деген. Колхозшы Әденовты колхоз басшыларын жамандап, олар колхоз мүлкін ішіп-жеп, талан-таражға салып жатыр деп тергеу органына арыз жаз — деп үгіттеген.

Рүстемов 1949 жылдың мамыр айының басында Жүнісқожаевтың үйінде Әбдірахмановпен бірге колхозшы Сейтеновты колхоз коммунистеріне қарсы күресуге, сөйтіп колхоз басшылығын өздерінің қолдарына басып алуға үгіттеген. Кеңес өкіметіндегі өмірді бұрмалап, колхозшыларды колхозда бүліншілік жұмыстар жүргізуге үгіттеген.

Жүнісқожаев колхозшылардың арасында фашистік Германиядағы өмірді мадақтаған, немістердің жеңілісіне өзінің ренішін білдіріп, немістер жеңген жағдайда мұсылмандарға жақсы өмір туған болар еді, жақын арада кеңес өкіметі болмайды, Англия мен Америка Кеңес Одағына қарсы соғыс ашады деген. Немістердің тұтқынында жүріп Кеңес Одағындағы Социалистік Еңбек Ерінен жақсы тұрдым — деген.

Осы қылмыстары үшін олар (3 адам) Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1949 жылғы 13 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімшесімен және 58 баптың 11 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі бітіп, айыптау қорытындысы 1950 жылдың 27 ақпанында шығарылған.

Қызылорда облыстық сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1950 жылғы 31 наурыздағы үкімімен — Әбдірахманов Әби, Рүстемов Махамбетжан, Жүсіпқожаев Сапар — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1950 жылғы 20 мамырдағы үйғаруымен-Қызылорда облыстық сотының 1950 жылғы 31 наурыздағы үкімі күшінде қалдырылған, сотталушылардың шағым арыздары нәтижесіз тасталған.

СССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1955 жылғы 23 ақпандағы үйғаруымен — Қызылорда облыстық сотының 1950 жылғы 31 наурыздағы үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1950 жылғы 20 мамырдағы Әбдірахманов, Рүстемов, Жүнісқожаев жөніндегі үйғаруымен РСФСР ҚК-ның 58 бабының 11 тармақтары бұзылып, іс осы бөлім бойынша айыптың анықталмағаны үшін өндірістен қысқартылған үкім және үйғару сотталушылар бойынша РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімшесі өзгертіліп, олардың жазасы 6 жылға бас бостандық еркінен айыруға азайтылған. Рүстемов пен Жүнісқожаевтың саяси құқын жою-үкімнен және үйғарудан шығарылып тасталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1994 жылғы 26 мамырдағы қорытындысымен — Әбдірахманов Әби, Рүстемов Махамбетжан, Жүнісқожаев Сапар— Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

## II

**ӘЙТПЕМБЕТОВ** Әбсамат — Жаңақорған ауданының Төменарық ауылдық кеңесі, «Қанды арал» колхозында 1890 жылы туған, байдың-болыстың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, 1933 жлы ОГПУ органы арқылы тұтқынға алынған, тұтқыннан қашып кеткен. Аудандық май өндірісінде май жинаушы болып жұмыс істеген. «Қанды арал» колхозында тұрған, әйелі — Азира, баласы — Тұрсынхан.

**ҚҮЛАХМЕТОВ** Бегежан — Төменарық поселкасында 1902 жылы туған, малшының отбасынан шыққан, сауаты бар, партияда жоқ, Елтай атындағы сельпода қабылдаушы болып жұмыс істеген, Төменарық поселкасында тұрған. 1943—1944 жылдары ұлы Отан соғысына қатысып, 1944 жылдан 1945 жылға дейін немістердің тұтқынында, Англияда, Францияда болған, әйелі — Күланда, баласы — Әбдіраман;

**БАЙЗАҚОВ** Жақыпбек — Жаңақорған ауданының «Құмарық» ауылдық кеңесінде 1908 жылы туған, байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін Елтай атындағы сельпода экспедитор болып жұмыс істеген, Төменарық поселкасында тұрған, әйелі — Шәкен.

Қызылорда облыстық МГБ Басқармасы арқылы 1949 жылдың сәуір-мамыр айларында Жаңақорған ауданында Кеңес өкіметіне қарсы топ ашылған. Бұл топ ағылшын разведкасының тапсырмасымен Құлахметов Бегежан арқылы құрылған. Құлахметов Бегежан 1944 жылы Англияда жүрген болатын. Бұл топ өзінің алдына: айналасындағы тұрақсыз адамдарды Кеңес өкіметіне қарсы бағытта, Англияның пайдасына дайындау болған. Осы мақсатта Құлахметов, Байзақов және Әйтпембетов 1947—1948-1949 жылдары тұрғындар арасында Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдасқан жұмыстар жүргізген: жиындар өткізген, оларда Кеңес өкіметіне қарсы бағытта, БК(б) П мен Кеңес Үкіметінің саясатын талқылап, оған қарсы кеңес шындығына, колхоз құрылысына жала жапқан, өздерінің туыстарын колхоздан шығып, басқа жаққа көшуге үгіттеген. Жақын арада Англия мен Америка СССР-ға қарсы соғыс ашадымыс, бұл соғыста Кеңес Одағы жеңіледі,— деген. Бұл үшеуінің әрқайсысына тағылған қылмыстық айыптар мынадай:

а) Құлахметов Бегежан ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезінде өзінің маңайына дұшпан элементтерін топтастырып, колхоз құрылысына қарсы күрес ашқан. 1930 жылы басқалармен бірге Өзбекстанға көшіп кеткен.

1942 жылы еңбек армиясына алынып, Свердловск қаласына жіберілген, ол жақтан қашып кетіп, сол жылдың күз айларына дейін Қызылорда облысының тауларында қашып жүрген. Сол жылғы күз айында НКВД органы арқылы ұсталып, майданға жіберуге сотталған. Майданда 1944 жылдың наурыз айына дейін болып, одан ұрыс кезіндегі шайқаста немістердің тұтқынына түскен.

Немістердің тұтқынында жүріп Кеңес әскери тұтқындарының әртүрлі лагерлерінде болған. 1944 жылдың тамыз айында Францияның территориясында американ әскерлерінің қолына түскен, одан кейін ағылшындарға берілген. Олар оны Лондонға жақын жердегі «Интернационал» лагеріне апарған. 1944 жылдың тамыз айынан қазан айына дейін осы лагерьде жүріп, кеңес өкіметіне қарсы дайындықтан өткізілген, ол әскери тұтқындардың арасында кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген және ағылшын разведкасы арқылы СССР-да бүлдірушілік жұмыс жүргізу үшін жіберілген.

Жаңақорған ауданына келгеннен кейін Құлахметов ағылшын разведкасының тапсырмасын орындауға кіріскен, кеңес өкіметіне қарсы топ ұйымдастырған және оның жауыздық жұмыстарын басқарған. Мәселен, 1948 жылдың наурыз айының басында Байзақовтың үйінде Құлахметов Әйтпембетовті және Байзақовты қолдап: Кеңес өкіметінің саясаты дұрыс емес, оны колхозшыларға тапқырлықпен түсіндіру керек» деген. 1949 жылдың қаңтар айының басында Жүсіпәлиевтің үйінде колхоз құрылысына, кеңес өкіметінің шындығына жала жапқан, Англия мен Американы мақтап, Кеңес Одағына қарсы соғыс болатынын, колхозшылар арасында колхозды құлату мақсатында колхозшылар арасында үгіт жүргізу қажеттілігі жайлы сөз айтқан. Мұндай кеңес өкіметіне қарсы сөздерді басқа да жерлерде айтқан:

ә) Байзақов Жақыпбектің туған және жақын туыстары 1947 жылдың бас кезінде ұйымдасқан контрреволюциялық әрекеттері үшін сотталған. Байзақовтың өзі ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезінде колхозға кіргісі келмей,

өзінің туысымен Өзбекстанға көшіп кеткен, ол жақтан 1946 жылдың аяғында ауылына көшіп келген Төменарық поселкасында тұрып өзінің кеңес өкіметіне бұрыннан қарсы екенін білдіріп, Құлахметовпен қылмыстық байланыс жасап, кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық жұмыстар жүргізген 1948 жылғы наурыз айының басында өзінің үйінде кеңес өкіметіне қарсы әрекеттері үшін тұтқынға алынған туысы жөнінде сөз айтып кеңес өкіметінің заңына жала жапқан. 1949 жылдың қаңтар айының басында өзінің үйінен таныстарының арасында Кеңес Одағына қарсы Англия мен Америка даусыз соғыс ашады, бұл соғыста СССР жеңіледі деп провакациялық лақаптар айтқан. Олардың колхоздан шығып, Өзбекстанға көшіп кетуге шақырған. 1949 жылдың қаңтар айының аяғында Жүсіпәлиевтің үйінде Байзақов колхоз құрылысын жек көретінін айтып, колхозшылардың тұрмысына жала жапқан. Ақпан айының басында Жүсіпәлиевтің үйінде Байзақов Құлахметовтің кеңес өкіметіне қарсы әңгімесін қолдай отырып, Кеңес одағындағы демократия және тәуелсіздік принципін сынаған, Кеңес Одағында ешқандай демократия мен тәуелсіздік жоқ деген. Сол жылғы ақпан айында Әйтпембетовтің үйінде Байзақов: Кеңес үкіметі халықтардың түрмесі, Құлахметов және өзі колхоздан өздерінің туыстарын шығарғысы және оларды Өзбекстанға жібергісі келетінін, соғыс бола қалған жағдайда армия қатарына шақырылудан тығылып қалуға болатындарын айтқан.

б) Әйтпембетов Әбсамат ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезінде байларды жасырып, оларды Өзбекстанға өткізіп жіберген, колхозға қарсы шыққан, қазақ ұлтшылдарымен байланыс жасаған. Кеңес өкіметіне қарсы пиғылда болған ол 1947 жылы Құлахметов құрған контрреволюциялық топқа кіріп, Кеңес өкіметіне қарсы жұмыстар жүргізген. Мәселен 1947 жылдың желтоқсан айында өзінің Өзбекстанға барып қайтқан сапары туралы, ақша реформасын сөз етіп, былай деген: «Кеңес өкіметі халықты алдады, Кеңес үкіметінің саясаты халыққа түсініксіз» деген. 1949 жылдың наурыз айында Байзақовтың үйінде Әйтпембетов Байзақовтың Кеңес өкіметіне қарсы жұмыстары үшін сотталып кеткен туысы туралы әңгімесінде кеңес өкіметінің жазалаушы саясаты адамдарды құртуға бағытталған, колхозшыларға қарсы кеңес өкіметінің саясатын керісінше тонын айналдырып түсіндіру керек деген. 1948 жылдың мамыр айының басында Рахматуллаевпен әңгімесінде Әйтпембетов өзінің баласына ескіше тәрбие беріп жатқанын, өйткені жақын арада кеңес өкіметінің болмайтынын «тәптіштеп» айтқан. 1949 жылдың ақпан айында өзінің үйінде Англия мен Америка жақын арада Кеңес Одағына қарсы соғыс ашады-мыс, өзінің кеңес өкіметіне қарсы ашықтан-ашық күресуге дайын екенін айтқан және басқаларды осыған шақырған. Осындай Кеңес өкіметіне қарсы сөздерді басқа да жерлерде айтқан.

Осы қылмыстары үшін Құлахметов Бегежан, Байзақов Жақыпбек және Әйтпембетов Әбсамат Қызылорда облыстық МГБ басқармасының 1949 жылғы сәуір-мамыр айларындағы қаулыларымен тұтқынға алынып Құлахметов Бегежан РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен, 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімімен және 58 бабының 11 тармағымен Байзақов Жақыпбек және Әйтпембетов Әбсамат — 17-58 бабының 1 «а» тармағымен, 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімімен және 58 бабының 11 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1949 жылдың 29 қарашасында аяқталып, айыптау қорытындысы 30 қараша күні Қызылорда қаласында шығарылған, оны облыстық МГБ басқармасының бастығы 9 желтоқсанда, облыстық прокурор 10 желтоқсанда және Түркістан әскери округі Әскери трибуналының дайындау мәжілісі 1950 жылдың 9 қаңтарында бекіткен.

Түркістан Әскери округінің Әскери трибуналының көшпелі сессиясының 1950 жылғы 1 наурыздағы үйғаруымен Құлахметов Бегежанды, Байзақов Жақыпбекті және Әйтпембетов Әбсаматты айыптаған істі карауды тоқтатып, Түрк Во Әскери прокурорына қайта тергеуге жіберген.

Қызылорда облыстық МГБ басқармасы тергеу бөлімшесінің 1950 жылғы 20 наурыздағы қаулысымен Құлахметов Бегежанға РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағы бойынша бұрын тағылған айып алынып тасталған, оған РСФСР 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімі және 58 бабының 11 тармағымен тағылған айып қалдырылған. Осы қаулымен Байзақов Жақыпбекке және Әйтпембетов Әбсаматқа РСФСР ҚК 17-58 бабының 1 тармағы бойынша бұрын тағылған айып алынып тасталған, оларға РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімімен және 58 бабының 11 тармағымен тағылған айып қалдырылған.

Қайта тергеу ісі 1950 жылдың 23 наурызында аяқталған, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған, оны Қызылорда облыстық МГБ басқармасының бастығы 23 наурызда, облыстық прокурор — 24 наурызда, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының дайындау мәжілісі 1950 жылғы 24 наурызда бекіткен.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1950 жылғы 29—30 наурыздағы үкімімен: Құлахметов Бегежан, Байзақов Жақыпбек және Әйтпембетов Әбсамат — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазаларын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқығын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1950 жылғы 25 мамырдағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 1950 жылғы 30 наурыздағы үкімін күшінде қалдырып, сотталушылардың шағым арыздарын нәтижесіз тастаған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының 1955 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 1930 жылғы 30 наурыздағы үкімі және Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот колле-

гиясының 1950 жылғы 25 мамырдағы Құлахметов Бегежан, Байзақов Жақыпбек және Әйтпембетов Әбсамат жөніндегі үйғаруы өзгертіліп, үкімнен РСФСР ҚК 58 бабының 11 тармағы анықталмағандықтан алынып тасталған және бұл бөлімдегі үкім өндірістен тоқтатылған, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағының 1 бөлімі бойынша тағылған айып жазасы барлық сотталушыларға жылға түсірілген.
СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1953 жылғы 27 наурыздағы «Об амнистии» атты Указы негізінде Құлахметов Бегежан, Байзақов Жақыпбек және Әйтпембетов Әбсамат қамаудан босатылып, сот арқылы толық ақталған.

## III

**РЫДВАНОВ** Айдан — родился в 1889 году в Адигейском районе, Грузинской ССР, до ареста проживал в пос. Тюмень-арык, работал рабочим в совхозе «Горняк»;
**БЕКИРОВ** Амзе — родился в 1905 году в Адигейском районе Грузинской ССР, до ареста проживал в совхозе «Горняк», был рабочим;
**РЫДВАНОВ** Мамед — родился в 1913 году в Адигейском районе, Грузии, до ареста проживал в пос. Тюмень-арык, был рабочим в совхозе «Горняк».
Эти 3 гражданина арестовали и обвинили за то, что они занимаются растранжированием госимущества совхоза, занимаются воровством. Областной суд 20 октября 1949 года их осудил по 10 лет тюремного заключения каждого.
Областной прокурор 17 июня 1990 года их реабилитировал.

## 1951 жылы

## I

**АЛИСУЛТАНОВ** Абубакир — родился в 1891 году в селе Автури, Шалинского района, Чечено-Ингушетии, чеченец, до ареста проживал в пос. Тюмень-арык, работал десятником главного сооружении Чиилийского канала;
**БАЙСУГУРОВ** Абдрашит — родился в 1890 году в селе Автури,
Шалинского района, Чечено-Ингушетии, чеченец, до ареста проживал в пос. Тюмень-арык, работал в подхозе «Горняк» сторожем магазина.
**КУДИЕВ** Абаз — родился в 1905 году в селе Автури, Шалинского района, Чечено-Ингушетии, чеченец, до ареста проживал в пос. Тюмень-арык, работал сторожем магазина сельпо;
**ДАУРЕНБЕКОВ** Магамед — родился в 1905 году в селе Автури, Шалинского района, Чечено-Ингушетии, чеченец, до ареста проживал в пос. Тюмень-арык, работал сторожем магазина сельпо;
**УРУСБИЕВ** Усман — родился в 1905 году в селе Автури, Шалинского района, Чечено-Ингушетии, чеченец, до ареста проживал в пос. Тюмень-арык, работал сторожем магазина сельпо;
Они обвинялись в том, что будучи враждебно настроенными по отношению к существующему в СССР государственному строю, установили между собой преступную связь и в течение 1947—1951 годов среди населения пос. Тюмень-арык систематически проводили антисоветскую агитацию англо-американской ориентации, использованием религиозных предрассудков чеченцев: на регилиозных сборищах в антисоветской направленности истолковали религиозное писание, предсказывали неизбежность в скором времени войны Англии и Америки против Советского Союза и поражение СССР в этой войне. Возводили клевету на Советскую действительность, высказывали террористические намерения в отношении коммунистов, поддерживали преступную связь с муллой Маашевым, осужденным за антисоветскую деятельность, за что все они постановлением УМГБ по Кзыл-Ординской области от 21 августа 1951 года арестованы и привлечены к уголовной отвественности за антисоветскую деятельность по ст. 58—10 ч. 2, 58-11 УК РСФСР.
Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского областного суда от 10 декабря 1951 года подсудимые Алисултанов Абубакир, Байсугуров Абдрашит, Кудиев Абаз, Даурбеков Магамед, Урусбиев Усман подвергнуты к 25 годам заключения в ИТЛ с последующим поражением избирательных прав сроком на 5 лет и с конфискацией всего имущества каждого. Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 15 января 1952 года — приговор облсуда оставлен в силе.
Опеределением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда СССР от 2 марта 1955 года — приговор Кзыл-Ординского облсуда от 30 декабря 1951 года и определение Верховного суда Каз ССР от 15 января 1952 года в отношении Алисултанова, Байсугурова, Кудиева, Даурбекова, Урусбиева отменено и дело производством прекращено за отсутствием состава преступления, освобождены все из-под стражи.
По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 19 мая 1997 года Алисултанов А., Байсугуров А., Кудиев А., Даурбеков М., Урусбиев У.— на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года — реабилитированы.

# ШИЕЛІ АУДАНЫ БОЙЫНША

## 1929 жылы

### I

**ӨТЕҒҰЛОВ** Нақып — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1890 жылы туған, ірі байдың баласы, сауаты бар, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан, атқамінер болған;
**ТҮНҒАТОВ** Өтеғұл — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1860 жылы туған, ірі бай сауаты жоқ, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан;
**ӨТЕҒҰЛОВ** Ракеш — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1888 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, малшылықпен, егіншілікпен, сонымен қатар жасырын мал сатумен айналысқан;
**ДУЛАТОВ** Кенжебек — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1886 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан;
**БҰРЫСОВ** Смайыл — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1884 жылы туған, ірі бай баласы, сауатсыз, партияда жоқ, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан;
**АХМЕТОВ** Исабек — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1884 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, жұртшылық арасында беделді болған, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан;
**ТАҢАТОВ** Бусабек — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1869 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, ірі бай болған;
**ТӨРЕБАЕВ** Сейдулла — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1895 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан;
**ТҰРСЫНБАЕВ** Бәлке — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1872 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, екі әйелі болған, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан;
**АХМЕТОВ** Қалия — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1892 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, бай баласы, атқа- мінер болған, егіншілікпен айналысқан;
**ТАҢАТОВ** Жұмаш — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1878 жылы туған, ірі бай, партияда жоқ, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан;
**ШЕПШІКОВ** Нұрым — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1888 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, байлардың қойған ауыл төрағасы, солардың мұң-мұқтажын қорғаған;
**БӘЙІМБЕТОВ** Мәді — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1898 жылы туған, сауаты бар, 1927 жылдан БКП(б) мүшесі, Шиелі аудандық партия бақылауының бастығы болған;
**АХМЕТОВ** Аймырза — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1904 жылы туған, әрі бай баласы, партияда жоқ, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан;
**БЕКОВ** Нұқырбай — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1903 жылы туған, әрі бай баласы, партияда жоқ, малшылықпен, егіншілікпен айналысқан;
**АЙЕКЕНОВ** Пірімхан — Шиелі ауданының № 8 ауылында 1891 жылы туған, қалалық түземдік училищенің 4 класын бітірген, БК(б)П мүшесі, 1925 жылы маскүнемдікке түскені үшін партия қатарынан шығарылған, бай элементтерімен байланыста болған, кейінгі кезде астыртын адвокатурамен айналысқан.
**МУСАЕВ** Жәми — Сырдария округінің Созақ ауданында туған, кейін Шиелі ауданының № 8 ауданында тұрған, атқамінер, қылмысты болған, сот тергеуінен қашып жүрген;
**ӨТӘЛИЕВ** Нұрсұлтан — Орал округінің № 8 ауылында 1890 жылы туған, жоғарғы дәрежелі білімі бар, бұрын совет мекемелерінде жауапты қызмет атқарған, содан кейін Сырдария округтік соттың қорғаушылар коллегиясының мүшесі болған, одан байлармен байланысы, байларды конфискелеу кезінде оларды қолдағаны үшін құрамнан шығарылған, кейін астыртын жасырын адвокатурамен айналысқан, байлар арасында беделді болған;
**НЕВЗОРОВ** Павел Алексеевич — родился в 1899 году в г. Ульяновске, образование выше среднее-специальное по сельскому хозяйству, по профессии агроном, служившего в рядах РККА, состоящего ныне под следствием за спекуляцию хлебозлаками, он обвиняется в том, что будущи на территории Чиилийского района в 8-м ауле, среди населения вел агитацию против сдачи хлебозлаков в заготовительные органы, говоря, что он приехал из Москвы для проверки работы местных органов власти, является уполномоченным Наркомзема, прибывшим по ходатайству баев 8 аула. Он задерживал едущих с хлебом в заготорганы отдельных хлебосдатчиков, направляя их обратно к себе в аул, кроме того требовал у них же о

сборе с неселения средств необходимых ему, якобы на расходы по командировке, за что ему предъявлено обвинение по ст. 58/-11 УК РСФСР. Бұл 19 азаматтың барлығы да — Шиелі ауданында астық дайындау жоспарын орындамау мақсатында № 8 ауыл адамдарымен, темір жол бойында жиналыстар өткізіп, мемлекетке артық астық өткізбеу жайлы алдын-ала дайындық жұмыстарын және үгіт жүргізген, сол жылғы 6 қазанда Шиелі поселкесінде № 8 ауылдың және басқа ауылдың 110 адамы қатысқан заңсыз жиналыс өткізіп, сол күні аудан бойынша мемлекетке астық тапсыру жоспары бар болғаны 8 процентке қана орындалған, ал басқа аудандар — 50-70 процентке орындаған. Өлкенің және Орталықтың партия, совет органдарын теріс жолға салмақ мақсатында, заңсыз жиналыста сайланған 4 байлар мен атқамінерлер өкіліне округ орталығы — Қызылорда қаласына барып жоғарғы жаққа телеграмма беруді, яғни оларға Шиелі ауданында байлар мен орта шаруалар егін шаруашылығымен емес, тек қана мал шаруашылығымен ғана айналысады, сондықтан оларға астықтан салық салынбауы тиіс деген тапсырма берілді. Олар байлар мен атқамінерлер тобының астық дайындау науқанына кесірін тигізетін контрреволюциялық әрекетін жасырын түрде қолдап отырған,— деп айып тағылып, Қызылорда ОГПУ-ның Округтік бөлімінің 1929 жылғы 17 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 6, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақстандағы ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 25 мамырдағы қаулысымен — барлық 19 адам әрекеттерінде қылмыстық белгі жоқ деп табылып, қылмыстық іс қысқартылып, тұтқыннан босатылған. Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен барлық 19 адам СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

### 1930 жылы

### I

**ҚҰЛМАНОВ** Сейдулла — Шиелі ауданының № 14 ауылында 1890 жылы туған, бай, дауыс беру құқығынан айырылған. 1929 жылы ауылдық кеңестің сайлау жиналысын бұзғаны, топ ұйымдастырғаны, байлардың жасырын мәжілісіне қатысқаны үшін 2 жылға сотталған, 1930 жылы оған салынған 90 пұт тұқым астығын өткізбеген, 1929 жылы 1000 сом артық соманы төлемеген;

**СЕЙІТОВ** Қайыпназар — № 14 ауылда 1882 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, молда, сайлау құқығынан айырылған, 1930 жылы оған 92 пұт тұқым қоры салығы салынып, оны өткізбеген;

**ЖАРҚЫНБЕКОВ** Молша — № 14 ауылда 1871 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, бай, сайлау құқығынан айырылған, 1929 жылы ауылдық кеңесті сайлау жиналысын бұзғаны, топ ұйымдастырғаны, байлардың жасырын мәжілісіне қатысқаны үшін 6 айға сотталған, 1930 жылы оған 90 пұт тұқым қоры салығы салынып, оны өткізбеген.

Бұл 3 азаматқа: осы ауылда және басқа да ауылдарда тұратын сайлау құқығынан айырылған байлармен өзара бірігіп, 1929 жылы астық дайындау науқанына, колхоз құрылысына қарсы үнемі күрес жүргізген, бұл контрреволюциялық байлар тобы Кеңес үкіметіне ұйымдасқан түрде қарсы шығу мақсатында жасырын мәжілістер өткізіп, онда кедей шаруалардың көмегімен ауылдық кеңес басшыларына қарсы жалған материалдар дайындаған, сөйтіп жаңа ұйымдасып жатқан колхозға кіріп алып, іштей контрреволюциялық үгіт жүргізіп, колхозшыларды ыдыратып жіберу мәселелерін талқылаған, бұл мәжілісте сонымен қатар аудан басшыларына 94 кедейдің атынан олардың азаматтық құқығын қайта беруге жалған қатынас- сұраныс жіберу талқыланған, 1930 жылғы 15 ақпанда байлардың мал-мүлкін тәркілеу, барлық жерде дауыс беру құқығынан айырылған байларды ауданнан тысқайы жерге жіберу мәселесін қарайтын кедейлердің жиналысын болдырмауға әрекет жасаған,— деген айыптаулармен ОГПУ Қызылорда округтік бөлімінің 1930 жылғы 13 наурыздағы қаулысымен үшеуі де тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Ұлттық хауіпсіздік комитеті облыстық басқармасының архивтік қорындағы қаттамада оларға арнап әзірленген айыптау қорытындысынан басқа ешқандай сот тергеуінің материалдары, сот үкімі жоқ.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 19 мамырдағы қорытындысымен Құлманов Сейдулла, Сейітов Қайыпназар, Жарқынбаев Молша ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

### II

**САПЕКОВ** Сатыбалды — Шиелі ауданының № 17 ауылында 1879 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, 426 сом көлемінде жеке салық салынған, өз шаруашылығында бір жалшы ұстаған, уақытша жұмысқа ауыл кедейлерін пайдаланған, үйлі-жайлы;

**ТАЙШЫБАЕВ** Бәйімбет — Шиелі ауданының № 20 ауылында 1870 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, 207 сом мөлшерінде жеке салық салынған, бір жалшы ұстаған, ауыл кедейлерін қанаған, үйлі-жайлы;

**ТАЙШЫБАЕВ** Құлтай — № 20 ауылда 1877 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, бір жалшы ұстап, ауыл кедейлерін қанаған, үйлі-жайлы;

**АЛДАБЕРГЕНОВ** Көшербай — № 20 ауылда 1862 жылы туған, бай болған, сауатсыз, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, бір жалшы ұстап, ауыл кедейлерінің еңбегін қанаған, үйлі-жайлы;

**ТҮРМЕНДЕЕВ** Махан — № 20 ауылда 1862 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, 3 жалшы

үстап, ауыл кедейлерінің еңбегін қанаған, үйлі-жайлы;
**ҚАЛНАЗАРОВ** Әбен — № 20 ауылда 1872 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, өз шаруашылығында тұрақты жалшы үстап, ауыл кедейлерінің еңбегін қанаған, үйлі-жайлы;
**АСУҚАРАЕВ** Махамбет — № 20 ауылда 1891 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, бір жалшы үстап, ауыл кедейлерінің еңбегін қанаған, үйлі-жайлы;
**ТАШМӘМБЕТОВ** Сапарбай — № 20 ауылда 1901 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқығынан айырылған, бір жалшы үстап, ауыл кедейлерінің еңбегін қанаған, үйлі-жайлы.

Бұл байлар тобы Кеңес өкіметінің алғашқы күнінен бастап ауданның және ауылдың жергілікті өкіметін басып алу үшін топтасқан түрде күрес жүргізген. Бұл әрекет екі ру топтары —«Аббас» руы мен «Сақпан» руы арқылы жүргізілген. Аббас руын бай Қалназаров Әбен басқарған, оның көмекшісі Асуқараев Махамбет болған. Ал Сақпан руын 1928 жылға дейін ірі бай Әбуқожаев Шәмен басқарған (ол 1928 жылы конфиска кезінде жер аударылған). Бұл екі контрреволюциялық топ ауылдық кеңес пен аудандық атқару комитетін қайта сайлау кезінде өкіметті өз қолдарына алу үшін кедейлердің арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, бір рудың кедейлерін екінші рудың кедейлеріне қарсы қойған. Ортақ мақсатты жүзеге асыру үшін бұл екі ру байлар тобы 1928 жылы өзара бірігіп, бір топ болған. Өздерінің ынтымағы арқасында ауылдық кеңеске өздерінің адамдарын тығып, соның арқасында өздерінің малдарын салық салудан жасырып қалған. Кедейлерді заңсыз ұрып-соғып қинаған, қанаған. Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған барлық шараларына ұйымдасқан түрде қарсы әрекеттер жасаған.

Оған мынадай фактілер куә бола алады:

1929 жылдың қазан айының аяғында астық дайындау науқанының кезінде байлар тобы — К. Тайшыбаев, С. Сапеков, С. Тәшімбетов, К. Алдабергенов, Б. Тайшыбаев, М. Түрмендеевтер № 20 ауылдағы «Байбисет» деген жерінде кеңес өкіметінің жүргізіп отырған шараларына қарсы тұру мақсатында жасырын жиналыс өткізіп, оған кедейлердің жартысын шақырған, өздерінің контрреволюциялық шараларын жүзеге асыру үшін бұл байлар тобы қатысып отырған кедейлерге бір қой сойып сыйлаған. Осы жиналыста олар кедейлерді азғырып ауылдық кеңестің алдына барып, астық орындаудың норма тәртібін қайта карауды, байларға жеңілдік беру, кедейлерге норма тәртібін көбейтіңкіреу мәселесін қойдыруға көндірген. Осы жиналысқа қатысып отырған кедей шаруа Байсақалов бұған қарсы болған, байлар Байсақаловты қорқытып, «біздің қаулымызға бағынбасаң, онда саған жаза қолданамыз» деген.

Бай Сапеков Сатыбалды 1922 жылы ауыл жұртшылығының арасында діни оқуды жүргізу және мешіт салу жөнінде үгіт жүргізіп, сол үшін бай Тәшімбетов Сапарбай, Тайшыбаев Бәйімбет тағы басқаларымен бірлесіп, жұртшылықтан заңсыз алым жинап, жиналған ақшаға олар мешіт салу үшін арнайы жер қаздырған, бірақ көп қаржы жұмсалатын болғандықтан кедейлер кейін мешіт салудан бас тартқан, сөйтіп бұл жоспар орындалмай қалған. Сапеков ірі бай болған, кедейлерді үнемі қанап, олардың еңбек ақысын бермей, ұрып-соғып, қуып жіберіп отырған. Сапеков кеңес өкіметінің жүргізіп отырған шараларына, астық дайындау науқанына қарсы үнемі контрреволюциялық үгіт жүргізген.

Айыпкер Алдабергенов Көшербай ірі бай ретінде белсенді топ ұйымдастырушы болған және байлардың жасырын жиналыстарына қатысқан, басқа байлармен бірге кеңес өкіметіне, оның шараларына қарсы үгіт жүргізген. 1926 жылы Алдабергенов өзінің бақташысын ұрып жыққан, оған еңбек ақысын төлемей, оның аяғындағы етігін шешіп алып, қуып жіберген. 1922 жылы Алдабергенов мешіт салу үшін елден қаржы жинаушының белсендісі болып, діни оқуды енгізу үшін үгіт жүргізген.

Айыпкер Тайшыбаев Бәйімбет бай ретінде белсенді топ ұйымдастырушы және байлардың жасырын жиналыстарына қатысушы болған. Өз малдарын салық салудан үнемі жасырып келген. Ауылдық кеңесті қайта сайлау кезінде кедейлерге ақша беріп, өзіне қаратып алған. Мәселен 1925 жылы ауылдық кеңестің құрамына еніп кету үшін ол сайлау өткізу жөніндегі өкіл Алшарсаев Әбілқайырға параға бір ат берген. Тайшыбаев бай Сапековпен және басқалармен бірлесіп, жұртшылық арасында мешіт салу және діни оқуды енгізу жөнінде үгіт жүргізген, ал 1922 жылы осы мақсатта жұртшылықтан заңсыз ақша жинаған.

Айыпкер Тайшыбаев Құлтай ірі бай ретінде белсенді топ ұйымдастырушы, байлардың жасырын жиналыстарына қатысушы болған. Байлардың шаруашылығын конфискалау кезінде ауыл кедейлерінің қаулысымен оны жер аударуға, мал-мүлкін конфискалауға ұсынылған, бірақ Тайшыбаев бұл жазадан құтылу үшін кедейлерді өзіне қаратып, оларға бір ат берген. Конфиска біткеннен кейін Тайшыбаев өзінің малдарын ашумен сатып жіберген.

Айыпкер Түрмендеев Махан ірі бай ретінде белсенді топ ұйымдастырушы, байлардың жасырын жиналыстарына қатысушы болған. Өзінің жеке шаруашылығында 3 жалшы үстап, еңбегін қанаған, ауыл кедейлерін пайдаланған, жыл сайын өзінің малын салық салудан жасырып келген. Байлардың малын соңғы есепке алуды жүргізу кезінде өзінің 100 бас қойын, 10 бас ірі қарасын жасырып қалғаны табылған.

Айыпкер Асуқараев Махамбет ірі бай ретінде топқа қосылып, топ басшысы Қалназаров Әбеннің оң қолы болған. Бұл да байлар сияқты ауылдық өкіметті әртүрлі айла-шарғымен өз қолына қаратып алуға тырысқан. Кедейлер арасында кеңес

өкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген.

Айыпкер Тәшімбетов Сапарбай ірі бай ретінде беделді топ ұйымдастырушы, байлардың жасырын жиналысын өткізудің талапкері болған, кедейлерге барлық тәсілді қолданып, астық дайындау жөніндегі байларға берілген астық нормасын қайта қаратуға келіскен. Сол үшін оларға бір қой сойып, сыйлаған.

Жоғарыда аттары аталған 8 адамдық байлар тобы ОГПУ Қызылорда округтік бөлімі өкілінің 1930 жылғы 7 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында айыпкерлер Сапеков пен К. Алдабергеновке РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен және 143 бабымен айып тағылған, Б. Тайшыбаев, К. Тайшыбаев, 58 баптың 10, 11 тармақтарымен және 118, 62 баптарымен, М. Түрмендеев, А. Қалназаров — 58 баптың 10, 11 тармақтарымен айыпталған. Тергеу ісі 1930 жылғы 5 наурызда біткен. Айыптау қорытындысы сол жылғы 25 наурызда Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің РСО-сына жіберілген.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен:

— Тайшыбаев Құлтай, Қалназаров Әбен, Асуқараев Махамбет, Тәшімбетов Сапарбай — әрқайсысы 5 жылдан концлагерьге, мал-мүліктерін конфискалауға;

— Тайшыбаев Бәйімбет — 5 жыл Қазақстан ішіне жер аударуға;

— Алдабергенов Көшербай,— Түрмендеев Махан — әрқайсысы 3 жылға округтен тысқары, Қазақстан ішіне жер аударуға, үшеуінің де мүлкін конфискалауға сотталған.

— Тайшыбаев Бәйімбет 1930 шілдеде Петропавловск ОГПУ-дың округтік бөлімі қарамағына жіберілген.

— Алдабергенов Көшербай, Түрмендеев Махан — 1930 жылғы 2 шілдеде ОГПУ Қарқаралы округтік бөлімінің қарамағына айдалған.

— Тайшыбаев Құлтай, Қалназаров Әбен, Асуқараев Махамбет, Тәшімбетов Сапарбай Алматы қаласына, ОГПУ-дің ерекше мақсаттағы лагерьлер басқармасы қарамағына 1930 жылғы 3 шілдеде айдалған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1989 жылғы 24 тамыздағы қорытындысымен — Алдабергенов Көшербай, Асуқараев Махамбет, Қалназаров Әбен, Сапеков Сатыбалды, Тайшыбаев Бәйімбет, Тайшыбаев Құлтай, Тәшімбетов Сапарбай, Түрмендеев Махан — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## III

**ПІРІМҚҰЛОВ** Қаратай — Тартоғай станциясында 1855 жылы туған, ірі бай, байлар тобының жетекшісі, патша өкіметі тұсында 3 жыл сот болған, баласы Соулебековпен бірге тұрған, партияда жоқ, сауатсыз, үйлі-жайлы, сотталмаған;

**ШЕНДІБАЕВ** Қымызбай — Тартоғай станциясында 1893 жылы туған, ірі бай болған, саяси құқығынан айырылған, партияда жоқ, сауаты бар, үйлі-жайлы, сотталмаған;

**БАЙСАҚАЛОВ** Есет — Тартоғай поселкасында 1872 жылы туған, ірі бай болған, партияда жоқ, сауатсыз, 2 әйелі болған, сотталмаған;

**БЕГАЛИЕВ** Жетпісбай — Тартоғай поселкасында 1852 жылы туған, бай болған, партияда жоқ, сауатсыз, үйлі-жайлы, сотталмаған;

**ТӨЛЕБАЕВ** Бекмырза — Тартоғай поселкасында 1874 жылы туған, бай болған, сауаты бар, үйлі-жайлы, сотталмаған;

**ДҮЙСЕНБАЕВ** Әлім — Тартоғай поселкасында 1870 жылы туған, бай болған, партияда жоқ, сауатсыз, үйлі-жайлы, сотталған;

**КЕНЖӘЛИЕВ** Нұрбай — Тартоғай поселкасында 1898 жылы туған, бай болған, мырза, партияда жоқ, сауаты бар, үйлі-жайлы, сотталмаған;

**ТҰЯҚБАЕВ** Қайып — Тартоғай поселкасында 1891 жылы туған, бай болған, саяси құқығынан айырылған, партияда жоқ, сауатсыз, үйлі-жайлы, сотталмаған;

**АРЫСБАЕВ** Қойшыбай — Тартоғай поселкасында 1886 жылы туған, бай болған, партияда жоқ, сауаты бар, үйлі-жайлы, сотталмаған;

Айыптау қорытындысы бойынша, жоғарыда аттары аталған байларға мынадай айыптар тағылған: Тартоғай ауылында Кеңес өкіметінің жүргізіп жатқан шаралары кезінде патша өкіметі тұсында сот болған атақты ірі бай Пірімқұлов Қаратай мен ірі бай Дәндібаев Қымызбай басқарған және жетекшілік еткен байлар тобы ұйымдасқан. Бұл топтың құрамына Байсақалов Есет, Бегалиев Жетпісбай, Төлебаев Бекмырза, Дүйсенбаев Әлім, Кенжалиев Нұрбай, Тұяқбаев Қайып, Арысбаев Қойшыбай кірген. Бұл байлар тобының алдына қойған мақсаты кедей шаруаларды және ауылдың барлық жұртшылығын өздерінің ықпалына көндіріп, солар арқылы және ауылдық кеңестің өкілдері арқылы өздерін Кеңес өкіметінің қудалауынан аман сақтап қалу болған. Олар ауылда жүргізіліп жатқан үкіметтің барлық шараларына қарсы үнемі контрреволюциялық күрес жүргізді, Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдасқан түрде үгіт жүргізіп, құпия түрде байлардың жиынын өткізген. Сөйтіп олар ауылда өздерінің жағдайын жасап алып, халық арасындағы өздерінің беделін және ықпалын пайдаланып, байлар тобы ауылдық кеңеске, кооператив басқармасына өздерінің балалары мен туыстарын тыққан. Сөйтіп жайбарақат, ешнәрседен қорықпай-үрікпей малдары мен астықтарын салық төлеуден жасырып қалған. Өздерінің шаруашылықтарын реті келсе қысқартып, тәркілеуге түсуден аман қалу, сайлау-сайлану құқығынан айырылып қалмау мақсатында әртүрлі айла-шарғы жасаған.

Мәселен Пірімқұлов Қаратай қаңтар айында халықтың көп жиналатын базар күні байлардың кеңесін өткізіп, онда барлық байлар тұқым астығын өткізбеу мәселесін талқылаған, жиынға қатысқан кедей шаруаларға: «егер сендер пролетар-

лық өкімет құрсаңдар, онда сендер оны қолдаңдар» деген.
1929 жылы ауылдық кеңестің сайлауы кезінде кедейлерге өзінің ықпалы арқасында ауылдық кеңестің құрамына өзінің баласы Қаратаев Сәулебекті енгізген, сонымен бірге оны жергілікті коппеthat мүшелігіне енгізген. Ол кеңестің және копперативтің мүшесі болғаннан кейін халықтан жиналған пай-қаржысын ішіп-жеп қойғанымен, атақты байдың баласы болған соң сотқа берілмеген. Өзі ауылдық кеңестің мүшесі болғанын пайдаланып 1929 жылғы ауылшаруашылық салығын төлемеген.
Сол сияқты Шендібаев Қымызбай байлар тобының жетекшісі ретінде базарда тұқым фондысына астық тапсырмау мәселесі талқыланып жатқанда кедей шаруаларға жекіріп, қорқытып былай деген: «біздерге тұқым астығын қанша салсаңдар да сала беріңдер, бәрі бір біз оны тапсырмаймыз» деп, оларды жаман сөздермен балағаттаған. Сол жылдың 1 ақпанында ауданнан келген өкілдер Шендібаевқа оған тиісті тұқым астығын төлеуді талап еткенде ол өкілдерді ауылдан қуып жіберген. Сөйтіп Шендібаев және барлық мәжіліске қатысқандар тұқым астығын тапсырмаған.
Байсақалов Есет өзінің ауылдық кеңес төрағасы Ерімбетовпен байланысын күшейтіп, салықты аз төлеу мақсатында 1928 жылы өзінің шаруашылығын екіге бөліп, салықты 700 сомнан 362 сомға түсірген, бұл да тұқым астығын өткізбеген.
Бегалиев Жетпісбай шаруашылығын азайту мақсатында малдарын сатып, тұқым астығын өткізбеген, РСФСР ҚК 95 бабы бойынша тергеу алынғанға теріс жауап беріп, өзінің кінәсін мойындамаған. Төлебаев Бекмырза да тап осылай әрекетке барған.
Досымбаев Әлім патша өкіметі тұсында 14 жыл ауыл басқарушысы болған, Кеңес өкіметі тұсында байлар тобына белсенді түрде қатысқан, салықты аз төлеу масатында малдарын сатып, тұқым астығын өткізбеген.
Осындай айыптаулар негізінде: Пірімқұлов Қаратай, Шендібаев Қымызбай, Байсақалов Есет, Бегалиев Жетпісбай, Төлебаев Бекмырза, Дүйсенбаев Әлім, Кенжалиев Нұрбай, Тұяқбаев Қайып, Арысбаев Қойшыбай — ОГПУ Қызылорда округтік бөлімінің 1930 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58-Н, 61, 62 баптарымен қылмыстық іс қозғалған.
Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 20 мамырдағы қаулысымен: Шендібаев Қымызбай, Кенжалиев Нұрбай, Тұяқбаев Қайып, Арысбаев Қойшыбай — әрқайсысы 5 жылдан концлагерьге, мал-мүлкі тәркілеуге,
Пірімқұлов Қаратай, Байсақалов Есет, Бегалиев Жетпісбай, Төлебаев Бекмырза, Дүйсенбаев Әлім — әрқайсысы 3 жылдан округте тысқары, Қазақстан ішіне жер аударуға сотталған.
Бұлардың барлығы Қызылорда облыстық прокурордың 1989 жылғы 2 қарашадағы қорытындысымен, СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.
Бұл 9 азаматқа қарсы РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтарымен қылмыстық іс қозғалып, қамауға алынған, оларға коллективтендіру саясатына қарсы шықты деген айыптар тағылған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 20 мамырдағы қаулысы бойынша, Арысбаев Кенжебай, Тұяқбаев Қайып, Кенжәлиев Нұрбай, Шендыбаев Қымызбай — әрқайсысы 5 жылдан түрме жазасына, Байсақалов Есет, Пірімқұлов Қаратай, Дүйсенбаев Әлім, Төлебаев Бекмырза, Бегәлиев Жетпіс — әрқайсысы 3 жылдан жер аударуға сотталған.
Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 3 қарашадағы қорытындысымен, ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде, бұл 9 азаматтың барлығы да толық ақталған.

## 1932 жылы

### I

**САЛОВ** Мизаил Анисимович — родился в 1882 году, до ареста проживал на территории Чиилийского района, был кулаком;
**РЯБЧЕНКО** Трофим Иванович — родился в 1897 году, до ареста проживал на территории Чиилийского района, был кулаком;
**ШАПОВАЛОВ** Кузьма Капитонович — родился в 1877 году до ареста проживал на территории Чиилийского района, был кулаком;
**ГЕТМАН** Гавриил Иванович — родился в 1899 году, до ареста проживал на территории Чиилийского района, был кулаком;
**ОКОЛОД** Игнат Прокофьевич — родился в 1890 году, до ареста проживал на территории Чиилийского района, был кулаком;
Эти 5 граждане арестованы и обвинены по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены Верховным Судом РСФСР 20 февраля 1932 года: Салов М. И., Шаповалов К. К.— по 5 лет тюремного заключения каждого, Рябченко Т. И.— на 4 года тюремного заключения, Гетман Г. И.— на 3 года, Околод И. П.— на 1 год тюремного заключения.
Кзыл-Ординский областной прокурор 9 февраля 1990 года всех реабилитировал.

### II

**ТОЛСТОКОРОВ** Андрей Павлович — родился в 1883 году в Ставропольской губернии, до ареста проживал в пос. Байгакум, не занимался общественно-полезным трудом;
**ТОЛСТОКОРОВ** Петр Павлович — родился в 1888 году в Ставропольской губернии, до ареста проживал в пос. Байгакум, не занимался общественно-полезным трудом.
Этих 2 граждан-братьев обвинили в том, что они не занимаются общественно-полезным трудом, ведут паразитический образ жизни, арестовали и привлекали к уголовной ответственности по ст.

58 УК РСФСР. Осуждены тройкой при ПП ОГПУ 24 апреля 1932 года к 3 годам лишения свободы каждого.
Они полностью реабилитированы 30 июня 1989 года.

### 1937 жылы

**ИВАНОВ** Илья Михайлович — родился в 1885 году в Калужской губернии, до ареста проживал на ст. Чиили, работал начальником депо;
**КВАЧЕНКО** Иосиф Александрович — родился в 1879 году в Звездегородском уезде, Киевской губернии, до ареста проживал на ст. Чиили, работал заведующим топливным складом, депо.
Этих 2 граждан обвинили в растранжировании госимущества, арестовали, привлекали к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены приговором Линейного суда Ташкентской железной дороги 24 июня 1937 года на ... лет. (На сколько лет они осуждены — в деле не указаны).
Они полностью реабилитированы 10 марта 1997 года областным прокурором.

### 1938 жылы

### I

**МОЛОКОВ** Митрофан Федорович — родился в 1893 году в селе Березовка, КССР, до ареста проживал в Чиилийском районе.
**ШАЛАВИН** Матвей Петрович — родился в 1899 году в гор. Чистополь, Татарской АССР, до ареста проживал в Чиилийском районе.
**ЕГОРОВ** Иван Михайлович — родился в 1902 году в селе Елшанка, Куйбышевской области, до ареста проживал в Чиилийском районе.
Этих 3 граждан — железнодорожников обвинили в том, что они занимаются растранжированием госимущества, арестовали и привлекли к уголовной отвественности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены приговором Линейного суда Ташкентской железной дороги 17 февраля 1937 года к 25 годам тюремного заключения каждый.
Они полностью реабилитированы 24 ноября 1995 года.

### II

**ОТТИ** Давид Адамович — родился в 1894 году в Разенской области, Эстония, до ареста проживал на ст. Чиили, работал кузнецом в МТС.
**СУЛАЙМАНОВ** Жули — родился в 1888 году в гор. Ардабиль, Персия, до ареста проживал на ст. Чиили, работал рабочим стройпоезда.
Этих 2 граждан арестовали и обвинили во вредительстве в деятельности железной дороги, привлекли к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены решением тройки НКВД СССР 2 сентября 1938 года: Отти Д. А. и Сулайманов Жули — к высшей мере наказания — расстрелу.
Они полностью реабилитированы: Отти Д. А. — 13 июля 1989 года, Сулайманов Ж. — 30 августа 1989 года.

### III



**МОРГУНОВ** Федор Федотович — родился в 1913 году в селе Упорой, Кокенской волости, Брянского уезда, Орловской губернии, до ареста проживал в пос. Чиили, работал учителем русского языка в казахской школе, член ВЛКСМ.
**МОРГУНОВ** Федор Алексеевич — родился в 1892 году в селе Упорой, Кокенской волости, Брянского уезда, Орловской губернии, до ареста проживал в пос. Чиили, работал конюхом НЖЧР-2 службы пути.
**ХВАН** ЕнГин — родился в 1907 году в Корее, до ареста проживал в пос. Чиили, работал в ст. Чиили железнодорожником.
**ДМИТРИЕВ** Дмитрий Филиппович — родился в 1884 году в Иркутской губернии, до ареста проживал на ст. Чиили, работал сторожом электростанции.
Моргунов Федор Федотович и Моргунов Федор Алексеевич постановлением Яны-Курганского РО НКВД арестованы 21 февраля 1937 года и 16 марта 1938 года, привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-6 УК РСФСР. Хвана Ен Гина и Дмитриева Дмитрия Филипповича арестовало Чиилийское РО НКВД, привлекало к уголовной ответственности по той же статье УК РСФСР. Постановление Комиссии НКВД и Прокуратуры СССР от 5 сентября 1938 года осуждены: Моргунов Ф.Ф., Моргунов Ф. А., Хван ЕнГин и Дмитриев Д. Ф. — к высшей мере наказания — расстрелу.
Определением военного трибунала Туркенстанского военного округа от 10 июня 1961 года — постановление Комиссии НКВД и Прокуратуры СССР от 5 сентября 1937 года в отношении Моргунова Федора Федотовича и Моргунова Федота Алексеевича отменено и дело о них прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО на постановление комиссии НКВД и Прокуратуры СССР удовлетворен. Оба Моргуновы реабилитированы в 1961 году. Полностью реабилитированы: Хван ЕнГин — 30 июня 1989 года, Дмитриев Дмитрий Филиппович — 13 июля 1989 года.

### IV

**Ли ЧАН НО**, он же Ли Кын Чун — родился в 1889 году в Корее, до а реста проживал в Чиилийском районе, работал директором НСШ колхоза “Авангард”.

ХАМ Чер — родился в 1905 году в Корее, до ареста проживал в Корее, до ареста проживал в Чиилийском районе, работал завучом НСШ колхоза "Авангард".

Этих 2-х граждан корейцев арестовало Яны-Курганское отделение НКВД 10 июля и 24 июля 1938 года, возбудило уголовное дело по ст. 58-6 УК РСФСР. Постановлением Особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 28 сентября 1938 года: Ли Чан-Но и Хам-Чер к высшей мере наказания — расстрелу. 28 сентября 1937 года оба расстреляны.

Определением Военного прокурора ТуркВО от 28 декабря 1961 года — постановление особой тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 28 сентября 1938 года в отношении Ли Чан Но, он же Ли Кын Чун — отменено и дело о нем на основании п. 1 ст. 5 УПК Узбекской ССР прекращено за отсутствием событий преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО удовлетворен. Ли Чан Но реабилитирован.

По протесту Военного прокурора ТуркВО от 21 декабря 1961 года и обзорной справки и заключения Отдела КГБ при Совете Министров Казахской ССР по делу Хам Чера видно, что он был необоснованно арестован, а затем расстрелян во внесудебном порядке. По заключению ОКГБ по Кзыл-Ординской области от 26 сентября 1961 года — постановление тройки отменено, а дело производством прекращено.

## V

**КИМ** Владимир Владимирович — родился в 1905 году в дер. Брусын, Посьетского района, Приморской области ДВК, до ареста проживал в Чиилийском районе, работал колхозником колхоза "Авангард".

**КИМ** Се Мун — родился в 1893 году в Корее, до ареста прлживал в Чиилийском районе, работал колхозником колхоза "Авангард".

**КИМ** Дое Иван — родился в 1888 году в Корее, до ареста проживал в Чиилийском районе, без определенных занятий.

Этих 3 граждан-корейцев арестовало РО НКВД Яны-Кургана в мае 1938 года, возбудило уголовное дело по ст. 58-6 УК РСФСР. Осуждены тройкой при УНКВД по Кзыл-Ординской области 5 октября 1938 года: Ким Владимир Владимирович, Ким Се Мун и Ким Дое Иван к высшей мере наказания — расстрелу.

Определением Военного трибунала ТуркВО от 2 марта 1960 года — постановление тройки при УНКВД по Кзыл-Ординской области от 5 октября 1938 года в отношении Ким В. В. отменено и дело на него на основании ст. 5 п. 1 УПК Узбекской ССР прекращено за отсутствием события преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО на постановление тройки удовлетворен. Ким В. В. реабилитирован в 1960 году.

Полностью реабилитированы: Ким Се Мун — 22 мая 1989 года, Ким Дое Иван — 9 июня 1989 года.

## VI

**СИКИРИН** Михайл Андреевич — родился в 1913 году на ст. Манчжурия, КВЖД, до ареста проживал на ст. Чиили, учитель.

**ХАН** Ин Сир — родился в 1892 году в Корее, до ареста проживал на ст. Чиили, без определенных занятий.

**ЦОЙ** Николай (Ван Гей) — родился в 1873 году в Корее, до ареста проживал на ст. Байгакум, был крестьянином-середняком.

**КОРБЕРГ** Оскар Андреевич — родился в 1913 году в Красноярском районе, до ареста проживал на ст. Чиили, без определенных занятий.

**МЕРБЕРДИЕВ** Гафар — родился в 1900 году в пос. Чиили, до ареста работал сторожом МТС.

**ОТТИ** Аксель Иванович — родился в 1902 году в Эстонии, до ареста проживал в Чиилийском районе, работал рыбаком колхоза "Рыбак".

Этих 6 граждан арестовали и возбудили уголовное дело по ст. 58-6 УК РСФСР. Осуждены тройкой при УНКВД по Кзыл-Ординской области 17 октября 1938 года все шестеро — к высшей мере наказания — расстрелу.

Полностью реабилитированы: Сикирин М. А., Корберг О. А., Отти А. И. — 22 мая 1989 года, Хан И. С. — 4 августа 1989 года, Цой Н. — 17 августа 1989 года, Мербердиев Г: — 15 мая 1989 года.

## VII

**ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ** Жұмаділ — Шиелі ауданы, Тартоғай ауылдық кеңесі, 1885 жылы туған, сауатты, атқа мінер, партияда жоқ, "Енбекші дикан" колхозы төрағасының орынбасары және шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеген, баласы — Танаберген, Нысанбек, қызы — Шәрбан.

**СЫЗДЫҚОВ** Қалкөз — № 1 ауыл, Тартоғай ауылдық кеңесінде 1904 жылы туған, болыстың баласы, негізі орта шаруа, байдан шыққан, сауатты, партияда жоқ, сотты болмаған, әйелі — Күлдана, балалары — Жарастай, Кенес. Қамауға алынғанға дейін Тартоғай ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған.

**ТЫНЫШТЫҚБАЕВ** Түменбай — Тартоғай ауылдық кеңесінде 1896 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін Тартоғай сельпосында дүкен меңгерушісі болып жұмыс істеген. Әйелі — Түрсынкүл, қыздары — Палайым, Қанымжан, Нәзипа, ұлдары — Найманбай, Жарасбай.

Айыптау қорытындысы бойынша: Қызылорда облыстық НКВД басқармасы Тартоғай ауылдық кеңесіндегі ауыл шаруашылығында колхоздарды құлатуға бағытталған жауыздық-зиянкестік жұмыстарды жүргізген, Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымды ашып, оны жойған. Бұл ұйым үкіметке қаны қас адамдарды өздеріне тарту мақсатында кең көлемді жұмыс жүргізіп, олар арқылы колхозды бүліншілікке ұшырату жұмыстарын жүргізген. Осы ұйымға қатысушылардың бірі Еңбекші диқан колхозы төрағасынаң орын-

басары Төлепбергенов Жұмаділ, Тартоғай ауылдық кеңесінің бұрынғы төрасы Сыздықов Қалкөз және Тартоғай сельпосының бұрынғы төрағасы Тыныштықбаев Түменбай болған.

Төлепбергенов Жұмаділ бұл ұйымға 1937 жылдың маусым айында "Еңбекші диқан" колхозының бұрынғы төрағасы Майбасаров арқылы тартылған. Сыздықов Қалкөз — 1937 жылдың қыркүйек айында "Кеңес колхозының бұрынғы төрағасы Омаров арқылы, Тыныштықбаев Түменбай — 1937 жылғы шілде айында Тартоғай жеті жылдық мектебінің бұрынғы директоры Ершоқаев Дәуренбек арқылы тартылған.

Төлепбергенов 1937 жылы жауыздық мақсатта колхозшыларды дәнді дақылдар мен мақтаны жарамсыз жерге себуді күштеп көндірген, ақырында 30 гектар бидай, 30 гектар мақта шықпай қалған. 1938 жылы Төлепбергенов колхозшылар арасында мақта егісін бұзуға бағытталған үгіт жүргізген, колхозшыларға мақта пайдасыз деп айтып, колхозшыларды мақтаның орнына жеке-жеке бақша егіндер деп шақырған. Колхозға берілген 55 гектар мақта егу жоспарының орнына 22 гектар ғана мақта егілген. Мақта егісін суару кезінде суды мақтаға бермей, жекелердің бақшасын суарған. Соның салдарынан 22 гектар мақтаның 17 гектары, 10 гектар бидай қуарып қалған. Колхозшыларды ұрып-соғып, олардың ызакегін тудырған, 2 колхозшы колхоздан шығып кеткен.

Сыздықов 1938 жылы Төлепбергеновпен бірге колхозшылар арасында көктемгі егіс науқанын бұзуға бағытталған үгіт жүргізіп, жеке бақша егуді ұсынған. Соның салдарынан "Еңбекші диқан" колхозында 61 гектар бидай, 9 гектар арпа, 11 гектар тары, 33 гектар мақта егілмей қалған. Осындай жағдай "Кеңес", "Қоғалы" колхоздарында орын алған.

Тыныштықбаев Төлепбергеновпен, Сыздықовпен тығыз байланыста болып, кооператив саласында жауыздық жұмыстар жүргізген, колхозшыларға тиісті тауарды Тыныштықбаев саудегерлерге қымбат бағасына және өзінің жақын-жуықтарына таратқан, сөйтіп жұртшылықтың наразылығын тудырған. Ол Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымнын жасырын жиынына қатысып, колхоздарда жауыздық жұмыстарды күшейту мәселесін талқылаған.

Міне осындай айыптаулар негізінде, Шиелі аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 3 және 25 қазандағы, 2 қарашадағы қаулыларымен Жұмаділ Төлепбергенов, Қалкөз Сыздықов, Түменбай Тыныштықбаев тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 7, 10 және 11 тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық прокурордың міндетін атқарушы Ворожеевтің 1939 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен Төлепбергенов пен Сыздықов жөніндегі айыптау қорытындысы бекітіліп, іс облыстық соттың қарауына жіберілген. Тыныштықбаев Түменбай жөніндегі іс тағылған айыптың жеткіліксіздігіне байланысты сотқа беруге жатқызбай, УПК 204 бабының "б" тармағымен өндірістен қысқартылып, қамаудан босатылған. Кызылорда облыстық сотының көшпелі сессиясының 1939 жылғы 11 мамырдағы үкімімен Төлепбергенов Жұмаділда — 10 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқығын жоюға, мал-мүлкін тәркілеуге сотталған, Сыздықов Қалкөз — 7 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 2 жылға саяси құқығын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 1957 жылғы 17 тамыздағы үйғаруымен, Кызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 11 мамырдағы Төлепбергенов Жұмаділ, Сыздықов Қалкөз жөніндегі үкімі бұзылып, оларға тағылған айыптардың анықталмағаны үшін іс өндірістен тоқтатылған.

## 1941 жылы

### I

**ШЕГЛОВАТОВ** Евстрафий Васильевич — родился в 1891 году в Воронежской области, до ареста проживал в Чиилийском районе, не занимался общественно-полезным трудом.

**ШРАМКО** Андрей Кононович — родился в 1914 году в селе Славки, Полтавской области, до ареста проживал в Чиилийском районе, не занимался общественно-полезным трудом.

**БАЖЕНОВ** Владимир Николаевич — родился в 1925 году в селе Жукова, Московской области, до ареста проживал в Чиилийском районе, не занимался общественно-полезным трудом.

Этих 3 граждан арестовали и обвинили по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены Кзыл-Ординским областным судом 12 ноября 1941 года к 10 годам тюремного заключения каждый.

Полностью реабилитированы: Шегловатов Е. В. — 6 апреля 1990 года, Шрамко А. К., Баженов В. Н. — 5 февраля 1989 года.

### II

**СКРИПНИКОВ** Семен Дмитриевич — родился в 1912 году в пос. Жулек, до ареста проживал в колхозе "Верный путь", работал председателем этого же колхоза.

**ПОЛАГУЖИН** Кузьма Иосифович — родился в 1893 году в селе Маржинск, Актюбинской области, до ареста работал счетоводом в колхозе "Верный путь".

**НЕВДАШЕВ** Степан Петрович — родился в 1881 году в селе Болшаков, Астраханской области, до ареста проживал в Чиилийском районе, был единоличником.

Этих 3 граждан арестовали и обвинили в растранжировании колхозного богатства. Приговором Кзыл-Ординского областного суда 13 апреля 1941 года осуждены к 10 годам тюремного заключения каждый.

Они полностью реабилитированы областным прокурором 25 марта 1996 года.

### 1944 жылы

**КУЗЬМИНОВ** Иван Федорович — родился в 1908 году в Ярославском районе Краснодарского края, до ареста проживал на ст. Байгакум, работал заведующим подхозом камышзавода.

**МАЛАФЕЕВ** Василий Никитович — родился в 1881 году в Илекском районе Чкаловской области, до ареста проживал на ст. Байгакум, был рыболовом.

**САЛОВ** Георгий Акимович — родился в 1905 году в Кизильском районе, Челябинской области, до ареста проживал на ст. Байгакум, работал главным бухгалтером камышзавода.

Этих 3 граждан арестовали и обвинили в растранжировании госимущества. Осуждены Военным трибуналом Ташкентской железной дороги 17 апреля 1944 года к 7 годам тюремного заключения каждый. Они реабилитированы Верховным судом Казахской ССР 8 апреля 1966 года.

### 1945 жылы

**ІЗБАСТИЕВ** Әзиз — Шиелі ауданының Бәйгеқұм ауылдық кеңесінде 1905 жылы туған, молданың баласы, орта діни сауаты бар, партияда жоқ, 1943 жылдың 19 тамызында Шиелі аудандық НКВД бөлімі арқылы әскер қатарына барудан бас тартқаны үшін тұтқында 35 тәулік Ізбастиев деген фамилиямен жатқан, Түркістан ауданының Ащысай полиметалл комбинатының руднигінде қара жұмысшы болып істеген, Ащысай поселкесінде тұрған, үйленген, әйелі — Бибайша, қызы — Азизова Сайыпжамал, баласы — Азизов Ахметжан.

**САЛИЕВ** Сары — Шиелі ауданының № 1 Тартоғай ауылдық кеңесі, "Боқты өлең" деген жерінде 1878 жылы туған, негізгі кедей-шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, 1930 жылы кеңес өкіметі органы арқылы салық төлемегені үшін тұтқынға алынып, қылмысқа тартылған, Сұлутөбе стансасында тұтқында жатып, міндеттеме бергеннен кейін сот арқылы тұтқыннан босатылған, Шиелі аудандық орман-тоғай шаруашылығында жұмысшы болып істеген, осы шаруашылықтың "Қасқақұм" деген жерінде тұрған, үйленген, әйелі Назарова Мақтагүл, ұлы — Сариев Махамбетжан, қызы — Сариева Злиха.

Ізбастиев Әзиз және Салиев Сары — Шиелі ауданының Бәйгеқұм ауылдық кеңесінің территориясында тұрып, Кеңес құрылысына қарсы қастандық пікірде болып, дінді жамылып, фашистік Германиямен Отан соғысы кезінде жұртшылықтың жиынын ұйымдастырып, Кеңес өкіметінің экономикалық және әскери қуатын әлсіретуге бағытталған контрреволюциялық провокациялық үгітті үнемі жүргізген, кеңес құрылысының беделін түсіріп, патша тұсындағы өмірді мадақтаған.

Ізбастиев Әзиз — коллективтендіру кезінде, 1930 жылы қөзінің әкесі Әйімбетов Ізбастымен бірге бай шаруашылығын иемденіп, оларға мемлекеттік тапсырма бойынша салық салынған, бірақ мемлекеттік тапсырма жоспарын орындамай, Ізбастиев Қызылорда облысының территориясынан тыс жаққа қашып тығылған. Ұлы Отан соғысы кезінде Қызыл Армия қатарына барудан бас тартып, 1943 жылдың ақпан айында әскер қатарына шақырудан қашып, жасырын жағдайға түсіп, 1943 жылдың тамыз айына дейін жасырынып жүрген. 1944 жылдың қараша айында әскери өндіріс кәсіпорнына жұмысқа тартылғаннан кейін өндірістен қашып, 1945 жылдың ақпан айына дейін жасырын жағдайда жүрген.

1943—44 жылдары Ізбастиев тұрғындар арасында мұсылмандардың Орталық Діни Басқармасының Қызыл Армияға көмекті күшейту туралы патриоттық үндеуінің беделін түсіріп, Кеңес Одағының Отан соғысындағы саясатын теріске айналдырған. Тұрғындарды Кеңес өкіметіне көмек көрсетпеуге, әскер қатарына шақырудан бас тартуға және еңбек майданына бармауға шақырған. Партия мен кеңес үкіметіне жала жапқан.

1944 жылдың шілде-тамыз айларында колхоздарда егін жинау науқанының қызып жатқан кезінде тұрғындардың діни нанымын пайдаланып, колхозшыларды егін жинаудан босатып алып, кеңес өкіметі органының рұқсатынсыз мешіт соққан, колхоз мүлкін ұрлап пайдаланған. Мешітке жиналған тұрғындарды өзінің мақсатына пайдаланып, 1944 жылдың тамыз айында Ізбастиев тұрғындарды кеңес өкіметіне қарсы рухта дайындап, оларды колхоз астығын ұрлауға шақырған. 1944 жылдың қазан айында әскери өндіріске жұмысқа тартылған кезде жұмысшылар арасында кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, оларды өндірістен қашуға шақырған.

Салиев Сарыға — 1929—30 жылдары әлеуметтік жат элемент ретінде мемлекеттік тапсырма бойынша салық салынған. Оны орындамағаны үшін 1930 жылы кеңес өкіметі органы арқылы қуғынға ұшыратылып, оның шаруашылығы конфискеленуге түскен. Кеңес өкіметіне қарсы қастандық пиғылда болған ол жергілікті тұрғындардың діни сенімін өзінің мақсатына пайдаланып, кеңес өкіметіне қарсы провокациялық үгіт жүргізген, Кеңес Одағындағы өмірге күйе жағып, патша тұсындағы өмірді мадақтаған. Шиелі ауданының орман-тоғай шаруашылығының учаскесінде тұрып, 1944 жылдың наурыз-тамыз айларында, бірнеше адамдардың қатысуымен Салиев революцияға дейінгі құрылысты мақтап, партия мен кеңес үкіметінің саясатын теріске шығарып, колхоздар мен совхоздарды тарату және Кеңес Одағындағы құрылысты өзгерту туралы провокациялық лақаптар таратқан.

1944 жылдың шілде айының аяғында "Оқшы-Ата" зиратының жанындағы жиында, Салиев бірнеше адамдардың қатысуымен Ізбастиев Әзиздің мұсылмандардың Орталық Діни Басқармасының Қызыл Армияға көмек көрсету туралы патриоттық үндеуі туралы контрреволюциялық-провокациялық пікірін қолдап, Кеңес Одағының Отан соғысындағы саясатын теріске айналдырып, тұрғындарды фашистік германияға қарсы соғыстағы Кеңес

Одағының шараларына қарсы тұруға шақырған. 1944 жылдың шілде-тамыз айларында Салиев Ізбастиев Әзизге мешіт құрылысын заңсыз салуына барлық көмек көрсетіп, колхоздың егін жинау науқанына кесірін тигізген. Салиев мешіт салып жатқан тұрғындарды колхоздың астығын ұрлауға шақырған. 1944 жылдың қараша айында 20 разъезде бірнеше адамдардың қатысуымен партия мен үкімет саясатының беделін түсіріп, Қызыл Армияға, оның командованиясына жала жапқан.

Осы қылмыстары үшін Ізбастиев Әзиз бен Салиев Сары Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының 1945 жылғы сәуір-маусым айларындағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1945 жылдың 30 маусымында аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні Қызылорда қаласында шығарылған, оны Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының бастығы 30 маусымда, Облыстық прокурор 7 шілдеде бекіткен.

Қызылорда Облыстық сотының көшпелі сессиясының 1945 жылғы 16 шілдедегі үкімімен: Ізбастиев Әзизді — 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін конфискелеуге, Салиев Сары — 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мал-мүлкін конфискелеуге сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1945 жылғы 24 тамыздағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының 16.07.45 жылғы үкімін күшінде қалдырып, сотталушылардың шағым арыздарын аяқсыз тастаған.

Қазақ ССР Жоғарғы соты Президиумының 1989 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен Қызылорда облыстық сотының 16.07.45 жылғы Ізбастиев Әзиз және Салиев Сары жөніндегі үкімі мен қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер қарайтын сот коллегиясының 21.08.45 жылғы үйғаруын бұзып, қылмыстық іс олардың әрекетінде қылмыс сипаты болмағандықтан қысқартылған.

Қазақ ССР Прокуроры орынбасарының наразылығы қанағаттандырылған.

## 1950 жылы

### I

**МАНН** Берта Ивановна — родилась в 1901 году в Запорожской области, до ареста проживала в Чиилийском Районе.

**КЕРБЕР** Андрей Мартынович — родился в 1912 году в Запорожской области, до ареста проживал в Чиилийском районе.

**ТЕНК** Климентина Андреевна — родилась в 1912 году в селе Препс, Саратовской области, до ареста проживала в Чиилийском районе.

**ЛОРЕНЦ** Христиния Ивановна — родилась в 1898 году в Запорожской области, до ареста проживала в Чиилийском районе.

Этих 4 граждан обвинили в разбазаривании госимущества. Осуждены Кзыл-Ординским областным судом 15 марта 1950 года к 10 годам лишения свободы каждый.

Все они реабилитированы Кзыл-Ординским областным прокурором 4 января 1996 года.

### II

**ТЕРЕЕВ** Шарфутдин — родился в 1896 году в селе Шали Чечено-Ингушетии, до ареста проживал в Чиилийском районе.

**СОЛТАГЕРАЕВ** Абубакир — родился в 1890 году в селе Шали Чечено-Ингушетии, до ареста проживал в Чиилийском районе.

**МУСЛИЕВ** Анди — родился в 1932 году в селе Шали Чечено-Ингушетии, до ареста проживал в Чиилийском районе.

Этих 3 граждан обвинили в воровстве, арестовали, привлекли к уголовной ответственности. Осуждены приговором Облсуда 31 октября 1950 года к 10 годам тюрьмы каждый.

Они реабилитированы Кзыл-Ординским областным прокурором 24 ноября 1995 года.

## 1951 жылы

### I

**МААШЕВ** Абдулказим — родился в 1881 году в селе Герменчук, Шалинского района, Чечено-Ингушетии, до ареста проживал в Чиилийском районе.

**КУРИЛЯК** Степан Николаевич — родился в 1929 году в Чиили, до ареста работал электросварщиком в Чиили.

Этих 2 граждан арестовали, привлекали к уголовной ответственности по вине воровства. Осуждены приговором Кзыл-Ординского областного суда 15 января 1951 года к 10 годам тюремного заключения каждый.

Реабилитированы они 12 марта 1993 года.

### II

**ИБРАГИМОВ** Юсупходжа — родился в 1891 году в Чечено-Ингушетии, до ареста проживал в Чиилийском районе, в колхозе им. Сталина, колхозник.

**ХАЛИДОВ** Усама — родился в 1900 году в Чечено-Ингушетии, до ареста проживал в колхозе им. Сталина, колхозник.

**МАДАЕВ** Душа — родился в 1894 году в Чечено-Ингушетии, работал в колхозе им. Сталина, колхозник.

**ЭЛЬДАРХАНОВ** Магомед — родился в 1886 году в Чечено-Ингушетии, до ареста проживал в колхозе им. Сталина, колхозник.

Этих 4 чеченцев арестовали, привлекали к уголовной отвественности по ст. 58-10-2 к 25 годам тюремного заключения каждого.

Они полностью реабилитированы 2 июня 1992 года.

## 1953 жылы

**ДЕНИСЮК** Григорий Никифорович — родился в 1887 году в Белостоцком районе, Польша, до ареста проживал в Чиилийском районе, работал плотником райпотребсоюза.

**КОРОБЧУК** Прохор Кириллович — родился в 1903 году в Гощанском районе Ровенской области, до ареста проживал в пос. Чиили, работал сторожом магазина.

**АРДЫШЕВ** Василий Иванович — родился в 1899 году в селе Сосновка, Витебской губернии, до ареста проживал в Чиилах, находился в тюрьме.

Этих 3 граждан обвиняли в воровстве, арестовали, привлекали к уголовной ответственности по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены приговором Кзыл-Ординского областного суда 30 марта 1953 года к 10 годам тюремного заключения каждый.

Реабилитированы они областным прокурором 28 апреля 1990 года.

# СЫРДАРИЯ (БҰРЫНҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА) АУДАНЫ БОЙЫНША

### 1928 жыл

### I

**ЖҮЗБАЕВ** Абдулла Тастанбекұлы — Тәшкент ауданы "Түзел" ауылында 1905 жылы туған, білімі 3 класс, 1922 жылдан БЛКЖО мүшесі, дәріхана қызметкері.

**МОЛДАБЕКОВ** Мәулен — Сырдария губерниясы, Түркістан уезі, № 6 ауыл, Шиелі болысында 1900 жылы туған, Шымкент ауылшаруашылық техникумының 2 курсын бітірген, 1921 жылдан БЛКЖО мүшесі.

**МАНАСБАЕВ** Қошқарәлі — Сырдария губерниясы, Әулие Ата уезі, № 7 ауыл, Қарабәкір болысында 1907 жылы туған, білімі 4 класс, 1923 жылдан БЛКЖО мүшесі, Шымкент қаласындағы ауылшаруашылық техникумының студенті.

**БИТІМБАЕВ** Әбдірахман — Сырдария губерниясы, Қазалы қаласында 1907 жылы туған, білімі 5 класс, 1922 жылдан БЛКЖО мүшесі, қамауға алынғанға дейін әртүрлі мекемелерде жұмыс істеген, 1928 жылы РСФСР ҚК-ның 73 бабымен сотталған.

**ДОСОВ** Қалкөз Жұмабайұлы — Сырдария губерниясы, Қызылорда уезі, № 2, Қараөзек болысында 1906 жылы туған, сауаты бар, БЛКЖО мүшесі, Сырдария губ. халық сотында хатшы болып жұмыс істеген.

**ДОСТАНОВ** Енсеп — Сырдария губерниясы, Қазалы уезі, № 1 ауыл, Қамбаш болысында 1905 жылы туған, ВК(б)П мүшесі.

Бұларға тағылған айып: — Олар 1928 жылдың мамыр айының басында "Қазақшылдар" ұйымының атынан 7 мамырға қараған түні үндеу дайындауға және оны қала ішінде таратуға қатысқан — деп ОГПУ-дың Сырдария губерниялық бөлімінің Шығыс бөлімшесінің 1928 жылғы 26 мамырдағы қаулысымен А. Жүзбаев, М. Молдабеков, Қ. Манасбаев, Ә. Битымбаев, Қ. Досов, Е. Достанов тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

ОГПУ жанындағы Ерекше Мәжілістің 1928 жылғы 26 қазандағы қаулысымен Жүзбаев Абдулла, Молдабеков Мәулен, Манасбаев Қошқаралы, Битімбаев Әбдірахман, Достанов Енсеп, Досов Қалкөздің қылмыстық істері олардың әрекеттерінде қылмыс белгісі анықталмағандықтан мүлдем қысқартылған. Қызылорда облыстық прокурордың 18.09.97 жылғы қорытындысымен Жүзбаев Абдулла, Молдабеков Мәулен, Манасбаев Қошқаралы, Битымбаев Әбдірахман, Досов Қалкөз, Достанов Енсеп — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 16.01.89 жылғы жарлығының негізінде — толық ақталған.

### 1930

### I

**ПІРІМҚҰЛОВ** Қаратай — Тартоғай станциясында 1855 жылы туған, ірі бай, байлар тобының жетекшісі, патша өкіметі тұсында 3 жыл сот болған, баласы Сәулебековпен бірге тұрған, партияда жоқ, сауатсыз, үйлі-жайлы, сотталмаған.

**ШЕНДІБАЕВ** Қымызбай — Тартоғай станциясында 1893 жылы туған, ірі бай болған, саяси құқығынан айырылған, партияда жоқ, сауатты бар, үйлі-жайды, сотталмаған.

**БАЙСАҚАЛОВ** Есет — Тартоғай поселкасында 1872 жылы туған, ірі бай болған, партияда жоқ, сауатсыз, 2 әйелі болған, сотталмаған.

**БЕГАЛИЕВ** Жетпісбай — Тартоғай поселкасында 1852 жылы туған, бай болған, партияда жоқ, сауатсыз үйлі-жайлы, сотталмаған.

**ТӨЛЕБАЕВ** Бекмырза — Тартоғай поселкасында 1874 жылы туған, бай болған, сауаты бар, үйдіжайлы, сотталмаған.

**ДҮЙСЕНБАЕВ** Әдім — Тартоғай поселкасында 1870 жылы туған, бай болған, партияда жоқ, сауатсыз, үйлі-жайлы, сотталған.

**КЕНЖӘЛИЕВ** Нұрбай (мырза) — Тартоғай поселкасында 1898 жылы туған, бай болған, партияда жоқ, сауаты бар, үйлі-жайқы, сотталмаған.

**ТҰЯҚБАЕВ** Қайып — Тартоғай поселкасында 1891 жылы туған, бай болған, саяси құқығынан айырылған, партияда жоқ, сауатсыз, үйлі-жайлы, сотталмаған.

**АРЫСБАЕВ** Қойшыбай — Тартоғай поселкасында 1886 жылы туған, бай болған, партияда жоқ, сауаты бар, үйлі-жайлы, сотталмаған.

Айыптау қорытындысы бойынша, жоғарыда аттары аталған байларға мынандай айыптар тағылған: Тартоғай ауылында Кеңес өкіметінің жүргізіп жатқан шаралары кезінде патша өкіметі тұсында

сот болған атақты ірі бай Пірімқұлов Қаратай мен ірі бай Шендібаев Қымызбай басқарған және жетекшілік еткен байлар тобы ұйымдасқан. Бұл топтың құрамына Байсақалов Есет, Бегалиев Жетпісбай, Төлебаев Бекмырза, Дүйсенбаев Әлім, Кенжалиев Нұрбай, Тұяқбаев Қайып, Арысбаев Қойшыбай кірген. Бұл байлар тобының алдына қойған мақсаты кедей шаруаларды және ауылдың барлық жұртшылығын өздерінің ықпалына көндіріп, солар арқылы және ауылдық кеңестің өкілдері арқылы өздерін Кеңес өкіметінің құдалауынан аман сақтап қалу болған. Олар ауылда жүргізіліп жатқан үкіметтің барлық шараларына қарсы үнемі контрреволюциялық күрес жүргізді, Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдасқан түрде үгіт жүргізіп, құпия түрде байлардың жиынын өткізген. Сөйтіп олар ауылда өздерінің жағдайын жасап алып, халық арасындағы өздерінің беделін және ақпалын пайдаланып, байлар тобы ауылдық кеңеске, кооператив басқармасына өздерінің балалары мен туыстарын тыққан. Сөйтіп жайбарақат, ешнәрседен қорықпай-үрікпей малдары мен астықтарын салық төлеуден жасырып қалған. Өздерінің шаруашылықтарын реті келсе қысқартып, тәркілеуге түсуден аман қалу, сайлау-сайлану құқығынынан айырылып қалмау мақсатында әртүрлі айла-шарғы жасаған.

Мәселен Пірімқұлов Қаратай қаңтар айында халықтың көп жиналатын базар күні байлардың кеңесін өткізіп, онда барлық байлар тұқым астығын өткізбеу мәселесін талқылаған, жиынға қатысқан кедей шаруаларға: "егер сендер пролетарлық өкімет құрсаңдар, онда сендер оны қолдаңдар" деген.

1929 жылы ауылдық кеңестің сайлауы кезінде кедейлерге өзінің ықпалы арқасында ауылдық кеңестің құрамына өзінің баласы Қаратаев Сәулебекті енгізген, сонымен бірге оны жергілікті кооперативтің мүшелігіне енгізген. Ол кеңестің және кооперативтің мүшесі әрі басқармасының мүшесі болғаннан кейін халықтан жиналған пай қаржысын ішіп-жеп қойғанымен, атақты байдың баласы болған соң сотқа берілмеген. Өзі ауылдық кенестің мүшесі болғанын пайдаланып, 1929 жылғы ауылшаруашылық салығын төлемеген.

Сол сияқты Шендібаев Қымызбай байлар тобының жетекшісі ретінде базарда тұқым фондысына астық тапсырмау мәселесі талқыланып жатқанда кедей шаруаларға жекіріп, қорқытып былай деген: "біздерге тұқым астығын қанша салсаңдар да сала беріңдер, бәрібір біз оны тапсырмаймыз" деп, оларды жаман сөздермен балағаттаған. Сол жылдың 1 ақпанында ауданнан келген өкілдер Шендібаевқа оған тиісті тұқым астығын төлеуді талап еткенде ол өкілдерді ауылдан қуып жіберген. Сөйтіп Шендібаев және барлық мәжіліске қатысқандар тұқым астығын тапсырмаған.

Байсақалов Есет өзінің ауылдық кеңес төрағасы Ерімбетовпен байланысын күшейтіп, салықты аз төлеу мақсатында 1928 жылы өзінің шаруашылығын екіге бөліп, салықты 700 сомнан 362 сомға түсірген, бұл да тұқым астығын өткізбеген.

Бегалиев Жетпісбай шаруашылығын азайту мақсатында малдарын сатып, тұқым астығын өткізбеген, РСФСР ҚК 95 бабы бойынша тергеу алынғанда теріс жауап беріп, өзінің кінәсін мойындамаған. Төлебаев Бекмырза да тап осылай әрекетке барған.

Досымбаев Әлім патша өкіметі тұсында 14 жыл ауыл басқарушысы болған, Кеңес өкіметі тұсында байлар тобына белсенді түрде қатысқан, салықты аз төлеу мақсатында малдарын сатып, тұқым астығын өткізбеген.

Осындай айыптаулар негізінде: Пірімқұлов Қаратай, Шендібаев Қымызбай, Байсақалов Есет, Бегалиев Жетпісбай, Төлебаев Бекмырза, Дүйсенбаев Әлім, Кенжалиев Нұрбай, Тұяқбаев Қайып, Арысбаев Қойшыбай — ОГПУ Қызылорда округтік бөлімінің 1930 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58-Н, 61, 62 баптарымен қылмыстық іс қозғалған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 20 мамырдағы қаулысымен: Шендібаев Қымызбай, Кенжалиев Нұрбай, Тұяқбаев Қайып, Арысбаев Қойшыбай — әрқайсысы 5 жылдан концлагерге, мал-мүлкі тәркіленуге, Пірімқұлов Қаратай, Байсақалов Есет, Бегалиев Жетпісбай, Төлебаев Бекмырза, Дүйсенбаев Әлім — әрқайсысы 3 жылдан округте тысқары, Қазақстан ішіне жер аударуға сотталған.

Бұлардың барлығы Қызылорда облыстық прокурордың 1989 жылғы қарашадағы қорытындысымен, СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

## II

**ӘБДІҒАППАРОВ** Сейдахмет — Қызылорда ауданының № 6 ауылында 1874 жылы туған, қазақша сауатты, бай болған.

**ТӨРЕБЕРГЕНОВ** Сақал — № 6 ауылда 1877 жылы туған, бай болған.

**САДЫҚБАЕВ** Самбе — № 6 ауылда 1872 жылы туған, бай болған.

Бұларға тағылған айып: 1930 жылдың 4 ақпанында № 6 ауылдың мектебінде тұқым қорын жинау науқанын өткізу мәселесі бойынша кедей шаруалар активінің жиналысы шақырылады, оған аудан өкілі, партия ячейкасы мен БЛКЖО мүшелері қатысады. Осы жиналысты естіп, байлар: Әбдіғаппаров пен Төребергенов кедей және орта шаруалар арасында үгіт жүргізіп, оларға коммунистер құпия жиналыс өткізіп, ауыл тұрғындарының тағдырын шешуде деп қорқытқан. Үгітке сенген кедей шаруалардың бір бөлігі жиналыста отырғандарды қуып тарату мақсатымен жиналыс өтіп жатқан жаққа қарай бет алады. Әбдіғаппаров пен Төребергеновті ішке қарай жібермеуге тырысқан, есік алдында тұрған кедей шаруа Бейісов Әлмағамбетті қатты итеріп жібергенде ол қолынан жарақаттанады. Ішке кірген Әбдіғаппаров ауданнан келген уәкілге "мен сендерге жұртшылықты қатыстырмай, құпия жиналыс өткізуді көрсетем" деп қорқытқан. Жиналысқа қатысып

отырған кедей шаруалар жанжал туып кетуден қорқып, тарасқан. Сөйтіп жиналыс аяқсыз қалған. Екінші күні тағы да жиналыс шақырылған. Әбдіғаппаров пен Төребергенов бай Садықбаевпен бірлесіп, осы жиналысқа 40 адамды — кедей шаруаларды дайындап, оларды таяқпен, тағы басқа құралдармен каруландырған, бірақ олар жиналысты бұза алмаған, деген айыптар тағылып, ОГПУ Қызылорда округтік бөлімінің 1930 жылғы 12 наурыздағы қаулысымен С. Әбдіғаппаров, С. Төребергенов, С. Садықбаев қамауға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен және 60 бабымен қылмыстық іс қозғалған. (Істе сотта мәселе қаралған-қаралмағанын айғақтайтын материалдар табылмады).

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 19 мамырдағы қорытындысымен Әбдіғаппаров Сейдахмет, Төребергенов Сақал, Садықбаев Самбе Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі" Заңы негізінде толық ақталған.

### III

**ЖОЛБАРЫСОВ** Ыбырайым — Қызылорда ауданынын № 30 ауылында 1900 жылы туған, әлеуметтік негізгі бай болған, дауыс беру құқынан айрылған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотта болмаған, үйленген.

**ІЗТІЛЕУОВ** Әуелбек — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1897 жылы туған, әлеуметтік негізі бай болған, дауыс беру құқынан айрылған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотта болмаған, үйленген.

Ауылда таптық күрестің күшейген кезінде, кеңес үкіметінің негізгі шаралары — ауылшаруашылығын коллективтендіру және соның негізінде бай кулактарды тап ретінде жою жүргізіліп жатқан кезде Жолбарысов Ыбырайым мен Ізтілеуов Әуелбек — ауылдық контрреволюциялық байлар табының өкілдері ретінде, олар конфискіге ұшырағандықтан, өкімет тарапынан таптық қысымды сезгендіктен алдарына мақсат қойған: өкіметтің жүргізіп жатқан жоғарыда көрсетілген шараларын бұзу және кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс жасау. Мәселен, 1930 жылдың наурыз айында Жолбарысов пен Ізтілеуов тұрғындарды көтеріліске көтеріп, Кеңес өкіметіне қарсы шығу мақсатында байлар арасында 10 адамнан қарақшылар ұйымдастырған, оған № 30 ауылдың бірқатар кедейлерін тартқан. Тұрғындардың барларынан қару-жарақ жинап, қызыл құмға кетіп, ол жақтан ауылдық кеңестерге, колхоздарға, кооперативтерге қарулы шабуыл жасамақшы болған.

Қызылқұмда жүріп қарақшылардың басшылары Жолбарысов пен Ізтілеуов өздерінің сенімді адамдарын ауылдарға жіберіп, оларға кеңес ауылдарда жүргізіп жатқан науқандарына қарсы үгіт жүргізуге, оларды қарақшыларға қосуға тапсырмалар берген. № 30 ауыл кооперативтендіруді жүргізіп жатқан ауданның 7 адамына қарақшылар басшылары Жолбарысов пен Ізтілеуов егерде олар ауылда кедейлер мен орташалардың шаруашылығын коллективтендіруді одан әрі жүргізе беретін болса және байлардың мал мүліктерін конфискелейтін болса, онда оларды өлтіреміз деп қорқытқан, сонымен қатар, аудан өкілдеріне жәрдемдесіп жатқан барлық ауыл белсенділеріне де соны айтқан.

Ауылдық кеңес қызметкерлерін қорқытумен қарулы күш қолдану нәтижесінде № 30 ауыл тұрғындарынан қарақшылар қатарына жаңа адамдар тартылып, қарақшылар қатары көбейген, олардың саны 20 адамға жеткен, соған байланысты құрылып жатқан колхоздар ыдырап кеткен. Жұмыстың ақсағанын көрген қарақшылар басшылары өзінің өкілдерін Жолбарысов пен Ізтілеуовке — олардың ауылдарына қайтып келуіне және кеңес өкіметінің Заңына бағынулары туралы ұсыныспен жіберген. Бірақ қарақшылар басшылары бұл ұсынысты қабылдамаған, бригада өкілдерін қарақшылар қатарына қосылуға үгіттеген және "Кеңес өкіметі оларға керегі жоқ, олар кеңес өкіметімен күресе береді"— деп айтқан.

Осы кезенде Қазалы ауданында Ақмырза Төсов ишанның қарақшылары құрылып жатқан. Жолбарысов пен Ізтілеуов бірігіп қимыл жасау үшін Ақмырза қарақшыларымен байланыс жасауды шешіп, олармен байланыс жасаған, бірақ Ақмырза қарақшылары талқандалғаннан кейін, оларға да солардың кебі келетінінен қорқып, өздерінің ауылдарына қашып, Кеңес өкіметі органының тексеруінен тығылған.

Осы қылмыстары үшін Жолбарысов Ыбырайым мен Ізтілеуов Әуелбек Қызылорда округтік ОГПУ бөлімінің 1930 жылғы 27 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2 тармағымен және 59 бабының 3 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1930 жылдың 21 тамызында аяқталып, айыптау қорытындысы 25 қыркүйекте шығарылған. Оны ОГПУ-дың Округтік бөлімі бекіткен.

ПП ОГПУ-дың Қызылорда ауданының өкіметі өкілінің 1930 жылғы 18 желтоқсандағы қаулысымен айыпкерлер Жолбарысов пен Ізтілеуовтің қылмыстық қудалауы тоқтатылып, істі архивке тапсыру, Жолбарысов пен Ізтілеуовтің қарақшылар ұйымына қатысқаны тергеу материалдарымен куәлардың берген жауаптарында мойындарына қойылмағандықтан қамаудан босатылсын — деп шешім қабылдаған.

Қазақстан ПП ОГПУ-дың СОЦ бастығының 1930 жылғы 9 қазандағы ОГПУ-дың Шымкент Жедел Тобының бастығына жолдаған № 9558 санды қатынасымен Жолбарысов пен Ізтілеуовті ҚК-ның 58-2 бабымен айыптаған тергеу ісі дұрыс жүргізілмегендіктен қайта тексеруге жіберілген. Олардың әлеуметтік негізін, аудандық атқару комитеті арқылы оларға конфискеленген мүліктерінің қайтарылу себебін анық көрсету, егерде олардың контрреволюциялық әрекеттері анықталмаған жағдайда істі өндірістен тоқтатып, оларды қамаудан босату туралы тапсырма берген.

Дәл осындай қатынасты ОГПУ-дың Шымкент жедел тобы 22 қазанда ОГПУ-дың Қызылорда ауданындағы өкіліне жолдаған.

ОГПУ-дың Шымкент жедел секторының 1931 жылғы 7 мамырдағы қаулысымен Жолбарысов пен Ізтілеуовті айыптаған тергеу ісі Қызылорда ауданының № 29 және 30 ауылдарындағы қарақшылар көтерілісінін тергеу ісіне қосылсын — деп шешім қабылдаған.

Қазақстандағы ПП ОГПУ өкілінің 1930 жылғы 1 қарашадағы қорытындысымен, Шымкент Жедел секторының айыптау қорытындысымен келіскен. Бұл қорытындыны Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың СОЦ бастығы бекіткен. Тергеу ісін Қазақстандағы ПП ОГПУ жанындағы үштіктің қарауына берген.

Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың жанындағы үштіктің 1931 жылғы 2 қыркүйектегі қаулысымен Жолбарысов Ыбырайым мен Ізтілеуов Әуелбек әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған. Ізтілеуов Әуелбек 1932 жылдың маусым айында түрмеден қашып кеткен, оған Бүкілодақтық іздеу жарияланған.

Қазақ ССР прокурорының орынбасары Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер қарайтын Сот коллегиясына 1958 жылғы 13 қазанда жолдаған. Наразылығы бойынша Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың жанындағы бұрынғы үштіктің 1931 жылғы 2 қыркүйектегі Жолбарысов пен Ізтілеуовті айыптаған қаулысын бұзуды қылмыстары анықталмағандықтан істі өндірістен қысқартуды және Ізтілеуов Әуелбекке жарияланған іздеу салуды тоқтатуды сұраған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1958 жылғы 10 қарашадағы үйғаруымен Қазақстандағы ПП ОГПУ-дың жанындағы бұрынғы үштіктің 1931 жылғы 2 қыркүйектегі Жолбарысов пен Ізтілеуов жөніндегі қаулысы бұзылып, тағылған айыптың анықталмағаны үшін іс мүлдем қысқартылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1994 жылғы 21 ақпандағы қорытындысы мен Жолбарысов Ыбырайым мен Ізтілеуов Әуелбек Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## IV

**БАЙСАҚАЛОВ** Есет — Тартоғай қыстағында 1872 жылы туған, қамауға алғанға дейін осында тұрған.

**ПІРІМҚҰЛОВ** Караштай — Тартоғай қыстағында 1855 жылы туған, қамауға алғанға дейін осында тұрған.

**АРЫСБАЕВ** Қашебай — Тартоғай қыстағында 1886 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда тұрған.

**ТҰЯҚБАЕВ** Кайып — Тартоғай қыстағында 1891 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда тұрған.

**КЕНЖӘЛИЕВ** Нұрыбай — Тартоғай қыстағында 1898 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда тұрған.

**ШЕНДІБАЕВ** Қымызбай — Тартоғай қыстағында 1893 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда тұрған.

**ДҮЙСЕНБАЕВ** Әлім — Тартоғай қыстағында 1870 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда тұрған.

**ТӨЛЕБАЕВ** Бекмырза — Тартоғай қыстағында 1874 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда тұрған.

**БЕГӘЛИЕВ** Жетпіс — Тартоғай қыстағында 1862 жылы туған, қамауға алғанға дейін сонда тұрған.

Бұл 9 азаматқа қарсы РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтарымен қылмыстық іс қозғалып, қамауға алынған, оларға коллективтендіру саясатына қарсы шықты деген айыптар тағылған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1930 жылғы 20 мамырдағы қаулысы бойынша, Арысбаев Кенжебай, Тұяқбаев Қайып, Кенжәлиев Нұрыбай, Шендібаев Қымызбай — әрқайсысы 5 жылдан түрме жазасына, Байсақалов Есет, Пірімқұлов Қаратай, Дүйсенбаев Әлім, Төлебаев Бекмырза, Бегәлиев Жетпіс — әрқайсысы 3 жылдан жер аударуға сотталған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 3 қарашадағы қорытындысымен, СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде, бұл 9 азаматтың барлығы да толық ақталған.

## 1931 жыл

## I

**ОРЫМБАЕВ** Жолбарыс — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1893 жылы туған, № 30 ауылдық кенестің төрағасы болған, сауатты.

**ТЕКЕБАЕВ** Ерхан — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1896 жылы туған, № 30 ауылда кооператив төрағасы болған, сауатты, партияда жоқ.

**ПІРІМЖАНОВ** Есімқұл — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1891 жылы туған, партияда жоқ, бай болған.

**ТІЛЕУҚАБЫЛОВ** Аппаз — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1901 жылы туған, бай баласы, сауатсыз, малшы, партияда жоқ.

**ТІЛЕУҚАБЫЛОВ** Мырқы — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1900 жылы туған, бай баласы, малшы, шала сауатты.

**ТІЛЕУҚАБЫЛОВ** Орамқұл — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1893 жылы туған, бай баласы, малшы, шала сауатты.

**ТІЛЕУҚАБЫЛОВ** Жақсылық — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1894 жылы туған, бай баласы, сауатсыз, малшы.

**ТІЛЕУҚАБЫЛОВ** Мүсілім — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1902 жылы туған, бай баласы, шала сауатты, малшы.

**ЕЛШІБАЕВ** Әйтеке — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1877 жылы туған, бай, сауатсыз, партия жоқ, малшы.

**САҒЫНДЫҚОВ** Алтынбек — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1873 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.

**ЖОЛЫМБЕТОВ** Бекжан — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1884 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.
**ҚОЖАБЕКОВ** Мүсілім — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1904 жылы туған, шала сауатты, малшы, партияда жоқ.
**ШАЙЫМБЕТОВ** Бекмағамбет — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1906 жылы туған, бай, шала сауатты, партияда жоқ, малшы.
**МАЛҚАРОВ** Жолымбет — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1866 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.
**ӘЛІБАЕВ** Қожаназар — Тамды ауданының № 1 ауылында 1904 жылы туған, малшы.
**САЙМАНОВ** Өтемұрат — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1902 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы.
**ІЗБАСАРОВ** Ералі — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1904 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы.
**ҚАЗАҚБАЕВ** Назарбай — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1882 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.
**ӘЛІБАЕВ** Молданазар — Тамды ауданының № 10 ауылында 1904 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы.
**ОМАРОВ** Қуандық — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1900 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы.
**НАЗАРОВ** Қасым — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1900 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.
**ҚАЛМЕНОВ** Өтетілеу — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1905 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы.
**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ** Таңтар — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1904 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы.
**ШОНАЕВ** Ыдырыс — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1905 жылы туған.
**АРАҚБАЕВ** Түркенбай — Қызылорда ауданының № 10 ауылында 1900 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.
**ПЕРШИЕВ** Сайыпназар — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1901 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.
**ТОҒАЕВ** Игебай — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1901 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.
**ЖҰМАБАЕВ** Серікбай — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1904 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, диханшы.
**ТОҒАЕВ** Меңлібай — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1877 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы.
**ЖОЛЫМБЕТОВ** Таңатар — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1904 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, бай.
**ҚОЖАБАЕВ** Мұсабек — Қызылорда ауданының № 30 ауылында 1902 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, малшы.
Бұл 31 азаматтың барлығы да — Қызылқұмдағы Ағатай Қарақұлов басқарған кеңес үкіметіне қарсы көтеріліске қатысқан, партия мен үкіметтің жүзеге асырып жатқан шараларына, ауылшаруашылығы артелінің уставына қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген деп айып тағылып, Шымкент ОГПУ-ның жедел секторының 1931 жылғы 15 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2 тармағымен қылмысты іс қозғалған. Қаралау қорытындысы бойынша қылмыстық іс Қазақ ССР ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына 1931 жылғы 7 мамырда берілген, Қазақстандағы ОГПУ сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 15 мамырдағы қаулысымен Орымбаев Жолбарыс, Текебаев Ерхан, Пірімжанов Есімқұл, Тілеуқабылов Аппаз, Тілеуқабылов Мырқы, Тілеуқабылов Орамқұл, Тілеуқабылов Жақсылық, Тілеуқабылов Мүсілім, Елшібаев Әйтеке, Сағындықов Алтынбек, Жолымбетов Бекжан, Қожабеков Мүсілім, Ізтелеуов Әуелбек, Жолбарысов Ыбырайым барлығы 14 адам, ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған;
ал, Шайымбетов Бекмағамбет, Малқаров Жолымбет, Әлібаев Қожаназар, Сайманов Өтемұрат, Ізбасаров Ералы, Қазақбаев Назарбай, Әлібаев Молданазар, Омаров Қуандық — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған;
ал, Назаров Қасым, Қалменов Өтеутілеу, Құдайбергенов Таңатар — әрқайсысы 5 жылға концлагерьге сотталған;
ал, Шонаев Ыдырыс, Арақбаев Түркенбай, Першиев Сайыпназар, Тоғаев Игебай, Жұмабаев Серікбай, Тоғаев Меңлібай, Жолымбетов Таңатар, Қожабаев Мұсабек — әр қайсысы 3 жылға концлагерьге сотталған.
Бұлардың барлығы да — Қызылорда облыстық прокуратурасының 1989 жылғы 2 карашадағы қорытындысымен толық ақталған.

## II

**ИШИМБЕТОВ** Жүніс — Қызылорда ауданының № 39 ауылында 1891 жылы туған, бай болған, руы "Жаппас-беспалуан", сауатсыз, партияда жоқ, малшы.
**САРБАЛАҚОВ** Қаналы — Қызылорда ауданының № 39 ауылында 1901 жылы туған, "Жаппас-беспалуан", байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, сайлау құқы жойылған, үйленген, қарауында 9 жаны бар.
**БӘЙІМБЕТОВ** Әбіш — Қызылорда ауданының № 39 ауылында 1889 жылы туған, руы "Жаппас-беспалуан", шала сауатты, партияда жоқ. Малшы, үйленген, 2 баласы бар, бұрын сотталмаған.
**БАСҚЫНБАЕВ** Жүсіп — Қызылорда ауданының № 39 ауылында 1892 жылы туған, руы "Қарақойлы", бай болған, сауатты, партияда жоқ, егінші, үйленген, 5 баласы бар, "Қараөзек" совхозында жұмысшы болған, бұрын сотталмаған.
**ӘБДІРӘСІЛОВ** Рақыш — Қызылорда ауданының № 39 ауылында 1895 жылы туған, руы "Қарақойлы", байдың баласы, сауатты, партияда жоқ,

егінші, үйленген, 2 баласы бар, "Жаңа ауыл" колхозында хатшы болған, сол колхозда жұмыс істеген, бұрын сотталмаған.

**САРБАЛАҚОВ** Ыбраш — Қызылорда ауданының № 39 ауылында 1888 жылы туған, руы "Жаппас-беспалуан", бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, үйленген, 2 баласы бар, бұрын сотталмаған.

**ИШИБЕТОВ** Қызылауыз — Қызылорда ауданының № 39 ауылында 1897 жылы туған, бай, руы "Жаппас-беспалуан", сауатсыз, партияда жоқ, малшы, үйленген, 1 баласы бар, бұрын сотталмаған.

**ТАЙМАНОВ** Айсағали — Қызылорда ауданының № 39 ауылында 1891 жылы туған, руы "Жаппас-беспалуан", бай болған, сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген, 5 жаны бар, қамауға алынғанға дейін "Жаңа ауыл" колхозында төраға болып жұмыс істеген.

Қызылорда ауданының № 39 ауылында жоғарыдағы көрсетілген бай-құлақтар сол ауылдағы "Жана-ауыл" колхозына кеңес үкіметіне қарсы мақсатпен мүше болып кірген. Колхозға кірудегі мақсаттары үкіметтің күнделікті өткізіп отырған саяси-шаруашылық науқандарына кедергі жасау, колхоз құрылысының қарқынын бәсеңдетіп іріткі салу болған. Сол үшін колхоздың басшылық орындарына өздерінің адамдарын өткізе бастап, сол арқылы ниеттерін іске асырмақ болған. Осы жылы колхозға бастық етіп Тайманов Айсағалиды сайлаттырған. Ол колхозға бастық болғанымен астық жоспарын, тұқым қорын, егіс жоспарын, ет дайындау науқандарын түгелдей орындамаған. Бұлардың жоғарыдағы кедергілерін түсінген колхоздағы кедей-шаруа Дәлібекұлы сияқты белсенділер жоғарыдағы бай-құлақтардың сырларын аша бастаған.

Белсенді Дәлібекұлы Оразбек колхоздағы тон жамылып жүрген бай-құлақтарды колхоздан аластату туралы ұсыныстар айтқан. Оның бұл сөздері колхоздағы тап дұшпандарының үрейин ұшырған. Сол жылғы 11 сәуірде "Жаңауыл" колхозының жалпы жиналысы болған, онда ет жоспарын орындау мәселесі қаралған. Жиналыста Оразбек Дәлібекұлы сөйлеп: "Колхоздан бай-құлақтарды аластату, оларға қатаң жоспар беру, қайтсекте жоспарды толық орындауымыз керек, колхоздағы жат байларды тек өздерінің бастарын асырау, малдарын аман қалдыру үшін ғана кірген, мал-мүліктерін колхоздан жасырып отыр",— деп бірқатар колхоздағы байларды сынаған Дәлібекұлының ұсынысын жалпы жиналыс түгелімен қабылдап, бірқатар байларды колхоздан шығарып, қатаң жоспар берген. Оразбектің ұсынысы бойынша Ишимбетов Жүніс колхоздан айдалып, 240 пұт ет жоспарын, Сарбалақұлдары Қаналы мен Ыбырашқа 25 пұт қатаң жоспар берілген. Колхоз бастығы Таймановтың басшылығымен Жүніс Ишимбетов, Сарбалақов Қаналы, Ишимбетов Қызылауыз, Сарбалақов Ыбыраш жауыздық әрекетіне түседі, өзара бірнеше рет кеңеседі. Бұл жауыздық міндетті орындауды Сарбалақов Қаналы мен туысы Ишимбетов ұлдарына тапсырған. Бұлар жүктелген міндетті орындау үшін 18 сәуірде Оразбекті өлтіруге керекті қару-жарақ, ат-жабдықты дайындап қойып, 19 сәуірде азанғы сағат 9 шамасында "Қарарын" дейтін төбенің жанында өтетін Оразбектің жолын аңдып тұрып, өте бергенде ұмтылған. Оразбек тап дұшпандарының жаман ниетін сезіп қашқан, артынан қуып барып ұстаған Ишимбетов Жүніс бірінші рет семсермен басынан ұрып жыққан, сол жерде екеуі ұрып өлтіріп, Ишимбетовтің атына өңгеріп алып барып "Тереңөзек" дариясына тастаған. Сонымен қылмыстың ізі жойылды деп ойлаған.

Бұл оқиғаны дария жанында жер айдап жатқан колхоз мүшелері Қаржауов пен Ерімбетовтар көріп тұрған, көп ұзамай Оразбектің өлігі судан алынған. Ишимбетов Қызылауыз бен Сарбалақов Ыбыраш Оразбек өлмей тұрып, оның шешесіне барып сенің баланды бүйтіп ел болмаса өлтіреміз деп алдын ала айтқан. Таймановқа "Оразбекті өлтіріп, Ишимбетов қашып баратыр, ұстаңыз" дегенде колхоз бастық Тайманов алдында бара жатқан Жүністі ұстаудың орнына "ол адам кісі өлтірмейді" деп ұстатпаған. Жалпы жиналыста Ишимбетұлына қатаң жоспар берілгендігін есітіп, Тайманов "Мен болсам жоспар бергізбеген болар едім"— деген.

Осы қылмыстары үшін (8 адам) ОГПУ-дың Қызылорда қалалық-аудандық бөлімшесінің 1931 жылғы 24 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8, 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1931 жылғы 12 маусымда шығарылған.

РСФСР Жоғарғы сотының Қазақстан бөлімінің көшпелі сессиясының ашық сот мәжілісінің 1931 жылғы 3-4 шілдедегі үкімімен:

— Ишимбетов Жүніс, Сарбалақов Қаналы, Тайманов Айсағали ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған; — Ишимбетов Қызылауыз, Сарбалақов Ыбраш — әрқайсысы 8 жылға бас бостандық еріктерінен айыруға, мал-мүлкі конфискелenуге сотталған; — айыпкер — Басқымбаев Жүсіп, Әбдірәсілов Рақыш, Бәйімбетов Әбішке тағылған айып мойындарына қойылмағандықтан қылмыстан мүлде ақталып, тұтқыннан босатылған.

РСФСР Жоғарғы Соты Президиумының 1931 жылғы 20 тамыздағы қаулысымен РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақстан бөлімінің 1931 3—4 шілдедегі Ишимбетов Жүніс және Сарбалақов Қаналы жөніндегі үкімі күшінде қалдырылған.

—Тайманов Айсағалидың, Ишимбетов Қызылауыздың және Сарбалақов Ыбыраштың әрекеттерін РСФСР ҚК-ның 17 және 58-8 бабына жатқызып, Тайманов Айсағалидың ату жазасын өзгертіп, 5 жылға бас бостандық еркінен айырып, еңбек түзету лагеріне сотталған. Ал, Ишимбетов Қызылауыз бен Сарбалақов Ыбраш — әрқайсысы 3 (үш) — жылға бас бостандық еркінен айырып, еңбек түзету лагеріне соттаған;

— Үкімнің басқа жағы күшінде қалдырылған.
ВЦИК Президиумының 1931 жылғы 19 қыркүйектегі қаулысымен РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақстан бөлімінің 1931 жылғы 3-4 шілдедегі Ишимбетов Жүніс пен Сарбалақов Қаналы жөніндегі үкімі күшінде қалдырылған.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1996 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысымен Ишимбетов Жүсіп, Сарбалақов Қаналы, Тайманов Айсағали, Сабалақов Ыбраш, Ишимбетов Қызылауыз, Бәйімбетов Әбіш, Басқынбаев Әбіш, Басқынбаев Жүсіп, Әбдірәсілов Рақыш,— Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## УДОСТОВЕРЕНИЕ

Предъявитель сего т. Тайманов А. действительно избран делегатом на 7-ой Всеказахский съезд Советов от Кзыл-Ординского райсъезда с правом решающего голоса.

Председатель Кзыл-Ординского райисполкома *Ахжанов*
Секретарь *Тулегенов*

4/II 1931 г.

## III

**БАУБЕКОВ** Омар — Қызылорда ауданының № 1 ауылында "Қоғалы" деген жерде 1881 жылы туған, бай болған, екі әйел алған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, жалшы ұстаған, кейінгі кезде Қызылқұмда "Тойындық құдық" деген жерде тұрған.
**БАУБЕКОВ** Смайыл — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1893 жылы туған, бай болған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, үйленген, 2 баласы бар, бұрын сотталмаған.
**БАУБЕКОВ** Шәмші — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1889 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, үйленген, 1 ұл, 4 қызы бар, бұрын сотталмаған.
**БЕЛЕНОВ** Бекей — Қызылорда ауданының № 1 ауылында "Қоғалы" деген жерде 1864 жылы туған, бай болған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, үйлі-жайлы, әйелі, 4 баласы бар, бұрын сотталмаған.
**БЕЛЕНОВ** Шәріп — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1900 жылы туған, байдың баласы, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, үйленген, 2 баласы бар, бұрын сотталмаған.
**СҮГІРБАЕВ** Әбсамет (Әбдісәмет) — Қызылорда ауданының № 2 ауылында Сырдария жерінің "Қарақұс" деген жерінде 1878 жылы туған, бай болған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, үйленген, әйелі — Анаргүл, балалары — Ағатан, Әл-Әжи, Терехан, Полат, қызы — Тұрғанкүл, бұрын сотталмаған.
**ҚОЖАҚОВ** Берден — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1864 жылы туған, кейін Қызылқұмда тұрған, бай болған, сауатсыз, малшы, партияда жоқ, әйелі өлген, бұрын сотталмаған.
**СҮТЕНОВ** Ербай — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1856 жылы туған, руы "Көзе", бай, 3 әйелі бар, шала сауатты, партияда жоқ, малшы, 1905—1906 жылдары Головочев болысының басқарушысы — болысы болған, бұрын сотталмаған, екі әйелі бар және баласы бар.
Бұл байлар тобы кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында халық шаруашылығын қайта құру, ауылшаруашылығын коллективтендіру кезеңінде кеңес өкіметінің жүргізіп жатқан шараларына қарсы шыққан. 1931 жылы мемлекетке ет дайындаудан, ауылшаруашылығы салығын төлеуден қашып, мал басын азайтуды ұйымдастырған. Бұл ауылда кедей белсенділеріне террор жасау орын алған. Байлар арасында Қызылқұмға қашу туралы үгіт жүргізген.
1931 жылдың наурыз айында Беленов Бекейдің үйінде байлардың мәжілісі өтіп, онда ауылшаруашылық салығын жинауға келген кедейлерді ұстап, оларға шара қолдану үшін ханға апаруды шешкен. Осы мәжілісте Ағатай Қарақұлов Қазақстанның Заңды ханы болып есептелген және кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлатудың мерзімі 1931 жылдың 1 мамыры болып белгіленген.
Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жасаудың басшылары болып, Беленов Бекей, Омар және Шәмші Баубековтар белгіленген. Сүтенов Ибрай № 1 ауылда болып, Қызылқұмдағы байларға кеңес өкіметінің шаралары туралы хабар беріп отырған, тұрғындарды Қызылқұмға көшіп барып, кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлатуға дайындалып жатқан байларға көмектесу туралы үгіт жүргізген.
Осы қылмыстары үшін бұлар (8 адам) ОГПУ-дың Қызылорда қалалық-аудандық бөлімшесінің 1931 жылы 14 сәуірдегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен және 62 бабпен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 6 мамырда біткен, айыптау қорытындысы 17 мамырда шығарылып, іс Қазақстан Жоғарғы Сотының көшпелі сессиясының қарауына берілген.
Қазақстан Жоғарғы Сотының көшпелі сессиясының 1931 жылғы 10 қыркүйектегі үкімімен — Баубеков Омар, Беленов Шәріп, Сүтенов Ибрай, Сүгірбаев Әбдісәмет — әрқайсысы 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға, 5 жылға сайлау, сайлану құқын жоюға сотталған.
Беленов Бекет, Қожақов Берден — тұтқын үйінде жатып өлгені себепті, іс қысқартылған.
Баубеков Смайыл, Баубеков Шәмші — қылмыстан ақталып, тұтқыннан босатылған.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1996 жылғы 30 мамырдағы қорытындысымен Баубеков Омар, Беленов Шәріп, Сүтенов Ибрай, Сүгірбаев Әбдісәмет — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## IV

**ТАСБОЛАТОВ** Абдулла — Қызылорда ауданының № 29 ауылында 1891 жылы туған, руы "Табын", ірі бай болған, сайлау құқынан айрылған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, қарақшыларға қатысқан, үйленген, 5 баласы бар.

**БЕКСЕЙІТОВ** Қият — Қызылорда ауданының № 39 ауылында 1888 жылы туған, руы "Шалтақ", ірі бай болған, сайлау құқынан айрылған, сауатсыз, партияда жоқ, малшы, үйленген, 5 баласы бар.

Қызылқұм қарақшыларының көтерілісі кезінде байларға экономикалық қысым жасалуына байланысты Тасболатов пен Бексейітов өздерінің кеңес өкіметіне тап ретінде қарсы болғандықтан Ағатай қарақшыларына барып қосылған.

Тасболатов пен Бексейітов Қызылқұмдағы қарақшыларды жоюға келген комотрядтармен ұрысқа белсенді түрде қатысқан, Тасболатовтың қолында винтовкасы болған, ол Ағатай ханның мергендерінің бірі ретінде комотрядқа қарсы соғысқан, осы ұрыста хан қаза тапқан. Қарақшылардың көтерілісі жойылғаннан кейін Тасболатов қашып, әр жерде тығылып жүрген. Ол Қызылорда ауданының № 29 ауылында ұсталған. Ал, Бексейітов комотрядтардың қолына түсіп, айдап әкеле жатқанда қашып кетіп тығылған. Ол Қызылорда ауданының № 30 ауылында ұсталған.

Тасболатов пен Бексейітов қызылқұмдағы Ағатай қарақшыларына қатысқан, Ағатай Қызылорда ауданының № 30 ауылынан шыққан бай болған, ол бұл ауылда 1929 жылы тығылып келген, кейін 1931 жылы Қызылқұмға "Текебайқұдық" деген жерде келіп, қарақшыларды ұйымдастырған.

Осы қылмыстары үшін Тасболатов Абдулла мен Бексейітов Қият Қызылорда аудандық-қалалық ПП ОГПУ бөлімшесі өкілінің 1931 жылғы 10 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақстандағы ОГПУ-дың сотсыз коллегиясының 1932 жылғы 28 наурыздағы қаулысымен — Тасболатов Абдулла, Бексейітов Қият — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған, мал-мүлкі конфискеленген.

Тасболатов пен Бексейітов 1932 жылдың 6 сәуірінде Ташкент қаласына Орта Азия ОГПУ-ның Еңбек түзету лагеріне айдалған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1996 жылғы 15 сәуірдегі қорытындысымен — Тасболатов Абдулла, Бексейітов Қият — Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## V

**КИЕВ** Раушан — бұрынғы Қазалы ауданының № 26 ауылы, кейінгі Қармақшы ауданының № 31 ауылында 1906 жылы туған, руы "Сарқасқа", орта шаруадан шыққан, сауатты, партияда жоқ, үйленген, сотталмаған.

**ТӨРЕМҰРАТОВ** Бижан — Қызылорда ауданының № 31 ауылы, Қармақшы ауданының № 7 ауылында 1913 жылы туған, руы "Қожагелді", әлеуметтік негізі бай, сауатты, партияда жоқ, сайлау-сайлану құқынан айрылған, үйленбеген.

**ЖОЛДЫБАЕВ** Нысанбай — Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының "Құрайлы" елді мекенінде 1882 жылы туған, руы "Қожагелді", ауқатты, сауатсыз, партияда жоқ, үйлі-жайлы, 6 баласы бар, бұрын сотталмаған, 1930 жылы Қарақұмдағы Пірмағамбет ханның, Досжан қарақшыларына қатысқан.

**ЕСІРКЕГЕНОВ** Берсүгір — Қармақшы ауданының № 13 ауылы, "Теренқазған"— деген жерде 1878 жылы туған, руы "Сарқасқа", бай болған, сайлау-сайлану құқынан айрылған, сауатсыз, партияда жоқ, үйлі-жайлы, әйелі және 4 баласы бар, РСФСР ҚК-ның 61 бабымен 2 жылға бас бостандығы еркінен айыруға және 5 жылға жер аударуға сотталған.

**ЕСІРКЕГЕНОВ** Төртбай — Қармақшы ауданының № 13 ауылы, "Толыбек қазған құдық" деген жерде 1883 жылы туған, руы "Сарықасқа", әлеуметтік негізі бай болған, сайлау-сайлану құқынан айрылған, сауатсыз, партияда жоқ, үйленген, әйелі және 5 баласы бар, РСФСР ҚК-ның 61 бабымен 2 жылға бас бостандығы еркінен айыруға және 5 жылға жер аударуға сотталған.

**НҰРТАЗАЕВ** Данияр — Қармақшы ауданының № 13 ауылы, "Теренқазған" деген жерде 1889 жылы туған, руы "Арғын", әлеуметтік тегі бай болған, сайлау-сайлану құқынан айрылған, сауатсыз, партияда жоқ, үйленген, әйелі, 4 баласы бар, РСФСР ҚК-ның 61 бабымен 2 жылға бас бостандық еркінен айыруға және 5 жылға жер аударуға сотталған.

Бұл адамдар 1931 жылғы тамыз айында Қармақшы ауданының "Жолқұдық" деген жерінде Қызылорда ауданының № 31 ауылының белсенді кедейі Бисембай Жолаевты ұстаған, Бисембайды № 31 ауылдық кеңес ауылдан қашқан байларды іздестіруге жіберген, оның жанына көмекші етіп Жолдыбаев Нысанбайды қосқан, бірақ Нысанбай Бисембайды алдап "Теренқазған" деген жерге апарып, аяқ-қолын байлап, Төремұратов Бижанды күзетке қойып, айдалаға тастап кеткен, өздері Нұртазаев Даниярдың ауылына барып мәжіліс құрып, Жолаев Бисембай кедей және белсенді ретінде Қарақұмда тұратын барлық байлардың қауіпті жауы, байларды және олардың Қарақұмда жасырып қойған мал-мүлкін кеңес өкіметіне тауып береді, сондықтан Жолаевтың басын құрту керек деп уәделесіп, түн мезгілінде Бисембайды арқанмен буындырып өлтіріп, денесін жерге көміп кеткен.

Осы қылмыстары үшін жоғарыда көрсетілген 6 адам Қызылорда аудандық ОГПУ бөлімінің 1931 жылғы қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 8 тармағымен қылмысқа тартылған.

Оңтүстік Қазақстан обл. Сотының 1932 жылғы 12 қыркүйектегі үкімімен — Киев Раушан, Жолдыбаев Нысанбай, Есіркегенов Берсүгір,

Есіркегенов Төртбай, Нұртазаев Данияр — әрқайсысы 10 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

Төремұратов Бижан Сотқа дейін түрмеде қайтыс болған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1997 жылғы 21 ақпандағы қорытындысымен — Киев Раушан, Жолдыбаев Нысанбай, Есіркегенов Берсүгір, Есіркегенов Төртбай, Нұртазаев Данияр — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## VI

**АЛТЫНБЕКОВ** Жылқайдар — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1887 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, ГПУ-да отырып шыққан, 4 баласы бар, беделді бай, болыс болған, топ ұйымдастырушы, жалшы ұстаған, саяси құқығынан айырылған;

**НҰРМАНОВ** Жанұзақ — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1904 жылы туған, малшы, шала сауатты, партияда жоқ, үйленген, сотты болмаған, беделді бай болған;

**НҰРМАНОВ** Молдахан — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1897 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, 3 баласы бар, сотты болмаған, беделді бай болған;

**НҰРМАНОВ** Өмірзақ — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1898 жылы туған, малшы, шала сауатты, партияда жоқ, 2 баласы бар, сотты болмаған, беделді бай болған;

**ЕРІМБЕТОВ** Сыздық — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1876 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, сотты болмаған, беделді бай болған, саяси құқығынан айырылған, малмүлкі конфискаланған, бірақ кейін қайтарылған;

**ПІРМАНОВ** Ахмет — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1899 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, үйленген, сотты болмаған, беделді бай болған;

**МАЛДЫБАЕВ** Смайыл — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1886 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, үйленген, сотты болмаған, саяси құқығынан айырылған, беделді бай болған;

**ДҮЙСЕНОВ** Омар — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1867 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, екі әйелі болған, 3 баласы бар, сотты болмаған, бай, молда, атқа мінер болған;

**ҮСІМОВ** Әбдіқадыр — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1893 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, 2 баласы бар, сотты болмаған, беделді бай болған;

**ОМАРОВ** Бәкір — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1895 жылы туан, малшы, сауатты, партияда жоқ, бір баласы бар, сотты болмаған, беделді бай болған;

**ЖИЕНӘЛИЕВ** Алтыбас — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1877 жылы туған, малшы-диханшы, сауатсыз, партияда жоқ, 2 әйелі болған, 6 баласы бар, сотты болмаған;

**ДІЛМАНОВ** Бекет — Қызылорда ауданының № 4 ауылында 1875 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, 2 әйелі болған, сотты болмаған;

**КҮЛЕТОВ** Байжан — Қызылорда ауданының № 4 ауылында 1881 жылы туған, малшы, сауатсыз, партияда жоқ, 1 баласы бар, сотты болмаған;

**АСҚАРОВ** Бәкір — Қызылорда ауданының № 3 ауылында 1907 жылы туған, егінші, шала сауатты, партияда жоқ, үйленбеген, сотты болмаған, бай болған.

Айыптау қорытындысы бойынша: жоғарыда аталған байлар тобы 1930 жылдың қаңтар, ақпан айларында ауыл шаруашылығын коллективтендіруге қарсы күшті үгіт жүргізіп, колхозға қарсы қозғалыс ұйымдастырған. Бұл әрекеттері үшін Алтынбеков Жылқайдар, Алтынбеков Мәді, Палымбетов Қайназар, Молдабеков Смайыл, Ерімбетов Сыздық ГПУ өкілі арқылы тұтқынға алынып, қамауда 20 күннен отырған. Көктемгі егіс науқанын бұзу және Қызылқұмға жаппай көшіруге бағытталған бұлардың үгіт жұмыстары тоқтамай, қайта күшейе түскен.

1930 жылғы желтоқсан айында жүргізіліп жатқан ет дайындау жұмысына, жалпы Кеңес өкіметі мен партияның шараларына қарсы белсенді түрде кедергі жасау мақсатында № 1 ауылдың осы байлары өздерінің барлық мал-мүліктерімен Қызылқұмға көшіп кеткен. Олар Қызылқұмда шоғырланып, халықты көшіру үшін өздерінің ықпалын күшейте түседі, соның нәтижесінде Қызылорда, Шиелі аудандарының 50 үйі Қызылқұмға көшіп барған.

№ 1 ауылдық кеңестің және кедейлердің қаулысымен 5 адамнан коммиссия құрып, Қызылқұмға көшіп кеткен байлардан мал дайындауға жіберген. Ауылда қалған бай Алтынбеков Жылқайдар «Орданы іздеймін» деген сылтаумен Қызылқұмдағы байларға барып, ет дайындауға бригада келе жатыр деп хабар берген. 1931 жылғы 5 ақпанда байлардың 11 шаруашылығы, оның ішінде Алтынбеков Жылқайдар да бар, ет дайындау жоспарын орындауға үзілді-кесілді қарсы тұрып, барған өкілдерді ұрып-соғып, тұтқынға алып, оларды бір жарым тәулік қамауда, аштан ұстаған, олардың мылтықтарын, түйелерін және азықтүліктерін тартып алған. Байлар, әсіресе Алтынбеков Жылқайдар, Үсімов Әбдіқадыр қолға түскен кетпен, ағаш, тағы басқаларымен қаруланып, комотряд өкілдеріне қарсы тұрып, аспанға атылған мылтық даусына қарамастан, Алтынбеков Жылқайдар отряд командирі Шеменовты ұрып жығу үшін ұмтылған.

Міне осы әрекеттері үшін жоғарыда аттары аталған байлар ОГПУ Сенімді өкілдігінің қызыорда ауданындағы өкілінің 1931 жылғы 5 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 8 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ Сенімді өкілдігі қызылорда ауданындағы өкілінің 1931 жылғы 25 наурыздағы қаулысымен: айыпкерлер Жиенәлиев Алтынбастың, Ділманоы Бекеттің, Күлетов Байжанның алдын-ала тергеу

барысында олардың РСФСР ҚК 58 бабының 8 тармағына сәйкес айыптылығы мойындарына қойылмағандықтан, істері қысқартылып, қамаудан босатылған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 16 мамырдағы қаулысымен Алтынбеков Жылқайдар — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, мал-мүлкін конфискалауға сотталған. Үкім сол жылғы 29 мамырда Қызылорда қаласында орындалған.

Осы қаулымен: Нұржанов Жанұзақ — 10 жылға концлагерге, Нұрманов Молдахан, Ерімбетов Сыздық, Үсімов Әбдіқадыр, Пірманов Ахмет, Асқаров Бәкір, Молдабаев Смайыл, Омаров Бәкір, Нұрманов Өмірзақ — әрқайсысы 5 жылдан концлагерге сотталған. Ал Дүйсенов Омар — Қазақстан ішінде 5 жылға жер аударуға сотталған.

Бұлардың барлығының да мал-мүліктерін конфискалауға үйғарылған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы және 17 тамыздағы қорытындылары бойынша — Алтынбеков Жылқайдар, Нұрманов Өмірзақ, Омаров Бәкір, Молдабеков Смайыл, Дүйсенов Омар, Асқаров Бәкір, Пірманов Ахмет, Үсімов Әбдіқадыр, Ерімбетов Сыздық, Нұрманов Молдахан, Нұрманов Жанұзақ — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## VII

**ӘЙТІЛЕУОВ** Рахматулла — Қызылорда ауданының № 3 ауылы, «Қара жантақ» деген жерде 1882 жылы туған, молда, қажыда оқыған, арабша сауатты, партияда жоқ, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған, екі әйел алған, от басында 4 жаны бар, дауыс беру құқығынан айырылған, «Қара жантақта» үлкен мешіті болған, бұрын сотты болмаған;

**СМАЙЫЛОВ** Жүніс — Қызылорда ауданы, № 3 ауыл, «Жетікөл» жерінде 1897 жылы туған, датқаның баласы, халық арасында беделді болған, сауатты, партияда жоқ, дауыс беру құқығынан айырылған, от басында 4 жаны бар, бұрын сотты болмаған Әйтілеуов Рахматулла мен Смайылов Жүніс — кеңес өкіметінің қас жауы болған, шаруашылық-саяси науқандар жүріп жатқан кезде олар халық арасында үнемі астық, ет дайындау шараларын бұзып, өкімет саясатына қарсы бағытталған үгіт жүргізіп келген. Сонымен қатар олар халық арасында жуық арада кеңес өкіметінің құлайтыны жайлы провокациялық лақаптар таратқан. Бұлардың халық арасында беделдерінің күшті болғандығы арқасында олардың үгітінің әсерлі болғандығынан жүргізіліп жатқан шаралардың барысында кері әсері тиген.

1930 жылы 27 қыркүйекте Әйтілеуов Рахматулла колхозшыларды мемлекетке астық өткізбеуге үгіттеп: «большевиктер аштан өле берсін» деп контрреволюциялық сөз айтқан. 1931 жылғы 8 ақпанда Әйтілеуов өз ауылының тұрғындары арасында: «жуық арада соғыс болады, большевиктерді құртады, бүгін болмаса ертең большевиктерге өлім келеді, ескі өкімет орнайды, сондықтан мен ешкімнен қорықпаймын, жаңа мешіт саламын, сөйтіп қарнымды сипап жатамын. Өкімет өзіміздікі болады, сондықтан қорықпаңдар. Бұл өкімет емес, ол талаушы-тонаушы өкімет, халықтың барлық малын, астығын тағы басқа заттарын тартып алып, өздерін түрмеге қамайды»— деп сөз айтқан.

Әйтілеуов түрмеге қамалар алдында ауылдық кеңестің төрағасына «сендердің сайрандаулар ыңа аз уақыт қалды, жақын арада сендердің өкіметтерің құриды, большевиктерді қаңғырған ит құсатып қырып жояды, сөйтіп ескі өкімет орнайды, ал бұл тонаушылардың барлығын атып жібереді»— деген. 1931 жылдың 15 ақпанында Әйтілеуов өзінің мешітінің жанында діни мейрамның құрметіне «көкпар» ұйымдастырған, оған көп халық жиналған. Әйтілеуов жиналған халыққа қарап: «жақын арада большевиктердің барлығына өлім келеді, жаңа өкімет орнайды, мен тұрамын, немесе өкімет тұрады»— деген.

Ал Смайылов Жүніске келсек, ол 1930 жылдың қыркүйек айында Құдайназаров деген кедей шаруамен әңгімелесіп тұрып: «бұл үкімет пе, бұл — басмашы-тонаушы, біздің ең ақырғы астығымызды тартып алып, салықты күштеп төлеттіреді, өткен кезеңде бұлай болып па еді? Менің әкем болыс болып тұрғанда халық жақсы, тыныш тұрып еді. Ал қазір барлығыңызды колхозға кіруге зорлауда, өйткені халықтың малын жинап алып, кейін бізді аштан қатырғысы келеді»— деген. 1931 жылдың 15 ақпанында Смайылов Жүніс өз ауылының тұрғындары арасында кеңес өкіметінің жақын арада құлайтыны жайлы провокациялық лақаптар таратқан және: «мен Сұлутөбе станциясында 12 қызыл әскерді көрдім, олар жаңа басталған соғысқа байланысты көмек сұраған. Жақын арада большевиктер құриды, жаңа өкімет орнайды, ал мынау тонаушылардың барлығын құртады» деген. Смайылов Жүніс Тышқанбаев деген кедей шаруаға: «жақын арада ескіше тұратын боламыз, ескі өкімет орнайды, кімнің малмүлкі конфискаланса, ол қайтарылып беріледі» деген. Сол жылғы 15 ақпанда Смайылов өз ауылдастары арасында: «осы большевиктерді тез құртсақ екен. Менің әкем болыс болып тұрғанда тыныштық заман болып еді, ал қазір үкімет тонаушы болып, халықтың барлық астығы мен малын алып, түрлі науқандарды жүргізіп жатыр, олар барлығын тонап болды, енді олардың өмірі қысқа» деп сөз айтқан. 1931 жылдың 6 қаңтарында ет дайындау жоспарын жүргізуге байланысты Смайылов өз ауылдастары арасында: «бұл ет Қызыл Армия үшін ғана жиналып жатыр, сондықтан ет тапсырмау керек. Мен барлық азаматтарды ет тапсырмауға үгіттеймін. Мен ғалым, данышпан адаммын, большевиктердің қашан құритынын білемін». Диханшы Тышқанбаевқа қарап Смайылов: «сен ет тапсырма жинауды солар жүргізіп жатыр, өйткені олар бүгін болмаса ертең құритынын біледі, ет дайындауды олар сол үшін жүргізіп жатыр» деген. Смайылов өз ауылдастарының арасында: «жақын арада барлық

большевиктердің басы-мойыны жұлынады, екі өкімет орнайды, мен ханның-датқаның баласы болғандықтан әкем құсап мен де болыс болып, елді басқарамын» деген.

Осы қылмыстары үшін Әйтілеуов Рахматулла мен Смайылов Жүніс Қызылорда аудандық ОГПУ бөлімшесінің 1931 жылғы 26 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 1931 жылғы 7 наурызда аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Шымкент ОГПУ оперсекторының бастығы бекіткен. Тергеу ісін айыптау қорытындысымен қоса Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберген.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 2 маусымдағы қаулысымен: Әйтілеуов Рахматулла мен Смайылов Жүніс — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған, мал-мүлкі конфискаланған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 7 тамыздағы қорытындысымен Әйтілеуов Рахметулла мен Смайылов Жүніс СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## VIII

**БАЙТЫҒҰЛОВ** Отарбай — Қызылорда ауданының № 16 ауылында 1882 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда малшы болған;

**БОХАМБАЕВ** Емберген — № 16 ауылда 1877 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда малшы болған;

**ҚЫСТАУБАЕВ** Күлеш — № 16 ауылда 1899 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда малшы болған;

Бұл 3 азаматқа да ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатына қарсы шықты, ұжымдасудан жеке малдарын жасырды, Қызылқұмдағы бандылар көтерілісіне тілеулестік білдірді деген айыптар тағылып, қамауға алынған, РСФСР ҚК 58-2 бабымен қылмыстық іс қозғалған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1931 жылғы 9 қазандағы қаулысымен, үшеуі де 5 жылдан түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 30 тамыздағы қорытындысы бойынша, ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде, үшеуі де толық ақталған.

## IX

**ІЗТІЛЕУОВ** Жүсіп — Қызылорда қаласында 1886 жылы туған, 1920 жылдан БКП(б) мүшесі, теміржол депосында жұмысшы, Қызылорда қаласындағы қыш зауытының маңында тұрған;

**ТІЛЕУЛИЕВ** Жаппас — Қызылорда ауданының № 52 ауылында 1885 жылы туған, 1920 жылдан БКП(б) мүшесі, колхоз басқармасының төрағасы болған, 1931 жылы 15 қарашада астық дайындау науқанын бұзғаны үшін 1,5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған;

**ТҰЯҚБАЕВ** Қашақбай — Қызылорда ауданының № 52 ауылында 1897 жылы туған, 1920 жылдан БКП(б) мүшесі, партия ячейкасының хатшысы болған, 1931 жылғы 15 қарашада астық дайындау жоспарын бұзғаны үшін 1,5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған;

**ТҮЛЕКБАЕВ** Егембай — Қызылорда ауданының № 52 ауылында 1893 жылы туған, колхоз басқармасының төрағасы, 1931 жылғы 15 қарашада астық дайындау жоспарын бұзғаны үшін 1,5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

Бұл 4 азамат 1931 жылғы 15 қарашада астық дайындау жоспарын бұзғаны үшін деген айыппен әрқайсысы 1,5 жылдан бас бостандығы еркінен айыруға сотталып, айып мерзімін өтеуге Қызылорда түрмесіне жіберіледі, бірақ сол жылғы 27 қарашада аудандық прокурор бұлардан тілхат алып, істі бақылау ретінде қарап болғанша қамаудан босатып жібереді. Осыдан кейін 1931 жылғы 30 қарашада Жүсіп Ізтілеуовтың үйінде Жаппас Тілеулиев, Қашақбай Тұяқбаев және Егембай Түлекбаевтар жиналып, мәжіліс жасап астық дайындау науқанын бұзу жөнінде мәселе қарап, ауыл тұрғындарына арнайы хат дайындайды, онда астықты жасыру, астық дайындау жоспарын орындамау ұсынысы жазылған,— деп бұларға айып тағылып, ОГПУ Қызылорда аудандық бөлімінің 1931 жылғы 30 қарашадағы қаулысымен Ж. Ізтілеуов, Ж. Тілеулиев, Қ. Тұяқбаев, Е. Түлекбаев тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58-10 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

ОГПУ-дың Оперсекторының Шымкенттегі өкілінің 1932 жылғы 4 ақпандағы қаулысымен айыпкерлер Ж. Ізтілеуов, Қ. Тұяқбаев, Е. Түлекбаев, Ж. Тілеулиев тұтқыннан босатылып, іс қысқартылған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 24 сәуірдегі қорытындысы бойынша, бұл 4 азамат СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## X

**ДОБАЕВ** Бердібек — Батпаққара ауданының (бұрынғы Қызылорда ауданымен шекаралас аймақтардың бірі) № 15 ауылы, Қорғасын деген жерде 1855 жылы туған, бай, «Добей» цинк руднигінің иемденушісі (қазір бұл рудник Қарсақбай комбинатының құрамына енген), оның қарамағында 500 жұмысшы болған, патша үкіметі тұсында 5 жыл болыс болған, партияда жоқ, сауатты, жанұясында 6 адамы бар, мал-мүлкі тәркіленген.

**БЕРДІБЕКОВ** Көрім — Батпаққара ауданы, № 15 ауыл, Қорғасын деген жерде 1896 жылы туған, Добаев Бердібектің баласы, бай сауатты, партияда жоқ, патша үкіметі тұсында 2 жыл болыс болған, сотты болмаған.

**ЖАҚЫПОВ** Нұрмағамбет — Батпаққара ауданы, № 10 ауыл, Көртоғай деген жерде 1910 жылы ту-

ған, әкесі патша тұсында болыс болған, бай, шала сауатты, партияда жоқ, үйленбеген, жан ұясында 4 адамы бар, сотты болмаған.

Айыптау қорытындысы бойынша: бұлар 1931 жылы көктемде Батпаққара ауданының территориясындағы өзге де байлармен бірігіп, Кеңес үкіметі жақын арада құлайды, соғыс болады, сондықтан колхозға кірудің малды өткізудің қажеті жоқ деп провокациялық лақап таратқан. Мұның алдында 1929 жылғы Батпаққара ауданында болған қараша көтерілісі кезінде Добаев Бердібек өзінің баласы Бердібеков Кәріммен Арысқұм деген жерге (бұл — қазіргі Сырдария ауданының территориясында) көшіп келіп, ол жерде Батпаққараны көтерілісшілердің басып алғанын мысалға келтіріп, барлық жерде Кеңес өкіметі құлайды деп провокациялық лақап таратқан. Ол өзінің осындай әрекетімен басқа аудандағы байлардың провокациялық әрекетін белсенді түрде қоздырмақшы болған. Осындай провокациялық әрекеті үшін Добаев өзінің баласымен бірге ұсталып, кейіннен Қостанайда босатылған. Қостанайда түтқында жатып ол өзінің дұшпандық әрекетін тоқтатпай, Ыбырайымов Әбдірейім арқылы өзінің сыбайластарына «бүгін-ертең Кеңес өкіметі құлайды, өйткені жан-жақтың бәрінде соғыс жүріп жатыр» деп хат жазған.

1931 жылы түтқыннан босанып келгеннен кейін Добаев өзінің контрреволюциялық әрекетін тоқтатпаған, өзінің баласымен бірігіп, қайта оны күшейте түскен. Өздерінің түтқыннан босағандарын негізге алып, былай деген: «бізді босатқанының себебі бүгін-ертең соғыс болады, ГПУ қарақшыларды ұстаудан қорықты, Петроградты және басқа қалаларды ақтар алып қойды. Шамамен мамыр айының аяғында Кеңес өкіметі болмайды». Өзінің ауылында жалпы жиында шығып сөйлеп: «біздей байлардың күні туып келе жатыр, сонда сендердей кедейлерді құтқарып аламыз» деген. Әкесі мен баласы өздерінің малдарын сатып, таратып, үкіметке төленетін міндетті салықтарын кедейлердің мойындарына салып, оларға малдарынды құртындар,— деп үгіт жүргізген.

Ал Жақыпов Нұрмағамбет — 1929 жылы Батпаққара ауданындағы қараша айындағы көтеріліске өзінің туысы Әбдіқалықпен бірге қатысқан, ол 50-60 қарақшылар отрядын басқарған. Сол үшін бұлар ұсталып, Әбдіқалық сотталған, ал Жақыпов қылмыс мойнына қойылмағандықтан, босатылған. Түтқыннан босанып ауылына келгеннен кейін ол өзінің барлық малын сатып, құртқан және өзінің контрреволюциялық әрекетін тоқтатпаған. Мәселен 1931 жылғы наурыз айында мал дайындау науқанын бұзуға бағытталған контрреволюциялық үгіт таратқан. 1931 жылғы ақпан айында әскер жасындағылар жиынында оларды әскерге бармай қашуға шақырып, үгіт жүргізген. 15 және 10 ауылдың кедейлері және активтері өздерінің жалпы жиналыстарында бұларды ауылдан қуу жайлы шешімдер алған. Міне осылар үшін Батпаққара аудандық ОГПУ бөлімі Сенімді өкілдігінің 1931 жылғы 16 маусымдағы қаулысымен Добаев Бердібек, Бердібеков Кәрім, Жақыпов Нұрмағамбет түтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен қылмыстық жауапқа тартылған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1932 жылғы 17 ақпандағы қаулысымен: Добаев Бердібек — 3 жыл жер аударуға, Жақыпов Нұрмағамбет — 3 жыл, Бердібеков Кәрім — 5 жыл бас бостандығы еркінен айыруға сотталған. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1997 жылғы 28 қазандағы қорытындысымен Добаев Бердібек, Бердібеков Кәрім, Жақыпов Нұрмағамбет — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## 1932 жылы

### I

**ЖАРМАҒАМБЕТОВ** Сүтемген — Қызылорда ауданының № 34 ауылында (қазіргі Абай атындағы кеңшарда) 1897 жылы туған, жаппас руынан шыққан беделді адам, сауатты, партияда жоқ, үйлі-жайлы, сотты болған, қамауға алғанға дейін «Ортақшыл» колхозының төрағасы болып істеген;

**ДӘРІБАЕВ** Мүтән — Қызылорда ауданының № 40 ауылында 1909 жылы туған, кейін № 34 ауылда тұрған, табын руынан шыққан, сауатты, БК(б)П мүшесі, үйленбеген, № 34 ауылдық кеңестің төрағасы болып істеген;

**НЫСАНБАЕВ** Сұлтан — № 34 ауылда 1912 жылы туған, кейін Өзбекстанның Қызыл Қия деген жерінде тұрған, Көшей руынан, байдың баласы, сауатты, үйленбеген, сотты болмаған. Айыптау қорытындысы бойынша: Қызылорда ауданының № 34 ауылында «Ортақшыл» колхозында Жармағамбетов Сүтемген мен Дәрібаев Мүтән басқарған байлар тобы өмір сүрген, олар ауыл кедейлеріне, әсіресе байлар тобына қарсы тұрған кедейлерге міндетті салық салып қанаған. Мысалы кедей шаруа Бисариев Қайып жармағамбетов пен Дәрібаевтың ауылдағы заңсыз әрекеттері жайлы газетке сын мақала жазғаны үшін міндетті салық салған. Кедей шаруалар Ұзақов Жанахмет және Отарбаев Жағыпар жергілікті өкімет органына олардың колхоз мүлкін талан-таражға салып, ішіп-жеп қойғандары жайлы хабарлағаны үшін оларды қамауға алған.

Сонымен қатар Жармағамбетов пен Дәрібаев колхоздың малдары мен тұқымын сатып жіберген: олар колхоздың 30 жылқысын, 25 түйесін сатып, қалғандарын өздері сойып жеген. Тамыз айында олар мемлекетке өткізілетін 200 пұт бидайды талан-таражға салып жеп қойған, осындай бидайды, 90 пұт тұқымдық тарыны байлар тобы бөлісіп алған.

Дәрібаев Мүтән топтың ықпалына ішімділік арқасында тез түскен. Сол жылғы 7 қыркүйекте № 34 ауылдың жалпы жиналысының атынан протокол жазып, онда осы ауылдың азаматы Жармағамбетов «Ортақшыл» колхозының төрағасы болып сайланды деп көрсеткен, ал ол осы уақытта

қалада колхоз дүкенінің меңгерушісі болған. Осы протоколдың көшірмесін бекітуге аудандық колхоз одағына берген. Шындығына келгенде бұл протоколды Дәрібаев ауыл тұрғындары атынан бір өзі ғана жазған. Ауылдың тұрғындары мұндай қаулы алмаған, керісінше ауыл тұрғындары оған қарсы болған, өйткені 1931 жылы Жармағамбетов ауылда жұмыс істеп, топ ұйымдастырумен айналысып, ауылды тоздырған. Дәрібаев протоколды аудандық колхоз одағына бергеннен кейін Жармағамбетов колхоз төрағалығына бекіген. Ауылға келгеннен кейін Дәрібаев аудан бізге колхоз төрағасы етіп Жармағамбетовты жіберді деп ауылға жайған. Ауыл тұрғындары жұмысқа аудан жібергеннен кейін қарсылық білдірмеген. Протокол кейіннен толтырылған, ал бұрынғы аудандық колхоз одағына тапсырған протоколды Жармағамбетовпен бірге отырып қайтадан жазған. Жармағамбетов колхоздың 790 сом ақшасын жеп қойған.

Байлар тобы Жармағамбетовпен, Дәрібаевпен және Нысанбаевпен бірлесіп ауыл тұрғындарын Өзбекстанның «Қызыл Қия» деген жеріне көшуге үгіт жүргізген (ол жаққа мал-мүлкі теркіленген байлар ғана көшкен). Сол кездегі ауылдық кеңестің төрағасы Дәрібаев көшушілерге анықтама (справка) беріп көмектескен. Көшушілерді тоқтату үшін ешқандай шара көрмеген, керісінше олардың көшуіне көмектескен. Өзбекстанның «Қызыл қия» деген жеріне ауылдан 50 үй көшіп кеткен. Дәрібаевтың үйінен мөр, штампы басылған 24 таза бланка шыққан, оны көшушілерге толтырып беріп отырған. 200 метр матаны жақын-жуығына таратып берген.

1931 жылы Жармағамбетов ауыл шаруашылық салығына көп берешегі бар, қашып кеткен байларға бару үшін Қарақұмға, Қостанайға командировкаға жіберілген. Байлардан берешек салықтарын жинаудың орнына Жармағамбетов оларға кедей деп анықтама берген, олардан пара алған. Сөйтіп Жармағамбетов ауылға салық жинамаған күйде дымсыздан-дымсыз қайтып оралған. Ауылда шөп жинау науқанына зиян келтіріп, шөп дайындаудан колхозшыларды алып, 4 күнге дейін жұмысқа шықпаған. Соның салдарынан шөп дайындау жоспары тек 55 процент ғана орындалған. Нысанбаев Сұлтан (конфискаланған байдың баласы) — ауылдағы топтың байланысшысы-тыңшысы болған, Қызылқұмға қашып кеткен байлармен байланыс жасап тұрған, солар арқылы Жармағамбетов Қызылқиядағы байларға анықтама жіберіп тұрған. Нысанбаев барлық жаңалықты Қызылордадан Қызыл кияға, ол жақтан бұл жаққа жеткізіп тұрған байланысшы болған. Колхоз экономия жағынан құлдыраған, колхозда астық дайындау жоспары жоне партия мен үкіметтің ауылда жүргізіп отырған барлық шаралары бұзылған. Байлар тобының осындай барлық әрекеттерінің салдарынан «ортақшыл» колхозы экономикалық жағынан кедейленіп, колхоздың барлық тұрғындары Өзбекстанға көшіп кеткен, ауылда бірде-бір мал қалмаған.

Қызылорда ОГПУ қалалық-аудандық бөлімінің 1934 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен Жармағамбетов Сүтемген, Дәрібаев Мүтән, Нысанбаев Сұлтан тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен, 118, 120 баптарымен және ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен: Жармағамбетов Сүтемген — 8 жылға концлагерьге, Дәрібаев Мүтән — 3 жылға концлагерьге сотталған.

Нысанбаев Сұлтан — қамауда отырған күндерін есептеп, тұтқыннан босатқан.

Жармағамбетов Сүтемген бұрынғы № 34 ауылдық кеңестің және колхоздың төрағасы болып жұмыс істеген, сотталған мерзімін толық өтемей, 5 жыл 6 айда босанып, 1938 жылы желтоқсан айында Улан-Удэ қаласына қарасты Бомлаг НКВД-дан босанып, қайтып келген. Ол өзін айыптымын деп есептемеген, заңсыз қастас адамдардың істеуімен болған жұмыс деп есептеген. Лагерьден қайтып келгеннен кейін Қараөзек қаракөл совхозына қойшы болып орналасқан. Жармағамбетов Сүтемген — 1963 жылғы наурызда IX шақырылған хылық депутаттары облыстық кеңесінің депутаты болып сайланған облыстық кеңестің 1964 жылғы 16 қаңтардағы № 09-96 анықтамасы істе тұр).

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1964 жылғы 8 ақпандағы қаулысымен Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 13 шілдедегі С. Жармағамбетов, М. Дәрібаев, С. Нысанбаев жөніндегі қаулысы бұзылып, оларға тағылған айыптаулардың анықталмағаны үшін іс өндірістен қысқартылған.

Облыстық прокурордың бұл жөніндегі наразылығы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлімінің 1995 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысы бойынша Жармағамбетов Сүтемген, Дәрібаев Мүтән, Нысанбаев Сұлтан — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## II

**ЕРЕЖЕПОВ** Қазанбай — Қызылорда ауданының № 50 ауылы, «Шыдбөгет» колхозы территориясында 1896 жылы туған, бай баласы, колхозда бригадир болып істеп жүргенде қамауға алынған;
**ИСАБАЕВ** Қарабас — № 50 ауыл, «Шымбөгет» колхозында 1899 жылы туған, БКП(б) мүшесі, осы ауылдағы БКП(б) ячейкасының хатшысы;
**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ** Айтбай — № 50 ауыл, «Шымбөгет» колхозында 1895 жылы туған, сүт фермасының меңгерушісі;
**ҚАЛДЫБАЕВ** Бегман — № 50 ауылда 1895 жылы туған, БКП(б) мүшесі.

Бұл 4 азамат Қызылорда аудандық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы 27 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, оларға РСФСР ҚК 58 бабының 9, 10, 11, 12, 13 және 14 тармақтарымен қыл-

мыстық іс қозғалған. Мәселен Ережепов Қазанбай мен Қалдыбаев Бегманға: колхозда зиянкестік әрекеттермен айналысқан, колхозшылар арасында оларды колхозда жұмыс істемеуге, колхоздан шығуға үгіттеген, колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салған деп, Исабаев Қарабасқа: ячейка хатшысы болып тұрғанда саналы түрде байлардың зиянкестік тобына қосылған, олармен бірлесіп колхоздың астығын, мал-мүлкін талан-таражға салған, сөйтіп егіс жоспарын, астық дайындау науқанын бұзған, колхоз қаржысын талан-таражға салғанын біле тұра, ешқандай шара қолданбаған деп, Құдайбергенов Айтбайға: байлардың тобына біле тұра қосылған, колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салуға қатысқан деп айып таққан.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 5 қаңтардағы қаулысымен: Ережепов Қазанбай, Қалдыбаев Бегман қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға бұйырылып, бұйрық ертеңіне, 6 ақпанда түнгі сағат 24-те орындалған. Исабаев Қарабас, Құдайбергенов Айтбай — әрқайсысы 10 жылдан концлагерьге сотталған. қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысы бойынша, ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде, төртеуі де толық ақталған.

### III

**ӘЛЖАНОВ** Сыздық — Қызылорда ауданының № 5 ауылында 1875 жылы туған, ірі байдың, болыстың баласы, өзі де бай, 2 жыл болыс болған. 1919 жылдан 1931 жылға дейін БКП(б) мүшесі, партия ячейкасының хатшысы. Байлармен байланысы және партия мен үкіметтің директивасын орындамағаны үшін партия қатарынан шығарылған. Директиваны орындамағаны, таптық линияны бұрмалағаны үшін 6 айға еріксіз жұмысқа сотталған, шала сауатты, армияда болмаған. Балалары — Құлтай, Шертай, Райымбай, Темірбек.

**ТАУБАЕВ** Досжан — Қызылорда ауданының № 5 ауылында 1863 жылы туған, кейін Қызылорда қаласында тұрған, ауыл байы, қалада саудамен айналысқан, жалшы ұстаған, 1931 жылы астық пен ет жөніндегі міндетті салық салынған, оны орындамай, қашып кеткен. Колхоз мүшесі, партияда жоқ, шала сауатты, армияда болмаған. Әйелі — Сартун, балалары — Нұрғали, Серікбай.

Айыптау қорытындысы бойынша: бұлар ауылда Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген және колхозда жүріп барлық айла-шарғысын пайдаланып, колхозды құлатуға тырысқан. Мәселен Әлжанов шілде айында барлық колхозшыларды атызға барып пісіп тұрған арнаның басын орып алуға үгіттеп былай деген: «бұл үшін біздерге ешнәрсе етпейді, оған колхоз төрағасы мен ауылдық кеңес төрағасы жауап береді, сендер ол екеуі не айтса да тыңдамаңдар, мені тыңдаңдар, сендерді мен жамандыққа жібермеймін». Соның салдарынан егілген 40 пұт арпадан колхоз 12 пұт ғана арпа алған. Колхозшыларды астық қорлауға үгіттеген, астық ұрламасаңдар аштан өлесіңдер, өкімет бәрі бір бәрін жинап алады деген. Астық мөлшерін көбейткенге дейін жұмысқа шықпауға үгіттеген. Осындай үгіт және астықты ұрлау астық дайындау ісіне зиянын тигізген.

1932 жылы колхоз жылқысына бақташы болып жұмысқа кірген, жұмыс күні ішінде 6 құлын өлген, биелерді өзі сауып, сүтін ішкен, ал құлындарды емізбеген, бір биені етке сойып жеген. 1926-1927 жылдары БКП(б) мүшесі бола тұра, рулық топтарды басқарған. 1931 жылы БКП(б) ячейкасының хатшысы болып тұрған кезінде байлармен тығыз байланыс жасаған, солардың айтқанын істеген, соның салдарынан партия мен үкіметтің қоғамдық-саяси науқаны орындалмаған.

Таубаев Досжан үгітті Әлжановпен бірлесіп жүргізген, ол колхозшыларға: «бейшара колхозшылар, жұмысты тегін, рахмет үшін ғана істеп жүрсіңдер, аштан өлесіңдер ғой. Большевиктер ешкімге дамыл бермейді, кедей-шаруаның барын тартып алады, ал шаруа барлық уақытта аш қалады, тіпті оңбағандар өзінің мал-мүлкіне егелік жасауға мүмкіндік бермейді» деген.

Таубаев қалада тұрғанда да келген колхозшыларға: «большевиктерді шетел буржуазиясы жеңеді» деген. Тамыз айында Таубаев колхоздың бір жылқысын тығып, сойып жеген.

Айыпкер ретінде тергеу жүргізілгенде олар өздерін айыптымыз деп санамаған.

ОГПУ Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1932 жылғы 20 тамыздағы қаулысымен Әлжанов Сыздық пен Таубаев Досжан тұтқынға алынып, Әлжанов Сыздыққа — РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен және 79 бабымен, Таубаев Досжанға — РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы және 166 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

(Істе бұл екеуінің сотталғаны жайлы ешбір құжат жоқ).

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының осы іс жөніндегі қорытындысы бойынша, Әлжанов Сыздық пен Таубаев Досжан РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен жауапқа жазықсыз тартылған деп табылып, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

## 1933 жылы

### I

**СМАЙЫЛОВ** Мұсабек — Сырдария ауданының Сұлутөбе селосында 1909 жылы туан, қамауға алғанға дейін Тереңөзек ауданында тұрған;

**ӘЙТІМОВ** Әлмахан — Қызылорда ауданының № 58 ауылында 1900 жылы туған, қамауға алғанға дейін сол ауылда тұрған.

Бұл 2 азаматқа: колхоз құрылысына қарсы шықты деген айып тағылып, қамауға алынған, РСФСР ҚК 58-2 бабымен қылмыстық іс қозғалған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 қаңтардағы қаулысымен: Смайылов Мұсабек — 5 жыл, Әйтімов Әлмахан — 3 жыл түрме жазасына сотталған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1995 жылғы 7 желтоқсандағы қорытындысымен, Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде, бұл екі азамат толық ақталған.

## II

**ЕЛІКБАЕВ** Қайырбек — Қызылорда ауданының № 35 ауылында 1901 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Жаңа өріс» колхозынының төрағасы болған;
**АЛДАМЖАРОВ** Сәпен — № 35 ауылда 1905 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Жаңа қоныс» колхозында колхозшы болған;
**ЫБЫРАЕВ** Нұрман — № 35 ауылда 1894 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Жаңа қоныс» колхозында колхозшы болған;
**ТӘШІМБЕТОВ** Алдамжар — № 35 ауылда 1870 жылы туған, қамауға алғанға дейін «Жаңа қоныс» колхозында колхозшы болған;
Бұл 4 азаматқа колхоз құрылысына қарсы әрекеттер жасады, колхоз мал-мүлкін талан-таражға салды деген айыптар тағылып, қамауға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының белгілі тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен: Елікбаев Қайырбек — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, Алдамжаров Сәкен, Ыбыраев Нұрман — әрқайсысы 10 жылдан, Тәшімбетов Алдамжар — 3 жыл түрме жазасына сотталған.
Қызылорда облыстық прокурорының 1989 жылғы 6 шілдедегі қорытындысы бойынша, ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде, бұл төрт азамат толық ақталған.

## III

**БЕРДІҚОЖАЕВ** Мәжит — Қызылорда ауданы, № 6 ауылда (бұрынғы 11 ауылда) 1890 жылы туған, ірі байдың от басынан шыққан, әкесі Бердіқожа аудандағы атақты ірі бай болған, өзі де бай, жалшы ұстаған, мал-мүлкі тәркіленіп, 5 жылға сотталған. Осыған дейін 1928 жылы тәркілеуге түспес үшін барлық малын құртқан Керенскийдің уақытша үкімет тұсында уақытша округтік Кеңес төрағасының орынбасары, одан кейін болыс болған, Алаш-ордашылармен тығыз байланыс жасаған. Мәжит Келес ауданының № 3 мақта зауытының жанындағы түйекештер артелінде шаруашылық меңгерушісі (завхоз) болып жұмыс істеген, 1919 жылдан 1921 жылға дейін БКП(б) мүшесі. Партия қатарынан өздігінше шығып қалған. Шала сауатты, үйлі-жайлы, балалары — Сапарбек, Мұсылманбек, Райда;
**САНДЫҚБАЕВ** Шайхы — № 26 (бұрынғы 33) ауылда, «Жаңатұрмыс» колхозында 1895 жылы туған, ірі байдың отбасынан шыққан, жалшы ұстаған, тәркілеуге түспес үшін барлық малын сойып, сатып құртқан. 1930 жылы міндетті салық тапсырмасын орындамай қашып кеткен, 1931 жылдан 1933 жылға дейін Келес ауданының № 3 мақта зауыты жанындағы түйекештер артелінің мүшесі болып жұмыс істеген, үйлі-жайлы, шала сауатты, партияда жоқ;
**ТҮЛКІБАЕВ** Бекет — № 5 (бұрынғы 9) ауылда 1882 жылы туған, әкесі Түлкібай молда, ірі шаруашылығы болған. Октябрь революциясына дейін 2,5 жыл би, бірнеше жыл ауыл старшинасы болып, беделін арттырған. Түлкібаев Бекет 1931 жылғы маусымда міндетті салық тапсырмасын орндауға барлық мүмкіншілігі бола тұра, оны орындамай, барлық малын сатып, сойып құртқан. Ет-май дайындау науқаны кезінде ол Өзбекстанға қашып кеткен, науқан біткеннен кейін ауылға қайтып келіп, халық соты арқылы 5 жылға сотталған.
**ШӨКЕНОВ** Сайым — № 5 (бұрынғы 9) ауылда 1878 жылы туған, байдың отбасынан шыққан, өзі де бай. Көпшілік арасында беделді болған. 1929 жылы барлық малын сатып, сойып құртқан, 1931 жылы кулактардың тізіміне ілігіп, міндетті, салық тапсырмасын орындамай сотталған, 1928 жылы байларды тәркілеген кезде Шөкенов Сайым Байғабылов Кірбас деген байға көмектесіп, түнде жасырынып барып, «сені конфискалайын деп жатыр, ақша-мүліктеріңді тез жасыр»— деп хабар берген. Сол сияқты Сариев Сүлеймен деген байға да хабар берген. Шөкенов Сайым сол кезде ауылдағы байларды конфискалайтын комиссияның мүшесі болған. Ауданнан комиссия мүшелері Байғабылов Кірбастың үйіне келгенде Шөкенов Сайым сол үйде болған. Комиссия мүшелері Байғабылов Кірбастың малын, мүлкін санаққа алғанда, бағалы заттар мен ақша табылмаған. Содан кейін Шөкенов Сайым комиссия құрамынан шығарылған. 1930 жылы Шөкенов Сайым «Қызыл октябрь» сельпосында приказчик болып жұмыс істеп жүріп, колхозшыларға тауарды өзінің нақты бағасынан қымбатқа сатқан, сөйтіп 1841 сомды өзі пайдаланған. Шөкенов Сайым БК(б)П мүшесі болған, партиядан бай ретінде шығарылған, сауатты, үйлі-жайлы;
**ДӘУЖАНОВ** Ерекеш — № 5 (бұрынғы 9) ауылда 1902 жылы туған, әкесі Дәужан Октябрь революциясына дейін 14 жыл болыс ірі бай болған, бірнеше жалшы ұстаған, Ерекештің туған ағасы Әлжан Дәужанов 9 жыл би болып жұмыс істеген. 1929 жылы Ерекеш міндетті салық тапсырмасын орындамағаны үшін сотталған, партияда жоқ, шала сауатты, үйлі-жайлы;
**МӘРДЕНОВ** Асан — № 16 (бұрынғы 33) ауылда, «Жаңатұрмыс» колхозында 1905 жылы туған, ірі байдың отбасынан шыққан, өзі де бай, жұртшылық арасында беделге ие болған, басқаның еңбегін қанаған, малдарын сатып сойып құртқан. Міндетті салық тапсырмасын орындамай қашып кеткен, партияда жоқ, сауатты, Келес ауданының № 3 мақта зауыты жанындағы түйекештер артелінде хатшы болып жұмыс істеген;
**АҚБЕРГЕНОВ** Сейіт — Қызылорда ауданының территориясында 1885 жылы туған, байдың тегінен шыққан, партияда жоқ, сауатты, үйлі-жайлы.

Февраль революциясына дейін Ташкент қаласында тінту-іздеу (сыскное отделение) бөлімшесінде жұмыс істеген. Қамауға алынғанға дейін «Қараөзек» совхозында технорук болып жұмыс атқарған.

Айыптау қорытындысы бойынша: бұл байлар — контрреволюцияшыл-ұлтшылдық топқа бірігіп, өздерінің Кеңес үкіметіне қарсы зиянкестік әрекеттерін 1930 жылдан Қызылорда ауданында бастаған. Бұлар 1930 жылы Қарақұмдағы Шоқыманов Әбіш, Өтеуов Қожайын басқарған қарақшылармен тығыз байланыс жасап, оларға материалдық көмектер беріп отырған. 1930 жылдың мамыр айында олар қарақшыларға 20 қап ұн, бір жәшік шай, 1600 сом ақша, 11 шомполды мылтық, қосауыз мылтық, 20 қорап дәрі, 1 пұт бытыра берген. Бердіқожаев пен Ерекешов оларды Кендерме стансасына дейін шығарып салған. Бекет Түлкібаев Қарақұм қарақшыларымен тығыз байланыс жасап, Қарақұмдағы барлық жағдай мен жаңалықтарды ауылдағы басқа байларға хабарлап тұрған.

Өтеуов Қожапанның қарақшылары жойылғаннан кейін байлар тобы өздерінің контрреволюциялық әрекеттерін жұртшылықты коллективтендіруге, астық, мал дайындауға және басқа да саяси-шаруашылық науқанға қарсы бағыттауға кіріскен.

1931 жылғы қаңтар айында Қызылорда қаласының Шымбай көшесінде тұратын қартапаз Құрманбаев Төлебайдың үйінде Бердіқожаев Мәжит, Түлкібаев Бекет, Дәужанов Ерекеш, Шөкенов Сайым, Құрманбаев Төлебай, Әлжанов Қошыбай, Бердіқожаев Хамит, Дәужанов Асқар қатысқан құпия мәжіліс шақырылып, онда колхозды ұйымдастыруға барлығын бір адамдай қарсы болыңдар деген шешімге келген. Осы мәжілістен кейін барлық жұртшылыққа колхоз ұйымдастыруға бір кісідей қарсы тұруды хабарлағауға № 9 және № 10 ауылдарға Әлжанов Қамбай жіберілген. Бұл ауылға аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Сариев пен аудандық жер бөлімінің өкілі Текенов колхозды ұйымдастыруға келгенде жиналысқа қатысқандардың барлығы бір адамдай «біз колхозды керек етпейміз, колхозға кірмейміз, колхоз — сендердікі, бізге керегі жоқ, біз бұрын қалай тұрсақ солай тұрамыз» деп жариялаған. Сөйтіп жиналыс бұзылып, колхоз құрылмай қалған.

1931 жылы контрреволюциялық топ колхоздан жаппай көшуді ұйымдастыру арқылы Кеңес өкіметіне қарсы күресу әдісіне көшкен. Контрреволюциялық топтың басшылары Бердіқожаев, Мәрденов және басқалар Келес стансасына қоныстанады, ал басқалары Дәужанов Асқар, тағы басқалары Маргеланға қоныстанады. Олар байланысшылар арқылы хат алысып, бірінші кезекте қашқындар мен бай-қарақшылар элементтерін өздерінің маңайларына топтастыру және жаппай көшу туралы үгіт жүргізген. 1932—1933 жылдары бұрынғы № 33 ауылдағы 315 үйден 270 үй, № 9 ауылдан — 230 үй, № 10 ауылдан — 181 үй көшіп кеткен. № 5 ауылдағы 1000 бастан асатын малдан бар болғаны 46 бас, № 9 ауылдан — 12000 бас малдан 47-ақ бас, № 10 ауылдан — 1200 бас малдан — 11 бас ғана мал қалған.

Міне осындай айыптар тағылып, жоғарыда аттары аталған 7 азамат ОГПУ Сенімді өкілдігі 2 СПО бөлімінің 1933 жылғы 19 шілдедегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 10 және 11 тармақтарымен және 59 бабының 1 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 11 қазандағы қаулысымен: Бердіқожаев Мәжит, Сандықбаев Шайқы, Ақбергенов Сейіт — әрқайсысы 10 жылдан еңбекпен түзеу лагеріне, Түлкібаев Бекет, Дәужанов Ерекеш, Мәрденов Асан — әрқайсысы 6 жылдан еңбекпен түзеу лагеріне, Шөкенов Сайым — 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған.

Қызылорда облыстық прокурордың орынбасарының 1990 жылғы 2 наурыздағы қорытындысымен: Бердіқожаев Мәжит, Сандықбаев Шайқы, Ақбергенов Сейіт, Түлкібаев Бекет, Шөкенов Сайым, Дәужанов Ерекеш, Мәрденов Асан — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указының негізінде толық ақталған.

## IV

**ДҮТБАЕВ** Бөлеген — Қызылорда ауданы, № 33 ауылда 1852 жылы туған;
**ТӨЛЕГЕНОВ** Байділда — сонда 1891 жылы туған;
**ҚҰЛЫМБЕТОВ** Сағымбай — сонда 1896 жылы туған;
**КӨПЕНОВ** Ахмет — сонда 1891 жылы туған;
**МАНАБАЕВ** Айдарбек — сонда 1897 жылы туған;
**САТЫБАЛДИЕВ** Әбіш — сонда 1894 жылы туған;
**ЕЛКЕЕВ** Бисенбай — сонда 1873 жылы туған;
**БӘЙІМБЕТОВ** Қасен — Қызылорда ауданы, № 33 ауылда 1895 жылы туған.

Бұл азаматтың барлығы да 1933 жылғы 13 наурызда тұтқындалып, РСФСР ҚК-ның 58-11 бабымен қылмыстық іс қозғалған. ОГПУ Қызылорда аудандық бөлімінің 1933 жылғы 20 мамырдағы қаулысымен, осы іс бойынша тергеуді одан әрі жүргізу тоқтатылып, аттары аталған азаматтардың бәрі де тұтқыннан босатылған. Қамауға алынғанға дейін бұлар бай болған. Бұлардың әрқайсысы 67 күннен түрмеде отырып шыққан.

## V

**СҮТЕНОВ** Шағдарбек — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1881 жылы туған, бай-болыстың баласы, руы көзей қыпшақ, өзі 1913 жылы Сырдария облысы, Перовск уезі, Головачев болысының управителі болған, 1921 жылы Қоғалы болыстық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған, 1924 жылы Кеңес өкіметіне қарсы жүргізген үгіті үшін тұтқынға алынған, онан босанып шыққан, 1925—1929 жылдары Сұлутөбе станциясындағы сексеуіл дайындау мекемесінде

қабылдаушы болып істеген, 1929 жылдан бастап астыртын жұмысқа көшкен. 10 жалшы ұстаған, екі әйелі, 4 баласы бар;

**ШАҚАБАЕВ** Әбіл — Қызылорда ауданының № 2 ауылында 1894 жылы туған, бай болған, руы алтыбас қыпшақ, кейінгі кезде Қоқан қаласының «Мулькабад» деген жерінде тұрған, арбакештер артелінде жұмыс істеген, партияда жоқ, сауатсыз, 3 баласы бар, сотты болмаған, 3 жалшы ұстаған;

**ИСАҚАЕВ** Рүстембек — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1902 жылы туған, бай болған, руы абыз, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған, арбакештер артелінде жұмыс істеген, партияда жоқ, сауатсыз, әйелі, бір баласы бар, сотты болмаған;

**ӘБДІРАМАНОВ** Сәулебек — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1895 жылы туған, бай болған, руы абыз, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған арбакештер артелінде жұмыс істеген, партияда жоқ, шала сауатты, 4 баласы бар, сотты болмаған;

**АЙТМАҒАМБЕТОВ** Арыстанбай — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1904 жылы туған, бай болған, руы досан қыпшақ, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған, арбакештер артелінде жұмыс істеген, үйленбеген, партияда жоқ, сотты болмаған;

**СҮТЕНОВ** Әбдіхалық — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1894 жылы туған, бай болған, руы кедей қыпшақ, бай болған, 2 жалшы ұстаған, партияда жоқ, сауатсыз, мал-мүлкі тәркіленіп, сотталған, түрмеден қашып кеткен, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған;

**ӘБУБӘКІРОВ** Шәмбіл — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1913 жылы туған, тәркіленген байдың баласы, руы кедей қыпшақ, кейінгі кезде Қоқан қаласында тұрған, мақта зауытында жұмыс істелген, партияда жоқ, шала сауатты үйленбеген.

**САРБАСОВ** Ерғали — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1896 жылы туған, байдың баласы, руы досан қыпшақ, партияда жоқ, сауатты, колхоз мүшесі, сотты болмаған;

**МЫРЗАТАЕВ** Ұрмахан — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1894 жылы туған, руы кедей қыпшақ, шала сауатты, БКП(б) мүшесі, партиядан осы іс бойынша және байлармен байланыс жасағаны үшін шығарылған, 1932 жылы колхоз тұқымын талан-таражға салғаны үшін сотталған;

**ӘБДІМОМЫНОВ** Тәжібай — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1895 жылы туған, руы досан қыпшақ, колхоз мүшесі, шала сауатты, БКП(б) мүшесі, осы іс бойынша партия қатарынан шығарылған, сотты болмаған;

**ҚОЖАХМЕТОВ** Әбек — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1896 жылы туған, руы досан қыпшақ, колхоз мүшесі, партияда жоқ, сауатсыз, сотты болмаған, товарлы-сүт фермасының меңгерушісі болып жұмыс істеген.

Сұлутөбе ауылында 1932 жылдың шілде-қыркүйек айларында тұрғындар жаппай Өзбекстанға қоныс аударуы байқалған. № 1 ауылдың 400 қожалығынан 50 үй, 1000 бас жұмыс көлігінен 30 бас ғана қалған. Осындай жағдай № 2 ауылда да орын алған, 200 қожалықтан 25 үй ғана қалған, 600 бас жұмыс көлігінен бірде-бір басы қалмаған. Ауылдың экономикасы құлдырауына бұрынғы патша тұсында Головачев болысының управителі болған Сүтенов Шағдарбек басқарған байлар тобы тікелей кінәлы.

Сүтенов Шағдарбек — Октябрь революциясынан кейінгі кезде осы ауылдарда байлар контрреволюциясын ұйымдастырушы және дем берушісі болған. 1925 жылға дейін Сүтенов және оның інілері мен ағалары жергілікті өкімет басында болды. 1925 жылы ол Кеңес өкіметіне қарсы белсенді жұмыс жүргізгені үшін тұтқынға алынғаннан кейін ол басшы өкімет орындарына сайланбаған, бірақ ол басқарған топтың мүшелері басшылықта қала берген. Ш. Сүтенов Сұлутөбе станциясына келіп Сексеуіл тресінің қабылдаушысы болып жұмысқа орналасып, сол жерден Қоғалы болысындағы байлар тобының жұмысына нұсқау беріп отырған. 1928—1929 жылдары ол ауылдағы кедей шаруалардың саяси өсуін байқап, өзінің келешегінен, ұсталып кетуден қауіптеніп, өзімен жақсы қарым-қатынаста болған коммунистермен ақылдасып, подпольеге кету мәселесін шешкен. Ол өзіне берілген 20 байлар қожалығынан топ ұйымдастырып, солармен бірге Қоқан қаласына кеткен. Оның ауылда қалған жігіттері басшы қызметтерге сайланып, Сүтеновпен байланыс жасап, оның нұсқауымен ауылға жауыздық-зиянкестік жұмыстарын жүргізе берген. Олар жұртшылықты саяси-шаруашылық науқандарға қарсы күресуді ұйымдастырушы болған және олар колхоз малын жаппай қыруға үгіт жүргізіп, өздері малды талан-таражға салуға тікелей қатысқан. Сөйтіп жұртшылықты күйзеліске ұшыратып, енді оларға Өзбекстандағы Сүтеновке көшіп баруды ұсынған. Сүтенов Өзбекстанда пайдасы мол артель ұйымдастырған, малы түгел,— деп үгіт жүргізген. Сөйтіп жұртшылықты Өзбекстанға жаппай көшуді ұйымдастырған. Өзбекстанда тығылып жүріп Сүтенов Қоқан қаласында түйекештердің жалған артелін ұйымдастырып, онымен «Кооптранссоюз» системасына кірген. Сүтеновпен байланыс жасау үшін ауылдан келген топ мүшелері, ауылдық өкіметтің өкілдері одан колхоз құрылысына қарсы күресу жөнінде тапсырмалар алып кететін болған. 1930—1931 жылдары Сүтеновтың артелі қашқын байлар мен қарақшылар элементінің ошағына айналған.

Шақабаев Әбіл № 2 ауылда беделді болған, Сүтенов Шағдарбектің нұсқауымен ол өз руластарының арасында Өзбекстанға қоныс аудару жөнінде үгіт жүргізген, оның үгітімен бар қожалық көшіп кеткен. Сүтеновтың тапсырмасымен 1931 жылғы тамыз айында жеке куәлік алуды сылтау етіп, ауылға келіп жаппай көшу туралы үгіт жүргізген.

Исақаев Рүстембек өзінің руластары арасында Өзбекстанға көш туралы үгіт жүргізген, колхоздың малын ұрлап, оны Өзбекстанға жіберген. Әбдіраманов Сәулебек Сүтенов Шағдарбектің күйеу баласы болған. Ол колхоздың үш түйесі

мен атын ұрлап, өзінің туысы Айнабек Әбдіраманов арқылы Қоқан қаласына апарған. Аймағамбетов Арыстанбай 1930 жылдың қазан айында 4 бай қожалығымен бірге Өзбекстанға қоныс аударған.

Сүтенов Әбдіхалық 1931 жылға дейін (мамырға дейін) ауылда тұрған, бұл да Өзбекстанға қоныс аудару туралы үгіт жүргізген, ол өзінің ағасы Шағдарбектің нұсқауымен Кеңес өкіметіне қарсы үшін жауапқа тартылып қалмас үшін алдымен Түркістан қаласына, одан Қоқан қаласына қашып кеткен.

Әбубәкіров Шәмбіл міндетті түрде салық төлеуден қашып, байлар тобына қосылған, әкесі тәркіленіп, жер аударылған.

Сарбасов Ерғалидың үгіттеуімен ауылдан 17 қожалық көшіп кеткен, оның ұйымдастыруымен колхоз жылқысы талан-таражға түскен, 8 жылқы ұрланып, сойылып кеткен. Кооперацияда жұмыс істеп жүріп кооперацияның 500 сомын жеп қойған, байлар тобымен байланыс жасаған.

Мырзатаев Үрмахан партия ячейкасының хатшысы бола тұрып, Сүтеновтың тобында болып, колхоздың 27 пұт бидай тұқымын ұрлаған, байларға көшуіне ықпал жасап, олардан пара алған.

Әбдімомынов Тәжібай колхоздың екі жылқысын ұрлап, оның 1000 сом тұратын біреуін Жаңақорған ауданына жіберген, екіншісін ауылда тығып қойған.

Қожахметов Әбек колхоздың бір атын ұрлап, оны 450 сомға сатып, ақшасын пайдаланған, колхоздың бір түйесін сойып жеген. Сүтенов тобының мүшесі болған, Қоқанға айдалатын малдарға документ дайындаған. Товарлы-сүт фермасының меңгерушісі болып тұрған кезінде 50 процент малды таран-таражға салған.

Міне осындай кінәлары үшін 11 адамнан тұратын топ Қызылорда қалалық аудандық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы қыркүйек айындағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 11 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Айыптау қорытындысы бойынша, бұлардың ісі ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 28 сәуірдегі қаулысымен: Сүтенов Шағдарбек, Шақабаев Әбіл, Исақаев Рүстембек, Әбдіраманов Сәулебек, Айтмағамбетов Арыстанбай, Сүтенов, Әбдіхалық, Сарбасов Ерғали, Қожахметов Әбек — әрқайсысы 10 жылдан, Мырзатаев Үрмахан, Әбдімомынов Тәжібай — әрқайсысы 5 жылдан Әбубәкіров Шәмбіл — 3 жыл концлагерьге сотталған.

Бұлардың барлығы 1933 жылғы 23 мамырда Карлагке айдалған.

Қызылорда облыстық прокурор орынбасарының 1989 жылғы 22 мамырдағы қорытындысымен: Сүтенов Шағдарбек, Әбдіраманов Сәулебек, Әбдімомынов Тәжібай, Әбубәкіров Шәмбіл, Айтмағамбетов Арыстанбай, Исақаев Рүстембек, Қожахметов Әбек, Мырзатаев Үрмахан, Сарбасов Ерғали, Сүтенов Әбдіхалық, Шақабаев Әбіл — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## VI

**МАЙМАҚОВ** Қали — Қызылорда ауданының № 36 ауылында 1902 жылы туған. БКП(б) мүшелігіне кандидат, колхоздың астық қоймасының меңгерушісі;

**МҰНБАЕВ** Ермен — Қызылорда ауданының № 36 ауылында 1883 жылы туған, 1924 жылдан БКП(б) мүшесі, Қараөзек станциясында стрелочник болып істеген;

**ОРАЛБАЕВ** Сәрсен — Қызылорда ауданы, № 36 ауылда 1874 жылы туған, колхозшы;

**БИДАЙБАЕВ** Қали — Қызылорда ауданы, № 36 ауылда 1886 жылы туған, 1919 жылдан БКП(б) мүшесі, 1932 жылы партиядан шығарылған, партия ячейкасының хатшысы болып қызмет атқарған;

**БЕКҚОЖАЕВ** Мәтен — Қызылорда ауданы, № 36 ауылда 1885 жылы туған, колхозда бригадир болып істеген;

**ТӘҢІРБЕРГЕНОВ** Нұрділда — Қызылорда ауданы, № 36 ауылда 1892 жылы туған, 1924 жылдан БКП(б) мүшесі, 1932 жылы партиядан шығарылған, партия ячейкасының хатшысы болып істеген;

**ШАРКЕЛДІКОВ** Әлмен — Қызылорда ауданы, № 36 ауылда 1893 жылы туған, 1929 жылдан БКП(б) мүшесі, колхоз төрағасы болып қызмет атқарған;

**АХМЕТОВ** Нұржан — Қызылорда ауданы, № 36 ауылда 1902 жылы туған, БКП(б) мүшесі, колхоз басқармасының мүшесі.

Бұл 8 азаматқа: 1932 жылғы көктемгі егіс науқаны басталысымен, № 36 ауылдың партия — совет қызметкерлерінің атқа мінерлері өз қатарларына жалған белсенділерді топтастырып, колхоздың экономикалық халін нашарлатуға бағытталған жауыздық жолға түскен, колхоздың астық тұқымын талан-таражға салумен, малын қырып жоюмен айналысқан, мұның өзі көктемгі егіс жоспарының орындалмай қалуына әкеліп соқтырған, бұлар үнемі қыдырымпаздыққа, масқүнемдікке салынып, колхоз мал-мүлкін сатып, колхозды толық құлатуға барған,— деген айыптар тағылып, Қызылорда қалалық аудандық ОГПУ бөлімінің 1933 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу барысында бұларға жасалған айыптау қорытындысын алған Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімі оны әрі қарай Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің сотсыз қарауына жіберген. Істе сот-тергеу, үштік орындарының қаулысы, басқа да іс қағаздары жоқ болып шықты.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 19 мамырдағы қорытындысы бойынша Маймақов Қали, Мұнбаев Ермен, Оралбаев Сәрсен, Бидайбаев Қали, Бекқожаев Мәтен, Тәңірбергенов Нұрділда, Шаркелдіков Әлмен, Ахметов Нұржан — Қазақстан Республикасының

«Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

VII

**ЕРЖАНОВ** Тұяқбай — Қызылорда ауданы, № 2 ауыл, «Жаңа арық» елді мекенінде 1872 жылы туған, арғын руынан, сауатсыз, партияда жоқ, 1917 жылға дейін атқа мінер болған, 1931 жылы міндетті тапсырма жоспарын орындамағаны үшін Қызылорда халық соты арқылы 10 жылға сотталған, Қызылорда ИТК-да жатқан, одан оны Семей қаласына жер аударған, 1932 жылы одан қашып шығып, осы «Жаңа арық» Тозына келген, 1933 жылға дейін осы Тозда мұраб болып жұмыс істеген. әйелі — Бибажар, балалары — Әбдікәрім, Әбсадық, Дулара. Екі әйелі болған.

**ҚАДЫРОВ** Оспан — Қызылорда ауданы, № 2 ауыл, «Жаңа арық» жерінде 1893 жылы туған, арғын руынан, шала сауатты, партияда жоқ. 1931 жылы «Кеңес» колхозының төрағасы болып тұрған кезінде ұсталып, Қызылорда ИТК-да жатқан. 1933 жылдың ақпан айына дейін «Жаңа арық» тозының төрағасы болып жұмыс істеген (Ержанов Тұяқбайдың туысы).

**ДОСӘЛИЕВ** Жәнібек — № 2 ауылдық кеңесінде 1896 жылы туған, арғын руынан, молданың баласы, Түркістанда оқыған, партияда жоқ, 1932 жылдың желтоқсан айында ұсталып, кейін босанған, «Жаңа арық» тозында хатшы болып жұмыс істеген.

**АХМЕТОВ** Молдабай — № 2 ауылдық кеңесінде 1907 жылы туған, арғын руынан, әкесі атқа мінер болған, білімі 5 класс, партияда жоқ, үйленген, бір қыз, бір ұлы бар. Арғы атасы Молдабай қажылық құрған. Ахметов Молдабай 1933 жылдың қысында ГПУ арқылы ұсталып, кейін босанған. «Жаңа арық» тозында өндіріс бригадирі болып жұмыс істеген.

**ЖОЛЫМБЕТОВ** Әбділда — № 2 ауылдық кеңесінде 1893 жылы туған, арғын руынан, орта шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, сотты болмаған, «Жаңа арық» тозында аға тұқым себуші болып жұмыс істеген, 4 баласы бар.

Осы топтамадағы алғашқы бес азаматқа Қызылорда ГРО ОГПУ-дың 1933 жылғы 21 тамыздағы қаулысымен қамауға алынған, бұл бесеуіне РСФСР ҚК 58 бабының 14 тармағымен қылмыстық іс қозғалған Қадыров Оспанның ауылдан қашып кетуіне байланысты оған розыска жарияланған.

**ЕРГЕБАЕВ** Жұмаділда — Қызылорда ауданының № 1 ауылы, «Қоғалы көл» жерінде 1887 жылы туған, кейін № 2 ауылдық кеңесі, «Айдарлы» тозында тұрған, руы көзей, колхозшы, сауатсыз, 1925 жылдан БКП(б) мүшесі, 1929 жылға дейін қамыс шит зауытында жұмысшы, 1929 жылдан № 1-2-3 ауылдарда партия ячейкасының хатшысы, 1932 жылдың ақпан айында № 2 ауылдық кеңестің төрағасы болып жұмыс істеген. Қызылорда аудандық партия комитеті президиумының 1933 жылғы 17 қарашадағы қаулысымен партия қатарынан шығарылған. Әйелі — Ұлбазар, қыздары — Ауаш, Палау, Ақзар, ұлы — Алтынбек.

**ӘЛСЕЙІТОВ** Аймахан — Қызылорда ауданы, № 2, «Жаңа қоныс» ауылдық кеңесі, «Сары құм» жерінде 1895 жылы туған, руы алтыбас қыпшақ, сауатсыз, партияда жоқ, «Сары құм» тозының мүшесі. 1930 жылы байдың малын сатып жібергені үшін тергеуде болған. 1921 жылы ауыл басшысы болып сайланған, 1928 жылдан ұсталғанға дейін бригадир, ауылдық кеңес төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген. Әйелі — Мәрия, қызы — Ақшаул.

**ОМАРОВ** Оспан — № 2 ауылдық кеңесі, «Жаңаарық» тозында 1897 жылы туған, арғын руынан, сауатсыз, партияда жоқ, «Жаңа арық» тозының мүшесі. Әйелі — Аршанкүл, Орақбай, қыздары Жидекүл, Иманкүл.

**БАЙДАЛИЕВ** Файзыл — Батыс Қазақстан облысы, бұрынғы Орал округі, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе селосында 1913 жылы туған, руы алаша, 1930 жылдан Қызылорла қаласында тұрған, 1931 жылы педтехникумда оқыған, үйленбеген, 1927 жылдан БЛКЖО мүшесі, 1933 жылғы 27 қыркүйекте аудандық комсомол комитетінің бюро қаулысымен БЛКЖО қатарынан шығарылған.

Осы топтамадағы соңғы төртеуіне Қызылорда ГРО ОГПУ-дың 1933 жылғы 22 қыркүйектегі қаулысымен айып тағылып, ГРО ОГПУ түрмесіне қамалған, оларға РСФСР ҚК 58 бабының 14 тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Қашып кетіп, розыска жарияланған Қадыров Оспаннан өзге 8-не РСФСР ҚК 58 бабының 10 және 14 тармақтарымен және ВЦИК-тың 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысымен қылмыстық айып тағылған.

Айыптау қорытындысы бойынша: 1932 жылдың аяғында Қызылорда ауданының № 1 және № 2 ауылдарында контрреволюциялық байлар элементінің дем берушісі — бұрынғы патша управителі Шағдар Сүтенов басқарған контрреволюциялық топ ашылып, жойылған. Одан кейін таптық күрес көлеңкесінде № 2 ауылда талқандалған контрреволюция қалдықтарынан — бұрын конфискаланған, сотталған, жер аударудан қашқан, беделді бай, атқа мінер, арғын руының құрметті ауыл ақсақалы Ержанов Тұяқбай басқарған жаңа контрреволюциялық жаңа топ пайда болған. № 2 ауыл «Жаңа арық» тозының бұл контрреволюциялық жауыздық топтың шыққан бастамасы 1933 жылдың көктем айы — яғни көктемгі егіс науқаны кезі болған.

Ержанов Тұяқбай 1932 жылы № 2 ауылдың «Жаңа арық» колхозының бұрынғы төрағасы — байдың баласы Бегімов Сәрсенбайдың көмегімен колхозға шопан болып орналасқан. Ержановтың айтуы бойынша, сол кезде колхозда 80 жылқы, 10 қой, 13 түйе болған, бұл малдардың бәрін сойып, сатып жіберген. 1933 жылдың көктемінде Ержанов «Жаңа арық» тозында аға мұраб болып тағайындалған, бірақ осыдан бұрын ол екі рет Қоқандағы «Орал төбе» деген жерге туыстарын көріп келуге кеткен, ал ол туыстары 1928-1929 жылдары

қуғын-сүргіннен қашып кеткен, ірі байлар болатын.
Ержанов № 2 ауылда өзінің ықпалына ауылдың басшы құрамдарын тартып, өзі тоздың жауапты лауазымдарын иемденген, оның бұйрығымен егіске жарамсыз жерлер беріліп, құнарлы жерлерді өздеріне алған. 1933 жылдың маусым айында «Жаңа арық» деген жерде тоздың 20 шақты адамдары арық қазуға келген, солардың арасында Кеңес үкіметіне қарсы үгіт айтқан: «өкімет бізге азық-түліктен көмек береміз деп еді, бірақ оны әлі берген жоқ, тек уәде береді, құрғақ сөзбен ғана айналысады, азық-түлік көмегі берілмесе, барлығымыз да жұмысты тастаймыз... «Тоздың 16 адамы қатысқан жұмыс басында тағы да ол былай деген: өкімет I фунт азық-түлік көшегін берсе содан кейін ол үшін бізді әртүрлі жұмысқа қуады, одан да әрқайсысымыз өзіміздің жеке жұмысымызды — бақшамызды еккеніміз дұрыс» деп, өзі жұмысты тастап, үйіне кетіп қалған. Сол жылғы шілде айының басында Қарабура арығын қазып жатқан жердегі жұмыс басында тоздың 7 адамының арасында Ержанов: «тоздағы өмір өмір емес, бір күн тоқ болсаң, он күн аш боласың, көп адам аштықтан өліп те қалды, онан да Тәшкенге көшіп кеткен жақсы» деген. Сол жылғы шілде айының ортасында «Қостоған» деген жерде 12-13 адам арасында тоздың бұрынғы төрағасы Қадыровқа былай деген: «Ал сен тоздың төрағасысың, бірақ тоз осы уақытқа дейін бірде бір бас мал алған жоқ, егер де Кеңес өкіметі болса «біздікіндей» малды тартып алмаған болар еді. Қазір өкімет қайтадан малды ақшаға беріп жатыр, егер де осы мал өліп қалса, онда Кеңес өкіметі ешқандай дәлелді себептерге қарамастан ол адамды қамауға алар еді. Сайып келгенде тозда өмір сүру қиын, жеке өмір сүрген жақсы және әркім бұрынғыдай жеке меншік мал ұстағаны дұрыс».
БК(б)П аудандық комитетнің өкілі, контрреволюциялық топтың мүшесі Байдалиев Файзылдың көрсеткені: «сол жылдың мамыр айының бас кезінде «Жанбас арық» деген жердегі шөп орушылардың арасында Ержанов Тұяқбай былай деді: «Мен бұл жерде 50 жылдан бері тұрамын, барлығын жақсы білемін, мекемелерде бірде-бір қазақ жоқ, барлық қазақ конфискаланған және олар орыстардың қол астында жұмыс істеп жатыр. Бұрын олар жақсы тұрды, барлығында да ақ қараша үй болды, ал қазір ешнәрсесі жоқ. Мәселен бұдан 25 жыл бұрын менде 3 үлкен ақ қараша үй болды, жарамды аттарым, көп малым болды. Барлық болыстар менің үйіме түсетін, менің бәйбішем күніне 50-60 бие сауатын. Қазір ондай өмірді көрмейсің, тоз, колхоз, дегендерді ұйымдастырып, өкімет барлық малымызды тартып алды. Ал қазір қайтадан бергісі келеді, бірақ берейін десе мал жоқ, бәрін сойып жеп қойған». Айыпкер Байдалиев Файзылдың тағы да көрсеткені: «№ 2 ауылдың «Жаңа арық» тозында 1933 жылдың сәуір айынан бастап контрреволюциялық жауыздық топ өмір сүрді, оның ұйымдастырушысы және жетекшісі бай Ержанов Тұяқбай болды. Осы топқа мыналар кірді. Досәлиев Жәнібек, Ахметов Молдабай, Әлсейітов Аймахан, Жолымбетов Әбілда, Омаров Оспан, Қадыров Оспан, Ергебаев Жұмаділ және мен Байдалиев Файзыл. Бұл контрреволюциялық топ маған айдан-анық «Жанбас арық», «Қос тоған», «Жаңа арық» деген жердегі егіс басында бірнеше рет жасырын мәжіліс өткізді, сонымен қатар Ержанов Тұяқбайдың, Ахметов Молдабайдың және Жолымбетов Әбілданың қараша үйлерінде мәжіліс өткізді. Осы мәжілістерге жоғарыда аты аталғандардың барлығы қатысқан. Бұл мәжілістерді Ержанов Тұяқбай және Әлсейітов Аймахан басқарып өткізген. Онда Кеңес үкіметіне қарсы сипаттағы мәселелер талқыланған. Мәселен: сол жылғы мамыр айының басында «Ақ жарма» деген жердегі егіс басында Ержанов былай деді: ауылдан байларды несіне қуамыз, бұрын бізде 250 шаруа бар еді, ал қазір бәрі өлді, қалғандары ашаршылық көруде. Орыстар біздің барлық малымызды тартып алды және Қазақстаннан оны Мәскеуге жіберді, бізде ешнәрсе қалмады, жүнді, теріні, бидайды, барлығын жіберді, қазақтар орыстарға бағынышты болып қалды. Орыстар Қазақстанды өзінің колониясына айналдырды... Неге біз өз Қазақстанымызды қорғап қалмаймыз?...» Тағы бір осындай мәжілісте топқа қатысушылар Өзбекстанның Қоқан қаласына жаппай көшіп кету мәселесін талқылаған.
Контрреволюциялық жауыздық топтардың жүргізген өрекеттерінен «Жаңа арық» тозының экономикасы мүлдем күйреген. Осы тоз 1933 жылдың көктемгі егіс науқанына аудандық жер бөлімі тарапынан 46,5 гектар жерге әртүрлі егіс егуге жоспар алған, бірақ тозды егетін тұқымсыз қалдырғандықтан аудандық атқару комитеті тарапынан тұқымнан көмек берілген. Документтерді тексергенде тозға бригадир Ахметов, тоздың төрағасы Қадыров және мұраб Ержанов арқылы тозға төмендегідей тұқым алынған.
Бидай —23 центрнер 51 килограмм — 23,5 гектар үшін,
Жүгері — 212 килограмм — 5 гектар үшін,
Тары — 249 килограмм — 15,5 гектар үшін,
Арпа — 2 центнер — 2 гектар үшін.
Бұл алынған тұқымдар көктемгі егіс жоспарын орындауға толық жететін болған. Контрреволюциялық топтың осы мүшелері жауыздықпен егісті құнарсыз, су шықпайтын, биік жерлерге орналастырып, тұқым астықтарының көбісін өздері ішіп-жеп қойған. Тексеру барысында — бидай 11 гектар жерге, тары — 9 гектар, арпа — 2 гектар, жүгері 3 гектар, барлығы 25 гектар жерге себілгені анықталған. Осыдан бидайдың 7 гектары, тарының 9 гектары, арпаның түгелдей бәрі — 2 гектары, жүгерінің 2 гектары, барлығы 20 гектары өліп қалған. Тоз басшылары аудандық партия комитеті мен атқару комитетіне егіс жоспары 100 процент орындалды деп өтірік ақбар берген. Сол сияқты шөп дайындау жоспары да осындай жағдайда болған.
Қызылорда ОГПУ қалалық-аудандық бөлімінің

айыптау қорытындысы бойынша — Ержанов Түяқбай, Досәлиев Жәнібек, Ахметов Молдабайға — РСФСР ҚК 58 бабының 10, 14 тармақтарымен және ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңымен қылмыстық айып тағылып, істері Қызылорда аудандық прокурорына сотқа жолдау үшін жіберілген.

Әлсейітов Әлмахан, Жолымбетов Әбілда, Байдәлиев Файзыл, Ергебаев Жұмаділ, Омаров Оспанға да РСФСР ҚК 58 бабының 14 тармағымен және ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңының негізінде айып тағылған. Олардың кедей шаруа табынан шыққандарын, айыпкер байлардың ықпалдарына түсіп кеткендерін ескеріп, олар жөніндегі қылмыстық іс қысқартылған.

(Делода Ержановтың, Досәлиевтің, Ахметовтің сотталған-сотталмағанын көрсететін сот құжаттары жоқ болып шықты).

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығының 1997 жылғы 27 қаңтардағы қорытындысымен: Ержанов Түяқбай, Досәлиев Жәнібек, Ахметов Молдабай, Әлсейітов Әлмахан, Жолымбетов Әбілда, Байдәлиев Файзыл, Ергебаев Жұмаділда, Омаров Оспан — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

## VIII

**БЕКІШЕВ** Сүлеймен — Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1890 жылы туған, руы жаппас, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, мал-мүлкі тәркіленіп, сотты болған;

**ИШАНОВ** Оразбай — № 8 ауылда 1863 жылы туған, руы қонақбай, бай болған, ескіше шала сауатты, партияда жоқ, сотталған, қамаудан қашып кеткен;

**ИШАНОВ** Смайыл — № 8 ауылда 1887 жылы туған, руы қонақбай, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, сотталмаған. Айыптау қорытындысы бойынша: бұл байлар тобы колхозшылар арасында партия мен үкіметтің ауылда жүргізіп жатқан шараларына, Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Сонымен қатар егіс даласындағы астықты ұрлаумен айналысқан, тары тұқымын талан-таражға салған. 1933 жылдың тамыз айында «Мақпалкөл» тозындағы астық жинау және бастыру кезінде Бекішев Сүлеймен, Ишанов Оразбай, Ишанов Смайыл тоз мүшелерінің арасында колхоз астығын талан-таражға салу үшін үгіт жүргізген. «Өкімет астықты биыл да бұрынғы жылдардағыдай алып қояды, Кеңес өкіметінің ауылда жүргізіп отырған саясаты — алданыш, астық дайындау болмайды, барлық салықтан босандыңдар деп айтқанымен, бұл үкімет тарапынан астық ұрланбасын деп жүргізіп отырған үгіті..., 10 процент бастырылған астықты бізге беріп, 90 процент астықты өкімет алып қояды, ал біз тағы да ашығамыз, биыл да көп адам аштықтан өлді, биыл да соның кері болады. Сондықтан барлық төсілмен қысқа астық дайындап алуымыз керек» деп, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген. Сонымен қатар олар өздерінің теріс үгітімен шөп дайындау науқанын да бұзған. «Шөптің бізге керегі жоқ, өйткені өкімет жұртшылықтың барлық малын ет дайындауға алып қойды, сондықтан шөп дайындау жөніндегі барлық жұмыс зая, онан да қысқа астық дайындап алумен айналысқанымыз жақсы, онсыз аштан өлеміз, өткен жылы жұртшылықтың 50 проценті аштан өлгенін ұмытпау керек» деп халықты үгіттеген. Соның салдарынан 8 тамызда тозда шөп дайындау жұмысы мүлдем тоқтатылып, тоз шөп дайындау жоспарын орындай алмай қалған.

Аттары аталған үшеуі бидайдың, арпаның басындағы дәнін ұрлау үстінде бірнеше рет көзге түскен, бірақ тоз төрағасы тарапынан оларға ешқандай шара көрілмеген, өйткені олар беделді болған.

«Мақпалкөл» тозына 1933 жылғы мамыр айында 60 гектар тары егуге жоспар беріліп, тоз аудannан 60 пұт тарының тұқымын алған. Ишанов Смайыл жұртшылық арасында ешкім жұмысқа шықпасын, біз ашпыз, жұмыс істемейміз деп үгіт жүргізген. Соның салдарынан ешкім жұмысқа шықпаған. Ишаның өзінің дегеніне жетіп, тары тұқымын өздері пайдаланып, 60 гектар тары егудің орнына 35 гектар ғана еккен, сонда да ауданға 60 гектар тары егілді деп ақпар берген.

Бұл топтың барлық әрекеті колхоз жұмысына кері әсерін тигізген, олардың үгітінен кейін қырманнан, егістіктен жаппай астық ұрлау басталған, астық жинау жұмысы бұзылып, астық талан-таражға түскен.

Міне осы әрекеттері үшін Бекішев Сүлеймен, Ишанов Оразбай, Ишанов Смайыл ОГПУ Қызылорда қалалық, аудандық бөлімі өкілінің 1933 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен және ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңының негізінде қылмыстық іс қозғалған. Айыптау қорытындысы бойынша тергеу ісі ОГПУ Оңтүстік Қазақстан облыстық бөліміне жіберілген.

Оңтүстік Қазақстан ОГПУ бөлімі тергеу бөлімінің (СПО) 1933 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен Ишанов Оразбайдың жасының ұлғаюына (70 жаста) байланысты, оның қара жұмысқа жарамайтындығы ескеріліп, үштіктің қаулысы шыққанға дейін ешқайда кетпеу туралы тілхаты алынып, қамаудан босатылған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 11 желтоқсандағы қаулысымен: Ишанов Смайыл — 6 жылға еңбекпен түзеу лагеріне, Бекішев Сүлеймен — 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталған, Ишанов Оразбай — жазадан босатылып, ешқайда кетпеу жайлы тілхаты жойылған.

Ишанов Смайыл 1936 жылғы қараша айында Карлагтен НКВД-нің Дальлагіне айдалған.

СССР НКВД жанындағы Ерекше Мәжілістің 1936 жылғы 3 шілдедегі қаулысымен Бекішев Сүлейменнің айыбы ҚК 58 бабының 10 тармағына 162 баптың «Д» тармағы қосылып, жаза мерзімі бұрынғы қалпында қалдырылған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 11 тамыздағы қорытындысымен Ишанов Смайыл, Бекішев Сүлеймен СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығы негізінде толық ақталған.

## IX

Александр Матвеевич — родился в 1894 году в гор. Иргиз, Туркестанской области, приписан к пос. Александровка, Кзыл-Ординского района, Кзыл-Ординской области, проживал в гор. Кзыл-Орда по ул. Полтарацкая, 23, по соц. положению сын полицейского и сам служил в полиции, служащий, до ареста работал зав. складом горкомхоза, счетоводом колхоза имени «Горсовета», беспартийный, грамотный, несудимый, женат, имеет 3 дочерей и сына, состоял на учете красных партизан, как служащий в Перовском отряде, русский, поданный СССР.

Он обвиняется в том, что, являясь организатором колхоза им. «Горсовет», являясь чуждым элементом, принимал участие в таковое байство, сколотив вокруг себя группу лиц из чуждого элемента, совместно с которыми подрывал соц. строительство, т.е. занимался расхищением колхозного имущества и средств, а также имущество горкомхоза, занимался спекуляцией скотом вместо укрунления колхоза и сделать колхозника зажиточным в колхозе, имел цель наживы и совершил ряд других злоупотреблении, т. е. преступлений, предусмотренные ст. 58 п. 11 УК и Постановления ВЦИК от 7 августа 1932 года;

Ережеп — Қызылорда қаласында 1895 жылы туған, осы қаланың Қарақалпақ көшесі, 20 үйде (қазіргі Журба көшесі) тұрған, негізі шаруа, бұрын арбакеш болып жұмыс істеген, кейін «Горсовет» колхозының төрағасы болып жұмыс атқарған, партияда жоқ, шала сауатты, сотталмаған, үйленген, қызы, ұлы бар. Әскер қатарында болмаған, ұлты өзбек, СССР азаматы;

«Горсовет» колхозының төрағасы болып тұрғанда ол колхозға байларды және Кеңес үкіметіне қарсы пиғылдағы элементтерді алып, оларды жасырған, Зарихинмен бірлесіп өзінің маңайына жаңағыларды топтастырып, социалистік құрылысты бұзу әрекетін жүргізген, колхоздың мүлкін, қаржысын ішіп-жеумен, талан-таражға салумен айналысқан, колхоздағы мақсаты жеке баю, кедейлерді ығыстыру болған ҚК 58 бабының 11 тармағы мен ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған;

**ҚАРАБЕКОВ** Тышқарбай — Қызылорда қаласында 1885 жылы туған, руы қаңлы, «Горсовет» атындағы колхозда тұрған, бұрын базарда ұн сататын саудагер болған, кейін колхозда бригадир болып істеген. Партияда жоқ, сотты болмаған, үйленген, әйелі, ұлы бар.

Бұл да Зарихинмен және Жорабекпен бірлесіп, колхозда бригадир болып істеп жүргенде жауыздық-зиянкестік әрекеттермен айналысып, колхоздың мүлкі мен қаржысын ішіп-жеп, талан-таражға салған, тұқымды ұрлаумен, малды сатып жеумен және егіс науқаны кезінде зиянкестікпен айналысқан. Ол ҚК 58 бабының 11 тармағы мен ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған;

**ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ** Мүсіреп — Қызылорда ауданының № 17 ауылында 1894 жылы туған, руы мойнақ, кейін Қызылорда қаласы, Атбасар көшесі, № 91 үйде тұрған, бұрын алыпсатар, саудагер болған, ешжерде жұмыс істемеген, партияда жоқ, сауатсыз, сотты болмаған, 2 ұлы бар.

Ол арам пиғылдағы элемент-саудагер ретінде Жорабековтің тобы арқылы колхоз жұмысына пайдаланылған, колхоз жеріне жеке егіс егіп, су тартқышты (водокачка) пайдаланған. Саудагершілік мақсатында топ арқылы Қарақалпақстанға мал сатып әкелуге жіберілген, әкелген малдарды қымбат бағаға сатып пайдаланған. Жорабековпен, тағы басқалармен бірлесіп, колхоздың малдарын сою және басқа зиянкестікпен айналысқан. Ол ҚК 58 бабының 11 тармағы мен ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған;

**ОРЫНБАЕВ** Ізбасар — Тереңөзек ауданына қарасты Жалағаш қыстағында 1864 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Сарқырама арығы бойында тұрған, одан кейін «Горсовет» колхозына барып тұрған, негізі кулак, бай болған, колхоз мүшесі, партияда жоқ, сауатсыз, сотты болмаған, 2 баласы бар, бір баласы 1930 жылы саудагерлігі үшін жер аударылған, 1933 жылы қайтып келген.

Ол колхозшылардың үйғаруымен Қарақалпақстанға сүт бағытындағы сиырларды арзан бағаға сатып әкелуге жіберілген, бірақ ол қымбат бағамен сиыр сатып әкелген, ол сиырларды колхозшыларға берудің орнына базарға сатқан. Ол бір түйені етке сойған. Ол ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған;

**ҮСЕНОВ** Баймахан — Қызылорда қаласында 1895 жылы туған, руы қожа, осы қаланың Сарқырама көшесі, № 23 үйде тұрған, әлеуметтік тегі қызметкер, қызыл партизандар бюросында сектор меңгерушісі болып қызмет атқарған, 1931 жылдан БКП(б) мүшесі, шала сауатты, сотты болмаған, бір қызы бар, әскери есепте тұрған, Перовск партизандар отрядының құрамында болған. Одан кейін ОГПУ органында вахтер болып жұмыс істеген, ОГПУ органынан запасқа шыққан.

Ол да Зарихинмен, Жорабекпен тығыз байланыста болып, қызыл партизандар үшін, оларға қажеті жоқ болса да, мал сатып алуға рұқсат алып, «Горсовет» атындағы колхозға мал сатып алуға барған. Ол колхоздан сүт беретін, қымбат емес жақсы сиыр сатып алуға тапсырма алған, бірақ ол колхоздан малды өте қымбатқа және қысыр сиыр сатып алған, ол сиырларды колхозшылар алмаған, кейін ол сиырларды базарға апарып қымбат бағасына сатып жіберген. Сонымен қатар ол топтағылармен бірге кешкілік отырыс жасап, арақ ішіп мас болып, Жорабеков пен бір колхозшыға шабуыл жасаған, кімде-кім осы туралы арыз берсе оны колхоздан шығару мәселесі қойылған. Үсенов бұл топтың бар екенін және оның жасап жатқан қылмыстарын біле тұра, жасырған. Ол ҚК

58 бабының 11 тармағымен және ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысына жататын қылмыс жасаған.
ОГПУ Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1933 жылғы 2 қазандағы қаулысымен бұлар тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.
Айыптау қорытындысы бойынша, бұл іс Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ бөлімі арқылы Қазақ ССР ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің қарауына жіберілген.
ОГПУ Сенімді өкілдігі тергеу бөлімінің 1933 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен Үсенов Баймаханның әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан іс тергеуден қысқартылып, қылмыс қозғау шарасы алдында алынған Қызылордадан басқа жаққа кетіп қалмау туралы тілхаты бұзылған.
Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен:
— Құлмағамбетов Мүсіреп, Қарабеков Тышқанбай — әрқайсысы 6 жылға еңбекпен түзеу лагеріне,
— Зарихин Александр Матвеевич, Жорабеков Ережеп — әрқайсысы 5 жылдан еңбекпен түзеу лагеріне сотталған,
— Орынбаев Ізбасар — алдын-ала тұтқында болған мерзімін жазаға жатқызып, қамаудан босатылған, ешқайда кетпеу жайлы тілхаты жойылған.
Постановлением тройки при ПП ОГПУ в Казахстане от 23 мая 1934 года во изменение прежнего постановления: Зарихин Александр Матвеевич — из-под стражи освобожден с зачетов предварительного заключения, переквалифицировав состав преступления по ст. 58-11 и 111 УК.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 11 тамыздағы қорытындысымен, Зарихин А. М., Құлмағамбетов М., Жорабеков Е., Қарабеков Т. СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығының негізінде толық ақталған.

## X

**АЙТУАРОВ** Байзақ — Қызылорда ауданының № 48 ауылы, «Бозарқаш» деген елді мекенде 1877 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, үйлі-жайлы, әйелі — Жанаткүл балалары — Опабек, Әсен, Мырзабек;
**БЕЙБІТОВ** Мархабай — № 48 ауыл, «Бозарқаш» деген жерде 1856 жылы туған, бай болған, сауатсыз, үйлі-жайлы, сотты болмаған, әйелі — Қатша, балалары — Қайып, Салмырза, Сарыкөз, Тоқмырза.
Айыптау қорытындысы бойынша: Айтуаров Байзақ пен Бейбітов Марқабай «Далакөл» колхозының колхозшылары арасында астық дайындау жоспарын орындамауға, колхозды құлатуға, малдарды құртуға бағытталған үгіт жүргізген. Мәселен, 1932 жылғы 20 қарашада «Бозарқаштағы» жиналыста Айтуаров пен Бейбітов колхозшыларға былай деген: «ұйымдасқан түрде мемлекетке астықты тапсырмау керек, өйткені өзіміз аштықтан өлеміз. Онан да астық базарға апарып, қымбат бағасына сатайық, оны үкіметке өткізгенше...»
Сол күні олар тағы да колхозшылар арасында күшті үгіт жүргізген, былай деген: «Үкімет дым қалдырмай барлығын тартып алады, өзіміз қыстың күні аштан өлеміз. Сондықтан бәріміз бір адамдай қатты болып ешқайсысың бір түйір де астық тапсырмаңдар, барлық астықты жерді қазып көміңдер, үйде астық сақтамаңдар. біз осылайша барлық астығымызды жерге көміп тастайық, сосын тауып ала қойсын. Осы кезге дейін біз мемлекетке бір түйір де астық тапсырғанымыз жоқ, тапсырмаймыз да, ал сендер өкіметтен қорқасыңдар, өздеріңнің артық астықтарыңды мемлекетке өткізесіңдер, онан да бұл астықтарыңды базарға апарып сатпайсыңдар ма?»
1932 жылғы 21 қарашада астық дайындаушы бригадир Айтуаров пен Бейбітовке келіп, мемлекетке өткізетін тиісті астықтарыңды өткізіңдер дегенде, Айтуаров пен Бейбітов оған: «бізде астық жоқ және астық тапсыруға ешкім де міндетті емес, өкімет астықты өзі егіп алсын, ал біз мемлекетке астық тапсырмаймыз, не істесеңдер оны істеңдер» деген. Айтуаров пен Бейбітов қай жерде болмасын Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, былай деумен болған: «Мемлекетке астық тапсырмаңдар, барлық астықты жерге көміңдер, өйткені биыл аштық болады, қысқа астықты үнемдемесеңдер, онда ашығасыңдар. Астық жоқ деп шуланңдар».
Ауыл тұрғындары арасында беделі мен ықпалы болғандықтан, олардың айтқанын істеп, үгіттерін тыңдаған. Олар ұсталғанша астық дайындау жұмысын жүргізбеген, олар ұсталғаннан кейін ғана пунктке астық түсе бастаған. Көктемгі егіс науқаны кезінде бұл екеуі Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, колхозшыларды жұмысқа шықпауға шақырып, былай деген: «Қанша жұмыс істесең де пайдасы жоқ, бәрібір бәрін алып қояды». Осындай үгіттен кейін колхозшылар екі күннен жұмысқа шықпай қойған жағдайлар болған.
Айтуаров Байзақ туыстары Оспан мен Омарды конфискалағанда Қызылқұмға қашып кетіп, 1931 жылға дейін тығылып жүрген. 1932 жылдың қараша айында колхоздың бір көлік аты мен бір сиырды ұрлап, қалада тұратын туысы Айтуаров Оспанның үйіне жіберген. Сол сияқты Бейбітов те қараша айында колхоздың бір жылқысын ұрлайын деп жатқанда ұсталып, акт жасалған, бірақ ешқандай шара көрілмеген. Ауылдық кеңестің қаулысымен және колхоздың қаулысымен, «Бозарқаш» бригадасының жалпы жиналысының қаулысымен 1932 жылғы 9 желтоқсанда оларға міндетті түрде төлейтін астық тапсырмасы берілген, бірақ олар оны төлеуден бастартқан.
Міне осындай айыптаулар негізінде Айтуаров Байзақ пен Бейбітов Марқабай ОГПУ Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1933 жылғы 12 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен және 166 бабының 1 бөлімшесі және 61 бабының 3 бөлімшесімен қылмыстық іс қозғалған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 9 наурыздағы қаулысымен Айтуаров Байзақ пен Бейбітов Марқабай Қазақстан ішіне 3 жылға жер аударуға, мал-мүлкін тәркілеуге сотталған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1900 жылғы 30 қазандағы қорытындысымен Айтуаров Байзақ пен Бейбітов Марқабай СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы бойынша ақталған.

**1935 жылы**

**БОРАНБАЕВ** Сафи — Қызылорда ауданының Аламесек ауылында 1895 жылы туған, ата-тегі бай, атасы би болған, әкесі — Битілеу, атасы Боранбай — шала сауатты, 1929 жылдан 1933 жылға дейін БК(б)П мүшесі, астықты талан-таражға салғаны үшін Қармақшы аудандық партия комитеті арқылы партия қатарынан шығарылған, 43 күн қамауда отырған, қамауға алардың алдында Аламесек ТОЗ-ның, кейін 1931 жылы Аламесек ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған;

**САҒЫНТАЕВ** Сыздық — Қызылорда ауданының Аламесек ауылында 1911 жылы туған, ауыл мектебінің 2 класын бітірген, Аламесек ТОЗ-ның хатшысы болып қызмет атқарған (Аламесек колхозы — 5 ТОЗ-дан құралған: I. ТОЗ «Аламесек», 2 ТОЗ «Көкпай», 3 ТОЗ «Тармакөл», 4 ТОЗ—«Жаңадария», 5 ТОЗ-«Үшанкөл»).

**АСАНОВ** Ахмет — Аламесек ауылында 1895 жылы туған. 1925 жылдан БКП(б) мүшесі, 1920—1921 жылдары Қызыл Армия қатарында жауынгер болған, Аламесек ТОЗ төрағасының орынбасары қызметін атқарған;

**КЕҢЕСБАЕВ** Әлжан — Аламесек ауылында 1897 жылы туған, бай, атқамінер, 1925—1928 жылдары БК(б)П мүшесі болған, «Өгіз арық» каналын қазуға жұртшылықтан мал жинағаны үшін Қызылорда округтік партия комитеті арқылы партия қатарынан шығарылған, біржарым жыл бас бостандығы еркінен айыруға сотталған. 1926—1927 жылдары ауылдық кеңестің төрағасы, 1933 жылы Аламасек ТОЗ-ның төрағасы болып тұрғанда күріш тұқымын пайдаланғаны үшін облыстық соттың көшпелі сессиясы арқылы 10 жылға сотталған, өлке соты арқылы 2 жылға бас бостандығы еркінен айыруға өзгертілген, бірақ ол мерзімді өтемей, қашып тығылған;

**АЛДАБЕРГЕНОВ** Сайдасқар — Аламесек ауылында 1860 жылы туған, ишан, Сұлтан Ахун ишанда 10 жыл оқыған, өзінің мешіті болған, 1931 жылы 5 жылға сотталып, Саратов өлкесіне айдалған, одан қашып, Аламесекке келіп тығылған;

**АЛДАБЕРГЕНОВ** (Маликов) Абдолла — Аламесек ауылында 1895 жылы туған, Алдабергенов Сайдасқар ишанның баласы, Аламесек ТОЗ-ның мүшесі, 1930 жылы міндетті тапсырманы орындамағаны үшін біржарым жылға сотталған;

**АЛДАБЕРГЕНОВ** (Сайдасқаров) Мұстафа — Аламесек ауылында 1891 жылы туған, Алдабергенов Сайдасқар ишанның баласы, Аламесек ТОЗ-ның мүшесі;

**ЕРЖАНОВ** Есқали — Аламесек ауылында 1904 жылы туған, бай баласы, Аламесек ТОЗ-ның табелшісі, 1931 жылы міндетті жоспарын орындамағаны үшін біржарым жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, 1932 жылы 10 жылға сотталып, 1934 жылы КарЛАГ-тен қашып, Аламесек ТОЗ-на келіп тығылған, 1926 және 1931 жылы № 19 ауылдық кеңестің төрағасы болып істеген;

**БАЙДУЛЛАЕВ** Хұсайын — Қармақшы ауданы, Қызылтам жерінде 1890 жылы туған, бай тегінен шыққан, 1933 жылы міндетті тапсырманы орындамағаны үшін 2 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, айып мерзімін өтемей, қашып, Аламасек ТОЗ-на табелші болған;

**САТЫБАЛДИЕВ** Бижан — Аламесек ауылында 1887 жылы туған, міндетті тапсырманы орындамағаны үшін біржарым жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, 1934 жылы қамаудан қашып шығып, Аламесек ТОЗ-ына мүшесі болып орналасқан;

**ҚАЙЫРМАНОВ** Бодан — Алмасек ауылында 1907 жылы туған, 1933 жылы облыстық соттың көшпелі сессиясының үкімімен 5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған, Қазақ ССР Жоғарғы Соты айып мерзімін бір жылға түсірген. 1933 жылы ауылдық кеңестің хатшысы, Аламесек ТОЗ-ның мүшесі болған;

**КӨМЕКБАЕВ** Ыбырай — Аламесек ауылында 1882 жылы туған, 1932 жылы астық тапсыру міндеттемесін орындамағаны үшін 8 жылға сотталған;

**САҒЫЗБАЕВ** Камел — Аламесек ауылында 1900 жылы туған, 1933 жылы міндетті тапсырманы орындамағаны үшін 2 жылға сотталған, айып мерзімін өтемей, 1933 жылы Қызылорданың еңбек түзеу колониясынан қашып шыққан, Аламесек ТОЗ-ның мүшесі.

Бұл 13 азаматқа тағылған айыптар: Боранбаев Сафи — ТОЗ төрағасы, Сағындықов Сыздық — төраға орынбасары, Асанов Ахмет — ТОЗ хатшысы ретінде, таптық және революциялық қырағылықты жойып, ТОЗ мүшелерінен қол үзген, ТОЗ-дағыларды тек құрғақ әкімшілік әдісімен ғана басқарған, ТОЗ мүшелерінің қатарына бұрын Кеңес өкіметіне, коллективтендіруге қарсы белсенді күрескен контрреволюциялық элементтерді әдейі кіргізген. Бұл үшеуі бұрын бірнеще рет сотты болған бұрынғы Аламесек ТОЗ-ының төрағасы, бай — Кеңесбаев Әлжанмен, Алдабергенов Сайдасқар ишанмен, ишанның балалары Алдабергенов (Маликов) Абдолла және Алдабергенов Мұстафамен, ишанның туысы Алдабергенов Басафа ишанмен, байлар: Сатыбалдиев Бижанмен, Ержанов Есқалимен, кулактар: Бадуллаев Хұсайын, Қайырманов Бодан, Көмекбаев Ыбырай және Сағызбаев Камелмен байланыс жасап, оларды Аламесек ТОЗ-на мүшелікке тартқан. Ержанов Есқали мен Байдуллаев Хұсайынды ТОЗ-дың табелшісі етіп қойған. Бұлар ТОЗ мүшелері арасында Кеңес үкіметіне қарсы үгіт

жүргізген. Бұлар өздерінің барлық жұмысын ТОЗ-ды құлатуға бағытталған, осы мақсатта олар құпия мәжілістер өткізіп, онда Кеңес үкіметіне қарсы шешім қабылдаған. Күріш орағына дайындық кезінде бұлар құпия мәжіліс өткізіп, онда күріштің суын құрғатпай, суда ору жайлы қаулы алған, ондағы мақсаты күріштің салмағы ауыр болады деп сылтауратқан, сөйтіп 8 гектар күріш орылмай суда қалған, 5 гектар орылған күріш бастырылмай, төгіліп-шашылған. Олар кедей шаруалардың тапқан еңбек табысын өздері пайдаланған. Олар күріш бастыру жұмысын ақсату мақсатында тракторлар мен молотилкаларды әдейі бұзып, тоқтатқан,— деген айыптар тағып, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1935 жылғы 1 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 10, 14 тарауларымен, 82 бабымен және 1932 жылғы 7 тамыздағы Заңмен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1935 бөлімінің 1935 жылғы 15 ақпандағы қаулысымен айыпкерлер: Сатыбалдиев Бижан, Қайырманов Бодан, Көмекбаев Ыбырай, Сағызбаев Камелдің қылмыстары онша ауыр болмағандықтан, оларды тұтқында ұстауды өзгертіп, тілхатпен уақытша босатқан. Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1935 жылғы 8 тамыздағы қаулысымен: Боранбаев Сафи, Кеңесбаев Әлжан, Асанов Ахмет және басқалары — барлығы 13 адамның айыптау ісі тоқтатылып, бұрынғы тағылған жаза, тілхат бұзылған, ол туралы айыпкерлерге хабарлаған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 19 мамырдағы қорытындысымен, барлық 13 адам — ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы негізінде толық ақталған.

### 1936 жылы

**САПАРОВ** Қайқы — Қызылорда ауданының Бесөзек ауылдық кеңесі, «Талап» тозында 1900 жылы туған, байдың, ауыл старшинасының баласы, шала сауатты, 1927 жылдан 1930 жылға дейін БКП(б) мүшесі болған, партия жиналысында жарна пұл төлемегені, маскүнемдікке салынғаны үшін партия қатарынан шығарылған, 1917 жылдан 1921 жылға дейін қызыл гвардия, одан кейін Қызыл Армия қатарында болып, Ташкент қаласындағы Осипов көтерілісін басуға қатысқан, Антонов қарақшыларын талқандауға белсенді қатысқаны үшін Қызыл Ту орденімен, 1927 қаңтарда Республика Рев. Военн. Советтің Грамотасымен марапатталған. Қамауға алынғанға дейін «Талап» тозында ферма меңгерушісі болып жұмыс істеген, үйленген, әйелі — Алтынай, қызы— Тазагүл, баласы — Рахымберді.

**БЕРЖІКЕЕВ** Қойшығара — Қызылорда ауданының Бесөзек ауылдық кеңесі, «Талап» тозында 1899 жылы туған, негізі кедей-шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы. 1932 жылы «Талап» колхозының бұрынғы төрағасы Сағымбаев Демесінмен, ауылдық кеңестің бұрынғы төрағасы Тасқараев Бүртебаймен, колхоздың бұрынғы хатшысы Төребаев Ержанмен, тағы басқалармен бірлесіп колхоздың 18 пұт арпасын, 28 пұт бидайын, 89 жылқысын, 27 бұзауын, 1 түйесін ұрлап, талан-таражға салғаны үшін, жоғарғы сот арқылы бұлардың барлығы 10 жылға сотталған, бірақ Бержікеев жазасын өтемей ауылда болған, 1933 жылғы 30 пұт күнжіт тұқымын ұрлағаны үшін Қызылорда халық соты арқылы 6 айға еріксіз жұмысқа сотталған, ол жазасын өтеген, 1934 жылғы желтоқсан айында астық ұрлағаны үшін ҚК-ның 109, 116, 169 баптарымен 2 жылға құлып астына сотталған, қамауда 20 күндей болып, Қызылорда түрмесінен жұмысқа шығып жүргенде 1935 жылдың қаңтар айында қашып кеткен, үйленген, әйелі — Дәмеш, қызы — Күлжан.

1917 жылы ағайынды Сапаровтар — Шайқы мен Қайқы ауылда мал ұрлаумен айналысқан, осы жайында Бесөзек ауылының тұрғындары Қызылорда РИК-ның төрағасы Герждотқа хабарлаған, қамауға алынатынын сезгеннен кейін олар ауылдан қашып, Сапаров Қайқы өз еркімен Перовск Қызыл гвардия отрядына кірген, одан 1919 жылы Тамбов атты әскер бригадасының 2-ші әскер полкіне ауысады. Қызыләскер қатарынан босанғаннан кейін ауылға қайтып келіп, колхозға кіріп жұмыс жасаған, колхозшылардың арасында, менің өкіметтен алған орденім бар, менің орден кітапшамда көрсетілген, менің екі адамды атып тастауға қақым бар, ол үшін кеңес өкіметі ешнәрсе жасамайды — деп адамдарды қорқытқан. Сонымен қатар ол маған ешкімнің сөз айтуға қақысы жоқ деп жұмыс жасамай колхоздан еңбек күн алып отырған. Түрлі сылтаулар айтып Маханов, Кенебаев, Досжанов, Балабатыров, тағы басқа колхозшыларға зәбір көрсетіп сабаған.

Сапаров Бержікеев Қойшығараны өзінің жанына алып, 1935 жылы қазан мерекесінде мас күйлерінде колхозшылар мен оқушылардың қолдарына ұстап шыққан плакатын тартып алып, сындырып, жыртып тастаған және мектепте ілулі тұрған партия мен өкімет басшыларының суреттерін — Маркстің, Лениннің, Ворошиловтің, Куйбышевтің, Тельманның суреттерін қағулы тұрған жерінен алып, аяққа басып жыртып тастаған және «Өкіметті орнатқан бұлар емес — мен»— деген сөздерді айтқан. Бердікеев те Сапаровпен бірігіп жалауды жыртып, оған көмектескен және бұрынғы Сот үкімін орындамау мақсатымен қашып, осындай әрекеттер жасаған.

Осы қылмыстары үшін Сапаров Қайқы мен Бержікеев Қойшығара Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1936 жылғы 15 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен және 110—1,82 баптарымен іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1938 жылғы 9 шілдеде шығарылып, іс облсоттың арнайы коллегиясының қарауына жіберілген.

Қызылорда облыстық Сотының жабық Сот мәжілісінің 1938 жылғы 27 қазандағы үкімімен — айыпкер Сапаров Қайқы ҚК-ның 110 бабымен айыпты деп тауып, 4 жылға бас бостандық еркінен айыруға, ҚК-ның 58—10 бабымен 8-жылға бас бостандық еркінен айырып түтқында ұстауға, ҚК-ның 49 бабы бойынша 8 жылға бостандық еркінен айыруға, сот үкімін өтегеннен кейін 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған;

айыпкер — Бержікеев Қойшығара ҚК-ның 82 бабымен айыпты деп тауып, 2 жыл бас бостандық еркінен айыруға, ҚК-ның 58—10 бабымен айыпты деп тауып, 4 жылға бас бостандық еркінен айыруға, ҚК-ның 49 бабы бойынша соңғы берілген 4 жылды өтеуге, сот үкімін өтегеннен кейін 2 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 7 қаңтардағы ұйғаруымен Қызылорда облыстық Соттың үкімін күшінде қалдырып, үкіммен Бержікеев тағылған ҚК-ның 58—10 бабы алынып тасталған.

Қазақ ССР Прокурорының орынбасары 1990 жылғы 29 тамыздағы Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Президиумының берген Наразылығы бойынша сотталушы Сапаров Қайқы жөніндегі Қызылорда облыстық сотының 1938 жылғы 27 қазандағы үкімін және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер қарайтын сот коллегиясының 1939 жылғы 7 қаңтардағы ұйғаруын өзгертіп, Сапаровтың қылмысты әрекетін РСФСР ҚК-ның 58-10-1 бөлімінен ҚК-ның 74-2 бөліміне аударып дәрежелеуді — оған осы бапта көрсетілген жазаны тағайындауды, ол Қойшығара Бержікеев жөнінде ҚК-ның 82 бабымен сот шешімдерін өзгеріссіз қалдыруды сұраған.

Сапаров Қайқы Қызылорда аудандық № 2 учаскелік халық сотының 1936 жылғы 6 қыркүйектегі үкімімен — РСФСР ҚК-ның 74 бабымен 4 жылға сотталған.

СССР ЦИК Президиумы секретариатының 1937 жылғы 27 наурыздағы № 8191 санды Қызылорда аудандық № 2 учаскелік халық сотына жолдаған қатынасы бойынша Сапаров Қайқы «Қызыл Ту» орденінен айрылған.

Владивосток ауданының халық сотының 1938 жылғы 22 наурыздағы ұйғаруымен УПК-ның 461 бабы бойынша Сапаров Қайқы шартты түрде мерзімінен бұрын Севостлагерінен 28 наурызда босатылған. Оның бержағында облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінен алынған деректердің бірінде Сапаров Қайқы жөніндегі соңғы мәлімет Приморьенің «Славянка» лагерінен, № 17 колониядан, № 70 почта жәшігінен алынған, өзінің жолдасы Қойшықара Бержікеевпен бірге түскен суреті біздің естелік кітап редакциясына қоса жіберілген. Мұның бәрі полковник Әмірхан Бәкіровтің қамқорлығы арқасында ғана мүмкін болды.

## 1937 жылы

### І

**ӘМІРОВ** Құлман — Қызылорда ауданының № 14 Бәйгеқұм ауылында 1899 жылы туған, ірі байдың баласы, шала сауатты, партияда жоқ, 1937 жылы орман-тоғай шаруашылығында қойма меңгерушісі болып істеген, 1937 жылғы 19 тамызда тұтқынға алынған (Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы);



**АМАНБАЕВ** Жүсіпбек — Қызылорда ауданының № 14 ауылында 1889 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Мальков көшесі № 11 үйде тұрған, сауатты, Воронеж қаласында 10 айлық орман-тоғай шаруашылығының курсын бітірген, 1932 жылдан БКП(б) мүшелігіне кандидат, 1925 жылдан орман-тоғай шаруашылығы саласында жұмыс істеген, Қызылорда орман-тоғай шаруашылығының директоры болған, 1937 жылғы 18 тамызда Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынған.



**АСҚАРОВ** Қадырбек — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1907 жылы туған, бай-болыстың баласы, Қызылорда қаласы Мальков көшесі № 8 үйде тұрған, Мәскеу қаласында жұмысшы факультетін (рабфак) бітірген, 1928 жылдан БК(б)П мүшесі, Қызылорда аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарған. Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы 1937 жылғы 6 қыркүйекте тұтқынға алынған;

**АЮБАЕВ** Кенжалы — Қызылорда ауданының № 11 ауылында 1895 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Червяков көшесі № 18 үйде тұрған, шала сауатты, 1920 жылдан БК(б)П мүшесі, 1925 жылдан 1930 жылға дейін Аламесек аудандық милиция бөлімінде милиционер болып жұмыс істеген, 1930 жылдан 1936 жылға жейін Қызылорда қаласындағы халық сотында сот орындаушысы болып жұмыс істеген, 1936 жылдан 1937 жылға дейін № 10 ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған, 1936 жылдың 20 сәуірінде мемлекет қаржысын ішіп-жеп қойғаны үшін жауапқа тартылған, одан тергеу барысында қылмысы анықталмағандықтан ақталып шыққан. 1937 жылғы қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД арқылы қайталан тұтқынға алынған;

**ЖҮСІПБАЕВ** Жармен — Қызылорда ауданының № 10 ауылында 1902 жылы туған, кейін Қызылорда қаласында тұрған, сауаты бар, 1920 жылдан БК(б)П мүшесі, Қызылорда аудандық жер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы 1937 жылғы 6 қыркүйекте тұтқынға алынған;
**ТЫНЫШТЫҚБАЕВ** Арысбек — Қызылорда ауданының № 14, «Бірінші мамыр» ауылдық кеңесі, «Ким» колхозында 1897 жылы туған, сауаты бар, партияда жоқ, колхозшы, 1933 жылғы 9 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынған;
**АЛДАБЕРГЕНОВ** Оспан — Қызылорда ауданы № 14, «Бірінші мамыр» ауылдық кеңесі, «Ким» колхозында тракторларды күзетуші болып жұмыс істеген, сауатсыз, партияда жоқ, 1937 жылғы 9 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынған;
**ИМАНБЕКОВ** Жағыпар — Қызылорда ауданының № 17 ауылында 1900 жылы туған, Тартоғай поселкесінде тұрған, бай баласы, әкесі болыс болған, орыс-қазақ мектебінің 2 класын бітірген, 1925 жылдан 1929 жылға дейін БК(б)П мүшесі болған, ауылда рулық топ құрғаны үшін партия қатарынан шығарылған, 1937 жылдың 5 тамызына дейін орман-тоғай шаруашылығында техник болып қызмет атқарған, техникалық білімі болмағасын қызметтен босатылған. 1937 жылғы 10 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД арқылы тұтқынға алынған;
**МЫРЗАХМЕТОВ** Мақаш — Қызылорда ауданының № 14 ауылында 1892 жылы туған, кейін Талдыарал поселкесінде тұрған, сауатты, 1920 жылдан БК(б)П мүшесі, 1931 жылы әлеуметтік тегін жасырғаны үшін партия қатарынан шығарылған, әкесі 15 жыл ауыл старшинасы болған, 1933 жылғы партия қатарына қайта қабылданған 1934 жылға дейін ауылдық партия ячейкасының хатшысы, 1928 жылға дейін аудандық атқару комитетінде хатшы, есеп бөлімінің меңгерушісі, 1932 жылғы дейін сельпо төрағасы, тұтқынға алынғанға дейін қой совхозында ферма меңгерушісі болып істеген. 1937 жылғы 16 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынған;
**АХМЕТОВ** Бергембек — Қызылорда ауданы, № 1 ауылы, «Қоғалы» колхозында 1899 жылы туған, бай баласы, 1932 жылы мал-мүлкі конфискеленген, сала сауатты, партияда жоқ, ауылдық кеңестің төрағасы, ферма меңгерушісі болып жұмыс істеген, колхоздан қоныс аударуға қатысқаны үшін ПП ОГПУ арқылы РСФСР ҚК-нің 58 бабының 8, 10 тармақтарымен 5 жылға сотталған. 1937 жылы 17 қыркүйекте Қызылорда ауылдық НКВД бөлімі арқылы қайтадан тұтқынға алынған;
**МАЙБАСАРОВ** Жүсіп — Қызылорда ауданының № 1 ауылы, «Еңбекші-дихан» колхозында 1882 жылы туған, шала сауатты, 1926 жылан БКП(б) мүшесі, 1932 жылы ру тобына қатысқаны үшін сотталған. 1934 жылдан колхоз төрағасы болып қызмет атқарған. 1937 жылғы 17 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы қайтадан тұтқынға алынған;
**СҮТЕНОВ** Сәрсембай — Қызылорда ауданының № 1 ауылы, «Қоғалы» колхозында 1888 жылы туған, колхозшы, сауатсыз, партияда жоқ, 1937 жылғы 17 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД арқылы тұтқынға алынған;
**ОМАРОВ** Сыздық — Қызылорда ауданының № 1 ауылы, «Кеңес» колхозында 1907 жылы туған, колхозшы, шала сауатты, партияда жоқ, 1926 жылдан 1935 жылға дейін Қызыл Армия қатарында болған, 1935 жылдан «Кеңес» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған, 1937 жылғы 17 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынған;
**АХМЕТОВ** Бектұрған — Қызылорда ауданының № 14 ауылында 1913 жылы туған, кейін осы ауданның № 19 Сұлутөбе ауылдық кеңесінде тұрған, білімі бастауыш, 1925 жылдан БЛКЖО мүшесі, 1929 жылдан «Заря» колхозының хатшысы болып жұмыс істеген. 1937 жылғы 15 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынған;
**ОРАЗОВ** Тұрғанбай — Қызылорда ауданының № 10 ауылында 1915 жылы туған, білімі бастауыш, 1929 жылдан БЛКЖО мүшесі, 1932 жылдан ауылдық кеңестің хатшысы, 1937 жылғы 16 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынған.
**ТАМПЫШЕВ** Айеке — Қызылорда ауданының № 10 ауылы, «Тасарық» колхозында 1875 жылы туған, әлеуметтік тегі бай болған, колхозшы сауатсыз, партияда жоқ, 1937 жылғы 16 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынған;
**БЕГІМОВ** Өтеген — Қызылорда ауданының № 10 ауылы, «Тасарық» колхозында 1912 жылы туған, колхозшы, білімі 3 класс, 1933 жылдан БЛКЖО мүшесі, колхозда есептеуші болып жұмыс істеген. 1937 жылғы 16 қыркүйекте Қызылорда аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынған.
Бұлар контрреволюциялық-ұлттық ұйымның Қызылордадағы ұлттық көтерілісшілер тобының мүшелері болған, ұйымдасқан түрде Қазақ жұртшылығын Кеңес үкіметіне қарсы қоюға қатты жұмыс жүргізген, өздерінің қатарына Кеңес үкіметіне қарсы пиғылдағы адамдарды тартып, оларды контрреволюциялық жұмысқа пайдаланған. Олар колхоздың мал-мүлкін талан-таражға салып, колхозға үлкен зиян келтірген, жұртшылық арасында кеңес үкіметіне, партияға қарсы үгіт жүргізіп, олардың жүргізіп отырған шараларына қарсы қойған, колхоз құрылысын құлатуға күш салған, жауыздық мақсатта қаруланған қарақшылар тобын құрған — деп бұларға айып тағылып, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-нің 58 бабының 2, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.
Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 11 қазандағы Қаулысымен:

а) жоғарғы жаза атуға:
Әміров Құлман, Аманбаев Жүсіпбек, Асқаров Қадырбек, Аюбаев Кенжалы, Жүсіпбаев Жармен, Алдабергенов Оспан, Мырзахметов Мақаш, Ахметов Бергембек, Сүтенов Сәрсембай, Тампышов Айеке сотталған.
Үкім бойынша — Әміров Қ., Асқаров Қ., Аюбаев Н., Жүсіпбаев Ж., Алдабергенов О., Мырзахметов М.— 1937 жылғы 20 қазанда, 24 сағатта — атылған.
Ахметов Б., Сүтенов С., Тампышев А, — 1937 жылғы 23 қазанда, сағат 24-те атылған.
Аманбаев Ж.— 1937 жылғы 31 қазанда, сағат 24-те атылған.
ә) 10 жылға концлагерге сотталғандар:
Тыныштықбав Арысбек, Иманбеков Жағыпар, Майбасаров Жүсіп, Омаров Сыздық, Ахметов Бектұрған, Оразов Тұрғанбай.
б) 8 жылға концлагерге:
Бегімов Өтеген сотталған.
Қызылорда облыстық Соты Президиумының 1957 жылғы 26 қазандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 11 қазандағы Әміров Қ., Аманбаев Ж., Асқаров Қ., Аюбаев К., Жүсіпбаев Ж., Алдабергенов О., Мырзахметов М., Ахметов Б., Сүтенов, Томпышев А., Тыныштықбаев А., Иманбеков Ж., Майбасаров Ж., Омаров С., Ахметов Б., Оразов Т., Бегімов О. жөніндегі ісі бұзылып, олар туралы іс қылмыс құрамы анықталмағандықтан қысқартылған. Қызылорда облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылмаған. Қызылорда облыстық прокурордың 28.05.1997 жылғы қорытындысымен бұлардың барлығы (17 адам) Қазақстан Республикасының 14.04.1993 жылғы Заңының негізінде толық ақталған.

## II

**ШАРЖАУОВ** Байнияз — Сырдария ауданы, № 6 ауыл, «Сулы көл» колхозында 1900 жылы туған, бай баласы, қамауға алғанға дейін осы ауылдық кеңестің төрағасы болып жұмыс істеген, 1926—1927 жылдары жарнасын төлемегені үшін БК(б)П қатарынан шығарылған;
**ПАЛЫМБЕТОВ** Қайыпназар — Сырдария ауданы, № 1 Тартоғай ауылдық кеңесінде 1892 жылы туған, малшы, 1931 жылы мемлекетке ет тапсыру жөніндегі жоспарын орындамағаны үшін 5 айға сотталған;
**ЕРБАЕВ** Әбдіраман — № 1, Тартоғай ауылдық кеңесі, «Қоғалы» колхозында 1905 жылы туған, малшы;
**ҚОЖАНАЗАРОВ** Ақберді — № 1, Тартоғай ауылдық кеңесінде 1872 жылы туған, тегі бай, екі жыл молда болған, 1920—1922 жылдары БКП(б) қатарында болған, діни әдет-ғұрыптарды жүргізгені үшін партия қатарынан шығарылған, 1929 жылы астық тапсыру жөніндегі жоспарды орындамағаны үшін Қызылорда халық соты арқылы 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне, 2 жылға сайлау-сайлану құқығынан айыруға сотталған, жазасын Саратов қаласының түрмесінде өтеп келген;
**БАЛЫҚБАЕВ** Бейсембай — № 10, Қатыкөл ауылдық кеңесінде, «Тасарық» колхозында 1871 жылы туған, малшы, 1921—1923 жылдары БКП(б) мүшелігіне кандидат болған, партия жиналысына қатыспағаны үшін партиядан шығарылған, 1930 жылы бай ретінде, 1,5 жылға сотталып, айып жазасын Қызылорда түрмесінде өтеген;
Бұл 5 азамат Қызылорда аудындық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 16 қазандағы, 27 қазандағы, 31 қазандағы, 28 қарашадағы қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 2, 6, 10 және 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Оларға Кеңес өкіметінің ауыл шаруашылығы жөніндегі саясатына қарсы жауыздық әрекеттер жасады, бой ұрды құрылысын құлату мақсатындағы зиянкестік әрекеттерге бой ұрды деген айыптар тағылған.
Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен: Шаржауов Байнияз, Балықбаев Бейсембай, Қожаназаров Ақберді — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға, Палымбетов Қайыпназар, Ербаев Әбдіраман — әрқайсысы 10 жылдан концлагерге — сотталған.
Қызылорда облыстық сотының Президиумының 1958 жылғы 29 қаңтардағы қаулысымен: Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің 1937 жылғы 28 қарашадағы Шаржауов Байнияз, Балықбаев Бейсембай, Палымбетов Қайыпназар, Ербаев Әбдіраман, Қожаназаров Ақберді жөніндегі қаулысы бұзылып, олардың әрекеттерінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, іс өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.
Жоғарыда аттары аталған 5 азамат толық ақталған.

## III

**ҚАДЫРБАЕВ** Халық — Қызылорда ауданы, № 32 ауыл, Айдарлы ауылдық кеңесі, «Ақарық» серіктестігінде 1900 жылы туған, әлеуметтік тегі бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, «Ақарық» серіктестігінің төрағасы болып жұмыс істеген. 1932 жылы колхоз малын талан-таражға салып, сатып, ақшасын ішіп-жеп қойғаны үшін ұсталып, кейін қылмыстық іс қысқартылған. Әйелі — Орынболар, баласы — Баттал;
**БЕЙІМБЕТОВ** Нұрахмет — № 32 ауыл, «Айдарлы» ауылдық кеңесі, «Ақарық» серіктестігінде 1899 жылы туған, руы — найман, әлеуметтік тегі бай, молда болған, сауаты бар, Әлмен молдада оқыған, партияда жоқ, «Ақарық» серіктестігі төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген. 1934 жылы Мирзоян қаласында облсоттың үкімімен 1932 жылғы 7 тамыздағы заңның негізінде 10 жылға сотталған. Қамаудан қашып кеткен. Әйелі — Жәкен, қыздары — Гүлжамал, Ақжамал, баласы — Бижігіт;
**ҚОПАБАЕВ** (немесе Шаяхметов) Кәден — № 32 ауыл, «Телікөл» жері, Айдарлы ауылдық кеңесі, «Ақарық» серіктестігінде 1899 жылы туған, руы, найман, бай болған, сауаты бар, Құрманов Аяп

молдада оқыған, партияда жоқ, «Ақарық» серіктестігінің пункт меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1934 жылы облсоттың үкімімен 1932 жылғы 7 тамыздағы заңның негізінде 10 жылға сотталған, қамаудан қашып кеткен. Әйелі — Кенжегүл, қызы — Мырзайым баласы Мұсағалиға шыққан.

**ДОСБАНБЕТОВ** Бөлеғұл — Қарсақбай ауданы, № 1 ауылда 1904 жылы туған, кейін осы № 32 ауыл, «Ақарық» серіктестігінде тұрған, № 2 бригаданың бригадирі болып жұмыс істеген, әлеуметтік тегі бай. 1934 жылы бұл да 10 жылға сотталған, қамаудан қашып кеткен.

Айыптау қорытындысы бойынша: жоғарыда аттары аталған айыпкерлер — байлар 1930 жылы жаппай жер аударуды ұйымдастыру мақсатында контрреволюциялық жұмыстар жүргізген, Қарсақбай және Қызылорда ауданының Телікөл жерінен Пахтаарал ауданына 500 үйге дейін қоныс аудару керек дегенді бетке ұстап, Қадырбаев Халықты Қазақстан Орталық Атқару Комитетінен рұқсат алу үшін өкіл етіп жіберген. Ол Алматыға барып, «ұлтшыл-фашист» Құлымбетовпен байланыс жасап, одан рұқсат алған және ақшалай, заттай, азық-түліктен көмек алған.

Айыпкерлер Хадырбаев Халық, Биімбетов және басқалар 1932 жылдан бастап Келес және Мирзоян аудандарында өздерінің туысқандарымен жақын-жуықтарынан және қашып жүрген байлардан жалған транспорт артелін құрып, социалистік меншікті, мақтаны және бидайды ішіп-жеумен айналысқандары үшін Қадырбаев, Бейімбетов, Қопабаев және Досбанбетов 1932 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес әрқайсысы 10 жылға концлагерге сотталған. Жазаны өтемей тұтқыннан қашып кеткен.

1936 жылы Құлымбетовтың және Қызылорда аудандық атқару комитетінің төрағасы Көжембаевтың тікелей нұсқауымен және материалдық көмегімен жоғарыда көрсетілген айыпкерлер Қызылорда ауданында найман руының шаруаларынан ТОЗ құрып, оған «Құлымбетов» деп ат қойған. ТОЗ-дың төрағасы Қадырбаев, пункт меңгерушісі Қопабаев, төраға орынбасары Биімбетов, № 2 бригаданың бригадирі Досбамбетов болған. Олар егін шаруашылығын азайту малды талан-таражға салу жөнінде зиянкестік-жауыздық жұмыстар жүргізген. Сонымен қатар олар Ауғанстанда тұратын туысқандарының тікелей тапсырмасымен «Ауғанстанға көшіп барған қазақтар Кеңес өкіметінде тұратын қазақтардан жақсы тұрады, сондықтан бізге ұйымдасып, Ауғанстанға көшу керек» деген контрреволюциялық, жалақорлық үгіт жүргізген. Олар Ауғанстанда тұратын туыстарымен байланыс жасап тұрған, найман руындағыларды Ауғанстанға қоныс аударуды ұйымдастырған,— деген айыптаулармен Қадырбаев Халық, Биімбетов Нұрахмет, Қопабаев (Шаяхметов) Кәден, Досбамбетов Бөлеғұл Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 25 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 10 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 28 қарашадағы қаулысымен Қадырбаев Халық қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға сотталған. Осы қаулымен Қопабаев (Шаяхметов) Кәден, Досбамбетов Бөлеғұл, Бейімбетов Нұрахмет — әрқайсысы 10 жылдан концлагерге сотталған.

Қадырбаев Халық 1937 жылғы 19 желтоқсанда атылған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1963 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің 1937 жылғы 28 қарашадағы Х. Қадырбаев, Н. Биімбетов, Қопабаев (Шаяхметов), Б. Досбамбетов, жөніндегі қаулысы бұзылып, олардың тірлігінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, іс өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған. Олар толық ақталған.

## IV

**БАЙМАҒАМБЕТОВ** Мәмбет — Қызылорда аудандық № 10 Далакөл ауылдық кеңесі, «Мектеп» тозында 1876 жылы туған, негізі кедей-шаруа, сауатсыз, 1918 жылдан 1922 жылға дейін БК(б)П мүшелігіне кандидат, жарна пұл төлемегені үшін партиядан шығарылған, «Мектеп» тозында колхозшы, бұрын сотталмаған, үйлі-жайлы, әйелі — Айымторы, екінші әйелі — Тоқбике, баласы — Мәмбет, Орынтай.

**ЖАБАЕВ** Меңлібай — Қызылорда ауданының № 10 Далакөл ауылдық кеңесі, «Мектеп» тозында 1892 жылы туған, байдың баласы, шала сауатты, 1927 жылдан 1935 жылға дейін БК(б)П мүшелігіне кандидат, колхозды құлатқаны және колхоздың мүлкін талан-таражға салғаны үшін партиядан шығарылған, «Мектеп» тозының төрағасы болып жұмыс істеген, 1933 жылы колхоз мүлкін ішіп-жегені үшін 1 ай қамауда отырған, 1934 жылы колхоз мүлкін ішіп-жегені үшін 6 ай қамауда отырған, үйленген, әйелі — Тұрсынқұлова.

**ТЫНЫШТЫҚБАЕВ** Жетпісбай — Қызылорда ауданының № 10 «Шаған» ауылында 1890 жылы туған, кейін осы № 10 ауылдың «Мектеп» тозында тұрған, болыстың баласы, өзі ауыл старшинасы болған, салықты орындамағаны және тонағаны үшін екі рет сотталған, шала сауатты, 1922 жылдан 1927 жылға дейін БКП(б) мүшесі, сотталғаны үшін партия қатарынан шығарылған, 1927 жылы топ құрғаны және көшуді ұйымдастырғаны үшін 8 жылға Орал қаласына жер аударуға сотталған, 1929 жылы РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен 5 жылға сотталған. 1933 жылы топ ұйымдастырғаны үшін 4 ай қамауда отырған, 1936 жылдан су шаруашылығында, тозда мираб болып жұмыс істеген үйлі-жайлы, әйелі — Қадиша, екінші әйелі — Қанша, балалары Байнияз, Қазанқап.

Бұл азаматтар кеңес үкіметінің жат адамдары, бұрынғы еңбексіз табыспен тұратын табысты

байлар, өздері ұйымдасқан түрде жаттық-зиянкестіктерін жүзеге асыру мақсатында кеңес үкіметінің жүзеге асырып жатқан саяси-шаруашылық шараларына риза болмай колхоз құрылысына қарсы колхозшылар арасында үнемі контрреволюциялық үгіт таратқан. Сонымен бірге «Далакөл» ауылдық кеңесіндегі «Мектеп» колхозына мүше болып кіріп алып, қастандық бағыттарын жүзеге асыру мақсатында әртүрлі әдістермен партия қатарына кіріп алып, басшы қызметтерді алып, колхоздың шаруашылық-экономикалық күшін әлсіретіп, зиянкестік әрекеттер жасаған Мәселен, соңғы 3-4 жылдың ішінде егіс жұмысына зиянкестік жасап, әр жылы көктем егісін сапасыз егіп, агрономиялық шараларды қолданбай егістіктен тиісті мөлшерде өнім алынбаған. Соның салдарынан әр жылда колхозшылар еңбек күніне 3,5 700, 800 грамнан артық астық алмаған және бұл «Мектеп» колхозы осылардың зиянкестік істеген зардабынан егіс шықпай қалып, жылма-жыл үкіметке тапсыратын астықтай төлемдерін тапсыра алмай келген, үкіметтен алған тұқым қорын өздері бас болып ұрлаған. Егіс мерзімінде колхозшыларды егіске шығармай таратып жіберген.

Оларда тағылған айыптар:

Тыныштықбаев Ж.— кеңес үкіметінің жүргізіп жатқан саяси-шаруашылық шараларына қарсы контрреволюциялық үгіт таратқан. Сонымен бірге «Мектеп» колхозын құлатуға әрекет жасап, соңғы 3-4 жылдың көктем егісіне зиянкестік жасап, тиісті шараларды жүзеге асырмай құртқан, үкіметтің тұқымға берген жәрдем күрішін ұрлаған, сонымен ҚК-ның 58-10 1 және 58-7 бабына жататын қылмыс істеген.

Жабаев М.— «Далакөл» ауылдық кеңесінде «Мектеп» колхозының басқарма төрағасы болып тұрып, ұлтшылдық-ру таласын туғызып, кеңес үкіметінің саяси-шаруашылық шараларына қарсы контрреволюциялық үгіт таратқан. Сонымен қатар «Мектеп» колхозын құлату мақсатында соңғы 3-4 жылдың көктем егісіне зиянкестік істеп, тиісті қолданатын шараларды қолданбай өнімді құртып келген. 1937 жылы 22 гектар тары, 20 гектар жоңышқа шықпай қалған, колхоздың астығын ұрлаған. Бұл да ҚК-ның 58-10 1 және 58-7 бабына жататын қылмыс істеген.

Баймағамбетов М.— колхозшылар арасында жүріп, бұрынғы патша заманын мақтап, кеңес үкіметін жамандап, үкіметке қарсы контрреволюциялық үгіт таратқан, колхоздың астығын ұрлаған, колхозды құлату мақсатында зиянкестік әрекеттер жасаған. Бұл да ҚК-ның 58-10 1 және 58-7 бабына жататын қылмыс жасаған.

Осы қылмыстары үшін Баймағамбетов Мәмбет Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 26 тамыздағы, Жабаев М.— 1938 жылғы 11 ақпандағы, Тыныштықбаев 1938 жылғы 7 ақпандағы қаулыларымен тұтқынға алынып, қылмысты іс қозғалған.

Тергеу барысында олар өздернің кінәсін мойындамаған. Айыптау қорытындысы 1938 жылы 13 наурызда облпрокурордың қорытындысымен бекітілген.

Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясының 1938 жылғы 14-15 маусымдағы үкімімен — Баймағамбетов Мәмбет, Жабаев Меңлібай, Тыныштықбаев Жетпісбай әрқайсы 15 жылға бас бостандық еркінен айыруға жазаларын өтеп болғаннан кейін әрқайсысы 5 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға, өздеріне тиісті мал-мүліктерін конфискелеуге сотталған

(істе онан кейінгі деректер жоқ).

## V

**ЕСЕНЖОЛОВ** Сентай — Сырдария ауданының № 3 Жетікөл ауылдық кеңесі, Ленин атындағы колхозда 1911 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Червяков көшесі № 46 үйде тұрған, білімі орта, партияда жоқ, үйленбеген. )амауға алынғанға дейін Қызылорlа аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып қызмет атқарған.

**НҰРҒАЛИЕВ** Дәржан — Чкалов облысы, Буртинск ауlаны, Пролетар ауылдық кеңесінде 1905 жылы туған, сауатты, 1929 жылдар БКП(б) мүшесі, Қызылорда аудандық партия комитетінің есеп бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған, осы ісі бойынша партия қатарынан шығарылған.

**ҚАНАФИН** Абдулла — Батыс-Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Бурсин ауылдық кеңесінде 1906 жылы туған, байдың баласы, сауатты, партияда жоқ, Қызылорда аудандық атқару комитетінің іс басқарушысы болып қызмет атқарған, үйленген, Арал қаласы, Ленинград көшесі, № 12 үйде тұрған.

**ДЫНБАЕВ** Тоғызбай — Қызылорда ауданының Тартоғай ауылдық кеңесінде 1887 жылы туған, сауатты, қамауға алынғанға дейін Қызылорда ауданының «Қоғалы» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған.

Бұлар Қызылорда ауданының территориясында тұрып, 1937 жылы кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйымның мүшесі болып, соның тапсырмасымен осы ұйымға жаңа мүшелер тартумен айналысқан. Есенжолов ВЛКСМ қатарында ұлтшылдық ұйымның мүшелерін қалдырып, комсомолды үшін колхозды құлатуға бағытталған контрреволюциялық жұмыстар жүргізген; контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға 5 адм тартқан. Мемлекетке мақта және дәнді дақылдар тапсыру жоспарын бұзған, колхоз малын қырып-жоюға ықпал жасаған және колхоздан шығу үшін үгіт жүргізген. Оның үгіттінің нәтижесінде 12 үй-қожалығы колхоздан қашып кеткен. Қанафин осы контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшесі ретінде оның тапсырмасымен СССР Қорғаныс қуатын әлсіретуге бағытталған контрреволюциялық жұмыстар жүргізген.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысымен — Нұрғалиев, Қанафин,

Есенжолов, Дынбаев — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған.
Осы іс бойынша Қазақ ССР прокуратурасы 1940 жылғы 16 қыркүйекте НКВД Басқармасы үштігінің қаулысына бақылау ретінде наразылық шығарған, онда істі өндірістен қысқартып, Нұрғалиевті, Есенжоловты, Қанафинді қамаудан босатуға сұранған.
Бірақ НКВД басқармасы Республика прокурорының наразылығымен келіспеген, 1941 жылғы 3 сәуірде НКВД Басқармасы Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің осы ісі бойынша қаулысы дұрыс деп қаулы шығарған.
1943 жылғы 23 ақпанда Қазақ ССР НКВД-сының Қорытындысы бойынша НКВД Басқармасы үштігінің қаулысы күшінде қалдырған.
Қызылорда облыстық КГБ Басқармасының тергеу бөлімшесінің 1956 жылғы 5 қыркүйектегі қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 7 желтоқсандағы Нұрғалиев Даржан, Қанафин Абдуллах, Есенжолов Сетай, Дынбаев Тоғызбайдың ісі жөніндегі қаулысы негізсіз деп табылған.
Осыған байланысты олар туралы іс қылмыс құрамы болмағандықтан тоқтатылып, барлық айыпкерлер толық ақталған.
Қызылорда облыстық соты Президиумының 1956 жылғы 18 қазандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 7 желтоқсандағы Нұрғалиев, Қанафин, Есенжолов, Дынбаев жөніндегі қаулысы бұзылып, оларға тағылған айыптың мойындарына қойылмағандықтан іс мүлдем қысқартылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бөлім бастығының 1995 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысымен — Нұрғалиев, Қанафин, Есенжолов, Дынбаев — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.
Есенжолов Сетай — 1937 жылы 7 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің қаулысымен (58-106 11 бабымен) 10 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған болатын, ол 10 жылды толық өтеп шыққан, СССР МВД-ның Тагилагында (қ. Нижний Тагиль, Свердлов облысы) болған. 1947 жылы 20 қарашада лагерден босанып шыққан, 1948 жылғы 18 қаңтарда Қызылорда қаласына қайтып келіп, Сырдария орман-тоғай шаруашылығында бас бухгалтер болып қызметке орналасқан.
Есенжолов Сетай лагерде жүріп Рогова Александра Степановна деген әйелге үйленген, Вячеслав — деген ұлы, Татьяна — деген қызы бар.
Есенжолов С. жаза мерзімін өтеп келгеннен кейін де ол қоғамдық қауіпті элемент деп табылып, Қызылорда облыстық МГБ Басқармасының 1949 жылғы 8 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі сол жылғы 12 ақпанда біткен, айыптау қорытындысы 15 ақпанда шығарылған.
СССР МГБ жанындағы Ерекше Мәжілісінің 1949 жылғы 25 мамырдағы қаулысымен өмір бойы тұруға жер аударуға сотталған.
Қызылорда облыстық Соты Президиумының 1957 жылғы 1 наурыздағы қаулысымен СССР МГБ жанындағы Ерекше мәжілісінің 1949 жылғы 25 мамырдағы Есенжолов Сетай жөніндегі қаулысы бұзылып, іс өндірістен қысқартылып, жер аударудан босатылған. Облпрокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

## VI

**БИҚОЖАЕВ** Алтынқожа — Сырдария ауданы, № 6, Сталин атындағы ауылдық кеңесте 1886 жылы туған, ишанның баласы, өзі де молда болған, діни медресе бітірген. Қамауға алғанға дейін Тереңөзек ауданының Бесөзек ауылдық кеңесі, «Қызыл ту» колхозында тұрған, 1931 жылы Қызылорда халық соты арқылы міндетті тапсырманы орындамағаны үшін 2 жылға сотталып, мерзімін өтеп шыққан.
**ҚОШҚАРОВ** Мамыт — Ақжарма ауылдық кеңесінде 1875 жылы туған, руы қара күшік, кейін осы ауданның Жәдігер ауылдық кеңесінде тұрған, ірі байдың, болыстың баласы, өзі де бай, ауыл старшинасы болған. 1935 жылы Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізгені үшін 3 жылға сотталған, жаза мерзімін толық өтемей, босанып шыққан, партияда жоқ, шала сауатты, әйелі — Қадиша, қызы — Күлжахан, балалары — Сардарбек, Сапабек, Қылышбек;
**МАМЫТОВ** Қылышбек — Ақжарма ауылдық кеңесінде 1912 жылы туған, қара күшік, кейін осы Қызылорда ауданының Жәдігер ауылдық кеңесінде тұрған, байдың ауыл старшинасының баласы, колхоздан шығарылған, сауатты, партияда жоқ. Қызылорда АӘК-те есепте тұрған, үйленбеген, сотты болмаған, жер өлшеу партиясында жұмысшы болып істеген;
**ШОНАЕВ** Тоқтасын — № 12, Ақжарма ауылдық кеңесінде, «Үшанкөл» серіктестігінде 1875 жылы туған, руы қара күшік, бай болған, Ақмырза қарақшылары қозғалысына белсене қатысқан, сауатсыз, партияда жоқ, «Үшанкөл» серіктестігінің мүшесі, сотты болмаған;
**СЕКСЕНБАЕВ** (Кенжеғұлов) Бисен — Ақжарма ауылдық кеңесінде, «Үшанкөл» серіктестігінде 1890 жылы туған, бай болған, 1929 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, міндетті тапсырманы орындамағаны үшін 5 жылға сотталған, 1931 жылы жаза мерзімін толық өтемей босанып шыққан, партияда жоқ, шала сауатты, колхозшы, әйелі — Еркесары, балалары — Спан, Алданазар, қызы — Күлаш;
**СЕРЖАНОВ** Ералы — Сырдария ауданы, № 6, Сталин атындағы ауылдық кеңесте 1901 жылы туған, молда, кейін осы ауданның «Ақарық» колхозында тұрған, Үргеніш қаласындағы үш жылдық діни медресені тәмамдаған;

**ҚАШАУБАЕВ** Қожагелді — Ақжарма ауылдық кеңесі, «Үшанкөл» серіктестігінде 1878 жылы туған, бай болған, сауатсыз, партияда жоқ, сотты болмаған, колхозшы, 1929 жылы міндетті салық тапсырмасын орындамағаны үшін мал-мүлкі тәркіленген, қуғын-сүргіннен қашып тығылған, әйелі — Маржанкүл, қызы — Ұлжамал, баласы — Жарылқап.

Жоғарыда аттары аталған байлар тобы Кеңес өкіметінің қас жауы ретінде 1935 жылдан «Үшанкөл» серіктестігінде контрреволюциялық жұмыстар жүргізген. Бұл топ өздерінің алдына серіктестіктің экономикалық қуатын бұзу және серіктестіктен жаппай шығып кетуге жету мақсатын қойған. Осы мақсатпен Шонаев Тоқтасын мен Қашаубаев Қожакелді 1936 жылы серіктестікке тұқым себуші болып кіріп алып, өздерінің контрреволюциялық жауыздық жұмыстарын жүргізе бастаған. Олар гектарға себілетін тиісті мөлшердегі тұқымды әдейі кем сеуіп, қалған тұқымды өзара бөлісіп алған. Соның салдарынан егіс толық шықпай, өнім алынбаған. Бұл контрреволюциялық байлар тобы серіктестіктің экономикалық құлдырауына қолдарын жеткізіп, колхозшылар барлық айла жолымен колхоз құрылысына қарсы контрреволюциялық үгіт таратқан, колхозшыларды колхоздан шығуға және жеке шаруашылықпен айналысуға шақырған. Колхозшыларға: «колхозда сендерді салықпен тұншықтырады, ал сендерге оны төлейтін ешнәрсе жоқ, сендерден барлық астықты Кеңес өкіметі тартып алады, сендер тағы да аштыққа ұшырайсыңдар» деп үгіт жүргізген. Колхозшыларды серіктестіктен шығу үшін контрреволюциялық үгітті тарату мақсатында Қошқаров Мамыттың тапсырмасы бойынша оның баласы Мамытов Қылышбек сол жылғы маусым айының басында Шонаев Тоқтасынның үйінде жасырын мәжіліс шақырып, оған Шонаев Тоқтасын, Мамытов Қылышбек, Сексенбаев Бисен, Қашаубаев Қожакелді қатысқан, онда колхоз жұмысына шықпай, өздерінің жеке шаруашылығымен айналысу, сонымен бірге колхозшылар арасында осындай контрреволюциялық үгіт жүргізу туралы шешімге келген. Осының салдарынан кейбір колхозшылар колхоз жұмысына шықпаған, ал жұмысқа шыққан колхозшылар күндік нормаларын орындамаған. Қорытындысында 50 гектар егістікті шегіртке жеп кеткен және кейінгі 4 айдың ішінде серіктестіктен 4 шаруа шығып кеткен, 5 шаруа серіктестіктен шығуға арыз берген.

Міне осындай айыптаулар негізінде Қызылорда қалалық-аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 25 тамыздағы қаулысымен Шонаев Тоқтасын, 25 желтоқсандағы қаулысымен Биқожаев Алтынқожа, Мамытов Қылышбек, Сексенбаев Бисен, Қашаубаев Қожакелді, Сержанов Ералы тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 7, 10 және 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Бірақ бұлар тергеу барысында өздерін айыпты деп санамаған. Айыптау қорытындысы бойынша бұл іс Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің қарауына жіберілген. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 30 желтоқсандағы қаулысымен А. Биқожаев, М. Қошқаров, К. Мамытов, Т. Шонаев, Б. Сексенбаев, Е. Сержанов, Қ. Қашаубаев — әрқайсысы 10 жылдан концлагерге сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының наразылығы бойынша Биқожаев Алтынқожа — 1989 жылғы 22 мамырда, Сержанов Ералы — 1989 жылғы 22 маусымда, облыстық прокурордың 1989 жылғы 26 қыркүйектегі наразылығы бойынша, ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде — Қошқаров Мамыт, Мамытов Қылышбек, Шонаев Тоқтасын, Сексенбаев Бисен, Қашаубаев Қожакелді — толық ақталған.

## VII

**МЕКТЕПОВ** Нұржан — Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1892 жылы туған, «Талды-арал» поселкасында тұрған, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 21 қыркүйектегі өкімімен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**БАЙҒОНОВ** Қалмаш — Қызылорда ауданының № 9 ауылында 1910 жылы туған, білімі орта, медтехникумды бітірген, Сагу-де оқыған, БЛКЖО мүшесі, Қызылорда мұғалімдер одағының төрағасы болып жұмыс істеген, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 15 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**ЕРШОҚАЕВА** Сәтен — Қызылорда ауданының № 1 ауылында, «Еңбекші дихан» колхозында 1898 жылы туған, БКП(б) 1927 жылдан мүше, осы ауылда парторг болып жұмыс істеген, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**ДОСЖАНОВ** Үйсімбай — Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1890 жылы туған, № 18 ауыл, «Колос» колхозында бухгалтер болып жұмыс істеген, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**ҚАУЫНБАЕВ** Қайыпназар — Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1911 жылы туған, білімі бастауыш, 1930 жылдан БК(б)П мүшесі, аудандық «Ленин туы» газетінің жауапты редакторы болып жұмыс істеген, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 21 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**ТЫШҚАНБАЕВ** Омар — Қызылорда ауданының № 4 ауылында 1907 жылы туған, білімі бастауыш, Қызылорда аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып жұмыс істеген, 1930 жылдан

БКП(б) мүшесі, Қызылорда аудандық НКВД бөлімшесінің 1937 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**ЕРШОҚАЕВ** Дәуренбек — Қызылорда ауданының № 14 ауылында 1897 жылы туған, партияда жоқ, Тартоғай жетіжылдық мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген, Қызылорда аудандық НКВД бөлімшесінің 1937 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**АБДУЛОВ** Ахмет — Батыс Қазақстан облысы, Жемпеті ауданының № 1 ауылында 1901 жылы туған, Қызылорда ауданының № 1 ауылында, Тартоғай поселкасында тұрған, 1927 жылдан БК(б)П мүшесі, сауатты, 2 жылдық партия-совет мектебін бітірген, «Қоғалы» колхозында счетовод-есептеуші болып жұмыс істеген, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**ТӘЖИЕВ** Есмұқан — Қызылорда ауданының № 10 ауылында «Қатыкөл» колхозында тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, № 2 ауылдың «Қаты-көл» колхозы төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**БАЙЖАНОВ** Зұбайыр — Қызылорда ауданының № 2 ауылында 1899 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, «Айдарлы» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған, партияда жоқ, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 26 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**МЕДЕТОВ** Қалмахан — Қызылорда ауданының № 10 ауылында 1900 жылы туған, колхозшы, шала сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, «Қаты - көл» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

**МІРАХМЕТОВ** Жанзақ — Қызылорда ауданының № 1 ауылында 1895 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, «Кеңес» колхозы төрағасы орынбасары болып жұмыс істеген, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1937 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58 бабының 2 тармағымен айып тағылып, қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік-Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қазандағы қаулысымен: Мектепов Нұржан, Байғонов Қалмаш, Ершоқаева Сәтен, Досжанов Үсембай, Қауынбаев Қайыпназар, Тышқанбаев Омар, Ершоқаев Дәуренбек, Тәжиев Есмұқан, Мірахметов Жанзақ — ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған.

Байжанов Зұбайыр, Медетов қалмахан, Абдулов Ахмет — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1958 жылғы 29 қаңтардағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қазандағы осы 12 айыпкер адамдардың ісі бұзылып, олардың барлығының ісінде қылмыс құрамы анықталмағандықтан өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы қортындысымен барлық 12 адам Қазақстан Республикасы Президентінің 14 сәуір 1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының негізінде толық ақталған.

## 1938 жылы

### I

**КАН** Чан-Бом — родился в 1902 году в гор. Сендин, Корея, до ареста проживал в Сыр-Дарьинском районе, работал заведующим лабораторией риса в колхозе «Казрис».

**ЛИ** Су-Хек — родился в 1895 году в Корее, до ареста проживал в Сыр-Дарьинском районе, работал бригадиром колхоза «Казрис».

Они арестованы Сыр-Дарьинским районным отделом НКВД, возбудило уголовное дело по ст. 58-2 УК РСФСР, их обвинило в том, что они занимались шпионажем иностранной разведки в пользу Японии. Осуждены НКВД СССР 11 февраля 1938 года: оба к высшей мере наказания — расстрелу.

По протесту областной прокуратуры реабилитированы: Кан Чан-Бом 4 августа 1989 года, Ли Су-Хек — 30 июня 1989 года.

### II

**ЮН** Ден — родился в 1910 году в гор. Ингин, Корея, до ареста проживал в Соло-тюбе, без определенных занятий.

**ТЕН** Сен-УК — родился в 1888 году в Корее, до ареста проживал на ст. Соло-тюбе, без определенных занятий.

**ХЕ** Ги-Рен — родился в 1916 году в Уссирийской области, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орде, работал в колхозе «Казрис».

**ХЕ** Хон-Нам — родился в 1907 году в селе Сендик, Корея, до ареста проживал в гор. Кзыл-Орда, работал в колхозе «Казрис».

**КИМ** Менсик Моисей — родился в 1908 году в Корее, до ареста проживал в ауле № 18, работал колхозником колхоза «Интернационал».

**ЛИ** Ен-Хен — родился в 1901 году в Корее, член ВКП(б), до ареста проживал в ауле № 15, в колхозе «Теренсай» работал сезонным рабочим.

**СИН** Сын-Хо — родился в 1875 году в гор. Пукчен, Корея, до ареста проживал в колхозе «Интернационал», колхозник.

Этих 7 граждан-корейцев арестовали в конце — в начале сентября 1938 года, возбудили уголовное дело по ст. 58-2 УК РСФСР, обвинили в шпионаже в пользу иностранной разведки. Решение НКВД и Прокуратуры СССР от 5 сентября 1938 года осуждены все они к высшей мере наказания — расстрелу.

Они полностью реабилитированы: Юн ден, Тен Сен-Ук — 13 июля 1989 года, Хе Хон-Нам — 30 июня 1989 года, Хе Ги-Рен — 7 августа 1989 года, Ким Менсик Мосей — 11 августа 1989 года, Син Сын-Хо — 30 августа 1989 года. Определением Военного Трибунала ТуркВО от 26 марта 1963 года постановление комиссии НКВД и Прокуратуры СССР от 5 сентября 1938 года в отношении Ли Ян-Хена отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления.

## III

**ЦХЕ** Роман Сергеевич — родился в 1900 году в селе Благославенное, Сталинского района Еврейской автономной области, до ареста работал бухгалтером колхоза «Красный колокол», с 1925 по 1936 год состоял в рядах ВКП(б), по национальности — кореец.

**ТЕН** Шен-Ше — родился в 1869 году в гор. Хверон, Корея, до ареста проживал в колхозе «Интернационал», колхозник.

Этих 2 граждан-корейцев арестовало Сыр-Дарьинское районное отделение НКВД, обвинило по ст. 58-2 УК РСФСР, в шпионаже иностранной разведки. Осуждены Особой тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 29 сентября 1938 года — оба к высшей мере наказания — расстрелу. Определением Военного трибунала Туркестанского Военного округа 10 мая 1961 года — постановление Особой тройки УНКВД по Кзыл-Ординской области в отношении Цхе Романа Сергеевича отменено, и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления. Протест Военного прокурора ТуркВО на постановление особой тройки удовлетворен, он реабилитирован в 1961 году. А что касается Тена Шена-Шина — он полностью реабилитирован 22 мая 1989 года.

## IV

**Ю** У-Сеп — родился в 1881 году в гор. Мен-Чен, Корея, до ареста проживал в Сыр-Дарьинском районе, работал колхозником колхоза «Ким».

**ХЕ** Ен-Ен — родился в 1906 году в Корее, до ареста проживал в Сыр-Дарьинском районе, работал колхозником в колхозе «Красный пахарь».

Этих 2 граждан-корейцев арестовало Сыр-Дарьинское районное отделение НКВД, возбудило уголовное дело по ст. 58-2 УК РСФСР. Осуждены особой тройкой УНКВД по Кзыл-Ординской области 5 октября 1938 года — оба к высшей мере наказания — растрелу.

Полностью реабилитированы: Ю У-Сеп — 22 мая 1989 года, Хе Ен-Ен — 17 августа 1989 года.

## V

**У** Пен-Сан — родился в 1897 году в Корее, до ареста проживал в Сыр-Дарьинском районе, работал колхозником.

**ЛИГАЙ** Сан-Дык — родился в 1910 году в Корее, до ареста проживал в Сырдарьинском районе, работал колхозником в колхозе «Казрис».

Этих 2 граждан-корейцев арестовало Сыр-Дарьинское районное отделение НКВД, возбудило уголовное дело по ст. 58 УК РСФСР. Осуждены особым совещением при НКВД 19 июня 1938 года — к 8 годам лишения свободы каждый. Полностью реабилитированы: У Пен-Сан — 9 июня 1989 года, Лигай Сан-Дык — 30 июня 1989 года.

## VI

**ӘШІМОВ** Исматулла (Исмат) — Қызылорда ауданының № 11 ауылында 1896 жылы туған, білімі орта, 1926 жылдан БК(б)П мүшесі, 1918 жылдан 1930 жылға дейін Қызылорда қаласында мұғалім, балалар үйінің директоры болған, 1930 жылдан 1931 жылға дейін Аламесек ауданында аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, 1932 жылдың қыркүйек айынан 1933 жылдың қазан айына дейін Сұлутөбе МТС-ы директорының орынбасары, 1933 жылғы қазан айынан 1934 жылдың қараша айына дейін Қызылорда ауданы, № 15 ауыл, «Қарауылтөбе» колхозының төрағасы, 1934 жылдың қараша айынан 1935 жылдың қазан айына дейін Қызылорда аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1935 жылдың қазан айынан 1937 жылдың наурыз айына дейін Қызылорда қаласында балалар үйінің директоры, 1937 жылдың сәуір айынан бастап Қызылорда аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1938 жылғы 8 қаңтарда осы іске байланысты партиядан шығарылған.

Оған тағылған айып: ол контрреволюциялық ұлттық-көтерілісшілер ұйымының мүшесі болған, ұйымның алға қойған мақсаты Қазақстанда Кеңес өкіметін құлатып, капиталистік құрылысты қайта құру болған, осы ұйымның тапсырмасымен аудандық денсаулық сақтау бөлімінің жұмысын құлатқан, контрреволюциялық ұйымға және аудандық денсаулық сақтау бөліміне Кеңес өкіметіне қарсы бейімделген адамдар мүше тартқан, сондайларды іріктеп жұмысқа алған.

**СҮЙІНБАЕВ** Серікбай Атмұхамбетұлы — Қызылорда ауданының № 5, Октябрь ауылдық кеңесінде 1908 жылы туған, Қызылорда қаласында тұрған, әкесі молда болған, 1932 жылдан БК(б)П мүшелігіне кандидат, аудандық атқару комитетінің құпия бөлімінің меңгерушісі және аудандық ЛИТО меңгерушісі болып қызмет атқарған. Халық жауларымен байланыс жасағаны үшін қызметтерінен қуылған. Ол да контрреволюциялық ұлттық-көтерілісшілер ұйымының мүшесі болған, жауыздық жұмыстар

жүргізген, аудандық атқару комитеті жанындағы қосалқы шаруашылықтың жұмысын құлатуға қатысқан, бұл шаруашылықты контрреволюциялық ұйымның мүшелерін азық-түлікпен қамтамасыз ететін пайда көзіне айналдырған, ЛИТО-ның меңгерушісі болып тұрып «Ленин туы» газетінде ірі саяси қателер мен және түсініксіз суреттер басып шығаруға жол берген. Ол осы контрреволюциялық ұйымның ақша таратушысы (кассирі) болып, контрреволюциялық жұмыстарға жұмсау мақсатында ірі сомалы ақшаны әдейі сақтаған.

**ШАХМЕТОВ** Пірмағамбет — Тереңөзек ауданының № 7, Бесөзек ауылдық кеңесінде 1909 жылы туған, 1928 жылдан БЛКСМ мүшесі, Қызылорда аудандық оқу бөлімінің инспекторы болып қызмет атқарған, жұмыстан халық жауларымен байланыс жасағаны үшін шығарылған, контрреволюциялық, ұлттық-көтерілісшілер ұйымының мүшесі болған, осы ұйымның тапсырмасымен халық ағарту жұмысына бөлінген мемлекеттік қаржыны талан-таражға салу жолымен бұл саланың жұмысын құлату саясатын жүргізген.

**БАСАНОВ** Есен — Қызылорда ауданының № 13 ауылында 1907 жылы туған, қызметкер, 1931 жылдан БК(б)П мүшесі, партиядан 1938 жылғы 25 қаңтарда шығарылған, Қызылорда базарының директоры болып істеген. Бұл да контрреволюциялық ұлттық-көтерілісшілер ұйымының мүшесі болған, базар саудасында саудагерлер элементтерін сақтап қалуға бағытталған жұмыс жасаған, сонымен қатар саудагерлерден алынған иесі жоқ 4 мың сомға жуық заттарды пайдаланып кеткен.



**ШӨКЕЕВ** Сейсенбай — Түркістан ауданында Оранғай ауылында 1905 жылы туған, 1928 жылдан БК(б)П мүшелігіне кандидат, Қызылорда аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. Бұл да жоғарыда айтылған контрреволюциялық ұлттық көтерілісшілер ұйымының мүшесі болған, сол ұйымның тапсырмасымен ауданда ірі суммада мемлекет қаржысын ұрлауға ықпал жасаған, қаржы бөлімінің жұмысын құлатқан.

**КЕНЖЕБЕКОВ** Химуран (Хаймуран) — Балқаш қаласында 1914 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, Кзылорда ауылшаруашылық техникумының студенті. Бұл да сол контрреволюциялық ұлттық-көтерілісшілер ұйымының мүшесі болған, сол ұйымның тапсырмасымен студенттер арасында террорлық әрекеттерге бару мақсатында үгіт жүргізген. Ол студенттер арасында былай деп сөз айтқан: «менің комсомол билетім бар, егер де мылтығым және ақшам болса, Мәскеуге кетер едім, Кремльге кіріп партия көсемін өлтірер едім».

Бұл 6 азамат Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 8 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен: Әшімов Исматулла, Сүйінбаев Серікбай, Шөкеев Сейсенбай, Шахметов Пірмағамбет, Кенжебеков Химуран, Басанов Есен — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға сотталған. Осы үкіммен аттары аталған 6 азамат 1938 жылғы 14 ақпанда, үштік соты аяқталысымен бірден атылған.

Қызылорда облыстық сотының президиумы 1957 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысы бұзылып, жоғарыда аттары аталған 6 азаматтың әрекеттерінде қылмыс құрамының жоқтығына байланысты олар жөніндегі қылмыстық іс тоқтатылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 28 мамырдағы қорытындысымен Әшімов Исматулла, Сүйінбаев Серікбай, Шөкеев Сейсенбай, Шахметов Пірмағамбет, Кенжебеков Химуран, Басанов Есен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы бойынша толық ақталған.

## VII

**МАНАТАЕВ** Ордазбай — Қызылорда ауданының № 11 ауылы, Аламесек ауылдық кеңесінде 1905 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Қарақалпақ көшесі (қазіргі Журба көшесі), № 61 үйде тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, Қызылорда депосында слесарь болып жұмыс істеген, әйелі Шайшекер.

**ОҢҒАРОВ** Кожаназар — Қызылорда ауданының № 15 ауыл, Аламесек ауылдық кеңесінде 1883 жылы туған, кейін Қызылорда қаласы, Нариманов түйығы, № 48 үйде тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, Қызылорда депосы қосалқы цехында күзетші болып істеген.

Айыптау қорытындысы бойынша: Оңғаров Кожаназар мен Манатаев Ордазбай депо жұмысшыларының арасында жергілікті қазақтар мен корейлер арасында ұлттық алауыздық тудыру бағытында контрреволюциялық-жалақорлық үгіт таратқан. Оңғаров Манатаевқа «кәрістер аштық салдарынан адам етін жеумен айналысып жатыр» деп ойдан шығарылған мысал келтірген. Бұл контрреволюциялық жала қазақ жұмысшылары арасында тараған және бұл қорқыныш тудырып, кәрістерге сенбеушілікке әкеліп соқтырған. Сөйтіп Кеңес өкіметінің шараларын теріске шығарғысы келген. Сол үшін бұл екеуі Қызылорда стансасының ОДТО ГУГБ НКВД-ның 1938 жылғы 29 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағымен және 59 бабының 7 тармағымен айыпталып, қылмыстық іс қозғалған.

Тәшкен темір жолының тораптық сотының 1938 жылғы 4 мамырдағы үйғарымымен Оңғаров Қожаназар мен Манатаев Ордазбайдың қылмыстарын РСФСР ҚК 59 бабының 7 тармағына жатқызып, олардың қылмысын 58 баптың 10 тармағына жатқызуға негіз болмағандықтан, алынып тасталған. Тәшкен темір жолы тораптық сотының 1938 жылғы 20 қазандағы үкімімен Оңғаров Кожаназар РСФСР ҚК 59 бабының 7 тармағымен 2 жылғы бас бостандығынан айырып, еңбекпен түзеу лагеріне сотталған. Манабаев Ордазбайдың әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан сот арқылы ақталып, қамаудан босатылған.

СССР Жоғарғы сотының теміржол коллегиясының 1938 жылғы 22 қарашадағы үйғаруымен, Тәшкен теміржолы тораптық сотының 1938 жылғы 20 қазандағы Оңғаров Кожаназар жөніндегі үкімі бұзылып, оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. Оңғаров қамаудан босатылған.

### VIII

**БИСЕМБАЕВ** Омар — Қызылорда қаласында 1898 жылы туған, діни білімі бар, партияда жоқ, дүкен сатушысы, саудагер баласы, 1925 жылдан Мұхташа хатшысы болған, 1927 жылы және 1934 жылы дауыс беру құқығынан айырған.

**ЕСОВ** Сәтпай — Қазалы ауданының № 15 ауылында 1870 жылы туған, бастауыш діни білімі бар, партияда жоқ, молда, кейін Қызылорда қаласында туған, 1937 жылғы 31 желтоқсанда РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағымен 107 бабпен 5 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 2 жыл саяси құқығын жоюға сотталған.

Бұл 2 азаматтың екеуі де капиталистік елдердің көмегімен кеңес үкіметін құлатып, «бірыңғай ерікті мұсылман өкіметін» қайта құруды мақсат етіп қойған контрреволюциялық бас көтеруші мұсылман тобының мүшелері болған, қазақ еңбекшілері арасында оларды діни қоғамға тартып, кеңес, үкіметіне қарсы шығуға дайындау үшін контрреволюциялық жұмыстар жүргізген, мешітте өткізілген контрреволюциялық мәжіліске екі рет қатысқан, — деп айып тағылып, Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 1938 жылғы 24 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы үштігінің 1938 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен — Бисембаев Омар, Есов Сәтпай — ең жоғарғы жазу — ату жазасына сотталған.

Қызылорда облыстық соты Президиумының 1960 жылғы 13 желтоқсандағы қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1938 жылғы 14 ақпандағы Бисембаев Омар, Есов Сәтпай жайлы қаулысы бұзылып, оларға тағылған айып анықталмағандықтан іс өндірістен қысқартылған. Облыстық прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бөлімінің 1991 жылғы 21 желтоқсандағы қортындысымен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес Бисембаев Омар, Есов Сәтпай толық ақталған.

## 1939 жылы

### I

**КИМ** Мен Гон — родился в 1884 году в гор. Кен-Сен, Корея, до ареста проживал в Сыр-Дарьинском районе, работал колхозником в колхозе «Красный колокол».

**ТЕН** Мун — родился в 1884 году в Корее, до ареста проживал в колхозе «Красный колокол», колхозник.

**ЛИ** Николай Иванович — родился в 1916 году в Уссирийской области, ДВК, до ареста проживал в колхозе «Красный колокол», колхозник.

Этих 3 граждан-корейцев обвиняли в шпионаже в пользу иностранной разведки, арестовали, привлекали к уголовной ответственности по ст. 58-2 УК РСФСР. Осуждены они Кзыл-Ординским областным судом 2 января 1939 года к 5 годам тюремного заключения каждый.

Они полностью реабилитированы 4 октября 1989 года.

### II

**ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ** Жұмаділ — Тартоғай селосында 1885 жылы туған, қамауға алғанға дейін осында тұрған.

**СЫЗДЫҚОВ** Қалкөз — Тартоғай селосында 1904 жылы туған, қамауға алғанға дейін осында тұрған.

Бұл 2 азаматқа РСФСР ҚК 58 бабы бойынша айып тағып, қамауға алған, оларға РСФСР ҚК 58 бабымен қылмыстық іс қозғаған. Қызылорда облыстық соты 1939 жылғы 11 мамырдағы үкімімен: Төлепбергенов Жұмаділді 10 жыл, Сыздықов Қалкөзді — 7 жыл түрме жазасына сотталған.

Облыстық прокурордың 1995 жылғы 21 желтоқсандағы үйғарымымен, Қазақстан Республикасының «жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде, екеуі де толық ақталған.

## 1942 жылы

**БАРСКАЯ** Малка Пиновна — родилась в 1910 году в гор. Резина, Молдавской ССР, еврейка, беспартийная, не работала, проживала в гор. Кзыл-Орда.

**ПАРНОС** Анна Шаевна — родилась в 1919 году в гор. Бенцы Молдавской ССР, еврейка, беспартийная, грамотная, работала портнихой при Польском представительстве, проживала в гор. Кзыл-Орда.

Эти 2 гражданки арестованы по постановлению ЭКО УНКВД по Кзылординской области от 30 декабря 1942 года, возбуждено уголовное дело по

ст. 58-10 и ст. 58-11 УК РСФСР. По приговору судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского облсуда от 24 февраля 1943 года, по которым Барская М. П. и Парнос А. Ш: обе осуждены к лишению свободы на 10 лет с поражением в избирательных правах на 3 года. Определением судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Каз. ССР от 16 марта 1943 года Приговор Кзыл-Ординского облсуда от 24 февраля 1943 года оставлен в силе.
Постановлением Президиума Верховного Суда Каз. ССР от 30 августа 1993 года приговор Кзыл-Ординского облсуда от 24 февраля 1943 года и определение судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Каз. ССР от 16 марта 1943 года в отношении Барской М. П. и Парнос А. Ш. Отменены и дело производством прекращено за отсутствием в их действиях состава преступления. Протест Земестителя прокурора Каз. ССР удовлетворен.

### 1943 жылы

**КОХМАНСКИЙ** Бронислав Владиславович — родился в 1903 году в гор. Ланьцут, Краковской области, Польша, гражданин СССР, образование высшее, профессор иностранных языков гимназии, доверенное лицо Польского посольства в гор. Кзыл-Орда. В июле 1940 года осужден Особым Совещением при НКВД СССР за нелегальный переход границы к 5 годам ИТЛ, в 1941 году амнистирован как бывший польский гражданин.
**ЯНЧИЛИК** Юзефа Антоновна — родилась в 1912 году в дер. Вульна Драгунская, Белостокской области, Польша, полька, одинокая, образование начальное, гражданка СССР; не работала, проживала в гор. Кзыл-Орда, ул. Переездная, 14.
Они обвинялись в том, что являлись агентами иностранной разведки, по заданию которой проводили шпионскую и другую вражескую работу против СССР. Вместе с тем являлись гражданами СССР, без разрешения органов Советской власти и соответствующего оформления документов в установленном законом порядке о выходе из гражданства СССР, зарегистрировали себя в посольстве как Польского гражданина, тем самым незаконно приобрели иностранное подданство, тоесть изменяли Родине, получения советствого паспорта отказались, за что постановлением КРО УНКВД по Кзыл-Ординской области от 13 марта 1943 года они арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. 58-1 «а» и 16-192 «а» ч. 2 УК РСФСР.
По постановлению Следотдела УНКГБ по Кзыл-Ординской области от 18 октября 1943 года ранее предъявленное Кохмановскому и Янчилик обвинение по ст. 58-1 «а» УК снято за недоказательностью, квалифицируя состав преступления Кохманского по ст. 58-10 ч 2 и 16-192 п «а» ч. 2 УК, а Янчилик по ст. 16-192 п. «а» ч. 2 УК РСФСР.
Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского областного суда от 22 ноябры 1943 года Кохманского Б. В. и Янчилик Ю. А. оправданы на основании по п. 3 ст. 326 УПК Кохманского Б. В., по п. 5 ст. 4 УПК — Янчилик Ю. А., мера пресечения их изменена и они из под стражи освобождены.
По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 24 апреля 1997 года Кохманский Б. В. и Янчилик Ю. А. ст. 1 Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитированы.

### 1945 жылы

**ЕСПАНОВ** Әли — Сырдария ауданы, № 14 ауыл, Сұлутөбе поселкасында 1909 жылы туған, БКП(б) мүшесі, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласының түрмесінде надзиратель болып істеген.
**ЕРНАЗАРОВ** Әлихан — Сырдария ауданының № 11 ауылында 1906 жылы туған, қамауға алғанға дейін Қызылорда қаласының түрмесінде надзиратель болып істеген.
Бұл 2 азамат Қазақ ССР НКГБ Ерекше инспекциясының 1945 жылғы 11 мамырдағы қаулысымен қамауға алынып, ҚК 162 «Д» бабымен қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облысының НКВД басқармасының әскери трибуналының 1945 жылғы 21 тамыздағы үкімімен Еспанов Әли 5 жылға сотталған, ал Ерназаров Әлихан — қамаудан босатылған. Ақтөбе облысының НКВД басқармасы Әскери трибуналының 1945 жылғы 8 қыркүйектегі анықтамасымен Еспанов Әли де қамаудан босатылған.

# ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША

## 1931 жылы

**КӘРІМБАЕВ** Орымбай — Жалағаш ауданының № 4 ауылында 1880 жылы туған, руы керейт, бай, дінді уағыздаушы болған, сауатты, партияда жоқ, колхоз шаруашылығын бүлдіргені және қарақшылығы үшін екі рет тұтқында болған, «Таң» колхозында шаруашылық меңгерушісі (завхоз), кейін колхоз төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, үйленген, бір баласы бар.

**ДОСКУЛИН** Нахан — Жалағаш ауданының № 4 ауылында 1893 жылы туған, руы керейт, бай - саудагер болған, шала сауатты, партияда жоқ, қарақшылығы үшін тергеуде болған, бірақ сотталмаған, қамауға алынғанға дейін «Таң» колхозында шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеген, үйленген, үш баласы бар.

Кәрімбаев Орымбай мен Доскулин Нахан — революцияға дейін № 4 ауылда өз табының, байлар мен жартылай феодалдар және атқамінерлер арасында үлкен беделге ие болған. Осы беделдерін олар революциядан кейінгі жылдарда пайдаланып, ауылдың оқымаған, қараңғы кедейлерін кеңес өкіметінің ауылдарда жүргізіп жатқан шараларына қарсы қойған, әсіресе ауылды таптық күрес өршіген кезде, социалистік сектор қарыштап өскен кезде Кәрімбаев пен Доскулин өздерінің алдына ауылшаруашылығының жаңа социалистік түріне көшкен кезде оның ішіне кіріп, іштей тарату мақсатын қойған. Бұл мақсаттарын орындай алмайтынын сезген олар енді түрлі айла-шарғымен ауылдың негізгі шаруаларын ұйымдастырып, қолдарына қару алып, кеңес өкіметінің ауылдарда жүргізіп жатқан шараларына қарсы қоймақшы болған. Мәселен, 1928 жылдың күзінде Кәрімбаев пен Доскулин өздерінің малдарын Қарақұм жерінде апарып сатып, № 4 ауылға қайтып келген, ауылда байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкін конфискелеу біткеннен кейін 1929 жылдың басында олар «Таң» ауыл шаруашылық артеліне мүше болып кірген.

1929 жылдың көктемінде олар колхоз кедейлерін 83 гектар таза тұқымды күріш егуден бас тартуға үгіттеген, соның салдарынан күріш егу жұмысы мерзімінен 26 күнге кешіктірілген, егілген күріш суық түскенше піспеген, соның салдарынан колхоз ақшаға шаққанда 21000 сом зиянға отырған. Кәрімбаев Орымбай діни жолмен бақсылық жасап, оқымаған қараңғы кедейлерден, өлген адамдар, жаңа туғандар және некеге тұрғандардан бақсылық жасағаны үшін ақшалай және малдай алым алып отырған. Ал Доскулин колхоз мүшесі болып тұрған кезінде де саудамен айналасқан, тек 1929 жылдың күз айында ғана сауданы қойған.

1930 жылдың наурыз айында коллективтік шаруашылық қарыштап өскен кезде, Аламесек ауданының кейбір ауылдарында жолдан шығушылық болған кезде № 4 ауылда ондай жағдай болмаған, өйткені колхоз 1929 жылдың басында ұйымдасқан болатын. Кәрімбаев пен Доскулин жолдан шығу туралы жалпы айқай-шуды пайдаланып, Ақмырза отрядына көмек көрсету ретінде қарақшылар отрядын ұйымдастыруға кіріскен, ондағы мақсаты кеңес үкіметімен қарулы топ күресін жүргізу болған. Олар өздерінің ауылындағы байлар мен молдалар мен бірлесіп құпия жиналыс өткізіп, онда колхоздың қоғамдық мүлкінің, ауыл коммунистерінің, ауылдық кеңес мүшелерінің тізімін алған, Доскулин өзінің туысымен Ақмырза қарақшыларына жіберілген, олар колхозшылар арасында жаңа ұйымдасатын қарақшылар тобына кіру үшін күшті үгіт жүргізген, тіпті Доскулин осы отрядтың командирлігіне бөлінген. Наурыз айының аяғында Қарақұм қарақшыларының басшысы Ақмырза коммунистік отрядтар арқылы өлтірілген, сонымен ұйымдастырылған қарақшылар отряды жасырынға (подполье) шыққан, бірақ тарап кетпеген.

1930 жылдың сәуір айында «Таң» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері 800 гектар күріш және 550 гектар басқа дақылдар егудің жоспарын алған, сөйтіп егіс егуге кіріскен. Кәрімбаев пен Доскулин және № 4 ауылдың басқа да байлары бұл шараға қарсы тұрған, содан кейін колхозшылар арасында жұмысты тоқтатып, басқарманы колхоз жұмысы туралы есеп беруге көндіру керек деп үгіт жүргізген. Бұған дейін олар ауыл шаруашылығының жаңа Уставын қараған колхоз жиналысын бұзған және оларда екі жүзден астам таратылмаған отряд болған. Жиналысты және егіс егу жұмысын бұзғаны үшін Аламесек аудандық милициясының бастығы арқылы милиционер жіберіліп, Кәрімбаев пен Доскулин және басқа байлар тұтқынға алынған, таратылмаған қарақшылар отряды мен тұтқынға алынбаған байлар-

дың бір бөлігі Кәрімбаев пен Доскулиннің нұсқауымен тұтқындарды босату талабымен аудан орталығына кеткен. Бұл отряд 250 адамнан тұрған, оның ішінде әйелдер де болған. Ауданның өкімет органдары арқылы қылмыскерлер босатылып, жазаланбаған. Кәрімбаев пен Доскулин тұтқында жатқан кезінде «Таң» ауыл шаруашылық артелінің басқармасы Қызылорда қаласында кендір тресімен колхоздың жерін трактормен айдау жөнінде шарт жасасқан.

Кәрімбаев пен Доскулин тұтқыннан босанып келгеннен кейін алдарына мынадай мақсат қойған: Басқарманың беделін түсіру, жерді трактормен айдау жұмысын бұзу, ұйымдасқан коллективтік жұмысты бұзу, егісті жекешелендіріп егуге бағыттау. Олар «көкпар» ұйымдастырған, колхозшыларды көкпар тартуға қоғамдық аттарды пайдалану туралы үгіт жүргізген, тракторларға керосин уақтылы жеткізілмеген, айдауға жарамсыз жерлерді көрсеткен, тракторлардың жұмыс істегенінен бос тұрғаны көп болған, егістік жердің 50 проценті ғана айдалған.

1930 жылдың шілде айында Кәрімбаев пен Доскулин колхозшылар арасында шөп шабатын машина алудан және онымен шөп шабудан ұйымдасқан түрде бас тарту туралы үгіт жүргізген. Олар: «машина біздің жағдайымызға тура келмейді, машинамен шабылған шөптен мал өлімі көп болады, қәзір өлмегенімен бір-екі жылда бәрі қырылады»— деген. Трактормен жыртылған жерге егілген күріштікке әдейі өздерінің малдарын жіберіп, 65 гектар таза сортты күрішті мал аяғына бастырған. Шөп дайындау науқаны кезінде олар бұл жұмысқа зиянкестік жасау мақсатында «көкпар» ұйымдастырған, сөйтіп «Таң» ауыл шаруашылық артелінің басқарма мүшелерінің жұмыстарының беделін түсіріп, 1930 жылдың тамыз айының басында Кәрімбаев пен Доскулин басқарма мүшелері ретінде — Кәрімбаев колхоз төрағасының бірінші орынбасары және шаруашылық меңгерушісі, Доскулин қойма меңгерушісі қызметтеріне орналасып алған. Осыдан кейін де олар өздерінің кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық жауыздық-зиянкестік жұмыстарын тоқтатпаған, қайта оны өршіте түскен. Көкпар ұйымдастыру жиі болып тұрған, соның салдарынан жұмыс аттары, шөп шабатын машиналар қатардан шығып қалып отырған. Олар колхозшыларды артық астықты мемлекетке өткізбей тығып тастауға үгіттеген, коммунистерді, ауылдық кеңестің активтерін өлтіреміз деп қорқытқан. Коммунистер Аламесек аудандық партия комитетіне өлімнен қорқып, жұмыстан босату туралы арыздар берген. Кәрімбаев пен Доскулин: «бізге мектептің, колхоздың керегі жоқ, бізге мешіт керек»— деген.

Осы қылмыстары үшін Кәрімбаев Орымбай мен Доскулин Нахан Қызылорда аудандық ОГПУ бөлімінің 1931 жылғы 4 қаңтардағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 14 тарауларымен және 59 бабының 3 тарауымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қортындысы 1931 жылдың 1 ақпанында шығарылған, онымен аудандық прокурор келіскен.

Қазақстандағы ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы Үштіктің 1931 жылғы 6 мамырдағы қаулысымен — Кәрімбаев Орымбай мен Доскулин Нахан — ең жоғары қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған, екеуінің де мал-мүлкі конфискеленген. Үкім Шымкент қаласында орындалған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 29 маусымдағы қортындысымен Кәрімбаев Орымбай мен Доскулин Нахан — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указы негізінде толық ақталған.

### 1932 жылы

**ИМАНҚҰЛОВ** Ғапур — Жалағаш ауданының № 44 ауылында 1912 жылы туған, ірі көпес-байдың баласы, әкесінің Жалағаш поселкасында сауда дүкені, қыштаған үйі, жеке мешіті болған, малы көп болғандықтан жалшы жұмыс күшін ұстаған. Ғапурдың білімі 7 класс, ата-тегін жасырып 1925 жылы БЛКЖО қатарына кірген, жұмыс істемеген, бұрын сотты болмаған, үйленбеген;

**СОСИПАТРОВ** Кирилл Васильевич — родился в 1891 году в Ленинградском округе, дер. Васишково, русский, из крестьян, служащий, беспартийный, образование 7 классов, до ареста работал помощником начальника станции Джалагаш с 1925 года, женат, на иждивении 3 человека.

Иманқұлов Ғапур — Тәжікстаннан ауылына 1932 жылдың қазан айында қайтып келгеннен кейін № 44 ауыл тұрғындары арасында кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізген, ол негізінен үкімет пен партияның саяси-шаруашылық науқанына қарсы зиянкестік жұмыстар жүргізген. Өзінің айналасына топ құрып, Тәжікстанға көшуді ұйымдастырған. «Тәжікстанда астық дайындау науқаны жүргізілмейді, халық ол жақта өте жақсы тұрады, көшу керек, ал егер сендер осы жақта қалсаңдар, онда аштан өлесіңдер» деп үгіттеген. Иманқұлов жаппай көшудің ұйымдастырушысы және басшысы болып, өзінің әрекетін жүзеге асыру мақсатында Жалағаш станциясы бастығының көмекшісі Сосипатровпен байланыс жасап, онымен арақ ішіп, оған 70 сом пара берген, сөйтіп одан көшушілерді көшіріп жіберу үшін вагон алған. 1932 жылдың 2 желтоқсан күні № 404 поезбен ол Тәжікстанға 39 үй қожалығын жіберген, олардың ішінде Иманқұловтың туыстары, конфискаланған байлар болған. 1932 жылдың 3 желтоқсан күні Иманқұлов ауыл белсендісі Нұрәлиевтің оның кеңес өкіметіне қарсы әрекеттерін әшкерелегені үшін оған зікір-таяқ орнату мақсатында үйіне басып-көктеп кірген. Бірақ Нұрәлиев үйінде болмаған, Иманқұлов осы мақсатпен ауыл белсендісі, мұғалім Жанақбаевтың үйіне келген, ол да үйінде болмай шыққан. Иманқұлов Жанақбаевтың шешесіне баланды тауып бер, тауып бермесең өлтіремін деп қорқытқан. Иманқұлов ауыл белсенділері арқылы ұсталып, сарайға отырғызылған, оны Әлбабаев Жа-

қан деген ауыл белсендісі күзеткен. Иманқұлов сарайдың есігін сындырып, Әлбабаевты ұрып жығып, қашып кеткен. Тергеу орындары арқылы тұтқынға алынған.
Пом. нач. ст. Джалагаш Сосипатров арестован 7 декабря 1932 года. Он, будучи чуждым по соцпроисхождению, систематически вел антисоветскую агитацию среди рабочих станции и колхозников. «Жизнь стала очень скверная, население кругом голодает, что будет зимой? Ясно, подохнут все с голоду. Это все произошло потому, что советская власть организовала колхозы, от колхозов хлеб берут по дешевой цене, а промтовары отпускают по дорогим ценам, — потому крестьяне очутились в разоренном виде и в безвыходном положении»,— говорил он.
Сосипатров, являясь сторонником Иманкулова по организации откочевки, получил то них взятку в сумме 70 руб., представил откочевщикам вагон и по своей ведомственной линии информировал диспетчера о том, что один вагон с людьми стоит несколько дней на холоде и что его необходимо отправить, на что получил санкцию. Перед отправкой вагона Сосипатров получил дополнительно от Иманкулова, якобы на покупку билетов, взятку в сумме 1.180 руб.
Осы қылмыстары үшін Иманқұлов Ғапур мен Сосипатров К. В. Қызылорда қалалық ОГПУ бөлімінің 1932 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, Иманқұлов Ғапур РСФСР ҚК 58 бабының 8 және 10 тармақтарымен, 82, 118 баптарымен, Сосипатров —58 бабының 10 тармағымен және 117 бабымен қылмыстық іс қозғалған.
Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 14 сәуірдегі қаулысымен:
Иманқұлов Ғапур 5 жылға концлагерьге сотталған.
Сосипатров Кирилл Васильевич постановлением тройки при ПП ОГПУ Казахстана от 14 апреля 1933 года осужден в концлагерь на 5 лет.
Постановлением Особого совещания при НКВД СССР от 14 января 1935 года Сосипатрову К. В. срок наказания сокращен до 3 лет.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 9 маусымдағы қорытындысымен Иманқұлов Ғапур — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.
По заключению заместителя прокурора Кзыл-Ординской области, Сосипатров К. В. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

* * *

*«Боздақтар» редакциясынан:* облыстық ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінен БК(б)П ячейкасының 1932 жылғы 8 желтоқсандағы протоколы, № 44 ауылдық кеңес төралқасының сол күнгі отырысының протоколы, Қызылорда облыстық «Ленинский путь» газетінің 1932 жылғы 27 желтоқсандағы «К суровому ответу — бая террориста» атты мақаласы көшіріліп алынып еді. Оларда Иманқұлов Ғапурды ату жазасына бұйыру талап етілген.

## 1933 жылы

**ЖАППАСБАЕВ** Асқар — Қармақшы ауданының № 19 ауылында (қазіргі Жалағаш ауданында) 1896 жылы туған, бай, әрі молданың баласы, әкесі Жаппасбай — Қалжан ахун, Қарай мешіттерінде молда болған. Асқар сауатты, 1926 жылдан БКП(б) мүшесі, әртүрлі кеңес, партия қызметтерінде — ауылдық кеңес хатшысы, төрағасы, колхоз бастығы, Қармақшы МТС партия комитетінің хатшысы болып істеген. Қамауға алынғанға дейін № 19 ауылдық кеңестің «Қызыл кедей» колхозында партия ячейкасының хатшысы болып қызмет атқарған.
Айыптау қорытындысы бойынша:— Жаппасбаев Асқар 1931 жылы байлардың ұлтшылдық-контрреволюциялық ұйымын құрған, осы ұйымның ақырына дейін басшысы болған. Ол өзінің контрреволюциялық қызметін Қармақшыдағы аудандық орталықпен (оның қамтуына № 12 ауылда кірген) ұштастырып, оның ұлтшылдық ұсыныстарын жүзеге асырып отырған. Өзінің контрреволюциялық қызметін заңды етіп алу және партия ұйымына іштей іріткі салу мақсатында БКП(б) мүшелігіне кіріп алған және партия ұйымына контрреволюциялық бай элементтерін тартқан. 40 байдың шаруашылығын біріктіріп, байлар колхозын құрған. Колхоздың басқару қызметіне (колхоз басқармасы, бригадирлерге) контрреволюциялық ұйымның мүшелерін тартқан. 1930 жылы қарақшылар қозғалысына қатысушылармен тікелей байланыс жасап тұрған, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етіп, қарақшылардың тыңшысы Көтербаев арқылы қарақшыларға қарсы өкімет жасап жатқан хабарларын алып тұрған. 1932 жылы Қарақұмда қарақшылар басшысы Әлментаев басқарған 7 адамдық қарақшылар тобын құрған, олар міндетті түрде контрреволюциялық ұйымның нұсқауларымен көтерілетін әрекеттер жасауға тиісті болған. 1932 жылы жауыздық, зиянкестік жолға түсіп, контрреволюциялық ұйымның мүшелері Айтуаровка, Ауысбаевка, Мангелдиновке, тағы басқаларға колхозшыларды азық-түлікпен қамтамасыз етуді нашарлатып, оларды Кеңес өкіметіне қарсы қою мақсатында колхоз қоймасындағы тұқым фондысын және азық-түлікті ұйымдасқан түрде талан-таражға салуды тапсырған. Колхоздың 600 центнер тұқым астығы мен азық-түлік фондысы талан-таражға түсіп кеткен.
Саяси-диверсиялық акт жүргізу және жаппай талан-таражға түсірілген ұрлық жағдайды жасыру мақсатында 1933 жылғы қаңтар айында колхоз мүлкін, Қаракеткен МТС-ның және сельпоның тұқым қоймасын өртеген. Өрттен 1339 центнер тұқым күріш, 4 трактор, 3 молотилка, 9 сеялка, 2 шөп оратын косилка, 20 соқа, 14 жылқы, 120 пар былғары аяқ киім, қойма үйі өртеніп, құрып кет-

кен. Сол үшін оған РСФСР ҚК 58 бабының 7, 11 тармақтарымен қылмыстық айып тағылған.

**АУЫСБАЕВ** Мұстафа — Қармақшы ауданының № 4 ауылында 1898 жылы туған, бай тегінен шыққан, сауатты, БК(б)П мүшелігіне кандидат, Кеңес органдарында әртүрлі қызметтер атқарған. Қамауға алынғанға дейін «Таң» колхозынан «Қызыл кедей» колхозына басқарма төрағасы болып ауысқан.



Ауысбаев партияға оның ішінде контреволюциялық жұмыстар жүргізу мақсатында кірген. 1932 жылы ауылдағы контрреволюциялық ұйымға тікелей кіріп, оның басшыларының бірі болған. Байлардың колхозын ұйымдастыруға қатысып, кейін осы колхозды басқарған. Колхоздың 600 центнер астығын (тұқым күрішті) талан-таражға салуға тікелей қатысып, оны басқарған. Қарақұмдағы қарақшылар тобымен байланыс жасап тұрған, оларды азық-түлікпен, колхоз мүлкін күзету үшін алған қару-жарақпен, мылтықпен қамтамасыз еткен. Контрреволюциялық ұйым мүшелерінің 1932 жылғы 27 қаңтардағы мәжілісіне белсене қатысқан, бұл мәжілісте колхоз мүлкін, тұқым базын, Қаракеткен МТС-ын, сельпо кооперативін өртеу мәселесі шешілген.

Контрреволюциялық орталық басшыларының бірі Мейірмановпен байланыс жасап, онан жауыздықзиянкестік нұсқаулар алып, оны жүзеге асырған. Мәселен көктемгі егіс науқаны кезінде жоспардағы 1072 гектар егіс егудің орнына бір болғаны 443 гектар ғана егіс егіп, ауданға жоспар толық орындалды деп ақпар берген. Тұқым фондысының қалған астығын контрреволюциялық ұйым мүшелері өзара бөлісіп алған. Мейірмановқа 34 қап астық берілген. Міне осы әрекеттері үшін Ауысбаев Мұстафаға РСФСР ҚК 58 бабының 7, 11 баптарымен қылмыстық айып тағылған.

**АЙТУАРОВ** Бейсембай — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1891 жылы туған, дін оқытушысының баласы, 1923 жылғы 1928 жылға дейін Жалағаш станциясында саудамен айналысқан, өзінің жеке бакалей дүкені болған, сауатты, партияда жоқ, әртүрлі жұмыстар атқарған. Қамауға алынғанға дейін колхоздың қабылдаушысы және қойма меңгерушісі болып жұмыс істеген.

Б. Айтуаров контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшесінің бірі болған. Колхоздың қойма меңгерушісі қызметін пайдаланып, 1932 жылы Қарақұмдағы қарақшылар тобына колхозға алынған азық-түлікті жіберіп отырған. Колхоз мүлкін талан-таражға салумен өзі тікелей айналысып, оны басқарған. Контрреволюциялық ұйым мүшелерінің жасырын мәжілісін шақырудың инициаторларының бірі болған. Мәжіліс соның үйінде өткен. Міне осы айыптары үшін оған да РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық айып тағылған.

**ТӨЛЕБАЕВ** Смағұл — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1883 жылы туған, патша тұсындағы ақсақалдың баласы, байдың шаруашылығы болған, 1927 жылы байлар тобы мен жартылай феодал болыс Көтібаров арқылы болыстық атқару комитетінің төрағалығына ұсынылған, оның басшылығымен байлардың мал-мүлкін қаттаудан аман алып қалу үшін жалған есеп жүргізілген. 1927 жыл — байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкін есепке алып, қаттау кезеңі болғаны мәлім. Партияда жоқ, шала сауатты. Қамауға алынғанға дейін сельпоның күзетшісі және тауар сатып алу жөніндегі агенті болып жұмыс істеген.

С. Төлебаев — контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған, кооперация, колхоз және тұқым қоймасының мүлкін талан-таражға салуды басқарып, өзі де ұрлауға қатысқан. Айтуаровтың үйінде өткізілген жасырын мәжіліске қатысқан. Тұқым қоймасын, МТС-ты өртеу жөніндегі диверсиялық актіні дайындауға тікелей араласқан Қарақұм қарақшыларының көтерілісі кезінде өзінің туысы Төлебаев Қойшығұл арқылы қарақшыларға үзбей азық-түлік жіберуді ұйымдастырып, қарақшыларды жою жөніндегі комотрядтардың, әскерлердің жасап жатқан шараларын оларға хабарлап отырған. Міне осылар үшін бұл да РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.

**НҰРӘЛИЕВ** Ахмет — Тереңөзек ауданының № 44 ауылында 1884 жылы туған, қатталған бай, қамаудан қашып кеткен, партияда жоқ, сауатты, шаруашылық-саяси шараларға қарсылық көрсеткені үшін сотты болған. Қамауға алынғанға дейін «Қызыл кедей» колхозының тұқым қоймасының меңгерушісі болып жұмыс істеген.

А. Нұрәлиев — контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған, тұқым қоймасының меңгерушісі болып тұрған кезінде тұқым фондысын талан-таражға салуды басқарып, өзі де ұрлауға қатысқан, Айтуаровтың үйінде өткізілген жасырын мәжіліске қатысқан, контрреволюциялық ұйымның қарақшылармен байланысын, көтеріліс жасау пиғылын білген. Міне сол үшін РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтары бойынша қылмыстық жауапқа тартылған.

**ТӨЛЕБАЕВ** Қойшығұл — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1886 жылы туған, патша үкіметі уақытында ақсақалдың баласы, байдың шаруашылығы болған. Сауатты, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін колхоздың балықшылар артелінде бригадир болып жұмыс істеген. Бұл артель тек байлардан құрылған.

К. Төлебаев — контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшесі ретінде контрреволюциялық әрекеттің барлығын білген. Кооперативтің, колхоздың және тұқым қоймасының мүлкін талантаражға салуға және колхоздың, тұқым қоймасының мүлкін өртеу туралы мәселе талқылаған жасырын мәжіліске белсенді түрде қатысқан. Қарақұм қарақшыларының көтерілісі кезінде өзінің туысы Төлебаев Смағұлмен қарақшыларға

үзбей азық-түлік жіберуді үйымдастырған. Байлардың ақсақалы ретінде Әлментаевтың Қарақұмдағы қарақшыларымен байланыс жасап тұруға бөлінген. Міне сол үшін бұл да РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.

**БАҚТЫБАЕВ** Байкемел — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1892 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін колхоздың еңбек жөніндегі бригадирі болып істеген.

Б. Бақтыбаев — контрреволюциялық ұйымның мүшесі болғандықтан колхозға қабылданып, басшы жұмысқа ұсынылған, өрт мәселесін талқылаған жасырын мәжіліске, колхоздың күріш тұқымын талан-таражға салуға қатысқан, Қарақұм қарақшыларымен байланыс жасаған. Міне сол үшін бұл да РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.

**БӘЙІМБЕТОВ** (Балымбетов) Махат — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1885 жылы туған, бай баласы, сауатты, 1925 жылдан БКП(б) мүшесі, осы іс бойынша партия қатарынан шығарылған, «Қызыл кедей» колхозының мүшесі. Қамауға алынғанға дейін Қамысшит зауыты жанындағы дүкен меңгерушісі болып жұмыс істеген, бұл жұмысқа контрреволюциялық ұйым арқылы қойылған.

М. Бәйімбетов — контрреволюциялық ұйымның мүшесі ретінде өрт мәселесін талқылаған жасырын мәжіліске, колхоздың тұқым күрішін талан-таражға салуға қатысқан. Міне сол үшін бұл да РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 баптарымен қылмыстық жауапқа тартылған.

**БАЙМАХАНОВ** Шақыман — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1903 жылы туған, кедей шаруа баласы, БКП(б) мүшесі, сауатты. Қамауға алынғанға дейін сельпоның ауылдағы дүкенінің меңгерушісі болып жұмыс істеген.

Ш. Баймаханов — контрреволюциялық ұйымның мүшесі бола тұра, партия қатарына өтіп кеткен. Өрт мәселесін талқылаған жасырын мәжіліске, колхоздың тұқым күрішін, кооператив тауарын талан-таражға салуға қатысқан. Байлардың жасырын тобының басшысы Көтібаровпен байланыс жасап, ұйымның қарақшылармен байланысын білген. Сол үшін оған да РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған.

**СМАЙЫЛОВ** Бақконды — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1911 жылы туған, үйленбеген, партияда жоқ, шала сауатты, армияда болмаған. Поезд үстінде жүргенде бірнеше рет ұрлық жасағаны үшін ұсталған.

Б. Смайылов — контрреволюциялық ұйыммен туысы Төлебаев Смағұл арқылы байланысты болған, өрт жөніндегі жасырын мәжіліске, колхоздың қоймасынан күріш ұрлауға, талан-таражға салуға қатысқан. Сол үшін ол да РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.

**БАЙҒАЗИЕВ** Әли — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1908 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, үйленбеген, армияда болмаған, сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, жалған белсенді. Қамауға алынғанға дейін партия ячейкасының техникалық хатшысы болған.

Ә. Байғазиев — контрреволюциялық ұйымға мүше бола тұрып, өрт мәселесін талқылаған жасырын мәжіліске тартылған, колхоздың тұқым күрішін ұрлауға, талан-таражға салуға қатысқан. Сол үшін РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.

**ӨМІРБЕКОВ** Жұмаділда — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1902 жылы туған, үйленген, сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, жалған белсенді, армияда болмаған, әртүрлі Кеңес қызметін атқарған. Қамауға алынғанға дейін «Қызыл кедей» колхозы басқармасының хатшысы болып жұмыс істеген.

Ж. Өмірбеков — контрреволюциялық ұйымның мүшесі ретінде, 1933 жылғы 27 қаңтардағы жасырын мәжілісте тапсырылған тапсырманы ертеңіне —28 қаңтарға іске асырып, колхоз қоймасын өртеген, соның салдарынан тұқым қоймасы, сельпо дүкені, Қаракеткен МТС-ның мүлкі жанып кеткен. Контрреволюциялық ұйымның қарақшылар тобымен байланысын және оларды азық-түлікпен, қару-жарақпен қаруландырып отырғанын білген. Колхоз мүлкін талан-таражға салуға қатысқан. Сол үшін оған РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен айып тағылған.

**МАЛГЕЛДЕНОВ** (Малкелдиев) Қадырбай — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1880 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, үйленген, партияда жоқ, сауаты бар, армияда болмаған, қамауға алынғанға дейін колхоздың тұқым қоймасының күзетшісі болған.

К. Малгелденов — контрреволюциялық ұйымның мүшесі болғандықтан, оны колхоз қоймаларына күзетші етіп қойған. Оның тікелей қатысуымен және жәрдемімен жаппай талан-таражға салу және қоймадан күрішті ұрлау, тасу жүргізілген. Контрреволюциялық ұйымның тапсырмасымен Өмірбековпен бірлесіп колхоз қоймаларын өртеген. Қарақшылардың ұйымымен байланысын білген. Міне сол үшін ол да РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.

**БАЙТАБЫНОВ** Ермахан — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1893 жылы туған, шала сауатты, БК(б)П мүшелігіне қандидат, армияда болмаған, 1926 жылы болыстық атқару комитетінің төрағасы болып тұрғанда қызмет бабын теріс пайдаланғаны үшін сотты болған. Әртүрлі Кеңес жұмыстарын атқарған. Қамауға алынғанға дейін колхозда бригадир болып жұмыс істеген.

Е. Байтабынов — байлар тобының жетекшісі Көтібаровтың тапсырмасымен байлардың жасырын контрреволюциялық тобын ұйымдастырып, 1926 жылға дейін оның жетекшісі болған. Байлардың мал-мүлкін қаттаудан аман алып қалу мақсатында жалған есеп жүргізген. 1931 жылы Жаппасбаев құрған контрреволюциялық ұйымға кірген, сөйтіп жүріп партия қатарына еніп, басшы қызметке ұсынылған. Колхоздың күрішін

ұрлауға, талан-таражға салуға қатысқан, қарақшылар тобымен байланыс жасаған. Міне сол үшін РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.
**ҚАРАЕВ** (Қарабаев) Ниязбай — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1894 жылы туған, бай баласы, өзінде де байдың шаруашылығы болған, сауатты, БК(б)П мүшелігіне кандидат, армияда болмаған. Қамауға алынғанға дейін тұқым фондысы сақталған қоймада күзетші болып жұмыс істеген.
Н. Қараев — контрреволюциялық ұйымға мүше бола жүріп, партия қатарына еніп кеткен, тұқым қоймасынан күріш ұрлаумен, талан-таражға салумен айналысқан. Сол үшін де ол РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен жауапқа тартылған.
**ТОПАНОВ** Әбілда — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1882 жылы туған, бай болған, патша биінің баласы, шала сауатты, партияда жоқ, армияда болмаған, қамауға алынғанға дейін екінші балықшылар артелінің бригадирі болып жұмыс істеген.
Ә. Топанов — контрреволюциялық ұйымның мүшесі, Қарақұм қарақшыларымен байланыста болған, жаппай күріш ұрлауға, талан-таражға салуға қатысқан. Сол үшін ол 58 баптың 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.
**ТАСЫМОВ** Бәден — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1894 жылы туған, бай болған, сауатты, БКП(б) мүшесі, сотты болмаған, қамауға алынғанға дейін мал жаю жөніндегі бригадир болған.
Б. Тасымов — контрреволюциялық ұйымның мүшесі бола жүріп, партия қатарына еніп кеткен, қарақшылармен 1932 жылдан бастап байланыс жасап, оларды малмен қамтамасыз етіп отырған, колхоздың күрішін жаппай ұрлауға, талан-таражға салуға қатысқан. Сол үшін ол 58 баптың 7, 11 тармақтары бойынша қылмыстық жауапқа тартылған.
**БОРАМБАЕВ** Әбдіғаппар (Әбдіжаппар)—№ 19 ауылда 1897 жылы туған, кедей шаруаның баласы, шала сауатты, армияда болмаған, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін «Қызыл кедей» колхозының мүшесі болған.
Ә. Борамбаев — контрреволюциялық ұйымның мүшесі, Хожбанхан қарақшыларының жігіттері саналған өзінің туысы Тәуекел мен Тобаш Борамбаевтар арқылы Қарақұм қарақшыларымен байланыс жасаған, колхоздың күрішін ұрлауға, талан-таражға салуға қатысқан. Сол үшін 58 баптың 7, 11 тармақтарымен айыпталған.
**ЖАНАҒЫЗОВ** Есмахан — Тереңөзек ауданының № 43 ауылында 1888 жылы туған, бай болған, Қармақшы ауданының № 19 ауылына қашып барып, 1931 жылға дейін тығылып жүрген, саудамен айналысқан, сауатты, сотты болмаған, БК(б)П мүшесі, қамауға алынғанға дейін «Қызыл кедей» колхозында табельші болып жұмыс істеген.
Е. Жанағызов — контрреволюциялық ұйымның мүшесі бола жүріп, партия қатарына өткен, сөйтіп колхоздың табельшісі қызметіне ұсынылған, колхоздың күрішін ұрлауға, талан-таражға салуға қатысқан, ұйымның тапсырмасымен ұрланған күрішті Тәшкен қаласына апарып сатқан. Сол үшін ол 58 баптың 7, 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.
**БЕКЕНОВ** Айтбай —№ 19 ауылда 1909 жылы туған, кедей шаруаның баласы, сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, сотты болмаған, жалған белсенді. Қамауға алынғанға дейін ауылдық кеңес хатшысы болып қызмет атқарған.
А. Бекенов — контрреволюциялық ұйымның мүшесі бола жүріп, партия қатарына кірген, ұйым арқылы басшы қызметіне орналасқан және колхоздың күрішін ұрлауға қатысқан. Сол үшін ол 58 баптың 7 және 11 тармақтары бойынша жауапталған.
**ЖОНТАЕВ** (Шонтаев) Баймырза —№ 19 ауылда 1882 жылы туған, бай болған, сотталған, малмүлкі тәркіленген, сауатты, партияда жоқ. Қамауға алынғанға дейін Қойшығұл Төлебаевтың балық артелінде жұмыс істеген.
**БАҚТЫБАЕВ** Баркемел — Тереңөзек ауданының № 40 ауылында 1896 жылы туған, бай болған, сауаты бар, партияда жоқ, сотты болмаған, Тереңөзек ауданының № 40 ауылынан Қармақшы ауданының № 19 ауылына қашып келген.
**АЗАМАТОВ** Сәдуақас — Қармақшы ауданының № 19 ауылында 1896 жылы туған, байдың баласы, өзі де бай, әкесі патша тұсында чиновник болған, шала сауатты, партияда жоқ, сотты болмаған. Қамауға алынғанға дейін колхоздың астық өндіретін бригадасының бригадирі, онан кейін мал фермасының меңгерушісі, 1932 жылы тұқым фондысы қоймасының күзетшісі болып жұмыс істеген.
**ЖҮСІПОВ** Әбен —№ 19 ауылда 1898 жылы туған, молданың баласы, сауаты бар, партияда жоқ, сотты болмаған. Қамауға алынғанға дейін колхозда бақташы болып жұмыс істеген.
**БАЙМАХАНОВ** Смайыл —№ 19 ауылда 1901 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, сотты болмаған, Баймаханов Шақыманның туысы, Қарақұм қарақшыларына азық-түлік тасыған, оның үйін тінтігенде 3 қап күріш шыққан.
**ЖАППАСБАЕВ** Әби —№ 19 ауылда 1908 жылы туған, молданың баласы, Асқар Жаппасбаевтың туысы, сауатты, БКП(б) мүшесі, сотты болмаған. Қамауға алынғанға дейін колхозда санақшы (счетовод) болып жұмыс істеген.
**НҰРТАЕВ** Сағымбай —№ 19 ауылда 1888 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, сотты болмаған, жалған белсенді. Қамауға алынғанға дейін «Қызыл кедей» колхозында колхозшы болған.
**СМАҒҰЛОВ** Жүсіп —№ 19 ауылда 1898 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, сотты болмаған.
**БИТУАРОВ** Ыбырай —№ 19 ауылда 1888 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, сотты болмаған, «Қызыл кедей» колхозының мүшесі.
**ТОҚСАНБАЕВ** Оспан —№ 19 ауылда 1888 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, жалған белсенді, сотты

болмаған. Қамауға алынғанға дейін колхозда бригадир болған.

**САМАЛЫҚОВ** Әбу —№ 19 ауылда 1885 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, шала сауатты, партияда жоқ, жалған белсенді, сотты болмаған. Қамауға алынғанға дейін «Қызыл кедей» колхозында колхозшы болып жұмыс істеген.

**ҚҰЛЖАНОВ** Әбдірахман —№ 19 ауылда 1887 жылы туған, патша ақсақалының баласы, шала сауатты, 1920 БК(б)П мүшелігіне өткен, жалған белсенді, сотты болмаған, Қайкиев басқарған байлар тобы қойған адам. Басшысы қашып кеткеннен кейін бұл топ тараған.

**БАЙМАҒАМБЕТОВ** Әбілда —№ 19 ауылда 1898 жылы туған, бай болған, мал-мүлкі тәркіленген, өзі сотталған, шала сауатты, партияда жоқ, 1921 жылдан 1923 жылға дейін 2 жыл Қызыл Армия қатарында болған.

Осы топтамадағы 21-23 аралығындағы азаматтар контрреволюциялық ұйымның мүшелері болған, ұйымның тапсырмасымен колхоздың 50 центнер күрішін ұрлап, талан-таражға салғаны үшін РСФСР ҚК 58 бабының 7 және 11 тармақтарымен қылмыстық жауапқа тартылған.

**ТОҚМӘМБЕТОВ** Айдар — Тереңөзек ауданының № 44 ауылында 1895 жылы туған, бай болған, шала сауатты, партияда жоқ, сотты болмаған.

А. Тоқмәмбетов — өзінің туысы, контрреволюциялық ұйымның мүшесі Нұршаев Ахмет арқылы ұрланған күріштен 24 қап күріш алған. Тұқым қоймасынан ұрланған күрішті тікелей өзі алып кеткен. Сол үшін ол 1932 жылғы 7 тамыздағы заңға сәйкес қылмысты жауапқа тартылған.

Жоғарыда аттары аталған 34 азаматтың барлығы ОГПУ Қызылорда қалалық-аудандық бөлімінің 1933 жылғы 1 ақпандағы қаулысымен қамауға алынып, аты шулы «34-ті құртқан өрт оқиғасы» деген атпен тергеу басталған.

Контрреволюциялық ұйымның мүшесі Әбдірей Ешмұратов Қармақшыдан Қызылорда түрмесіне айдалып әкеле жатқанда қашып кеткен, Кәтібаров, Естаев, Топанов Балқожа, Топанов Адамбек, Нисбаев Сүлеймен, Үлкейіков Серікбай қамауға алу үшін милиционерлер әдейі іздеп барғанда табылмай, оларға іздеу жарияланған.

Тұтқынға алынған Алданазаров Исмат қамауда жатып өлген.

ОГПУ Сот коллегиясының 1933 жылғы 22 қыркүйектегі қаулысымен: Жаппасбаев Ахмет, Ауысбаев Мұстафа, Айтуаров Бейсембай, Нұрашев Ахмет, Өмірбеков Жұмаділда ең жоғарғы қылмыстық жазаға — атуға сотталған.

Айтуаров Асқар мен Ауысбаев Мұстафа —1933 жылғы 16 қарашада түнгі сағат 11-де Алматы қаласында, Айтуаров Бейсембай мен Нұрашев Ахмет —1933 жылғы 26 қарашада түнгі сағат 3-те Қызылорда қаласында атылған.

Ату жазасына сотталған Өмірбеков Жұмаділда 1933 жылғы 16 тамызда үкім жазасы шыққанға дейін қашып кетіп, оған бүкілодақтық іздеу жарияланған.

Қазақстан ОГПУ Сенімді өкілдігі жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен: Төлебаев Смағұл, Төлебаев Қойшығұл, Баймаханов Шақыман, Малгелденов Қадырбай — әрқайсысы 10 жылдан концлагерьге, Бақтыбаев Байкемел, Байтабынов Ермахан, Жанағызов Есмахан, Тоқмәмбетов Айдар — әрқайсысы 8 жылдан концлагерьге, Бәйімбетов Махат, Смайылов Баққонды, Шонтаев Баймырза, Бақтыбаев Баркемел, Азаматов Сәдуақас, Жүсіпов Әбен, Баймағамбетов Әбілда — әрқайсысы 5 жылдан концлагерьге, Бекенов Айтбай, Жаппасбаев Әби, Тоқсанбаев Оспан, Құлжанов Әбдірахман — әрқайсысы 3 жылдан концлагерьге, Нұртаев Сағымбай, Смағұлов Жүсіп, Битуаров Ыбырай, Самалықов Әбу — әрқайсысы 3 жылдан концлагерьге (бірақ «условно» деп жазылған) сотталған.

Баймаханов Смайыл алдын ала отырған күндерін есептеп, қамаудан босатылған.

Бәйімбетов Мақат Қарағанды лагерінде 1934 жылдың 14 наурызынан бастап болған, жұмысты жақсы істегені, тәртіпті болғаны үшін 146 жұмыс күні есептеліп, жаза мерзімі 1938 жылдың 6 қыркүйегінде бітеді деп есептелген.

Төлебаев Смағұл —1934 жылы Қарағанды лагерінен қашып кеткен. СССР НКВД Ерекше мәжілісінің 1935 жылғы 13 қыркүйектегі қаулысымен ол «условно қамаудан босатылды» деп саналған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 29 маусымдағы және 13 шілдедегі қорытындыларымен: Тоқсанбаев Оспан, Азаматов Сәдуақас, Жаппасбаев Әби, Баймұқанов Шақыман, Смағұлов Жүсіп, Бақтыбаев Байкемел, Құлжанов Әбдірахман, Битуаров Ыбырай, Самалықов Әбу, Жүсіпов Әбен, Баймаханов Смайыл, Нұртаев Сағымбай, Бекенов Айтбай, Баймағамбетов Әбілда, Шонтаев Баймырза, Топанов Әбілда, Қараев Ниязбай, Боранбаев Әбдіжаппар, Тасымов Бәден, Байғазиев Әли, Смайылов Баққонды, Бейімбетов Мақат, Тоқпамбетов Айдар, Жанағызов Есмахан, Байтабынов Ермахан, Бақтыбаев Байкемел, Мангелденов Қадырбай, Төлебаев Қойшығұл, Төлебаев Смағұл, Омарбеков Жұмаділда, Нұрашев Ахмет, Айтуаров Бейсембай, Ауысбаев Мұстафа, Жаппасбаев Асқар — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## 1938 жылы

**ҚҰЛТЕКЕНОВ** Бодыбай — Жалағаш стансасында 1899 жылы туған, сауатты, 1920 жылдан БКП(б) мүшесі, Саранша экспедициясының бұрынғы бастығы, кейін КП(б)К Қызылорда облыстық комитетінің жауапты қызметкері, Қызылорда қаласында тұрған, 1938 жылғы 29 маусымда Қызылорда облыстық партия комитетінің бюро қаулысымен партиядан шығарылған;

**ӘЙКЕНОВ** Нұртаза — Тереңөзек ауданының № 7 ауылында 1908 жылы туған, сауатты, БК(б)П мүшесі, Шегіртке экспедициясында техник болып қызмет істеген, Қызылорда қалалық партия комитетінің 1938 жылғы 4 қарашадағы бюро қаулысымен партиядан шығарылған.

Бұл екеуі де кеңес үкіметіне қарсы ұлттық ұйымның белсенді мүшесі, 1920 жылы Шегіртке экспедициясында кеңес үкіметіне қарсы ұлттық топ ұйымдастырған, олар сол экспедицияда жауыздық жұмыстар жүргізген, ұйымға жаңа адамдар тартумен айналысқан, адал қызмет атқарып жатқан қызметкерлерді қудалаған, 1937 жылы Шегіртке таралған жері туралы дұрыс анықтама бермеген, экспедиция қызметкерлері арасындағы саяси жұмыстарды бұзып отырған,— деп айып тағылып, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының қаулысымен Құлтекенов Бодыбай 1938 жылғы 29 шілдеде, Әйекенов Нұртаза 1938 жылдың 17 қазанда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. Қызылорда облыстық сотының 1939 жылғы 22-23 шілдедегі үкімімен Құлтекенов Бодыбай 18 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған, ал Әйекенов Нұртаза 12 жылға бас бостандығы еркінен айыруға, 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Қазақ ССР Жоғарғы сотының 1940 жылғы 4 ақпандағы үйғаруымен Қызылорда облыстық сотының үкімі бұзылып, іс қайта тергеуге жіберілген.

Қызылорда облыстық прокурорының 1941 жылғы 3 сәуірдегі қаулысымен Құлтекенов Бодыбай мен Әйекенов Нұртазаның айыптау ісін сотқа беруге тағылған айыптың жеткіліксіздігінен УПК-ның 204 бабы негізінде өндірістен қысқартылып, олар тұтқыннан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 2 мамырдағы қорытындысымен Құлтекенов Бодыбай, Әйекенов Нұртаза — СССР Жоғарғы кеңесі Президиумының 16.01.1989 жылғы жарлығы негізінде толық ақталған.

### 1940 жылы

**ТЫНЫМБАЕВ** Іляс — Жалағаш ауданы, Ақсу ауылдық кеңесі, «Жаңаталап» колхозында 1895 жылы туған, әкесі бай, би болған, шала сауатты, БКП(б) мүшелігіне кандидат, атқа мінер, 1929—1932 жылға дейін конфискациялау кезінде байларды қолдаған. Тереңөзек ауданының № 44 ауылдық кеңесі, «Ақбөгет» артелінің (қазіргі Жалағаш ауданы, Ақсу ауылдық кеңесі, «Жаңаталап» шаруашылығы) төрағасы болып жұмыс істеген.

І. Тынымбаев колхоз құрылысына жауыздық пиғылда болған, колхоз малын зиянкестік жолмен қырып-жоюмен айналысқан, ауылдық кеңеспен бірлесіп, артель мүшелерінің малы мен астығын зорлықпен тартып алып отырған. Ол 1933 жылы Өзбекстанға қашып кетіп, одан ауылына 1934 жылы қайтып оралған;

**ТӨЛЕНОВ** Серікбай — Ақсу ауылдық кеңесі, «Жас қайрат» колхозында 1896 жылы туған, әлеуметтік тегі орта шаруа, шала сауатты, 1931—1933 жылдары Тереңөзек ауданының № 44 ауылында (қазіргі Жалағаш ауданының Ақсу ауылдық кеңесі) төраға, колхоз бастығы болып жұмыс істеген, БК(б)П мүшесі болған, 1933 жылы партия қатарынан колхоз құрылысына зиянкестік әрекеттері үшін шығарылып, сотталған. 1934 жылы Өзбекстаннан ауылға қайтып келіп, «Жас қайрат» колхозында колхозшы болған;

**ЖАНАҚБАЕВ** Шайдекер — Тереңөзек ауданының № 44 ауылында (қазіргі Жалағаш ауданы) 1910 жылы туған, бай баласы, БЛКЖО мүшесі, сауатты, Тереңөзек ауданындағы орталау мектепте мұғалім болып істеген, 1931—1934 жылдары № 44 ауылдық кеңесінің хатшысы болған. Ауыл шаруашылық салығынан түскен қаржыны уақтылы банкіге өткізбей, ішіп-жеп қойған, бай-құлақтарды қолдап отырған;

**КҮПАЕВ** Әмзе — Тереңөзек ауданының № 44 ауылында (қазіргі Жалағаш ауданы) 1908 жылы туған, ауыл старшинасының баласы, тегі орта шаруадан, партияда жоқ, сауатсыз, атқа мінер, колхоз төрағасы болып қызмет атқарған, конфискалау кезінде байларды қолдаған, колхоз құрылысына қарсы болған, колхоз малын зиянкестікпен қырып-жойған. Сол үшін 2 жылға сотталған, кейін бұрынғы «Ақбөгет», кейінгі «Жаңаталап» колхозында колхозшы болып жұмыс істеген.

**САУРАНБАЕВ** Ділдабай — Тереңөзек ауданының № 44 ауылында (қазіргі Жалағаш ауданының Ақсу ауылдық кеңесі) 1905 жылы туған, әлеуметтік тегі орта шаруадан, партияда жоқ, қазақша сауатты, 1933 жылы № 44 ауылдық кеңестің төрағасы болып жұмыс істеген, одан кейін мал дайындау (заготскот) мекемесінде агент болып қызмет атқарған. 1938—1939 жылдары Қармақшы аудандық НКВД бөлімі арқылы тұтқынға алынып, сол жылы қамаудан босатылған, одан кейін сол мал дайындау мекемесінде агент болып қайтадан жұмыс істеген.

**ЖҮСІПОВ** Нұрбай — Ақсу ауылдық кеңесі, «Жас қайрат» колхозында 1908 жылы туған, әлеуметтік тегі шаруа, № 44 ауылдық кеңестің төрағасы, БКП(б) мүшесі, 1938 жылы НКВД арқылы тұтқынға алынып, қамалған, 1946 жылғы 25-26 тамызда 109 бап бойынша 2 жыл 6 айға бас бостандығын еркінен айыруға сотталған, 1947 жылғы 4 сәуірде Қарағанды лагеріне айдалған.

**ЕРМЕКБАЕВ** Иманқұл (Иманғали)— Ақсу ауылдық кеңесі, «Жас қайрат» колхозында туған (туған жылы көрсетілмей кеткен), әлеуметтік тегі кедей шаруа, колхозда бригадир, ірі саудагер, бай болған, 10 жылға сотталған, қамауға алынғанға дейін сол колхозда тұрған, баласы Иманқұлов Қалымбет Павлодар қаласында тұтқынға алынған, екінші баласы Шаймерден Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс істеген.

**ЕЛУБАЕВ** Беркімбай — Ақсу ауылдық кеңесі, «Жаңаталап» колхозында туған (туған жылы белгісіз), колхозда бригадир болып жұмыс істеген, атқамінер (өзге мәліметі жоқ).

**АМАНОВ** Парпаяқ — Ақсу ауылдық кеңесі, «Жаңаталап» колхозында туған (туған жылы белгісіз), бригадир болып жұмыс істеген, бай, саяси құқығынан айырылған.

**НҰРӘЛИЕВ** Әбсаттар —№ 44 ауылда туған (туған жылы белгісіз), сельпода дүкенші, 1927 жылға дейін молдалық жасап, мешіт ұстаған.

**КЕТЕБАЕВ** Битембай — Ақсу ауылдық кеңесі, «Жаңаталап» колхозында 1880 жылы туған, № 44 ауылда партия ячейкасының хатшысы, бригадир, атқамінер болған.

**ЖАМАНБАЕВ** Бөпехан — Ақсу ауылдық кеңесі, «Жас қайрат» колхозында туған (туған жылы белгісіз), 1933 жылы ауырып қайтыс болған (басқа мәліметтері жоқ).

**ЖАРАСБАЕВ** Адамбай — Ақсу ауылдық кеңесі, «Жаңаталап» колхозында туған (туған жылы белгісіз), әлеуметтік тегі орта шаруа, колхозда бригадир болып жұмыс істеген, атқамінер (басқа мәліметтері жоқ).

**НҰРСҰЛТАНОВ** Сүйеніш —№ 44 ауылдық кеңесте 1905 жылы туған, «Ақбөгет» колхозында тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозда бригадир болып жұмыс істеген.

**БИСЕМБАЕВ** Әбшүкір — Тереңөзек ауданының № 42 ауылында 1899 жылы туған, әкесі болыс болған, қазақша сауатты, 1924 жылдан БКП(б) мүшесі, бұрын № 44 ауылдағы сельпо төрағасы болып жұмыс істеген, кейін жұмыссыз жүрген.

**АХМЕТОВ** Таңатар — әлеуметтік тегі орта шаруа, колхозда есептеуші болып жұмыс істеген (өзге мәліметтері жоқ).

**МАЙБАСАРОВ** Өтеген — аудандық атқару комитетінің өкілі болған (өзге мәліметтері жоқ).

**ДОСҚҰЛОВ** Мамық (Ұмық)— колхозда табельші болып жұмыс істеген (өзге мәліметтері жоқ).

**ҚАНАТБАЕВ** Жолай — бай баласы, колхозда бригадир болып жұмыс істеген (өзге мәліметтері жоқ).

**БИСЕМБАЕВ** Өмірзақ — жалған белсенді, 10 жылға сотталған (өзге мәліметтері жоқ).

**МАХАНОВ** Әбу — бай баласы, атқамінер, сельпоның төрағасы болып жұмыс атқарған (өзге мәліметтері жоқ).

Айыптау қорытындысы бойынша: жоғарыда аттары аталғандарға мынадай кіналар тағылған — 1932 жылдың наурыз айында № 44 ауылда партия ячейкасының хатшысы Кәрібаев Жолдыбайдың басшылығымен контрреволюциялық топ ұйымдасқан, ондағылардың алға қойған мақсаты колхозды құлату болған, колхоз мүлкін, астығын, күрішті талан-таражға салып, ішіп-жеп қойған. Колхоздың көлік малын етке сойып, 500 малын сатып жіберген, сөйтіп бұл топ колхоздың барлық малын құртып жіберген. Тұқымға сақталған 50 центнер таза күрішті олар бөліп алып, колхоз тұқымсыз қалған, ал олар ауданға барып тұқым себілді деп өтірік ақбар берген.

Контрреволюциялық жолмен бұл топ 1932 жылдың көктемгі егіс науқанын бұзып, барлық тұқымды талан-таражға салып, ауданға өтірік ақбар берген, 700 пұт тұқым фондысын өзара бөлісіп алған. Бұл топ бірнеше рет мәжіліс жасап, өздерінің контрреволюциялық жоспарын белгілеген, яғни колхозды құлату, колхоз мүлкін талан-таражға салу жоспарларын жүзеге асырған.

Ауылда бұл топ жаппай тінту жұмыстарын жүргізіп, көздеріне не түссе, соны алып, барлық тартып алынған азық-түлікті, киім-кешекті өзара бөлісіп алған, ал колхозшыларға «бізге Кеңес өкіметі осылай істеңдер деп бұйрық берген» деп жауап берген. Сөйтіп колхозшыларды ауыл шаруашылығын коллективтендіруге, колхозға, партия мен үкіметке қарсы қойған. Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, астық жинау науқанын бұзған, 200-ге жуық колхозшылар бірнеше күн жұмысқа шықпаған. Астықты ұрлап, талан-таражға салғаннан кейін, олар колхозшыларды ауылдан көшуге үгіттеген, «Ақбөгет» колхозынан колхозшылар басқа жаққа көшіп кеткен.

Міне осылар үшін жоғарыда аттары аталған азаматтар Жалағаш аудандық НКВД бөлімінің 1940 жылғы 28 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтарымен және СССР ВЦИК-тің 1932 жылғы 7 тамыздағы қаулысымен қылмыстық іс қозғалған. (Істе сот органдарының ешқандай қаулысы жоқ).

# ЕЛДІКТІ, ЕГЕМЕНДІКТІ АҢСАҒАН АЗАМАТ ЕДІ

## МҰСТАФА ШОҚАЙ... ОЛ КІМ?

**Мұстафа Шоқай... Ол кім?**
**Аты шулы адамдардың бірі ме, әлде тарихи ірі тұлға ма?**
**Ол кім расында? Саяси қайраткер ме, әлде жолдан қосылған жолбике ме?**
**Отанын сатқан опасыз ба, әлде халқы үшін қам жеген азамат па?**

*Әнуар Әлімжанов.*

Иә, Мұстафа Шоқай... Расында ол кім? Ол — халық қамын ойлап, зыр жүргірген, түрік тілдес халықтардың дербес мемлекетін құрсам деп армандаған, сол жолда басын қатерге тіккен қазақ халқының жарық жұлдыздарының бірі еді.
Мұстафа Шоқай 1890 жылы 7 қаңтарда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Сұлутөбе стансасында туған. Ол әуелі ауылдағы мектепте оқып, кейін Ташкенттегі гимназияны, Петербордағы университеттің заң факультетін бітірген. Орыс, ағылшын, француз, поляк және бірқатар түркі тілдерін емін-еркін білген. 1915—1917 жылдары Түркістан өлкесінің тәуелсіздігі үшін жанталаса күрескен. 1917 жылғы қарашада Қоқан қаласында болып өткен IV Бүкіл түркістандық мұсылмандар съезі Түркістан автономиясын жариялағаны тарихтан мәлім. Жалпыға «Қоқан автономиясы» деген атпен кеңінен тараған бұл үкіметтің бірінші президенті Мұхаметжан Тынышбаев болды. Кейін оның орнына Мұстафа Шоқай сайланды. Өкінішке орай, үш айдан соң Кеңес өкіметі Түркістан автономиясын күшпен таратты. Осыдан кейін М. Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болған. Бірақ ол эмиграцияда жүріп Кеңес өкіметімен өзінің идеялық күресін тоқтатпады. 1917—1940 жылдар аралығында Стамбулда және Берлинде «Жаңа Түркістан» мен «Жас Түркістан» деген журналдар басып шығарып, сонда Кеңес өкіметінің әділетсіз саясатын бүкіл батыс елдеріне жария еткен.
1941 жылы неміс фашистері Парижді басып алған соң М. Шоқайды қамауға алып, тұтқынға түскен түркістандық жауынгерлермен жұмыс істеуге итермелеген. Кешікпей М. Шоқай белгісіз жағдайда Берлинде дүние салған.
Кеңес өкіметінің тұсында М. Шоқай туралы бар шындық айтылмады. Ұзақ жылдар бойы оны негізсіз «халық жауы» қатарына қосып келді. Кешегі мемлекет билеушілері оның есімін алдымен «Алашорда» және «Түркістан автономиясына», кейіннен ұлы Отан соғысы кезінде пайда болған «Түркістан ұлттық комитеті» мен «Түркістан легионы» атты ұйымдарға байланыстырып, күні бүгінге дейін «Отанын сатқан опасыз» деп атады. М. Шоқайдың елінің бостандығы үшін күрескенін, Кеңес өкіметінің екі жүзді саясатын әшкерелегенін дүние жүзі білгенімен, өз отандастары естімеді, білмеді. Оның еңбектерін де, тіпті атын атауға қатаң тиым салынды. Бұл тәртіпті бұзғандар ОГПУ НКВД органдарынан аяусыз жаза алды. Оған көптеген архивтік құжаттар бар.
Сонымен қатар белгілі жазушылар Ә. Әлімжанов, Б. Қойшыбаев, Х. Абдуллин және басқалары да нақты деректерге жүгініп Мұстафа Шоқайдың халқына адалдығына, даналығына, ақтығына көпшіліктің көзін жеткізген сияқты. Одан бері «Алаш» қозғалысының қайраткерлері Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев және басқалары саяси және заң жүзінде толық ақталып, қазақ халқының тарихында өздеріне лайықты орын алды. Осы тұста солармен бірге болған жалғыз Мұстафа Шоқай ғана тарихтан өз бағасын алмай қалды. Бұл жәйт кімнің де болмасын жанына батады. 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстанның халық жазушысы Ә. Тәжібаев, атақты академиктер Ж. Әбділдин, М. Қозыбаев және де елі аса жоғары құрметтейтін бірқатар азаматтар Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мырзаға Ашық хат жолдап, Мұстафа Шоқайдың еңбегіне әділ баға беріп, оны еске алу жайлы шараларды жүзеге асыруды сұрады.
1993 жылғы 25 қарашада Қызылорда облыстық кеңесінің XIII сессиясы Мұстафа Шоқайды Қазақстан Республикасының азаматы деп тану туралы Республика Жоғарғы Кеңесіне ұсыныс жасады. Барша жұрт мұны ризашылықпен қабылдады.
Өмір өзі көрсетіп отыр: тарих алдауға көнбейді. Бірі ерте, бірі кеш, бірақ қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері түгелдей өздеріне тиесілі орнын табатыны сөзсіз.
Ұлттық қауіпсіздік органдарында Мұстафа Шоқайдың жеке басына қозғалған қылмыстық іс жоқ. Дегенмен бірсыпыра архивтік іс-қағаздарында ол

туралы бірен-сараң мәліметтер кездеседі. Біздің ойымызша Мұстафа Шоқайға байланысты құжаттардың барлығы түгелдей жариялануға тиіс. Сонда барып тарихи шындық ашылып, әділдік қалпына келмек.

***Әмірхан Бәкіров,***
**Қазақстан юристер қоғамының мүшесі, ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасының подполковнигі.**

***(Облыстық «Сыр бойы» газеті,* 1997 жылғы 14 қаңтар)**

*«Боздақтар» редакциясынан:* Әмірхан Бәкіров мырза өз мақаласында дәлелге келтірген екі құжат — «күн көсем» И. Сталиннің Мұстафа Шоқайдың тірлігіне тезірек тиым салуды талап еткенін көрсеткен құжат пен соның талабы бойынша ОГПУ Қазақстандағы өзіне бағыныштты орындарға берген құпия тапсырмасы осы естелік кітапқа бөлек беріліп отыр. Ал Мұстафа Шоқайдың тарихтағы орнын әперу мәселесіне келсек, 1997 жыл Мұстафа Шоқай жылы деп жарияланып, оны бүкіл облыс жұртшылығы атсалыса атап өтті. Мұстафа Шоқай туып өскен ауыл — Мұстафа Шоқай ауылы деп аталды. Қызылорда қаласында үлкен бір көше сол Мұстафа Шоқайдың атымен аталып, сол көше бойында 1997 жылғы 31 мамырда дүркірете ас берілді. Сырдария ауданының мәслихат депутаттары өз ауданын Шоқай атымен атауды ұйғарып, сол жайлы республика парламентіне ұсыныс жасады.

## И.В. Сталин: «...Біз тез шара қолданбасақ, Шоқаевтардың жеңіске жетуі ақиқатқа айналуы мүмкін...»

«... Ол ойға шомылған уақыт еді. Орта Азия мен Қазақстан халқының тағдыры, олардың келешегі кімді ойландырмады? Түплкі-түрлі партия мен топтардың билікке күрескені де рас. Қалай болғанда да шындығы сол: Қазақстан КСРО-ның бір республикасы болып шыға келді. Жеңіске жеткендер биледі, ал жеңілгендер жаппай жазаланды, қуғын-сүргінге ұшырады, бас сауғалап мекенінен безді...

Міне Мұстафа Шоқай да солардың кепін киді, еріксіз туған жерін тастап шетелге кетті. Бірақ ол әдепкі таңдаған өмір жолынан бас тартпады. Шетелде өткен жиырма жылдан астам ғұмырында туған елінің азаттығы үшін күресті. Оның айғағы — Батыс елдерінде бастырып шығарған «Жаңа Түркістан» мен «Жас Түркістан» журналдары, «Түркістан Кеңестер билігі астында» кітабы және де көптеген саяси-қоғамдық, публицистикалық мақалалары. Бұл еңбектерінде ол Кеңес өкіметінің Орта Азия мен Қазақстандағы отаршыл саясатын үздіксіз әшкерелеп, оған әділ баға берді.

Бұл жағдай мемлекет басшыларын қатты састырған болуы керек, 1924 жылғы 4 қазанда Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы С. Меңдешев Қазақстандағы Біріккен Саяси Бас Басқармасына (ОГПУ) ресми түрде хат жолдаған. Онда ол Мұстафа Шоқайдың шетелдерде жарияланған материалдарында жабық саяси деректерді пайдаланатынын, сол себепті оның Түркістандағы байланыстарын анықтап және Қазақстандағы кейбір баспа редакцияларын бақылауға алуды ұсынған.

Осы мәселеге И. Сталин де үлкен мән берген. Тарихшы М. Қойгелдиев «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқайұлы» атты еңбегінде И. Сталиннің 1925 жылы 29 мамырда БКП(б) өлкелік Комитетінің Бюро мүшелеріне «Ақ жол» газетінің бағытына байланысты арнайы жолдаған хаты туралы айтады. Бұл хатында И. Сталин Батыстағы ақгвардияшыл басылымдарда жарық көрген М. Шоқайдың мақалалары «Ақ жол» газетінен алынып отырғанын ескерте келіп, тиесілі шара қолдануды талап еткен: «ондай етпейінше Шоқаевтардың Қырғызстанда (Қазақстанда) жеңіске жетуі ақиқатқа айналуы мүмкін...» деп қауіпін білдірген.

Көп кешіктірмей, Одақтың Біріккен Саяси Бас басқармасы (ОГПУ) М. Шоқайдың туыстарын, жақындарын және жора-жолдастарын іздестіруге жергілікті органдарға нұсқау жолдаған. Алайда бұл жұмыс 1926 жылға дейін өте сылбыр жүргізілген. Осыған наразылық білдіріп, Бүкілодақтық Саяси Бас басқармасы Қазақстандағы өздеріне бағыныштты Бас Басқармаларына ескерту жасаған. Сөйтіп Мұстафа Шоқайға және республикадағы ұлтшылдарға байланысты ойластырған әрекеттерді шұғыл түрде жүзеге асыруды талап еткен...

**(Облыстық *«Сыр бойы»* газетінде 1997 жылғы 14 қаңтарда жарияланған Қазақстан юристер қоғамының мүшесі Ә. Бәкіровтың «Мұстафа» атты мақаласынан алынды).**

*«Боздақтар» редакциясынан:* мұндағы айтылып отырған «Ақ жол» газеті белгілі қоғам қайраткері, кейін голощекиндік және сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, 20 жыл түрме жазасын сотталған Иса Тоқтыбаев редакторы болған газет туралы айтылып отыр. Онан көптеген бағалы материалдарды Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов секілді қазақ халқының ардагер ұлдары кеңінен пайдалана білген.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАРЛЫҚ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОКРУГТІК БІРІККЕН САЯСИ БАС БАСҚАРМАЛАРЫНА

Осымен Сіздерге ай сайын Константинопольде басылып шығарылатын «Дни Түркістан» (ортаазиялық эмиграцияның органы) журналының көшірмесін және ВО ОГПУ-нің ескертуін жолдай отырып, назарларыңызды төмендегі жағдайларға аударамыз:

Қазақ эмиграциясы Мұстафа Шоқай арқылы Қазақстанмен бұрыннан байланысып келеді, 1924 жылдың өзінде-ақ ол Семейде және Ақмолада шығатын қазақ редакциясының газеттерінде басылған материалдарды пайдаланып, «Дни» (Парижде) газетінде өз мақалаларын жариялаған болатын. Соның бірі Қазақстанда 450 мың адам ашаршылыққа ұшырауда деп жазған «Ашаршылық» атты мақаласы.

Өлкенің ордасы Қызылордаға көшкен бойда осындағы алашордашылар бөлегі Орта Азиядағы ұлтшылдар ортасымен байланыстарын нығайта бастады. Алашорданың Батыс бөлімшесінің жетекшісі Д. Досмұхамедовтың материалдарының негізінде, көрнекті эмигрант Мұстафа Шоқайдың пікірлесі Ходжаев «Дни» газетінде «Жеті жыл өткен соң» және «Тонау мен тәртіп» атты мақалалар жариялады.

Сонымен қатар Мұстафа Шоқай Ташкенттегі қазақ студенттері, Қызылордағы туыстары және Парижде болып тұратын қазақтың халық әншісі Әміре Қашаубаевпен байланысып тұрады.

Біз жақтан дұрыс көңіл бөлінбей, тексерілмей келе жатқан тағы бір қазақ эмигранттарының тобы бар. Батыс Қытайдағы Марсековтар тобы Семейдегі алашордалықтармен, Үрімші және Шұғышақта тұратын орыстың ақгвардияшылары мен контрабандистері арқылы тығыз байланыста екені мәлім. Шұғышақта тұратын Сасықбаев Рахымжанның тобы және Құлжадағы Жайнақовтың тобы Жетісудың ұлтшылдарымен жүйелі түрде байланыстарын үзбей келеді. Бұл топтардың барлығы да ағылшын және америкалық сауда фирмаларымен байланыста: не солардың бірінде қызметте тұрады, не сауда операциясын жүргізеді. Ол топтардың Мұстафа Шоқаймен де тікелей байланыста болуы мүмкін. Өйткені олар бір-бірімен бұрынғы қызметтен жақсы таныс.

Осындай кең байланыстың арқасында Қазақстандағы саяси-қоғамдық өмірімен қоса ішкі партия топталуы туралы Мұстафа Шоқай жетік біледі. Соның нәтижесінде «Дни» газетінде ол «Ояну» атты мақаласын жариялады. Жуырда ұстап алған хатта Мұстафа Шоқай қазақ студенттерінің біріне былай деп жазыпты: «Жақын арада Қызылорда қаласында «Тар жол, тайғақ кешу» деген атпен басылым шығады. Егер осы кітапты тегін қолыңа түсірсең, маған кітап жіберерсің...» Бұл хаттың мазмұны біздің ойымызды толық дәлелдейді. Хатта айтылып отырған Сәкен Сейфуллиннің кітабы баспадан шықпай тұрып әлденеше күн бұрын М. Шоқайға белгілі болған.

Қазақстанның жер жөніндегі саясатына байланысты эмиграцияның жүргізіп отырған тактикасы айрықша көңіл бөлуді қажет етеді. Олардың көзқарастары қазақ ұлтшылдарының идеялық нұсқауларымен мүлдем ұқсас. Екі жақ та жерді алдымен, әлеуметтік және таптық тегіне, қарай, қазақ халқына түгелдей беруге күш салуда. Сонымен қатар олар — Ресейдің орталық губерниясының жерсіз қалған орыс шаруаларын Қазақстанға ретсіз қоныс аударып жатыр, оларға мұнда берілетін артық жер жоқ деген сылтаумен, осы салада жүргізіліп жатқан шараларға қарсылық білдіруде. Мұны олар Наркомзем аппараты мен оның жергілікті органдарында жиылған ұлтшылдар арқылы жүзеге асырып келеді. Ұлтшылдардың жер туралы нормалары оңшыл эсерлер Швецов пен Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен және солардың қатысуымен әзірлеген.

Идеологиялық майданда қазақ ұлтшылдарының қазіргі тактикасы шын мәнісінде ұсынып отырған журналда көрсетілген эмиграцияның платформасынан ешбір айырмашылығы жоқ.

Ұлтшылдардың ұйымшылдық білдіріп баспа және ағарту орындарын басып алғандарына қарағанда, оларға сырттан біреу ықпал жасап жүр деуге болады. Әлихан Бөкейхановтың Ақтөбе губерниясында ұлтшылдар ортасында айтқан сөздері осыған тән:

«Қазіргі қазақ мектептерінде Кеңестер ықпалынан із де қалдырмау керек. М. Шоқайдың болжамы баспа беттерінде басылып ғана қоймайды, бір кездері ол жүзеге асырылады. Әзірше Шоқай Парижде тұрады. Бізге бұдан келетін зиян жоқ. Керісінше, бұл біздің қатарымыздағы кейбір қобалжығандарға итермешілік болады...»

Осындай ұлтшылдардың іс-әрекеттеріне байланысты оқушылар ұлтшыл-шовинизмді ашық білдіріп жүргенін констациялау керек. Қазір барлық оқу орындарында таптық және ұлттық белгімен топтамалар ұйымдастырылды. Қазақ мектептерінен оқушылар орыс тілін ұйымдасқан түрде ығыстырып жатқаны анықталды. Соның нәтижесінде Қызылорда, Сырдария және Ақмола губернияларында ұлтшыл-оқытушылардың басқаруымен топтамалар пайда болды. Олар жиналыс өткізіп, өздерінің ой-пікірлерін талқылауда.

Орал губерниясында алашордалықтардың қатысуымен болып өткен жиналыста қазақ мұғалімдері мынадай шешімге келді:

«Мектептерді толық қазақтандыру керек. Сол үшін де Қазақстан бар. Қазақ мектептерінде сабақ тек ғана ана тілінде жүргізілсін. Билік басында отырғандардан жергілікті тілдегі оқулық кітаптарды талап ету керек. Орыстардың Наркомпроста ондай мақсатқа қаржы жоқ деген ықпа-

лына көнбеу керек. Орыс мұғалімдеріне — колонизаторларға жағымпазданбаймыз...»
Ұлтшыл-оқытушылар Кеңес өкіметінің шараларына өздерінше түсініктеме беріп, оқушылардың ұлтшылдық рухын көтеруде. Осындай әрекеттерімен ұлтшылдар идеологиялық позициясын нығайтып келеді. Соның нәтижесінде оқушылардың ұлттық мәдениеті жөніндегі оқу программасының кеңейтіліп келе жатқанын нақтылап айта аламыз.
Осы жағдайға байланысты біздің басты мақсатымыз мынандай:
1. Ұлтына қарамастан барлық эмигранттар есепке алынсын.
2. Эмигранттардың Қазақстандағы байланыстары және олардың өткен саяси қызметтегі байланыстары егжей-тегжейіне дейін тексерілсін.
3. Орта Азиядағы ұлтшылдар тобымен байланыстарын анықтап, олар түгелдей тексеруге алынсын.
4. Редакциялар мен баспалардағы ұлтшыл элементтердің эмигранттармен байланыстарын анықтап, олар жете тексерілсін.
5. Барлық әдебиет баспалары есепке алынып, оларды эмиграцияның қол асты болдырмауға шара қолданылсын.
6. Эмиграцияның Жер органдарында және Ағарту аппараттарында қызмет етуші ұлтшылдармен байланыстары тексеруге алынсын.
7. Өлкелік Орталықты Қызылордадан Алматыға көшіруге байланысты жергілікті ұлтшылдардың көңіл күйі анықталсын.

Қазақстан бойынша ОГПУ Басқарма
бастығының орынбасары *Альшанский*
Шығыс бөлімінің бастығы *Журавлев*

**(*Қызылорда облыстық «Сыр бойы»* газетінде 1997 жылғы 16 қаңтарда жарияланған Қазақстан юристер қоғамының мүшесі Ә. Бәкіровтың мақаласынан бөліп алынды).**

## БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ ЖАУАБЫ

### Мұстафа Шоқайды «Фашистердің қолшоқпары» дейтіндердің негізсіз жаласына тосқауыл қояды

Халқымыздың аяулы ұлы болған ардақты азаматтарымыздың бірегейі Мұстафа Шоқай еді. Көзі қарақты қазақ та, басқа да оның кім болғанын жақсы біледі. Көптеген мағлұматты тізбелемей-ақ, қаламгер Әнуар Әлімжановтың, ғалым Мырзатай Жолдасбековтың жазбаларын айтсақ та әбден жеткілікті. Оның үстіне Мүсекеңнің өз еңбектері де басылып шығып жатыр. Ал осының бәрін ұнатпайтын, күп көрмейтін, тіпті жоққа шығарғысы келетін бір жұмырбасты пенде бар. Ол «Үлкен Түркістанның күйреуі» деген кітаптың авторы Серік Шәкібаев.
С. Шәкібаев заманның түзелуіне орай орныға бастаған әділдікті, шындықты қабыл алмай, айтқанымнан қайтпан, жазғанымнан жаңылман деп жүр. Оның Мұстафа Шоқайды күстаналаудан мезі болған, өрескіл өсиеттің, ұлтаралық наразылықтың өршуіне себепші болуынан да секемделген қостанайлық азаматтардың біразы бізге уақ-уақ телефон шала берді. «Мына жазушыларыңа жөн айтпайсыңдар ма?! Кеңестік өктемдік тұсындағы қателігін сезінеді, Мұстафа Шоқайдың халқына, еліне адалдығын айтқандардың дәлелді сөзіне иланады десек, керісінше қасарысқан әрекетін күшейтіп жүр. Бұл қалай?» десті.
Жазушының ол қылығын одақ басқармасы секретариатының бір мәжілісінде әңгімеледік. Көпшілік С. Шәкібаевқа секретариат атынан хат жазуды маған жүктеді. Тапсырманы орындадым. «ақиқатпен алыса бермесеңізші, қателескен сіз ғана ма, уақыт солай болды, ақты-қара, оңқайды-солақай деу орын алғаны бекер емес, райыңыздан қайтқаныңыз жөн болар» дегендей білгенімді айттым. Әлемге танылған саяси қайраткерді баяғысынша «фашистердің қолшоқпары» дей беретін болса, секретариатқа ұсыныс жасалғандай, оның жазушылар одағына мүшелік мәселесі қаралуы мүмкін екенін де жасырған жоқпын.
Ал С. Шәкібаев не деді? Доң айбатпен жауап берді. Мұстафа Шоқаевтың фашистермен мақсаттас болғанын «дәлелдеп» бақты. Бір суреттің, газет қиындыларының, заң орындары құжаттарының көшірмелерін хатына қоса жіберіпті. Сурет М. Шоқайдың гитлершілдер киімімен отырғандардың арасындағы сәті. Ол суреттің қашан, қалай түсірілгенін, түпнұсқасы қайда, кімде екенін сол кездегі Кеңестік МХБ-ның «мықтылары» ғана білген шығар, ал арзан қалжалы насихатшыларға ондай мыңыншы сурет-сымақтың миллионыншы көшірмесі де мол олжа болмады ма?!
Газет сандарының көшірмелері — облыстық «Кустанайские новостидің» 1993 жылғы 25 наурызда, 1994 жылғы 9 қарашада жарияланған, Мұстафа Шоқайды қаралаған материалдары. Авторлары: рудныйлық подполковник Н. Бойко, қостанайлық еңбек ардагері А. Кузнецова, А. Петель және С. Шәкібаев. Өзінен-өзі түсінікті, Шәкібаев ескі әніне басқан, қалғандар қостай берген. Бойко болса, Ә. Әлімжановтың, Ә. Байшуақовтың, К.

Әбдікәрімовтың мақалаларын оқып көрмесе де, олардың пікірлерін құптамайтын «табандылық» көрсетіпті. Ол ол ма, қостанайлық сый-құрметті адамдардың біразы республика Президенті Н. Ә. Назарбаевқа, сол тұстағы Жоғарғы кеңестің төрағасы С. Әбділдинге «Кустанайские новостидің» бетінде ашық хат жариялапты (1993 жылғы 1 желтоқсан). Хат соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің облыстық конференциясында 1993 жылғы 24 қарашада мақұлданған көрінеді. Қол қойғандар көшінің ортасындағы жазушы, Қазақстан мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткер С. Ш. Шәкірбаев та, оның алды-артындағылар да Мұстафа Шоқайды көрмегендер, білмегендер екені, сонау МХБ құжаттарын құдай сөзіндей көріп үйренгендер екені күмәнсіз. Қол қойғыштардың қарашоқпаршылдығы соншама: «...фашист Шоқаевты мадақтағысы келетін жазушылар мен ғалымдардың (олар кім болса — о болсын) ниетін қолдамайтындықтарыңызға сенеміз...», «...адамзаттың жауын мемлекеттік дәрежеде мадақтауға жол бермеңіздер», «Шоқаев қоры» дегеннің заңды-заңсыз екенін тексеруді конституциялық сотқа тапсырыңыздар» дейді.

Бұл сияқты теріс әрекеттерге қолбасшы болып жүрген С. Шәкібаев менің де көзімді «шындыққа» жеткізуді көксеп, «Жазушылар одағына мүшелігімді қарайтын болсандар, Халықаралық сот алдында жауап берулеріне тура келер» деп бопсалапты.

Мен Мұстафа Шоқайдың өмірін зерттеп қалам тартқанда, С. Шәкібаевпен табақтас болған да жан емеспін. Бірақ нақты, әділ зерттеушілердің қазақ халқы алдында Мұстафа Шоқайдың ары таза екендігі хақында жазған тұжырымдарына әсте күмәнданбаймын. Ал С. Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітабының бүкіл шығармашылық түйінінің теріс бағып кетуінен шошитынын және түсінемін.

Сонымен, осы бір әрі тарт, бері тарттың басын ресми ашып алуды ойлап, республиканың Бас прокуроры Ж. Түяқбаев мырзаға биылғы 30 мамырда хат жолдап, прокуратураның бұған дейінгі былқылдақ жауаптарын тоқтатуларын, істің ақиқатын әбден ашып берулерін өтіндім. Сол хатқа келген жауапты толық келтіруді жөн көрдім. Ол міне:

**Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының**
**екінші хатшысы** ***Ғ. ҚАБЫШЕВҚА***

**Сіздің Мұстафа Шоқаев жайында Қазақстан республикасы прокуратурасына жазған хатыңыз қаралды.**

**М. Шоқаев жөнінде қылмыстық іс қозғалмаған, оған айып тағылмаған, сол себептен оның іс-әрекетінде неміс фашистеріне қызмет істеді деуге негіз жеткіліксіз.**

**М. Шоқаев 1941 жылдың желтоқсан айында, соғыс басында қайтыс болған.**

**Ал М. Шоқаевты «Үлкен Түркістан» мемлекетін орнатуды ойлап неміс басшыларына қызмет істеді деген тұжырымдар жеке зерттеушілер мен идеологиялық қызметкерлерінің пікірлері болуы керек деп есептейміз.**

**М. Шоқаевқа заң орындарының тарапынан қойылған кінә жоқ.**

**Қазақстан Республикасы Бас прокурорының**
**орынбасары** *С. К. Жүрсімбаев*
19.07.95 ж.

Бұл жауапқа С. Шәкібаев та, оның қолдаушылары да иланар деп білемін. Аққа күйе жақпен жарылқағанды көрген жоқпын.

*Ғаббас Қабышұлы,*
Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының
екінші хатшысы.

*(Егемен Қазақстан»,* 1995 жылғы 4 қазан).

## СҮЙІНШІ

## ТҮРКОЛОГТАР ТҮРКІСТАНДА БАС ҚОСТЫ

### Онда салынатын пантеонға ең бірінші М. Шоқайдың сүйегі жеткізілетін болып шешілді.

Жақында ежелгі Түркістан қаласында «Түркі әлемі тарихының мәселелері» деген тақырыпта халықаралық симпозиум аяқталды. Оны Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы және Қожа-Ахмет Иассауи атындағы қормен бірлесіп, Қожа-Ахмет Иассауи атындағы Қазақ-түрік университеті ұйымдастырды.

Мәслихат жұмысына әлемнің көптеген түркі тілдес мемлекеттерінен 60-тан астам оқымыстылар қатысты. Қазақстаннан, Түркиядан, Өзбекстаннан, Қытай мен Моңғолиядан келген ғалым-тарихшылар жасаған баяндамалар өзінің көкейкестілігімен және қызықтылығымен ерекшеленді. Олар тарихи деректерге жүгіне отырып, көптеген түркі тілдес

мемлекеттердің гүлденуі мен құлдырауы, өрлеуі мен ыдырауы төңірегінде кеңінен әңгімеледі. Қазіргі жағдай да назардан тыс қалған жоқ.
Симпозиум делегаттары бас қосу соңында алқалы жиынды Түркістан қаласында жыл сайын өткізіп тұру, талантты тарихшылар мен публицистерге көтермелеу сыйақы тағайындау, сондай-ақ түркі әлемінің аса көрнекті өкілдері жерленетін болашақ пантеон құрылысы жүргізілетін жерді анықтау сияқты бірқатар принципті шешімдер қабылдады.
Сөйтіп пантеонға да бірінші болып қазірде мүрдесі Берлинде тыныштық тауып жатқан қазақтың біртуар перзенті Мұстафа Шоқайдың сүйегі жеткізіліп, жерленетіні бірауыздан мақұлданды.

*Болат РЫСҚОЖА.*
(*«Егемен Қазақстан»,* 1997 жылғы 30 мамыр).

## «ЖАС ТҮРКІСТАННЫҢ» МҰРАТЫ — БІРГЕ БОЛАЙЫҚ!

Үстіміздегі ғасырдың 1929—1939 жылдары қазақтың ардақты ұлы Мұстафа Шоқайдың басшылығымен жарық көрген «Яш Түркістанның» рухани жалғасы —«Жас Түркістан» журналының жалғасы Алматыда жарыққа шықты. Араға алпыс жыл салып дүниеге келген басылымның ұраны: «Тегіміз — түрік, дініміз — ислам, Отанымыз — Түркістан». Журналдың иесі таяуда ғана құрылған «Мұстафа Шоқай қорының» басқармасы.
«Түрік дүниясының өзекті мәселелері» айдарымен берілген Мұстафа Шоқай қорының төрағасы, ғалым Батырхан Дәрімбетовтің «Жаңа түрік» тарихында түрікшілдік идеясының пайда болуы, оны Мұстафа Шоқайдың дамытуы және түрікшілдік идеясының тарихи тұрғыдан зерттеу мәселесі» атты көлемді мақаласы жоғарыдағы оқырманға жол сілтеген арнаудың бірден-бір көрінісі. Белгілі ғалым бұл мақаласында он ғасырға созылған үзілістен соңғы түрік дүниясының тарихы қайтадан бір арнаға тоғысатыны туралы мазмұнды әңгімелейді.
Қазақтың Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Дүкен Мәсімханұлының, Түрік Республикасының азаматы, алматылық мұғалім Жамаладин Айтемірдің, Қасен Оралтайдың, түрік бірлігінің жанқияр жаршысы Зия Гөкалптың мақалалары журналдың ауыр жүгін көтеріп тұрған әлеуметтік мәнді еңбектер десек артық айтпаймыз.
«Жас Түркістанның» беттерінен алдағы уақытта да оқырман аталған тақырыптардан өзге де қызықты мақалалармен танысатын болады.

* * *

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің белгілі қызметкері Әмірхан Бәкіров Мұстафа Шоқайға арнап кітап жазып шығарды.

## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТЖАНДЫ ҰЛАНЫН СҮЙДІМ

### Немесе Мұстафаны өмір бойы пір тұтқан әйел

Бар ғұмырын Түркістан тәуелсіздігі үшін күреске арнаған, халқымыздың бір туар азаматы Мұстафа Шоқайдың жұбайы Мария Яковлевна жан жарының тілегімен ислам дінін қабылдап, қуғынсүргінде жүрген ерімен бірге жер шарындағы біраз елдерді кезіп, көп қиындық кешті.
Ақырында ол туған жерінен жырақта, Парижде жалғызілікті жандарға арналған пансионатта көз жұмады. Соңғы деміне дейін сүйген жарына деген адалдықтан жазбаған ол Мұстафа атамыз жайлы естелік жазып қалдырған екен. Оның бұл естелігі 1972 жылы тұңғыш рет Ыстамбұлда жарық көреді. Бүгін біз Мария Яковлевнаның осы естелігі негізінде сыр суыртпақтап отырмыз.
Әу баста Мария Яковлевна бұрынғы күйеуі мемлекеттік қызметте істейтін, үй қызметкерін ұстайтұғын, ақсаусақ адам еді. Бар арманы әнші болу, өнер жолына түсу болатын. Ташкентте тұратын-ды. Тұрақты театры жоқ мекенді тастап Мәскеуге кетпекші ойы бар екен. Ал күйеуі болса оның бұл арманына үзілді-кесілді қарсы болатын. Жасы 52-де болғанымен 30-дағы жас әйелін өзгеге де, өнерге қимайды. Қолында қаржысы бола тұрып әйеліне жол шығынын да бермейді. Оның осы қаттылығынан Марияның көңілі қалды. Содан кейін өзінше қарекет жасап, «Лисистрата» операсын шығаруға қатысады, Ташкенттің «Зинзаде» циркінде ән шырқайды, сөйтіп жол қаражатын өзі табады. Өзінің ешкімге кіріптар болмай өзін-өзі еркін сезініп, еңбек етуі, өмір сүруі қажет екендігін әбден ұғынып, күйеуімен суысады. Он жыл отасқан алғашқы жұбайы «Сахналық өмірден шаршаған кезінде менің есігімді қақ» деген екен. Бірақ тағдыр жолы Мария Яковлевнаны Мұстафа Шоқаймен бірге ғұмыр кешуге жазса керек.
Мұстафа Шоқай (туған жылы 7.01.1891) 1917 жылдың 17 желтоқсанында Түркістан Автономиясын құру жобасын жасап, Қоқанда болып өткен төртінші ұлттық құрылтайда Түркістан автономиясын жариялайды. Бірақ бұл автономияның өмірі ұзаққа бармайды. 1918 жылдың 11 ақпанын-

да большевиктер Ташкенттен Қоқанға қарулы әскер жіберіп қаланың күл-паршасын шығарады. Аман құтылғандар 1928 жылға дейін, яғни, он жыл бойы күреседі, оларды орыс үкіметі күні бүгінге дейін «басмашылар» деп атайды. Сол Ферғана тауларын паналап кеткен Мұстафаның басына 1000 рубль тігілген еді. Алайда Мұстафа достарының көмегімен Ташкентке жетеді.
Тағдырдың жазуымен екеуі сол жерде жақын танысады. Ол Мұстафаны бұған дейін де аздап білетін еді. Бұл 1918 жыл еді. Мұстафа Мариядан көмек сұрап, өзін жасыруын өтінеді. Мария оған бір дәрігердің әскери киімін кигізеді де, адвокат танысының үйінде бас сауғалатады. Өзі түн ішінде азық-түлік апарып тұрады. Күндердің күнінде Мұстафа оған «мұсылман дінін қабылда, менің жарым бол» дейді. Бұл тілекке Мария Яковлевна да келіседі. Сөйтіп, екеуі мешітке барады. Екі өзбектен куәлік алып 1918 жылдың 18 сәуірінде ерлі-зайыпты болып, некеге тұрады. Енді ол Мұстафаны Мәскеуге кетуге көндіреді. Темір жол басқармасында істейтін танысынан билетті де, рұқсатты да алады. Мұстафаны ауыр жаралы етіп көрсетіп, аузы-басын таңып тастайды. Ол кезде куәлікке сурет жапсырылмайтын еді, бір өлген адамның атынан алынған рұқсат қағаз да бар еді. Жолда тексеру кезінде әупірімдеп әрең аман қалады. Ақтөбеге жетеді. Мұнда да қауіп төніп тұр екен. Оралдан Дутовқа жауыз Жлобаның отряды көмекке шыққан екен. Олар көзіне көрінгенді тұтқындай бастайды. Тағы да қашу. Шөл далада арбамен жолға шығады. Жолай қазақ ауылына соғады. Бірінші рет киіз үйде қонақ болып, сорпа мен қымыз ішіп, қазақи көрпе, жастық төсенген қырдағы жазғы түндер Мария Яковлеваның есінде мәңгілік қалып қояды. «Өмірдің мың бақытын осы жерде сезінгендей болдым, сол сәтті ешқашан ұмытпайтын шығармын» деп жазады ол. Айтыс өнерін түсінбесе де, мазмұнын Мұстафадан естіпті. «Қазақ сахарасындағы біздің саяхатымыз жас жұбайлардың той салтанатына ұқсайтын. Біз большевиктерді, азамат соғысын, ойламаған жерден болатын қатерді ұмытып кеткендей едік. Жастық рухымыз бізге «өмір сүріп қалыңдар» деп үндеп тұрғандай еді»,— дейді естелік иесі. Мария Яковлевна естелік беттерінде өздері келген Екатеринабургтағы құрылтай мәжілісі орналасқан үйдің жарылысқа ұшырап, бомба жарықшағымен талай адам өлгенін әңгімелейді. Ілияс Алкин Қазан уәлаятынан, Юсуф Минар (оның қай жерден сайланғанын Мария Шоқай білмейді екен), Вадим Чайкин украйндықтар құрылтайына мүше болып, Америкаға, президент Уилсонмен кездесуге бармақшы болған. Ал қала Колчактың әмірімен қоршауға алыныпты. Құрылтай мүшелері бас сауғалап, қашып қолға түседі. Мұстафа, Чайкин, Алкин үшеуі тұтқындар қамалған поезда кетіп бара жатып, қашып шығады. Бұлар Мария Яковлевнаға өзін амалсыз тастап бара жатқанын да ескертеді. «Хабарласу орталығы (Тверитинде) жайлы ешнәрсе қағазға түсірілмейді, тек ойда сақталады» деп шешеді. Бұл шешімді естігенде денем тітіркеніп, тісім-тісіме тимей қалшылдап кеттім. Ешкімді танымайтын бөтен қалада жалғыз болатынымды ойладым. Сонда да болса үндеместен келістім. Ақшаны Чайкинге бердім. Күйеуімнің қасына отырып жылап та алдым. Мені жұбатқан ешкім де болмады, бәрі үнсіз. Мұстафа қолымды қысып маңдайымнан сүйді. Ішінен менің уайымыма ортақтасып тұрғанын сездім»,— деп жазады Мария Яковлевна.
Тұтқындар поезын 1918 жылғы 24 қарашада Челябинскі темір жолы қызметкерлері ереуілге көтеріліп, апаттан аман алып қалады. Әйтпесе, Колчак генерал Венгерскийге қолына түскеннің бәрін түрмеге қамап, большевиктерді Шадринскийге жер аударуға, ал поездағыларға апат ұйымдастырып, тып-типыл жоюға бұйрық берген еді. Бірақ поездан түнде қашқан Чайкин орыс, украин жұмысшыларын, ал Алкин башқұрт ағайындарын, Мұстафа қазақ қандастарын ұйымдастырып, тұтқындарды құтқаруға себепкер болады.
Мұнан соң Мария Яковлевна Челябинскідегі Николай Тверитин атты Қоқанда кооперативте істеген Вадим Чайкиннің танысын тауып алады. Осылайша құпия байланыстар басталады. Күйеуі қалдырған нұсқау хатты алады. Онда «Қазынам менің, кешір. Мен сені уақытша жалғыз тастап кетуге мәжбүр болдым. Бірінші этап Троицкіде Яушевтарда болады. Инструкцияға қарап әрекет қыл. Троицкіде хат аласың және маршрутың белгілі болады. Сүйдім. М»— деп жазылған екен, қасына Чайкин «Менің адамдарым келгенге дейін «Т» дерде қалыңыз. Ч.» деп қосыпты. Осылайша құрылтай мәжілісінің адамдары астыртын қаретке көшеді. Мария Яковлевна Троицкіде Чайкиннен «Мұстафа Кавказға жол жүретін болды. Бірінші аялдайтын жері Жымпиты. Досмұхамедов» деген хабар алады. Мария Яковлевна жалғыз өзі қызылдардың да, ақтардың да қолына түспеу үшін сақтанып жолға шығады. Рас, талай қауіп төнеді. Ақтөбе облысы, Қобда ауданына, одан Жымпитыға жетеді. Жолшыбай бай ауылға соғады. Шәй үстінде жөн сұрағандарға Мәрия апамыз Мұстафа Шоқайдың суретін көрсетіп, күйеуін іздеп жүргенін айтады. Сөйтсе, олар еш сурет көрмеген екен. Қазақ күйеуін іздеп, шартарапты кезіп жүрген орыс әйеліне ауыл адамдары құрметпен қарайды. Қызылқұртта, Доссорда, Кетік қаласында да болады. Мұстафа қазақ офицерінен хат беріп, Солтүстік Кавказға — Петровскіге жүреміз депті. Мария желкенді кемеге отырады. Петровскіні ағылшындар басып алыпты, ағылшын командирі оған күйеуінің Бакуге жүретін кемеге отыратынын айтыпты. 1918 жылдың 24 қарашасында поезда, тұтқында қалдырылған жап-жас келіншек 1919 жылдың 20 сәуірінде ағылшындармен бірге қайықпен Бакуге жетеді.
«1919 жылы 1 майда мен Тбилиси станциясына жеттім. Қолында гүл шоғы бар Мұстафаны бірден байқадым. Ол мені тани коймады. Менің үстімде ақ көйлек, басымда ақ қалпақ бар еді. Мен бұл киімді Бакуде дайындағанмын. Мұстафа болса мені Сібірде көрген күйімдегідей күткен-ді. Тол-

қығаным соншалықты, бір ауыз сөз сөйлей алмадым, тілімді жұтып қойған секілді едім. Түсініксіз дыбыстар шығардым. Содан кейін бақырып жыладым. Мұстафа да жылады» деп жазады осы бір адам толқытар, көптен күткен кездесу туралы Мария Шоқай. Тбилисиде «Ореан» қонақ үйінде жатып, пәтер іздейді. Көп ұзамай шыны террассалы екі бөлмені жалға алады. «Бірге тұрып Европаға кеткенге дейін біз өте бақытты едік» деп жазады естелік иесі. Ол Мәскеуден келген әртістермен бірге «Жарғанат» атты бағдарлама әзірлейді. Мұстафа байырғы досы, редактор Ахмет Салиховпен бірге күнделікті шығатын «Вольный горец» газетінде істейтін, әрі Грузияның «Борьба» газетінде қызмет ететін. Грузиялықтар Түркістандықтарға ақшалай жәрдем жасап, «На рубеже» атты журнал да шығарды. Журнал редакторы — Мұстафа Шоқай. Журнал алты ай ғана шықты. Большевиктер Кавказды жаулап алды. Тағы да қуғын-сүргін басталды. Бұлар Түркияға бет алды. Кеме арқылы Стамбулға жеткен Мария мен Мұстафаға күн көріс тым қиынға түсіпті. Берлинде, Парижде шығатын газеттерден Керенский, Авксентьев, Чайковскийлер Колчак армиясының қаупінен құтылғанын оқыған Мұстафа олармен хат арқылы жазысып, Францияға виза алды. Сөйтіп, Марсельге, одан Парижге бет түзейді. Перронда саяси қызметтегі жолдасы, Қазан уалаятының өкілдері мәжілісінің мүшесі әрі Қазанның өлкелік адвокаты Фуат Тоқтар күтіп алады. Мұнда Авеню Мозарт көшесіндегі 64 үйде тұрады. Қаражаттан тапшылық көреді. Содан кейін оған аяқ астынан бір ой келеді де «Мадам Шоқай үш табақтан тұратын түскі тамақ береді. Бағасы 5 франк. Тамақ берілетін уақыт 12-ден 3-ке дейін. Тамаққа келгісі келген адамдардың алдын-ала жазылып қоюын өтінемін» деп хабарландыру іледі. Алғашқы тұтынушы келгенде, тамақ та, ақша да жоқ еді. Әйелден айла артылған ба, Шоқай келіні «тамақ бітіп қалып еді, ертеңгі асқа алдын ала ақша төлеңіз» дейді. Әлгі кісі мұнысы қалай деп таңырқап тұрғанда, Мұстафа келе қалып онымен түрікше сөйлеседі. Сөйтсе, ол Ресейде Иран елшісі болған адам екен. Бұлардың жағдайын түсініп, екі кісіге 10 франкі беріп кетеді. Осылайша борщ, картошка қосылған котлет, сүт қосылған дәмді тағам жасалады. Келе-келе Марияның аспаздық атағы шығып, бір күнде 25 адамға қызмет көрсеткен кездері болады. Қайран ғұмырды бастан кешкен Шоқай келіні сүйікті Мұстафасынан айрылды. Байғұс Мұстафам-ай, өзі сүйетін Францияcына қайта оралмайтын және де менен мәңгілікке айрылатынын сол сәтте сезген жоқ. Хабарласып тұруым үшін уәкіл Каюм сарайының адресін беріп, ашық хаттар жазып тұруымды өтінді. «Мен де саған ашық хаттар (открыткалар) салып тұрамын, соғыс кезінде осылай еткен дұрыс» деді. Таңертеңгі сағат алтыдан оны алып кету үшін әскери автомобиль келді, оның ішінде екі әскери адам бар еді. Біз жылдам қоштастық. Оның кетіп бара жатқан сәтін көріп қалу үшін мен терезеге жақын келдім. Алаңның бұрышында тұрған ол маған соңғы рет сүйдім деген-дей белгі берді. Содан кейін машина көрінбей кетті. Иә, содан кейін мен оны тірі көре алмадым» деп жазады Мария Яковлевна.

Иә, олар бірер ай хат жазысып тұрады. Атамыз бір хатында соғыс тұтқындарының жан түршігерлік азабын айтады. 35 мұсылманның сүндеттелгендері үшін еврей екен деп өлімге бұйырылған кезінде шындықты шақыра айтып, оларды аман алып қалғанын, аштық ақылын адастырған тұтқындар жолдастарының өкпесі мен жүрегін жеп жатқанын, терең құдыққа тасталғандары жандәрмен қолдарымен топырақ қазып, жаңбыр мен қардан қорғанып, сол тесікке тығылмақшы болғандарын жазады. Немістердің зорлығын көре тұра, орыс тұтқындары да түркістандықтарға не бір тілім нан, не бір түйір темекі бермейді екен. Түркістандықтарды тірілей өлсін деп иттен керексіз ғыпты. Богданов деген орыс мүлдем басынып, айуандық жасапты. Халық азаттығын, бостандығын ойлаған, жеке мемлекет құрған саяси қайраткер ешқашан өз қандастарының азабын көріп, шыдамақ емес. Мұстафа Шоқай да өлімге бас тігіп «Сіздер, немістер, өздеріңізді Еуропадағы ең мәдениетті адамдар деп санайсыздар, егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргенімдей болса, онда мен сендерге де тұтқындардың шеккен азабын көрулеріңді тілеймін. Сіздер ХХ ғасырда өмір сүре отырып XIII ғасырда Шыңғысханның жасаған зұлымдығнан асырып жібердіңіздер. Мәдениетті халық екендеріңізді айтуға хақыларыңыз жоқ» деп хат жазып, СС офицерлеріне табыс етіпті. Офицер оқып шығып, «Пікірлеріңді өте тура айтыпсың, мұның артықтау емес пе?» десе, «Егер сіздер осыған байланысты маған ату немесе асу жазасын берсеңіздер де разымын. Мұндай мәдени қоғамда өмір сүргеннен гөрі өлгенім артық. Бұл қорқынышты жағдайлардан соң, тіпті де өмір сүргім келмейді» деп жауап береді есіл ер. Әйеліне осы жағдайды ашып жазады. «Бұл хаттың көзін жой» деп тапсырады. Мария Яковлевна оны екі рет оқып, отқа жағып жібереді. Кейіннен тұтқындар өміріне өзгеріс еніпті. Ол 1941 жылы 19 желтоқсанда іші бүріп ауырған. Мұстафа профессор Рудневқа қаралады, ол ауруын анықтай алмайды. Сөйтіп, жеті күн ес жимай жатыпты. 27 желтоқсан күні кешкі сағат 6.30-да медбике бір ине салып, не қалайтынын сұрапты. Ол ұйқы деп жауап береді. Талықсып жатып, содан мәңгілік ұйқыға кетіпті. 1941 жылғы 31 желтоқсанда неміс әскерлері Парижден әкелген Мария Шоқай Виктория ауруханасындағы мәйітханаға барып, күйеуін көріп қош айтысады. Шоқай келіні Парижден әкелген құранды марқұмның айқасқан қолының үстіне қойып, басына тақия мен сәлде кигізеді. Оның күйеуіне деген ең соңғы құрметі осы еді.

Мария Шоқай 1942-нің жаңа жылын дағыстандық Кантемирмен қарсы алады. Сүйген жарының тиф ауруынан емес, оған у беріліп өлтірілгенін айтып қоймайды. Әсіресе, Каюмханның жаңа жылды тойлап, ерекше қуанғаны, жаназасына 350 марка бергені сезігін ұлғайта түседі. Дегенмен, дәйексіз күдіктің Марияға берері шамалы. Па-

рижге құр сүлдері оралады. Париж мешітінде қырқын береді. «Дебасси» залында украиндықтар, кавказдықтар, әзірбайжандар, грузиндер және басқалар сөз сөйлейді, еске алады. Соғыс кезінде француз майданынан неміс әскери киімін киген тұтқындар келе бастайды. Олардың арасындағы қазақтар, өзбектер, татарлар, башқұрттар Мұстафаның шаңырағына кіріп шығады.

1943 жылы гестапо Мария Шоқайды тағы да тұтқындайды. Тергеу кезінде Мария Яковлевна саяси жұмысқа еш қатысы жоқ, қарапайым, жесір әйел екендігін айтып, байыпты жауап бергеннен кейін тергеуден босатылады. Содан кейін 1943 жылы оны тікенек сыммен қоршалған түрмеге де апарады. Қарсы алдынан патша заманында теңізші офицер болған танысы шыға келеді. Ол «қысқа жауап беріңіз» деп түсынан өте шығады. Екі неміс офицері отырған бөлмеге кіргеннен кейін одан аты-жөнін, соғысқа дейін немен шұғылданғаны, күйеуінің кітапханасы мен жұмыс бөлмесі кімнің рұқсатымен ашылғандығын сұрайды. Мария болса ерінің заттары Германияда қалғанын айтады. Бұдан кейін де ол қаншама азап шегеді. Оның бүкіл ғұмыры Мұстафа деп өткен еді. Ері қайтыс болып, жат жерде жалғыз қалғанда да сол құрметпен тірлік кешеді.

Мария Шоқай советтік Ресейде шыққан «Набат» атты кітапта Мұстафаның өмірбаяны өрескел бұрмалаушылыққа ұшырағанына налиды. «Бізді алда не күтіп тұр? Біреу маған 1965 жылы соғыс болатыны хақ деген-ді. Құдай оны көрсетпесін. Мен өмір сүруден шаршадым. Жалғыздықтың қаншалықты ауыр тиіп жатқанын да бір Алла біледі... Әл-дәрменім азайған, көзім де көрмей барады. Жаңадан көзілдірік алу керек. Дәрігерге барғым келмейді. Барудың қажеті бола қояр ма екен? Қанша өмірім қалды дейсің? Осымен жазбаларымды аяқтаймын»,— деп өз естелігін Мария Шоқай осылайша томамдайды.

Міне, уақыт заң. Мұстафа Шоқайды жан-тәнімен сүйгендіктен большевиктер басына 1 мың рубль тіккен жан жарын балапанын қорғаған торғайдай Ташкеннен «ауыр жаралы» деп аман алып шыққан ер жүрек әйел от-жалынға оранған қалалардан бастап, қазақтың қауіп-қатерге толы даласын да жалғыз өзі шарлап шығып еді. Сағына қауышқан жан жарымен бірге Әзірбайжан, Грузин жерінің де дәм-тұзын татты. Түрік өмірін де көрді. Парижді паналады. Өмір-бақи отанды аңсау азабын, жоқшылық тақсіретін тартты. Сонда да қазақтың біртуар азаматын қастерледі. Ол сексеннен асқан шағында Париждегі жалғызілікті жандарға арналған пансионатта дүние салды.

*Күлән Берікболова*
(*«Егемен Қазақстан»* 1997 жылғы 15 шілде).

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫ ШЕТЕЛГЕ КІМ ӨТКІЗІП ЖІБЕРІП ЕДІ?

Кеңестік қызыл империя тұрғанда ойлаған мақсатына жете алмасын білген Мұстафа Шоқай соның қанды қақпандарына түспей тұрғанда шет елге жылыстап, ойлаған мақсатын сол жақта жүріп іске асыруды қарастырды.

Мұстафа Шоқай өзіне деген сондай бір қанды қақпан әзірлене бергенде бір күнде шет елге өтіп, құрған торға ілікпей өтті де кетті. Тарихшылар, әсіресе Мемлекет қауіпсіздігі органдарының қаскөйлері бұлайша бірден жым-жылас болудың сырын, оны кім шет елге білдірмей өткізіп жібергенін біле алмай, бастарын тауға да, тасқа да ұрды. Керек десе мұны оның туған-туыстары да білмей қалды. Арада біраз уақыт өте бере інісі Нұртаза Шоқай ағасынан алған сағынышты хатын ауылдастарына оқып беремін деп, НКВД құрығына ілікті де, ажал тапты. Осы жайлы естелік кітапқа арнаулы мақала енгізіліп отыр.

Мұстафа Шоқайды шекарадан кім әрі өткізіп жіберді? Мұны біз арада жетпіс жылдай уақыт өте бере, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі санында басылған «Порт Артур шайқасына қатысқан қазақ» деп аталатын, қазақ халқының ардагер ұлдарының бірінен саналған азамат Оспан Көбеев жайлы жарияланған мақаладан тауып отырмыз. Ол Мұстафа Шоқайды шекарадан өткізуші адамат екен. Енді сол жайлы газет мақаласынан алынған үзіндіні оқырмандар назарына ұсынып көрелік.

«... Мақаламыздың басында біз оқырмандарды Оспан Көбеевтің халқымыздың аяулы ұлы Мұстафа Шоқаймен кездесуі туралы хабардар етіп өткен едік. Енді сол оқиға туралы аз-кем әңгіме қозғайық.

Бұл деректі Әбіш Кекілбаев айтқан еді. Әңгіме былай. Орта Азия мен Қазақстандағы автономия үшін арпалыстың өзі ойлағандай болып шықпағанына көзі жеткен Мұстафа ағамыз шетелге кетуге бел байлады да, 1921 жылғы күзде Хиуа-Үстірт арқылы Форт-Александровскіге бет алады. Ойы — ондағы теңіз жолымен кемеге мініп, Бакуге асу болса керек. Осы ниетпен ол сол жылдың 10 қазаны күні Кетікке келіп жетеді. Мейман ауыл ақсақалдарының қарсы алуымен Оспан Көбеевке жолығады. Әңгімелесіп отырғанда портқа кеткен шолғыншылар теңізде дауыл тұрғанын, сол себепті Бакуден шығатын кеменің мұнда қашан келетіні белгісіз екенін айтады. Ауа райының осы қолайсыздығына байланысты қонақ Кетікте үш күн кідіріп қалып, Оспан бастаған ауыл азаматтарымен етене жақын танысып, сырласады. Көз көргендердің айтуынша, Мұстафа ширақ қимылды, дауысы өте ашық адам екен дейді. Күздің қарасуық сол бір күндерінде ол үстіне қасқыр

ішік киіп отырыпты. Және оны шешпеген. Соған қарағанда ішінде қаруы болды ма деген сөз де бар. Ақыры... 13 қазан күні таңсәріде арғы жақтағы беттен түтіні будақтай жүзіп келе жатқан кеме көрінеді. Оспан бастаған ауыл ақсақалдары түс қайта сол көлікке Мұстафа ағамызды отырғызып, қайыр-қош айтысады. Алаштың ардақты ұлының алдында бұдан кейін Баку, Тифлис, Ыстанбұл, Париж сияқты қалаларға апаратын ұзақ та ауыр жол жатқан болатын. Бірақ сол сәтте ол да, оны шығарып салып тұрған адамдар да оның қасиетті атамекен топырағын осы Кетік портында соңғы рет басып тұрғанын сезді ме екен десейші...

*Жанболат Аупбаев,*
*Жанат Нұрмаханова*

Ақтау-Алматы.
(*«Егемен Қазақстан»*, 1997 жылғы 26 сәуір)

***Қасен Оралтай,***
***«Алаш»* сыйлығының иегері**

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ ШӘКІРТТЕРІ

**Былтырғы жылдың аяғында Достық үйінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы мен Қызылорда облысы әкімшілігінің, Қазақтың әл-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университетінің ұйымдастыруымен «Мұстафа Шоқай және шетелдердегі қазақ зиялылары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткен-ді. Міне, сол конференцияға алыста жүрген қазақтың атақты зиялыларының бірі, «Алаш» сыйлығының иегері ғалым-жазушы Хасен Оралтай мырза да қатысып, «Мұстафа Шоқай және оның шетелдегі ізбасарлары» атты баяндама жасады. Сөз реті келгенде айта кетелік, Хасекең ұзақ жылдар бойы Мюнхендегі «Азаттық» радиостансасында қызмет істеп, кейінірек сондағы қазақ бөлімінің бастығы болған. Елінен алыста жүрсе де ата жұрты мен туған халқының жарқын болашағына сеніммен қарап, бүкіл түрік әлемінің ынтымағы мен бірлігі үшін аянбай еңбек етіп келеді. Хасекеңнің шығармалары қазақ (латын әліпбиімен), түрік, неміс, ағылшын тілдерінде жазылған. Солардың қатарында «Алаш»— Түркістан түркілерінің ұлтазаттық ұраны» (Ыстанбұл, 1973 ж), Бостандық үшін күрес жолындағы Шығыс Түркістан қазақ түркілері» («Ізмір», 1961 ж), «Қазақ», «Абылай», «Сөздік», «Желтоқсан» секілді әр жылдары жазылған кітантарының құндылығы олардың дер кезінде жарық көруімен ерекшеленеді.**

**Хасекең Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қайраткерлік қызметі туралы көп зерттеп, талай еңбектер жазды. Қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған Алаш қозғалысы, оның көсемдері мен қайраткерлері туралы, атап айтқанда Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа сынды дара туған тұлғалар жөнінде елуге тарта еңбек жазып, ұзақ жылдар бойы соларды «Азаттық» радиосы арқылы насихаттап келді.**

**Бүгін біз Хасекеңнің Алматыда болып, Мұстафа Шоқайға арналған ғылыми-теориялық конференцияда жасаған баяндамасын ықшамдап газет оқырмандарына ұсынып отырмыз.**

Саналы өмірін жеке қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркітектес халықтардың бәріне бірдей қамқоршы болу жолындағы арпалыс күреспен өткізген Мұстафа Шоқайдың еңбектері мен өмір жолы — қазіргі түрік тұқымдас тәуелсіз республикалар басшылары үшін өнеге боларлық сара жол. Оны Мұстафа Шоқай еңбектерін зерттегендер толық аңғарады.

Мұстафа Шоқайдың 1890 жылы Ақмешітте дүниеге келгені, гимназияны Тәшкенде, университетті Петербургте үздік бітіргені, осыдан 55 жыл бұрын Берлинде қайтыс болғаны сияқты мәліметтер жұртшылыққа таныс. Ол жөніндегі егжей-тегжейлі деректерді кезінде Батыс елдерінде, атап айтқанда Германия мен Түркияда шыққан бірқатар кітаптардан, сондай-ақ тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде Қазақстанда жарияланған мақалалардан табуға болады.

### МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұстафа Шоқайдың ұлттық жауларына, яғни отаршылдық қанаушы саясат жүргізуші шетелдік басқыншылар мен олардың өзімізден шыққан сойыл соғарларына ұнамай, орынсыз шабуылдаған, бірақ адал ниетті шетелдік ғалым-зерттеушілермен ұлттық сана-сезім иесі — өз елдестері жағынан құрметтеліп, пір тұтылған қасиет ерекшелігі оның асқақ мұраты, асыл мақсаты, яғни ұлтшылдық идеясы. Оның өзгелерден басты ерекшелігі осында.

Мұстафа Шоқайдың ұлтшылдық идеясы дегеннен үрейленудің, оны «ұлтжанды» деген сияқтандырып бұрмалаудың қисыны жоқ. Демек, Мұстафа Шоқай және оның елде қаза болған үзеңгілес аға-інілерінің ұлтшылдық идеясы кезінде орыс пен қытай коммунистері өздерінің шовинистік,

отаршылдық саясатының мүддесіне сай саналы түрде әдейі бұрмалап, теріс түсіндіріп келгендей құбыжық емес. Сол шындықты Мұстафа Шоқайдың еңбектері мен өмір жолынан анық көруге болады.

Өзі бір орыс әйеліне үйленген, көптеген орыс достары да болған, шетелдерде де белгілі дәрежеде бірқатар орыс саясатшыларымен істес болған Мұстафа Шоқай өз елінің, жалпы Түркістан республикаларының сол орыстық отаршылдық езгіқанауынан құтылып, дербес толық тәуелсіз ел болуын армандап, сол жолда күресуден басқа ешбір өзге халыққа қастандық ойлап, жайсыздық жасаған емес.

Мұстафа Шоқай өз елін жат жұрттық отаршылдық езгіден құтқарып, талан-таражға түскен жерсуына араша болуды қайтадан өз халқының өсіпөркендеуін, азаттыққа талпынуына сонау студенттік кезінен-ақ өзінің басты арманына айналдырған. Сол арманына жету жөніндегі ізденістерін ол Петербургтегі өзі сияқты мақсаттас түрік тұқымды мұсылман халықтар жастарымен жиі кездесіп, әңгімелесу арқылы бастаған. Солардың қатарында кейін Башқұртстанның ұлттық өкіметінің бастығы және әлемге әйгілі тарихшы ғалым Ахмет Уәлиди Тоған да болды. Мұстафа Шоқай өзінің сол бағытында Әлихан Бөкейханның ықпалы зор болғандығын айтады. Оның бұл істегі қызметі 1917 жылдың көктемінде құрылған және башқұрт Ахмет Зәки Уәлиди Тоған хатшы, өзбек Мүнәуәр Қари, Махмұт Қожа Бехбуди, Убайдуллақ Қожа сияқты кісілер мүше болған «Түркістан мұсылмандары Орталық Кеңесі» төрағасы болып сайлануымен ұласты. Баршаға белгілі болғандай, сол 1917 жылдың желтоқсан айының 10-ында Мұстафа Шоқай Қоқан автономиясы өкіметінің мүшесі, ал 13 желтоқсанда Алашорда ұлттық өкіметінің мүшесі етіп сайланады. 1917 жылы Тәшкенде жарияланған «Ұлұғ Түркістан» газетінің басты авторларының бірі де, дәл сол жылы Тәшкенде шыға бастаған «Бірлік туы» газеті шығарушыларының бірі де Мұстафа Шоқай еді. Ал 1918 жылы тағы да Тәшкенде басылған орыс тіліндегі «Свободный Туркестан» газеті де Мұстафа Шоқай жинаған қаржымен жарияланған.

1918 жылы Қоқан автономиясы советтік қызыл қосындар жағынан қару күшімен құлатылғаннан кейін Мұстафа Шоқай жан сауғалап қашуға мәжбүр болды. 1919 жылы Қапқазияға барды. Сол кездегі тәуелсіз Грузияның астанасы Тифлис қаласында тұрып, туған елінің тәуелсіздігі үшін күресін жалғастырды. Баспасөзге де, өз айтуы бойынша, Біртұтас Түркістан Республикалары туралы көптеген мақалалар жазды. Мұстафа Шоқайдың сол мақалалары «Вольные горцы» («Еркін таулықтар») апталығында және түркістандықтар мен украиндықтар бірлесе отырып шығарған «На рубеже» атты журналда басылды. Сол мақалаларын ол өз атымен және М. Жанай, Жәлел деген басқа аттармен де жариялаған. Ал 1920 жылы Солтүстік Қапқазияның ұлттық ұйымы мен Түркістан ұлттық орталығы бірлесе отырып Тифлис қаласында «Жаңа дүние» деген газет шығарады. Тағы да сол қалада М. Шоқайдың бас редакторлығымен «Шафақ»—«Таңсәрі» атты басқа да газет шығарылды. Сол газетте жеке Түркістан мен Қапқазия мәселесі ғана емес, сол кезде жан-жақтан жасалған шетелдік басқыншылардың шабуылына қарсы күресуші Түркиядағы Мұстафа Кемал Ататүрік жетекшілік еткен «құтудуш-құтылу соғысына» да тілектестік білдіріп тұрған-ды. Советтік басқыншы қосындардың Тифлис қаласына кіруіне байланысты 1921 жылдың ақпан айында Мұстафа Шоқай кемемен Түркияға өтеді.

Ол туысқан Түркияның да аса бір ауыр жағдай астындағы кезеңі еді. Түркияның сол кездегі ел астанасы Ыстанбұл қаласы Англияның, елдің басқа жақтары да Франция мен Италияның басқыншылығы астында еді. Греция болса Түркияны басып алып, біржолата өз отарына айналдыру үшін шабуылға өткен-ді. Сөйтіп, Түркияның Егей теңізі жағалауындағы Ізмір қаласынан тартып, елдің қазіргі астанасы Анкарадан 60 шақырым қашықтығындағы Поллатлы қалашығына дейінгі Түркияның барлық жерін Грекия басып алған-ды. Бұл кезең Түркияның сол тұста Мағжан Жұмабайдың әйгілі «Алыстағы бауырыма» дейтін толғауында:

Алыста ауыр азап шеккен бауырым!<br>
Қураған бәйшешектей кепкен бауырым!<br>
Қамаған қалың жаудың ортасында,<br>
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым!—

деп сипатталған тұсы еді. Сол үшін де Мұстафа Шоқай көп аялдамай Францияға өтті. Парижде тұрып ол 1927—1931 жылдар аралығында Ахмет Зәки Уәлиди Тоғанның редакторлығымен Ыстанбұлда шығып тұрған «Жаңа Түркістан» журналына атсалысты. Өте құнды мақалалар жазып тұрды. Осыдан кейін Мұстафа Шоқай 1929 жылдың желтоқсанында өзі Францияның астанасы Парижде отырып, Германия астанасы Берлиннен әйгілі «Жас Түркістан» журналын шығара бастайды. Ай сайын үздіксіз түрде 1939 жылдың тамыз айына дейін 117 саны шыққан сол журналда М. Шоқайдың қыруар тақырыпта жазылған, әлі де құндылығын жоймаған көптеген мақалалары басылды. Ол оны тіке өз атымен, басқа да аттармен шығарды. Сонымен қатар Францияның «Ориент ит оккидент», Англияның «Азиатис ревиев», Польшаның «Вошход» журналында, сондай-ақ Парижде шығатын «Ла ревви де Прометкее» журналында да көп еңбектері жарияланды.

Мұстафа Шоқай сонымен қатар кейбір шетелдіктердің Түркістан жөнінде жазған кітаптарына да көмектескен. Ол тек мақалаларын жазумен ғана шектелмей, 1928 жылы Парижде «Шезлес Совиете энд Азие Сентрале» деген кітапты французша, 1935 жылы «Түркістан Советтік әкімшілік астында», сондай-ақ 1937 жылы «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» деген кітаптарды шығарды. Ол тек кітап, мақалалар жазумен қаламай, туған халқының ұлттық тәуелсіздігінің жолындағы күресті басқа да тәсілдермен жүргізудің шарасын қарастырды. Айталық, халықаралық конференцияларға қаты-

су, тым болмағанда сол форумдарға хаттар жіберу, қатыса алса өзі сөйлеп соларда ол жеке Түркістан халқының ғана емес, бүкіл түрік тұқымды барлық халықтардың дауын даулап, жоғын жоқтады, мүддесін қорғады. Ол хаттар жіберумен де шектелмеген. Париж, Лондон, Варшава, Берлин қалаларындағы түрлі жиналыстарда орыс пен қытай қол астындағы Батыс пен Шығыс Түркістан туралы лекциялар оқиды.

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЖЕКЕ ӨМІРІ, ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ ЕДІ?

Соншама қыруар істермен шұғылданып жүрген Мұстафа Шоқайдың тұрмысы тым жұпыны болған. Мәселен, 1972 жылы Ыстанбұлда басылған естелігінде Мұстафа Шоқайдың әйелі Парижде өмір сүру үшін өздері тұратын шағын бөлменің бір жағына асхана сүрей ашқандықтарын, оның көкжеміс тазалау ісін Мұстафа Шоқай атқарғанын жазды. Жалпы, оның қиын жағдайда өмір сүргендігі жөнінде әр тұста жазылған деректер баршылық.

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТҮРІКШІЛДІГІ

Мұстафа Шоқай қай жерде және қандай ауыр жағдайда жүрсе де бүкіл түріктектес халықтардың бәрінің қамқоршысы болуға тырысты. Ол «Жас Түркістан» журналының 1933 жылғы № 47 санында Петербургте оқып жүрген кезінде сондағы түріктектес студенттердің Түркияға көмектесу үшін құпия даярлығы туралы тоқталған. Сондай-ақ сталиндік террор кезінде жазғырылған Садық Өтеген екеуінің Петербургтегі Түркияның бас елшісі Тұрхан Пашаға Түркия мемлекетіне туыстық көмек ретінде алтын ақша апарып бергенін, бас елші Тұрхан Пашаның сонда көзіне жас алғанын да Мұстафа Шоқай жазған.

Мұстафа Шоқай түріктектес халықтарды бөле қарамай, олардың да өзі секілді түбі бір туыстас, тамырлас екендігін айтады. Қашқын болып Грузия астанасы Тифлисте тұрғанында Армения астанасы Ереванға аялдаған бір американдық генералдың жүгенсіз түрде Түркияны сынға алып, шабуылдаған мәлімдеме жасауына баспасөз бетінде Мұстафа Шоқай қатал тойтарыс берген.

Мұстафа Шоқай Түркістан мәселесін түрлі төңіректердің әркилы мақсатпен «Батыс Түркістан», «Қытай Түркістаны» деп бөле қарауына да қосылмады. Ол сонау отызыншы жылдардағы қарбалас кезеңде Қытай қол астындағы Шығыс Түркістан мәселесімен де ұдайы шұғылданды. 1930 жылдың басында Шығыс Түркістанда болған көтеріліске байланысты «Жас Түркістан» журналында құндығын әлі жоймаған көптеген мақала, еңбектер жариялады. Сонымен бірге Шығыс Түркістандағы жағдай туралы Европаның Лондон, Париж, Берлин және Варшава секілді ірі қалаларында лекциялар оқыды. Міне, осының бәрі Мұстафа Шоқайдың ұлы идеясын, дара тұлғасын айқындай түсетін деректердің ұшқыны саналады. Мұстафа Шоқайды толық түсіну үшін, келер ұрпаққа жеткізу үшін оның еңбектерін көлемді зерттеп, қосымша түсініктермен бұрмаламай, том-том етіп бастырып шығару керек.

Жоғарыда Мұстафа Шоқайдың саналы өмірін барлық түріктектестердің қамқоршысы болуға тырысумен өткізгендігі ерекше ескерілді. Ол расында да солай болған. Ал сол кездің өзінде де Мұстафа Шоқай түріктектес туысқандардың бірқатарымен баспасөз беттерінде айтысқан кездері де болған. Мәселен, ол өзінің 1917 жылдан досы Ахмет Зәки Уәлиди Тоғанмен және Қазан татарлары жетекшілерімен бірқатар мәселелер жөнінде пікір таластырып, айтысты. Бұл да шоқайтанушылар үңіле қарауы тиіс тақырып.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІН КІМ ҚАЛАЙ ЗЕРТТЕУІ КЕРЕК?

Мұстафа Шоқайдың 1919 жылдан кейінгі шетелдердегі өмірі мен еңбектері, ұстаған бағыты мақалалар шеңберінде ғана емес, кітаптар көлемінде толық зерттелуді қажет ететін тақырып екені аян. Өткен жылы қараша айында Түркістан қаласында өткен «Қазақ диаспорасының бүгіні мен болашағы» атты конференцияда атап көрсеткенімдей, оны қазақ ғалымзерттеушілері қолға алғаны дұрыс. Менің сол пікірімнің негізсіз еместігін өткен жылдың шілде айында Түркияның астанасы Анкарада түрік тілінде шығатын бір газетте басылған: «Европадағы түріктік және түрік ұлтшылдығын зерттеулер тарихы» деген сөзбасымен жарияланған мақала айқындай түсуде. Кезінде Мұстафа Шоқай еңбектерін мол пайдаланған, қазір Германияның Көлін қаласында тұратын Баймырза Һайт өз мақаласында Мұстафа Шоқайды Бұқарадан Германияға оқуға барған қарапайым студенттер қатарында сипаттаған. Мәселен, былай деген: «Европада түрік ұлтшылдығының өмір сүруі тақырыбында 1922 жылы Бұқара мемлекетінің берген қаржысымен Германияға оқуға барған студенттер әрекеті маңызды болды. Олар Түркістан студенттер бірлігі ұйымын құрды. Студенттердің бір бөлегі неміс газеттері мен журналдарында

Түркістан мәселесіне байланысты мақалалар жариялады. Солардың арасында Мұстафа Шоқай ағылшын, француз, орыс және поляк тілдерінде жазған мақалалары және «Түркістан Советтік әкімшілік астында» деген кітабымен танылды».
Мұстафа Шоқайдың Бұқара үкіметінің қаржысымен оқуға жіберілген қарапайым студенттер арасында бармағаны, оның қарапайым студенттердің бірі емес, Қоқан автономиясы үкіметінің бастығы, Алашорда ұлттық үкіметі мүшелерінің бірі, үлкен саяси қайраткер екеніне назар аудармаған Баймырза Һайт, алғы Бұқарадан Германияға барған қарапайым студенттердің бірі, өзбек, Уәли Қайымды «хан» деп дәріптеген. Алайда, Уәли Қайым хан емес-ті. Оның хан еместігін өзімен бірге оқуға барған студенттер және басқалары жақсы білді. Бірақ Баймырза Һайт оны «хан» етіп көрсетіп, аталған мақаласын былай деп жалғастырды: «Түркістан лидері Уәли Қайым хан (!) «Милли Түркістан» журналын шығарды».
Қоқан автономиясы үкіметінің бастығын Алашорда ұлттық үкіметі мүшелерінің бірі болып сайланған жоғарыда баяндалған ерен еңбектердің иесі Мұстафа Шоқайды Баймырза Һайт «Түркістан лидері» демей, өзінің жерлесі және сыбайласы Уәли Қайымды «лидер», «хан» деп дабырайтты. Сонымен бірге Баймырза Һайт соғыс кезінде өзімен бірге Берлинде болған қазақ Қарес Қанатбайды ол төрағасы болған Түркелі комитеті мен оның екі тілде бірдей 21 саны шыққан «Түрк елі» журналында аталған мақаласында атаусыз қалдырып, аттап өткен. Алайда Баймырза Һайт өзі отырған Көлін қаласынан 576 шақырым жердегі Мюнхен қаласындағы Түркелі комитеті және оның органы «Түркелі» журналы жөнінде жақсы мәліметке ие. Оның өзі де ішінде ағылшын және неміс ақшасымен бір бөлімін өзбектер жалғастырған алғы «Милли Түркістан» журналында елуінші жылдары Түркелі комитетіне, оның органы «Түркелі» журналына қарай талай шабуылдаушы мақалалар жариялаған болатын. Ал түркелішілдер болса, адал Мұстафа Шоқай мүддесін қолдаушылар еді.

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ІЗБАСАРЛАРЫ

Оның мұраттас-мүдделес ағалары мен үзеңгілес серіктерінен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамед, Мағжан Жұмабай, Мұхаметжан Тынышбай сияқты кейбір «Алаш» ардагерлері жөніндегі еске алулар, шеттен көзге түсуінше, кезінде оларға аяусыз шабуылдап, Мәскеудің сойылын көтеріп, Сталин жасасын деп арпалысып жүргенде өмірлері сол Сталиннің жендеттері жағынан өшірілген. Сондай-ақ Қошке Кемеңгерүлы, Жаһанша Досмұхамед, Райымжан Марсық, Жақып Ақбай, Садық Өтеген, Ахмет Бірімжан, Әзілхан Кенесары, Айдархан Тұрлыбай, Сейітқазым Қадырбай, Уәлитхан Танаш, Алпысбай Құлман, Әбдірахман Оразбай, Елдес Омар, Отыншы Әлжан, Сағындық Досжан және жүздеген басқалар сияқты Мұстафа Шоқайдың да мұраттас-мақсаттас ағаінілерінің тәуелсіз Қазақстанда әлі лайықты түрде аттары аталып, жас ұрпаққа толық таныстырылмай келеді.
Әлі күнге дейін Қазақстанның астанасында бір даңғыл, үлкен алаңға Әлихан Бөкейхан атының берілмеуін шеттегі саналы қазақтар да, қазақ халқының адал достары да түсіне алмауда.
Сонымен қатар Алаш атының, Алаш идеясының тәуелсіз Қазақстанда лайықты құрметтеліп отырмағандығы да қынжылтады. Алматы қаласында Алаш атындағы алаң, болмаса көше неге жоқ?». 1995 жылы Қазақстан Жазушылар одағында маған «Алаш» сыйлығы берілген күні де мен өзімнің 1973 жылы Ыстанбұлда басылған «Алаш»— Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» деген кітабыма меңзей отырып, сол кезде «Қазақ әдебиеті» мен «Шалқар» газетінде жарияланғанындай, Алаш атындағы сыйлықтың басқа саладағы еңбектерден гөрі, Алаш қозғалысына тікелей қатысы бар кітаптарға берілгені, солай етіліп, Алаш идеясының дәріптелгені жөн деген пікір айтқан едім. Соған орай шетелдерден кей мысалдар да келтіргенмін.
Мұстафа Шоқайдың шетелдердегі ізбасарлары туралы айтқанда алдымен доктор Тахир Шағатай мен доктор Әбдулақап Оқтайдың атын атамай өту мүмкін емес. Ол екеуі де өзбек. 1922 жылы Бухара халық республикасы үкімет жағынан Германияға оқуға жіберілген студенттер. Екеуі де Мұстафа Шоқайдың нұсқауымен Берлинде «Жас Түркістан» журналын шығарып тұрған. Дүниежүзілік екінші соғыстың салдарынан олар Германиядан Түркияға қоныс аударды. Профессор, доктор Тахир Шағатай Анкара университетінде істеп, жетпісінші жылдардың соңында қайтыс болды. Әбдулақап Оқтай да Ыстанбұлда дәрігер болып, алпысыншы жылдары дүниеден өтті. Ол екеуі Мұстафа Шоқай ісін одан әрі жалғастырып, «Жас Түркістан» басылымдары» атымен Түркияда 22 кітап шығарды. Солардың көбінен Мұстафа Шоқай жөнінде маңызды деректер табуға болады. Мәселен, ол екеуі бірлесе отырып, Мұстафа Шоқайдың қайтыс болуына бір жыл толуына арнап, 1942 жылы «Мұстафа Шоқай альбомын» шығарды. 1950 жылы да Мұстафа Шоқайдың туғанына 60 жыл толуына арнап, «Түркістан Милли харакетиве Мұстафа Шоқай», сондай-ақ 1952 және 1954 жылдары да «Түркістандағы түрікшілдік пен халықшылдық» деген кітаптар шығарған.
Мұстафа Шоқайдың екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі өзге ізбасарлары да болғаны анық. Солардың бірі оны көрген, қасында бірге болған ізбасары Қарес Қанатбай. Соғыс кезінде «Милли Түркістан» комитетінің хатшысы, соғыстан соң

Мюнхенде құрылған «Түркелі — Түркістан ұлт-азаттық комитетінің» төрағасы болған Қарес Қанатбай М. Шоқай қайтыс болардан бір ай бұрын оған жолығып, сөйлескен. Оның айтуынша, 1941 жылы қараша айының бір күні Мұстафа Шоқай соғыс тұтқыны лагерін аралап жүргенде кіші лейтенант Қарес Қанатбайды жолықтырады. Оны қасына шақырып алып, оң қолын Қарес Қанатбайдың иығына қойып тұрып сөйлеседі. Жөн сұрайды, Берлинге кел дейді. Қасына еріп жүрген кісілердің тізіміне қос деп тапсырады...
Өкінішке орай, Қарес Қанатбай түрлі тексерулерден өтіп, Берлинге барғанда Мұстафа ағасы қайтыс болған-ды. Берлинде Қарес Қанатбай Милли Түркістан комитетінің бас хатшысы болып істейді. Бірақ түрлі себептермен сол комитеттің бастығы Уәли Қайыммен шығыса алмайды. Сол себепті Уәли Қайымның шағымына орай Қарес Қанатбай комитет бас хатшылығы қызметінен босатылып, аяқжол тазалап, жер сыпыратын жұмысқа салынады. Уәли Қайым, сол кездегі мәліметтерге қарағанда Қарес Қанатбайды немістерге «совет шпионы» деп шағымданған. Тағдырдың тәлкегіне қараңыз, Уәли Қайым жағынан соғыс кезінде «советтік шпионы» делініп, немістерге шағымдалған Қарес Қанатбай соғыстан кейін американдағылар жағынан «гитлершіл» делініп ұсталып, Мюнхен қаласының жанындағы Дахау концлагеріне апарып қамалды. Кейінірек босатылады да, сол американдықтардың қолдауымен Қарес Қанатбай «Түркістан — ұлт-азаттық комитетін» құрып, соның бастығы болады. Оның және Түркелі комитетін құрғандардың, соның құрамында болғандардың бәрінің тұтқан пірі, ұстаған жолы Мұстафа Шоқайдың бағыты болды. Оны 1951 жылғы қыркүйекте «Біздің мақсатымыз» деген көлемді мақаласында Қарес Қанатбай ерекше атап көрсеткен. Ал 1952 жылы басылған тағы бір «Біздің одақтастарымыз» деген мақаласында Қарес Қанатбай Мұстафа Шоқай мақаласына сілтеме жасай отырып, түркістандықтарды орыс отаршылдығы мен большевиктерге қарсы күресте тізе қосуға шақырған. Сонымен қорыта айтқанда, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі Мұстафа Шоқайдың Батыс Европадағы ізбасарлары американдардың көмегімен Мюнхен қаласында Түркелі комитетінде жұмыс істейді. Түркелі комитеті мен оның журналы жабылғаннан кейін олардың кейбіреулері «Азаттық» радиостансасының Түркістан бөлімінде жұмыс істеді.
Мұстафа Шоқайдың шеттегі туысымыз, баласымыз, ізбасарымыз дегендер соңғы жалдары жиі кездесе бастады. Олардың бірқатары өздері жөнінде Қазақстан баспасөзі беттерінде жаздырып та үлгерді. Кезінде біз «Азаттық» радиосы арқылы айтқанымыздай, Мұстафа Шоқайдың шетте баласы да, туысы да жоқ. Ал, ізбсарымыз деушілердің сылдыраған сөзіне қарап емес, Қазақстанның тәуелсіздігіне дейін Мұстафа Шоқайдың идеясын қолдаушы ретінде істеген ісіне қарап бағалаған жөн.

(*«Егемен Қазақстан»* газеті, 1997 жылғы 22 қаңтар).

## ӨЛГЕНДЕРДІ ТІРІЛЕР ТІРІЛТЕДІ

Көптен төсек тартып жатқан құдам Асқардың көңілін сұрай бардым.
— Жақсы келдің,— деді ол әлден уақыт бар күшін жинағандай,— Алматыдағы ауруханаға барғанымда айта алмай кетіп едім. Тілегіміз бір екен. Жазушы-журналиссің ғой, кешегі соғысқа сен де қатыстың. Офицерсің. Оның мән-жайын менен гөрі сен жақсы білесің.
— Айтайын дегенім, маған Мәскеуден Борис Алексеевич Викторов деген генерал-майордан хат келген еді. Одан бері де алты-жеті жыл өтіп кетті. Сырқат оның өтінішін орындауға мұрсат бермеді. Ол хатында 1942—1943 жылдары «Түркістан легионында» болған бір топ қазақ тұтқындарының 1943 жылдың 19-желтоқсанында Советке қарсы соғысқа майдан шебіне келген бетте Қызыл армиямен байланыс жасап, неміс құрамасына қарсы соғысқанын, онда кімдердің басшы, байланысшы болғанын айтып жазуды өтініпті. Шын мәнінде «Түркістан легионының» жасақшылары Отанға сатқындық жасаған опасыздар емес, шектен тыс зорлық-зомбылық, аштық-жалаңаштық көріп, неміс формасын ылажсыз киіп, қолайлы жағдай туса, партизандарға қосылуды, сөйтіп туып-өскен отанына жетуді арман еткендер. Бұл жайында есімде қалғандарын Маржанкүл жиеніңе айтып жазғыздым. Соны өз қолыңа тапсырғым бар. Туған жерім, елім, Отаным деп оққа ұшқан қанды көйлек майдандас, тұтқындас қыршын кеткен бауырларымның әруағы риза болсын,— деп ол жастығының астындағы қалың көк дәптерді ұсынды.

* * *

«Әр көлләде — бір қиял» демекші, жерлесіміз Мұстафа Шоқаев жайлы әркім әртүрлі жорамал айтып жүргенге ұқсайды. «Ол — фашистік генерал, Отанын сатқан, қазақтың қас жауы» деген сияқты өтірік-өсекке баратын көрінеді,— деп бастапты Асекең әңгімесін маған тапсырған көк дәптерінде.— Бұлай болжам жасаушыларды — бостандық пен әділет іздеп, соның жолында ғұмыр кешкен халқымыздың біртума перзенті Мұстафа Шоқаевтың ісі мен қызметін жоққа шығарушылар деп білемін.
Мен 1938 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданының Қызылжарма ауылдық кеңесінен

қызыл әскерге шақырылдым. № 6414 әскери училищеде оқып, танк экипажының командирі болдым,— деп жазған бұрынғы тракторшы. Қызыл армия 1940 жылы Латвия, Литва, Эстония халықтарын азат ету сапарынан кейін Рига қаласына орналасты. Енді елге қайтармыз деп тұрғанда танк бригадасын 6450-әскери құрамға қосты, 1941-жылы 20 маусым күні Латвияның Алитус қаласына командировкаға келгенімізде таң сыз бере соғыс басталды. Фашист самолеттерінің тастаған бомбасы қаланың астан-кестеңін шығарды. Батальон командирі Шувалкиннің бұйрығымен составты тастап, жан сауғаладық. Қасымдағы екі солдат қаза тапты да, мен жараланып қалдым. Бізді тұтқынға алды. Шілде айында бізді Польшаның Сугалка қаласындағы айналасы атшаптырым, тікенді сыммен қоршалған, төрт бұрышына күшті прожекторымен пулемет орнатып қойған ашық алаң астына әкеп тоғытты.

Арада қанша күн өткені есімде жоқ, бір күні лагерьді азан-қазан етіп басына көтерген неміс солдаттары тұтқындарды ұрып-соғып сапқа тұрғызды. Лагерь коменданты, қасында погондары жарқылдаған бес-алты неміс офицерінің ортасында үш-төрт жай киімді кісілер бар, тұтқындарды аралап шықты да, нөкерлерімен сәкіге көтерілді. Лагерь коменданты орыс тілінде: «Түркі тілді мұсылмандар алдыңғы сапқа тұрсын!»— деп айқай салды. Топырлап ілгері тұрдық. Бойы сырықтай, қушық шеке, мұртты семіз сары неміс офицері бірінші болып сөйледі. Екінші сөзді орта бойлы, қоңыр қалпақты, сұр плащты, мосқал тартқан, қызыл шырайлы кісіге берді. Ол орысша сөйледі. Түр-түсіне қарап «мұсылмансың-ау» деп қалған болар, бір өзбек жігіті: «біз түшінбедік» деп айқай салды. Содан кейін ол кідіріңкіреп тұрып, қазақ тілінде өзінің қазақ екенін айтып, Мұстафа Шоқаев деп таныстырып алды да, ұзақ сөйлеп кетті. «Мен сіздердің — тұтқынға түскен жазықсыз мұсылмандардың ауыр халін естіп, өз көзіммен көргелі келдім. Мен түркі тілді Шығыс халықтарының Герман мемлекетіндегі президенті ретінде Адольф Гитлерден большевиктердің зорлауымен соғысқа тартылып, ылажсыз тұтқынға түскен Шығыс халықтарының азаматтарын жеке лагерьде ұстап, қамқорлық көрсетуін талап еттім. Ол менің ұсынысымды қабыл алып, мұсылмандар үшін жақын күндерде «Түркістан легионын» құруға, сіздерді өлім жазасынан құтқаруға келісім берді. Сіздер енді өз еріктеріңізбен сол легионға тілек білдіріп кірсеңіздер, аш-жалаңаштықтан құтыласыздар дегім келеді. Сеніңіздер маған. Мұнда арам өлгеннен гөрі легионға кіріп, жан шақырудың қамын қарастырыңдар! Қапы қалып жүрмеңдер, бауырларым!»— деп бітірді ол сөзін.

Бір аптадан кейін тұтқын тобымызды Сувалка лагерінен алып шығып, Люккенвельд лагеріне әкеліп, француз тұтқындарының арасына қосты. Мұнда да өзбек, орыс, украин, қырғыз, қазақ, тәжік, армяндар бар екен. Бірақ, олар өз ұлттарымен бөлек блокта қамалады екен. Мұстафа аға айтқандай, жақсылықтың нышаны көріне бастады: үстіміз толған битті керосинмен жуғызып, моншаға түсірді, француз тұтқындарының киімін кигізіп, тамақтандырды. Бірақ бізді мұнда көп ұстамады, басқа қаладағы лагерьге әкелді. Жататын жеріміз сасық сарай, ертелетіп жұмысқа апарып салады.

Бір жетіден кейін блоктағы мұсылмандарды тізіп сапқа тұрғызды. Көзілдірікті неміс офицері қасындағы нөкерлерімен алға шықты. «Біз сендерді бүгіннен бастап құрылған «Түркістан легионының» мүшелері деп есептейміз. Сендер Германия армиясына адал қызмет етесіңдер!»— деп бұйыра сөйлейді. Саптағыларға қасында тұрған қара қалпақты, ақ плащты, ортадан жоғары, қырықтар шамасындағы адамдарды Германия мемлекетіндегі мұсылмандар комитетінің «көсемі», яғни фюрері Вали Каюмхан деп таныстырды.

Вали Каюмхан мен неміс офицері сапқа қарай жүрді. Қасыма тақап келген көзілдірікті неміс офицері мені танитындай-ақ шүкшия қалыпты. «Сен қай ұлттансың?»— деді қолындағы шыбығымен өңменімнен түртіп, «Көзің көк, өзің сарысың және бетіңді құрт жеген, шыныңды айт» деп тұр,— деді тілмаш. «Менің әкем мешіт ұстаған, ғұлама молда болған кісі. Совет үкіметі келді де, сол мешітті қиратып, әкемді атып жіберді. Мен совет үкіметінен әкемнің кегін қайтарғым келеді. Өзім сары, көзім көк болса, әкемді ел-жұрты: «Көккөз сары әулие» деп атайтын»,— деп тұрып алдым.

Тілмаш айтып жеткізді білем, неміс офицері Валиге қарап бірдеңе деді. Тілмаш «Құран білесің бе?» деді. «Молданың баласы болсам, неге білмеймін»,— дедім. «Ендеше сен осы топтың молдасы боласың, бұларды большевиктерге қарсы үгіттеп, әкеңнің кегін қайтарасың!»— деді. «У ішсең уыз ішкен руыңмен болмадың ба, жігітім?»— деп қалды қасымдағы қапсағай қара ала көзімен атып, «Түйе тұсағанның екі ойы бар» деген емес пе, ағасы!»— дедім. Қошқар тұмсық түсінді білем: «Молда бала, атың кім?— деп қалды... Атым Асқар. Өзіңіз?» «Бақыт»,— деді ол.

Бұл — 1942 жылдың сәуірінде Легионово лагерінде болған жағдай еді.

Ол кезде «мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» дегендей, жаудың ортасында, қайсыбір жарамсақтардың қасында жүріп пікір алысу, өз ойыңды білдіру қауіпті еді. Оның үстіне кімнің кім екенін біліп болмайды. Тұтқындардың барлығы дерлік басқа фамилияда жүрдік. Мәнтібай мен Бақыт ағамен пікіріміз бір жерден шықты. Ыммен ұғысып, көзбен сырласып жүріп, ротадағы 10—15 көзі қарақты, дініне, діліне берік деген жігіттерге ойымызды біртіндеп жеткізе бастадық.

* * *

1942 жылдың қыркүйек айы Легионоводағы «Түркістан легионының» бірінші батальонының бір түнде апас-қапаста көтеріп пойызға тиеді. Күндіз тұрып, түн жүріп Воронеж облысының бір стансасында келіп тоқтадық. Біз үш жігіт осы жерде ала кетуімізді өтініп тұрған бір орыс қызын вагонымызға кіргізіп алдық. Қыз бойында бір

құпияның барын сезсек те, ол тіс жарып ештеңе айтпады. Пойыз Кантемировка стансасына келіп тоқтады. Бізді түсірді. Наташа қыз қоштасып, кетерінде ғана маған сыбырлап: «Пароль —«Пшеница», ұмытпа»— деп жымиды.

Батальон Донбастың маңындағы Бервеновка деген деревняға жетті. Мұнда Италия армиясы алғы шепті қорғап жатыр екен. Біздің батальон түнде соларға окоп қазып, блиндаж соғып беріп жүрдік. Тамақты жиырма шақырым жердегі Бервеновкадан өзіміздің жігіттер арбамен тасып жүрді. Бірде тамақ тасып жүрген арбакеш жігіттер нәубайханада нан пісіретін екі орыс шалына «Пароль»— пшеница!» деген екен, сол жігіт келсін» депті. Оны командирлерімізге айттық, арбакештің біреуінің орнына мені жіберуді өтіндім.

Арбакештің бірін ауыстырып, деревняға келсем, баяғы вагонға мінгізген сары қыз — Наташа кезіге кетті. Туған қарындасымды көргендей қуанып қалдым. Ол орыс шалдарымен жолықтырды. Шалдардан партизандармен кездестіруді өтіндім. Сенбеді. Бірақ, екі ортадағы орман ішінде арбакештердің партизандар берген хат-хабарларын алып тұруымызға мүмкіндік болатынын білдірді. Сол күннен бастап біздің арбакеш жігіттеріміз партизан сақшыларымен кездесіп, листовка, газеттерін әкеліп, біз оны сенімді жігіттерімізге таратып жүрдік. Бір күні «Үштіктің» құпия кездесетін жеріне Бақыт пен Мәнтібай мені шақырып алды. «Арамызда сатқын бар ма деп қалдым»,— деді Мәнтібай. Үшеуара әңгімені аяқтаған кезде «Үштіктің» бірі Құлмырза Ишанов жетіп келді де: «Біз құрыдық!— деп отыра кетті.— Екі арбакеш пен шепте тұрған біздің күзетшілерді ұстап қамады». Біз тым-тырақай жүгіре басып барағымызға кеттік. Бізден Бақытты да ұстаған. Оның бойынан құртуға үлгіре алмаған партизандардың листовкасы шыққан.

Біз оларды қалайда босатып алудың жоспарын жасап, шабуылға шығуды белгіледік. Бірақ, неміс командованиесі ертесіне жасақты жеделдете жинап, батальонды сапқа тұрғызып, Бақыт Байжанов пен Құлмырза Ишанов бастаған 30 жігітті қатар қойып, атып жіберді. Біздің бұрылуға мүмкіндігіміз қалмады.

Жігіттердің жорамалы дұрыс болды. Көп узаған жоқ, бұрынғы рота командирімізді неміс командованиесі қолпаштап өз штабына алып кетті. Оның орнына Мәнтібай Сейсенәлиев тағайындалды. Бұл біздің түпкі мақсатымыздың орындалуына негіз қалаған-дай еді. Өйткені, рота командирі екі жақтың да паролін жақсы біледі. Оның үстіне ішіміздегі сенімсіздерді Мәнтібайдың орнына взвод командирі болған Байдуллин қақпайлап қатал ұстады. Енді болар іс болды, тайсақтайтын ештеңе жоқ деген қорытындымен Нұрғалиев, Сейсенәлиев, Байдулиндер мені партизандарға жіберді. Келісіп қайттым. Партизан отрядының бастығы біздің өтінішіміз бойынша менің қасыма екі жігітін қосып, алғы шеп арқылы қызыл армия штабына жеткізді. Мен «Түркістан легионында» бір батальон барлығын, соның жартысы өз еріктерімен Советке өтетінімізді білдірдім. Немістердің және алғы шептегі итальяндықтардың қай жерде, қандай күш-қуаты барлығын, операцияның қашан басталатындығын түгел жеткіздім. Алдыңғы шептегі 132-полк командирі өзін майор Тарасенко деп таныстырып, жоғарғы командованиеге хабарлаймыз,—деп мені шығарып салды. Полк біздің жоспарымызды құптап, көмекке келетін болғандығын мен екінші рет барғанымда айтты.

* * *

1942 жылдың 18-желтоқсаны. Жерде қабыршақтанған қар бар. Түн шытымыр аяз. Таңғы — 04, Мәнтібайдың «Алаш!» деген айқайы шабуылдың дабылындай өзімізге қарасты дайын жатқан жасақ жігіттерін тік көтерді. Арамыздағы неміс солдаттарын қарусыздандыруға күн ілгері бөлінген жігіттер тапсырманы айқай-шусыз жедел орындап, Италия солдаттарына лап қойдық. Бұл кезде біз Мусабаев, Мұхамеджанов үшеуіміз Қызыл Армия штабына хабар беруге ұмтылдық. Белгі берілген дабыл бойынша олар да алғы шепті көктей өтіп келеді екен. Сөйтіп, шамалы шығынмен қолға түскен Италия солдаттарын тұтқынға алып, 193 жауынгер жасақшы 19-желтоқсан күні қызыл Армияға келіп қосылды.

Бізді тырп еткізбей, Молдаваның Потма деген қаласындағы Италия тұтқындары лагерінің арасына әкеліп тықты. Осы жерде тұтқынға қашан, қалай, қай жерде, қайтып түстің деген сияқты тергеу, тексеру басталды. Қызыл армияның 132-полк командирі майор Тарасенко мен партизан командирі Соловьевтің біздің ақтығымызды білетіндігін алға тартып ақталған болдық. Сонымен 105 легион жігітін босатып, 1943 жылы 162-Қызыл армия солдаттарының қатарына қосты. Харьков қаласына барған жерде мені 1943 жылдың 22-сәуір күні тұтқынға алды. Қанқұйлы неміс фашизмінің лагерь-түрмелерінде көрмеген тергеу, зорлық-зомбылықты Берияның белсенділерінен Саранск қаласының түрмесінде көрдім. «Сен немістің шпионысың, Легионовадағы шпиондық оқуды оқып, кіші командир болғансың, тұтқындарды үгіттеген молда болыпсың» деген айып тағып, ату жазасына кесті. Болған шындықты айтып, Сталинге хат жаздым. Ақтық ісіміз ақиқатына жетті ме, кім білсін, 25 жылға үкім етті. Тимпак лагерінде кесікті өтеп бес жыл жаттым. 1948 жылдың 12-ақпанында «түрмеден босандың» деген қағазды қолыма берді.

Менің соңғы айтарым: 1942 жылдың 19-желтоқсанында Дон бағытындағы біздің «Түркістан легионының» 193 жауынгерлерінің арасында әлі де көзі тірі азаматтардың болуы ықтимал. Арада қанша жыл өтті, ұмыт қалған немесе жаңсақ айтылғаны болса жөндеп, болған шындықты кейінгі ұрпаққа ширатып айтып берер деген үміттемін» деп Асқар аға көк дәптеріне жазыпты.

*Сақтапберген Әлжіков.*
(*«Сыр бойы»* газеті, 1994 жылғы 15 қазан).

Большевиктер билеген заманда ұлттық мүддемен ұлттық намысты қорғаған адам «ұлтшыл» деген атқа таңылып келгені жалпыға мәлім. Міне, осындай «ұлтшылдардың» бірі — Мұстафа Шоқай болатын. Ол шетелде еріксіз эмиграцияда жүріп, халқының қамын ойлап, ашаршылыққа, апатқа душар болып жатқан туған елінің қайғысын, мұң-мұқтажын жер жүзіне әйгілеген адам. Оған Кеңес үкіметінің Қазақстанда және Орта Азияда жүргізген отаршылдық саясатын нақты деректермен сынап жазған «Жаңа Түркістанда», «Ашаршылық», «Қырғыз жұмысшыларының өмірінен» және басқа да шетелдерде жарық көрген көптеген еңбектері дәлел. Онда келтірілген деректерді Кеңес өкіметі құпиялап, оларды жариялау түгілі, ауызға алған адамдарды аяусыз жазалап келді.

Осы тұста 1924 жылы 4-қазанда Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің Біріккен саяси бас басқармасына (ОГПУ) ресми түрде жолдаған хатын еске алғанымыз дұрыс болар. Онда КОАК Мұстафа Шоқайдың шет елдерде жариялаған мақалаларында жабық саяси деректерді пайдаланғандығын, сол себепті оның Түркістандағы байланыстарын анықтап, және Қазақстандағы кейбір баспа редакцияларын бақылауға алуды ұсынған еді. Көп кешіктермей Біріккен саяси Бас басқарма Мұстафаның туыстарын, жақындарын және жора-жолдастарын іздестіруге жергілікті органдарға нұсқау жолдаған. Олардың сылбыр қимылына наразылық білдірген Бас басқарма бұл тапсырмасын кейіннен тағы қайталаған. Сөзіміз құрғақ болмас үшін біз сол құжатты оқырмандар назарына ұсынайық.

«Біріккен саяси Бас басқармасы Оңтүстік Қазақстан бөлімінің бастығы Севергин жолдасқа.

Біз бұрын Парижде эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқаевтың осындағы байланыстарын тексеруге алуды бұйырған едік. Бұл жұмыстың маңызы зор болғандықтан сіздерге бірнеше ескерту жасап, тапсырманы орындауды талап та еттік.

Біздегі мәліметтер бойынша Қызылорда округінде тұратын Мұстафа Шоқаевтың туыстары мен жолдастары, яғни оның туған інісі Шоқаев Нұртаза, немере ағасы Қозымбетов Мырзакет, туысы Торғаев Алшы, жақын танысы Дәулетов Нұртаза және жолдасы Үсенов Жорабек онымен хат алысып тұрады. (Аталған адамдардың есімдері құжат бойынша беріліп отыр — *Автор*).

1930 жылы қамауға алынған алашордалықтар М. Тынышбаев, Ж. Досмұхамедов, С. Акаев және Қызылордада тұрушы Қожықов Қоңырқожа бұрын Мұстафа Шоқаевпен байланыста болған, оған қаржылай көмектескен. Сондықтан бұл байланыс Мұстафа Шоқаевтың туыстары арқылы қазір де жалғасып келеді деуге толық негіз бар.

Осындай жағдайға қарамастан не оперсектордан (Қызылорда), не облыстық бөлімнен (Шымкент) бізге ешқандай мәлімет келіп түскен жоқ. Сол себепті төмендегі нұсқауды неғұрлым қысқа мерзімде орындаңыздар:

— Жоғарыда көрсетілген Мұстафа Шоқаевтың туыстары мен таныстарының тұратын жерін анықтап, олардың барлығын бақылауға немесе тексеруге алыңыздар.

— Тексеру барысында олардың Мұстафа Шоқаевпен байланысы бар ма екен, бар болса, ол қалай жүргізіліп келеді? (Хат немесе адам арқылы). Мұстафа Шоқаев қандай мәліметтер алып жатыр және одан қандай нұсқаулар келіп түсуде? Осыны анықтаңыздар.

— Осы аты аталған адамдардың Алматыдағы және басқа жерлердегі ұлтшылдармен байланыстары бар ма? (Әсіресе, Қызылордада тұрушы Қожықов пен Ақтаевтың байланыстары мұқият тексерілсін).

Бұл жұмыстың нәтижесін арнайы хатпен бізге хабарлаңыздар. Савицкий».

Әрине, бұл нұсқауды Біріккен саяси Бас басқармасының жергілікті жаналғыштары мүлтіксіз орындаған. М. Шоқайдың туыстары мен жолдастары, тіпті бір көрген таныстарына дейін бақылауға алынған. Қара тізімге енген сол адамдарды атап өткен жөн болар. Олар: С. Алдабергенов. Ж. Исаев, А. Пермухамедов, Д. Таңманов, М. Қалмұхамедов, А. Есембаев, Н. Шоқаев, Ш. Ұрұмов және М. Текмұхамедов (Есімдері құжат бойынша беріліп отыр). Бұлардың барлығы сол отызыншы жылдары жаппай репрессияға ұшырап, көбісі құрбан болған.

М. Шоқаймен бір кездері жүздескен белгілі палуан Қажымұқан Мұңайтбасов пен қазақтың ұлы әншісі Әміре Қашаубаев та Біріккен саяси Бас басқарманың бақылауына алынған. Қолдағы тергеу құжаттарына сүйене отырып, біз Әміре Қашаубаевтың жазалау органының көзіне қалай түскенін баяндап берейік.

Көпшілікке белгілі деректер бойынша 1925 жылы 27 мамырда орыс әншілері Доливо-Саботницкий, Ковалева, өзбек әншісі Кари Якубов, бишісі Шевкет Мамедов және басқаларымен бірге Әміре Қашаубаев Парижде болып өткен жержүзілік көрмеде этнографиялық концертке қатысқан. Келесі күні оның тұрып жатқан мейманханасына эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқай келіп, екеуі біраз әңгімелескен. Әрине, бұл кездесу Біріккен саяси Бас басқарманың назарынан тыс қалмайды. Өзінің орындау шеберлігі және ерекше даусымен бүкіл Европаны таң қалдырып, жер жүзіне қазақтың атын жайып елге оралған соң, Әміренің басына талай-талай қауіп-қатер төнгені архивтік іс-қағаздардан байқалады.

Біріккен саяси Бас басқарманың болжамы бойынша, М. Шоқай Кеңес Одағындағы ұлтшыл-буржуазиялық ұйымдармен Әміре Қашаубаев арқылы байланысып, одан шпиондық мәліметтер алып отырған көрінеді. Бұл сезіктерін бекіту мақсатында олар 1927 жылы 14 мамырда оның үйінде антикеңестік шығармалар мен әдебиеттер іздестіріп, тінту жүргізген. Бірақ, Әмрені әшкерелейтін ешбір айғақ зат немесе құжат табылмаған. Бәрібір Біріккен саяси Бас басқарма Әміреңі шақырып жауапқа алған. Енді соған ден қоялық.

«1925 жылы маусым немесе шілде айының бірінде мен Парижге бардым. Ертеңіне қонақ үйіне Мұстафа Шоқаев келіп менімен әңгімелесті. Ол Қазақстанда болып жатқан жағдайларды сұрады. Арасында: «Үкімет басында кімдер отыр? Қазақтар бар ма?»— деп сұрады. Мен «бар» деп жауап бердім. Бірақ, олардың кімдер екенін айтқаным жоқ, ол да оны менен сұраған жоқ. Сосын ол менің білімімді сұрады. Мен оған «ешқандай білімім жоқ» деп жауап бердім. Әңгіме үстінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың хал-жағдайларын және немен айналысып жүргендерін сұрады. Мен Байтұрсынов Қызылорда қаласында мұғалім, ал Дулатов әдебиетпен айналысып жүр» дедім.

Мұстафа өзінің Сұлутөбеде туып-өскенін және сол жердегі туыстарынан хат алып тұратыны, сонымен бірге Кеңес Одағына келгісі келетінін айтты. Бірақ, жолға көп қаражат керек екендігін және өзіне қауіпті болатынын да ескертті.

Тағы бірде Мұстафа Шоқаев қонақ үйіне келіп, барлық актерлерді ресторанға шақырды. Бірақ, актерлер әртүрлі себептерді сылтау етіп, ресторанға барудан бас тартты. Онымен ресторанға тек мен ғана бардым. Ресторанға барған соң екі сапты аяқ сыра сатып алды. Екеуіміз небары он бес минуттай бірге болып, тарадық. Кетерінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа сәлем айта бар деп өтініш білдірді. Сөйтіп, өз қолымен менің жазба блокнотыма олардың аты-жөнін жазып берді. Кейіннен блокнотымның бұл парағы із-түзсіз жоғалып кетті...

Парижден Қызылордаға келген соң мен Дулатов пен Байтұрсыновқа бірнеше рет жолықтым. Оларға Мұстафаның жолдаған сәлемін айттым. Екеуі де оның шетелдегі хал-жағдайын және өмір сүруге қаражатты қайдан алатынын сұрады. Мен Мұстафаның Парижде шығатын француз және орыс баспаларында қызмет атқарып жүргенін айттым...»

Міне, Әміре Қашаубаевтың тергеуге берген жауабы осы.

Егер соңғы кезде баспаларда жарияланған деректерге көңіл бөлетін болсақ, Мұстафа Парижде және Майндағы Франкфуртта Әміре Қашаубаевпен бірге бірнеше рет жасырын түрде кездесіп, онымен ашық әңгімелесіп, қазақтың халық әндерін сағына тыңдап шерін тарқатқан. Ал, мына жауабында мұның бірі де жоқ. Қилы-қилы заманда қауіп-қатерден сақтанып, екеуінің арасында болған жәйттерді, сірә, жасырған болуы керек. Қалай дегенде де «Мұстафа Шоқай Қазақстандағы мифтік ұлтшыл-буржуазиялық ұйымдармен Әміре Қашаубаев арқылы байланысып отырған»— деген айыптау жазалау органының ойдан шығарғаны олардың тергеу құжаттарынан-ақ айқын біліну тұр.

Бұл шағын мақалада келтірілген деректер көп жылдар бойы «халық жауы» атанып келген Мұстафа Шоқайдың жарқын бейнесін шындық шырағына бір табан болса да жақындатады деп сенеміз.

*Әмірхан Бәкіров.*

Қазақстан юристер одағының мүшесі.
(Облыстық «*Сыр бойы*» газеті, 1993 жылғы 21 қазан).

**«Жан сақтау үшін Мұстафаға адъютант болдым»**

«Боздақтар» естелік кітабының жарық көрген бірінші-төртінші томдарында жауға еріксіз тұтқын болып, жан сақтау үшін «Түркістан легионына» барып панлағандар жайлы бірнеше мәліметтер берілді. Сондай азаматтар ұлы Отан соғысы бітіп, елге келісімен бірден НКВД қырғиларының қармағына ілігіп, 10-25 жыл аралығында түрме жазасына сотталды. Естелік кітаптың үшінші томында (507 бетте) Төлеген Құлмағамбетов деген азамат «жан сақтау» үшін легионға барып паналағаным рас, Мұстафа Шоқайға адъютант болдым» десе де, құрықтан құтыла алмады. Осы жолдар авторының, кезінде республикаға белгілі журналист атанған Сақтапберген Әлжіковтың жауға еріксіз тұтқын болғандарға Шоқайұлы Мұстафа әдейі жолығып, жан сақтау үшін тезірек легионер болыңдар деп ұран тастағанын, бұл — бүкіл әлемге Алланың уәжіндей болып естілгенін бірнеше мақалада тілге тиек еткеніне қарамай, қауіпсіздік органындағы әлдебіреулер оған сенбестікпен қарады. Ондайлардың ұғымынша, Түркістан легионы бірыңғай әскери құрылым болып құрылған, немістермен болысып, Отанды талқандауды мақсат тұтқан сияқты болып көрінеді.

Сондай бір «шолақ» белсенділердің бірі — Серік Шәкібаев дегеннің Мұстафа Шоқайға қарсы байбаламын егеменді еліміздің бас прокуратурасы 1995 жылы айыптап, тиісті шешім қабылдады. Ол шешім осы естелік томға әдейі енгізіліп отыр.

Жауға еріксіз тұтқын болып, концлагерьлер де аш-жалаңаш, адам айтқысыз азап көріп жатқанын көрген Мұстафа Шоқай ондай мұсылман өкілдерін қайтсем азапты өлімнен аман алып қаламын деп жар құлағы жастыққа тимей, зыр жүгіргенін Мұстафа Шоқайдың жұбайы Мәрия апай өзінің «Сен деп соққан жүректен» деп аталатын естеліктерінде жеткілікті дәрежеде сурет-

теген. Ол естеліктерді Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті қырыққа таяу номерінде көшіріп басты. Сол естеліктерден Мұстафа Шоқайдың жау тұтқыны болған мұсылман азаматтарға қандайлық жанашырлық танытқаны жөнінде бірер үзінді беруді жөн көрдік.

*Мырқы Исаұлы.*

**М. Шоқай: «Тұтқындағыларды көргенде... өлгім келеді»**

... 1942 жылғы арапаны мен қонақ үйінде дағыстандық Кантемирмен бірге қарсы алдым. Кантемир Мұстафамен бірге Ченстаков карантинінде болған. Кантемир маған тұтқындармен бірге болғандарын әңгімелейтін. Оның әңгімесі мені еш қызықтырмайтын. Не айтқаны қазір есімде жоқ, есімде қалғаны — Мұстафаның өз ажалынан өлмегенін, оған у беріп өлтіргенін айтып қоймадым. Кантемир олай еместігіне мені сендірмек болып: «бәріміз де сол науқасқа шалдығып, кейіннен айығып кеткен едік» деді. Сол күні кешке Каюмхан қонаққа шақырды, жаңа жылды тойламақшы екен. Мен бұған қатты таңдандым. Жетекшілері есептелетін адам өліп жатқанда, оны көмбей жатып жаңа жылды тойлағандары несі? Бұдан кейін Мұстафаның қастандықпен өлтірілгені туралы ойым беки түскендей болды.
1942 жылғы 2 қаңтарда мені мұсылмандардың бейітіне алып барды. Жолай гүл сататын дүкенге соғып, табиғи гүлден жасалған букет сатып алғым келді, бірақ та табиғи гүл табылмағандықтан, жасанды гүлдерден өрілген аза гүлін сатып алуға мәжбүр болдым. Мұстафаның бейітіне келдік. Мұстафаның табытының айналасы гүлмен көмкерілгенін көрдім. Мен Мұстафамен ақтық рет қоштасқым келетінін айтып, табытты ашуларын өтіндім. Алайда өтінішім қабылданбады. Ауа райы өте қолайсыз еді. Қар аралас жаңбыр жауып тұрған. Ызғар бар-ды. Қасымда достарым бар еді. Мен көзіме тіпті жас алмаған болуым керек. Жалпы осы жаназа рәсімінде мен өзімді басқаша сезіндім, бөтен кісі секілді едім. Мен көп кісілерді көрдім, мен оларды, олар мені танымайтын. Мені үйге профессор машинасымен әкеліп салды. Мұстафаның айтқандарын есіме алдым. Ол Берлинді, жалпы Берлиндегі тіршілік ағымын, қайғылы жаназа рәсімдерін, жаназада митингі ұйымдастырып сөз сөйлегенді ұнатпайтын. Бірде жаназадан қайтып келе жатып: «Егер мен өлсем, қабірімнің басында сөз сөйленбесін, өтінемін» деген болатын. Мен де сөз сөйленбеуін өтіндім.
Мен қонақ үйіне қайтып келдім. Каюмхан маған: «достар бүгін гүлге жұмсаған ақшаңыздың шығынын жинадық» деп маған 350 марка берді. Өкінішке орай мен ол ақшаны алып шыға алмадым, өйткені неміс маркасын сыртқа шығаруға тиым салынған болатын. Бұл ақшаны Каюмхан банктегі өзінің есеп шотына салды. Мен үшін жиналған ақшаның жалпы есебі 1650 марка болатын.
Ауруханада қалған Мұстафаның маған оқы деген нәрсесін іздедім, бірақ таба алмадым. Оның алтын сағатын Мұстафаның жаназасында көрсеткен көмегі үшін Каюмханға сыйладым.
Парижге кеткелі жатқанымда профессор Фон Менде мені үйіне шай ішуге шақырды. Шайға Каюмханмен бірге бардым.
Бесінші қаңтарда Каюмхан Мұстафаның өліміне тоғызыншы күн толуына байланысты адамдарды шақырып еске алды. Бұл кеште саяси адамдар сөз сөйледі. Гумбольтд залында өткен кешке өте көп адам қатысты. Не айтқандары есімде жоқ. Мен ішімнен жалғыз өзімді қалдыруды тілеумен болдым. Еш нәрсені ойлауға шамам жоқ болатын. Ақыры жалғыз өзім қалған кезде көздерімнен жас парлап ақты, мұндай жастың қайдан ағып жатқанын бір құдайым білсін.
Берлинде он күн болдым. Осы уақыт ішінде қонақ үйінен бес-ақ рет шыға алдым. Бірде Каюмхан таңертеңгі асқа шақырған еді. Барғанымда ол маған үлкен конверт берді. Конверт ішінде Мұстафаның машинкамен басылған (жоғарыдағыларға) хаты бар еді. Бас жағына «Өте құпия» деп қаламмен жазылыпты. Бұл хатта соғыс тұтқындарының аяусыз азап шегіп жатқанын, жан төзгісіз зұлымдықтар мен аштықтан өліктердің етін жегендері, айуандықпен өлтірілгендері, ауру-сырқау, жаралы күйлерінде тұтқындарды шұңқырға құлатқандары, тіпті бірде бір нацист әскердің себепсізден-себепсіз Мұстафаның бетіне шапалақпен салып қалғаны — бәрі жазылыпты. Осы оқиғалардың бәрін жіпке тізгендей етіп жазып, оны қажетті орындарға табыс ету үшін Каюмханға беріпті. Осыларды оқып болған соң түсімде маған Мұстафаның нені оқы дегенін ұқтым. Мен бұл хаттың көшірмесін Ногентке алып келдім.
Байғұс Мұстафа-ай! Таяқ та жепті. Не үшін? Неліктен? Ешкімге титтей де зияны жоқ осы түзу ниетті адам әрқашан басқаларға көмектесу үшің қолынан келгенді аянбайтын, жұртты ойлайтын, өзін тіпті де ойламайтын...
Соғыс жүріп жатты, тұтқындар да бірінен соң бірі беріліп жатты. Оларды топқа ұйымдастырып, неміс әскери киімдерін кигізіп, француз майданына жіберу жалғаса берді. Олардың көбісі менімен кездесіп, ұлттық жетекшілерінің жағдайын білгісі де келді. Біразы Мұстафаны лагерьлеріне барғанында көрген екен, кейбіреулері тек ғана атын естіген болып шықты. Келіп менен Мұстафаның суретін сұрайтын. Олардың арасында нағыз коммунистер, қазақтар, өзбектер, татарлар, башқұрттар бар еді. Кейбіреулері мәдениетті, енді біреулері кәдімгі қарапайым адамдар болатын. Олармен әңгімелесу барысында маған өте қиын соқты...

(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1997 жылғы 19 мамыр).

...Мұстафа Шоқай соғысқа қарсы болатын, әскери киімді жек көретін. Армиясыз мемлекет болмайтындығын білетін, алайда әзірше полиция мен жандарм жеткілікті деп ойлайтын. Өзі командир киімін кигісі келмейтін. Ол күрессіз, соғыссыз қалай өмір сүруге болатынын, бұл үшін не істеу керектігін өзгелерге өте сирек айтатын. Халық әзірге бұл дәрежеге жеткен жоқ дейтін. «Өз отаныма оралып осындай насихат жүргізсем, ондай заман қашан туар екен, өмірім жетпейтін сияқты, екеуіміздің сүйегіміз осы топырақта қалатын болар, сірә» деп 1940 жылы көп ойға шоматын. Ол өз халқының немістерге тұтқын болғанын көрген кезде оның жалғыз тілегі «мұндай азапты көргенше — өлу» болатын.

Ол маған жазған бір хатында: «менен көмек сұрап, үміт күткен осы бақытсыз бейшараларға ешқандай жәрдем жасай алмағаным үшін жан азабын шегудемін. Мен оларға көмектесетінімді айтып сөз бердім, алайда бұл әншейін оларды жұбату ғана. Қолымнан ештеңе келмейтінін біле тұра жалған сөйлеп жүрмін. Мұндай жағдайда бұдан әрі шыдай алатын түрім жоқ, өлгенім артық. Кеше ату жазасынан 35 адамды құтқардым, бірақ та қашанға дейін екені белгісіз. Оларды бір шұңқырға тізіп қойды, қазір қазан айы, ал олар болса жаздық киімдерімен жартылай жалаңаш, суықтан қорғану үшін топырақтан пана жасау үшін қолдарымен жерді қазуда. Оларға итке тастаған сияқты нан тастайды, су атымен жоқ. Оларға тақтай, бөз немесе сабан сияқты әйтеуір жылылау қорған болатын бір нәрсе берулерін өтініп сұрадым. Береді ме, бермейді ме, ол да белгісіз. Айуаннан да бетер бұл «мәдени адамдар».

Каюмхан менімен бірге, әлгі көктемде Ногентке келетін Каюмхан ше, соның дәл өзі. Мен ол арқылы түркістандық тұтқындардың режимдерін оңайлатуды өтіндім немістерден. Ол біреулерге айтты, нәтижесі не боларын қайдам. Ондаған километр жол жүріп лагерьлерді аралауым керек. Күшім, дәрменім қалмай барады, рухани жағынан қаншалықты шаршап жүргенімді айтпасам да түсінерсің. Менің өлгім келеді. Осы «өлу» сөзімен хатымды аяқтағым келеді...

(Облыстық *«Сыр бойы» газеті,* 1997 жылғы 22 мамыр).

## ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІМІЗ ХАҚЫНДАҒЫ ҰЛАҒАТТЫ ПІКІРЛЕР

### «ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ» ДЕГЕН НЕ?

Кешегі соғыстың алғашқы кезеңі Кеңес Армиясы үшін өте сәтсіз болды. Неміс әскерлерінің ілгері жылжуы кейбір жерлерде тәулігіне 60 шақырымға дейін барды. Мұның өзі сайып келгенде, біздің жауынгерлеріміз бен офицерлерімізді көптеген қайғылы жағдайларға душар етті. Біздің елден бұл соғысқа 32 миллион адам қолына қару алып қатысқан болса, солардан 5 миллион 734 мың 528-і тұтқынға түсті. Мұның сыртында Қорғаныс министрлігінің Подольск қаласындағы архивінде «хабарсыз кеткендердің» 2,5 миллион кітапшасы сақтаулы тұр. Неміс статистикасында 280 мың адамның лагерьлерде қырылғаны және 10 миллион 30 мың 157 адамның Германияның зауыттарында, шахталарында азапқа шыдамай қашу үстінде атылғаны тіркелген. Германия министрі Шпеер 1944 жылы 500 мың адамның лагерьден қашып кеткендігін мәлімдеген.

Батыстағылар тұтқынға түскендердің мұншалықты қырылуын фашистік өшпенділіктің салдарымен бірге, сталиндік қатыгез жүйенің себеп болғандығын да атап көрсеткен. Оған дәлелдері де бар. Егер тұтқынға түскендерді Сталин «сатқындар» деп бағаламай, оларға Халықаралық Қызыл Крест арқылы азық-түлік жіберткенде, ең кемі жартысын ажалдан құтқарып қалуға болады екен. 1941 жылдың тамызында Гитлер Хаммерштадтағы Кеңес әскери тұтқындары орналасқан лагерьге Қызыл Крест делегациясының баруына рұқсат етті. Содан кейін делегация тұтқындағы өз адамдарына Кеңес үкіметінің азық-түлік жіберуін өтінеді. Алайда, Сталин бұған келіспей қойды. Ол адамның халықаралық құқына қарсы болды. Халықаралық құқтың: «Соғыста тұтқынға түсу — қылмыс емес. Қолға түскендер — бақытсыздар қатарында қамқорлыққа алынуы тиіс»— деген талабын орындаудан бас тартты. Бұл басқалар үшін бұлжымас заңға айналды да, бізде бұған Сталиннің атышулы № 270 бұйрығымен қарсы қылмыс әрекеттер жасалды.

Ақылға салып көрелікші. Соғыстың алғашқы жылында біздің әскери техникамыздың әрі нашарлығынан, әрі тапшылығынан, білімді де білікті қолбасшыларымыздың жазықсыз репрессияға ұшырауынан, соғысқа жөнді дайындықсыз кіріскен жауынгерлерге басшылық жасайтын офицер кадрларымыздың жетіспеуінен фашистерден ойсырап жеңілгеніміз тарихи шындық қой. Олай болса 1941 жылдың аяғына қарай тұтқынға түскен 3,8 миллион жауынгерлеріміз, офицерлеріміз, саяси Қызметкерлеріміз не үшін айыпталмақ, оларды қандай негізде «сатқындар» қатарына қосуға тиіспіз?

Міне осындай жағдайға байланысты легион құрып, батальондар санын арттыра түсу Гитлер тарапынан қолдау тапты. Сөйтіп, бірте-бірте көптеген жаяу әскерлерден, құрылыс батальондарынан, атты эскадрондардан «шығыстық» құрылымдар пайда болды. Сонымен бірге орыс казактары мен қалмақтар да өз бөлімдерін, ұлттық комитеттерін құрып, Розенбергтің шығыс министрлігімен үдайы байланыс жасап тұрды. Легиондардан ұлттық конгресстер өткізіліп, өздерінің үкіметтерін құруға дейін сөз болды.

Әрбір легионның ұлттық жалауы, айырым белгілері болды, киімдеріне дейін бір-біріне ұқсамайтын. Гитлердің бұйрығы бойынша, әрбір ұлттық құрылым батальон құрамынан аспауға және неміс дивизияларымен барлық уақытта тұрақты байланыс жасап тұруға тиісті болды. Батальондар герман әскери барлау жетекшісі адмирал Канаристің басшылығымен қимылдады.

1942 жылдың сәуірдің аяғында тұтқындарды лагерь алаңына сапқа тұрғызды. Олардан бастап сіздер «Түркістан легионына» қызмет етуге бірің қалмай тіркелесіңдер!» деп бұйырды. Саптағылардың алдында мұсылман комитетінің «көсемі» Уәли Каюм таныстырылды. Отанын сатқан осынау жексұрын өзін Орта Азияның «фюрері» деп жариялады. Сапты түгендеп, аралап болған соң Кеңес үкіметіне қарсы рухта сөз сөйлеген. Оның сөзінен біздің бұл ісімізден бас тартатын немесе қарсыласатын болсаңдар, аяушылық болмайды, деген сыңай аңғарылды.

Тұтқындағылар амалсыз «көнген» болды. Уәли Каюм енді сөздің төтесіне көшті. Ол: «Біздің басты дұшпанымыз — орыс большевиктері,— деп мәлімдеді,— Большевиктермен күресте бізге немістің ұлттық социалистері ғана көмектеседі. Орыстарды тізе бүктіргеннен кейін сіздер біртұтас Түркістан мемлекетін басқаратын боласыздар!» деп бірден жарылқап тастады.

Сол жиында неміс армиясының капитаны Эрник тұтқындағыларды Түркістан легионының жауынгерлері деп жариялады, «азиат мырзалар» дегенді ерекше әуенмен қадап айтты. Тұтқындағыларды Герман армиясымен бірге өз отандарыңызды большевиктерден азат етуге тиістісіңдер деп, ауыр міндет қойды.

Түркістан легионы Варшавадан 18 шақырым жердегі Легионово қалашығында жасақталды. Құрамында өзбектер, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар және басқа шығыс ұлттары болды. Гитлершілдер легионды идеялық шынықтырудан өткізе бастады. Геббельс насихаты мұсылмандарды діни рухта тәрбиелеуге күш салды. Варшавадағы мұсылман мешітінен аптасына бір рет молда шақыртып тұрды. Молда арқылы бұл қасиетті соғыстың большевизмге қарсы жүргізіліп жатқандығы насихатталды. Сіздер ұлы Түркістанды күткен бостандыққа фюрердің туы астында жеткізесіздер. Алла тағала сіздерді аңсаған армандарыңа жеткізсін деп бата беріп, дұға оқып тұратын болды.

Түркістан легионында 12 батальон іріктелді, әрбірінде мыңға дейін адам болды. Фашистер олармен тактикалық жаттығулар жүргізіп жатты. Легионның құрылған алғашқы күнінен оның ұйымдастыру жұмысына 1922 жылы Германияға жіберілген Ташкент байының ұлы, Түркістан ұлттық комитетіне жетекшілік жасаған Уәли Каюм белсене қатысты. Ол Германияның Шығыс министрлігінде қызмет атқара жүріп, ортаазиялықтарды кеңес армиясының тылында диверсиялық әрекет жасауға жан-тәнімен дайындады. Сол үшін де неміс командованиесі оны «Түркістан ұлттық комитетінің» бірінші президенттігіне тағайындады. Оның дұшпандық әрекеттері көзден таса қалған жоқ. Соғыс жылдарындағы қылмыс үшін Уәли Каюм халықаралық Нюрнберг сотына тартылды. Бірақ, американдар мен ағылшындар жалдамалы жендетті әділ жазадан ретін тауып, құтқарып жіберді.

Уәли Каюмнің оң қолы Баймырза Хайт болды. Ол негізгі намангандық мұғалім болатын. Соғыстың алғашқы кезінде-ақ өз еркімен тұтқынға берілген. 1942 жылы Легеновада шпиондық мектепті бітіріп, СС ротасының командирі болған. Кейін оны «Түркістан ұлттық комитетінің» бөлім меңгерушісі және Уәли Каюмнің орынбасары етіп тағайындайды. Польшадағы, Югославиядағы, Чехословакиядағы, Франциядағы және Италиядағы партизандарға қарсы күресу үшін жасақталған Түркістан құрамаларын Б. Хаит қатаң бақылауына алды. Ол Варшава көтерілісшілерін қанды қырғынға салған фашист бандиттерінің белсенді басшыларының бірі болды.

Уәли Каюм Түркістан легионына президент болғаннан кейін өзінің фамилиясына «хан» сөзін қосып алды. Уәли Каюмхан аталды. «Түркістан ұлттық комитетінің» құрамында 45 өзбек, 10 қазақ, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ, тәжік, барлығы 60 адам болды.

Негізінде фашист генералдары мен өзбектен шыққан Уәли Каюм, Б. Хаит ұйымдастырған Түркістан легионы жөнінде әңгіме қозғалса, бұған халқымыздың ардагер ұлы Мұстафа Шоқай міндетті түрде қоса айтылатын болды. Мұның өзі, сайып келгенде, нақты фактілерді бұрмалау, елі үшін еңіреп өткен ардақтымызға жала жабу еді. М. Шоқай туған халқына ешқашан сатқындық жасаған емес. Шындық мынадай: қуғын-сүргінге ұшыраған ол 1920 жылы Францияға өтіп кетеді. Оның саналы ғұмырын егжей-тегжейлі зерттеген батыстағылар М. Шоқайды өресі биік қайраткер деп таниды. Оны көрнекті демократ, мемлекет қайраткері, ірі ғалым, экономист, ағартушы, социолог деп бағалайды. Оның бүкіл ғұмыры өз халқына демократиялық күрес жолымен автономия, дәлірек айтқанда, дербестік алып беру күресімен өтті. Еңбектеріне ден қоятын болсақ, оның Голощекиннің геноцидіне, Қазақстандағы аштыққа, сталиндік репрессияға, тоталитаризмге, шовинистік басқыншылыққа қарсы шыбын жаны шырқырап, халқына араша болудың мүмкін жолдарын іздестірумен жанталасқандығын байқаймыз.

Парижде тұрып жатқан Мұстафаны соғыс басталғанда қамауға алады. Артынша бірнеше күннен кейін оны түрмеден босатып, Берлинге алып келеді. Неміс командованиесі Шоқайдың Орта Азия, Қазақстан халықтары арасындағы, жалпы исі түріктілді қандастар ортасындағы зор беделін пайдалануды ойластырады. Сол мақсатпен Мұстафаға Шығыс ұлттарынан жасақталған әскери тұтқындар легионы және оларды Кеңес Армиясына қарсы күресу үшін жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстарымен таныстырады. Шығыс министрлігінің тапсырмасымен шығыс бөлімінің жетекшісі, армия профессоры Фон Менде М.

Шоқайды Польша және Батыс Украина концлагерьлеріндегі кеңес әскери тұтқындарының жағдайымен танысу үшін арнайы жібереді. Сонымен бірге оның қасына ақылшы-кеңесші ретінде сыннан өткен сатқын Уәли Каюмды да шпион етіп қоса жібереді.

М. Шоқай концлагерьлерді аралау барысында әскери тұтқындардың тұрмыс жағдайымен барынша мұқият танысады, олардың пікірлеріне қамқорлықпен құлақ асады. Мұстафаның талап етуімен шығыс ұлттарын жеке концлагерьлерде ұстау жүзеге асырылады. Олар үшін монша ұйымдастырылады, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде француз әскери тұтқындарына берілген жаңа киімдермен киіндіріледі, жұп-жұптан ішкі киімдер бергіздіреді. Оның өтінішімен тұтқындағы жүздеген жерлестері — қазақтар зауыттар мен фабрикаларда тұрақты жұмысқа орналастырылады. Сонымен бірге Мұстафа концлагерьлерді аралай жүріп, көзі ашық, білімді тұтқындармен жеке-жеке әңгімелесіп, олардың мамандықтары бойынша тізімдерін жасайды. Әңгімелесу барысында негізінен орыстарға қарсы соғысқа жаттықтырылып жатқан тұтқындардың ішінен саны аз ұлт өкілдеріне ажалдан аман қалу жолдарын ескертумен болады. Бұл соғыста Кеңес халықтарының ешқандай жазығы жоқтығын, сондықтан оларға қарсы оқ атудың әділетсіздік екенін тұтқындарға түсіндірумен болады.

М. Шоқайдың бұл әрекеттерін жанында жүрген неміс шпионы Уәли Каюм профессор Фон Менделе, ол өз кезегінде Шығыс министрлігіне — Розенбергке жеткізеді. Әрине, жанында жағымпазданып «әке-үкәлап» жүрген жексұрын Каюмның немістердің ізіне салып қойған шпион екенін Мұстафа аңғармаған да болуы мүмкін. Тағдыр ғой, Каюмның хабарынан кейін неміс командованиесі және Шығыс министрлігі Шоқайдың беделі мен білім-білігін өз мақсаттарына пайдаланудан орайы келмейтіндігіне көз жеткізген соң, оның көзін құртуды ойластырады.

Жаратылысынан ақылды да зерек М. Шоқай екінші дүниежүзілік соғыстың түпкі мәнін парасат-пайымымен таразылай келіп, оның күллі Европа және Ресей, оның ішінде Түркістан халықтарына, жалпы бүкіл әлемде жақсылық әкелмейтінін білді. Сондықтан да ол фашистерге қызмет көрсетуден, еліне опасыздық жасаудан бас тартты. Мұстафадай ұлы тұлғаның басқа жолды таңдауы мүмкін де емес еді. Өйткені, оның негізгі мақсаты туған халқын қандай да болмасын үстем империя құлдығынан құтқару болатын.

Ақыры сатқындар өз дегендеріне жетті. Мұстафа концлагерьлерді аралау және тұтқындармен әңгімелесу барысында өзіне сүзек сырқатын жұқтырып алады. Оны ауруханаға салады. 1941 жылы желтоқсанның 27-і күні қайран ер жұмбақ жағдайда көз жұмды. Оны Берлиндегі түрік-мұсылман қорымына жерлейді...

## ШЫНДЫҚҚА ҚИЯНАТ ЖҮРМЕЙДІ

Соңғы жылдары жасымның ұлғайғанында, денсаулығыма қарамастан Сыр бойының азаматы және тарихшы ретінде Мұстафа Шоқайдың өмірі мен шындыққа көз жеткізу үшін марқұмның туған-туысқандарымен, оның көзін көрген азаматтармен көп сөйлестім, ғылыми іссапармен Мәскеудің, Алматының архивтерінде, кітапханаларында болдым. Ғылыми мекемелердің, жергілікті мемлекеттік органдардың өтініштерімен бұрынғы одақтық және республикалық, кейбір облыстық мемлекеттік қауіпсіздік комитеттерінің жауапты қызметкерлерімен әңгімелестім. Ауызша да, жазбаша да алған деректерде және архивтерде М. Шоқайды қаралайтын немесе ақтайтын материалдар болмай шықты.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін мен болған қосын (дивизия) Берлин үшін шайқасқа қатысып, сонда бір жылдай тұрдым. Парижде болған кезім де болды. Неміс тілін аздап білгендіктен бе, әлде әскери орта білімім болғандықтан ба, сол кезде де оқыған әдебиеттерден М. Шоқай жөнінде материалдар кездестіре алмадым. Олай болса, М. Шоқайды осы уақытқа дейін «Түркістан легионының» белсенді ұйымдастырушысы ретінде айтылған пікірлер негізсіз, дәлелсіз деуге тура келеді. Тек өткендегі әділетсіздікті, заңсыздықты байқатпай, бүркемелеу мақсатында, ұлт азаттық қозғалысын өз табиғатында түсінгісі келмеген, және басының қамы немесе халық лағнет айтқан тоталитарлық жүйені әшкерелеуден қашқан әрекет деп білемін. Сыңайы мұның өзі — жалған материалдармен қаруланған, ел қарғысынан қорыққан су жүректердің әрекеті сияқты.

Осы мақаланы жазуға себеп болған «Қазақ әдебиеті» газетінің осы жылғы 24-шілдедегі санында Серік Шәкібаевтың «Құрғақ долбар — дәлел емес» деген мақаласы. Мақала республиканың баспасөз беттерінде «Шоқаевты ақтап жатыр», «Оқырмандарға сыңаржақ теріс ұғым беріп жатыр» деген байбаламнан басталады. «М. Шоқаевтың фашистермен бірге қызмет істегені жөнінде қауіпсіздік комитеті архивтерінде көптеген материалдар бар», «Рейнер Ольцшаның естеліктерінде «Түркістан комитетінің» құрылу тарихына көп көңіл бөлінген», «Түркістан ұлт комитетінің» және «Түркістан легионының» негізін қалап, алғашқы батальондарын құрып ұйымдастырып кеткен осы Шоқаев болатын» деп келіп, «немістің үлкен түркологі профессор Иоханес Венцинг «Түркістан ұлт комитеті мен легион бөлімдері құрыла бастаған кезде Вали Каюмханнан гөрі Шоқаевқа көбірек жәрдем көрсеткен еді» деген сөзіне, соғыс басталысымен көптеген тұтқындар «Шоқаевтың әскери тұтқындар лагеріне келіп үгіт жасағанын, тұтқындарды ле-

гионға тартқанын дәлелдей айтып берді», ал «фашист формасын киген легиондармен Шоқаевтың бірге суретке түсуі оның легионды құрғандығын тамаша дәлелдейді», «Вали Каюмханның айтуы бойынша, легион 1941 жылы 1-ші қарашада құрылды» деген дейді-дейділерге сүйеніп Шоқаев туралы республикада жарық көрген мәліметтер «анық емес, қате ұшқары жәйттар» деп бағалауы, әрине, ешбір ақылға сыймайды.

Соңғы жылдары М. Шоқаев жөнінде республикада, облыстық баспасөз беттерінде үлкенді-кішілі жүзге жуық мақалалар жарық көрді, олардың басым көпшілігі М. Шоқайды ұлт қозғалысының ірі тұлғаларының бірі, өз елінің егемендігі, бостандығы үшін өмірінің ақырына дейін күрескен ұлтжанды қайраткер есебінде көрсетеді. С. Шәкібаевтың мақаласынан кейін маған «қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» сияқты болып көрінді.

С. Шәкібаев өз мақаласында «бізге керегі нақтылы деректер» деген тоқтамға келеді. Өте дұрыс айтылған пікір. Олай болса, немістің бас командованиесі «Түркістан легионын» не мақсатпен, қашан құрды, оның майдандағы соғыс қимылдары, М. Шоқайдың легион құруға қатысы болды ма, сол деректерге тоқтайық.

Гитлер соғыстың бастапқы кезінде совет тұтқындарына совет үкіметіне қарсы күресетін әскери бөлімдер құру жөніндегі ұсыныстарды қабылдамады. Дегенмен кейін майдандағы неміс әскерлері үшін қолайсыз жағдайлар Гитлерді ойландыра бастады. Генерал Власовтың немістер жағына шығуы, тұтқындағы Қызыл Армияның командирлері мен жауынгерлерінің «болшевиктерге қарсы өткізген І-ші конференциясы», славян тектес жауынгерлерден құрылған «Орыстың азаттық әскерлерінің» нақты пайда болуы Гитлерді үрейлендіре бастады.

Соғыстың сәтсіздікке ұшырауы және совет-герман майданындағы аса ірі шығындар, Гитлерге, оның сыбайлас тобына қосымша резерв іздеуге мәжбүр етті. Соның ақыры «болшевиктерден және орыстардан азат ету» ұранымен «легиондар құру» жөнінде шешім қабылданды. Бірте-бірте «шығыстық» құрылымдар, түрік тектес ұлттардан легион құрылып, құрылыс аламандары, эскадрондар пайда болды. 1941 жылдың 30-шы желтоқсанында кавказ мұсылман легионы, грузин және армян легиондары ұйымдасты. Кейіннен оған терістік Кавказ және Әзірбайжан легиондары, ал 1942 жылдың ортасында Қырым мен Еділ бойындағы татарлар мен Еділ-Орал татарларының легиондары қосылды.

1941 жылы қыркүйек айында немістің бас командованиесі мақұлдаған полковник Фон Тресковтың Советтерге қарсы күресетін 200 мыңдық орыс әскерін құру жөніндегі ұсынысы қабылданды. 1943 жылдың басында «шығыстық» құрылым саны 176 аламанға (батальонға), 38 жүздікке (ротаға) жетті. 1941 жылдың күзінде Гитлер Шығыс Пруссияға келген кезінде генерал Эркилеттің ұсынысын мақұлдап, сол жылы 30-қарашада «Түркістан легионын» құруға шешім қабылданды, оны 162-ші жаяу әскер қосыны штабына тапсырды.

1943 жылы мамыр айында жасақталған 162-ші Түркістан жаяу әскер қосыны мұсылман аламаны ретінде пайдаланылды. Әмірқосын Оскар Риттер Фон Пидермауер соғысқа дейін Берлиндегі стратегиялық зерттеу институтының директоры болған. 162-ші қосын «Түркістан» деп аталғанымен, онда әртүрлі этникалық топтар болды, негізі әзірбайжандардан құрылды. Түркістан аламандары Кеңес бөлімдерімен және партизандармен соғыста әрдайым күйзеліске ұшырап отырды, жасақшылары мен техникаларынан айрылып әлсіреді, соғысу қабілетінен айрылды. 1943 жылы қазан айында 162-ші қосын Италия соғыс театрына келеді. Мұсылман бөлімшелерінің шығындары Балқанда да партизандармен шайқаста көбеймесе азайған жоқ. «Шығыстық» аламандар негізінен батыста және Жерорта теңізі маңында пайдаланылды. 1944 жылдың көктемінде 60 аламан теңіз жағасын қорғауда болды.

Иә, мұсылмандардың көпшілігі тұтқындар қосынына қорыққаннан, лажсыздан қосылды. Сондықтан да, сондай жағдайда құрылған қосындардың жауынгерлік қабілеті жоққа тән болды. Власов бөлімшелерінің үлгісімен құрылған «Түркістан легионы» Отанын сатқандардан емес тек алдауға түскендер немесе лажсыздан неміс формасын киіп қолайлы жағдайда өз елінің әскеріне қосылуды арман еткендер еді. Мұны Европа елдері де растайды.

1919 жылдың аяғында бүкіл Қазақстан жерінде қарудың күшімен Кеңес үкіметі орнағаны белгілі. Жиырмасыншы жылдарда-ақ қазақтың ұлттық интеллигенциясына қарсы басталған репрессия алдымен «Алаштық» деп аталды. Алаш қозғалысына қатысқандар «отырса омпақ, тұрса томпақ» болып көрінді, халықтың бетке шығар қаймағы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ жойылып кетті. Жаппай жазалау жылдарында «үштіктер» мен «айрықша кеңестер» шешімімен халқы аз шағын Қызылорда облысының өзінен ғана 4 мыңнан астам адам қамауға алынды. Қайта қаралған 737 істегі 946 адам ақталды. Репрессияға ұшырағандардың істерін әлі де қарап тауыса алмай жатырмыз.

С. Шәкібаев айтқан мемлекеттік қауіпсіздік комитеті архивіндегі материалдардың осындай тәсілдермен алынғандығы енді ешкімге күмән туғызбайды. «Лагерде түркістандық тұтқындар арасында М. Шоқаев қызыл әскерге қарсы үгіт жүргізді»— деген де жалған. Мысалы, Жаңақорған ауданынан әскер қатарына шақырылып, соғыстың әдепкі айларында тұтқынға түскен Жұбайдулла Ұрахожаев, Күзембай Исақұлов, Пірман Есханов, Қалданбек Дүйсенбеков концлагерьде М. Шоқаймен кездесkеннен кейінгі ойларын: «Ол ұлтының қамын ойлаған, сүйкімді, байырғы, қарапайым, ақыл кені адам көрінді. Оның «алдауға түсіп өз еліңе қарсы оқ атпаңдар, елге аман-сау қайтуға тырысыңдар» деген қамқорлық сөздері әлі есімізде»— деп түйіндейді. Он төрт қызылордалық Сәлім Бекбергенов деген қазақ жігітінің

жәрдемімен тұтқыннан қашып, кейін Италия бостандығы үшін күрескен, аты аңызға айналған, Гарибальди атындағы партизан отыздығына (взводына) қосылып, фашистерге қарсы күреседі. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.
С. Шәкібаев өз елінің намысы мен теңдігі үшін өмірінің соңғы сағатына дейін күрескен М. Шоқай жөніндегі шындықты неге бұрмалаған? Сталиндік репрессиялар кезінде қазақ қайраткерлері жазықсыз құрбан болды және ол бірнеше рет қайталанды. Халқымызға қарсы жүргізілген геноцид санамызды төмендетті. Соның бәрі Компартия басшылығымен НКВД, КГБ арқылы жүргізілді. Олардың ақ дегені ақ, қара дегені қара болды. Жазықсыз адамдардың қаны солардың мойнында. Қазіргі егемендік алған дәуірде сол ретсіз төгілген қан мен көз жасқа жауап беретін уақыт жеткенін С. Шәкібаев жақсы түсінеді. Меніңше С. Шәкібаевтың халық қасіретіне қабырғасы қайыспайтын адам екені байқалады. «Өткенге топырақ шашсаң болашақ саған тас атады», деп Расул Ғамзатов айтқандай, шындыққа қиянат жасамайық.

*Әбжәли Байшуақов,*
**Тарих ғылымының кандидаты, соғыс және еңбек ардагері.**

(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1992 жылғы 8 қыркүйек).

## «ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ»

### және Мұстапа Шоқай туралы не білеміз?

Бірінші дүние жүзілік соғыс сияқты, екінші дүниежүзілік соғыс та миллиондаған адам қырғынымен қатар, өзінің артына жан түршігерлік адам тағдырларын, ондаған жылдарға таусылмайтын құпия сырларын қалдырып кетті. Одан бері жарты ғасыр өтті. Әйтсе де жау тұтқынында болған жауынгерлер тағдырына қатысты жайттар әлі толық анық айтылған жоқ. Бұл да бір халық шеріне айналған «ақтаңдақ» болып келеді.
Соғыс бар жерде қаза бар, тұтқын бар. Мұны әлемдегі соғыс тарихы басынан талай кешірген. Сондықтан да тұтқынды қорламау, қарсылық көрсетер қаруы жоқ міскіндерді басқа елдің азаматы ретінде қарау, ал соғыс аяқталып, бітім жасалғасын оларды өз тұтқындарына алмастырып, еліне қайтару халықаралық заңдармен бекітілген болатын. 1907 жылғы Гаага халықаралық конвенциясы осыны қарастырған. Тұтқын лагерьлеріне 1914—1918 жылдарғы соғыс кезінде Қызыл Крест, тағы басқа қайырымдылық қоғамдарының өкілдері жіберіліп, тұтқындардың тағдырына жанашырлық жасалған. Ресейдегі соғыс тұтқындарына елдерінен хат, қаржылар да келіп тұрғаны белгілі. Бірақ, Екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес үкіметі халықаралық конвенцияны бұзды. Бас қолбасшы, қандай қиын жағдайда тұтқын болса да, ондай жауынгерлер мен командирлерді жау ретінде қабылдады. Сөйтіп, оларға өз отанына, туған жеріне қайтар жол қалмады. Сталин санамызға сіңірген тасбауыр қаталдық осындай еді.
Әйтпесе, 1941 жылы отан қорғауға аттанған ардақты ұлдарымыз тұтқын азабын көріп, одан қашып құтылғандары антифашистермен бірге жаумен шайқасып, орден-медальдарға ие болып, енді елім деп аңсап жеткенінде оларды жаудан бетер қаталдықпен лагерьге айдау, қызметтен қағу, соғыс ардагері қатарынан шығару, рухани азапқа салу демократияға, адамгершілікке сия ма? Басқа елдердің тарихына сүйенсек, мұндай жағдайдың болмағанын байқайсың. Мысалы, немістердің тұтқынына түскен Де Голль кейін Францияда президент болды, жау тұтқынынан шыққан Черчилль Англияда премьер-министр болды. Ресейде тұтқында болған Тито, Б. Кун, Ф. Мюнних сияқты адамдар кейін ел басқармады ма?
Кеңестік тоталитарлық режим азаматтарымызға шын мәнінде қарғыс таңбасын салып кетті. Қарап тұрсақ, біздің елімізде 1917 жылдан бері әр түрлі қуғынға, репрессияға ұшырағандар және соның заардабын тартқан ұрпақтары, немере-шөберелері әлі де аз емес. Солардың қатарына Ұлы Отан соғысында тұтқынға түскендер де қосылды.
Енді осы мәселеге байланысты түйіні шешілмей келе жатқан екі нәрсе бар және оның екеуін де әдейі байланыстырған бұрынғы КГБ (МХК), яғни сталиндік репрессияның негізгі орталығы. Олардың пайымдауынша азамат соғысынан кейін Кеңес өкіметіне қосылмай, шетелдерге кеткен саяси қайраткер, «Алашорданың» мүшесі, Түркістан автономиясын басқарған Мұстапа Шоқай 1941 жылы Кеңестер одағына қарсы немістермен бірігіп «Түркістан легионы» деген әскери бөлім құрған, оған қазақ, өзбек, қырғыз және басқа мұсылман өкілдерінен шыққан соғыс тұтқындарын зорлап кіргізген. Осылайша легион неміс әскеріне, ал М. Шоқай оның генералына айналып шыға келді. Бұл, әрине жалаң ойдан туған жасанды пікір, шындықты бұрмалау демекпіз. Енді осы айтылғандардың егжей-тегжейіне толық тоқталмасақ та, мәселенің басын ашуға тырысалық.
1941 жылға дейін М. Шоқай кім болған? Мұстапа — саяси қайраткер, мұны жаңадан мойындап жатырмыз. Ол түркі халықтарын патша

отаршылдығынан азат ету үшін күресіп, оларды өзара біріктіруге тырысқан. Өз кезеңінде бұл бірден-бір бағыт еді, оны түркі халықтарының барлық көсемдері қолдаған болатын. Бұл ұлтшылдық та, пантүріктік те, панисламдық та емес. Керісінше, бұл интернационалдық, патриоттық әрекет еді. Оған қоса М. Шоқай да Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов сияқты орыс демократтарымен одақтасып, патша өкіметіне қарсы бір лагерь құруға әрекеттенді: кадеттерді, меньшевик-эсерлерді де қолдап көрді. Кейін олардың да, Уфа директориясының да мұсылман халықтарына тәуелсіздік немесе автономия беруге ықыласы жоқтығына, яғни шовинистік пиғылдарына көздері жетті. Бірақ большевиктердің пролетарлық өкімет орнатып, социализм құру теориясын да мұсылман халықтары үшін қисынсыз деп тапты. Оның үстіне Кеңес өкіметінің бастапқы кезеңінде бұратана халықтарды шеттету, олардың мал-мүліктерін тәркілеу орын алғандықтан қазақ зиялылары пролетариат диктатурасына да сене алмады.

Большевиктер өкіметіне қарсы басталған азамат соғысында «Алашорда» өкілдері ақгвардияшыларға арқа сүйеп байқады. Бірақ Колчак та, Дутов та мұсылман халықтарының мұңын түсінбеді. Міне, осындай саяси дағдарыс жағдайында Мұстапа Шоқай туған елден қуғын көріп, эмигрант болуға бел байлаған еді. Ал басқа алашордашылар Кеңес республикасын құру саясатына қол қойды, оның құрамына, тіпті большевиктер партиясына да кіргендері болды. Бірақ, Кеңес өкіметі қазақ халқын басқа түркі халықтарын да ойлаған мұратына — егемендікке жеткізбегені, оның саясаты қолдан жасалған тап қырғыны, экспроприация, күштеп ұжымдастыру, ашаршылық, эмиграция, репрессия сияқты сорақылыққа әкелді. Әрине, мұның бәрі қатаң бақылау, ойдан шығарылған идеологиялық қисындармен бүркемеленді. Халық тап жаулары, оппозиция, ұлтшылдық-контрреволюцияшыл ұйым деген сияқты «ертегілерге» сеніп те қалды. Дегенмен тәжірибелі саясаткер Мұстапа Шоқай алдауға түспеген, көреген қайраткерлердің санатында қалды. Оның ендігі мақсаты өз Отанын большевиктік диктатурадан, халықты қансыратқан қызыл империядан құтқару болды. М. Шоқай 1929—1939 жылдары шығарып тұрған «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» журналдарына (барлығы 117 кітап), 1928 жылы «Кеңестер билеген Түркістан» деген еңбектерінде сталинизмнің, большевиктік отаршылдықтың бет пердесін ашып көрсетті. Репрессияға ұшыраған отандастарына жанашырлықпен қарап, олар жайлы баспасөзде жариялап отырды. Әрине, Мұстапа Шоқайдың бұл әрекеттерін туған халқы тегіс біле бермеді, оны түсінбеген қалып білдірді. Ал шетелдегі советологтар, демократтар, социалистер оның еңбектерін жоғары бағалады. М. Шоқайдың еңбектері Парижде, Лондонда жарық көрді. Біз де Мұстапа Шоқаймен солар арқылы таныса бастадық.

Өмір сыны, тарих таразысы Мұстапа Шоқайдың көреген саясаткер, жігерлі күрескер екендігін дәлелдеді. Қазір оған ешкім біздің елде де шек келтіре алмайды. Мұстапа Шоқай түркі халықтарының көсемі дәрежесінде шетелдерге де танымал...

Өкінішке орай, осындай еңселі азаматымызға Сталиннің өзі берген жаман атақты, теріс көзқарасты өзгерткісі келмей, қате пікірлерінен қайтпай жүрген «қайсарлар» да кездеседі. Соның бірі, әрі бірегейлісі бұрынғы МХК полковнигі Серік Шәкібаев. Оның пікірі баспа бетінде сыналды да, біз бұл арада оған тоқталмақ емеспіз. Біздің айтпағымыз Мұстапа Шоқай сияқты ірі қайраткер фашистік армия Кеңестер Одағына басып кірген кезде қандай позицияда болғаны жайлы. Біздің қолымыздағы материалдарға (оны әлі толық деп айта алмаймыз) сүйенсек, 22 маусым күні-ақ немістер Мұстапаны Париждің түбіндегі үйінен алып кетеді. Олар бұл сияқты беделді қайраткерді — сталинизмнің қас жауын өз мүддесіне — тұтқынға түскен кеңес жайынгерлерін герман жағына шығару үшін пайдалануға әрекет етеді. Жұбайы Мариянның айтуынша, Мұстапа үйіне аз уақытқа келгенде үлкен толқу үстінде болған, бірақ алдын-ала келісім бермей, әуелі тұтқындармен жүздесіп, сөйлесуді қалайды, яғни немістердің қолшоқпары болғысы келмеген.

Егер Мұстапа немесе Гитлер соғыс тұтқындарының күшіне сүйеніп, Кеңес Армиясын жеңбек болды десек, бұл күлкілі іс болар еді. Біріншіден қай заманда да тұтқындарды өз еліне қарсы салу әрекеті жасалған, бірақ ол нәтиже бермеген. Бұл арада Кеңес өкіметін құлатып, дербес Түркістан мемлекетін құру сияқты ой-сананы көлденең тартқан. Ал бұған жауынгерлер көне қоя ма? Тұтқындарды иліктіру, иландыру үшін уақыт керек, үгіт керек. Басты мақсат — егер неміс әскерлері елді басып алатын болса, легионды Түркістан өлкесін дербес сақтауға қажетті жаңа үкімет күші ретінде, кеңес билігінен, большевизмнен құтқарушы күш ретінде пайдалану. Олай болса тұтқындарды дайындау: неміс тілін үйрету, соғыс ісіне жаттықтыру қажет. 1941 жылғы соғыста кім жеңері белгісіз болатын, елді қорғап қалатынына бастапқыда Сталиннің өзінің де күмәні туған.

Осындай алмағайып кезеңде Мұстапа өз халқының болашағына салқын қарай алмағаны хақ. Немістер жеңген жағдайда туған еліне қалай да қорған болу, сол үшін тұтқын боздақтардың өмірін сақтау оның бар арманы еді. Ал Түркістанды тоталитаризмнен құтқарып, егемен ел ету негізгі саяси бағдарламасы болды. Сондықтан Мұстапаның неміс каруының жеңісін пайдалануын еліне опасыздық жасау деп әсте де түсіндіре алмайсың. Отпен ойнаған, неміс агрессиясына жол ашқан, онымен 1939 жылы шарт жасаған Сталиннің өзі емес пе еді? Мұстапа ел басына төнген соғыс жағдайында жол іздеген саясаткер, тактик, оның көксегені — азат Түркістан. Ақыры 1991 жылы Горбачев, Ельцин өз қолынан осылай істемеді ме? Өз қолынан СОКП, КСРО-ны таратпады ма? Олар да тоталитаризмнен демократияға аяқ басқысы келді ғой. Әрине, зерттеушілердің қолына немістердің «Гросстур-

кестан» жоспары жайлы нақты деректер жеткіліксіз. Бірақ Мұстапа тарапынан өз еліне опасыздық болған емес, ал кеңес тоталитаризмінің ол ашық жауы екені рас. Мұстапаның Париждегі архивінде соғыс тұтқындарымен, Уәли Каюммен жазған хаттары және басқа деректер сақталған. Оған да қол жетер. Тағы бір көңіл аударарлық мәселе — Мұстапаның өлімі. Оның сыры белгісіз. Егер улап өлтірілгені рас болса, оны я немістер істеуі,немес солардың еркімен ғана жасалуы мүмкін. Әйтпесе, Берлинде немістердің адамына кім тиісе алады?

Әрине, Гитлер өкіметі Мұстапаның дербес Түркістан саясатын қабылдай салды деу ағаттық. Оның өз жоспары («Гросстуркестан») болғаны, Орта Азия мен Қазақстанның байлығын олжалағасы келгені (Герингтің «көк қатырмасы» жоспары) ақиқат. Бірақ немістерге Мұстапаның беделін пайдалану қажет болды. Олар бұл әрекетін Мұстапа өлгеннен кейін де тоқтатпаған екен. Яғни, тұтқындар арасында Мұстапаның атын жамылған өз агентін (мүмкін агенттерін) жіберіп отырған. Осылайша немістердің тұтқындарымен жұмыс істеу есебі түгел болғанын «Мұстапаны 1942 жылы көрдік» деген адамдардың айтқандары қуаттайды. Бұған тағы екі дәлелдеме келтірейік. 1971 жылы Варшавада шыққан Войцех Сулевскийдің «Голос издалека» деген кітабына 1942 ж. Варшавадағы (1-қарашада) Павиак түрмесіндегі екі тәжік ұшқышы (Абдухаимов және Халимов) туралы жазылған. Соның алдында немістер оларды легионға кіруге үгіттеген кезде «Рейхтің қауіпсіздік бас басқармасының агенті Мұстапа Шоқаев» қатысқандығы айтылады. Ұшқыштар қарсылық білдіріп, атылып кетеді. Содан 25 жыл өткеннен кейін тәжік кинематографистері Варшаваға барып екі ұшқыш жайында деректі фильм шығарғаны да жазылады. Мұстапа 1941 жылы 27 желтоқсанда өліп, Берлинде мұсылман бейітінде жерленгені анықталған еді. Оның тұтқындармен жазысқан хаттарын 1953 жылы әйелі Мария Париждегі архивке тапсырған. Ал 1950 жылғы «Жас Түркістан» жинағы Мұстапаның 60 жылдығына арналған болатын. Мұнда да Мұстапаның 1941 жылғы 27 желтоқсанда өлгені айтылған. Ендеше Сулевскийдің 1942 жылы «Мұстапа агенттің» Варшавада болды дегені қалай? Ол кітапты автор тұтқындардың айтуымен жазғанға ұқсайды. Осыны қолдайтын құжат — Гитлердің Польшаның гауляйтері Фон Франкке Берлиннен (28.XII.42 ж.) жолдаған жеделхаты. Мұнда былай делінген: «Кеше тәжіктер біздің агентіміз Мұстапа Шоқайды өлтіріп кетті». Жеделхатты ПОРП (Польская объединенная рабочая партия) архивінен алған тарих ғылымдарының кандидаты А. С. Алданазаров болатын. Сонда «агент Мұстапа» тәжік тұтқындарының қолынан лагерьде өлтірілген болып шығады. Шамасы олар «агент Мұстапаға өшіккен». Гитлердің жедел хатына сенбеске лажың жоқ. Біздің ойымызша, «агент Мұстапа» деген 1941 жылы 27 желтоқсанда өлген кәдімгі Мұстапаның орнына жіберген немістің адамы болуы хақ. Әйтпесе, Мұстапа Шоқайға қай халықтың адамдары болса да қол тигізбеген, сыйлаған, оған иланған. Мысалы, М. Шоқайға лагерьде бір топ грузин тұтқындарын еврей деп айтпақшы болғанда, оған арашашы болғаны да жоғарыдағы «Жас Түркістанның» бетінде жарияланған. Тұтқын тәжіктердің өлтіріп жүргені шын Мұстапа емес, «агент Мұстапа».

Тағы бір айтпағымыз, Сулевский де, Шәкібаев та соғыс тұтқындарының сөзіне тым сеніп өткен. Олар соғыстан кейін өздерін ақтау үшін КГБ органдары мәжбүр еткенін естен шығаруға бола ма? Сондықтан легионға тұтқындарды зорлап кіргізді, көнбегендерін Мұстапа Шоқай крематорийге жібергізді деген жалған деректер де орын алғанын білеміз. Бұл тоталитарлық заманның ықпалы болатын.

Жеңістің 50 жылдығында соғыс тарихын да қайта парақтап, тұтқын болған боздақтарымызды да қайта тыңдап, шындыққа келсек, Мұстапа Шоқай сияқты халық қаһарманын да орынсыз жаладан аулақ ұстап, оның ғылыми-публицистикалық мұрасын зерделілікпен зерттесек деген ойға келеміз. Ал Мұстапа Шоқай, «Түркістан легионы» жайлы дерек, пікір, айғақтары бар оқырмандарды ой бөлісуге шақырамыз.

*Әбу Тәкенов,*<br>
**тарих ғылымының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың профессоры.**

(*«Егемен Қазақстан»* газеті, 1995 жылғы 13 шілде.)

## «ТҮРКІСТАН ҰЛТТЫҚ КОМИТЕТІ»

### немесе «Түркістан легионы» жайлы ақиқат пен аңыз

**Жылдар бойы Мұстафа Шоқаевтың есімі «Түркістан ұлттық комитеті» мен «Түркістан легионы» атты ұйымдармен байланыстырылып келді. Мемлекет билеушілері оны өз халқына қол көтерді деп, «халық жауы» деп атаған. НКВД органы оның туған-туыстарын заңсыз жазалаған, жылдар бойы қудалаған. Елімізде болып жатқан жариялылық пен демократияның арқасында Шоқаевтың есімі қазір көпшілік аузында.**

Біз бұл мақалада бір ғана архивтік құжатқа жүгініп отырмыз.

... Соғыс ақталысымен Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қазақстан мен Орта Азияда арнайы шаралар өткізіп, «Түркістан ұлттық комитеті» ұйымына қатысқан адамдарды ұстай бастады. Соның нәтижесінде «Түркістан ұлттық комитеті» және «Түркістан ұлттық кеңесі» туралы № 85 санды көп томдық тергеу ісі пайда болды. Бұл іс бойынша 1946 жылы 10-желтоқсанда 49 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Тергеу құжаттарында «Түркістан ұлттық комитеті» Қазақстан және Орта Азия республикаларын КСРО-дан бөліп алып, өз алдына мемлекет құру үшін ұйымдастырылған делінген. Дәлел ретінде 1917—1937 жылдар арасындағы Бөкейханов, Дулатов және Байтұрсыновтың «Алаш», Ходжаев Файзулланың «Милли иттихад», Рысқұлов, Икрамов және Абдрашитовтың «Иттихадве таракки» ұйымдарына байланысты іс-әрекеттерін баяндай келіп, «Түркістан ұлттық комитеті» солардың идеялық қозғалыстарынан туған ұйым деп тұжырымдаған. Құжатта Шоқаев пен Вали Каюм-ханның да есімдері аталады.

Бұл ұйымның қай кезде құрылғаны туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, оны 1942 жылдың бас кезінде қалыптасқан деуге болады. «Түркістан ұлттық комитеті» негізінен Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Башқұртстан, Солтүстік Кавказ, Әзірбайжан, Синцзян, Иран мен Ауғаныстанның шығысын қамтып, «Ұлы Түркістан» мемлекетін құруды көздеген. Фашистік Германия Кеңес Одағын құлатуға күштар болғандықтан қаражат бөліп, бұл ұйымның қалыптасуына күрделі көмек көрсеткен. Көп жұмыс солардың әкімшілік басқаруымен ұйымдастырылған. Тергеу ісінде осы ұйымның құрамын келтірген. Енді біз соны қысқаша түсіндіріп көрейік.

## «ТҮРКІСТАН ҰЛТТЫҚ КОМИТЕТІ»

Президенті — Вали Каюм. Оның орынбасары және әскери бөлімінің бастығы — Хаитов Баймырза. Президенттің орынбасары және насихат бөлімінің бастығы — Алманбетов Саттар. Бас хатшысы — Қанатбаев Кәріс.

1. Әскери бөлім. Бұл «Түркістан легионына» офицерлер дайындаған, барлау мектептерін ұйымдастырған, немістермен бірге Қазақстан және Орта Азия республикаларына барлаушы-диверсанттар жіберіп отырған.
2. Насихат бөлімі. Оның негізгі мақсаты «легионерлерді» тәрбиелеу. Бұл бөлім 1941—1943 жылдары «Милли Түркістан», «Милли Адабият», «Яңы Түркістан» және басқа бірнеше саяси газеттер мен журналдар шығарған.
3. Ғылым бөлімі. Бұл «Түркістан проблемалары», «Түркістан тарихы» және басқа ғылыми еңбектер шығарып отырған.
4. Тұтқындар бөлімі. «Түркістан легионына» тұтқындарды бір жерде ұстайтын неміс лагерінен іріктеп, қабылдап отырған.
5. Радиохабарлау бөлімі. Радио арқылы үгіт және насихат жүргізіп отырған.
6. Шығыс жұмысшылар бөлімі. «Түркістан легионына» жарамаған тұтқындарды Германия жеріне жұмысқа орналастырып отырған.
7. Денсаулық сақтау бөлімі. Басты мақсаты «Түркістан ұлттық комитетінің» қызметкерлерін дәрігерлік жағынан қамтамасыз ету болған.

Сөйтіп, 1942 жылдың бірінші жартысында «Түркістан легионы» құрылған. Оның құрамына «Темір атындағы Түркістан батальоны», «162-түріктер дивизиясы», «СС мұсылман дивизиясы», «Дербес СС ротасы» және қазақтың «Алаш» отряды кірген. Осы аталған топтар соғыс кезінде Украина, Белоруссия, Чехословакия, Италия және Франция жерлерінде партизандарға қарсы жазалау операцияларына қатысқан және фашистер басып алған жерлерде күзет қызметтерін атқарған.

Сонымен қатар «Түркістан ұлттық комитеті» «Люкенвальд», Освитц (Германия), Воломино, Печнево (Польша), Теппель (Чехословакия) және басқа қалаларда арнаулы барлау-диверсиялық мектептер ашқан. Соғыс кезінде Қазақстан және Орта Азия республикаларына осы мектептерде дайындалған 7 шпиондық-диверсиялық топ жіберілген. Бірақ, олардың барлығы да дер кезінде НКВД-нің қармағына түсіп, Кеңес өкіметіне қарсы ешқандай әрекеттер жасап үлгірмеген. Көбісі өздері келіп заң орнына берілген.

«Түркістан ұлттық комитеті» немістер жағынан арнаулы органдары — «Остминистрлігі», «Абвер» және «СС-СД» басқарған.

М. Шоқаев 1941 жылы 27 желтоқсанда түсініксіз жағдайда дүние салған. «Түркістан ұлттық комитеті» және оның «Түркістан легионы» 1942 жылдың бас кезінде қалыптасқан. Сонда бұл ұйымдарды құрған Шоқаев деуге болар ма екен?! Нөмірі 85-ші қылмыстық іс құжаттарында антикеңестік «Түркістан ұлттық комитеті» мен «Түркістан легионының» негізін қалаушы М. Шоқаев деп үзілді-кесілді айтылады. Бірақ, алдын-ала тергеу кезінде жиналған деректермен бұл қорытынды дәлелденбейтін сияқты. Айыптауда оның 1917—1940 жылдардағы саяси қызметтері келтірілген. Тергеу мәліметтері бойынша 1922 жылы Стамбул қаласында «Орта азиялық комитет» деген болған. Соның филиалы Парижде және Берлинде ашылған көрінеді. Сол ұйымның жұмысына Берманов, Вали Каюм, Мұңайтбаев, Битлеуов және басқалары белсенді қатысқан. Шоқаев, Идрисов және Валидов олармен тығыз байланыста болған. Бұлардың барлығы ағылшын, француз, неміс және жапондардың барлау органдарының агенттері, солардың басқаруымен антикеңестік жұмыс жүргізген делінген. М. Шоқаевтың өзі «Жаңа Түркістан» және «Жас Түркістан» атты антикеңестік журналдар шығарған, европалық баспасөзде КСРО жөнінде өтірік-өсек таратып,

жала жапқан және «Прометей» комитетіне мүше болған деп, оған жеке кіно таққан.
Кейіннен, 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына соғыс ашып, қызылдар тұтқынға алына бастаған соң Шоқаев және Вали Каюм лагерьлерді аралап, қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен және тәжіктер арасында антикеңестік насихат жүргізіп, оларды «большевиктермен» күреске, «Біріккен Түркістан ұлттық мемлекетін» құруға шақырған,— дейді. Ал мұның алдында немістер Францияны басып алып, Парижде тұратын Шоқаевты ағылшын барлау органдарына қатысы бар деп тұтқынға алған. Сосын барып Германия жағына қызмет етуге келісімін берген соң, оны тұтқыннан босатқан.
Ол немістердің алдына екі шарт қойған.
Біріншісі, немістердің көмегімен болашақ «Түркістан мемлекеті» кадрларын дайындау. Екінші шарты — тұтқынға түскен ортаазиялық жауынгерлерден әскери бөлімшелер ұйымдастырып, оларды немістер Орта Азия республикаларының шекарасына жеткенше Қызыл Армияға қарсы пайдаланбау.
Бірақ, Вали Каюм М. Шоқаевтың сыртынан немістермен келіссөз жүргізеді. Ол ағылшындармен байланысы болғандықтан, «түркістандық» кадрларды дәл қазір пайдалануға қасақана кедергі жасап отыр, оның қойып отырған шарттары — айла деп түсіндіріп, тұтқындағы ортаазиялық жауынгерлерді жедел түрде Қызыл әскерге қарсы ұрысқа салуды талап өткен.
Тергеу қорытындысы бойынша Вали Каюм немістердің барлау органдарының қатысуымен Шоқаевтың көзін құртып, өзі «Түркістан ұлттық комитетінің» президенті болып сайланған. Істе мұны дәлелдейтін айғақтар келтірілген. Енді соны жариялайық.
Тыныбеков Хакімнен жауап алу хаттамасы. 1946 жыл, 25 ақпан. «Қанатбаев Кәрістің айтуы бойынша, ол соғыстың бас кезінде немістерге тұтқынға түскен Чехословакия жеріндегі лагерьде жүргенінде оларға белгілі ақ эмигрант Шоқаев келіп, қазақ, қырғыз, өзбек және басқа да ортаазиялық ұлттар арасында өз алдына Түркістан мемлекетін құруды насихаттаған.
Оның сөзіне қарағанда, лагерьге Шоқаевпен бірге Вали Каюм да барған. Сол кезде ол оның жай ғана жәрдемшісі болған. Кейін мансапқа жету мақсатымен Шоқаевтың көзін құртқан.
... Францияны оккупациялаған соң немістер Шоқаевты ағылшындық көзқарасы үшін тұтқындап, Кеңес Одағына қарсы бірігіп күресуге уәдесін алған соң босатқан. Германия билеушілері сол кезде Шоқаевтың шартын қабылдаған. Сонымен бірге тұтқындағы адамдарға жағдай жасауға келіскен. Оларды Украина, Белоруссия және басқа республикаларда болып жатқан әскери операцияларға қатыстырмаған. Бірақ, Қанатбаевтың айтуынша, Вали Каюм «Түркістан ұлттық комитеті» мен «Түркістан легионы» негізін қалап алған соң, Шоқаев Германия жағына көмектесуден қасақана бас тартып отыр»— деп, немістердің көмегімен оған у беріп өлтірген...».
Тыныбековтың бұл жауабын қуаттайтын тағы бір құжат бар, соны да келтірейік.
Куә Шломстан жауап алу хаттамасы. 1947 жыл, 4-қазан. «Ольшаның (СС-СД Бас Басқармасының «Тюкостшталле» бөлімінің бастығы штурмфюрер «СС» доктор Ольша Райнер — Автор) айтуы бойынша, немістер Францияны басып алған соң Шоқаев Германияның билік жүргізуші органдарымен ағылшын агенті ретінде қамауға алынған, кейіннен немістер оны өз жағына қаратады. Ол өзінің айналасына Вали Каюм, Қанатбаев және басқа ұлтшыл адамдарды жиып алып «комитет» және «легион» ұйымдастыра бастағанда Вали Каюм оның ағылшындармен ымыралас болғандығын әшкерелей бастайды. Ақыры оның көзін жойып тынады. Шоқаевтың қалай өлтірілгенін Ольша маған айтқан жоқ, бірақ сөзінің бірінде бұл әрекетке «ойланбай істелген іс» деген баға берді».
Әрине, мұнымен Шоқаев өлімінің сыры ашылды деуге болмайды. Бірақ тергеу құжаттарындағы бұл айғақтар шынайы әңгімеге жол ашады деп ойлаймыз.

*Әмірхан Бәкіров.*
**Қазақстан Республикасы юристер одағының мүшесі.**

(*«Сыр бойы»* газеті, 1992 жылғы 21 шілде).

## ВАЛИ КАЮМ

### немесе Мұстафаның жұмбақ өлімі.

Мұстафа Шоқай 1941 жылдың 19 желтоқсанында қатты наукастанып Берлинге келген. Әдепкі қараған дәрігер профессор Руднев оның немен ауырғанын анықтай алмай, «Виктория Кранхауз» емханасына жіберген. Осы жердегі неміс дәрігерлері дене қызуына қарап, оған сүзек ауруы болу керек деп жоба-диагноз қойған. Бірақ М. Шоқай бұған келіспей, өзін тездетіп Францияға жіберуді өтінген. Өкінішке орай, оған ешкім құлақ аспаған. Осы емханада 27 желтоқсан күні кешкі сағат 6.30-да көз жұмған. Зайыбы Мария Яковлевна суық хабар жетісімен Парижден жасырын түрде Берлинге келіп, алдымен дәрігерлерге жолыққан. Олардың М. Шоқай сүзек ауруынан қайтыс бол-

ды дегендеріне сенбей, жанында бірге болған адамдармен кездесіп, солардан көрген-білгендерін сұраған. Қайта-қайта күзетшілерге келіп, моргта жатқан ерінің мәйітіне жақындап көруге тілек білдірген. Бірақ, бұл тілегі орындалмаған. Себебін де ешкім түсіндіріп айтпаған. Бәрінен де М. Шоқайдың жан досымын деп жүрген Вали Каюмға қатты ренжиді. Осындай қайғылы жағдайда оның Жаңа жылды тойлап, қуанышын жасыра алмай, мәз болып жүргені күдігін күшейте түседі. Істің анық-қанығына жету үшін жұбайының денесін немістерден сұраған. Сылтау ретінде оны Парижге апарып жерлегісі келетінін айтқан. Бірақ немістер бұл өтінішін орындаудан бастартып, Берлиндегі мұсылмандар бейітіне жерлеуді талап еткен. Осындай жағдайда өлімнің сыры ашылмай-ақ, 1942 жылы 2 қаңтарда М. Шоқай денесі Түркі шейіттерінің зиратына жерленеді.

Өзінің соңғы деміне дейін Мария Яковлевна жұбайының өз ажалымен өлмегенін, оған у беріп өлтірілгенін айтып кеткен. М. Шоқайдың кімнің қолынан өлгенін де айтқан. Ол — Вали Каюм деген. Тіпті, себебін де көрсеткен: «Фашистермен бірге қосылып, легионға басшы болуға келіспегені үшін!»— деп. Мария Яковлевна бұл пікірде жалғыз болмаған. Белгілі жазушы Х. Абдуллин (соғыс кезінде «Түркістан ұлттық комитетінде» қызмет атқарған, сол үшін соғыстан кейін сотты болды, қазір заң жүзінде толық ақталды) Берлинде «Солтүстік Кавказ комитетінің» Президенті болған Қантемірдің сөзіне сүйеніп «Вали Каюм Мұстафаны өлтірді де, «Түркістан комитетінің Президенті» деген атақты иемденді» дейді.

Бұрынғы Қазақ КСР-і Мемлекеттік Хауіпсіздік министрлігінің 1946 жылы 10 желтоқсанда қозғаған № 85 санды архивтік тергеу ісі бойынша жауапқа тартылғандардың бірсыпырасы М. Шоқайды бақталастықпен өлтірген Вали Каюм деп ашық айтқан. Мәселен, айыпкер Тыныбеков Хаким «Түркістан ұлттық комитетінде» өзімен бірге болған Қанатбаев Кәрістің куәлігіне сілтеп былай дейді: «Вали Каюмхан... Шоқай Германия жағына көмектесуден қасақана бас тартып отыр деп, немістердің көмегімен оған у беріп өлтірген».

Х. Тыныбековтың бұл жауабын куә қатарында сұралған Шломс Конрад та бекіткен: «Вали Каюм оның (М. Шоқайдың) ағылшындармен ымыралас болғандығын әшкерелей бастады. Ақыры оның көзін жойып тынды. Шоқайдың қалай өлтірілгенін Ольцша маған айтқан жоқ, бірақ сөзінің бірінде бұл әрекетке « ойланбай істелген іс» деген баға берді...»

Сонымен М. Шоқайдың қастандықпен өлтірілгенін неміс офицері де қуаттады. Бұл оқиғаны ол соғыс кезінде Вали Каюммен тығыз қызмет атқарған гауптштурмфюрер Рейнер Ольцшадан естігенін айтқан. Деректерге қарағанда ол 1943—1944 жылдары Германияның қауіпсіздік Бас Басқармасының (Главное управление безопасности) тапсырмасымен «Арбайтегейшафт Түркістан» атты барлау институтын басқарған. Бұл институтқа Вали Каюм жетекшілік еткен, «Түркістан ұлттық комитеті» мен «Түркістан легионы» ұйымдарымен өзара өте тығыз байланыста болған. Сондықтан да олар бір-бірін жақсы білген. Соғыс аяқталған соң Ольцша ағылшындар арқылы Қызыл әскердің қолына түсті, кейін қауіпсіздік органдарының тергеуінде болған. Бұл архивтік тергеу ісі қазір Н-17680 номерімен Ресейдің федералдық қауіпсіздік қызметі (ФСБ РФ, бұрынғы КГБ СССР) органында сақтаулы реті келіп осы іспен жуырда танысқан едік. Сондықтан да айыпкер Р. Ольцшаның тергеуге берген жауаптарынан М. Шоқай мен Вали Каюмге байланысты жерлерін жария етейік.

Жауабының бірінде Ольцша тергеушінің Вали Каюм кім деген сұрағына былай деп жауап беріпті: «Вали Каюм — ұлты өзбек, 1922 жылы арнайы комиссия құрамында Ресейден Германияға келіп, осында қалып қойған. Алдымен Берлин университетінің ауылшаруашылық факультетін, сосын жоғарғы саяси мектебін бітірген. Кейін 1942 жылы Розенбергтің (фашистік Германияның Шығыс министрлігін басқарған) бұйырығымен «Түркістан ұлттық комитетіне» жетекшілік еткен. Өкінішке орай, Вали Каюм өз жерлестеріне диктатор болды. Ешкімді өзіне қарсы келтірмеді. Германияда қалыптасқан фюрердің принципін өзіне толығымен қабылдап, соны іс жүзінде басшылыққа алды. Өзінің жерлестеріне ешуақытта сенбеді. Эмигрант ретінде оларды жат көрді. Сондықтан да өзінің маңайына тек Ташкенттен шыққан ұлты өзбек адамдарды жинады. Түркістандық басқа ұлттар бұған наразылық білдірді. Әсіресе, қазақтар оның іс-әрекетіне және жүргізген саясатына келіспеді. Бұл жағдайлар ойластырған жұмыстарымызды алға бастырмады. Каюм туралы өзімнің ой-пікірлерімді, күдіктерімді тікелей бастығым доктор Хангельхауп пен профессор фон Мендеге баяндадым, бірақ бұдан ешқандай нәтиже шықпады. Өйткені ортаазиялық проблемаларды түсінетін адамдар кемде-кем болатын. Сол себепті көпшілігі бұл мәселелерден аулақ жүретін.

Каюм немістердіептілігімен көндіріп, өзі туралы жақсы пікір туғызып отырды. Сол себепті де Шығыс министрлігінің жетекшісі Розенберг әрқашан оны қолдап, қарсы шыққандарға наразылық білдіріп, оған шаң жуытпайтын.

Менің теріс пікірде екенімді біліп Каюм маған қарсы күрес те ұйымдастырды. Шынын айта кету керек, өзім қызық жағдайда болдым. Каюмның білімі таяз, өзі атақ құмар алаяқ екеніне көзім әбден жетті. Бірақ ешқандай әрекет оған жасай алмадым. Өйткені бар инициатива Шығыс министрлігінде болатын, ал ондағылар Каюмды қолдап, «түркістандық идеяларды» қасақана соның атымен байланыстырды...»

Айта кетейік, Вали Каюм «Түркістан ұлттық комитетін» басқарған кезде, оның жанында бірде-бір түркістандық эмигранттар болған жоқ. Өйткені бұл істі ол ешкіммен бөліскісі келмеді, бар «абыройға» өзі ие болуды ойлады. Осы мақсатпен өзінің есімін қайта-қайта газет-журналдарға жариялап, М. Шоқайдың атын жоққа шығаруға

тырысты. Каюмның атақ құмарлығы соншалық, тіпті фамилиясына «хан» деген сөзді қосып, «Вали Каюм-хан» деп аталатын болды.

Осы тұста Р. Ольцшанның айтқан тағы бір сөзін қазақшаламай орыс тілінде дәлме дәл бергенді жөн көріп отырмыз. Ол тергеуде былай депті: «При жизни Шокая его имя и возраст были несомненно достаточным, чтобы создать комитету авторитет. Комитет Каюма базировался только на нем самом и не признавался, насколько мне известно, туркестанскими кругами в Турции, по-видимому, не в последнюю очередь потому, что Каюм отклонил участие своих эмигрировавших земляков, исключительно из опасения соперничества...»

«Мен,— дейді тағы бір жауабында Ольцша, Каюмды басқа тәжірибесі мол адаммен ауыстырғым келіп еді, бірақ Түркия бойынша жауап беретін референт штурманфюрер Пубак мені қолдамады. Біздікілер Түркиядағы түркістандық эмиграцияны ағылшындар тобы пайдаланып, немістердің «түркістандық» саясатына кедергі жасайды деп, қауіптенді. Расында да сол мерзімде эмигранттар ортасы «түркістандықтарды» неміс жағында соғысқа пайдалануға қарсы болып, «бұл ойсыз іс дейтін...»

Біз Ольцшанның сөзін тірілтейік. М. Шоқай қайтыс болғаннан кейін эмиграцияда жүрген түркістандықтар Вали Каюммен бірге болғысы келмей, Түркияға кетіп қалған болатын. Солардың бірі М. Шоқайдың идеясын қолдаушы және пікірлес досы Заки Валиди еді. Ол кетер алдында Вали Каюмның тірлігіне теріс баға беріп, жұмысының бағытын өзгертуді талап еткен. Бірақ екеуі бір келісімге келе алмаған. Осыдан кейін Заки Валиди біржолата Түркияға кетіп калған. Кейін Вали Каюм немістерге шағым жасап, «Заки Валиди түркістандықтардың арасына лаң салды» деген. Сонымен қатар ол «М. Шоқайдың зайыбы Мария Яковлевна да «түркістандықтардың» қатарына іріткі салады» деп Берлинге келтірмей қойған.

Тағы да бір фактіні келтірейік. Мұны да сол Р. Ольцшанның жауабынан алып отырмыз. 1944 жылы Вена қаласында Вали Каюм түркістандықтардың Конгресін ұйымдастырып, сонда өзі баяндама жасаған. Әрі қарай сөзді Р. Ольцшанның өзіне берейік: «Из доклада видно было, что Каюм использовал Конгресс в целях укрепления своей позиции и объявил себя вождем, а своих соперников саботажниками, и заявил, что он с помощью немецких органов уберет их с пути».

Келтірілген деректер Вали Каюмның қаһарлы, неге болса да икемді адам екенін дәлелдейді.

Жалпы М. Шоқайдың өліміне байланысты түрлі болжамдар бар. Бірі Вали Каюмның немесе неміс гестапосының қолынан қаза тапты десе, енді біреулер бұл НКВД-ның ісі дейді. Тағы бір болжам бойынша М. Шоқай өзін-өзі өлтіріпті-мыс. Бұлардың қай-қайсысын дәлелдейтін нақты дерек жоқ. Дегенмен жоғарыда келтірілген жанама мәліметтерге қарағанда бұны Вали Каюмның интермелеуімен фашистік Германияның арнайы барлау қызмет органы жасаған сияқты. Мұны «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітаптың авторы С. Шәкібаев та жоққа шығармайды. Сонымен қатар № 85 архивтік тергеу ісінде Қазақ КСР-і Мемлекеттік қауіпсіздік министрі генерал-майор Вызовтің бекіткен айыптау қорытындысы бар. Сонда үзілді-кесілді былай деп жазылған: «При участии немецких органов Вали Каюм-хан убрал Чокаева (уничтожил его) и занял в «ТНК» (Түркістан ұлттық комитеті) пост Президента».

Міне, қазіргі қолда бар ресми құжаттар М. Шоқайдың өлімі туралы осылай дейді.

*Әмірхан БӘКІРОВ.*
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

(*«Сыр бойы»,* 21 ақпан, 1998 жыл.)

## СЫРДЫҢ СЫРБАЗ ПЕРЗЕНТІ ЕДІ...

Ол 1890 жылы қаңтардың 7-сінде Ақмешіт қаласында туған, руы қыпшақ. Әкесі Шоқай — Торғай датқаның немересі, елге беделді де белді кісі болған. Әуелде ауылында жүріп, хат таныған Мұстафа Ташкент гимназиясына түсіп, оны тәмамдағаннан соң Санкт-Петербург императорлық университетінің заң факультетін 1915 жылы үздік бітіреді. Студенттік жылдары ол саяси адамдарды жіті танып терең түсінген, ой-пікір сайыстарына тікелей араласу ақылы шыңдалған.

Оқу бітірісімен М. Шоқайұлы IV-мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясына хатшы болып істейді. Парламентте өз депутаты жоқ Түркістан өлкесінің, соның ішінде қазақ даласының мүддесін заң шығарушылардың есіне салып, қажетті заң жобаларын Дума талқылауына ұсынып отыруға көп еңбек сіңірген. Жас қайраткер кейін еліне қайтуға бел буады. Мақсаты — өлкені автономиялық тәртіпке көшіруді даярлауға атсалысу. Ол Түркістанға келе қоғам тыныстіршілігінің бел ортасынан бір-ақ шығады. Осында құрылған Қоқан автономиясы үкіметінің алғашқы құрамында Мұстафа Шоқайұлы Қаржы министрі боп бір айдан соң сайланды. Осы тұста Орынборда 1917 жылғы желтоқсанда «Алашорда» басшысы Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ өкіметі құрылды. Сөйтіп, Түркістан жұрты өз тағдырына өздері қожалық ету жолында тұңғыш қадам жасауға талпынды. Бірақ Кеңес өкіметі 1918 жылдың қаңтарында «Қосарлас мұсылман үкіметін» құртуға шешім қабылдап, қарулы әскер күшімен Қоқан автономиясы үкіметін аяусыз

талқандағаннан соң, Қазақ автономиясы үкіметін де құлатады. Үкімет мүшелері тегіс өлімге кесіледі. М. Шоқайұлы әрең дегенде отты қоршаудан аман құтылып шығып, Грузия арқылы Түркия шекарасынан өтіп, одан әрі Берлин асады, бұдан кейін Францияға кетіп, ақырында Париж қаласына тұрақ тебеді. Онда дүниежүзіне әйгілі Париж университетін сырттай оқып бітіреді. Мұстафа алты тілде емін-еркін сөйлеп, өзінің шығармаларын да жаза білген. Эмиграцияда жиырма жылдан астам өмір сүреді. Осы жылдарда ол Түркістан халықтарының тіршілігін баршаға танытатын «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» атты журналдарды ұйымдастырып, шығаруға тікелей қатысады. Ғалым, публицист, қайраткер ретіндегі тамаша қасиеттерінің арқасында ол Европаның демократиялық баспасөз өкілдері арасында қадірленіп, үлкен беделге ие болып жүрген. Оның қаламынан шыққан еңбектері елеусіз қалмайды, түрлі арнадағы халықаралық қозғалыстар өкілдері оқып, жоғары бағалаған. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы Мұстафаны қатты мазалайды. Жаратылысынан ақылды да зерек М. Шоқайұлы бұл соғыстың түпкі мәнін парасат-нанымымен таразылай келіп, оның күллі Европа және Ресей, оның ішінде Түркістан халықтарына, жалпы бүкіл әлемге қарсы қылмыстық әрекет екеніне көз жеткізеді. Мұстафаның жұбайы Мәрия ханум естелігінде: «Он был потрясен известием о нападении Германии на СССР» деген. 1940 жылы немістер Парижді басып алады. 1941 жылы Берлинде тұратын Мұстафаны тұтқынға алып, Париж абақтысына жабады. Бірнеше күннен соң оны абақтыдан шығарып, Берлинге әкеледі де, «Түркістан халықтарының көсемі» деген желеумен қызметке алады. Оған «Тұтқында жатқан түркі тілдес халықтардың басын қосып легион ашасың, біз оларды Кеңес армиясына қарсы соғысқа дайындаймыз!» деген тапсырма береді. Бұл тапсырманы ол өзінің ішкі есебіне пайдаланады. Ол лагерьлерді аралап, күллі шығыс халықтарының өкілдерін жеке лагерьге шығарып, моншаға түсіргізіп, таза киімдер бергізеді. Немістің жұмысшыларының қасына, фабрика, зауыттарға жұмыста жүргізеді. Тұтқындармен өткізген әңгімелерінде ағынан жарылып: «Мен сендерді өлімге қимаймын, жұмыс күші ретінде пайдаландыруға тырысамын, тіпті болмаса, бәріңді Түркияға өткізіп жіберуді ойластырамын. Бар мақсатым — сендерді ажал аузынан алып қалу»— дейді. Мұстафа ағамен бақталас әрі бір жағынан тыңшы болып жүрген жансыз Уәли Каюм оның оңгімелерін неміс қожайындарына жеткізеді. Осыдан сәл кейін 1941 жылдың 27 желтоқсанында, соғыстың алғашқы айларында-ақ, М. Шоқайұлы белгісіз өліммен шейт болған.

Легионға қатысты кейбіреулер М. Шоқайұлының қызметін «сатқындық» деп өңін айналдырғысы келеді. Әрине, бұл — негізсіз жала. Орта Азия мен Қазақстан халқының бостандығы үшін бүкіл өмірін құрбан еткен оны елі мен жұрты, әм халқы таныды...

*Сагит Боханов,*
**Қазақстан журналистер одағының мүшесі.**

Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1994 жылғы 21 қыркүйек.

## Мұстафаның інісімен жазысқан хаттары.

...Он алтыншы желтоқсан. Осыдан екі жыл бұрын еліміздің тәуелсіз мемлекет болғанын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бүкіл әлемге жария етті. Ол күн бүгінде мемлекет мейрамы — Республика күніне айналды. Сөйтіп ұлт-азаттық қозғалысының басында тұрған Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Тынышпаев және басқа да қазақтың көрнекті қайраткерлерінің еңбектері ақталып, армандары орындалды. Осынау ұлы мереке қарсаңында солармен қатар ұлт-мемлекет және революция қозғалысына елеулі үлес қосқанымен, осы күнге дейін ресми түрде еңбегіне лайықты баға берілмей келген Мұстафа Шоқайды да еске алғанымыз әділдікке жатар. Расын айтсақ, оның осы жолдағы идеялары бүгінде жүзеге асырылуда. Кезінде мұны қырағы адам Ә. Бөкейханов та байқаған екен. Қазақстандағы Біріккен саяси Бас басқармасының (ОГПУ) соңынан қалған бір құжатта былай делініпті:

«Ақтөбе губерниясындағы ұлтшылдар арасында Әлихан Бөкейханов мынаны мәлімдеді: «...Шоқайдың болжамы баспа беттерінде басылып қана қалмайды, бір кездері ол жүзеге асырылады. Әзірше Шоқай Парижде тұрады. Бізге бұдан келетін зиян жоқ. Керісінше, бұл біздің қатарымыздағы кейбір қобалжығандарға итермешілік болды».

Бұл — М. Шоқай туралы ОГПУ-дің қолына жеткен алғашқы мәліметтердің бірі еді. Осыдан кейін ол тұрақты бақылауда болған. Шетелдегі баспада жарияланған оның мақалаларына аса назар аударып, талдап, оларға саяси баға берумен қатар «контрреволюциялық қылмыстар» сипатын беруге тырысқан. Мәселен, 1924 жылы 5 шілдеде Парижде басылып шығатын «Дни» газетінде М. Шоқайдың «Ашаршылық» атты мақаласы жарияланған болатын. Онда ол 1921 жылы Кеңес үкіметі қазақ халқына салықтың жаңа түрі — шошқа етін тапсыруды талап еткенін айтқан. Қазақта шошқа еті болушы ма еді? Сондықтан да оның орнына қосымша қой мен ешкінің етін өткізген. «Соның нәтижесінде,— дейді М. Шо-

қай, —1922 жылы сол аймақтың халқы ашаршылыққа ұшырады». Ашаршылыққа ұшыраған адамдардың саны 445—450 мыңға жеткен. Бұрынғы «Алашорда» үкіметінің кей уәкілдері ашаршылыққа ұшыраған адамдарға көмек көрсету мақсатымен «Ерекше жәрдем комитетін» құрмақшы болған. Бірақ бұлардың бұл әрекетін Кеңес өкіметі «сепаратизм» деп бағалап, ұсыныстарын қабылдамаған.
ОГПУ түсірген осы мақаланың көшірмесіне арнайы жазылған мынадай қысқа хат бар: «Эти данные в газетах «Бостандық туы» и «Қазақ тілі» не печатались. Тогда откуда М. Чокай взял их? «Бұл хат Қазақстан Орталық Атқару комитетінен келіп түскен тәрізді. Мұны ОГПУ жылдамдықпен ілтипатқа алып былай тұжырымдайды. «Мұстафа Шоқай арқылы қазақ эмиграциясы Қазақстанмен бұрыннан байланысып келеді. Ол сол 1924 жылы-ақ Семей және Ақмоладағы қазақ газеттері редакцияларының материалдарын пайдаланып, Парижде шығатын «Дни» газетіне мақалалар жазатын... Сонымен қатар Шоқай Ташкенттегі қазақ студенттері, Қызылорда уезіндегі туыстары және Парижде болып тұрушы қазақтың халық әншісі Қашаубаевпен байланысып тұрады...»
Біз бұрын «Сыр бойы» газетінде басылған (№ 16, 6 ақпан 1992 жыл) «№ 794 Қылмыстық іс», (№ 126 21 қазан 1993 жыл) «Базары ерте тарқаған тағдырлар» атты мақалаларда М. Шоқайдың туыстары Нұртаза Шоқай, Мырзаке Қалмухамедов және Ә. Қашаубаев жайында әңгімелеген едік. Сондықтан да бұл мақалада ОГПУ көрсеткен М. Шоқайдың Ташкенттегі студенттермен «байланысына» тоқталайық. Дәлірек айтсақ, ол бір-ақ оқушы — Дабылов Байдаулет. Сол кездері ол Ташкент қаласындағы фзуда оқыған, М. Шоқайдың інілерінің бірі. Оның кейінгі тағдыры бізге белгісіз. Архивтік іс-қағаздарында бір-екі хаттары ғана сақталған. Өкінішке орай, сақталған хаттардың өзі де емес, солардың орысшалаған көшірмелері. Сол себепті біз оларды қазақшаламай-ақ, қысқартып түп нұсқасын беруді дұрыс деп таптық.
М. Шоқайдың Ташкент қаласында тұрған інісі Байдәулет Дабыловқа жазған хаттары төмендегідей еді.

*ЛЮБЕЗНЫЙ БАЙДАУЛЕТ!*

Твои письма, отправленные из Ташкента и Москвы, я получил. Очень обрадовался, узнав, что ты побывал в Казани, Нижнем и Москве. Кто не путешествовал, кто не видел все страны, у того меньше бывает сила знания... Тебе хочу поручить одно дело. В скором будущем из Ленинграда на твое имя будет переведено 40 рублей. Ты как-нибудь эти деньги отправь нашему Нуртазе. В Кзыл-Орде проживает Мухамед Али Газизов. Его адрес: ул. Муратбайская, дом 2. Если написать указанному человеку и просить передать такому-то лицу в Солотюбе, то он получит. Ты будь молодцом, отправь ему деньги и от своего имени напиши письмо Нуртазе...
Ты пишешь о книге. Отправленная мною книга французского языка самая подходящая и легкая для знающих русский язык. Попробуй читать со вниманием. Если же не поймешь, то письменно сообщи мне: придумаем что-нибудь.
Вышли мне книгу Турара Рыскулова под названием: «Революция и коренное население» и другие книги, написанное о революции в Туркестане...
До свидание. Передай привет своей маме. Не забывай.

*Мустафа Шокай.* 23.VI. 27 г.

*«МОЙ РОДСТВЕННИК БАЙДАУЛЕТ!*

Из Стамбула я вернулся дней 4-5 тому назад. Я столько утомился за дорогу, а потому никуда из дому не отлучаюсь. Обещанные тебе книги за неимением времени искать их, пока не мог послать, но на днях пошлю. Посланные тобою 4 шт. карт, «Песни» (стихи) Майлина Беимбета и книги «Ер Сайын» получены в мое отсутствие. Если найдешь книгу Абая, то пошли мне. На днях в Кзыл-Орде должна издаваться книга под названием «Тар жол, тайғақ кешу». Если ты эту книгу можешь достать бесплатно, то пошли ее мне. Потом если будет издана новая Конституция Узбекстана — пошли и ее. Если имеется карта по районированию Узбекстана, или возможно, напечатанные названия районов то, пришли их. Я, кажется, много поручил тебе всяких вещей...
От нашего Нуртаза нет известий в течение полугода. Я не знаю, чем он занят и боюсь за его здоровье...
Ты спрашиваешь меня о моей жене. Она русская, родом из Ташкента. До свидание. Привет твоей матери.

*Мустафа.* 3 мая 1927 года».

*«СВЕТ БАЙДАУЛЕТ!*

Давно не писал писем. После получения твоего последнего письма путешествовал и недавно вернулся...
Ты не беспокоился хлопотами о посылке мне книг. Если тебе в руки попадет журнал: «За партию № 2», вышедший в октябре прошлого года, то вышли мне. Цена его, кажется, 50 копеек. Как ты учишься?
Привет матери, желаю Вас здоровья, *Мустафа.*
3 февраля 1928 года».

Енді Дабылов Байдәулеттің Мұстафа Шоқайға қайтарып жазған хаттарын жариялайық.

*ДЯДЯ МУСТАФА!*

Получил Ваше письмо от 12 октября с. г. и карточку Вашу от 2 августа с. г.
Я поступил в Фабзавуч 20 октября 1923 года. Когда я поступил в эту школу, то я умел читать по-казахски. Что касается русского языка, то я владел им незначительно. В момент поступления в

эту школу я, благодаря своему возрасту, и своей несознательности, ни о чем не имел понятия, но сейчас получаемое образование дает мне кое-что. В Ташкенте очень трудно прокормиться, тысячи безработных. Беднейшее дехканство, не имеющие средства для пропитания в кишлаках, покидают свои родные места и приезжают в город на заработки. Число таких приезжающих в город дехкан все больше увеличивается. Они понемногу устраиваются на открывающиеся, правда их единицы, новые заводы и фабрики...

Пишите как поживает тетя и как ее здоровье. Передайте ей привет. Когда у меня будут деньги, я вышлю Вам книгу Рыскулова «Революция и коренное население Туркестана». Пока до свидания.

*Байдаулет.*

*МУСТАФА АГАЙ*

Тяжесть Вашего положения очень давит меня. Мне ничего не присылайте... Деньги Нуртаза, наверное, получил (выслал)... Письмо, опущено с опозданием. Простите.

*Байдаулет.*
21 сентября 1927 года.

Оқырмандар байқағандай, бұл хаттарда ешқандай «шпиондық, ұлтшыл-контрреволюциялық, зиянкестік» мәліметтер жоқ. Дегенмен, ОГПУ өз пікірін өзгертпей бұл хаттарға үлкен мән беріп, дәлелсіз қылмыстық байланысқа жатқызған. Осы тұста айта кеткен жөн болар, жалпы М. Шоқайдың іс-әрекеттерін партия басшылары мен ОГПУ идеялық емес, «контрреволюциялық қылмыстар» позициясынан қараған.

Қазір басқа заман туды. М. Шоқайға көпшіліктің көзқарасы да өзгеріп келеді. 1992 жылы М.К. Қозыбаев пен И. М. Қозыбаевтың 10 класқа арналған «Қазақстан тарихы» атты оқулық кітабы жарық көрді. Бұл кітапта алғаш рет ресми түрде Қазақстандағы ұлт-азаттық және революциялық қозғалысының қолбасшылары қатарында Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Ермеков және басқаларымен қоса М. Шоқайдың да фотосуреті басылды. Жуырда тағы бір қуанышты жаңалық болды. Қызылорда облыстық Кеңесінің XIII сессиясы Мұстафа Шоқайды Қазақстан Республикасының азаматы деп тану туралы республика Жоғарғы Кеңесіне ұсыныс жасады. Барша жұрт мұны ризалықпен қабылдады. Ерте ме, кеш пе М. Шоқайдың ұлт-азаттық қозғалысының белгілі қайраткерлері қатарында өзінің лайықты орнын алатыны сөзсіз.

*Әмірхан Бәкіров.*
**Республикалық әділет қоғамының мүшесі.**

Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1993 жылғы 14 желтоқсан

## № 794 ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС

**немесе Нұртаза Шоқай туралы**

Біз Мұстафа Шоқаевтың үтінен қозғалған қылмыстық іс болмаса да, оның жақын туған тустарына іс бар екеніне кәміл сендік. Өткені еліміздің отызыншы жылдардағы болған жаппай репрессия кезінде жауапқа тартылмаған адамдардың саны жетпей, жоспарын орындай алмай, «қиналып» жүрген НКВД-нің бұл қолайлы сәтті бар ынтасымен пайдаланатыны айдан анық. Сондықтан да бұрынғы Одақтық МВД-КГБ және Алматы, Ташкент, Шымкент қалаларындағы мемлекет хауіпсіздігі комитеттеріне сұрау жіберілді. Көп кешікпей қолымызға Шымкент қаласынан Нұртаза Шоқаевтың және басқаларының РСФСР Қылмыстық Кодексі 58-бабының 10 және 11-пункттерімен айыпталғаны жөніндегі № 794 санды тергеу ісі келіп түсті.

Енді осы тергеу ісіне назар аударайық. Бұл қылмыстық іс бойынша алты адам жауапқа тартылған. Олар: Шоқаев Нұртаза, (кей құжаттарда Мұртаза деп аталады.**(Автор)**, Қалмұхамедов Мырзаке, Дүйсембаев Сызық, Әлімбаев Қарым, Беліасаров Досқұл және Құлтасов Фазылбек. 1937 жылғы 1 қарашада аты аталған адамдар Оңтүстік Қазақстан облысының НКВД басқармасының «үштігімен» әртүрлі жазаға кесілген. Кейінірек 1956 жылы 30 желтоқсанда барлығы түгелдей ақталды. Бірақ, кезінде бұл жайлы жария болмаған.

Қылмыстық іс құжатында Нұртаза Шоқаев бірінші болып айыпталады. Тергеу анкетасында ол 1890 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына қарайтын Қызылорда ауданындағы № 14 ауылда туып-өскен, кедей-шаруа, бұрынғы бидің баласы, 1931 жылы мемлекетке салық төлемегені үшін еңбек түзеу жұмыстарына сотталған, үйленген. Әйелі Зулфия 42 жаста, қызы Мәдина 13 жаста, баласы Мәдияр 10 жаста, қызы Нәмилә 5 жаста, баласы Мырқыайдар 1 жаста, үлкен ағасы Мұстафа Шоқаев 52 жаста — Франция елінде тұрады да көрсетілген. Осыған қосымша ауылдық Кеңестің Нұртаза жайында берген анықтамасы бар. Оны да келтірейік: «Шоқаев Нұртаза — № 14 ауылдың тұрғыны, руы бошай, арғы әкесі Торғай деген кісі. Ол патша өкіметінің кезінде қазақтың ханы аталған. Нұртазаның өз әкесі Шоқай он жыл болыс болып, патшадан сыйлық алған кісі. Нұртазаның өзі де 1930 жылға дейін ауылдағы атқа мінерлердің бірі болған. Оның туған ағасы Мұста-

фа шет елге қашып кеткен».
Енді осы алты адам жөніндегі № 794 қылмыстық істегі Нұртаза Шоқаев жайлы баяндауларды жұртшылық назарына ұсынып көрейік.

## ҚАУЛЫ
(айып тағу жайында)

1937 жылы 1 қыркүйек Шымкент қаласы
Мен Оңтүстік Қазақстан облысының НКВД басқармасының оперативті уәкілі Байділдин, Нұртаза Шоқаев жөніндегі тергеу ісін қарап,

## ТАПТЫМ

Шоқаев Нұртаза Қазақстан жерінде қалыптасқан контрреволюциялық ұлтшыл ұйымға белсенді қатысып, Кеңес өкіметін құлатып, орнына ұлтшыл-буржуазияшыл мемлекет құрмақшы болған. Сондықтан да Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 128 және 129-статьяларын басшылыққа алып,

## ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

Шоқаев Нұртаза —1890 жылы туған, семьялы, партия мүшесі, шала сауатты, бұрын сотталған, байдың және болыстың баласы, Қызылорда ауданы № 14 ауылда туып-өскен, РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-статьясының 10 және 11-пункттерімен қылмыстық жауапкершілікке тартылсын. Өзі алдын-ала тергеуге кедергі жасамас үшін Оңтүстік Қазақстан облысының НКВД басқармасының ішкі түрмесіне қамалсын.

ОПЕРАТИВТІК УӘКІЛ —(Байділдин)

Қаулыда Байділдиннің аты басылған. Бірақ, қолды қойған ол емес, басқа біреу. Кім екені белгісіз. Қаулыны бекіткен сол НКВД бастығының міндетін уақытша атқарып жүрген, белгілі жендет, мемлекет қауіпсіздігінің капитаны Кальнинг. 1937—1938 жылдары Кальнинг, Демидов және басқа НКВД-нің лауазымды иелері Ақтөбе, Қызылорда және Шымкент аймақтарында репрессияны өте күшейтілген түрде жүргізген. Мәселен, көптеген архивтік қылмыстық іс қағаздарында Кальнингтің мән-жайға қарамай, әшекейлеп қойған бұрыштамалары жиі кездеседі. Олар мынадай болып келеді: «возьмите активную следственную работу и добейтесь признательных показаний», «необходимо провести настоящую следственную работу и добиться от них признательных показаний». Осылайша қысым жасау арқылы талай адам жазықсыз жазаланған. Рас, кейін Кальнинг те тиісті жазасын алған. Жұрттың көз жасы жіберген жоқ. Ол 1939 жылы қараша айының 29-жұлдызында Қазақ КСР НКВД-сының әскери трибуналымен ату жазасына кесілген.
Тергеу барысында Нұртаза Шоқаевтан не бары бір рет жауап алынған. Ол 1937 жылы тамыз айының 10 жұлдызында жүргізілген. Жауап алған Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің бастығы, мемлекет қауіпсіздігінің кіші лейтенанты Свинаренко.

Сол тергеудің стенографиясы төмендегідей:

## ТЕРГЕУ СТЕНОГРАФИЯСЫ

Сұрақ: Сіз шет елде тұратын ағаңыз Мұстафа Шоқаевпен қалай байланысып тұрдыңыз?
Жауап: Мен өзімнің ағам Мұстафа Шоқаевпен 1934 жылға дейін байланысып тұрдым.
Сұрақ: Кім арқылы және қалай байланыстыңыз?
Жауап: Мен Мұстафа Шоқаевпен 1922 жылы Қожанов Сұлтанбек арқылы байланыстым.
Сұрақ: Қандай жағдайда Қожанов сізді шетелде тұрған ағаңыз Мұстафа Шоқаевпен байланыстырды?
Жауап: 1922 жылы қыркүйек айының бірінде 14-ауылға шабарман келіп, құпия түрде Ташкентке мені Қожанов Сұлтанбек шақырып жатыр деді. Келген кісінің аты-жөні Юсупназаров Абдулла екен. Ол Мұстафадан менің атыма хат келгенін хабарлап, оны Қожановтан алуға болатынын айтты. Мен кешікпей Ташкентке жүріп кеттім. Сондағы Қожанов Сұлтанбектің үйін тауып, онымен жолықтым. Ол маған Дулатов арқылы келіп түскен Мұстафаның хатын берді. Содан бастап мен онымен хат арқылы тұрақты байланысып тұрдым.
Сұрақ: Қожанов Сұлтанбектің үйінде қандай тақырыпта әңгіме айттыңыздар?
Жауап: Қожанов маған Ташкентте бірнеше күн қалып демалуды ұсынды. Әңгіме үстінде ол Мұстафа жайында біраз жақсы сөздер айтты. Олар екеуі бір кездерде бірге оқып, дос болған екен. Оның ерекше қабілеттерін айта келіп, шет елге кетіп қалғаны оның көрегендігі деді. Ол шет елде жүріп қазақ халқына көп көмек көрсетті. Ұлттық мәселеге деген көзқарасы өте дұрыс деп мақтады. Өзінің сол Мұстафаның пікіріне қосылатынын білдірді. Әңгіменің ең соңында ол бірігіп контрреволюциялық-ұлтшыл жұмыстарды ел арасында жүргізіп, Кеңес өкіметін құлатуға шақырды. Мен оған өз келісімімді бердім. Осыдан кейін Қожанов менің хал-жағдайымды сұрап, көмек көрсетуге әзір екенін айтты. Бірақ, көп ұзамай мен науқастанып, ауылға қайтып кеттім.
Сұрақ: Сонымен Қожанов Сұлтанбек 1922 жылы қыркүйек айында сізді Ташкент қаласына шақырып, Мұстафа Шоқаевтың хатын беріп, екеуі бірге құрған контрреволюциялық-ұлтшыл ұйымына сізді тартқан болды ғой?
Жауап: Осы жерде мен бойымдағы барлық күш-жігерімді жинап контрреволюциялық ұйымға 1922 жылы кіргенімді мойындауым керек. Сол жылы Ташкентке барғанымда Қожанов Сұлтанбек мені осы ұйымға тартты. Ол Мұстафа Шоқаевпен бірігіп Кеңес өкіметіне қарсы әрекеттер жасап құлатуға шақырған болатын. Осындай жұмыс менің де ойымда жүрген еді. Сондықтан да мен оған келісімімді бердім.
Сұрақ: Бұл контрреволюцияшыл-ұлтшыл ұйымға тағы кімдер кірді? Олардың аты-жөндері кім?
Жауап: 1922 жылы менің байқауымша бұл ұйымға Қожанов Сұлтанбек, Мурзалиев Сейтназар, Мұсабаев Ғалымжан, Иса деген кісі және Франция елінде тұратын Мұстафа Шоқаев кірген. Кейіннен бұл ұйымға Қайыпназаров Сәден,

Досқұл, Шардар және басқа Өзбекстандағы түйешілер артелінің адамдары кірді. (Шамасы Нұртаза Шоқаев Өзбекстанға барған кезінде кездестірген адамдардың аты-жөнін айтқан болуы керек, ал тергеуші мұны топты контрреволюциялық қылмысқа бұрмалағысы келген.— Автор).
Сұрақ: Сіз кірген контрреволюциялық-ұлтшыл ұйым қандай жұмыстармен айналысты?
Жауап: Бұл ұйымның барлық жұмысы Қожанов Сұлтанбектің басқаруымен жүргізілді. Оның нұсқауы бойынша біз ел арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп отырдық.
Сұрақ: Сізден басқа тағы кім Мұстафа Шоқаевпен хат арқылы байланысып отырды?
Жауап: Менінше Мұстафа Шоқаевпен Қожанов Сұлтанбектің өзі байланысып отырды.
Сұрақ: Мұстафа Шоқаевтан алған хатта ол не деп жазыпты? Мазмұны есіңізде бар ма?
Жауап: Жоқ, хаттардың мазмұны есімде қалған жоқ.
Сұрақ: Сіз Мұстафа Шоқаевтан алған хатты қасақана жұрт алдында оқып, оларды Кеңес өкіметіне қарсы үгіттегеніңізді мойындайсыз ба?
Жауап: Иә, мен барлығын толық мойныма аламын. Расында мен туған-туыстарды, жақын көрші таныстарды жинап, оларға Мұстафаның хатын оқып бергенмін. Есімде, осындай бір хатты түйешілер жиналысында оқып бердім. Ол жиналысқа шамамен 40 шақты адам қатысқан болатын.
Сұрақ: Сол оқылған хаттың мазмұнын тергеуге айтып беріңіз.
Жауап: Бұл хатында Мұстафа сіздер Кеңес өкіметінде қайыршылықпен күнелтіп жүр екенсіңдер, ал мен, қуғындалушы мұнда жақсы тұрамын деген. Сонымен қатар ол маған ақша салып тұрамын деп, менің адресімді сұрапты.
Сұрақ: Сізге ағаңыз Мұстафа қанша ақша салып жіберді?
Жауап: Мен 1927 жылы тек бір рет 80 сом ақша алдым.
Сұрақ: Сіз өз кінәңізді мойындайсыз ба?
Жауап: Иә, мен Кеңес өкіметіне қарсы қалыптасқан контрреволюциялық-ұлтшыл ұйымға кіргенімді мойныма аламын.

Жауап берген *Нұртаза Шоқаев.*
Жауап алған *Свинаренко».*

Кейде репрессияға ұшыраған адамдардың жақындары: «Осы неге жаппай репрессия кезінде адамдар жала жауып, бір-бірін шалып отырған?—деп сұрақ қойып жатады. Расында кей тергеу істеріне қарасаң — солай. Әйткенмен архивтік істердің сарғайған беттерін аса зейін қойып оқысаң, тергеушінің істі бұрмалағанын, әртүрлі әдістермен қысым көрсетіп, тергеудегі адамды өзіне не біреуге жала жапқызғанын, сауатсыз не болмаса орыс тілін білмейтін адамдардың жауабын өздерінің алдын-ала жасап, оларға тек қол қойдырғанын байқайсың.
Нұртаза Шоқаев жайындағы тергеу ісі осымен аяқталады. 1937 жылы 1-қарашада Оңтүстік Қазақстан облысының НКВД басқармасы бастығының міндетін уақытша атқарушы Кальнинг айыптау қорытындысын бекітеді. Онда былай делінген:

## АЙЫПТАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Контрреволюциялық ұлтшыл ұйымға байланысты қозғалған қылмыстық істің алдын-ала тергеу кезінде анықталғаны: шетелде Шоқаев Мұстафа басқарған контрреволюциялық-ұлтшыл орталықтың нұсқауы бойынша Қазақстан жерінде ұлтшыл-фашистер Қожанов, Рысқұлов, Жандосов және басқаларының басшылығымен құрылған контрреволюциялық-ұлтшыл ұйым болған. Бұл ұйым Кеңес өкіметін құлатып, Қазақстанда буржуазиялық-ұлтшыл мемлекет құруға бағытталған. Осы ұйымға Шоқаев Нұртаза және басқалары белсенді қатысқан».
Оңтүстік Қазақстан облысының НКВД «үштігі» бұл істі өз мәжілісінде қарап, Нұртаза Шоқаевты ату жазасына кеседі. Өзі істің бас-аяғына белсене қатысқан және айыптау қорытындысын бекіткен жоғарыда аталған мемлекет хауіпсіздігінің капитаны Кальнинг «үштіктің» төрағасы болған. Сондықтан да бұл қабылданған аса ауыр жазаға таң қалуға болмайды. Ал мына құжат оның зұлымдығын айқындай түседі:

«Коменданту УНКВД.
Немедленно приведите в исполнение приговор Тройки в отношении Чокаева Муртазу. Об исполнении составьте акт, который представьте мне.

Председатель Тройки
капитан госбезопасности
*(Кальнинг)*

1 ноябрь 1937 г.
город Чимкент».

Бұл нұсқау мүлтіксіз орындалды...
1956 жылдың жылымығы қысқа уақыт болса да халқымызға сенім алып келді. Бірсыпыра репрессия құрбандарының қылмыстық істері қайта қаралды, көбісі ақталды. Сондай істердің бірі Нұртаза Шоқаевтың ісі еді. Облыстық прокурор Смағұловтың наразылығымен оның тергеу ісі қайта қаралды. Қылмысын жоққа шығарған куәлар да табылды. Куә қатарында жауап берген Рысдәулетов Қожахмет 1956 жылы желтоқсан айының 5 жұлдызында Нұртазаның ауылдың ақсақалдарының арасында Париждан келген ағасы Мұстафаның ашық хатын оқығаны рас, деп жауап береді. Бұл хат барлығын толқытып, ал кейбіреулері көзіне жас алған. Ол ешқандай қылмыстық әрекеттерге шақырмапты. Сонымен, Нұртаза Шоқаевтың барайыбы ағасы Мұстафа Шоқаевтан алған сағынышты хаты болып шықты.
Сол жылы желтоқсан айының 21-жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысының сот Президиумының шешімі бойынша Нұртаза Шоқаев толық ақталды.

*Ә. Бәкіров,*
**МҚК подполковнигі.**
Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1992 жылғы 6 ақпан.

## БҰЛАР —1997-1998 ЖЫЛДАР 100 ЖАСҚА ТОЛДЫ.

Қызыл империя зұлматтары ешкімді де аяған жоқ: елім деп еңіреген арыстар да, ақыл-ой кемеңгерлері де жендеттер ойлап тапқан сан алуан жалалар негізінде қой боғындай қорғасын маңдайларын тесіп, бұл пәниден баз кешті.
Зұлмат жендеттері өз қылмыстарын әшкерелеуде белсенділік танытар деп күдіктенген прокурорлар мен сот төрағаларын да аямады. Осы бөлімде қамтылғалы отырған Есқараев Сүлеймен, Сәтіғұлов Нұрғали, Күлетов Қазмұхамбет Кәрібайұлы да сондай зұлматтық құрбандары болған заң қызметінің шамшырағы еді.

**1938 жылы наурыз айының орта шенінде ремспубликаның барлық газеттері ату жазасына кесілген 19 адамның тізімін жариялады. Оларды Отанға опазсыздық істеді, Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкетуге, оны неміс және жапон колониясына айналдыруға әрекет жасады, террөршыл, зиянкестік және диверсиялық жұмыс жүргізді деп айыптады. Айыпталушылардың қатарында жерлесіміз, көрнекті партия және мемлекет қайраткері, Қазақ КСР-нің бірінші прокуроры Сүлеймен Есқараев та болды. Сонымен құжаттарға жүгінейік...**

### СҮЛЕЙМЕН ЕСҚАРАЕВ: а) 20 минөтте шешілген тағдыр

1936—1938 жылдары тікелей И. Сталиннің тапсырмасымен КСРО Жоғарғы Сотының жанындағы әскери Коллегия төрағасы, белгілі жендет В. Ульрих Кеңес Одағының барлық республикаларына, өлкелеріне, тіпті аймақтарына дейін Әскери Коллегия мүшелерін жіберіп, жергілікті жердегі «ұлтшылдардың» тергеу істерін қаратып отырған. Олар өздеріне берілген биликті пайдаланып, санаулы айлар ішінде мыңдаған адамдарды жазықсыз ату жазасына кескен. Жазаланғандардың басым көпшілігі партия және мемлекет қайраткерлері болған. Олардың бар «айыбы» кейбір саяси және қоғамдық мәселелер бойынша ой-пікірлері ресми көзқарастан өзгеше болған. Ол кездері мыңдаған адамдар «халық жауы» болып, аяусыз жазаланатын. В. Ульрихтің өз есебі бойынша 1936—1937 жылдары тек әскери Коллегиямен 30514 адам ату жазасына кесілген, 5643 адам қамауға алынған.

Тап осы мерзімде Алматы қаласында КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының көшпелі сессиясы жұмыс істеген. Оның құрамында дивизион әскери заңгері А. Д. Горячев, бригадалық әскери заңгерлер Г. А. Алексеев және А. И. Микляев болды. Олар аз уақытта, яғни 1938 жылы 25—28 ақпанда қазақтың көрнекті интеллигенциясын түгелдей ату жазасына кесіп үлгірді. Сот сол кездегі заң (дәлірек айтсақ — заңсыздық) бойынша тергеу істерін өздерінің жабық мәжілісінде, куәларды шақырмай, қорғаушыны қатыстырмай қараған. Сондықтан да әрбір іске олар тек 15—20 минуттай ғана уақыт бөлген. Міне, осылайша Сүлеймен Есқараевтың да тергеу ісі қаралып, ол да ату жазасына кесілген.

Орайы келіп біз оның тергеу ісімен танысқан едік. Содан алған әсерімізді оқырмандарға баяндап берейік.

Есқараевтың тергеу ісі көлемді болғанымен, алдын-ала тергеу кезінде одан небәрі екі-ақ рет жауап алған. Қалған іс-қағаздар тергеушінің құрастырған анықтамалары мен басқа қылмыстық іс бойынша сұралған айыпкерлердің жауаптарынан құралады.

Қылмыстық тергеу ісі РСФСР Қылмыстық кодексінің 58—2, 58—8, 58—11 статьяларының негізінде 1937 жылы 4 тамызда қозғалған. Оған себеп болған мынадай анықтама.

«Есқараев Сүлейменнің ұлтшыл-антикеңестік ұйымның мүшесі екендігі төмендегі қамауға алынған адамдардың жауаптарымен әшкереленді: Рысқұлов Т., Дивеев Ш., Кокамбаев Х., Сұлтанбеков Ш., Лекеров А., Асылбеков А., Тоғжанов Г., Төреғожин З., Қаратілеуов С., Шакимов Т., Нағимжанов А., Сейдалин., Кенжин А., Жаманмұрынов Т., Төлеменов С., Сарымуллаев Қ. (анықтамада олардың соңғы атқарған қызметтері келтірілген, бірақ оқырмандарға белгілі болғандықтан біз көрсеткеніміз жоқ — Ә. Б.)

Сондықтан да С. Есқараев дереу қамауға алынып, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58—10, 58—11 статьяларымен жауапқа тартылуға жатады.

Бұл анықтамаға қол қойған НКВД қызметкері, лейтенант Катков.

Қамауға алынғаннан кейін алғашқы жауапты Есқараевтан ресми түрде тек 6 тамызда алған. Тергеу тәртібі бойынша одан қамауға алынған күні жауап алу керек еді, бірақ олар арада екі күн өткен соң, яғни 6 тамызда жауап алған. НКВД қызметкері Иванов В. А. (С. Сейфуллин және басқа да қазақтың аяулы адамдарының түбіне жеткен жендеттердің бірі —Ә. Б.) Есқараевқа ұлтшыл-антикеңестік ұйымның жетекшісі екенін ескертіп, одан мойындауды талап еткен. Біраз қарсыласқаннан кейін Есқараев жауап алуды тоқтатып, үзіліс жариялауды өтінген. Ол «мен үзілістен кейін ұлтшыл-антикеңестік ұйымның құрамы жайында және өзімнің қылмыстық әрекетімді баяндап беремін» деп уәдесін берген. Келесі жауап одан арада тура он күн өткесін алынған. Жауап алған НКВД қызметкерлері Браиловский мен аты аталған Иванов. Бұл жолы Есқараев Қазақстандағы ұлтшыл-антикеңестік ұйымның

жетекшілерінің бірі екенін және қамауға алынғанша осы ұйымның құрамында белсенді жұмыс атқарғанын көрсеткен. Бұл ұйымның негізгі мақсаты герман жапондардың көмегімен Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкетіп, өз алдына буржуазиялық мемлекет құру екен. Осы мақсатқа жету үшін «ұлтшылдар» сыртта (Өзбекстанда) еріксіз жүрген. Сұлтанбек Қожановты Қазақстанға қайтаруды ойластырған. Сонымен қатар олар Қазақстанды тек капитализм жолымен дамиды, қазіргі кеңестік жүйе қазақтарға табиғи лайық емес, ол өтпелі кезең: ерте ме, кеш пе Қазақстанның капитализм жолына түсуі заңды құбылыс, сондықтан да экономика күйзелісінен қолдан келгенше елді аман алып қалу керек — деген әңгімелер «ұлтшылдар» арасында айтылғанын растаған. Есқараев сол жылдары атқарған қызметтері туралы айта келіп, С. Қожановтың тапсырмасымен Иса Тоқтыбаев, Ораз Жандосов және кеңес үкіметінің байлар мен жартылай байларды тап ретінде жою және оларды кәмпескелеу саясатына қарсы болып, түрлі амалдар қолданғанын, мүмкіндігі келгенше малдарын және дүние-мүліктерін үкіметке өткізбей таран-таражға салып, ұйымдасқан түрде қоныс аударуға көмектескенін және кейін бұл істің қарулы көтеріліске әкеп соқтырғанын айтқан. Сонымен қатар алдын-ала тергеу кезінде оған Қазақ КСР прокуроры болып тұрған кезінде НКВД-дан заңдылықты талап еткенін де есіне салған. Архивтік тергеу ісінде 1938 жылы 4 қаңтарда С. Есқараевтан жауап алған хаттамасы сақтаулы. Содан үзінді келтірейік:

Сұрақ: НКВД тергеген контрреволюциялық қылмыстық істеріне анализді кім және қашан жасады?

Жауап: 1936 жылдың соңында арнаулы сектордың бастығы Дубровский мен оның көмекшісі Бекарыстанов жасады.

Сұрақ: Бұл анализ қандай мақсатпен жасалды?

Жауап: КСРО прокуратурасының тапсырмасымен Қазақ КСР НКВД-нің қызметіндегі кемшіліктерді анықтау үшін жасалды.

Сұрақ: Бұл анализ қашан және кімнің атына жіберілді?

Жауап: КСРО прокуратурасына жіберілді...

Осы жауаптардың негізінде С. Есқараевқа мынадай айып тағылған:

«Ұлтшыл-антикеңестік, терроршыл-көтерілісші және шпиондық диверсиялық ұйымның жетекшілерінің бірі;

Осы ұйымның басқарушылары Қожанов, Рысқұлов, Сұлтанбеков, Нұрмақов, Құлымбетов және басқалармен тығыз байланыста болып, диверсиялық, террошыл-көтерілісші топтарын ұйымдастырумен қатар Кеңес үкіметі мен партия қолбасшыларына қарсы террорлық жұмыстарға қатысты:

Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында зиянкестік жұмыстар жүргізу мақсатында басқаларды ұйымға тартты;

1929—1931 жылдары Қарақұмдағы қарулы көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі;

Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және көлік жүйесінде зиянкестік әрекеттерін жүргізді;

Ұйымның шпиондық жұмыстарынан да хабардар болған.

С. Есқараев өзіне тағылған айыпты толық мойындады. Сонымен қатар оның қылмыстық әрекеттері Садыбеков, Төреғожин, Тоғжанов, Айсарин, Кенжин, Сұлтанбеков, Дивеев, Рысқұлов, Құлымбетов, Жаманмұрынов, Лекеров, Нұрмақов және басқаларының жауаптарымен бекітіледі».

Оқырман байқағандай алдын-ала сот тергеуіндегі хаттамаларда С. Есқараев өзіне тағылған айыпты толық мойындады деп жазған. Бірақ кей құжаттарда оның өз қолымен жазған мынадай ескертулер бар: «РСФСР Қылмыстық кодексінің 58—10, 58—11 статьяларын 58—2, 58—7, 58—8, 58—11 статьяларына өзгертіп, жаңадан тағылған айыпқа келісе алмайды. Себебі бұл статьялар іс жүзінде болған қылмыстарға байланысты тағылып, жауапкершілігі шешілуі керек. Менің әрекетімде ешбір қылмыстың белгісі жоқ. Тергеуге берген жауаптарымда тек біреулерден естіп-білгенімді әңгімеледім. Әрі кеткенде мен тиісті органдарға болып жатқан қылмысты жеткізгенім үшін айыпталуым қажет, яғни 58—10 (антикеңестік үгіт пен насихат) . Сонымен қатар Қожановшылардың тобын жасырын ұйымға жатқызуға мен келіспеймін».

Осы тұста айта кетейік. Алдын-ала тергеу кезінде және кейін де С. Есқараев жазбаша түрде бірнеше рет Қазақ КСР прокурорымен кездестіруді сұраған. Соңғы рет ол осындай өтінішті сот болатыннан бір күн бұрын жасаған. Айыптау қорытындысының көшірмесіне ол былай деп жазыпты: «Мен прокурормен тілдесуді қалаймын». Бірақ оның бұл өтініші мүлдем елеусіз қалған. КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы 1938 жылы 25 ақпанда С. Есқараевты ату жазасына кескен. Осы іс бойынша шығарылған үкімді қазақшаламай түгел келтіргенді жөн көрдік.

## ПРИГОВОР СОЮЗ СОВЕТСКИХ СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ РЕСПУБЛИК

Выезная сессия Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР в составе: Председательствующий Диввоен-юрист Горячев А. Д., члены бригвоенюристы Алексеев Г. А., Микляев А. И., секретарь, военный юрист 3 ранга Шапошников Н. И., в закрытом судебном заседании в г. Алма-Ате 25 февраля 1938 года рассмотрела дело по обвинению Ескараева С. 1887 года рождения, бывшего заместителя Председателя СНК Казахской ССР, гр-на СССР, в преступлениях предусмотренных статьями 58—2, 58—7, 58—8, 58—11 Уголовного кодекса РСФСР, Предварительным и судебным следствием установлено, что Ескараев с 1921 года примыкал к различным контрреволюционным буржуазно-националистическим группировкам и на протяжении ряда лет проводил активную контрреволюционную деятельность, направленную на свержение Советской власти, а с 1929

года явился одним из руководителей контрреволюционно буржуазно-националистической, повстанческо-террористической и диверсионно-вредительской организации, существовавшей в Казахской ССР, действовавщей в блоке с контрреволюционной террористической организацией и ставившей целью свержение Советской власти, вооруженного отторжения Казахстана от СССР, и создание Казахского буржуазного государства под руководством Японии. Был организационно связан с руководителями названной организации Рыскуловым, Ходжановым, Кулымбетовым и другими, являлся одним из организаторов в контрреволюционного восстания в Каракумах в период 1929 года, производил вербовку в контрреволюционную организацию, из участников которых создавал террористические и диверсионно-вредительские группировки. Работая на различных ответственных партийно-советских и хозяйственных должностях проводил вредительскую деятельность в сельском хозяйстве, промышленности и на транспорте, и как участник контрреволюционной организации, полностью разделял террористические методы борьбы в отношении руководителей ВКП (б) и Советского правительства. Признавая Ескараева С. виновным в совершении преступлений, предусмотренных статьями 58—2, 58—7, 58—8, и 58—11 Уголовного кодекса РСФСР, руководствуясь статьями 319, 320 Уголовного-процессуального кодекса РСФСР, Выездная Сессия Военной Коллегии Верховного Суда СССР

ПРИГОВОРИЛА

Ескараева Сулеймена к высшей мере уголовного наказания — расстрелу с конфискацией всего лично принадлежащего ему имущества.

Приговор окончательный и на основании Постановления ЦИК СССР от 1 декабря 1934 года подлежит немедленному исполнению.

Председательствующий *Горячев А. Д.*
Члены: *Алексеев. Микляев».*

Құжаттарға қарағанда Сот мәжілісі 15 сағат 20 минутта басталып, 15 сағат 40 минутта аяқталған. Сөйтіп 20 минут ішінде адам тағдыры шешілген. Сот алдындағы соңғы сөзінде Есқараев өзінің кедей шаруаның баласы екендігін, Қызыл гвардия қатарында болғанын және отбасы жағдайын ескеріп, оған мейірбандықпен қарауды өтінген.

Үкім сол күні жүзеге асырылған. Оған куә мына құжат:

СПРАВКА

Приговор о расстреле Ескараева Сулеймена приведен в исполнение в г. Алма-Ате 25 февраля 1938 года.

Акт о приведении приговора в исполнение хранится в НКВД СССР.

Начальник отдела НКВД СССР
лейтенант госбезопасности *Шевелев.*

Қазақтың аяулы азаматтарының бірі Сүлеймен Есқараев арада жиырма жыл өткен соң, яғни 1957 жылы 5 қарашада заң жүзінде толық ақталды. Оның таза есімі өзі сүйген еліне қайта оралды.

*Әмірхан Бәкіров,*
**Қазақстан Республикасы юристер қоғамының мүшесі.**

Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1997 жылғы 17 маусым.

## Ә) ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІ АЗАМАТ

Сыр марқасқаларының бірінен саналып, Қазақстанда кеңес өкіметін орнатушылардың бірі болған, Қармақшы ауданының Ленин атындағы кеңшар территориясындағы «Ақтайлақ», «Қалыңбас» деп аталатын өңірлерде 1897 жылы дүниеге келген Сүлеймен Есқараев жайлы маған сол Сүлекеңнің әрі замандасы, әрі сыйласы Иса Тоқтыбаев бірнеше мәрте жыр ете айтып еді. Мен өзімнің Иса Тоқтыбаев жайлы тарихи-деректі повесімді 1991 жылы жарыққа шығарғанымда, соның бірнеше беттерінде осы екі ардагердің бір-бірімен достығына, қарым-қатынасына арналған сөздер берілген болатын.

Неге десеңіз, бұл екі азамат Сыр түлектері ретінде қатар ғұмыр кешті. Сүлеймен 1918 жылы Ленин партиясына мүше болып өтіп, бірден көзге түссе, онан үш жас үлкендігі бар Иса 1919 жылы партияға өтті. Екеуі де Түркістан автомиялық республикасы Орталық Атқару Комитетіне, өлкелік, орталық партия комитеттеріне мүше болып сайланды. Сүлеймен Есқараев республиканың ішкі істер халық комиссары болса, Иса Тоқтыбаев республикалық ғылыми комиссияның, көшпенді халыққа білім беру жөніндегі республикалық комиссиянның төрағалары, «Ақжол» газетінің, «Шолпан», «Коммунист», «Сана» журналдарының редакторы болып істеді. Иса Сүлейменнен үш жас ғана үлкендігі бола тұрып, екеуі бір-бірін құрдас сезініп, тату-тәтті өмір кешті.

«Бір күні Қызылорда қаласындағы Бақтияр көшесіндегі біздің үйде біраз дос-жарандар бас қосты,— деп бір ретте Иса ағамыз маған Сүлей-

менмен сыйластығын жыр етті.— Сол күні менің «Сана» атты фольклорлық кітапшам жарыққа шығып, қолыма тиіп еді. Соның алдында «Жағырафия», «Түркістан» атты кітаптарым да жарық көргені қосылып, солардың бәріне арнап дастархан жайғанбыз. Менің аса қадірменді досым Сүлеймен бәрінен соң келді. Бір өзі ғана кіріп келді де, шаршап-жүдеген, үнжұрғасы түскен қалпында шеттегі орындықтардың біріне сұлық түсіп отыра кетті. Досымның мынадай қабақ көрсетуі маған да таң көрінді. Сірә, өлкеде бір қайғылы оқиға болған-ау деп топшыладым. Солай болды да шықты. Сүлеймен дастарханнан бір түйір бауырсақ алып, аузына асығыс салды да, орнынан ұшып түрегеліп, әуелі маған, сосын жұбайым Фатимаға жалт қарап, жылдамдата сөйлеп кетті.

— Исеке, Фатима жеңеше! Екеуің де мені кешіріңдер. Мен кетем. Тек дәмдеріңнен ауыз тию үшін ғана, құттыхана үйлеріңе кіріп шығу үшін ғана кірдім. Енді маған ішкі халық комиссары ретінде, Қызылқұм мен Қарақұмдағы өз жерлестеріммен белдесуіме тура келіп тұр. Бесалты жерде өкіметке қарсы шығушылар бой көтерді. Солардың бірін менің туысым Ақмырза молда басқаруда. Соны райдан қайтарамын ба, өкіметке қарсы шығуды қойсаң жазаң жеңілдейді деп түсіндіріп, тыныштандыра аламын ба деп, соған аттанғалы тұрмын. Қолымнан келсе, қан төгуге жол бермесем деймін. Сыртта он жарақты нөкерім күтіп тұр,— деді де, Сүлеймен сыртқа беттей берді. Үйдегілер де, Иса да онан қан төгуге жол берілмеуін қайта-қайта өтініп, есік алдына дейін шығарып салды.

Сүлеймен Есқараев осы сапарында Қармақшы ауданының Қызылқұм мен астасып жатқан өңірлеріндегі өкіметке қарсы шыққандармен тілдесіп, райдан қайтару үшін он күн бойы әрліберлі шапқылады. Ақмырза молда өзінің жерлес туысы болып табылатын Сүлейменді большевиктерге, орыстарға сатылып кеткен «кәпір» санап, оны мүлдем қабылдамай қойды. Мешітінің биікбиік жерлеріне орналасқан, үш аяқты, дүрбілі шиті мылтықтары бар сұр мергендері молданың әмірімен қылт еткен «кәпірлерді» қағып түсумен болды. Сүлейменнің он нөкерінің алтауы оққа ұшты. Сүлеймен өзінің молда туысы тілін алар деп шамалаған кете руының би-бектері Үбісұлтан, Рүстембектерді де жұмсап көріп еді. Олар да қасарысқан, дін жолында шәйт болудан тайынбаған молданы иландыра алмады. Ақмырза оларды «дінсіз», «кәпірлер» деп атап, қуып шықты. Сүлеймен ақыры Сырдың белгілі азаматы, әрі молдалығы мол Тұрмағамбет Ізтелеуұлын да жұмсап көрді. Ақмырза оның кейбір арамза молдаларға қарсы айтқан өлең-жолдарын білетін болғандықтан, оны ашықтан-ашық «кәпір» санап, мүлдем мешітке жуықтатпай қойды. Осыдан кейін ғана Тұрмағамбет өзінің белгілі «Ақмырзаға сәлем айт, жұртты кәпір демесін, жұртты кәпір десе де, мені кәпір демесін» деп басталатын өлең-хатын жазып, молда отырған мешітке қарай патрон тығынының орнына салып атып жіберді. Не пайда, Сүлеймен өзінің бұл әрекетінен де ештеңе шығара алмады. Қантөгіс жасатпай, Ақмырза молданың да, басқа да бас көтерушілердің қимылын бейбіт жолмен реттеуге ұмтылған Сүлеймен өзінің бұл әрекетінен ештеңе шықпасын білді де, Қызылордаға қайтып оралып, мәселені Орталық Атқару Комитетінің талқысына салды. Орталық Атқару Комитеті көтерілісшілерді қару күшімен басудан басқа жол жоғын білді де, ішкі істер халық комиссариатына нақты міндеттер жүктеген қаулы қабылдады.

Өзі сол Үкімет мүшелерінің бірі бола тұрып, Сүлеймен Есқараев жергілікті жердегілер екі оттың ортасында қалып тұрғанын, жергілікті өкімет орындарындағы белсенділер Қызылқұм, Қарақұм көтерілісшілеріне болыстыңдар деп жәй халықты қан қақсатып отырғанын, екінші жағынан көтерілісшілер өздеріне адам күштерінен, тамақтық заттардан, малдан көмек бермеген ауылдарды күнара шауып, ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып жүргенін, сөйтіп ондай ауыл тұрғындарын «кәпірлерге» болыстыңдар деп ауыр жазаға ұшыратып жүргенін ашып айтып берді. Не пайда, ә дегенде большевиктік ағымға етене болып беріліп кеткен Орталық Атқару Комитеті өзінің ішкі істер халық комиссарының бұл ескертпесіне құлақ та аспады.

Сонымен, келесі бір ай Қызылқұм, Қарақұм көтерілісшілерін «тыныштандыру» әрекеттеріне арналды. Сүлеймен Қармақшы Жосалы механикалық зауыты арқыл екі зеңбірек жасатып, оны жасанды снарядтармен толығынан жабдықтады. Бірақ өзі көтерілісшілерді басу шайқасына тікелей қатысудан бас тартып, оған басшылық етуді өз орынбасарларына міндеттеді. Соның өзінде көтерілісшілер қарсылықсыз берілердей болса, зеңбіректерді мүлдем пайдаланбау керек екенін орынбасарларына қадағалап тапсырды. Ағайынды Қараевтар бандасында зеңбірек қолданылмайақ көтерілісшілер қолға түсті де, ағалы-інілі Қосжан, Досжан түрмеге жабылып, кейін атылды. Келесі Қалетов бандасы, Жұмағазы, Қожбан басқарған бандалар да оншалықты қан төгусіз ретке келтірілді. Ал Сүлейменнің жерлес туысы Ақмырза молда болса, олар бірнеше күн бойы берілмеді, ішкі істер әскерлерін суы бар терең сайдан бас көтертпей, бір жеті бойы оларды бас сауғалауға мәжбүр етті. Отызға тарта ішкі істер сарбаздары сұр мергендер оғынан опат болды. Сүлейменнің бірінші орынбасары осы операцияны басқару үстінде қатты дауыстап сөйлейтін радио арқылы Ақмырза молдаға ақылға келу, қан төгуге жол бермеу жайлы салиқалы сөздер сөйлегенімен, оны ешкім құлаққа ілмеді. Ақырында ішкі істер әскерлері бір жеті бойы снарядты салынып, атуға әзір тұрған екі зеңбіректі бірдей іске қосып, мешіт орналасқан шағын қорған ішіндегілерді ойпан-тойпан етті. Жүзден астам сарбазы қаза тапқанын біліп, өзі жалғыз қалғанын көрген Ақмырза молда жүйрік атпен қашып шықпақшы бола бере, көп ұзамай оққа ұшты...

Осы қанды оқиғалар ішкі істер халық комиссары Сүлеймен Есқараевтың абыройын өкімет, Мәскеу алдында біраз шарықтатқанымен, өзінің туыпөскен мекені — Қызылорда топырағында ондай

болған жоқ. Соны біліп, Сүлейменнің жүрегі қан жылады.
Өзінің жақын туыстарының бірі, жерлесі болып табылатын Ақмырза молда осы сапарда ақылға келмей, дінді қорғаймын деп жүріп қайғылы қазаға ұшырауы Сүлейменнің жүрегіне өшпес дақ тастады. Кейін республика прокуроры болып істеп жүріп те мұны жиі айтып, мұңайып отыратын. Керек десе өзінің жерлестерінің бетіне тіке қараудан да именетін болды», деп Иса Тоқтыбаев Сүлеймен жөніндегі менімен әңгімесін кілт үзді.
Сүлеймен Есқараевтың үлкен жүректі азамат екенін Сыр сүлейлерінің бірі Тұрмағамбет Ізтелеуұлы да талай рет сезіп-білген. Орақ тілді, алымды Тұрмағамбет Голощекин дәуірінің зобалаңдарын сынап-мінеген өлең шумақтарын айтам деп, екі рет түрмеге қамалғаны мәлім. Сол түрмеге қамалу сәттерінде тек Сүлеймен Есқараев пен Темірбек Жүргеновтың араласуымен ғана Тұрмағамбет әрең деп бостандыққа шығып еді. Сол Сүлейменнің үйіне нағашысымен бірге барып, сыйлы қонақтардың бірі болған Көпбай Әлиев маған былай деді:
Сүлеймен қағылез денелі, бірақ сұсты өңді кісі болғанымен, үйінде қонаққа отырғанымызда нағашым Тұрмағамбет пен оның жиені болып табылатын маған өте-мөте кішпейілділік танытты. Кешкілік сол үйдің дастарханы басында бас қосқан бір топ қызылордалықтар Түрекеңнен «Төрткөлдененендей жаңалық бар?» деп сұрады да, нағашым оларға «Төркөлдің көлі кетті де, шөлі қалды» деп басталатын шағын өлең жолдарын айтып берді. Тап сол күннің ертеңіне НКВД қырғилары Түрекеңді түрмеге атып ұрды. Сондағы Сүлейменнің бұрқан-тарқан болып ашуланғанын көрсең. Үйіне әлдебіреу тыңшылық жасайтын құрал орнатып кеткендей көріп, тінітпеген жерді қалдырмады. Қонақта болғандар арасында кімдер тыңшылық құрды екен деп те алас ұрды. Сірә сол кездің өзінде-ақ Сүлеймен Есқараев НКВД тыңшыларының көз қырына жасырын түрде іліккен-ау деп жорамалдауға кімді де болса мәжбүр етеді. Түрекеңнің бұл екінші рет түрмеге қамалуы еді. Бұл ретте Сүлеймен мен Темірбек тікелей кірісіп, екі айдан кейін Түрекеңді түрмеден жұлып алып шықты. Ал менің нағашымның үшінші рет түрмеге жабуылуы Темірбек пен Сүлейменнің «халық жауы» атанып, түрмеге жабылуынан кейін болды. Бұл кезде Түрекең белгілі «Шахнаманы» жазып біткен болатын. Бұл сүбелі еңбекті Темірбек Жүргеновтың ақылымен жазып шықты деп білді де Тұрмағамбетті де сол Темірбек, Сүлейменнің сыбайласы санап, «халық жауының» санатына жатқыза салды. Қазалы уезінің түрмесіне атып ұрды. Онымен бірге аққошқарлық белгілі молда Сүлеймен мүдәріс те қамалып жатыр еді. Олардың түрме қапасында жатқанына бір жыл бола бергенде екеуінің де Әбдіхалық аттас балалары қайтыс болды деген хабар келіп, екі арыс бірден мүрт кетті. Түрмедегілер оларды «заңды түрде» ату жайлы үкім келгенше үйлеріне уақытша жіберіп алуды ұйғарған. Екі арыстың екеуі де үйлерінде бір жетідей емделіп жатып, ақыры өмірден өтті. Оларды ату жайлы «заңды» үкім келген күні Қармақшы аудандық НКВД бастығы Шитенов Тұрмағамбетті айдап әкеліп, атып тастау мақсатымен елге жетіп барып еді. Ол ел ақсақалдарының айтқанына сенбей, көрді аштырып барып ғана Тұрмағамбеттің өлгеніне сенді. Тап осындай жағдай Сүлеймен мүдәрістің де басында болды.
Республика прокуроры болып тұрғанда «халық жауы» атанып, түрмеге атып ұрылған Сүлеймен Есқараевтың тағдыры не болды? Мен оның жиырма үш жасында советтік партия мектебін, отыз алты жасында Жоспарлау академиясын бітіргенін, жиырма сегіз жасында Түркістан автономиялық республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің, өлкелік, орталық партия комитеттерінің құрамына сайланғанын, керек десе өлкелік милиция мектебін басқарғанын, облыс басқарғанын бүгешігесіне дейін айтпай-ақ қояйын. Олар жайлы баспасөзде талай рет жазылған. Тек оның республика прокуратурасының негізін қалағанын ғана айрықша сөз еткім келеді. 1928 жылы республикалық ішкі істер халық комиссариаты құрамынан тергеуші орган — прокуратураны бөліп алып, өмірінің ақырына дейін соны өзі басқарды. Сірә НКВД кекшілдері Сүлейменнің Голощекиндік, Сталиндік репрессиялық саясаттарға қарсы айтқан сан алуан салиқалы сындары олардың зердесінде сақталып қалған болса керек. НКВД қырғилары күні кешегі өз басшысынан осылайша алдыңғылардың бірі етіп, өз өштерін алды. Егерде Сүлеймен Есқараев НКВД басшысы болып тұра бергенде, ол елге қырғиша тие алмас па еді, қайтер еді?!
Біздің «Боздақтар» естелік кітабының редакциясында саяси қуғын-сүргін құрбандары жайлы арнаулы том әзірленіп жатқанынан облыс жұртшылығы хабардар. 1997 жылдың басынан бері біздің бес адамдық ұжымымызда екі қызметкер облыстық ұлттық хауіпсіздік комитетінің архивінде жұмыс істеп, тиісті мәліметтерді алуда. Онда көбіне облыстың өз ішінде қуғын-сүргінге тап болғандар ғана қамтылатынын ескерсек, Алматыда тұрып қызмет еткен, сол жақтағы НКВД құрығына іліккен Сүлеймен Есқараев жайлы нақты дерек біздің қолымызға түсе қоюы неғайбыл нәрсе еді. Лажсыздан мен нақты бір дерек табылып қалар ма екен деп, Қазақ энциклопедиясының төртінші томына назар салғым келді. Оның 193-нші бетінен Сүлеймен Есқараев жайлы мәліметтері таптым да. Бірақ ондағы мәлімет мен күткендегідей болмай шықты. Ең алдымен Сүлеймен Есқараевты Қазалы ауданында туды деуі — тіпті де қисынға келмей қойды. Нақты туған күні аталмапты. 1937 жылы қайғылы қазаға ұшырады деп тұжырымдай салған.
Міне менің қолымда «Дала дидары» деп аталатын газеттің 1992 жығы 13—19 қараша аралығындағы 46-ншы номері тұр. Соның алтыншы бетіндегі «Зиялыға — зауал» деп аталған хабарға зер саламын. 1938 жылғы 25 ақпанда Кеңес Одағы Жоғарғы Соты әскери алқасының көшпелі сессиясының үкімі бойынша, бірден 39 азамат

атылыпты. Солардың ішінде біздің облыс түлектері Сүлеймен Есқараев, Сұлтанбек Садықбеков, Ұзақбай Құлымбетов те бар болып шықты. Ертеңіне тап сондай үкіммен бірден 37 азамат атылған, солардың ішінде тағы үш жерлесіміз бар еді.
Егеменді еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1997 жылды саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялап, әрі әрбір жылдың 31 мамырын соны атап өтетін күн болсын деп белгілеп, арнаулы өкім шығаруы талай-талай саяси қуғын-сүргін құрбандарының әруағын риза етерлік игі қадам болды да шықты. Бұл өкімді кім-кім болса да құптауда. Ал біз болсақ, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған арнаулы томымызды 1997 жылғы 31 мамыр болмағанымен, 1998 жылғы сол мерзімге сөзсіз үлгірсек пе деп, бар күш-жігерімізді салып жатырмыз. Жүз жылдығы осындай айтулы датамен тұстас келуі — Сүлеймен Есқараев сынды абзал ағамыздың үлкен жүректі адам екенінің куәсі іспеттес болса керек.

** ** **

...Сүлеймен Есқараев 1897 жылғы тамызда Қармақшы ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын он үш жасында Қызылорда стансасындағы кірпіш зауытында кірпіш құюшылықтан бастаған, содан кейін депода жұмысшы, балғашы болып істеген. 1919 жылғы қыркүйекте Тәшкендегі партия-кеңес мектебінің алты айлық курсына түседі де, оны бітіргеннен кейін Сырдария облыстық кеңесінің съезін шақыру жөніндегі нұсқаушы, Тәшкен облыстық Төтенше комиссариат бастығының орынбасары, Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің алқа хатшысының орынбасары қызметтерін атқарады. 1923 жылы Сырдария облыстық атқару комитетінің төрағасы, Сырдария губерниялық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып істейді. 1925 жылдан бастап Қазақ автономиясы республикасының Ішкі істер халық комиссары, 1928—30 жылдар аралығында Орынбордағы өлкелік милиция мектебінің бастығы, Мәскеудегі Жоспарлау академиясының аспиранты болды. Оны бітіргеннен кейін Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы болып істеді.
1936—37 жылдары республиканың Әділет халық комиссары, республика прокуроры, Қазақ ССР Орталық Атқару Комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып істеді. Тап осы Төраға орынбасары болып тұрғанда «халық жауы» деген жалалы айып тағылып, НКВД құрығына ілікті.
Бұл 1938 жылдың 22 наурызы болатын. Дәл осы күні «Социалистическая Алма-Ата» газетінің 66-ншы санында ату жазасына кесілген 19 адам туралы хабар жарияланған. Онда КСРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының көшпелі сессиясы өзінің жабық сот мәжілісінде «ұлтшыл-фашист, троцкистік-бухариншілдер» деп айып келтіріпті. Соның алдыңғы қатарында У. Құлымбетов, Н. Сырғабековтен кейін үшінші болып Сүлеймен Есқараевтың да есімі тұр. Бұл қасіретті күн — халық еңіреген ерлерінен айырылып, іштей күңіренген 1938 жылдың тағы бір азалы күні еді.
— Әкемді тұтқынға алудың қарсаңында мен онға толып едім,— дейді қазірде жасы жетпіске жуықтаған Әлия Сүлейменқызы сол азалы күнді еске алып,— Марат інім сегізде, Мариэтта төртке қараған болатын. Кішкентай Ерік екіде еді. 1937 жылдың күзінде шешем, Марат інім үшеуіміз Алматы түрмесінде әкемді соңғы рет көрдік. Оны қара көлеңке бөлмеге әкеп кіргізді де, бізді жақындатпай қойды. Бет-аузы күлдіреген ісік, еңсесі әбден езілген. Қырықтағы қылшылдаған жас емес, қартайып кеткен. Бізді көріп ол көзіне жас алды, біз де ботадай боздадық. «Ешуақытта сенбеңдер, мен кінәлі емеспін, әлі де ақ-карасы шешіледі, сабағыңды жақсы оқы» деп, маңдайымнан сыйпады. Әкемді ату үкімін орындаған соң бізді үйден қуып шықты да, «халық жауының әйелісің» деп шешемді айыптап, Ақмоладағы әйелдер лагеріне айдап әкетті. Өңкей жетім бала айдалада шырқырап жылап қала бердік...
Дәл сол күні сонау Қызылордадағы С. Есқараевтың туыстарына да нәубет күні туады. Бейқам, тып-тыныш тіршілік етіп жатқан олардың жан ұясын қызыл жендеттер «халық жауының туысысыңдар» деп қуғын-сүргінге ұшыратты. Туыстарының кейбіреуі шетелге қашуға мәжбүр болды. Жиырма жылдан соң, 1957 жылғы 5 қарашада Сүлеймен Есқараевты КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы ақтады. Бірақ оның ұрпақтары осы екі аралықтағы уақыт ішінде «халық жауының балалары» атанып, кінәсізден-кінәсіз ар-ождан қиналысына түсті. Әкенің қамқор да ыстық алақанын көрмеді. Бүгінде шөбере сүйіп отырған Әлия Сүлейменқызы үлкен шаңырақтың иесі. Марат, Мариэтта, Еріктер де ол күндерді тебіреніссіз еске түсіре алмайды. Осы күні Сүлеймен Есқараевтың шөбересі — Сүлеймен Есқараев өсіп келеді...

*Ш. ИСАЕВА,*
*облыс прокурорының аға көмекшісі.*
(*«Сыр бойы»* газеті, 1997 жылғы 29 сәуір)

*«Боздақтар» редакциясынан:* Сүлеймен Есқараевтың жүз жылдығы Қызылорда қаласында, өзі туып-өскен Қармақшы ауданында үлкен салтанатпен аталып өтті, туған жеріне бюсті қойылып, облыстық өлкетану музейінде арнаулы бөлім ашылды, туған ауданында бір шаруашылық Сүлеймен Есқараевтың атымен аталатын болды.

## Қазақ зиялыларының қарлығашы

Көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ зиялыларының алғашқы қарлығаштарының бірі — Темірбек Жүргенов өз қолымен жазған өмірбаянында 1898 жылы Қазалы уезінде малшының отбасында туған деп көрсетілген. Көптеген кітаптар мен мерзімді баспасөз беттерінде Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында туған деп те жазылып жүр. Оның көзін көрген көнекөз қариялар мен немере інісі Қиназар Қосжановтың айтуы бойынша, қазіргі Жалағаш ауданының Т. Жүргенов бұрынғы «Жаңаталап» (совхоз) атындағы серіктестікте «Қаранын қыстауы» деген жерде қараша айында дүниеге келген көрінеді. Оның бер жағында Т. Жүрғеновтың Ырғыз ауданынан музейі ашылған. Музей директоры Е. Мырзабаевпен пікірлескенімізде, ол Т. Жүргенов туралы көптеген деректерді осы Жалағаш ауданы төңірегінен алғанын айтады.

Алғаш Темірбекті оқытып, тіл сындыртқан талантты ақын Тұрмағанбет Ізтелеуов болады. Ол Жүргеновтың өміріне өшпес із қалдырды, келешегіне жол сілтеді. Шығыс поэзиясы саласында сапалы білім алады, көркем әдебиетпен танысады. Сонымен қатар өз халқының алдындағы азаматтық борышын сезінуді үйренеді. Осылай Орта Азия мен Шығыс халықтарының дәстүрінде тәрбиеленіп, білім алған Темірбек Жүргеновтің эстетикалық көзқарасы қалыптасып, бірнеше тілді еркін меңгеріп алады. Мұны Темкеңнің өзі де мойындап, алғашқы ұстазының есімін ілтипатпен еске алады, сөйтіп оның адамгершілік қасиеттерін жоғары бағалайды.

1909 жылы 11 жасар Темірбек Аламесектегі (қазіргі Жалағаш ауданы, Ақарық ауылында) орыс-қазақ мектебіне оқуға түсіп, оны 1913 жылы үздік бағамен бітіріп шығады. Мұнда ол Омар Сатаев, Досмұханбет Букин сияқты демократиялық көзқарастағы мұғалімдерден дәріс алған. Сол жылы Перовскідегі (қазіргі Қызылорда қаласы) Суханский атындағы қалалық жоғары орыс-қазақ училищесіне түсіп оқиды. Бұл сол кезде Перовскідегі ең ірі оқу орны болатын. Осы училище қабырғасында жүрген кезде-ақ жас Жүргенов ұстамдылығымен, батылдығымен, принциптілігімен көзге түседі. Оның үстіне орыс әдебиетінің озық үлгілерімен осы кезде таныса бастаған-ды. Училищеде бірге оқыған замандастарының айтуына қарағанда, ол қазақ оқушылары үшін орыс әдебиетін оқып үйренетін үйірме құрып, Крыловтың, Некрасовтың шығармаларын қазақ тіліне аударуға әрекет жасап, жолдастарын орыс жазушыларымен таныстырады.

1917 жылы училищені бітіріп шыққан Темірбекті білімге деген құштарлық Уфа қаласына апарады. Осындағы жер өлшеу училищесіне оқуға түскенімен, Жүргенов бұл оқуды тәмамдай алмайды. Оның бір себебі, сол кезде жүріп жатқан азамат соғысының қиыншылықтары болса, екіншіден, дол сол кезде тепсе темір үзетін білімді де жігерлі жігіттердің қызмет істеу қажеттігінен еді. Белгілі жауынгерлер Әбдірахман Әйтиев, Әліби Жанкелдиндермен байланысып бірге жұмыс жасайды. Қолынан іс келетін өткір жасты олар қасына алады. Осы кезеңде Темірбек Торғай облысындағы тұңғыш Советтер съезін шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросының мүшесі болып, әрі жауапты хатшы қызметін атқарады.

Темкең 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінде журналистік қырын танытып, газет бетінен көріне бастайды. Ал, 1921—22 жылдары Ырғызда уезд ревкомының председателі болып қызмет етеді. Сол кезде қазақ даласында болып жатқан қат-қабат оқиғалардың бел орасында болған Т. Жүргенов әдебиетке, ғылымға, білімге дегн құштарлығын еш уақытта жоғалтқан емес.

Ырғыз уезі таратылған бойдан Темірбектің 1921 жылы Орынбор жұмысшы факультетінде оқып, оны бітіргеннен кейін Ташкенттегі Орта Азия университетінің заң факультетіне түсіп оқуы — оның білімге құштарлығынан жасалған қадам болатын.

Университет студенттері білім алумен қатар қосымша жұмыстар да атқаратын. Мұның өзі ол кезде жергілікті ұлттардан шыққан білімді маман кадрлардың жетіспеушілігінен туған еді. Темірбек Жүргеновке де үлкен сенім жүктелді. Ол Қазақ АССР-ның Түркістан Республикасындағы өкілетті уәкілі болып тағайындалады. Сөйтіп, ол білім алумен қатар қоғамдық-саяси өмірге де етене араласып кетті.

1923—1926 жылдары Т. Жүргенов Қазақ АССР-нің Түркістан Республикасындағы өкілетті уәкілі ретінде Орта Азия Республикалары мен Қазақстанды ұлттық-территориялық жағынан бөлісу ісін әзірлеуге белсене араласты. Одан соң қазақтың тұңғыш педагогикалық институтының ректоры және Орта Азия Мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері болып істейді. Осы кезеңде Жүргенов бірнеше тарихи этнографиялық және демографиялық очерктерді жариялап, баспасөзге де белсенді түрде қатысқан еді. Айталық «Орта Азия Республикаларындағы қазақ халқының күйлері» деген очеркі республикадағы жер көлемін, халық санын, қазақтардың тұрмыс-күйін әділ бағалап берсе, «Жыл жұмысы» атты дүниесінде қазақ пединститутының ашылуы жайлы, міндеттері айтылады. Темірбектің тәжік, өзбек тілдерін жақсы білетіндігі мен оның

ұйымдастырушылық қабілетін жоғары бағалаған БКП(б) Орталық Комитетінің Орта Азия жөніндегі бюросы оны 1929 жылы Тәжікстанға қызметке жібереді. Онда финанс халық комиссары болып істейді. Содан кейін Өзбекстан Халық ағарту комиссары қызметінде болады. Сосын Қазақ АССР-нің Ағарту жөніндегі халық комиссары болып тағайындалады. Сөйтіп, өзіне биік мақсат қоя білетін ол күш-жігері мен қажыр-қайратын республикадағы мәдени революция ісіне арнайды.

1936 жылы қазақ өнері мен мәдениетінің Москвадағы он күндігінің табысы Темірбектің ұйымдастыру жұмысына тікелей байланысты болатын. Қысқа мерзім ішінде өнер саласында қол жеткен жетістіктерге байланысты Қазақ өнер саңлақтарының бірі Қанабек Байсейітов «Құштар көңіл» атты кітабында былай деп жазды. «Сол он күндіктің тұсында Темкең біздің қолбасшымыз болды десем, шындыққа қиянат болмайтын шығар. Ең зәру, ең жедел шешім қажет мәселелерді Темкеңнің араласуымен қолма-қол шешіп жүрдік».

Орталық Комитеттің ұйғарымымен Қазақ мәдениеті мен өнерін дамытуда сіңірген еңбегі үшін Т. Жүргенов 1936 жылы күзде Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады. Халық ағарту саласында да орасан зор іс қалдырды. Ол қазақ орта мектептерін құру үшін республиканың халық ағарту қызметкерлерін ұйымдастыруға көп күш-жігер жұмсады. Мұғалім кадрларын даярлауға, мектептердің оқу-методикалық базасын нығайтуға көп көңіл бөлді. Сол кезде Алматының өзінде ғана Т. Жүргеновтың басшылығымен 18 мектеп үйі, мәдениет үйі, қазіргі опера мен Балет театр үйінің салынуы оның орасан зор жемісті жұмыс жүргізгеніне дәлел бола алады.

Жүргеновті тек қоғам қайраткері деп біржақты қарамай, кестелі сөзді өрнектей білетін әдебиетші, ауыз әдебиетін қастерлей жинайтын фольклорист, қарымды журналист, өткір фельетонист деп ауыз толтырып айтуымызға болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін онымен қызметтес болған сазгер Е. Г. Брусиловский «Дүйім дүлдүлдер» атты кітабында: «Т. Жүргенов өз кабинетінде облыс өкілдерінің басын қосып, шамамен отыз шақты кісі жиналатындай мәжіліс жасады. Ішінде тек екі адам — қарағандылық Б. А. Орлов және мен орыс жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілері де тек қазақ тілінде сөйледі. Бір кезде Б. Орлов орнынан тұрды да, Жүргеновтың орысша сөйлеуін өтінді. Мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, сол себептен орысша сөйлеу жөн екенін айтты.

Жүргеновтің кішкентай қара көздері ұшқындап кетті. Қашанда дүрдиіңкіреп тұратын астыңғы ерні одан сайын тырсия берді. Мұның өзі қызық көрініс еді. Жұрттың бәрі бірден бүкшие түсіп, тымтырыс бола қалды.

— Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас?— ашу найзағайы үрейлене бүгжиген қайраткерлердің үстінен ойқастап шапшыды.— Сіз қайда жүрсіз, өзіңіз?— деп қайталап, Жүргенов дауысын бұрынғыдан бетер қатайта сөйлейді.

— Сіз Қазақстанға келдіңіз, егерде мұнда жұмыс істегіңіз келсе; сіз республиканың Мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз. Бәлкім, сіз жолдас Орлов, біздің өз тілімізде сөйлеуімізге мұрсат етерсіз! Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттейсіз бе?— деп өзге ағайыннан қазақ тілін сыйлауды талап етті.

Халқымыздың мәдени-ағартушылық өмірін өркендетуге едәуір үлес қосқан абзал азаматтың туғанына биыл —100 жыл толады. Бұл мерейтой — еліміз егемендіктің жемісін көріп отырған елге де, ерге де үлкен міндеттер жүктейді. Осы орайда көкейге бірер ойлар келеді. Айталық, қоғам қайраткерінің туып-өскен аулында Темірбек Жүргеновтің ескерткіш мүсіні орнатылса, Жалағаш ауданы орталығындағы мәдениет үйіне аты берілсе, облыс көлемінде ақындар айтысы ұйымдастырылса, сондай-ақ Темірбек Қараұлының зерттеулерін, публицистикалық мақалаларын, сөздерін жинап бастыру да қолға алынса орынды болмақ. Облыстың оқу орындарында ғылыми-теориялық конференциялар ұйымдастырылып, арнайы стипендиялар тағайындалса, елінің болашағын аңсаған абзал азаматқа ұрпақтарының жасаған құрметі болар еді.

*Б. ИМАНҒАЛИЕВ,*
**Қазақтың мемлекеттік Ұлттық университетінің оқытушысы.**

(*«Сыр бойы»,* 1998 жылғы 12 наурыз).

## ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА ЕДІ

### МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ Т. Қ. ЖҮРГЕНОВТІҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛАДЫ

1998 жылдың қараша айында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтың туғанына 100 жыл толады.

Қазақстан мәдениеті мен өнерінің, ғылымы мен білімінің отызыншы жылдардағы өркендеу өрісінде бұл айтулы азаматтың сіңірген еңбегі ерекше екендігі белгілі. Бұл жөнінде қайраткердің әр кезеңде, Үкіметтің арнайы қаулысымен атап

өтілген мерейтойларында, әсіресе ел егемендігіне жеткен соңғы жылдары баспасөздерде жан-жақты айтылды.
Осынау үлкен қайраткерге құрмет ретінде бүгінде республикамызда бірнеше мектеп, көшеге, Алматыдағы театр институтына оның есімі берілген. Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында ескерткіш мүсіні де бар. Ол туралы жеке кітапша да жарық көрді. Бірақ халықтың біртуар ұлына деген сый-құрмет мұнымен шектеліп қалмаса керек. Егер әріден ойласақ, ұлттың ұлы тұлғалары мен асыл азаматтарын әр кезде еске алып, олардың атын ардақтап, өмірі мен қызметін насихаттап отыру — алдымен бүгінгі ұрпаққа үлгі, өнеге, тәрбие үшін қажет. Бұл жағынан Темірбек Қараұлы Жүргеновтің өмірі мен қызметі алдағы талай ұрпаққа өнеге деп білеміз.
Міне, енді оның туғанына ғасыр толғалы тұрған күнге де жақындап қалдық. Небәрі 7—8 ай. Осы уақыт аралығында не істеуіміз қажет? Үлкен тойды қандай шаруалармен қарсы алғанымыз жөн? Біздің ұсынысымыз төмендегідей:
Т. Қ. Жүргеновтің аталмыш мерейтойы Ақмола, Алматы қалаларында, туып-өскен, оқыған, қызмет істеген жерлері — Қызылорда, Ақтөбе облыстарында кеңінен аталып өтсе;
Кезінде Т. Қ. Жүргеновтің бастауымен өткізілген Республикалық ақындар айтысы кейінгі жылдары қайта жанданып, дәстүрлі жалғасын тауып жатқан қазіргі уақытта, биылғы жыл көлемінде осындай бір айтыс ұйымдастырып, Жүргенов атына бас жүлде тағайындалса;
Алматыдағы Т. Қ. Жүргенов атындағы Театр институтының алдына оның ескерткіш мүсіні қойылса;
Өмірінің соңғы жылдарын өткізген Алматы қаласында Т. Қ. Жүргенов мұражайы ашылса;
Т. Қ. Жүргеновтің шығармашылық еңбектері жинақталып, I томдық кітабын жарыққа шығарса, сондай-ақ ол туралы естелік жинағы дайындалса;
Мерейтой қарсаңында Т. Қ. Жүргеновтің өмірі мен қызметіне арналған ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылса дейміз.
Аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің туғанына 100 жыл толу мерекесін өз деңгейінде, биік дәрежеде өткізу — баршамызға әрі міндет, әрі абырой болмақ
Зейнолла ҚАРИ, ғалым.

*Бекарыстан Мырзабаев,*
Т. Қ. Жүргенов мұраларын жинаушы.
*Тынышбек Дайрабаев,*
Т. Қ. Жүргеновтің еңбектерін зерттеуші, журналист,
*Түрікпен Қонысбаев,*
«Харрикейн Құмкөл-Мұнай» акционерлік қоғамы кәсіподақ комитетінің төрағасы,
*Талғат Теменов,*
Т. Қ. Жүргенов атындағы институттың ректоры, Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері, кинорежиссер.

(*«Егемен Қазақстан»,* 1998 жылғы 6 ақпан)

## ТЕМІРБЕК ІНІСІНІҢ ЕСТЕЛІГІ

Әркімнің де асылдың сынығындай ардақтап, өмірін өнеге тұтатын, әрдайым мақтан етіп, рухы алдында бас иіп, тағзым ететін абзал азаматы болады. Мен үшін ондай адам — әкемнің туған інісі, өзімнің немере ағайым — Темірбек Қараұлы Жүргенов. Оның өмір жолы, қоғам қайраткері және Орта Азияға ортақ азамат ретінде атқарған қызметі мен тындырған істері бір ғана менің емес, бүкіл жерлестері — жалағаштықтардың, қала берді қазақ халқының мақтанышы дер едім. Өйткені ол Қазақстан мен Орта Азияда жас Совет өкіметінің және республикамыздың өнері мен мәдениетінің, әдебиетінің қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Оған Т. Қ. Жүргенов жайлы талай рет жазылған очерктер мен мақалалар, естеліктер мен ғылыми еңбектер, белсенді қызметі үшін берілген Еңбек Қызыл Ту ордені айқын дәлел. Сондықтан да мен бұл естелігімде Темірбек көкемнің (бала кезімнен осылай атап қалыптасқанмын) өмір жолы мен қызметі жайлы емес, басқа бір тың мәселе туралы әңгімелекпін. Ол — оның нақты туған жері туралы.
Ресми документтерде Т. Қ. Жүргенов 1898 жылдың ноябрь айында (кейбір деректерде март) Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Басықарақопа деген жерде дүниеге келген деп жазылып жүр. Бұл қате. Әрине, менің ойым оның туған жері туралы талас тудыру емес, тарихи шындыққа көз жеткізу. Т. Қ. Жүргенов шын мәнінде қазіргі Жалағаш ауданы (Қызылорда облысы) «Жаңаталап» совхозында «Іздібай» өзегінің бойындағы «Қаранық қыстауында» 1898 жылы ноябрьде дүниеге кел-

ген. «Қараның қыстауының» орнын жаңаталап-тықтардың көпшілігі біледі. Туысқандарымыз бен ағайындарымыз да сол ауылда тұрды.

Темірбек көкемнің немере ағасы Нұржан Жұдырықов бертінде 1974 жылы 84 жасында қайтыс болды. Ол ескілікті әңгімені көп білетін, зерделі кісі-тін. Бірде маған мынадай әңгіме айтты.

— Әлі есімде,— дейтін Нұржан көкем (бұл кісіні де солай атайтынмын),—8—9 жастағы кезім. Арқаны жайлап, суық күзде Сырға құладық. Қыстауға орналасқан соң көп ұзамай қарашаның алғашқы қары жауып, сол күні Темірбек дүниеге келді. Қара сирақ бала емеспіз бе, қармен аралассып, жалаңаяқ, жалаң бас, ауыл үйден сүйінші сұрап, жүгіре жөнелдік. Кейіннен мен есейіңкіреп қалсам да туыстарым Темірбек, Маштай (қазір 87 жаста), Төлеміс, Кіребай (екеуі де қайтыс болған) бәріміз қазіргі «Жаңаталап» совхозының № 2 бөлімшесіне таяу «Көнтөбенің» батысында салынған шым үйде екі жылға жуық оқып, Тұрмағамбет Ізтілеуовтен дәріс алдық. Темірбек алғыр, оқуға зерек еді.

Өмірінің соңғы жылдарында Жалағаш поселкесінде тұрған Төлеміс Кәрібаев (1980 жылы дүние салды) деген ақсақал да Темірбек көкемді жиі-жиі еске алып, былай деп отыратын:

— Екеуміз құрдас едік, бірге ойнап, бірге өстік. Ауыл мектебінде Қауынбай молдадан дәріс алып, 4—5 ай тіл сындырдық. Кейін Тұрмағамбеттің мектебінде оқыдық. Балалардың ішінде Темірбек пен Нұржанның зректігіне қызығатынбыз.

Бұл күнде «Аққыр» совхозында тұратын 87 жастағы Маштай Әбдіқұлов ақсақал да осы мазмұнда әңгімелей келіп, өздерінің әр түрлі себептермен оқи алмай қалғандығын, Темірбектің оқуын одан әрі жалғастыруға Аламесекке кеткенін айтады.

Қара атамның кіші әйелі Кәмпит әжем (1972 жылы қайтыс болған) мен Нұржан көкем Темірбек көкемнің ауылға 1927 жылы бір рет келіп кеткендігі жайлы жиі әңгімелейтін. Сол жылы Орта Азия мемлекеттік университетін бітірген екен. Ауылға келген күні жеңгесі Ардахан босанып, мен дүниеге келіппін. Көкем сонда шексіз қуанып:

— Құтты қонақ болдым. Алахаң (шешемді солай атайды екен) ұл тапты. Мен туған үйде бір ұл дүниеге келді. Өзімдей азамат болсын!— деп кіндік байлайтын тарамысты өз қолымен ажыратып, кіндігімді кескен Ақшебер жеңгеме ұстатыпты.

Міне, мұның бәрі Т. Қ. Жүргенов Сырда туғандығын дәлелдейтін деректер. Ал, оның өмірі мен қызметі жайлы жазылған тарихшы Р. Сүлейменовтің «Темірбек Жүргенов» деген кітапшасында («Қазақстан» баспасы 1969 ж.) мынадай жолдар бар: «Темірбек Қараұлы Жүргенов 1898 жылы ноябрьде Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы Басықарақопа дейтін жерде туған.

Темірбектің ауылы көктем мен жазда жоғарыда аталған Ырғыз уезінің Бастықарақопа дейтін жердегі Орскіге жақын жайлауға көшетін. Күзде ауылы Перовскіге (Қызылорда) жақын Сырдария бойындағы өзінің тұрақты қыстауына көшіп келетін. Қазір бұл жерді «Жаңаталап» совхозы мекендейді. Осы жерде ол ауыл мектебіне алғаш рет оқуға барды.

Аңғарған кісіге осы пікірлерде қарама-қайшылық бар екені көрініп-ақ тұр. Дәлелдейік, әдетте Арқада қыс ерте түсіп, кеш шығады. Сондықтан Сырдың елі ерте көктемде ірге көтеріп, жаз жайлауына көшеді. Күз түсе қыстауға қайтады. Демек, Темірбек көкемнің ноябрь айында Сырда туғаны ешқандай күмәнсіз, анық. Оның үстіне Нұржан Жұдырықовтың айтуынша ол «қарашаның алғашқы қары жауған күні» туған. Әдетте көшіп-қонып жүрген елдің баласының туған жері тұрақты қыстауы болып саналатыны белгілі жай. Осы тұста оқырмандар көңілінде «Сонда Ырғыздықтар Темірбек Жүргеновті қандай негізде жерлесіміз деп келген» деген сұрақ пайда болуы мүмкін. Оған жауап, біріншіден, 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен атылып кеткен Т. Жүргенов 1957 жылы жиырма жылдан соң ақталды. Бұған дейін оны іздеу, тіпті атын атау қиын болды. Екіншіден, Темірбектің әкесі Қара да, менің әкем Қосжан да Арқа жұртынан қыз алған. Т. Жүргеновтің қызметі де сол жақта басталған. Ол ақталғаннан кейін Ырғыздағы оқыған көзі ашық туыстарымыз бен нағашыларымыз осы негіздерге сүйеніп, оның есіміне иелік етті.

Қазір Ырғызда бір орта мектеп пен бір көше Т. Жүргеновтің есімімен аталады. Және жұртшылықтан жиналған қаржымен ескерткіш қойылған. Ырғыздықтардың мұндай құрметіне біз де ризамыз, рахмет оларға!

Енді оқушылар ойында «Ал қызылордалықтар неге ізденбеген» деген тағы да бір тосын сауал пайда болуы мүмкін. Кезінде біз де ізедендік. Бірақ бізге тоқырау кезеңі тосқауыл болды. Айтқан өтінішімізді тыңдайтын құлақ таппадық. Міне, қазіргі қайта құру идеяларынан туындаған демократия мен жариялылық әркімнің өз ой-пікірін ашық айтуына мүмкіндік беріп отыр. Содан да мен Темірбек көкемнің туған жерін анықтап, өмірі мен еңбегін жиі-жиі еске түсіріп тұратындай, жас ұрпақ мақтан ететіндей белгілердің болуын қалаймын. Қызғаныш немесе бөтен пікір емес, көкеммен тұтас мемлекет қайраткерлерінің есімдері тек туған жерінде ғана аталып жүрген жоқ. Республиканың түкпір-түкпірінен қос-қостан кездестіруге болады. Олай болса Темірбек Жүргеновтің есімін туған жерінде де, тіпті өзге облыстарда еске алу өте дұрыс.

Мен, Т. Жүргеновтің жанашыр туысы болғандықтан, бүкіл жерлестері атынан қоғамдық пікір ретінде бірнеше ұсыныстар айтқым келеді. Ол кісінің туған жерге, сүйікті Отанына деген адал еңбегінің, қалтқысыз қызметінің өшпес ізі бар. Оның республикада оқу, ағарту, мәдениет саласын дамытуға, 1936 жылы Москвада өткен Қазақ өнерінің алғашқы онкүндігін ұйымдастыруға, театрдың шаңырақ көтеруіне, көптеген талантты өнер қайраткерлерінің қалыптасуына зор еңбек сіңіргені белгілі. Сондықтан мәдениет үйіне және туған жері «Жаңаталап» совхозына Т. Жүргеновтің есімі берілсе, ауданда бір мектептің, бір көшенің

атын да осы кісінің есімімен атасақ, «ер есімі — ел есінде» дегендей, жарқын болашақ жолында опат болған абзал азаматтың, туған жер түлегінің рухы риза болар еді. Жас ұрпақтың жадында қалар еді. Белгілі мемлекет қайраткері есімінің жаңғырығы, сөз жоқ, халықтың қолдауына ие болып, жариялылықтың жарқын көрінісін аңғартатындығы анық.

Сөзімнің соңында айтарым: Темірбек Жүргенов 19 марқасқамен бірге Алматы жанында атылыпты, сол жерге шошқа фермасы орнапты.

Біз сол шошқа фермасын ол жерден әкету, марқасқаларды қайта жерлеу, керек десе Темірбек көкемді Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне әкеліп жерлеу жайлы ұсыныс қоюмен келеміз. Сол ұсынысымыз іске асса екен.

Қара немересі *Қосжанов Қиназар.*
Жалағаш қыстағы, Жүргенов көшесі, № 54 үй.

## КАМАЛОВ ТЕМІР — Қазақтың біртуар ұлы

Тереңөзек ауданы, Қараөзек станциясында 1899 жылы туған Темір Камалов сияқты асыл азаматтар еш жазықсыз өмірден қыршын кетті. Бірақ осы қанды құбылыстың зардабының ар-жағында қаншалықты тағдырлар тоғысып жатыр. Қазір замана кеңдігі де болар, өз бабаларын мадақтау жағы белең алып бара жатқанын да жоққа шығаруға болмас. Бірақ біздің алға тартып отырған азаматтың есімі — ел, халықтың шексіз құрметіне лайықты екенін көпшілік көңіліне жеткізу бізді қалам алуға итермеледі. Темір Камаловтың орысша білім алып, оның саяси көзқарастарының қалыптасуына белгілі қоғам қайраткерлері Иса Тоқтыбаев, Темірбек Жүргенов, А. В. Червяков, И. Ф. Селиверстов, Н. В. Витарскийлердің ықпалы басым болды. Орысша сауатты болған ол әу баста басқа ұлттар өкілдерімен бірдей қоян-қолтық араласып кетті.

Перовск уездік халық ағарту бөлімінің (1919 ж.) хатшысы қызметін атқарған кездерінде тек қалада ғана емес, Перовск уезі көлеміндегі ауылдық жерлердің өздерінде бірнеше бастауыш мектептер ашуға аянбай атсалысып, әсіресе жастардың сауатын ашуға ерекше мән берді. Т. Камаловтың осы әрекеттері қазіргі Елбасы жолдауымен астасып жатқан дүниелер екенін де айту парыз. Ол жастарды оқу-білімге жетелеуде сол кездегі алдыңғы қатарлы ғылым мен білім орталықтары Ташкент, Қазан қалаларын бетке ұстауын көрегендік демеуге бола ма? Сол мақсатта өзі де кейін Ташкент уездік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауысуының астарында (1922—1924) қазақ жастарын ғылым, білім, өнерге жетелеуді мақсат еткенін зерделеуге болады. Осында ол Ғ. Мұратбаев, С. Сапарбековтермен етене араласып, қазақ жастарын игі істерге ұйымдастырудың алғы шебінде жүрді. Көптеген жерлестерінің Ташкенттің оқу орындарына түсуіне көмек берді. Солардың бірі — Қазақстанның халық шаруашылығын дамытуда өзінің тарихи орны бар Ыбырайым Тәжиев. Ғылым білім, өнер қуған қазақ жастарының бетін Ташкентке бұрғаннан кейін Т. Камалов Қазақстанның астанасы Орынбордан Ақмешітке көшіп, ол жаңа Қызылорда атын алған астанаға юстиция халық комиссариатының әкімшілік басқармасының бастығы болып қызметке тағайындалды. Себебі бұл кез — Қазақ Республикасын экономикалық жағынан дамытуда заңдылық пен қатал тәртіп, қоғам мүлкін таран-таражға салмай сақтаудың ауадай қажет кезі болатын. Көріп отырғанымыздай Т. Камалов заман ағымына қарай ең ауыр да жауапты қызметтердің басында жүрді. Бұл оның қай жұмыста болса да табандылығының, принципшілдігінің, адалдығының дәлелі болса керек. Кейін ол Қазақстанның Халық шаруашылығы Орталық кеңесі тексеру комиссиясының төрағасы (1926—1927 жылдар), «Казхлебживсоюздың» нұсқаушысы қызметтерін атқарды. Бұл уақыт Қазақстанға аштық нәубетінің бет алған кезі болатын. Т. Камаловтың барлық қызметтерде өзін тек адал азамат ретінде көрсете білгендігін, оның қай салада болмасын нәтижелі еңбегін бағалай білген Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожанов Т. Камаловтың Қызылордаға ауысына ықпал жасады. Қызылордада Халық ағарту институтының директоры қызметіндегі С. Сейфуллинмен етене жақындасып, оның ақыл-кеңестерін зерделі пайдалана білді.

Қыруар жұмыстың бел ортасында жүретін Т. Камалов қызмет бабында шен-шекпен мен лауазым дәрежесін ойламай, оның нәтижелігі мен халқына пайдалылығына баса назар аударатын. Содан болар, ол кейін Павлодар, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай қалаларында әртүрлі қызметтер атқарды. Осы фактінің өзі ардагер ағамыз Т. Камаловтың жеке алған регион немесе ру мүддесі емес, бүкіл халқым — қазағым деп жанкиярлық еңбек еткендігін дәлелдесе керек. Болмаса бір ауыр кезеңде ол қызмет бабымен жұбайы Қатирамен елден ел асып жүргенде, өз қажетіне бейімделетін адамдардың бәріне тон пендешілікті жеңе білудің өзі — қазіргі көзқараста ерлік емес пе?!

Қостанай облыстық партия комитеті Т. Камаловтың соңғы еңбек еткен орны болды. 1937 жылғы жаппай жазалау нәубеті асыл азамат Т. Камаловты да қармағына ілді. Өзі қызмет еткен облыстық партия комитеті Темірді халық жауы — контрреволюциялық ұлтшыл тобының мүшесі деген жалған жаламен тұтқындады. Жеті айға созылған түр-

ме азабы оның сағым сындыра алмады. Қырық жасқа келген қайсар азамат КСРО Жоғарғы әскери Сот коллегиясының шешімімен 1938 жылдың 28 ақпанында Алматы қаласы жанындағы Бұрындайда жендеттердің оғының құрбаны болып кете барды. Орнында бар оңалар демекші, артына қалған ұлы Болаттың еңбегі еш кеткен жоқ. 30 жыл өткенде ардақты да аяулы әкесі Темір Камалов туралы КСРО Жоғарғы әскери сот коллегиясы шешімімен оның үстінен жиналған материалдарда ешқандай қылмыстық істің ізі жоқ екені дәлелденген ақтау қағаз Темірдің ұлы Болаттың қолына тиді.

Темір Камалов сияқты талай жайсаң жандар жазықсыздан жазықсыз жендеттер құрбаны болып кетті. Олардың артында жесірлік зарын тартқан жарлары, жетімдік азабын тартқан ұл-қыздары қалды. Бәрінен де халыққа, еліне, қазіргі жарқын болашақ үшін жасаған ұлы істері жатыр. Бірақ өкінішке орай олардың есімдері әлі де халқына барлық қыр-сырларымен қауышып, өздерінің тиісті орындарын тапқан жоқ. Солардың бірі Темір Камалов. Осындай елім деп өмірін қиған ер азаматтардың есімін өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізу қазіргі аға буынның негізгі міндеттері. Ал Т. Камаловтың атына тек көше емес, өзінің туған елі қазіргі Қараөзек ауылына берсе нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені 1998 ардақты азаматтың туғанына жүз жыл толады. Сол күнді лайықты атап өту біздің парызымыз.

*Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,*

Қызылорда мемлекеттік университетінің
доценті, кафедра меңгерушісі.
(*«Сыр бойы»,* 1998 жылғы 9 маусым).

## Қыршын кеткен боздақ

Менің алдымда Темір Камалов деген қарт коммунистің, 1937—1938 жылдардағы сталиндік репрессияның құрбаны болған асыл азаматтың жеке ісі тұр. Оған қайта-қайта үңіле қараймын. Жеке істегі басты-басты мәліметтер мынадай еді:

— Темір Камалов 1898 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданындағы Жаңаарық ауылында (қазіргі «Қараөзек» совхозында) туған.

— 1919 жылдан СОКП мүшесі, партбилет № 0944992.

—1937 жылғы 14 тамызда Қостанай облысы партия комитетінің советтік сауда бөлімінің меңгерушісі болып тұрғанда халық жауы ретінде ұсталған.

—1938 жылғы 28 ақпанда СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының үкімімен Алматы қаласында атылған...

* * *

Қыршын кеткен боздақ деп тап осындайды айтар болар. Темір Камаловтың балаларының бірі Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің жер-жердегі органдарына сұрау сала жүріп, әрең деп қолға түсірген жеке істі алдыма жайып тастады. Оның әрбір сөздеріне, қолдар қойылып, мөрлер басылған документтерге, дәл атылатын күні алдынан және қырынан түсірілген суреттерге үңіле қараймын. Қолқадай шашы бар, бетінде имангершіліктің оты шығып тұрған салауатты жігіттің келбетіне қайта-қайта үңіліп, бүкіл саналы өмірін —40 жылының 19 жылын Совет Одағы Коммунистік партиясының қатарында өткізген Темір Камаловтан Мемлекет хауіпсіздігі орындарының «қырғилары» нендей дұшпандық таба қалды екен таң қаламын. Бүкіл саналы өмірін партия, совет, халық ағарту саласына жұмсаған Темір Камалов әлдебіреулердің қаскөйлік жаласымен «халық жауы» деген атты арқалап, түрмеге атып ұрылған.

СССР Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 1968 жылғы 3 көкектегі анықтамасына да үңіле қарауға мәжбүр болып отырмын. Неге дейсіз ғой? СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы Темір Камаловты РСФСР Қылмыс Кодексінің 58-нші статьясының екінші, жетінші, сегізінші және онбірінші статьяларымен айыптап, оны түп-тура «халық жауы» деген жалаң жазамен ату жазасына соттап еді ғой. Арада он жыл өте берсе, 1958 жылғы 14 тамызда СССР Жоғарғы Сотының тап сол Әскери коллегиясы өз үкімін бұзып, атылып кеткен Темір Камаловтың мүлдем жазығы жоқ екенін мойындауына тура келді.

Соның өзінде Әскери коллегияның соттық құрамына төрағалық еткен юстиция полковнигі Цырлинскийдің анықтамасындағы мына бір сөйлем мені елең еткізді:

> *«Приговор Военной коллегии от 28 февраля 1938 года в отношении Камалова Т. по вновь открывшимся обстоятельствам отменен и дело за отсутствием состава преступления прекращено».*

Осы сөйлемдегі «по вновь открывшимся обстоятельствам» деген сөздерге қалай түсінуге болады? Әскери коллегия өзінің 1938 жылғы бір боздақты ату жазасына кескен үкімін арада 20 жыл өткенде қайта қарап, қысқартып тастауына нендей тосын күш итермеледі екен?

Иә, осы екі арада еліміздің өмірінде төтенше жағдай болғаны рас еді. Талай-талай репрессиялардың авторы болған Сталин дүниеден өтті де, оның зобалаңдары жайлы партия халыққа ашықтан-ашық жария етті. Ал мемлекеттік хауіпсіздік

комитеті, соның сойылын соғып келген Әскери коллегиялар енді өз жұмыстарын қайта құрып, өткен кезеңдегі тірліктеріне сын көзімен қарауына тура келді. Юстиция полковнигінің әлгі жауап хатынан анықталғанындай, еліміздің саяси басшылығындағы бұл өзгеріс Әскери сот коллегияларының жұмысына да жаңа леп әкелді.

Сталиндік репрессия құрбаны Темір Камалов кім болып еді? «Жаңаарық» деп аталатын шағын ауылда кедейліктен сіңірі шыққан Есдәулет деген шаруа тұрып еді. Ол өзінің жарлы-жақыбайлығына қарамай, Бердімұрат, Темір және Әмір деп аталатын үш ұлының оқып білім алуына, қатарынан кем болмай өсуіне көп күш салды. Бердімұрат мен Әмір ауыл молдасынан алған ескіше оқумен шектелді де, ауылда балық аулау, мал бағу ісімен бірыңғай айналысты. Мейірбанды әке ең болмаса Темірім білімдар болса екен деп, оның қолын қаққан жоқ. Оны Перовскі қаласындағы Суханскийдің туземдік мектебіне оқуға түсірді. Бұл ретте оған Щипковтің түземдік мектебін бітіріп, Ташкент қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға жүргелі жатқан Иса Тоқтыбаевтың ақыл-кеңесінің үлкен себі тиді. Араларында төрт-ақ жас айырмашылығы бар Иса мен Темір орысша-қазақша аралас оқытатын туземдік мектепке осылайша қатар қабылданды.

Суханскінің туземдік мектебінде оқи жүріп, Темір Перовскідегі социал-демократиялық қозғалысқа да белсене араласты. Темірбек Жүргеновпен бірге оқыса, Әбу Құдабаев, Сүлеймен Есқараев секілді достар тауып, олармен бірге лениндік идеяны қала жұртшылығы арасында кеңінен насихаттай білді. Өзін нағыз лениншіл большевик ретінде сезінді. Сол кезеңде Перовскі қалалық большевиктік ұйымды А. В. Червяков басқаратын. Ол ұйымның белсенді мүшелері Н. Ф. Селиверстов, С. Сапарбеков, Н. В. Виторский секілді большевиктермен танысқан Темір солардың бірінен үйренсе, екіншісімен қоян-қолтық араласа жүріп жұмыс істеді. 1917 жылғы шілде айында қала большевиктері жұмысшылар мен солдаттарды қарулы көтеріліске қызу әзірлегенде, соның белортасында Темір Камалов та болды.

1917 жылғы қазан айының аяқ кезінде, Петроград большевиктерінің ізін ала, Перовскі большевиктері де қаладағы уақытша өкіметті құлатып, большевиктік Перовскі Совдепін құрды. Бұл Совдептің құрамында Темір Камалов та бар еді. Совдеп мүшесі ретінде, Темір Камалов жасырын әрекет жасап, өз билігін қайтып алуға тырысқан контрреволюционерлерге тойтарыс беруге белсене араласты. 1919 жылғы наурызда КПСС қатарына қабылданған Темір артынша-ақ Перовскі совдепінің секретары болып сайланып, онда екі жыл жемісті жұмыс атқарды. Контрреволюционерлермен күресте де көзге түсе білген Камалов сонан кейін республика ішкі істер халық комиссариатының уездік комитетінде Саяси бюро бастығы болып істеп, 1922 жылғы 2 ақпаннан 10 наурызға дейін сондай аса жауапты міндет атқарды. Халық ағарту комиссариатының уездік комитетінде де хатшы болып істеді.

Дәл осы лауазымдарда қызмет істей жүріп, Темір ауылдық жерлерде бірнеше бастауыш мектептер ашудың инициаторы бола алды. Мектеп ашуға қарсы шығушылармен аяусыз күрес жүргізді. Сауатсыздықты жою саласындағы Темірдің қызметіне жұртшылық риза болды. Осы кезде Темір өзінің әкесінің немере ағасы Тәжінің бай есігінде жалшылық құрып жүрген баласы Ыбырайымды Ташкент қаласындағы балалар үйіне орналастырды. 1920 жылы Иса Тоқтыбаевтың инициативасымен Ыбырайымның Ташкент қаласында ашылған «Казинпрос» институтына түсіп оқуына көмектесті. Уақыттан оза отырып айтқанда, Ыбырайым Тәжиев Темір Камаловтың да, Иса Тоқтыбаевтың да сенімін ақтап, келешекте оның қазақ халқының көрнекті қайраткерлерінің біріне айнгалғанын айтуымыз керек. Ұлы Отан соғысының алдыңдағы жылдарда Қазақ ССР Коммуналдық-шаруашылық комиссарының орынбасары, комиссары, соғыс жылдарында Қарағанды ГРЭС-інің құрылыс бастығы, СССР электр станциялары халық шаруашылығы комиссариатының Бүкілодақтық «Главпромэнергомонтаж» Бас басқармасының бастығы, соғыстан кейінгі жылдарда өмірінің ақырына — 1960 жылға дейін Қазақ ССР Министрлер Советі төрағасының орынбасары және республика Жоспарлау комитетінің төрағасы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып істеді. Бірнеше рет Қазақ ССР, СССР Жоғарғы Советтеріне депутат болып сайланды.

...1921 жылдың аяғында Темір Камалов Перовскі уезі қалалық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл жұмыста жүріп ол партия ісіне шын берілгенін айқын көрсете білді. Жар құлағы жастыққа тимей жүріп жұмыс істеп, халық арасында партияны, Ленин ісін насихаттады. Келесі жылы ол Түркістан өлкелік партия комитетіндегі Сұлтанбек Ходжанов, Халық Комиссарлар Советіндегі Тұрар Рысқұлов, «Ақол» газетіндегі Иса Тоқтыбаевтың ұсыныстарымен Ташкентке қызметке ауысты. Ташкент уездік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі әрі бюро мүшесі болып сайланды. Енді бір жылдан кейін Ташкент облыстық партиялық бақылау комиссиясының төрағасының орынбасары болды. Осы қызметтерде жүріп Партия тарихы курсын сапалы оқып бітірді. Темір Камаловтың өміріндегі Ташкент кезеңі оның Ғ. Мұратбаев, С. Сапарбеков секілді көрнекті партия, комсомол қызметкерлерімен, Қарақалпақ обкомының бірінші хатшысы Әбу Құдабаевпен достығымен тығыз байланысты. Олармен бірлесе, ақылдаса жүріп қызмет істесті. Валериан Владимирович Куйбышев, Нәзір Төреқұлов, Иса Тоқтыбаев Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан большевиктерінің бірінші съезін ұйымдастырып, қазақ жерінен жаңа облыс құрған сәттен бастап Темір Камалов Оңтүстік Қазақстан облысы атқару комитетінің жауапты хатшысы болып сайланды. Мұнда ол екі жыл бойына жемісті қызмет атқарып, Шымкенттің Қазақ

жерінде индустриялы облыс орталығы болуына лайықты үлес қосты.
Бұрынғы Перовскінің (қазіргі Қызылорда қаласының) Қазақ автономиялы республикасының астанасы болуын Темір Қуана-қуана қарсы алды. Өзінің туып өскен ауылына енді ол ішкі істер халық комиссариатының әкімгершілік басқармасының бастығы болып қайта оралды. Темір бұл кезде ысылған партия, совет қайраткері саналатын. Оның Әкімгершілік басқармасының бастығы болып тағайындалуы республикада заңдылықты бұзбау, қоғамға жат қылықтылардың ел байлығына суық қол сұғуы сияқты әрекеттерге жол бермеу міндетін бірден алға қойды. Кейбір ішкі алаяқтармен аяусыз күрес жүргізді. Бұл ретте ол ішкі істер халық комиссары Сүлеймен Есқараевпен тығыз ынтымақта жұмыс жүргізді. Қызылордада 1928 жылға дейін жұмыс істеген Темір бұл кезеңде тағы да Қазақтың Орталық Халық шаруашылығы Советінің тексеру комиссиясының төрағасы, Қазақтың астық және мал шаруашылығы өнімдерін дайындау одағының жауапты қызметкері болып істеді.
1928 жылы партияның өлкелік комитетінің екінші хатшысы Ораз Исаев Темірді Павлодар облысына жауапты қызметке жекті. Екі жыл сондағы Баянауыл аудандық советі төрағасының орынбасары, тағы екі жыл төрағасы болып істеді. 1932—1935 жылдары Ақтөбе облысында облыстық бақылау комиссиясы партиялық коллегиясының хатшысы, Тереңкөл аудангдық совет атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істеді.
Қостанай облыстық партия комитетінің пленумы Темір Камаловты 1937 жылғы 23 мамырда облыстық партия комитетінің Советтік сауда бөлімінің меңгерушісі етіп бекітті. Бекітілгенге дейінгі және сонан кейінгі кезеңде ол бұл қызметте 6, 5 ай ғана отыра алды. Сол жылғы 14 тамызда Қостанай облыстық партия комитетінің бюросы Темір Камаловты халық жауы ретінде, контрреволюциялық ұлтшылдар тобының мүшесі болды деп айыптап, партия қатарынан шығарды. Осы жалақорлықтың авторы болған НКВД орындары сол күні-ақ оны түрмеге атып ұрды.
1938 жылғы 28 ақпанда ату жазасына кесілгенге дейінгі 7 ай бойына Темір Камалов өзінің партия ісіне, халыққа, Отанға титтей де кінасы жоғын, ешқандай контрреволюциялық ұйымға мүше болмағанын жалтақсыз баяндаумен болды. Қорқыту, зорлық-зобалаң оны мойыта алмады. Атылатын күнгі алдынан, қырынан түсірілген суреттерді көре отырып, біз Темір жалалы өлімді қасқая тұрып қарсы алғанын аңғарамыз. Рас, оның бет аузын сақалдың сояудай түгі басып кетіпті. Соған қарағанда НКВД жендеттері кезінде өз құрбандарына тағылықпен қараса керек.
Темір Камаловтың партиялылығын қалпына келтіру де біраз шырғалаңға түсті. Арада жиырма жыл өте бере, 1977 жылғы 3 наурызда Қостанай облыстық партия комитетінің бюросы Темір Камаловтың партиялылығын бұрынғы стажымен қалпына келтіру жайлы қаулы қабылдады. Ештен кеш жақсы деген ғой. Иса Тоқтыбаев түрмеден келіп, партия билетін қолына ұстатқанда оны жылай тұрып сүйіп еді. Егерде Темір Камалов та тірі болғанда, тап солай етіп, партия билетін сүйіп алар ма еді, қайтер еді. Міне, қыршын кеткен боздақтың өмір жолы осындай болды.
Темір Камаловтың қазақ халқы алдындағы сіңірген еңбегі кезінде лайықты бағаланғанын біз оның жеке ісінен айқын аңғарамыз. Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қостанай облыстық басқармасы бастығының орынбасары В. Клочковтың 1990 жылғы 10 қазандағы қатынас қағазынан айқын көрінгеніндей, Темір сол облыста істеген алты жарым айының ішінде «Қазақстанның 15 жылдығы» атты кеудеге тағатын значок алғанын, НКВД оны тұтқындап, үй мүлкін конфиска жасағанда мүліктерімен қоса значокті де, соның 4508 номерлі куәлігін де қосып алып кеткенін жазыпты. Темір Камалов атылып өлгеннен кейін ақтала тұрса да, оның семьясына сол значок пен куәлік әліге дейін табыс естілмепті. Ал сол Қостанай облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының әлгі біз атап көрсеткен қатынасына қарағанда, Темір Камаловтың сол значогі мен куәлігі облыстық совет атқару комитетінің төрағасына жолданғанға ұқсайды. Бәсе, сол значок пен куәлік қайда?
Темірді халық жауы деп ұстап кетіп, Алматы топырағында атқан шақта оның жұбайы Қатира 25 жаста ғана еді. Алды алты жаста, кішісі алты айлық бес баламен жесір қалған келіншек өмір салған бұл қайғыға ылажсыз көндігіп, таршылық тауқыметін түгелдей бастан кешіріпті. Әсіресе «халық жауының семьясы», «халық жауының қатыны» деген сөздер сүйектен өтіп, жас жүрегі онан сайын қажи түскен. Үй мүліктің конфискаланып алынып, жоқ болғаны былай тұрсын, кешегі ұлы Отан соғысы және онан кейінгі таршылық жылдарда ішерге ас, киерге киім таба алмаған кездер болыпты. Қатира Қостанайда үйлі-жайлы болып отырған бір салиқалы үйдің әйелі атанса, енді сол жақтан туған жер — «Қараөзек» совхозына әрең деп көшіп келді. Темірді көргендер, туған-туысқандар олардан қолдан келетін қамқорлықтарын аяған жоқ, өкімет адамдарының көзіне түсіп қаламыз-ау деп қорықпады.
Соғыс ылаңы, онан кейінгі аласапыран, жекелеген аш көзділердің сұқтануы — бәрі қосыла келіп, Қатираның жағдайының оңына басуына кері әсер ете берді. Үш баласын аштан өлтіріп алды. Тірі қалған Еркіні мен Болаты Темір армандаған бақыт құсына қол іліктірсе екен деп тілеп, барын солардан аямады. Еркін орталау білім алып, вагон деposынa кондуктор болып орналасты. Ал кіші ұлы Болатты қайтсе де жоғары оқу орнына түсіруді армандап, ақыры соған қолын жеткізе алды.
Темір Камаловқа арналған жеке істен мен Қызылорда облыстық совет атқару комитетінен, Қостанай, Павлодар, Ақтөбе облыстық партия комитеттерінен Қазыбек Әшірбеков деген азаматқа жазылған жауап хаттарды жиі кездестірдім. Қазыбек Әшірбеков кім? Ол Тереңөзек аудандық ішкі істер бөлімінің қатардағы қызметкері, офи-

цер. Темір Камаловтың семьясы тап болған қайғы-қасіретке ортақтаса білген жақсы азамат, әрі ауылдас жігіт. Міне сол азаматтың жер-жерге жазған арыз-шағымдарына келген жауаптардан оның шарламаған жері қалмағанын бірден білесің. Темір Камалов 1958 жылы, атылғаннан кейін тура 20 жыл өткенде ақталғанын білген бойдан, сол документті қолға сала салып, Темір Камалов жайлы тым жақсы мақаланы Тереңөзек аудандық газетіне жариялатыпты. Журналист болмаса да, журналистиканың едәуір жүгін арқалаған Қазыбек ініме рахметтен басқа айтарым жоқ.

— Жер-жерге жазылған арыз-шағымдар негізінен Иса Тоқтыбаев ағамыздың Қызылорда қаласындағы адресінен жіберіліп, жауап хаттар соған келіп отырды. Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келіп, коллективтендіру саясатын жүргізуде асыра сілтеуге жол берген, сөйтіп қазақ даласында екі миллион қазақтың аштан қырылуына, басқа жаққа жер ауып кетуіне душар еткен Голощекин Иса Тоқтыбаевты «халық жауы» деп жариялап, Ленинградта Советтік шығыс халықтары курсының Ректоры болып тұрған жерінен ұрлап әкеліп, соттатып жіберіп еді. 1933 жылы оны Киров бір рет түрмеден құтқарғанын да қызылордалықтар білетін. Кейін НКВД оны тағы ұстап, енді тура 20 жылға соттады. Соншалықты мерзімге түрмеде отырып келген Иса ағамыз бірден менің папамды іздестіріп, жер-жерге арыздар жазғызды. Атылған күнін де, атылған жерін де сол кісі тауып берді. Иса ағамыз менің папаммен айырылмас дос болып өтті. Екеуінің араларында төрт жас ғана бар еді,— дейді Темірдің кіші ұлы Болат. Қазір сол Болат — ғылым кандидаты, Қызылорда агроөнеркәсіп мамандарын әзірлейтін институтта кафедра меңгерушісі.

(Тереңөзек аудандық «Еңбек туы» газеті, 1990 жылғы 8—13 желтоқсан).

(Облыстық *«Ленин жолы»* газеті, 1990 жылғы 13 желтоқсан).

## б) «ХАЛЫҚ АЛДЫНДА АРЫМ ТАЗА...»

**Қазақ «ұлтшылдары» нені әңгімелеген екен? Тергеу құжаттарына ден қоялық.**

**«Ұлтшылдар Қазақ мемлекетінің келешегін былай есестетті: Монғолия типті Қазақ Халық Республикасы атанған демократиялық мемлекет құрған дұрыс. Бұл республикада барлық саяси партияларға, солармен бірге алашордалықтарға да бостандық берілу тиіс. Ауыл шаруашылығында ұйымдастыру формасы жекелендірумен ұйымдастырылады. Тек өндірістік құрал-жабдықтар мен машина-трактор станциялары жеке меншікке берілмейді. Ал натуралды ақы төлеу орнына шаруаларға ақшалай салық қолданылады. Жер жекеменшікке беріледі. Сауда аралас мемлекеттік және жекеменшік болады. Совхоздардың түрі сақталады. Өндіріс пен транспорт та мемлекет қолында қалады...**

**Қазақ халқы саясат, мәдениет және экономика жағынан артта қалып келеді. Сондықтанда капитализмнен аттап, феодализмнен социализмге секіруге болмайды. Бұл елімізді соңыра ретсіз құрбандыққа әкеп соқтырады. Сол себепті уақытша кері — капитализмге шегінген дұрыс. Сөйтіп, буржуазиялық демократия жағдайында бола тұрып, социализм үшін күресті жалғастыра беру керек...**

**Халықтың жағдайы қазіргі мемлекет тұсында да өте ауыр болып тұр. Себебі, қазақтар ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысып келген. Олардың ата-бабасынан келе жатқан шаруашылықтары ұйымдастыруға қалыптаспаған. Соған байланысты көптеген қиыншылықтар, қатерлі істер кезікті. Мұның бәрі елдің қарсылық-наразылығын тудырды...**

**Ұжымдастыру жұмыстары Қазақстанда ертерек басталды... Жағдайдың ауырлай түсу себебі — ұлттық кадрлардың жетіспеуі. Партия басшылары бұл мәселеге дұрыс көңіл бөлмеді. Басшылық жұмыстарда орыстар отыр. Олар жергілікті жердің жағдайын, ауылдың өмірін білмейді, сондықтан да жұмыста көптеген қателіктер жіберуде. Бұл халыққа ауыр тиюде...**

**Егер Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет бола алмайтын болса, мұндай жағдай әрі қарай жалғаса береді...»**

Міне, Темір Камаловқа және оның пікірлестеріне тағылған айыптар осындай. Қазіргі күннің тұрғысынан қарасақ, осы үшін айыптауға бола ма? Керісінше бұл неткен дәлдік, неткен кемеңгерлік, неткен көріпкелдік еді десеңші! Сол кездегі жағдайды қандай жақсы білген, туған халқының алпыс жылдай мерзімнен кейін келіп оралар жолын қалай дәл болжаған!

Десе де, осы пайымдаулар үшін Т. Камаловқа үш баптан тұратын мынадай аса ауыр айыптар тағылыпты:

Біріншісі, ол 1922 жылы ұйымдасқан «қожановшылардың» ұлтшыл тобына қосылып, соның құрамында 1929 жылға дейін антикеңестік жұмыстар атқарған;

Екіншісі, 1932—1937 жылдары мемлекетті, экономиканы және қорғаныс күшін ойсырату мақсатында Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан облыстарында партия, кеңестік және шаруашылық жұмыстарында зиянкестік әрекеттер жасаған;

Үшіншісі, фашистік мемлекеттердің Кеңес Одағына қарсы соғыс ашу қарсаңында контрреволю-

циялық көтеріліс ұйымдастыру мақсатында алдын-ала ұлтшыл кадрлар дайындаған».
Бұл тағылған айыпты Т. Камалов мойындап, қаулыға қол қоюдан бас тартқан. Бұған дәлел — тергеуші Беляевтің 1937 жылы 25 қазанда жасаған актісі. Онда былай делінген: «Айыпкер Камалов Темір қосымша айыптау қаулысына қол қоюдан себепсіз бас тартты...»
Соған қарамастан 1917 жылы қазан айында НКВД тергеушілері алдын-ала тергеу жұмыстарын аяқтап, істі сотқа жіберген. 1938 жылы 27 ақпанда КСРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясы бұл қылмыстық істі өзінің көшпелі сессиясында қараған. Сот мәжілісі 17 сағат 15 минутта басталып, 17 сағат 45 минутта аяқталған. Небары 30 минут?! Сөйтіп, Т. Камалов ең жоғары қылмыс жазасы — атуға кесілген. Соңғы сөзінде ол: «Менің қожановшылар тобында болғаным рас, бірақ ұлтшыл контрреволюциялық ұйымда болғаным жоқ, халық алдында арым таза»— деген. Бірақ, оның бұл сөзі де еленбей қалған. Әділетсіз үкім келесі күні Алматы қаласында жүзеге асырылған. Бұл іс 1958 жылы КСРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясымен қайта қаралып, Т. Камалов заң жүзінде толық ақталды.

*ӘМІРХАН БӘКІРОВ,*
ұлттық қауіпсіздік комитетінің подполковнигі.
(*«Сыр бойы»* газеті, 1993 жылғы 10 маусым)

## ЕЛІМ ДЕП ЕМІРЕНГЕН

Міне менің қолымда қазақ халқының ардагер ұлдарының бірі, халық жазушысы Әбділда Тәжібаев ағамыздың осыдан төрт жыл бұрын жазған хатының ксерокөшірмесі тұр. Ол хат сол кездегі облыс әкімі Сейілбек Шаухаманов мырзаға арналған. Онда былай делінді:

> Аса қымбатты Сейілбек!
> Туған қаламды да, туысқаным өздерінді де сағындым. Құдай бұйыртса жақында барып қалармын. Әзірге хатпен сұрайтыным — Қызылорданың туған ұлдарының бірі, кезінде сол қаланың биік дәрежелі басшысы болған, кейін Орта Азия қайраткерлерінің бірі болған, менің де көзімді ашқан ағамыз Нұрғали Сәтіғұлов биыл 100 жасқа толады. Мүмкін болса, сол кісінің қалада атын атап көше беріп, музейде орын алуына болысуыңызды сұраймын.
> Ағалық құрметпен *Әбділда Тәжібаев.*
> 1993 жылғы 7 шілде»

Әбекеңнің хатында «биыл» деген сөз анық жазылған соң, мен оны сол күйінде алдым. Мадақтап отырған, қалада бір көшенің атын беруді, музейден орын алуды өтінген азаматы — Сәтіғұлов Нұрғали облысымыздың Тереңөзек ауданында, Қараөзек өзегі бойында шаруа семьясында туылған азамат екенін ескерсек, қадірменді аға өз хатында сол жүз жасқа толатын мерзімді дәл атап көрсетуі керек еді. Бірақ елім деп емірене өткен, жиырма жасында бұрынғы Перовск қаласында аса жауапты жұмыстар істеп, Әбділда Тәжібаевтай халық сыйлаған кісінің құрметіне бөлене білген азаматтың атып тарихта қалдырамын деп жұдырықтай жүрегі атша тулаған жазушы ағамыз облыс әкіміне жазған хатының осы бір түйткіліне онша мән бере білмепті.
Не пайда, халық жазушысының облыс әкіміне айтқан бұл ұсынысы кезінде әкімнің бірінші орынбасарының біріне жолданғанымен, ондағы айтылған уәждерге мән берілмей, бәрі ұмыт қалыпты. Сірә Нұрғали Сәтіғұлов облысқа аты беймәлім кісі десе керек, керек десе оның нендей қызметтер атқарғаны да белгісіз күйінде қалып қоя берген.
Облыс жұртшылығына аты онша мәлім болмаған Нұрғали Сәтіғұлов Октябрь төңкерісінен кейін аты жарық жұлдыздай болып Перовск өлкесіне танымал бола бастағанымен, өмірінің кейінгі жылдарында республиканың басқа аймақтарында уездік прокуратура органдарында прокурор болып істеген, Түркістан өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы, Халық Комиссарлар Советінің коллегия мүшесі — іс басқарушысы болып істеген Нұрғали Сәтіғұлов Қызылорда жұртшылығынан гөрі бүкіл республика халқына танымал болған азамат еді. Міне менің қолымда Қазақ ССР Мемлекеттік Хауіпсіздік Комитетінің орталық архивінен алдырылған анықтамалық өмірбаян мәліметтері баяндалған құжат тұр. Оны маған біздің «Боздақтар» естелік кітабының редакциясы репрессия құрбандары жайлы екі томдық кітаптар шығарумен айналысып жатқанын естіп, Нұрғалидың жалғыз ұрпағы — Қызылорда қаласы, Орджоникидзе көшесі, № 20 үйдің он алтыншы пәтерінде тұратын Клара Нұрғалиқызы әдейі әкеліп беріп еді.
Нұрғали Сәтіғұлов Қызылорда облысының Тереңөзек ауданында, сондағы екінші ауылда болыстық жер бөлімінде жер реформасын жүргізетін бөлімнің іс жүргізушісі болып қызметке орналасып, тура жиырма жасында-ақ көзге түскен. Перовск революциялық комитетінің төрағасы Жолмағамбет Өткелбаев, ТүркЦИК мүшесі, «Ақжол» газетінің редакторы, Республикалық халыққа білім тарату комиссиясының төрағасы Иса Тоқтыбаев, Ішкі істер халық комиссары Сүлеймен Есқараев Нұрғали Сәтіғұловтың іскер де принципті қызметкер болғалы тұрғанын тез байқап, оны аса қомақты қызметтерге қоюды мақсат

тұтады. Нұрғали Сәтіғұлов дәл осы үш қайраткерлердің көземелдеуімен 1919 жылғы қазанда Перовск Төтенше Комиссиясы төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалып, онда 1920 жылғы қазан айына дейін істеді. Ол осындай қызмет орнында отырып, халыққа жеккөрінішті болып көрініп, мұсылман қазақтарды арбаға байлап әкеліп, сотсыз-дымсыз аттырып тастап отырған Перовск совдепінің төрағасы Иосиф Гержоттың қылмыстық әрекеттеріне қарсы шығады. Мәселен Гержот өзінің қылмыстық әрекеттерін тексеретін Төтенше Тергеу комиссиясын бастап, Ташкенттен шыққан Иса Тоқтыбаевты, өзін сынаған Мәскеудегі «Шығыс» баспасының директоры Жүсіпбек Басығаринді Перовск топырағын басқан сәтте ұстап алып, бірден атып тастау жайлы шығарған Гержот бұйрығын «Машинасоюз» деп аталатын мекемеде істейтін Тұңғышбай Жетербаев деген азаматқа жасырын түрде жеткізіп, өлімге бұйырылған екі азаматты да арашалап алып қалу шараларын жасады. ТүркЦИК шешімімен Нұрғали Сәтіғұлов дәл осы Гержот қылмысын тексеру жөнінде Айрықша істер жөніндегі тергеушілік қызметте болып, жендеттікке салынған Гержотты әшкерелеуде асқан белсенділік танытады. Осы Сәтіғұлов Нұрғали дайындаған тергеу материалдары бойынша Гержот қылмысты жауапқа тартылып, сот скамьясына барып отыруға мәжбүр болады.

Нұрғали Сәтіғұлов 1920 жылғы қарашадан 1922 жылғы маусымға дейін Түркістан өлкелік партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, жер-су бөлімінің меңгерушісі болып істейді. Сондай аса жауапты қызметтерді жер-су шаруашылығы Бас басқармасы бастығының орынбасары, облыстық жер басқармасының бастығы қызметтерімен қоса атқарады. Тап сол кезде Нұрғали Сәтіғұловтың иығында бірден төрт қызмет саласы болды.

1922 жылғы тамыздан 1923 жылғы тамызға дейін Ташкентте ішкі істер халық комиссары, Жетісу және Алматы қаласы бойынша жерге орналастыру жөніндегі Сенімді өкіл болып істейді. 1923 жылғы шілдеден 1934 жылғы ақпанға дейін Ақмешіт қаласында БКП(б) уездік комитетінің жауапты хатшысы болып істеп жүргенде Гержот зобалаңы кезінде өлкеден басқа жаққа жылыстауға мәжбүр болғандарды қайтару мәселесімен шұғыл түрде айналысуына тура келді. Сондай-ақ, мұсылман қазақтардан тартып алынған малмүлікті қайтарту да оның басты мақсаттарының бірі болды.

1924 жылғы наурызда Сүлеймен Есқараевтың ұсынысымен Нұрғали Сәтіғұлов Шымкент қаласындағы губерниялық прокуратураның прокуроры болып тағайындалады. Келесі жылғы наурызда дәл осындай қызметке тағайындалып, Петропавл қаласына ауысты. Бұл аса жауапты салада ол 1929 жылғы мамырға дейін істеп, өз аймақтарында жер дамуы, ел дауы, барымташылармен күрес, ұрлық-қарлықты болдырмау, ел тыныштығын сақтау саласында қыруар тірліктер атқарды. 1929 жылғы мамырда астана Қызылордадан Алматыға ауысқанда Үкімет қаулысымен Нұрғали Сәтіғұлов үкімет коллегиясының мүшесі — іс басқарушысы болып тағайындалып, онда жеті ай істегеннен кейін қайтадан прокуратура органына ауысуға тура келді. Орал қаласында алты ай губерниялық прокуратураның прокуроры болып істеді.

1930 жылғы қыркүйекте Нұрғали Сәтіғұловты қайтадан совет қызметіне тағайындауға тура келеді де, бір жыл Орда қаласының совет атқару комитетін басқарады, екі жылдай Алматы қаласында Халық Комиссарлар Советінің көшпенді халықтарды жерге орналастыру комиссиясының хатшысы болып істейді. Сол қызметті Ақмола қалалық совет атқару комитетінің төрағалық қызметімен қоса атқарады.

1937 жылғы 7 тамызда Нұрғали Сәтіғұловтың басына бірден «бұлт» үйіріліп сала берді. НКВД «қырғилары» оған халық жауы деген жалалы айып тағып, Алматы облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының бастығы болып істейтін Нұрғалиды кабинетінде отырған жерінен қолдарын кісендеп, түрмеге ала жөнелді.

Мұнан кейінгі хикаяны Нұрғалидың жалғыз ұрпағы Клара Нұрғалиқызы былайша жалғастырды:

— Әкемді жендеттер кабинетінде отырған жерінен ұстап кеткен сәтте менің анам Нағипа туысы Айманкүл Тәжібаеваның үйіне кеткен екен. Әбділда Тәжібаевтың туған анасы — Айманкүл және оның Әбділдасымен менің анам етене араласып тұрған ғой. Анам біраздан кейін үйіне келсе, НКВД жендеттері үйді тінтіп, астан-кестенін шығарып жатқан үстінен түседі. Анама «халық жауының қатынысың» деп тиісіп, бір бұрышқа тырп еткізбей қамайды да қояды. Жендеттер папамның біраз қағаздарын, жеке мүлкін сыпырып-сиырып ала жөнелген. Анам көрегендік танытып, дереу апасы Айманкүлмен ақылдасады да, екі жасар мені, алты айлық Тұрарын алып, Қызылордаға, Қараөзек бойындағы төркін жұртына қашқан. Сөйтіп ол жеке өз басының қамалудан аман қалуына жағдай жасаған. Екі айдан кейін Тұрары өліп кетті. Анам 1976 жылы қайтыс болғанға дейін папамның тағдыры кейін не болғанын біле алмай-ақ қойды. Біз әліге дейін папамның тағдыры кейін не болғанынан хабарсызбыз,— деді Клара қарындасымыз жыларманға келе сөйлеп.

1992 жылы республикалық «Даладидары» деп аталған газетте Алматыда тұтқындалып, НКВД жендеттерінің құрбаны болып кеткен боздақтарды бір тізбеге түсіріп, газеттің бірнеше номеріне сол тізбелерін бастырған демограф ғалым Мақаш Тәтімтегі деген азаматтың еңбегіне риза болып, сол газеттің біраз номерін өзімде сақтап жүр едім. Өзімдегі номерлерден Сәтіғұлов Нұрғалидың атын кездестіре алмадым да, сол газет сақталады-ау деген облыстық кітапханаға, архивке жүгіруге тура келді. Біреулер: ондай газет облыстық телерадиокомпаниясы орналасқан үйдегі бұрынғы партия комитетінің кітапханасынан табасың дегенді айтты. Абырой болғанда әлгі газет кейін келмей кеткенімен, соның 1992 жылғы біраз номерлері табылды. Газеттің сол жылғы 48-нші номерінде ба-

сылған КСРО Жоғарғы Сотының әскери алқасы көшпелі сессиясының үкімі бойынша, Нұрғали Сәтіғұлов 1938 жылғы 3 наурызда 38 боздақтың бірі болып атылып, Алматыда жерленген болып шықты. Демек Қызылорда топырағының абзал ұлдарының бірі, елім деп еңіреп өткен Нұрғали Сәтіғұлов 41 жасында жендеттер қолынан шәйт болған. Осы хабарды мененесіткен сәтте Клара, оның қызы Сәуле ботадай боздап жылап жіберді.

Енді әңгімеміздің басында келтірілген Әбділда Тәжібаев ағамыздың хатына қайта оралайық. Әбекең осыдан төрт жыл бұрын Нұрғали Сәтіғұловтың туғанына 100 жыл толуын лайықты атап өту, оған Қызылордадан бір көшенің атын беру, музейден орын әперу туралы ұсыныс қойған болса, биылғыдай саяси қуғын-сүргін құрбандарын атап өту жылы үстінде ол ұсыныстың маңыздылығы еселеп арта түседі. Осы биыл облысымыздың екі боздағы — Сүлеймен Есқараев пен Нұрғали Сәтіғұловтың туғанына тура 100 жыл толғалы отыр. Облыс әкімінің бірінші орынбасары С. Нұрғисаев Сүлеймен Есқараевтың туғанына жүз жыл толуын лайықты атап өту жайлы қаулы қабылдап, тиісті комиссия құрып, өте дұрыс істеді. Сондай бір ауқымды шешім елім деп еңіреп өткен келесі жарық жұлдызымыз Нұрғали Сәтіғұлов жайлы да қабылданса нұр үстіне нұр болар еді.

*Мырқы ИСАУЛЫ.*

## ҚАЗМҰХАМБЕТ КҮЛЕТОВ. Қисынсыз жаланың құрбаны

**Касиетті Қазалы топырағында небір дүр, небір өнер саңлағы, батырлар өмір сүрген. Кешегі Ұлы Отан соғысында бұл ауданнан майданға аттанған 3 азамат Кеңес Одағының Батыры атанса, сол сұрапыл соғыс жылдарында танкі ығында тұрып солдаттарға арнап құйқылжытаән салған Роза Бағланова қазір Халық Қаһарманы атанып отыр.**

**Қазалы жерінде Қызыл империя жылдарында репрессия өрті қаулай түсті. «Боздақтар» естелік кітабының заңды жалғасы ретінде шығарылғалы отырған «Аза І» кітабының алғашқы томына бұл ауданнан 39 топтасқан қылмысты істер хаттамасы енгізілсе, оларда жазықсыз жазаланған 352 азамат қамтылған. Солардың 122-сі НКВД үштігінің жалалы айыптаулары бойынша атылған. Бұл — «Аза» кітабының бірінші томындағы мәліметтер ғана. Оның екінші томы алдағы жылдардың үлесіне жатады.**

**Облыс бойынша 4 мың астам азамат жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағаны мәлім. Солардың төрттен бірі атылған. Сондай қисынсыз жаланың құрбаны болған абзал азаматтардың бірі — тап осы Қазалы топырағының түлегі, кезінде Қазақстан республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы болып істеген Күлетов Қазмұхамбет Кәрібайұлы еді.**

* * *

Осы ауданның № 1 ауылы, «Қарашеңгел» елді мекенінде 1897 жылы 6 қазанда Кәрібай шаңырағында дүниеге келген Қазмұзхамбеттің ғұмыры осындай зобалаңға тап болып, 40 жасында өмірден баз кешерін кім білген. Кедей шаруаның семьясында өмірге келген Қазмұхамбет ә дегенеақ орыс-қазақ түземдік мектебін бітіріп, көзге түсе білді. Жиырма бір жасында Ленин париясының мүшелігіне өтіп, Қазалы уездік партия комитетінде хатшы болып қызмет істей бастады. Бұл — оның әділ де принципті партия қызметкері бола алатындығының айқын дәлелі болды.

Қазмұхамбет тиісті заң оқу орнын бітірді де, бар ғұмырын құқық саласына бағыштады. Орал губерниялық прокуратураның прокуроры болып тағайындалып, мұнда өзін іскерлігі, әділдігі, заң қағидаларын қастерлей білуімен ерекшеленді. Арада бірер жыл салып, партия оны республика Жоғарғы Сотының Төрағалығына ұсынды. Мұнда ол сот билігінің әділдігі, сот шешімдерінің халық көңілінен шыға білуі үшін күресті. «Тура биде туған жоқ» деген қағида оның күнделікті іс әрекетінің темір қазығына айналды. Колхоздасу, шаруалар малын тартып алып, ұжымға өткізу кезіндегі көптеген келеңсіз әрекеттерге Қазмұхамбет өз тарапынан талай рет төзбестік білдірді.

Голошекиндік билік кезінде Қазмұхамбет Күлетов кеңес, партия қызметіне ауысты. Оңтүстік Қазақстан облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы болып істеді. Облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болды.

Қазмұхамбет Күлетов Кәрібайұлы Қызыл империяның жендеті Голощекиннің зобалаңына, әсіресе шаруаларды тәркілеп, мал-мүлкін тартып алу, сөйтіп өздерін жер аудару сияқты солақай саясатына Оңтүстік Қазақстанда қарсы алғашқы үн көтерушілердің бірі бола білді. Шаруалар малын тартып алу — халықты ашаршылыққа ұшыратудың бірден-бір жолы екенін талай рет салиқалы жиындарда ашық жария етті. Әрине, оның бұл әрекеті Қызыл империя жендеті Голощекин-

ге, оның атарман-шабармандарына, әсіресе оның бірден-бір сойыл соғарлары болып табылатын ОГПУ, НКВД органдарына ұнамады.

Республика астанасынан берілген «құпия» нұсқауға сәйкес, Күлетов Қазмұхамбет Кәрібайұлы 1937 жылғы 1 маусымда Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің кеңсесінде, ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің кабинетінде, өзінің байырғы орнында отырғанда қамауға алынды. Түсі суық екі адам кабинетке адуындай басып кірді де, Қазмұхамбеттің кабинетінде бұрыннан отырған бір азаматты шығартып жіберген бойдан кабинет иесінің қолына кісенді сарт еткізді. Әйшайға қарамай, оны сыртқа сүйрей жөнелді. «Халық жауы» деп айыпталатын адамдарды әдетте кісендеп алып, сыртқа қарай сүйрей жөнелетін НКВД жендеттері бұл ретте де сол әдеттен ауытқымады.

— Не үшін мен тұтқындаламын? Нендей кінам бар?— деп Қазмұхамбетә дегенде қарсылық көрсете беріп еді. Жұлқып тастаған екі жендеттің бірі: «Халық жауы, үніңді шығарма, обком үйінен айқай-шусыз шығатын бол!» деп жекіді.

Қазмұхамбет облыстық НКВД басқармасының зынданына атып ұрылды. Алғашқы күнгі тергеу-тексерулерде оның жауап беруінен соққы алуы: бетке ұрылуы, іштен, бүйірден тебілуі секілді тергеуге «үйретілу» көбірек болды. РСФСР Қылмыс кодексінің атышулы 58 бабының 2, 10 және 11 тармақтары бойынша қылмыстық жауапқа тартылып, оны Кеңес өкіметін құлату, Қазақстанды СССР-ден бөліп әкету мақсатын көздеген жауыздық топтың мүшелерінің бірі еткісі келген тергеуші сол мақсатына жету үшін сан алуан зымияндық сұрақтар берді.

— Қазақстанды СССР-ден бөліп әкетіп, өз алдына мемлекет еткісі келген жауыздық идеяны алғаш кім, қашан, қайда отырып айтты?

— ?

— Колхоздасу саясатының зиянды екенін саған кім айтты, қашан айтты?

— ?

— Ауыл шаруашылығын коллективтендіру, байлар мен құлақтардың малын колхозға алу саясаттарына қарсылық көрсетуді кім, қашан, қалайша саған айтты?

— ?

— СССР-ді құлатпақ болып, есек дәмеленген топ жетекшілерің Сәкен Сейфуллин ғой ә? Әлде Тұрар Рысқұлов па? Әлде Нәзір Төреқұлов па? Сен қайсысымен тығыз байланыста болдың?

— Аттарын атаған азаматтармен мен түгелдей тығыз байланыста болғанмын,— деп Қазмұхамбет осы тергеуші алдында тұңғыш рет мырс ете күлді. Сол-ақ екен, ауызына жұдырық сарт етіп, алдыңғы төрт тісі опырылып, аузынан қара қан ағып қоя берді.

Шымкент тергеушілері ештеңе өндіре алмады да, Қазмұхамбетті Алматыға жөнелтті. Онда оны Садықов деген төргеуші ә дегенде иекке ала тергей жөнелді. Бәрібір, сұрақтар бөз баяғы болғанымен, түрлендіре сұрақтар қойылғанымен, жауабы — біреу, ештеңе білмеушіліктен аспады.

Сондай тергеу-тексерулер жүргізілген, тергеуші Садықовтың қабағынан қан тамған күндердің бірінде өзге екі жендет кіріп келді де, Қазмұхамбетті келесі бөлмеге сүйрей жөнелді. Аяғынан жоғары іліп, басын салбыратты да, тырнақтарын қысқашпен біртіндеп жұла бастады. Сол қолының бес саусағы тырнақтан жұрдай бола бере, оң қолын қалам ұстатуға аман қалдырды да, ілмешектен босатып алпы. Тергеуші Садықов пайда бола кетіп, қағаз-қаламды Қазмұхамбеттің көзіне көрсетіп, қол қоясың деп дігерледі. Қакмұхамбет тіпті күтпеген батылдыққа барып, тергеушінің бетіне түкіріп жіберді де, есінен тана құлап түсті.

Сол күні тергеуші Садықов мынандай қатынас әзірлеп, өз бастығына жөнелтті. Ол былай деп жазды:

«1937 жылдың 19 қарашасы. Алматы қаласы

КССР Ішкі Істер халкомының орынбасары мемлекет қауіпсіздігінің майоры ВОЛОДЬЗКО.

Мен Ішкі Істер халкомы МКБ 4 бөлімінің жедел өкілі мемлекет қауіпсіздігінің кіші лейтенанты Садықов РСФСР қылмысты кодексінің 58 статьясының 10—11 баптарымен айыпталған Жүргенов, Күлетов және басқаларының айыптау ісін қарап, бұл іспен айыпталғандар мыналар деп таптым:

1. Құрманғалиев Рамазан 4.10.37 ж. тұтқындалды.
2. Күлетов Қазмұхан 2.07.37 ж. тұтқындалды. (Сіре Садықов оны өзі тергей бастаған күнді атап отырса керек — **М. И.**)
3. Жүргенов Темірбек 3.08.37 ж. тұтқындалды.
4. Жансүгіров Ілияс 11.08.37 ж. тұтқындалды.
5. Меңдешов Сейтқали 24.09.37 ж. тұтқындалды.
6. Сейфуллин Сәкен 24.09.37 ж. тұтқындалды.
7. Орымбаев Мұқаш 10.08.37 ж. тұтқындалды.
8. Құрамысов Ізмұхан 17.08.37 ж. тұтқындалды.

Осы аталған адамдардың бәрі троцкистермен және оңшылдармен байланысты, советке қарсы ұлтшыл ұйымның мүшелері. Белсенді түрде советке қарсы ұлтшыл жұмыстар жүргізген.

Іс бойынш тергеу барысында анықталған советке қарсы ұлтшыл ұйымның тағы да бірнеше мүшелерінің тұтқындалуы қажет болғандықтан және белгіленген мерзімде тергеуді аяқтай алмаған соң, іс жүргізу кодексінің (УПК) 116 статьясына сәйкес қаулы етемін:

Құрманғалиевтің, Күлетовтің, Жүргеновтің, Жансүгіровтің, Меңдешовтің, Сейфуллиннің, Орымбаевтың, Құрамысовтың істерін жүргізу және оларды қамауға алу мерзімін 1937 жылдың 25 желтоқсанына дейін ұзарту ҚССР прокурорынан сұралсын.

Мемлекет қауіпсіздігінің кіші лейтенанты САДЫҚОВ.

КЕЛІСЕМІН: МҚБ 4 бөлімнің бастығы мемлекет қауіпсіздігінің лейтенанты КАТКОВ»

Осы құжаттың шекесіне «1937 жылдың 25 желтоқсанына дейін ұзартылсын» деп жазылып, мөр басылыпты. Яғни сол жылдың 23 қарашасында республикалық прокуратура НКВД сұранысын қанағаттандырыпты.

1937 жылдың 25 желтоқсанына дейін ұзартылған осы қылмыстық іс 1938 жылдың ақпанына дейін созылды. Алғашқыда Темірбек Жүргенов пен Қазмұхамбет Күлетовті тергеуден басталған бұл қылмыстық іс 1938 жылғы 26 ақпанға дейін 37 адамға дейін «ісінді». Сол күні таңертең тергеуші алдына әкелінген Қазмұхамбетті әуелі бір сағаттай соққылап, есінен біраз тандырып алды да, көзін әзер деп аша берген сәтін аңдыған Садықов оған дереу қағаз-қалам ұсына қойды. Бәрі бір өзі атуға бұйырылғалы, «қылмыскер» атанғалы отырғанын ұққан Қазмұхамбет қаламды қолына ала бере көрсетілген жерге сүйкей салды.

Қазмұхамбеттің осы «мойындауын» малданған ҚССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы 1938 жылғы 26 ақпанда мынандай үкім шығарды: «Күлетов Қазмұхамбет Кәрібайұлы ... троцкистік топтың мүшесі ретінде, совет өкіметін құлатқысы келген. Қазақстанды СССР-ден бөліп, Жапонияға тәуелді етпек болған. Компартия басшыларының көзін жоюды мақсат еткен... Күлетов Қазмұхамбет осындай қылмыстар жасады. Сол үшін оны ату керек. Үкім тез арада орындалуға жатады».

Сонымен 1938 жылғы 26 ақпанда (жендеттер әдетте адамдарды түнде ататыны мәлім) Күлетов Қазмұхамбет Кәрібайұлы 37 азаматтың бірі болып, Ілияс Жансүгіров, Ілияс Қабылов, Бейімбет Майлин, Мұқаш Орымбаев, Сәдібек Сапарбеков сынды қазақтың бірегей ұлдарымен қатар тұрып өлім оғын күтіп алды...

Біз бұл деректерді республикалық қауіпсіздік комитетінің қорынан, сондағы № 16—20 істен алдық. Оның бержағында «Егемен Қазақстан» газеті 1997 жылғы 31 мамырдағы санында Күлетов Қазмұхамбет жайлы бірсыпыра деректер жариялады.

Бірақ біз Күлетовтің суретін таба алмадық. Соңғы сөз Қазалы ауданының әкімі Болатбек Пүсырманов мырзаның жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына деген жылы ілтипаты туралы. Оның өзінің әкесі, әкесінің інісі — екі азамат халық жауы ретінде атылып кеткенін ескерсек, әкім Күлетов Қазмұхамбеттің туғанына 100 жыл, жаладан қаза тапқанына 60 жыл толуын атап өтуді үйғаруы қолдауға тұрарлық іс болары сөзсіз. 1997 жылы туғанына 100 жыл, жаладан қаза тапқанына 60 жыл толған Сүлеймен Есқараевты салтанатпен атап өтсек, енді сондай бір игілікті шара қараөзектік Сәтіғұлов Нұрғали жайлы да жүргізілсе құба-құп болар еді. Осы үш азамат «Боздақтар» естелік кітабының алтыншы томына «Заң қызметінің үш арысы 1997 жылы 100 жасқа толған болар еді» атты арнаулы бөлім болып енгізілгелі отыр.

## ХАЛҚЫНА ҚАЛҚАН БОЛҒАН

**Өткенімізді зерделеп, болашағымызды бағамдауға мүмкіндік беретін биылғыдай тарихи мәні зор жылда жоғары оқу орындарының да бұған атсалысуы ерекше. Жақында Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының ұйымдастыруымен 20—30-шы жылдардағы белгілі мемлекет және қоғам қайраткер Абдолла Розыбақиевтің 100 жылдығына орай ашық мәжіліс өткізді. Оған консерваторияның оқытушылары мен қызметкерлерімен бірге студенттер және А. Розыбақиевтің туған-туысқандары қатысты.**

Мәжілісті кіріспе сөзбен ашқан кафедра меңгерушісі А. Аманбаев өз сөзінде А. Розыбақиев сынды ірі қайраткерлерді кейінгі ұрпақ ұмытпайтындығын, өйткені, олар қарама-қайшы заманда өмір сүрсе де халық тағдыры жолында талмай күресіп, артына өшпестей із қалдыра білгендігін тілге тиек етті.

Көпшілік қауым үшін қызықты өткен бұл бас қосудың негізгі баяндамасын «Ұлттық және әлеуметтік бостандық жолында жанын құрбан еткен тағдыр» атты тақырыппен осы кафедраның доценті А. Жандосов жасады. Аталмыш баяндамада көрсетілгеніндей, Абдолла Розыбақиев өмірде өзін әр қырынан таныта білді. Монархия тәртібі келмеске кетіп, қираған кезде ол колониалды жүйенің қалдықтарын жою үшін жан-тәнімен күресіп бақты. Жетісудағы жергілікті органдардың билігін ұйымдастыру шараларына белсене қатысады. Алматыда, Қызылордада, Павлодарда, Ташкентте және Мәскеуде жауапты қызметтерде болған ол Қазақстан мен Түркістанның көп ұлтты тұрғындарын мемлекеттік құрылысқа жаппай тарту үшін көп жұмыстар атқарады. Оның ұйғыр мәдениетіне қосқан үлесін ұшан-теңіз деуге болады. Ұйғырлардың тұңғыш газеті «Кембағаллар авази» да Розыбақиевтің белсенділігі арқасында жарық көреді. Ол осы газеттің редакторы бола жүріп, басқа ұйғыр тіліндегі басылымдардың редакциялық алқасына мүше болды. Ол ұйғыр драматургиясының негізін салды, алғашқы

пьесаны өзі жазды, сондай-ақ ұйғыр тілін тану саласында да көптеген еңбектер жазып қалдырды.

Баяндамашының айтуына қарағанда, А. Розыбақиевтің тұлғасын ашу ісінде әлі де көпшілік біле бермейтін тұстар көп. Мәселен, Абдолланың әкесі 1916 жылдан Верный мешітінің бірінде имам болғандығын, сондықтан да ұлының социалистік белсенділіктеріне аса ықыласты еместігін көбісі біле бермейді. Дегенмен де зерек өскен бозбала әкесінің мақұлдамағанына қарамай, өзінің өмір жолын өзі таңдап үлгерді, ол революциялық идеяларға шын ниетімен тартылды. Баяндамада, сондай-ақ А. Розыбақиевтің Ораз Жандосовпен бірге жұмыс істеген жылдары жайында көптеген қызықты деректер бар. Бұл замандас тұлғалар елдің саяси өміріне бірдей араласты (1918 жылы) және саяси-сатиралық «Садақ» журналын шығару жолында бірлесе жүріп жұмыс істеді. Олардың бірлескен жұмыстарының жемістілігі, әсіресе, екеуінің Жетісу облыстық ұлттық істер жөніндегі комиссариатта істеген жылдары айқын көрінді. Комиссариатты О. Жандосов басқарса, ал А. Розыбақиев оның орынбасары болып қызмет атқарды. Міне, осы жерде жүріп Розыбақиев 1916 жылғы ұлт-азаматтық көтерілісіне қатысушыларға қатысты ақтау, оларды шовинистік пиғылдан қорғау мәселесіне белсене араласты. 1919 жылдың 4 қаңтарында болған комиссариаттың мәжілісінде айтқан пікірлері, ұсынған позициясы да осының айқын дәлелі бола алады. Онда жергілікті жауапты қызметкердің осы оқиғаға байланысты шовинистік көзқарас білдіруіне орай арнайы мәселе қаралған болатын. Розыбақиев мұны көпшіліктің талқысына салуды ұсынды. Оның ұсынысы бойынша баспасөз арқылы Жетісудың орыс ұлтты тұрғындары арасында 1916 жылғы оқиғаның мазмұны, шындығы жайында жалпыкөпшілік акцияларының ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру туралы қарар қабылданды. Бұл қарар бойынша көтеріліске қатысушылардың амнистияға ілігу процесі қатаң бақылауға алынып, оларға қатысты көрсетілген әрбір шовинистік пиғылдағы әрекет жазасыз қалмайтындығы белгіленді. Ал, әлгі күш көрсетуші қызметкердің мәселесі осы мәжілісте қаралып, оның ісі сотқа тапсырылады.

Жалпы А. Жандосовтың қызықты деректермен өрілген бұл баяндамасында қос қайраткердің: О. Жандосов пен А. Розыбақиевтің саяси өмірбаяны қатар баяндалады. Сөйтіп, заманының алды болып, ел-жұртын игілікті бастамаларымен ұйыта білген азаматтарға да қатер бір күнде төнеді. 1937 жылғы НКВД-ның оларды тұтқынға алуы, артынша оларды «мемлекетке қарсы қызмет істеген» деген айып тағуы да бір күнде жүзеге асты. Тіпті, О. Жандосов пен А. Розыбақиев «үштіктің» үкімі бойынша бір күнде атылады.

Мәжіліске қатысушылар да өздерінің сөйлеген сөздерінде Қазан революциясының ерлік істермен қатар трагедиялық салдарлары көп болғандығын тілге тиек етті. Тарихты зерттеу, зерделеу ісінде де ұлттық коммунистік тұлғалардың қайраткерлігі жайында айтылған қарама-қайшы пікірлер аз болған жоқ. «Ұлттық коммунизм» деп аталған күресін емес, ұлттық азаттығын, оның ерекше мазмұнын өрнектеуі тиіс еді.

Бас қосу соңында Розыбақиевтің немересі, консерваторияның доценті Ризвангүл Хасанова сөз сөйлеп, атасының құрметіне жасалған кеш үшін ұйымдастырушыларға, жалпы қатысушыларға алғыс сезімін білдірді.

Жалпы бұл кештің тағылымдық қасиеті мол болды. Әсіресе, жастар жағы атақты адамның өмірінің кейбір тұстарын жаңадан таныгандай әсерде қалды. Бұл ретте ұйымдастырушылардың ойы, мақсаты іске асты деуге болады.

*Райхан БАЙБАТЫРОВА,*
консерваторияның оқытушысы.
*АЛМАТЫ.*
(*«Егеменді Қазақстан»,* 1998 жылғы 29 мамыр)

*«Боздақтар» редакциясынан:* Қызылорда қаласы — Қазақстанның астанасы болған жылдарда осында жауапты қызмет атқарған Ораз Жандосов пен Абдолла Розыбақиев екеуі бір күнде атылған деген мәлімет беріледі. Ал, архивтік деректер бойынша, Оразалы Қиқымұлы Жандосов КСРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясы көшпелі сессиясының Алматы қаласында 1938 жылғы 28 ақпандағы үкімімен атылса, Абдолла Ахметович Розыбақиев — 3 наурыздағы үкімімен атылған. Абдолла біздің Қызылорда облысының түлегі Нұрғали Сәтіғұловпен, белгілі қайраткерлер С. Құрамысов және М. Масанчимен қатар қойылып атылып кеткен. Сол 3 наурыз күні жалпы 38 боздақ өлім оғын құшты.

## АНЫҚТАМАЛАР: «Біз айтсақ, көріп білгенімізді айтамыз»

### а) Ыбырай Кеншімбаев айтады:

Мен, Кенщімбаев Ыбырай, Қызылорда қаласы, Красная көшесі, № 1 үйде тұрамын. 1927 жылдан бері дербес пенсияға шыққанға дейін ішкі істер органында істедім. Қатардағы милиционер, учаскелік инспектор, тергеуші болдым. 1906 жылы туғанмын. 1941 жылдан КПСС мүшесімін.

1937—1938 жылдары қатардағы милиционер ретінде, қазіргі ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасы ғимаратының ішкі жағындағы бұрынғы НКВД түрмесінде қарауыл болғанмын. Сол кездегі милиция бастығы Мусин еді. Кейін ол министр де болды. Өзі қызылордалық болатын. 1953 жылы жүрек ауруынан өліп кетті. НКВД түрмесінің төменгі қабатында жататын халық жаулары деп бағаланған адамдарды ататын күні түнгі сағат екіде түрмеге Мусин келетін. Келе сала біздей сыртқы қарауылдарды бірер сағатқа үйлеріне барып, демалып, пəленбай сағатта қайтып келіңдер деп бұйыратын. Сол кезде НКВД үйінің астыңғы қабатындағы боздақтардың қолдары байланып, көздері таңылып, атылатын жерге алып кетуге əзірлік жасалатын. Атылатын адамдарды тиеп, атылатын жерге жеткізетін қара түсті, үсті жартылай ашық жүк машинасы болатын. Біз «уақытша» үйімізге кетіп бара жатқанда қораның төрінде сол машина гүрілдеп, бір жаққа жол жүруге əзірлік жүргізіліп жатқанын байқаушы едік. Халық жаулары деп бағаланған азаматтарды негізінен қаланың оңтүстік жағындағы құмға, Қарауылтөбеге, қаланың батыс жағындағы қалың жиде арасына, ара-тұра Бірқазан жаққа, онда да Қарабайтал сойған деген жерге апарып ататын.
Бір күні ішкі түрмеге кілең сақалды шалдар, молдаларды жинапты дегенді естідік. Сырттай олар кімдер екен деп бір-бірімізден сұраймыз. Арада бірер күн өте бере Мусин түн ортасында жан алғыштай жетіп келді де, біздей сыртқы милиционерлерді тура екі сағатқа үйімізге қайтарды. «Бүгін молдаларды Тайпының құмына апарып атады екен» деген сыпсың əңгіме де естіліп қалды. Мен болсам: тап қазір Тайпының құмына бару мүмкін емес, екі ортадағы дариядан тікелей өте алмайды. Қайықшыны шақыртпай болмайды. Ал қайықшы болса, елден жиналған молдалардың бəрін таниды ғой. Ол мүмкін емес. Жақын бір жерге ататын болғаны ғой. Бізге Тайпының құмына апарып атады екен дегенді елге лақап ретінде таратсын дегені-ау ə» деп топшылап, үйіме жеткенше қиялым қырық саққа жүгірді. Расында да тап осы ойым дұрыс болып шықты. Молдаларды қаланың батыс жағындағы қалың жиде арасына апарып атқанын ертеңіне барып сұрап білдік. Меніңше, қаланың батыс жағындағы Куйбышев, Журба, Есқараев атындағы көшелердің бойында əр жерде боздақтар денелері жатыр.
НКВД органында боздақтарды ататын арнаулы милиционерлер ғана болды. Олардың əскери шені кемінде майор еді. Бастықтары болды. Фамилиясын ұмыттым. Бірақ фамилиясы сірə Г əрпінен басталатын орыс па, хохол ма, əйтеуір өзге ұлт өкілі еді.

1990 жылғы 28 желтоқсан.

*«Боздақтар» редакциясынан:* талайлардың қанын суша төккен НКВД жендеттерінің адамзатқа қарсы жүргізген əлгідей қылмыстық істерін əшкерелеуші Ыбырай Кеншімбаев 1993 жылы қайтыс болды. Тоқсанға қараған шағында бұл пəниден өтті.

### ə) Бодық Жөнбаев айтады:

Мен, Жөнбаев Бодық, 1914 жылы туғанмын. Бұрынғы «Жаңатұрмыс» колхозында көп жыл жылқышы болып істедім.
Тайпының құмы деп біз Шіркейлі каналынан өтетін көпірдің терістігінде, қала жақ бетінде тұрған үлкен төбені айтамыз. Біреулер оны «Қалмақ қашқан» деп те атайды. Мен сол төбенің баурайында талай жыл мал баға жүріп, адамдарды жаппай атқан жерді есітіп-білген емеспін. Молдаларды түн ортасында дариядан қайықпен алып өтіп, осы жерге əкеліп атты деу — НКВД жендеттерінің халықты шатыстыру мақсатында айтқаны болса керек. Рас, бұл құмда анда-санда адам сүйектері көзге түсіп қалатын. Біз оны баяғы тас-талқан болып жеңілген қалмақ жауынгерлерінің сүйектері деп келдік. Қайдам?!

1989 жылғы 23 желтоқсан

### б) Бабаш Жөкенов айтады:

Мен, Жөкенов Бабаш, Киров атындағы кеңшар тұрғынымын. 1945 жылдан партия мүшесімін. Соғыс жəне еңбек ардагерімін.
Тайпының құмы — дарияның жағасында, Шіркейлі каналының бұрынғы сағасының қасында, Байнақ көлінің жағасы. Соның бəрін Тайпының құмы дейді. Оны табу оңай. Ол облыстық əскери комиссариат үйінің тұсында, ескі қорғанның төменгі жағында, 1—2 км жерде водокачка тұр. Тура соның қарсысы — дария жағалауы. Біз ол жерді «Төрт саға» дейміз. Ол жерде 1937—1938 жылдары қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Сейтқасым Жүнісовтың əкесінің үйі отырған.
Кошқар ата қорымының шығысындағы биік құм баурайында тоғыздың біреуі болып атылып, оқ тимей, артынша көрді тесіп қашып шыққан Омар

деген азмат дарияның оң жағалауында Қостерек деген жерде отырған менің Базаркүл деген әжеме келіп, жалынып, киім, тамақ сұрап алғаны рас. Түнде өзеннің арғы жағында, Кошқарата моласы жақтан тарсылдай атылған мылтық дауысы шыңғырған адамдар даусын есітіп, әжем үрейі ұша, түнімен ұйықтай алмай жатса керек. Тап сол күні қатар отырған үш үйлі қыстауда менің Базаркүл әжем ғана қалып, қалғандары Қызылордаға кетсе керек. Әлгі бейшара жан қыркүйектің қара суығында қалшылдап тұрғанын, үстінде көйлек-дамбалынан басқа лыпасы жоғын, әрі осындай қара суықта өзеннен малтып өткенін біледі де, әжем үстіне ескі-құсқы киім кигізіп қолына бір тапа нан ұстатып, шығарып салыпты. Сол кезде менің Базаркүл әжем отырған Қостерек деген жерге таяу тағы екі там тұратын. Сол екі тамды тұтқынға түскен австриялықтар салып берген еді. Біз оны «Қызыл там» деп атайтынбыз. Сол күні түс ауа қала жақтан біраз шошақ бас киімділер келіп, менің әжемнен осындай да осындай қашқын адам көрдің бе деп сұраса, әжем «бір бейшара анау екі үйге қарай жүгіріп бара жатқан» дей салыпты.

Сонымен әлгі Омар үш ай бойы ауыл арасында қашып жүрді. Ол аудандық партия комитетінің хатшысы болып істеген Тышқанбаев деген абзал азамат еді. Ол Қошқар ата көрінен Қалмаш Байғонов деген, Сырдария аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысымен бірге қашыпты. Екеуі де үш айдай ауыл арасында қашып-пысып жүрді де, ақыры НКВД жендеттерінің қолына түсіп, екінші рет атылған өлім оқтарын қабылдады. Айта кетейін, халық оларды ұстап берген жоқ. Байғонов болса, нағашы әжесін, екі нағашы ағасын түрмеден шығартып алу үшін жендет қолына өзі барып түсті. Ал Омар Тышқанбаев болса, НКВД тыңшыларының бірінің сыбырлауымен, шөп астында тығылып жатқан жерінен бесатар найзасының ұшына ілініп, бірден жан тәсілім етті. Осы екі боздақпен бірге облыстық газет редакторы болып істеген Кайыпназар Қауымбаев деген ел қадірлеген азамат та атылып кетті.

(1990 жылғы 23 желтоқсан)

## в) Тоқсанбай Шырдаев айтады:

Мен, Шырдаев Тоқсанбай, 76 жастамын. Қызылорда қаласы, Үшінші шағын аудан, № 3 үйдің бірінші пәтерінде тұрамын. Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі мүгедегімін.

1937—1938 жылдары мен Тайпының құмына жақын, Қызыл қайық аузында отырдым. Бір күні үш молданы (екеуі орта бойлы, біреуі ұзын бойлы) қара машинаның қорабына мінгізіп алып өтті. Шіркейлі жағынан әкелді. Олар сол жақтағы атақты молдалар екен деген сөз гу ете қалды. Біреуі Қара молда екен дегені жадымда қалыпты. Қызыл қайыққа қара машинаның өзін сыйғызып, үстіндегі молдаларымен бірге өтіп кетті. Қорап ішінде кітаптар толып тұрды. Оларды Тайпының құмына әкеліп атар болса, тағы біздің қайық арқылы өткізілер еді ғой, олай болған жоқ. Қалай дегенмен де, молдалар қала іргесінде атылып, сонда жерленді.

Қошқар ата қорымы жанындағы құмда тоғыздың біреуі болып атылып, өзіне оқ тигізбеген күйі, көрді тесіп қашып шыққан Омар Тышқанбаев болса, ол біздің Қызыл қайық жанындағы «Жаңатұрмыс» колхозында үш айдай қашып жүргені рас. Түнде үй-үйді жағалап, тамақ сұрап ішетін. Күндіз шөп астына тығылып жататын НКВД жендеттері оның жанашыр туыстарын таба алмай, соным өзін ұстауды алдарына мақсат етіп қойды да, ауылға тыңшыларын қаптатты. Бір тыңшы күндіз оның шөп астында тығылып жататынын айтып қойған. Соны естіп, ауылға найзасы жалтылдаған бесатарлар ұстаған әскерилер қаптады да, шөп атаулыны піскілей бастады. Қойсын ба, бір сәтте найза Омарға кірш ете түскен. Оны сол жерде атып тастап, бір шұңқырға көме салған. Халық өзіміз жерлейік деп айтқысы келген екен, бірақ «үндеместерден» бәрі түршігіп, ештеңе демепті.

1990 жылғы 24 желтоқсан.

## г) Баттал Жүсіпбеков:

Мен, Жүсіпбеков Баттал, Киров совхозының тұрғынымын, соғыс және еңбек ардагерімін.

1937—38 жылдардағы репрессияда молдалар көптеп тұтқындалып, қойша қырылғаны рас. Нұржанов Әбілда деген атақты молда болды. Журналист Ахметжан Нұрекеевтің әйелінің әкесі еді. Сол Әбілда Бұхарадан келген болатын. Бір күні соның үйіне Аппақ ишан келіп қонады. Аппақ ишанның әкесін Совет үкіметі Аравияға дипломатиялық жұмысқа жеккен еді. Сол кезде аппақ ишан жас болып, әрі рұқсат қағазы болмай, әкесімен бірге Арабияға кете алмай қалған еді.

НКВД тыңшыларыӘбілда мен Аппақ ишанды ұстап әкетті. Сонан екеуі де хабар-ошарсыз кетіп бара жатыр.

(1990 жылғы 23 желтоқсан)

### ғ) Әлібек Абылаев:

Мен, Абылаев Әлібек, Қызылорда қаласы, Журба көшесі, № 100 үйде тұрамын. Менің анам Оразкүл көзінің тірісінде қара молданың (Алматыдағы Қалтай Мұхаметжановтың әкесінің) күміс шақшасын тауып алған әйел Қызылордада тұрады, Куйбышев көшесінен өтетін каналдың жағасынан тауып алдым деп айтқанын маған жеткізіп еді. Менің шешем сол Қара молданың қарындасы болатын. Ал менің әкем болса, ол ауылдағы атақты зергер ретінде Қара молдаға әлгі күміс шақшаны әдемілеп соғып берсе керек. Бас қосуларда Қара молда сол күміс шақшасын шағарып, әуелі насыбайдан өзі атады екен де, сосын ол шақша дастархан басындағыларды жағалап кетеді екен.

Күміс шақшаны тауып алған әйел менің анама былай депті: бір күні қаланың батыс жағында жыныс жиде тоғайы арасында тарсылдаған мылтықтар дауысы естіліп, сонымен бірдей ойбайлаған еркектер үні де шыққан. Бір сойқанның түн ортасында болғанын сезген әлгі әйел (сол кезде ол қазіргі Шевченко көшесі тұсында ең шеткі үйде тұрыпты) сол ойбай шыққан жерге бұқпантайлап барса, түндегі майқан орнын көреді. Адам қаны суша шашырап жатқанын көрген. Бір кезде анадай жерде күміс шақша жарқырап көзге түсе кетсе керек. Әйел үшін бұл аз олжа емес еді.

Менің анам 1979 жылы қайтыс болды. Оған дейін қазіргі үйімізді соқтық. Қабырғасының орнын қазу үстінде екі қарыстай ғана топырақ астынан екі адамның денесі шыға келді. Сол адам сүйектерін анадай жердегі орыс моласына апарып, ақ жуып арулап жерлегендей етіп, көмдік. Сөйттік те, үйімізді сала бердік. Үйіміз бітіп, ішіне кірген бойдан шеткі бір бөлмесіне барып жатудан қалдық. Түнде әлде бір күңгірлеген үн естіліп, таяқпен ұратындай болды да тұрды. Мен қорқып, ол бөлмеге жатуды қойдым. Анам Қара молда ағасына арнап құран оқитын да, сонан кейін ғана өзі жататын. Соның жайын білгім келіп, анамнан мұның мәнісін сұрағанда естігенім: Қара молданың күміс шақшасын әлде бір әйел тауып алғаны, ол кісі осы маңда, яғни Куйбышев көшесі бойында атылып, сонда жерленді деу ғана болды. Кейін мен әлгі күміс шақшаны тауып алған әйелді сұрастырып білгім келіп еді. Анам оның кім екенін айтпауы, 1979 жылы өзі өліп кетуі салдарынан ол әйелдің кім екенін біле алмайақ қойдым.

Кейін менің айтуыммен журналист Мырқы Исаев «Қара молданың күміс шақшасы» атты көлемді мақала жазды. Өте дұрыс істеді. Мен Алматыдағы Қалтайға, оның Қызылордағы ағасы Әби мен інісі Ибрагимге осы күміс шақша жайлы айтып та бердім. Олар сол молдалар атылды деген жерге — Куйбышев көшесі бойындағы жем сататын ларек жанына үй тігіп, әкеме ас береміз, күміс шақшаға шүйінші белгілейміз, сөйтіп оны таптырып аламыз дегендей болып еді. Ол уәде әліге дейін орындалмай келе жатыр.

(1990 жылғы 28 желтоқсан)

### д) А. Омашева:

«Боздақтар» кітабының редакторы, құрметті Мырқы ағай! Сіздің облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланған «Ождан бостандығына озбырлық болды» атты мақалаңызды оқып, көзімізді жасқа бір бұлап алдық. Сол мақалада атап өткен Зұлқарнай Икрамов деген інііңіздің үйіндегі келініңізбін. Мұғаліммін, сіздің балаларыныздың бәріне дерлік сабақ бердім.

Кешегі зұлмат заманында Зұлқарнайдың әкесі Икрамды (құдайым атын атағанымды кешіре көрсін) молдалығы үшін халық жауы ретінде ұстап әкетіпті де, Қарауыл төбе құмына апарып атып жіберіпті. Менің енемді «халық жауының қатынысың» деген сылтаумен олай-былай қуғыштап, әбден көрсетпеген азабы қалмаған. Сол кезде Икрамның артында қалған шиеттей баланың үлкені — менің күйеуім Зұлқарнай Қарауыл төбе қырғын жөнінде мәлімет беруші Табылды Мақұлбековтың жұбайы Шәрипаның әке-шешесінің үйіне паналапты. Сол Зұлқарнайдың інісі мешел күйінде қалып, өлмеші күйінде күн кешуде.

Менің ардақты атам Икрам сол ұсталып кеткеннен кейін оның тағдыры не болғанын білмеген күйі іш құса болып өліп кетті. Ал оның мүгедек болып қалған інісі, менің қайным болса, оған өкімет тарапынан жеңілдік әпере алмай, басым дал болды...

Қызылорда қаласы.
Анықтамаларды жинаушы: *И. Исаұлы.*

## 8. ХАБАР-ОШАРСЫЗ КЕТІП БАРАДЫ

### а) Бастау Бастов айтады:

Тереңөзек ауданындағы Сәкен Сейфуллин атындағы совхозда Әбжәли Бікіров деген молда болды. Бір жолы сол кісі Совет екіметінің бірқатар игі тірліктеріне ризалығын білдіру ретінде: «бұл үкімет жүз жыл жасайды» десе керек. Бар болғаны сол ғана. НКВД тыңшылары соны өз бастықтарына өңін айналдырып жеткізіп, совет өкіметі жүз-ақ жыл жасайды, жүз жылдан кейін құриды деді деп жала жапқан. Керек десе Әбжәли молда совет өкіметін масқаралап сөйледі деп те сыбырлаған. Молданы артынша ұстады да кетті. Сол кеткеннен хабар-ошарсыз кетіп барады.

Әбжәли молданың бір баласы бар. Аты — Нұрат Әбжәлиев. Біздің аудандағы «Қараөзек» совхозында тұрады, ал інісі Хайрулла Бікіров біздің ауылда. Ақ көкірек, адал жүректі, абзал молданың ұшы-күйді жоқ болып кетуі қабырғамызға батады.

— Біздің ауылда Әбдірей Карлыбаев деген де молда болған, — деп Бастау Бастов әңгімесін жалғастырды. Білімді, өмір тәжірибесі мол молда еді. Шымкент облысындағы бұрынғы Қызылту ауданында Келес өзені тасып, төңірегін топан су алып кетсе керек. Келес өзені тасып, төңірегін топан су алып кетсе керек. Әбдірей соған қара бура[1] салып байлатады. Дәл сол оқиғаны суреттеген республикамызға белгілі жазушы-журналист Әзілхан Нұршаихов өзінің «Келес коммунисі» деген шығармасында Әбдірей Қарлыбаевтың осы тірлігін мақтап жазды.

НКВД сол Әбдірей Қарлыбаевты да халық жауы деп тауып, түрмеге атып ұрды. Не үшін, нендей кіна үшін қамалғаны белгісіз күйінде, ұшты-күйдікетіп барады.

Сол Әбдірей Қарлыбаевтың туған ағасының баласы Шамшат Пірімбетов те НКВД құрығына түсіп, ұшты-күйді жоғалды. Сол Шамшат бұрынғы Каганович деген колхозда республика халық Комиссарлар Советінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетовпен бір рет жәй суретке түссе керек. Сол суретті сылтау етті де, халық жауы ретінде атылған Құлымбетовпен тілеулес болдың деп Шамшат Пірімбетов те түрмеге атып ұрылды.

Сонымен біздің ауылымыздан осындай боздақтардан дерек болмай, олардың қайда атылғанын да біле алмай жүрміз.

### ә) Қалман Қалыбеков айтады:

Шиелі ауданындағы «Алғабас» елді мекенінің тұрғынымын, еңбек ардагері болыптабыламын. Сыр дүлділі Нартай Бегежанов біздің Шиелі топырағының атын шығарған кісі ғой. Соның басқаруындағы концерттік бригадада менің жерлесім Мырзабай Әділов те болған. Сол Мырзабай ағамыздың үйіне Нартай, Күндебай, Әбужүсіп, Бари деген артистер жиі келіп, думандататын да отыратын. Олардың отырған жері ойын-күлкі еді.

Мен жас талант ретінде осы кісілердің концерттерін жиі тыңдайтынмын. Олардың өнеріне риза болғаным соншалық Шиелі мен Алғабас арасына жаяу қатынап, концерттен қалмауға тырысатынмын.

Бір күні Шиеліде Нартай Бегежановтың өзі және соның бригадасындағы артистер үлкен концерт береді екен деген хабарды естіттім де, жаяу жүгіріп ала жөнелдім. Нартай сырнаймен бірнеше ән орындады. Күндебай, менің Мырзабай ағам да өз өнерлерін көрсетіп жатыр.

Бір кезде сахнаға орта бойлы, ашаң өңді татар жігіті Бари шыға келді. Қунақы тілді, әзілі мол кісі екенін мен бұрыннан білетінмін. Менің Мырзабай ағамның үйінде болғанда оның әрбір сөзі біздің ішек-сілемізді қатыратын. Сол Бари қолын оңды-солды сілтеп, манандай тақпақ айтты:

— Пам-пам, парарам,  
Майға піскен қара нан.  
Қара нан да табылмас,  
Еңбек етпей даладан.  
Жақсы даусым болса егер,  
Мен де Шарадай бола алам.  
Жүйрік атым болса егер,  
Мен де көкпар шаба алам.  
Қолымда папкам болса егер,  
Мен де райком бола алам.  
Пам-пам парарам,  
Майға піскен қара нан.  
Қара нан да табылмас,  
Еңбек етпей даладан...

Бұл тақпақ сөзіне залдағылар ду күлді. Мен де күліп жатырмын.

Концертке аудандық партия комитетінің хатшысы, НКВД-ның бастығы да қатысып отырса керек. «Колымда папкам болса егер мен де райком бола алам» деген бір ауыз сөз аудандық партия комитетінің хатшысының шамына тие кетсе керек. Сол арада ол қасындағы НКВД бастығына тапсырма беріп, Бариды түрмеге қаматты. Ешқандай зілі, астары жоқ тақпақ сөзін олар өңін айналдырып, Бариды 10 жылға соттатпақ болды. Араға Нартай Бегежанов түсіп, 10 жылды 2 жылға әрең шегерттірді.

---

[1] «Қара бура»— ағын суды қамыс, қоға, шеңгел, жыңғыл, тағы сондай ірі бұтадан шом етіп буып, арасына ауыр нәрсе салынған бума. Сол бумаларды ағын суға тастап, су ағысын тоқтатады.

Бари екі жыл түрме жазасын тартып, әбден жүдеп-жадап елге оралды. Мырзабай ағамның үйінде мен оны тағы да кездестірдім. Сонда оның былай дегені менің әлі күнге дейін көңілімде сайрап тұр:

— Мен тілден жаздым ғой. Сол тақпақ сөздерін кім шығарғанын білмеймін. Мүмкін өзім ойлап таптым ба екен. Ол жағы есімде жоқ. Өзімнің де ептеп өлең шығаратыным бар болатын. Ешқандай астарсыз, зілсіз тақпақ сөздері үшін екі жыл түрме азабын тарттым. Өкінішке орай, мен сол Бари артистің фамилиясын ұмытып қалыппын. Оның әлгі бір ауыз тақпақ сөздері кезінде облысқа тарап, оны жастар жиі айтып жүрді. Ауылға алғаш таратушы мен болып едім...

Сол Бари артистің фамилиясын іздестіріп, талайлармен тілдесуге тура келді. Бақсақ, сол Бари түрмеден шығып, елге жүдеп-жадап келісімен, облыстық баспасөз басқармасына қарауыл болып тұрыпты.

— Баридың Нартай Бегежанов бригадасында артист болып істегені, қу тілді, ойнақы сөзді өнер иесі болғаны рас. Оның фамилиясы Мұхамедьянов болатын. Өзі ер көңілді, адал жүректі, шындық үшін күресуші ретінде танылған кісі еді,— дейді Ұлы Отан соғысының ардагері, дербес пенсионер, қарт журналист Ахметжан Нүрекеев. Аханның бұл пікірін облыстық «Ленин жолы» газеті редакциясының еңбекші хаттары бөлімінің меңгерушісі Қайырбек Мырзахметов те қолдайды.

Иә, кешегі репрессия жылдарында осындай бір ауыз, зілсіз тақпақ сөздері үшін де жазаланды дегенге тіптен сенгің де келмейді. Бірақ сенбеске лаж жоқ, айғақты жәйттер осындай.

### б) Баттал Нүсіпбеков айтады:

Мен Сырдария ауданы, Киров атандағы совхозда тұрамын. Соғыс, еңбек және партия ардагерімін. Ұлы Отан соғысының алдындағы жылдарда Қызылорда қаласында Әбділда Нұржанов деген белгілі совет, сауда қызметкері болып еді. Өте сауатты, инабатты қызметкер болатын. Қызылорда қаласында оны білмейтіндер кемде-кем еді. Қазірде Қызылорда қаласында тұратын соғыс және еңбек ардагері, белгілі журналист Ахметжан Нүрекеевтің әйелі сол Әбділданың қызы болатын. Әбділда Бұқарадан келген, мұсылмандық тәлім-тәрбиені көп көрген кісі еді.

Бір күні соның үйіне Аппақ ишан деген кісі келіп қонған. Әппақ ишан кім еді? Оның әкесін Советтердің Бүкілроссиялық Орталық атқару Комитеті Арабияға елшілікке жіберген. Сол кезде Аппақ ишан әрі жас, әрі рұқсат қағазы болмайды да, елде қалып қояды. Артынша Аппақтың әкесі ұшты-күйді жоғалған. Әке мен бала бірбірінен еріксіз айырылған. Менің естуімше, Аппақтың әкесі Арабияға кеткенде мынау баласы алты-жеті жаста ғана болса керек. Өкінішке орай, мен сол Аппақтың шын аты қайсы, әкесінің аты қайсы деген сұраққа әліге дейін жауап таба алмай келемін.

НКВД тыңшылары Әбділда Нұржановтың өзінің ізіне түссе де, әлгі Аппақ ишанның ізіне түссе де, оны ешкім білмейді. Қызылорда төңірегіндегі молдаларды жаппай тұтқындау зобалаңы туғанда оны үйіндегі қонағымен қоса ұстап алып кетті. Сол кеткеннен Әбділда із-түзсіз кетіп барады. Ал Аппақ ишан болса, оның тағдыры не болғаны мүлдем белгісіз күйінде қалып қойды.

— Иә, менің атам Әбділда Нұржановтың 1937 жылы ұсталып кеткені рас. Сонан бері ол ұштыкүйді кетіп барады. Қайда қамалды, қайта атылды, оны ешкім айтып бере алмайды. Ал Аппақ ишан жайлы әкесінен жастай қалған әйелім ештеңе айтып бере алмайды. Сол кезде Қызылорда қаласындағы жалғыз тұтыну одағының бастығы болып істеген атамның үйіне сол жылдарда кімдер келіп, кімдер кетпеген дейсің,— дейді Ахметжан Нүрекеев ағамыз.

### в) Бабаш Жәкенов ойтады:

Мен де сол Киров атындағы совхозда тұрамын. Партия ардагерімін.

Бүкіл өмірімді осы Сырдария ауданында өткізіп келемін. Осы төңіректен ұшты-күйді жоғалған боздақтар жайлы бес саусағымдай білемін десем, артық айтпаған болар едім. Әлдебіреулер мені «Қызылорда топырағының шежіресі» дейтін көрінеді. Несі бар, шежіре болсам, шежіре шығармын. Бірақ мен қағаз бетіндегі шежіре емеспін. Қазіргі Қазақ ССР-нің 50 жылдығы атындағы совхоз Сырдария ауданында орналасса, СССР-дің 50 жылдығы атындағы совхоз көршілес Тереңөзек ауданында ғой. Екі ауыл бұрынғы майда колхоздар есебінен бір-бірімен ауыл аралас, қой коралас жатқан. Осы екі совхоздың алты боздағы Ташкент жақта ұсталып, сонан хабар-ошарсыз кетті. Олар мыналар еді:

Құлахмет Ниязов Бірқазанның жігіті еді. Көп жыл адвокат болып істеген. Голощекиндік зобаландағы ашаршылықта Ташкентке кетіп, сол жақта «халық жауы» деген жаламен ұсталды. Сонан ұшты-күйді жоқ болды. Оның жұрағаттары СССР-дің 50 жылдығы атындағы совхозда болуы мүмкін.

Пірмағамбет Көтібаров та осы совхозда су мұрабы болып істейтін. Мойнақ деген рудан еді. Оның атасы Көтібарға орнатылған ескерткіш Қызылорда — Шаған трассасының бойында тұр. Пірмағамбеттің туған жері қазіргі машина-сынау станциясының төңірегі болатын. Сол есіл жігіттен де хабар-ошар болмаған күйі кетіп барады. Ташкенттің төңірегіндегі бір елді мекеннен ұстап

әкеткен. Кім ұстады, қызылордалық НКВД әдейі адам жіберіп ұстатты ма, әлде сол жақтың тыңшылары ұстады да, ол жағы белгісіз күйінде қалды.
Көтібардың Әлмағамбеті мен Ибрагим деген балалары да сол Ташкент жақта халық жауы деген жаламен ұсталып, олар да ұшты-күйді кетіп барады. Сонымен, Әлмағамбет Көтібаров, Ибрагим Көтібаров, олардың ағасы Пірмағамбет Көтібаров — бір шаңырақтан үш боздақ хабар-ошарсыз кетті. Медеубай Дәрменбаев сумұрын жаппастың белгілі кісісі болатын. Жұмысшы факультетінде мұғалім болып істеген. Оның қызы Дариға Дәрменбаева көп жыл сауда саласында істеп, құрметті еңбек демалысына шықты. Ташкент жақта сол Медеубай да халық жауы деген жаламен ұсталып, ұшты-күйді кетіп барады.
Баймахан Әлішеров қалайша ұсталды? НКВД тыңшылары оны Құлахмет Ниязовтың туысы деп ұстады. Ташкент жақта Баймахан да тымтәуір қызмет атқарып жүретін. Оның інісі Мұқанбетәлі қазірде СССР-дің 50 жылдығы атындағы совхозда есеп қызметкері болып істейді.
Туған жері Қызылорда облысы болып табылатын осы алты боздақты сонау Ташкент жақта кімдер тыңшылық жасап, ұстатқаны белгісіз күйінде, қамалған орны, атылған жері ашып көрсе тілмеген қалпында елеусіз болып қалып барады. Осындайларды кімдер зерттеп, кімдер жоқтаушы болар екен?

### г) Зәкида Әубәкірова айтады:

Мен Қызылорда қаласы, Толстой көшесі, № 20 үйде тұрамын. Үй шаруасындағы әйелмін. Менің әкем Алдашбайұлы Әубәкірді 1937 жылы ұстап әкеткенде мен есімді білетін, тұлымшағым жалбыраған қыз едім. НКВД жендеттері әкемнің қалтасын ақтарып, тінту жүргізіп еді, 695 сом шықты. Әкемнің иелігінде қанша мал болғанын білмедім, оларды да, үстіміздегі үйімізді де сыпырып алып, шиеттей бізді айдалаға қаңғыртып тастады да кетті.
Әкемді сонан бастап көргенім жоқ. Оның інісі, Қожахмет екеуі бір күнде айдалып әкетіліп, ұшты-күйді жоғалды. Тірі болса олар келер еді ғой, сірә жендеттер атып тастаған болса керек. Әкемді және оның інісін іздестіруден жалықпағыныммен, ештеңе шығара алар емеспін.
1992 жылы, бір күні облыстық қаржы басқармасының бастығы К. Шөкенов мырза қол қойған хат алдым. Баяғы әкемнің қалтасынан алған 695 сом жайлы екен. 1947 жылғы, онан кейінгі ақша реформалары бойынша, ол 7 сомға дейін азаяды. Соны 42-ге көбейтіп, 294 сом аласың деп қарап тұр. Әкемнің құны сол ғана болғаны ма? Тартып алынған мал-мүлік, үстіміздегі ақбоз үйіміз жайлы бір ауыз да сөз қозғалмайды.
Қаржы басқармасы бастығының бұл «мейіріміне» қарағанда әкем ақталған болар?
Бір ғажабы сол, Шөкенов мырзаның бұл хаты менің жүрегімді жаралады. Әкемді ұстап әкеткенде, оның қалтасынан тінту жолымен алынған 695 сомға ол кезде оншақты қой сатып алуға әбден болатын еді. Ал, мынау 294 сомға бір носки де түспейтін болған соң, мұндай мазақ хатты отқа тастадым. Жаным жараланып, бір жеті екі көзім бұлауда жүрді.
*Автордан: «Зерде» — «Боздақтар» редакциясына облыстық ұлттық хауіпсіздік комитетінен түскен мәліметтер бойынша, 1893 жылы Қармақты ауданының № 9 ауылында туған Алдашбаев Әубәкір 1937 жылғы 27 қыркүйекте атылған. Оның інісі Қожахмет Алдашбаев молдалық құрғаны үшін сол күні 10 жылға сотталды да, НКВД зындандарының бірінде ұшты-күйді жоқ болып кетеді.*

### ғ) Бөпіштай Әміріқызы айтады:

Мен Қызылорда қаласы, Красная көшесі, № 30 үйде тұрамын. 82 жастамын. Әкем Әмір Қилыбаев тура менің он сегіз жасқа қараған шағымда, 1937 жылы халық жауы деген жаламен ұсталып кетті. Оның халыққа қандай жаулық жасағанын мен әлі күнге дейін біле алмай қойдым.
НКВД «Үштігі» әртүрлі жазаға соттаған 90 боздақты Қостанай қаласына айдап апарыпты. Аштық, жалаңаштық, көрген азап — бәрі қосылып, Әмір әкемнің денсаулығы күрт төмендеген. Әкемнің Жарылқаған деген інісі бар еді, ол әкемнен алған хаты бойынша Қостанайға әдейі барып, тамаққа тойындырып, әл жинатқан. Лагерь басшыларына пара беріп, ағасын елге алып қайтқан. Бірақ, айдауда жүріп көрген азап, қорлық әкемнің денсаулығын күрт бұзған болып шықты, елге келді де, үш күннен кейін көз жұмды. Әмірден — мен ғана ұрпақ ретінде қалсам, Жарылқағаннан Жақсылық атты бала бар.
Әкеммен бірге Қостанайға жер аударылған боздақтардан қазір тірі жүргені бар ма екен?
Автордан: Облыстық ұлттық хауіпсіздік комитетінен алынған мәліметте Әмір Қилыбаев жайлы дерек жоқ болып шықты. Ал, сол Қостанайға жер аударылған 90 боздақтың көзі тірілері болса, немесе ұрпақтары табылса, осы жолдарды оқыған бойдан облыстық «Зерде» — «Боздақтар» кітабының редакциясымен хабарласар деген үміттеміз.

## ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ЖАЙЛЫ ЛЕБІЗДЕР

### Зұлмат құрбаны болған Жапар

Дария қолтығындағы «Сәдірата» қолтығындағы он төрт үйлі шағын ауылда туып өскен Жапар Әбдікәрімов ә дегенде оқуда алғырлығымен, тәртіптілігі, өнегелілігімен көзге түсті. Бір жолы Тәшкендегі Ғани Мұратбаевтың көземелдеуімен, сондағы жоғарғы оқу орындарының біріне оқуға да түсті. Бірақ сол кездің өзінде-ақ шаш ал десе бас алатындар пайда болып, Жапарды «молданың баласы» деп айыптап оқудан шығартып жіберді. Жапар бұған жүні жығылмай, ауылға келіп Жанақорғанда сот хатшысы, сот орындаушысы қызметтерін атқарды. Бірақ білімнің аздығы сол сәттің өзінде-ақ айқын сезіліп тұрды. Оқуын онан әрі жалғастырды.

Заңгер атағын алған Жапар институт бітірісімен, енді елге емес, қаңку сөзден тасалау жаққа — Шәуілдір ауданына жолдама алды. Әдепкіде тергеуші, кейіннен аудан прокуроры болып істеді. Шәуілдір ауданының прокурор болып тағайындалған 1935 жылы Жапар Оңтүстік Қазақстан облысындағы білікті прокурорлардың бірінен саналып еді.

Дегенмен баяғы қожа, молданың баласы деген қаңку сөз ізінен қалмады. Осы бір сәтте өз туыстарының да «халық жауы» атана бастағанын естіп, секем алды. Талайына арашаға да түсті. Сөйтіп жүріп өзі «құйыршық» деген жалаға ұшырады.

1938 жылғы 2 ақпан еді. Беймезгіл түн ішінде есік қағылды Түсі суық үш бірдей азамат үйге кірген бойда:

— Киініңіз, «халық жауы» ретінде тұтқындаймыз,— деп зіркілдеді. Алдында тұрған аудан прокуроры екенімен де істері болмады.

Үйдің астан-кестені шықты. Екі бірдей баласын құшақтап жары Зұлқая қалды. Жылап-сықтағанымен үш зіңгіттей жігіттердің ісі болмады. Әлгі «үндеместер» қағаз араларынан «шпиондық әрекеттерге негіз» боларлық сөз іздеп әлекке түскенімен, ештеңе таба алмай, Жапарды қолдарын кісендеген күйі түрмеге ала жөнелді.

Сүйікті жары Зұлқая жер-жерге шағымданып жүріп, ақыры түрмедегі Жапармен дидарласуға мүмкіндік алды. Жапар жүдеп қалыпты, сақалмұрты өскен. Он жақ беті көгерген. Сірә қатты соққының ізі болса керек. Бірақ бойы тік, жанары ұшқын атып тұр.

— Мықты бол, Зұлқая! Екі баланы өсір, тәрбиеле! Жанақорғандағы ағайындардың арасына көш. Шымкентте оқитын Исатай мен Мизамдарға кесірім тимесе жарар еді. Оларды оқудан шығара қоймас деп ойлаймын. Шығарса Танкенттегі ағайындарға барғандары жөн. Мен «халық жауы» емеспін. Арым таза. Мен ақталамын. Ағайынның бәріне осыны айт. Мизам, Исатайлар оқысын. Білім керек болады. Мықты бол, әділдік жеңеді, Зұлқая,— деді...

Шымкентте оқитын інілері Мизам мен Исатай күн құрғатпай Шымкент түрмесін жағалады. Сәл биіктеу жерге шығып алып: «Жапар аға, біз келдік, ел аман, оқуымыз жақсы» деп айқайлады. Бұл сөз Жапарға естіліп жатыр ма, ол жағы мәлімсіз. Мизам мен Исатай бір күні ағасы Жапардың сонау Шәуілдір түрмесінде екенін біліп, пәлен күн Шымкент түрмесін босқа жағалағанын білді. Енді олар Шәуілдірге тартты. Сол айқай тағы қайталанды. Бірақ Жапар бұл кезде онда да жоқ еді. Жендеттер оны көз көрмес, құлақ естімес жаққа алып кеткен болып шықты.

...1944 жылы Жапар Әбдікәрімов атылғаны жайлы елге хабар келді. Есіл ердің қайда атылып, қайда жерленгені де беймәлім күйінде қала берді...

*Қайырбек Мырзахметов.*
(«*Сыр бойы*» газеті, 1997 жылғы 24 мамыр)

### Сонда әкемнің жазығы не еді?

Мен 1935 жылы бұрынғы «Талап» колхозының «Құмкөл» елді мекенінде дүниеге келіппін. Документім бойынша, Тереңөзек ауданы, Бесөзек ауылдық кеңесі, «Қызылту» колхозында 1936 жыл туылғанмын деп жүрмін.

Бұл арада менің айтпағым мынау: сонау 37—40-ншы жылдардағы репрессияға ілігіп, атылып кеткен ағам Пірмағамбет Шахметов жөнінде. Сол ағатайым жөніндегі мәліметтерді білгім келіп 1989 жылғы 23 қарашада облыстық партия комитетінің партиялық бақылау комиссиясына хат жазған едім. Сонан ұзамай хабар келді. Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Н. Тоқмырзаев жазыпты. Хабар төмендегіше:

Пірмағамбет Шахметов 1909 жылы туған, білімі 7 класс, Қызылорда аудандық оқу бөлімінің сауатсыздықты жою жөніндегі нұсқаушысы болған. 1937 жылы оны жұмыс үстінде ұстап кетіп, 1938 жығы 14 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы УНКВД үштігінің шешімімен ең жоғарғы жаза — атуға бұйырылған. Сол күні ағатайым атылған.

1957 жылғы 2 шілдеде облыстық сот президиумының шешімімен УНКВД үштігінің шешімі бұзылып, Пірмағамбет Шахметовтың ешқандай кінәсі жоқ деп табылып, ақталған.

Карап отырсам, кешегі зұлматта мұндай кінәсіздер ондап, жүздеп атылды ғой. Ал менің ағатайыма келсек, оның халыққа жаулық жа-

сайтындай қылаудай да пиғылы болмапты. Ол жасында әлгі «Құмкөлдегі» («Күлке») мектепте білім алып, оқуын Кызылордадағы № 26 мектепте жалғастырса, жұмыс барысында Жанақорған жер инспекциясының, қамыс зауытының бастықтары ғана болып істесе, комсомол мүшесі ретінде 1935 жылы БЛКЖО съезіне делегат болып қатысса, сонда онан қандай «жаулық пиғыл» шығуы тиіс?

Меніңше, зұлмат заманның құрбаны болып кеткен Пірмағамбет Шахметов тарихтан өз орнын алуға тиіс дегім келеді.

*Сәрсен Шахметов*
Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» шағын ауданы, № 41, 92 үй.

**Әкемнің нендей кінәсі болған?**

Менің әкем Омар Аяпов 1905 жылы Торғай облысы, Аманкелді ауданында туған екен. Тұрмыс жағдайына байланысты, әке-шешем осы Қызылордаға көшіп келіпті. 1937 жылы оны Қызылорда қаласында жұмысшы болып істеп жүрген жерінен «халық жауысың» деп ұстап әкеткен. Оңтүстік Қазақстан облысы НКВД-сы үштігінің қаулысымен сол жылы атып жіберген. 1960 жылы ғана әкемнің ісінде ешқандай қылмыстық белгі жоқ деді де, прокуратура орындары оны ақтады.

Таңданатыным сол: әкемді не үшін ұстап кеткенін, қайда атылып, қайда жерленгенін мен әліге дейін біле алмай-ақ келемін.

*Гүлсім Омарқызы,*
Қызылорда қаласы, Степная көшесі, № 24 үй.

**Із түзсіз кете бере ме?**

Менің шешемнің туған ағасы, яғни менің нағашым Үсен-Аббас Жомартұлы Амандықтегі 1905 жылы Қызылорда жерінде өмірге келген кісі екен. 1937 жылы Арыс қаласында қызмет істеп жүрген жерінен халық жауы ретінде ұстап кетіп, бірден 25 жылға түрме жазасына кесіпті. Шымкент түрмесінде жатқан кезінде оған бірер барып, ағасымен жүздескенін, кейін көз көрмес, құлақ естімес жаққа алып кетіп, жоқ етіп жібергенін, сүйегі қайда қалғаны да белгісіз болып бара жатқанын сол Үсен — Аббастың туған қарындасы, менің анам — Шамсыз-Зуха Жомартқызы үнемі айтып отыратын.

1988—89 жылдары мен Мәскеуге, Алматыға хаттар жазып, нағашымды іздестірдім. Алматы прокуратурасындағылар: «сотталғандар арасында ондай аттас адам жоқ» деп жауап берді.

Сонда менің нағашым қайда кеткені? Мүмкін мен нағашымның аты-жөнінен шатысыңқырап кетпедім бе екен?

*Т. Әйменұлы*
Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, № 39/17 үй.

**Сыр сүлейінің өлеңіне енген атам-ай!**

Менің әкемнің әкесі — Бедер Мәмбетов Жалағаш ауданы, «Ұмтыл» деген елді мекенде туыпты. Туған жылын, білімін, қызметін білмеймін. Сол кісіні 1937 жылы халық жауы ретінде НКВД жендеттері қолын кісендеп, түрмеге апара жатқанда: «ешқайсысың менің атыма жазылмаңдар, фамилияларыңды өзгертіңдер!» деп айқайлапты. Сірә елге тараған зорлық-зомбылық зардабының қандайлық салмағы боларын атам сол сәтте-ақ айқын аңғарса керек.

Сол кезде Бедер атамның біраз ұл-қызы болыпты. Қасым, Досым, Әмір, Ұлмекен, Нұртай атты ұл-қыздары әкесінің айтқанын өз құлақтарымен естіп, артынша фамилияларын өзгертіп үлгіріпті. Касымнан — мен, сосын Қуаныш бармыз.

Менің әкем дереу нағашысы Жарасбайдың атына жазылды. Ұлы Отан соғысына барып келді. Төсіне «Қызыл Жұлдыз» орденін таға, екінші дәрежелі соғыс мүгедегі ретінде елге оралды да, көп ұзамай сол жарақатынан қайтыс болып кетті.

Атам Бедер Мәмбетовті сол жендеттер ұстап әкеткелі бері ұшты-күйді хабар болмай барады. Ол кісі жайлы менің қолымда тек бір ғана мәлімет бар, ол Шораяқтың Омарының «Шайыр» деп аталатын өлеңдер кітабының 119 бетіндегі бір ауыз өлең. Ол өлең былайша айтылады:

«Қалымбет, Мәтік батыр, Есқара, Сән
Бұзатын тақыс сөздің тартқан шебін.
Аталған жастан аты мырза Бедер,
Мәрттіктің сақилыққа қосқан төлін».
Сыр сүлейінің өлеңіне енген есіл атам-ай!

*Галина Касымқызы.*
Қызылорда қаласы, Орджоникидзе көшесі, № 79 үй.

### Әкемнің жеке листогына көз салсам...

Менің әкем Бақтыбергенов Қуатбай Перовск уезінде 1894 жылғы 10 наурызда туған. Арал аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы болып тұрғанда 1937 жылы қыркүйекте халық жауы ретінде ұстап кеткен екен. Сонда мен бір жаста, апам Роза 10 жаста қалыппыз. Әкемді тура 10 жыл түрме жазасына соттаған, сол мерзімді өтеп, 1947 жылы елге келіп еді. Енді ол өзінің сыйлас құрдасы Иса Тоқтыбаевпен, досы Жүсіпбек Арыстановпен бірге тағы ұсталып, колонияға айдалып кете барған. Сол кеткеннен 1961 жылы елге оралды да, зұлмат зардаптарынан тапқан «олжасы» ретінде қатты ауырып, 1962 жылғы 5 желтоқсанда қайтыс болды.

Әкемді ұстап әкетерде НКВД жендеттері оның 33782-7 номерлі Тульск марқалы қосауыз аң мылтығын, 1,5 кг дәрісін, 2 кг бытырасын, 2300 пыстанын, 1915 номерлі қылышын, Ленин томдарын сыпырып алып кетіпті. Әкем ақталғаннан кейін сол тартып алынған заттар үшін қаржы орындары 579 сом «өтем» төледі. Бұл заттарды Сүлеймен Сариев деген біреу конфискалапты.

Қазір менің қолымда әкемнен қалған жалғыз құжат бар. Ол әкемнің өз қолымен жазылған өмірбаяндық жеке листогі. Небәрі 23 пукттен тұратын мәліметтік жеке листокқа зер салар болсам, әкем Перовскідегі орыс қазақ мектебінде оқып, қолына 9342891 номерлі оқушылық билет берілгені, он төрт жасында бай малын баққаны, керек десе тері илейтін цехта жұмыс істегені белгілі болып, әкем жүріп өткен өмір жолын көз алдыма әкелемін. Сонан кейінгі жылдары Ақмешітте комендант, финанс агенті, қылмыс зерттеу инспекторы, қылмыс зерттеу бөлімінің бастығы, Қызылорда округтік прокуроры, аудандық тұтыну одағынан бастығы, Арал аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы болыпты. Сонан кейінгі жылдар: айдау, қуғындалу...

Есіл әкем-ай, осы мәліметтік жеке листогіңді толтырып отырғанда нені ойладың екен?

*Роза Қуатбайқызы*
Қызылорда қаласы.

### Ағалы-інілі Қашқынбаевтар

Тереңөзек ауданы, бұрынғы Партияның XVIII съезі атындағы колхозда туып-өскен Балқыбек, Байқадам Қашқынбаевтар ұлы жүздің қара қойлы деген руынан тараған, белгілі жазушы Асқар Тоқмағамбетовпен туыстас кісілер екен. Ағасы Балқыбек 1902 жылы туса, інісі онан екі-ақ жасы кіші екен.

Ағалы-інілі Қашқынбаевтар Жамбыл облысының бір мекенінде «Батырақ» атты мектеп ашыпты, сонан білім алып, азамат атанады. Балқыбек көзге түсіп партияға өткен, аудандық қауіпсіздік органына қызметке тұрған. Сөйтіп жүргенде... ой аллаай, Балқыбек халық жауы атанып, 1938 жылы талтүсте қолдары кісенделіп түрмеге атып ұрылыпты. Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін түрмеде болды, неше жылға сотталғаны біз үшін белгісіз болды.

Соғыс басталысымен, Балқыбек майданға аттанып, түрмеде жатып шірігенше, ашық аспанда жауға қарсы шайқасу үстінде мерт болуды қолай көрді. «Соғысқа аттанатын болдым, жарық дүниені көретін болдым» деп хат жазды да, Балқыбек сонан кейін ұшты-күйді хабарсыз кетті. Сірә майдан даласының бір жерінде опат болған шығар. Халық жауы болып сотталып, түрмеге жабылған Балқыбек онан майданға аттанған бойы ұшты-күйді жоғалып бара жатыр.

Ал оның інісі Байқадам Қашқынбаев болса, ол колхоз басқарған, коммунистік атағына шаң жұқтырмаған азамат атанды. 1930 жылы қыркүйек айында «Алқай» атты бандылар Байқадам басқарған колхозға шалуыл жасап, солар колхоз төрағасын азаптап өлтірген. Қазір осы оқиғаны мәңгі есте қалдыру үшін бұрынғы «Саудакент» селосын «Байқадам» селосы деп атау жайлы шешім қабылданды. Бұл село 1962 жылға дейін Сарысу ауданының орталығы болып келді.

*Райкүл Садықова*
Қызылорда қаласы, № 2 шағын ауданы, № 25/95 үй.

### Өткендер еске түскенде

1932—1933-тің аштығынан кеудіреп қалған елдің қарны енді ғана тары-талқанға тойына бергенде 1937—1938 жылдарғы ылаң келіп, тоз-тозымызды шығарды. Аулымыздың бетке ұстар, пана болар азаматтары Ілияс мақсұмды, Басапа ишанды, Құрман Шайқыны бір түнде алып кетті. Бұған дейін де бірсыпыра адамдарды біртіндеп қамауға алған екен.

Бірде аулымызда мамыр мерекесі болып жатқанда балалар қызыл жалау көтеріп шығыпты. Сонда Қошан деген ағамыз: «мен де жалауымды көтерейінші» деп орамалын қалтасынан алады. Осыны көрген бір жансыз НКВД-ға дереу жеткізген болуы керек. Төртбес күн өтпей-ақ Қошанды ұстап кетеді. Бұл кез — 1935 жыл еді.

«Сен ақ жалау көтеріпсің» деп Қошан «халық жауы» болып кете барды.
Созғы кездері ақтаңдақ құрбандары ақталып жатыр. Бірақ Байдәулетов Кошанның дерегі әлі белгісіз. Сол сияқты өткен жылдары «Сыр бойы» газетінде Алдабергенұлы Құрман Шайқы туралы дерек берілгенімен, Іляс мақсұм мен Басапа ишан туралы әлі дерек табылмай келеді. Осы жайларды баяндай отырып, баспасөз арқылы тиісті орындар олардың тағдырынан мағлұматтар берсе нұр үстіне нұр болар еді...

*Т. Махамбетұлы*
Ильич атындағы кеңшар, зейнеткер.
(Тереңөзек аудандық «Тереңөзек тынысы» газеті, 1994 жылғы 20 қаңтар)

## Оразбек Сәрсенбайұлы. БАЙДҮЙСЕН ДИҚАННЫҢ ЕРЛІГІ

**Осы уақытқа шейін көбіне-көп кешегі қызыл империя заманында зорлық-зомбылыққа ұшырап, жазықсыз құрбан болған атақты жазушылар, білімпаз ғалымдар, көрнекті саясаткерлер тағдыры туралы жазып келдік.**
**Ал сол кездері зұлматтың табанына түсіп жаншылған кәдімгі қарапайым адамдар — шаруалар мен жұмыскерлер жайында не білеміз?**
**Өзің жұмыскер мен шаруа өкіметіміз деп жалғанға жар салған кеңестік билік соңынан ерген миллиондаған қараша халқына, сол қараша халық ішінен шыққан көзі ашық, ойы озық азаматтарға қандай опа көрсетіпті?**

Туысы қай заманда да билік атаулыға құдайша табынып, құлдық қызмет етуге арналған ар-үяты бар азаматтардың айдарынан жел есіп, жетіскен жерлері шамалы болды емес пе?
Соның бірі — Байдүйсен Досымұлы еді. Көпшілік шаруа қазақтың арасынан шыққан, бірақ әсте көптің бірі емес, уақтысында күллі Сыр бойына атағы жайылған айтулы диқан. Үстіміздегі ғасырдың 20-шы, 30-шы, 40-шы жылдарында осы күнгі Шиелі, Жаңақорған аймағын жайлаған елдің үлкен-кішісі Байдүйсен диқанның атына қанық болған.
Әкім емес, ақын емес, әртіс емес, қайдағы бір шалғай аудандағы дария бойын жайлаған қарапайым шаруаның ат-есімі неғып бүйтіп құрмет-қошеметке бөленген? Байдүйсен диқанмен кезінде жақсы таныс, дос іні болған әкем марқұм айтып отырушы еді: «Мен көрген қазақта Байдүйсендей қайырымды, мейірім-шапағатты кісіні қайтып кездестіргенім жоқ»,— деп.
Мен сол әкемнің айтуымен 1990 жылы «Жалын» баспасында жарық көрген «Шамшырақ» романымның негізгі кейіпкерінің бірі етіп осы Сунақ Байдүйсенді алған едім. Естіген, білгенімнің біразын романға кіргіздім. Бірақ роман-көркем шығарма, нақты, нақпа-нақ шежіре емес екені түсінікті.
Ал нақты деректер не айтады?
Байдүйсен Досымұлы өмір бойы дария бойын жағалап жүріп егін еккен, арық қазған, жер бедерін танығыш, ауа райын болжағыш нағыз диқан, адал бейнетқор болған. Жасынан жер еміп өскен шаруа небір қиын замандарда да жүдеушілік көрмей, аштық, жоқтық тақсіретін тартпаған секілді. Қайта дөп-дөңгелек дәулет құрып, өмір-тірлігінің соңына дейін тоқшылықтан ажырамай өткен. Досым шалдың үйелменді-сүйелменді болып өскен өсімтал ұрпағы басқаларынан бойы озық туған Байдүйсеннің маңына жиналып, бір-бірінен еншілерін бөліспей, киіз үйлерін қатар тігіп отырады екен. Бәрі жиналып, ортақ тайқазаннан ас ішкен.
Жеті атасынан бермен қарай су жағалап, егін еккен отбасының тәрбиесін көріп өскен Байдүйсен ат жалын тартып мінген күннен бастап дария бойына шығыр орнатып, ондаған танап құнарлы жерлерге арпа, бидай, жүгері, тары секілді дақылдарды егіп, жыл сайын ондаған терең ұраларды астыққа сықап толтырып алады екен. Диқанның бірге туған бауырлары, күйеу балалары, балашағасы түгел дерлік оның кетпенші көмекшілері болыпты. Ол ешқашан адам жалдап, кісі еңбегін пайдаланбаған. Жыл сайын жинаған қыруар тонна астық өнімдерін тасымалдауға, қажетті жерлерге апарып жеткізуге, өткізуге керекті күш-көліктің бәрі өзінен табылған. Қазіргі тілмен айтсақ, Байдүйсен Досымұлы сол кездің өзінде-ақ ісі оңға басқан жекеменшік фермер болғанға ұқсайды.
Сунақ Байдүйсен жеке басының мүддесін ғана түгендемеген ерекше қайырымды, иманды кісі екен. Бала жасында ауыл молдасынан дәріс алып, мұсылманша сауатын ашқан да, кейін өмір бойы дін Исламның тура жолынан бұрыс баспауға тырысқан, бес уақыт намазын, оразасын, садақасын қаза қылмаған.
Жасынан-ақ аты ауызға ілініп, халқына қалаулы бола бастаған Байдүйсен диқанның адамгершілік, азаматтық тұлғасы айрықша 20-ыншы, одан соңғы 30-ыншы жылдарда қазақ даласын жайлаған алапат ашаршылық тұсында биіктей түседі. Сол жылдарда ол айналасындағы аш-арықтарға қолдан келген көмегін беріп, талайларды ажал қыспағынан аман алып қалады. Мәселен, 31-жылы

Қарсақбай жақтан қоныс аударып келген, аштыққа ұшты-күйді ұшыраған 20 үйлі сорлыларды қасына алып, 2 жылдай тегін асырағанын күні кеше арамызда жүрген Смағұл, Бимырза, Сейіл, Құрман, Мейірман қариялар жырдай етіп айтып отырушы еді. Осы қариялардың артында қалған үрім-бұтақтары мен Сунақ Байдүйсеннің балалары күні бүгінге дейін бірге туған бауырлардай араласып тұрады екен. Бұған сірә о дүниелік болып кеткен әруақтар әбден риза шығар деп ойлаймыз.

Байдүйсен диқанның жер танығыштығы, егіншілік, сушылық тәжірибесі қазақ даласындағы жаппай ортақтастыру, колхоздастыру дәуірінде де пайдаға асқанын архив деректері айғақтай түседі. Мәселен, 1929 жылы Байдүйсеннің туған ауылы «Қара жылғада» алғаш колхоз ұйымдасқанда, сол кезде жасы 45-ке келген диқан көп ойланып-толғанып жатпай, тұрмыс тауқыметінен әбден титықтап, басқа барар жол таппай сенделе бастаған қара шаруаға әуелде күнкөрістің көзіндей көрген осы жаңа серіктестікті бұл да жат көрмей, көптің соңына ілеседі. Ал 1933—38 жылдары «Жаңа арық» колхозында мұрап, кейін егіншілер звеносын басқарады. Бірақ бәрібір Сунақ Байдүйсен енді мемлекеттік, колхоздық меншікке өткен жүздеген, мыңдаған гектар жерлердің шет-шетіне, колхоздың пайдасына аспаған құмдауыт, кебір-тұзды танаптарға тары егуін, қауын-қарбыз өсіруін тоқтатпайды. Осындай жеке еңбегінен түскен бітік өнімін бірде тегіннен-тегін колхозға өткізсе, сәті түскенде жанындағы жарлы-жақыбайларға, жетім-жесірлерге таратып беріп отырған.

Сол тұста «жеке меншікті жандандырып, саудагерлікті өршітіп жүр» деген мағынадағы арыз түскен соң, социализмнің қырағы күзетшілері «Жаңа арық» колхозының мүшесі Досымов Байдүйсенді 1941 жылы тұтқынға алып, Жаңақорғанның түрмесіне апарып қамап тастайды. Бірақ әлдеқандай себептермен (бұл турасында архивте ештеме айтылмаған) 5 күннен соң оны босатып жібереді.

Сунақ Байдүйсен ел таныған диқан, озат колхозшы болумен қатар, көкірек көзі ояу, білімді, парасатты, реті келгенде ойындағысын бетке айтатын, өткір тілді, өжет кісі болған. Атақты әнші-ақын Нартайдың әрдайым атының басын Байдүйсеннің үйіне қарай бұрып, жата-жастана, түстене-қонып кететіні де, әрине, тегін емес.

Аудан, ауыл айналасындағы бишікештер, жемқорлар мен парақорлар, пәлеқорлар, өзге де күншіл қазақ қиянатқа қарай аяғын қия баспайтын, тумысынан адал, адалдықты өмірлік мұратына айналдырған диқанды, әлбетте, ұнатпайды. Жалпы, қай заманда жамандық атаулының жақсылыққа іші елжіреп тұрушы еді?!

Оның үстіне, Сунақ Байдүйсен ораза, намазын ұстап, дәу кетпенін арқалап, үндемей тып-тыныш жүре берсе бір сәрі ғой... Жоқ, тыныш жүрмепті. Әншейінде сабырлы, томаға-тұйықтау жүретін отағасы анда-санда аяқ астынан оқыс мінез көрсетіп, жарылып кетеді екен. Ондайда ауыл арасындағы басқарма, бригадир, бұғалтір секілді шаруаға қырсыздарды, қазына мүлкіне қол сұғушыларды айыптап қана қоймайды, тіпті қыза-қыза келгенде анау жоғарғы жаққа да ауыз салудан тайынбапты. Жергілікті бишікештер сонда жағаларын ұстап: «Ойбай, бұл не сұмдық?! Бұған қалай шыдауға болады?» дегендей, сұраулы көзбен бірбіріне бажырайып қарасады екен. Әсіресе, ет жақын туысқандарының қандары басына теуіп: «Әй, осы шал кімнен артық? Оқыған құран кітаптарын айтып, өйтпе, бүйтпе деп ақылсығанын бұл қашан қояды, ә? Осыны неге ел мақтайды? Бізді неге мақтамайды? Оның неге қарны тоқ? Менің неге қарным аш?! Оның неге бойы биік? Мен неге аласамын?! Қап, бәлем!» деп кіжінеді. Бәрі бесенеден беп-белгілі психология емес пе?

Ақыры ауыл айналасындағы зұлымдар мен күншілдер дегеніне жетеді. 1946 жылғы 8 тамызда 62 жастағы Байдүйсен Досымұлы тұтқынға алынып, Қызылордадағы УМГБ-нің (Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің басқармасы) ішкі түрмесіне әкелініп қамалады. Сөйтіп, Жаңақорған ауданы «Жаңа арық» колхозының мүшесі Б. Досымовтың үстінен саяси қылмысты іс қозғалады (ст. 58—10, часть 2, П, УК РСФСР. Дело № 1503, архив № 867-с.). «Қылмыскер» Досымовтан бірінші жауап алу 1946 жылғы 10 тамызда басталып, соңғы жауап сол жылдың 19 қыркүйек күні хатталыпты. Облыстық УМГБ бастығы мен прокурор қол қойған айыптау қорытындысы 6 қазан күні шығарылған. 1946 жылғы 3 қарашада жабық сот өтіп, бұған 6 куә тартылады да (бәрі де Байдүйсенді айыптап сөйлейді), дәл сол күні үкім оқылады. Осы үкім бойынша Б. Досымов 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, мал-мүлкі тәркіленеді, 2 жыл мерзімге сайлау-сайлану құқы мансұқ етіледі. Сол кездің көзімен қарасаңыз Байдүйсен диқан қыруар пәлежаладан оңай құтылған секілді көрінуі мүмкін. Бірақ ол бәрібір НКВД—МГБ органдарының көр шеңгелінен босанып кете алмаған.

Бір қызығы, Байдүйсен диқан тұтқындалмай тұрып-ақ, 1946 жылдың 5 маусым, 2 және 3 тамыздарда әртүрлі кісілерді (бәрінің аты-жөндері, жауаптары хаттамада жазулы тұр) куә ретінде шақырып, тергеуші бірнеше мәрте жауап алады. Кейін, Досымов тұтқындалған соң, тағы біраз куә тартылып, сұрақтан өтеді. Куәлардың бәрі де Байдүйсен диқанды өкіметтің қас дұшпаны ретінде айыптайды. Бірақ айыптаушылар мен айыпталушы сотқа дейін бірде-бір рет беттестірілмеген.

Тағы бір жағдай: жабық сот мәзілісінде қатысуға тиіс 7 айыптаушы куәнің екеуі (аты-жөндері жазулы тұр) белгісіз себептермен қатыспай қалған. Әлде жеме-жемге келгенде бұрынғы қаралаушылардың ар-ұяттары оянды ма екен? Әйтпесе қорықты ма? Бұл жағы белгісіз.

Сонда Байдүйсен диқанға қандай айыптар тағылған?

Алқашқы сұрақ-жауап хаттамаларында адам шошитындай ештеме байқалмайды. Әрқайсысы 4—5 сағатқа созылған 10, 11, 12 тамыз күндеріндегі

тексерістерде тергеуші айыпкердің өмірбаянын сұрап, ауылдағы рушылдық жіктерді айырып беруін, содан соң Сұлтанбек Қожанов пен Тұрар Рысқұловтың елдегі «құйыршықтары» туралы не естіп-білгені барын ежіктеумен қанағаттанады. Мұның бәрі тергеушінің үйреншікті айла-тәсілі екені көрінеді.

Пәленің шеті 13 тамыздағы тергеуде шыға бастайды. 1944 жылы көктем айларының бірінде Жолымбетов Әбіш деген кісінің қызы дүниеден өтіп, соған Байдүйсен де көпшілікпен бірге көңіл айтуға барады емес пе? Көңіл айтып қана қоймайды, үлкендердің тілегімен өлген қыздың жаназасын шығарады. 1944 жылы өлген адамның мұсылманша жаназасын шығару зор саяси қылмысқа жатады екен. Елдің бәрі көргендіктен, басқа лажы қалмаған Байдүйсен жаназа шығарғанын мойындап, қолын қояды. Бірақ молда екенін бәрібір мойындамайды.

Қош. 14 тамыздағы жауапта тергеуші «Екпінді» колхозының тұрғыны Сейіт дегеннің үйіне басқалармен бірге Байдүйсеннің қонаққа барғанын анықтайды. Басқа түк жоқ. 15 тамызда тексерісті қайта бастаған тергеуші Байдүйсенге молдалық кәсібін тағы мойындата алмай, біраз әурәз әуреге түскені байқалады.

Қош. 16 тамыздағы тергеуде тағы бір пәленің шеті шығады. Жоғарыда аталған Жолымбетов Әбіш деген кісі қызының қазасына жиналғандар ортасында жайына қарап отырмай, қай-қайдағы әңгімелерді көйітеді. Совет өкіметі биыл тағы колхоздың бар астығын тартып алды. Қамбада түк қалған жоқ. Бүйте берсе, бұл өкімет кедейлердің тағы сорын қайнатып, аштан қатырады ғой... Ал, Байдүйсен өз жауабында осы қағынды әңгіменің тігісін жатқызып, Әбішке — өкімет, рас, арзан бағамен астығынды сатып алып жатыр, бірақ оның есесіне қазына бағасымен зат алып отырған жоқпысың? Ендеше, Совет өкіметіне тиіспе деген секілді пікір айтқанын дәлелдемек болады. Бірақ осының артынша «елдің бәрін жазықсыз қырып жатқан Сталин көсемді қарғау керек дедім» дейді. Сауалнама осылай жалғаса береді. Куәлар тартылады. Сөйтіп, тергеуші әрқилы айла-тәсілдердің, оның ішінде, әрине, күштеп зорлау, қорқыту-үркітудің арқасында Б. Досымовтың Әбіш пен Сейіт деген кісілердің үйінде ұсталып кеткен халық жаулары Сұлтанбек Қожановты, Жантөре Аралбаевты, Идия Сасықбаевты мақтағанын, өткен замада тоқшылық еді, қазіргі колхоз елді жүдетіп бітті, бүйте берсек көп ұзамай тағы қырыламыз ғой деген секілді саяси бүзық пікірлер айтқанын қағаз жүзінде мойындатып, қолын қойғызады. Бұл Байдүйсенге тағылған айыптың бірінші тармағы.

Тергеу жалғасқан сайын пәле-жала да асқынып көбейе түседі. Соның бірі — заем мәселесі. Ол кезде бұқара халыққа ең ауыр тиген нәрсе — жыл сайын төленетін заем ақысы болатын. Үй басына түйе жапырақтай құнды қағаздар таратылып, соның өтеуіне зорлық-зомбылық жолымен «тірі» ақша алынар еді. Заем мөлшері өлшеусіз көп те, содан құтылу үшін шаруалар есік алдындағы малын сатып, малын тауысса, үйіндегі текемет-кизін, алаша-төсегін сатып беруге мәжбүр болатын. Өкімет сонда қазіргі төлеген заем ақысына кейін қыруар ұтыс берілетінін айтып, елді арзан үгітпен алдарқатып та қоятын.

Байдүйсеннің қылмысты ісінен көрінетіні: бұл әуелі 10 мың сом заем ақысын төлейді. Артынан бұған тағы қосымша 6 мың сом салынады. Байдүйсен қосымша салықты төлеуден бас тартады. Заем науқанына арналған жиналыстан кетіп қалады. Жай кетіп қалмайды, Совет өкіметінің заем саясатын сынап жүреді: қазіргі заем сату — қосымша салықтың бір түрі, өкімет оны ешқашан қайтарып бермейді, бұл әншейін халықты қанаудың жолы деген пікір айтады. Тергеуге шақырылған куәлар Досымовтың осындай антисоветтік үгіт айтқанын растайды. Сөйтіп, айыптың екінші тармағы тартылады.

Бірде «Сунақ ата» каналын қазып жатқан колхозшылар ортасына 1945 жылдың қараша-желтоқсан айларында аудандық денсаулық сақтау бөлімінің қызметкері Ысмағұлова Бибіш келеді. Бибіш саяси үгітші екен. Ол Жоғарғы Кеңес сайлауының жаңа Ережесі туралы баяндама жасап, елдің қойған сұрақтарына жауап береді. Сонда Байдүйсен жұрттың көзінше ашықтан-ашық Советтік демократияға қарсы (айыптау қортындысында да осылай жазылған) сөз сөйлейді. 1946 жылғы 18 тамызда толтырылған хаттамаға сенер болсақ, ол былай депті: «Үгітші сайлау туралы Ережені оқып болғаннан кейін мен сол арада отырған колзозшыларға қарап: «Сайлауға дайындықтың керегі шамалы. Неге десеңіздер 1938 жылғы сайлауға біздер екі-үш ай оқып, дайындалғанбыз. Бірақ мұның бәрі сайлау кезінде керек болмай қалды. Сайлау күні өкіметтің өзі ұсынған адамдардың аты жазылған қағазды қолымызға ұстатты да, бір жәшікке салдырды. Сонымен барлық жұмысты бітірдік. Ережеде сайлауға тиісті адамдарды біздер ұсынуымыз керек деп айтылған. Шынында мұның бәрі бос сөз екен дедім» дейді.

Мұндай сөзді қарапайым еңбек адамы 1945 жылы айтқан. Құпиялап, бүркемелеп емес, тәмам елдің көзінше айтқан. Диктатура заманында осыдан асқан ерлік болар ма?

Бұл — Байдүйсен диқанға тағылған қылмысты істің ең ауыр тармағы.

1946 жылдың 6 қазан күні жазылған айыптау қортындысында Б. Досымовқа бұдан басқа да пәле-жалалар («Сунақ ата» каналын қазуға қарсы болды, Отан соғысын айыптады, т. б.) жабылған.

Жабық сот мәжілісінде берген жауабында Б. Досымұлы біраз нәрселерді растағанмен, өзіне жапсырылған саяси айыптарды мойындаудан бас тартады. Бәрін «сын, өзара сын есебінде» айтқанын ескертеді. Екіншіден, ол куәларды көрмегенін, олардың жауаптарымен тек сырттай, хаттама арқылы ғана танысқанын, тергеу тарапынан қасым көрсету болғанын мәлімдейді. Байдүйсен Досымұлының жабық сотта берген осы жауабы да ерлікке парапар.

Өйткені, кезінде НКВД—МГБ органдарының

құрсауына түскен небір зор қайраткерлердің талайы қолдан жасалған айыптарды құлшына мойындап, шыбын жандарын сақтаудан үміт етіп, құрак үшқаны белгілі. Әрине, азап-қорлықтың тезіне шыдамаған боздақтарды күстаналауға ешкімнің хақысы жоқ. Бірақ сондай азап-қорлыққа шыдап, бәрібір өзінің адал сөзін айтып өлген Байдүйсен Досымұлы секілді қазақи шаруалар да болған.

Қазақ КСР Жоғарғы Соты төралқасының 1961 жылғы 27 сәуірде қабылдаған қаулысында жазықсыз жапа шеккен азамат ақталады да, ақтаудың ең бірінші дәлелі ретінде сотталған Б. Досымовтың өзіне тағылған саяси айыптарды мойындамағаны атап көрсетіледі.

Байдүйсен Досымұлының қылмысты ісі қайта қаралғанда (Республика прокурорының Қарсылығы (Протесі) 4.IV. 1961 ж. берілген) бұрынғы, кейінгі куәлар қайта тергеуге шақырылып, бұл жолы ешбір зорлық-зомбылықсыз жауаптар алынған. Осылардың ішінде 1946 жылы Досымұлын халық жауып ретінде қаралаған екеуі (хаттамада аты-жөндері жазулы тұр) бұрынғы жауаптарынан бас тартқан. Өздерін осындай қиянат жолына итермелеп, үгіттеген үш кісінің (хаттамада бәрі бар) атын атайды.

Ал Байдүйсеннің туған інісі Үсен Досымов 1961 жылғы 21 қаңтарда капитан М. Сейсекеновке берген жауабында ағасының адамгершілік, адалдық қасиеттерін толық дәлелдеп, жоғарыда куәлар атап көрсеткен жақын-жуық адамдардың диқанмен қастасу себептерін қолмен қойғандай етіп айтып береді. Бір таңқаларлығы: Үсен Досымовқа ол кезде ағасының үстінен жүргізілген № 1503 қылмысты іс көрсетілмеген, демек, ол сол істе қатталған құжаттардың ешқайсымен таныс емес еді. Осыған қарамастан Үсен Досымұлы Байдүйсен Досымұлын қаралаушы, қара жүректілерді дәл көрсетіп берген.

Үсеннен басқа Қалкөз Сейтпембетов, Қожақмет Бекахметов, Мырзабай Арыстанбеков, Сыздық Айтекеев секілді кісілер Байдүйсен диқанды ерекше адал, қиянатқа жаны қас, нағыз еңбеккер, атақты диқан ретінде бағалап, біраз шындықтың бетін ашқан. Бұл күндері бұл дүниеден өтіп кеткен осы қариялардың алдары жарық, имандары саламат болсын деген тілек айтамыз.

Сонымен жабық сот үкімімен 5 жылға кесіліп кеткен Сунақ Байдүйсен Гурьевтегі еңбек түзеу лагеріне жіберіледі, 1947 жылы інісі Үсен қасына Байдүйсеннің екінші ұлы Балталыны ертіп (тұңғышы Әуелбек Отан соғысынан қайтпаған), сәлем-сауқатын арқалап, ағасының артынан іздеп барады. Лагерь басшыларының рұқсатымен бұлар Байдүйсенмен кездесіп, тілдеседі. Сөйтсе, түрмедегі кәззаптық тәртіп бойынша, Байдүйсеннің сақал-мұртының орнын көгертіп ұстарамен қырғызып тастаған екен. Ес білгелі бері мұсылманшылық жолға түсіп, Шариат қағидаларын қатал сақтап жүрген діндар адамның сақал-мұртын күзеу — әрине, ең үлкен қорлық еді. НКВД—МГБ азаптарын ер мойнымен көтеріп алған Байдүйсен сонда сақал-мұртын күзеген мазаққа шыдамдылық көрсетуге шамасы жетпей, інісі мен ұлының алдында ақырын жылап отырыпты...

— Кәпірлердің қорлығы өтті-ау!..— деп.

Тағы бір сұмдығы: өмір бойы кетпен арқалап, егін еккен диқанға лагерьде басқа жұмыс табылмағандай, жүн түткізіп қойыпты.

Менің шамалауымда: осының бәрін НКВДЛ—МГБ органдарында отырған «психологтар» әлейі, қасақана ойлап тапқан секілді көрінеді. Олар сірә большевиктік биліктің жауларын тек атып-асып құртудың жолдарын іздемей, өзге де сұрқия, сұмдық әдістерді қолдануды өте жақсы білген ғой. Ақыры жендеттер дегеніне жетіп тынады. Сол жылы көп ұзамай, толық ақталудан 14 жыл бұрын миына оқыстан қан құйылған Байдүйсен диқан Пайғамбар жасына жеткенде-дәл 63-те қайтыс болады.

Кешегі «Соқыр Мәкалай» заманында жарық дүниеге келіп (1884 жылы), одан соң қызыл көз Сталин дәуірінде қазаға ұшыраған қазақ шаруасының қайғылы өмір тарихы осындай.

Сунақ Байдүйсен диқан тірісінде айналасына шапағат нұрын шашып өтсе, өлген соң да ортына өшмес тәлім-өнегесін қалдырып кетіпті.

(*«Егемен Қазақстан»,* 1998 жылға 17 маусым).

## 10. Сот құжаттары соттардың өзін айыптайды

Қызылорда облыстық сотының президиумы соңғы екі жылда облыстық прокуратураның наразылығымен 1121 адамның ісін қайта қарады. 1937—1938 жылдары халық жауы деп жазаланған сол азаматтардың рухына бас ие отырып, кейбір материалдар арқылы жазықсыз жазаланғандар жайлы архивтік деректер беруге мәжбүр боламыз.

### а) Елдізер Маханбетов жайлы

«*Ерекше құпия.* УНКВД-нің Ақтөбе облысы бойынша «Үштігі» мәжілісінің № 14 протоколы 15 ноябрь, 1937 жыл.

## ТЫҢДАЛДЫ:

Арал аудандық НКВД-нің Махамбетов Елдізерге арнаган № 0009 ісі. Ол 1895 жылы туған. Үлкен бай, патша болысының соты болған. 1936 жылы сотталып, бір жарым жыл бас бостандығынан айырылған. Ол контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның белсенді мүшесі болып, Батыстың тапсырмасымен контрреволюциялық үгіт жүргізіп, өсек-аяң таратқан. Сталиндік жаңа конституцияға қарсы жалған сөздер айтқан. (Баяндаушы АОУНКВД-ның 3-бөлімшесінің оперативтік өкілдік етушісі, Мемлекеттік қауіпсіздігінің сержанты Толстых).

## ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Маханбетов Әлдізер-Елдізер — 10 жыл мерзімге еңбек түзеу лагеріне қамалсын. Мерзімі 15 ноябрь 1937 жылдан есептелсін.
Үштіктің председателі, облыстық ішкі істер халық комиссариаты басқармасының бастығы, Мемлекет қауіпсіздігінің капитаны Демидов.
Мүшелері: КП(б)К облыстық комитеті секретарының міндетін атқарушы Жүнісов.
Облыстық атқару комитетінің председателі Стецюра.
Сенімді Үштік секретары Вахрушев.

### Айыпкер Елдізер Маханбетовке тергеуде берілген сұрақтар және оның жауаптары

*Сұрақ:* Тергеуде сіздің контрреволюциялық ұйымға мүше ретінде, олардың тапсырмасымен тұрғындар арасында контрреволюциялық қызмет атқарғаныңыз жайлы анық фактілер бар. Сондықтан тергеу сіздің шындықты ғана айтуыңызды талап етеді.
*Жауап:* Мен ешқандай контрреволюциялық ұйымға мүше болғаным жоқ. Сондай-ақ ондай ұйымнан менің хабарым да жоқ.
*Сұрақ:* Тергеуде анықталып отрығанындай, сіз тұрғындар арасында Совет Одағының соғыстағы жеңілісі туралы өсек-аяң таратқаныңыз жайында жауап беріңізші.
*Жауап:* Мен жеңіліс туралы ешқашан да және ешкімге де айтқан емеспін.
*Сұрақ:* Тергеуде сіздің тұрғындар арасына колхоз құрылысына қарсы жала жапқаныңыз жайында анық фактілер бар. Ол туралы шындықты айтыңызшы.
*Жауап:* Мен колхоз құрылысына қарсы ешқандай үгіт жүргізген емеспін.
*Сұрақ:* Тергеуде сіздің Совет Үкіметі мен Коммунистік партияның жүргізіп отырған жұмысы жайында таратқан жалған өсек аяңыңды анықтайтын фактілер бар. Ол жайлы шындықты айтыңызшы.
*Жауап:* Мен ешқашан да, ешкімге де өсек-аяң таратқан жоқпын.
*Сұрақ:* Сіз контрреволюциялық қызметіңізді мойындап, өзіңізді кіналымын деп есептейсіз бе?
*Жауап:* Мен өзімді ешқашан да кіналымын деп есептемеймін. Мұнан басқа ешқандай айтарым жоқ.
Менің айтқандарым дұрыс жазылған. Маған оқып берді және орысшаға аударылды.
Е. Маханбетовтің қолы қара сияға батырылып бармақ басу арқылы қойылды».
Облыстық сот президиумы анықтағанындай, Е. Маханбетовке «патша болысының соты болды» деген айып Үштік мәжілісіне дейін айтылмай келіп, Үштік сот мәжілісі үстінде ғана оны Мемлекет қауіпсіздігінің сержанты Толстых бір бүйірден қойып кеп қалған. Ал шындығында патша болысының соты болған Елдізер Маханбетов емес, соның әкесі еді.

### Серікбай Сүйінбаев жайлы

Қызылорда аудандық баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау бөлімінің меңгерушісі Серікбай Сүйінбаевтың 1937 жылы халық жауы деген жаламен ұсталып, 1959 жылға дейін жазықсыз жапа шеккені жайындағы материалдар бізге былайша сыр шертеді:
Тергеуші Цыгановтың сұрақтары және оларға қайтарған С. Сүйінбаевтың жауаптары
*Сұрақ:* «Ленин туы» газетінің № 131 номеріндегі үкімет мүшесінің портретіндегі фашистік белгі қалай түсті? Мұндай саяси қатені қалай жібердіңіз? Сол жайлы айтыңызшы.
*Жауап:* Редакция шығатын газеттің бірінші данасын әкеледі. Сол күнгі маған әкелген беттер өте көмескі болды. Әрине, олар газетті шығарардан бір күн бұрын әкеліп керсетуі керек еді. Редакцияның қағаз тасушысы (аты-жөнін білмеймін) үйге «Ленин туы» газетінің 1937 жылғы 8 декабрьде шығатын № 131 номерін әкелді. Беттердегі көмескі материалдарды оқи алмадым. Тек тақырыптарын көріп шықтым. Ондағы үкімет мүшесінің портреті көрінбеді. Газетті әкелуші

асықтырып отырғандықтан, қол қойып бере салдым. Бірақ бет әкелушіге редакция қызметкерлерінің беттегі материалдарды және суреттерді мұқият қарауын қайта-қайта тапсырдым. Ол кезде үкімет мүшесінің суретіндегі жағымсыз белгіні көргенім жоқ.

*Сұрақ:* Бұл номерде бүлінген суреттен басқа қате кетіпті. Бірінші беттегі Дүйсекеновтің «Сталиндік конституцияның бір жылдығына арналған митингі» деген мақаладағы қатені неге жібердің?

*Жауап:* Ол мақаланы оқымағандықтан, қатені көргенім жоқ. Ондай қатеге, газет шығарудың барысындағы жұмыстарға редактор жауапты емес пе? Өйткені, олар газетті бірнеше рет оқиды, жөндейді ғой. Ал баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау бөлімінің негізгі міндеті мақалалардағы әскери және экономикалық сипаттағы құпияларды жібермеу. Сондықтан, мен редакторға сенгендіктен, газеттегі барлық материалдарды оқығаным жоқ.

*Сұрақ:* Шығайын деп жатқан номердегі суреттегі белгілерді көргеннен кейін ол жайлы газет редакторы Сарбасовқа неге қабарламадыңыз?

*Жауап:* Мен газетті әкелушіге ескерттім. Ол редакция қызметкерлеріне менің айтқанымды жеткізетін болған. Сондықтан ол жайлы Сарбасов қабарлағаным жоқ. Газетті шығар алдында көрмедім.

Менің айтқандарым дұрыс жазылған. Онымен таныстым.

Тергеуді жүргізген Мемлекет қауіпсіздігінің
кіші лейтенанты Цыганов».

## «ШЫМКЕНТ ОБЛЫСТЫҚ НКВД-сы БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСТЫҒЫ, МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КАПИТАНЫ КАЛЬНИНГ жолдасқа

### АНЫҚТАМА

Сүйінбаев Серікбай 30 жаста, ұлты қазақ, СССР азаматы, туған жері Қызылорда ауданының Октябрь ауылдық советі, Қызылорда қаласында тұрады. Молданың баласы. ВКП(б) мүшелігіне кандидат. Бұрын сотты болмаған. Халық жауы болуына байланысты Қызылорда аудандық советі атқару комитетінің арнаулы бөлімінің меңгерушілігі мен баспасөзде мемлекеттік Құпияны сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметтерінен босатылған. С. Сүйінбаев контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымға қатысқаны үшін айыпталды. Оның бұл ұйымға қатысқаны туралы Күнқараев дәлелдеп отыр. Ол контрреволюциялық іс-қимылдарды тұрақты іске асырған. Сондай-ақ, С. Сүйінбаев аудандық совет атқару комитетінің қосалқы шаруашылығын талан-таражға салуға белсене қатысқан және оны контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымның мүшелерін азық-түлікпен жабдықтаудың көзіне айналдырған. Сонымен қатар ол аудандық баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тұрғанда «Ленин туы» газетінде біле тұра саяси қате жіберген.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Сүйінбаев Серікбайды тұтқындауға рұқсат етеуіңізді сұраймын.

Қызылорда аудандық НКВД-сының бастығы Мемлекет қауіпсіздігінің кіші лейтенанты *Свинаренко.* 4 январь, 1938 ж.»

**«ҚАУЛЫ. 23 январь, 1938 жыл.**

Мен, Қызылорда аудандық НКВД-ның сержанты Бәйімбетов № 020 істегі материалдарды қарап, мынаған назар аудардым: Серікбай Сүйінбаев 1936 жылдың декабрінен ұлтшыл-конрреволюциялық ұйымға мүше болған. Олардың алдына қойған мақсаты — Қазақстанда Совет өкіметін құлатып, жартылай феодалдық мұсылман мемлекетін қалпына келтіру. Бұған басшылықты Күнқараев жасап отырған. Ал С. Сүйінбаев сол ұйымның кассирі болған. Контрреволюциялық ұйымға жұмсалатын қаржыны сақтап, таратып беріп отырған.

Сонымен қатар С. Сүйінбаев баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тұрған кезінде біле тұрып «Ленин туы» газетінде саяси қате жіберді. Сондай-ақ, аудандық совет атқару комитетінің қосалқы шаруашылығын контрреволюциялық ұйымның мүшелерін азық-түлікпен жабдықтаудың көзіне айналдыруға белсене қатысқан.

НКВД-ның сержанты *БӘЙІМБЕТОВ*».

Сүйінбаев өзіне тағылған бұл айыптардың бірде-бірін мойын дамады. Он жылға сотталған ол түрмеде жатып, жер-жерге арыздар жазудан танбады.

Сүйінбаев Серікбайдың семьясы 1959 жылы жергілікті соттан мынандай жауап хат алды:

«1938 жылғы 14 февральдағы Оңтүстік Қазақстан УНКВД-сы Үштігінің Серікбай Сүйінбаевты айыптаған қаулысы қайта қаралып, С. Сүйінбаев ақталды».

Бірақ, адам төзбестік жаламен сотталған Серікбай Сүйінбаев ауылға қайтып орала алған жоқ. Бақсақ, ол 1945 жылғы 17 мартта түрмеде жатып өкпе ауруынан қайтыс болған болып шықты.

## б) Жақып Ажаров жайлы

1937—1938 жылдары жазықсыз жазаланып, үштіктердің билігімен түрмеге қамалып кеткендердің бірі — тереңөзектік педагог Жақып Ажаров болып еді. Облыстық сот президиумы соңғы екі жылда 1121 адамның бірі етіп оны да ақтады. Ал Жақып Ажаров контрреволюциялық ұйымға мүше болды деп 10 жыл түрме жазасына сотталған болатын.

«*Ерекше құпия.* УНКВД-нын Ақтөбе облысындағы үштігінің мәжілісі. № 14 протокол бойынша. 15 ноябрь, 1937 жыл.

ТЫҢДАЛДЫ:
Ажаров Жақып, 1903 жылы туған, байдың баласы. 1934 жылы Қызылқұм көтерілісіне белсене қатысқаны үшін тұтқындалған. Ол контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйым филиалының белсенді мүшесі болып, контрреволюциялық насихат жұмыстарымен айналысты, Сталиндік Конституцияға қарсы болды, Қазақстанды СССР-ден бөлуді жақтады.

(Баяндаған Мемлекеттік қауіпсіздігінің сержанты Толстых).

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
Ажаров Жақып 10 жыл мерзімге еңбек түзеу лагеріне қамалсын. Мерзімі 15 ноябрь 1937 жылдан есептелсін.
Үштіктің председателі, облыстық ішкі істер комиссариаты басқармасының бастығы, Мемлекет қауіпсіздігінің капитаны ДЕМИДОВ.
Мүшелері: КП(б)К облыстық комитеті секретарының міндетін атқарушы ЖҮНІСОВ.
Облыстық атқару комитетінің председателі СТЕЦЮРА.
Сенімді Үштік секретары ВАХРУШЕВ».
Ал Ж. Ажаров Үштік мәжілісінде бұл кіналады мойындамаған. Сонда да ол түрмеде өз жазасын өтеу үстіге 1948 жылы түрмеге қайтыс болғаны жайлы елге хабар келген.

**Құжаттарды қағазға түсірген Ә. Уәлиев.**

## в) Тілеу Ерекешов жайлы

(«Ленин жолы» газеті, 1990 жылғы 14 желтоқсан)
«Менің әкем Тілеу Ерекешовты 1938 жылғы 8 қазанда халық жауы деп ұстап кетіп еді. Сонан ұшты-күйді жоқ болды. Есімді біле, сол әкемді іздестіріп жер-жерге хат жаздым. Соған биылғы қыркүйек айында мынандай жауап хат алдым. НКВД жендеттері кезінде түрмедегі боздақтарға қандай көзқараспен қарағанын айғақтау үшін, облыстық прокуратурадан алған мынау жауапты газетке толық жариялауды өтінемін.

С. Тілеуов,
(Қармақшы ауданы, Ленин атындағы совхоз.)

* * *

Қызылорда облыстық прокурорының аға көмекшісі Ж. Жұмашевтің С. Тілеуовке жіберген жауап хаты:
«Тілеу Ерекешов 1897 жылы Қармақшы ауданының 10-ауылында туған, ВК(б)П мүшелігінен қылмыстық ісі бойынша шығарылған. Қамалғанға дейін «Ақжар» колхозы басқармасының төрағасы болып қызмет істеген. 1938 жылғы 8 қазанда қамауға алынған.
Қылмыстық іс Қызылорда облыстық сотының арнаулы коллегиясында 1939 жылдың 20 қаңтарында қаралып, 15 айыпкер түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылған. Оның ішінде Т. Ерекешов 20 жылға сотталып, 5 жыл сайлау-сайлану құқынан айырылған. Сот үкімі бойынша ол Қармақшы ауданында құрылған контрреволюциялық ұйымға мүше болып, колхоз басқармасының төрағасы бола тұрып, колхоз құрылысына қарсы зиянкестік әрекеттер жасап, егістікті уақытында суармағаны, мал басын кеміту мақсатында колхозшыларды малын сойып алуға үгіттегені үшін айыпталған.
Үкімге шағым келтірілмеген, сондықтан 1939 жылдың 27 шілдесінде Т. Ерекешов және басқа сотталғандар жазасын өтеуге этаппен Владивостокка карай шығыстағы НКВД лагеріне жіберілген.
1939 жылдың 31 тамызында Қазақ ССР прокуроры Қазақ ССР Жоғарғы Сотына облыстық соттың үкімін бұзып, істі қайта тергеуге бақылау ретінде наразылық келтірген. Жоғарғы сот 20 күннен кейін наразылықты қарап, үкімді бұзып, істі қайта тергеуге жолдаған.
Қайта тергеу қорытындысында айыпкерлер Ұ. Аяпов, М. Байсақалов, М. Дайрабаев, А. Егізбаев, Т. Ерекешов, Б. Еспаев, Т. Жұбаев, К. Жүсіпов, Б. Кентібаев, А. Күнтуарова, Ө. Қаражанов, Т. Қожаназаров, Н. Құтышев, Б. Найзабаев, Б. Тұрабаевтардың іс-әрекеттерінде қылмыстың сипаты болмағандықтан, іс 1940 жылғы 18 қарашасында өндірістен қысқартылған.
Олардан А. Күнтуарова 1939 жылдың 6 маусымында Қызылорда түрмесінде сырқатынан қайтыс болған. Сол сияқты Н. Құтышев пен Ө. Қаражанов 1939 жылы Владивосток лагерінде дүниеден өткен. Т. Қожаназаров, Б. Еспаевтың қай кезде қайтыс болғаны көрсетілмеген.
Облыстық НКВД басқармасының бастығы Смирновтың Қазақ ССР НКВД-сының бірінші арнаулы бөліміне 1941 жылдың 4 қаңтарында жолдаған қатынас қағазында К. Жүсіпов, А.

Егізбаев, Т. Ерекешов, Б. Найзабаевтар этаппен Магадан лагерінен облысқа қарай жіберілгенімен, Қызылорда түрмесіне келіп жетпегені қабарланған. Бірақ бұл қатынасқа жауап болмаған.

Тілеу Ерекешовтың түрмеде қайтыс болғаны тек бір құжатта, яғни тергеушінің 1940 жылдың 18 қарашасында істі қысқарту жөніндегі қаулысында ғана көрсетілген, қашан қайтыс болғаны жайлы дерек жоқ».

### г) Қайыпназар Қауымбаев жайлы

«Ленин жолы» газеті, 1990 жылғы 9 қаңтар
«...Қыршын жастың бірі-жиырма алты-ақ жастағы Қызылорда аудандық «Ленин туы» газетінің редакторы Қайыпназар Қауымбаев түрмеде отыр...
...Газетте мал өлімі жайлы мақала басылғанын оған негізгі кінаның бірі етіп таққан... Редакторлық аз болғандай, 1937 жылдың май айынан КазТАГ-қа, август айынан «Правда Южного Казахстана» газетіне тілші болғанын кіна еткен...

#### Қ. Қауымбаевты тұтқындау жөніндегі бұйрықтан

«Қайыпназар Қауымбаевтың контрреволюциялық әрекеті туралы. 1911 жылы, № 8 ауылда туған. Ұлты қазақ. Білімі төмен. БК(б)П мүшесі. Бұрын сотталмаған. Аудандық «Ленин туы» газетінде жауапты редактор болып жұмыс істейді. Ол өзінің алдына Совет өкіметін құлатып, алдарына капиталистік құрылыс орнату міндетін қойған контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымның мүшесі екені дәлелденген. Осы мақсатпен Қауымбаев Қайыпназар контрреволюциялық кадрлар даярлаумен шұғылданған. Жоғарыда келтірілген әрекеттер негізінде Қ. Қауымбаев тұтқындалсын».

#### Қ. Қауымбаевты ату жөніндегі үкімнен

«Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша УНКВД үштігі протоколынан жазылып алынды. № 613 айыпты іс бойынша 1911 жылы туған, қызметкер, молданың баласы, ВК(б)П-ның бұрынғы мүшесі Қайыпназар Қауымбаевтың ісі қаралды. Контрреволюциялық-ұлтшылдық төңкерісшілдер ұйымында тұратындықтан айыпталады. Ұымның тапсырмасы бойынша Совет өкіметін құлату мақсатында үгіт жүргізген. Жеке өзі оған төрт адамды тартып, оларға арнайы тапсырмалар берген. Каулы етеді: Қайыпназар Қауымбаев атылсын».

### ғ) Қали Омаров жайлы

Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінің 1990 жылғы 16 мамырдағы номерінен
«Қазалылық Қали Омарұлы Отан соғысы кезінде Полтава қаласына 120 километрдей қалғанда, 1943 жылғы тамыздың 15—16-сында қоршауда қалғандары белгілі болды. № 151, 152, 156 және 214 полктар мен тағы басқа бірнеше бөлімшелер, барлығы 17 мыңдай адам тұтқынға түсті. Содан лагерден лагерге ауыса берді. 1944 жылы батыс Францияның Малказин деген қаласынан шықты. Өзінің коммунист екенін немістерге сездірмеу үшін партия билетін лақтырып кетуіне тура келді. Бұларды 1944 жылдың тамызында Одақтастар әскері босатты. Гибралтар арқылы Англияға, одан Мурманскіге өтті. Мұнда екі пароходпен 42 мың адам келді... Елге 1947 жылы оралды... Содан 1951 жыл келді. Қали Омаровты Өскеменге айдап апарды да, Отанды саттың, немістерде унтер-офицер, полицай болдың деген қисынсыз айыптар тағылып, түрмеге қамалды. Түрмеде 8 ай тергеліп жатты. 1951 жылғы 6—7 желтоқсанда 25 жылға сотталды... Қарағанды түрмесінде Түркістан легионында бірге болған Мәлкаждар Көшеровпен кездесті. Мәлкаждар да 25 жылға сотталыпты. Ол КГБ тергеушісіне Қали Омаровты танитынын айтқан. Сол сөзді малданып, КГБ Қали Омаровты қамап, 25 жылға соттаған болып шықты. Қали Омаров 1956 жылы амнистияға ілігіп, түрмеден босады...
...Партиялылығын іздене жүріп әрең қалпына келтірді. СОКП-ға 51 жылдан бері мүше...»

### д) Әбдіразақ Шегебаев жайлы

(*«Сыр бойы»* газеті, 1993 жылғы 20 қарашадағы нөмірінен)
— Мені де 1937—38 жылғы Сталиндік репрессия құрығы ілді де, «халық жауы» ретінде түрмеге түстім. Біздің Қармақшы ауданына аты мәлім, абзал азамат Әбдіразақ Жаңақорған, Арыс аудандық атқару комитеттерінің төрағалығы қызметінде болды. Сондай жоғары лауазымдағы қызмет орнында отырған жерінен ұсталып, түрмеге атып ұрылған Әбдіразақ Шегебаев Қайырбергенұлымен қапаста қатар жаттым. Онымен үш күн бірге болдым. Мінезі сабырлы кісі екен. «Бәріміз де жазықсыз отырмыз, ешкім де халық жауы емес, еңселеріңді түсірмеңдер, әлі-ақ босанып шығамыз» деп бізді жігерлендірумен болды. Үш күннен кейін оны бізден бөліп алып кетті. Сонан бастап Әбдіразақтай есіл ерді көре алмадым...

*Төребек Жанболғанов,*
Қармақшы қыстағының тұрғыны, зейнеткер.

Әбдіразақ Шегебаев қызмет орнынан халық жауы ретінде ұстап алып кеткеннен шамалы күн өтпей-ақ, 1939 жылғы № 2 қарашада 12 жыл түрме жазасына сотталды. Өзінің халыққа титтей де кінәсіздігін білетін Әбдіразақ арыз-шағымды қардай боратқан, бірақ тыңдар құлақ болмаған. НКВД «Үштігі» оны соттаған бойдан жендеттер Әбдіразақты бірден Шығыс Сібірге жер аударды да, сол жақта 1939 жылғы 12 қарашада қаза табады.

Әбдіразақ Қайырбергенұлы Шегебаев жер-жерге жіберген арыздарының қорытындысын біле алмай кетті. 1941 жылғы 30 қазанда ол жаладан құлантаза ақталып еді.

*Автордан:* Кете руының бел баласы, өрелі азаматы болып саналған Әбдіразақ Қайырбергенұлы Шегебаев талабы өрлей, қияға қанат қаға бастаған сәтте осылайша жаланың құрбаны болды. Өкінішке орай, облыстық ұлттық қауіпсіздік комитеті тарапынан «Зердеге» өткен тізімдер ішінде оның аты кездеспеді. Сірә, соңғы қызмет орны Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс аудандық атқару комитетінің төрағалығы болып, сол жерден тұтқындалуына орай, Әбдіразақ марқұмның дерегі сол жақтан шығуы ықтимал.

Жинастырған *М. Исаұлы.*

## СТАЛИНДІК ЗҰЛМАТ ҚҰРБАНДАРЫ

### Комитет архиві біз үшін айқара ашылды

Ел басы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жолдастың 1997 жылды жаппай қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялауы, әрбір жылдың 31 мамырын сол құрбандарды атап өтетін күн етіп белгілеуі — біздің «Боздақтар» естелік кітабы редакциясының шағын ұжымы үшін жаңаша бір жұмыс серпілісін туғызды. Облыс әкімшілігімен келісе отырып, соғыс боздақтарына арналған 5 томдықтың кітаптарын шығару аяқталысымен, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнап екі том шығаруды қолға алуға тура келді.

Бұл арада біз ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасы ұжымының бізге ілтипатпен қарауын өзімізге медеу тұттық. Бұрынғы жылдары атын есіткенде кім де болса қалтырап сала беретін, үрейге толы басқарма қазақ халқы егемендік алысымен мүлдем жаңа сатыға — халықтың мұң-мұқтажын жоқтаушы органға айналуы біздің олармен тығыз одақ құруымызға дәнекер болды. Керек десе ұлттық хауіпсіздік комитетінің ұлттық басқармасындағы жолдастар соғыс боздақтарын іздестіруде де біздің редакциямызға талай рет қол ұшын берді. Республика бойынша соғыс боздақтары жайлы естелік кітап томдарын шығаруды өзге облыстардан көш бұрын бастап, соңғы бесінші томды да өзге облыстардан көш бұрын баспаға өткізіп үлгіруімізде осы орган қызметкерлерінің елеулі көмегі болғанын еске сала кеткен орынды. Жаппай қуғын-сүргін құрбандарына арнап екі томдық естелік кітап шығару тірлігі ойға оралып, сол құрбандарға арналған негізгі архив сақталып тұрған облыстық ұлттық қауіпсіздік басқармасына өтінішпен бару кезінде сол басқарманың басшысы Нұрахмет Ералиев Жұмахметұлының шын риялықпен қарсы алғанын облыстық «Боздақтар» естелік кітабының бас редакторы, Халықаралық Журналистер одағы сыйлығының лауреаты ретінде ерекше атап көрсеткім келеді. Өз саласының білгір басшысы ретінде, Нұрахмет дереу саяси қуғын-сүргін құрбандары архивіне қатысты қызметкерлерін шақырып алып, редакциямыздың шағын ұжымына қолдан келер көмектің бәрін көрсетуді қадағалап тапсырды. Бұрынғы үрейлі органнан бірден жылылық, бауырмалдық, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнап естелік кітаптар шығаруға деген құштарлық бірден сезілді. Бастық менің көз алдымда 4 қызметкері құрамында комиссия құрып, оларды менімен жете таныстырды. Мәселен архив бастығы Марат Әзілханов, архив қызметкерлері Айнаш Досмағамбетова, Бақтияр Ысқақов, бөлім бастығы Әмірхан Бәкіров екі томдық естелік кітап шығып біткенге дейін бізбен қоян-қолтық араласа отырып жұмыс істеуге бастығынан нақты тапсырма алды.

Бұл төрт білгір қызметкер міне бір жылдан бері біздің «Боздақтар» редакциясының бес адамдық шағын ұжымымен бірлесе естелік том шығаруға белсене атсалысып келе жатыр. Біз оларды облыстық редакциялық алқа мүшелігіне енгіздік.

Бұл арада бізге облыстық прокуратура ұжымы тарапынан да елеулі қамқорлық жасалып отарғанын айта кеткен орынды. Облыстық прокурор Серікбай Ерімбетов, оның сот қаулыларының және орындау өндірісінің заңдылығын қадағалау жөніндегі аға көмекшісі Кәжденбек Баймаханов мырзалар да саяси қуғын-сүргін құрбандарының құжаттарын бақылап, істің ақ-қарасын ашу барысында біздің ұсыныстарымызды қалт жібермей орындауда. Осы екі азаматтың қамқорлығы арқасында ондаған жылдар бойы сүр болып жатқан саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдыры жедел шешілу үстінде, біздің қажетті материалдарды дер кезінде алып отыруымыздың сәті түсуде. Қажетті деген органдармен қоян-қолтық араласа отырып жұмыс жүргізе білуіміз — біздің Аза кітабының бірінші томын өте қысқа мерзімде — бір жылға жетер-жетпес уақытта баспаға әзірлеп бітіруімізге жағдай жасады. Бұл арада біздің бес адамдық шағын коллективімізде екі адам 8 ай облыстық ұлттық қауіпсіздік басқармасында оты-

рып, үзіліссіз жұмыс істегені, облыстық редакциялық алқа мүшесі Хамит Ембергенов әліге дейін сонда отырғаны — біздің саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған екі томдықты сөзсіз шығаруымыздың сенімді кепілі болары анық.

Ұлттық қауіпсіздік басқармасы мен облыстық прокуратура орындарымен тығыз ынтымақтаса жұмыс жүргізу нәтижесінде, бұрын қолға ұстамақ түгіл, есітіп білудің де сәтін келтіре алмай жүрген көптеген зұлматты жағдайлар Аза кітабының бірінші томына («Боздақтар» сериясымен — алтыншы) енгізілді. Ауызбен айтып сендіру мүмкін бола бермейтін, тек қолымызға түскен құжаттар бойынша ғана кешегі Қызыл империя зұлматтықтарының бірер айқын фактілерін оқырмандар назарына ұсынуға тура келеді.

1937 жылғы маусым-шілде айларында молдалар мен ишандарды сыпыра ұстап алып, үштіктің қаулысымен топырлата атуға жол берілгені кімнің де болса жанын түршіктіреді. Қызылорда аудандық НКВД бөлімінің 8 маусым—27 шілде аралығындағы қаулыларымен 10 молданы — Нұраддин Нұрмағамбетов, Сұлтан Қалменов, Әбіш Исакожаев, Икрам Әбласанов, Кәри Тұрғанбаев, Әбілда Нұржанов, Баттал Жансейітов, Басафа Алдабергенов, Жүсіп Бақбергенов, Сейдахмет Байбақтиевтерді ұстап әкеткен. Сонан бастап ол молдалардың жұрағаттары олардың қайда кеткені, қашан, қалайша өмірден баз кешкені жайлы ештеңе біле алмай-ақ келді. Дәл осы мерзімде жоғарыдан берілген Қызыл империя нұсқауына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасының тікелей өзі берген қаулыға сәйкес тағы 13 молда тұтқындалды. Сол молдалардың біреуі — Аппақ ұлы Мардан біздің Қызылорда облыстық газетте жұмыс істеген Ахметжан Нұрекеевтің әйелінің әкесі Әбілда Нұржанов молдамен бірге ұстап әкетілген. Осы 23 молда Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің (Пинтель, Досов, Случак деген жендеттердің) қаулысымен 1937 жылғы 5 қыркүйекте атуға бұйырылып, бұйрық 13 қыркүйекте жүзеге асырылған болып шықты.

Қазақ халқының ардагер ұлдарының бірі, жазушы, драматург Қалтай Мұхаметжанов әкесі Нұрекеев Мұхаметжанды 1937 жылы ұстап әкеткенін білгенімен, оның кейінгі тағдырынан бейхабар болатын. Халық арасында «Қара молда» деп аталып кеткен Мұхаметжан молда өзінен басқа үш молдамен — Рахматулла Оспанов, Әбілхақ Нұрымбетов, Шайхы Шамсетдиновпен бірге 1937 жылғы 10 қазандағы НКВД қаулысымен тұтқынға алынып, Оңтүстік Қазақстан НКВД басқармасы үштігінің сол жылғы 1 қазандағы қаулысы бойынша алғашқы екеуі ату жазасына бұйырылған, үкім 14 қарашада, түнгі сағат 12-де орындалған.

Репрессияға ұшыраған аз ұлтты халықтар жайлы сөз еткенде әсіресе корейлер туралы тебірене отырып сөз қозғауға тура келеді. 1937 жылы күштеп жер аударылған корей халқы сол жылдың төртінші тоқсанынан бастап, 1938—1939 жылдары жаппай қырғын таба берген. Оларға тағылған айып бірақ сөзден тұратынын қайтерсің: шетел шпионы! Болды! Қармақшы ауданының НКВД бөлімі 1938 жылғы 5 қыркүйекте 6 корейді, 5 қазанда 10 корейді, 9 қазанда 7 корейді, 17 қазанда 4 корейді ұстап алып, осы төрт мәрте «сүзу» үстінде қолға іліккен 27 корейді бірден атуға бұйырған. Қазалы аудандық НКВД бөлімі 11 корейді ұстап алып, «шпион» деп атап, бәрін де аттырған. Сырдария аудандық НКВД бөлімі 13 корейдің, Қызылорда қалалық НКВД бөлімі 30 корейдің қанын судай төккен.

Қызылорда қалалық НКВД бөлімінің құрығына көбіне полиграфистер, журналистер, педагогтар, корей театрының артистері мен корей педагогикалық институтының студенттері іліге берген. Мәселен, корейлердің «Авангард» газетінің редакторы Хван Ден Хун, «За рис» газетінің қызметкері Хван Бо Чер, облыстық оқу бөлімінің меңгерушісінің орынбасары Юн Ши Хван, корей педагогикалық институтының партбюро секретары Ким Хен Гук, корей театрының кастюмері Ли Шен Ха, полиграфист Ким Дон Сан, студент Ким Дык Тен, тағы басқаларының қаны судай шашылғанда, олардың нендей кінәсі болды екен деп қайран қаласың.

Аза кітабының 40 баспа табаққа жуықтайтын бірінші томы баспаға әзір болды. Оның «Топтасқан қылмысты істер хаттамасы» атты бірінші бөлімінде 274 топтамаға біріктірілген 1555 азамат жайлы мәліметтер бар. Олардың 432-сі НКВД үштіктерінің солақай қаулылары бойынша атылған. Мәселен Арал ауданы бойынша бірінші томға енген 269 адамның 75-і, Қазалы ауданы бойынша бірінші томға енген 343 адамның 122-сі, Қармақшы ауданы бойынша —279 адамның 50-і, Сырдария ауданы бойынша —224 адамның 63-і атылғаны жайлы нақты мәліметтер бар.

Бұл томда Мұстафа Шоқайға арналған бөлім, 1997 жылы 100 жасқа толатын Сүлеймен Есқараев, Нұрғали Сәтіғұлов, Қазмұхамбет Күлетов жайлы бөлім, сталиндік репрессия құрбандары жайлы мақалалар мен құжаттар, күштеп жер аударылған аз ұлт өкілдері басына орнаған зобалаң жайлы бөлім, жауға тұтқын болғаны үшін қуғындалғандар жайлы бөлім бар. Том суреттермен, карталармен, құжаттармен молынан көркемделген. Бұл кітаптың бір артықшылығы — оған барлық аудандар, қала қамтылған.

Қазір біз облыстық ұлттық хауіпсіздік басқармасы мен прокуратурадан саяси қуғын-сүргін құрбандарының соңғы легінің материалдарын алып жатырмыз. Сол ұжымдардың қызметкерлерімен достығымыз бен ынтымағымыз жараса отырып, Аза кітабының екінші («Боздақтар» сериясымен —жетінші) томын да 1999 жылы баспаға өткізетінімізге күмән жоқ.

*Мырқы ИСАУЛЫ,*
*«Боздақтар»* естелік кітабының
бас редакторы.

## АЖАЛ АПАНЫ

**Жарықтық үлкендер әулие ғой, аяқ бассақ алдыңнан албасты шығатындай әлдебір нәрселерден үркітіп отырушы еді. «Мына жерде қорым бар, анау мола ғой, баспаңдар, әруағы атады» деп үрейімізді ұшыратын. Олардың мұнысын базбір ересектер құр үргедектікке, ырымшылдыққа жорыса, балалар шеңгел мен жыңғыл ұйысқан төмпешік көрсе үрейі қалмай қарадай қашатынбыз. Сонда қарт кісілердің аузынан көбіне «Аштық көктей солдырды ғой қазақты. Көмусіз қалды-ау боздақтар!» деген қайғылы да қаралы сөздер естуші едік. Бірақ бала емеспіз бе, естігеніміз болмаса, елең қылмайтынбыз.**

Бертін келе ашаршылық жөніндегі зарлы әуен мен шерлі әңгімелерге құлақ түріп, ызалана тыңдайтын болдық. Әсіресе, бірде ауылдас ағай Кеңес Одағының Батыры Жақыпбек Махамбетұлының аузынан сенбеуге, иланбауға болмайтын өте қорқынышты хикая естідім.

...Ұмытпасам 57-інің қысы. Менің газет қызметіне енді араласа бастаған бозбала кезім. Бірде аудан орталығы Тасбөгет қыстағынан ағамен ілесіп ауылға кештете қайттық. Қыстақтан үш-төрт шақырым шыға бергенімізде көлігімізге «оқ» тиді. Бырт-бырт, бырқ-бырқ етті де, демі таусылды. Шофер жігіт кеселін тауып, техниканың өкпесін соқтырам дегенше, біраз уақыт өтті. Машинада тола отырған топ бойымыз мұздаған соң сыртқа шықтық. Тез адымдап, жолдың сол тұсындағы шеңгелдің түбіне таяна бергеніміз осы еді, іргемізден ши бөрілердің ұлыған дауысы шықты. Қараңғылықты жарып шыққан ащы да үрейлі үн бірте-бірте тұс-тұстан естіліп, үдей бастады. Батыр аға екі қолын жеңіне тығып манадан үндей қойған жоқ еді, мына тоғай тағыларының ұлыған үні жүйкесіне жақпады білем, дыбыс шыққан тұсқа құлақ бұрып:

—Ұлисыңдар, ә? Ұлыңдар, бірақ бұл жерде адам ұлып еді. Енді сендер ғана ұлыңдар, қорқаулар!—деп ызалы үнмен тіл қатты.

Сөкең әңгімесін тағы сабақтаған.

— Бұрын, кешегі ашаршылық жылдары, онан кейін де жаңағы жер «Ажал апаны», кейінде «Тектүрмас» делінетін. Оған себеп... өзімен кетсін, кешегі ашаршылықта өлген адамдарды алысқа апаруға, әдет-ғұрыппен жерлеуге мұрша болмаған соң мәйіттерді арбаға тиеп, қала маңындағы шеңгел арасындағы ой-шұқырға апарып тастайтын. Күндізгі бос көше, бос орындарда ертеңгісін адам өлігі үйіліп жатушы еді. Жаңағы жер де ажал апанының бірі. Айналасы жиде мен шеңгел тоғай-тұғын. Көзден таса жер. Өгіз арба жүретін жолы бар еді. Міне, сол жерден көлемді киіз үйдің орнындай ор қазылып, өліктердің тасталатынын сырттай көріп жүрдік.

Содан бұл жерде ертемен басталған қылмысты қыбыр күн көтерілгенде ғана толас табатын. Бірақ ана ақшеңгел арасынан шыққан өксік үн, ашжалаңаштың жанайқай жоқтауы үзілмеуші еді. Қысқасы жаңағы жердегі ажал апанында үсті құммен шала жабылып, аштықтың жүздеген құрбандары жатыр. Мен бұл жерден әлі күнге дейін үрейленіп, қорқып, кәлимаға тілімді келтіріп өтемін...

Қазір батыр аға айтқан «Ажал апаны» деген жер дария иіні, «Арай» деп аталады. Ол маңда пионер лагері, саяжай және өңкей екі-үш қабатты коттедждерден тұратын мөлтек аудан бар.

Бұрнағы жылы көктемде осы мөлтек ауданнан бір суыт хабар тарап кетті. Дәрігер жігіт үй салатын жер алып, оны тегістетіп жатыр еді. Кенет бульдозер қанағы бірдеңеге тірелді де, үйілген адам сүйегінің бетін ашты. Әрі қарай арши түсіп еді, сүйек үйінділері тұс-тұстан шыға берді, шыға берді. Бетін құм басқан апанның табаны түгелдей адам сүйегі болған соң қазу тоқтатылды. Сүйтіп тұс-тұсқа хабар жетіп, артынша мәйіт төңірегі түгелдей қоршалды.

**Бұл көріністің куәсі болған қала әкімшілігі арнаулы комиссия құрып, сарапшылар тобын жасақтады. Әзірге өліктердің ұзын саны анықталмаған. Бірақ аз адам емес екені де белгілі болып отыр. Ашаршылық жылы жерленген мәйіт екені де анықталды. Сарапшылардың айтуынша, кейбір бас сүйектерде оқтың тесіп өткен орны бар көрінеді. Сондықтан қуғын-сүргінге ұшыраған ардақтыларымызды да осы жерге әкеліп атқан болуы керек деген болжам бар. Айғақты сүйектер астанадағы сарапшылардың анықтауына жіберілді.**

*Өтеген ЖАППАРХАН*
*«Егемен Қазақстанның»* тілшісі.
Қызылорда қаласы.
*«Егемен Қазақстан»* газеті, 1996 жылғы 31 мамыр.

*«БОЗДАҚТАР» РЕДАКЦИЯСЫНАН:* Тап осы Арай учаскесіндегі құм төбеге репрессия, аштық құрбандарының сүйектері қайта жерленіп, биіктігі он үш метрлік монумент орнатылды. 1997 жылғы 31 мамырда осында тұңғыш рет саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнап қаралы митинг ұйымдастырылып, ас берілді.

# ҚОС ОБА СЫРЫ

**Халқымыздың басынан не хикмет өтпеген. Тұс-тұстан анталаған жаулармен жанаямай жағаласа жүріп, ерлік-елдік тарихы өз алдына бір төбе. Оның үстіне жұт, аштық, індет тауқыметі басына талай төнген ғой. Малы мен жаны шыбындай қырылып, тұтас ауылдың түндігі ашылмай қалған кездері аз болмаған. Соның ең бір ауыры — дүйім жұрт әлі күнге дейін қабырғасы қайыса еске алатын отызыншы жылдардың бас кезіндегі алапат аштық апаты. Аштықтан үш миллиондай адам кебінсіз, жаназасыз, оны айтасыз, көмусіз, жер жастанса, мұның аты, ұлы нәубет емей немене?**

**Бұл жерде аштық зардабын қазбалаудан аулақпын. Ол туралы аз айтылып жүрген де жоқ. Шағын әңгіме арқауы әке аузынан естіген бір үзік сыр еді.**

...1945 жылғы маусымның аяқ кезі еді. Әкем Иген Сүйімбайұлы батыстағы қанды қырғын соғыс ішінде жүріп, әлденеше жараланып ауылға жақында ғана оралған.

Отбасының қуанышына ортақтасқан келім-кетім кісі аяғы басылды. Мен әкеме аянышпен қараймын. Жауға аттанардағы қырықты алқымдаған қайратты атпал азамат орнына көз алдымда жүдеу сүлба тұр. — Ер арыса әруақ деген рас екен-ау,— деймін іштей егіліп.

Бүгін үй оңаша, жексенбі. Демалыс күні. Ортасында тұрып қатты айқайлаған дауыс шетіне жететін, шағын қыстақ адамдары базарға жиналды. Азанғы шайдан кейін біз де солай беттедік. Әкем базарға көп аялдамай, жәй аралап батыс шетіне шықты.

— Дария жағалап қайтайық.

Ол күнгейге көз тастады. Қыстақты іргелей аққан Сыр суы жалтырап көрінеді. Базардан шыға сүрлеу жолмен қатар аяңдап келеміз. Алдымыз сор ашқан шағын алаңқай. Орта тұсында қатар түзеген едәуір ұзынша төмпешіктер. Енді уақыт ырқына көніп аласарыпты.

Сағынған Сыр табиғатына сүйсініп, жадырай түскен әке жүзі «қособаны көргенде сұрланып сала берді. Өзі тізерлей беріп, маған да отыр дегендей ишарат жасады да, құран оқып, бет сипады. Басы төмен иілген. Үн жоқ. Әке әңгімесін әріден бастады.

...Біздің ауылдар Сыр мен Қызыл арасын қыстау, Қарақұмды жайлау еткен көшпелі ел болатын. Ауқаттысы ауқаттыша, жарлысы жарлыша қойын құрттап, айранын ұрттап дегендей күн кешкен. Кәнпескеден кейін жағдай күрт өзгерді. Жұрт ескі тірліктен қол үзіп, әуре-сарсаңға түсті. Ел ішіне белсенді, атқамінер, өкіл дегендер қаптады. Белсенділер шолақ тұғырларын басқа-көзге төпелеп екі ауылдың арасын шаңдатып әбден берекені алды. Бір күні әлгілер «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген дене тітіркендіретін кесірлі сөзді ауыздарынан тастамай айқайлап шыға келді. Қазақтың малын алғаны жанын алғанмен бірдей ғой. Ау, егіншілікке төселмесе, таңдайына тартқан ағарғаны азайса не болғаны!

Менің де азын-аулақ шаруамның қыры кете бастады. Ақырында бір ат пен бір сиырға қарап қалдық. Алдымыз болса қыс. Мидай араласып жатқан ағайын-туыстықтың сәні кетті. Балапан басына, тұрымтай тұсынаның кері келді. Әркім бас қамын күйттеді. Жел өтіндегі қурайдай қалтыраған қараша ауылдар бейнесі аянышты-ақ еді. Өлмес қамын жасау керек. Мен қалаға (әкемнің қала деп отырғаны сол кезде 2—3 мыңдай ғана халқы бар Қармақшы қыстағы) көштім. Бұл 1931 жылдың күзі еді. Шиеттей үш баламыз бар, шағын жанұяма баспана табылды. Тепсе темір үзерлік жас шағым, екі қолға бір жұмыс деп тәуекелге бел будым. Бірді-екілі қара да дәтке қуат. «Өлмеске өлі балық» деген рас қой балам. Бос жүрмей кәсіп таптым, жұмыс талғамадым. Жүкші, қара жұмысшы, қарауыл, тіпті хат тасушы болып жұмыстар атқардым.

Лаждап қысты өткіздік. 1932 жылдың қоңыр күзі келді. Заман сиқы шошырлық. Еккен егіні, қорада малы, мемлекеттен алып жатқан көмегі жоқ халық сеңдей соғылды.

Қай кезде де базар жабылған ба? Қайдан табатынын бір құдай өзі білсін — сылқылдақ тандыр нан, дән сатушылар арылмайды. Аштықтан көзі қарауытқандардың бас салып, тандырды шықшыттап, шикі дәнді ауызға құйғанды талай көрдік. Ұрғанды, өлімші етіп тепкілегенді елемейді, аш құрсақ жұбанса болғаны.

Қой, енді әңгімені көбейтпей жаңағы қос обаға оралайын.

...1932 жылдың күзінде тұтыну кооперациясына орналастым. Кооперацияның 8 түйесі бар. Түйе болғанда қандай. Менің міндетім түйлерді мезгілінде азықтандырып, түнде күзету, күндіз осы көлікпен жұртты тасимыз. Күндіз-түні тынбай еткендегі табысым жанұямды ашықтырмайды. Соған да шүкір.

Бір күні осы тіршілігіміздің өзін құдай көп көрді. «Бәле қайда, аяқ астында» деген рас екен. Төбемізден жай түскендей болды. Желтоқсанның бораны толастамағалы аптадан асты. Екі кештің арасында жел мүлде күшейіп, алай-түлей болды да кетті, бет қаратпайды. Аяз қатайып барады. Тез қараңғылық түсті. Түйелерді жемдедім. Үйге кірдім де аз жылынып қайта шықтым. Малға енді шөп салдым да, үлкен дарбазаны құлыптадым. Таң бозара қарасам түйенің біреуі жоқ. Есік берік Аласұрып олай жүгірдім, бұлай жүгірдім — сыбыс жоқ. Жағдайды тиісті жерге өзім хабарлап, күнәмді мойындадым. Тергеу, сұрау басталды. Ақыры түрменің төрінен бір-ақ шықтым. Әділдік

қай кезде де бар екен, ұрлық сыры ашылды. Түрмеде бір айдай жатып, ақталып шықтым. Бірақ, осы аз уақытта бастан кешкенім бүкіл өміріме өшпес із қалдырды.

Қамауда бір апта ұстағаннан кейін мені қасыма егделеу бір кісі қосып, ат арбамен күндіз жұмыс істеуге шығарды. Милиционердің бақылауымен жүреміз. Жұмысымыздың түрі қыстақтың көше, аула, қалтарыс қуыстарын аралап аштан өлген адамдардың мәйітін жинау, шеткерірек қазылған апанға ат арбамен тасып, жайғастыру екен.

«Құдай салды, мен көндімнің» кері. Бұрын еркін аралайтын көшелерге жүрексіне жол тарттық. Боранды аяз әлі толастамаған. Кесе қарға ат омбылап, арба әрең өтеді. Төңіректе қыбыр еткен жан жоқ. Ұрымтал жерлерді жіті қадағалаумен келеміз. Бір үйдің ығында қар басып, шалғайы ғана көрініп жатқан өлікке тап болдық. Бишараның бас киімі түсіп қалған, беті ашық, қос жанары жұмусыз. Ұрмай-соқпай далада жан тапсырған пенде түгел, ақ жуып арулап, оң жаққа салған мүрдені сирек көрген басым, сіресіп қатып қалған денені іш-бауырым қалтырап, әрең көтеріппін.

Өліктің бетін ала шыққан ескі көрпешемен жауып, сапарымызды одан әрі жалғастырдық.

Аштан өлгендерді арбамен жинау тапсырмасын жиырма күндей — қашан ақталып шыққанымша орындадым. Көргендерім еске түссе кешегі қанды қырғын соғыстағыдан бетер, әлі күнге жаным түршігеді. Әуелгі айларда түнде шырт ұйқыдан шошып оянған кездерім аз болмады. От жағылмай азынаған тамда әйел-еркегі, кәрі-жасы түгелімен қырылып, есігі ашылмай қалған үйлерге тап келгендегі азабымды ауызбен айтып жеткізу қиын.

Әкем ауыр жүк арқалағандай қинала тыныстап, көз алдымда егде тартып, бойы кішірейген тәрізді. Сәлден кейін әл-дәрмені кеткендей жол жиегіндегі көгалға отырып кетті. Әңгіме қайта жалғанды.

— Жиырма күндей тасығанда баяғы бірінші апан өлікке толды. Көктем шыға бір соққанымда екінші апан да ернектесе керек, бет топырағы биіктетіліп, қос оба қатар түзепті. Бұл менің ғана көрген нәубетім. Несін айтасың, қарағым. Аштық апаты балаңның баласы таусып айта алмайтын жыр,— деді ол.

Әкеммен қатар жүріп көкейден кетпес әңгімесін тыңдаған сол бір сәттен бері де 47 жыл өтіпті. Ғазиз әке шағын қыстаққа төнген аштық нәубетін жыр етіп, Сыр сандығын ақтарғанда мейірімсіз қатыгездік құрбаны миллиондап саналатынын білді ме екен?...

*Шора ЕРАЛЫҰЛЫ.*
(*«Сыр бойы»,* 1992 жылғы 26 мамыр).

## «БІРҚАЗАНДА» ҚАНШАМА ӘРУАҚ ЖАТЫР?

**Біз естіген бұл хабар «Кеш жарық» әзірленіп жатқан сәтте мәлім болды. Хабарды Тасбөгет қыстағының, Абай көшесі, № 91 үй тұрғыны, бұл күнде сексеннің сеңгіріне шыққан Әлмаш Әбдіхалықов қария айтқан еді. Естігеніміз — жаңалық деуге жатпас, кешегі сұрқия заманның тағы бір сүреңсіз суреті. Сонымен қалған әңгімені Әлмаш қарияның өз аузынан есітелік.**

Бұл отызыншы жылы, 19 жасымда көрген оқиғам еді. Одан бері алпыс бес жыл өтіпті. Кешегі заманда қорқақтап айта алмадым. Енді сексен бес жасқа жеткенде көзім көрген сұмдықты бүгінгі ұрпаққа баян етіп, адамдық борышымды өтегім келеді. Біз Қызылорда қаласынан 35 шақырым жерде қазіргі Бірқазаннан әрірек қоныс тепкен темір жол бойындағы ел едік. Үрей-күдіктің арасында жүрген қасіретті бір түнде мекенімізге поезд келіп тоқтады. Үй ауласында отырып көреміз: екі вагон аузы-мұрнынан лықа толы тұтқын әкеліп түсіріп жатыр. Оларды қолдарынан екеу-екеу қосақтап, сым темірмен байлап тастаған екен. Әлгі байғұстарды күні бұрын қазылған үлкен ордың қасына алып барды. Келе жатып, әрбір тұтқынды аяусыз ұрып келеді. Мылтық даусы да естіліп жатыр. Жаны қысылып шулаған көп адамның даусынан жер-көк күңіреніп, ақырзаман болғандай, иттер ұли бастады. Қолдарындағы сымды үзіп, екі тұтқынның тұра қашқанын ай жарығынан көріп қалдық. Бірі табан астында оққа ұшты да, екіншісі құтылып кеткендей болған.

Сонымен ауыл қасында болған сойқан тұтқындардың үні өшкен соң ғана тыныш тапты. Таң сарғая қарасам, жендеттер кетіп қалған екен. Сұмдықты сырттай бақылап көрдік. Сұмдық! Адам қаны жер бетіне суша шашылған. Жыртылған киім әр жерде жатыр. Бір жерде қазақтың кебіс мәсісі, бір жерде тымақ.

Көмбеге көзім түсіп кетсін: шет жағасында адамның қаны. Тіпті жұқалтаң жабылған топырақ қозғалып, астындағы шала-жансар жандар қимылдайтын секілді. Не істерімді білмедім. Сол арада тірілей көмілген жандарды көріп тұрып өзөзімнен егіліп жыладым. Қолымнан не келеді? Біреуге көмек жасау — өзіңе өлім тілеумен бірдей. Бұл сұмдықтан осы көргенімізбен ғана құтылып қойған жоқпыз. Әкелген кезде екеудің бірі, қан баттасқан көйлек-дамбалдан басқа ештеңесі жоқ, түнде қалтырап-дірілдеп біздің үйге келіп тұр. Өзі аш. Әбден әлсіреген. Пеш түбінде жылап отырып, төмендегі елден екенін, «Қарақұм» көтерілісіне қатысты» деген жаламен кеткенін айтты.

Әкем молда кісі еді. Қашқынды аяп, қолда бар тамағымызды бергізді. Тамақты ауызға ала бергені сол еді, аулымыздың екі белсендісі жетіп келсін. Келе қашқынға жармаса кетті. Оларға да басу айтып жатырмыз. Қашқын да, белсенділер де қонып жүрмекші болды. Әлгі белсенділер үйықтаған кезде әкем қашқынды тұрғызып алып:
— Бейшара, мыналардың киімінің бірін ки де, тұсаулы тұрған аттың бірін міне сал, қаш,— дейді. Қашқын ұзап кетті-ау деген шамада әкем апылғұпыл белсенділерді оятып:
— Тұтқын қайда? Не күзеттіңдер?— деп өздеріне зығырды ексін.
Екі белсендіде үн жоқ. Бастарын шайқай береді. Ауыздарына құм құйылған. Сонда да болса көпке дейін қашқынды біз құтқарғанымыз белгілі болып қала ма деп қыпылықтап жүрдік.
Жаратқанның бәрін есепке алатын құдай бар екен. Енді арманда кеткен өлі әруақтардың жазықсыз екендігі белгілі болып, олардың ізінен сұрау салынып жатыр. Менің жасым да 85-ке келді. Бүгінгі ұрпаққа өзім көрген сұмдықты айтып, арманда кеткен боздақтардың жатқан жерін көрсету басты борышым деп білемін.

**(Газетке берілген бұл хабардың авторы Бақтияр Ноғаев еді, бірақ баспаханада ол белгісіз себеппен түсіп қалған)**
(*«Сыр бойы»* газеті, 1995 жылғы 1 қараша).

* * *

*«Боздақтар» редакциясынан*: Дәл осындай сұмдық хабар бізге Қызылорда қаласының іргесіндегі «Арай» деп аталатын құм төбенің оңтүстік баурайында, ипподромнан екі жүз қадамдай ғана жерде, қала капиталистері самсата соққан екі, үш қабатты кодтеджерден елу-алпыс қадамдай ғана жерде репрессия құрбандары атылған жер бары жайлы Бақтияр Ноғаев хабарлап еді. Қасыма облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің екі қызметкерін ертіп, сол жерге жетуге асықтым. Адам сүйектері жайрап жатқан жердің дәл үстінен түстік. Әлде біреулер ол жерді сыммен қоршап қойыпты. Оқ тескен адам бастары ашық жатыр, адам жіліктері де самсап көрінеді. Соларды көріп, жүрегім қан жылады. Суретке түсірттім.
Репрессия құрбандары атылған жерді көрген әрбір азамат қала ішінде де, (бұрынғы Куйбышев көшесіндегі құрама жем сататын ларектің қасында барын, бірақ қайта жерлеушілер адам сүйектері самсаған жерді дәл таппай, бір метр ілгеріден күрекпен ғана қазып, үш-төрт адам сүйегін ғана алып, сол бойынша тастап кеткенін біледі. Қараүйлтөбе қырғыны болған сорлы көл маңында да сондай адам сүйектері көптеп жатқан жерін жұрт кешегі күнге дейін көріп жүрген. Енді міне соларға Бірқазан маңындағы қырғын орны тағы қосылып отыр.
Бірқазан станциясындағы № 14 разъезден 2 километр жерде, шығысқа қарай, темір жол өткелінен тесіп өтетін сүрлеу жол барып тірелген құм жиегіне екі вагонмен түнде апарылып атылған боздақтар жатқан жерді айтқан Әлмаш Әбдіқалықов 1997 жылғы ақпанда қайтыс болып кетті. Екінші куә — Қызылорда қаласы, Фрунзе көшесі, № 6 үйде тұратын Жұмабек ақсақал 87 жасқа келген карттығына қарамай, ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері Әмірхан Бәкіров пен облыстық прокуратура қызметкері Кәжденбек Баймахановке 1996 жылы бірінші рет, 1997 жылғы 17 мамырда екінші рет әдейі барып көрсетіп берді.
Осы Бірқазандағы қырғын орны жайлы баспасөзге, бізге хабарлаушы Бақтияр Ноғаев Қызылорда қаласы, З. Шүкіров көшесі, № 1 үйде тұрады.

## Томар түбінен табылған кітаптар

Жалағаш ауданындағы Аққыр ауылының жігіттері Қаракөл маңынан отын алып жүріп, сексеуіл түбінен күтпеген қазынаға тап болды. Олар киізге оралған, араб әрпімен жазылған 40 шақты кітап тауып алды. Бір кітаптың бетінен латын әрпімен жазылған «Жадақов» деген сөз оқиды. Сұрастыра келгенде бұл кітап Сыр өңіріндегі белгілі емші Садық ахун Қодаровтың кітабы болып шығады.
Ал, сонда Жадақов кім дейсіз ғой? Ол ахунның шәкірті екен. 1937 жылы ахунды қайта-қайта түрмеге жауып, мазасын алған соң шәкірті ахун кітаптарын жасырғанға ұқсайды. Садық ахун-Бұхара медресесінің түлегі. Қармақшы ауданында 40 жыл мешіт ұстаған, бірнеше рет Сыр өңірінде өткізілген ақындар айтысына қатысқан. Сонымен қатар білікті емші де болған.
Кезінде Иран арқылы Францияға барып, еуропаша емдеу тәсілін үйренген Садық ахун Сыр өлкесіне танымал. Бәлкім 60 жылдан кейін табылып отырған бұл кітаптарға білікті мамандардың зерттеуі қажет шығар. Ендігі мәселе осыған тіреліп тұр.

*Қайыр Қорасани.*
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1997 жылғы 13 мамыр).

«Боздақтар» редакциясынан: Тереңөзек ауданы, Ильич атындағы кеңшарда туып-өскен журналист-ақын, облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер Сақтаған Есмахановтың айтуынша, оның жерлесі болып табылатын Садық ахун Кодаров 1937 жылы репрессияға ұшырап, 4 ай түрмеде отырып шыққан. Діни кітаптарын жасырып үлгіруі арқасында ғана НКВД үштігінің ату жазасынан аман қалған. Сол Садық ахун Қодаровтың туған баласы Тәждин Садықұлы осы аты аталған ауданда тұрды. Тәждин де халық емшісі, ауыл фельдшері. Әкесінің томар түбінен діни кітаптарын өз қолына алғандығын айтты.

## Жендеттер қолданған «әдістер»

Қаламызда қазір жасы 88-ге аяқ басқан шынашақтай ғана бір ақсақал ағамыз бар. Аты-жөні — Асанхан Рабаев. Өмірден оқыған-тоқығаны көп, жастайынан еті тірі, сөзді тауып айтатын, оң-солын бағамдай білетін турашыл кісі. Қарапайым болса да көптеген қызметтің басын шалған. Және бір ерекшелігі — заманында өзі көрген оқиғаларды осы кезге дейін айна-қатесіз жадында сақтап жүргені. Бірде жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары жайлы әңгіме болды.

— Асеке,— дедік біз сонда,— сіз ес біліп, етек жиғалы көп адамдармен тұз-дәмдес болдыңыз. Бала жігіт кезіңізде халқымыздың асылдары атанған марқасқа ағаларымыздың көзін көрген тұстарыңыз да бар болар. Шамалап содан әңгіме қозғай отырсаңыз қайтеді?

Мұндай ишарат — қалаудың Асекеңе қатты ұнайтынын жақсы білеміз. Қу тіршіліктің күнделікті майда шүйде сүреңсіз әңгімесі ол кісіні қызықтырмайды. Ал, өткен тарих тақырыбына келгенде шындап шабыттанып, көсіліп ала жөнелетіні бар. Осы жолы да солай болды.

— Қазақстанның астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілгеннен кейін бұл қала тек қана сәулет, шаруашылық жағынан емес, сонымен қатар рухани өсу, жаңару жағынан да ілгері қарай күрт қадам басты,— деді Асекең өзіне тән әдетімен сөз тігісін әдемілеп жатқыза сөйлеп,— әдебиет пен өнер, тіл мен салт-сана — қашан да елдіктің белгісі, әрбір ұлттың мақтанышы болған ғой. Сол кездегі үкімет басшыларын, белгілі қоғам қайраткерлерін көрдік. Ал, халқымыздың жарық жұлдызына айнала бастаған Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтарды қай жерден көреміз деп бозбала шағымызда күнде шабуылдап жүретінбіз.

Жиырма бесінші жылдары сол кісілердің бәрін де мен өз көзіммен көрдім. Көргенім сол, құдай сәтін салып, тіпті бірсыпырасына үйішілік қызмет жасап та үлгірдім. Менің шешем арғын Нұржаудың баласы Сыздықтың туған апасы болатын. Сыздық туған нағашым саудамен айналысатын дәулетті кісі еді. Қаланың оңтүстік батыс жақ шетіндегі Әуетелеграм деген жерде он екі бөлмелі үйі болды. Жан-жақтан саудагерлер келіп сонда қонып жататын.

Мұнда зиялы адамдар да келіп тұратын. Көбіне осында аптасына бір рет Ахмет Байтұрсынов, Бейімбет Майлин, Байнияз Хангелдин, тағы басқа мен тани қоймайтын ірі тұлғалар бас қосушы еді. Сонда олар түкпірдегі бір кең бөлмеге жайғасатын. Таңдаулы жерден қымыз алдырылып, мал сойылады. Бөлмеде қонақтарға Сыздық Әубәкіров және мен ғана қызмет көрсетеміз Қанша әйел болғанмен олардың бірде-біреуіне бөлмеге кіруге рұқсат жоқ.

Бірде, жас емеспін бе, еркінсіп кетіп: «Шайды неге әйелдер құйып бермейді?»— деп қалдым. Отырғандар менің бетіме бір-бір қарап алды да, үндеген жоқ. Әңгімелерін әрі қарай жалғастыра берді. Ахмет аға аққұба өңді, аса салмақты, сымбатты адам болатын. Бейімбет қараторы, дөңгелек жүзді, қалың қара шашты, төртбақ мығым денелі, көз жанары отты, шапшаңдау сөйлейтін кісі-тұғын.

Келесі отырыстарында Ахмет аға мені бөлмеге бір кіргенімде сәл тоқтатып қойып: «Мына жиен бала өткен жолы шайды әйелдер құйып бермейді деп еді, біз оны жауапсыз қалдырдық. Енді оны дұрыстайық. Әйелдер сөзге үйір келеді. Біреуі бір сөз естісе, ертең оны бүкіл елге жайылды дей бер. Еститін де сөз бар, естімейтін де сөз бар. Әйелдерді араластырмайтынымыз сондықтан. Түсіндің бе, Сәке (Сыздық нағашымды айтып отыр), жиен осында жүре берсін,— деп сөзін тамамдады. Сөйтіп, мені әнтек басқан бір ыңғайсыз жағдайдан қорғап қалды. Өзім де әңгімелеріне құлақ қоймауға тырысатын едім, бұдан кейін тәртібіме тіпті қатты қарайтын болдым.

Қайран сол ағалар! Ұлылықтың иісі сезіліп тұратын еді-ау олардан. Енді ойласам олар сол кездері халқының қамы, ұлтының болашағы, елге төніп келе жатқан зұлмат жайлы оңаша отырып өзара пікір алысады екен ғой. Қазақстанда Кеңес үкіметін өз қолдарымен құрып, оны дұрыс теңдік жолымен жүреді деген үміттерін таразылайтын болса керек. Ақыры отызыншы жылдардан бастап Сталин және оның айналасындағылар «халық жауы» деген бәлені шығарып, елдің іліп алар бар қаймағын қынадай қыра бастады емес пе! Бүкіл дүние жүзі елдерінде о заман-бұ заман бұдан өткен қаныпезер зұлымдық болмаған шығар. Мен қолдарына су құйған сол абзал ағалар да тоталитарлық режимнің құрбандары болып кете барды. Бұдан артық өкініш болар ма, сірә!

Асекеңнен бұл әңгімені естегелі де бес-алты жылдың жүзі болып қалды. Ойламаған жерден былтыр «Аргументы и факты» газетінің» 48-өміріндегі Қазақстандық қосымшасындағы «Атуға рұқсат етемін» деген көлемді материалға көзім түсті. Онда белгілі қоғам қайраткері, революционер, жазушы Сәкен Сейфуллин және басқа да бірсыпыра қазақ зиялыларының атылуы жайлы құжат бірінші рет

жарияланып отыр екен. Және де осы материалға Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың атылар күндердің алдында түсірілген портрет-фотосуреттері қосыла беріліпті. Сондай бір «өркениеттілік» тәртіп болғаны да. Мақаланың авторы «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының хатшысы Сәуле Айтмамбетова. Қажырлы, қайсар қарындасымыз бұл құжаттар мен фотосуреттерді республикалық ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Россия мемлекеттік қауіпсіздік комитеті архивінен шыбын жаны шырқырап жүріп тауып алыпты. Сұрағанда басын жерге ұрып жалынғанын да жасырмайды.

Осы материал мен суреттерді Асекеңе көрсеткенімде ол кісі көп уақытқа дейін олардан көзін ала алмай үнсіз отырып қалды. Сәлден соң барып қана «Айналайын арыстарым-ай, сендерді не күйге түсірген. Қандай едіңдер!»— деп көзіне жас алып, кемсеңдеп кетті. Шынында да суреттегі адамдарды жүрегі тас болып қатып қалған мейірімсіз пенде-сымақтың өзі аяғандай еді. Сәкеннің шашы, сақал-мұрты өсіп кеткен. Көз жанарынан түңілген терең мұң байқалады, шарасыздық табы сезіледі. Тек көйлек жағасының қыры сынбапты, сері адам ғой. Оған қолдан жасалған жалған айыпты мойындату қиын болыпты. Сол кездегі жендеттер қинау барысында адам жаны түршігерлік «әдістер» қолданған екен. Сәкенді басын төмен қаратып аяғынан жоғары асып қойып, тырнақтарын тістеуікпен біртіндеп жұлып алған көрінеді. Ұрып-соғу өз алдына бір бөлек. Осыдан кейін адамда не кейіп қалсын!

Ахмет Байтұрсыновтың кейпі бұдан да жаман. Беті көнектей болып ісіп кеткен. Тек сығырайған екі көздің жобасы ғана білінеді. Бейімбеттің түрінен де адам шошынғандай. Шашы үйпа-түйпа, сақал-мұрт өскен, үстіндегі сырт киімі мен көйлегінің жағалары қан-қан, бет әлпеті, жанары адам төзгісіз азаптан кейінгі шошыну табын білдіреді. Қабағы қатыңқы, жаны да, тәні де жаралы болса да, объективке бір түрлі тіктеп, атыла қарап қалыпты. Төртінші суретте — Жүсіпбек Аймауытов. Құр сүлдесін сүйретіп объектив алдына әкеліп отырғызып қойған болу керек. Салыңқы иық, жүдеу дене, кіртиген қабақ, зорға ашылған көз адамның нендей азапты бастан өткергенін айны-қатесіз көрсетіп тұр. Жағасында нөмірленген белгі бар. Сәкен 1938 жылы 25 наурызда Алматыда атылған. Ол кісіні Колыма-Магаданда айдауда жүріп өлді деген бекер сөз. Ахмет пен Бейімбет те сол жылы Алматыда жендеттер қолынан оққа ұшты. Сәуле қарындасымыз сол жылдары Алматыда саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды атуға қатысқан бір адамды (сол кезде айлық алған ведомость бойынша) тауып алыпты. Әрине, ол қазір селкілдеген шал. Оның айтуы бойынша 1937 жылы Алматы маңында, КГБ подвалдарында атылған адамдар саны 700-ге, 1938 жылы ақпан-наурыз айларында 980-ге жетіпті.

Тұтқындарды КГБ комиссары Реденстің резолюциясымен күн сайын қырық-елулеп күн сайын кешкі ондарда атып, таңертең қала сыртындағы Жаңалық деген жердегі арнайы қазылған шұңқырға үйе береді екен. Ол маңайға ауыл тұрғындарын «мұнда аусылдан өлген мал әкеленіп жатыр» деп еш жуытпаған. Сонда да сол кезде бір әйел және екі жас бала мынадай жәйтті өз көздерімен көрген. Бұл кісілер қазір өмірде бар. Бір күні тау болып үйіліп жатқан өліктер арасынан бір әйел тырбанып шығып (оны да атқан ғой, бірақ өлмей қалған) қаша жөнеліпті. Автомат дүркіні оны табанда қағып түскен. Содан бастап атылғандардың тізе сіңірлерін әдейілеп кесетін тәртіп шығыпты. Ойпырмай, қандай «тапқырлық» десеңші! Ол олма, нарком Ежовтың бұйрығы бойынша атылғандардың құжаттарын жойып, көмілген жерлерін құпия ұстауға да тәртіп берілген ғой. Жүсіпбек Аймауытов Мәскеуде атылып, сондағы Ваганков қорымына жерленген. Бейіттің басына қағылған тақтайшаға өлген адамның түрмедегі нөмірі ғана ілінген. Одан басқа еш нәрсе жоқ. Бұл да адамды шыбын құрлы көрмеген «өркениеттіліктің» белгісі болса керек.

...Асекеңнің газеттен айырылғысы келмеді. Соншалықты қатты тебіреніп, көз алдындағы төрт суретке қайта-қайта қарай берді.

*Ақберген Ержан*
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті,
1997 жылғы 9 қыркүйек).

## КАБИНЕТІНЕН ҚАМАУҒА АЛҒАН

Отыз жетінші жылғы 13 тамызда Қазақстан Коммунистік партиясы Арал аудандық комитетінде түс ауа ешкім де күтпеген оқиға болды: үгіт-насихат, мәдениет бөлімінің меңгерушісі Дүйсен Тәжібаев Бөтенбайұлын НКВД-ның екі қызметкері кабинетіне кіріп келді де, бірден қамауға алды. Керек десе аудандық партия комитетінің секретарларының біріне кіріп, оған Тәжібаевтың не үшін қамауға алынатынын ескертумен де ісгері болмады. Дүйсеннің қамауға алынғанын үйіндегі алпыс бес жастағы әкесі Шадықұл да, елу үш жастағы анасы Айша да, жиырма сегіз жастағы құдай қосқан қосағы Қантай да сол күні кештете барып әрең білді. Үйдегі он бір жасар үлкен ұлы Жұмағұл, алтыдағы Серікбайы мен төрт жастағы Жұбаты да әкенің басына төнген қауіптің қандайлық салмағы барын біле алмады.

Екі жендеттің ортасында, қолдары шынжырмен байлаулы қалпында бара жатып, Дүйсен бөлім қызметкерлерінің біріне:

— Бұл арада бір түсінбестік бар. Анықтай салысымен үйге қайтаратын болар,— деп сыбырлап

үлгіріп еді. Бірақ олай болмай шықты. Дүйсен сол кеткеннен мол кетті, әке мен шеше, әйелі, бала-шағасы, аудандық партия комитетінің қызметкерлерінің өзі 1919 жылдан партия мүшесі болып табылатын, елге танымал атпал азаматты үштүгейлі жоғалтты.

Дүйсен Тәжібаевты НКВД жендеттері 1937 жылғы 13 тамызда қамауға алған болса, оның алғашқы «хабары» арада тура жиырма жыл өткенде, 1957 жылғы 31 қазандағы КСРО Жоғарғы Сотының шешімімен қылмыстық әрекеті анықталмағанына байланысты қылмыстық ісі тоқтатылғанын хабарлаған Үкіметтік пакетпен бірге келді. Бұл екі арада қарт ата-ана қайғыдан қуса болып өліп кетті. Жесір қалған Қантай кішкене үш ұлының кішісі — Жұбатты ғана тауқымет ажалынан арашалап алып қала алды да, әрең деп күйеуі туып-өскен Қызылорда қаласына жетіп жығылды. Жалғыз жетімегін ешкім түрткілемесін деп, тырбана жүріп оқытты, жоғары білім әперіп барып, ол да іш құсамен дүние салды.

Жастайынан өмір тауқыметін тартып өскен Жұбат мұғалімдік білім алып, оң мен солын таныр шаққа жетісімен әкесінің не үшін қамауға алынып, жоқ болып кеткенін анықтауды мұрат тұтты.

...Қызылорда қаласында 1900 жылы 15 наурызда дүниеге келген Дүйсен Тәжібаев он -екі жасында Щипковтың орыс-қазақ мектебіне қабылданып, оны 1917 жылы бітірді де, заманындағы аса білімді, саналы азаматтардың бірінен саналды. Сол дәуірдің саналы азаматтары Иса Тоқтыбаев, Әбу Құдабаев, Сүлеймен Есқараев, Сұлтан Қожановтармен істес, қызметтес болды. 1923 жылдан Қожанов тобының мүшесі саналды да, келесі жылы Түркістан өлкелік партия комитетінің мүшесі, әрі хатшысы болып сайланды. 1919 жылдан коммунистік партияның мүшелігіне қабылданған Дүйсен 1926 жылы Сырдария губерниялық партия конференциясына делегат болып қатысып, губком мүшелігіне сайланды. Артынша Қарақалпақ автономиялы облысы оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне жіберілді. Одан кейін сондағы Шымбай аудандық партия комитетінің хатшысы болып істеді.

Іскер де ынталы, жоғары принциптегі Дүйсен Тәжібаевті партия мұнан да жоғары лауазымды қызметке жіберуге әбден болады деп тапты да, 1932 жылы Қарағанды қаласының Кеңес төрағасы қызметіне жоғарылатты. Сол жылы Қазақстанға Сергей Миронович Киров келіп, сол Қарағанды территориясындағы Димитров түмесіне Голощекин әкеліп тыққан Иса Тоқтыбаевты шығартқан сапарында Дүйсен Кировтың қасында бірге жүріп, оның жеке өзімен танысып, онан жоғары мадақтау алды.

Дүйсен Орынборда, Астрахань қаласында да жоғары лауазымды партия-кеңес қызметтерінде болғаны, Алматы қаласында қалалық партия комитетінде істегені, керек десе 1922 жылы Ош-Әндіжанда ірілендірілген таулы учаскелік әскери комиссар болғаны да оның облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінен алынған мәліметтерінен белгілі болды. Перовскідегі Щипков мектебін бітіріп, 1920—1921 жылдары сондағы Бірінші Мамыр мектебінде мұғалім болып істегені де архивтік мәліметтерден айқындалды.

1934 жылы партия Дүйсенді туған өлке — Қызылорда облысына қызметке жіберді. Әуелі Қазалы ауданының прокуроры болып істеді. Сол жылдың аяғына таман Арал ауданының партия конференциясында үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, аудандық комитет мүшесі болып сайланып, онда 1937 жылғы 13 тамызда түс ауа НКВД-ның қос жендеті жетектеп алып кеткенге дейін жемісті қызмет атқарды. Халыққа жек көріншті көрінетіндей, өзгеге жаулық жасайтындай тосын әркеттерімен танылмады.

Оның бар кінісі — Сұлтанбек Қожановпен достығы, сонымен пікірлес болғаны еді. Түркістан өлкелік атқару комитеті құрамында, губерниялық комитет құрамында істеген жылдарында қызметтес болғандардың бәрі де — Сүлеймен Есқараев, Әбу Құдабаев, Сұлтанбек Қожанов, Иса Тоқтыбаев, тағы басқалары «халық жауы» атанып НКВД тырнағына ілігуі себепті, солармен достықта болған Дүйсен Тәжібаевтың еркіндікте қалуын НКВД басшылары қолай көрмеді.

Әкесін кабинетінен жетектеп алып кеткеннен жиырма жыл кейін онан жеткен хабар — КСРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының секретариат басшысы юстиция полковнигі И. Полюцкий дегеннен келген қатынас еді. 1958 жылғы 25 шілдеде жолданған бұл қатынаста Дүйсен Тәжібаев Бөтенбайұлына «халық жауы» деген жалған айып тағылып, РСФСР қылмыс кодексінің 58-7, 58-8, 58-11 баптары бойынша ату жазасы берілгенін, 1938 жылғы 27 ақпанда сол шешім бойынша Дүйсен Тәжібаевтың Алматыда атылғанын, бірақ КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы 1957 жылғы 31 қазанда өз шешімін бұзып, Дүйсен Тәжібаевтың қылмыстық әрекеттері дәлелденбеуі себепті толық ақталғанын хабарлады.

Соны білді де, жастайынан жетімдік зарын тартқан Тәжібаев Жұбат Дүйсенұлы төрт жасында әкеден айырылғанын, әкесіне жендеттер салған жалалы айып оның өмірін ерте қиғанын есіне ала, көз жасын бұлады...

Міне менің қолымда «Дала дидары» деп аталатын газеттің 1992 жылғы 21-27 қараша аралығында шыққан № 47 санының көрнекті жеріне басылған бір құжат тұр. Дүйсен Тәжібаев Бөтенбайұлы 1938 жылғы 27 ақпанда Алматы қаласында 41 адамның біреуі болып атылыпты. Жоғарғы Соттың Әскери коллегиясының бір ғана шешімімен сол күні 41 азаматтың қаны суша төгілген.

Мен облысымыздың белгілі азаматы болған, Тәжібаев Дүйсенмен бір жылда — 1919 жылы партияға өткен Иса Тоқтыбаев жайлы кітап жазу әрекетіне кірісіп, жер-жерден архивтік құжаттер жинап жүрген кезімде Дүйсен Тәжібаев жайлы деректі талай жерде кездестіргенім бар-тын. Бірақ ол кезде Иса Тоқтыбаев о дүниелік болып кетті де, Дүйсеннің өмір жолын, керек десе оның да «халық жауы» атанып, атылып кеткенін біле алмадым. Сол кезде Дүйсен Тәжібаев жайлы об-

лысымызға белгілі мұғалім саналған Меңдияр Киікбаев ағамыз өзіне партия билетін тап сол губком хатшысы Дүйсен Тәжібаев бергенін талай рет айтып еді.
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы жарияланып, соған қызу әзірлік жүргізілген биылғыдай айтулы жылда Қызылорда қаласының әкімшілігі 1919 жылдан Коммунистік партияның мүшесі болған, еліміздің ардақты азаматтары Сұлтанбек Қожанов, Сүлеймен Есқараев, Әбу Құдабаев, Иса Тоқтыбаев секілді марқасқалармен қызметтес, түз-дәмдес болған Дүйсен Тәжібаев Бөтенбайұлына да бір мектептің, немесе көшенің атын берердей болса, бұл оның әруағын сыйлағандық болар еді.

*Мырқы Исаұлы.*

## ҚИЯНАТТЫҢ ҚҰРБАНЫ

### Ілияс Қабылов жайлы үзік сыр

**Из стенографического отчета Пятой Всеказахстанской конференции РКП(б), состоящей 1-7 декабря 1925 года в Кзыл-Орде, где выступал Ильяс Кабылов, в качестве Члена Коллегии и Председателя методического Совета Наркомпроса республики.**
**Там Ильяс Кабылов был приглашен из Ташкента от имени Казахского студенчества, он прибыл с совещательным голосом. Ильяс повторил и развил положения писем, которые, собственно привели его на эту трибуну. Он еще резче высказался против «вождизма», «как некоторые члены партии,— призывал он,— должны раз на всегда должны общаться с «вождями». У нас вождь был Ленин, и ни Ходжанов, ни прочие другие не могут его заменить, а может заменить только коллективная воля нашей партии».**
**Ильяс подверг критике и отклонил обидные слова Ф. И. Голощекина о том, что будто бы студенты не оправдали тех надежд, которые на них возглагала партия, что они, все попадали в группировки.**
**«В прошлом году в Москву приезжает «вождь» одной из группировок,— продолжает далее Кабылов,— Вызывает меня и говорит: «Тов. Кабылов, вы оканчиваете в этом году университет, вы должны работать со мной в контакте, если вы будете работать со мной в контакте, то я вас пошлю туда-то, туда-то, если же будете работать, то вам нет места в Казахстане». Такой случай был не только со мной, это — массовое явление».**
**(Стенографический отчет — стр. 18-19)**

Собирал *М. Исаев.*

Қазақ халқының маңдайына біткен көзі ашық, көкірегі ояу, оқымысты, қайраткер азаматтар мен өршіл де өткір, талантты да ойшыл ақын-жазушылардың, ғалымдардың, жалпы елім деп еңіреген азаматтардың көпшілігі 1937 жылғы сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жапа шеккендері, ұсталып, атылып, айдалып кеткені мәлім. Сондай асыл азаматтардың, көрнекті оқымыстының, жалынды қайраткердің бірі — Ілияс Жүсіпұлы Қабылов. Кезінде оқу-білімге бой ұрып, ізденіп, еңбектеніп, өзінің туған халқына қызмет етуге ұмтылған, сөйтіп өз елінің бақыты үшін қажымас-қайрат көрсеткен айтулы азамат Ілияс Қабылов жайлы біз көп біле бермейміз. Өйткені бір кездердегі солақай саясат бізді осыған, яғни даңқты жерлесіміз жайлы ауыз ашпауға мәжбүр етті. Сөйтіп жүргенімізде, заман өзгеріп, еліміз, халқымыз өз тәуелсіздігін алып, айымыз оңынан туды. Осы кезде баяғы есімдерін еске алудың өзіне тыйым салынған асыл азаматтарымыз бен батырларымызды, ақын-жазушыларымызды қайтадан тірілтіп, ортамызға оралта бастадық. Міне елімізде болған осындай жарқын жаңалықтардан сәл ғана бұрын Ілияс Қабыловтың есімі арамызға қайтып келді. Яғни жарты ғасыр дерлік уақыттан кейін Қызылорда қаласындағы № 12 орта мектепке Ілияс Қабыловтың есімі берілді. Осы уақыттан бастап мектеп жанынан құрылған зерттеу тобы айтулы қайраткерлің өмірі мен қызметі жайлы зерттеп, деректер жинауда. Зерттеу тобының жұмысына қаладағы «Айтбай» мешітінің имамы болған, Ілияс Қабыловтың шәкірті Ыдырыс Ақмырзаев көп көмек көрсетті. Ыдырыс ақсақал зерттеу тобының мүшелеріне өз ұстазы жайлы мазмұнды да қызықты әңгімелер айтып, деректі материалдар берді. Сондай-ақ Ілиястың кезінде бірге оқыған және бірге қызмет істеген әріптестері мен достары, туған-туысқандары жайлы да жақсы мағлұматтар берді. Сонымен қатар зерттеу тобы облыстық, республика-

лық және басқа да жерлердегі мұражайлар мен архивтерге хат жазып, хабарласып, оқымысты қайраткер жайлы материалдарды толықтыра түсті. Міне осындай зерттеулер мен ізденістердің нәтижесінде Ілияс Қабыловтың өмірі мен қызметі жайлы біраз деректер қолға түсті. 1994 жылғы қазан айында қайраткер жерлесіміздің туғанына 90 жыл толды. Осы мерейтойды лайықты атап өту үшін «Айтбай» мешітінің жанынан дайындық орталығы құрылды. Алдағы уақытта тиісті органдармен келісе отырып, «Ілияс Қабылов қорын» ашу да ойымызда бар. Біз облыс жұртшылығын өзіміздің аяулы да ардақты жерлесіміз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, философ, тарихшы, сыншы Ілияс Қабыловтың өмірі мен қызметі жайлы дерекпен таныстыруды жөн көрдік. Ілияс Жүсіпұлы Қабылов 1904 жылы қазан айының 18 жұлдызында Қызылорда облысы Жалағаш ауданындағы малшы кедейдің отбасында дүниеге келді. 1911 жылы Ілиястың әкесі қолындағы азын-аулақ малынан жұрдай болып айырылып, жоқшылыққа ұшырайды. Сонан соң ол кісі өзінің туып-өскен ауылын тастап, Қызылорда қаласына келіп кірпіш зауытына жұмысшы болып жалданады.

Ілиястың балалық шағы жоқшылықпен, ауыр бейнетпен өтті. Жастайынан жетімдік көрді. Шешесі Қырмызы ауыр науқастан қайтыс болады. Осы ауыр қазадан кейін Ілиястың әкесі Жүсіп баласын ертіп алып күнкөрістің қамымен Ташкентке барады. Онда ұлын өзбек байына батырақ етіп береді де, өзі мақта плантациясына жұмысқа жалданады. Көп ұзамай-ақ жас Ілиястың басына тағы да қайғының қара бұлты үйіріледі. Әкесі Жүсіп оба ауруынан кенеттен қайтыс болады. Осы қиындықтың үстіне ауыр бейнеттің салдарынан Ілияс аяғын сындырып, мертігіп қалады. Бұл Ілиястың 13 жасқа жаңа толған кезі, айтулы дүбірге толы 1917 жылдың аяғы еді. Ауруынан айыққаннан кейін Қызыл Армия қатарынан таяуда ғана оралған ағасы Ілиясты Ташкенттегі еңбек колониясына орналастырады. Мұнда Ілияс 1922 жылғы дейін тәрбиеленіп, орталау мектепті бітіреді.

1920 жылы Ілияс комсомолға өтеді. Ал 1922 жылы оқу-білімге қабілетті жігіт еңбек колониясының аса қабілетті оқушыларының қатарында Түркістан комсомолы орталық комитетінің жолдамасымен үш айлық курсты бітіріп, Шығыс еңбекшілерінің Мәскеудегі коммунистік университетінің студенті болып қабылданады. Осы университетті Ілияс 1925 жылы бітіріп, сол жылы Ташкентке жіберіледі. Өзбекстанда ол В. И. Ленин атындағы Орта Азия коммунистік университетіне тарихи материализм және кеңестік праводан сабақ беретін оқытушы болып орналасады. Осы жылы Ілияс коммунистік партия қатарына өтеді. Жас коммунист университетте маркстік-лениндік философиядан лекция оқи жүріп, өзін ұстаздары мен студенттері ортасында жан-жақты даярлығы бар талантты ұстаз ретінде таныта біледі. Ілияс осындай жауапты қызмет атқара жүріп қаланың қоғамдық өміріне араласуды да есінен шығармайды. Ол Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтындағы партия ұясының хатшысы болып сайланады, сондай-ақ қаладағы бір аудандық партия комитетінің мүшесі болады. Осы кезінен бастап болашақ қайраткердің өмірі партия ісімен тығыз байланыста болады. 1926 жылы желтоқсан айында Ілияс делегат ретінде Шымкентте болған Сырдария губерниялық III партия конференциясының жұмысына қатысады. Сол кездегі елдің аса қажетті проблемаларының бірі — халық ағарту ісін ұйымдастыру болатын. Бұл жұмысқа Ілияс бар жан-тәнімен кірісіп, бұл турасында мұқият зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз ынтасымен ықыластанып еңбек ете бастайды. Сөйтіп Ілияс бұл мәселе төңірегіндегі өзінің ойлары мен көзқарастарын, пікірлерін баспасөз бетінде жариялайлы. Оның осы орайдағы 1927 жылғы ақпан айында жарияланған «Білім үшін» деген мақаласы орта мектептерде сабақты қай тілде жүргізу керектігі жайлы мәселе қозғайды және қазақ мектептерінде еңбекшілердің балалары өте аз екенін айтады. Сондай-ақ бұл мақалада автор қазақ мектептерінің балаларға білім беру деңгейінің төмен болуының себебін жан-жақты ашып жазды. Оның басты себебі мектептерде тұрақты жоспар мен бағдарламаның, сондай-ақ оқу құралдарының жоқтығынан және қажетті педагог кадрлардың тапшылығынан деп атап көрсетеді.

Ілияс сол жылдары өзінің партия ісіне берілгендігінің және көзі ашық сауаттылығының, қай істі болса да бар ынты-шынтымен атқаратын еңбекқорлығының нәтижесінде бірінен кейін әртүрлі қызметтерге жоғарылатылады. 1928 жылы Ілияс Қазақ өлкелік партия комитетінің баспасөз секторының меңгерушісі болып бекітілді, ал мұнан тағы біршама уақыт өткеннен кейін ол Қазақ АССР оқу халық комиссариатының коллегиясына енгізіліп, оның ғылыми методикалық кеңесінің төрағасы болып белгіленеді. 1930 жылғы шілде айында Өлкелік партия комитеті Ілиясты өз қарамағына шақырып алып, оның білімн көтеру мақсатында Мәскеудегі қызыл профессура институтының философия бөліміне оқуға жібереді. Бұл білім ордасында жүргенде де Ілияс өзінің талантымен, тамаша білімімен үздік көзге түседі. Сөйтіп 1931 жылы Қызыл профессура институтының тыңдаушысы болып жүрген кезінде-ақ І. Қабыловқа Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінің философия кафедрасына жетекші болуды ұсынады. Бұл ұсынысты ол қабыл алып, аталмыш кафедраны 1933 жылға дейін, яғни Қазақстанға қайтқанға дейін басқарады.

Қызыл профессура институтын ойдағыдай бітіріп шыққаннан кейін БКП(б) Орталық Комитеті Ілияс Жүсіпұлын 1933 жылы 7 мамырда Қазақстан өлкелік партия комитетінің қарамағына Алматыға жібереді. Астанаға келгеннен кейін ол БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің мәдени-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып белгіленеді. Мәскеуден өз білімін жетілдіріп, ісіне жан-жақты біліммен келген Ілиясты астанада да жаңа қызметтер күтіп тұрады. Көп ұзамай жалын-

ды коммунист Қазақстан өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және Қазақ педагогикалық институтының философия кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Ал, 1934—1937 жылдары Ілияс Қазақстан өлкелік партия комитетінің мүшесі және оның бюросының мүшелігіне кандидат, онан кейін Қазақстан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және оның бюро мүшесі болып сайланады.

Ілияс Қабылов партия жұмысымен қатар көптеген қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысады. Әсіресе ол Қазақстан Кеңестері мен Республика жазушыларының өміріне белсене қатысып, бұл салада да біраз еңбек сіңіреді. Бұл жылдары жалынды коммунист өзін көрнекті публицист, марксизм-ленинизм ілімін насихаттаушы ретінде де таныта біледі. Ол «Қазақстан большевигі» журналы редколлегиясы мен В. И. Ленин шығармаларын қазақ тіліне аудару бас редакциясының мүшесі болады. Ілияс сондай-ақ Қазақстан коммунистік партиясы тарихының мәселелерін зерттеу тұрғысында да айтарлықтай еңбек етіп, бірқатар мақалалар жазады.

Өз елінің болашағы үшін осындай қыруар істер атқарып, халқының білімді де сауатты болуы жолында күн-түн демей ізденіп қайраткерлік таныткан Ілияс Қабыловты 1937 жылғы сталиндік жаппай қуғын-сүргін кезінде бір түнде ұстап кетеді. Алдына айқын мақсат қойып, өз ісіне шексіз берілген адал азамат, туған халқының бақыты үшін күрескен жалынды коммунист осылайша жазықсыз жаланың, көзсіз қиянаттың құрбаны болды. Бірақ қай кезде де, қай заманда да ақтың отын ақымақ өшірмейді. Оның айқын дәлелі — аласапыран жылдардың көптеген құрбандарымен бірге біздің жерлесіміз Ілияс Жүсіпұлының да ақталып, адалдығының дәлелденуі. Олай болса Ілиястың есімі ұмытылмай, ұрпақтарының жүрегінде сақтала береді...

*Басира Қазыбекқызы Өтемұратова.*
Қызылорда қаласы.
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1993 жылғы 28 қыркүйек).

## ҚАРАУЫЛТӨБЕ ҚЫРҒЫНЫ

Біздің облыс жұртшылығына қайғы-қасіретті молынан әкелген келесі зобалаң — 1937—1938 жылдарғы «халық жаулары» деген атпен келген сталиндік репрессия. СССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1939 жылғы 16 қаңтарда «Отызыншы-қырқыншы жылдарда және елуінші жылдың бастапқы кезеңінде орын алған репрессия құрбандарына қатысты әділеттікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Указ қабылдап, осы репрессияға байланысты біраз әділеттілікті қалпына келтірді. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің облыстық басқармасы облыстық прокуратурамен бірлесе отырып, «үштік», «айрықша кеңес», «комиссия» деп аталатын, заңды сот орындары болып табылмайтын жекелеген кісілердің билігімен «халық жауы» деген жалған айыптарды арқалап сотталған 1121 азаматтың ісін қарап, оларды жазықсыз жазалағандар деп тапты, облыстық партия комитетіне партиялығын қалпына келтіру жайлы мәселе қарау үшін 193 коммунистің тізімі табыс етілді. Жазықсыз жазалағандар деп табылғандардың тізімі өткен шілде, тамыз айларында облыстық газеттерде жарияланды.

Сол тізімді жариялай отырып, мемлекеттік қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасының мына бір сөйлемі мені қатты мазалады: «Әзірге облыс территориясында репрессия құрбандарын жерлеген орынның ешқандай ізі табылмай отыр. Қарт кісілердің арасында сондай орындарды білетіндер болса, солар Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің облыстық басқармасына хабарлауын сұраймыз».

Осындай бейкүнә түрдегі сұрауды облыс жұртшылығына арнаған жолдастарға біздің айтарымыз мынау: құрбандықтар жерленген орындар аяғымыздың астында жатыр. 1937—1938 жылдары қазіргі «Оңтүстік» микроауданы, аэропорттың ескі орны мен ұшу-қону алаңы, мемлекеттік автоинспекция төңірегі — бәрі де жыныс жиде тоғайы болған. Қазір бұл үлкен ауданда бірнеше ғимараттар пайда болды. Облыстық аурухананың ескі орны сол кезде биік дуалмен қоршалып, жендеттер өз құрбандықтарын сол дуалға тақап қойып атқан да, әлгі жыныс тоғай арасына апарып атқан да, әлгі жыныс тоғай арасына апарып көме берген. Сол жайлы біз төменде сөз қозғаймыз.

* * *

...Қарауылтөбе поселкасының тұрғыны, қазірде 78 жасқа келсе де қайраты қайтпаған Қайып Досмаилов ағамыз маған сондай репрессия құрбаны болғандарды жерлеген бір орын жайлы былайша сыр шертті.

— Отыз жеті-отыз сегіздің зобалаңында біз Қарауылтөбе құмдарының арғы жағында, жарты шақырымға жетер-жетпес жерде отырған едік. Отыз шақты ғана шаңырақтан тұратын шағын «Қарауылтөбе» деп аталатын колхоз болатынбыз. Көктем айының бірінде, түн ортасында жүгеріше бытырай атылған мылтықтар гүрсілімен шошып ояндық. Сонымен бірдей шыңғырған еркектер дауыстары да жетіп, сол дауыстар құлақты жарып бара жатты. Далаға жүгіре шыққан біздер екі жүз-үш жүз метрдей ғана жерде қырғын болып жатқанын




Қарауылтөбе қырғыны болған жердің картасы.

аңғардық та, кесек тамдарымызға тығылдық. Қырғын біздерге де келетіндей көрдік. Сол кезде мен жиырма бес жаста едім. Осыдан бастап осы құм арасында түн баласында әлсін-әлсін қырғын болды да тұрды. Бір ай бойы бұл маңды аттылы солдаттар қорғап, ешкімді маңайлатпады. Жуықтауға да жұрт қорқатын болды. Көрсек — көзімізден, сөйлесек — тілімізден жазып қалатындай сезініп, бас сауғалауға мәжбүр болдық,— деді Қайып ақсақал. Оның шамалауынша, осы құм арасында ең кемі үш жүздей боздақ жер құшты. Олардың сорлыкөл жиегінде жартылай құмға көмілген денелері бірнеше жыл бойына көрініп жатты.

Дәл осы «Қарауылтөбе» колхозының келесі тұрғыны болған, қазірде Қызылорда қаласының Мир көшесінде, № 98 үйде тұратын Сәдуақас Тәшкенов былай деді:

— Қарауылтөбе құмына репрессия құрбандарын топтап әкеліп ата бастаған алғашқы сәтте мен таң ата далаға шыға беріп едім. Неге десеңіз, кеше кешкілік сол құмтөбе басында шошақ бас киімі бар, астына ақ боз ат мінген, наган асынған біреуді көріп, зәрем зәр түбіне кетіп еді. Тілдесейін десем, ол аулақ кет дегендей болып, сес көрсеткен болатын. Бақсақ, сол сәтте құм арасында түнде атылғандарға көр қазып жатыр екен ғой.

Жүгеріше бытырлай жөнелген мылтықтардың даусы, соған қоса жан ұшыра шыңғырған адамдар үні үйдегі әкем Тәшкенді де, шешем Бибігүлді де шырт ұйқыдан оятып жіберді. Олар да далаға жүгіре-жүгіре шыға келді. Сұмдық ауылымыздың іргесінде, құм арасында болып жатқанын біліп, біз де үйімізге барып тығылдық. Ертеңіне далаға шығып, түндегі қырғын болған жерге назар салсам, құм басында ақбоз ат мінген ГПУ қызметкерін көрдім. Ол бір ай бойы осылайша құм айналасын, арғы жағындағы Сталин каналының екі көпірін қорып, олай-бұлай ойқастады да жүрді. Репрессия құрбандықтарын топтап атуды осылайша бір колхоздың отыз үйлі мүшелері түгелдей көріп-біліп отырды. Қазір солардан тірі қалған мен және Қайып шал ғана.

Сәдуақас ағамыз маған осыған байланысты тағы бір жүректі қан жылатар жәйтті айтып берді. Әлгі «Қарауылтөбе» колхозымен іргелес, сонан сәл ғана шығысқа таман, қазіргі Казрис елді мекені орнында тағы бір «Алтынбай» деп аталатын колхоз болған. Онда жиырма шақты ғана кесек тамды үйлер болыпты. Сол үйлерді негізінен таздар деген рудың адамдары мекендеген. Сол таздардан Ишанбек деп аталатын бір кісі таң алдында базарға жаяушылап шыға қалған. Тура құм төбелердің тұсына келе бергенде құлақ тұндырарлық мылтықтар тарсылы шығып, сонымен бірдей жан шығардағы шырқыраған дауыстар естіледі де, Ишанбек қорыққанынан бір шоқ жыңғыл арасына қойып кетеді. Бір кезде өлімші болып жарақат алған, бірақ әлі де жорғалауға дәрмені жететін бір боздақ та қырғын болып жатқан жақтан келіп әлгі жоқ жыңғыл арасына тығылады. Құмтөбе арасындағы қырғын саябырсып, төңіректе тыныштық орнай берген әзірде екі-үш жендет құм үстіне түсіп қалған қан ізімен келіп, әлгі сорлыны сол тығылып жатқан жерінде екі рет атып жанын шығарады да, аяғынан сүйреп ала жөнеледі. Абырой болғанда Ишанбекті байқамай қалған.

Сол Ишанбек осы көргендерін талайларға айтып та беріпті. Ол ұлы Отан соғысынан қайтып оралмаған.

Қайып ағамыз бізге тағы бір жәйтті айтты. Ол сол кезде Қызылорда базарына есекпен қамыс сатып, күнделікті ырызғы нанды тауып отырған. Көршілес «Алтынбай» деген колхоздағы таздар ауылында да бес-алты кісі есекпен қалаға қамыс сатып, күн көреді екен. Сол таздардың бірер кісісі бір күні базарға қамыс артып шыға қалған. Сталин каналының көпірінен өтіп, қалаға қарай ирелеңдей шығатын жолға түсе бергенде қала жақтан ақ боз атты, басында шошақ киімі бар бір солдат шауып шыға келеді де, қамыс сатушылардан жолда наган көрдіңдер ме деп сұрайды. Әрине қамыс сатушылар ондай наган көрмегенін айтқан. Солдат Қарауылтөбеге қарай құйқылжытып шауып ала жөнеледі. Наганын тапты ма, таппады ма, ол жағы белгісіз, бір кезде ол әлгі есекпен қалаға қамыс апара жатқандардың қасынан құйқылжытып өте шыққан. Адам жанын алатын жендеттерше, әлгі солдат — орта жастағы қазақ жігіті — алақ-жұлақ етіп бара жатады.

Репрессия құрбандарын түнделетіп атқан сол төбе арасынан жұрт кешегі күндерге дейін киіз байпақ, былғары етік, солдат каскасын, ескі қылыш, күміс теңге тауып алып отырған.

— Менің жастау кезімде, мен оқыған № 179 Қарауылтөбе орта мектебінің жоғарғы класс оқушылары бір күні осы құм төбеге кеңінен барлау жасағанын білемін,— дейді қазірде № 12 селолық кәсіптік-техникалық училищенің бірінші курс курсанты Қуаныш Мақұлбеков,— сол сапарда олар бір ескі қылыш, алақандай теңге тауып әкелді. Соларды тауып әкелгендер қазір жоқ, мектеп бітірісімен басқа жаққа кетіп қалды. Ал мен болсам, кейінірек, есейе келе, өзге де оқушылармен бірге талай рет Қарауылтөбеге барып, қырғын тапқан құрбандарға белгі қойылған жерлерді көзіммен көрдім.

— Ал сен бізбен бірге барып, сол белгілерді көрсетіп берер едің?— деп өтіндім мен онан.

— Әрине, барамын. Сіз өтінсеңіз, неге бармаймын,— деп Қуаныш лезде келісе кетті.

Аумағы тай шаптырым жерді алып жатқан Қарауылтөбе құмдарын аралап көріп жүрміз. Осыншалықты құм төбешіктердің әр жеріне ағаштан, темір-бетон бөлшегінен белгі қойылып кете бергенін көріп, соның бәрі құрбандықтар жатқан жер екенін білдім де, қайсы бір сүйекті жинай аларсың деп тауып, бірер сүйекті ғана белгілеу жерге қойып кетуге мәжбүр болдым.

Екі жерге үш темір бұрышты белгі қойылған екен. Олардың біреуі құлап жатыр. Дәл соның қасында, шоқ жыңғыл арасында темір-бетонды белгі тұр. Айналасына зер сала қараймын. Топырақ астында өзгеше бірдеңе жатқандай болып, өзгеше түрге еніп жатыр. Басуға қорқасың, бірден өліктер үстінен басатындай сезініп, жүрегің дір ете түседі.

Біз осы маңнан, арасын он-он бес қадамнан келетін қашықтықта, тағы да бірнеше белгі көрдік.
— Осы жерде бетіне орақ пен балға ойып салынған ағаш белгі де бар. Соны іздеп табайықшы. Ондай оюлы белгі, менiңше, тегіннен-тегін жерге қадалмаған сияқты. Астында, әлде соның маңында бірнеше ондаған адамның денесі жатқан сияқты,— деп жолбасшым мені құм төбенің терістігіне қарай бастады. Әлдебір ескі молалардың да жанынан өттік. Сталин каналының қыратын бойлай жүріп келеміз.
— Міне орақ пен балғасы бар ағаш белгі мынау тұр екен. Әттең өзін суретке түсіріп алар ма еді,— деді жолбасшым бір бұтаның қасына бара беріп. Маған бұта арасынан әлгі белгіні көрсетіп жатыр. Ұзындығы жиырма-отыз сантиметрлік белгіге үңіле қараймын. Жер астына оның қаншасы кеткенін кім білген? Төрт бұрышты етіп жақсылап тілген, жуандығы білектей ағаштың бір бетіне орақ пен балға оюлап салынған. Бұл — балалардың ойыншығына мүлдем ұқсамайтын тірлік. Әзірге ағаш белгі жел мен жаңбыр суы эррозиясына сыр берер емес. Тап іргесінде Сталин каналының биік қыраты тұр. Белгіні қалың шөп көмкере түскен.
Қуаныштың бұл Қарауылтөбе құмдарындағы қырғын орындарын бұлайша жетік білуінің бір себебі бар. Оның әжесі, қазірде сексен жасқа келіп отырған Дыбыс осы Қарауылтөбе қырғынын өз құлағымен естіген, сол оқиғаларды бастан кешірген әже болып шықты. Дыбыс әжеміз бізге де мынаны айтып берді:
— Әрине, мен халық жаулары деген атпен қырғын тапқандарды өз көзіммен көре алғаным жоқ. Бірақ түн ортасында сатырлай атылған мылтық даусын, кілең ер кісілердің ойбай-зарын өз құлағыммен естіген адаммын. Сол қырғын болған жерге бізден гөрі таяу, таяқ тастам жерде Әлпия деген кемпірдің лашығы тұрды. Сол Әлпияның өз ауызынан мен бірнеше қорқынышты, адамның денесін түршіктіретін сұмдық жағдайларды естідім. Бір күні түнде құм арасында тарсыл күшейіп, ойбай-зар құлақты тұндырып жатқанда, шала-жансар болған бір адам жорғалап келіп, Әлпияның мал қорасына келіп тығылыпты. Жендеттер ертеңіне, таң атқан соң әлгі жан сауғалаған адамның құм үстінде қалдырған ізімен келіп, бопыр қора астына кріп кеткен боздақты іздей бастапты. Бесатар мылтықтың найзасын сұққылап жүріп, оны тауып алған. Мылтық найзасы қадалып, сол арада әлгі сорлы жан тапсырады да, оны жендеттер сүйреп алып кетеді. Әлпия лашығының ішінде бұғып жатып қалған. Егерде ол жендеттердің көзіне көрінгенде оны да жер қаптыратын еді.
Сол Әлпия бізге бір боздақ дәл осы әдіспен аман құтылғандай болғанын айтып беріп еді. Ол түн ортасында бопыр қора арасына келіп жасырынғанымен, ертеңіне ешкім іздеп келе қоймапты да, жорғалаған қалпында тоғай арасына сіңіп кетіпті...
— Сол Әлпия кемпірмен мен де бір-екі рет отынға барып, адамдарды қойдай қырған сор көлді әдейі барып көрдім,— деді осы Қарауылтөбе поселкасының келесі тұрғыны Орынкүл Досмаилова,— әлгі сор көлдің айналасы биік құм. Жендеттер құрбандықтарын соның басында атып, сор көлге құлата беріпті. Адамдардың аяқ-қолдары бір-бірінен ажырамаған қалпында жатқанын көрдік. Тек шаш ғана шірімейді екен. Адамдардың шіріген киімдері шашылып жатты. Әлпия кемпір өзінің екі қайнысы осында қырғын тапты дегені есімде...
— Менің әкем Сырман Дәуітбаев та сол қырғынды өз құлағымен естіген кісі еді. Онда үш жүздей боздақтың денесі жатыр дейтін. Сол маңға бара қалсам, мұрныма өліктер исі келетіндей болады,— дейді Қарауылтөбе поселкасының тұрғыны механизатор Нұрман Дәуітбаев.
Мен осы төңіректің бел баласы, 1928 жылдан комсомол мүшесі, 1939 жылдан СОКП мүшесі, Қалмақ Сексенбаев ағамызбен пікірлесіп, онан да осы Қарауылтөбе қырғыны жайлы сұрадым. Рас, сол қырғын болған жылдарда ол басқа жақта қызмет істеген. Туған ауылға ұлы Отан соғысынан кейін оралыпты. Репрессия құрбандарына қырғын таптырған жерді кейін өз көзімен барып көрген. Құмнан сыртқа шығып қалған талай адам бастарын, сүйектерін жинатып көмдірген.
— Жаз айларында облыстық газеттерде Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасының хабары жарияланды. Мыңнан астам адам жазықсыз жазаланған деп табылыпты. Өте дұрыс болған. Бірақ, сол жазықсыз жазаланғандардың сондай өкінішті жағдайға тап болуына себепкер болғандар да бар ғой. Басында шошақ киімі, астында ақбоз аты бар қазақтың бір ай бойы құрбандықтар атылған жерді қоруын мен де естідім. Сол кім? Егерде оны біз білетін болсақ, ұрпақ-ұрпағына дейін қарғыс лағнетін айтқан болар едік. Мәселен, мен үш адамның тегіннен-тегін, босқа күйіп кеткенін білемін. Біреуі — облыстық «Ленин жолы» газетінің редакторы Қайыпназар Қауымбаев деген абзал азамат еді. Газетке сын мақалаларды аса батылдықпен жариялап отыратын. Атын ұмыттым, Тышқанбаев деген коммунист аудандық партия комитетінде хатшы болатын. Оны біреулер «халық жауы» деп қаралап, аудандық партия комитетінің хатшысы ретінде берген нұсқауын өзінше теріс түсініп, бүйректен сирақ шығара қойған. Ол кездің НКВД-сі арыз болса болды, тексермей-ақ түрмеге атып ұратын да, артынша атып жіберетін. Тышқанбаев өзін біреу солайша қаралағанын біліп, туған ауылына безіп кетеді. Бірақ НКВД тыңшылары оның адымын аштырмай, алысқа ұзатпай ұстап алады. Жан сауғалаған аудандық партия комитетінің хатшысы шөп арасына тығылса да, тауып алған. Сонда айдалып кеткен сапарынан қайтып оралған жоқ. Немесе, бұрынғы «Шолақарық» колхозындағы ауылдық совет төрағасы болып істейтін Сәдуақас Орысбаевтың халық алдында не кінәсы болғанын білмеймін. Әлдебіреулердің қайбатымен ол да ұсталып кетті де, үштүгейлі жоқ болды. Сондай ауыл ардагерлеріне арамдық пиғылмен жала жауып, өш алушылар немесе солардың ұрпақтары қазірде де арамызда сайрандап жүргеніне ешбір

күман келтіре алмаймын, Жариялылық болған соң, біз жариялылық ұранымен сондайларды да бет жүзіне қарамай әшкерелейтін болсақ екен.
Драматург-жазушы Қомшабай Сүйенішев былай дейді:
— Менің әкемнің ағасы Мәмбетәлі Сүйенішев ер көңілді, батылдығы мол кісі болыпты. Осынысы үшін ол «халық жауы» деген ат арқалады. Бір күні ауылдық советті басқаратын бір жамағайын әлгі кісіге қиянатты бір сөз айтып, намысына тисе керек. Әділдіктен жұрдай ауылдық совет төрағасы әрі менің әкеме немере іні екен. Соған қарамай, Мәмбетәлі әкем ағалық назбен оған ұрысып, қамшымен бір ұрып жібереді. Әділетсіз болғаның үшін деп сабаған. Мұндай оқиға Мәмбетәлі әкемнің басында әрқашан кездесіп тұрыпты. Ол отырған жерде былапыт сөз сөйлеу, ар-намысқа тию, әділеттен аттау бола бермеген. Әсіресе таяғы тиген кісісінен артынша, немесе ертеңіне өзі аяғына жығылып кешірім сұрайды екен. Мәмбетәлі әкем бұл ретте де солай еткісі келіпті. Бірақ әлгі немере інісі оны «халық жауы» деп қаралап, НКВД-ға қарай шаба жөнелген. Артынша-ақ менің әкемді ұстап әкетіпті. Сол кеткеннен әлі жоқ. Мен жоғарғы оқу орнына түсерде фамилиям Сүйенішев болуы салдарынан, мені де халық жауының баласы деп біліп, біраз уақыт қуғышталдым. Мәмбетәлі менің әкемнің ағасы екенін білгеннен кейін ғана университет басшылары маған тыныштық беруге мәжбүр болды. Бір таңданатыным сол, облыстық газеттерде жарияланған жазықсыз жазаланғандар тізімінде сол Мәмбетәлі әкемнің атын кездестіре алмадым. Сонда ол қайда кеткен?
Облысымызға белгілі драматург-жазушы облыстық аурухананың ескі орнын сырттай қоршаған биік дуал түбінде талай боздақтардың атылғанын, сол атылғандарды қаланың шығыс жағын алып жатқан қалың жиде, тоғай арасына апарып көміп отырғанын бір кісілерден есіткен. Сол оқиға жайлы әдеби шығарма жазу да ойында барын сездірді. Әрине, қазір біз пәлендей объектінің астында жазықсыз жазалағандардың мүрделері жатыр деуден аулақпыз. Олай деуге біздің правомыз да жоқ. Белгілі бір объектіні атасақ, онымыздан халық дүрлігуі мүмкін.
Репрессия құрбандары жайлы сөз еткенде, біз өз облысымыздың жағдайында бірыңғай Орталықты кінәлай беруден аулағырақ болғанымыз жөн дер едім. Осыдан төрт-бес жыл бұрын Қызылордада Е. деген кісі қайтыс болғанда, оған бір де адам жылап-сықтаған жоқ. Неге? Дәл сол Е. отыз жеті — отыз сегіздегі зобалаңда талайларды көгендеп ұстап беріп, қандарын жосадай ағызған кісі екен. Сол тәріздестер әр жерде-ақ болды. Рас, Сталиннің «Социализм жеңісі нығайып, қоғам жаңа дәуірге қадам басқан сайын халық жауларының қарсылығы да арта түседі» деген теориясымағынан бастау алып, оны СССР прокуроры Вышинский өзінше «дәлелдеп» берген, сөйтіп атақты жендет Ежов іліп әкеткен бұл идея артынша халықтардың басына өлшеусіз қайғы-қасірет болып орнады. Мен білетінде сол кезде әр ауылда он-он бес адам ұсталып кетті. Біздің сол боздақтарымызды ұстап беріп, шегірткедей қырғызғандар қазірде де арамызда жүр. Мәселен, Қомшабай өз әкесін «халық жауы» деп ұстатқан кісі кешегі күнге дейін ауылда талтаңдап жүргенін айта келіп, оның аты-жөні кім деген сұрағыма жауап бермеді. Қазірде дүниеден өтсе де, оның ұрпақтары ауылда, әртүрлі лауазымды қызметтерде жүргенін, егер солардың әкесінің атын айтар болса, ауыл арасында алауыздық туып кететінін сездірді. Шындығын айтқанда, біз өз арамызда талтаңдап жүрген, кешегі жылдары боздақтарымызды жендеттер қолына көгендеп ұстап берген қарабеттер барын кәміл білеміз. Өкінішке орай, біз солар жайлы жақ ашқымыз келмейді. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті де ондайларды жасырып бағады.
Мен жаз айларында облыстық газеттерде басылған тізімдерді талдай отырып, онда бірнеше қатардағы еңбектердің аттарын кездестірдім. Мәселен өзім туып өскен Қармақшы ауданында қырық үйлі «Қызыл кедей» деп аталатын шағын колхоз болғанын естітуім бар-тын. Сол колхоздан тура 34 боздақ халық жауы атанып, ұсталып кеткен. Сонда бір ауылдың барлық ер азаматтары халық жауы деп табылып, шетінен қойдай қырылды деген сөз. Сонда олардың жазығы не? Колхоздың құрал-жабдығы, тұқым астығы сақталатын қоймасына өрт кетіпті. Бар кінә сол ғана. Сол үшін бір колхоздың бүкіл ірі басты адамдары халық жауы деген атақ алып шыға келді де, топырлай ұсталып айдалып кете барды.
Халық жауы деп ұсталып, атылып кеткендер ішінде кейде сондай қиянатты сөзге жаранасы да жауымайтын қарапайым еңбек адамдары кездеседі. Қатардағы жұмысшы, малшы, колхозшыдан нендей мемлекетке қастандық шыға қалғанын біле алмай, басың дал болады. Мәселен, 1937—1938 жылдары халық жауы деп ұсталып кеткен қарапайым еңбек адамдары ішінде аралдықтардан — Серімбет Кенжеғұлов, Ильяс Ізімбетов, Серкен Ысмағұлов, Жұмағазы Жалмағамбетов, Садық Бердіқұлов, Яхия Ибраимов, Өтепберген Досмамбетов, Раушан Дамаев, Оразбай Ізтелеуов, Тәжімбет Аймағамбетов, Рахманберді Нұржанов, Тілеуқұл Жүрсінов, Ыдырыс Құлсарин, қазалылықтардан — Жібекәлі Жамашев, Сатыпалды Қожаниязов, Аралбай Аманқұлов, Бадреддин Усманов, Жалғас Тұрымов, Ахмет Қарманов, Ідіріс Өтебаев, Санақұлла Құлсарин, қармақшылықтардан — Баймахан Еркебаев, Әбдіқалық Маралов, Қожахмет Алдашбаев, тереңөзектік — Әлмахан Қойшыбаев секілді боздақтар болса, сондай қарапайым еңбек адамдарынан қандай мемлекеттік қастандық шыға қалды екен деп таңданасың. Оларды халыққа жаулық жасаған адамдар деуге тіптен ауыз бармайды. Сондай жазықсыз жазалағандардың обал-сауабы Москва, Алматы ғана емес, өз арамыздағы жекеленген қарабеттер, «сыбырлауықтар», біреуден өш алуға бой ұрғандар мойнында да жүр. Халық жауы деп ұсталып кетіп, биыл жазықсыздығы дәлелденген 1121 адамның тең жартысы орыс, корей секілді өзге

ұлт өкілдері екенін де ұмытпайық. Ол — ол ма, жазықсыз жазаланғандар тізімінде біздің облысымызға келген Польша елшілігінің сенімді өкілдері Давид Степанович Дитрихович, Фишман Хил-Фишель, Рыжи Вацлав Янович деген азаматтар жүр. Халық жауы деген атпен келген зауал кімді қарпымады дейсің.

Одақтық газеттің бетіндегі репрессия құрбандары жөніндегі мақалаға үңіле қараймын. Онда Украинада репрессияға ұшыраған адамдар саны арифметикалық дәлдікпен толық келтірілген. Соларды қайта жерлеу кеңінен қолға алынып жатса керек. Сондай дәлдік бізде неге жоқ? Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасында репрессия құрбандарының дәл санын көрсететін цифр болмай шықты. Жекелеген құрбандардың тізімнен табылмауы да сондықтан. Сол дәуірдің тыңшы-жендеттерінің аты-жөні де жоқ болуы тегін емес. Олар өз қылмыстары тарих талқысына түсетінін ұғынды ма екен? Ең әрісі қала іргесіндегі Қарауылтөбе қырғыны болған жердің өзі ешқайда жазылмай, тарихқа ізі түсірілмей қалуының өзі осындай адамзат алдындағы ауыр қылмысты жасыру мақсатындағы әрекет емес пе екен?

Осы орайда біз есіткен бір хабар осы Қарауылтөбе қырғынына кінәлі біреулер әлі де сайрандап жүр, олар өз қылмысын бүркемелеу үшін жанын салуда деген болжамға еріксіз итермеледі. Жасы қазірде елуден жаңа ғана асқан Орынкүл Досмаилова сияқты кісілер Қарауылтөбедегі қырғында мерт болғандардың мүрделерін кешегі келіншек кезінде көрген болса, онан бері ол мүрделерді қайта жерлеу ісі қолға алынбаған болса, қазір сол мүрделер қайда? Біз әдейі сол сор көлді жағалай көріп шыққанымызда, Орынкүл суреттегендегідей үйіліп жатқан мүрделерді көре алмадық. Рас, адам сүйектері әр жерде кездесті. Осыдан жиырма-жиырма бес жыл бұрын үйіліп жатқан адам мүрделерін әлде біреу жерге тереңірек көмген, немесе оларды тасып алып кеткен деген болжамға біз еріксіз келдік. Неге дейсіз ғой?

— Осыдан үш-төрт жыл бұрын, елімізде жариялылық ұраны ту тіге бастаған кезде Қарауылтөбе құмдарын айнала ұшып, бір вертолет күнді ұзаққа жүрді де қойды. Ертеңіне тағы сөйтті. Үшінші күні ол құм ішіне қонып, сонда түні бойы болды. Ол неғылған вертолет деп ойладық та қоя салдық. Артынша-ақ құм ішіндегі сор көл баурайында үйіліп жатқан адам мүрделері үштүгейлі жоқ болды,— дейді Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығының коменданты, Еңбек даңқы орденінің кавалері Табылды Мақұлбеков.

— Ондай жағдай болса, біз оны білер едік ғой. Біздер ештеңе білмейміз,— деп, менімен бірге осы Қарауылтөбе қырғынын зерттеуге бөлінген Мемлекет қауіпсіздігі комитеті облыстық басқармасының екі жауапты қызметкері Табылдының бұл сөзіне таңданғандық білдірген болды. Сол отыз жеті-отыз сегіздің қырғынын ұйымдастырғандар бар болса, енді ондайлар өз қылмысын жасыру үшін бастарын тауға да, тасқа да ұрары анық, қазір сондай шақ туды, ондайлар Мемлекеттік қауіпсіздік органдарына барып, мен өз қылмысымды жасырғым келетін еді, соған рұқсат бер деп бас ие қоймайтыны аян ғой, дейміз әлгі қос қызметкерге. Не пайда, олар өзімен кездескендерден: «ол вертолет кімдікі екен?» деп сұрауды ғана білді. Жасырынып келген ол вертолеттің кімдікі екенін олар қайдан білуші еді?

Республикаға белгілі журналист, осы Қарауылтөбе төңірегінде туып-өскен Сақтапберген Әлжіков «Қарауылтөбені сен тапсаң...» деп аталатын мақаласында соғыстан бұрынғы жылдары қазіргі «Казрис» елді мекені Сырдария ауданының орталығы болғанын, халық жаулары деп аталған боздақтарды осы төбе арасына апарып қойдай қырғанын жазып еді. Сонда келтірілген кейбір кісілердің жылдан жаңылысуын сылтау етіп, менімен бірге Қарауылтөбе қырғынын зерттеуге қатысқан әлгі екі қызметкер республикаға белгілі журналист Сақтапберген статьясының өзін жылы жауып қойғанын жасырмады.

Бұл уәжге біз қандай дәлелдер негізінде қарсылық жасамақпыз?

**Біріншіден,** мен сөйлескен, Қарауылтөбе қырғынын өз құлақтарымен есіткен кісілер буденновка киген, ақбоз атты солдат қырғын болған жерді бір ай бойы сырттан қорып, Сталин каналының екі көпірі үстінен ешкімді өткізбей тұрушы еді десе, біз дәл сол Сталин каналының 1934—1935 жылдары қазылғанын білеміз. Демек, Қарауылтөбе қырғыны сол канал берілуден кейін, 1937—1938 жылдары болған деуге бұл ең басты дәлел бола алды.

**Екіншіден,** солдаттар да, НКВД қызметкерлері де буденновка бас киімін ұлы Отан соғысы басталғанға дейін пайдаланғанын бізге 1947—53 жылдары Мемлекет қауіпсіздігі органдарында жұмыс істеген, қырық жылдан бері СОКП мүшесі, Сырдария аудандық ардагерлер советінің төрағасы Әбілхан Әбжамалов айтып берді. Менімен бірге мәселені зерттеуге қатысқан әлгі екі қызметкердің «буденновка бас киімін 1937—1938 жылғы репрессия кезінде ешкім киген жоқ емес пе?» деген уәжімен келісуге болмайды.

**Үшіншіден,** менімен де, орган қызметкерлерімен де сөйлескен Қайып, Сәдуақас ақсақалдар сол Қарауылтөбе қырғыны кезінде өздерінің 25-23 жастағы қылшылдаған жігіт кезі екенін айтып берді. Сол есеп бойынша, Қарауылтөбе қырғыны 1937—1938 жылға дәл келеді.

Осы арада бізге «Халық жаулары» деген жаламен ұсталғандарды Ақтөбеге апарып атқан ғой, Қарауылтөбе біздегі мәліметтерде мүлдем жоқ» деген де дәлел айтылды. Рас, документтерде солай да шығар. Биылғы екі айда 1121 адам ақталса, әлі де талайлар солайша ақталуды күтіп тұрса, сол жылдардағы аласапыранда солардың бәрін Ақтөбеге қалай сабылтып айдап апара қойды екен?

Жақсы, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті облыстық басқармасы қызметкерлерінің айтқандары жөнақ болсын дейік. Белгілі журналист Сақтапберген Әлжіков жылдан шатасып, бай мен кулактарды соңғы «халық жауларына» балап, қателесті дейік. Сонда Голощекиннің әпербақандығымен

қырғын тапқан 2 миллион қазақтың тағдырын қайтеміз? Коллективтендіру жөніндегі голощекиндік саясатқа қарсы шыққандар аз болды ма? Оларды да топтап ұстап, қуғын-сүргінге ұшыратқанын біз тарихтан қалай қағыс қалдырамыз? Сол кездегі Қызылқұм басмашылары болып жүргендер көбінесе өкімет саясатына, коллективтендіру төңірегіндегі әпербақандыққа қарсы шыққандар емес пе еді? Олар да тарихтағы біздің «ақ таңдағымыз» болып отырғанын ұмытпайық.

Біз суреттен берген Қарауылтөбе қырғыны 1937—1938 жылғы «халық жаулары» болмай, 1930—1931 жылғы байлар мен кулактар, голощекиндік коллективтендіру саясатына қарсы шығып, бас көтергендер болғанның өзінде, олардың тарих алдында кінәсы жоғын ескермей болмайды. Байларды конфискалау зобалаңы кезінде он-он бес бас малы барларды шетінен қосақтап ұстап кеткенін сол кезде бала болсақ та, көзімізбен көріп, жүрегімізге зіл қалдырып кеткен.

Осыған орай, біздің бірер пікіріміз бар. 1918—1919 жылдардағы Гержот қырғынына ұшырағандар да, 1930—1931 жылдардағы «бай-кұлақ» деген атпен ұсталып, Голощекин зобалаңына тап болғандар да, 1937—1938 жылдардағы «халық жаулары» деген жаламен репрессияға ұшырағандар да, бәрі де түгелдей ақталып, оларға арнап Бауырластар ескерткішін орнату керек. Біреуін көк базардан басталатын Лагерная көшесінің басынан ашық алаңнан орнатып, оған Гержот пен Голощекин құрбандарының аттарын алтын әріппен ойып жазған дұрыс. Осы мақала жарыққа шығардай болса, Гержот пен Голощекин құрбандарының үрім-бұтағының өздері-ақ келіп, толық мәлімет берері айқын. Екінші ескерткішті Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығының шығыс жағына, каналдың арғы бетіне, биік төбе басына орнатқан жөн. Сол кезде ол алыстан көрініп, «мен мынадалап» тұрарына сөз жоқ. Екі Бауырластар ескерткішіне де конкурстар жариялап, оларды өткен күндерімізді көз алдымызға әкеліп тұратындай етіп жасар болсақ, құба-құп болар еді.

Міне сонда ғана біз облыс тарихындағы репрессиялар құрбандарының әруағын сыйлап, мұсылмандық парызымызды орындаған болып саналар едік.

*М. ИСАҰЛЫ.*
(Облыстық *«Ленин жолы»*
газеті, 1986 жылғы 15 наурыз).
Сол газет 1990 жылғы 17
қарашада, Сырдария аудандық
*«Сырдария»* газеті, 1990 жылғы
7, 9 және 13 қараша).

## «ҚАРАУЫЛТӨБЕНІ СЕН ТАПСАҢ...»

Журналист інім Шәкізат Дәрмағамбетов «Журналист пайғамбар емес» демекші, біздің тарих сырын білмейтін ақиқат аманатын сезбей қалатын, білсек те, сезсек те халықтың көкейкесті мәселесі ретінде кезінде жарық дүниеге жарық еткізіп шығаратын мүмкіндіктеріміздің болмағанын бүгінгі журналист қауым мойындауға тиіспіз деп ойлаймын. Бүгінгі жариялылық сол кешірілмес күнәден біздерге, журналист қауымға, кешірім жасауы — кешегі алапат заманның қиянат құрығына ілігіп, арманда қыршын кеткен «Ақтаңдақтар» ақиқатын кейінгі ұрпақтарға жеткізу міндетін жүктеп отырғаны белгілі. Олай болса, сен сол ауыр жүктің алғашқы пұшпағын көтеруді өзіміздің аға журналисіміз, жазықсыз жазаланған — Қайыпназар Қауымбаевтан басталғанына қатты қуандым.

Туған жердің торғайы ыстық емес пе! Мен соңғы он жылдың беделінде алғаш қаламымды ұстаған, қанаттандырып ұшырған «Ленин жолы» газетін үзбей жаздырып алып, соның айналасынан елжұртымның тыныс-тірлігін, мақсат-мұратын көріп-біліп, жақсылығына қуанып, жамандығына күйініп ортақтасып келемін. «Жазықсыз жазаланған журналист» деген мақаланы екі рет оқып шықтым. Ел ерін ескермесе, ер елін іздемесе, кім ескереді, кім есіркейді. Қатты сүйсіндім!

Есіл ер жиырма жеті жасында Қызылорда аудандық «Ленин туы» газетінің туын көтеріп, Сыр елінің жалынды үгітшісі, жаршысы болған. Қайыпназар Қауымбаевтың сол кездегі шаш ал десе бас алған жендеттердің жаласымен жазықсыз қыршынның қаны төгілгенін тебірене отырып жазыпсың. Мақаланың соңында: «...Қаламыздың оңтүстік-шығысына қарай алты шақырым жерде үштік атты қарғыс атқан құзғынның талай-талай боздақтарымызға жан тәсілім тапқызып, бұ дүниеден қош айтыстырған қанды ойраны ойнақ салыпты. Жабыла іздеп табайықшы сол жерді. Халық болып табынайық, бас иейік, зәулім бір ескерткіш орнатайық» деген көтермең қолыма қалам алып, өткен ата-бабалардан естігенімді, өз көзіммен көрген-білген уақиғамды баяндап берсем, қаламдас інінің ұлағатты ісіне аз да болса үлес қосам ба деген үмітпен осы хатты жазып отырмын.

* * *

Қызылорда қаласынан алты шақырым жердегі Қызылжарма ауылдық Советінде дүниеге келіппін. Бұл ауылдық советке іргелес отырған «Теренсай», «Комсомол» және «Қарауылтөбе» колхоздары қарайтын-ды. Ұлы Отан соғысы бас-

талғанда осы колхоздардың азаматтары сол кездегі Сырдария ауданының орталығы «Казристегі» соғыс комиссариаты арқылы (қазіргі Абай атындағы совхоздың бір бөлімшесі) майданға аттанып жатты. Солардың қатарында немере ағаларым: Баймағанбет балалары — Серікбай, Елікбай, Нұрмағанбет, Қойшыбай да Отан қорғауға аттанды. Соңғы рет, 1942 жылдың мамыр айында Қойшыбай ағаны шығарып салуға тура келді. Комсомолдықтар аудан орталығы «Казриске» Қарауылтөбе деп аталатын биік таз құмның етегін басып жалғыз аяқ сүрлеумен өтетін-ді. Бұрынғы аталарымыздың айтуынша жаугершілік заманда бұл құмтөбенің ұшар басында Ақмешітке (қазіргі Қызылорда) келе жатқан жауды алдын-ала хабарлайтын сақшы-қарауыл қойған деседі. Содан бұл төбе «Қарауылтөбе» атанып кетсе керек. Сол кезде: «Төбеде шайтан бар екен, түнде от жағады екен, әруақты төбеге адам барса ауышып кетеді екен» деген сияқты алып қашпа лақап тарап жүрген-ді. Содан да болар, ол төбенің маңына ешкім бара бермейтін.

Қойшыбай ағаны «Казристен» армияға аттандырып салып, түнделетіп ауылға қайттым. Қала арқылы оралып жүруді қашықсынып, жүрексінсем де Қарауылтөбенің етегіндегі соқпақпен төтелеп тарттым. Астымдағы тортөбел сып-сып басып, жер танабын тартып келеді. Жын-шайтанның ұясынан аман өтсем екен деп елеңдеп мен келем. Сүрлеудің екі қапталы қалың қамыстан сирей бастағанда, қарауытып көрінген төбенің о жер, бұ жерінен жылт-жылт еткен от көрінгендей болды. «Қорыққанға қос көрінеді ме, әлде қамшы бастым ба, тортөбел ала қашты. Енді ауылға жету қайда, төбенің өкпе тұсында отырған «Қарауылтөбе» колхозының мүшесі жездем Ахмет баласы Әбудің үйіне келіп аттан әзер түстім.

— Жаным-ау, түр-түсің қашып кетіпті ғой, жайшылық па?— деп Қымбат апайым бәйек болып жатыр. Бір кесе су ішкесін барып мән-жайды, көрген-білгенімді айтып жатырмын, баяғы.

— Пәлі, жігіт-ақ екенсің-ау өзің!— деп Әбекең миығынан күліп кеп арқамнан қақты. Тым биязы, аққөңіл, момын адам еді. Бұрын ферма, колхоз бастығы болған, ескіше көп оқыған, көпті көрген Әбекең Қарауылтөбе жайлы сыр шертті.

— Оқыған адамсың ғой, түнде кейде сүйектен от шығатынын білмеймісің? «Ел құлағы елу» ғой, 1937 жылы осы төбеге әкеп «халық жауларын» атыпты. Кезінде айтуға тіл кесілді, барып көруге ГПУ-дің адамдары жол бермеді. Әйтеуір, сол кезде ауыл адамдары түн баласы гүрс-гүрс мылтық дауысын естідік деп жүрді. Әлгі «жын-шайтан бар, әруақты жерге адам бармасын» деп жүрген сандырақ та сол үштік атты қарғыс атқырлардың қылмыстарын жасыру мақсатында шығарып жүргендері болар. Оның арғы жағында Перовский тұсында да осы төбенің астында қазақтың ондаған боздақтары атылды дегенді үлкен кісілерден естіп едім,— деп сөзін аяқтады.

Бұл күнде сол талай тарландардың қанын жұтқан төбенің сары құмы бар ма, жоқ па, білмедім. Өйткені, ол қаладан небәрі алты-ақ шақырым жерде.

Әсілі, Қарауылтөбе сияқтылар қаншама тарих бетін жасырмақ болса да ақиқат әділеттігі шындық бетін ашпақ. Сыр елінде: Қарауылтөбені сен тапсаң — Ақмешітті мен табам» деген нақыл сөздің қалуы да — төбенің Қызылорда қаласының оңтүстік- шығысында алты-ақ шақырым жерде тұрғандығын, қаншама боздақтардың сол жерде қыршыны қиылғанын дәлелдесе керек. Жаңсақ басып, жапа шекпеуіміз үшін әлі де болса арамызда қалған тарихтың тірі көздері: Серғазы, Сәдуақас Ташкентовтер — Шаңқайда, Қалмақ Сексенбаев, Жармағанбет Оразбаев, Зейнулла Жарқынбаев, Мәсек Көпбаев, Бодаш Жәкенов, Қожабек Жұмаев — Киров атындағы совхозда, Қайып Досмайлов сол Қарауылтөбе тәжірибе станциясында тұрады. Осылар тәрізді кісілерден сұрап, анығына көз жеткізіп барып халық қолдауымен сол «Қарауылтөбенің» басына ескерткіш орнатып, «Ақтаңдақ» ағалар алдында бас исек деген тілегіңе қосылар едім.

Сәлеммен карт журналист, Ұлы Отан соғысының ардагері республикалық дәрежедегі зейнеткер:

*Сақтапберген Әлжіков*
**Республикаға еңбегі сіңген дербес зейнеткен, журналист.**
(Облыстық *«Ленин жолы»* газеті, 1990 жылғы 30 қаңтар).

## ТЕРЕҢ ОЙ САЛДЫ

ССРО Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, журналист Мырқы Исаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» циклімен берілген «Қарауылтөбе қырғыны» атты сериялы мақаласы газет бетіне жариялана бастағанда-ақ, алыс жылдардың елесі оралды. Өз әкемнен естіген әңгіме еді бұл.

Әкем — Қайып Оразов өзінің тағдыр тауқыметін ерте арқалапты. Анасы Көлкейден есін білмейтін шағында айрылыпты да, нағашыларының қолында тәрбиеленіпті. Әкесі жөнінде сол нағашы жұртының айтуынан біледі екен. Әкем көп жайды білетін шежіре кісі еді. Өткен өмірін бізге жырдай етіп айтып отыратын.

— Ол күндердің енді қайта оралып, ұрпақтың — мына сендердің, менің басымнан өткенді көрмеулеріңді тілеймін,— дейтін ол бір әңгімесінде,— біз не көрмедік. Жетімдіктің де, аштықтың тақсыретін тарттық қой. Қырқымнан шықпай анам өтіпті дүниеден. Мен нағашыларымның қолында өстім. Қырсыққан тағдырымызға

аштық зобалаңы араласты. Елмен бірге қарт әжемді қолынан жетелеп Өзбекстан астық. Бас көтерер дегендеріміз елде қалған. Кейін заман тыншыған соң елге оралды. Ес жиып, етек жапқ-ан соң ағайынды, туған-туысқанды іздедік қой. Бірсыпырасы аштық иттің кесірен өмірде болмағандай жоғалыпты. Бұл күнде ер жетіп қалған мен елге келісімен әкемді іздедім. Сөйтсем, ел ішінде өзінің сыпалығымен, қолында бар өнерімен елге танылған әкем — Махамбет сол кездегі «жаптым жала, жақтым күйе» қамалының құрбаны болыпты. Бір туысының үйіне келіп отырса, сол маңдағы біреудің өгізі ұрланып, НКВД қызметкерлері соны менің әкемнен көріп, айдап әкетіп, жазықсыз адамды қамап тастапты. Әкемнің жазықсыздығын білетін нағашым — Досжан Сәтбаев соңынан іздеп барыпты, ойы — кепілдікке сұрап алу екен. Бірақ, әкемнің орнын сипап қалыпты. Үш күн түрмеге қамалған оны, түн ішінде түрмеден алып кетіп, атып тастаған екен...

Өз әкем айтқан осы әңгіме «Қарауылтөбе қырғынын» оғыганнан кейін есіме түсіп еді. Өйткені, кейіннен сол өңірден еңбек еткен әкем Қайып: «Қарауылтөбе құмына шығып қайттым, әкем осы жерде атылған ғой, дұға оқыдым» деп отыратын. Өткен күннің бір елесі осы еді.

* * *

Әкем Қайып, ер жетіп жігіт болған шағында, жездесі Сүлейменнің қолында бір-ақ жыл тұрыпты. Сүлеймен діни оқуы мол, «мүдәріс» деген діни атағы бар кісі екен.

Кейініректе, жаңа заман орнағанда Жалағаш ауданының «Аққошқар» деген жерінде мектеп ашып, бала оқытса керек. Аздап малы да бар, жүйрік ат ұстаған, көзі қарақатты жан болыпты.

— 1935—37 жылдардағы ел басына төнген нәубет жылдары сол елге қадірлі, ағайынға қамқор, жетім-жесірге пана болған қайран жездем адам көрмеген қиындықпен Аламесек деген жерден осы Ақмешіттің түрмесіне жаяу айдап әкелінді. Сонан бастап қайран жездемді жоғалттық,— дейтін әкем өткенді еске алып.

Әкем айтқан сол жайдың немен біткені маған беймәлім. Әйтеуір «түрмеге жиі барып, жолығып тұрдым» деп отыратын өзі Мұны айтып отырғаным М. Исаевтың «Қырғын тапқан қырық молда» деген мақаласындағы жазықсыз жазаланғандардың бірі — сол әкемнің жездесі Сүлеймен мүдәріс емес пе екен деп ойладым.

*Шолпан Оразова*
Сырдария аудандық газетінің қызметкері.
(1990 жылғы 28 қараша).

## КӨРДЕН ҚАШҚАН ҚОС БОЗДАҚ

1937 жылғы қыркүйектің 27-сі күні түн ортасында НКВД-ның қара түсті машинасына тоғыз «халық жауы» тиелді де, Қызылорда қаласының іргесіндегі Қошқарата қорымының шығысындағы биік құмға әкелінді. Оларға өз көрлерін өздеріне қаздырып, шетінен топырлата атып, қанға бөктіріп өте шықты. Ақшағыл құмның ыспа топырағымен көрді көміп, жендеттер бір «мықты шаруасын» бітіргендей болып, тайып тұрды.

Дәл осы кезде облыстық НКВД мекемесінде көрлерді біраз күн сыртынан бағып, өліктердің ұрланбауын бақылайтын екі жендет бар-тұғын. Олар астына ақбоз ат мініп, бастарына шошақ қалпақ киіп жүретіндіктен, олар халыққа әбден жеккөрінішті болған еді. Қошқарата қорымының шығысындағы құмға көмілген тоғыз «халық жауының» жай-күйін көру үшін ертеңіне сол жендеттер көр басына келсе екі адам көрден шыға қашып, бірі «Тасарық» колхозы жаққа, екіншісі — Сыр өзені жаққа жүгіріп ала жөнелгенін біліп, НКВД қызметкерлері арасында дүрбелең туды.

* * *

...Түнделете тоғыз «халық жауы» тиелген қара түсті машина Қошқарата қорымының шығысындағы биік құмға әкелінді де, оларға екі сағат бойы өз көрлерін өздеріне қаздырды. Әрлі-берлі поезд өткенде, соларға паравозының жарығы түспеуі үшін наган, автоматпен қаруланған жендеттердің әмірімен әлгі тоғыз боздақ жер бауырлап жата қалады.

Қызылорда қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Қалмаш Байғонов өз көрін өзі қазып жүріп, осы көрден қайтсем қашып шығамын деп ойлаумен болды. Өлімнен қашып құтылудың амалын іздестірді. Не істеу керек? Құм төбенің теміржол полотносына қараған жағы жықпыл-жықпыл ақшағыл құм, сексеуілі мен шеңгелі мол төбешіктер. Соларды пайдалана отырып, қашып құтыла алар ма екен? Есебін тауып, бір төбеден асып түссе құтылып кетер еді-ау. Теміржол полотносынан бір асса, арғы жағы — «Тасарық» колхозы, нағашысының ауылы.

Төрт жақтан анталап, каруларын кезеніп тұрған жендеттер бір сәтке де бұларды көзден таса еткен жоқ. Тоғыз адам қазған көр бірте-бірте тереңдей берді. Түн ортасы жуықтап қалғанға ұқсайды. Әлдеқайдан шиебөрі үні құлаққа келеді. Сол шақалдар күні ертең көр бетіндегі ақшағыл құмды қазып жіберіп, өзінің етін жейді-ау. Соны ойлағанда Қалмаштың денесі түршігіп кетті. Өз көрін өзі қазып жатып, ең болмаса поездар жиірек өте берсе екен деп тіледі. Көзге түртсе көргісіз түн қараңғылығын қол фонарларымен сейілтіп тұрған жендеттер көр қазушылардың ешқайсысын да

көзден таса етпей, әркімнің қимылын жіті бақылады. Көрдің тереңдігі екі метрге жуықтап, ішіндегі адам көрінбейтіндей болғанда, жендеттердің бірі әмір етті:
— Енді шығыңдар! Бәрің де тек ішкі киім, көйлектеріңмен сапқа тұрыңдар!
Қалмаш ә дегенде-ақ көрдің дәл жиегіне тұра қалды. Оң қолы жағында тағы біреу мұнымен иін тіресе тұра қалғанын байқады. Жендеттер көрден қашқандарды солай қарай итермелеген сәтте Қалмаш олардың тасасына еніп, бетін солардың денесімен көлегейлегендей болды. Өзін тасаға ендіре түсті. Қалмаш автомат оқтары бытырлай бергенде-ақ өзін-өзі көрге тастап жіберді. Бейне оқ тигендей құлады. Артынша-ақ дәл үстінен бірнеше өлік жайғасып, бұл солардың астында жата берді. Жендеттер боздақтарды түгелдей көрге енгізді де, үстін шеге құммен көме бастады.
Қалмаш үстін бірнеше өлік, шеге құм басқан сәттен бастап, үстіндегілерден құтылып, біртебірте ыспа құм бетіне шығудың қамына кірісті. Қарулы жігіт жан ұшыра қимылдап, бірте-бірте жоғары қарай өрлеп келе жатты. Түн ішінде көрді жабыла көмген жендеттер көр ішінде нендей қимыл болып жатқанын байқамады.
Жендеттер мінген машинаның гүрілін естігенде Қалмаш өзінің көрдің үстіңгі жағына жуықтап қалғанын байқады. Ыспа құм оған дем алатын ауа тауып бере білді. Қарулы жігіт енді уақытты босқа жібергісі келмеді. Құмды тез-тез итеріп, көрдің бетіне сумаң етіп шыға келді. Дәл осы сәтте көрдің екінші жағынан тағы бір бас қылтиып шығып келе жатты. Ол бейне көрден шыққан әруаққа ұқсап, үстіндегі боз көйлегімен көр бетінде қалбиып тұра қалды.
— Шықтың ба, достым? Кімсің,— деді Қалмаш үсті-басының құмын қаққыштап, көзіне түскен, аузында толып қалған шеге құмды жерге түкіріп тастай беріп.
— Мен Тышқанбаевпын,— деді анау да.
— Мен Байғоновпын,— деді Қалмаш.
Екеуі әлгі әзірде өздері тесіп шыққан көр үңгірлерін қайтадан құммен бітеп, бетін тегістеді де, ендігі қашу жоспарларын ақылдасты. Таң атпай тұрғанда бұл маңнан құрымаса, ақбоз атты, шошақ қалпақты жендеттердің көзіне түіп, олар ұстап алып, табанда атып тастарын білді.
— Мен «Тасарық» колхозындағы нағашыларымның аулына қарай зытамын. Сол маңнан киімкешек, бірер күнге ырызғылық тамақ табылар,— деді Қалмаш.
— Мен дариядан жүзіп өтем, не болмаса бұталардан сал жасап, арғы бетке өте алсам, бірден «Жаңатұрмыс» колхозына қарай құримын. Ол жақта тоғайлы жер жетеді. Пана бола алар,— деді анау. Тышқанбаевтың туған жері төртінші ауыл, сондағы «Жаңатұрмыс» колхозы екен. Ол солай қарай кетуді қолай көрді. Сәлден кейін көрді тесіп шыққан қос боздақ екі жаққа қарай жүгіріп ала жөнелді.
...«Тасарық» колхозындағы Жақан Сайымовтың үйінің терезесін біреу жәйімен тықылдатты. Үйдегі Жақан да, Құлмағамбет те елеңдесіп қалды. Оның да мәнісі бар еді. Мана екеуі Қызылорда түрмесіндегі Қалмаш жиеніне жолығып, тамақ беру үшін барғанда түрме надзирательдерінен жылы қабақ тани қоймаған еді. Қабақтарынан қан жауып тұрғандай, бұлармен тілдеспеген. Надзирательдер өйтер болса, сол боздақ бүгін-ертең атылады деген сөз. Соны біліп келген Жақан мен Құлмағамбет бүгін-ертең Қалмашты атардай болса, онда НКВД тыңшылары бұларды да тыныш қоймасы белгілі. Ертеңгі тірліктері жайлы ұзақ ақылдасып, төсектеріне әлгіде ғана қисайған беті еді.
Терезе қаққан Қалмаш болып шықты. Үстінде ақ жейде, бұтында тек дамбал. Үсті-басы қызылала қан. Дірдек-дірдек етеді. Екі санын шеңгел, жыңғыл жырып, тілім-тілім еткен. Қалмаш үзікүзік сөйлеп, бүгінгі басынан өткергендерін айтып берді. Екі қолы селкілдеп, иегі дірілдеп, өлімнен қашқан әруақтай болып кетті. Үй ішіндегілер ә дегенде не істерін білмей қалды. Есін тез жиған Қалипа әжесі жиенін жуындырып, үстіне бірсыпыра киім тауып кигізді. Тамаққа тойындырды да, дария бойындағы тоғай арасына қарай зыт, қуғыншылар келіп іздегендей болса, көзге түспейтін бол деген ақыл берді. Ананың бұл ақылын үй ішіндегілер, Жақан мен Құлмағамбет, әсіресе нағашы қарындасы Күлпат пен нағашы інісі Айтбай құп қарсы алды. Күлпат пен Айтбай жасырынып барып тамақ жеткізіп тұрамыз деп бәйек болды.
— Мана үйге қанға малынған қалпыңда кіріп келдің. Көрді тесіп шыққан жерлеріңді бітепсіңдер. Ал жалаң аяқтарыңмен басқан топырақ бетінде қан дақтары сайрап жатқан шығар, ә? Соны ойладыңдар ма!— деді Жақан кенеттен.
— Із? Әй сорлы басым-ай... Ізімізді ескермеппіз ғой,— деп, Қалмаш өз маңдайын жұдырығымен қойып қалды. Бірден үні шықпағандай болып, бүк түсті. Көрді тесіп шығып, қашып құтылған қос боздақ үңгірді бітеп кеткенімен, өз іздерін жасырумен ісі болмағанын енді ғана түсініп, бірден есінен танғандай есеңгіреді де қалды.
— Қой, мен құриын. Сендерді әурелейтін болдыау,— деп Қалмаш жыларманға келді.
— Біз де тірі жанбыз ғой. Бір реті болар. Ал сен енді кідірме. Таң атпай тұрып, бір жерге жасырын,— деп, Қалипа әже үйдегі бар тамақтық заттты бір дорбаға салды да, Қалмаштың арқасына таңып берді. Аяғына керзі етік тауып кигізді. Үстіне күпі жапты. Түнде көрпе орнына пайдаланасың деп жатыр.
— Жылжи алсаң дарияның өріне қарай жылжи бер. Атың мен фамилияңды өзгертіп айтатын бол. Араға бірер ай салып оралатын бол. Мынау Айтбай інімен жасырын байланысып, жай-күйіңді білдіріп тұр. Ал шырағым, жолың болсын,— деп Жақан бас болып, жиенін жауырынан қағып, есікке дейін шығарып салды...

* * *

Таң ата бере үш бірдей НКВД жендеті Тасарыққа жетіп келіп әлек салды. Үй-үйді тінтті. Абырой

болғанда түнде Қалмаш Сайым нағашысының үйіне бірден жетіп келмей, із тастап, ауылдың шығыс шетінен енген болып шықты. Сол жақтан бастап тінітті. Кілең шошақ бас киімді, астарында жарау ат мінген милиционерлер бір кезде Сайым үйіне жетіп келіп, үйдің әңкі-тәңкісін шығарды.

— Екі қашақ көрді тесіп шығып, темір жолдан осылай қарай өтіпті де, біреуі дәл осы ауылға бет алыпты. Табандарына жұққан қан ізі бізді осында бастап алып келді. Қашақтың біреуі сал жасап дариядан өтіп бара жатқанда біздің оғымызға тап болып, омақа асты. Суға бірден батып кетті. Өлігі су бетіне шығуын күтіп, жағада бір-екі жігітіміз қалды. Ал екінші қашақ осы ауылда. Көр ашылып, кім қашып шыққаны анықталғалы жатыр. Егер ол кім екенін білсек, соның осы ауылдағы туған-туыстарын тауып аламыз да, соған қашақты таптыртпай қоймаймыз,— деп қоқалақтады жендеттер. Ол қашақ табылмайтындай болса, осы ауылдағы еркек кіндіктілердің бәрін қамап, атып тастаймыз деп қорқытты әлгілер. Жендеттердің шені үлкендеу біреуі әсіресе Жақан мен Құлмағамбетке тіксіне қарап, оларды көзден таса еткісі келмейтінін ұқтырғандай. Сірә, түнде атылғандар арасында осы үйдің жиені барын біліп, түбі осы екеуімен істес болатынын түсінгендей.

Жендеттер ауыл маңын сүзіп шықты. Қызылордадан иісшіл ит әкеліп, сонымен де іздестірді. Иісшіл ит біразға дейін Сайым үйін айналшықтады да, дария жаққа қарай жортып ала жөнелді. «Қара байтал сойған» құмын шарқ ұрды, дария бойын, Есентүп, Қарғалы, Бұзауарал тоғайларын сүзді. Ит сол тоғайлардың бірінде, айналасы ор болып қазылған бір күде шөпті де біраз айналшықтап әрлі-берлі жүгірді. Бірақ оның ешбір жері адам жасырынарлықтай болып бүлінбегенін көріп, жендеттер онда қашқын жоқ деп шамалады. Ал тап сол сәтте Қалмаш әлгі күденің үстінен үңгіп кіріп, сонда жасырынып жатыр еді. Оның осы күденің дәл үстінен түсуіне Қалмаштың нағашы інісі он екі жасар Айтбай болысып, оны күде үстіне ағаш сатымен шығарып жіберіп еді де, сатыны түн ішінде ауылға көтеріп алып кетіп еді.

Екі қашқынның бірі Қалмаш Байғонов дәл осы Сайымовтар семьясының жиені екенін ертеңіне көрді ашып барып білген жендеттер түс ауа Сайымов үйіне жетіп келіп тағы әлек салды. Сендер оны жасырып отырсыңдар, кеше ит үйлеріңді талай рет айналды деп ақырды. Тап осылай боларын білген Жақан мен Құлмағамбет өткен түнде бой тасалап, зытып отырған. Жендеттер үйдің ендігі ірі бастысы Қалипа әжей екенін біліп, оны жайдақ атқа мінгізіп қалаға алып кетті. Он төрт жасар Күлпат пен он екі жасар Айтбай да жендеттердің біраз әкірендегенін естіді.

Осыдан бастап Қалипа кемпірдің көрген күні қараң болды. Күнде ертемен оны жайдақ атқа мінгізіп, қалаға алып кетіп, кешке дейін тергеді. Кешкілік Қалипа жаяу-жалпылап ауылға әрең жетіп жүрді. Солайша Қалипа әжей үш ай бойы тергелді.

Қалипа кемпірден ештеңе шығара алмаған НКВД басшылары енді оның ірі басты екі баласы — Жақан мен Құлмағамбетті қолға түсіргісі келді. Оларды ұстау бірнеше күндік әуре-сарсаңға айналды. Бұл арада колхоз бастығы Елеусіз Сыздықов оларды ұстап беруге қам жасамаса, өз жағдайы қиын боларын ұқты да, Қалипаға келіп, балаларың ең болмаса көзге көрініп, кінәсіз екенін айтып берсін-дағы деп жалынды. Қалмаш Байғонов табылардай болса, бұл екеуін өзім-ақ шығартып аламын деп сендіреді.

Сол күні Жақан мен Құлмағамбет өз үйлеріне өздері алыстан жолаушылар келе жатқандай болып, көріне енді. Ауылға жәй киіммен келіп, олардың пайда болуын күтіп жатқан жендеттер қызыл көрген қарғадай болып, оларға тарпа бассалып, бірден тұтқындап қалаға айдап әкетті.

Жақан мен Құлмағамбеттің Қызылорда түрмесіне қамалғанына он бесінші күн болған. Түрме надзирателі есікті айқара ашты да:

— Жақан Сайымов, сен боссың, шық тез,— деп жекірді. Артынша-ақ оған киім-кешегін, ақшасын, партия билетін берді. Келесі бір тар қуыстан Құлмағамбет те шығып келе жатты,— екеуің де мұнда көргендеріңді, естіп-білгендеріңді біреуге айтсаңдар, немесе айтты дегенді естісек, екеуіңді де қайтадан қамап, атып тастаймыз.

Жақан мен Құлмағамбет ауылға келген соң ғана жағдайға қанықты. Қалмаш дария бойымен Шиелі тұсына дейін барған. Сақал-шашы өсіп, киімі пәре-пәре болып жыртылып, әбден түрі кеткен. Мынау түрімен ешқайда сыймасын біледі де, ауылға қарай аяңдайды. Араға үш ай салып, ауылға жақындап келіп тың тыңдайды. Айтбай інісіне белгі беріп, оны оңаша шақырып алады да, барлық жағдайға қанығады. Айтбай жиен ағасына әуелі Қалипа әжесін біраз әурелеп, күнде жайдақ атпен қалаға әкеткенін, жарты айдан бері Жақан мен Құлмағамбеттің түрмеде отырғанын айтады. Қалмаш енді шыдап тұра алмады. Тік қалпында нағашысының үйіне қарай нық қадам басты.

Қалмаш Сайым нағашысының үйіне кіріп келді. Үсті-басы алба-жұлба қалпында есігінің алдына пайда бола кеткен жиенін көріп, үрейі ұшардай екі көзі шарасынан шыға жаздаған Қалипа әжесінің аяғына жығыла кетті. Өзін де, екі баласын да бір қарақан басы үшін әурелеткені үшін кешірім сұрады. Әжесінен тезірек бүтіндеу киім тауып беруін өтінді. Жақанның ұстарасымен сақал-шашын реттеп, үсті-басын дұрыстады да, нағашы қарындасы Күлпатқа:

— Айналайын, колхоз бастығы Елеусіз Сыздықовтың үйіне барып келе қойшы. Мені өзі келді деп айт. Жендетімен бірге келіп, мені ұстап әкете қойсын. Аса ма, ата ма, өздері біледі. Мен енді бәріне көнген пендемін. Әже, артық-кемді сөзім, тірлігім болса кеш. Осы өтінішімді Жақан мен Құлмағамбет нағашыларыма да айтыңдар,— деді. Жиен ағасының өтінішін орындап, Күлпат колхоз бастығы Елеусіз Сыздықовтың үйіне қарай жүгіріп ала жөнелді. Өз еркімен бірілсе, өкіметтің кешірімі мол болады деп ұққан бой-

жеткен жиен ағасының өтінішін бұлтарыссыз жеткізуге тырысты.
Сол күні Қалмаш Байғонов НКВД жендеттерінің қолына өз еркімен беріле тұра, қалаға жетпей-ақ жолдағы құм төбелердің біріне жете бере көк желкеден атылды да, сонда мәңгілікке көз жұмды. 1937 жылғы 27 қыркүйекте тоғыздың бірі болып атылды деген документке іліккен Байғоновтың көзін үш айдан кейін осылайша тез жоя салды.

* * *

Сол 37—38-дің зобалаңында Қалмаш Байғонов жиырма бес жастағы қайраты қаулаған, алымды, өткір жігіт болыпты. Сол боздақ кінәсізден-кінәсіз НКВД жендеттерінің құрбаны болды. Халық сталиндік репрессия деп атап жүрген сол зобаланды жылдарда Қалмаш Байғонов Қызылорда қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған. Ал бұл — кейінгі ұғым бойынша, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы деген ұғым берер еді.
Қалмаш Байғонов пен төртінші ауыл азаматы Тышқанбаев секілді боздақтардың көрден қашқанын дәлелдей алатын қазір үш кісі бар. Екеуі — Қалмаштың нағашы інісі Айтбай мен нағашы қарындасы Күлпат. Сайым үйіндегі Қалипа әжей де, оның Жақаны мен Құлмағамбеті де әлдеқашан пәни болған.
Осы жолдар авторының жеңгесі, менің Үсай Рүстембеков деген ағатайымның жұбайы болып табылатын Күлпат қазір Алматыда тұрады. Мен онан Қалмаш Байғонов жайлы талай рет сұрастырдым, бірақ кезінде НКВД қырғиларының қоқан-лоққысын талай рет есітіп, әбден үргелек болған жеңгем оншалықты тіс жара қойған жоқ. Оның бержағында Қалмаш Байғонов қазірде Қызылордада тұратын белгілі бір әйелдің күйеуінің ағасы болып шықты. Ал ол әйел менің Күлпат жеңгемнің жан аяспас досы еді.
Ал Бірқазан станциясында тұратын, сондағы мектепте мұғалім болып істейтін Айтбай Сайымов болса, маған Қалмаш тағдырының бүге-шігесіне дейін баян етті. Қалмаш Байғоновтың «Қара байтал сойған» құмында атылып, сонда көміле салғанын да сол айтты. 37-нің 27 қыркүйегінде тоғыздың бірі болып атылған жер — қазірде Тасбөгеттен терістікке қарай созылып жатқан магистралды жолдың темір жол полотносынан асып түсер жерінде, бұрын үлкен құм төбе болып жатқан жер екенін нағашы ағасы көзінің тірісінде өзіне ескерткенін мәлімдеді. Қазір ол төбенің құмын силикатты қабырғалық материалдар зауыты тасып әкетіп, орнында көлшік ғана жатыр. Дәл осы жерде бірер жыл бұрын ГАИ постысы болды. Осыған қарағанда, әсіресе сол боздақтар мүрдесі жатқан құм төбені құртып жіберуге жол берілгенде, сірә бұл орын талай боздақтардың қаны төгілген жер болған-ау деп түйіндеуге мәжбүр боламын. 1991 жылғы 14 ақпанда Сырдария аудандық газетіне өзімнің «Ақтың оты өшпейді» атты «Ақтаңдақтар ақиқаты» айдарымен екі подвалдық мақаламды жариялар алдында, мен осы жерді облыстық ұлттық хауіпсіздік комитетінің екі қызметіне әдейі көрсетіп едім. Не пайда, менің сол зыр жүгіруімнің нәтижесі әлі де көріне қойған жоқ.
Бірқазан станциясы мен Қызылорда қаласы аралығында аумағы қырық-елу гектардай ғана жерді алып жатқан «Қара байтал соған» құмы талайларды жер қойнауына тартқан, ол жерге біз қазір аяқ басудан да қорқамыз деген сөздерді маған бірқазандық Ибадулла Маханов, Ыдырыс Дүйсенбаев, Аманкелді Қарынбаев деген азаматтар да жыр ете айтты. Қалмаш Байғонов қызылордалық белгілі бір азаматшаның күйеуінің ағасы бола тұрып, оның қалайша НКВД құрбаны болғанын білмеуі, немесе білгісі келмеуі ғана мені қайран қалдырады.
Қалмаш Байғонов пен Тышқанбаевтың көрді тесіп, шыға қашқанын дәлелдейтін үшінші адам — Сырдария ауданындағы Киров атындағы кеңшардың тұрғыны, дербес зейнеткер Бабаш Жөкенов. Сол Тышқанбаевпен ауылдас болған, соның басына түскен тақсыретті түгелдей білетін азамат. Бабаш аға бұл ретте маған мынаны айтты:
— Көрден қашқан қос боздақтың екіншісі біздің ауылдың бір азаматы болып шықты. Атын ұмыттым, фамилиясы Тышқанбаев екен. Ол көрден қашып шыға сала дарияға жетіп, жағадағы бұталардан сал жасайды да, сонымен дариядан өтпекші болады. Сөйтіп жүргенде таң атып қалған. Дарияның толып ағып жатқан кезі болса керек. Қашқын салмен дарияның жары ортасынан ауа бергенде шошақ қалпақ киген, астында ақбоз аты ойнақшып тұрған жендет жағаға шауып жете бере, қашқынды оқтың астына алады. Қашқын бірден оқ тиген кісіше суға құлап, сонау арғы жағаға жеткенше су астымен жүзе отырып, жағалап сумаң етіп шыға келген. Оның өлі денесін су бетінен ұстап аламыз деп дәмеленіп отырған қос жендет аһ ұрып қала берген. Қашқын судан шығады да, дарияның оңтүстік жағалауындағы Сұлтан қыстауында отырған менің Базаркүл деген әжемнің үйіне кіріп барып, киім-кешек, тамақтық зат беруін, өмірде тірі жүрсе бәрінің қарымтасын қайтаратынын айтып жалынған. Базаркүл әжем қашқынның кім екенін, ол жаңатұрмыстық екенін бірден біледі де, өтінішін орындайды. Сонымен Тышқанбаев үш ай бойы тоғай-тоғайды панлап жүрді. Қашқынның екіншісі кім екенін көрді ашудан кейін айқын біліп алған НКВД жендеттері бірден біздің «Жаңатұрмыс» колхозында өз тыңшыларын қаптатты. Тышқанбаев күндіз ел маңындағы шөп күделеріне барып жасырынып, түнде ғана елге бас сұғатын. Тыңшылардың бірі осы жайлы НКВД қырғиларына жеткізген. Сол-ақ екен, аулымызға бір топ милиционерлер жетіп келді де, шөп жиналған жерлердің бәрін бесатар штыгімен піскілей бастады. Бір кезде штык шөп астында жатқан қашқынға кірш ете түсті де, оны табанда өлтіріп, сол араға көме салды...

* * *

Қошқарата қорымының шығысындағы құм жотасына 37-нің 27 қыркүйегінде тоғыз боздақтың түн ортасында апарылып, өз көрлерін өздеріне қаздырып, қанға бөктіре атып тастағанын, сонан екі боздақтың көрді тесіп, қашып шыққанын немен дәлелдеуге болады?

Міне менің қолымда дербес зейнеткер, юстицияның аға кеңесшісі Дүйсебек Сәулебековтің Тереңөзек аудандық газетінде 1990 жылғы 18 желтоқсанда жарияланған «Бейкүнә құрбан болғандар» атты мақаласы тұр. Шағын ғана сол хабарда тоғыз адамның атылуға, үш адамның он жылдан бас бостандығынан айырылуға сотталғаны, атылуға тиісті үкім сол күні жүзеге асырылғаны жайлы жазылыпты. Тоғыздың біреуі — Қалмаш Байғонов болып шықты. Екіншісі — Омар Тышқанбаев. Заң саласының білікті қайраткерлерінің бірінен саналған, қазірде марқұм болып кеткен Дүйсебек Сәулебеков ағамыз Қалмаш Байғонов пен Омар Тышқанбаевтың көрді тесіп шығып, қашып құтылғанын, бірақ кейін екеуі де НКВД құрығына ілігіп мерт болғанын білмеген. Соған қарағанда, көрден қашқан екі боздақтың ұсталып, атылғанын жендеттер толығынан жасырын ұстаған деп түйіндеуге тура келеді.

Қошқарата қорымының іргесіндегі биік ақшағыл құмда денелері қалған тоғыз боздақтың жетеуі кім еді деген сұрақ өзінен-өзі туындайды. Сол жетеудің біреуі — бірінші ауылдың азаматшасы Сәтен Ершоқаева болып шықты. Сол ер адамдардың арасында жалғыз әйел азаматшаның қалайша «халық жауы» атанып, атылып кеткені кімді де болса қайран қалдырады. Енді мен Қошқарата қорымының іргесіндегі ақшағыл құмда денесі қалған боздақтарды түгендеп беруге тырысайын.

1. Нұрлан Мектепов — № 8 ауылдың азаматы.
2. Қайыпназар Қауымбаев — сол ауылдың азаматы, облыстық газет редакторы.
3. Үйсінбай Дошанов — сол ауылдың азаматы.
4. Жанзақ Мірахметов — № 1 ауылдың азаматы.
5. Сәтен Ершоқаева — сол ауылдың азаматшасы.
6. Есмұқан Тәжиев — № 10 ауылдың азаматы.
7. Дәуренбек Ершоқаев — № 14 ауылдың азаматы.

Сонымен тоғыз боздақтың жетеуінің мәңгілікке көз жұмған орны Қошқарата қорымының іргесіндегі биік құм төбе болып қала берді. Қазір тап сол орында кішкене көлшік ғана жылтырап жатыр. Ал тоғыз боздақтың екеуіне келсек — Қалмаш Байғонов «Қара байтал сойған» құмында, Оман Тышқанбаев қазіргі Киров атындағы кеңшардың бұрынғы «Жаңатұрмыс» колхозы болған аумақта, бір күде шөп орнында көміліп қала берді. Өз аулында өнегелі мұғалім бола білген, кейін аудандық партия комитетінің хатшысы болған, Омар Тышқанбаев жайлы маған қызылордалық тағы бір ақсақал соны хабар жеткізді. Ол — үшінші ірілендірілген ауданның № 3 үйінде тұратын ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі мүгедегі, 76 жастағы Тоқсанбай Шырдаев ақсақал еді. Омар Тышқанбаев өзі соңғы рет денесіне бесатар штыгі қадалғанға дейін қызыл қайық аузында отырған Тоқсанбай үйіне талай рет түнделетіп келіп, дәмтұз татып кетіпті. Оны аулдағы бір имансыз тыңшы НКВД-ға хабарлай қойыпты да, тал түсте штык шаншылып опат болды. Оны жерлеуге де халық қатыстырған жоқ, дейді Тоқсанбай ақсақал.

Түсінбейтіндей ештеңесі де жоқ. НКВД тыңшылары өз қылмысының ізін жасыру үшін бар айлашарғыны жасап баққан ғой. Көрден қашқан қос боздақтың есен-сау жүруін қолай көрмеді, кейін олар бастан кешкен қиянаттарын халыққа жария етеді деп қорықты.

Көрден қашқан қос боздақтың сол сәтте басына түскен қорқыныш пен үрейді көз алдыма әкелемін де, тұла бойым түршігіп сала береді. Құдайым, енді қазақ халқын ондай үрейден ада ете гөр деп тілеймін.

(*«Сырдария»* аудандық газеті, 1991 жылғы 12 ақпан).

## ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН ЖУРНАЛИСТ

Шырқы бұзылған шырғалаң сол бір кезеңде талайдың басына қара түнек болып төніп еді-ау. Шап-шағын ғана ауылдан — ондап, ауданнан — жүздеп, облыстан — мыңдап кеткен боздақтарай! Елдің қаймақтары атанған аптал азаматтарай! Сендердің қабіріңнің қай жерде екенін білуге, бір тал да болса сүйектеріңді көруге зар болдыау жұртың, бүгінде... Қай жерде атылдың? Ақ жүзің жасырылды ма? Әлде жау оғы тиген жерде жайрап қала бердің бе? Кейбір деректерде: «Қызылорданың оңтүстік-шығысына қарай алты шақырым жерде атылды» деген жай оғындай, жүректі шошытар сөздер кездеседі екен. Бұл шама қай тұстан есептелген, ол да белгісіз. Қалай іздеп табасың ол жерді. Қайсы жерге бас иіп, ең болмаса «топырағың торқа болсын» айтарсың!

...Сондай қыршын кеткен жастың бірі — сол отыз жетінші жылы жиырма алты-ақ жастағы, Қызылорда аудандық «Ленин туы» газетінің редакторы Қайыпназар Қауымбаев та түрмеде отыр. Қыркүйек айының соңғы күндерінің бірі. Күн ашық. Торлы да баттасқан қара қожалақ терезеден күн сәулесі сығалайды. Қайыпназар да сол сәулеге, сырттағы жарық дүниеге сығалай құмарта қарайды. Ойы он саққа жүгіреді. Көз алдына қызметтес жолдастары елестейді. Газет не болып жатыр екен, бүгін кешікпей шықты ма екен, деп ойлайды. Өзі отыратын столы тартпаларындағы алдағы

# 1937-1938 ЖЫЛҒЫ РЕПРЕССИЯ




1. X – Қошқарата қырғынының орны.
2. (X) – Үрме құм.

Карта: Қайыпназар Қауымбаев 1937 жылы 27 қыркүйекте Қошқарата қорымының шығысындағы ыспа құм баурайына (ол «№ 1 х» болып көрсетіліп тұр) тоғыз боздақтың бірі болып атылған. Қазір ол жер көл болып жатыр, құмын силикат кірпіші үшін тасып алып кеткен.

Осы картадағы «№ 2 х» белгісіндегі үрме құм (халық «Қарабайтал сойған» деп атап кеткен) Қалмаш Байғоновтың атылған жері.

күнге берілер мақалаларды жігіттердің алған-алмағаны да мазалайды. Мақала демекші, оның өзінің осында қамалуына бір мақала себеп болыпты. Тергеушінің сұрақтарына да сол тиек етілген.
— Ондай мақаланы газетке неге басасың?
— Қай мақаланы айтасыз?
— Қалай білмей қалдың?
— Газетте мақала деген күн сайын ондап шығып жатады. Солардың қайсысын айтып отырғаныңызды түсінбедім.
— Аудандағы мал өлімі жайындағы ше?— деп тергеуші бетінен зәрі шыға столды қойып қалды.— Қырылып жатыр деп жазыпсың ғой?
Қайыпназар оған селт еткен жоқ.
— Ол мақала жарияланған кезде мен Алматы қаласында бір айлық курста жүргенмін,— деп жауап берді ол.
— Ия, қулығыңды қалай-қалай асырғың келеді ә,— деген тергеуші оған жақындай түсіп шүйіле қарады.— Сен Алматыға жүрер алдында сол Аламесек жаққа барғансың. Сол жақтан әртүрлі фактілерді жинап келіп қарауыңдағыларға «мен жоқта басыңдар» деп нұсқау бергенсің. Міне, сенің провокацияңның, Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық әрекетіңнің ашылып тұрған жері. Енді де мойындамайсың ба?
— Жоқ!— деп кесіп айтты Қайыпназар.— Ол мақалаға менің ешқандай қатысым жоқ. Бәрі де жала.
— Ол дәлелденген, қызметтестеріңнің жазып бергені бар, оған саспа,— деді тергеуші тағы да,— өзің ұлттық көтеріліс ұйымына кіріп әрекет еткеніңмен қоймай, төрт адамды Совет үкіметін құлатуды жақтап үгіт таратуға тартқаныңды да мойындамайсың ба?
Мұндай оқиға түсіне де кіріп шықпаған Қауымбаев тергеушінің мына сөзіне аң-таң болып, не дерін білмей бір сәтке аңырып қалды. Осыны байқаған тергеуші:
— Дым білмеген боласың, ә? Жиырма алтыға жаңа шықсаң да сен бәрін іштей оқып туған адамсың. Әйтпесе, бір басыңа редакторлық аз болғандай осы жылдың май айынан КазТАГ-тың, август айынан «Правда Южного Казахстана» газетінің тілшісі болып та істейсің бе? Сен крупный фигура. Алматыдағы, Шымкенттегі ұлтшылдармен де байланысың бар сенің. Кәні, ол жақтан кімдерден нұсқау алып тұрасың? Әлгі, төрт адамға қандай тапсырмалар бердің, нендей жұмыс орындаттың? Айт бәрін?
Тергеуші тесірейе, бажырая қарады.
— Ешқандай қаламен байланысым жоқ. Төрт адамды контрреволюциялық, ұлтшылдық ұйымға тарттың дегенің де бекер. Өйткені өзім де ешқандай ұйымға мүше емеспін,— деді Қайыпназар.
— Бекер қасарысасың, Қауымбаев. Айтасың, айтқызамыз әлі. Кеудеңе қосауыз мылтық тақалып, шүріппесі қайырылған кезде өзің-ақ қалай сайрағаныңды білмей қаларсың.
— Ол төртеуіңіз кім, аты-жөнін айтсаңызшы?
— Тергеуші сен емес, менмін. Сондықтан оларды сен айтуың керек!
— Менің айтатыным жоқ.
Қағаз-пағазын жиыстырған тергеуші жыланша жиырылған жиркеніште қалпымен есікті тарс жауып шығып кетті.
Ізінше салдыр-гүлдір жабылған құлыптың даусы естілді. Қайыпназар тағы ойға кетті. Көз алдына екі жасар Болаты мен Бақыты, зайыбы Қуаныш елестеді. Шырылдап жылаған сәбилерінің дауысы құлағынан шыңылдап кететін емес. Өзін ұстаған жендеттер кіріп келіп қолын артына байлаған кездегі жиырмаға енді ғана шыққан жарының, жас жаны түршіге шошып, бір уыс болып қалған бейнесі де көз алдына келіп тұра қалды. Жендеттер редактор болса да қонақ келгенде бір салым төсегі жоқ бір бөлмелі үйдегі ол-пұлдың астаң-кестеңін шығарып, тінткілеп жатыр. Тапқандары не? БК(б)П тарихы. Өзінде сақталып жүрген № 8662899 номерлі комсомол билеті, ағайын-туған, жора-жолдастардан келген хаттар... Осы ғана. Қайтадан бөпелерін ойлады. Болатының папалаған дауысын естігендей, екеуінің бірдей талпынып, күлгені көз алдына келгендей. Жүрегі соғып, кеудесі алқынып, бүйрек-бауыры бүріп, бүкіл ішкі дүниесі удай ашып кеткендей. Олардың күні не болмақ? Қалай күнелтпек? Халық жауының әйелі деп Қуанышты да ұстап кетсе, екі бірдей бүлдіршін қайда қалмақ? Кім пана болар оларға? Жақындағанның тіпті үйінің маңайына келгендерді де қағып түсіп жатқан жоқ па? Шынымен бәрі біткені ме? Қандай саңлау бар? Бекерден-бекер күйіп кеткенім бе? Шаңырағымның шайқалып, құлағаны ма?..
Тергеушіге тағы алып келді. Бұрынғы сұрақтар қайта қойылды. Беріліп жатқандар баяғы жауап.
— Сенің әкең Сүлеймен молда болып, жеке меншігіне мешіт ұстайды екен,— деді біраздан соң тергеуші.
— Халыққа дінді уағыздап, Совет үкіметіне қарсы қоятын көрінеді. «Совет мектебінде оқымаңдар, білім алмаңдар, шоқынды, кәпір, орыс болып кетесіңдер» деп үгіттейді дейді. Құран оқып, жұрттан жиып алған қырық жылқысы, жиырма сиыры, он түйесі бар дейді. Өзің феодал екенсің ғой. Бұған не айтасың?
Қайыпназар мына тергеушінің шынында да есі дұрыс емес шығар, деп ойлады. Әйтпесе, мұндай сұрақтар қояр ма еді? Бірақ, сұрап отырған соң жауап беруі керек.
— Құрметті тергеуші,— деді ол,— менің әкем малды болып, мешіт ұстамақ түгіл, құран оқуды да білмеген. Есігінің алдына бес-он тоқты-торпақ та байланбаған. Бұдан төрт жыл бұрын жерден қазылған кепеде бала-шағасымен бірге аштықтан қырылып қалған.
— Өтірікті қалай-қалай құтыртасың? Мына үстіңнен түскен арыз не айтады?— деген тергеуші бір жапырақ қағазды жоғары көтерді. Осы кезде Қайыпназар онымен танысқысы келіп, ілгері ұмтыла беріп еді, тергеуші:
— Жоқ, жоқ, Қауымбаев, бұл саған берілмейді, шайнап-шайнап жұтып жіберерсің де, дым

білмегендей бола қаларсың. Бір минутте сенуге болмайды сендей жауларға,— деп тартпасына тығып қойды да:
— Олар аштан өлсе, сен қалай күн көріп, орыс-қазақ мектебінде оқып, редактор болып жүрсің?— деп қайта шүйілді.
Қайыпназар бұл сұрақтан тағы секем алып, қатты сескенді. Өзі мен інісі Жүніске қамқаор болып, оқытып, тәрбиелеген, осы қалада ауыл шаруашылық банкасында инспектор болып қызмет атқаратын әкесінің інісі Есқалиға кесірім тиіп, оны да ұстамаса болар еді деген ойдан зәре-құты қалмады. Олай болса оның бала-шағасының тағдыры қалай болмақ? Не болып барады өзі? Бүкіл Қауымбай ұрпағы түп-тамырымызбен шынымен-ақ құрығанымыз ба? Он алтыға енді келген Закирияны да ұстамаса болар еді...
— Үндемейсің, ә? Қауымбаев Есқалиды да білеміз. Ол да ұзаққа бармайды. Онан да бәрін мойындай бер.
— Мен қандай айып тағылып ұсталдым, ең болмаса сонымен таныстырыңызшы?— деп өтінді Қауымбаев.
— Білмеген боласың, ә? Ол қиын емес,— деді де, тергеуші папкасынан бір бет қағазды алып оқи жөнелді.
— Қайыпназар Қауымбаевтың контрреволюциялық әрекеті туралы. 1911 жылы, № 8 ауылда туған, Ұлты — қазақ. Білімі — төмен. 1937 жылдан ВКП(б) мүшесі, бұрын сотталмаған. Аудандық «Ленин туы» газетінде жауапты редактор болып жұмыс істейді. Ол өзінің алдына Совет өкіметін құлатып, алдарына капиталистік құрылыс орнату міндетін қойған контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымының белді мүшесі екені дәлелденген. Осы мақсатпен Қауымбаев Қайыпназар контрреволюциялық кадрлар даярлаумен шұғылданған. Жоғарыда келтірілген әрекеттер негізінде Қ. Қауымбаев тұтқындалсын».
— Бәрі де өтірік, жабылған жала!— деп айқайлады бұған шыдамаған Қауымбаев.
— Оның өтірік-расын осы тұрған жеріңнің оңтүстік-шығысындағы алты шақырым жердегі қазулы тұрған көрінді білерсің,— деген тергеуші «алып кет» деп айқайлады. Қандай жауыздық, қанішерлік, қаныпезерлік, қанқұйлылық десеңізші!
Қайыпназар тар қапасқа қамалып, бостан-босқа, тектен-текке күйіп бара жатқанына наза болды. Әлгі «оңтүстік-шығысты» бекер айтып отырмағанын жақсы пайымдады. Өзінен бұрын да талайлардың талтүсте ұсталып, көп ұзамай жоқ болып жатқанын еститін. Ол нәубет енді өзінің басына да төнді. Қайтсе құтылар мына қапастан? Уілдеп омырауына жабысатын Бақыты, томпаң-томпаң жүгіріп папалап алдынан шығатын Болаты көз алдына елестей береді. Ұсталған сәттегі анасының қойнына тығылып шырқырай жылаған жан дауыстары құлағынан кетпейді. Олардың күйі не болады енді?
Сөйтіп жүргенде Жүніс екеуін Есқали ағалары қалаға әкеліп, оқуға береді. Ептеп білім алды, ер жетті. Комсомолда қызмет атқарды. Сүлутөбе қамыс зауытында директор болды. Жастайынан сөз сөйлеуге, әртүрлі мақала жазуға бейім еді. Аудандық партия комитеті «Ленин туы» газетіне редактор етіп бекітті. 1937 жылдың 10 марты күні кандидаттылықтан БКП(б) мүшелігіне өтті. Қызмет ауқымы, ой-өрісі енді кеңейіп жан-жағын танып, коммунистік партия ісіне жан сала кірісіп, оның идеялары мен мұрат-мақсаттарын жан-жақты насихаттауға барлық күш-жігерін аямай жұмсап келе жатыр еді. Енді міне, соның бәрі бір күнде-ақ жуылып-шайылып кете берді ме? Сол ұстап әкеткен 22 қыркүйек күні-ақ халық жауы ретінде партия қатарынан шығарылды. Ол осының бәрін ой елегінен өткізді. Партия мен үкімет алдында қандай айыбы бар? Қай тұстан кемшілік, ақау жіберіп алды? Ойланады, толғанады. Ойына түсіре алмайды. Мойнына қиып салып отырған айыптар төркініне де ой жүгіртеді. Бәрі де қып-қызыл жала, ажалға бастаған қиянат. Не істемек, қалай құтылмақ? Ешқандай мойындамау. Шыбын жанынды қанша қинаса да ақ болып, адал болып өлу. Талайлы болған тағдырды болашақ ұрпаққа тапсыру. Ол осы ойға бекінді.
Қауымбаевты тергеген кездегі іс-қағаздарымен толығырақ танысқың келеді. Қолыңа ұстатпайды. Комитеттің адамы өзі көшіріп әкелген мәліметтерді ұсынады. Сонда да «мына бір жерінде; ана бір жерінде не бар екен» деп көз қиығыңды саласың да, қажет-ау дегендеріңді көңіліңе тоқып қаласың. Солардың бірі Қайыпназардың сол кездегі алфавитпен жазған қысқа ғана мынадай сөзі еді. «Өтініш. Мен Совет өкіметіне қарсы ешқандай ұлтшыл-контрреволюцияшыл ұйымға мүше болғаным жоқ. Оның қатарына ешқандай кадр дайындаған да емспін. Ауданда мал өлімі туралы газетке мен жоқта жазылған. Оған менің ешқандай қатысым жоқ. Осыған байланысты нақақтан жабылған жаладан арашалап, абақтыдан босатуыңызды өтінемін». Өз қолымен ескі әріппен жазғаны екеу екен. Біреуін оқуға мүмкіндік болмады. Тергеу, жауап дегендерден басқаларының бәрі орысшаға аударылған. Қауымбаевтың ондағы жауаптары да осы өтінішінің мазмұнына саяды. Іс папкасынан қарғыс атқыр үштіктің жан түршігерлік үкімінің мынадай көшірмесін оқисың. «Көшірме. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша УНКВД Үштігі мәжілісі протоколынан жазылып алынған. № 613 айыпты іс бойынша 1911 жылы туған, қызметкер, молданың баласы БКП(б)-ның бұрынғы мүшесі Қайыпназар Қауымбаевтың ісі қаралды. Контрреволюциялық ұлтшылдық төңкерісшілер ұйымында тұратындықтан айыпталады. Ұйымның тапсырмасы бойынша Совет өкіметін құлату мақсатында үгіт жүргізген. Жеке өзі оған төрт адамды тартып, оларға арнайы тапсырмалар берген. Қаулы етеді: Қайыпназар Қауымбаев атылсын!»
«Актіден көшірме. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша УНКВД Үштігінің Қайыпназар Қауымбаевты ату жөніндегі 1938 жылдың 20 күнгі қаулысы 1937 жылдың 31 қазан күні 24 сағатта орындалды».

Бар болғаны осы. Өкінішке орай, әділеттілік ол өлгесін барып жеңді. Қыршын жаны нақақтан қиылған Қайыпназар облыстық сот президиумының қаулысымен 1958 жылдың басында ақталды. Өткен жылдың 17 қазаны күні облыстық партия комитеті бюросының қаулысы бойынша партиялылығы қалпына келтірілді. Партия және еңбек ардагері, Қайыпназардың жақсы досы болған, қазір жасы сексенге келген Иса Иманқұлов ағамыздың есіне алғанындай, жалынды журналист, шапшаң қимылдайтын, орта бойлы, шымыр денелі, елгезек те кішіпейіл азамат қанішер үштіктің, теріс тергеуімен шындық босқа шырылдап, әділеттілік езіліп-жаншылумен дүниеден өткен. Қайыпназардың артында қалған екі бірдей ұлы да белгісіз себептермен із-түзсіз жоғалған. Ал, өзін тәрбиелеген Есқали ағасы ше? Оған да жала жабылып, үш жыл түрмеде отырып, қазір құрметті еңбек демалысында.

Сөйтіп, сол жылдары қаламыздың оңтүстік-шығысына қарай алты шақырым жерде үштік атты қарғыс атқыр құзғынның талай-талай боздақтарымызға жан тәсілім тапқызып, бұл дүниемен қош айтыстырған қанды ойраны ойнақ салыпты. Жабыла іздеп табайықшы сол жерді. Халық болып табынайық, бас иейік, зәулім бір ескерткіш орнатайық. Жас ұрпақ тағзым етер, ар-ождан тұтар қасиетті орынға айналдырайық.

*Шәкізат Дәрмағамбетов.*
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1990 жылғы 9 қаңтар).

*Редакциядан:* белгілі журналист Шәкізат Дәрмағамбетовтың бұл мақаласында Қайыпназар Қауымбаев 1937 жылғы 31 қазан күні 24 сағатта атылды десе, біздің қолымыздағы құжатта оның 1937 жылғы 27 қыркүйекте тоғыз боздақтың бірі болып Қызылорда іргесіндегі Қошқарата қорымына жақын жердегі құм баурайында атылып, көмілгені белгілі болып отыр. Бұл жайлы «Көрді тесіп, шыға қашқан қос боздақ» атты мақалада сыр шертіледі.

## ҚАЙЫПНАЗАР ҚАУЫМБАЕВ КІМ БОЛҒАН?

Көп жыл банкі жүйесінде қызмет атқардым. Ала жіп аттағаным жоқ, Тереңөзекте хатшы Бердіқұловпен бірге қызметтес болдым. Қазір зейнеткермін. Айта берейінші —«Халық жауының» туысымын. Білесіңдер ме, білмейсіңдер ме, қазіргі «Сыр бойы» газетінің алғашқы редакторы болған Қайыпназар Қауымбаевтің інісімін. Онда талай мақала жарияланды, онда ондаған редакторлардың есімі аталды. Менің ағайым аталмайды. Неге? Газет редакторы болғаны ақиқат еді. Артында сұраушысы, іздеушісі жоқ дейтін шығар. Рас, тұяқ қалмады, жар сүйіп, қызық көрмеді. Бар болғаны жиырма алты жыл ғана ғұмыр кешті. 1937 жылғы 31 қазанда атылды. Ағайымның жастық шағы, қызметтес азаматтары есімнен кетпейді. Баспаханада күн-түн бойы жүруші еді. Қиын кез еді-ау. Газеттің бар жұмысы қолмен атқарылатын. Бар бетті өзі оқитын. Ол кезде бір әріптен қате кетсе бітті, басына бұлт айналады. Әйтеуір қол шамды жағып қойып, қайта-қайта оқитын. Мені жанынан қалдырмаушы еді. Дос-жарандары көп болатын. Бәрі де түтасымен НКВД-ның құрығына ілініп кетті. Ағаны білетін көзі тіріден қалған жалғыз мен ғана. Айтпақшы, бірде ақын Асқар ағаға кезіктім. Ағаның сырласы еді. «Ей, сен Қайыпназардың інісің бе, ой айналайын» деп еді. Үйге кел деген. Бара алмадым. Сөйткен Асқар аға да дүниеден өтіп кетті, ішім өртенеді. Сол кісіде көп мәлімет бар еді. Қайтейін...

1937 жылдың жазы еді. Бірде Қайыпназар аға осы күнгі Сырдария ауданындағы үшінші ауылға уәкіл болған. Сірә, «Құмшығанақ» ауылы болар. Сол жерден бір күнде ұсталып, қамауға алынды. Бас көтерер бала-шаға жылап-сықтады. Газетке «Қой қырылып жатыр» атты мақала жарияланса керек. Осы материал газеттің көрнекті жеріне берілген. «Қырылған қойды неге айтамыз?— бар бәленің басы осы сұрау болды.

Сіз жұртшылыққа ашаршылық жақын, қой қырылды дегенсіз. Әдейі бергенсіз,— деп НКВД тергеушілері бұлтты қоюлата түскен. Бұл «халық жауының» ісі. «Сыбайластарыңызды айтыңыз?» деп жанын қинаған. Бір кездесуде аға мүлде жүдеу екен. Жүзінде жарақат іздер қалғанын байқадым. «Мен адалмын, халық жауы емеспін, айналайын Зікірия! Осыны есте ұста. Әлі де әділдік туады. Сол кезде менің есімім қайта аталатын болады. Соны ұғыңдар. Елге сәлем айт».

Қайыпназар ағаның сол сөзінен кейін жүздесу қиындай берді. Кейін ұзақ жылдан соң атылғанын білдім. Тағдыр шығар. Менде ағайымның бір суреті де жоқ. Бәрін НКВД адамдары кезінде алып кеткен. Бір суретін қайдан табамын? Мына облыстық ұлттық хауіпсіздік комитетінің басқармасындағы архивтен табылмас па екен? Қолымда Қайыпназар Қауымбаев ағатайымның суреті болмағанымен, ол жайлы бірнеше құжаттар тұр. Маған облыс прокурорының аға кеңесшісі Д. Маймақов 1989 жылғы 2 ақпан айында жолдаған қатынасында: «Қайыпназар Қауымбаевқа асыра сілтеу кезінде жазықсыз кінә тағылған. Облыстық соттың 1958 жылғы 29 қаң-

тардағы шешіміне сәйкес ақталды, азаматтығы қалпына келтірілді» делінген.
Облыстық партия архивінің меңгерушісі Ә. Нұртілесовтің 1989 жылғы 9 шілдедегі жауабы төмендегідей: «Қайыпназар Қауымбаев 1911 жылы туған, «Ленин туы» газетінің редакторы ретінде 1937 жылғы 10 наурызда кандидаттықтан КПСС мүшелігіне өткен. 1937 жылы 21 мамырда ҚазТАГ-тың, 28 тамызда «Правда» газетінің Оңтүстік облыстардағы арнаулы тілшісі болған. 1937 жылғы 28 қыркүйекте халық жауы ретінде партиядан шығарылған». Ал, облыстық партия комитетінің партиялық бақылау комитетінің төрағасы Н. Тоқмырзаев 1989 жылғы 31 қазанда жазған хатында: «Сіздің ағаңыз Қайыпназар Қауымбаев облыстық партия комитетінің 1981 жылғы 17 қазандағы шешіміне сәйкес 1937 жылдан бастап партиялығы қалпына келтірілді» делінді.
Сол кезеңдердегі, яғни 1935—1937 жылдардағы газет тігінділеріне көз жүгіріткен адам бір нәрсені анық байқайды. Газет редакторларының алды үш ай, ең көп дегені жеті-сегіз айға жетпей қызметінен қош айтыса берген. Неге? Беймәлім. Мысалы, Қызылорда аудандық «Ленин туы» газетінің туын көтеріп, Сыр елінің жалынды үгітшісі, жыршысы болған Қайыпназар Қауымбаев 1937 жылғы наурызда редактор болса, сол жылдың 28 қыркүйегінде тұтқындалып, 1937 жылғы 31 қазан күні атылған. Бас-аяғы сегіз айға жуық редакторлық қызмет атқарған Қайыпназар Қауымбаевтың тағдыры соншалықты тез әрі асығыс болжаммен құрбандыққа шалынғаны байқалып тұр. Екі тілге бірдей, журналистік қаламы ұшқыр Қайыпназар сол жылдары ҚазТАГ пен «Правда» газеттеріне үзбей хабар, бірнеше өткір сын жариялаған. Бәлкім, оның осы сындарын әлдекімдер жақтырмай, талантты журналистің көзін жою бағытында тапсырмалар болмағанына кім кепіл? Әйтеуір сол кезде «Ленин туына», әлгі жоғарыдағы басылымдарға күн құрғатпай ашаршылық, көзбояу, ескінің аяқтан тартқан сарқыншақтары жайлы сын тезіне алып, қоғамның, жас елдің ілгері жылжуына үлес қосуды азаматтық тұрғыдан түсінген Қайыпназар ағаның «халық жауы» болам деген үш ұйықтаса ойында жоқ еді-ау.
Туыстарымның ішіндегі ең сауаттысы осы Қайыпназар еді. Ол «Правда», «Известия» газеттерінен қажетті дүниелерді қиналмай аударатын, әрі орыс тілінде жазатын сол кездегі бірден-бір журналист еді. Орыс классиктерінің шығармаларын, Толстой, Гоголь, Чехов және өзіміздің Абай туындыларын жатқа айтып отырушы еді. Әлде білімді, сауатты азамат бәзбіреулерге ұнамай қалды ма? Ағайынның ішінен суырылып шығып, редактор болғанына қаражүрек біреулер сыпсың сөз таратты ма? Күдік пен күмәнім көп. Кімнен көрейін. Қайран туысым-ай, не көріп кеттің сен..!

*Зікірия ҚАУЫМБАЕВ,*
**Байқоңыр ғарыш айлағы, зейнеткер.**

*«Боздақтар» естелік кітабының редакциясынан:* облыстық ұлттық хауіпсіздік комитетінің архивінен алған құжаттар бойынша, Қайыпназар Қауымбаев 9 адамның бірі болып Қызылорда қаласының іргесінде «Қошқарата» қорымының шығыс жағында атылған. Сол тоғыздың екеуі көрден қашып шығып, кейін атылды. Ол жайлы «Көрден қашқан қос боздақ» атты мақаладан оқуға болады. Ал, Қайыпназар Қауымбаевтің суретіне келсек, ол архив құжаттарынан табылмады.

## МЕНІҢ ӘКЕМ ДЕ РЕДАКТОР БОЛЫП ЕДІ...

1934 жылы әкем Әбдірәшит Бердәулетов Комвузды бітіріп, Түркістан ауданына газеттің редакторы болып қызметке келеді. Мұнда 1937 жылдың күзіне дейін өмір кешіп, осы жерден келместің кемесіне мінген болатын. Бала да болсам байқап жүретінмін, алғашқы жала жабыла бастаған кез болса керек, табақ-табақ қағаздар жазып үйде отырып жүрді. Бір жолы Казкрайкомға жазып отырған арызына көзім түскені бар. Жазықсыздықты дәлелдеу де, оны тыңдату да қиын болса керек.
Балалар мектепте менен бір жайды жасырып, ал мұғалімдер болса бір түрлі аяныш пен жылы лебіздерін сездіре алмай тұрғандай еді. Оған кейінірек ақыл-ес кірген соң түсіндім. Осы күндері көршідегі кластас Бисембаев Сүттібай (қазір Шымкентте тұрады) газетте көптеген адамдарды «халық жауы» деп әшкерелеп, жиындар өтіп жатқанын, ол туралы мақаланың басында Бердәулетов Әбдірәшиттің тұрғанын бұл өмірде ұмытарлық жәй емес-ті. Мұнан соң ойынды тастай беріп үйге келсем, астан-кестен, шешем жылап отыр екен, әкемізді алып кеткен болып шықты. Бұл ұзаққа созылған қайғы-қасыреттің басы еді. Ең алғашқы және соңғы хатын Амур бойындағы Комсомольск қаласынан жазыпты. Осы бір көңілде қайғы кезде, жас тұрған күндерде жанашыр ағайын елге көшіріп алды. Жанымыздағы жараға су сепкендей, «әлі-ақ келіп қалар, бір күнгідей болмаса» деген сөздер, үй маңында дыбыс берген құстарға «ақ сөйле» деумен әділет күтумен жүдеп, шыдам таусылған не бір күндер өтіп жатты.
Осындай бауырымыз балшық, сыртымыз су жағдайда жүргенде құлаққа естілмегенмен көзге түрткендей жәйттер байқалып жүретін. Шақырусыз келген дастархандағы жыртық жеңдей жалтақтап жүрген уақыттар өзінің қолтаңбасын қалдырған екен. Сүйтіп біздің отбасымыздағы балалық базары ерте тараған-ды.

1937 жылдың қысында Жалағаш қыстағындағы мектепке келсем, мектеп дирекциясы «сені оқуға ұлықсатсыз ала алмаймыз» деп жабырқаңқы жүзіме көз тастады. Ел ағаларының ақылымен Қармақшы аудандық оқу бөлімінің бастығы Сәтбеков дейтін кісіге барып, әкем туралы жылы сыбыр есітіп, оқуға қабылдау туралы қағаз әкеліп, Сталин атындағы мектептің 5 «Г» класына қосылдым.

Мұнан соң майдан жолдары, соғыстан кейінгі айтары жоқ ауыр тұрмыс жалғаса берді. Қуғын-сүргін саясаттың тырнағынан босанудың жолын қарастыра жүріп, тағы да бір өткелге таяу келдік. Бұл партия қатарына қабылдану болатын. Мұнда да көптеген кедергілер, қайтару, қайта қараулардың бірінде сол кездегі Жалағаш аудандық жер бөлімінің бастығы Нұрмахан Қасымовтың (қазір Шиеліде тұрады) аудандық партия комитетінің бюросында шығып сөйлеп, колхоздағы жұмыс туралы мінездеме келтіріп, кепілдіктер беріп, азаралда мені БК(б)П мүшелігінің кандидаттығына өткенім әлі есімде. Бұл туралы бюроның сол кездегі мүшелерінен бірді-екілі адамдар кешеге дейін келгендері сол кездегі КГБ-ның біз сияқты «бақылаудағы адамдар» туралы құпия, қатаң ескертулері болғанын айтатын.

Халқымыздың бойтұмарындай қастер тұтқан Түркістан атауы төлқұжатына түскендер өздерін бақытты санайды. Өйткені бүкіл әлем кеңістігінің қай түкпірінде болмасын бұл атауды естігенде елең етпейтін пенде жоқ деседі.

Осындай киелі өлкенің жаршысы болған «Түркістан» газетінің 55 жылдық тойы өту қарсаңында газет редакциясында болудың сәті түскені бар. Газеттің редакторы еребдейлі азамат Сырым Дағмырза құрақ ұшып қарсы алып, орын ұсынды. Әдеппен аты-жөн, аман-түгел сұрасқан соң, жолаушылардың себеп-салдары да айтылды.

Кешегі зұлмат заманның құрбаны болған әкеміздің жүрген-тұрған, тіршілік еткен жерлеріне зиярат етіп қайтуға бала-шағаммен жүрген жолым еді. Ең әуел басында Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде болып, құран оқып, тарихи ескерткіштерді аралап көрдік. Сонау 30 жылдары қазанды ЧТЗ тракторының тіркемесіне тиеп Эрмитажға әкетіп бара жатқанда шілденің аспан жерге түскендей ыстығында, әлі ес жиып етек жаба қоймаған баламыз, халықпен бірге, арасы алшақ жатқан көне қаладан темір жол стансасына дейін шұбырып шығарып салғанбыз. Енді міне осы қасиетті дүние қайтып орнына келіпті.

Мұнан соң 1933—1937 жылдары 4-5 жыл тұрған үйімізге барып, (Ленин көшесі, 14 үй) балаларды аунатып, мынау болса менің бөлмем еді деп балаларымды таңырқатқан болдым. Қазір Ираннан көшіп келген ағайындар тұрады екен... «Енді міне, әкеміздің біраз еңбек еткен ордасына тағзым етуге аяндап келе жатқанымыз» дей бергенім сол-ақ екен, Сырым орнынан ұшып тұрып, қайтадан қол алып, құшақтасып, әңгімені әрі қарай жалғастырдық. Қазір газет қазақ, өзбек тілдерінде шығады екен. Бірсыпыра редакция қызметкерлерін шақырып алып: «Анау фойеде тұрған естелік тізімдегі «Қызыл Түркістан» газетінің алғашқы редакторларының бірі Бердәулетов Әбдірәшит атамыздың бел баласы Камал Әбдірәшитұлы Бердәулетов» деп мені таныстырды. «Түркістан» газетінің мерекелік (1995 жылғы 4 қазан) санын ұсынды... Биылғы жылдың Ұлтаралық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жариялануы халқымыздың қайғы-қасыретін сейілтіп, жарым кеуілді жамап-жасқап жатқанда, көптің бірі ретінде бір әулеттің басынан кешкен тауқыметті күндерді еске алып, кейінгі ұрпаққа ой-сана түсіргендей бір әңгіме еді бұл.

*Камал БЕРДӘУЛЕТОВ.*
**Зейнеткер. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1997 жылғы 27 мамыр).

## ТӘЛКЕККЕ ТҮСКЕН РЕДАКТОР

Қызылорда облыстық мемлекет қауіпсіздігі комитетінің архив қорында көптеген қылмыстық істермен бірге сол кезде Қармақшы аудандық «Екпінді» газетінің редакторы болған Алматов Көшеннің 679 нөмірлі тергеу ісі де жатыр. Бұл іс 1934 жылы желтоқсан айының 1 жұлдызында жарыққа шыққан КСРО Орталық Атқару Комитетінің жан түршіктіретін белгілі қаулысына сәйкес жеделдетілген жолмен қысқа мерзімде бітірілген. Әйтсе де тұтқынды кінәлауға толық дәлел болмағандықтан, соттан тыс репрессиялық НКВД-нің Үштігіне қарауға жіберілген. Істің «ақ жіппен тігілгені» бір көргеннен-ақ байқалады. Тіпті сол уақыттағы жаппай заңсыздықтың кезеңінде де қиылыспаған бұл іс 1939—1942 жылдары жоғарғы инстанциялар арқылы бірнеше рет бұзылып, қайта тергеуге жіберіліпті. Бірақ, әртүрлі себептермен көп уақытқа дейін істің ақ-қарасы шешілмей келген.

Алматов Көшен ауыл кеңестің анықтамасына қарағанда, 1911 жылы Қармақшы ауданындағы 7-ауылда дүниеге келген. Әкесі бала кезінде қайтыс болған. Өзі талпынып мектепте оқып, білім алып, 1931 жылдан бастап аудан орталығында әртүрлі жұмыс істеген. Істегі мәліметтер бойынша ол 1936 жылы аудандық «Екпінді» газетінде жауапты редактор болып тағайындалған. Осы қызметті атқара жүріп, НКВД-нің аудандық бөлімшесінің көзіне түскен. Оған қарсы қылмыстық іс жүздеген басқа істер сияқты, НКВД-нің

тікелей өз қолымен ұйымдастырылған бір жапырақ қағаздан бастау алған.
Сонымен, қылмыстық іс К. Алматовтың үстінен 1937 жылы қараша айының 21 жұлдызында қозғалған. Тергеуді аудандық бөлімшенің сержанты Пяткин деген жүргізген. Сол күні-ақ ол қамауға алынып, Қызылорда қаласындағы абақтыға жеткізілген. Үйінде 81 жастағы шешесі Қолыш, 20 жастағы әйелі Рәш және 9 айлық қызы Мәлике қалған. Жоғарыдан берілген тәртіп бойынша жауапқа тартылған адам әйтеуір бір контрреволюциялық ұйымның мүшесі болуы тиіс еді. Онсыз ешкім жауапқа тартылмайтын. Егер ондай ұйым болмаса, ол ойдан таңылған. К. Алматовтың ісі бойынша Пяткин бұл мәселені оп-оңай шешкен. Ол өзінің айыптау қағазында сол жиырмасыншы жылдары «Қазақстан жерінде Қожанов Сұлтанбек басқарған контрреволюциялық ұлтшыл ұйым болған, Қармақшы ауданында осы ұйымның филиалы ашылып, оған К. Алматов және басқалары кірген» деп айдақтатқан.
Тергеу кезінде Пяткин зорлап-күштеудің сан алуан түрлерін пайдаланып, өзіне керекті нәтижеге жетуді көздеген. Іске қарағанда, бұл да оған қиынға түспепті. Өйткені тергеуге алынған қарапайым ауылдың адамдарының көбісі сауатсыз, орыс тілін білмейтін кісілер болып келген. Ал жауап олардан орыс тілінде алынған, аудармашы қатыспаған. Демек, істі қалай бұрмалаймын десе де, Пяткиннің еркі өзінде болған.
Бұған К. Алматовтың 1940 жылы қаңтар айының 28 жұлдызында КСРО прокурорына жазған арызы да дәлел бола алады. Ол бұл арызында: «Қармақшы» аудандық НКВД бөлімшесінің бастығы Пяткин мені қамауға алған соң жауап алуға кірісті. Ол менен Қармақшы аудандық партия комитетінің хатшысы Ізбановтың басшылығымен ұйымдасқан контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның мүшесі екендігіңді мойныңа ал деп үсті-үстіне күш көрсетіп, жанымды қинап, әбден азаптады. Редактор ретінде Кеңес үкіметіне қарсы қандай бүлдіргіш әрекеттер жасадың, антикеңестік ұйымға кім баулыды және сен кімді тарттың,— деп қыспаққа алды. Мен шынына келсем, ешбір контрреволюциялық ұлтшыл ұйымдарға кірген жоқ едім. Ешкімді ондай ұйымға тартқан да емеспін, тіпті ондай ұйымның бар жоғын да білгенім жоқ. Ізбановты тек хатшы ретінде білдім. Сол себепті маған тағылған айыптың біреуін де мойныма алмадым. Бұған қарамастан Пяткин үстімнен жалған материал жинастырып дегеніне жетті. Мені НКВД-нің Үштігінің шешімімен 10 жылға бас бостандығымнан айырып, лагерьге жіберді. Бұл әділсіз шешімді мен арада үш ай өткен соң, яғни 1938 жылы ақпан айының 25-інде Сібір лагерінде жүріп естідім» деп шағымданыпты. Ал тергеу протоколымен танысып шыққаннан кейін біз Пяткиннің қаншама зорлап күштегеніне қарамастан К. Алматовтың өзіне тағылған айыпты мойнына алмағанын байқадық.
Тергеуші тергеудің соңына дейін К. Алматовқа жалған айып тағып, мойындауды талап етіп келсе де, Көшен өзіне тағылған айыптардың бәрін де жоққа шығарып отырған. Тек жауабының соңында «Редактор болып жұмыс істеп жүргенімде алып-сатарларды, мемлекет және қоғам мүліктерін иемденушілерді, талан-таражға салушыларды және сондай-ақ адал еңбек етпей, арамтамақтықпен өмір сүрушілерді қатты сынға алдым»,— деп көрсеткен. Басқа амалы қалмаған Пяткиннің сосын бұл жауапты өз пайдасына жаратқысы келгені істен байқалады. Жауапта атыжөні көрсетілген адамдардың іс-әрекеттерін зиянкестік деп бағалап, көлемді іс шығармақшы болған. Оның бұл ойы да іске аспаған. Дегенмен, ол іс қағаздарын үлкен шеберлікпен құрастырып, соттан тыс НКВД-нің жанындағы Үштікке жіберуге қол жеткізген. Ал, одан біреудің аман шығуы мүмкін емес еді.
Сөйтіп, 10 жылға кесіліп, Сібірдің НКВД лагерінде жүрген кезінде де К. Алматов өзінің ешқандай жазығы жоқ екендігін дәлелдеумен, үздіксіз ізденумен болған. Ол КСРО Ішкі істер наркоматына әділеттік іздеп, үш рет арыз жазған. Соның нәтижесіндегі жоғары жақтың шешімі бойынша 1939 жылғы шілде айының 23 жұлдызында Қызылорда облысы НКВД басқармасының тергеу бөлімінің бастығы Новиковтың 679-санды қылмыстық істі қайта қарап, Алматовқа тағылған айыпты негізсіз деп дәлелдеуіне қол жеткізген. Осы арқылы Оңтүстік Қазақстан облысы НКВД Үштігінің шешімін бұздыртып, лагерьден босатылуына қаулы шығарткызған. Бұл хабар К. Алматовқа да жетеді. Бірақ, оның қуанышы көпке созылмайды.
Осы жайында К. Алматовтың өзі былай баяндайды: «Ақыр соңында 1939 жылғы қараша айының 14-інде менің ісім бойынша қайта тергеу жүргізілетіні жайында лагерьге хабар келіп түсті. Қарашаның 16-сында Комсомольск қаласының Қызылордаға этаппен жеттім. Желтоқсан айының 20 жұлдызында осы қаладағы абақтыға көп түстім, ал 23 жұлдызында мені он жылға соттаған НКВД Үштігінің шешімі күшінде қалатын болды деп абақты әкімшілігі мәлімдеді. Сөйтіп, лагерьге қайтып оралдым. Мұны қасақана істеген Пяткин деп ойлаймын...»
Әрине, бұл шешіммен де үстін-үстіне жоғарғы инстанцияларға, тіпті Сталиннің жеке өзіне шағым жазады. Мұндай әділетсіздіктің азабына шыдамай, ол лагерь ішіндегі ауруханаға түсіп, аяғынан айрылып қатты науқастанады. Сонда да болса ол заң ісін шешеді деген үмітін үзбейді. Соңғы шағымдарының бірін ол Қазақ КСР прокуроры Барановқа өлеңмен жолдайды.
Сол шағымының арқасында қылмыстық іс тағы да бұзылып, қайта тергеу жүргізіледі. Бұл жолы К. Алматовқа тағылған айыптар түгелдей дәлелденбейді. Осы орайда біз тағы да ресми құжаттарға жүгінейік:
«Қорытынды: (679 архивтік тергеу ісі бойынша) 1942 жыл, 2 қазан. Қызылорда қаласы.
Мен, Қызылорда облыстық НКВД басқармасының тергеушісі мемлекеттік хауіпсіздігінің кіші лейтенанты Үспенбаев, 10 жылға лагерьге соттал-

ған Алматов Көшеннің № 079 архивтік тергеу ісін қарап,

*Таптым:*
Алматов Көшенді 1937 жылғы қараша айының 21 жұлдызында Қармақшы ауданының НКВД бөлімшесі ұлтшыл-контрреволюциялық ұйымға қатысқаны үшін қамауға алған. Алдын-ала тергеу кезінде ол өзіне тағылған айыпты мойнына алмаған. 1940 жылғы қазан айының 25-інде Қазақ КСР прокурорының наразылығына байланысты қайта тергеу жүргізіліп, Алматов Көшеннің әрекетінде ешқандай қылмыстың белгісі жоқтығы анықталды.
Осыған байланысты,—

*Ұсыныс:*
КСРО НКВД-сының айрықша Кеңесіне Алматов Көшенді 10 жылға лагерьге соттаған бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы НКВД Үштігінің 1937 жылғы қарашаның 30 жұлдызындағы шешімін бұзуға өтініш білдіріледі.
Қызылорда облыстық НКВД басқармасының тергеушісі, мемлекет хауіпсіздігінің кіші лейтенанты — Үспенбаев».

Алайда, көптен күткен бұл қуанышты хабар Сібірдегі НКВД-ның лагерінде жазасын өтеп жүрген Алматов Көшенге жетіп үлгірмейді. Ол осыдан бір ай бұрын, яғни 1942 жылы шілде айының 20-сында науқастан қайтыс болған болатын. К. Алматовтың өліміне байланысты Қазақ КСР НКВД-ның (Бұл кезде НКВД-ның аты да өзгеріп үлгірді) Қызылордадағы басқармасына 1942 жылғы қазан айының 20 жұлдызында арнайы нұсқау жіберілген. Онда К. Алматовтың өліміне байланысты КСРО НКВД-сының айрықша Кеңесіне ақтау жайындағы өтінішпен шықпай-ақ, қылмыстық істі өндірістен қысқартып, архивке тапсыруды талап еткен.
Сөйтіп, Көшен Алматовтың әрекетінде ешбір қылмыстың белгісі болмаса да, ол кезінде ақталмай қалған. Тек, 1953 жылы 23 қыркүйекте Қызылорда облыстық соты Президиумының шешімі бойынша ол толық заңды түрде аяқталған. Бірақ, жариялылықтың ауылы қашық болғандықтан, ұзақ жылдар бойы Алматов Көшеннің ақталғаны көпшілікке жетпеген. Міне, арада елу жыл өткен соң оның ақ ісін, таза сезімі және адал есімін өз еліне қайтарудың мүмкіндігі енді туып отыр.

Әмірхан БӘКІРОВ.
***МХК подполковнигі.***
Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1992 жылғы 9 сәуір.

## АҒАЙЫНДЫ ҚОҢЫРАТБАЕВТАР

### ҚАЛЖАН

**Біздің Жақаев ауылында Қалжан Қоңыратбаев өмір сүрген. Ол отызыншы жылдары «Жаңа тұрмыс» колхозын ұйымдастырған, колхозда мұраб болған. Шиелі аудандық оқу-ағарту бөлімін басқарған, халық соты болған, революцияға дейін Шиеліде мектеп ашып, оқулықтар бастырған. Тарихи деректерге жүгінсек, Қалжан аға Түркістан Республикасының XII съезінің делегаты, ҚазЦИК-тің мүшесі болған.**
**Осындай ардагер аға әлі елеусіз. Айтарым: ауылдағы мектеп осы кісінің атымен аталса ғой. Аға еске түскен сайын осындай сан-алуан ой мазалайды.**

*К. Қараев,*
**Шиелі ауданы,**
Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1997 жылғы 17 мамыр.

Ағайынды Әуелбек және Әлібек Қоңыратбаевтарды көпшілік жазушы және ғалым ретінде біледі. Әлібек Қоңыратбаев — белгілі жазушы, бірқатар әдеби-сын, зерттеу мақалаларының, алғашқы әдебиет оқулықтары мен оқу-құралдарының авторы. Ол кезінде Мұхтар Әуезовпен бірігіп, «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабын» шығарған. 1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы болған. Ал, Әуелбек Қоңыратбаев болса, көптеген әдеби-сын, ғылыми-зерттеу еңбектерін жазған. Филология ғылымының докторы, профессор. Ұзақ жылдар бойы Қызылорда педагогикалық институтында қызмет атқарған.
Қоңыратбаевтар үш ағайынды еді. Әуелбек пен Әлібектің туған ағасы Қалжан да — кезінде өзінің өлеңдерімен және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белгілі болған білімдар адам. Сонымен қатар оның қазақтың тұңғыш заң қызметкерлерінің бірі екенін де айта кету керек. Өкінішке орай, Қалжан Қоңыратбаев жаппай репрессия кезінде «халық жауы» атанып, көп жылдар бойы есімі көпшілік аузына ілінбей келді. Тек елімізде болып жатқан демократиялық өзгерістерге байланысты облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің архив қорынан оның тергеу ісін көтеріп, алғаш рет ол туралы деректерді айқындауға мүмкіншілік туып отыр.
Қалжан кезінде Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанбек Қожанов, Әлихан Бөкейханов сияқты қазақтың көрнекті қайраткерлерімен бірге жүріп, ұлттық мүдде мен егемендікті арман еткен Түркістандағы

ұлт-азаттық қозғалысты бастаған Мұстафа Шоқаймен жолдас болған. Шетелде жүрген онымен 1926 жылға дейін хат алысып келген. Ұлтшылдықпен күресу науқаны кезінде де дербес, тәуелсіз, егеменді ел болуды ойлаған осындай аяулы адамдардың репрессиядан тыс қалуы мүмкін бе еді?

Ол 1887 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы —«Қызыл Ту» колхозының жерінде туыпөскен. Тергеу анкетасында партия қатарында болмағаны, сауатты, алашордалық бай екені айтылған. Отбасы жөнінде мынадай қысқаша мәлімет бар: «әйелі Қоңыратбаева Бибайша —40 жаста, ұлы Әнуар —20 жаста, қызы Азия —13 жаста және кенже ұлы Төлеген 11 жаста».

Қоңыратбаев Қалжан қамауға 1937 жылы қазан айының 20-жұлдызында алынған. Кейіннен алынған блокноттан тек қана оның өз қолымен жазған екі бетін ғана алып, оларды тергеу ісіне айғақ ретінде тіркеген. Қалған заттар мен құжаттарды, сол кездегі тәртіп бойынша тергеуге қажеті болмаған соң НКВД-1 қызметкерлері жою жайлы ешқандай акті жасамай өртеп жіберген.

Айғақ ретінде алынған блокнот беттерінен айыптаушылар мынадай бір жазылған «ұлтшылдық» жолдарын тауып, оны орысшалаған. Мұны оқырмандарға өздерінің бағалауына мүмкіндік беріп, дәлме-дәл келтірейік.

«Положение казахов знает только казах,
Подробнее послушайте спорщики эти слова
повнимательнее.

В ясные дни найдете еще дорогу,
Избегая в любых условиях раздробления,
Многие претенденты дни сражения
Ожидают не вытерпев ни нажима, ни
распоряжения
Желаю: живи казах, переоборов
Не страшаясь от всякого запугивания...»

Араб харпінен аударған НКВД-нің қызметкері бұл жолдардың соңына былай деп ескерту жазған: «За неимением пособия, стихи не поддаются дословному переводу».

Дегенмен шала зерттелген бұл жолдар «бас айғақ» ретінде танылған. Осыған қосымша ауылдың бірсыпыра адамдарын НКВД бөлімшесіне алып келіп, олардан куә ретінде жауап алған. Солардың бірі Белгібаев Сыбамбай тергеуде былай деп жауап беріпті:

«1937 жылы маусым айында Қоңыратбаев Қалжан «Қызыл Ту» колхозының қызыл бұрыш үйінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Бір күні осы үйге келіп отырғанда ол әңгіме үстінде өзінің өткен-кеткен өмірін еске түсірді. Арасында жан қалтасынан өз қолымен жазған қағаздарын алып маған оқып берді. Сол кезде ол маған Кеңес өкіметінің адамы емес — алашордалық сияқты болып көрінді. Өйткені ол көне мемлекет құрылысын және қазақтардың хандарын аңсап жазған екен...»

Осы тұста айта кетейік, 1955 жылы осы қылмыстық іс бойынша қайта тергеу жүргізген кезде куәлер Белгібаев, Елеуов және басқалар өздерінің бұрынғы, 1937 жылы берген жауаптарын қуаттамаған. Олар өздерінің сауатсыздығын және орыс тілін білмейтінін айта келіп, «НКВД қызметкерлері жауап алғанда не деп жазғанын білгеніміз жоқ, талап еткен соң хаттаманың соңына қолымызды қоюға мәжбүр болдық» деген. Бұған сенбеске болмайды. Қызылорда облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің архив қорында бір топ НКВД қызметкерлерінің жауапқа тартылған іс-қағаздары сақтаулы. Солардың бірі Понамарев Антон Иванович өз қолымен жазып берген түсініктемесінде былай депті: «Протоколы фабриковались одним следователем в день по несколько штук, в частности сотрудниками Крашивным, Осиповым и другими. Даже среди сотрудников на этот счет существовало соревнование...» Бұл сол 1937—1938 жылдарда жаппай репрессия кезіндегі кеңінен тараған тергеу әдістері болатын...

Тергеу ісінде Қ. Қоңыратбаев қай жылы, қай жерде және қандай жағдайда дүние салғаны туралы нақты деректер жоқ. Дегенмен жанама мәліметтер арқылы шамалауға болады. Ол 1941 жылы Амурдағы Комсомольск қаласындағы НКВД-нің № 22 санды лагерінде 64 жасында қатты науқастан қайтыс болған. Туған-туыстары мұны білмей, көп жылдар бойы бұрынғы мемлекет қауіпсіздік органдарына, прокурорға үстінүсті арыздар жазып, Қ. Қоңыратбаевтың заңсыз репрессияға ұшырағанын айтып, оны жауапкершіліктен босатуды өтінген. Осы көптеген арыздарға байланысты оның архивтік-тергеу ісін Оңтүстік Қазақстан облысының прокуроры қайта қараған. Соның нәтижесінде бұл істе тағы бір анықтама пайда болған.

*Анықтама*

Алашорда ұйымына қатысушы Қоңыратбаев Қалжанның 58 статьясының 10 және 11 пункттерімен айыпталған қылмыстық ісі бойынша Қоңыратбаев Қалжанның белгілі ұлтшыл-алашордалық, 1935 жылға дейін Қожанов Сұлтанбекпен жеке байланыста болып ел арасында алашордалық әдебиеттер мен өлеңдер таратқаны үшін 1937 жылы 30 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД-нің Үштігімен 10 жылға сотталған. Оның айыптары куәлардың жауаптарымен қоса тінту кезіндегі үйінен алынған алашордалық және пантюркілік әдебиеттермен толық дәлелденді. Сондықтан Қоңыратбаев Қалжанның туған-туыстарының жазған арыздарын негізсіз деп таптық. Осыған байланысты

*Ұсыныс:*

Бұл қылмыстық іс бойынша прокурорлық наразылықты келтіруге негіз жоқтығын еске алып, 1937 жылы 30 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан УНКВД-нің Үштігі шығарған қаулысын күшінде қалдырып,

Қоңыратбаев Қалжанның туған-туыстарынан арыздарын қанағаттандырудан бас тартуға.

Оңтүстік Қазақстан
Прокурорының орынбасары
1940 жыл 26 маусым».

Қайғы жалғыз жүрмесе керек. Сол отызыншы жылдың аяқ жағында Қоңыратбаев Қалжанның Алматы қаласында тұрып жатқан бауырлары Әлібек пен Әуелбекті де НКВД органдары ұстап, тергеуге алған. Бұл әділетсіздікке, заңсыздыққа, қорлыққа қайран ана қалай шыдасын. Сосын Қоңыратбаева Рыскүл 1954 жылы 11 тамызда Қазақ ССР Прокурорына тағы бір арыз жазады:

«Менің ұлым Әлібек Қоңыратбаев 1933 жылы Алматы қаласындағы ҚазПИ-ді бітірген соң бірнеше жыл бойы Қазақстан Жазушылар одағында жауапты хатшы болып қызмет атқарды. 1937 жылы 17 маусымда (наурызда) жазықсыз сотталып, осы уақытқа дейін одан хабар ала алмай келеміз. Өмірге енді аяқ басып келе жатқан жас жазушының мемлекетке қарсы қылмыс жасады дегеніне өз басым сенбеймін. Оның үлкен ағасы Қалжан Қоңыратбаев та сол жылы заңсыз жауапқа тартылған болатын. Ол 1931 жылы қазақ ауылдарында алғаш рет кедей-шаруа арасында «Көшші» ұйымын құрған адам. Бірінші болып «Жаңа тұрмыс» колхозында ауылшаруашылық артелін ұйымдастырған. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне бірнеше жыл бойы мүше болған. Сөйтіп, Кеңес өкіметіне адал қызмет еткен.

Әлібек Қоңыратбаев та 1933 жылдан бастап жазу еңбектерімен айналысып келген. Оның Мұхтар Әуезовпен бірге жазған оқулық кітаптары бар. Бұл ғылыми-зерттеу еңбектерінде, әсіресе, жетінші кластарға арналған оқулық кітаптарында ол Л. Толстой, А. Пушкин, В. Белинский және басқа да орыс жазушыларының творчествосына көңіл бөлген. Аталған еңбектерінен қазір де ешбір саяси қателіктер табыла қоймас деймін. Мүмкін оның қатесі бұрын дүние салған М. Дулатовтың қызына үйленгені шығар?! Олай болса, ол жазасын жеткілікті өтеді деп ойлаймын.

Егер қазір Шиелі ауданының тұрғындарынан Қалжан мен Әлібек туралы сұрастырса, ешкім оларды мемлекет ия болмаса халқына зияны тиген жау демес. Мен ана ретінде оларға тағылған айыптарды қабылдамаймын. Өйткені олардың өмірі, ойлары, тірлігі тағылған айыптармен тіпті үйлеспейді...

Мен қазір 80 жасқа келдім, төрімнен көрім жақын. 1937 жылдан бастап басымнан қайғы кетпей келеді. Ендігі жерде балаларым тірі болса, соларды соңғы рет көрсем деймін. Егер олар дүние салған болса, ақталып, адал Совет азаматтары қатарына қосылғандарын тілеймін.

**Рыскүл Қоңыратбаева**

Бұл Сталин қайтыс болып, жазықсыз репрессияға ұшыраған көптеген адамдардың ақталып, НКВД лагерьлерінен елдеріне оралып жатқан кезі еді. Қазақ КСР Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Қызылорда облыстық басқармасына жоғарыда Қоңыратбаева Рыскүлдің арызына сәйкес Қоңыратбаев Қалжанның үстінен қозғалған № 528 санды қылмыстық тергеу ісін қайта қарау жөнінде нұсқау келіп түседі. Соған байланысты тергеуші 1955 жылғы ақпан айынан бастап маусым айына дейін қосымша тергеу жұмыстарын жүргізеді. Істің анығына жету үшін ол бұрын сұралған куәлардан қайта жауап алады, айғақтарды зерттейді. Мұнымен шектелмей, басқа мемлекет қауіпсіздік органдарынан Сұлтанбек Қожанов, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және басқаларының архивтік қылмыстық істерін қарайды. Осы қосымша тергеудің нәтижесін қорытындылай келіп, тергеуші Қалжан Қоңыратбаевтың қылмыстық әрекеті дәлелденбейді деп, оның жазықсыз жауапқа тартылғанын анықтайды. Бірақ, бұл шешім аяқсыз қалады.

Арада тағы бір жыл өтеді. 1955 жылы 8 наурызда облыстық прокурордың наразылық білдіруіне байланысты Қызылорда облыстық сотының Президиумы тағылған айыптар дәлелденбегендіктен Оңтүстік Қазақстан УНКВД-сының 1937 жылы 30 желтоқсанда шығарған шешімін бұзып, Қалжан Қоңыратбаевтың үстінен қозғалған қылмыстықісті өндірістен қысқартады.

Бұл қайғылы әңгімемізді осымен аяқтауға болатын еді, бірақ Қалжан Қоңыратбаев іс жүзінде кінәсі жоқ деп табылғанымен заң жүзінде ақталмай қалды. Өйткені оның қылмыстық әрекетін дәлелдейтін негіздер жеткіліксіз болғандықтан ғана қысқартылған. Ал шынында оның әрекетінде ешбір қылмыстың құрамы жоқ еді.

Осыған орай 1958 жылы оның інісі Әуелбек Қоңыратбаев Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Губинге хат жазып онда мынадай өтініш білдірген:

«Мен сізге 1937 жылы жазықсыз сотталған Қалжан Қоңыратбаевтың тағдыры жайында айтқым келеді. Ол өздігінен білім алып, 1910 жылдан бастап өлеңдер мен әңгімелер жазып, жазушы болған. Қазан төңкерісінен кейін Кеңес өкіметінің жұмыстарына белсенді араласқан. Қазақстан Орталық атқару комитетіне мүше болып, бірнеше рет сайланған. 1918—1925 жылдары Қызылорда уездік және Сырдария губерниялық Советінің тұрақты депутаты болған. Азамат соғысы кезінде яғни 1918 жылы ол Түркістан республикасы өкіметінің тапсырмасы бойынша Арал жерін жаулап алмақшы болған ақтарға қарсы еркімен келіскен 200 адамды ұйымдастырып майданға жіберген. Алдын-ала оларды партия қатарына қабылдап қолдарына партбилеттер тапсырған. Кейіннен партия басшылары ақ-қарасын ажыратпай, Қалжан Қоңыратбаев есек үстінде отырып партбилеттерді кім-көрінгенге таратты деп оны айыптаған. Бірақ, Қалжанның партбилеттерді тек майданға бара жатқан шаруа-кедейлерге бергені жөнінде көзі тірі куәлар бар. Олардан сұрауға болады. 1932—1934 жылдары оның екі кітабы баспадан басылып шықты: «Қой өсіру шаруашылы-

ғы» және «Түйе өсіру шаруашылығы». Күріш өсіру жөнінде еңбегін енді бастап еді...
Қоңыратбаев Қалжан 1941 жылы әбден қартайып, Амурдағы Комсомольск қаласындағы лагерьде қайтыс болды. Оның жалғыз ұл баласы Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапты. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, Қоңыратбаев Қалжанның тергеу ісін қайта қарап, оны ақтауды өтінемін.
Өтініш білдіруші Ә. Қоңыратбаев.
Қызылорда қаласы, 1958 жылы 22 маусым».

Бұл арыз да аяқсыз қалды. Арада тағы да көптеген жылдар өтті. Тек КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтарда қабылдаған белгілі жарлығы бойынша Қызылорда облыстық прокуроры 1990 жылғы 18 маусымда Қалжан Қоңыратбаевтың архивтік қылмыстық ісі жайында Қазақ КСР Прокурорына ұсыныс жасап, Қазақ КСР Жоғарғы Соты арқылы оны мүлдем ақтауды сұрайды. Өкінішке орай, күні бүгінге дейін бұл іс бойынша заң жүзінде әділ шешім қабылданбай келеді.

(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1993 жылғы 7 тамыз.)

## ӘЛІБЕК

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Әлібек Қоңыратбаев туралы Қазақ КСР энциклопедиясында былай деп жазылған: «Қоңыратбаев Әлібек Қоңыратбайұлы (7.10.1907 ж. қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, «Қызылту» колхозы,— 1937 ж.)— қазақ совет жазушысы, аудармашы, сыншы, 1915—19 ж. туған ауылында мектепте оқыды. 1926—30 ж. Ташкенттегі Қазақ Халық ағарту институтын бітірді. 1930—32 ж. мектепте мұғалім, «Жаңа әдебиет» журналында (қазіргі «Жұлдыз») әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1934 жылы Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының хатшысы, 1934—37 жылдары Қазақстан мемлекет баспасында оқу құралдары бөлімінің меңгерушісі болған. Қоңыратбаев бірқатар әдеби сын, зерттеу мақалалардың, аудармалардың, алғашқы әдебиет оқулықтары мен оқу құралдарының авторы...»
Міне, оқырмандар өздері де байқаған болар, Ә. Қоңыратбаевтың творчестволық өмірі қайғылы 1937 жылмен үзілді-кесілді аяқталған. Оның кейінгі тағдыры туралы Қазақ КСР энциклопедиясында титтей де айтылмаған. Жасыратыны жоқ, ол кезде жасы 30-ға жетер-жетпесте сталиндік репрессияға ұшырап, қыршын кеткен Ә. Қоңыратбаев жайындағы шындықты жариялау мүмкін де емес еді. Уақыт талабына сәйкес ол сырлар енді ғана ашылуда.
Сонымен, Ә. Қоңыратбаев не үшін НКВД қолынан қаза тапты? Жауапты № 451312 санды архивтік қылмыстық ісінен іздеп көрелік.
Әдеттегідей тергеу ісі бір жапырақ анықтама іс-қағазынан басталған. Онда былай делінген: «Әлібек Қоңыратбаев, 1907 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Жаңақорған ауданы № 7 ауылда, туып-өскен, қазақ, қызметші, партияда жоқ, ірі бай — жартылай феодалдың баласы, «Алашорданың» жетекшісі — Дулатовтың күйеу баласы, жоғары білімді. Қазақ мемлекет баспасында редактор болып қызмет атқарған. Оның ұлтшыл-контрреволюциялық ұйымға кіріп, террорщыл жұмыстарды насихаттағаны жиналған құжаттармен толық дәлелденіп отыр. Сондықтан да ол қамауға алынып, РСФСР қылмыстық кодексінің 58 бабының 10 және 11 буындарымен (антикеңестік үгіт пен насихат, террор) жауапқа тартылсын». Қол қойған — НКВД-нің бөлім бастығы Нейман.
Осы анықтама негізінде Ә. Қоңыратбаевтың үйінде тінту жүргізіліп, оның көптеген қолжазбаларын алған. Олардың барлығы, өкінішке орай, сол тергеу кезінде ізсіз жоғалған.
Әдепкі жауапты Ә. Қоңыратбаевтан 1937 жылы 15 наурызда алған. Жауап алу хаттамасы өте қысқа. Тергеушінің «ұлтшыл-контрреволюционерлер террорщыл ұйымына кіріп, насихат жүргізгеніңізді мойындайсыз ба?» деген жалғыз сұрағына ол: «Мен ешқандай да контрреволюциялық ұйымға кірген емеспін және бұзық әрекеттер мен террорщыл насихат жүргізгенім жоқ» деген.
Осыдан кейін тергеуде ұзақ үзіліс болған. Келесі жауапты Ә. Қоңыратбаевтан тура жеті айдан кейін, 3 қарашада алған. Әрине, НКВД қызметкерлері бұл арада жайбарақат отырмаған болу керек. Қолымызда айғақ болмаған соң олардың қандай заңсыздыққа барғанын айту қиын. Бірақ, ұзаққа созылған үзілістен кейін Ә. Қоңыратбаевтың бұрынғы берген жауабын өзгертіп, өзін «ұлтшылмын», «контрреволюционермін», «легионмын» деп мойындағанына қарағанда, оған қиянат жасағаны анық. Одан жауап алғандардың бірі Қазақстандағы НКВД бастығы, 2 рангалық комиссар Залиц Лев Борисович болатын. Архивтік деректер бойынша ол 1935—1936 жылдары Қазақстанда ұлтшылдармен күресу науқанын ұйымдастырған адамдардың бірі. 1939 жылы қызметінде жіберген заңсыздықтары үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Ол алдын-ала тергеу кезінде: «Қазақстанда ұлтшыл-антикеңестік ұйымдарды ашқан мен!» деп, кеудесін қағып, өзінің істеген «зор еңбегін» көрсетіп, «адал» екендігін дәлелдегісі келген. Бірақ, НКВД қызметкерлері белгілі әдістермен оның «герман және поляк шпионы» екендігін мойнына қиып салған. Ол тергеуде «кінәсін» мойындаған, бірақ кейіннен сот алдында берген жауабын өзгертіп, былай депті: «Мен кінәлі емеспін, алдын-ала тер-

геуде берген жауабымды растаймын. Ол жауаптарды маған күш жұмсаған соң лажсыз бердім. Менің айыбым тек 1933 жылдан 1936 жылға дейін Қазақстандағы ұлтшыл-буржуазиялық ұйымдарды, Ягоданың (Мәскеудегі НКВД бастығы) дұшпандық нұсқауын ұстап ашқаным».

Тергеу барысында Ә. Қоңыратбаевқа мынадай айыптар тағылған:

«Әлібек Қоңыратбаев 1933 жылы Ілияс Жансүгіровпен антикеңестік, ұлтшылдық, терроршыл-диверсиялық, шпиондық-көтерілісшіл ұйымына тартылып, соның құрамында контрреволюциялық жұмыстарға белсенді қатысқан. Атап айтқанда:

а) Жүргенов, Тоқжанов және басқаларының қатысуымен өткен бірнеше құпия жиналыстарға қатысып, Қазақстанды СССР-дан бөліп әкетіп, орнына ұлтшыл-буржуазиялық мемлекет орнатуды ойластырған;

б) террорлық топқа кіріп Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің 1 секретары Мирзоян жолдасты өлтіруге дайындық жасаған;

в) Жүргенов пен Жансүгіровтың тапсырмасы бойынша террорлық топқа Тәжібаевты және Жанғалинді тартқан;

г) студенттік жастар арасында антикеңестік үгіт жүргізіп, оларды террор көтеріліске шақырған;

д) контрреволюциялық жұмысқа Маметованы тартқан;

е) баспа беттерінде антикеңестік, ұлтшыл идеологиясын жүргізіп отырған. Сондай-ақ КСРО-ға қарсы ұлтшыл-контрреволюциялық шығармаларды жарыққа шығарды».

Осы айыптауда Ә. Қоңыратбаев 1937 жылы 1 желтоқсанда Алматы облыстық НКВД үштігімен ату жазасына кесілген. Үкім келесі күні жасырын түрде жүзеге асырылған. Сондықтан да туыстары оның өлі-тірісін көпке дейін білмей келген. Тек 1954 жылы Рысқұл Қоңыратбаева бел байлап, ізсіз жоғалған ұлдарын іздестіре бастайды. Жоғары инстанцияларға бірнеше өтініш білдіріп, хат жазады. Соның нәтижесінде Ә. Қоңыратбаевтың қылмыстық ісі архивтен көтеріліп, қайта қаралады. Қосымша тергеу кезінде идеология жағынан ұстамдылығын айқындау мақсатында, оның басқа авторлармен (М. Әуезов, М. Жолдыбаев, М. Қаратаев) бірігіп жазған кітаптарына сараптама тағайындалады. Сарапты жүргізген Абай атындағы педагогикалық институттың аға оқытушысы Т. Әбдірахманов екен. Ол 1955 жылы 16 шілдеде Ә. Қоңыратбаевтың авторлығымен жазылған үш кітаптың (XIX және XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Хрестоматия. 4 класс. Алматы. 1934 жылы. Құрастырған М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, XIX ғасыр мен XX ғасыр заманындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы», Қызылорда 1933 жылы. Құрастырған М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, «Әдебиет хрестоматиясы», Қызылорда 1933 жылы. Құрастырған Жолдыбаев М., Қаратаев М., Қоңыратбаев Ә.) мазмұнын зерттеп, онда «өрескел саяси-идеялық қателіктер жоқ» деп қорытынды береді.

Сонымен қатар Ә. Қоңыратбаевтың ақталуына себеп болған тағы бір құжатты жария етейік. Ол 1955 жылы 23 мамырда тергеуге берген ақын Ә. Тәжібаевтың жауабы. Жауап алу хаттамасы көлемді болған соң (басқа іс бойынша сұралған жерлері бар) біз одан түп нұсқасын сақтап тек үзінді келтірейік.

*Вопрос:* За что был арестован Конратбаев?

*Ответ:* Какие причины послужили основанием к аресту Конратбаева мне неизвестны.

*Вопрос:* Охарактеризуйте политические взгляды Конратбаева.

*Ответ:* В области художественной литературы — в стихах, рассказах, очерках и других произведениях, которые мне приходилось читать, Конратбаев каких-либо антисоветских или националистических идей не проповедовались. В то время, когда писались им эти произведения, они оценивались положительно. В литературоведческой деятельности Конратбаев по отдельным вопросам в отношении казахского эпоса и народных акынов середины XIX века имел свою особую точку зрения, которая разделялась тогда многим видными литератураведами. Он был также сторонником включения всех акынов XIX столетия, в том числе, и придворных, в историю казахской литературы, объясняя это тем, что в истории русской литературы Жуковский занимает видное место, хотя он считался, в свое время придворным поэтом...

Было бы неправилным утверждать, что Конратбаев скрывал от кого-либо эти свои взгляды в отношении казахской литературы, наоборот, он их отстаивал в своих произведениях и публичных выступлениях.

Из тех же разговоров и бесед, которые были между мной и Конратбаевым, у меня осталось впечатление о нем, как о человеке с твердыми советскими убеждениями. Мне вспоминается один факт, подтверждающий мое мнение о Конратбаеве. В период совместной учебе в Казахском университете и выехать в аулы, чтобы, как он говорил, быть свидетелем ломки старого феодального аула и перехода его на новый социалистический путь. Конратбаев заявлял, что лишь такое соприкосновение с жизнью поможет создать высокое художественное произведение о коренном переустройстве казахского аула. Хотя Конратбаева в этом никто не поддержал, но сам факт свидетельствовал о том, что у него были настроения советского человека, искрение стремившегося к активному участию в современной жизни. Сам же Конратбаев во время летных каникул в составе, так называемой «красной юрты», участвовал в агитации за коллективизацию единоличных хозяйств в аулах.

Конратбаев состоял несколько лет в комсомоле, был активным в общественной жизни, выступал с докладами о задачах советской поэзии, с критикой и разбором отдельных произведений писателей Казахстана. В своих выступлениях Конратбаев призывал шире и глубже отражать современность в литературе.

За все время, сколько я знал Конратбаева, он в моем присутствии каких-либо высказываний антисоветского характера или антиобщественных поступков не допускал...»

Қосымша тергеудің қорытындысы бойынша Ә. Қоңыратбаев 1955 жылы 14 қазанда сот арқылы толық ақталған болатын. Бірақ, анасы Рыскүл Қоңыратбаева бұл шешімге қанағаттанбай, Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне қайта өтініш білдірген. Онда былай деп жазыпты:

«Түркістан округінің әскери трибуналының 1955 жылы 14 қазанда қабылдаған шешімі бойынша 1937 жылғы 1 желтоқсанда жазушы Әлібек Қоңыратбаев жөніндегі тергеу ісі қысқартылып, бұрынғы үкім күшін жойды. Балам ақталды, бірақ оның кейінгі тағдыры туралы мәліметтерді трибунал сіздерден сұрауды ұсынды. Сондықтан да маған жауап берсеңіздер: Әлібек Қоңыратбаевтың ісі қазір қандай жағдайда? Ол қай жерде жазасын өтеп жүр? Оның өлі-тірісін білмей тұрып «ақталды» дегенді қалай түсінуге болады?

*Анасы Р. Қоңыратбаева,*
**1956 жылы 27 наурыз».**

Осы өтініштен кейін Әуелбек Қоңыратбаевты (өтінішті анасының атынан жазған Әуелбек Қоңыратбаев болатын) Мемлекет қауіпсіздік комитетіне шақырып, оған Ә. Қоңыратбаевтың «10 жылға сотталып, жазасын өтеп жүрген еңбекпен түзеу лагерінде 1946 жылы 15 қазанда асқазанындағы жаралы кеселден» дүние салғанын хабарлаған.

Оған куә архивтік тергеу ісінде сақтаулы мына қолхат.

«*РАСПИСКА*

Мне, Коныратбаеву Ауельбеку объявлено, что брат Коныратбаев Алибек, отбывая наказание в лагере, умер 15.X.1946 года, в чем расписываюсь.

27.IX.1956 года
Қолы».

Міне, осылайша бұрынғы Мемлекет қауіпсіздік комитеті кезінде қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша репрессия құрбандары туралы шындықты өз халқынан жасырған. Соның салдарынан мыңдаған адамдар өздерінің жақын туған-туыстарының тағдырлары жайында хабарсыз болған. Көбісі тіпті олардың өлі-тірісін білмей-ақ дүние салған. Солардың бірі Әуелбек Қоңыратбаев. Оның бар жұбанышы сол Қалжан мен Әуелбектің ақталып, олардың таза есімдері ел-жұртына оралғаны болды.

Әділеттікті қалпына келтіру процесі 60-шы жылдары мүлдем тоқтаған болатын. Бірақ уақыт тарихи шындық пен әділеттікке қайта оралуды талап етті. Елімізге келген демократия мен жариялылық қауіпсіздік органдарына халық алдындағы өзінің құлықтылық борышын орындауға мүмкіндік беріп, олар саяси желеумен жазықсыз жазаланған адамдар туралы құпия құжаттарды қазір жариялауда. Соның нәтижесінде көбісі репрессияға ұшыраған бауырлары туралы бар шындықты алғаш рет есіте бастады. Солардың бірі Ә. Қоңыратбаевтың қарындасы З. Жайлыбаева (Қоңыратбаева). 1989 жылы 12 қаңтарда оған мынадай хабар берілген:

«Сіздің ағаңыз Әлібек Қоңыратбаев 1937 жылы 1-желтоқсанда Алматы облыстық НКВД Үштігінің қаулысымен антикеңестік, ұлтшыл терроршыл-көтерілісші, диверсиялық-шпиондық ұйымға белсенді қатысқаны үшін және террорщыл топқа кіріп ВК(б)К 1-ші хатшысына қарсы террорды жеке дайындағаны үшін» 1939 жылы 2-желтоқсанда УГБ НКВД тергеу түрмесінде атылған...»

Қазақтың талантты әдебиетшілерінің бірі Әлібек Қоңыратбаевтың өмірі міне, осылай үзілген болатын. Қазіргі уақытта мұның барлығы ақыл жетпейтін құбылыс сияқты. Дегенмен, бұл жанға бататын қайғылы шындық.

(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1993 жылғы 4 қыркүйек.)

**Әуелбек**

Әуелбек Қоңыратбаев — әдебиеттану және этнография ғылымдарына ерекше үлес қосқан қазақтың ірі ғалымдарының бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол артына жиырмадан астам монографиялық зерттеу еңбектер, 500-ден астам ғылыми мақалалар, көркем шығармалар қалдырған. Олардың көбісі кезінде жарияланбай, қолжазба күйінде қалған. Бұл мақалада біз осының себебіне тоқталып өтуді жөн көрдік.

30—50-шы жылдары қуғынға ұшырағандардың басым көпшілігі «антикеңестік үгіт пен насихат» жүргізгені үшін айыпталған екен. Сол кездегі мемлекет саясаты адамдарды бір бағытқа бағындырып, олардан ойсыз орындаушылықты талап еткен. Болып жатқан жағдайларға ресми көзқарастан өзгеше баға бергендер табанда жазаланып отырған. Бұл солақай саясаттан ғылыми-шығармашылық саласында қызмет атқарып жүрген зиялы адамдар көбірек қасірет шеккен. Олар «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген таңбамен қуғынсүргінге түсіп, бірсыпырасы жазықсыз атылып, қалғандары лагерьге жіберілген немесе жер аударылған. Өзіндік ойлау жүйесі бар, ғылымға біржола берілген Әукеңнің мұндай қысымға ұшырамауы, әлбетте, мүмкін емес еді.

Ол 1905 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданы, «Қызыл ту» ұжшарында туып-өскен. Тоғыз жасына дейін осы ауылдағы мектепте оқып, сосын Ташкент қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленіп білім алады. 1920 жылдары

Ташкенттегі қазақ-қырғыз институтында оқып, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов сияқты қазақ халқының көрнекті ақын-жазушыларынан дәріс алған. Кейіннен мектептерде мұғалімдік қызмет атқарады. Сөйте жүріп, газет-журналдар редакциясында қызмет істеген. 1934 жылы Ә. Қоңыратбаев Мәскеудегі Бүкілодақтық журналистика институтында (БКИЖ) оқиды. Сол жылы Николаев деген біреу Ленинградта С. М. Кировты өлтірген болатын. Күні бүгінге дейін бұл қылмыстың сыры ашылған жоқ. Отызыншы жылдардың соңғы жағында Қызылорда облысында жазасын өтеген азаматша Александра Травкина тергеуге берген жауабында Кировтың өлімі туралы былай депті: «Мен 1930—1934 жылдары Николай Бухаринмен (партия және мемлекет қайраткері) бірге отастым. 1934 жылы 4-желтоқсанда Киров өлтірілгеннен кейін арада үш-төрт күн өткен соң мен күйеуімнен оны кім және не үшін өлтірді деп сұрадым. Сонда ол «оны қызғанышпен өлтірген Николаев, бұл қатардағы қылмыс» деген еді. Расында оның әйелі Мильда Драуле сол кездері обкомда Кировпен бірге қызмет атқарған...»

Бірақ, бұл «күнделікті» істі Сталин кейіннен саяси тұрғыда бағалап, ішкі «жауларды» іздеуге нұсқау берді. Осы Кировтың өліміне байланысты «оппортунист» ретінде Ә. Қоңыратбаев та айыпталып, Сокольники аудандық партия комитетінің шешімімен партия қатарынан шығарылған. Архивтік құжаттарға қарағанда, оған БКИЖ-да бірге оқып жүрген Н. Шойынбаев сияқты қазақ жастарының С. М. Кировтың өлімі, Қазақстандағы ашаршылық, сырт елге қоныс аударып көше бастаған шаруалар туралы саяси астары бар әңгімелерін ести тұра институттың партия ұйымына хабарламадың деп кінә таққан. Бұл негізсіз тағылған айыпқа Ә. Қоңыратбаев былай деп жауап қайтарған: «Мен оларды партияның идеялық жаулары деп санамаймын. Оның үстіне БКИЖ-да қазақ жастары өте аз оқиды, сол себепті хабарламадым». Әрине, бұл Ә. Қоңыратбаевтың талаптанып оқып жатқан қазақ жігіттеріне жасаған қамқорлығы еді. Ол кездері мұндай батыл жауап берудің өзі оңай емес-ті.

Көп ұзамай Ә. Қоңыратбаев Алматы қаласына оралады. Осы жерде әртүрлі қызметтер атқарады. Бір кездері «Социалистік Қазақстан» редакциясында да жұмыс істейді.

1937 жылы ағайынды Қоңыратбаевтарға көп зардап әкелді. Қалжан, Әуелбек және Әлібек үшеуі бірдей НКВД-нің қолына түсіп, тергеуге алынды. Сол жылы желтоқсан айында Қалжан мен Әлібек «халық жауы» атанып, ату жазасына кесілді. Әуелбек Қоңыратбаевтың үстінен жиналған деректер, шамасы, жеткіліксіз болған болуы керек, кешікпей ол қамаудан босаған. Бірақ көп жылдар бойы ол НКВД-КГБ органдарының бақылауында жүрген. Ол тек өзінің сақтығының арқасында аман қалған. Сонымен қоса Ә. Қоңыратбаевты жиі-жиі жер аударып, тұрақты тұратын жерін өзгертіп отырған. Мүмкін оның жазалаудан аман қалған себептерінің бірі осы да болар. Кім білсін?! Анкетасындағы мәліметтерге қарағанда, ол 1938—1940 жылдары Жаркент, Қоғалы (Алматы облысы) аудандарында мұғалім болған. 1940—1941 жылдары Түркістанға «жіберіліп», мақта зауытының кадр бөлімін басқарған. Арасында Кентаудағы орта мектепте мұғалім болған. 1941—1942 жылдары Қызыл Армия қатарында (РККА) әскери қызметін өтеген. 1942—1944 жылдары Қарақалпақ АССР-ында халық ағарту саласында істеген. 1944 жылдан бастап Қазақ КСР Ғылым академиясының көне түркі және Орта Азия әдебиеті мамандығы бойынша аспирант, кейіннің аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Осы жылдары Ә. Қоңыратбаев қазақтың ауыз әдебиетін жинауға белсенді қатысып, республикаға кеңінен танымал болған. Өзінің жеке еңбектерімен қатар ол М. Әуезовпен бірігіп «Қазақтың лиро-эпосы. Қазақ әдебиетінің тарихы» оқулығын жазады.

Өкінішке орай, ұзамай ол қайтадан жер аударылады. Бұл жолы ол өзінің туған жері — Қызылордаға жіберілді. Оған Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің 1947 жылғы 21 қаңтардағы «Қазақ КСР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» қаулысы себеп болады. Мұнда ғалымдардың көбісі өздерінің еңбектерінде өткен заманды насихаттайды, зерттеулерінде күрделі саяси қателіктер жібереді, ұлтшылдық сипаттағы бұрмалаулар жасайды деген айыпқа тартылған. Осыдан кейін Т. Нұртазин, Б. Кенжебаев және басқа көптеген ғалымдар қызметтен босаған. Соның ішінде Ә. Қоңыратбаев та болды. Ол Қызылордаға келген бойда осындағы кафедра меңгерушісі болып орналасқан.

1950 жылы Қазақстанның тарихына қатысты мәселе тағы да көтеріледі. Бұл жолы оған түрткі болған —«Правда» газетінде жарияланған Шойынбаев, Айдарова және Якуниннің «Қазақстан тарихынан мәселелері маркстік-лениндік тұрғыда баяндалсын» деген мақаласы. Бұл саяси мақала бірсыпыра ғалым-шығармашыларды ресми түрде айыптауға негіз болды. Соған орай Бекмаханов, Жұмалиев, Ысмайылов сияқты тарихшы-әдебиетшілер «буржуазияшыл-ұлтшылдықты насихаттады» деген айыптаумен 25 жылға сотталды. Сол кездегі тәртіп бойынша бұл мақала Қазақстан Орталық партия комитетінен бастап жергілікті бастауыш партия ұйымдарына дейін ашық партия жиналыстарында талқыланды. 1951 жылғы 4 мамырда осы тақырыптағы ашық жиналыс Қызылорда педагогикалық институтында өткен. Баяндаманы сол кездегі облыстық партия комитетінің хатшысы Б. Ермекбаев жасайды. Ол алдымен Б. Бекмахановтың «буржуазияшыл-ұлтшылдық» позициясын «әшкерелеп», оның Кенесары қозғалысын бұқаралық, халықтық, азаттық жолындағы қозғалыс деп дәріптегенін теріске шығарған. Ол «Кенесары қазақ халқының қас дұшпаны екенін, Қазақстанды Россиядан бөліп алып, өзінің хандық үкіметіне орнатуды арман еткенін Б. Бекмаханов әдейі бұрмалап қалдырды, мұндай кемшіліктер қазақ әдебиетінде де

орын алып келеді»,— деген. Сөйтіп, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев және басқа шығармашылардың есімдерін атап өткен.
Ә. Қоңыратбаевтың «кінәсі» 1948 жылғы Қазақ КСР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты басып шығарған «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томында енгізген «Наурызбай-Қаншайым» поэмасында Кенесарының інісі Наурызбайды «батырлық тектен шығады» деп көрсеткені екен.
Баяндама бойынша 13 адам шығып сөйлеген. Солардың бірі — тарих ғылымдары кафедрасының меңгерушісі Шерешевский. Ол өзінің сөзінде былай депті: «Жалған тарихшы Б. Бекмаханов қазақ тарихын зерттеуде шындықты бұрмалап, партияға қарсы қылмыстық әрекеттер жасады. Тарихи құжаттар Кенесарының халықтың барып тұрған қас жауы екенін, оның ешуақытта да ұлттық-азаттық қозғалыстың көсемі болмағанын дәлелдейді... Бұл сияқты жағдайлардың бәрі біздегі филология ғылымдарының кандидаты Ә. Қоңыратбаев жолдасқа ертеде-ақ белгілі болған. Бірақ та ол фактілерге маркстік тұрғыдан қарамай, оны өзінше теріс дәріптеумен болды...»
Сөз сөйлегендер бірауыздан «Правда» газетінде жарияланған мақаланы дұрыс деп тапқан. Соңынан Ә. Қоңыратбаев сөйлеген. Ол Кенесарының іс-әрекеттерін теріс бағалауға мәжбүр болған. Бірақ, бұл оны құтқармайды. Керісінше қудалау өрши түседі...
1951 жылы 20-қазанда «Ленинский путь» газетінде «На неверных позициях (Грубые ошибки преподователя пединститута Коныратбаева)» деген атпен тағы бір мақала жарияланды. Бұл жолы Қоңыратбаевтың «айыбы» кеңейтіледі. Белгісіз автор (мақалада автордың аты-жөні көрсетілмеген) оған бес айып тағады. Біріншісі, Исатай Таймановтың көтерілісінің қарсаңындағы Бөкей ордасының қоғамдық қатынасына байланысты лекциясында өрескел саяси қателіктер жіберді. Ол осы Ресейге қосылғандарды біржақты бағалап, бұл «орыс патшасының ұлттық-отарлық езуі»,— дейді. Бұл жағдайдың қазақ халқына деген прогресшіл мәнісін көрсетпейді. Екіншісі С. М. Киров атындағы университетте Шығыс әдебиеті бойынша лекция оқып жүргенде, Абайдың шығармалары және көзқарасы жөнінде де күрделі қателіктер жіберді. Ол Абайды діни ақындар тобына қосты. Үшіншісі, Қызылорда пединститутында өткен «Алтынсарин өлеңіндегі реализм» атты ғылыми конференцияда жасаған баяндамасында ол Алтынсариннің философиялық позициясын ашық көрсетпеді. Төртіншісі, «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томына енгізілген реакциялық ақын Жүсіпбек Шайхисламовтың Кенесары туралы өлеңіне байланысты мақаласында Кенесары мен Наурызбайды ұлттық батыр ретте көрсеткен. Бесіншісі, идеялық-теориялық өрісі төмен, маркстік-лениндік методологияны терең білмейді. Өзінің күнделікті ғылыми және оқулық жұмысында оларды пайдалана алмайды.
Мақала соңында былай делініпті: «До настоящего времени Конратбаев не дал развернутого анализа своих многочисленных ошибок и отклонений от марксистко-ленинской методологии. Несмотря на то, что в областной газете его грубые политические ошибки неоднократно критиковались, тов. Конратбаев не счел нужным выступить с печатным признанием их... Пора руководству пединститута принять действенные меры по повышению идейно-теоретического уровня работы кафедры казахского языка и литературы, руководимой А. Конратбаевым».
Осы «кемшіліктері» үшін Ә. Қоңыратбаев кафедра меңгерушілігінен тағы да босатылады. Сөйтіп, жоғарғы дәрежелі маман, ғалым 1951—1955 жылдар аралығында Жаңақорған ауданына қарасты «Төменарық» кеңшарындағы ауыл мектебінің бастауыш кластарына сабақ береді. Қызылордаға 1955 жылы ғана оралған. Содан 1986 жылы дүние салғанға дейін педагогикалық институтта доцент және профессор қызметтерін атқарған.
Тағы бір айта кететін жәйт: Ә. Қоңыратбаев 1937—1958 жылдары өзінің кінәсіздігін айтып, жоғарғы инстанцияларға бірнеше хат жазған. Соңғы хатын СОКП Орталық Комитетіне Шверниктің атына 1958 жылы жолдаған. Осы хаты оның партиялығының қалпына келтірулеріне себепкер болады. Әрине, Ә. Қоңыратбаев заң жүзінде сотталмаған. Бірақ осындай саяси науқаншылық кезеңдерінің заңсыз соққысын көп көрген.
Әңгімемізді қорытындылай келіп, былай дегіміз келеді. Жылдар бойы құпия болып келген Қалжан, Әуелбек және Әлібек Қоңыратбаевтардың сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, басынан кешкен қайғылы оқиғасын биыл облыстық «Сыр бойы» газетінде алғаш рет жарияладық. Мұны біз Қоңыратбаевтар әулеті алдындағы парызымыз деп білдік. Сеземіз, тағы бір өкініш қалып барады: Қоңыратбаевтардың тергеу кезінде алынған көптеген қолжазбалары біржола жоқ болған. Міне, бұлардың орны ешуақытта толмайды. Олар, өкінішке орай, халыққа жетпеген мұралар...

*Әмірхан Бәкіров.*
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1993 жылғы 7 қазан.)

## ДАҢҚТЫ ЖЕРЛЕСІМІЗ НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВ

**Нәзір Төреқұлов 1892 жылы Түркістан қаласының маңындағы Қандоз елді мекенінде дүниеге келді. Қазір бұл елді мекен — Қандоз ауылдық кеңесі атанып, біздің облы-**

**стың Жаңақорған ауданының әкімшілік құрамына енген. Ол ауылдан елуге тарта соғыс боздақтары жайлы мәлімет біздің «Боздақтар» естелік кітабының үшінші томында бар.**

**Нәзір сегіз жасқа келгенде Қоқан қаласындағы медресенің табалдырығынан аттады. Оны аяқтағаннан соң Қазандағы орыс-түземдік мектепте, коммерциялық училищеде дәріс алды. 1913 жылы Мәскеу коммерциялық институтының экономика факультетіне түсті. 1916 жылдан бастап-ақ Төреқұлов қоғамдық өмірге араласа бастады. Еңбек жолын Минск қаласының түбіндегі Батыс майдандағы «Жеродағы» қоғамының нұсқаушысы болып бастаған соң «Еркін дала» ұйымының жетекшісі, «Халық мұңы», «Халық сөзі» газеттерінің, «Ағарту және Коммунистік мәдениет жаршысы» журналының редакторы болды. 1918—1919 жылдары Ферғана облыстық революция комитетінің төрағасы, 1919 жылы Түркістан республикасы Орталық атқару комитетінің мүшесі, 1920 жылы Түркістан республикасы халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1920—1922 жылдары Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы. 1920 жылы Түркістан Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің төрағасы болып сайланды. Сондай-ақ 1922 жылы КСРО халықтары баспасөзі орталық басқармасының төрағасы, жаңа түрік алфавитін жасау комиссиясының төрағасы болып қызмет етті. 1928 жылы Нәзір Төреқұлов Сауд Араб еліне КСРО-ның консулы болып аттанды. 1932—36 жылдар аралығында КСРО-ның Сауд Араб мемлекетіндегі өкілетті елшісі қызметін атқарды. 1936—1937 жылдары Мәскеу және Ленинградтағы Шығыс халықтары институтының ғылыми қызметкері, оқу бөлімі жөніндегі проректоры. 1937 жылдың 15 шілдесінде Нәзір Төреқұлов абақтыға жабылды. Сол жылдың 3 қарашасында ату жазасына кесіліп, сол күні-ақ атылды. 1958 жылы КСРО Жоғарғы Сотының әскери коллегиясының шешімі бойынша ақталды.**

**Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері болған Нәзір Төреқұлов жайлы Шымкент қаласындағы «Нәзір қорына» мұрындық болған Ыбырайқажы Ысмайылұлы іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жаңақорған топырағының түлегі ғалым-журналист Жолтай Әлмашев та Нәзірдің өмірі мен қоғамдық қызметі жайлы іргелі зеттеу жұмыстарын жүргізіп, кітап жазды.**

* * *

Көрнекті мемлекет қайраткері Нәзір Төреқұловқа қандай «кіна» тағылып, не үшін атылды? Құжаттарға сөз берейік.

*№ 2891 ушбу рұқсатнама (ордер)*

Ішкі істер халық комиссариаты Мемлекеттік қауіпсіздік Бас басқармасы тарапынан 1937 жылдың 15 шілдесінде жазылып, Мәскеу қаласы, Серафимович көшесі, № 1 үйдің 309 пәтерінде тұратын Төреқұлов Нәзірді қамауға алу үшін Симаковқа берілді.

КСРО Ішкі істер халық комиссарының орынбасары,
Мемлекеттік қауіпсіздіктің бірінші дәрежелі комиссары (қолы)
Мемлекеттік қауіпсіздіктің қалалық басқармасы екінші бөлімінің бастығы (қолы)
Мемлекеттік қауіпсіздіктің үшінші дәрежелі комиссары (қолы)

*Тұтқындалушының анкетасы*

1-2. Аты-жөні — *Төреқұлұлы Нәзір.*
3. 1892, ұлу жылының қазан айында дүниеге келген.
4. Туған жері Ферғана облысының Қоқан қаласы, Өзбекстан (?)
5. Тұрақты мекен-жайы — Мәскеу, № 1 Үкімет үйі, 309 пәтер.
6. Кәсібі — журналист.
7. Қызмет орны КСРО Ұлттар Кеңесінің жанындағы тіл мен жазудың Орталық ғылыми-зеттеу институты.
8. Паспорт.
9. Әлеуметтік тегі — Әкем — үй иеленуші һәм комиссионер. Қоқан түбінде 1918 жылы басмашылар қолынан қаза тапқан. Анам — үй шаруасында.
10. Әлеуметтік жағдайы — кеңес қызметкері.
а) революцияға дейін: оқыдым.
ә) революциядан кейін: кеңес қызметкері.
11. Білімі —1914 жылы 8 кластық, Қоқан сауда училищесін бітірдім; бұрынғы Мәскеу сауда институтының (экономика бөлімі) үшінші курсынан кетіп қалдым.
12. Париялылығы (бұрынғы һәм қазіргі)—1918 жылдың мамыр-күйегі, солшыл эсэрлерге мүше болдым. 1918 жылдың қазан айынан күні бүгінге дейін БК(б)П мүшесімін.
13. Ұлты — қазақ, КСРО азаматы.
14. Отбасының құрамы: жұбайы Нина Александровна Төреқұлова, оның анасы Клавдия Артемьевна Салмина, қайным Павел Александрович Салмин. Әйелім — Н. А. Төреқұлова — жоғары категориялы дәрігер, Орталық Тропика институтында қызмет істейді, інісі П. А. Салмин — студент, анасы — үй шаруасында.

Тұтқындалушы (қолы) *Н. ТӨРЕҚҰЛОВ.*

*ҮКІМ*

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы атынан

КСРО Жоғарғы Сотының әскери коллегиясы мына құрамда:
Төрағасы — корвоенюрист *Матусевич* жолдас
Мүшелері: бригвоенюрист Зарянов және Стельмахович
Хатшысы — I дәрежелі әскери юрист *А. Ф. Костюшко*

Жабық сот мәжілісінде, Мәскеу қаласында, 1937 жылдың 3 қарашасында, Нәзір Төрекұловты айыптаған істі қарады: Төрекұлов Н. Т. 1892 жылы туылған, КСРО Орталық Атқару Комитеті Ұлттар Кеңесінің жанындағы тіл және жазу институтының бұрынғы аға ғылыми қызметкері, РСФСР Қылмыс Кодексінің 58—1 а, 58—8 және 58—11 баптары бойынша қылмысқа барған.

Алдын ала жүргізілген тергеу мен сот барысында анықталды: Н. Төрекұлов 1931 жылдан бері Кеңес үкіметін құлатуды мақсат тұтқан пантүркішіл диверсиялық-террорлық ұйымның белсенді мүшесі, өзінің революцияға қарсы практикалық қызметінде қылмысты Төрекұлов осы ұйымның басшысы Т. Рысқұловпен тығыз қарым-қатынаста болған, соның тапсырмасымен 1936 жылы түрік барлаушысы Мұстафа Жауадпен байланысқа шығып, Түркияның мүддесі үшін тыңшылық қызмет атқарған. Төрекұлов революцияға қарсы түркішілдікке үгіттеп, Кеңес Үкіметінің басшыларымен күресте террорлық тәсілдерге шақырып отырған.

Төрекұловты РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-1, 58-8 және 58-11 баптарында қарастырылған қылмыстарға кінәлі деп санаған КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы Нәзір Төрекұловты ең жоғары қылмыстық жаза — атуға, оған тиесілі дүние мүлкін тәркілеуге үкім шығарды.

Бұл үкім қайта қаралуға жатпайды және КСРО Орталық Атқару Комитетінің 1934 жылдың 1 желтоқсандағы қаулысының күшіне сәйкес жедел орындалуға тиіс.

Төраға: (қолы)
Мүшелері: (қолы)
хатшысы: (қолы)

*Анықтама*

*Төрекұлов Нәзір Төрекұлұлын* ату туралы үкім Мәскеу қаласында 1937 жылдың 3 қарашасында қолма-қол орындалды. Үкімнің орындалғаны туралы акт КСРО Ішкі істер халық комиссариатының 1-арнайы бөлімінің Ерекше архивінде сақтаулы тұр. 2 парақ, № 350.

* * *

ГВП бөлімінің әскери прокуроры Скреметов жолдасқа

Сіздің 1957 жылдың 15 сәуірінде *Төрекұлов Н. Т.* туралы сұрап жазған № 8 к—50804-39 хатыңызға орай хабарлаймыз. Орталық Партия архивінде оның 1928—1936 жылдар аралығында Аравияда КСРО-ның өкілетті елшісі болып жұмыс істегені туралы мәліметтер ғана бар. Аталмыш материалдарда Н. Т. Төрекұловтың Кеңес үкіметіне қарсы ұйымдарға қатысы туралы ешбір деректі ұшырата алмадым. Н. Т. Төрекұлов туралы құжаттардың көшірмесін хатпен бірге салып жібергелі отырмын.

Қосымшасы 2 беттік.

СОКП ОК жанындағы марксизм-ленинизм институтының Орталық партархиві меңгерушісінің орынбасары
*Р. Лавров.*
Ғылыми қызметкері *В. Логинов*
№ 2106, 1 мамыр, 1957 жыл.

**Нәзір Төрекұловты ақтаған құжат**

КСРО Жоғарғы Соты, Анықтама № 4 -0740157

КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы мына құрамда: төрағасы — юстиция полковнигі Цырлинский, мүшелері: подполковнигі Бобров пен юстиция майоры Рыжков.

1958 жылғы 28 қаңтардағы сот мәжілісінде қарады.

Бас әскери прокурордың қорытындысы

КСРО Орталық Атқару Комитеті Ұлттар Кеңесінің жанындағы тіл мен жазу институтының бұрынғы аға ғылыми қызеткері Төрекұлов Нәзір Төрекұлұлының ісі бойынша (белгілі мәліметтер).

Рызков жолдастың хабарламасын және Бас әскери прокурордың көмекшісі Ергатовтың қорытындысын тыңдай келіп

*қаулы етеді:*

үкім бойынша Төрекұлов Кеңес үкіметіне қарсы түркішілдер ұйымының мүшесі болған, сондай-ақ Түркияның мүддесі үшін тыңшылық қызмет атқарған деген кінәмен айыпталған.

Прокурордың қорытындысында Төрекұловқа қатысты үкімнің күшін жоюға әрі құрамында қылмысты іс жоқ болғандықтан бұл істі доғаруға ұсыныс жасалады, өйткені қосымша тергеу материалдарында Төрекұловты соттаудың негізсіздігін, мұның кінәсіздігін дәлелдейтін жаңа айғақтар білдірілген.

Іспен қосымша тергеудің материалдарын тексере келе, қорытындысымен келіскен КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы

*анықтады:*

КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1937 жылдың 3 қарашасындағы Төрекұлов

Нәзір Төреқұлұлына қатысты үкімінің жаңадан беті ашылған айғақтар бойынша күші жойылсын және ол туралы істің құрамында қылмысы жоқ болғандықтан доғарылсын.

Түп нұсқада тиісті кісілердің қолы қойылған.

Түп нұсқаға сәйкестігін куәландырушы Әскери коллегияның офицері капитан (қолы) *Вильневич* және дөңгелек мөр.

(«Егемен Қазақстан» газеті, 1997 жылғы 25 маусым)

## МАГАДАН ЛАГЕРІНЕН ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАР

*«Хатча!* Как ваше здоровие? Все ли у вас благополучно? Привет всем родным и знакомым. Я выехал из Кзыл-Орды 18.VI. 1939 года. Откуда написал вам письмо. Получила или нет? Из Чимкента выехали 29.VI. Прибыл во Владивосток 3.VII, где нахожусь до настоящего времени в лагере Владивосток. До вторичного письма не пишите. Обратное письмо ждите.

Питание и бытовые условия хорошо. Не беспокойтесь о нас. Надеемся на хороший исход, Правительство Советского Союза разберется в действительности нашей вины. Поцелую детей: Жусупбека, Жусупали, Раисю, Раю. Прими привет от: Култекенова, Абенова, Кулбасова, Умбетова, Айболова, Жусупназара. И другим привет, передай привет их семьям.

(Поцелую: *Е. Ахметов.* (подпись) 6 августа 1939 года».)

2. «Қатша! Денім сау, аманмын. Сендердің де сондай болуларыңды тілеп тұрамын. Келгелі Мәскеу қаласындағы жоғарғы орындарға құлақ түрумен жүрмін, хабар жоқ. Қандай бір хабар болса да телеграф арқылы білдіремін. Магадан қаласына әкелгелі бері бізді қозғаған жоқ. Бірге келгендерден қармақшылық колхозшы Бекен Кенжеәлі баласы, Сейсен Тұрмаханов дегендер бар еді. 2 сәуірде істері бұзылып келіп, ақталып босанды, 24 майда пароходпен қайтып кетті. Басқа бірге келгендер әр жердегі өндіріс орындарына тарап кетті, олардан хабарым жоқ. Бодыбай осында, Магадан қаласында, бөлек тұрады. Үздіксіз хат жазып, елмен тоқтаусыз хабарласып тұруға рұқсат етілген. Амандықтарыңды білдіріп тұрсаңдар, кей-кейде посылка салып тұрсаңдар қанеки. Көк сияқты, бұзылмайтын тамақтан. Арзан-қымбатшылық жайлы, азық-түлік нарқы жайлы жазып жіберіңдер. Жүсіпбек, Жүсіпәлі, Райса, Раяны мен үшін сүйіңдер. Жақсылап тәрбиелеңдер. Апама, ағайға, Тұрсын, Сараға — бәріңе сәлем! Пәкеңдерге сәлем айтарсың.

Магадан қаласы, Хабаровск өлкесі, Почта жәшігі № 211/9. Ахметов Елеусізге.

Амандықпен жолығысайық. Елеусіз, 1940 жылғы 7 маусым. Майдың 22-сінде амандық білдірген хатыңды алдым.

*3. Қызыл-орда, Казахстан, Шумилова, 57 Ахметовой*

Из Магадана 339 15 20 1421. Замедлена накоплением. Телеграфьте здоровье. Результат дел. Магадан Хабаровского края. 261/9 *АХМЕТОВ.*

Бұл хаттар мен телеграф арқылы Магадандағы НКВД лагерінен туған жердегі жұбайы Қатшаға хал-ахуал сұраушы — Ахметов Елеусіз Сырдария ауданының № 12 ауылында 1889 жылы өмірге келіп, сан-салалы қызметтер атқарған, 1919 жылдан Ленин партиясының мүшесі болған азамат еді. Тәшкенде партия-совет қызметкерлерін әзірлейтін курста оқыған, артынша өзі сол курстың директоры болып істеген Елеусіз кейін Сырдария аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарған. Облыстық тұтыну одағында, облыстық ет дайындау мекемелерінде жауапты қызметтер атқара жүріп, «халық жауы» деген атақ алды да, НКВД құрығына ілікті. Қызылорда облыстық соты 1938 жылғы 14 қазанда оны 15 жыл концлагерьге, 5 жыл сайлау-сайлану құқығынан айыруға соттап, жер-сібірге айдап қоя берді. Оның сонау Владивосток, Магадан концлагерьлерінен жазған хаттарында туған елге, жерге, ұл-қыздарына деген сағыныш лебіздері кімді де болса бей-жай қалдыра алмайды. Ахметов Елеусіз сол Магадан концлагерінде ұштыкүйді жоғалды, аурудан қайтыс болды деген хабар болған. Қазақ ССР Прокуратурасынан 1957 жылғы 17 қыркүйекте оның толық ақталғаны жайлы қатынас алған сәтте Елеусіздің жұбайы Қатшаның жүрегі жарылып өлді. Бар ғұмырын баспасөзде өткізген ұлы Ахметов Жүсіпбек те бұл азарға шыдамай пәниден өтті де кетті.

*«Боздақтар» редакциясынан:* Ахметов Елеусіздің Магаданнан жазған хаттарын, суретін, жеке листогын бізге оның қызы, облыстық санэпидстанцияда дәрігер болып істейтін қызы Райса Елеусізқызы Ахметова әдейі әкеліп тапсырды.

Қармақшы ауданының бұрынғы тоғызыншы ауылы, «Көктөбе» деп аталатын шағын колхозында 1907 жылы дүниеге келген Егізбайұлы Әбзәли ә дегенде мектепте жақсы білім алып, саналы азамат болып өсті. Ізтелеуұлы Тұрмағамбеттің, Шораяқұлы Омардың, тағы басқа Сыр сүлейлерінің өлең-жырларымен сусындады. Жоғары оқу орнын бітіріп, елге келісімен әуелі мұғалімдік, артынша мектеп директорлығы міндеттерін мінсіз атқарды. Лениндік партияға қабылданып, өз заманының салиқалы өмір үлгісін көрсете білді.

Әбзәли елдегі саяси, әлеуметтік ағымдарды жіті бақылап отырды, халыққа забыры тиерлік кереғар тірліктерге байланысты өз пікірін білдірмей отыра алмады. Мәселен, 1928 жылы голощекиндік «конфиска науқаны» атты ұзақ өлең жазып, малмүлікті орталықтандыру жөніндегі өкіметтің солақай шешіміне өз-пікірін қарсы қойды. Бұл — елдегі қызыл империя өкілі Иосиф Голощекин салған әпербақандыққа бой ұрып, алас ұрғандарға ұнамады.

Қармақшы ауданындағы НКВД «қырғиларының» тірлігі 1937 жылғы 11 қарашада қауырт басталды да кетті. Сол күні бірден бес азамат — сегізінші ауылдық кеңестің төрағасы Мейірхан Аязбаев, ет дайындау мекемесінің бастығы Мырзағұл Шахаров, жер бөлімінің бас агрономы Алмас Шүкіров, аудандық партия комитетінің қызметкері Мұхамбедияр Кірекесов ұсталып, оларды «халық жауы» деп жариялай отырып, түрмеге атып ұрды. Сонан соң күн сайын дерлік жеке-жеке ұстаулардан аудан бойынша 70 адам түрмеге қамалды. Олар елдің ығайлары мен сығайлары еді. Солардың арасында Ленин атындағы колхоздың төрағасы Ақбала Күнтуарова да бар болатын. Дәл осы бейкүнә әйел 1939 жылы 6 маусымда түрме қапасында жатып, ғажайып «сырқаттан» мәңгілікке көз жұмды. Ал сол колхоздағы орта мектептің директоры, ел құрметтеген Әбзәли Егізбаев болса, 1938 жылғы 17 тамызда 15 азаматтың бірі болып түрмеге қамалды.

Облыстық прокуратураның № 481 ісі бойынша тап осы 15 азаматқа сот бір күнде болды. Олар бірден «халық жауы» атанып, жер-сібірге айдалатын болып шыға келді. Бұл азаматтардың көбісі Ақжар, Ленин, Майлыөзек, Қуаңдария, Көмекбаев атындағы кеңшарлар территорияларына орналасқан бұрынғы майда шаруашылықтардың өкілдері еді. Оларды Қожамжар Жүсіпов басқарып, халыққа қарсы жаулық әрекетке баулыды деген өрескел айып тағылды. Яғни сол он бес азамат колхоз құрылысына зиянкестік жасаушылар болып шыға келді. Ал Ленин орта мектебінің директоры Әбзәли Егізбаев болса, ол «мектеп жөндеуін бір айға кешіктіріп, оқу-тәрбие жұмыстарына жаулық әрекет жасады» деген «айыптауларды» арқалап шыға келді.

Дәл сол күндері Әбзәли түрмеде жатып: «бізді ұстаған Қармақшының Пяткині, Шомановтың үй жыққандай екпіні» деген сықақ шығарып, сыртқа жөнелткенін қарт педагог Тұраш Топжанов қазірде жыр ете айтады. Пяткин аудандық НКВД бастығы болса, Шоманов теріс бақай тергеуші еді. Сол Шоманов сержант деген жәй ғана атақ ала тұрып, НКВД дөкейіндей «ірі» тірліктерге де баратын. Сабаудай он бес азаматты қамауға ордерді аудандық прокурор З. Байназаров деген әпербақан небәрі сүт пісірімдей ғана уақытта өмірге келтірген болатын.

1939 жылғы 20 қаңтарда Қызылорда қаласында Ақдәулетов дегеннің төрағалық етуімен әлгі «халық жауларын» жер-сібірге айдау мақсатындағы сот мәжілістері басталды. Халық заседательдері болып Өтепбергенов, Қожахметов, хатшысы болып Кемербаев дегендер «халық жаулары» атанғандардың тағдырын шешуге тиісті болды. Он бес азаматтың тағдыры шешілген сот мәжілісі бір сағаттай ғана уақыт алды. Әбзәли Егізбаев, Жүсіпов, Дайрабаев, Байсақалов, Аяпов, Жұбаевтар РСФСР қылмыс кодексі 58 бабының 2, 7, 11 тармақтарымен 15 жылдан құлып асты, 5 жыл сайлау-сайлану құқығынан айыру жазасына сотталды. Найзабаев, Тұрабаевтар 10 жыл құлып асты, 5 жыл сайлау-сайлану құқығынан айырылып кете барды. Сол күні оларды Шымкентке, онан әрі Владивостокке қарай зытырды.

Әбзәли Егізбаев 1939 жылғы 13 тамызда Владивосток қаласынан 6 шақырым жердегі НКВД лагерінен елдегі анасына жазған хатында былай деген: «мен әзір деній сау, таланға жазылған, тағдырдағы бейнетті көріп, орынсыз болса да еріксіз көніп, аман жүрмін... Менімен бірге Рекең, Бисары, Бұқарбайлар бар. Оныншы ауылдан Тілеу, Мәдір, Үбісұлтан, Мырзатайлар бар... Әже, мені ойлап қайғырма! Мен жалғыз жүргенім жоқ, Қызылордадан жүздің бірі болсам, Қазақстанда мыңның бірімін, Советтер Одағында миллионның бірімін. Солармен бірге көремін. Үкімет күйдірмейді, ашады. Тілек тіле. Балаң Әбзәли».

Осы зобалаңда Әбзәлимен бірге сотталып, Қиыр Шығысқа бірге айдалған Таян Жүсіпов елге келген соң былай деп еді: оларды Магадан деген жерге айдап апарған, сондағы «Одинокий» деген кен қазу орнына жинақталған 140 «халық жауының» тура 100-і аштықтан, аяздан үсіп өлген, оларға көр қазып әуреленген ешкім болмаған. Аброй болғанда өзі де, келесі бөлімдегі Әбзәли де өлмей, жан сақтай білген.

Осы аждаһа төрінде бола жүріп, Әбзәли үш өлең жазды. «Әділдікті іздеу» атты екі шумақ өлеңі мынау:

Май туып жалпы әлемді қуандырса,
Бізге де келіп шаттық күні туса.
Қатеден халық жауы болғандарды
Қайтадан тексеруге мүмкін қылса.

Әділет ақ, қараны ашса шындай,
Тазартқан тортадан май айырғандай.

Қосылып қатын-бала, халқына әркім,
Қауышқай қой мен қозы жамырағандай.

Құлпы асты деп түрме жазасына кесіле отырып, жер-сібірге айдалып, қан жыларлық ауыл тірлікке тап болған Әбзәли «Түрмеде» атты келесі бір шағын өлеңінде тағы былай деді:

Қу түрме тарылттың-ау тағатымды,
Бостандық сағынттың-ау сағатымды.
Жау деген жаман атақ жабылғасын
Айрылдым жақсы атақтан жарасымды.

Сайраңдап өскен жерде жүретұғын,
Жалақор үзіп қойды-ау қанатымды.
Шыдайсың сабырлық қып, туар айы
Жарқырап ашатұғын қара түнді.

Әбзәли қалай дегенмен де әділдік жеңеріне кәміл сенді. Өзінің ақ ісі алға жетеледі. Сондай үміт оны мынандай өлең жолдарын жазуға итермеледі:

Болжаусыз алдағы күн туар қандай,
Жарық боп туғай-дағы тұманданбай.
Біле алмай басқа қандай күн туарын,
Жүдетті жүрек қанын су алғандай.

Бостандық, шығыңдар!— деп берілсе ерік,
Болар едік үкіметтен ту алғандай.
Дегендей сынып біткен берік болады,
Болатты шыңдап зермен суарғандай.

Босанып право алып барсақ елге,
Жар мен дос, жат пен жақын қуанғандай.
Дұшпанның сағы сонда сынар еді-ау,
Сұрланып, өңі қашып қуарғандай.

Орта мектеп үйінің жөндеуін бір айға кешіктіріп, халыққа жаулық әрекет жасады дегеннен өзге айып таба алмаған солақай заң иелерінің жалалы үкімі 1939 жылғы 31 тамызда Қазақ ССР прокуратурасының Жоғарғы сотқа карсылық шешіміне сай қайта қаралып, Әбзәли Егізбаев толық ақталды. Бірақ елге бірден кете алмады, 1941 жылға, яғни ұлы Отан соғысы басталғанға дейін қуғын-сүргін «дәмін» татты. Соғыс басталардың дәл-ақ алдында елге келгенімен, кейінгі ұрпақтарына «халық жауының жұрағаттары» деген айып тағылмауын көздеп, Әбзәли бірден Қармақшы аудандық әскери комиссариат арқылы майданға аттанды. Воронеж бағытында сержант-бөлімше командирі шенінде соғысқа қатыса жүріп, үш рет ауыр жарақат алды да, алты ай госпитал да емделді. Жазылып шығысымен Калинин облысы, Латвия жеріндегі шайқастарға қатысты. Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтай түрып, енді Жапон самурайларымен шайқасқысы келді.
1945 жылғы тамызда Қиыр Шығыс шайқастарының бірінде мәңгілікке көз жұмды.
Қытайдағы Өкілетті елшіміз Қуаныш Сұлтанов Егізбаев Әбзәлидің 1945 жылғы 30 қыркүйекте қаза тауып, Қытайдың Манчжурья қаласындағы Бауырластар зиратының № 69 моласында жерленгенін анықтап, боздақтың балалары Аманкелді, Нағыметтерге хабар берді.
Әбзәли неге бұлай етті? Ол елдегі жұбайы Қаншайым мен ұлдары Нағымет, Аманкелділерге «халық жауының жұрағаты» деген қаңқу өсек ермесін деп тіледі. Қаншайым осыдан үш жыл бұрын, 1996 жылы дүние салды. Ал Нағымет пен Аманкелді болса, қазірде облысқа белгілі, қадірменді азаматтар қатарында саналып жүр. 1997 жылы бұл қос азамат Әбзәли өлеңдерін жеке жинақ етіп шығартып, әке әруағына ас берді. Қармақшы қыстағында бірнеше күн тойдуман болды. Мектеп, бір көше Әбзәли атымен аталды.

*Мырқы Исаұлы.*

## ҰЛТ МӘРТЕБЕСІН ДӘРІПТЕП ӨТКЕН

Кеңес дәуірінің қаралы отыз жетінші-отыз сегізінші жылдарында саяси айып тағылып, жазықсыз жазаланған қазақ зиялыларының бірі — Бодыбай Қаржасбайұлы Құлтекенов. Ол қырыққа жетпей қыршын қиылған қысқа ғұмырында өзі туып-өскен Сыр өңірінің көркеюі мен халықтың әлеуметтік хал-жағдай, игілігі үшін елеулі еңбек етіп үлгірді. Бөкенді көре қалған көне көз қариялар сегіз қырлы өнерлілігін, қажымас қайратты іскерлігін, сырбаз мәдениеттілігін, адамжанды имандылығын әлі күнге еске алып, жастарға үлгінұсқа тұтып отырады.
Жастайынан жоқшылық зардабын көп шеккен Бодыбай ауыл ұстасы — әкесі Қаржасбайдың көрігін басып, балғасын соғыса жүріп, қол өнерінің өзге салаларын да игеруге талпынған. Перовск (қазіргі Қызылорда) қаласындағы орыс-қазақ мектебінде төрт жыл оқығанда бұл талабын шыңдап, киім, етік тігуді, зергерлікті, ағаштемірші шеберлігін жоғары кәсіби деңгейде меңгерді және бірнеше жыл еңбек етті.
Қол өнерін әмбебап игерген адам кәсіби шеберлігін ұштаумен қатар өмірге жарасымды талғампаздығың екшейді, дүниетанымын кеңейтеді, іскерлік қабілетін жетілдіреді және қарапайым халықтың мұң-мұқтажын түсінгіш келеді. Осы қасиеттер жастайынан бойына дарыған сезімтал жігіт жиырма жасында ел билігіне араласқан шағында қалың ел мүддесін көздеп, күрделі саяси-шаруашылық проблемаларды шешісуге белсене ат салысты. Сол кезде «халық жауы» айыбы тағылып, тұтқындалғанға дейін «Қарауыл төбе», «Қара өзек» совхоздарында директор, Аламесек және Тереңөзек аудандық атқ-

ару комитеттерінің төрағасы, көкқасқа шегірткеге (саранча) қарсы Оңтүстік Қазақстан экспедициясының бастығы, Қызылорда облыстық партия комитетінде жетекші қызмет атқарған он сегіз жылда ерекше еңбегімен дарынды ұйымдастырушы, білікті басшы-саяси тұлға ретінде өзін елге танытты.

Бодыбай Қаржасбайұлы, жасыратыны жоқ, белгілі коммунист ретінде Кеңес үкіметінің бұқарашыл саясатын қолдай жүріп, кейбір солақай істерін қабылдамайды. Бұл ұстаным-әрекеті, әсіресе, қазақ байларын тәркілеумен байланысты айқындалды. Қазақ байлары — құл ұстаған қанаушы емес, байлығы қалталы капиталға жатпайды, небәрі табиғат соғар бір жұттық екенін дәлелдеп, елдегі малды, адамдарды қорғауға күш салды. Тәркілеудің саяси науқаны асыра сілтеушілікпен орта шаруаларды шарпығанда бұл жосықсыздыққа ашықтан-ашық қарсы шықты және бірқатар жағдайда өз еңбегімен қарапайым күн көрген орта шаруаларды заңсыз шаралардан арашалап алды. Бірақ бұл еңбегі кейін жазалаушы органдар тарапынан ескерусіз қалмады. Кезінде партиялық жауапқа тартылса да, «Байшылдық пиғылы» алдынан шығып, саяси жазалануының басты себептерінің біріне айналды.

Қазақ халқын баудай қиған ашаршылық елге де, ел басқарған ерлерге де үлкен сабақ болды. 1934 жылдан Тереңөзек аудандық атқару комитетін басқарған Бодыбай Қаржасбайұлы жерді суландыру және қожыраған ауыл шаруашылыын дамыту мәселелерін қолға алды. Халықты егіншілікке жұмылдыру мақсатында серіктеатіктер құрып, сол кездегі өлшеммен өте үлкен, әрқайсысы 15-25 шақырымға созылған екі жарма (канал) қаздыруды ұйымдастырды. Олардың бірі — Сырдарияның Ақшығанақ сағасынан басталып, Қалжан ахун мешітіне таяу Мәскеу — Ташкент темір жолының астынан өтетін, екінші — Жалаңаш төбеден, Бидай көл, Айбас, Шөгерілі көлдерін кесіп өтетін, халық «Бодыбай» атаған жарма (өзі тұтқындалған соң Сталин атауы берілген).

Жазалаушы органдар Бөкеңнің бұл еңбектерінен де кінәрат тапты. Айыптау қорытындысында аталған жармаларды «Күлтекенов Кеңес шаруашылығы үшін емес, сол аймақты қоныстанған әкесі, туған-туыстарының мүддесі, діндар ағайыны Қалжанахунның атын шығарып, дәріптеу мақсатында қаздырған» деген кінә тақты.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, ашаршылықтан кейінгі жылдарда Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-батыс аймағын, қазір біреу біліп, біреу көріп естімеген көкқасқа шегіртке (саранча) жайлады. Парсы жерінен өрген ауыл шаруашылығының зиянкесі — көкқасқа шегіртке мыңдаған тобымен лек-лек үдере көшіп, қонған орында егістікті әп-сәтте отап қырқатын, өсімдіктің сабақ, жапырақтарының түте-түтесін шығарып, қу сояуын қалдыратын. КСРО ауыл шаруашылығы халық комиссариатына (министрлігіне) тікелей бағынатын Оңтүстік Қазақстан экспедициясы құрылып, оны басқару тәжірибелі ұйымдастырушы Бодыбай Қаржасбайұлына тапсырылды.

Бөкеңнің басшылығымен аз уақыт ішінде Шу аймағынан Арал теңізіне дейінгі аралықта, Қарақалпақстанды қоса қамтитын механикаландырылған 14 отряд құрылды. Қызылорда қаласында экспедицияның материалдық-техникалық базасы жасалады. Ондаған жеңіл ұшақ және автокөлікпен жабдықталып, техника мен технологияны меңгерер кадрлар даярланды. Әр отрядты арнайы білімді іскер мамандар басқарып, негізгі жұмысты жергілікті жастар атқарды.

Экспедиция көкқасқа шегіртке жайлаған және ұрық шашқан жарты миллион гектардай жерді жылма-жыл өңдеу арқылы 1934—1937 жылдарда жүргізген пәрменді жұмыс нәтижесінде алға қойылған міндет біржола орындалып, ауылшаруашылығы зиянкесінің тұқымы құрыды. Содан кейін Бодыбай Қаржасбайұлы Қызылорда облыстық партия комитетіне басшылық жұмысқа жоғарылатылады да, үш айдан соң тұтқындалды.

Бодыбай Күлтекеновке кеңес үкіметіне, революцияға қарсы ұлтшыл дұшпандық саясат жүргізген, Қазақстанды КСРО-дан бөлектуге әрекет жасаған, мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндірген деген саяси айып тағылып, он сегіз жыл лагерге, одан соң бес жыл еркінен айыруға үкім шығарып, Магаданға айдады. Жан түршігер азап шеккен Бөкең 1943 жылы дүниеден өтті. Кінәсі дәлелденбей, кейін толық ақталды.

Оның халық игілігі үшін еткен еңбегі көп. Жастарды оқуға тартып, тәрбиелеуде, ұлт мәртебесін дәріптеп көтеруде, ауылда мәдени-өндіріс ошақтарын дамытуда атқарған жұмысы ерекше. Елге еңбегі сіңген азамат есімі ұмытылмай қастерленуге тиіс.

*Биенде Баймаханов,*
**еңбек және соғыс ардагері, республиканың еңбек сіңірген экономисі, дербес зейнеткер.**
(*«Егемен Қазақстан»* газеті, 1997 жылғы 31 желтоқсан).

## ЕРТЕ ҚАЙЫРЫЛҒАН ЖАС ҚАНАТ

Сыр бойындағы шайырлардың бірі атанған Есентайлақұлы Оразымбеттің үлкен баласы Нағмет еді. Ол 1904 жылы бұрынғы Қазалы уезі, Көшербай болысының № 3 ауылындағы (қазіргі Қармақшы ауданы, Т. Көмекбаев атындағы совхоз) «Мыңбатпан қарақ тауының» Қуаңдария арнасына жа-

қын осы күнгі «Үй жыңғыл» деген жерде кедей шаруаның әулетінде дүниеге келген.

Кезінде Сыр бойы шайырларының айтыстарына аралық сөз айтып, Балқы Базарға арнаған толғауы арқылы аймаққа танымал болған Оразымбеттің он бір баласының үлкені боп өскен Нағмет жоқшылық, таршылық заманның ауыртпалығы мойнына түсіп, қолына таяқ алып мал баққан. Сөйтіп жүріп ауыл молдаларынан алдына уақыт тауып барып араб әріппесін үйренген. Араб, парсы, қазақ тіліндегі жазбалар мен кітаптарды сұрап жүріп оқуды дағдыға айналдырған. Ауыл молдалары мен ақсақалдарынан қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-санасы жайлы көптеген мағлұматтар мен сабақтар алған. Алайда, білімге құштар Нағымет бұған қанағаттанбайды. Әркімнің малын бағып, талай азар көрген ол әкесі Оразымбеттің рұқсат батасын алып, Жосалы қыстағындағы интернатқа орналасып, алғашқы мектепте 1919—1921 жылдары оқып, өзінің төзімді, алғыр, қиындықтан қайыспайтын палуан жүректі, ақын жанды жас екендігін көрсетіп, оны ойдағыдай бітіріп шығады.

Жігерлі жас мектеп бітірген соң Шымкент қаласына оқу іздеп барады. 1921 жылдың шілде айында педагогикалық техникумға түсіп, оның толық курсын 1923 жылы бітірді. Ол осы уақыттары алғашқы құрылған комсомол ұйымдарының жұмысына белсене араласып, 17 жасында БЛКЖО мүшелігіне өтеді.

Педагогикалық мамандық алған Нағмет 1925 жылы наурыз айында Қазалы уезі партия комитетіне арыз беріп, СОКП мүшелігіне кандидат болып қабылданады. Ал, мамыр айында Ташкент қаласындағы Орта Азия Коммунистік университетінің қоғамтану бөлімін 1928 жылы қазан айында бітіріп, сол айда осы университеттің аспирантурасына түседі. Оны 1929 жылдың қараша айында аяқтайды. Осы жылдың желтоқсан айында СОКП мүшелігіне қабылданады.

1930—1933 жылдар аралығында СОКП мүшесі, саяси жоғары білімді маман Нағымет Оразымбетұлы әуелі Қызылорда және Семей қалаларында совет қызметкерлерін даярлайтын мектептерде оқытушы, одан соң республика астанасы Алматы қаласында педагогикалық институтта ассистент, Ақтөбе қаласындағы оқу комбинатының директоры болды. 1933—1934 жылдары Қызылорда қаласындағы педагогикалық техникумның директоры қызметін атқарады. 1934 жылдың қыркүйек айында Ленинград қаласындағы марксизм-ленинизм мектебінде оқып, оны 1935 жылдың қараша айында бітіріп шығады. Сонан соң Қызылорда қаласындағы совет қызметкерлерін даярлайтын мектептің директоры болып тағайындалады. Бұл жұмысты 1937 жылға дейін атқарады. Отыз үш жасқа енді толған, ғылыми жұмыспен айналысып, ғалым болуға талаптанып жүрген жалынды жасқа «халық жауы» деген жала жабылып, аяқ астынан түрмеге қамалды.

Талантты қоғамтанушы Нағмет Оразымбетұлы негізсіз жабылған жаланың құрбандарының бірі болып, он жылға сотталады. Айдау мен қамаудың, қорлық пен зорлықтың ұясы — лагердің темір торына жазықсыз қамалған Нағыметтің жүрегі 1938 жылы құсадан соғуын кенет тоқтатты. «Елім» деп еңіреген, «халқым» деп қамыққан жүрек ауыр қайғыны көтере алмай жарылып кетті. Міне, бұл — Н. Оразымбетұлының қайғылы қысқа өмірі. Мен Алматы қаласында тарих факультетінде студент кезімде жерлесіміз туралы дерек сұрап Қазақ ССР прокуратурасына арыз бердім. Сөйтіп, 1932 жылы ақпан айында ол кісінің ақталғаны туралы деректі хат алдым. Ал, өткен 1990 жылы партия мүшелігі қалпына келтірілді. Паротия билетінің нөмірі 1577177 екен.

Нағметтің туған қарындасы Ұрқияның айтуына қарағанда, Қызылорда педагогика техникумында директор болып тұрғанында өзінің бір таныcы Нағметтің ел мен жастар арасындағы беделін, абыройы мен адамгершілік биік қасиетін, ғылым мен өнер жолындағы талмай ізденісін қызғанып, көре алмаушылық ниетпен жала жауып, үстінен арыз жазған және іле-шала ұстатқан. Нағметтің жазған өлеңдері інісі Ахметте болған. Ахмет ағасы ұсталғаннан кейін Қазалы қаласына барып, сегіз жыл аудандық қамсыздандыру бөлімін басқарып, кейін облыстық қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. Ұлы Отан соғысы кезінде майданда мерт болған.

Нағметтің Гауһар деген жұбайы болғандығын, жалғыз баласы Камалдың жас кезінде қайтқандығын «Ақжар» совхозындағы көнекөз қария Таян Жүсіпов әсерлі әңгімеледі. Ал, Қаракенеев Дастан ақсақал Нағмет педагогикалық техникумда директор болып тұрғанда білім алғандығын, жас директордың өте сауатты, мәдениетті, сыпайы, кішіпейіл, жайдары азамат екендігін айтады.

Қорыта келгенде, біздің мақсатымыз — кешегі ел басына түскен нәубет — асыра сілтеу кезінде жерлестеріміздің арасында небір атпал азаматтардың жазықсыз жазадан опат болғандығы, одан бүгінгі жастар ащы сабақ алу керек екендігі, қоғамымыздағы «ақтаңдақтардың» беті ашыла беру керектігі.

*С. БАҒАТОВ,*
**еңбек ардагері.**
(Қармақшы аудандық *«Қармақшы таңы»* газеті, 1991 жылғы 2 ақпан).

* * *

Біздің жерлесіміз, білікті маман Нағмет Оразымбетовтың да тағдыры аянышты. Ол жас кезіннен кісі қолында жалшылықта болды. Онан кейін Қармақшы балалар үйінде тәрбиеленді. 1925—

28 жылдары Ташкенттегі Орта Азия коммунистік институтында оқып, 1929 жылы оның аспирантурасын бітіріп шықты. Оқу орнын бітіргеннен кейін ол көптеген жауапты қызметтер атқарды. 1933 жылдан Қызылорда педтехникумының және совет партия метебінің директоры, Ленинградтағы марксизм-ленинизм курстарының тыңдаушысы болды. Жарқын өмір үшін жалынды жастық шағында аянбай оқып, білім алып ізденген, көп қызметтер атқарған Н. Оразымбетов ақыр соңында «халық жауы» болып ұсталып, 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Лагерде бар азапты өмірді бастан өткерді. Оның одан кейінгі тағдыры тіпті белгісіз. 1962 жылы Н. Оразымбетов ақталды. Ал, 1990 жылы партиялығы қалпына келтірілді.

*Б. Абдуллаев.*
(Облыстық *«Ленин жолы»* газеті, 1990 жылғы 6 қараша).

## БІР ШАҢЫРАҚТАН — ҮШ БОЗДАҚ

Жосалыдан жиырма бес шақырым жердегі «Қызылтам» өңірінде Кеңес өкіметінің өзі құрған болыстық атқару комитетіне төрағалық ететін Кәрібай Ноғайұлының отбасына сталиндік ылаң 1930 жылғы күз айының белортасында сап ете түсті, «Кеңес өкіметін құлату мақсатында зұлымдық әрекет етті» деп айыптады да, НКВД жендеттері оны екі баласымен қоса ұстады да кетті. Сол кезде тура елу бестегі Кәрібай өзінің 25-тегі Өтейбегі және 22-дегі Саудабегімен қоса қолдары артына қарата байланып, Жосалы түрмесіне жаяу-жалпылы қалпында айдап әкетілді.
— Сол кезде мен алты жаста едім,— дейді Кәрібайдың кенже ұлы, қазіргі дербес зейнеткер Бақтияр ақсақал.— Күз айы болса да, жайлауда қараша үй тігіп отырған біздер ауылға сау ете түскен аттылы әскерилерді көріп таңырқап тұр едік. Ауыл шетінде кездескен біреумен сөйлесті де, тура біздің үйге қарай құйқылжыта шапты. Әлгілер аттарынан түспеген қалпында есік алдында тұрған әкем Кәрібайды, ағаларым Өтепбек пен Саудабекті дауыстап алдарына келтіріп, шешемнен өзге үшеуін де «тұтқындалдыңдар» деп жария етті. Шешем дауыстап жылап жіберді. Мен де жылап, әкемнің шылауына орала беріп едім, әскерилердің біреуі мені еңкейе түсіп, итеріп жіберді. Сол екі арада атынан қарғып түскен бір жендет әкемнің қолын артына қарата байлап тастады. Екі ағам да соның керін киді. Біреуі үйге беттеп, әкемнің қағаз-қалам салатын қобдишасын ақтарып, ондағы қағаздарын шаша бастады. Үйдің ішіне жау тигендей астан-кестеңі шықты. Шешем дауыс шығара жылай беріп еді, әкем оған жекіп тастады.
— Мен Кеңес өкіметін құлататындай жаулық әрекет етіп көргенім жоқ. Халқыма, партияға, Отаныма адал адаммын. Бұл арада көре алмаушылыққа салынған, болыстық атқару комитетінің шешіміне риза болмай жүрген біреулердің өшпенділікпен сыбырлауы мені осындай жағдайға душар етіп отырған болса керек. Бәрі тексеріледі, кімнің кім екенін өкіметтің өзі-ақ ашады. Боркемік болма өйтіп, кемпірім,— деді де әкем жендеттердің алдына түсіп, Қармақшы жаққа қарай борпылдақ жолды шаңғытып, аяң бүлкіге сала берді. Әкемнің артынан екі ағам да еріксіз ерді...
Сонан Кәрібай тура алты жыл түрменің дәмін татып, елге 1936 жылғы күзде оралды. Құр сүлдері ғана қалған. Ал Өтепбек пен Саудабектің сол кеткеннен әліге дейін хабар-ошар болмай барады. Сол екі боздақтың әкесімен бірге айдалып әкетілген мерзімін есептесе, тура 55 жыл болған екен.
...1937 жылғы 15 тамызда Қармақшы аудандық НКВД мекемесінде тым тәуір қызмет істейтін рулас Кетебай Молдабаев деген ағайыннан Кәрібай тілдей хат алады. Кетебай оны біреуден жасырып беріп жіберіпті. «Кәрібай аға, сізді тағы тұтқындамақ болып жатыр. Ертең түс кезінде бармақшымыз. Тезірек бой тасалап, бір жаққа кете тұрыңызшы» деп жазыпты ол.
— Қашқаным да өлгенім. Екі баламнан хабар-ошар болмай отырғанда, менің жаным солардан артық деймісің?! Егер менен тағы бір жаулық пиғыл табардай болса, келсін де алып кете берсін,— деп Кәрібай НКВД офицерлерінің бірінің жасырын ескертуіне ықпай, «Алтын қожа мешіті» деген жердегі жазғы жайлауда тігілген қараша үйінде төрт қабат көрпешені салдырып алып, малдасын құра отырды да қойды. Іңкәр бәйбішесінің, Бақтияр баласының қайта-қайта жалынып, бір жаққа жасырына тұруды өтінгенін құлаққа да ілмейді.
Ертеңіне түс ауа НКВД-ның қара машинасына мінген екі милиционер сау ете түсті. Біреуі — Кетебай Молдабаев та, екіншісі ұзын бойлы орыс жігіті еді. Төро алдына малдасын құрып отырған Кәрібайды көріп, Кетебай еріксіз ернін тістеледі. Жасы алпыс екідегі, сақалы беліне түскен адуынды шалдың міз бақпай отырғанын көріп, бетін бір рет тыржың еткізді де, теріс айналып кетті. Орыс жігіті әй-шәйге қарамай, Кәрібайдың қолына кісен салды да, өздері мініп келген НКВД-ның қара машинасына қарай сүйрей жөнелді.
«Қызылтам» бұл кезде үшінші ауыл деп аталатын, осы жерден «Қызыл әскер» деген колхоз орнап, Кәрібай мен Іңкәр сонда колхозшы болып істейтін. Түрмеден келісімен колхозға мүше болып, бәйбішесімен екеуі ала жаздай кетпен шапты. Алты жыл түрмеде отырып келген оған ауыл-ел, колхоз басқармасы болып аяушылық

білдіріп, бұларға төрт қозылы қой жинап беріп еді. Сол малды сатып, ақшасын отағасының қалтасына салудан басқа ештеңенің ретін келтіре алмаған Іңкәр машина орнынан қозғалмай тұрғанда-ақ көршілеріне жүгірді.
— Сонымен менің анам қапелімде біздің төрт қозылы қойымызды сатып алатын адам тапты да, бәрін 110 сомға сатып, ақшасын орамалға түйіп, менің қолыма әкеп салды. Көршімізден бір ат табылып, мен соған міне сала Қармақшыға қарай шаңғытып жүріп кеткен НКВД машинасының артынан қуып бердім. Ол кезде қайбір жол жетісіп тұр дейсің. Қазғанақты, ойлы-қырлы, бұрқылдаған шаңға толы жолмен әрең жүріп келе жатқан машинаны «Қызылтамға» таяу қуып жеттім. Машинаның алдын орағытып, әкеме қолымдағы орамалды беретінімді ұқтырып, олай-бұлай ойқастадым. Машина тоқтады да, шофердің қасында отырған Кетебай менен онда не барын сұрады. Мен ақша бар екенін айттым. Машина ішіндегі тесік арқылы Кетебай әкеме:
— Кәреке, машинадан түсіп, балаңыздың бетінен сүйіңіз. Қызыл тер болып жетті ғой. Ақшасын алып, бетінен сүйіңіз,—деді.
Әкем машинадан түспеді, есік алдына жуықтап келген менен ақшаны қайдан алғанымды сұрады. Мен төрт қозылы қойды сатқанымызды айтып едім, әкем тіптен түнеріп кетті. Қолдағы бар ылаж — төрт қозылы қойды сатып ақшасын өзіне беріп жіберсе, бәйбішесі мен жалғыз ұлы қалайша күн көреді десе керек.
— Ақшаны кімнен алсаңдар, соның өзіне қайтып апарып беріңдер де, қозылы қойларыңды қайтарып алыңдар. Сүтін ішсеңдер де, сойып жесеңдер де, аштан өлмейсіңдер ғой. Ағаларың аман-есен келер болса, соларға арнап соярсыңдар. Айналайын, Бақтиярым, апаңа қолқанат бол, қош,— деп әкем сөзінің артын еріксіз жұтып, әрі бұрылды да, бүк түсіп машина еденіне құлай кетті.
Кетебай біресе маған, біресе машина еденіне құлай кеткен әкеме қарап, қолымдағы ораманы алу үшін маған қолын созды. Ақшаны соның қолына ұстаттым да, енді не істерімді білмей, қалшиып тұрып қалдым...
Бірер күнде Бақтияр оқитын мектепте оқушылар жиналысы болып, онда «халық жауы деп ұсталып кеткен Кәрібай Ноғайбайұлының баласы Бақтияр Кәрібаевты мектептен шығару туралы» мәселе қаралды. Бақтияр мектепте қалып, оқуын одан әрі жалғастыра беремін десе, фамилиясын өзгертуі керек. Әлгіде оқушылар алдында омырауындағы пионер галстугін жұлып алып мектеп директоры Бақтиярды ортаға шығарып, қалшита тұрғызып қойды да:
— Қане, айт жылдам, фамилияңды өзгертесің бе, әлде мектептен қуыласың ба?— деп қадала сұрады.
— Мектептен кетпеймін. Фамилиямды өзгертемін,— деді Бақтияр.
— Кім деп?
— Апамнан сұрап, ертең айтайын,— деді Бақтияр. Сонымен ертеңіне Бақтияр өзінің Кәрібай әкесінің атын тастап, үш аталық бабасы — Әбілдің атын атады да, сонан бастап Бақтияр Әбілов болып шыға келді. Колхозшы болып істейтін Іңкәр да сол күннен бастап Әбілова атанды.
Ұлы Отан соғысының зардаптары, көрген қорлық, «халық жауының қатыны» деген атақ Іңкәр әжені қатты қажытып кетті де, соғыс бітісімен дүние салды. Бақтияр болса, 1943 жылы соғысқа аттанып, онан аман-есен, омырауына бірнеше орден, медальды жарқырата тағып оралды. Келісімен үйленіп, Қызылорда маңына көшіп келді. Машина-сынау станциясына шопан болып орналасты.
Өмір өз кезегімен өтіп жатты. 1930 жылы ұсталып кеткен екі ағадан да, 1937 жылы ұсталып кеткен әкеден де хабар-ошар болмай қойды. Бақтиярдың шопандық стажы 40 жылға толып, құрметті еңбек демалысына шығар сәт туғанда...
— Иә, осындай сәт туған кезде әкеден хабар келді. Оның өзінен емес. Ол 1992 жылы тамыз айында облыстық «Ленин жолы» газетінде «жазықсыз жазаланғандар ақталды» деп аталатын Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті облыстық басқармасының хабары еді.
Бұл құжаттарға жүгінер болсақ, Кәрібай Ноғайұлы 1937 жылғы 15 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан өлкелік НКВД «үштігінің» қаулысымен «антикеңестік әрекеттер жасады» деп айыпталып, ату жазасына кесілген. Бұйрық 26 қыркүйек күні орындалған. Бірақ, ол қайда атылды, қайда жерленді?— деген сұрақтар жауапсыз қалды... Кеңестік дәуірдегі алғашқы болыстық Кеңес атқару комитеті төрағаларының бірінен саналатын Кәрібай Ноғайұлының атын ақтап алудың өзіне осылайша 42 жыл керек болды.
— Әкемнің ақталғанын хабарлаған облыстық прокурордың Мемлекет Қауіпсіздігі Комитетінің тергеуін бақылау жөніндегі аға көмекшісі, бірінші дәрежелі заңгер М. Имандосовтан әкемнің ақталғаны жайлы қатынасты алысымен, онан екі ағам туралы мәліметтер беруін талап еттім. Олар жайлы ештеңе білмеймін деп ақталған болды. Сонда олар қайда кеткен? НКВД оларды менің көз алдымда ұстап алып кетіп еді ғой...
Бақтияр Әділовті «тұлпардың тұяғы» десе де болады. Қырық жыл шопандық құрған ол өзінің құтты таяғын үлкен ұлы Кәдірбайға беріпті. Кәдірбай жеті жылдан бері машина-сынау станциясының үздік шопаны. Онан кейінгі Ашықбайы мен Қанибайы — шофер. Олардан кейінгі үш қызы тұрмыста. Ең кенжесі — мектепте. Жеті бала, он алты немере өсіріп отырған Бақтияр аға қазір құрметті еңбек демалысында.
Бір шаңырақтан үш боздақ сталиндік репрессия құрбаны болған Кәрібай әулетінің қазіргі тал бүршіктері өмірге өз саясын молынан түсіре бастағанымен, сонау зұлмат жылдарда ұсталып кеткендердің орны үңірейіп тұрғаны ұмытылар емес.
...Облыстық ұлттық қауіпсіздік комитеті арқылы кейін анықталғанындай, Ноғаев Кәрібайды екі баласымен 1930 жылы халық жауы ретінде ұстап, түрмеге айдап әкеткен сәтте оның 200 қойы, 10 жылқысы, 30 түйесі тәркіге тағы ұшыраған. Но-

ғаев Кәрібай бес жыл айдауда болып, елге келгенімен, 1937 жылғы 15 қыркүйекте қайта қамалып, 11 күннен кейін атылған. Облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің бастығы А. Бапалақов боздақтың ұлы Бақтияр Кәрібайұлына жазған хатында сол тәркіленген малдардың құнын өндіріп алдыңыз ғой десе, облыстық қаржы басқармасы бастығының орынбасары К. Ідірісов тәркіленген малдар құнын төлеуден үзілді-кесілді бас тартқан. Солайша, екі басқарма бір-біріне қарсы әрекет еткен.

Ал Ноғаев Кәрібайдың 1930 жылы әкесімен бірге ұсталып кеткен екі баласының біреуі — Өтейбек Кәрібаев 1931 жылғы 25 ақпанда атылыпты. Шаруалар көтерілісіне қатысқаны сылтау етілген. Қазақ республикасының заңы бойынша, ол 1993 жылғы 14 сәуірде ақталған, бірақ оның өзінің жеке иелігінен алынған 15 түйе, 4 ат, 8 қойдың құнын қайтару жайлы мәселе тағы да сөзбұйдаға түсіп отыр.

*Мырқы ИСАҰЛЫ.*

(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1992 жылғы 7 қаңтар)

* * *

*«Боздақтар» кітабының редакциясы* Кәрібай Ноғаев, оның үлкен ұлы Өтей (Өтейбек) Кәрібаев жайлы архивтен алынған құжаттардың бірқатарын оқырмандар назарына ұсынады.

**НОҒАЕВ Кәрібай хақында:**

Выписка из протокола Тройки УНКВД по Южно-Казахстанской области, от 15-го сентября 1937 года

*СЛУШАЛИ:*
№ 18. Дело Кармакчинского РО № 136 по обвинению:
1. НОГАЕВА Карибая —1875 года рождения, бывший бай, волуправитель. В 1930 году за участие в Кармакумской банде был осужден к 5 годам концлагеря, срок отбыл. Обвиняется в том, что систематически проводил Карибай подрывную работу, организовал байскую группировку, собирал совещание, на которых обсуждались вопросы захвата руководства в колхозе с целью разложения колхоза. Одновременно распространил Карибай пораженческие слухи, разъезжая по колхозам агитировал, что конституцию изучать не надо — об этом доклад делал тов. Кузин.
Тройка УНКВД постановила:
НОГАЕВА Карибая — расстрелять, личное имущество конфисковать. Подлинный надлежащий подписали членами Тройки УНКВД.

ВЕРНО: старший инспектор 8-го отдела лейтенант КОРНЕЕВ.
ВЕРНО: Сотрудник УНКВД РК по Кзыл-Ординской области
*Е. БЕИМБЕТОВ.*

*ВЫПИСКА* из свидетельства о смерти:
Ногаев Карибай, 1875 года рождения, расстрелян 26/IX 1937 года — двадцать шестого сентября тысяча девятьсот тридцать седьмого года.

*ПРОТОКОЛ ОБЫСКА*

1937 года августа 25 дня, я сотрудники РО НКВД Тураханов и Тенгебаев на основании ордера Кармакчинского РО НКВД ГУГБ за № 43 произвел обыск у гр. Нугаева Карибая, проживающего в Кармакчинском районе, аул № 3, колх. Кзыл-Аскер. При обыске присутствовали гр. пред. аулсовета тов. Байсалбаев и колхозник Ибраев. Согласно полученных указаний задержан гр. Ногаев Карибай. Изьято для представления в Кармакчинское РО НКВД ГУГБ следующее.

ОПИСЬ вещей, ценностей и документов:
1. Юрта старая —1, 150 руб.
2. Бараны большие —8 штук, по 200 руб, 1600 руб.
3. Бараны маленькие —5 штук, по 100 руб, 500 руб.
4. Ишаки (осел)—1, 300 руб.
5. Справка НКВД —1.
6. Договор с колхозом —1.

ВЕРНО: сотрудник УКНБ РК по Кзыл-Ординской области
*Е. БЕЙМБЕТОВ.*

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫ
Азамат *Б. ӘБІЛОВКЕ*, Қызылорда қаласы, Чехов көшесі, № 1 үй.
4.09.1991 жыл, № 13 (26-91).

*АНЫҚТАМА*

Ноғаев Кәрібай 1875 жылы Қармақшы ауданы, Қызылорда облысында туған, 15 қыркүйек 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан УНКВД «Үштігінің» қаулысымен ату жазасына сотталған, үкім 1937 жылдың 15 қыркүйегінде орындалған.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 16 қаңтар 1989 жылғы «30—40 жылдары және 50-нші жылдардың бас кезінде орын алған жаппай қуғын-сүргіннің құрбандарының праволарын қалпына келтіру туралы» жарлығына сәйкес, Ноғаев Кәрібай 8 тамыз 1989 жылы аяқталды.

Облыстық прокурордың мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің тергеуін бақылау жөніндегі аға көмекшісі бірінші дәрежелі юрист *М. ИМАНДОСОВ.*

АКТ (выписка) 24 августа 1993 года
Гор. Кзыл-Орда

Комиссия облфинуправления решила:
Принять предложения Управления КНБ РК по Кзыл-Ординской области о возмещении причиненного ущерба реаблитированного Ногаева Карибая и поручить Кзыл-Ординскому горфинотделу возместить из республиканского бюджета

(раздел 222, параграф 14, символ 85) стоимости конфискованного у Ногаева К. домашнего имущества и скота его сыну Абилову Бахтияру при предъявлении им в установленном порядке свидетельства на право наследование, в общей сумме 220864 руб. (Двести двадцать тысяч восемьсот шестьдесят четыре рубля 00 коп)

Члены комиссии: *К. ШУКЕНОВ, А. ЕСМАХАНОВ, А. КУТМАМБЕТОВ.*

## СОТ ТАЛАПТЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРДЫ

Қызылорданың облыстық соты реттен тыс талапты қарап, таңқаларлық шешім қабылдады. Бақтияр Ноғаевқа 25 мың теңгені өндіріп, беруге шешім шығарды.

Істің мәні мынада: ол өзінің әкесін халық жауы ретінде 1937 жылы атқаны, 13 қойды, есек пен киіз үйді тәркілегені үшін сотқа талап қойған. Б. Ноғаев өзінің талабын тиісті архивтік құжаттармен дәлелдеп, тәркіленген қаржыны қайтаруды ғана емес, ол қазіргі баға бойынша 42 мың теңге, сонымен бірге моральдық нұқсан келтірілгені үшін 10 миллион теңге төлеуді талап еткен. Алайда сот республиканың Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы қаулысында орны толтырылатын қаржы 25 мың теңгеден аспауы тиіс деп көрсетілгеніне сілтеме жасай отырып, тиісті шешім қабылдады. Ал моральдық нұқсанды ол назарға да алған жоқ.

Егер тарихқа сенер болсақ, жаппай қуғын-сүргін жылдарында мүлікті тәркілеу әдеттегі іс болатын. Және республиканың әрбір тұрғыны шын мәнінде келтірілген зиян үшін ақша талап ете алады. ҚазТАГ. (*«Егемен Қазақстан»* газеті, 1995 жылғы 28 қыркүйек)

**Ноғаев Кәрібайдың үлкен ұлы Өтей (Өтейбек) хақында**

### ВЫПИСКА ИЗ ОБВИНИТЕЛЬНОГО ЗАКЛЮЧЕНИЯ

на жителей разных аулов Кармакчинского района:

НАУРЫЗБАЕВА Исмагула, ДАЛАШУРУНОВА, КАРИБАЕВА Утея, ТОБЖАНОВА Тулегена, КУПЕНОВА, КУПЕШБАЕВА Майкота, УМБЕТБАЕВА Кенжебая, ИЗБАСАРОВА, НАУРЫЗБАЕВА Майдакожа, ТОКСЕИТОВА, АКШОЛАКОВА Аймағамбета, ЕСЕНБАЕВА Конкебая.

Они вели усиленную агитацию среди населения, за присоединения их к банде и вооруженного восстания против Советской власти, принимали активное участие в боях против Красных отрядов, снабжали бандитов промтоварами и передвижными средствами. После разгрома банды до момента их ареста скрывались от преследования Красных отрядов...

... Карибаев Утей —25 лет, казах по национальности, гражданин аула № 3 Кармакчинского района, женатый, малограмотный, беспартийный, по происхождению — бай, в данное время имеет в хозяйстве —6 баранов, 4 лошади, с его слов не судимый...

Пом. уполномоченного
*О. О. Резников.*
«СОГЛАСЕН» ст. уполномоченный Мирошников.
«УТВЕРЖДАЮ» — начальник Чимкентского Оперсостава *Журавлев.*
ВЕРНО: сотрудник УКНБ РК подполковник *Ф. Т. Толстов.*
8 ноября 1993 года.

### *ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА № 59/5*

Заседания Тройки при ОГПУ в Казахстане от 25.II.1930 года.

*СЛУШАЛИ:* № 9. Дело № 4083 по обвинению Наурызбаева Исмагула и других в числе 11-ти человек по 58/2 и 59/3 ст. ст. УК

*ПОСТАНОВИЛИ:* Наурызбаева Исмагула, Карибаева Утея, Тобжанова Тулегена, Копешбаева Майкота, Умбетбаева Кенжебая, Наурызбаева Майдакожа, Акшолакова Аймагамбета, Есембаева Конкебая — РАССТРЕЛЯТЬ, ИМУЩЕСТВО — ВСЕХ КОНФИСКОВАТЬ.

Секретарь ТРОЙКИ *РУСАКОВА*
ВЕРНО: сотрудник УКНБ РК подполковник *Ф. Т. Толстов.*
8 ноября 1993 года.

### ВЫПИСКА ИЗ СВИДЕТЕЛЬСТВА О СМЕРТИ:

Карибаев Утей, 1906 года рождения, расстрелян 25.02.1931 г. двадцать пятого февраля тысяча девятьсот тридцать первого года.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫ
467001, Қызылорда қаласы, Червяков көшесі, № 1. 9.01.92 г. № 13/26—91. Азамат ӘБІЛОВКЕ, Чехов көшесі, № 1 үй.

### *АНЫҚТАМА*

Кәрібаев Өтейбек, іс бойынша Керімбаев Үтей, 1906 жылы Қызылтам елді мекенінде № 3 ауыл, Қармақшы ауданында туған, 1930 жылы қараша айының 16 күні қамауға алынып, 25 ақпан, 1931 жылы Қазақстан ОГПУ Үштігінің қаулысымен ату жазасына сотталған.

ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 16 қаңтар 1989 жылғы «30-40-ншы жылдары және 50-нші жылдардың бас кезінде орын алған жаппай қуғын-сүргіннің құрбандарының праволарын қалпына келтіру туралы» жарлығына сәйкес, 29 желтоқсан 1991 жылы Кәрібаев Өтейбек аяқталды.

Іс құжаттарында бауырыңыз Кәрібаев Өтейбектің суреті және қай жерде атылғаны туралы деректер жоқ.

Облыстық прокурордың аға көмекшісі кіші заң кеңесшісі И. ИМАНДОСОВ.

**Заключение о возмещении причиненного ущерба**
11 октября 1993 года, гор. Кзыл-Орда.

По материалам архивно-уголовного дела в числе других проходит Карибаев Утей, 1906 года рож-

дения, уроженец Кармакчинского района. Он был арестован и привлечен к уголовной ответственности 16 ноября 1930 года. Обвинялся в том, что принимал активное участие в организации бандитского выступления, вел агитацию среди населения за выступления в банду хана Жумагазы и Кожбана.

На допросах от 25 октября и 24 ноября 1930 года Карибаев Утей показал, что его имущественное положение состоит из 15 верблюдов, 4 лошадей, 8 баранов. В постановлении о предъявленном обвинении от 20 ноября 1930 года, а также в обвинительном заключении указано, что у Карибаева Утея в хозяйстве имеется 4 лошадя и 8 баранов.

Постановлением Тройки при ПП ОГПУ в Казахстане от 25 февраля 1931 года Карибаев Утей приговорен к расстрелу с конфискацией имущества.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессии» от 14 апреля 1993 года Карибаев Утей — реабилитирован.

На основании выше изложенного,— полагали бы: возместить наследнику ущерб, причиненный вследствии конфискации у Карибаева Утея 15 верблюдов, 4 лошадя и 8 баранов.

Ст. следователь УКНБ РК по Кзыл-Ординской области подполковник *А. БАКИРОВ,*

КОМИССИЯ ОБЛФИНУПРАВЛЕНИЯ РЕШИЛА:
(от 28 февраля 1994 года)

...поручить Кзыл-Ординскому горфинотделу возместить из республиканского бюджета (раздел 222, параграф 14, символ 35) стоимости конфискованных у реабилитированного Карибаева Утея домашнего скота его брату Карибаеву Бактияру, при предъявлении им в установленном порядке свидетельства на право наследования в общей сумме 5400 тенге 73 тиын.

Председатель комиссии *К. Шукенов,*
члены *А. Есмаханов, А. Кутмамбетов.*

*«БОЗДАҚТАР» РЕДАКЦИЯСЫНАН:* 1930 жылғы күзде әкесімен бірге ұсталып кеткен Кәрібаев Саудабек ағасы Өтейбекпен бірге Қарақұм көтерілісшілеріне қосылғанымен, оның тағдыры не болғаны белгісіз күйінде қалып барады.

## ЖҮРГЕН ӘУЛЕТІНЕ КЕЛГЕН НӘУБЕТ

Қазақ халқының дарынды ұлдарының бірі, Қазақстан өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, республика мәдениет халық комиссары Темірбек Жүргенов 1937 жылғы 2 тамызда «халық жауы» деген жаламен түрмеге атып ұрылды. Сол күні оның інісі, тау-кен институтының студенті Қабназар Қараев, Темірбектің елдегі інісі Сқақ Қараев та НКВД құрығына ілікті.

Темірбектің әкесі Қара (Сырлыбай) Жүргенов 1929—1930 жылдарда бай-құлақ деген атпен басталған голощекиндік зобалаңда барлық малмүлкі конфискаланып, өзі бес жылға жер аударылған еді. Қараның ұлдары — Қосжан мен Досжан әкесіне ұқсап түрмеге қамалып қалмау үшін Қарақұм құмдарына барып паналады. Сол жақта жүріп Қарақұм көтерілісшілеріне қосылды да, Совет әскерлері оларды күшпен басып, талқандап жіберген сәтте ағалы-інілі екеуі жоқ болды. Осы екеуін қосқанда, Қара Жүргенов бес бірдей баласынан айырылды. Соны азсынғандай, НКВД «қырғилары» Темірбек Жүргенов ұсталған күннің ертеңіне, оның сексен бір жастағы әкесі Қараның өзін ұстап әкеліп, сазайын берудің шарасын жасады. Қарақұм қойнауында жаз жайлап, қыс қыстайтын Қара Жүргеновты ұстап әкелу үшін екі жендет шұғыл аттандырылды.

Сол күні Жүргеннің Жұдырық деген баласынан қалған жұрағат Нұржанды, Қарақұл деген баласының баласы Пірназарды, Жарасбай деген баласының ұлдары Смақан мен Сқақты да ұстап әкелу үшін екі-екіден жендет жер-жерге шұғыл жөнелтілді. Сонымен Жүрген әулетінде тура 10 адамға НКВД тұзағы салынбақшы болды.

Қазірде еңбек демалысында жүрген, Қазақ ССР-нің үздік мұғалімі болып табылатын Қиназар Қосжановпен, яғни Қара Жүргеновтың немересімен тілдесуге тура келді. Сексен бір жастағы атасын НКВД жендеттері қалайша ұстап, қалайша алдына салып айдап әкеткенін өз көзімен көріп, жас жүрегі қан жылаған Қиназар сол жайлы маған былайша жыр ете айтып берді.

— Сол отыз жеті-отыз сегіздің дүрбелеңінде мен тура он жаста едім,— деп бастады Қиназар әңгімесін.— Атамның шын аты Сырлыбай болса да, оның қара өңділігі, денесінің ірілігі үшін жұрт оны Қара деп атап кетсе керек. Документінде тап солай деп жазылыпты. Сол атамды тұтқындау есімнен сірә бір шығар емес. Атамды жендеттер қалай ұстап, қалайша алдына салып айдап кеткенін әңгімелемес бұрын біздің атамыздың осыған дейін көрген қорлығы, ұлдары мен інілерінің қалайша репрессияға ұшырағаны жайлы айтып беруге тура келеді. Жүрген әулетіне келген зобалаң 1937 жылдан емес, әріден, 1929—1930 жылдардағы бай-құлақтарды тәркілеп, жер аудару науқанынан басталды. Сол кезеңнен бастап Жүрген әулетінің өмірі өксумен өтті.

—1929 жылы Филипп Исаевич Голощекин: «байқұлақтар қалмасын, аша тұяқ қалмасын, байлар түгелдей конфискаланып, өздері жер аударылсын» деп ұран тастады емес пе?—деп Қиназар әңгімесін онан әрі жалғастырды.— Кімде-кімнің малы төрт жүз басқа жетсе, сол «бай-құлақ» деп жарияланып, мал-мүлкі алынды да, мал иесі жер ауда-

рылды. Атамның «қара тізімге» бірінші болып ілігуіне қарағанда, оның малы әлгі мөлшерден көбірек болса керек. Ол голощекиндік зобалаңға бірінші болып тартылды да, барлық мал-мүлкі тартып алынды. Өзі бес жылға жер аударылды. Кешегі күндері жұрт «шіріген бай» атап жүрген Қара Жүргенов солайша бір күнде-ақ тақыр кедей болып шыға келді. Ешкімнің еңбегін қанамаса да, барлық малын өзі және балалары бағып, жұрт қатарлы күн кешсе де, ол халықты қанаушы деп табылып, барлық малы мемлекет иелігіне өтті де кетті.
Мұндай зобалаң атамның өзіне ғана қатысты болса бір сәрі ғой. Оның балалары да бай-құлақ деп аталды. Жендеттер бір күні менің әке-шешемнің үйіне келіп әлек салды. Астан-кестенін шығарды. Анам Ардақан қолынан өнері тамған, іскер кісі еді. Абысын-ажындары оны «Әдемі отаудағы шешей» дейтін. Ал әкем Қосжан болса, ол ертұрман, үй жиһаздарын жасаудың шебері атанған. Әке-шешемнің алты қанат ақбоз үйі Жүргеновтер әулетіндегі ең көркем, жасаулы, отының басы таза, көрпе-төсегі мол, келісті үй саналатын.
Міне осы алты қанат ақбоз үй де конфискаға ілігіп, бір сәтте талан-таражға түсіп жоқ болды. Жендеттер сол үйді жығып, талап алып кетіп жатқанда әке-шешем дүние қоңыздыққа салынбады, ләм-мим демеді. Түрмеге атып ұрылған атама забіріміз тимесін деп жендеттерге қарсы жақ ашпады. Ешқайсысының қолын қақпады. Жендеттер үй орнында түлдыр да қалдырмай алып кетті. Сол кезде мен есімді білер шақта едім, неге екені белгісіз, мынау сұмдық оқиға тіпті де ұмытылар емес. Әкем мен шешем мені құшақтаған күйінде жұртта шоқиып отырып қала бердік.
Осындай зобалаңды Қара атамның келесі ұлы Досжан да, Темірбектен кейінгі ұлы Сқақ та бастан кешірді. Бәрінің де мал-мүлкі тәркіленіп, үйлері да тартып алынып, жұртта біз құсап шоқиып отырып қала берді. Бай-құлаққа қарсы жорықта осылайша Қараның Темірбектен өзге балаларының бәрі бір күнде үстерінде үйі жоқ, алдында тышқақ лағы жоқ тақыр кедей болып шыға келді.
Атамыздың түрмеге қамалып, артынша бес жылға жер аударылуы оның ұлдарының үрейін алды. Бәрі де түрмеге отырып қалу қаупі барын ұғып, бас сауғалауға көшті. Менің әкем Қосжан інісі — Досжанды ертіп Қарақұмға тартып отырды. Сол жақта голощекиндік зобалаңнан қашып-пысып жүргендерге қосылған. Солайша «Қарақұм көтерілісшілері» деген ат арқалап шыға келген. Кейбір тарихшылар көпіртіп айта беретініндей, олар Голощекиннің саясатына ғана қарсы болса да бүкіл кеңес өкіметіне қарсы қол көтерушілер деп айыпталды. Сол көтерілісшілер тірлігі голощекиндік қудалаудан туған шарасыздық екені ескерілмеді. Атамның сол екі ұлы, мейлі олар кеңес әскерлерінің шабуылы кезінде опат болсын, мейлі тұтқындалып, Қарауылтөбеге, Тайпының құмына, немесе Бірқазанға, «Қарабайтал сойғанға» апарып атылсын, ол жағын біз білмейміз. Ешқайсысы елге қайтып оралмаған күйі жарты ғасырдан да асып барады. Олардың қайда кетіп, қайда атылғаны жайында қолымызда әлі күнге түк мәлімет жоқ.
1932 жылғы Голощекин салған ашаршылық Қара Жүргенов әулетіне оңайға соққан жоқ. Күні кеше жұрт «шіріген бай» деп атайтын Қара ұрпағында аштан өлгендер де болды. Мәселен, атамның үлкен ұлы Ноғай тағдыр салған ауыртпалыққа аштық лаңы қосылып, 1932 жылы мәңгілікке көз жұмды. Сондай күндердің бірінде Қара атам ауылға қайтып оралды. Өкімет оны екі жыл бұрын босатқан болып шықты. Атам келді де, Аққошқардағы достары — Сүлеймен мүдәріске, Шонымұлы Келдібайға, кете руындағы Ізтелеуұлы Тұрмағамбетке, Шораяқбаласы Омарға, тағы басқа көптеген ескі достарына қолқа салып, солардан біраз мал жинап алды. Біздің басымыздан кешкен жағдаятты білетіндер бізден көмегін аямады. Сонымен атамның қамқорлығы арқасында біз 1937 жылға да жеттік. Атамыздың екі ұлы — Қосжан мен Досжан Қарақұмда жоқ болса, қалғандарымыз аштық ылаңынан құтылып, ел қатарына қосылып кеттік.
Бірақ 1937 жыл — Жүрген әулеті үшін ауыр соққы әзірлеген жыл болды. Алматыда жоғары лауазымда жұмыс істейтін Темірбегі мен тау-кен институтында оқитын Қабназары бірінің артынан келесісі «халық жауы» деген жаламен түрмеге атып ұрылды. Бұл кезде Қарақұмда із-түзі құрыған Қосжан мен Досжаны да «халық жауы» атанып, ауыл белсенділері айқайлап шыға келді. Қараның балаларынан Беназар мен Айназар ғана жастығы себепті тұтқындалудан аман қала тұрды.
— Қара Жүргеновтың Алматыдағы бірден-бір, ауызға ілінген ұлы Темірбек Жүргеновтің түрмеге жабылуы қазақ халқына біраз дүрбелең салды. Соның артынша Темірбектің елдегі қарт әкесін де түрмеге жабу жайлы бұйрық болыпты. Сол жайында айтып беріңізші,— дедім сексен бір жастағы Қара Жүргенов ақсақалдың тұтқындалуы секілді құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық оқиғаны білгенше дегбірсізденіп отырғанымды жасырмай.
— Иә, сол арадағы көріністі егжей-тегжейлі айтып беруге тура келеді. Онан біз НКВД жендеттері кезінде құрбандықтарының жас шамасына да қарамай, бәрін «отай» бергенін айқын аңғарамыз,— деді Қиназар осыдан жарты ғасырдан да бұрынғы оқиғаны рет-ретімен айта бастап,— Алматыдағы Темірбек ағамды 1937 жылғы 2 тамызда түрмеге атып ұрса, елде менің атамды тамыздың бес-алтысы шамасында түрмеге қамады. Келесі қыркүйек айының бас кезінде біз атамызды Қармақшыдан өзге бір қалаға алып кеткенін байқадық. Кейін облыстық прокуратурадан алған қатынас қағаз бойынша, атамды Оңтүстік Қазақстан өлкелік НКВД-сның «Үштік» соты қыркүйек айының 15-і күні ату жазасына соттап, сол үкім 26 қыркүйекте орындалғанын білдік.
Атамды алдында осындай өлім жазасы күтіп тұрғанын біз білмедік. Тамыз айының ортасында біз азын-аулақ малымызды Қарақұмнан Сыр бойы-

на айдап келе жатқанбыз. Қармақшының батыс бетінде, Қарадүзгенді қабақ деп аталатын төбелер жотасының дарияға қараған еңістігінде малымызды шашырата айдап, әрі жолшыбай от оттатып келе жатыр едік. Кешке дейін Қармақшының батыс іргесіндегі қайық аузына жетіп қону ойымызда бар еді.

Атам кештің алдында көнбісті көк биесіне мініп, жәйімен көш бастап келе жатқан. Мен, Беназар мен Айназар үшеуіміз малымызды шашырата жайып, асықпай айдап келе жатқанбыз. Ал менің анам мен Кәмпит әжем және атамның кенже қызы Зағипа қоршаулы түйе үстінде келе жатқан.

Кенет алдымыздан екі салт атты сумаң етіп шыға келді. Біреуі қазақ та, екіншісі — орыс. Қазақ милиционер екпіндете шауып жетіп келе берді де, атама қарап:

— Сен шал, кімсің әй? Сен Қара Жүргенов деген емессің бе?— деп әкіреңдей сұрады. Зірік-зірк етті.

— Болсақ болармыз. Иә, мен Қарамын,— деді атам іркілмей. Үні сұсты шығып, атамның бірден-ақ көңіл күйі өзгеріп сала бергені белгілі болды. Мен де, Беназар да, Айназар да тайларымызға бір-бір қамшы ұрып, қастарына жетіп-ақ келдік. Милиционер мен атамның сол алғашқы тілдесуінің өзін біз толық естіттік.

— Тіпті жақсы болды. Қарақұмды шарламай, қолымызға оңай-ақ түсе кеттің, қара Жүргенов. Кеше Алматыда Темірбек Жүргенов деген балаң халық жауы ретінде түрмеге қамалды. Қабназар Қараев деген тағы бір балаң институтта оқиды екен. Ол да халық жауының інісі ретінде түрмеге қамалды. Бұл — бұл ма, сенің екі балаң...— қазақ милиционер қалтасынан бір жапырақ қағаз шығарып, оған үңіле қарап алды,— Қосжан, Досжан Қараевтар Қарқұм көтерілісіне қатысып, тиісті жазасын алды. Тағы не? Тағы өзің бай-құлақ ретінде бес жылға жер ауып келгенсің. Міне осындай айыптар негізінде сен қазірден бастап тұтқындасың. Халық жауы деп айыптауға кінаң бір басыңа артып жығылады. Қане, алдымызға түс, біз сені айдап әкетеміз. Сол үшін келдік.

Туралығын айтайын, тап осы арада орыс милиционер ләм деп жақ ашқан жоқ. Оның қасына Беназар мен Айназар барып, онымен орыс тілінде сөйлесті де, атамды тұтқындауға прокурордан ордер бар ма деп сұрады. Орыс милиционер прокурор берген ордерді көрсетті де, қап-қара болып түтігіп тұрған Қара атама тесіле қарап, оның әрбір қимылын бақты. Егерде мынау ірі денелі шал қарсылық көрсетердей болса, атып тастаудан да тайынбайтынын ұқтырды. Оң қолын наганының кобурына салған күйі сазарып, қап-қара болып кеткен атамнан көзін аудармады.

— Сен шал, тез атыңнан түс. Бойыңда суық қаруың болса, бәрін жерге таста. Анау беліңдегі белбеуіңді қынымен жерге лақтыр,— деп бұйырды қазақ.

Ашу қысқан атам көк биесінен қалайша жерге түскенін біз байқай алмай қалдық. Бұрындары ол кісі өзге біреудің көмегінсіз аттан түсіп, атқа міне алмайтын. Ал қазір кереметтей шалттық танытты. Аттан түсті де, беліндегі белбеуін шешіп алып, қазақ милиционердің аяғының астына қарай лақтырып жіберді.

— Сексен бірге келген қаусаған шалда осыдан өзге нендей қару болушы еді? Керегіңді ал,— деп жекіді атам. Қазақ милиционерге ажырая қарап, оның өн бойын оқты көзімен атып жіберердей болып, тесіле түсті.

Жендеттер алдында осындай оғаш мінез көрсеткен атамызға біз таңырқай қарастық. Көмірдей қап-қара болып кеткен атамыздың өңінен көз алмаймыз. Әне атамыздың кіші әйелі Кәмпит әжем де, Беназар ағам да атама жуықтап келіп, оны тыныштандырғысы келеді. Қанына қарайған атам тап қазір ешімді де тыңдар түрі көрінбеді.

Қазақ милиционер атам лақтырып тастаған белбеуді беліне байлап, маңғаздана түсті. Жерден жеті қоян тапқандай болып, ыржың-ыржың етті.

— Әй көргенсіз. Иманнан безген пәдәрі неме? Ең болмаса, анау қындағы күміс пышақты таста. Семьям, бала-шағам тұтынсын. Бір қаралық күміс зергерлі белбеу сендей имансыздың тақиясына тар келіп тұр ма. Таста пышақты,— деп айқайлады атам. Даусы жер жарғандай, зілді шықты. Осындай өктем үн есіте қоямын демесе керек, қазақ милиционер қасындағы орыстың жақтырмағанын қабағынан танып, қындағы күміс пышақты жерге тастауға мәжбүр болды.

Әжем Кәмпит те, ағаларым Беназар мен Айназар да, ең әрісі менің анам Ардақан мен қарындасым Зағипа да пышағы құрысыншы, алса алып кете берсінші дегенді сездіріп, атама жаутаңдап қарады. Бірақ соны тілмен айта алмай, іштей өксіп жылап тұрды. Көзінен қанды от шашқан атама мен де тесіле қарап, ол мынау қос жендетті тезірек қуып жіберсе екен деп тілеймін. Істің насырға шауып бара жатқанын ұққан Кәмпит әжем кенет сыңсып жылап, үн шығара беріп еді.

— Тәйт, сыңсыма. Ондай жаман ырымды бастама, кемпірім. Сексеннен асқан мендей қаусаған шалды өкімет қайтсін. Мендей шалдан нендей жаулық шығады десін. Бес жылға жер ауып келгенім, мал-мүлкімді түгелдей бергенім, екі баламның Қарақұмда жоқ болғаны, екі ұлымның Алматыда түрмеге қамалғаны аз ба? Тергептексеріп, қайтарып жібереді-дағы. Өкімет осы екі міліца емес шығар,— деп атам әжемді біраз нұқыртып алды да, енді екі жендетке бұрылды.— Айдап кетем десеңдер, міне мен дайынмын. Тап қазір төрт ұлымнан айырылып, қанаты қайырылған қыран құстай болып тұрған жайым бар. Олардан менің жаным артық па? Артық емес. Егер тап қазір атып тастаймын десеңдер, міне көкірегім. Қой боғындай қорғасындарыңды қасқая тұрып қарсы аламын. Қой дер болсам, бүгежектесем, атым өшсін. Атаңа нәлет деңдер. Тап қазір ажалымды қасқая тұрып қарсы алуға мен дайын.

— Біз кішкентай адамдармыз. Екеуіміз де сержантпыз. Бастықтарымыз қарсылық көрсетердей болса ғана атып тастай салыңдар дегені рас. Біз ешқандай қарсылық көріп тұрмаған соң, оқты шығын еткіміз келмей тұр,— деді қазақ милицио-

нер.— Қане, онан да тезірек алдымызға түсіңіз. Қармақшыға жаяу барасыз.

— Оу, шырағым-ау, мұның не? Сенің де мендей әкең бар шығар. Сексеннен асқан шалды алыста бұлдырап көрініп тұрған ауданыңа жаяу айдап апарамын дегенің не? Мынау көк биеммен барамын. Қиназарым мен Беназарым екеуі алып қайтады,— деді атам. Қазақ жендет біразға дейін атамды жаяу айдап алып кетемін деп қарсыласты. Астындағы аты жарамды, әрі қолында наганы бар орыс милиционер қарны қампиған биемен шалдың қашып құтыла алмасын біліп, анаған бірдеңе деп сыбыр етіп еді. Қазақ жендет сонан кейін ғана атамның атпен жүруіне келіскен рай байқатты.

— Орыс болсаң да, иман жүзді екенсің, шырағым. Рахмет, балам,— деп атам қазақ тілінде айтқан осы алғысын анау орыс милиционер түсінетіндей-ақ, оған жылы шырай бере қарады да, манадан бері қасында қимылсыз тұрған көк биеге ұмтылды. Мұндайда біз атамызды сүйемелдеп атқа отырғызатын едік. Сол әдетімізбен, мен де, Беназар мен Айназар да тайларымыздан қарғып түсе қалып, атамызға қарай ұмтыла беріп едік.

— Марш отсуда. Қараш-ш өздерінің бәлесін. Халық жауының қолына бірдеңе ұстатып жібергелі ұмтылып келе жатсыңдар-ау ә? Жоламаңдар,— деп айқайлады осы сәтте қазақ. Оның мынау көргенсіздігіне зығырданы қайнап кеткен атам мана аттан қалай жеңіл қарғып түссе, бұл ретте де көк бие еріне оңай-ақ жайғасты. Бізге де, анадай жерде ақтарыла қарап тұрған Кәмпит әжеме де, келіні Ардақанға да, қызы Зағипаға да зер салмаған күйі Қармақшы жаққа қарай бүлкілдетіп ала жөнелді. Оны бірден шаба жөнеліп, қашып құтылып кетеді деп білген қос жендет артынан шоқандай ілесіп, екеуі екі жағынан шығып, атамды ортаға ала берді. Беназар ағам және мен екеуіміз атамыздың манағы сөзі бойынша, Қармақшыға бірге барып, көк биені жетелеп алып қайту, қандай жерге жатқызатынын біліп қайту үшін артынан шаба жөнелдік.

Атамды сол бетімен Қармақшы түрмесіне бірден алып келді. Бастықтардың біріне алып барып, тергеп-тергеп қайтарып жіберер деген біздің үмітіміз босқа кетті. Атам тура түрме алдына келіп атынан түсті де, көк биенің шылбырын маған ұстата беріп:

— О айналайындар, жеттіңдер ме? Тез ауылға қайтыңдар. Күн кешкіріп қалды. Әжең мен апаң үйлерін тігіп боламын дегенше түн болып кететін болды-ау. Қайта қойыңдар,— деді. Менің бетімнен шөпілдете сүйді де, он жеті жастағы Беназарды бауырына қысып, аймалады. Осы сәтте мен жылап жібере сақтап, леки келіп қалған өксігімді әрең тежеп қалдым. Беназар ағам да маған ұқсап, жылап жібере сақтап, бетін әрі бұра берді. Біздің осындай жағдайымызды байқады да, атам манадан бері қасында безрейіп тұрған қазақ жендетке бұрылды.

— Осы Қармақшы түрмесінде Күздеубайдың Сүлейменi, Шонымның Келдібайы, Ізтелеудің Тұрмағамбеті жатыр деп есітіп едім. Сол рас болса, мені соларға қосшы, айналайын. Сенен ақырғы өтінішім сол болсын,— деді.

— Сенің камераң бөлек. Сен бүкіл үрім-бұтағың халық жауы саналып отырған адамсың,— деді де, қазақ милиционер атамды ішке алып кетті. Біз атамның көк биесін ұстаған күйі түрме алдында біраз жүріп алдық. Біреу-міреу кездессе, атамның орналасқан бөлмесін біліп алғымыз келді. Ымырт үйіріліп, қараңғылық түсе бере көк биені жетелей, Қарадүзгенді қабаққа қарай бет алдық.

Беназар ағаммен екеуіміз он күн бойы Қарадүзгенді қабақтан Қармақшы түрмесіне қатынадық та тұрдық. Әкелген тамағымызды да қабылдамай, атамызбен де кездестірмей қойды. Егерде біз мұндай дүрбелеңге түспегенімізде, Беназар ағам ендігі Ақтөбе жақтағы оқуына әлдеқашан кетіп те қалатын еді. Атамның түрмеге түсуі оның жоспарын күл-талқан етті. Беназар ағам надзирательдердің бірімен тіл де табысып, алақанына бірдеңе қыстырып та көрді. Ең болмаса, атаммен бір рет жолықтыр деп жалынды. Барлық тірлігіміз еш бола берді.

— Атаңды кеше бір жаққа алып кетті. Шешеңе айт, атаңа арнап құран оқытсын,— деді әлгі біз тіл табысқан надзиратель бір күні. Бұл сөз біз үшін жай оғындай болып естілді де, атамыздың атылғанын ұғып, екі көзімізден жасымызды ағыза ауылға қарай шаба жөнелдік. Біздің не күйде келе жатқанымызды Кәмпит әжем мен Ардақан анам анадайдан-ақ байқап, бізге құшақтарын жая қарсы ұмтылды. Апам мені, әжем Беназарды құшақтап, азан-қазан жылап жатырмыз...

Күндер зулап өте берді. Қарақұм көтерілісіне қатысты деп жүрген Қосжан әкем мен Досжан ағаларымнан қабар болмаса, Алматыдағы Темірбек ағам мен Қабназар ағам да түрмеде жатып, олардың жай-күйі біз үшін белгісіз болып бара жатса, бұл жақта НКВД құрығына түскен атамның жағдайы мынадай болса, біз үшін мұнан өткен қорлық жоқ еді.

1938 жылғы 22 наурызда, сегіз ай тергеуден кейін Темірбек ағам Алматыда, он тоғыз комиссардың бірі болып атылды деген кішкене газет хабары жер-жерге тарады. Бұл хабар біздерге, Жүргеновтер әулетіне жай оғындай әсер етті. Ал Қабназар ағамның жай-күйі не болғаны белгісіз күйінде қала берді. Шамалы күн өте бере, Темірбек ағамның үйіндегі Дәмеш жеңешем түрмеге қамалды деген хабар алып, сол күні менің анам Ардақан күнді ұзаққа көз жасын көл етті. Дәмеш Сүлеймен Есқараев ағамыздың үйіндегі Аяш жеңгемізбен бірге қамалған. Уақыттан оза отырып айтарым: менің Дәмеш жеңешем 18 жыл түрме жазасын тартып, елге әрең оралды. Сол түрмеде Дәмеш тұтқындағыларды туберкулез, өкпе ауруларынан емдеу ісімен айналысып, тыным тапағанын сталиндік зобалаңның келесі бір құрбаны Тәуедин Досжанов деген азамат «Егемен Қазақстан» газетінің 1997 жылғы 1 мамырдағы санында айрықша атап көрсетті.

Алматыда Темірбек ағам атылып, елде Қара атамнан тағы айырылып, тауымыз шағылып отырған сәтте, Қарақұм мен Қызылқұм құмда-

рының әр жерінде мал жайымен жүрген Қара атамның інілеріне де НКВД құрығы түскенін біліп, төбе шашымыз тік тұрды. Жүрген бабамыздың ұрпақтары, менің Қара атамның інілері болып табылатын Жұдырық баласы Нұржан, Қарақұл баласы Пірназар, Жарасбай балалары Смақан мен Сқақ та халық жауының туыстары деген атақпен ұсталып, түрмеге айдалып кеткен еді. Олардан тек Нұржан ғана он жыл түрме жазасын тартып, елге оралды да, қалған үшеуі ұшты-күйлі жоғалды.

Сонымен Жүрген ұрпағынан он адам түрмеге қамалса, сонан тоғызы репрессия құрбаны болды да шықты...

Жүрген әулетіне келген бұл нәубет оның кейінгі ұрпағына да ауыр соққы болып тиді. Қазірде жасы алпыстан асып, еңбек демалысына шыққан Қиназар Қосжанов осы ретте маған былайша сыр шертті.

— Қара Жүргенов атамның өзі бас болып, оның бес белбаласы түгелдей репрессия құрбаны болғанын мен жоғарыда айттым,— деп бастады Қиназар әңгімесін.— Онда жалпы сегіз ұл болған ғой. Ең үлкені Ноғай атамды бай-құлақ деп алғаш бес жылға жер аударған кездің өзінде-ақ бұл қорлыққа шыдамай, әрі аштыққа тап болып, өліп кетті. Егерде ол тірі болғанда НКВД оны ең алдымен ұстап, атып жіберер ме еді қайтер еді. Онан кейінгі бес белбаласының қалайша опат болғаны жайлы толық мәлімет берілді. Ал жетінші баласы Беназар мен сегізінші баласы Айназарға келсек, олардың тағдыры кейін былайша қалыптасты: Беназар мен Айназар екеуі де елде халық жауының баласы деген жаман атты есітпеуі үшін жастайынан соғысқа сұранып кетті. Айназар дереу фамилиясын өзгертіп алуы арқасында ғана атылудан аман қалып, соғыста өз ажалын тапты. Беназар ағам болса, ол фамилиясын «Қуанов» деп өзгертіп алуы себепті атылмай, аман қалды. Ұлы Отан соғысынан осы Беназар ағам аман-сау оралды.

Қара атамның немерелеріне келсек, қазіргі екі ұл немересі бармыз. Қосжаннан мен болсам, Сқақ ағамнан Келназар бар, ол Целиноград қаласында тұрады. Беназардан Бижан және Телжан бар. Қара атамның бел баласынан Беназар — Алматыда. Қыздарынан Зағипа да — Алматыда. Қыз немерелерінен Сымбат, Марита, Әнипа, Галя, Дәриха бар. Қазір олар Алматы қаласында тұрып жатыр.

Атамның немерелерінен Мимназар халық жауының немересі деген атақ арқалауға шыдамай, жасы жетпесе де өзі сұранып, майданға кетті. 1945 жылғы 25 наурызда Кенигсберг деген қаладан жазған хаты келді де, сонан кейін ол ұштыкүйлі жоғалды. Келесі немересі Жұманазар да халық жауы деген қорлыққа шыдамай, 17 жасында соғысқа сұранып кетті де, сонан қайтып оралмады.

— Халық жауы болғандардың балалары да мектептен қуылды дегенді біз талай есітіп едік. Сол зобалаң сендердің бастарында болған жоқ па?— деп сұраймын Қиназардан.

— Болғанда қандай,— деді Қиназар.— Бір күні үшінші класта оқитын мен мынадай зобалаңға тап болдым. Сабақта үздік оқиды деп мені кластың алдыңғы партасына отырғызушы еді. Менімен бірге отыратын парталас бала кенет мені шынтағымен итеріп, орныма отырғызбай қойды. Мұғалім ағайға жалт қарап, парталас баланың мынаусы несі дегендей болып едім. Мұғалімім маған безірейе қарап тұрғанын білдім. Сотанақтық жасаған балаға кеюмен ісі жоқ. Екінші партаға ауысып едім, ондағы бала да әлгідей жасады. Сонымен кластың ең соңынан бір-ақ шықтым. Онда менің бауырларым Айназар мен Үрзалипа да тап әлгідей күйді бастан кешіріп, жылап отырған үстінен түстім. Бір сұмдықтың болғанын сезе қойдым.

— Осы үшеуің де халық жауының ұрпағы ретінде, тап қазір фамилияларыңды өзгертесіңдер. Айназар, Үрзалипа, бұл әсіресе сен екеуіңе тікелей қатысты. Екеуіңнің де фамилияларың Қараев болуы себепті, біз ондай халық жауының атын класс журналына бадырайта жазып қоя алмаймыз. Қиназар, сен Қосжанов екенің рас. Қосжан да совет өкіметіне қарсы қол көтергендер ретінде тиісті жазасын алған. Демек, сен де фамилияңды өзгертесің,— деді мұғалім кенеттен.

Біз үшеуіміз де үнсіз тұра бердік. Айназар мен Үрзалипа екі көзіне ерік беріп, омырауын жаспен жуды. Кенет менің есіме арқамнан қағып, бетімнен шөпілдете сүйген атамның бейнесі түсе кетті де, дереу азаматтығым ұстай қалды.

— Сонда мен кім болып жазылуым керек? Менің әкем Қосжанның халық жауы екенін немен дәлелдейсің?— дедім нығарлай үн қатып.

— Әне-әне, бөрінің бөлтірігі деген осы. Бөрінің бөлтіріктігін істеп тұр. Сенің әкең Қосжанның Қарақұм көтерілісіне қатысқаны бекер ме? Оның Темірбек Жүргеновтың ағасы екені өтірік пе? Солай, айттық — бітті. Өзгертесің деген соң өзгертесің. Өзгертпейді екенсің, қазір мектептен қуып жібереміз,— деп зілденді мұғалім.

Үзілісте біз үшеуімізді мектеп директорына шақырды. Онда ауданнан келген өкілдер де бар болып шықты. Бәрі бізді ортаға алды. Менен де, Айназардан да пионер галстугін жұлып алды. Класта айтылған сөздер мұнда тағы қайталанды. Үшеуіміз де ештеңе демей, жақсы-ау, жаман-ау демей, жылап шығып кеттік. Коридорда келе жатып мен Айназар мен Үрзалипаға класта әлгі талап тағы қайталанса, кластан шығамын да жүре беремін, мектепке мүлдем келмей қоямын деп ескерттім.

Үлкен үзілістен кейінгі сабақта мұғалім тіптен қатая түскендей болды. Класс журналын алдына алып, соған біздің жаңа фамилиямызды жазып қоюға да ыңғайлана бастады.

— Мен фамилиямды кім деп жаздыруым керек?— деп айқайладым.

— Шешең дереу байға тисін. Тиген байының атына жазыла салсаң жетіп жатыр. Әлде шешеңнің атын фамилия ете сал,— деді мұғалім ыржия күліп,— мынаның шешесінің аты кім еді?

— Ардақан,— деді кластың алдыңғы партасында отырған балалардың бірі.
— О тамаша. Ардақанов боласың да шыға келесің,— деп күлді мұғалім. Кластағылар ду күлді. Мен бұл қорлыққа шыдамай, қағаз-қаламымды сөмкеме салып алдым да, жылаған қалпымда кластан шығып жүре бердім. Соңымнан Айназар мен Үрзалипа да жылаған қалпында жүгіріп шығып келе жатты.
Осы әжуалықты менің анам естіп де, күнді ұзаққа жылаумен болды. Мені құшағына алып отырып жылады. Әкем Қосжан Қарақұм көтерілісіне кеткенде 29 жасында қалған анам сонан бергі жеті жыл бойына өмір жасын өксітіп келе жатыр еді. Отыз алты жастағы анамның шашына ақ түсіп, бейне ауыл кемпіріндей халге жетсе, бұл — басқа түскен қайғы-қасыреттің мол таңбасы болатын.
— Құдай қосқан Қосжанымнан қалған тұяқ өзіңсің, жаным. Әкеңнің ақ төсегін былғау, күйеуге тию ұшықтаса да ойыма келмеген тірлік. Енді күйеуге тиіп әжуа болғанша, отыз алты кесектің астында неге жатпаймын,— деп жылады анам. Оған қосылып мен де жылай бердім, жылай бердім...
Анамның фамилиясы да Қосжанова болатын. Оған да соны өзгерту талабы қойылып, бырaз қуғынға ұшырады. Фамилиясын өзгертіп, әкемнің атымен Мәмилаева болып жазылғанша, оны колхозға мүше етіп те қабылдамай қойды, сайлауға да жібермеді. Сол ардақты анам 1969 жылы, алпыс тоғыз жасында қайтыс болды.
— Қара Жүргенов атаңның белбалаларынан бастап, бүкіл немерелеріне дейін аты Назар болып аяқталуы несі?— деп сұрадым Қиназардан.
— Қара атам Ахмет Байтұрсыновпен де достығы жарасқан кісі болыпты. Барлық балалары мен немерелеріне сол Ахмет Байтұрсыновтың алфавитінің әріптері бас әріп болып алынып, соңына Назар дегенді қоса берген ғой. Мұнысымен, Қара атам өзінің Ахмет Байтұрсыновпен достығын паш етпек болса керек,— деп күлімсірейді Қара Жүргеновтің немересі.

* * *

Жүрген әулетінен сабаудай тоғыз боздақ репрессия құрбаны болса, солардан Темірбек пен Сқақ заң бойынша ақталды. Қиназар Қосжанов 1990 жылғы 10 желтоқсанда Қызылорда облыстық прокурорының мемлекет қауіпсіздігі комитетінің тергеуін бақылау жөніндегі аға көмекшісі юстиция кеңесшісі Ж. Жұмашев жолдастан алған 8 қатарлық анықтамасында Қара Жүргенов 1937 жылғы 26 қыркүйекте атылғанын айта келіп, оның қайда атылғанын қабарламағанын, денесі қайда қалғанын атап көрсетпегенін білдік. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығына сай Қара Жүргенов ақталды дей тұрып, оның конфискаланған барлық малмүлкін қайтару жайлы бір ауыз да сөз айтылмайды. Сегіз-ақ қатардан тұратын мұндай анықтама-жауаптан не ұғып, не білуге болады? Осы екі арада ұшты-күйді жоғалып кетті деп жүрген Жүрген әулетіндегі Сқақ Қараев пен Пірназар Қарақұлов 1937 жылғы 30 желтоқсанда «халық жауы» ретінде атылып кеткені жайлы дерек осы жолдар авторының қолына түсті. Олардың мал-мүлкін кім даулайды?
...Жалағаш қыстағының орталығындағы Темірбек Жүргенов көшесімен жүріп келемін. Дәл осы көшеден тура 37 адамның қолы қойылған хат орталық баспасөзге жолданып, онда Алматы жанында 19 комиссар атылған жерге орнаған шошқа фермасын тезірек құрту, ол жерден көрнекті ескерткіш орнату талабы алға қойылғаны мәлім. Егерде бұған Қазақ ССР Үкіметі көнбесе, сол 19 боздақтың сүйегін Түркістанға, Хожа Ахмет Яссауи маңына әкеліп қайта жерлеуге мәжбүр боламыз деген талап қойылады. Меніңше, бұл талаппен есептесуге тура келеді. Осы 37 боздақтың бірі — Қара Жүргеновтің немересі, Алматыда атылған 19 боздақтың біреуі — Темірбек Жүргеновтың інісі Қиназар Қосжанов екенін ескеру керек. Оның мұндай талап қоюға толық хақысы бар.
Осы Темірбек Жүргенов көшесіне жақын маңдағы Мәдениет үйіне зер саламын. Жақсы-ақ ғимарат екені көрініп тұр. Тап соның алдына Жалағаш түлегі Темірбек Жүргеновтің бейнесі тұрса, жарасып-ақ кетер еді. Қазір ол жерде Бұқарбай батыр бейнесі қойылыпты.
Немесе Жүрген әулеті ғұмыр кешкен осы Жалағаш ауданындағы «Жаңаталап» кеңшары ше? Бір әулетінен он адам «халық жауы» болып, тоғызы жендеттер оғынан көз жұмғаны сондағы бауырлардың қалайша қабырғасын қайыстырмайды. Сол ауылда әлгі тоғыз боздақты ортақ еске түсіріп тұрарлықтай бір ескерткіш орнатылса құба-құп болар еді-ау!

(Жалағаш аудандық *«Жаңадария»* газеті, 1991 жылғы 22—24 қаңтар).

## СӘКЕНГЕ ТАҒЫЛҒАН ЖАЛА

**Қазақтың аяулы азаматы Мұстафа Шоқайға байланысты деректер іздестіре жүріп, бір архивтік құжатта мынандай жолдарды оқыдым. «Мұстафа Шоқаев жазған хатының бірін Сұлутөбе тұрғыны Мұртаза (дұрысы Нұртаза,— Авор) Сәкен Сейфуллин арқылы алды...» Бұл оперативтік мәліметтер Сәкен Сейфуллиннің тағдырына қандай әсер етті екен деген оймен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитетінің архив қорындағы № 04519 тергеу ісімен танысып шықтым.**

Бұл тергеу де әдеттегідей бір жапырақ анықтама қағазынан басталған. Онда қысқаша былай делінген: «Сәкен Сейфуллин 1894 жылы туған, ұлты қазақ, білімі жоғары, КССР ХКК-нің бұрынғы төрағасы, қазіргі уақытта әдебиетші. Ол ұлтшыл-антикеңестік ұйымның мүшесі бола тұрып, троцкистермен және оңшылдармен байланысқан. Сондықтан да Сәкен Сейфуллин тұтқынға алынып, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-11 баптарымен жауапқа тартылсын. 1937 жыл, 21 қыркүйек».

Сол күні-ақ Сәкен Сейфуллиннің үйіне тінту жүргізіліп, 483 дана әртүрлі кітаптар мен журналдар хатталған. Сонымен қатар оның Еңбек Қызыл Ту ордені де алынған.

Сейфуллиннің жұбайы Гүлбаһрам Батырбекованың естелігіне көңіл бөлсек, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және басқалары «халық жауы» атанғаннан кейін Сәкен де өзінің кезегі келгенін сезген. Оның үстіне баспа беттерінде Мұқанов, Әуезов, Тәжібаев және басқалар туралы «ұлтшылдар ордасы» деп әшкерелеген мақалалар да шыға бастаған. Сәкен мұнымен келіспей, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Л. И. Мирзоянмен де жүздескен. Ол: «Билік менде емес, басқа біреудің қолында» деп шығарып салған. Бұл — шындық болатын. Бар билік НКВД-нің қолында еді. Кеңес Одағының атышулы жендеті А. В. Вышинскийдің «контрреволюциялық қылмыскерлердің» жауапқа тарту үшін тек олардың мойындауы ғана жеткілікті» деген теориясын басшылыққа алған НКВД қызметкерлерінің талай адамға қиянат жасағаны ақиқат.

Міне, қолымызда НКВД қызметкерінің 1937 жылы 2 қазанда Сейфуллиннің үстінен жазған рапорты. Онда ол былай депті: «Осы мәлімдемемен Сізге жеткізерім: 1937 жылғы 7 қазанда таңертең айыпкер Сәкен Сейфуллиннен жауап алуға кірістім. Он үш тәулік бойы жауап бермей келген одан мен ісі бойынша жауап беруді талап еттім. Бірақ, ол жауап беруден үзілді-кесілді бас тартты. Мен оған «халық жауысың» деп едім, ол маған: «Сен ештеңені білмейсің! Тек нан-пұл алып, тәулігіне үш сағат демалғаныңа мәз боласың. Саған басқаның керегі де жоқ. Біздің, қазақ қызметкерлерінің, не үшін отырып, не үшін күресіп жатқанын білмейсің. Тіпті оның мәнісін де түсініп отырған жоқсың...»— деп тағы сондай сөздер айтып еді, мен оны тоқтаттым, әрі қарай айтқызбадым. Осыны хабарлай отырып, бұл сөздердің саяси мәнін реттеп беруіңізді сұраймын».

Тергеу ісінде осындай бірнеше құжаттар бар. Бәрінде де С. Сейфуллин жауап беру кезінде антикеңестік сөздер айтты. НКВД қызметкерлерін балағаттады, тіпті оларды отырған орындығымен ұрып-соққысы келді, өзін әдепсіз ұстады делінген. Осындай құжаттардың бірінде: «Сәкен Сейфуллин қабырғаға өз басын соққысы келді, бірақ мен тоқтаттым»,— деп жауап алған НКВД қызметкері. Тергеуді бірінші бастаған қазақ жігіті екен. Оның іс-әрекетінен ештеңе шықпаған соң НКВД-нің басшылары тергеуді кіші лейтенант Иванов деген біреуге тапсырған. Оның тәжірибелі тергеуші екені бірден-ақ байқалады. Бірінші жауап алудан бастап-ақ ол Сәкенді «шаға» бастайды. Сөйтіп, тез арада-ақ «троцкист», «ұлтшыл», «сатқын», «фашист» екендігін мойындатады. Сондай-ақ, қазақтың бар абзал адамдарын, партия және мемлекет қайраткерлерін, жазушылардың есімдерін жауапқа алу хаттамасына тізіп беріп, оған Сейфуллиннің қолын қойдырған. (Бұл ыңғайда айта кеткен жөн болар, қайсы бір жауап алу хаттамаларында қойылған қол Сәкен Сейфуллиннің қолына ұқсамайды. Мүмкін, оның сыртынан тергеушінің өзі қол қойып жіберген де болар).

Соның нәтижесінде С. Сейфуллинге төмендегідей айып тағылған: «Сәкен Сейфуллин 1922 жылдан бастап троцкистердің көзқарасына қосылып, троцкизм жолын әдебиетте жүзеге асырған. 1928 жылдан бастап ұлтшыл-контрреволюциялық топтар ұйымдастырып, кейіннен антикеңестік-ұлтшылбуржуазиялық, көтерілісші-террорлық және зиянкестік-диверсиялық ұйымының құрамына кіріп, Қазақстандағы оңшыл-троцкистік блокпен бірлесіп, қарулы көтеріліс ұйымдастырған. Қазақстанды Кеңес Одағынан бөліп алып, өз алдына буржуазиялық қазақ мемлекетін құруды мақсат еткен. Сонымен қатар ВКП(б) және Кеңес үкіметінің басшыларына қарсы террорлық актілер дайындап, ұйымға жаңа мүшелер баулыған және әдебиет саласында зиянкестік жасаған...»

Басынан аяғына дейін ойдан құрастырылған айыпты оқыған адамның тынысы тарылып кетеді. Сәкен Сейфуллинге тағылған айып мұнымен де шектелмейді. Жалғасын келтірейік.

«Сәкен Сейфуллин басқарған ұлтшыл-антикеңестік ұйым жапон-герман агенті, ақ эмигрант Мұстафа Шоқаев және Райымжан Марсековтермен шпиондық байланыста болған..»

Міне, Мұстафа Шоқай да ұмыт қалмаған!

Бұл жалған айыпты С. Сейфуллин алдын-ала тергеу кезінде қалайша мойындаған? Әрине, оны осыған мәжбүр еткен. Бар билікті қолына алған НКВД машинасы (өздері бақылауға алып, өздері тұтқындап, өздері алдын ала тергеуін жүргізіп, өздері соттап отырған орган емес пе!) кімнің де болмасын белін қайыстырған. Мүмкін тергеуші Иванов С. Сейфулиннің соңында қалып бара жатқан жұбайы мен жалғыз тұяғының өмірін ортаға салды ма, әлде кеудесінде шыбын жаны бар адамның жаны шыдамайтын қыспаққа алды ма, кім білсін...

Тергеу осымен бітеді. 1938 жылы 25 ақпанда Мәскеуден КСРО Жоғарғы Сотының әскери коллегиясы келіп, көшпелі мәжілісін өткізген. Сот тергеуі кезінде төрағалық етуші сұрақ қойған:

— Өзіңізді айыптымын деп есептейсіз бе?

С. Сейфуллин:— Өзімді айыптымын деп есептемеймін. Алдын ала тергеу кезінде берген жауаптарымды қуаттаймын.

Төрағалық етуші тергеуде берген куәлардың жауаптарын айғақ ретінде жариялаған.

С. Сейфуллин:— Мұның барлығы жала! Мен ешқандай контрреволюциялық ұйымда болғаным жоқ және оған ешкімді баулыған да емеспін.

Сокольниковпен де ешқандай контрреволюциялық тақырыпта әңгімелескенім жоқ.
Төрағалық етуші С. Сейфуллинге соңғы сөз берген.
Сонда тұрып Сәкен былай депті: «Алдын-ала тергеу кезінде тағылған айыпты мойныма алып мен өзіме жала жаптым. Мен контрреволюционер емеспін...»
Бірақ, оның бұл жауабы мүлде еленбей қалған.
Сот мәжілісі 16 сағат 40 минутта басталып, тура 17 сағатта аяқталған. Төрт томдық тергеу ісін небәрі 20 минутта қараған Жоғарғы Сот Сәкен Сейфуллинді ату жазасына кескен. 1934 жылғы 1 желтоқсандағы Заңға сәйкес бұл үкім сол түні жүзеге асырылған.
Осы тұстардағы бір деректі әңгімені айта кеткен дұрыс болар. Осыдан 2—3 жыл бұрын «Жалын» журналында жазушы Жаппар Өмірбековтың «Сурет сыры немесе № 04519 іс» деп аталатын мақаласы жарияланған болатын. Онда С. Сейфуллиннің түрмеде қырынан және қарсы алдынан түсірілген екі суреті басылған еді. Адам бір қарағаннан-ақ оның суретке ұрып-соққаннан кейін түскені аңғарылады. Әбден азып-тозып жүдеген, сақалы өскен қайғылы түрінен адам расында шошып кетеді.
Кезінде ішкі істер органының қызметкерлері Жанатбек Құсманғалиев пен Орынжайық Ыдырысов С. Сейфуллинді айыптаған № 04519 тергеу ісімен танысқан екен. Сөйтіп істі жүргізген тергеуші Иванов Владимир Васильевичтің партиялық ісін қарауға күш салған. Бұл кезде ол Фрунзе аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы екен. Қазақтың абзал азаматтары Құсманғалиев пен Ыдырысов бұл істің соңынан қалмай жүріп, ақыры Алматы облыстық партия комитетінің жанындағы парткомиссияға С. Сейфуллинді негізсіз ұрып-соққан В. В. Ивановтың үстінен жинаған деректерді беріп, оны партия қатарынан шығартқан. Сонымен бірге Ивановты полковник дәрежесінен айырып, оны органдағы қызметінен босаттырған. Кейіннен ол Алматы қаласындағы «Целинный» кинотеатрының директоры болған. С. Сейфуллинді қинап жауап алғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатын кезі таяп қалғанын сезіп, Иванов ізін жоғалтқан.
Ал, С. Сейфуллиннің тергеу ісіне басынан аяғына дейін басшылық еткен НКВД бастығының орынбасары Володзько 1939 жылы тергеу саласында жіберген заңсыздықтары үшін сотталып кеткен.
Жазықсыз жазаланған Сәкен Сейфуллин 1957 жылы 21 наурызда КСРО Жоғарғы Сотының үйғаруымен, оның іс-әрекеттерінде ешбір қылмыстың белгісі болмағандықтан, толық ақталады. Дегенмен, елуінші жылдың бас жағындағы «жылымық» кейіннен бірте-бірте бәсеңсіп, жаппай репрессияға байланысты ақтау жұмыстары тоқтап қалды. Соған байланысты С. Сейфуллин туралы бар шындық кезінде айтылмай қалған еді.

*Ә. БӘКІРОВ*
**Қазақстан юристер қоғамының мүшесі.**
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1993 жылғы 21 қазан).

## ТҰРМАҒАМБЕТ ТАРТҚАН ТАУҚЫМЕТ

**Сыр сүлейлерін зерттеуде елеулі еңбек еткен, республикаға танымал болған фольклорист Мардан Байділдаев көзінің тірісінде менімен болған бір әңгімесінде былай дегені бар: «Сен ғой, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының руласысың, туысысың. Айтшы қане, кешегі репрессия жылдарында ол неше рет түрмеге қамалды?» деп сұрады. Мен бір-екі шумақ өлеңдері үшін түрмеге қамалғанын білетінімді айттым. Ол шумақтарды сол Тұрмағамбеттің туған жиені, белгілі сазгер Көпбай Әлиевтің аузынан есіткен болатынмын. Сол Көпбай жайлы менің мақалам облыстық «Сыр бойы» газетінде 1997 жылғы 22 ақпанда «Екі ауыз өлең айтып жас сазгер он жылға сотталды» деген атпен басылып шықты.**
**Туралығына келгенде Түрекең сол мақалада көрсетілген екі шумақ өлеңді онан едәуір кең көлемде Алматыда болғанда тағы бір жерде айтқан болып шықты. Мардан сол екінші жерде айтылған шумақтарды алдымнан кесе тартты. Әділдікті қалпына келтіру үшін мен енді сол Мардан аузынан шыққан лебізді газет оқырмандарына тағы да ұсынуға мәжбүр боламын.**

* * *

Бірде Тұрмағамбет дүр Қызылорда жерінен Алматыға барған сәтінде бірден Қазақ республикасының прокуроры Сүлеймен Есқараевтың үйіне аялдапты,— деп Мардан әңгімесін бастады,— Сүлеймен оны құрметпен күтіп алған. Кешкі асқа республикалық Халық Комиссарлар Советінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетовты, орталық партия, совет қайраткерлерін шақырған. Олардың бәрі Тұрмағамбет ақыннан келелі сөз тыңдағысы келген.
Қызылорда топырағының түлектері болып табылатын Ұзақбай мен Ілияс сыйлы қонақ — Тұрма-

ғамбеттен елді, әсіресе Төрткөлде нендей жаңалық бар деп сұрайды. Төрткөл әлгі екеуіне танымал аймақ болса керек. Сонда Түрекең былай депті:

«Төрткөлдің көлі кетті де, шөлі қалды,
Төренің төресі кетті де, төбеті қалды.
Адамның алымы кетті де, залымы қалды,
Мал дегенде есек қалды,
Үй дегенде кесек қалды.
Ерлі-зайыптылар екі айырылып,
Құр қаңырап төсек қалды.
Белсенділер салық жинайды,
құрым киіз,
сүйек-саяқ
бәрін де есепке алды...

Бұл өлең айтылған сәт белгілі қазақ қаскөйі Иосиф Исаевич Голощекиннің дәуірлеп тұрған, елді аштыққа тіреген кезеңі болатын. Зерделі ақын соның бәрін осы кішкене шумаққа сыйғызып еді. Тұрмағамбеттің бұл өлеңі НКВД құлағына қалай жетсе, олай жетсін, ертеңіне дәл сол сөзі үшін ол түрмеге атып ұрылды. Бұл кезде Тұрмағамбет «Шахнаманы» жазуға кірісе қоймаған, оған тек Темірбек Жүргеновтен ұсыныс алып, сол тірлікті бастау үшін астанаға әдейі келген сәті болатын. Республиканың мәдениет халық комиссары, өлкелік партия комитетінің хатшысы болып табылатын Темірбек Жүргенов араға түсіп, оны түрмеден әрең шығартып алады. Сол екі арада Түрекең түрменің «дәмін» екі айға жуық уақыт татып шықты.

Репрессия жылдарында талай-талай боздақты елдегі НКВД тыңшылары әртүрлі айла-шарғымен ұстап, түрмеге атып ұра берген ғой. Ең әрісі біреуден біреу өш алғысы келсе, НКВД тыңшысына барып, сыбыр етсе болды, бейкүнә жан сол сәтте түрме төрінен бір-ақ шыға берген. Ел арасындағы сондай тыңшылардың бірі жаппас руынан шыққан Құрбан деген молда болыпты. Елжұртқа әбден жеккөріншті көрінген Құрбан бір күні алдына Тұрмағамбетті шақыртады. Сонда Құрбан столының арғы жағында отырып, ақынға ірілік танытып, жөнімен сөз тыңдамай қойыпты. Сонда Түрекең:

«Шақырдың мені неге молда Құрбан,
Есексің ақыл-есің тым құрыған.
Әлемнің төрт бұрышын ұстағандай,
Отырсың столыңда ырғаң-ырғаң,— депті де, шығып жүре беріпті. Әрине, Құрбан НКВД тыңшылығын «шебер» пайдаланып, өзі жайында айтылған бір ауыз өлеңді айтпай, Тұрмағамбетті совет өкіметіне қарсы өлең айтты деп НКВД басшысына барып сыбырлай қояды. НКВД басшысы өзге бір жендет жіберіп, Тұрмағамбетті тағы түрмеге атып ұрады. Алматыдағы Темірбек Жүргенов пен Сүлеймен Есқараев араға түсіп, Түрекеңді тағы да түрмеден босаттырған. Осы екінші рет қамалуының соңғы күнінде Түрекең сот алдында апарылып. Сот сол сәтте бір шаруаны бес жылға соттап, түрмеге жөнелтіп отырған кезі екен. Сонда соттан тайсалмаған күйі:

Бәрекелді сотқа,
Кетіпсің өзі қотқа.
Бес жыл беріп кедейге,
Қонжиыпсың таққа.
Молданікін енді мол кес,
Пісіріп жерсің отқа!

— дейді. Сот қып-қызыл болып кетеді, бірақ ештеңе істей алмайды. Дәл сол сәтте оның қолында Тұрғамбет Ізтілеуұлын түрме жазасынан тез арада босату жайлы Алматыдан келген нұсқау тұрған болатын. Сот Түрекеңді босаттырған, бірақ ол түрме қапасын біржарым ай бастан кешірген.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Шахнамасын» білетін, оны оқыған әрбір зиялы азамат сондай ірі шығарманы өмірге әкеле тұрып, үкіметтен қыруар пенсия алуға шешім бола тұрып, оның түрмеде қамалып отырғаны жайлы бір ауыз өлең шығарғанын сөзсіз біледі. Бәсе Түрекең үшінші рет түрмеге қалайша қамалды? Не үшін қамалды?

Түрекеңнің үшінші рет түрмеге қамалуы — оған «Шахнаманы» жазуға ұсыныс қойған Темірбек Жүргеновтің «халық жауы» деген жаламен ұсталуымен байланысты болды. НКВД қырғилары оны бір-бірімен жерлес, туыс деп атады. Алматыда неше жерде бір дастарқандас болғанына дейін тізбектелді. Темірбек Жүргеновті түрмеге атып ұрған НКВД қырғиларының Тұрмағамбет Ізтілеуұлын да тез қамауға алу жөніндегі қаулысы шықты.

Осы үшінші рет түрмеге қамалу кезінде Тұрмағамбет айыпты деген бір әңгіме елге лезде тарады. Түрме қапасына бірге қамалған бір жас жігіт: «Мұнан қайтып шығар екенмін?» деп еңкілдеп жылай берсе керек. Түрекең әлгіге: «анау есіктің ұзыны мен көлденеңін қарыстап өлшеп келші» деген. Жас жігіт ештеңеге түсінбеген күйі жылауын қойып, есікті қарыстап өлшеп келіпті. «Ұзындығы он бес қарыс, ені сегіз қарыс екен» дейді жігіт. Сол екі арада Түрекең әлгіге түсін суыта қарап: «анаңның екі елі астынан шыққанда он бес қарыс есіктен шыға алмаймын деп отырсың ба? Шығасың» дейді. Әлгіде еңкілдеп жылап отырған жігіт әңгіменің төркініне енді ғана түсініп, күліп жіберген. Десе дегендей, ол жігіт бәрінен де бұрын түрме жазасынан босапты.

Осы үшінші қамалуында Түрекең Қазалы уезінің түрмесіне апарып тығылды. Түрмеде бір жылдан астам уақыт жатып қалған. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының от жалынды, орақ тілді ақын екенін білген түрме надзирательдері оған оншалықты дікілдей бермеген. Оның қасында аққошқарлық Күздеубайұлы Сүлеймен мүдәріс те бар-тын. Бір күні Сүлеймен мүдәрістің Әбдіқалық атты баласы қайтыс болды деген хабар келеді. Сол күні Тұрмағамбеттің де сол аттас баласы қайтыс болғаны жайлы екінші хабар жетеді. Түрме қапасында отырған қос арыс бұл қазаға шыдамай, екеуі де мүрт кете ауырған. Ауырып жатып, Түрекең баласына арнап мынандай өлең шығарады:

Аталық ақымды мен кештім, балам,
Өкшелес өзімменен өстің, балам.
Халқыңа, қатарыңа қамқор болып,
Сәуірдің самалындай естің, балам.
Жасыңнан жақсылармен жолдас болып,
Татауын талай істің шештің балам.
Азуы алты қарсы арыстанмен
Айбынбай сыбағаңды жестің, балам.
Шаңнан шаң шал әкеңе кездескен соң,
Теңізін уайымның кештің, балам.
Еңбегің ондай еткен екке түссе,
Білмеймін қайда екенін естің, балам.

Түрекең қатты сырқатын елемей, осы өлеңді сүт пісірімдей мезгілде жазып шығарған. Күздеубайұлы Сүлеймен мүдәріс болса, ол баласына арнап күңірене отырып құран оқиды да, Түрекең мынау өлең жолдарын надзиратель әкеп берген таза қағазға қайталап көшіріп, сол надзиратель арқылы сыртқа беріп жібереді. Қос арыстың атынан хат соңына қолдар қойылып, бұрышына «ұлдарымыз Әбдіқалық Сүлеймен ұлына, Әбдіқалық Тұрмағамбетұлына тиісті болсын» деп жазады.
Сыр бойының қос алымы атанған Тұрмағамбет дүр мен Сүлеймен мүдәрістің өмір жастары осы екі ұлдың өлімінен кейін едәуір өксіп, үнжырғалары түсіп кетсе керек. Түрме жазасына сүйікті ұлдарының өлімі қосылып, екеуі де денсаулықтарынан мүлдем айырылады.
Тұрмағамбетті ату жазасына кесуді межелеген НКВД «үштігі» ол үкімін бірден орындай алмады. Біршама уақыт өтуі керек болды. Ақынның мынау қатты науқасқа тап болуы оны уақытша елге жіберіп алуға мәжбүр етті.
Ауыр сырқатқа тап болған Түрекең елге келісімен бірден төсек тартып жатып қалды. Бір жетіге жетер-жетпесте мәңгілікке көз жұмып, ауыл-ел арысын ақ жуып, арулап көмді.
Тұрмағамбетті «Заңды түрде ату жазасына кесу» жайлы жоғарыдан нұсқау келген күні НКВД қырғилары оны қайтадан ұстап әкеліп, бір күн ғана түрмеге қамап, сонан кейін алысқа алып шықпай-ақ атып тастау мақсатында елге шабармандар жөнелтті.
— Тұрмағамбет Ізтілеуұлы бұл пәниден көшті,— дейді ауыл ақсақалдарының бірі. Пәни деген сөзді түсінбеген мәгестер:
— Қайда қашырдыңдар? Тап қазір оны тауып, қолымызға табыс етпесеңдер, бәріңді де түрмеге атып ұрамыз,— деп қорқытады.
Жендеттердің жан алғыштай жалақтап тұрғанын сезген ауыл ақсақалдары оларды молаға ертіп алып барады да, Тұрмағамбет бәйітінің алдына келіп құран оқиды, әруағынан кешірім сұрап, көрді аша бастайды. Әлі бұзылмай, бейне ұйқыда жатқандай болып сұлық жатқан Тұрмағамбет мүрдесін көріп, жендеттер аудан орталығына тайып тұрды. НКВД жендеттері осыдан кейін ғана Тұрмағамбет Ізтілеуұлын тыныш қойды.
Осы орайда Тұрмағамбет Ізтілеуұлының туған жиені, Қызылорда педагогикалық училищесінің аға оқытушысы, оқу ісінің үздігі Көпбай Әлиев бізге мынадай сыр шертті:
— Тұрмағамбет нағашымның бір ауыз өлеңін тақпақтап айтамын деп, мен де бес-алты жыл түрме «дәмін» татып едім, сол үшін Алматы консерваториясынан қуылдым. Түрекеңнің үш рет түрмеге қамалғаны рас. Бір жолы оған мынандай бір шумақ өлеңі өзіне сор болып, он жылды арқалап шыға келді. Сол өлең үшін Қазалы түрмесінде бір жыл жатып шықты. Ол бір шумақ өлең мынау еді:

«Ел азды бұрынғыдай хан жоғынан,
Тозды жұрт тойып жейтін нан жоғынан.
Қыран құс қайда ұшарын біле алмай жүр,
Ашыққанда алып жер аң жоғынан».

## СҮЛЕЙМЕН МҮДӘРІС, НЕМЕСЕ «АҚҚОШҚАРДЫҢ» БОЗДАҚТАРЫ

Менің «Қырық молдаға түскен құрық» деп аталған мақаламның газетке арналған нұсқасында Жалағаш ауданындағы Аққошқар елді мекенінің имамы, Сүлеймен Күздеубай ұлы отыз жеті-отыз сегіздің зобалаңында ұсталып кетіп, опат болды деген тұжырым болған еді. Бұл пікірді маған жеткізуші сырдариялық журналист Шолпан Оразова деген қарындасымыз болатын. Шолпанның әкесі Қайып өз әкесі Маханбетті ұстап алып кеткеннен кейінгі үш-төрт күннің ішінде Қарауылтөбеге апарып атып жібергенін білетін болған соң, сол кезеңнің жендеттері қолына түскендерді түгелдей атып жіберді, соның бірі өзінің жездесі Сүлеймен мүдәріс болып еді деуі заңды да еді. Оның бержағында Сүлеймен мүдәріс ұсталып кеткеннен кейін елге аман-сау оралды дегенді ол естіпеді. Жастайынан әкесін НКВД жендеттері атып тастап, өмір тақсіретін ерте тартқан бозбала Қайып енді Сүлеймен жездесінен де айырылып қалдым деп еңіреп еді.
Ал осы мақалаға орай маған келіп түскен көптеген хаттардың ішінде бір жолдас: «Аққошқардың «Қаратай» деп аталатын жерінде үш бейіт тұр. Оның ең қомақтысы Сүлейменнің үлкен ұлы, 1936 жылы мүдәріс ұсталып кеткеннен кейін ішкұса болып өлген Әбдіқалықтың бейіті, ортаңғы шағындауы — Сүлеймен мүдәрістің өзінікі, ал сонан кейінгісі — мүдәріс мүдәрістің кенже ұлы Әбілқақтың бейіті. Сүлеймен ұсталып кетіп, сонан кейін ел көзіне көрінбесе де, мүрдесі ауылда жерленді» деп қабарлады.
Екі ұдай пікір, ғажайып қабарлау. Алғашқысын облысымызға белгілі журналистердің бірі, өз әкесінің аузынан естігенін жазған Шолпан Ора-

зова болса, екінші қабарды жеткізуші — сол Аққошқардың азаматы, дербес пенсионер Жұма Демеуов еді.
Дәл осы соңғы пікір мені еріксіз жолға шақырды...

* * *

«Қаратай» деп аталатын жерде үш бейбіт бары да рас болып шықты. Соның ортасындағысы — Сүлеймен Күздеубайұлының бейіті екені де айқындалды. Осы жерде Күздеубай мүдәрістің де, оның ұлы Сүлеймен мүдәрістің де мешіті болған. Құлаған мешіт орны да жатыр.
— Оның мәнісі былай,— деп дәл осы Аққошқар елді мекенінің байырғы тұрғыны, жас кезінде Сүлеймен мүдәріске бірнеше жыл шәкірт болып, дәріс алған Жылқайдар Атажанов маған осы құпия жәйттің сырын ашып берді.— Сүлеймен атамызды 1936 жылдың аяқ кезінде ұстап кетіп, сонан жеті айға дейін қайтып оралмады. Қайып өзінің әкесін НКВД жендеттері атып жібергенін білетін болған соң, Сүлеймен мүдәрісті де солай етті деп ойлап, жездесінің үйінен біржола кетіп қалып еді. Өмір соққысын солайша науша бала кезінен мол тартқан Қайып менен сол кезде төрт-бес жастай ғана үлкен болатын.
Ал шындығында Сүлеймен мүдәріс елге келіп өлді. Түрмеде табандатқан бір жыл жатып, ақыретазапты молынан тартқан мүдәріс түрмеде жатып ауруға тап болып еді. НКВД бастығы Мақмұт Шитенов ел сыйлаған мүдәрістің түрмеде жатып өліп қалуынан сескеніп, оны уақытша елге жіберуге мәжбүр болды. Елге келген әзірде үлкен ұлы Әбдіқалықтың өлгенін біліп, оған үлкен қорым жасатты. Әрі сол кезде молдаларды бірден атып жіберу жайлы бұйрық жоқ еді. Өзінің уақытша босатылғанын, молдаларды да халық жауы деп атып жіберу жайлы бұйрық болатынын көзі көрген Сүлеймен мүдәріс біледі де, елге келген соң да бой тасалап, ел көзіне онша көріне бермей, заманның ақырын күтіп жүріп еді.
Сүлеймен атамды алғаш ұстап алып кетудің өзі бір хикая. НКВД бастығы Мақмұт Шитенов оны ұстап алып кету үшін Қармақшыдан шыққанын күні бұрын білген мүдәріс сол кездің өзінде-ақ бой тасалауға мәжбүр болып еді. Шитеновтен жұрт өлердей қорқатын, оның атын естіген бесіктегі балаға дейін жылауын кілт тияды дейтін. Сондай аты шулы әпербақанның қолына түскен, сөйтіп оның түрмеде берген «сый-сыбағасын» молынан алып, небір зорлық-зомбылықтың дәмін татқан Сүлеймен мүдәріс қырғидан қашқан торғайдай болып, өз үйінен өзі безіп кетті. Оның ізіне Шитенов бір ай бойы түсті.
Бір күні қырғи мен торғай — НКВД бастығы Шитенов пен мүдәріс далада кездесіп қалады. НКВД бастығы жарау атқа мініп келе жатып, ұзын бойлы, ат жақты, бет әлпеті ажарлы, сақалы беліне түскен Сүлейменді кездестіреді де, атының басын тартып тұра қалып:
— Әй шал, сен осы маған аты-жөніңді айтып жібере қойшы. Кім екеніңді білейін,— дейді.
Дәл осы тұрған өз жендеті екенін білген мүдәріс:
— Атым Абдолла, әкемнің аты — Ықылас,— дейді. Шитенов бұған сенбей, әлгіні тағы қайталатады. Аты мен әкесінің атын атауда сүрінбей, мүдіріссіз айтып тұрған Сүлейменге сығалай, сынай қараған қалпында, Шитенов Аққошқар жаққа қарай құйқылжытып шауып ала жөнелген.
Сүлеймен мүдәріс ақыры ұсталды. Осы ұстағандар қатардағы азаматтар болып киініп келіп, ауылда қыдырыстап жүрген бейтаныс милиционерлер еді. «Қашақ молданы» алдына салып айдап әкеле жатқан милиционерлердің алдынан шыққан Шитенов мүдәрістің сұлу кескіні мен анадағы «Абдолла Ықылас ұлының» кескінін салыстыра келіп, бәрі бір адам екеніне көзін жеткізеді де, милиционерлердің біріне:
— Қашақ молданы тап қазір менің кабинетіме айдап апар,— деп тәртіп береді.
— Сен арамза молда, мені неге алдадың ә? Анадағы сөзіңді ұмытты дейсің бе ә? Сен сонда өз атыңды Абдолла деп, әкеңнің атын Ықылас дегенсің. Арамзалығың осыдан-ақ көрініп тұр. Енді мен сенің көзіңе көк шыбын үймелетемін. Қане, шыныңды айт. Мен сені ұстау үшін келе жатқанымды кімнен естідің? Бұл — бір. Екіншіден, сен неге мені алдадың? Неге сен өз атың мен әкеңнің атын жасырып, қайдағы бір былшылбайды айтып бөстің? Бол, жауап бер,— деп зіркілдейді Шитенов алдына айдалып келген мүдәріске ә дегенде-ақ. Қолы байлаулы болса да, милиционерлер тұтқынды қаумалап тұра қалып, оның тек шындықты айтуын талап еткендей түр танытып, панасыз молданың үрейін ұшырамыз дегендей болды.
Ешқандай асып-сасуды білмеген Сүлеймен мүдәріс әуелі қолын шештіріп, бір ұрттам су сұрап ішеді де:
— Атым Абдолла дегенім — ілімнің басымын дегенім. Мұсылманша «Абдолла» ілімнің тұтқасы, бастауы деген сөз. Құранда да сол Абдолласыз аят жоқ. Ал әкемнің аты Ықылас дегенім — Ықылас менің Күздеубай әкемнің әкесі. Сонда мен сені қалайша алдаған болып табылам? Ал інківідінің бастығы болып табылатын сенің мені ұстау үшін Қармақшыдан ат сабылтып шыққаныңды маған ешкім де жеткізген жоқ. Оны маған алла жеткізді. Түсімде сен қырғи болып мені, яғни панасыз торғайды қудың. Қуып келе жатып сен маған тоқта, мен Шитеновпін деп айқайлайсың. Қырғи қуған торғай қалайша өзін-өзі ұстап берген? Торғай жаң сауғалап қашып бақпай ма? Мен де солай еттім. Ал сен бәрібір мені ұстадың, қылыштай өткір тұмсығыңмен мені бірнеше рет шоқып, белімді шойырылдырдың. Сол екі арада сен басқа бір жемтік көріп, солай қарай ұшып кеткендей болдың да, мен жан сауғалап, ұша алмайтын қалпымда, сүйретілген күйімде бір бұтаның астына барып паналадым. Сен қайтадан қырғи болып ұшып келіп, бұта түбінде топшысынан шойырылып жатқан менің үстіме қона кеттің. Міне маған алла осыны көрсетті. Өзіңнің мені ұстау үшін Қармақшыдан ат сабылтып шыққаныңды кімнен білдің деп мені де қинап, өзге

ешкімді де кіналама. Алланы кінала, шырағым. Қылшылдап тұрған жігіт екенсің. Құдайдан қорық, шырағым. Құдайдың құрығы бүгін маған түссе, ертең саған да түседі,— дейді.

— Сен қазір құдайдың құрығы емес, мынау менің, НКВД бастығының құрығына түсіп отырсың. Бірнеше күн бойы қашып жүрдің. Аты-жөніңді жасырып, жалтардың да. Енді менің құрығымнан құтыла амайсың. Көзіңе көк шыбын үймелетіп, тәубаңа келтіремін,— деп дікектейді Шитенов.

— Бәрі де алланың әмірі. Сол әмір бүгін маған түссе, ертең саған да түсер. Құдайдан қорықпағаннан қорық деген. Мен сенен қорықтым. Тек құран ұстаған, сақалы беліне түскен мүдәріс екенімді ескерсең болды,— деп Сүлеймен ылажсыз баяулайды.

Сүлеймен мүдәріс 1918—1919 жылғы Гержот зобалаңына да тап болып, үш ай түрмеде отырған. 1929—1930 жылғы бай-құлақ конфискаланып, молдаларды да қуғыштау зобалаңында төрт ай түрмеде отырып шыққан. Бәрінде де тергеушілер мұның шариғатқа дегенде дариядай молдығына риза болып, мұсылман діні бойынша оның ең биік шыңы — мүдәрістікті иемденгеніне бас иіп, оншалықты ақырет-азап бермей түрмеден шығарып жіберіп еді. Бұл ретте де солай болар деп ойлады. Бірақ, түсінде өзіне қырғи болып төніп, біраз қуғыштап ұстап алғанын, тұмсығымен шоқып белінен шойрылдырғанын көрген мүдәріс бұл ретте оқиға өзгеше өрбитінін ұқты да, тағдырдың салғанын қасқая тұрып қарсы алуға бекінді.

Шитенов жеті айдай түрмеге қамалған мүдәрісті күн сайын дерлік ұрып-соғып, өзін халық жауы деп мойындатуға тырысты. Мұсылман діні — халыққа жау пиғылдағы дін дегенді де айтқызуға күш салды. Мешіттегі күн сайынғы азан, балаларға берген дәріс,— халық арасында айтылатын өсиет — соның бәрін де ол тәрк етуге тиісті болды. Бірақ Шитенов дегеніне жете алған жоқ, мұсылман діні реакциялық, халыққа жау пиғылдағы дін деген жалалы айыптауларға Сүлеймен мүдәріс ырық бермей, ондай кінаны мұсылман қауымына жүктірмеді.

Түрмеде жатқан алты айдан астам уақыт Сүлеймен мүдәрістің өмірін өксітті. Күнделікті ұрып-соғу, азап оның денсаулығын күрт төмендетті. Шитенов молдаларды ату жайлы бұйрық жоғын, оларды түрмеде өлтіріп алса, арты бітіспес дауға айналатынын білді де, жетінші айға қараған шақта Сүлеймен мүдәрісті уақытша босатуға мәжбүр болды. Неге десеңіз, дәл осы тұста жер-жерден халық жауы деген айыппен талайлар құрыққа түсті де, олар мынау молдаға қарғанда ірілеу көрініп, Шитенов қаһарын Сүлейменге емес, өзге ірі халық жауларына шүйліктіруіне тура келді.

— Ауылыңнан бір қарыс та ұзап шықпайсың. Өзіміз керек еткен кезде сені айдап әкелетін боламыз. Егерде тағы да қашардай болсаң, өзің ғана емес, үрім-бұтағыңды да түгелдей аттырып тастатамын. Бар жоғал. Ауылыңа барып мынау күркілдеген жөтеліңді тидыратын бол,— деп жекірді Шитенов бір күні. Өлермен жағдайға келген мүдәріс ауылға әрең жетті де, бірден төсек тартып жатып қалды.

Сүлеймен мүдәрістен қалған бір-ақ жұрағат бар болып шықты. Ол — Күздеубай мүдәрістің Смағұл деген інісінен қалған Әлиакбар. Ендігі сөзді соған беріп көрейік.

— НКВД бастығы Шитеновке молдаларды да халық жаулары ретінде атып тастау жайлы бұйрық 1937 жылғы жазда, қауын пісіп жатқанда келсе керек,— деп бастады Әлиакбар әңгімесін,— Атамыз алты-жеті ай түрмеде болып, денсаулығын бұзып келді де, біраз төсек тартып жатты. Бірақ оңала алмады. Өзі түрмеде жатқанда өлген үлкен ұлы Әбдіқалыққа келісті бейіт соқтырып, көзінен жасын ағызған қалпында моланың басында бірнеше күн жатып алды. Денсаулығын онан сайын бұза түсті. Дәл осы кезде екінші ұлы Әбілқақ та денсаулығы көңілге қонбайтын халге жетіп, ілбиіп жүретін. Бір шаңырақ осылайша ортасына түскелі тұрғанын ұққан мүдәрістің өңін мұң басып, ауруы күн санап асқына түсті.

Бір күні ауылымыздың колхоз бастығы Көштай атамыз әлгі Әбілқақ арқылы тілдей қағаз беріп жіберіпті. НКВД бастығы Шитенов өзін ұстауға келе жатқанын айтып, тез жасырын деп мүдәріс атама хабарлаған. Мүдәріс атам өлмелі ауру болса да, бүрсеңдеп ауыл алдындағы арық ішіне барып жасырынды. Бүкіл ауыл-ел болып, атамды аяп жыларманға келдік. Жейдешең, кебіс киген қалпында атам жыныс қамыс арасында күнді ұзаққа тығылып жатты.

Мен және Әбілқақ екеуіміз арқамызға бір-бір дорбаны тарыға толтырып арқалап алдық та, НКВД бастығы қай жолмен келер деп жол кестік. Қолымыздан ештеңе келмесе де, егер НКВД бастығы бізден Сүлеймен мүдәрістің үйі қайсы деп сұрар болса теріс жолға салып жібергіміз келді. Кім болса да атын есіткеннен-ақ дір ететін Шитеновті жолдан күтіп алып, оны аулымызға дік еткізе түсуден қорғау ойымызда тұрды да қойды.

Колхоз кеңсесінен тіке келетін жолмен емес, біраз бұру жолмен келе жатқан екі аттылы кісіні көрдік те, біз солардың алдына қарай ойыстық. Шитеновпен бірге біздің колхоздың бастығы Көштай атамыз да келе жатқанын көріп, көңіліміз біраз жаланайын деді. Көштай атам мүдәріс атамды бірден ұстата салмайды деп ойладық. Көштай атамның мынау бұру жолмен Шитеновты алып жүруінің өзі мүдәріс атама жасаған шексіз қамқорлығы екен. Сырт көзге қарағанда Көштай атам анаған болысқан болып, Сүлейменнің үйден кетіп қалғанына ренжіген болып бірер айқайлап та алды, Шитеновпен бірге олай-бұлай алас ұрғандай түр де танытты. Біздің ымдап білдіріп, атамның қайда тығылып жатқанын ұқтырғанымыз Көштай атама жақсы болды. Ол дереу Шитеновты атам жасырынып жатқан жаққа қарай емес, соған қарама-қарсы жаққа жетелей жөнелді. «Анау Аламесек жаққа кеткен ғой, мен оны қазір тауып берем» деп Шитеновті сендіріп, солай қарай екеуі де шауып ала жөнелді.

Шитенов осыдан кейін де ауылымызға бес-алты рет келіп, мүдәріс атамды шырақ ала іздегендей

алас ұрумен болды. Әбілқаққа шүйлігіп, әкеңді тауып бермесең орнына сені аттырамын деп те қорқытты. Ауылдың қатын-баласына әңгір таяқ ойнатып, бәрімізді де кіналады. Заң жолымен атылатын арамза молданы әдейі жасырып отырсыңдар деп кім көрінгенге әкіреңдеді.
Осының алдында алты-жеті ай түрме тауқыметін тартып, денсаулығын әбден бұзып келген, сонан кейін де үлкен ұлының өлімін көріп сүлдері қалған Сүлеймен мүдәрістің осылайша бірнеше күн жыныс қамыс арасында тығылып жүруі оны мүрт кетірді. Бір күні түнде ол қайтыс болды да, аулел өз асылын ақ жауып, арулап көмуге мүмкіндік ала алды.
Сүлейменнің денесі жер құшағына берілгеніне бір жеті де толмай жатып, Шитенов бір топ нөкерлерімен ауылға тағы жетіп келді де, арамза молданы тапшы-таптың астына алды. Оның өліп қалғанын естікенімен, оған сенбеді. Моланы аштырып, Сүлеймен мүдәрістің денесін көзбен көрмей сенбеймін, сендер арамза молданы жасырып отырсыңдар деп дікектеді. Сүлейменнің жалғыз белбаласы Әбілқақ әкемнің моласын аштырмаймын деп еңіз-теңіз жылады. Бәріміз де жыладық. Мұсылман дінінде бейітті ашуға рұқсат етілмейтінін білетін едік.
— Молданы жерлеген Бижан ғой ә? Соны тауып әкеліңдер. Сол құран оқысын да, ашсын,— деді Көштай атамыз. Оның мұнысы — НКВД құрығынан Күздеубай ұрпағын біржола құтқарып жіберудің жолы еді.
Ұсталығы басым Бижан деген атамыз бар еді. Ол кісі де мүдәрістің өзінен дәріс алған. Дереу сол кісі алдырылды да, Шитенов пен Көштай атам оны алдына салып, Қаратайға қарай бет алды. Ірі басты кісілер артынан ерді, Әбілқақ пен мен де ердім.
Бижан ұста молаға келе бере жер бауырлап жата қалып, өкіре жылады. Мүдәрістен кешірім сұрап, аллалап, құранның бір аятын оқыды да, бейітті ашуға кірісті. Мүдәріс атам бейне ұйықтап жатқан кісіше маңдайы жарқырап жатыр екен, жарықтық. Соны көріп Шитенов мүдәрі Сүлеймен Күздеубайұлынықі екеніне акті жасап, оған Бижанға да, колхоз бастығы Көштайға да қол қойдырып алды.
— Бұл арамза молда заң бойынша атылуға тиісті еді. Жоғарғы жаққа мен атылды деп мәлімет беремін. Соған келіссеңдер, өз ажалымен өлген адамды атылып өлді деп мемлекетті алдады деп шуласаңдар, онда мен молданың мынау баласын да ұстап әкетіп, арамза молданы жасырып келді деп айыптап, аттырып тастатамын,— деді Шитенов.
Көштайдың көз қысып, келіс деп ымдауы бойынша, Әбілқақ Шитеновтың әлгі айтқандарымен келісетінін білдірді. Бижан атам да, Көштай атам да өлетін адам өлді ғой, бізге енді бәрі бір деп Шитеновті көшеметтеген болып жатыр...
Сүлеймен мүдәріс түрмеде жатқан алты-жеті айында денсаулығын әбден бұзып келіп, сонан кейін де болған қуғын-сүргінге шыдамай өліп кетсе де, НКВД мәліметінде атылған деп көрсетілді де, оның Шитеновтей шаш ал десе бас адатын жендеттері жоғарғы бастықтары алдында осындай қанды беделге ие болды. Соны айтып, Күздеубай ұрпағы Әлиакбар Смағұлов көзінің жасын бір сүртіп алды.

* * *

Біз осы Әлиакбар Смағұловтан Сүлеймен мүдәріс жайлы неғұрлым көбірек мәлімет алуға тырысамыз. Сүлейменнің әкесі Күздеубай да үш рет Меккеге барып, мұсылман ілімінің биік шыңы — мүдәріс атанғанын, оның баласы — Сүлеймен екі рет Меккеге сапар шеккенін ұзақ әңгімеледі. Меккеге олар тектен-текке бармағанын айтты. Онда қонақ жайы, асханасы, жеміс-жидегі бар үлкен сарай сатып алып, оны Меккеге сапар шеккен мұсылмандарға тегін беріп қойған. Күздеубай, оның ұлы Сүлеймен де Аққошқарда мешіт ұстап, онда балаларды оқыту ісімен айналысқан. Меккеден алып келген документте әкелі-балалы екеуі де мүдәріс деп аталады. Ал ол — қазіргі цивилизация ұғымынша «профессор», «академик» дегенмен шендес келеді.
Сүлеймен мүдәрістен ілім-білім алғандардың көпшілігі-ақ ел құрметтеген кісілер болғанын да айта кету керек. Мәселен, Қызылорда облысына аты белгілі болған карт коммунист Төлеген Дәуітбаев сол Сүлеймен мүдәрістен алған білімінің өзімен-ақ бір ауданды ондаған жыл басқарды, төсіне Ленин орденінен бастап төрт орденді жарқырата тақты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үш дүркін депутаты болып сайланды. Осы Аққошқардың байырғы тұрғыны Түймебай Байдылдаев мүдәрістен алған білімімен-ақ облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін бірнеше жыл басқарды, Шу, Қастек аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болып, ұзақ жыл жемісті қызмет атқарды.
Сүлеймен әкесінен дәріс алған Әбдіқалықтың өзін-ақ алайық. Қазақ республикасының астанасы Орынбордан Перовскіге, қазіргі Қызылордаға көшіп келген бойдан Әбдіқалық әкесінен алған білімнің өзімен-ақ ел көзіне түскен интеллигент атанды. «Сыр бойы» газетін ұйымдастырушылардың бірі болып, онда өзінің көптеген өткір өлеңдерін жариялады. Қазақ халқына белгілі ақын Асқар Тоқмағамбетовпен түйдей құрдас Әбдіқалық а дегенде-ақ онымен терезесі теңесерлік дәрежеде көзге түсті. Не пайда, ол әкесін «арамза молда», «халық жауы» деп ұстап кетіп, оны алты-жеті ай бойына түрмеде ұстағанына, әрі әкесінің түрмеде адам төзбестік ақиретазар көргеніне шыдамастық білдіріп, ішқұса болып ерте мерт болды.
Керек десе, Сүлеймен мүдәрістің Әлима деген әйелінің інісі Қайып Оразов өзінің әкесі Маханбетті НКВД жендеттері атып тастағаннан кейін жездесінің үйіне келіп паналаған шамалы уақыттың ішінде-ақ әжептәуір ілім-білім алып, «мақсұм» атаныпты.
— Әлима әжеміздің інісі Маханбетті жендеттер Қарауылтөбеге апарып атып тастады деген ха-

бар бүкіл ауыл-елді дүр сілкіндірді. Маханбет ешкімге залалы жоқ, арамдығы жоқ, шебер етікші болса да, әйтеуір НКВД-ға жақпай қойды да, тез арада-ақ опат болды. Сол Маханбеттің әкесі Ораз, оның інісі Қораз дегендер де менің аталарым Күздеубай мен Сүлейменнен дәріс алып, тым-тәуір білімі бар молда атанып еді. Ораз бен Қораз да аса инабатты кісілер болды. Сіра Маханбетті Қарауылтөбеге апарып атқанда, оның сондай іргелі молдалар әулетінің ұрпағы болғаны басты нысанаға алынған болса керек,— дейді Әлиакбар.

Сүлеймен мүдәрістің шәкірті, қазірде Жалағаш ауданының имамы болып отырған Жұмабек Омаров маған былай деді:

— Мен Сүлеймен мүдәрістің өзінен де, оның үлкен баласы Әбдіқалықтан да дәріс алып едім. Ал кіші баласы менен небәрі төрт-ақ жас үлкен болатын. Әкесі қуғын-сүргінде жүріп өлгені, НКВД бастығы әкесінің мүрдесін көрден аштырып көргені Әбдіқақты тіптен мұқалтып кетті. Артынша-ақ ол да өлді. Сонымен Сүлеймен мүдәрістің шаңырағынан ешкім де қалмайды.

Әбдіқалық шебер ақын атанды. Оның өлең-жырлары талайларды таң қалдырды. Мәселен оның мына бір өлеңі менің жадымнан сірә кетер емес. Ол мынау еді.

Қызыл тілім қызмет ет
Қалауынша халықтың.
Базар ет бәрін алдына
Демесін әсте «жалықтым».
Жолға түсіп жорғала,
Думанын қыздырып сауықтың.
Ажал келсе арандап,
Қонбайды емі тәуіптің.
Қырық жыл қашты Қорқыт ер,
Құтылмады қашқанмен,
Сарқылып лажы кәріптің.
Ақыры киді киімін
Ажал атты сауыттың.
Жан барында тәубаға ен,
Ішіне еніп тарихтың.
Күннен күн кеміп барады,
Шұғыласын шарғи шәріптің.
Өзгерілді ісімі
Жиырма тоғыз әріптің.
Сеспенен көзі байланып,
Суы тартылды арықтың.
Жерден шықпай жейтін дән,
Пұлға алдық бәрін азықтың.
Көтеріліп бағасы,
Қымбатын көрдік нарықтың.
Нәр татпай кейде, ашығып,
Неше рет халқым жабықтың?
Егесі өзі жаратқан,
Құдыреті деп біл халықтың.
Ғажап емес көтертсе,
Бөлесін жойып салықтың.
Қол жайып халқым дұға қыл,
Шамасыз шаршап-шалықтың.
Көп тілеуі көл деген,
Ылажсыз тілек сарықтың.

Мұны айтып отырған Жұмабек Омаров кім? Оның атасы Нысанбай жырау 1926 жылы тұңғыш дастан-жырларын жеке кітап етіп бастырып шығарған кісі. Аламесек жәрмеңкесінде тоқсан жыраумен сайысқа түсіп, бас бәйгені жеңіп алған. Ол көбіне Кенесары мен Наурызбайлардың патша өкіметіне қарсы патшалық саясаттың отарлаушылық астарын әшкерелеу мақсатында бас көтергендігін паш ете жырлаған. Кенесарыны ұлы орыс халқының Пугачевіне теңеген. Міне сол Нысанбай жыраудың немересі болып табылатын Жұмабек Омаров осыдан алпыс жылдан астам бұрынғы Әбдіқалық Күздеубаевтың осындай әсерлі өлеңін жаттап алып, енді оны бізге жеткізіп отыр.

Сүлеймен мүдәрісте де, оның ұлы Әбдіқалықта да көптеген діни, әдеби кітаптар болғанын бір кезде маған Төлеген Дәуітбаев ағамыз да, көп жыл партия, совет қызметінде істеп, қазір құрметті демалыста жүрген Жұма Демеуов те, Сүлеймен мүдәрістен дәріс алып, ел құрметтеген партия қызметкері болған Түймебай Байділдаевтың інісі Мардан Байділдаев та талай рет айтып еді. Қазір сол кітаптар қайда?

— 1936 жылы мүдәріс атамды ұстап алып кетіп, бір жыл түрмеге қамаған кезде Әбдіқалық ағам бас болып сол кітаптарды Бошай деген жердегі бір тамға жинап едік. НКВД тыңшылары бізде ондай кітап қоры барын білгенде, соларды тауып беріңдер деп дігерлері анық еді. Расында, Шитеновтің өзі атам өлгеннен кейін де талай рет келіп, сол кітаптарды тауып бер деп әлек салды. Ол кітаптарды тап сол «қырғи» атанған, атамды түсінде қырғи болып қуған Шитенов қолына түсіргенде, Күздеубай ұрпағына түгелдей опат әкелетін еді. Осындай дүрбелеңді күндердің бірінде біреу әлгі кітаптар жиналған тамға от қойып, бәрін де өртеп жіберіпті. Сүлеймен мүдәрістің өзіне тәндігі өңшең діни кітаптар болсын-ақ дейік, ал Әбдіқалық бірыңғай әдеби кітаптар жинайтын. Әжептәуір кітапханасы болатын. Сол қыруар қазына да Сүлеймен атама ұқсап, репрессия құрбаны болды ғой,— дейді Әлиакбар Смағұлов. Әбдіқалық Күздеубаев Пушкин мен Лермонтовтың, Достоевский мен Гогольдің көптеген кітаптарын жинап, сірестіріп қоюшы еді, өзінің де өлеңдерін әдемілеп көшіріп жазып, түптеп, кітапқа айналдырып қойғанын талай көрген едім, дегенді айтады Күздеубайдың немересі.

Күздеубай мен Сүлеймен мүдәрістің мешіті «Қарақуыс» алқабының «Қаратай» жерінде болғанын, сол жерде қазір мешіттің қуланды кесектері жатқанын, сол маңда әкелі-балалы молдалардың бейіттері тұрғанын біз жоғарыда айттық. Сол маңнан Даңмұрын деп аталатын, атақты ақын атына қойылған арық өтеді. Суға тілек, құнарлы топырақты Қарақуыс қойнауында осы Сүлеймен мешіті ғана гүл-бақшаға бөленіп тұрыпты. Жеміс-жидек ағаштары майысып тұрған, жүгері жайқалып өскен, қауын-қарбыз, картоп егілген. Сүлеймен мүдәріс ұсталып кеткен бойдан осы гүл-бақшалы мекен-жайға да жау тигендей болыпты. «Арамза молданың егіні» деп алды-

мен оның егінін сыпырып жинап кеткен, жеміс-жидегін қиратқан. Мешіттің өзіне де қол салынып, оның ағаш-тасы, жарамды кесектері тасып әкетілген. Қазір бұл маң құлазып жатыр. Осыдан алпыс жылға толар-толмас уақыт бұрын гүл жазиралы жай қазір ол маңда ештеңе болмағандай түрге еніп, тіптен құлазып жатыр дегенге мүлдем сенгің де келмейді.

— Бүкіл Күздеубай ұрпағы болып, біз 1956 жылға дейін, яғни сталиндік репрессия тамырына балта шабылғанға дейін «арамза молданың ұрпағы», «халық жауының ұрпағы» деген жаман атақтан арыла алмадық. Балаларымыз фамилиясын жасырмай жоғары оқуға түсе алмады. Мектепте оқыған жас жеткіншектерімізге дейін көз түрткі болудан арылмады,— дейді Әлиакбар. Оның айтуынша, Сүлеймен Күздеубай ұлының абыройатағы әліге дейін «халық жауы» деген жалалы айыптан арыла алмай келеді.

* * *

Республикаға белгілі фольклорист Мардан Байділдаевпен бірге Аққошқар елді мекенін аралап келеміз. Қазірде бұл — іргелі күріш совхозының орталығы. Ұзын-ұзын бес-алты көшеден тұратын поселкадағы еңселі Мәдениет үйіне зер сала қараймын. Тек мәдениет үйі дегеннен басқа ештеңе көзге түспейді. Алдында ешқандай ескерткіш боларлық нәрсе — қара көре алмадым. Ой тәйірі-ай, дәл осы Мәдениет үйінің алдында Аққошқардың асыл ұрпақтарының бірінің бюсті тұрса, бәрі де жарасып кетер еді-ау деп қиялдаймын. Осы ойымды совхоз басшыларына айтсам деп үміт етіп едім, олар аудан орталығындағы жиынға қатысу үшін үдере кетіп қалыпты.

Бір көшеге Сыр бойына белгілі шайыр Даңмұрынның аты берілгенін біліп, көңілім бір бірленді. Ештен кеш жақсы деген ғой, бұған да шүкіршілік деп жатырмын. Бақсақ, Даңмұрын да осы Аққошқар топырағының түлегі екен.

Түп-тура кеңсенің екі жағын ала, поселканы қақ жарып өтетін көшелердің бірін «Карл Маркс» деп атаса, екіншісін «Энгельс» деп атапты. Енді бір көшеге «Октябрь» деген ат берілген. Жақсы-ақ, Карл Маркс пен Фридрих Энгельс ғылыми коммунизмнің негізін қалады дейік, ал олардың тап осы Аққошқарға келіп ештеңе де бітірмегені айқын ғой. СССР-дың алуан-алуан қаласында не көп, Карл Маркс пен Энгельске арналған көшелер көп. Оларға арналған ескерткіштерге де көз сүрінеді. Солар аз болғандай, облыс орталығынан 150, аудан орталығынан 50 километр қашықтықтағы осы елді мекенге солардың атын бергеннен сол екеуінің мерейі өсе ме? Онан да аққошқарлықтар өз түлегін неге мәңгілік есте қалдырарлық қадам жасамасқа? Ал «Октябрь» көшесіне келсек, біздің жаңа заманымыз ұлы Октябрьмен тығыз байланысты екені рас. Бірақ соны ең шеткі бір совхоздың көшесінің атына айналдырудан не ұтамыз?

— Көшелердің атын өзгерту үшін біз біраз шырғалаңнан өтуіміз керек,— дейді ауылдық совет атқару комитетінің төрағасы,— совхоз коллективінің жиналысын өткізуіміз керек, оның протоколын аудандық совет атқару комитеті бекітуі тиіс. Барлық документация өзгереді. Ал осының бәрі қыруар қаржы тұрады.

Иә, ол сөйтіп қаржы керек дегенде қалтаңнан тиын-тебеніңді бере салғың-ақ келеді. Миллионер совхозда көше аттарын өзгертуге қаржы жетпейді дегенді естіткенде, тіптен іштей ренжисің.

Ал осы Аққошқар елді мекенінің жұртшылығы «асылымыз» деп аузынан тастамайтын бірер кісілер жайлы тағы да солардың есіне сала кеткіміз келеді. Осы жердің топырағының белбаласы Төлеген Дәуітбаев пен Сүлеймен Күздеубаевтың қазірде ұмыт болып бара жатқанына неге қабырғалары қайыспайды? Төлеген Дәуітбаев Сүлеймен мүдәрістен алған білімімен ғана бір ауданды ондаған жыл басқарғаны, төсіне төрт орден таққаны, республика парламентіне үш рет сайланғаны аққошқарлықтарға беймәлім бе? Мұндай мәртебеге кім көрінгеннің қолы жете бермесін неге ескермеске? Түймебай Байділдаев те осындай құрметке ие бола аларлық тұлға емес пе еді?

Сүлеймен Күздеубайұлына келсек, ол мұсылман дінінің ең биік шыңына қол іліктірген кісі. Халықты ізгілікке, бауырмалдыққа, ұйымшылдыққа, адалдыққа, пәктікке тәрбиелеген. Сол үшін де ол сталиндік репрессия зобалаңына тап болған. Түрмеде жарты жыл жатып, соның ақырет-азабын тартып, елге ауырып келе тұрып, тағы қуғын-сүргінмен күн кешті, өлімді НКВД жендетінен қашып жүріп, қамыс арасында, арық ішінде қарсы алды. Сүлеймен Күздеубай ұлы Сырдың атақты сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуовпен медреседе бірге оқып, бірге дәріс алған, бірге жүріп, бірге молдашылық құрған кісі. Егерде аққошқарлықтар өзінің осы сом тұлғасына ескерткіш орнатардай болса, анау мәнсіз атты арқалап тұрған көшелердің бірін сол мүдәрістің атымен атар болсақ, бұған жұртшылық та, Күздеубай мен Сүлеймен мүдәрістердің ұрпақтары да риза болар еді.

Жоғарыда Сүлеймен Күздеубайұлы мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлының медреседе бірге оқып, бірге өмір сүрген, достығы жарасқан кісілер болғанын сөз еттік. Керек десеңіз, екеуі түрмеде де бірге болған. Сол кездегі Қармақшы — қазіргі көршілес екі ауданның орталығы болған ғой. Тұрмағамбет пен Сүлейменнің екеуінде де Әбдіқалық атты балалар болған, ол екеуі де медреседе бірге оқыған, екеуі де бірден ел көзіне түскен азамат атана білген. Сол қос шамшырақ әкелерінің басына түскен қайғы мен өздеріне жабылған халық жауының балалары деген жаман атқа шыдамай, бір мезгілде, бір індет — ішқұсалықтан өліп кеткен. Қос молда ұлдарының өлгенін түрмеде жатып бірге естіді де, екеуі де біраз уақыт көз жастарына ерік берді. Әрине мүдәріс ұлының өлімін құран оқып қарсы алды, ал Тұрмағамбет ұлына арнап өлең жазды. Мен оны Тұрмағамбет жайлы мақаламда атап көрсеттім.

Сыр бойының қос алыбы осы қайғылы өлімнен кейін өмір жастары онан сайын өксіп, түрме азабына жан азабы қосылып, екеуі де осыдан кейін ден саулықтарынан біржола айырылды. Шындығын айтайын, біз осы уақытқа дейін Тұрмағамбет пен Сүлейменнің мұндай қайғы-қасіретін білмей келдік, оны білуге кешегі күннің қыспағы ерік бермеді.

Осы «Аққошқар» деген ат қайдан шыққан? Ол — мұдәрістен дәріс алып, кейін өз алдына мектеп ашқан Төлеген Дәуітбаев ағамыздың өзі салдырған мектептің аты. Қазірде ол мектеп жоқ, бірақ орнына зәулім мектеп салынған. Олай болса, тап осы соңғы зәулім орта мектептің атын пәленбай номерлі мектеп дегеннен гөрі Аққошқар мектебі деу Төлеген Дәуітбаев секілді ардақты кісінің аруағын сыйлағандық болмас па еді? Ал совхоздың атын Дәуітбаев Төлеген атындағы совхоз десек ше? Көштай Жарқынбаевты алайық. Ол Сүлеймен мұдәрістің атылу жазасына тап боларын біліп, оны НКВД жендетінің тырнағынан алып қалу үшін жанын шүберекке түймеді ме? Егерде жендет оның бұл әрекетін білгенде, оны сау жібермейтін еді. Көштай колхоз бастығы, НКВД-ға «халық жауын» ұстап беруге міндетті адам бола тұрып, Сүлеймен мұдәріске хат жазып, оны алдын-ала сақтандырды, мұдәріс жендет қолына түспеуі үшін бар айла-шарғыны жасап бақты ғой. Көштайдың мұнысы — өлімге бас тігіумен бірдей әрекет еді. Көштайдың мұнысы — өлімге бас тігумен бірдей әрекет еді. Көштай Жарқынбаев бар өмірін колхоздастыруға арнаған, голошекиндік зобаланды түгелдей бастан кешірген кісі. Ел сыйлаған, әділдігі мол басшы болған. Аққошқарға таяу жерде «Көштай ағашы» деген жер бар. Ол Көштай еккен бау. Көштай «артыңа атақ емес, ағаш қалдыр» дегенді ту етіп ұстанып, Сыр бойын көк желекке бөлесем деп армандаған адам. Сол Көштайдың баласы — Зейнолла Жарқынбаев ағамыз да бар саналы өмірін басшы партия, совет, баспасөз қызметінде өткізген кісі. 1990 жылы ол омырауына «КПСС-ке 50 жыл» значегі мен орден тақты. Міне сол Зейнолланың әкесі Көштайға бүкіл Жалағаш ауданында аты мәңгі есте қаларлық бір игі тірлік жүзеге асырылмай отырғанына ренжисің.

Немесе, Сүлеймен мұдәрістің ауылдасы Келдібай Шонымұлы ше? Ол бұрынғы Аламесек жәрмеңкесі орналасқан жерде 25 жыл болыс болған кісі. Біз «болыс» деген аттан қашпауға тиіспіз, ол қазіргі ауылдық совет төрағасының ролiндегі адам. Келдібай болыс сондай жоғары лауазымын жер дауы, жесір дауы, су мәселесін реттеу, ел арасының бірлігі, татулық жолына арнаған. Сол үшін да белгілі Сыр сүлейі Қуаныш Баймағамбетов ол жайлы:

«Керейттің тіл шебері — Келдібайы,
Белгілі Сыр бойына оның жайы.
Бітірген ердің құнын, нардың құнын,
Аз сөзбен елдің дауын келсе
ыңғайы»

деп өлең шығарды. Қазақ халқының дүлдүл ақыны, әрі жазушысы Асқар Тоқмағамбетов Келдібай есімін өзінің «Жыр күмбезі» атты кітабына енгізіп, оны қыр мен сыр, торғайда даулы мәселелерді шешуде теңдесі жоқ шешен кісі болды деп жазды. Ең әрісі Келдібай қасына Тұрмағамбет пен Сүлеймен мұдәрісті ертіп Қызылқұмдағы Ақмырза молдаға өкіметке қол көтеруді тоқтат, халықтың қанын шашпа деп талай рет барып айтқан. Бірақ Ақмырза молда Совет өкіметіне қарсы шығуын қоймай, өзі де, соңына еріксіз ерген жүздеген нөкерлері де босқа қырғын тапты.

Демек, Келдібай Шонымұлы да кезінде ел құрметтеген кісі бола білген. 1937 жылы оны да «халық жауы» деп ұстап, он жыл түрмеге отырып келді. Денсаулығын сондағы азаптың әсерінен бүзды да 1946 жылы елге келіп өлді. Келдібайдың баласы Мардан Байділдаев осы ретте маған былай деді:

— Әкемді халық жауы деп ұстап кеткен күні мен тура он жаста едім. Сол күні мектепте мойнымдағы пионерлік галстугімді жұлып алды. Мектеп басшылары тез фамилияңды, атыңды өзгертпесең, мектептен қуамыз деді. Лажсыз фамилиямды «Байділдаев» деп, «Шахмардан» деген атымдағы алғашқы «Шах» деген сөзді алып тастатып өзгерттім де, бұрынғы Шахмардан Келдібаев енді «Мардан Байділдаев» болып шыға келдім. Сол кезде белгілі партия қызметкері болып саналатын Түймебай ағам да солай етуге мәжбүр болды. Ал менің атымды Тұрмағамбет пен Сүлеймен мұдәріс екеуі қойған екен. Менің Ажар атты анам қолындағы бір уыс талқанын маған жегізе салып, өзі аштан өлгенін ешқашан ұмытпаймын. Әкем түрмеге қамалмағанда, үйіміз талап-таражға түспегенде біз осындай күйге түсер ме едік? Сталиндік репрессия деп жүрміз ғой. Сол репрессияны Шитенов секілді жендеттер қолдан жасады, оның зымияндық тірлігін Мәскеудегі Сталин білген де жоқ еді...

Демек, бар ғұмырын ел басқарумен, дау-дамабаны шешумен өткізе келіп, репрессия зобалаңының шаңын жұтқан Келдібай Шонымұлы да тарихтан өз орнын алатын болуға тиіс.

Аққошқардың атақты кісілерін сөз еткенде менің есіме сонау 1926 жылы жеке кітап шығарып, Аламесек жәрмеңкесінде тоқсан жырауды жеңген айтыс шебері Нысанбай жырау, Қазаннан үш кітап шығарып, заманының дүр ақыны атанған Жарылқасын қожа да еріксіз оралады.

Қысқасы, біз ел сыйлаған, қадірменді кісілерімізді ұмытпайық, оларды мәңгі есте қалдырарлықтай шараларды жасауда ешқандай жалтақтыққа салынбайық, ағайын.

*М. Исаұлы,*
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1991 жылы 5 желтоқсан)

## ҚЫРЫҚ МОЛДАҒА ТҮСКЕН ҚҰРЫҚ

**Қарауылтөбе құмындағы қырғын жөніндегі менің мақалаларым Қызылорда облыстық және Сырдария аудандық газеттерінде жария болысымен, маған жер-жерден пікір білдірушілер көбейді. Жазықсыз жазаланғандар жайлы соңғы деректер келе бастады. Сондай кісілер «1937—1938 жылдары қырық молданы НКВД тыңшылары ұстап кетіп, қойдай қырды ғой. Солар дәл осы Қарауылтөбеге, Тайшы құмына апарып атылды» дегенді айтты. Қырық молдаға құрық түсіп, бәрі опат болды де? Бұл мені елең еткізді...**

* * *

— Менің әкем Қайып Оразов маған үлкен әкем Маханбет деген инабатты, имангершілігі мол, қазақ арасында молда деп аталып кеткен кісіні НКВД тыңшылары ұстап әкетіп, екі-үш күн түрмеге қамалғанын, арада бір жеті де етпей жатып, Қарауылтөбе құмына апарып атқанын көзінің тірісінде айтып отыратын,— дейді Сырдария аудандық газетінің бөлім мегерушісі Шолпан Оразова қарындасымыз,— 1931—1932 жылдары қазақ халқының басына түскен голощекиндік зобалаң үш миллиондай адамның өмірін қиғанын біз тарихтан білеміз. Сол зобалаң кезінде атам ашаршылыққа тап болмауы үшін Өзбекстанға көшіп кетеді. Ел тойынып, зобалаң басыла бере, елге қайтып оралып, Жалағаш ауданындағы Аламесек деген жерге қоныстанады. Атам керемет етікші болған. Ол зергерлеп тіккен етікке кім де болса қызығады екен. Бір күні біреудің сиыры жоғалады да, соны менің атамнан көреді. Көрер көзге бәле салынады. Аудандық НКВД басшылары әйшәйге қарамай атамды түрмеге атып ұрған. НКВД «қырғилары» сиырды ұрлағаным рас еді дегізіп, атамды ұрып-соғу арқылы ұрлық жасағанын «мойындатқан». Атама өлім қаупі туады. Сол кезеңнің тергеушілері солайша көрер көзге салынған бәленің өзін күшпен мойындатудың «шебері» саналғанын мен осыдан-ақ айқын ағарғандаймын. Жазықсыз жазаланғандар көбінесе солайша күшпен таңылған «күналар» арқылы атылып кеткен екен ғой.

Әкеме өлім қаупі туғанын менің әкем, яғни Маханбеттің туған баласы Қайып біледі де, ол Досжан Сәтбаев деген нағашыма жүгіреді. Екеулеп атамды бірер күнге түрмеден кепілдікке шығарып алып, атамның шындықты мойындауы, жалақорлықты әшкерелеуге тікелей өзін қатыстыру арқылы жағдайды анықтамақ болады да НКВД басшыларына барады. Бірақ олар кеш қалғанын, Маханбет күні кеше ғана Қарауылтөбе құмына апарылып атылғанын білген. Нағашым Досжан да, менің әкем Қайып та бармағын тістелеп қала берген. Кейін мен есейіп, оң-солымды білген кезде әкем қайтыс болды. Ол кісінің аузынан талай рет Қарауылтөбеге барып, атаңа құран оқып қайттым дегенін естіттім. Әкемнің өз аузынан соларды талай рет естіген соң, Қарауылтөбе қырғыны жөніндегі мақала менің есіме сол қайғылы жәйтті еріксіз оралтып, жазықсыз атылып кеткен Маханбет атамның тағдыры жүрегімді қан жылатты...

Баспасөзде жарияланған Қарауылтөбе қырғыны жайлы мақалаларымды оқығаннан кейін Шолпан қарындасымыз осыны маған тебірене отырып жеткізді. Әрине, қазақ халқына ашаршылық ала келген Голощекиндік зобалаң, 1937—1938 жылғы сталиндік репрессия кезінде осылайша бостан-бос өліп кеткендер, адамның жүрегін мәңгі бақи сыздатарлық жәйттер әлі де кездесері анық. Қарауылтөбе қырғыны болған жерді әуелі өзім анықтап алып, соны Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасына қабарлаған болатынмын. Басқарма бастығы арқылы екі қызметкер бөлгізіп, соларды өзім тапқан куәлермен тілдестірдім. Сондағы бір азаматтың пікірі мен әліге дейін елеңдете береді. Мәселен, үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері Табылды Мақұлбеков 1988 жылы бір вертолет екі күн бойы Қарауылтөбенің үстінде айналып ұшып жүрді де, үшінші күні қонды, түнімен прожектор салып қойып, әлдебіреулер жұмыс істеді. Мен комендант ретінде, үйімнен үш жүз метрдей ғана жердегі бұл әрекетті сырттай бақыладым. Таңертең вертолет ұшып кетті. Сонан кейін мен құм ішіндегі өліктер үйіліп жатқан жерге барып шолу жасап едім, адам сүйектері жым-жылас жоқ болғанын білдім, деп еді.

Табылдының бұл сөзі менің Жалағаш аудандық газеттің 1990 жылғы 7, 9 және 13 қарашадағы номерлеріне берілген мақаламда толық келтірілді де, 17 қарашада облыстық газетте басылған нұсқасында қысқарып кетті. Табылды облыстық газеттің сол номерін ала салысымен, маған былай деп хат жазды:

«Қарауылтөбе құмында қырғын тапқан жүздеген боздақтардың сүйектері жартылай ыспа құм басып, үйіліп жатқанын мен 1962—1963 жылдары, он төрт-он бес жасымда, мектепте оқып жүргенде талай рет көріп едім. Мұғалімдеріміз бізді осы құмға жиі-жиі экскурсияға әкелетін. Сол үйілген адам сүйектерін біздің ауылдағылардың бәрі де көрген, сол үшін де ол маңға жоламайтын. 1983 жылы, мен комендант болып қызмет істеп жүрген кезімде, бір вертолет осы Қарауылтөбе құмын екі күн бойы айнала ұшып жүрді де қойды. Үшінші күні қонып, әлдебіреулер сонда түнеп қалды. Тура өліктер үйіліп жатқан астау шұңқырлы сор көлдің шығыс жағына, жар қабақты төбенің арғы жағына қонды. Ал прожекторды төбе басына орнатып, жарығын біздің ауыл жаққа қарата са-

лып, түнімен жарқыратты да тұрды. Әлдебіреулер олай-бұлай жүгірістеп жүргенін мен прожектор жарығының астынан аңғарып тұрдым. Ертеңіне вертолет ұшып кетті. Мен вертолетпен келгендер түнде не істегенін білгім келіп, Қарауылтөбе құмына келсем, сор көлдің жар қабағы астында жартылай құм басып жатқан сүйектері жым-жылас жоқ болыпты. Вертолетпен келгендер не сол адам сүйектерін салып алып кетті, немесе басқа бір жерге көмді. Әрине, бұл — менің өз пікірім, көрген - білгенімді айтып отырмын.
Мен осы күдігімді тілші — сізбен бірге келген КГБ-ның екі қызметкеріне де айтып едім. Олар: «вертолет бізсіз ұшып келмейді ғой, біздер онан хабарсызбыз» деген уәж айтты. Ал мен болсам: «Қылмыскерлер қылмысын жасыру үшін КГБ-ға өзі барып рұқсат сұрамайды ғой» дедім. Әлгі екі лауазым иесі бұған қарсы ештеңе айта алмай, шықты да жүре берді. Мен сол адам сүйектері жартылай құм басып жатқан жерді көрсетемін, вертолет қонып отырған жерді де көрсетемін деп едім. Олар қайтып келуге келіскен болатын, бірақ келместен кетті. Сірә, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті облыстық басқармасындағылар Қарауылтөбе құпиясын тереңірек ашуға құлқы аздау ма деп қалдым...»
Еңбекші дабылы осылайша сыр шертеді, біздердің ойлана, толғана отырып қызмет істеуімізді талап етеді. Вертолет кімдікі, ол қайдан келген, жұрттың бәрі көріп жүрген, жартылай құм басып жатқан адам сүйектері сонан кейін қайда жоғалған деген сұрақтар мені мазалаумен болды. Шынымды айтайын, мен өз тарапымнан сол араға тағы барып, адам сүйектері қайтадан көмілуі мүмкін-ау деген жерлерді өзімше шамалап анықтадым.
1990 жылғы 28 қарашада республикалық «Әділет» қоғамының төрағасы Мардан Байділдаевты сол жерге әдейілеп алып баруға, адам сүйектері жартылай құм басып үйіліп жатқан жерді көрсетіп беруге тура келді. Жолшыбай Қарауылтөбе поселкасының тұрғыны Табылды Мақұлбековті да ертіп алдық. Ол бізге сор көлдің шығыс жарқабағы астында, жартылай құм басып жатқан өліктер орнын дәл көрсетті, вертолет қонып отырған жерді де нұсқады. Бетінде орақ пен балға, «СССР» деген жазу ойып жазылған ағаш белгіні де тауып берді.
— Бұрын мынау үш бұрышты темір белгі орнында үлкен ағаш белгі болатын. Ағаштарының жуандығы менің белімдей еді. Бір күні сол ағаш белгі жоқ болды да, орнына мынау темір белгі қойылды. Оны кім қойғанын да біле алмай қалдық. Ал мынау құм төбенің басын байқап көріңіздерші,— деп Табылды тап әлгі темір белгінің алдын қолымен шолып көрсетті.— Бұрын осы төбенің басы кедір-бұдырлы, сексеуіл мен жыңғыл өскен, жықпылы мол жер еді. Вертолет бір түн болып кеткеннен кейін осы төбенің басы тегістеліп, екі үй орнындай аланда бейне жер жұмыстары жүргізілгендей болды да қалды. Енді нағыз үй тігеруге арналғандай дерсің. Дәл осы жерде біраз жер жұмыстары жүргізілгенге ұқсайды. Егер де прокуратурадан рұқсат алып, осы төбенің басын қазардай болсақ, астынан адам сүйектері шығар еді...
Мардан екеуіміз Табылдының әлгі күдігін есімізге сақтап, темір белгі орнатылған жердің алдындағы аланды, олай-бұлай аударыстырылған құм топырақты шолып қарап тұрмыз. Аумағы үлкен екі киіз үйдің аумағындай жер таяудағы уақытта ғана үлкен өзгеріске ұшырағанға ұқсап тұр. Айналасында сексеуіл мен жыңғыл сыңсып тұрса, әлгі аланқылықта ештеңе де жоқ болып шықты. Қарауылтөбе поселкасының тұрғыны, әлгі Табылдының жұбайы Шәрипа Нұртазаева 1990 жылдың соңғы айында маған былай деп жазды:
«Менің Икрам деген туған жездем де осы Қарауылтөбеге әкеліиіп атылды деседі. Икрам асқан білімдар молда еді, халықты бірлікке, татулыққа үндеуші еді. Сталиндік репрессия сондай зиялы, дуалы ауызды молдаларды да қырғын таптырғанына қайран қаламын. Олардың халық алдында нендей кінәсі болды екен?»
Икрам? Мен ойланып қалдым. Осыдан он жылдай бұрын Зұлқарнай Икрамов деген ғалым-педагог қайтыс болғанда, жұртшылық маған оның әкесі атақты молда болған, сол үшін де халық жауы ретінде атылып кеткен, әкесін ұстап кеткенде Зұлқарнай бір жастағы сәби еді, деген. Сол Икрам алдымнан тағы шыға келді. Тарихи шындықты қалпына келтіру мақсатында, сол Икрам молданың опат болғаны жайлы деректі тереңірек зерттеуді алдыма мақсат етіп қойдым. Бұған да маған еңбекшілерден көптеп келіп жатқан пікірлерге толы дабылдар көмектесті.
Қызылорда қаласының тұрғыны, запастағы милиция полковнигі Қыпшақбай Жүсіпов, Тереңөзек ауданындағы «Шіркейлі» совхозының имамы Әбусағат Әбілқайыров, сол совхоздың келесі тұрғыны Абыт Әлдекеев, Сырдария ауданындағы Александровскі поселкасының тұрғыны Құдайберген Ахметов, Сырдария ауданындағы Жамбыл атындағы совхоздың тұрғындары Шаһап Қаюпов, Мұғаж Икрамов, карт коммунист, ССРО Журналистер одағының мүшесі, дербес пенсионер Ахметжан Нұрекеев 1937—1938 жылғы сталиндік зобаланда көрші отырған екі ауылдан бес молда бірден ұсталып, бәрі де қабар-ошарсыз кеткенін қабарлады. Солар жайлы соны деректер берді. Жазықсыз жазаланған молдалар кімдер еді?
Икрам Құлболды баласы — Сырдария ауданындағы Жамбыл атындағы совхоздың территориясында орналасқан сол кездегі шағын колхоздардың бірінде атақты молда болған. Ол екі ағайынды болыпты. Үлкені Әкмар мақсұм аталғанымен, молдалықтан қабары жоқ, момын кісі саналған. Ал соның інісі Икрам болса, ол екі иығына екі адам мінгендей, ірі денелі, көркем, сөзге жүйрік, көзі ашық, саяси сауаттылығы да мол кісі екен. Сол кезеңнің саясатын белгілеп отырған Голощекиннің зобаланына тап болып қалмау үшін, ас беру, намаз шығару сияқты мұсылмандық әдеттерді азайтпай болмайды деп ағасын да, өзге молдаларды да әлсін-әлсін ескертіп жүреді екен. Соған қарамай, Әкмар мақсұм бір жерде ас

беруге қатысып қалса керек. Сол үйге барып ас-су ішкендердің бәрін де НКВД тыңшысы «қара тізімге» алады да, НКВД бастығы Агивалов дегенге сарт еткізеді. Ертеңіне-ақ Агивалов Әкмарды тұтқындау үшін нөкерлерімен жетіп келген. Тап сол сәтте үйде Әкмар болмаса керек. Агивалов кетісімен, Әкмар келеді де, жағдайды інісі Икрамнан естіп-біледі. Икрамның ұсынысымен, Әкмар әйелі Жәмиланы алып Қызылқұмға қашып кетеді. Ертеңіне Агивалов Әкмарды тұтқындау үшін тағы келіп, Икрамға ағаңды тауып бер деп әлек салады. Ағасын қорғап қалу мақсатында Икрам «Әкмар — менмін» деген. НКВД «қырғилары» оны дереу тұтқындап, Қызылорда түрмесіне ала жөнелген. Икрам сол кеткеннен мол кеткен. Икрамның балдызы болып табылатын Шәрипа Нұртазаева оның Қарауылтөбе құмында атылды деп еді. Ал сол Икрамның інілері болып табылатын полковник Қыпшақбай Жүсіпов, Шаһап Каюпов, немересі Мұғаж Икрамов бізге мүлдем басқа адрес берді. Икрам ұсталып кеткенде бір жаста қалған Зұлқарнай кейін ес біліп, ат арқасына қонған, ғалым болған шағында әкесінің атылған жерін іздеп шарқ ұрса керек. Нақты дерек таба алмаған. Білікті ғалымның қойған талабына әрқилы жауаптар келе беріпті. Икрамды біресе Қызылорда төңірегінде атылды десе, біресе Оңтүстік Сахалинде атылды деген де жауаптар алыпты. Сірә, бұл — әлдебіреулердің қылмыс ізін жасыру мақсатындағы тірлігіне көбірек ұқсайтын сияқты.

Мұхамеджан Нұрекеұлы — қазіргі «Шіркейлі» совхозының территориясындағы шағын бір колхозда туып-өскен. Жұрт оны «Қарамолда» деп атап кетіпті. Білімдар, өнегелі, тағылымы мол молда болған. Біреудің үйінен ас-су ішкені үшін ол да «қара тізімге» бас болып ілігеді де, Агивалов оны түрмеге атып ұрады. Халық жауы деген жаланы арқалаған Мұхамеджан сонан ұшты-күйді жоғалып кетіпті.

Мұхамеджаннан үш ұл бар. Үлкені Әби барлық ғұмырын сауда саласында өткізген, соғыс және еңбек ардагері. Ортаншысы — Қалтай — республикаға танымал драматург-жазушы. Кішісі Қырғызбек педагог мамандығын жетік меңгерген жігіт. Қалтай Мұхамеджанов көп жыл әкесін іздестіріп, сұрау салумен болған. Оған НКВД аппаратының бірқатар қызметкерлері әкең Қарауылтөбе мен Тайпының құмының бірінде атылды десе керек. Қарауылтөбе қырғыны жайлы оқырмандар біздің мұнан бұрынғы жазбаларымыздан хабардар. Ал Тайпының құмы деген не?

Тайпының құмы деген моғал төбешік Сырдария ауданындағы Аманкелді атындағы совхоз бен Машина сынау станциясы аралығына орналасқан. Кешегі тоқырау жылдарында жұртшылық бізге сол Тайпының құмында да көп құпия бар дейтін. Бақсақ, Қарауылтөбеге ұқсап, Тайпаның құмы да кешегі сталиндік зобаланда бейкүнә боздақтарды қырғын таптырған орындардың бірі болғаны енді ғана байқалып отыр.

— Мемлекет қауіпсіздігі орындары менің әкемді жазықсыз жазаланған деп 1956 жылы ақтау қағазын бергені рас. Бірақ оның опат болған жерін дәл тауып, көрсетіп бере алған жоқ,— дейді Әби мен Қырғызбек. Соған қарағанда, кешегі репрессия құрбандарының нақты деректері әлде біреулердің қолымен құртылған, немесе сол жылдарғы қылмысты әрекеттерді толығынан әшкерелеуге келгенде әлі де бойкүйездік танытушылар жоқ емес.

Мұхамеджан Нұрекеұлы молда ғана емес, ақын да болған. Оның ұлы Әби бізге Мұхамеджан мен Кете Жүсіптің, Мұхамеджан мен Даңмұрынның айтыстары, жұмбақ айтыстары жазылған қалың бір папканы көрсетті. 1936 жылы Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Мұхамеджанның үйіне әдейі келіп, «Шахнаманы» бірлесіп аудару жайлы әкесіне өтініш айтқанын сол жерде он бір жасар Әби әліге дейін ұмытпаған.

— Менің әкем араб, парсы, ескі түркі, өзбек, тәжік тілдерін жетік білген. Орыс тілімен де еркін сөйлесе алатын дәрежеде болған. Әкемнің сол тілдерді жетік білуі Тұрмағамбетті қызықтырған болса керек. Әкем ұсталып кеткенде біздер — ағайынды үшеуіміз оның төрт кебежелік діни, әдеби кітаптарын, айтыс өлеңдерін киізге орап жерге көміп тығып тастап едік. Қорыққанымыздан солай еттік. Әкемді ақтау қағазы келген 1956 жылдан кейін көмілген дүниелерді ашып алмақшы болып едік. Ұстауға жарамайтын халге жетіп, шіріп кеткенін білдік. Репрессия зобалаңы сондай мол байлықты да рәсуә етті ғой,— дейді Әби бізге.

Алтынқожа Бикожаұлы жайлы айтқанда, оны «Шіркейлі» совхозы ғана емес, бүкіл Тереңөзек ауданы құрмет тұтқан қажы болғаны рас. Ол мұсылман діні жөніндегі үлкен бір жиынға — Думаға да қатысып, сонан қолдар қойылып, мөр басылған куәлік алған. Сол совхоздың имамы Әбусағат Әбілқайыров Алтынқожаның баласы Сәлімжанның үйінде сақталып тұрған сол куәлікті оқып көргісі келгенімен, ескі араб әрпімен жазылғандықтан оны оқи алмағанын айтады. Совхоз имамының айтуынша, Алтынқожа қажы мұсылман қауымын ауызбірлікке, адамгершілікке, татулыққа, бауырмалдыққа үнемі шақырып отырған. Халық сыйлаған, дуалы ауызды сол Алтынқожа қажы да НКВД тыңшысының «қара тізіміне» ілігіп, халық жауы деген жаланы арқалайды да, түрмеге жабылады. Сол кеткеннен мол кетеді. Алтынқожаның баласы Сәлімжан әкесінің қайда атылып, қайда опат болғанын білу үшін талай жыл бойына тынбай жасаған әрекетінен ештеңе өнбепті.

НҰРАДДИН НҰРМҰХАМЕДҰЛЫ бұрынғы «Қызыл жалау» деп аталатын шағын колхоздағы білікті имам саналыпты. Оның әкесі Нұрмұхамедті жұртшылық «Тапал ақын» деп атаған. Нұрмұхамед бойы тапал, шағын денелі кісі болғанымен, білімдарлығы үшін халық оны «ахун» деп білген. Мұсылман дінінде «ахун» қазіргі профессор деген ұғымға сай келеді. Соның баласы Нұраддин де ел сыйлаған, мұсылман қауымы құрмет тұтқан мақсұм атаныпты.

НКВД тыңшысы сол Нұраддин мақсұмды халық жауы деп «қара тізімге» енгізген күні-ақ оны ұстап кеткен. Қызылорда түрмесіне бір қамалғанын көрген жұрт оның қайда апарылып, қайда атылғанын білмей-ақ қойыпты. Оның баласы Шәріп қазір «Шіркейлі» совхозында клуб меңгерушісі болып істейді.

СҰЛТАН ҚАЛМЕНҰЛЫ ұсталып кеткен бес молданың біреуі саналғанымен, оның молдалық білімі жоқ кісі екен. Бұрынғы «Қызыл жалау» колхозындағы ауыл ақсақалы Қуанышбайдың інісі ретінде, жұрт оны да сыйлаған, құрмет тұтқан. Ағайынды екеуі де қолда барын жұрттың аузына тосатын сақи кісілер болса керек. Сұлтан бір күні Нұраддин, Әкмар, Алтынқожа, Мұхамеджан секілді зиялы кісілерге ас-су берсе керек. Оған өзге де біраз молдалар, ауыл ақсақалдары, сыйлы адамдар шақырылған. Бар жазығы — сыйлы кісілерге тамақ бергені ғана. НКВД тыңшысы сол үшін де оны «қара тізімге» алып, молдалармен қоса оны да түрмеге айдап қоя берген. Сол кеткеннен Сұлтан қайтып оралмапты. Оның баласы Тынышбай да әкесін шарқ ұра іздеп, ештеңе өндіре алмапты. Тынышбай көп жыл Сырдария аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып істеп, 1989 жылы қайтыс болып кетті.

Көрші отырған екі совхоздың территориясынан бір мезгілде, әрі біреудің үйінен берілген асқа қатысты деген сылтаумен ұсталып кеткен осы бес зиялы кісілер жайлы мәліметтерді жинастыру үстінде, маған Александровскі поселкасының тұрғыны, 1906 жылы туған Құдайберген Ахметов былай деді:

— Алтынқожа, Мұхамеджан, Икрам, Нұраддин, Сұлтандармен бірге айдалып бара жатқан жерінен мен Ералы деген жас молданы да көріп қалдым. Шамасы, әлгі Сұлтанның үйінде қонақта болған молдалардың қолына су құйып, иіліп қызмет етті десе керек. Қазіргі «Комсомол» совхоз-техникумның территориясының бір жеріндегі шағын колхозда ауылдық совет бастығы болып істейтін Есмахан деген беделді кісі бар болатын. Сол да молдалармен бірге айдалып баа жатты. Бір кезде молдалардың алдынан НКВД тыңшыларының бірі деп халық жек көретін Қ. деген кісі шыға келді де, «ау молдалар, жолдарың болсын» деді. Сонда Икрам қайырылып тұра қалып: «Е, әлай болсын, біздің жолымыз болар-ау, ал сенің денеңді Қызылорда табанында ит те жемей, айдалада қаларсың» деп дауыстайды. Жарықтықтың сөзі айнымай келді де, үш күн өте бергенде әлгі тыңшылық құрды деп, НКВД-ға Қызылорда жерінің 40 молдасын «қара тізімге» алып ұстатып жіберді деп халыққа жек көрінішті көрініп жүрген әлгі кісіні есектен құлап, айдалада өліп жатқан жерінен тауып алдық...

— Молдалармен бірге мені де түрмеге атып ұрды,— дейді «Шіркейлі» совхозының тұрғыны Абыт Әлдекеев,— мүмкін, мені де өзге молдалармен бірге Сұлтанның үйіне барып, қонақ асы жеді деген болса керек. Бірақ маған негізінен «құлақтың баласы» деген айып тақты. Әкем Мамадиярды 1929 жылы «бай-құлақ» болды, би-болыс болды деп ұстап кетіп, 1934 жылға дейін, тура бес жыл түрмеде отырып келіп еді ғой. Түрмеден келісімен, әкем ауырып өлген болатын. Енді мені бай-құлақтың баласы деді де, тура 10 жыл түрме жазасына соттады...

— Молдалар ғана емес, ел сыйлаған, ақсақалдық құрған, өзгеге ақыл-кеңес бере алатын кісілердің бәрін де халық жауы деген атпен түрмеге атып ұратын зобаланды бастан кешірдік ғой,— дейді 1928 жылдан комсомол мүшесі, 51 жылдан бері СОКП мүшесі болып табылатын Қалмақ Сексенбаев,— мәселен, мен сол сталиндік репрессия жылдарында үш адамның бостан-бос ұсталып кетіп, үшты-күйді жоқ болғанын білемін. Үшеуі де елге сыйлы кісілер еді. Облыстық «Ленин жолы» газетінде редактор болып істеген Қайыпназар Қауымбаев, аудандық партия комитетінде хатшы болған Омар Тышқанбаев, бұрынғы «Шолақарық» колхозында бастық болған Сәдуақас Орысбаев деген азаматтар тап сондай зобалаңға тап болып еді.

— Менің әкемнің ағасы Мәмбетәлі Сүйеніш ер көңілді, батылдығы мол, иманшылыққа көкірегі толы кісі болыпты. Бір күні ауылымыздың ауылдық советін басқарған бір жамағайын намысқа тиетін сөз сөйлеп, әділдіктен аттаса керек. Мәмбетәлі әкем әлгіге шыдамай, намысқа тиген дөрекі бастық інісін қамшымен біраз соққылап алған. Ертеңіне сонан кешірім сұрамақ бола бергенде, НКВД қырғилары жетіп келіп, Мәмбетәлі әкемді ұстады да кетті. Сонан ол әліге дейін қабарсыз кетіп бара жатыр, — дейді драматург-жазушы Қомшабай Сүйенішев. Мәмбетәлінің молдалығы болмаса да, мұсылмангершілігіне бола, әпербақан, ұрдажық ауылдық совет басшысы оны «молда» деп атап, өз бейбастақтығын солайша қымтаған.

Құдайберген Ахметов ақсақал айтқан Ералы молда кім? Шіркейлі жерінде сондай бір жас молда болғанын, жас та болса бастай болғанын жұртшылық жыр ете айтады. Ералыдан Айша атты қыз бала қалыпты. Ол қазіргі Жамбыл атындағы совхозда ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отыр.

Сол репрессия жылдары бір ғана Қ. деген НКВД тыңшысының «қара тізімінен» қырық молда ұсталып кетіп еді дегенді маған талайлар-ақ айтты. Қырғын тапқан қырық молда? Соншама зиялы адамдар жазықсыз жазаланып, қырғын тапқаны ә? Мұсылмангершілігі мол Орта Азия, Қазақстан халықтарында кейінгі кездегі азғындаушылық, бір-бірін көре алмаушылық, арам пиғылды әрекеттердің етек алуы сияқты қоғамға жат қылықтардың өрбуі соның кесірі емес пе екен? Бір тыңшының сыбырлауымен сабаудай қырық молда қырғын тапқанын мұсылман қауымы кешіре қояр ма екен?

Көрші отырған екі ауылдан ғана бес-алты зиялы адамдардың ұсталып, жоқ болып кеткенін біз жоғарыда айттық. Соларға қоса тағы оншақты кісі ұсталғанын білеміз. Қырғын тапқан

қырық молда десек, артық емес шығар. Неге десеңіз, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасы мен облыстық прокуратураның жазықсыз жазаланды деп ақтап, өткен жаз айларында баспасөзге жариялатқан тізімдерінде молдалар бар ма екен деп үңіле қараймын. Бар екен. Бір ғана Арал ауданынан — Серкен Смағұлов, Жиенәлі Таңжарықов, Айтмағамбет Егізбаев, Жұбаназар Бекенов, Қармақшы ауданынан — Баймахан Еркебаев, Әбдіқалық Маралов, Қазалы ауданынан — Нұрхожа Колхаев, Айтжан Беккұрақов деген молдалар көзіме түсті. Керек десе белгілі мекені жоқ деп табылған Жұмахан Демесінов деген де молда жүр. Айыптауларда «Арал молдасы», «Қазалы молдасы», «Қармақшы молдасы» деп атала берген. Жекелеген ауылдық советтердің молдалары да жазаланған. Мен Қармақшы тұрғындарынан Марал ишан дегенді талай рет естіп едім. Өте сауатты, бірлікшіл, ақылгөйлігі мол молда болып еді дейтін. Соның Әбдіқалық деген ұрпағы «молданың баласы» деген бір ғана ауыз сөзбен ұсталып кеткен. Сол кездің қатаң заңы бойынша, молда болса да, молданың баласы, немерешөбересі болса да, сауатты болса да молдалар санатына жатқызылып, бірден ұсталып кете берген ғой. Әрі ондай молдалар үшін тергеу жүргізу, сот құру деген болмаған.

Біз әдетте талайларға жала жауып, кім көрінгенді халық жауы деп атағандарды, біреуден өш алудың бірден-бір жолы ретінде НКВД-ға сыбырлаумен әуестенгендерді атын атап, түсін түстеуді қолай көреміз. Рас, Қарауылтөбе құмындағы қырғын жайлы маған екі-үш НКВД тыңшысының атын атады. Біреуін біз жоғарыда бас әрпімен атап, Қ. деп ғана көрсеттік. Солайша халыққа жек көрінішті болғандар, Икрам сияқты дуалы ауызды молдалардың қарғысына ұшырағандар арамызда қазір жоқ, олар өліп кеткен. Бірақ артында балалары, ұрпақтары қалған, олар қазір әртүрлі салаларда тайраңдай қызмет етіп жүр. Егер де мен сонау репрессия жылдарында НКВД, МГБ, КГБ №қырғилары» атанып, талайларға құрық салған, ондаған, жүздеген, керек десе мыңдаған совет азаматтарын қойдай қырғызған адамдарды айтар болсам, солардың ұрпағы мен жазықсыз жазаланғандардың ұрпағы арасында қырғи қабақтық орнап, қанды қырғын тууы мүмкін. Халық қарғысына ұшырағандар тарихтан солайша өтті-кетті, енді қайтып оралмасын деп тілей берейік. Сол үшін де өзіміз тарихи шындыққа жүгінуші бола білейік.

## ҚҰРЫҚҚА ТҮСКЕН МОЛДАЛАР МЕН ИШАНДАР

1937—1940 жылдары Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасының кекшілдері жер-жердегі молдалар мен ишан, тәуіптерді топырлата ұстап, түрмеге атып ұра бастаған кезде халық арасында «Құрыққа түскен қырық молда» атты әңгіме тарағаны рас. Осы жолдар авторының сол жайлы мақаласы да кезінде баспасөзде жарияланған. Сол молдалардың бірқатарының аты-жөнін жария етуді жөн көрдік.

### Қармақшы ауданы бойынша

**АЛДАШБАЕВ** Әубәкір — 1937 жылғы 27 қыркүйекте атылған.

**АЛДАШБАЕВ** Қожахмет — 1937 жылғы 27 қыркүйекте атылған.

**ЕРКЕБАЕВ** Баймахан — 1937 жылғы 28 қарашада атылған.

**МАРАЛҰЛЫ** Әбдіхалық — 1938 жылғы 19 қарашада атылған.

**ІЗТЕЛЕУҰЛЫ** Түрмағамбет — үш рет түрмеге қамалған, үшіншісінде Әбдіхалық атты баласының қайтыс болған хабарын естітіп, күрт ауруға шалдыққан түрмедегілер оны уақытша босатуға мәжбүр болған, кейін «занды түрде» ату үшін айдап әкелуге барғанда өлгенін естіп, көрді аштырып барып, актіге бұрынғы тәртіп бойынша «атылған» деп жаза салған.

### Арал ауданы бойынша

**БЕКЕНОВ** Жұбаназар — 1937 жылғы 19 қазанда атылған.

**ЖҮРСІНОВ** Тілеуқұл — 1937 жылғы 15 қыркүйекте атылған.

**ТАҢЖАРЫҚОВ** Жиенәлі — 1937 жылғы 20 тамызда атылған.

**СҮГІРӘЛИЕВ** Мұса — 1938 жылғы 2 ақпанда атылған.

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Сатулла — 1937 жылы атылған.

**ЛАТЫЦОВ** Шарафуддин — 1937 жылы атылған.

**ИСАЛДАЕВ** Ерке — 1940 жылғы 22 маусымда 5 жылға сотталған..

**ЖАЛМАҒАМБЕТОВ** Жұмағазы — 1937 жылғы 14 қарашада 10 жылға сотталған.

**ҚАРАҚҰЛОВ** Наурызбай — 1937 жылғы 4 қарашада 10 жылға сотталған.

**ҚОЖАРОВ** (ӘЛИЕВ) Есімхан — 1937 жылғы 2 қарашада 10 жылға сотталған.

**СМАҒҰЛОВ** Серкен — 1937 жылғы 10 қарашада 10 жылға сотталған.

**КӘРІМОВ** Ахмади —1937 жылғы 13 қазанда 10 жылға сотталған.

ДЕМЕСІНОВ Жұмахан — 1937 жылғы 4 қарашада 10 жылға сотталған.
ЕГІЗБАЕВ Айтмағамбет — 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.

### Тереңөзек ауданы бойынша

НҰРЕКЕЕВ Мұхаметжан («Қара молда»)— 1937 жылғы 14 қарашада атылған.
БИХОЖАҰЛЫ Алтынхожа — 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.
НҰРМҰХАМЕТҰЛЫ Нұраддин — 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.
ҚАЛМЕНҰЛЫ Сұлтан — 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.
АЛДАБЕРГЕНОВ Құрбан — 1937 жылғы 30 желтоқсанда 10 жылға сотталған.
ӘЛДЕКЕЕВ Абыт — 1937 жылы Қалменұлы Сұлтан молданың үйінде қонақта болған молдалардың бірісің деп ұстап, 10 жылға сотталған.
БІКІРОВ Әбжәми — 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.
ҚАРЛЫБАЕВ Әбдікей — 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.
ПІРІМБЕТОВ Шамшат — 1937 жылы «Ұзақбай Құлымбетовпен бірге суретке түстің» деген сылтаумен ұсталып, сонан хабарсыз кеткен.

### Сырдария ауданы бойынша

ГУМБАС Ганжимоль оғлы (ол әрі Әмірғалиев Үмбет) — 1938 жылғы 2 қыркүйекте атылған.
ЖАҚЫПОВ Әубәкір — 1937 жылғы 20 қазанда атылған.
ӘБЛАСАНОВ Икрам — 1937 жылы ұсталып кеткеннен хабар жоқ.
СЕЙТНАЗЫМОВ Илья — 1937 жылғы 20 қыркүйекте 10 жылға сотталған.

### Қазалы ауданы бойынша

КОНОНОВ Петр Васильевич — расстрелян 22 апреля 1938 года.
ҮМБЕТОВ Аман — 1938 жылғы 24 қарашада ұсталып кетіп, хабар жоқ.
БЕККҰРАҚОВ Айтжан — 1937 жылы ұсталып кетіп, хабар жоқ.
ОРАЗӘЛИЕВ Рахмет — 1940 жылғы 22 маусымда 8 жылға сотталған.
АЛДАЗАУЫРОВ Әбен — 1940 жылғы 22 маусымда 8 жылға сотталған.
ЫБЫРАЕВ Сәдінбай — 1940 жылғы 22 маусымда 8 жылға сотталған.
ОМАРОВ Нұрахан — 1940 жылғы 22 маусымда 8 жылға сотталған.
АРАЛБАЕВ Кемал — 1940 жылғы 22 маусымда 8 жылға сотталған.
ҚОЛҚАЕВ Нұрқожа — 1937 жылы ұсталып кетіп, хабар жоқ.

### Жалағаш ауданы бойынша

КҮЗДЕУБАЙҰЛЫ Сүлеймен — Сүлеймен мұдәріс Тұрмағамбет Ізтелеуұлымен түрмеге бірге қамлып жатқанда Әбдірахмен атты баласы қайтыс болып, сонан мүрт түсіп ауырған, түрме басшылары оны уақытша шығарған, кейін «заңды» түрде ату үшін айдап әкелу үшін барғанда өліп қалғанына сенбей көрді аштырған. Өлгенін анықтағаннан кейін бұрынғыша «атылды» деп акті толтырған.
ОРАЗОВ Маханбет — 1937 жылы ұсталып кетіп, сонан хабар жоқ.

### Қызылорда қаласы бойынша

НҰРЖАНОВ Әбілда — 1937 жылы ұсталып кетіп, хабар жоқ.
АППАҚ Ишан — сол Нұржанов Әбілдамен бірге журналист Нұрекеев Ахметжанның үйінде отырған жерінен ұстап кеткен, сонан хабар жоқ.
ДЕМЕСІНОВ Жұмахан — мекенсіз молда ретінде 1937 жылы ұстап кеткеннен хабар жоқ.

*Редакциядан:* Бұл тізімдегі 45 молда мен ишанның біразы «Топтасқан қылмысты істер хаттамасы» бөлімінің Қызылорда қаласына арнаған тарауында бар. Тізімде ұсталып кеткеннен кейін бірден хабарсыз кетті делінген сондай молдалар мен ишандар 1937 жылғы маусым-шілде айларында біртіндеп ұсталып, сол жылғы 5 қыркүйектегі оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің қаулысымен 13 қыркүйекте бәрі бір күнде атылған.

## ҚАРА МОЛДАНЫҢ КҮМІС ШАҚШАСЫ

**Халық «Қара молда» деп атап кеткен Мұхамеджан Нұреке ұлының күміс шақшасы жайлы бұл әңгіме менің көп адамдармен тілдесуім арқылы пайда болды. Әңгіменің ұзын ырғасы кешегі жылғы қанды репрессияның қиыр-шиырлы зобалаңдарын түгелдей көз алдыңа әкеледі.**

### I

Күміс шақша туралы хикая маған сол Қара молданың баласы, республикаға белгілі драматург-жазушы Қалтай Мұхамеджановтың бір сөзі төңірегіндегі іздену жүгірістерінен туындады.

# 1918-1919 ЖЫЛҒЫ РЕПРЕССИЯ




Х - Гержотов құрбандары дәл осы жерде көмілген.

— Отыз жеті-отыз сегіздегі сталиндік репрессия зобалаңында менің әкем өзге де көптеген молдалармен бірге ұсталып кетіп, сонан ұшты-күйді жоғалғанын мен әрдайым айтып жүрмін. Әкеден жастай жетім қалған біздер кейін ес біліп, ат арқасына қонғаннан бастап, әкемізді іздеуге барынша күш салдық. Біреулер маған «әкең Тайпының құмында атылды» десе, енді біреулер басқа жақты сілтеді. Ертеректе бір милиция қызметкері әкемді. Тайпының құмында атылды дегенді айтып еді. Әкеміздің ақталғаны жайлы қағазды әлдеқашан ала тұрсақ та, әкеміздің қайда атылып, қайда жерленгенін біле алмай-ақ келеміз. Қызылордаға бара жүріп, мен сол Тайпының құмы дегенді таба алмай-ақ қойдым,— деген еді Қалтайініміз бір жолы маған.

Мен өзімнің «Қырық молдаға түскен құрық» деп аталатын әңгімемде Қалтайдың сол сөзін келтіргеніммен, осы тақыпқа қайта оралу қажеттігі еріксіз туды. Әуелі тап әлгі Тайпының құмы деген жерді табудың өзі үшін мен ондаған кісімен тілдесуіме тура келді.

— Тайпының құмы дейсіз бе? Ол біздің ауыл жақта. Ауылдан «әу» деген жерде тұрған моғал төбе,— деді Қызылорда машина-сынау станциясынан келіп, Ыбырай Жақаев атындағы санаторий-профилакторийде демалып жатқан бір қарт кісі.

— Сырдария ауданындағы Киров атындағы совхоз бен машина сынау станциясының арасында тұрған төбешіктерді біз Тайпының құмы деп атаймыз,— деушілер де болды.

Киров атындағы совхоздың тұрғыны, 76 жастағы Бодық Женбаев ақсақал былай деді:

— Шіркейлі каналынан өтетін көпірді білесің ғой, ә? Сен онан өтпе де, тіке Қызылордаға қарай бұрылып, сүрлеу жолмен екі шақырымдай жүр. Алдыңнан үлкен қоңыр төбе кезігеді. Тайпының құмы сол, онда мен жылқы бағып жүріп адам сүйектерінің жер тезектей болып жатқанын талай рет көргенмін.

— Оны жұрт Қоқан қашқан деп атамай ма? Ертеде қоқандықтар сол төбе баурайында қырғын тауып, Сыр бойынан үдере қашқан демей ме?— деймін мен.

— Қайдам, ол жағын мен біле алмадым. Әйтеуір онда да талай боздақтар қырғын тапқаны айқын,— дейді Бодық ақсақал.

Қызылордалықтар тірі шежіре деп атайтын партия ардагері Бабаш Жөкенов ағамызға тағы да тілдесіп, онан жөн сұрауыма тура келді.

— 1937—1938 жылдары, керек десе кешегі соғыс жылдарында да қызылордалықтар дарияның екі жағына Қызыл қайық арқылы ғана қатынаған ғой,— деді ол,— Қызыл қайық қазіргі әскери комиссариат пен ескі су насосы аралығында болатын. Ал Тайпының құмы сол Қызыл қайықтың бергі аузынан екі километрдей ғана жерде, дарияның иінінде тұрған моғал төбелер. Ортасында Байнақ деп аталатын қазан шұңқыры да бар. Бейне Қарауылтөбе құмындағы қырғын орны болған қазан шұңқырдан айнымайды. Шіркейлі каналы бұрын сол Тайпының құмының жанынан саға алған. Біз ол жерді «Төрт саға» деп атаймыз. Тайпының құмына таяу жерде сол төрт сағаның біреуі — Октябрь каналының ескі сағасы бар. Ал Тайпының құмында репрессия жылдарында боздақтардың атылған-атылмағанын мен біле алмадым. Сұрастыра білсеңіз, репрессия жылдарында сол маңда отырған үйлердің өкілдерін тауып алуыңыз мүмкін.

Бабаш ағамыз айтқан төбелерге әдейі барып, әлгідей айтылған белгілерді дәл таптым. Бір шақырымнан сәл-ақ астам жерде Қалғандария деп аталатын орман шаруашылығы мекемесінің жекелеген үйлеріне кіріп, 1937—1938 жылдары осы маңда тұрған кісілер бар ма деп сұрауға тура келді. Мұндағылар ол дәуірден ештеңе білмейтін болып шықты.

Сонның өзінде Қызылорда қаласында тұратын екі азамат сол репрессия жылдарында дәл осы жерде болғанын білдім де, соларға жеткенше асықтым. Сейітқасым Жүнісов — қызылорда қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі:

— Репрессия жылдарында тап әлгі Тайпының құмының басындағы қыстауда менің әкем Баяхмет жаз жайлап, қыс қыстап отырғаны рас. Тайпының құмын менің әкем, оның әкесі Жүніс өздеріне мекен етіп алған. Менің ес білген кезімде де, онан бұрын да сол Тайпының құмында жазықсыз жазаланғандар атылды дегенді ешқашан есіткен емеспін. Менің Жүніс атамнан Баяхмет, Сейдахмет, Қожахмет деген үш айғайынды ұрпақ өрбіген. Жүніс ұрпағының өзге де өкілдерінен мен ондай сөзді есіткенім жоқ.

Тоқсанбай Шырдаев — қызылорда қаласы, үшінші ірілендірілген шағын аудандағы № 3 үйдің бірінші пәтер тұрғыны, Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі мүгедегі:

— 1937—1938 жылдары мен тап әлгі Қызыл қайық аузында отырған болатынмын. Рас, бір күні Шіркейлі жақтан үш молданы НКВД машинасына мінгізіп, Қызыл қайықтан қалаға алып өтті. Машина қорабында діни кітаптар толып тұрды. Молдалардың біреуі ұзын бойлы, екеуі тапал денелі кісі екен. Сақалдары белдеріне түседі. Ол молдаларды кейін Қызыл қайықтан біз жаққа қарай алып өткен жоқ. Не де болса оларды Қызылорда төңірегінде атты...

Ал енді осыдан кейін НКВД шырғалаңының ұштығын тауып көр! Қалтай Мұхамеджановтың айтуынша, әкесін Тайпының құмында атылды деген ішкі істер органының өз қызметкері болса, сонда кімді-кім шатастырғаны?

Енді мен 1937—1938 жылдарда ішкі істер органында қызмет істегендерді іздестіріп табуды алға мақсат етіп қойдым. Тек солар ғана жіптің ұшын ұстатар деп түйдім.

Қызылорда қаласындағы Красная көшесінің № 1 үйінде 1927 жылдан ішкі істер органының қызметкері болып істеген Ібірай Кеншімбаев деген кісі тұрады. Жасы қазірде 85-ке қараған Ібекең 1941 жылы Ленин партиясына мүше болып қабылданып, бүкіл саналы өмірін ішкі істер органында сарп еткен кісі. Қатардағы милиционерліктен бастап, учаскелік инспектор, тергеуші, бөлімше

бастығы сияқты бүкіл сатыдан өткен. Сол кісі айтады:

— 1937—1938 жылдары мен Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінде қатардағы милиционер болып істеуші едім. Милиция бастығы Мусин деген кісі болатын. Сол Мусин кейін Қазақ ССР ішкі істер Министріне дейін өсті. 1953 жылы инфарктен өліп кетті. Біз сияқты қатардағы милиционерлер ол кезде НКВД-ның ішкі түрмесін сырттан күзетумен айналыстық. Ол кезде НКВД түрмесі қазіргі Мемлекет қауіпсіздігі комитеті облыстық басқармасының орнында болатын. Үсті кеңсе еді де, асты таяудағы күндерде атылуға тиісті боздақтарға толы болатын.

Боздақтарды ататын күні түн ортасында Мусин НКВД кеңсесіне келіп, сыртқы қарауылдарды бірер сағатқа үйлеріңе қайта беріңдер деп қуушы еді. Іште кімдер жатқанын білсек, жанымыз ашығандар қуыс-қуысқа тығылып, жендеттердің тірлігін сырттан бақылайтынбыз. Бірақ олайша сырттан шолу өмірге қауіпті еді. Басшылар көріп, не сезіп қалса, ол адам дереу өмірмен қоштасатын. Біздер бір, әрі кетсе екі сағатта бұрынғы өз орнымызға қайта келіп тұруға міндетті болдық. Осының бәрі боздақтарды топтап қыру операциясының құпиялығын сақтау мақсатында жүргізілді.

Милиция бастығы Мусин НКВД кеңсесіне келісімен, боздақтарды ататын оншақты жараулы жігіт сайланып шыға келуші еді. Олар біз құсаған қатардағы милиционерлер емес, кілең офицерлер болатын. Менінше, капитан, майор шенінен кемі жоқ дер едім. Олар дереу іштегі боздақтардың көзін, қолын байлап, машинаға тией бастайтын. Менің байқауымша, оннан кем боздақты машинаға тиеп көрген емес. Оларды негізінен Қарауылтөбе, Қошқар ата, Қарабайтал сойған құмдарына апарып ататын. Бірақ НКВД басшылары біздей қатардағы милиционерлерге сенбестік білдіріп, жоп-жорта беймәлім бір жерді айта салушы еді. Сондай бір лақап сөздер бойынша, жендеттер молдаларды әдейі Тайпының құмына апарып атамыз десе деген шығар.

Түн ортасында Тайпының құмына жету мүмкін де болмайтын. Неге? Екі ортада Сырдария бар емес пе? Ондағы паромнан өту де бір түлік жұмыс. Паромшыны ояту керек, оны жұмыс басына әкелу қажет. Ал әкелдік дейік. Өлімнен қорыққаннан ол НКВД бастығының бұйрығын орындауға мәжбүр болсын-ақ дейік. Бірақ, онан құпиялылық сақтала ма? Міне осындай жағдайлардан біз «Тайпының құмына апарып атамыз» дегенді естігенімізбен, оған сенбедік. Мен өз басым Тайпының құмына боздақтарды апарып атты дегенге сенбеймін.

1937—1938 жылдары қаланың шеті қазіргі Шевченко атындағы көшеге әрең жетті, онда да үйлер жеке дара, әр жерде тұратын. Осы Шевченко көшесінің бойында, қазіргі Чонсон кафесінің орнында мал базары болушы еді. Сол жерде Жұпарбай деген керейт жігіттің үйі де болды. Сонан бастап жыныс жиде тоғайы басталатын. Қазіргі Құдабаев, Есқараев, Куйбышев көшелері, Журба көшесі мен соған жалғас жатқан Лагерная көшесі түгелдей жиде тоғайы болатын.

Біздер, НКВД түрмесін сырттан күзетуші қатардағы милиционерлер, боздақтарды ату операциясынан сыртқары тұрдық, бізге сенбестік көрсету пиғылын біздер күн сайын сезініп-біліп жүрдік. Сыртқы күзеттегілерге атылатын боздақтардың туған-туысқандары жиі келетінін басшылар кәміл білді. Әр рудың өкілі өз руласына іш тартып, ең болсама түнде кімдердің атылуға алып кетілетінін білуге тырысатын. Менің өзім Жаппас руының өкілі ретінде, сол Жаппастың талай зиялы кісілері жайлы көрген-білгенімді сондай кісілердің туған-туысқандарына қабарладым. Қолдан келер дәрмен жоқ, ең болмаса боздақтар жайлы көрген-білгенімізді артынан келетіндерге айтып беру арқылы өз арымызды аршып алуға тырысатынбыз.

Молдаларды Тайпының құмына апарып атты деген лақаптың шығу мәнісі былай: НКВД басшылары сақалы беліне түскен, алпыс-жетпіс жастағы сондай зиялы кісілер өз көрін өздері қаза алмайтынын білді де, оларға арнап күндіз жақын маңдағы жиде арасынан көр қазып даярлап қойды. Көрді білекті жігіттерге қаздырды. Ол маңға ешкім жіберілмеді, мықты күзет қойылды. Кешке қарай оған апарып атылатын боздақтар іріктеліп алынды да, түн ортасында молдалардың көзін таңып, қолын байлап, машинаға мінгізіп ала жөнелді. Біздей «ашық ауыз» милиционерлерді шатастыру үшін жоп-жорта молдалар Тайпының құмына апарып атылады деп жариялады.

Ал бұл өтірік еді. Молдалар қала іргесіне, қалың жиденің бір қуысына апарып атылды деп түйдік. Халық сыйлаған, жұрт танитын кісілерді алысқа апарып атпайтын. Ондай кісілер қаланың іргесіне, күні бұрын әзірленген көрлерге апарып атылатын.

— Сонда сіз Қара молда, Икрам, Нұраддин ақын, тағы басқа зиялы кісілер сол қалың жиде арасына апарып атылды дейсіз бе?— деп, бұрынғы ішкі істер органының қызметкерінен қайталап сұрадым.

— Қара молданы Тайпының құмына апарып атты деген сөзді ішкі істер органының қызметкері айтқан болса, ол да мен құсаған қатардағы бір қызметкер екен-дағы. Ол НКВД басшыларының таратқан лақабын есіткен болар. Ал шындығында түн ортасында атылуға тиісті боздақтар тиелген машинаны паромнан арғы бетке алып өту мүмкін емес екенін ескерсек, Қара молда сол паромға барар жол бойына жақын жерге апарып атылды деп түсіну керек. Молдалар қабірі қалаға жақын жерде. Олар Куйбышев, Есқараев, Журба көшелерінің бойында жер қойнауына енді деп білемін. Молдалар қабірін сол маңнан іздеген абзал,— деді Ібірай ағамыз.

Сонымен, Қара молданы, тағы басқа да зиялы кісілерді Тайпының құмына апарып атты деген әңгіме осылайша НКВД басшыларының әдейі жорта таратқан лақабы болды да шықты.

## 2.

Осындай зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген күндердің бірінде Қызылорда қаласының тұрғыны Әлішер Дүйсенбеков Куйбышев көшесінің бойында ертеректе көмілген көптеген адамдардың сүйегі табылғанын маған хабарлады. Сол жерде баяғы Гержот кезінде қырғын тапқан боздақтардың сүйегі жатуы мүмкін дегендерді де қоса айтты.

— Айналайын, білетін болсаң, маған сол жерді тезірек көрсетші. Иса Тоқтыбаев та кезінде маған Гержот қанішер өз құрбандарын қаланың батыс жағына, қалың жиде арасына апарып атты дейтін. Сол қырғын орнын таба алмай жүргенім жоқ па? Айналайын, тез алдыма түсші,— деймін Әлішерге жалына үн қатып.

— Куйбышев көшесінің қайда екенін білетін шығарсыз. Сол көшенің орыс қабірі мен оралдықтар қабірі тұсына дейін барыңыз да, елуінші үйді тауып алыңыз. Онда Жақыпбек Жолшораев деген ініңіз тұрады. Үйінің алдынан 1989 жылы жем сататын ларек соқтырған. Сол ларек орны тура саудыраған адам сүйектерінің үстінен түскен. Сол Жақыпбек ініңізбен тілдессеңіз, ол сізге бәрін де айтып береді,— деді Әлішер. Мен әлгі адреске жеткенше асықтым.

Жақыпбек иніміз 1989 жылғы күзде есігінің алдынан, көшенің арғы бетіндегі ашық жерден жем сататын ларек соғуға тапсырма алғаны рас екен. Ларектің номері үшінші. Оны қаладағы бір кооператив соғыпты. Кооперативтің бастығы Ахмед деген чечен жігіт болса керек. Мастері Аябек Ағатаев екен. Кооператив басшылары қала архитектурасының рұқсатын, чертежін алып, тап осы ашық жерден жем сататын ларек соға бастайды. Ларек тура № 46 үйдің қарсысына түседі.

Темір-бетон панелінен тұрғызылатын ларекке алты жерден қада қағу керек болған. Әр қада үшін шағын экскаватормен жер қазылып, оған қада бетон ерітіндісімен отырғызыла бастаған.

— Қадалар орнын әзірлеп жатқан экскаваторшы Балтабай Дүрменбаев деген жігіт еді. Бес қада аман-есен өтті де, алтыншы қада үшін жердің бетінен жиырма-отыз сантиметрдей топырақ алынып, тағы да ковш салына бергенде бірден бес-алты адам басы саудырап шыға келді. Тістері ақсиып көрініп, кімнің де болса үрейін аларлық жағдайға тап болдық. Адам бастарымен қоса тағы біраз адам сүйектері шықты. Экскаваторшы қапелімде есінен танып қала сақтады да, үрейлене қашты. Бірден жұмыс істемеймін деп ат-тонын ала қашып, бірден жұмыстан шығып кетті. Сол жерде жұмыс істеп жатқан Кулешев деген орыс жігіті де жетіп келіп, есепсіз көп адам сүйектерінің үстінен жем сататын ларек салудан бас тартып шыға келді. Ол да мынадай тірлігі қырсығына бастаған кооперативте жұмыс істемеймін деп ат-тонын ала қашты. Анадай жерде орыс қабірі алдындағы коммуналдық қызмет бюросына бардым да, оның экскаваторшысын ертіп әкеліп көрсеттім. Ол да мынадай жерге жем сататын ларек соғу қылмыс дегенді айтты. Бұл біздер үшін тіптен күтпеген жәйт болды,— дейді Жақыпбек.

— Бәрі бір, жем сататын ларек соғылыпты ғой?— деймін мен.

— Иә, соқтық. Ларектің бес қадасы әзір болып еді ғой, алтыншы қадасы ғана көрдің үстінен түсіпті. Мен мастер ретінде ларекті екі метрдей әрі жылжытып, алтыншы қаданы арғы бетінен орнатуды ұйғардым. Сол кезде мынау адам сүйектері саудырап жатқан жер ларектен екі метр кейін қалатыны анықталды. Осылай еттім де, адам сүйектері жатқан жерді қайтадан көмдіріп тастадым. Сыртқа шығып қалған бес-алты басты, біраз адам сүйектерін ақ шүберекке оратып, қасымыздағы орыс моласының ішіне апарып көмдірдім,— дейді кооператив мастері.

Жақыпбек өзі қайтадан көмдіріп тастаған көр орнын көрсетіп берді де, оның жартысы Куйбышев көшесінің тура астында жатқанын айтты. Сонда саудыраған адам сүйектері жатқан осы аймақтың жартысы ларекке тақалып барады да, жартысы жолға айналып кеткен болып шығады.

— Сіздің «Сырдария» деген газетке екі номерге басылған «Гержот неліктен қанішер атанды?» деген мақалаңызды оқып едім. Мынау көптеген адам сүйектері жатқан орын сол Гержот қырғын таптырған боздақтар жерленген жер-ау деп шамалағанмын. Әйтеуір, бұл жерде ондаған адамның сүйегі жатыр,— деді де, Жақыпбек маған сол жерді сызып көрсетті. Мен оны картаға түсіріп алуға тырыстым. Жем сататын ларек тура № 46 үйге қарсы қарап тұр, ол Ерғали Бекайдаров деген азаматтың үйі болып шықты. Ал әлгі Жақыпбектің үйі мен ол үйдің арасында тағы бір үй бар.

Жақыпбек өзі куәгер болған мынау жәйтті Гержот қырғынына телудің бір мәнісі бар екен: ол да Иса Тоқтыбаевпен талай рет тілдескен, оның Гержот жайлы әңгімесін талай рет естіген. Ол ол ма, менің Иса Тоқтыбаев жайлы жазған мақалаларымды Жақыпбек қалт жібермей оқып отырғанын да айтып жатыр. Менің Иса Тоқтыбаев жайлы баспаға әзірлеген кітабымның бірнеге тарауы газеттерде жарияланғаны белгілі. Соның өзінде мен Жақыпбектің мынау саудыраған адам сүйектерін Гержот қырғынымен байланыстырғанына келіспейтінімді айттым.

— Неге?— деп Жақыпбек елең ете түсті.

— Иса Тоқтыбаевтың маған берген мәліметтері бойынша, Гержот өз құрбандарын топтап атпан, ең көп дегенде үш-төрт адамдық құрамда, әрі оларды арбаға байлап, жиде арасына апарып аттырып отырған. Мынадай көп көлемдегі тұтқындарды ол ешқашан өз түрмесінде ұстамаған. Мәселен, Гержот жаппас руының белгілі ақсақалы Мұңайтпасты үш баласымен бірге арбаға байлап әкелдіріп, қаланың батыс бетіндегі қалың жиде арасына аттырды дегенді Иса Тоқтыбаев маған талай рет айтып берген. Аламесектен Зарқұм деген ер көңілді кісіні де үш баласымен бірге арбаға байлатып әкеліп, оларды да сот-тергеусіз қала іргесіндегі қалың жиде арасына аттырған. Москвадағы «Шығыс» баспасының директоры болып істейтін Жүсіпбек Басықариннің үш баласын ар-

баға байлап әкелдіріп, оларды да жиде арасына аттырып тастаған. Солардың бәрі сот-тергеусіз, Гержоттің бір жапырақ бұйрығы бойынша атылып отырған. Демек, бұл Гержот кезіндегі көр емес деп білемін,— деймін мен.

Рас, мен Жақыпбек Жолшораев ініміз сызып көрсетіп берген көр орнын картаға түсіріп алғаным болмаса, оның анық кімдердікі екенін біле алмадым. Әдепкіде мен Жақыпбек інімнің дегеніне еріп, жем лагері жанындағы көрді Гержот қырғынының орны деп білдім. Бірақ, тосын бір жағдай артынша менің бұл болжамымды жоққа шығарды.

3.

1990 жылғы 28 желтоқсанда менің «Ождан бостандығына озбырлық болды» деп аталатын мақалам Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде жарық көрді де, сол күні қаланың Толстой және Ыбырай Жақаев көшелерінің қиылысында шаштаразға барып шаш алдыруға тура келді. Шаштаразшы Әлібек Абылаев мені көрді де, қолында тұрған облыстық газеттің осы күнгі номерін былай қоя салып маған дүрсе бассалды.

— Сіз мынау мақалаңызда молдаларды Тайпының құмында атылды, Қара молданың баласы Қалтай Мұхамеджановке біреу солай депті дегенді дәлелге келтіріпсіз. Қара молда Тайпының құмына апарып атылған жоқ. Ол мынау Құйбышев көшесінің бойына атылған,— демесі бар ма. Мен үшін бұл күтпеген жаңалық еді.

— Оны немен дәлелдейсіз?— деп таңдана сұрап жатырмын мен.

Әлібектің әкесі Абылай тап сол Қара молдамен ауыл аралас, қой қоралас отыратын Тілеу деген кісінің ұрпағы екен. Қара молданың өсиет сөзін талай рет естіген.

— Менің анам Оразкүл тап сол Қара молдаға қарындас болып табылатын, қожаның ішінде Қылыштың қызы екен. Қара молданы аға тұтып, оқта-текте сол кісіні үйіне шақырып әкеліп, шай-су береді екен. Менің атам атақты темір ұстасы болған. Қара молда ол-пұл заттарын менің атама соқтырып алып тұрыпты. 1937—1938 жылдардағы зобалаңда молдаларға келген қырғын менің анамды да қатты жүдетіпті. Есіл ағамнан айырылып қалдым ғой деп қайғыратын,— деп Әлібек өзінің Қара молдамен жақындық жайын біршама сөз етті де, әңгімесін одан әрі жалғастырды.

Әлібектің анасы Оразкүл 1979 жылы қайтыс болған. Анасының көзінің тірісінде Әлібек Журба көшесінің бойынан өзіне арнап үй сала бастайды. Қазір оның сол кезде салған үйінің номері тура 100 болып тұр. Анадай жерден милиция қызметкері Мылтықбай Пейісов те үй соқтыра бастаған. Оның да үйі қазір бар, оны өзге бір інісіне берген де, Мылтықбай мемлекет үйіне шығып кетуге мәжбүр болған.

Неге? Әлібектің үйінің фундамент үшін қазылған орынан да, Мылтықбай салған үйдің фундамент орнынан да екі-екіден адам сүйегі шығыпты. Ол сүйектерді ақ шүберекке орап анадай жердегі орыс моласына апарып көмгенімен, кейін осы үйлерге түнеп шыққан бейсеует, дәретсіз кісілердің көзіне әртүрлі қолайсыз елес, сақалды шал бейнесі көріне берген.

— Менің бір бөлмеме қазір де мүлдем ешкім жатпайды. Кім болса да, шам сөнісімен, белгісіз бір елес бөлме ішін кезіп, бөлмедегілердің үрейін ала береді,— дейді Әлібек.

Дәл осы үйде Әлібектің анасы өмірінің соңғы жылдарын өткізген. Әрбір елесті көрген сайын Қара молда ағасына арнап құран оқып, оның рухынан кешірім сұрап отырған. Әлібекке де, оның әйелі мен немерелеріне де таза жүруді, әруақтарды сыйлап отыруды талап етумен болған.

— Бір күні мен анамнан осының мәнісін сұрауға мәжбүр болдым,— дейді Әлібек,— анам біразға дейін іштегісін менен жасырғандай болып, қиналып отырды да: «мен сол Қара молда ағамның күміс шақшасын тауып алған әйелмен тілдесіп едім. Ол оны 1937 жылы түн ортасында тарсыл болған жерден, ертеңіне жиде арасына лақтырып тастаған жерінен тауып алдым» деген. Қара молданы осы Куйбышев көшесінің бойына бір жерге атыпты ғой. Әлгі әйел күміс шақшаны сол қырғын орнына жақын жерден тауып алыпты. Мен: «бұл менің ағамның шақшасы, сұрағаныңды берейін, мұны маған сыйла» деп қаншама жалынсам да, бермей кетті оңбаған. Қара молда да, анау Мұраддин ақын мен Икрам да, басқа да молдалар осы іргемізге жерленді деп білемін. Бөлмелерді кезіп жүрген елес солардың рухы. Барынша таза жүре алмасаң, олардың рухы бір күні өзіңді зақым етуі мүмкін демесі барма. Демек, мен сіздің мынау мақалаңызды оқи отырып, анамның сол сөзін еске алдым да, Қара молданы атқан жер Тайпының құмы емес, тап осы іргеміздегі Куйбышев көшесінің бойы деп түйдім. Соны сізге айтқым келіп еді, өзіңіз келе қалғаныңыз жақсы болды.

Өкінішке орай, Әлібектің анасы осыдан он екі жыл бұрын қайтыс болып кеткен. Қара молданың күміс шақшасын тауып алғанның да кім екенін Әлібекке айтып бере алмаған. Сол күміс шақшаны тауып алушы әйел Қызылордада бар ма, әлде жоқ па, ол жағы белгісіз. Егерде сол әйел, немесе соның ұрпақтары осы жолдарды оқи алса, 1937 жылы жиде арасынан тауып алған Қара молданың күміс шақшасын мұра есебінде Қара молданың ұрпақтарына табыс етер еді-ау деген сеніміміз де жоқ емес.

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мынау: Қара молданың күміс шақшасы Куйбышев көшесіндегі қырғын орнынан табылуына қарағанда, сол зиялы кісі өзге де молдалармен бірге № 46 үйдің қарсысындағы жем сататын ларек іргесіндегі беті жабылған көрде жерленген деуге менің толық мүмкіндігім болып отыр.

— Мұхамеджан Нүреке ұлы менің немере ағам болатын,— дейді қарт журналист Ахметжан Нүре-

кеев ағамыз,— ол кісінің насыбай ататыны рас-тын. Шақшаны әрқашан насыбайға толтырып алып жүретін. Қонақта болған жерінде сол шақшасы үй ішіндегілердің қолдарына бір-бір барып, кім де болса онан насыбай атып қалуға ұмтылатын. Мұхамеджан ағам әрқашан шақшаның тәуірін ұстайтын.

— Әкемді ұстап кеткенде мен он бір жаста едім. Әкемнің қалтасында бір қаралық күміс шақшасы бар еді. Сірә, әкем өзінің атыларын білген соң, оны біреу тауып алсын деп жиде арасына лақтырып кеткен екен ғой,— деп Әби Мұхамеджанов көңілі бұзыла отырып, әкесінің бейнесін көз алдына әкелді...

*«Боздақтар» редакциясынан:* Осы жолдар репрессия құрбандары мен саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарға арналған арнаулы кітаптың бірінші томын әзірлеу ісі қызу жүргізіліп жатқан күндердің бірінде әлі ақталмаған 970 адамның ісі Алматыдан, республикалық прокуратурадан келе бастап еді. Сондай бір қомақты істі парақтап қарау үстінде халық «Қара молда» деп атап кеткен белгілі молда Мұхамеджан Нүрекеұлының атылған күні, сағаты жайлы мәлімет қолға түсті. Ол 1937 жылғы 14 қарашада, түнгі сағат 12-де Оңтүстік Қазақстан облысы НКВД-сының үштігінің қаулысымен Қызылорда қаласында атылған. Ал оның НКВД жендеттерінің құрығына түскен күні — сол жылғы 1 қараша екен.

## Түрме қапасынан жазылған өлең-арыз

Шиелі ауданындағы бұрынғы «Жаңатұрмыс» колхозында есепші болып істейтін Палымша Күзенбайұлының үйіне бір күні Әшір деген молданың екі баласы Нәһанша мен Дүйсенбі келіп қонақ болады. НКВД тыңшыларының есебінде, Әшір молда бай-құлақтардың қатарында аталып келсе керек. 1937—1938 жылғы репрессия кезінде дәл осы үшін Палымша Күзенбаевты бай -құлақпен байланысы бар деп түрмеге атып ұрады. Сонан Палымша төрт жыл бойына түрмеде отырыпты.

Түрме қапасынан қалай шығуға болады? Өзі бұрын бір-екі рет көрген Әлтай Ерназаров есіне түседі де, оның сол қызмет орнында, Қазақ өлкелік совет атқару комитетінің басшылығында бар-жоғымен ісі болмай, соған арнап өлеңмен арыз жолдайды.

Палымша Күзенбаевтың бұл өлең-арызының толық нұсқасын мен көптен бері қолыма түсіре алмай келе жатқан болатынмын. Кейбір жыраулар Палымшаның түрмеде жатып жазған өлеңі еді деп айтатын бес-алты шумақ мені оншалықты қанағаттандыра бермейтін. Сондай зарлы өлең жазған түрме тұтқыны бес-алты шумақпен шектеліп қалмасы белгілі де еді.

Палымша Күзенбаевтың бұл өлең-арызының толық нұсқасын маған сол Шиелі ауданындағы Алғабас елді мекенінің тұрғыны, еңбек ардагері, жыраулық өнері бар Қалман Қалыбеков деген азамат мәнеріне келтіре айтып берді. Елу жылдан бұрын жазылған бұл өлең-арыздың жалпы нобайын қағаз бетіне түсіріп алғанымен, оның ауыздан ауызға, бір жыраудан келесі жырауға ауыса жатталып жүріп, біраз шумағы өзгеріп кеткенін білдім. Керек десе, кейбір шумақтарда қатарлар да жоғалған. Өлеңнің сөз ұйқастары ғана сақталып, көптеген сөздер өзгерген, стилистикасы бұзылған.

Палымша Күзенбаевтың ауылдасы ретінде, әрі саналы өмірінің онбес-жиырма жылын онымен бірге өткізіп, талай-талай жырларын өз құлағымен есіткен Қалманмен келісе отырып, мен өлең-арызға бірқатар өңдеу енгізуіме тура келді. Бұл өңдеулерді Палымшаның мұрагері ретінде танылып жүрген Қалман жырау да толық қолдады.

Палымша Күзенбаевтың сол өлең-арызы менің бірқатар жеңіл жөндеулерімнен кейін мынадай болып шықты:

«Кел қиялым, кеңесейік екеуміз,
Жараса ма жатқанымыз бекер біз?
Күндіз-түні қапас үйде жатқан соң,
Қайғы басып, қапалықта кетерміз.

Көргеніңді қалдырмай айт басыңнан,
Небір түрлі қорлық көрдің жасыңнан.
Жараспайды еңбекшіл деген атыңа
Шын сөйлемей, бүкпе сақтап жасырған.

Деп сұрайтын болса кісі «кім еді?»,
Көрген адам бастан-аяқ біледі.
Жалғыз атты, қара қасқа кедейдің
Расында әкем соның бірі еді.

Кедейшілік, кетпеншілік — кәсібі,
Ешқашан да бай болмаған нәсілі.
Бір сиыры бірде бар да, бірде жоқ,
Жүдеулікті көп көріпті әсілі.

Қыстай қайрап, жазда шауып кетпенін,
Мойын қос боп көрді егін еккенін.
Төмендіктен көтерілмеді тұрмысы,
Жаман киді үстіндегі шекпенін.

Сөйтіп жүріп әкем өтті жалғаннан,
Бұйрықты ажал кез боп соған арналған.
Жұмыс істер, қайрат, қылар кісі жоқ,
Не қыламыз әрекетсіз қалған жан?

Өзім біреу, қарындасым, шешем — үш,
Сататын мал, дүние жоқ, қолда күш.
Дандарысқа ұшырадық тарығып,
Пешенеге болғаннан соң жазған іс.

Сегізде еді сол уақытта өз жасым,
Жылаушы едім киген киім тозғансын.
Киім-кешек, ас ауқатты таба алмай,
Бірде шешем текті-ай келіп көз жасын.

Бізде жоқ-тын жақын-жекжат, ағайын,
Баспады ешкім біздің үйдің маңайын.
Мен ойланып шешеме айттым бір күні:
«Босқа жүрмей мен бір ауқат табайын».

Қуат-қайрат кеміс болып, жасым жас,
Дей алмадым мен де кетпен шабайын.
Қолымнан бар келетұғын жұмысым —
дедім: «барып байдың малын бағайын».

Бұған шешем ағыл-тегіл жылады,
Жалғыз мен ғой көзінде нұр-шырағы.
Қимағанмен байдың малын бағуға,
Ылаж барма, қандай қайрат қылады?

Сол уақытта қасымызға бір бай кеп,
Мал бағуға маған бер деп сұрады.
Ақысына алты айыңа бір ешкі ал,
Егіз туса өзімдікі сыңары.

Сұм тұрмыстың талқысына шыдамай,
Мақұл дедім «айтқаныңыз ұнады».
Бағa бердім байдың малын бардым да,
Елтіріден көзіме түсіп тымағы.

Ақ көн етік, жыртық шапан үстімде,
Атала мен жармақ талқан ішімде.
Пешенеге жазылған іс болған соң,
Жүре бердім осы күйге түстім де.

Талай байдың көріп едім есігін,
Мал бағудан бөтен емес кәсібім.
Кешке келсем жылап жатқан тербеттім,
Әмірімен бәйбішенің бесігін.

Бай үйінің баса алмадым көрпесін,
Арқаладым мырзасы мен еркесін.
Болып жүрді таяқ жеген күндерім
Қасқыр жеген бола қойса серкесін.

Дәл сегіз жыл еттім солай жалшылық,
Жұмсаған да күні болды қамшы ұрып.
Рахымы келмей қойды сұм байдың
Кетсе-дағы табанымнан қан шығып.

Байдан қашып, қайтып келдім үйіме,
Таба алмадым басы артық дүние.
Барып кірдім Шиелідегі мектепке,
Кеңес заңы тура кіріп миіме.

Сөйтіп жүріп кез боп қалдым «жыланға»,
Ел кездесті өлер аштық, алаңға.

Жетіп тағдыр, шешем өтті өмірден,
Жалғыз қалдым, айырылдым да одан да...

Он тоғызға жасым анық жеткенде,
Барсам дедім тұрмысы артық, кең жерге.
Бұл талапта жүргенімде кез болдым
Оқу іздеп бара жатқан ерлерге.

Солармен ен Ташкент бардым бірігіп,
Оқуына әрең кірдім ілігіп.
Симай кетті қуанышым қойныма ,
Әке-шешем келгендей-ақ тіріліп.

Алты ай оқып оқуымды бітірдім,
Білім алып, адамға ұқсап күтіндім.
Тәрбие алып аз да болса мектептен,
Ішімдегі шықты біразы түтіннің.

Жүрсем-дағы мұғалім боп екі жыл,
Тұрмысымның бола берді арты құл.
Өмір серік жолдас алдым өзіме
Деген атақ болмасын деп «жалғыз жүр».

Шақырды да бірде мені басқарма,
Ыңғайланды бір әңгіме бастауға.
Колхоздағы есепшіміз жарамай,
деді: айналды біздегі іс ақсауға.

Кеңсеге кір орын алып төрінен,
Өтінемін замандастық жөнімен.
Аз да болса есеп жағын білген соң,
Есептесті бастық әр кез менімен...

Он сегізінде осы июльдің айында,
Отыр едім өз отаным жанында,
Шиеліден инспектор сап етті,
Азандағы ішіп отқан шайымда.
Инспектор айтты маған:
Тыңдаңыз,
Бұл қалай деп бізге өкпе қылмаңыз.
Үйді қаттап, әкетуге өзіңді
Кеп отырған кісілерміз мұнда біз.

Білгеніңді істе дедім, рұқсат,
Заң жолымен тексере бер дұрыстап.
Үкіметтің саясаты болған соң,
Қалар дейсің қаламыңды кім ұстап.

Үйдің ішін астан-кестен тексерді,
Бұл қалай деп қатын-бала сескенді.
Келген ісін түске дейін бітіріп,
Мені келіп тұтқындады кешке енді.

Ертеңіне жауап алды тергеуші,
Жан бола ма оған жауап бермеуші.
Тергеушінің сұрауларын есітіп,
Барын білдім маған жұдырық сермеуші.

Жала жапқан біреу барын түсіндім,
Теріс жері болса екен-ау ісімнің.
Бай-құлақпен байланыстың деген соң,
Сол сөзіне-ақ қатты ұялып, қысылдым.

Үйге қонақ қонбай ма екен келгенде,
Кім айыпты бар тамағын бергенде?
Жетеміз бе социалдық дәуірге,
Тыңшылардың сыбырына ергенде.

Менің түбім шын еңбекші емес пе,
Көзін ашып жаңа шыққан белеске?
Барың болса екеу ара бөліп іш
Деген ұран бар емес пе Кеңесте?

Қос мейманмен жасадың деп байланыс,
Ту сыртымнан жүрген екен сайлап іс.
Ауылнай кеп акті жасап айдатты,
Қарсыласып қайрат қылар қайда күш?

Ертеңіне Жаңақорғанға айдады,
Бұл қалай деп зығырданым қайнады.
Орын алдық барып түрме төрінен,
Әзір екен бізге арнаған жайлары.

Бізден бұрын жатыр екен көп ерлер,
Бар ішінде артығы да, төмендер.
Болып қалды солардың да ішінде
Сен бадырақ қайдан жүрсің дегендер.

Үкіметтің қолында бар шар айна,
Қарап жату дұрыс емес қалай да.
Бастан өткен жағдайымды ескертіп,
Жаздым Елтай ел ағасы ағайға.

Деп көрдім бе мұндай күйге түсемін,
Дедім бе екен қайғы суын ішемін.
Шиелідегі он екінші ауылда,
«Жаңатұрмыс» колхозына мүшемін.

Жағдайымды айтып өттім барымша,
Әжеп емес бастан тұман арылса.
Жатқан жерім Жаңа қорған түрмесі,
Күзенбаев, өзім атым Палымша».

—Палымша Күзенбаевтың бұл өлең-арызы Елтай Ерназаровтың қолына тиген-тимегенін мен білмеймін, Палымша ағай тура төрт жыл түрмеде отырып келді. Денсаулығын әбден бұзып, әлсіреп келген байғұс ауылға келді де өлді. Әйелі бар еді, артынша ол да, керек десе жалғыз қарындасы да жоқшылық зарын тартып, бұл дүниеден азарлана өтті,— дейді Қалман Қалыбеков.

Осы Палымша Күзембаев жайын зерттеп, оның елең-арызының кем-кетігін толтыру сапарында жүргенімде маған Жаңақорған аудандық кәсіподақтар комитетінің киноландыру бөлімінің меңгерушісі Жарқынбек Нұрсұлтанов кездесіп, былай деді:

— 1963—1966 жылдары біздің Жаңақорған көршілес Шиелі ауданының құрамында болды. Сол кезде мен автоклуб меңгерушісі Есіркеп Қоңқабаевпен бірге Шиелідегі бір жиынға бара қалдым. Сондағы автоклуб меңгерушісі Ибрагим Құдайбергенов кешке бізді қонаққа шақырды. Ибрагимнің үйінде қонып отырып, мен біраз күй шерттім. Есіркеп термелерді шырқады. Бір кезде Есіркеп ағамыз «Палымшаның түрмеде отырып жазған өлеңі еді» деп бес-алты шумақ өлеңді айтып беріп еді. Анадай жерде отырған бір кемпір жылап қоя берді. «Іздегенім алдымнан шықты ғой, мынау бала менің асыл ағатайымның өлеңін айтты ғой. Мен сол Палымшаның жалғыз қарындасы едім. Айта бер, айналайын. Ал енді осы үйден шығасыңдар да, сол Палымшаның жалғыз қарындасының үйінен дәм татып кетесіңдер. Мен дәм тартырмай жібермеймін» деп жатты да жабысты. Біз сол есіл ердің жалғыз қарындасының үйінен дәм татып шығуға мәжбүр болды. Сол Палымша Күзенбаевтың өлең-жырлары жарық көрмей, ұмыт болып бара жатыр ғой...

Иә, кешегі репрессия кімдерді сорлатпады дейсің.

## АЛТЫН ТІС АРҚЫЛЫ ТАНЫЛҒАН ӨЛІК

**Құрметті Мырқы Исаев ағай! Сіздің Қарауылтөбе қырғыны жайлы баспасөзде жарияланған көлемді мақалаңыз менің көптен бері көкірегімде шер болып қатқан қайғы-қасыретімді қозғағандай болды. 1937 жылы әкем Әукеш Шоқымаұлы тап сол Қарауылтөбе құмында атылып, соны көп өліктердің арасынан алтын тісі арқылы тауып алып, қайтадан жерлеген екен. Ал Сіз Мемлекет хауіпсіздігі комитеті облыстық басқармасындағылар әлдебіреулердің жылдан шатасуын сылтауратып, Қарауылтөбеде атылғандар 1937—1938 жылғы халық жаулары, 1930—1931 жылдардағы бай-құлақтар деп жалтарып отыр, сонысымен олар жауырды жаба тоқуға салынуда депсіз.**

**Құрметті журналист ағай, Сіз Мемлекет қауіпсіздігі комитеті облыстық басқармасын әділ сынағансыз. Олардағы бірер лауазым иелерінің тірлігіне орынды күман келтіргенсіз. Қатардағы газеттің оқушысы ретінде, мен де Мемлекет хауіпсіздігі комитеті облыстық басқармасының мұнысын жауырды жаба тоқу, адамзатқа қарсы жасалған қылмысты әшкерелеуге ұмтылмаушылық деп білемін.**

**Сіздің «Сырдария» газетінде толық басылған мақалаңыздан біз мынандай да пікірлерге тап болдық. Сол Қарауылтөбе поселкасының тұрғыны, үшінші дәрежелі Еңбек да-**

**ңқы орденінің кавалері Табылды Мақұлбеков деген ағай Сізбен еріп барған екі КГБ қызметкеріне Қарауылтөбедегі үйіліп жатқан адам сүйектерін 1962—1963 жылдары өз көзімен көргенін, 1988 жылы белгісіз бір вертолет екі күн бойы сол қырғын орнын айналып ұшып жүріп, үшінші күні қонғанын, бір түн бойы прожекторды жағып қойып, әлдебіреулер тынбай жұмыс істегенін, соның ертеңіне әлгі үйіліп жатқан адам сүйектері жым-жылас жоқ болғанын айтып беріпті. КГБ қызметкерлері сонда не деген дейсіз ғой? «Бізсіз ешқандай вертолет облысқа ұшып келе алмайды, бізден ешкім рұқсат сұраған жоқ. Біз мұнан хабарсызбыз ғой» депті. Сонда әлгі Табылды ағай именбестеп: «қылмыскерлер өз қылмысын қымтау үшін КГБ-ға барып рұқсат сұрай қояды деп ойлайсыздар ма?» деген. Әлгі екі лауазым иесі бұған қарсы ештеңе айта алмай шығып жүре берген. Табылды ағай адам сүйектерінің үйіліп жатқан жерін де, вертолеттің қонып отырған жерін де көрсетіп беруге келіскенін, бірақ КГБ-ның екі қызметкері кейін ат ізін салмай кеткенін айтыпты. Өкінішке орай, КГБ адресіне арналған бұл сынның баспасөзде жарық көргеніне де үш-төрт айдың жүзі болып бара жатыр. Қарауылтөбе қырғынының құпиясын ашуда белсенділік көрсетуге міндетті болып табылатын Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің облыстық басқармасы да, облыстық прокуратура да тым-тырыс отыр.**

**Бұл не? Меніңше, бұл — Қарауылтөбеде болған қылмысты әрекетті қымтау деген сөз. Әлгі вертолетпен әлдеқайдан ұшып келіп, үш күн бойы сол маңда белгісіз тірлікпен айналысқандардың арасында осындай әрекетке бара алатын, жоғары лауазымды біреулер болған жоқ деп кім айта алады? Сондай жоғары лауазымды қылмыскер сіз бен біздің арамызда, керек десе сол КГБ системасының бір жерінде қонжиып отырмасына кім кепіл? Неге десеңіз, бүгінгі КГБ кешегі НКВД-ның ізбасары ғой.**

**Менің әкем Әукеш Шоқыманұлы 1937 жылы тап әлгі Қарауылтөбеде атылған болса, оны алтын тісі арқылы танып алып, сол маңға мұсылмандық жолмен көмген туысымның сөзін мен өз құлағыммен естісем, Қарауылтөбе қырғыны 1930—1931 жылы емес, 1937—1938 жылдары болды деуге толық правом бар.**

**Құрметті журналист ағай, Сіздің Қарауылтөбе қырғыны жайлы әлі де тереңірек зерттеп, менің әкемнің қайғылы тағдырына үңілсеңіз деген өтінішім бар.**

*Зейнехан Аймағамбетова,*
Қызылорда қалалық жедел жәрдем
станциясының аға медициналық
сестрасы.

** ** **

Маған осылай деп хат жазып отырған Зейнехан қарындасымыз Тереңөзек ауданындағы Қазақ ССР-нің 50 жылдығы атындағы совхоздың территориясында орналасқан бұрынғы «Қызылдиқан» деп аталатын шағын колхозда өмір сүрген жаппас руының ақсақалы Шоқыманның баласы Әлмағамбеттің немересі болып шықты Әлмағамбеттің Шаған деген баласының қызы. Қазақтың игі дәстүрі бойынша, Зейнехан атасын әке деп кеткен.

Шоқыман кім болған? Ол Совет өкіметі орнағаннан кейін, 1927 жылға дейін өмір сүрген кісі. Меккеге барып, қажы атанып келген, мешіт ұстап, мектеп салдырып, бала оқытқан. Мұсылмандық жолмен «ахун» атанған. Рас, Шоқыман өз руында атақты бай болған. Оның төрт ұлы болды. Үлкені Нұрмағамбет, онан кейінгі Бекмағамбет 1929 жылғы голощекиндік зобаланда әкесінің байлығы үшін мал-мүлкі конфискаланды да, артынша өздері өліп кетті. Онан кейінгі ұлы Аймағамбет те, кенжесі Әлмағамбет те конфискаға ілініп, әкесінің байлығы үшін олар да қолындағы малмүлкінен ада болып шыға келген. Шоқыман ақсақалдың еркелете атауы бойынша, жұрт Аймағамбетті «Әйіш» деп, Әлмағамбетті «Әукеш» деп атап кеткен.

Сонымен, 1937—1938 жылғы репрессияға Шоқыман ақсақалдың екі белбаласы — Әйіш пен Әукеш ғана тап болды. Нұрмағамбеттен туған он жеті жасар Сәтбек, Бекмағамбеттен туған Әлиакбар мен Қажиакбар НКВД тыңшысының «қара тізіміне» ілікті. Әлмағамбеттен туған Шаған сол репрессия басталған жылы тоғыз жаста ғана болуы себепті, оны мазаламады.

Сонда Шоқыман ақсақалдың ұрпағына нендей кінә тағылды?

*Бірінші.* Шоқыман ахунның өзі ертеректе өліп кеткенімен, оның төрт баласының төртеуі де байқұлақ ретінде мал-мүлкі конфискаланды. Міне сол үшін де оларды халық жауы ретінде қатаң жазалауға әбден болады.

*Екінші.* Шоқыман ахунның үшінші баласы — Аймағабетке алаш партиясына мүше болған, троцкийшілермен ауыз жаласқан, Қарақұм көтерілісшілеріне идеялық басшылық жасаған адам деген айып тағылды. Міне осы бір кінәның өзі Шоқыман ұрпағын түгелдей жазалауға толығынан жетіп жатыр. Солайша, НКВД «қырғилары» Шоқыман ұрпағын қолмен жасаған қылмыстары үшін емес, санадағы сезім, ой-пікір үшін сотталмақшы болды.

Міне осы екі түрлі кінәлармен мыналарға құрық салынды:

1. Ең алдымен алаш партиясының мүшесі, троцкийшілер тобының мүшесі, Қарақұм көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі, соның идеялық жетекшісі ретінде, Әйіш Шоқыманұлы ұсталып, түрмеге атып ұрылды. Оны Қызылорда түрмесінде көп жатқызбай, НКВД «Үштігі» бірден 12 жылға соттап, көз көрмес, құлақ естімес жерге айдап қоя берді. Уақыттан оза айтарымыз: ол сол мерзімді толық өтеп, әбден жүдеп-жадап 1949 жылы елге оралды да, артынша-ақ өліп кетті.

2. Әйіштің ізін ала, НКВД тыңшылары Әукеш Шоқыманұлын ұстады да, Қызылорда түрмесіне қамады. Әукештің жалғыз баласы болып табылатын Шаған өте жас болуынан ғана ол қамалудан аман қалды.

3. Шоқыманның үлкен ұлы Нұрмағамбеттен он жеті жасар Сәтбек Әукеш ағасымен бірге Қызылорда түрмесіне атып ұрылды.

4. Шоқыманның екінші баласы Бекмағамбеттен өрбіген екі ұл — Әлиакбар мен Қажиакбар ауыл шетіне НКВД жендеттері келіп, Сәтбекті тұтқындап жатқанын алыстан көрді де, екеуі де лезде көзден таса болып үлгірді. Бірден Өзбекстанға асты. Ол жақта екеуі де фамилияларын Бекеев деп өзгертіп үлгірді. Әлиакбар институтқа түсіп, оны сапалы бітіріп шықты да, 1979 жылға дейін теміржолда жемісті жұмыс істеді. Сол жылы Қызылордада қайтыс болды. Ал Қажиакбар болса, ол Өзбекстанда, бір мақта заводында бас бухгалтер болып істеп жүргенде миына қан құйылудан өліп кетті.

Сонымен Шоқыманның төрт ұлының тірі жүрген екеуі, үлкен ұлынан Сәтбегі НКВД тұтқыны болып шыға келді. Мұны аз дегендей, алашордашының немесе інісісің деп Мүсілім Үмбетұлын әйелі Қырмызымен бірге ұстап, ерлі-зайыпты екеуін де 10 жылдан жер аударды. Владивосток жақтағы шығыс НКВД-сының лагерінде сол мерзімді толық өтеп келді де, екеуі де елде қайтыс болды.

Зейнехан қарындасымыздың хатына қарағанда, оның әкесі Әукеш Шоқыманұлы мен Сәтбек Нұрмағамбетұлы Қарауылтөбе құмында атылған. Бір жақын жекжат сол Әукеш пен Сәтбек мүрдесін көп өліктердің арасынан танып тауып алып, НКВД жендетінен жасырып көмген. Әукештің денесін табуға оның алтын тістері көмектескен. Міне мені осы жәйт қатты қызықтырды. Енді мен Мемлекет қауіпсіздігі комитеті облыстық басқармасындағылардың Қарауылтөбе қырғынын 1937—1938 жылға емес, онан әрігеректегі 1930—1931 жылғы бай-құлақтар, Қарақұм көтерілісіне қатысушыларға қарай ысыруына орай, соған қарсы дәлел ретінде, Әукеш Шоқымұлын Қарауылтөбе қырғыңы болған жерден іздеп тауып алып, қайта жерлеу жағдайын тереңірек суреттеуге мәжбүр боламын.

... Шоқыман шаңырағы ортаға түскендей болғанын ұққан Әлтай бір атадағы Шоқыманның түрмеде жатқан екі ұрпағына жан ашырлық танытып, түрмеге күн сайын дерлік келіп тұрды. Елде өзінен басқа бас көтерер жаппас руының азаматы жоғын біліп, Шоқыманның әруағы үшін жүгірді. Түрменің сыртқы қарауылдарының арасынан жаппас руындағы бір жігітті тауып алды да, сол арқылы іштегі Әукеш пен Сәтбек жағдайын біліп отыруға тырысты. Сол жаппас жігіті арқылы бір-екі Әукеш пен Сәтбекке тамақ та бере алды.

Бір күні Әлтай түс көрген. Түсінде Әукеш пен Сәтбек өзінің көз алдында ұйыққа түсіп, батпаққа батып бара жатты. Олар бұған қол бұлғап, құтқар деп айқайлайтын сияқты. Әлтай да жан ұшыра шыңғырып, қолын созбақ болады. Өз дауысынан өзі шошып оянған Әлтай сонан кейін ұйқыдан безіп, түн баласын көзімен атырды. Қызылордада қоналқы жасап жүрген бір туыстың үйіндегілерді оятпай, таң ата бере түрмеге қарай тартып отырды. Қос арыстан айырылған екенмін деп жүрегі қан жылады.

Түрме аузынан таныс жігіті көзге түсе қоймады. Оны іздеп олай-былай жүгірді. Қырсыққанда, оның үйін сұрап алмағанын қарашы. Тауы шағылғандай болып, Әлтай анадай жердегі базарға қарай беттеді. Сол маңнан кездесіп қалсам деп тіледі.

Түрме қарауылын Әлтай тура базардан кездестіре кетті. Ол да жан-жағына алақтай қарап, Әлтайды іздеп жүр екен. Күнде таңертең осы базардан олпұл тамақтық заттар алып, соны қолына ұстай баратынын білетін түрме қарауылы Әлтай бүгін де солай етер деп топшылаған. Сөйткен де, базарға қарай жүгірген.

— Мен сізді іздеп шығып едім,—деді ол,— Түнде жиырма адамды Қарауылтөбеге ала жөнелді. Ішінде сіздің екі інің де бар. Біреуі Әлмағамбет Шоқыманов та, екіншісі Сәтбек Нұрмағамбетов ғой, ә?

— Әлмағамбетті біз Әукеш дейтін едік. Атын солай деп жаздырған екен ғой,— деді бұған таңырқаған Әлтай.

— Иә, мен ұмытқаным жоқ. Жиырма боздақтың ішінде сіздің Әлмағамбетіңіз де, Сәтбегіңіз де бар. Менің қолымнан не келеді. Оларға ешқандай қайран ете алмадым. Кешір ағатай мені. Бар қолымнан келгені осы болды. Осыны сізге жеткізейін деп, ертелете базарға қарай жүгіріп келгенім,— деп түрме қарауылы базардан болмашы бірдеңелерді сатып ала бастады,— Қарауылтөбе құмын білетін шығарсыз, ә? Соның қалаға қараған бергі шетінде шап-шағын қазан шұңқыр бар, табанында шалшық су жатыр. Сол қазан шұңқырдың жағасына боздақтарды қатар тұрғызып қойып атады да, жардан төмен қарай құлата береді. Онда бір айдан бері атылғандар үйіліп жатыр. Бүгін түнге қарай барсаңыз, інілеріңізді танып, тауып алуыңызға мүмкін.

— Шошақ бөрікті, ақ боз атты бір жендет ертеден кешке дейін айнала шауып, төбе маңына ешкімді жолатпайды дейді ғой. Сол рас па?— деп сұрады Әлтай. Оның даусы қаттылау шықты да, мұны ешкім естіпесін деп білген түрме қарауылы кенет жәй сөйлеуді ұсынды.

— Иә, күзететіні рас. Өзі бір қағып кеткен пәдәрі неме. Таңертең атымен барады да, кешке дейін

сол маңда сандалып жүреді де қояды. Ешкімді төбе маңына жолатпауға тырысады. Меніңше, түнге қарай бармайтын болуы керек,— деді анау жөйімен.
— Бүгін де сол кетті ме?
— Әрине сол кетті. Ал жақсы ағай, мені бастықтарым іздеп жатқан шығар. Базардан жейтін бірдеңе әкеле қояйын деп алдап кетіп қалып едім,— деді де, анау түрмеге қарай жүгіріп ала жөнелді.
Әлтай түнде қонып шыққан үйіне қайтып барып, сол үйдің бір баласын қасына ертті де, Қарауылтөбеге қарай тартып отырды. Кішкене шапа шот кетпенді де қолына ұстай шықты. Жолшыбай дүкенге барып он метр ақ мата сатып алып, оны да қолтығына қысты. Түс ауа Қарауылтөбе құмына жетіп, соның бергі жағындағы канал жағасына жасырынды. Десе дегендей, әркім ауыздарынан тастамай айтып жүрген шошақ бөрікті, ақ боз атты жендет құм басына жерден шыққандай болып ойнақтап шыға келді. Жан-жағына айбарлана қарап, олай-былай атын ойнақтатты. Құмды айнала шауып, әрлі-берлі орғытты да жүрді. Бір-екі рет жасырынып жатқан Әлтайларға да тақала шауып өтті. Түсі сұсты жендет осы маңның қожасы бір өзіндей сезініп, көкірегіне нан пісіп жүргендей болды.
Кешкілік ақ боз атты жендет Қызылордаға қарай шаба жөнелді де, Әлтай мен соның серігі орындарынан ұшып түрекеліп, Қарауылтөбеге қарай жүгірді. Тап әлгі ақ боз атты жендет ә дегенде пайда бола кетіп, басында біраз қарауылдап тұрған төбеге іліге бергенде, соның батыс жағында оншақты үйдің орнындай жерді алып жатқан қазан шұңқырға тап бола кетті. Қазан шұңқырдың шығыс жақ жарынан төменге қарай құлатылған адам денелері үйіліп жатыр. Өліктер бірінің үстіне бірі түсіп, бірін бірі басып, айқыш-ұйқыш болып сіресіп қалған. Төбеден үрлеген жел ыспа құмды өліктердің үстіне қарай итеріп, өліктерді жартылай құм басып қалыпты. Тек түнде атылған өліктер ғана әзірге құмға көмілмей, ашық, бей-берекет жатты.
Өліктердің тап қазіргі түр-түсінен ешкімді танып алу мүмкін болмады. Бәрінің өн бойы жосадай қан, бет-ауыздары да өзгеріп кеткен. Үстерінде киімдері барлары қанмен иленісіп қалыпты.
Өліктердің мынау түр-түсінен түн ішінде ешкімді танып болмасын білді де, Әлтай енді Әукештің өзі білетін белгілері бойынша іздеуге көшті. Өзі білерде аузының бірнеше тісі алтын болушы еді. Енді сол алтын тістер арқылы таппаса, есіл ерді танып алу мүмкін емес екенін ұқты.
Бұрынғы атылғандардың үстін ала жатқан жиырма өлікті біріндеп қарай бастады. Бірінші... Екінші... Жетінші.. Оныншы өлікке дейін алтын тісті ешкімді кездестіре алмады. Онбірінші өліктің басы астына қарап қалыпты. Енді соны шалқасынан жатқызып, аузын әрең деп ашып көріп еді. Үстіңгі үш тісі мен астыңғы екі тісі алтыннан жарқырап шыға келді. Дәл өзі! Бірақ оның Әукеш екеніне анық көзін жеткізу үшін қан-қан болған бетін жеңімен сүртіп біршама тазартқан болды. Әукеш екенін бірден таныды.
— Әукешті таптым. Енді Сәтбекті танып, тауып алғанды айтсайшы. Оның қандай белгісі барын мен қайдан білейін, он жеті жасар бала дегенімізбен, сойталдай-тын. Бұл өліктердің арасында балалар да бар ғой. Қайсысын Сәтбек дерсің?— деп Әлтай өзіне өзі сөйлеп, біраз аңырып қалды.
— Біреуін тапқан болсаңыз, онда мен сырттан, төбенің арғы жағындағы тегістіктен көр қаза берейін,— деді де, серігі шапа шот кетпенді алып, сыртқа шығып кетті.
Әлтай Әукештің мүрдесін былайырақ, оңашаға алып шықты да, оны тегістеу жерге шалқасынан жатқызды. Дереу құранның бір аятын оқыды да, енді Сәтбекті іздеуге ұмтылды. Әлгі пәдәрі жендет қайтып келе қалатындай көріп, Сәтбекті де дереу тауып алуға, сөйтіп қос арысын мұсылманша қайта жерлеуге асықты.
Бір-бірінен айнымайтын, қанға малынған өліктерден Сәтбекті іздеп тауып алуға мүмкіндік болмады. Түнде атылған жиырма өлікті бір-бір көріп шықты. Әлтай сасайын деді. Сәтбектің денесінде белгілі бір белгіні білмеген соң, мынау қырғын тапқан боздақтардың арасынан кімді Сәтбек дерсің? Сонда да болса, бір жас жігіттің денесін Сәтбекке ұқсатып, оны да Әукештің қасына апарып шалқасынан жатқызды. Екеуіне арнап тағы да құран оқыды.
Түн ортасынан ауып бара жатты. Әлтай да, оның серігі де қатты қалжырады. Бірақ Әлтай екі арысымды таптым дегенді көңіліне медеу тұтты да, оларды ақ жуып, арулап көмудің бар жоралғысын жасады. Мана магазиннен сатып алған он метр матаны екіге бөліп жіберіп, екі өлікті де соларға жақсылап орады. Екеуін де екі көрге қатар жайғастырды да, үстін топырақпен көмді.
—Көрге ұқсатып, томпайтып, басына ағаштан белгі орнатып кетпейміз бе?— деп жатыр Әлтайдың серігі.
—Ойбай, олай етуге мүлдем болмайды. Манағы шошақ бөрікті жендет көре қойса, көрді аштырып, екі арысымның екеуін де анау көп өлікке қайта қостырады. Қайта білдірмей кетуіміз керек,— деді де, Әлтай екі көрдің де үстіне біраз шөп-шалам тастап, көзден таса етуге тырысты.
Екі арысты осылайша жер қойнауына беріп болып, Әлтай құранның үлкен бір аятын судырата оқып шықты да:
— Ал боздақтарым, Әлтай ағаларыңның осы қызметіне рухтарың риза болсын. Сендер Шоқыманның ұрпақтары болсаңдар, мен сол Шоқыманның інісі Шақының баласымын ғой. Біздерді Құдай айырмаса, адам айырмас еді. Адам айырды, НКВД айырды. Топырақтарың торқа, алдарың жарық, барар жерлерің пейіш болсын, бауырларым. Хош-хош,— деп көз жасын бір төгіп, Қызылордаға қарай бүлкілдей асты...
Сол Әлтай Шақыұлы көзінің тірісінде мұны Зейнеханға талай рет мәнерлеп айтып беріпті. Бұл әңгімені ауылдастарынан да талайлар естіген. Енді сол әңгімені медицина майданының белгілі бір

қызметкері болып табылатын Зейнехан қарындасымыз маған жеткізіп отыр.

Қарауылтөбеде болған қырғын жайлы маған мәлімет берушілер тап осылай етіп сіресе үйіліп жатқан өліктерді суреттей алған жоқ еді. Ең әрісі қарауылтөбелік Табылды Мақұлбетовтің өзі үйіліп жатқан адам сүйектерін талай рет көріп едім дегені болмаса, оны осылайша суреттеп бере алмаған. Осыдан жиырма жылдай бұрын өліп кеткен Әлтай Шақыұлы атасының аузынан естігенін өзгеріссіз суреттеп берген Зейнеханның мынау әңгімесін есітіп, менің денем еріксіз тітіркеніп кетті. Бір таңданарлығы сол, сондай сіресе құлатылған адам өліктерінің беті жасырылмай, кешегі күндерге дейін көл жиегінде ашықтан-ашық жатты дегенге тіптен сенгің де келмейді.

Ақтаңдақтар ақиқаты төңірегінде мәліметтер жинау үстінде әркімдер-ақ маған Қарауылтөбеде атылғандар арасынан өз боздақтарын танып алып, жасырын түрде қайта жерленгендер болды деп еді. Бұл әсіресе репрессияның алғашқы кезеңінде, 1937 жылы жиі кездескен. Кейін НКВД басшылары қырғын орындарын өзгертіп, із тастауға мәжбүр болған. Осыдан бастап, Қошқарата, Қарабайтал сойған құмы, тағы сондай қолайлы жерлер таңдап алынған.

*Мырқы ИСАЕВ.*

(Тереңөзек аудандық «*Еңбек Туы*» газеті 1990 жылғы 27-29 желтоқсан)

## ЕКІ АУЫЗ ӨЛЕҢ АЙТТЫ ДА...

Белгілі Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлы өзінің туған жиені Көпбай Әдиұлынан көп үміт күтті, он жасында-ақ ізіне ертті, жер-жерде қонақта болып, дастархан басындағы сұхбаттарда айтылатын келелі сөздерді тыңдап, зердесіне түюіне жағдай жасады. 1937 жылы Түрекең «Шахнаманы» аударып бітіп, елге келді де, бірер жеті ауылды, туған жерді аралап, көңіл сергітті. Алматыға қайтып барарда енді жанына тағы да Көпбайды ертіп алды. Астанаға барысымен Түрекеңнің үйінде қызылордалық жерлестері бас қосып, дастархан басында ақын аузынан шығатын әрбір зерделі сөзді қалт жібермей тыңдап отырды. Сол кеште айтылған екі ауыз ғана сөзді он жасар Көпбай зердесіне құйып алып еді. Әрине, ол он жыл өтіп, тура жиырма жасқа келгенде ақын сөзін Алматы филармониясының оркестр құрамында жүргенде айтып беріп, он жыл жазаға кесілерін білген жоқ еді. Бәрін рет-ретімен баяндап көрейік...

Алматы консерваториясының директоры Ахмет Жұбанов та, филармония директоры Жұмағали Саин да ә дегенде Көпбайдың талантына риза болып, оны оқуға қабылдады. Кейін Құрманғазы есімі берілген консерваторияда Шамғон Қажығалиев, Құбыш Мұхитов, Фатима Балғабаева, Сейілхан Құсайыновпен бірге тізе түйістіріп жүрді. Консерваториямен бірге іргe тепкен филармонияға 1949 жылдың аяқ жағында директор болып Ілияс Есенберлин келді де, ол Көпбайды оқуын үздірмеген күйі оркестрге мүше етіп алды.

1949 жылғы 7 қарашада опера және балет театрында филармония түлектері үлкен концерт берді. Оркестрдің белгілі домбырашысы саналатын Көпбай бір кезде сахнаға шыға келді, жай шыққан жоқ әңгіме желісін былайша тарқатты:

— 1937 жылы Алматыдағы бір басқосуда менің нағашым Тұрмағамбет Ізтілеуов екі ауыз өлең айтып еді. Мұны ел жағдайын сұрағандарға жауап ретінде айтқан болатын. Мәселен, «Ел жағдайы қалай екен?» деп сұраған бір қонаққа нағашым былай дегені бар:

Ой айналайын, несін сұрайсың,
Мал дегенде есек қалды,
Үй дегенде кесек қалды.
Ерлі -зайыптылар екі айрылып,
Құр қаңырап төсек қалды,
Қызыл шәпкі белсенділер,
Жүн-жұрқаны есепке алды,

— деп еді. Тағы бір қонақ Тұрмағамбет нағашымнан жалпы ел тұрмысы қалай деп сұрады. Ол сұраққа мынадай жауап берді:

Халық азды бұрынғыдай хан жоғынан,
Тозды жұрт тойып жейтін нан жоғынан,
Қыран құс қайда ұшарын біле алмай жүр,
Алып жер ашыққанда аң жоғынан,—

деп жауап берді. Ақынның сол тақпақ өлеңдерін он жылдан кейін сіздерге жеткізуші консерваторияның үшінші курс студенті Көпбай Әлиев мен боламын,— деп қыран құстай қомданып сахнадан шыға беріп еді. Соңына еңгезердей бір жігіт ілесті.

Сол күні түнгі сағат онға жетер-жетпесте Көпбай МХК-ның Виноградов көшесіндегі тар қапасына қамалды.

Кеңес үкіметіне жала жабушы ретінде айыпталып, алты ай қапаста жатты. 1950 жылғы мамырда Күнтуар Сүлейменов деген судьяның төрағалық етуімен Көпбай Әлиев 10 жылды арқалап кете барды. Иркутск, онан кейін Китойда станциясы, онан кейін Ангара өзені бойындағы «Ангарлар» колониясы — 1956 жылғы 22 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының толық ақтау қағазы қолына тигенге дейін, міне осындай шырғалаңы мол азапты жолдардан өтті.

Консерваторияда бірге болған достары жазықсыз жапа шеккен Көпбайды сол үшінші курс бағдарламасымен бірден консерваторияға қайта қабылдаттырды. 1958 жылы оны ойдағыдай бітіріп, музыка әлеміне жолдама алды.

Академик Ахмет Жұбановтың, Шамғон Қажығалиев пен Құбыш Мұхитовтың, Фатима Балғабаева мен Сейілхан Құсайыновтың көземелдеуімен

ол бірден лауазымды қызметке қойылды. Қазақ КСР Мәдениет министрі Әміре Қанапин оны Шымкент, Жамбыл және Қызылорда облыстарын қамтыған облыс аралық концерт бюросына көркемдік жетекші етіп жіберді. Мұнда ол 1960 жылға дейін істеп, ел алғысына бөленді.
Қызылорда облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Уәли Төрәлиев оны облысымыздың өзіне қызметке шақырды. Мәншүк Мәметова атындағы қыздар училищесіне музыка пәнінен сабақ беретін мұғалімдікке Көпбайды қолай көрген. Сол кездегі училище директоры Ұлмекен Рысбекова бұл ұсынысты қуана қарсы алған. Сонымен оқу орнында тура 32 жыл бойына, 1992 жылға дейін жемісті жұмыс істеді. Көпбай осында жүргенде «Қарлығаш» атты ән-би ансамблін құрды, он жыл бойына облыстық республикалық байқауларда жүлделі орындарды иемденді.
1975 жылы «Қарлығаш» ән-би ансамблі «Нұргүл» деп аталды. Өнер ұжымы Көпбай Әлиевтің басшылығымен 1976 жылы Германияда, 1978 жылы республикалық ауылшаруашылық көрмесінде, «Алтыбақан» бағдарламасымен Алматыда, «Огонек» бағдарламасымен Мәскеуде, 1987 жылы Жамбыл облысында концерттер қойып, елге абыроймен оралды. 1991 жылғы Монғолияның Баян Өлгей аймағында, келесі жылы Қарқара жәрмеңкесінде қойылған концерттер үлкен абырой әперді.
Педучилищеде музыка бөлімі жабылғаннан кейін ол музыкалық училищеге ылажсыз ауысып, онда «Сыр сүлейі» ән-би ансамблін құрады.
Нағашы ағасы Тұрмағамбет Ізтілеуұлының екі ауыз ғана өлеңін айтамын деп он жылға сотталған, сол жалалы жазаны өтегеннен кейін, музыка әлемі майталмандарының біріне айналған Көпбай Әлиевтің ізгілікке толы іздері ұрпаққа өнеге боларлық.

*Мырқы Исаұлы.*
*«Сыр бойы»* газеті, 1997 жылғы 22 ақпан.

## АРМАНДА КЕТКЕН АЗАМАТ

Халқымыз өзінің абыройлы азаматтарын ұмытпай, олардың есімін ұзақ уақыт сақтайды. Міне, осындай аяулы азаматтардың бірі біздің жерлесіміз Әбдіразақ Қайырбергенұлы Шегебаев еді. Әбдіразақ 1902 жылы қазіргі «Майлыөзек» ұжымшарына қарасты «Түпбөгет» деген жерде дүниеге келген. Әкесі Қайырберген баласын Қармақшыдағы тюземдік мектепке орысша оқуға береді. Сабаққа алғыр Әбдіразақ 1918 жылы Ташкент қаласындағы гимназияға оқуға жіберіліп, оны 1922 жылы ойдағыдай бітіріп шығады.
Сол жылы ол Орынбор темір жол бөлімшесінің саяси бөліміне жұмысқа тұрады. Жастық жігермен, жүйелі біліммен іске кіріскен Әбдіразақ 1925 жылы Қазалыға аудандық жұмысшы бақылауы комитетін басқаруға жібереді. Мұнда 1929 жылға дейін еңбек етіп, бұдан кейін Қызылорда облыстық жинақ кассалары жүйесі меңгерушілігіне жоғарылатылады. Бірақ, көп ұзамай өзінің туған жері Қармақшыға қайтып оралып, осындағы орта мектепке орыс тілінен сабақ береді. Сол кезде оның шәкірттерінің арасында Темірбек Томанов, Мұсабай Тайбағаров, Б. Қойгелдиев, Шүкір Өмірзақов сияқты жастар болады. Олар кейін білімді азамат болып, аудандағы түрлі халық шаруашылығы саласында белсенді еңбек етті.
1931 жылы Әбдіразақ Шегебаев тәжірибелі кадр есебінде Жезқазған облысының Обаған ауданына жіберіліп, онда аудандық атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс істейді. Бұдан кейін 1934 жылы Жаңақорған аудандық атқару комитетінің, ал 1938 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс аудандық атқару комиттерінің төрағасы болып жемісті еңбек етеді. Бірақ, көп ұзамай «халық жауы» деген жаламен тұтқынға алынып, 1938 жылғы 12 қарашада 12 жылға сотталады.
— Мен де сол жылы «халық жауы» деген айыппен қамауға алынып, түрмеге түсіп едім,— дейді қазіргі зейнеткер Төребек Жанболғанов ақсақал,— Сол кезде қамаудағы Әбдіразақ Шегебаевпен үш күн бірге отырдым. Мінезі сабырлы кісі екен. «Бәріміз де жазықсыз отырмыз. Ешкім де халық жауы емес. Еңселеріңді түсірмеңдер. Әлі-ақ босанып шығамыз» деп бізді жігерлендіретін еді. Бірақ, үш күннен кейін оны бөлек алып кетті. Содан кейін есіл ерді көре алмадым...
Әбдіразақ Шегебаев түрмеде отырып, жоғары орындарға өзінің ақтығын дәлелдеп арыз жаза береді. Бұл арыздардан жуық арада нәтиже болмады. Сөйтіп жүргенде ол сотталып, алыс өлкеге айдалып кете барады. Лагердегі өте ауыр жұмысқа шыдамаған ол 1939 жылғы 12 қарашада қайтыс болады. Оңтүстік Қазақстан облыстық прокурорының шешімімен Ә. Шегебаевтың бұрын жазған арыздары қайта қаралып, 1941 жылғы 20 қазанда ақталды. Бірақ бұл кезде жазықсыз жазаланған есіл ер «ит жеккенде» іш құсалықтан науқас болып көз жұмған еді.
Әбдіразақтың артында жас жары, екі қызы мен Сырым атты баласы қалады. Сырым Әбдіразақов қазір еңбек демалысына шыққан. Ол ұзақ жыл ауданымызда байланыс, өрт сөндіру саласында еңбек етті. Қазір оның да ұлы ұяға, қызы қияға қонған бақытты жандар.
— Әлі есімде,біз шешем Мархаба екеуіміз әкеммен жолығуға түрмеге бардық. Сонда ішке мені ғана кіргізіп, шешемді әкеме жолықтырмады,— дейді Сырым бізбен әңгімесінде.— Әкемнің үстінде ақ көйлегі бар екен. «Жасыма, балам, әкең әлі-ақ ақталып шығады» деп мені арқамнан қағып қала берді. Тергеуші Диқанбаев деген кісі бұдан кейін бізді әкемізге жолатқан жоқ. Кейін Асатов

Баймағанбет деген бажасына әкемнен бір хат келген екен. Содан кейін мүлде хабар-ошар болмай кетті...

Иә, біздің жерлесіміз — кармақшылык бір азаматтың тағдыры осылай аянышты аяқталды. Балашағасы оның қай жерде қайтыс болып, қайда жерленгенін де білмейді. Адам тағдыры ойыншық болған кезеңнің сиқы осындай. Болмаса, Әбдіразақ ұсталған кезде қырық жасқа да толмаған нағыз дер шағы еді.

Әбдіразақ өзі қызмет істеп жүрген кезде ауыл жастарының оқуға түсуіне, жұмысқа орналасуына талай рет көмектесіп, жәрдемдескен. 1967 жылғы 20 шілдеде «Қазақстан мұғалімі» газетінде жарияланған «Өмірге жолдама» деген мақаласында кезінде «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болып жұмыс істеген кармақшылық жерлесіміз Кеңес Үсебаевтың оқуға түсуіне Әбдіразақтың қалай көмектескені туралы үлкен жүрек жылуымен жазды.

Ал, ауданымызда кезінде Әбдіразақтың демеуімен оқуға түсіп, тиянақты білім алып, ұзақ жылдар әртүрлі жауапты жұмыстар атқарған азаматтар көптеп саналады. Бұлардың қатарында Дастан Байзақов, Пірман Игісінов, Есмахан Ибрагимов, Әтіпбай Баймұратов, Сәрсен Шалабаев және басқалары бар.

Әбдіразақ Шегебаев, сөз жоқ, туған еліне елеулі еңбек сіңіріп кеткен азамат. Сондықтан, біздің қармақшылықтар оның есімін есте сақтаудың шараларын жасаса дұрыс болар еді дейміз.

*Қ. Молдахметов.*
Облыстық «*Сыр бойы*» газеті, 1993 жылғы 20 қараша.

## АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛГЕН АРУ.

**Шахзада Шонанова — Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданында туды дегенімізбен, ол 1928 жылдан 1931 жылға біздің Қызылорда қаласында оқу-ағарту саласында, мектепке дейінгі балалар тәрбиесінің нұсқаушысы, Сырдария губерниялық партия комитетінде нұсқаушы болып істеген. Қазақстан халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтің шақыруымен Алматыға ауысып, комиссариаттың бастауыш және орта мектеп бөлімінде ғалым-хатшы, кейін әдіскер кеңесші қызметтерін атқарған. Сондай ардагер қыз да біздің даңқты жерлесіміз Темірбек Жүргеновпен бір бап бойынша айыпталып, репрессия құрбаны болып кете барған...**

Шахназа Шонанова Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданында 1903 жылы дүниеге келген. Шахзаданың әкесі Арон Қаратаев белгілі ел азаматы Бақытжан Қаратаевтың інісі болатын. Шахзада зерек болып өсті. Есейе келе білім алуға ұмтылды. Алайда Шахзаданың арманы жүзеге аспады. Оған әлді адамның қызы болғаны пәле болып жабысты.

Тағдырдың жазуымен екі рет түрмысқа шығады. Алғашқы ері мемлекет қайраткері — Ыдырыс Мұстамбаев болатын. Оны кейіннен халық жауы деген жаламен ұстап әкетеді. Шахзада өзінің алғашқы мақалаларына Мұстамбай келіні деп қол қойып жүреді. Ал кейіннен, 1931 жылы ол энциклопедист ғалым Телжан Шонановпен бас қосады. Алайда бұл да ұзаққа созылмайды. Телжан да 1937 жылы жазықсыз тұтқындалады. Шахзада әу баста САГУ-дың (Ташкентте 1920 жылы құрылған Орта Азия мемлекеттік университетіне — қазірі Ташкент университеті) медицина факультетіне түскен болатын. Алайда оған тап жауының қызысың деген айып тағылып, оқудан шығарылады.

Бұдан кейін Шахзада әр түрлі қызметтер атқарады. 1922—26 жылдары Оралда губерниялық атқару комитетінде іс жүргізуші, аз уақыт Сырдария губерниялық партия комитетінде нұсқаушы болып істейді. Кейіннен, яғни 1928 жылы Қызылордаға ауысып, халық ағарту комиссариатының мектепке дейінгі балалар тәрбиесінің нұсқаушысы болып жұмысқа орналасады. Алайда Шахзаданың есіл-дерті үзілген оқуын одан әрі жалғастыру еді. Соған орай 1931 жылы Алматыға қоныс аударып, медицина институтына оқуға келеді. Өкінішке орай, баяғы жала тағы да алдынан шығады. Сөйтіп бұл оқудан да шығарып жібереді.

Осы кезеңде Шахзаданың күйеуі Телжан Шонанов КазПИ-де доцент болып жұмыс істейтін. Әрине, Шахзада сияқты оқудан шығарылғандар дәл сол кезде аз болмаса керек. Соған орай бұл мәселе үкіметтің беделді комиссиясында қаралады. 1931 жылдың қазан айының 25-де өткен комиссия мәжілісіне Халық ағарту комиссариатының Таштитов, БК(б)П өлкелік комитетінен Смирнов, денсаулық сақтау комиссариатынан Әрімбетов, Халық ағарту комиссариатының кадр бөлімінен Зилов қатысады. Бұл комиссия мынадай қаулы алады: «Шонанованың кеңес үкіметі тұсында қызмет атқарғаны, өзінің әлеуметтік тегін жасырмағаны ескертіліп, оған медицина институтында оқуын жалғастыруына мүмкіндік берілсін». Бірақ іс мүнымен бітпейді. Қаулыда: «Институт дирекциясына және студенттік ұйымдарға жақын семестрлерде Ш. Шонанованы студенттік ұйымдарда, қоғам жұмыстарында тексеру міндеттелсін» деген де сөздер бар. Осыған сәйкес 1937 жылы наурыздың 22-сінен көкектің 11-іне дейін Шахзада жұқпалы бөрітпе, сүзек пен

шешек індеті жайлаған Прибалхаштстройдың Спасск бөлімшесіне жұмысқа жіберіледі. Осыған байланысты Спасск бөлімшесінің бастығы әрі оқу комбинатының директоры Жамшиннің Шахзаданың жұмысы жайлы жақсы пікірде жазған анықтамасы да институтқа жіберілген. Бұған қарамастын тап күресінің белсенділері оған тыныштық бермегені байқалады. Бұлай дейтініміз: Шахзада оқуды тастауға мәжбүр болады. Бұл 1933 жылдың бас кезі болатын. Шахзада енді өзіне бұрыннан белгілі оқу-ағарту ісіне, мектепке дейінгі балалар тәрбиесіне араласады. Осыған қарағанда ол Алматы медицина институтында 1931—32 оқу жылында ғана білім алған сыңайлы.

Шахзада соншама сәтсіздікке қарамастан өзін-өзі іздеуден, халқына қызмет етуден жазбайды. Бұған 1933—39 жылдары педагогикалық ғылыми зерттеу институтында жауапты хатшы, Халық ағарту комиссариатында ғылыми қызметкер, ұлттық мәдениетті ғылыми зерттеу институтында кіші қызметкер болып жұмыс істеуі толық дәлел бола алады. Жас келіншектің тынымсыз ізденісін байқаған Халық ағарту комиссары Жүргеновтің шақыруымен ол бастауыш және орта мектеп бөлімінде ғалым-хатшы, кейін әдіскер кеңесші болып қызмет істейді. Бірақ 1936 жылдың басында бұл қызметтен де босайды. Шахзада сонда да мойымайды. Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетінің 2-ші курсында оқуға мүмкіндік алады. Жасы 34-ке келсе де белгілі бір мамандық алуға талпынады. Алайда бұл ниетіне де жете алмайды. Жету түгілі оның өзі де 1937—38 жылдардағы саяси науқанның құрбаны болып кете барады. Бұған дейін, яғни, 1937 жылдың 21 шілдесінде Шахзаданың ері Телжан Шонанов халық жауы деген жаламен тұтқындалған болатын. Осы күндері ел арасында 1937 жылы жаппай айыптауда азаматтар бірінің үстінен бірі арыз жазып, өзін-өзі қыруға себепші болды деген пікір бар. Бұл сөздің жаны бар сияқты. Өздеріне қажетті адамдардың үстінен іс қозғауға негіз болатын әңгімені НКВД-ның өзі ұйымдастырғаны да бұл күнде ешкімге жаңалық емес. Өзіңіз ойланызшы, әйтпесе ұлтшылдық, террорлық-диверсиялық, троцкийшіл-зиновьевшілермен, сондай-ақ неміс, жапон империалистерімен қазақты ауыз жаласты деп айтудың өзі де ақылға сыймайды ғой. Осы күндері архив беттерін ақтарып отырсаңыз, небір заңсыздықтың, жалақорлықтың тәсілдері қолданылғанын көрер едіңіз. Олай болса кімді кім ұстатты деп бір-бірімізге кектенуімізге жол болсын. Жалған куәларды табу НКВД үшін қиындыққа түспегені де белгілі ғой. Шахзаданы айыптау НКВД үшін де аса қажет болған сияқты. Өйткені елдегі диверсия 1938 жылға дейін дәлелденбей келген-ді. Ал онсыз жоғары оқу орындарында ұлтшылдық ұйымның әрекетіне қалай сендіруге болады? Міне, осы арада Шахзада оларға қай жағынан болса да ыңғайлы болып тұрған жоқ па. Шыққан тегі де, күйеуінің халық жауы ретінде тұтқынға алынуы да өзінің сауатты болуы да, көптеген зиялы азаматтармен қызмет бабында аралас-құралас жүруі де бұлтартпас айғақ ретінде ойластырылған ғой. Мысалы, 1938 жылдың 6 қаңтарындағы протоколда Шахзада өзін антисоветтік ұйымға 1926 жылы Ыдырыс Мұстамбаев тартты деп «мойындаған», ал 13-қаңтардағы жауабында «ҚазМУ-де оқыған кезде мен студент жастар арасында күнбе-күн антисоветтік, ұлтшылдық насихат жүргіздім. Контрреволюцияшыл буржуазияшыл ұлтшылдық идеясын кеңінен тараттым» деген де сөздер бар. Міне, жаланың көкесі деп осыны айтуға болады.

НКВД-да отырған жендеттер осыдан тура 2 жыл бұрынғы, яғни, 1936 жылдың 20-қазанында ҚазМУ-де болған өртті де Шахзаданын мойнына артады. 1936 жылғы 21-қазанда жасалған актіде көзімен көрген адамдардың айтқанына қарағанда, өрт Совет көшесі 9-үйде (қазіргі Достық көшесінің бұрышы) анатомия кабинетінде болған. Актіде әдейі өртелді десе, көргендер кездейсоқ болған деп пікір айтыпты. Бірсыпыра адамдар НКВД-нің республикалық басшысы Лев Борисович Залинге де дәл осылай жауап беріпті. Соған қарамастан 1938 жылдың қаңтарында өртті ұйымдастырған Шахзада Шонанова және оның сыбайластары деп жала жабады. Сөйтіп Шонанованың ісі бойынша көптеген адамдардан жауап алынады. Ол жауаптарды куәлардың қандай жағдайда бергенін бір құдайым біледі. Сөйтіп Ш. Шонанованың сыбайластары да «анықталды». Мысалы, комиссар Темірбек Жүргенов ҚазМУ-ды өртеген диверсиялық топты ұйымдастырды деп те айыпталады. Ол жөнінде 29 адам куәға тартылған. Тіпті 1939 жылы контрреволюцияшыл ұйымға мүше болды деген жаламен ұсталған Жағыпар Сұлтанбековпен бірге (ол 1936 жылдың 27-желтоқсанында тұтқындалған) Мәскеуде өткен мектепке дейінгі тәрбие жөніндегі курсқа және мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің IV съезіне барғаны да іске тігіліпті. Шахзада 1938 жылғы 17-қаңтардағы жауабында «1936 жылы күзде ҚазМУ-ді өз қолыммен өртедім, соның нәтижесінде университет үйінің негізгі бөлігі жанып кетті»— деп қол қойыпты. Дұрысында өрт іле-шала сөндірілген. Тіпті ондай үлкен де болмаған. Анатомия бөлмесіндегі кітаптар, құрал-жабдықтар далаға шығарылған.

Шонанованың ісі бойынша университет мұғалімдерінен ұсталғандардың ішінде Ибадулла Ақбергенов (кафедра меңгерушісі) және аспирант Батырбек Бірімжановтар да бар еді. Ақбергенов сол кеткеннен ізімқайым жоғалады. Тағдыры әлі күнге белгісіз. Ал Бірімжановті НКВД-нің ақтамауға амалы жоқ болатын. Себебі 1936 жылдың тамыз айында, яғни, өртке дейін ол Ленинградқа оқуға кеткен болатын. Сол Батырбек Ахметұлы кейіннен Ғылым академиясының мүше-корреспенденті атанды. Көп жылдар ҚазМУ-дың химия факультетін басқарды.

Жазықсыз жалалы болған Шахзада Шонанова
күйеуі *Телжан Шонановпен*
бірге зұлмат құрбаны болды...
«*Егемен Қазақстан*», 1996 жылғы 8 қаңтар.

«Боздақтар редакциясынан: біздің Қызылорда топырағында 4 жыл жұмыс істеген, атақты жерлесіміз Темірбек Жүргеновпен сыйласып өткен Шахзада Шонанова 1938 жылғы 9 наурызда Алматы қаласында КСРО Жоғарғы сотының әскери алқасы көшпелі сессиясының үкімі бойынша 37 боздақтың бірі болып атылған. Ал, оның күйеуі Телжан Шонанов сол жылғы 27 ақпанда 41 боздақтың бірі болып атылды да, бұл жанұядан ұрпақ қалмай, өмірден өте шықты.

* * *

Зұлмат жылдарында арулардың атылуы бір бұл емес. 1937 жылғы 27 қыркүйекте Қызылорда іргесіндегі № 1 ауыл тұрғыны, үй шаруасындағы әйел Сотен Ершоқаева «Қошқарата» қорымының шығысындағы құмға тоғыз боздақтың бірі болып атылды. Арал ауданында дәрігер болып істеген Михаилова (Свиридова) Вера Ефимовна 1942 жылғы 11 ақпанда, сол Аралда үй шаруасында болған Быкова Ольга Ивановна 1942 жылғы 11 ақпанда атылған.

Ал Қармақшы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып істеген Жұмакүл Әділова 1937 жылғы 30 желтоқсанда 10 жыл түрме жазасына, Қызылорда қаласының тұрғыны, үй шаруасындағы әйел Карлыбаева Рзақия Рысмаханқызы 1938 жылғы 21 шілдеде 5 жылға жер аударуға сотталған. Не үшін?

## «ДЕКЛАРАЦИЯ» ҚҰРБАНЫ.

МХК-нің архив қорында бірсыпыра ары таза, ешбір айып-кінәсі жоқ адамдардың «қылмыстық» тергеу істері сақтаулы тұр. Олардың есімдері ақталған бойда тізімге тіркеліп, ақпарат беттерінде жарияланып келеді. Дегенмен кейбір жазықсыз жапа шеккен, Қазақ жеріндегі мемлекет құрылысының әдепкі қадасына аз да болса өз үлесін қосқан аяулы адамдардың қалай жазаланғанын архив материалындағы дерек-дәйектерге сүйеніп көрсеткенді жөн көрдік.

Сондай адамдардың бірі — Құлтасов Фазылбек. Жариялылық кезеңіне дейін 20—50-жылдардағы репрессия құрбандары жөніндегі шындық нақты айтылмады. Біраз жылдар әкесінің өлітірісін білмей келген адамдардың бірі — Саидова Құрбанкүл. 1991 жылы шілденің 23 жұлдызында МХК органына жазған арызында ол былай деген:

«Менің әкем Құлтасов Фазылбек, 1890 жылы туған. Оңтүстік Қазақстан НКВД басқармасының Үштігімен 1937 жылы 1 қарашада сотталған. Бізге берілген анықтама бойынша, ол 1956 жылы 30 желтоқсанда «қылмысы» дәлелденбегендіктен ақталған.

Балаларының ішінде тірі қалған біз ағамыз екеуміз. Шешеміз 1956 жылы қайтыс болды. Әкеміз жөнінде ештеңе білмедік. (Әкесі ұсталып кеткенде Құрбанкүл 4 жаста екен.— Автор) Ол туралы сұрауға бізге тиым салынған еді. Тіпті оның суреттерін де үйдегі дүние-мүлік тәркіленген кезде алып қойған. Ендігі жерде біз бар шындықты білгіміз келеді. Біріншіден, әкеміз қандай жазаға кесілген? Екіншіден, ол қай жерде жазасын өтеп, қай уақытта дүние салды? Жерленген жері қайда?

**«Саидова (Құлтасова) Құрбанкүл».**

Ал, Құлтасов Фазылбек болса, Оңтүстік Қазақстан НКВД басқармасы Үштігінің үкімімен 1937 жылы 1 қарашада «контрреволюциялық қылмыстары» үшін ату жазасына кесілген болатын. Бұл үкім келесі күні, яғни 2-қарашада, Шымкент қаласында жүзеге асырылған.

Құлтасов өз уақытына сай білімді адам болған. Сырдария ауданының «1-Май» колхозында туыпөскен. Тергеу ісі бойынша куә орнына жауап берген Досов Әшек: «Ол — кедей шаруаның баласы, жасынан жетім қалған. Кейіннен Шымкент қаласына барып өз бетімен білім алған, басшы қызметтерде болғандықтан ауыл арасында көп болған жоқ»— депті.

Расында Құлтасов мұғалімдер семинариясын бітірген соң біраз жыл мұғалім болған. 1918—1920 жылдар аралығында Рысқұлов, Қожановтармен бірге қызмет істеген.

Ол 794-қылмыстық іс бойынша Шоқаев Нұртаза, Қалмұхамедов Мырзеке және басқалармен бірге бір қылмыстық іс бойынша жауапқа тартылған. Архивтік іс құжаттарына қарағанда, Құлтасов олармен ешқандай байланыста болмаған. Шоқаев Нұртаза және басқалар Шоқаев Мұстафаның басшылығымен контрреволюциялық жұмыстар жүргізген деп айыпталса, Құлтасовты Рысқұловтың тобымен байланыстырған себебі, сол кездегі НКВД қызметкерлерінің «топтық қылмыстық іске» құмар екендігі қазір көпшілікке мәлім. Бұл жөнінде архив қорында мынадай құжат бар.

НКВД-нің оперативтік уәкілі Тарасов 1939 жылы 20 қаңтарда берген жауабында былай деген: «Бірде отыз адам табанда қамауға алынды. Көбісі тергеу ісі бойынша жалғыз өтуі керек еді. Мен олардың тізімін бастығым Савицкийге алып келгенімде, ол маған барлығын біріктіріп, топтық іс шығаруды бұйырды. Мен онымен келіспеген едім, ол «бізде жалғызбасты адамдардан ісі еш уақытта болмаған. Сондықтан да істі мен қалай айтам — солай жүргізесің» — деп бұйырды. Мен бұл бұйрықты орындауға мәжбүр болдым...» Құлтасов та осындай себеппен топтық іс бойынша жауапқа тартылған. Тергеудің әдепкі кезінде ол өзіне тағылған жалған айыпты мойнына алмаған, бірақ кейіннен НКВД-нің оперативтік қызметкерлері

өзара «декларация» деп атайтын заңсыз әдісті пайдаланып, (бұл — алдап түсірудің оңай жолы) Құлтасовқа НКВД басқармасының бастығы Кальнингтің атына арыз жаздырып алған. Бұл құжатты толығымен келтірейік.

«Оңтүстік Қазақстан облыстық
НКВД басқармасының бастығы
МХК капитаны Кальнинг
жолдасқа арыз.

Мен, Құлтасов Фазылбек, ұлтшыл-буржуазиялық тәртіп орнатуға бағытталған контрреволюциялық ұйымның мүшесімін. Тергеуде шындықты жасыру маған тиімді емес екендігіне көзім жетті. Мен бұл ұйымға 1918 жылы Қожанов пен Рысқұловтың тартуымен қатардағы мүшесі болып кірдім. Тікелей ұйымға кіруге көмектескен Асфендияров, Тоқтыбаев және басқалары. Сол көрсетілген уақыттан бастап қамауға алынғанша, яғни 1937 жылға дейін осы ұйымның контрреволюциялық тапсырмасын орындап келдім. Ендігі жерде тергеу орнына адалдықпен жазбаша түрде бар шындықты айтып жауап беремін. Құлтасов Фазылбек. 1937 жыл, 15 қыркүйек».

Бір қарағанда, бұл құжаттан елеулі ештеңе байқалмайтын сияқты, бірақ өз қолымен «мойындап» арыз жазған адам тергеушінің ықпалына еріксіз кіретіні белгілі. Осы арыздан кейін НКВД қызметкерлері 1937 жылы қыркүйек айының 22—24 күндері одан дамылсыз жауап алған. Жауап протоколы 34 беттен тұрады. Бірақ көлемді болғанымен мәні жоқ. Кей жерлері БКП(б) тарихынан көшірілген сияқты. Түйіп айтқанда, бұл жауаптан Құлтасовтың нақты қылмыстық әрекеттері көрінбейді. Енді протоколдан қысқаша үзінді келтірейік.

«Құлтасов Фазылбектен жауап алу *протоколы*.
Шымкент қаласы. 1937 жыл 22—24 қыркүйек.

*Сұрақ:* Тергеудегі айғақтарға қарағанда, сіз ұзақ жылдар контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның мүшесі болғансыз, оның жұмыстарына белсенді қатысқансыз. Сіз мұны мойындайсыз ба?
*Жауап:* Иә, ол рас. Мен қамауға алынғанша контрреволюциялық-ұлтшыл ұйымның жұмыстарына белсене қатыстым.
*Сұрақ:* Сіз бұл контрреволюциялық ұлтшыл ұйымға қашан және қандай жағдайда кірдіңіз?
*Жауап:* Мен бұл контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның жұмыстарына алғашқы құрылған кезінен бастап кірістім. Ұйымның өзі 1918 жылы күз айларының бірінде құрылған болатын. Сол кездері мен Ташкент қаласында мектепте мұғалім едім. Жұмыс барысында қазақтың көрнекті ұлтшыл адамдарымен жиі-жиі кездесіп, олармен араласып тұрдым. Кейде қазақ халқының тағдыры, оның келешегі жөнінде әңгіме қозғайтын едік. Бір күні, 1918 жылдың күзі еді, профессор Асфендияров мені үйіне шақырды. Үйінде менен басқа Рысқұлов, Қожанов және Төреқұлов бар екен. Осы жерде отырып, Кеңес өкіметімен күресетін контрреволюциялық ұлтшыл ұйым құру үшін инициативты топ ұйымдастыруға келістік. Түпкі мақсатымыз Қазақстанда Кеңес үкіметін құлатып, өз алдына ұлтшыл-буржуазиялық мемлекет құру еді. Осы ойлағанымызды жүзеге асыру үшін ұлтшыл ұйым құруды ұйғардық.
*Сұрақ:* Бұл ұйым нақты қандай контрреволюциялық жұмыстар жүргізеді.
*Жауап:* Бұл ұйым алдымен ұлтшыл кадрларды дайындауға белсенді кірісті. Осы мақсатта барлық оқу орындарына мұғалімдер қатарына тек алаштың ұлтшыл адамдары алынды. Тіпті арнайы контрреволюциялық мұғалімдер курстары ашылып, онда ұлтшылдық саясатты мектептерде қалай жүргізу үйретілді. Сонымен қатар ел арасында антикеңестік үгіт пен насихат жүргізіліп, Кеңес өкіметі әшкереленді, бандылар көтерілістері ұйымдастырылды. Кеңестік және кооперативтік аппараттар ұлтшыл элементтермен қамтамасыз етілді. Қоғамдық дүние-мүлік, мал таран-таражға түсті, ұрланды, қазақ елінің азық қоры ойсыратылды. Халық арасында наразылық тудыру үшін Кеңес үкіметінің саяси-шарушылық жұмыстары жергілікті жерде қасақана бұрмаланды. Сөйтіп, ел ашаршылыққа ұшырады. Байларды аман сақтап қалу үшін және мал шаруашылығын әлсірету мақсатында көрші республикаға, шет мемлекеттерге көшірілді. Соның салдарынан байлар, оолардың шаруашылығы жойылу орнына барлығы да аман қалды. Ел арасына контрреволюциялық үгіт жүргізуге мешіт пен молдаларды мол пайдаландық.
*Сұрақ:* Бұл ұйымның Қазақстандағы бандылар көтерілістеріне қандай қатысы бар?
*Жауап:* Осы контрреволюциялық ұйымның арқасында, барлық ұлтшылдар бірігіп Қазақстанның экономикалық және саяси билігін өз қолдарына алып алды. Соның нәтижесінде Кеңес өкіметіне қарсы күрделі жұмыстар жүргізілді. Мысалы: 1930—1932 жылдыры ұжымдастыру және мемлекет жоспарымен ет дайындау кезінде барлық жұмыс асыра сілтеумен жүргізілді. Осы жағдайды пайдаланып жеке малдар жаппай сойылды, мал саны республикада бірнеше есе кеміді.
*Сұрақ:* Ұйымның бұл іс әрекеттері сізге қандай жағдайда белгілі болды?
*Жауап:* Контрреволюциялық ұлтшыл ұйым құрылған соң (1918 күзде) көп ұзамай Рысқұлов, Қожанов, Асфендияров, Төреқұлов және басқаларының қатысуымен Ташкент қаласындағы «Бірлік туы» редакциясында екі рет жиналыс өтті. Біріншісінде Қожанов Ақтөбе қаласында өткен алашордалықтардың съезі туралы баяндама жасады. Екіншісінде өз алдына Қоқан өкіметін құру жөнінде мәселе қаралды. Бұл турасында 1918 жылдың бас кезінде Асфендияровтың үйінде Рысқұлов, Шоқаев, Тынышпаев, Қожановтардың қатысуымен алдын ала қабылданған шешім бар екен. Қоқан өкіметінің құрамына 64 адам кіретін болды. Бұған Тынышпаев, Шоқаев, Қожықовтармен бірге өзбектер де кірген. Бұл үкіметтің президенті болып Шоқаев болмаса Тынышпаев

тағайындалатын болып келісілген. Сонымен қатар Ташкент қаласында педагогикалық Кеңес ұйымдастыру мәселесі қаралды. Кейіннен мұндай Кеңес құрылды. Оның құрамына Қожанов, Асфендияров және басқалары кірді. Осы Кеңестің ұйғаруы мен Ташкент қаласында ұлтшылдық-педагогикалық курс ашылатын болды. Соған байланысты бірсыпыра қызметкерлер оқушылар іздестіріп аудандарды аралап кетті. Мен де осындай тапсырмамен Қызылорда және Мирзоян аудандарына барып, ұлтшылдар мен байлардан екі вагон адам жинап Ташкент қаласына жеткіздім. Олардың барлығы педагогикалық курске қабылданды.

*Сұрақ:* Бұл педагогикалық курсте оқу жұмысы қалай жүргізіледі?

*Жауап:* Педагогикалық курстың мұғалімдері ылғи ұлтшыл-алашордалықтардан құралған болатын. Оның ішінде Қожанов, Төреқұлов, Қожықов, Асфендияров және мен бар болатынмын. Кейін мен Алматыға кеттім.

Жауап берген: Құлтасов Фазылбек»

Осы жауап бойынша тергеуші 1937 жылы 1 карашада айыптау қорытындысын құрастырған. Ондағы Құлтасовқа тағылған айып алты баптан тұрады.

«АЙЫПТАУ ҚОРЫТЫНДЫ (ҮЗІНДІ)»

Құлтасов Фазылбек 1890 жылы Сұлутөбе қыстағында туған, қазақ, сауатты, партия қатарында жоқ,— айыпталады:

а) 1918 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың тартуымен оның басқарымындағы контрреволюциялық ұлтшыл-буржуазиялық ұйымының жұмысына қатысқан;

б) 1918 жылдың күзінде ол Асфендияровтың үйінде өткен бірнеше контрреволюциялық жиналыстарға Рысқұлов, Қожанов және басқалармен бірге қатыстан. Бұл жиналыстарда Қазақстанды РСФСР-дан бөліп алып, өз алдына ұлтшыл-буржуазиялық мемлекет құруды мақсат еткен;

в) 1935—1936 жылдары осы ұйымның тапсырмасымен сыбайласы Максимовпен бірге (ұлтшыл ұйымда неғып жүрген кісі екені белгісіз. Автор) обл. тұтынушылар одағы системасында аң терісін дайындау кезінде және тапшы заттарды жоспарлау жұмыстарында қасақана олқылық жасау арқылы колхозшылар арасында наразылық тудырған;

г) Тұрар Рысқұловтың тапсырмасымен Өзбекстанға ұлтшылдармен байланысып, олардың тізімін алған;

д) 1932 жылы Созақ көтерілісіне қатысқан».

«Бұл тағылған айыптарды Құлтасов Фазылбек толық мойнына алды»— деп соңына жазылған. Айыптау қорытындысын бекіткен белгілі Кальнинг. Ол айыптау қорытындысын бір күннің ішінде, яғни 1937 жылы 1 қарашада бекітіп және Үштіктің мәжілісінде қарап, Құлтасов Фазылбекті ату жазасына кесіп үлгірген. Сөйтіп ол НКВД-нің қолынан заңсыз қаза тапты.

1950 жылы 30 желтоқсанда Құлтасов Фазылбек Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қаулысымен толық ақталды.

*Әмірхан БӘКІРОВ.*
облыстық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкері.
(Облыстық «*Сыр бойы*» газеті, 1995 жылғы 20 желтоқсан).

## ӘЛШЕКЕЙ КҮЙШІ ТУҒАН ЖЕРІНЕН НЕГЕ ҚАШТЫ?

**Сыр бойындағы ең жарқын тұлғалардың бірі, Жаңақорған территориясында 1847 жылы дүниеге келген Әлшекей Бектібайұлы бірнеше ондаған әсерлі күйлерімен туған жұртына ғана емес, алыс-жақын алаш азаматтарына да жақсы танымал болған. Мәселен, оның «Ақжелең», «Бұқтым-бұқтым», «Ақтабан шұбырынды», «Желдірме», «Наридірген», «Наркескен», тағы сондай күйлері кімнің де болса құлақ құрышын қандырары анық.**

**1929—1932 жылдардағы бай-құлақтарды тәркілеп, жер аудару зобалаңы кезінде Әлшекей күйші бұл тәріздес қылмысты қиянатқа шыдамастық білдіреді. Оның өзі де сол қара тізімге ілініп еді. Мал-мүлкін зобалаң иелеріне өткізеді де, өзі туған жерінен үдере көшеді...**

Осынау саяси-әлеуметтік аласапыран Әлшекей күйшіге де оңай тимейді. Мал-мүлік тәркіленіп, басы қара тізімге ілінген соң, амал жоқ, 1929 жылдың қоңыр күзінде Өзбекстанға қарай көшіп шығады. Үркердей шұпірлеп үрпиген көш Қызылдың құмын кесіп өтетін жамбас жолға түседі. Жолшыбай сыңси уылжыған жиделі тоғайға, бар ғұмырын өткерген ата мекеніне, шымырлап ағып жатқан Сырдың бұйра толқынына іштей қош-қошын айтып, соңғы рет қамыға көз

салады. Сол жерде жан-дүниесі жаңғырығып, көкірегіне мұңды сарын кептелгендей болады. Бұл сарын кейін «Толқын» атты күй болып домбыраға түседі. «Толқын» күйі өзінің күрделі бітім-құрылысымен де, саз-сарынының тың ойлы қалпымен де Әлшекей күйлерінің ішіндегі күрделісі. Күйдің жүгін қос ішек бірдей көтере сұңқылдап, тыңдаушы сезімін мұңға батырады.

Туған жермен «Толқын» күйі арқылы таусыла қоштасқан Әлшекейге, десе дегендей, ата жұртын қайтып көруді тағдыр жазбаған. Алғашқыда тіршілік қамы үшін Өзбекстанның Жызақ, Самарқанд жағында кіре тартып күнелтеді. Бірақ, «бай-құлақтың тұқымы» деген қауесет бұл жерде де түрткілеп тыныштық бермейді. Содан, ізі суыту үшін тағы да жылыстай көшіп, Ауғанстан асып кетуді ниет етеді. Жолай Бадының желіне ұрынып Жұмабек пен Әлеухан деген балалары қайтыс болады. Мұнан әрі Тәжікстанның Шәрбәт ауданына қарасты Яуан (Жауан) қыстағына келіп тізгін тартады. Бұлжерге жеткенде жол азабына шыдамай Әуелхан мен Мүсадан туған екі немересі қатар шетінейді. Әлшекей жақсы көретін қос немересінің басын қимай, сол Яуан қыстағына тұрақтап қалады. Бұл кезде жасы сексеннен асып, үйде отырып қалған.Ересектер түз жұмысымен жүргенде, Әлшекей үйде отырып Данабек бастаған немерелеріне қоңыр домбырасымен күй үйретеді. Соны көңілге медет етеді. Күндердің күнінде ұрпағы елге оралар күн туса, өмір жолының шежіресіндей көкірегін жарып шыққан күйлерді туған жердің төсінде шалқи естілер деп үміттенеді. Сол үмітті серік еткен Әлшекей көкірегіне шер байланып, көңіліне сағыныш ұялаған қалпында 1932 жылы фәни жалғанымен қош айтысады. Күйшінің сүйегі Яуан қыстағының шетіндегі қорымға, қос немересінің қасына жерленеді.

Әлшекей күйлерінің бүгінгі күнге жетуіне алдын көрген шәкірттері Ақбаланың, Сүгірдің, Жаппастың ықпалы айрықша болады. Алайда, бұл күйшілер Әлшекейдің атын атап, түсін түстеп күйлерін таратуға өле-өлгенше жасқанып өтті. Жетпісінші жылдарға дейін жыландай ысқырған саяси-идеологиялық тыйымның салқыны Әлшекей сияқты күйшілердің атын атап, күйін шертуге дес бермеді. Ақбала, Сүгір, Жаппас сияқты шәкірттері іштей бұлығып, оңаша күй тартып өтті. Асыл өнерді жұрт алдына шығарса, оның өзін «халық күйі» еді деп аңыз-шежіресін өзгертіп айтып тартуға мәжбүр болды. Міне, Әлшекейдің ұлы көкірегін жарып шыққан асыл өнер осындай нәубетке тап болды.

Әлшекейдің көптеген күйлері өзінің бел балалары Данабек пен Қарабала арқылы жеткен. Данабек 1969 жылы 76 жасында, Қарабала 1954 жылы 82 жасында дүние салды. Бұл екі кісі әке мұрасына еркін сусындап өскен дәулескер домбырашылар болған.

*Ақселеу СЕЙДІМБЕК.*
(*«Егемен Қазақстан»* газеті, 1997 жылғы 21 мамыр).

## БІР ТҮНДЕ ТӨРТ АЗАМАТ ҰСТАЛЫП КЕТІП ЕДІ.

... 1931 жыл. Қазіргі Карл Маркс атындағы совхоздың батысындағы теңізге сұғынынңқырап жатқан Шәудіркөл ауылы. Ондықтардың ірілендіріп серіктікке айналғалы тұрған шағы. Өздігінен сауаттанған Түлымшақ Құлмырзаев сияқты кедейден шыққан атқамінерлер «теңдік туды» деп Кеңес өкіметінің айтқанын екі етпей жүрді. Коллективтендіру кедейдің маңдайын ашады дегесін бұған да бел шеше кірісті. Жарлы-жақыбайға бір-жар тапасын ғана қалдырып, орташа мен байлардың мал-мүлкін ортаға салды.

Бірақ қазаққа тәңірдің сақтағаны әлі де бар екен. Сол кезде № 25 ауылдың тұтынушылар қоғамының бастығы Түлымшақ жұмыстан кештеу келіп үйықтап қалған. «ОГПУ адамдары түнде ұстап кетеді екен» деген әңгіме бұл ауылға да естілетін. Төкеңнің зайыбы Нобира жақында есіткен осы жайды ойлай-ойлай үйқыға кеткен. Таң алдына есікті сындырып жіберердей ұрған дауыстан оянды. Түлымшақты ауылға келіп жүретін Мотенов деген милиция «тез киіннің» астына алып, айдап әкетті. Ер азаматын ол соңғы көруі, Сонда Төкең небәрі 35 жаста еді.

Ертеңіне жұрт Мәтеновтің Түлымшақпен қоса Рахмет Рысқұлов, Балымбет Домбаев, Әли Жасақбаев, Бүркаш Бұқарбаев сияқты көзі ашық азаматтарды да бірге ұстап кеткенін білді.

— Ол кезде ағам Әзиз, мен төрт жаста едім,— дейді Түлымшақтан қалған жалғыз ұрпақ, Карл Маркс атындағы совхозда тұрушы, алпыстың төртеуіндегі Раушан.— Жылап отырған шешемнің екі жағынан екеуміз жармасып әкемді сұрадық.

—Әкеңді Мәтенов деген жаман милитса алып кетті. Бірақ, сендер жаман деген сөзді айтпаңдар,— деп сыбырлады. Сөйтті де Әзиз екеумізді бауырына басып, ұзақ жылады.

«Кебенек киген келеді» деген. Алайда жарық дүниеде мың өліп, мың тіріліп келе жатқан қазақ халқы жазықсыз жазалау жылдарында бұл нақылдан да күдер үзе бастады.

Тумысынан қайратты Нөбира анамыз күйеуін іздеусіз қалдырмады. Талай түн кірпік ілмей, іші қан жылап жүрсе де сыртқа білдірген жоқ. Қаһарынан жылаған бала қоятын НКВД-ның аудандағы түрмесіне талай келді.

«Бұдан кейін оларды Қызылорда қаласындағы түрмеге конвоймен алып кетті» дейтін шешем, деп әңгімесін жалғастырды Раушан.— Шешем байғұс әкемнің артынан Қызылордаға да барды. Бірақ, әкемді көрмек түгілі

түрменің маңына жолай алмағанын айтып отыратын.

«Адам пешенесіне не жазылса соны көреді» демейді ме. Нәбираның мандайына жазылғанды адамның басына бермесін, деп тілейсің. Отыз бес жасында құдай қосқан қосағынан тірілей айрылып, алты жасар Әзиздің тілеуін тілеп қалғанды. Тұлымшақтың отын сөндірмеймін деп жалғызын адам өтті. Сөйткен тұлпардың тұяғынан қалай көз жазғанына өмір бойы өкінумен өтті. Жылай-жылай екі көзден нұр тайып, қартайғанда «соқыр кемпір» атанды. Баласының жәйін білмейді емес, бәрі де көз алдында. Әкесінің әділеттілік үшін жазаланғанынан бейхабар Әзиз комсомолға өту үшін жасын артық жаздырды. Әкесі сияқты екпінді болды. Сөйтіп 1942 жылы 17 жасында соғысқа аттанды. Арада көп өтпей-ақ хат тиылды. Артынан «ұрыс даласында хабарсыз кетті» деген тілдей қағаз да жетті. Бұл жәй кемпірді отырғызып тастады.

Нәбира да сауатты азаматтарды жағалап жүріп, күйеуін іздеп арыз жазды. Алғашқы жауап Қызылорда облыстық прокурорының орынбасары Ыбыраевтан 1957 жылдың 26-шы қарашасында келді.

«Қазалы ауданының «Октябрь» колхозында тұрушы Құлмырзаева Нәбираға. Сіздің еріңіз Құлмырзаев Тұлымшақ жайлы қозғалған іс облыстық прокурордың протесімен қызылорда облыстық сотының Президиумында 1957 жылғы 2 шілдеде қаралды. 1932 жылы Құлмырзаев Тұлымшақ жайлы қозғалған іс қысқартылып, оны қылмысқа тарту негізсіз деп табылды» делінген.

Бұдан соң осы мазмұндас жауап облыстық соттың төрағасы Елшібаевтан да келді. Онда Қазақстан ОГПУ-ы әскери соттың коллегиясының Құлмырзаев Тұлымшақ жөнінде 1932 жылғы 28-ші наурызда қабылдаған қаулысы тоқтатылып, іс өндірістен қысқартылғаны хабарланыпты.

Қандай нәубет десеңізші. Тұлымшақ Құлмырзаев 26 жыл бойына «халық жауы» атанып, жоқ болды. Әкесі баласын көре алмай бір қиырда, баласы көкесін көруді армандаумен екінші қиырда опат болды.

*Жүргенбай ӨМІРБАЕВ,*
журналист.
Қазалы ауданы.
Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1992 жылғы 9 қаңтар.

## ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ

Мемлекет билігі — күштеу құралы екендігі әлімсақтан бергі қағида. Ресейде патшалық монархия биліктен тайдырылған саяси күрес аренасына шыққан көптеген партиялар мен қозғалыстардың арасында осы қағиданы берік ұстанған және шебер пайдалана білген большевиктер партиясы елде кеңес үкіметін орнатты. Таптық және идеологиялық негізде құрылған жаңа үкіметтің қуаты күштілеу болды. «Халық игілігі үшін, Отан үшін» деген ұрандардың тасасында зорлық пен зомбылық, қайғы мен қасірет тұрды. Қазақстандағы партиялық басшылық 1930 жылы Алашорда қозғалысының 35 өкіліне, 1932 жылы М. Тынышбаев, Халел және Жанша Досмұхамедовтер бастаған екінші топқа осы тәсілді қолданып, үкім кескенде өзінің саяси қарсыластарын ықтырумен бірге кеңес үкіметінде большевиктер саясатынан тыс пікірдің өзіне орын жоқ екендігін дәлелдеу еді. Дөкір күш оны дәлелдеді де.

Әкімшіл-әміршіл жүйе деп аталатын ол күш кінәні өзінен емес, өзгеден, қарсыласынан іздеуге бейім болғандықтан, тап күресінің шиеленісуі «ішкі, сыртқы жау» деген бітіспес идеологиялық майданға жол ашты. Кәмпеске кезеңіндегі кемшіліктер, соңы аштыққа ұрындырған ұжымдастырудағы қиғаштықтар арасында күйзелген елдің сырт жерлерге ауа көшуі мемлекеттік биліктің басында отырғандарды қатты састырды. Олар осы жолы да әбден сыналған тәсілге қол созды. Ол тәсіл — өз күнәсін өзгеге арту еді.

Республикағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма бұл істі кең ауқымда жүргізді, өйткені мақсат соны талап етті. Алматыдағы ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивіндегі 04693 санды істе осы мәселе бойынша жинақталған істердің толық тізімі келтірілген. «Тоғжанов пен Есқараев басқарған мәскеулік қазақ студенттерінің контрреволюциялық тобы», «Иса Тоқтыбаев басқарған ленинградтық қазақ студенттерінің контрреволюциялық тобы», «Қармақшы, Қаракеткен жеріндегі бүлік», «Мұстамбаевтың Түркі Халық Республикасы», «Оқу ісінің меңгерушісі Исин басқарған Қызылорда қаласындағы Казинпрос студенттерінің контрреволюциялық тобы», осылай созыла беретін істердің жалпы саны оннан астам. Осы істер бойынша 500-ден астам адам қамауға алынды. ОГПУ-дың тіміскі қолы Қазақстанмен шектелмей Мәскеу, Ленинград қалаларындағы зиялыларды да қармағандығын осы тізбенің өзінен аңғарамыз.

ОГПУ-дың 3-бөлімінің бастығы Н. Л. Нейман дайындап, тергеу қорытындысында бұл ұйымдарға «Бірыңғай жасырын орталық басқарған біртұтас контрреволюциялық ұлтшылдық құрылымдар» деген айдар тағылады. Осы ұлтшылдық орталықтың басшылары ретінде Тоқтыбаев Исаның, Аралбаев Бегайдардың, Баймұхамедов Қожахметтің және Нығматтілаев Ғибаттың ісін жеке жүргізуді ұсынады. Өте жоғары кәсіптік шеберлікпен дайындалған тергеу қорытындысында осы «орталық-

тың» қызметіне жан-жақты баға беріліп, практикалық жұмыстарына талдау жасалыпты. «Орталықтың» басшысы ретінде аталғандар кімдер деген сауалға жауап берейік.

Баймұхамедов Қожахмет 1933 жылдың 9 мамырында тұтқындалған. Қарақалпақ облысының Төрткүл қаласындағы педтехникумның мұғалімі болып қызмет істеген, тергеу материалдарында оны кеңес үкіметін жаулықпен қарсы алған хан тұқымы ретінде сипаттайды.

Ал, Нығматіллаев Ғибат Бұқарада медресе бітірген молда, Ақтөбе облысынан осы жылдың 2-маусымында тұтқынға алынған. Алашорданың Батыс бөлімшесінің мүшесі, жалпықазақтық І Алашорда Съезіне делегат болып қатысқан.

Ленинград әскери-саяси академиясының мұғалімі Иса Тоқтыбаев 23-тамызда Ленинград қаласында тұтқынға алынды. Тергеушілер бұрынғы белсенді алашордашыл деп айғақтаған Исаның Ташкент, Қызылорда қалаларындағы ағартушылық, журналистік қызметі көпшілікке кеңінен танымал.

Осы орталық басшыларының бірі Бегайдар Аралбаевқа бұрынғы болыстың, жартылай феодалдың баласы деп баға береді. Ол кеңес үкіметі тұсында бірқатар жауапты қызметтерде болды. Сырдария облыстың атқару комистінің хатшысы, осы комитеттің төрағасы, ішкі істер Халық Комиссары, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің хатшысы, тұтқынға алынған кезде мемлекеттік банктің Ақтөбе облыстық мекемесінің басқарушысы, 1919 жылдан ВКП(б) мүшесі. Ақтөбе қаласынан 3-қараша 1933 жылы тұтқынға алынды.

Бұл азаматтар партияның солақай саясатынан орын алған кемшіліктер үшін жауапқа тартылады. ОГПУ мамандары дайындаған жоғарыдағы құжатпен танысқанымызда Қазақстандағы аштық пен ауа көшуді, халықтың бас көтеруін тікелей ұйымдастырған осы «орталық» болып шыққан.

Жоғарыдағы құжатта бұл ұлтшылдық орталықтың алдына қойған мақсаты: а) рулық құрылымды сақтап, байларды кәмпескелеуден қорғау;

ә) ұжымдастыруға кедергі жасау;

б) ауа көшуді ұйымдастыру;

в) елде жасанды азық-түлік тапшылығымен аштық жасау;

г) бандылардың бас көтеруін ұйымдастыру;

ғ) жастарды ұлтшыл алашордашылардың рухында тәрбиелеу болып тұжырымдалады. Ұйымның ықпалы мен қызметі Қазақстанның 3 облысын қамтыды.

Тергеу қорытындысында «ұлтшылдық» орталық өзінің саяси тұғырнамасы етіп Алашорда партиясының бағытын ұстағандығы айтылған. Аты аталғандардың арасында Нығматіллаев пен Тоқтыбаев осы партияға мүше болған, Нығматіллаев Алашорданың Батыс Қазақстан бөлігінің құрамында қызмет етсе, Тоқтыбаев Ақмешіт төңірегінен шыққан М. Шоқай, С. Лапиндердің ықпалымен Алаштың Оңтүстік қанатында қызметке араласты. М. Шоқай басқарған Қоқан автономиясының күштеп таратылуымен Алаштың оңтүстік қанаты өмір сүруін тоқтатты.

Оның көптеген мүшелері сияқты И. Тоқтыбаев та большевиктер жағына шығып, жаңа үкіметтің қызметіне белсене араласты. Аз ғана уақыт Алаш партиясына мүше болуының өзі-ақ оның кеңес дәуіріндегі белсенді еңбегін қаралауға жетіп жатты. Журналистік қарымы, терең теориялық дайындығы Исаның осы «орталықтың саяси серкесі» деп айыпталуына негіз болды. Оның үстіне Әскери саяси академиядағы қызметі ақгвардияшыл офицерлермен байланыс орнатуға «қолайлы жағдай» еді.

Нейман бастаған тергеушілер тобына «істің» салмағын арттыру үшін бұлардан да кең ауқымдағы қайраткер керек еді. Сонда ғана іс саяси сипат алып, жоғарыдағылардың көңілінен шығатын. 1933 жылдың 18 қазанында Бас прокурордың өзі Б. Аралбаевты тұтқынға алу жөніндегі қаулыға қол қойды. Қаулы мазмұны төмендегідей:

«Заключить под стражу при ПП ОГПУ, зачислив его за Восточной Группой (дело 4727)». Аралбаев бұл кезде Мәскеуде қызметтік іссапарда болатын. Тыңшысы ізін бағып жүрді. 3 қарашада тұтқындалып, 7 қазанда тергеуші алғаш рет жауап алғанында оның Мәскеуде С. Қожановпен және басқа да қазақстандық зиялылармен кездескендігі алға тартылады. Тергеушіні қызықтырған сұрақ «Не мәселе талқыладыңдар? Қандай тапсырма алдың?» болыпты. Бегайдар әрі қарай күнде, күн ара тергеуге шақырылды. Олардың кейбірі тым ұзаққа созылыпты. Штейн мен Нейман екеуі бірлесіп 3-желтоқсан күні тоғыз сағат тергеу жүргізген.

Тергеу барысында айыптау бірнеше бағытта өрбіген. Соның негіздерінің бірі — «ұлтшылдық» орталықтың басшысы ретінде Бегайдардың кімдермен байланыс жасағандығы және олардың осы орталыққа қандай ықпалы болғандығы. Тергеуші С. Қожанов, С. Есқараев, Қ. Сармолдаев, К. Күлетовтердің осы ұйымның мүшесі екендігін мойындатуға тырысады. Бегайдар олармен жолдас ретінде араласып тұратындығын растағанымен, ұйымға қатыстылығын жоққа шығарады.

Айыптау қорытындысында мардымды ілік табылмағандықтан тергеушілер Республика бас прокурорынан тергеу мерзімін 1934 жылдың ақпанына дейін ұзартуды талап етеді. Осы екі ай мерзімде олар Голощекиннің Өлкелік партия комитетінің өрескел қателіктерін Орта Азиядағы қайдағы бір ұлтшылдық орталыққа аударған саяси даңғазасын дәлелдеуі керек болды. Голощекин 1931 жылдың желтоқсанында Сталинге «Кейбір құжаттар арқылы Орта Азия, Түркменстандағы басмашылармен байланысты және Қазақстаннан ауа көшуді ұйымдастыратын арнайы ұйымдардың бар екендігі анықталып отыр» деп хат жазды.

Бұл тұжырымның дәлелденіп, кінәлілердің жазалануы Өлкелік партия комитетіне саяси ұпай берумен бірге, партияның ұйымдастыру саясатының дұрыстығын айғақтау керек еді. «Ұстанған бағыт өте дұрыс еді, көрдіңдер ме ұлтшылдардың аяқтан шалғанын?» деген тұжырым партия жетекшілеріне өздерін ақтау үшін де қажет болды.

Соңғы екі айдағы күшейтілген тергеудің нәтижесі күткендегідей болды да шықты. Орталықтың басшыларының бәрі де өз кінәларын «толық мойындады». 1934 жылдың 10 наурызында ОГПУ бастығы Каруцкий бекіткен айыптау қорытындысы бойынша 29 наурыздағы Одақтық ОГПУ коллегиясының қаулысымен олар 10 жыл мерзімге бас еркінен айыруға жазаланды.
1933—34 жылдардағы ұлтшылдарға қарсы күрес науқанында үлкен дайындықтан өткен сталиндік жазалау машинасы ақаусыз жұмыс істеді. Олардың қатарынан адамдарға қылмыскер деп қана қарайтын жүздеген-мыңдаған Нейман, Штейн сияқты сезімнен жұрдай мәңгүрт орындаушылар өсіп шықты.
Жоғарыда аталған төртеудің бірі, биылғы жылы туғанына 100 жыл толатын Бегайдар Жантөреұлы Аралбаев туралы айтылар сөз әлі алда.

*Әзіретәлі Маханұлы,*
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Жаңақорған ауданы.
*«Сыр бойы»* газеті, 1996 жылғы 6 шілде.

## ОТЫЗ ТӨРТТІ СОТТАТҚАН ӨРТ ОҚИҒАСЫ

«Ленин жолы» газетінің биылғы 28 шілдедегі санында жарияланған жазықсыз жазаланғандардың ақталғаны жөніндегі тізімді оқыған жалағаштықтардың таныс өсімдерді көріп, таң қалулары да тосын жағдай емес. Өйткені елуден астам адамның отыз төрті Қармақшы ауданына қарасты «Қызыл кедей» колхозынан екен. Бұл «Қызыл кедейдің» қазіргі ізі — Жалағаш қыстағы мен Калинин атындағы совхозда тізімдегілердің балалры, немерелері, шөберелері, ағайын-туысы, жекжаты осы ауылдарда тұрады.
Газеттің осы саны қолымызға тиісімен көзі тірі қария, тізімнің бас жағына жазылған Әби Жаппасбаев ақсақалға жеткенше асықтық. «Қызыл кедей» аталған бір ауылдың осыншама атпал азаматтарының сонау 1933-тің 9 маусымында жазықсыз жазаланғанының сырына қаныққанша асыққанымыз рас. Әрине, қызық көргендік емес еді. Соншама жанның кіріптар болуында бір «құпия» бар-ау. Қазіргі ұрпақ оның бірін білсе, бірін білмейді. Атам ақталды деп қуанған немере не үшін сотталғанын да білуге тиіс қой. Сондықтан көзі тірі куәгердің жүрек жарды сөзін жұртшылыққа жеткізу мақсаты ойымызда болды.
Газетте жарияланған материал туралы хабарды Әбекең үнсіз тыңдады.
— Көрдім, оқыдым. Сандыққа салып тастадым,— деді ол. Сонау жылғы жабылған жала, көрген бейнет, зорлық, былапыт сөздер, аяушылығы жоқ ОГПУ қызметкерлері — бәрі -бәрін біржола келмеске жібергендей бір істі тындырып отырған сыңай танытты.
Кешеден бері сол бір оқиға көз алдыма қайта-қайта елес береді. Аяулы ағасы Асқар көңіл түкпірінде қайта тірілгендей. Анау Топанның Әбілдасы, Жүсіптің Әбені, Махат, Ермахан, Қойшығұл... бәрі-бәрінің сол бір түнгі бет-бейнелері әлі көз алдында. Жазықсыз жапа шеккен азаматтар-ай десейші!
Әбекең әңгімесін әріден бастады.
Сыр бойының тұрғындары серіктігіне бірігіп, коллективтендіру дәуірін де өзгелер сияқты қарсы алды. Дарияның сол жағындағы «Сасық көл» мен «Қараойға» дейін қоныс тепкен ел 1929 жылы серіктікке үйымдасты. Сол маңай келер жылы, яғни 1930 жылы коллективтік шаруашылыққа бірігіп, оны «Қызыл кедей» атады. Асқар Жаппасбаев сонда бастық болатын. Әкімшілік жағынан Қармақшы ауданына қарайтын «Қызыл кедей» сол кезде осы төңіректегі үлкен шаруашылық еді. Артель мүшелері әртүрлі кәсіппен тіршілік етті: егін екті, қамыс орды, балық аулады.
Сол кезде «Таң» колхозы шамасынша дамыған үлгілі шаруашылық еді. Соған жетеміз деп ұмтылған жігіттер кесек құйып, ат шаптырым қойма салуға кіріседі. Үлкен қойма екі жылда бітеді. Материалдарының бәрі жергілікті жердікі. Төбеге салған әрліктер Қайқының талынан кесіп алынды. (Наршаның ағашы деп те атайтын). Сасықкөлдің ну қамысымен жауып, сабанмен бастырған, үлкен қойма құрылысы ауыл ажарын келтіріп тұрған үлкен-ақ үй еді. Былайынша қойма аталғанымен оның бір жағында мемлекетке өткізілген болашақ аудан колхоздарына қажетті тұқым сақталады. Екінші бір бөлмесінде «Қызыл кедейдің» жиған-тергені, Қаракеткен МТС-і қашық болған соң 4 ХТЗ-да осында жөнделіп жатқан. Оның ол-пұл артық бөлшегі, май-суы дегендей, темір-терсегі сақталатын. Шеткі бөлмесінде дүкен де бар болатын. Колхоздың көктемде соқаға жегер күш-көлігі, оншақты ат та осында бағылып тұрған. Қысқасы бір ауылдың машина-трактор ауласындай десе де болады.
Әбекеңнің үйі коймадан 4—5 шақырымдай жердегі «Қараойда» болатын. Шымкенттен арнаулы курсты оқып, осында насихатшылық жұмысқа ауысқанына да бір жетідей болатын.
Сол бір ауылға қасірет әкелген түн әлі есімде. Отыз үштің 28 қаңтары еді. Қатты келген ат дүбірінен оянса, қойма күзетшісі Қадірбай екен. Сөзі қысқа — Асқар жіберді. Қойма өртеніп жатыр. Сонда жет деген.
Апыл-ғұпыл киінген Әбекең ағасына келсе төсекте отырған күйі: «бұл қалай болды. Бұл қалай

болды?»— деп өз-өзінен күбірлейді. Есіктен кірген Әбиді көрген бойда:

— Тез қоймаға жет. Жұрт пендешілік жасап, тұқым астықты алушы болмасын. Абай бол,— деп шығарып салды.

Содан таң ата қоймаға жетті. Жалын атқан ыстық леп бет қаратар емес. Айналадағы ауыл түгелдей жиналған. Азаматтар қолдарына ілінген затымен отты сөндіру қамында жүр. Кейбірі қапталған тұқымдық астықты сыртқа шығаруда. Үйлеріне сүйреп бара жатқандары да бар. Абыр-сабырда кімнің не істеп жатқанын айыру да қиын. Байлаулы тұрған он ат сол күйі күлге айналыпты. Дүкен де, трактор да өрт құшағына оранған. Асқар да келді, күзетші мен қоймашыдан сұрап жатыр. Олар не айта қойсын. Қапы кеткенін, қалай кеткенін болжаудан басқа ой түйіндей алмайды. Жұртты үрейлендіріп-ақ тастаған өрт оқиғасы ауданға да жетті.

Күзетші Қадірбай айтады сол кездегі әңгімені:

— Түннің біраз уақытты болды-ау, бойым тоңазыды. Иығымдағы мылтығым да қырауланған, үйге кіріп бой жылытып, мылтықтың ұңғысын, шүріппесін тазаладым да, көп отырмай қайта шықтым. Келсем орындығым қозғалып қалыпты. Қараңғыда бір адамның сұлбасы қараң еткендей болды. Айқайладым. Содан қоймашы Бисенбайға бардым. Мемлекеттік қойманың күзетшісі Нұрышевке келдім, көргенімді айттым. Олар күзетшілерді бақылап жүрген «белсенділер» шығар деді де қойды. Менің бар білетінім осы деуден жазбапты.

Ал біздінше сырттан біреу келіп от қойып кетуі мүмкін емес сияқты. Осы қойманың күзетшісі Қадірбайға колхоз берген жалғыз сиыр да осында тұратын. Түнде шырпы шағып, сол сиырды көріп қоюы, сонда қу шішенге от түсіп, оның арты өртке айналуы да мүмкін ғой. Мұның бәрі жорамал.

Қаңтардың соңғы күні, яғни 31 жұлдызында Қармақшыдан ОГПУ-дің аудандық бастығы Көзденбаев келді. Қасында екі милициясы бар. Келе біртіндеп жауап алуға кірісті. Жұрт не десін, көргенін айтып жатыр. Кешке партия жиналысы болып, ертесіне жұрттың алдын Қармақшыға айдай бастады. «Қызыл кедей» үлкен колхоз. Мұнда кілең бай-кулак тығылған. Солар ұйымдастырып, қойманы өртеген деген шешімге келді. Ақпанның үшінші жұлдызында Асқар кетті. Ауылдық Советтің төрағасы Әбдірей Ешмұратов ол да кетті. Отыз бес үй азаматынан бір сотте-ақ айрылды. Солардың ішінде ауылға келгеніне бір жеті болған Әбекең де «жауапты адамдардың бірі» ретінде айыпкер орындығына отырды.

Мына қызықты қараңыз: Нұрашев Ахметтің туысы Айдар Тоқмамбетов деген азамат сол өрт болатын күннің азанында ғана ағасының үйіне қонаққа келген. Жалғыз аты қоймада өртеніп ол кетті. Өзі жазықсыз жазаланғандардың, сол кездегіше айтқанда «халық жауларының» қатарында жапа шекті.

Өртенген қоймадағы күріштің күйгенін колхозшыларға тамаққа берді. Ал күймегендерін қайтадан тұқым қорына жиып қойды. Өрт түнгі «жоғалған» қаптар да үй сайын тінтіліп, дені қайтарылды. Сонымен қылмыс істері кодексінің 58 статьясының 7, 8, 9 тармағымен айыпталғандар 3—10 жылы аралығында сотталды. Барлығы да бір ауылдың боздақтары еді. «Өрт құпиясы» ашылмаған күйі отыз бесі де «итжеккенше» айдалды. Кейбірі аштыққа шыдай алмай Ақмешіт түрмесінде дүниемен қоштасты, кейбіреулеріне туған жерінің бір уыс топырағы да бұйырмады.

— Отыз беске қандай айып тағылды дейсіз ғой. Басты себеп — астық қоймасының өртенуі. «Сотталғандар» сол өртті сөндіруге қатысқан колхоз мүлкінің жанашырлары. Әрқайсысына «күріш ұрладың» деген бір ауыз сөзбен үкім кесілген. Ал колхоз басшысынан бастап күзетшіге дейін жабылған жала «Өрт қоюды ұйымдастырдыңдар» делінген.

— Өрттен кейін «өртке» ұшырағандар отыз бес еді. Мына тізімде ауыл Советтің төрағасы Әбдірей Ешмұратов жоқ екен — дейді Әбекең айтуға жеңіл еске түсіруге сондай ауыр шақтарды көз алдынан өткізе отырып.

Шынында да ақты-қарасы айырылмай бүтін бір ауыл айдалып кеткенде де оларға обал болды-ау дейтін заң қызметкерлері болсайшы. Қылышынан қан тамған репрессия лаңы Сыр азаматтарын осылай тағдыр тәлкегіне айналдырып жіберген. Бір ауыз сөз айта алмай, ақырғы ақталу сөзін жоғарыға жеткізе алмай, сотталып кеткен боздақтардың бұл күнде — арада елу жеті жыл өткен соң ақталып, ар-ожданы, Отан алдында да, халық алдында да аппақ күйге түскенін жалғыз-ақ адам — Жаппасбаев Әби қарт көріп отыр. Солар үшін бір өзі қайта құру әкелген демократияға ризалық сезімде. Солар үшін мына жария заманға алғыс айтпақ. Олардың есімін ешкім де ұмытпақ емес. Өйткені олар жазықсыз жазаланып, репрессия құрбанына ұшырағандар. Солардың есімдерін туған-туыс , қазіргі ұрпақ қадір тұтып, қастерлейді. Өйткені ол есімдер жазықсыз есімдер.

Ал, Әби Жаппасбаев ақсақал болса сол бір заманнан талай әңгіме тиегін ағытуға әлі де ширақ. Екі жыл отырып келген соң тұрмыс тауқыметін қайта бастап, Сыр өңірін гүлдентуге күні кешеге дейін үлес қосқан қарттың «өрт» оқиғасына ілінген отыз төрт боздақтар жайлы бір-бір дастанға тон әңгіме айта алар еді.

*Т. Тәшенов.*

Жалағаш ауданы,

Облыстық *«Ленин жолы»* газеті,

1990 жылғы 29 тамыз.

## ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІН ТАРТҚАНДАР

**Шиелі аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ысмаилов Әзімхан ағаның көргені де, білгені де көп...**

Қай халықтың болса да тарихында мәңгі есте қаларлық оқиғалар болады. Әлемдегі халықтар ішінде сондай оқиғаларды басынан ең көп кешкен қазақ халқы десек ешкім артық дей алмайды. Осы орайда өткенімізді еске алу жаңа қаз тұрып келе жатқан ұлттық мемлекетімізге таптырмайтын сабақ екендігі даусыз. Республика Президенті көптеген азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын еске ала отырып, «1997 жыл жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялады ғой. Бұл өте орынды шара болды. Өйткені, халқымыздың тағдырына тап болған нәубет кезінде Қазақстан тұрғындарының қасіреті ересен болды. Оның үстіне 1937 жыл оқиғаларының зұлымдық сипаты қазір бұрынғыдан бетер айқынырақ сезілуде.

Қарап тұрсаңыз қазақтың бас көтерер адамының қуғын-сүргінге түспегені жоқ. Президент жарлығының саяси мәні бар, жұртшылық тарапынан сондықтан да қолдау тапты. Үкімет жарлықты жүзеге асыратын комиссия құрды, атқаратын шаралардың жоспары жасалды. Бұған саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер де атсалысты. Сол қоғамдық бірлестіктердің ішінде соғыс және еңбек ардагерлерінің республикалық кеңесі де бары бізді қуантты.

Мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде Президент жарлығын жүзеге асыруға байланысты ардагерлердің міндеттері туралы алқа жиынында арнайы мәселе қарауды ұсынғанымда, онымды ардагерлер қолдады. Ашығын айтсақ, қуғын-сүргіннің шет жағасын көрген біздер, ардагерлер. Президент жарлығын іске асырушылардың алғы сапында болғанымыз да сондықтан.

Жас кезімде Қос Қарақұм деген теміржол бекеті тұсында «Ащықұдық» деген колхоз болды. Осы колхозда Шермолда, Өтеп, Таймолда деген молдалар болды. Осы молдардың барлығы да 1937 жылы ұсталып қамауға алынды. Жазықсыз жандар еді. Мұндай зорлық ауданымыздың барлық ауылдарында болды. Енді солардың бірсыпырасын еске алайық. Байсын ауылының азаматы Күзембаев Палымша. Оның 1930—1933 жылдары қуғын-сүргінмен түрмеге түсіп, сол кездегі Қазатком төрағасы Ерназаров Елтайға өлеңмен жазған хатын Шиелі өңіріндегілердің білмейтіні кем де кем. Жайлыбаев Қалмағамбет (журналист Зәкім Жайлыбаевтың әкесі) аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып тұрғанында 1937 жылы «халық жауы» есебінде сотталған. Сол Қалмағанбеттің туысы Жайлыбаев Нұрмаш та 1937 жылы он жылға сотталып, Колымада болып келді. Тек Жөлектің өзінен бай, молда, «халық жауы» атанып 13 адам ұсталып, жер аударылған, атылған. Олардың оны қазақ, үшеуі орыс еді.

Бұрынғы Бәйгеқұм ауылдық кеңесінің азаматтары Әміров Құлман жауапты партия, кеңес жұмыстарында жүріп 1938 жылы «халық жауы» ретінде атылды. Арысбаев Уәли, Бекбаулиев Мәден, Таңсықбаев Бекмахан да жауапты қызметтерде болған азаматтар еді. Бұлар да атылып кетті. Еліміздің елеулі азаматының бірі жерлесіміз Шеген Қодаманов ақсақалды жақсы білеміз. Ол бірінші хатшы болып жұмыс істеген. 1938 жылы 25 наурызда ұсталып, қуғынға түсіп, 1955 жылы ғана ақталып шықты.

Нартай ауылынан Сәдуақас Мәмбеев, Айдарбек Сапаров, Ишанқұл Досымбаев, Дүйсебай Нысанбаев, басқа да басшы қызметтерде болған азаматтар қуғын-сүргіннің қилы көпірінен өткен.

Ағайынды Қоңыратбаевтарды алайық. Әлібек, Қалжан да сотталып кетті. Әуелбек ағамыз барлық өмірін ғылымға арнаған адам еді. Өмірінің соңғы жылдарына дейін Қызылордада болып, артына көп асыл мұра қалдырды. Әуекеңмен тұздәмдес бола жүріп естігенім: көп азаматтар жаламен, бірін-бірі көрсетумен — сұқ саусақтың ұшымен азапқа түскен.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы Заңына» сәйкес кімдер ақталуға тиіс еді. Саяси жағдайға байланысты өлім жазасына кесілгендер мен бас бостандығынан айырылғандар, елінен қуылғандар, жер аударылғандар, еркіндігін шектеу арқылы еңбек етуге мәжбүр етілгендер, «қылмыс жасады» деген жалған айып тағылғандар немесе саяси көзқарасы таптық, әлеуметтік, ұлттық, діни, тағы басқа жағдайлармен қуғындалғандар. СССР-дің жоғарғы мемлекеттік органдарының актілері негізінде Қазақстанға кезінде күштеп көшірілгендер ақталуға жатады.

Енді Қазақстанға күштеп көшірілгендерге тоқтайық. Бейбіт кезде бізге ту Қиыр Шығыстан корейлер күштеп көшірілді. Олар 20 мыңнан аса отбасы еді. Соның 7457 отбасы Қызылорда облысына, оның ішінде екі мыңға жуығы Шиелі ауданына орналастырылды. Бұдан басқа 1200-ден аса отбасы немістер, 1200 отбасы шешендер, 300 отбасы түріктер, гректер, балкарлар, кабардиндер, тағы басқа ұлт өкілдері қоныстандырылды. Елбасының қоғамымызды ынтымақтастыруға, тарихи шындықты қалпына келтіруге, саяси қудалау құрбандарын ұлықтауға, жалпы ұлтаралық татулықты сақтауға ұстаған бағытын үлкен адамгершілік, имандылық және қуғындалып, шейіт болғандардың рухын қастерлеу деп түсінуіміз керек. Біздің аудан ардагерлері тап осындай түсінікте екендігіне ешкім шек келтіре алмайды.

Елімізде күрделі реформа жүріп жатыр. Ол оңайға түсіп отырған жоқ. Нарық қыспағынан алып

шығудың ауқымды жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында аудандық комиссия құрылды. Негізгі жұмыс идеологиялық сипатта өрбитіні анық. Бұл барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың жұмысын жұртшылықпен тығыз байланыста жүргізуді талап етеді.

Ардагер әңгімесін ақшамдап
*«Сыр бойына»* ұсынған:
*Т. КӘРІМҚҰЛОВ.*
*«Сыр бойы»,* 1997 жылғы 1 шілде.

## ЕСМҰҚАН ТӘЖИЕВ және оның жендеті

Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының мәліметтерін жинастыру үстінде, біз сонау зұлмат жылдарында біреуден біреудің өш алуының ең оңай жолы — ОГПУ НКВД тыңшыларына барып титтей ғана сыбырлау болғанын, анау адамның өмірі бірден қиыла салғанын талай қарттардан естіп едік. Сондай бір жымысқының бірін облыстық газет бетінде облысқа белгілі ғалым-журналистің мадақтап жазғанын көріп, жағамызды ұстадық.

Еліміздің оңтүстік астанасынан бір сымбатты қарындас кабинетіме имене енді де, алдыма облыстық «Сыр бойы» газетінің 1997 жылғы 25 қыркүйектегі номерін тастай салды да, солқылдап жылап жіберді. Газетті жәйлап жайып, зер саламын. Онда менің «Көрден шығып қашса да, құтылмады» деп аталатын мақалам барын білдім де, қарындас сонан бір кемістік тапқандай сезініп, іштей абыржыдым. Бірақ ондағы деректер облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінен алынғанын, онда оншалықты қыз жүрегін жараларлық мәлімет жоғын білдім де, қыздың тынышталуын, көз жасын сүртіп, өзіне-өзі келуін күттім.

— Ағай, Сіздің мынау мақалаңыздағы атылған тоғыз адамның біреуі — Есмұқан Тәжиев менің туған атам еді. Соның баласы Қалмұрат — менің әкем әліге дейін әкесінің «халық жауы» ретінде ұсталып кеткенінен бері онан хабарсыз болып келді. Сіздің мынау мақалаңыз бойынша, атам тоғыз боздақтың біреуі ретінде атылған болып шығып отыр. Осындай деректі тауып, кітапқа әзірлеп жатқаныңызды біліп, әкем әдейі мені жіберді. Өзі әкесінің мұндай күйге тап болғанын білісімен, мұрт кете ауырып, ауруханаға түсті. Әкем керек десе әкесінің не үшін ұсталып кеткенін де білмей, әкесінен қас пен көздің арасында айырылып қалып, өмір бойы өксіп келе жатыр еді. Мені осы Қызылордаға сапар жасауға итермелеген мына бір Мәмиев Тәңірберген дегеннің «Кешеден жеткен бүгінге» атты мақаласы. Мұнда менің атамның өмірін қиған жендеттің мадақталуы — әкемнің де, менің де жүрегіме инеше қадалды,— деді де, астаналық қарындас әлгі мақаланың сол атышулы жендеттің аузынан айтылған сөздері басылған тұстарын сұқ саусағымен орағытып өтті.

Сол атышулы 1937 жылы шайхана ұстап, дүрсіген Балықбай Оразов деген азамат мықынынан бесатарын сірә бір тастап көрмеген Ералин дегенмен дос болады да, бір күні Қызылорда ауданының № 2 ауылында, сондағы «Қатыкөл» колхозы төрағасының орынбасары Есмұқан Тәжиевтен өш алу мақсатында әлгіге барып сыбырлай қояды. Балықбайдың айтуынша, Есмұқан үш серігімен бірге шайханаға мас болып келіп, өзіне өрескел сөздер айтыпты-мыс. Балықбай Оразов «мықынында үнемі бесатар асынып жүретін» Ералиннің ОГПУ тыңшысы екенін білмепті-міс, ол колхоздар советінің төрағасы көрінеді-міс. Міне сол бір сыбырлау Есмұқан Тәжиевтің өміріне балта болып шабылған, оның ұсталып кеткенін «Қатыкөл» колхозының жұртшылығы, сол боздақтың жанұясы білмеген күйі қала берген.

Осындай сыбырлақ жендеттердің қолшоқпары болған ОГПУ тыңшылары бас-аяғы бір жетіде 12 адамды тұтқындап, 1937 жылғы 20 қыркүйекте Қызылорда түрмесіне атып ұрған. Олар кімдер еді?

1. Қызылорда ауданының № 8 ауылында 1892 жылы туған, «Талдыарал» поселкасының тұрғыны Нұржан Мектепов 21 қыркүйекте тұтқынға алынып, РСФСР Қылмыс кодексінің 58 бабының 2 тармағымен қылмыстық жауапқа тартылды;
2. Қызылорда ауданының № 9 ауылында 1910 жылы туған, медицина техникумын бітірген, аудандық комсомол комитетінің хатшысы Калмаш Байғоновқа да сол баппен айып тағылды;
3. Қызылорда ауданының № 1 ауылында, «Еңбекші диқан» колхозында 1898 жылы туған, 1927 жылдан Ленин партиясының мүшесі, колхоз партия ұйымының хатшысы Сәтен Ершоқаеваға да тап сол баппен айып тағылды;
4. Қызылорда ауданы, «Колос» колхозында бухгалтер болып істейтін 47 жастағы жігіт ағасы Үйсімбай Досжановқа сол қанқұйлы баппен айып тағылды.
5. Қызылорда қаласының тұрғыны, облыстық «Ленин туы» газетінің редакторы, 1930 жылдан Ленин партиясының мүшесі Қайыпназар Қауынбаев тура 27 жасында ОГПУ құрығына ілігіп, әлгі қанды балақ баптың шырмауында кете барды.
6. Қызылорда ауданының № 4 ауылында 1907 жылы туған, 1930 жылдан Ленин партиясы-

ның мүшесі, Қызылорда аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Омар Тышқанбаевқа да сол атышулы бап қармақ болып ілікті.

7. Тартоғай жетіжылдық мектебінде мұғалім болып істейтін қырық жастағы Дәуренбек Ершоқаевтың неліктен 58 баппен тұтқындалуының сырын өзі білмей-ақ қойды.
8. Қызылорда ауданының № 10 ауылында 1899 жылы туған, осы ауданның № 2 ауылындағы «Қатыкөл» колхозы төрағасының орынбасары Есмұқан Тәжиевтің басына төнген бұлтты Оразов Балықбай атты жендет төндіргенін тек сол Балықбайдан басқа ешкім білген жоқ.
9. «Айдарлы» колхозының төрағасы Зұбайыр Байжанов неліктен мұндай құрыққа түскенін оның өзі де түсінбеді.
10. Негізінен Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданының № 1 ауылында 1901 жылы туған, Тартоғай поселкасында тұратын, 1927 жылдан Ленин партиясының мүшесі, «Қоғалы» колхозының есепшісі Ахмет Абдулов өзінің не үшін тұтқындалғанын білмеген күйі түрмеге қамалды.
11. «Қатыкөл» колхозының төрағасы Қалмахан Медетовтің нендей кінәсі барын колхозшылар білмеген күйі, ауыздарын бағып қала берді.
12. «Кеңес» колхозы төрағасының орынбасары болып істеген Жанзақ Мірахметовтің 58 баппен тұтқындалуына нендей жазығы болыпты?

Міне осы он екі азамат ОГПУ құрығына ілігіп, олар колхоз құрылысын құлату үшін әрекет етіп жүргендер, өкіметтің ауыл шаруашылығы жөніндегі саясатына қарсы шығушылар болып шыға келді. Оңтүстік Қазақстан НКВД Басқармасы жанындағы үштіктің 1937 жылғы 20 қазандағы қаулысымен:

— Мектепов Нұржан, Байғонов Калмаш, Ершоқаева Сәтен, Досжанов Үсембай, Қауынбаев Қайыпназар, Тышқанбаев Омар, Ершоқаев Дәуренбек, Тәжиев Есмұқан, Мірахметов Жанзақ — қылмыстық жазаның ең ауыры — атуға;

— Байжанов Зұбайыр, Медетов Қалмахан, Абдулов Ахмет — әрқайсысы 10 жылға концлагерьге сотталды.

1937 жылғы 27 қыркүйекте, күз суығы бет қаратпай тұрған күннің ызғарлы түнінде НКВД-ның қара түсті жүк машинасы қол-аяқтары байланып тиелген 9 ату жазасының тұтқыны Қызылорданың шығыс жағындағы құм арасына орналасқан моланың жиегін алып тұрған биік ақшағыл құм баурайына келді де, тұтқындарды босатып, олардың қолдарына бір-бірден күрек ұстатты. Оларға өз молаларын өздеріне қазуға бұйырды. Құм жанынан өтетін темір жолдан оқта-текте поездар сырғып өткенде, бұларды ешкім көрмеуі үшін бұғып отыра қалуға бұйырды. Ақыры ақшағыл құмнан қазылған мола әзір бола бергенде, жендеттер бәрін де шешіндіріп, оларды ор жиегіне барып тұруға бұйырды. Осы сәтте Байғонов Қалмаш пен Тышқанбаев Омар жендет оқтары пытырлай берген сәтте өздерін өздері орга тастап жіберді де, үстеріне құлаған өлі денелердің астында тыныш жата берді.

Жендеттер тоғыз боздақты көрге жайғастырып, үстін құммен көме бастаған сәтте, Қалмаш пен Омар жендеттерге білдірмей тырбанып, жоғарыға өрмелей берді. Көр көміліп бітіп, жендеттер өз жұмыстарын тындырды да, машинаға мініп, жөнеп берді.

Қалмаш пен Омар бір мезгілде көрді тесіп, сыртқа шыға келді. Қалмаш болса, Тасарық деп аталатын колхозда тұратын нағашысының үйіне қарай жүгіріп ала жөнелді. Ал Омар болса, дарияның арғы бетіндегі «Жаңа тұрмыс» колхозына жетуі керек еді. Бұл екі азамат осы арада бір нәрсені естерінен шығарып алды: олардың үсті өзге өліктердің қанымен малшып тұрған болатын, көр тесігін бітегенімен, жалаң аяқтарының табанын қаннан тазартумен ісгері болмады да, табандарынан жұққан қан жер бетінде жосадай болған қалпында біріншісі «Тасарық» колхозын, екіншісі — Сырдария өзенін бетке ала жүгіріп ала жөнелді.

Әңгіменің мұнан арғы желісі мынау болды: екеуі де табандарынан жұққан қан іздері арқылы келесі қос жендеттің құрығына ілікті де, үш айдай қашып жүріп, ақыры өлім құшты. Алғашқыда «заңды» түрде атылды деп акті жасалған ол екеудің алғашқысын «Қарабайтал сойған» деген құм арасына апарып, атып тастай салды, екіншісі «Жаңатұрмыс» колхозы территориясындағы күде шөп астында жасырынып жатқан жерінен бесатар шанышқысымен шаншып өлтірілді.

Осы жөніндегі айғақты құжаттар, куәлер берген анықтамалар менің «Сырдария» аудандық газетінің 1991 жылғы 11—14 қазандағы номерлерінде «Ақтың оты өшпейді» атты сериялық мақаламда жан-жақты баяндалды.

Есмұқан Тәжиевтің немересі Гүлзейнеп Есмұқанова жылай отырып баян еткен жәйтке келсек, бұл арада сол боздақтың жендеті болған Балықбай Оразовтың газет арқылы мадақталып отырғанын ұғып, қатты қысылдым. Өзім жарты ғасыр еңбек еткен облыстық газет бетінде сондай жүрек жаралар мақаланың басылғанына қаралай отырып мен ұялдым. Ал менің мақаламды да, жендетті мадақтаған мақаланы да газеттің бір бетіне орналастырған редакция алқасының мұндай көр соқырлығы ақыры бір күні оларды жарға жығары анық.

Кешегі Кеңес заманы жетпіс жыл бойы бүкіл елді бір шыбықпен айдап, нанша илеген жоқ па? Оның арты зобалаңға айналып, талай жазықсыз жандар зардап шекті. Әсіресе, қазақ байларының жер басып жүруі қиынға соқты. Ақ адал еңбегімен жинаған малын емес-ау, жанын қоярға жер таппай, көрген қорлығын сөзбен айтып жеткізу қиын. Оларға жасалған қиянат ашық та, құпия жүргізілгенмен, дұрыс-бұрысын кім зерделей қойсын. Соның бірі Қармақшы ауданындағы № 9 Көктөбе ауылының тұрғыны Тұяқбай Түменбайұлы. Ол мал өсірген, қарапайым, адамгершілігі мол, парасатты жан болатын. Қара қылды қақ жарып, алқалы топта төрелік айтқанда, әділдігіне жұрт таң қалатын. Жәбір көргенді жебеп, қиянатшылдарды қыр астырмайтын. Сондықтан да болар, оны ауыл-аймақ пана тұтатын. Сөйтіп жүрген Тұяқбай басына төніп тұрған қанқұйлы қауіпті сезе қойған жоқ. Кейде байларды ұстап жатыр екен десе: «мал деген байлық болғанмен, қолдың кірі емес пе? Олай деп кінәласа құдайлық іс шығар? Онан басқа бір кісіге істеген залалым жоқ. Қазір малыңды бер десе бере саламын» дейтін. Дегенмен, елге тараған қауесет шындыққа айналып, белсенділер дүрбелеңді бастады. Бөрік ал десе бас алатындардың тізіміне іліккен Тұяқбай зобалаңға ұшырады. Күнде діңкілдеген «үш әріптің» қызметкерлері шақырып, мазалай берді. Ақыры түрмеге қамап тынды. Әрине түрменің қапас камерасында ұзақ отыру оңай емес. Жазықсыздан қасірет шегіп, көңілін мұң басқан ол күннен-күнге аурудың да азабын тарта бастады. Мендеген ауруға ешкім жанашырлық таныта қойған жоқ. Бір күні әбден азарланған ол тергеушінің қасына келіп:

— Жолдас тергеуші, ауру жанға батты. Малым жанымның садақасы оны алдыңдар ғой. Енді мені босатыңдаршы,— деп те жалынды. Оған әкірең ете қалған тергеуші:

— Сенен мал сұрап тұрған ешкім жоқ. Мал сіздікі емес. біздікі. Керек десең жаның да біздің қолымызда, түсіндің бе?— деді.

— Ойпырмай балам-ай, кешіріңдерші мені, үйде көзін алған көбелектей кемпірім мен балаларымның жағдайынан да хабарсызбын. Бір үйдің жаны түгелдей қырылып қалатын болды ғой, босатсаңыздаршы, жолдас тергеуші?

— Қақсама шал! Жаның тәтті екен, ә! Талайлар сенің орныңда отырып, қанша қиналса да тіс жарған емес. Сен болсаң келмей жатып зарлайсың. Совет өкіметі байларға кеңшілік жасамайды. Отбасыңның да, өзіңнің де құның бір тиын. Өлсеңдер өліңдер, қуанбасақ ренжімейміз, солай шалым,— деп итеріп жіберді.

Сәмсіреп тұрған Тұяқбай шалқасынан құлап, басы қабырғаға тиіп, қаңқақсады. Үш күннен кейін сол тергеуші келіп үштіктің қаулысын оқып, үш жылға сотталғанын хабарлайды. Кейін осы Ақмешіт түрмесінде Тұяқбай Түменбайұлы қайтыс болғаны жайында бала-шағасына көңіл айтқан хат жіберілген. Сөйтіп бір ғұмыр жазықсыздан-жазықсыз дүние салды. Оның қандай жазығы бар еді? Оған осы күнге дейін ешкім жауап бере алмайды.

Ауылдағы белсенділер мен НКВД қызметкерлерінің қаперіне бір үйлі жанның көрген азабы кіріп те шықпады. Қайта «Бөрінің бөлтірігі де бөрілігін істейді»,— деп жиырма бір жастағы баласы Жалғасбай Тұяқбайұлының соңынан шам алып түсті. Қуғын-сүргіннен азап шеккен Жалғасбай анасы Мария мен қарындасы Ажаркүлді ертіп, Өзбекстанға ауып, бас сауғалайды. Еті тірі балаға қай жерде де екі қолға бір жұмыс. Біреуден ілгері, біреуден кем тұрмыс кешті. Дегенмен туған жерге, ағайын-туысқанға не жетсін! Күнделікті аңсағаны Сыр өңірі. Балағында биті бар Жалғасбай өнердің жолын қуып, домбырамен жыр жырлап, бір қауым елді баурап-ақ алды, өзі де өлең шығарды. Той-думандарда жыр толғағанда, туған жерге деген сағынышы да талай тыңдаушының көзінен жас алғызған. Жат жердегі тыңдаушыларда өзі сияқты, зомбылықтың зардабын тартып, еріксіз ауып келгендер ғой. Олар да қайта-қайта ата-мекен сағынышын айтқанды қалайтын. Сол сәтте Жалғасбай қоңыр дауыспен:

Туған жер ата-мекен амансың ба?  
Құты бар қарт атаның батасында.  
Оралсам Жосалының жусанына,  
Бауырым-ау деп бауырыңа басасың ба?—

дегенде жұрт жым-жырт болатын. Сол кездерде көз алдынан ашқылтым Сыр бойының сорлы топырағы, Қызылқұмның бұйрат-бұйрат ақшаңқан құмдары мен Қарақұмның жазық далалары, ащы иісі қолқаны атататын жусандары көз алдына елестейді. Сосын жырау:

Сағындым, жал-жал болған белестерін,  
Күн сайын көз алдыма елестедің.  
Тарихын көрген жайдың айтсам егер,  
Қиналдың-ау, қара нарым демес пе едің,—

деп зарлы әуенді көмекейден қайырып, домбыраның үнімен әсерлендіріп жіберетін. Ол көңіл кірін осылай жырмен кетіретін. Бойы бір жеңілдеп қалғанмен, шемен боп көңілде қатып қалған ащы запыран бірте-бірте үгітіліп шыға беретін. Сосын бойды үрей билейді. Заманның қытымыр зардабы бойды аяздай қариды. «Балам-ау деп бауырыңа басасың ба? «Қиналдың-ау қара нарым демес пе едің?»— дегенде көңілдегі кірбіңді жібітіп, жүрегі елжіреп, сағыныш шарқ ұрады. Сөйтіп, сағынып-сарғайып туған жерге қайтып оралды.

Туған жерде сағынышын басқаннан кейін, колхозға кіріп жұмыс істейтін десе, ешкім оң қабақ таныта қоймайды. «Байдың баласына жақындасаң бәлесі жұғады» дегендей, бәрі де тура карамай, жалтара береді. Жалғасбай Қармақшыдағы шоферлікті бітіріп жүргенде соғыс басталып кетеді. Ол соғысқа алғашқылардың бірі болып аттанды.

1941 жылы Балтық жағалауынан соғысты баста-ған ол, кескілескен ұрыстың тауқыметін көрді. Ол қан кешіп жүріп те өлеңін серік етті. Бір хатында.

Ер жігіт қатуланса бұзар қамал,
Жауды жеңуге жасаймыз түрлі амал.
Көз алдыма келгенде өз Отаным,
Жүрегімнен соғады ыстық самал — деп

бойдағы отаншылдық сезімін жеткізеді. Соғысты Берлинде аяқтаған Жалғасбай 1947 жылы елге аман-есен оралды.

Бірақ, қытымыр заманның қыспағы туған ауылдың тәтті ауасын жұтқызбай-ақ, 1948 жылы тағы да соңына түсіп, тұтқынға алды. Бір жыл бойы тергеп, сілікпесін шығарып «Отанын сатқан опасыз», «герман тыңшысы», «байдың күйыршығы» деген айып тағып, он жылға жер аударылды. Соғыста қоршауда қалып, тұтқынға түскенін, бірақ кейін жау қолынан қашып шығып, қайта соғысқанын айтқанымен құлақ аспады. Ол туған жерде түрткі көрді, өз құқын қорғай алмай қорлықтың азабын тартты. Ауылдан барған адамды Қостанай облысындағы Жетіқара алтын қазатын шахтаға салды. Күні-түні істеген ауыр жұмыс денсаулығын нашарлатты. Тағдырдың маңдайға жазған тауқыметін тартып ол 1955 жылы елге оралды. Сол жақта жүріп, еркіндікті аңсап жазған мына өлеңі кім-кімді де елеңдетпей қоймас:

Алтын кездік қап түбінде жатар ма?
Қазағымның тездеп таңы атар ма?
Қайран елім еркіндігің болса егер,
Көрген бейнет бір күнгідей болар ма?

Жалғасбай Түяқбайұлы қандай қияметтің бейнетін көрсе де, туған жерде бір күнде-ақ түлеп шыға келетін. Ол «Ақжар» совхозында шаруашылықтың әр саласына білек сыбанып кірісіп-ақ кетті. Солай жүріп жыраулық өнерін жалғастырды. Табиғат берген дарынын азғана жылда халқына таныта білген жырау Сыр сүлейлерінің өлең-термелерін құлақ құрышын қандыра айтса, «Қыз-Жібек» дастанын үш-төрт таңға жырлайтын. Оны тыңдау үшін көрші ауылдардан көп адамдар жиналатын. Ал, «Мұңлық-Зарлық», «Тазша бала», «Айна мен тарақ» қиссалары оның репертуарынан берік орын алған болатын.

Ол үйренуден жалықпайтын. Әсіресе Рүстембек жырау Жиенбайұлын сүйікті досы санайтын. Екеуінің басы қосылса,ән-жыр да ағылып, әзіл-оспақ та айтылып езу жиғызбайтын.

— Оның ғұмыры қысқа болды. 56 жасында дүние салды,— дейді бізбен әңгімесінде қызы Базаркүл Жалғасбайқызы.— Сол күнге де биыл отыз жыл толып отыр. Ол өмірден не рахат көрді? Қуғын-сүргіннен кейін он екі-ақ жыл еркін жүріпті. Мұндай азап кімге болса да оңай емес. Сондай-ақ, осындай ердің ісінің елеусіз қалуы да көңілге қаяу түсіреді. Ауылдастары ақжарлықтар мен жосалылықтар осы кезге дейін есіл ерге көшенің атын беруді қимағанына қиналасың. Бірақ, үмітсіз шайтан деген, әлі де кеш емес. Асыл азаматтың есімін ардақ тұтар деп ойлаймыз.

*Ә. УӘЛИҰЛЫ.*

## ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІ

**Кешегі зұлмат заманында елге қадірлі талай азаматтарымыз нақақтан таңылған кінәдан азап тартты. Солардың бірі — қуғын-сүргінде жүрсе де ел өнерін қастерлеп, халық фольклорын жинап, ата-баба мұрасын ұрпаққа жеткізген жерлесіміз Меңліаяқ Сәрменбайұлы.**

**Қазақ фольклорына елеулі үлес қосса да, әлі еңбегі зерттелмеген туралы деректер енді ғана жарыққа шығуда. Ол туралы филология ғылымының кандидаты Т. Қоңыратбаев «Ертедегі ескерткіштер» атты кітабында: «Оның Сыр елінің ауыз әдебиетін жинауға қосқан үлесі елеулі. Қаламгер заңсыз айыпталып, өмірінің кемел шағын кеңестік концлагерде өткізсе де, ғұмыр бойы «Сыр елінің фольклор мұрасын жинап қазақ шежіресінің жеке бір авторлық нұсқасын жазған» деген пікір білдіреді. Төменде ұсынылып отырған мақала жерлесіміздің қилы-қилы тағдырынан хабардар етеді.**

Сәрсенбайұлы Меңліаяқ 1880 жылы дүниеге келген. Көзін ашпай жатып жетімдіктің тауқыметін көріп өскен Меңліаяқ жасынан өте зерек, зерделі, ұстамды, ақылды, өз ортасында сыйлы болып өседі. Оның үстіне әншілігі, ақындығы бар, бір жағында сырнай, бір жағында домбыра, той-думанның қызығы — Үкілі Меңліаяқ атаныпты. Өзінің жігіттік, серілік қасиеттерін, көк жорға атын, құмай тазысы мен бүркітін басынан небір қиыншылықтар өткенде де сақтағанынан байқауға болады. Кейін 1948 жылы қиын кезең туғанда бүркітін үш қайтара жіберіп, үйге қайтып келгенде, көзіне жас алып қиналған екен.

Ол тегінде мінезі ауыр, көп сөйлемейтін кісі болған. Оның себебі, шамасы отыздарға келген шағында өзінің аталас ең жақын көретін ағасы қайтыс болып сол кісінің қайғысы қабырғасына қатты батып: «Ойын-сауықпен қоштастым, сырнайды біреуге беріп жібердім, домбырасын керегеге ілдім, енді қолыма алмаймын»— деп өзіне өзі уәде берген. Дегенмен, әдемі, жүрекке жылы қоңыр даусымен ақырындап үйде ешкім жоқта әндетеді екен.

Ол ескіше оқудың біраз сатысын бітіреді. Бір ауылдың сыйлы кісісі болып, келе-келе шешен би деген атқа ие болады.

Осы Меңліаяқ Сәрменбаевтың қызы Қуанышкүл Меңліаяққызы қазір Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының деканы. Ол әкесі туралы мынадай естеліктер айтады.

— Мен ол кісі қайтыс болғанда бар болғаны 12-де едім, сондықтан бұрынғы шығармашылық жағдайынан хабарым аз, ал ондай кісінің ертеде жазбауы мүмкін емес, тек сақталмаған болу керек. Әкеміз сол кездегі қазақтың өз қатарындағы игі жақсылармен көп араласа бастайды. Одан кейін есімде қалғандары Аманкелді Иманов, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Нартай Бекежановтар. Содан 1928 жылы бай-құлақтардың тізіміне ілініп, әкеміз 10 жылға кете барады. Дүние-мүлкінің бәрі талан-таражға салынады, бала-шағасы басқа фамилия алып, әр жаққа (Ташкент, Бішкекке) қашады. Шешем айтатын: «Ешнәрсе тығып үлгерген жоқпыз, тек қана тай тұяғындай алтынды жерге көміп тастадық» деп.

Әкемізді бір түнде НКВД алып кеткен. Мал-мүліктен шешем үш нәрсе сұрап алыпты. Біреуі — дастархан. Кейінірек мен де көрдім, бірақ соны сақтап қалуды білмеппіз. Ені 4 метр, ұзындығы 10 метр келетін дастарханның әдемілігін тілмен түсіндіріп жеткізе алмаймын. Екіншісі — шапан. Керемет сәнді, қазір ойласам «парча» ғой деймін. Әдемілігінен көзің сүрінеді, жалт-жұлт еткен бір дүние. Кейін 1945 жылы әкем қайтыс болғанда сол шапанның екі жеңінен тәбәрік деп туыстарының балаларына тақия жасатты. Ал шапанның өзін мешітке тапсырды. Жұма намазда мешіттің имамы сол шапанды жамылып тұрып, намаз оқиды екен. Үшіншісі —40 литрлік үлкен ақ самаурын. Екі жағынан екі жігіт көтеретін, бір малдың еті тұтас сиятын ағаш тегене, қымыз құятын ожауымен. Осы заттардың дастарханнан өзгесін әкем өлерінің алдында мешітке тапсырыпты. Кейін 70-жылдары жолдасым екеуіміз мешіттен осының біреуін де таппадық.

НКВД-ға шешемді күнде шақыртады екен. Сұрайтындары «алтынды қайда тықтың?». Сонымен не керек, әкемізді 10 жылға Шымкентке түрмеге айдап жіберді. Сол жылдарда шешемнің Қызылорда мен Шымкенттің ортасын жол қылып, көрген азабын жазса, талай том болатын шығар. Шымкенттен әкем 8 жылда ақталып, 1936 жылы келеді, 1937 жылы есін жинауға шама бермей, «халық жауы» деген жаламен Сібірге айдалады. Одан 1943 жылы Қызылордадан кеткен екі вагон адамнан жалғыз өзі тірі келеді. Тірі дегенде аты ғана. Қас, кірпік, көзін аша алмайды, адам танымайтын жағдайда оралады. Жалпы, ол кездегі адамдардың жаратылысы мықты болған ба, кейін 73 жасында қайтыс болғанға шейін шашына бір ақ кірген жоқ, бір тісі түскен жоқ.

Мен ол кісі Сібірден келгенде бір жаста екенмін. Менің білетінім тілім шыға бастағаннан маған шежірені жаттатқаны. Яғни, 1947 жылдары ол кісіде біраз қолжазба болған. Менің тілім өте ерте шығыпты. Ал бес жасымнан бастап ол кісінің жазған дастан, хиссаларын жиын-тойда оң тіземе қойып отырып, айтады екенмін. Оны көрген, көз көргендердің тірілері әлі де бар. Сөйтіп мен «Меңліаяқтың шежіре қызы» атаныппын.

1947—1954 жылдар арасында әкем Сыр бойдың біршама ауыз әдебиетін жинады. Кенесары туралы поэма жазды. Алматыға екі рет келіп (1950—1951) қолжазбаларын тапсырып кетті. Ол туралы академияның тіл-әдебиет институтының сол кездегі директоры Ысқақовтың берген анықтамасы кешеге дейін шешемнің қолында болды. Шешем: «әкеңнің мына қағаздарын тауып аларсың» деп маған берген. Ең өкініштісі, мен осы анықтама қағазды жоғалтып алып отырмын.

Менің есімде қалғаны, әкем кейінгі 1951 жылы Алматыға келген екінші сапарында: «Жинаған жыр, термелерімді алды да, шежіре мен Кенесары дастанын зорға алды» деп қиналып келген. Сонымен әкемнің артында біраз қолжазбалары қалды. Бәрі арапша жазылған. Өткізілген еңбектері де сол қалпы жата берді. 60-жылдардан бастап бұрынғы өткен ақын-жыраулар туралы еңбектері жарық көре бастады. Соның бірі Т. Ізтілеуов туралы «Назым» жинағы, тағы да көптеген Сыр бойының жыраулары туралы зерттеулер шыға бастады. Әкемнің архивте жатқан еңбектерінің сол зерттеулерге негіз болғанына менің ешқандай күмәнім жоқ. Себебі, әкеммен тұстас біздің облыстан ол кезде ешкім де фольклор жинаумен айналыспаған. Кейін фольклоршы-ғылым Мардан Байділдаев бастаған бір топ ғалымдар зерттеу жұмысымен айналысты.

Академияның қолжазбалар қорында менің әкемнің тапсырған кейбір жұмыстары көрсетілген. Өкінішке орай, соның соңына түсуге менің уақытым да, қабілетім де жетпеді.

Шежіре туралы мынадай деректер бар. Мен әкемнің жазған шежіресінің қай көлемде екенін білмеймін. Білетінім қолдан-қолға тигізбей сұрап алып кеткен. Термеші әнші Әскербек Еңкебаевпен бір кездесіп қалғанымда ол да: «Әкеңіздің бір шежіресі біздің үйде» деп айтып еді.

Алматыда ұзақ жылдар Жоғарғы Кеңесте істеген Садық Нұрмағамбетов деген зейнеткер ағай бар. Әйелі Оразкүл апай ғылым докторы, бүгінде академияда тіл және әдебиет институтында істейді. Алматыға бір келгенінде әкем сол кісілердікіне тоқтапты. Садық ағаның айтуынша, шежіренің біреуін Смет Кеңесбаев көшіріп аламын деп алып, қайтармапты.

Белгілі ақын Әбділда Тәжібаевтың бізге туыстық қатынасы бар. Ол кісі де менің әкем туралы өзінің естеліктерінде жазған болатын. Ә. Тәжібаевтың шешесі Айманкүл әжемізді әкем қарындасым дейтін. Әрі ақын, әрі әнші, әдемі кісі еді. Талай-талай қолынан дәм татып едім. Жалпы, соғыс біткеннен соң әкем Н. Бекежанов сияқты өнер саңлақтарынан қол үзген жоқ. Алматыға келген кезде Дина Нұрпейісова, Күләш Байсейітова бірге болып, небір өнер сайысына қатысқанын айтып отыратын. Бірде Алматыда Иса Байзақовтың «Желдірмесін» айтқызып таспаға жазып алыпты.

Әттең талай-талай әңгімелері өзімен кетті ғой. Міне Меңліаяқ Сәрменбайұлы осындай адам болған. Заманында тағдыр тауқыметін тартып, өмірінің көп күндерін қапаста өткізген осындай азаматты жадымыздан шығарып алғанымыз ұрпақ алдында әбестік болар еді.

*Ы. ТӘЖІҰЛЫ.*
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті,
1998 жылғы 11 сәуір).

## МЕҢДІБОЛЛА КҮЗЕМБАЕВ

Кешегі зұлмат заманды көзімен көріп, небір қиын-қыстау кезеңді басынан өткерген, сол кездегі солақай саясаттың салдарынан бар білгені мен түйгенін ішінен шығара алмай, ішқуса болып өмірден өткен ағалар мен әкелер қаншама!

Бүгінгі таңда кеңес саясатының әміршіл-әкімшілік басқарудың шеңберінен аса алмай, нақақтан-нақақ жала жабылып, сол күнгі тарғыл тарихты, сұрғылт кезең мен бұлыңғыр күндерді бізге айтушылар да азайды десе болады. Десе де елінің сүйіспеншілігіне бөленіп игі істері мен өнегелі өмірі ауыздан ауызға тарап, кейінгі ұрпақтардың зердесінде сақталып келе жатқан азаматтарымыз да жоқ емес.

Солардың бірі —1937 жылы қыркүйек айында «Халық жауы» деген сұрқия жаламен тұтқындалып, заңсыз қамауға алынып, 1938 жылдың 7 наурызында Алматы қаласында КСРО Жоғарғы сотының әскери алқасы көшпелі сессиясының үкімімен атылған бір топ азаматтардың тізімі ішінде Күзембаев Меңдіболла болатын.

Ал, осы Меңдіболла Күзембаев туралы қазір қалың қауым біле бермеуі де мүмкін. 1998 жылдың жазында кеңестің зорлықшыл саясатының тоқпағы тиіп, есімі туған елінің жадында ұмытылуға айналған М. Күзембаевтың туғанына 110 жыл толғалы отыр. Ол республикамыздың сол кездегі көрнекті партия, қоғам қайраткері және қазақ ауылын революциялық жолмен қайта құру ісіне белсене қатысушы, халқымыздың ардақты ұлдарының бірі болатын.

М. Күзембаев 1888 жылы жазда Қазалы уезі, «Мақпал-Қостам» болысының «Майдакөл» ауылында туып өскен. Алғаш Қазалы қаласындағы уездік төрт кластық орыс-қазақ бастауыш училищесінде білім нәрімен сусындаған. Училищеден соң Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын тәмамдап, өзі оқыған мектепте мұғалім болып қызмет істейді.

Еңбек жолын ұстаздық қызметтен бастаған ол 1910—1919 жылдар арасында Қазалыдағы орыс-қазақ мектебінде мұғалім, уездік оқу бөлімінің меңгерушісі болады. Осы жылдары жастардың көзін ашып, көңілін ояту, елді сауаттандыру, мәдениетке бет бұру шараларын тікелей өзі жүргізіп отырды. Көшпелі қызыл отаулар ұйымдастырып, мұғалімдер даярлайтын 1 жылдық курс аштырады. Осы курсты бітіріп, жер-жерлерде мектеп ашып, ауыл мұғалімі болып талай жастың зердесіне ізгілік нұрын сепкен Нұрсұлтан Жұбатұлы, Бөліназар Өтепов, Маханбет Қылышбаевтар алғашқы ұстаздар еді.

Меңдіболла адам баласының құқығын, теңдігін әділ шешетін орысша-қазақша бірдей сауатты, жоғары мәдениетті, іс-қимылы, жұмыс талап етуі көрген адамды сүйсінтіп тұратын. Оның көзқарасы келешекті болжап тұрғандай еді дейді көзін көргендер. Әсіресе, жалшылардың еңбекақысын, әйелдердің теңдігін, қазақ қыздарының бас бостандығын алып беруге тікелей араласып, халықтың егін егіп, шаруашылықпен айналысу жағдайын ұтымды ұйымдастыратын. Қазіргі Қазалыдағы «Қарлан каналы», «Ішкі арық», «Жиеней жармасы» сол күндерде «Басықара», «Жаңа арықтар» қазылып, халық егіншіліктен мол өнімге қолы жетіп, жаппай егін егуге бірігіп кіріскен еді.

Сонымен бірге М. Күзембаев шығармашылық жұмыспен де айналысқан. Шамғали Сарыбаевпен мұғалімдікті бірге атқарған кезінде «Жебір болыс» атты пьеса жазып, ол Қазалы қаласындағы клубта қойылып, жақсы бағаланған. Кейін әйел теңдігіне байланысты «Бишара қыз» пьесасы да көрермендердің ілтипатына бөленді.

Сәкен Сейфулиннің «Қызыл сұңқарларын» тұңғыш сынап, кемшілігін тура ашық айтып, әдебиет майданында әділ сынды көтерген де Күзембаев Меңдіболла еді. Ол мақаласы бүкіл әдебиет әлемінде ерекше жағдай туғызды. Ол «Шолпан» журналында «Қоңыр» деген жасырын атпен жарияланды. Қоңыр — алты кішкененің әулие әжесінің есімі.

Қызылорда астана болып тұрған шақта өлке конференциясын өткізуге келген саяси бюро мүшесі А. Андреевтің — ауыл шаруашылығын құруда Сәдуақасовқа ретсіз өктемдік жасап, ауылшаруашылығында звенолық әдісті құру, егіншілікті біріктірудің орнына майдалатып, ыдыратады деп «звено құру» жөніндегі ұсынысына дәлелді әділ пікір айтып, қарсы тұрған осы ардақты Сырдың азаматы еді.

Ол Ташкент қаласына шақырылып, мұнда Түркістан өлкелік халық шаруашылығы советінің төрағасы қызметін атқарады. Содан кейін өлкелік шикізаттар дайындау конторының меңгерушісі, СССР ауылшаруашылығы халық комиссариатының Орта Азия және Қазақстан бойынша шикізаттар сапасын тексеріп-бақылау инспекциясының өкілі болып қызмет атқарды. 1932—1935 жылдар аралығында Қазақстан мұнай басқармасы бастығының орынбасары қызметінде жүргенінде Ембі мұнай кәсіпшілігін өркендетуге

зор үлес қосып, оны қайта жабдықтау ісімен Москвадағы СССР мұнай наркомынан көптеген құрал-жабдықтар алып, мұнай кәсіпшілігінің Қазақстанда дамуына ықпал етеді. «Қара бұғаз», «Қара жамбас» жерлерін сол кезде картаға түсіріп, келешектің ісі деп жоспарлаған.
1935—37 жылдары қазақ гидрометслужба конторының бастығы қызметін атқарған тұста жер асты суларынын шипалық қасиетіне назар аударып, қазіргі Сарағаш курортың салу жоспарын жасап, ұсыныс жасаған да Меңдіболла Күзембаев болатын.
Осындай тынымсыз еңбегінің нәтижесінде ел игілігіне бөленген М. Күзембаев 1937 жылдың қыркүйегінде қамауға алынып, 1938 жылы 7 наурызда бір топ азаматтармен бірге Алматы қаласында жазықсыз атылды. 1958 жылы мамырдың 6 күні СССР Жоғарғы Сотының әскери алқасы ақтап алды.
Бүгінде Меңдіболланың баласы Абай, оның балалары Алматыда тұрады. 1970 жылы 20 тамызда Қазалы қаласынан бір көшеге Күзембаев Меңдіболла аты берілген болатын. Сұлу Сырдың арманда кеткен осындай ардақты азаматына Қызылорда қаласынан да бір көшенің аты берілсе халқының ойынан шығар еді.

*Ақанжан КЕЛІМБЕТҰЛЫ,*
**ардагер, зейнеткер.**
(*«Сыр бойы»* газеті, 1998 жылғы 5 мамыр).

## ӘКЕСІ МЕН БАЛАСЫ

1938 жылдың ақпан айы еді. Ық-панасыз алаңқайда тұрған Жаңақорған стансасы басында жұпыны киінген, жүдеу өңді қарт әже мен оның қасында шашы жалбыраған кішкене жасөспірім тұр. Кейуана жел өтінен бүріскен баланы шапан етегімен қымтап, бауырына тарта береді. Олардың ұзақ күткен поезы төзімнің белін талдырып барып, әрең дегенде жетті. Қызыл вагон ішінен секіріп түскен жап-жас жігіт перроннан шеткеріліп тұрған екеуге қарай құшағын жая жүгірді. Бұл тұрған кішкене Зікір мен оның әжесі еді. Сүлейменді бауырына қысқан әжесінің айналыптолғанудан қолы тимеді. Ара-арасында бір-бірінен амандық сұрайды. Зікірдің кеудесін кернеген жалғыз-ақ қуаныш болды — ол әкесінің бұған арнайы ала келген қызыл түсті велосипеді болатын.
— Мына саған Мәскеуден базарлық,— деп қолына ұстата берді де, бетінен сүюге анасының алдында қаймықты білем, одан әрі жақ ашып жылы сөз айтқан жоқ. Зікірдің қуанышы қойнына сыймай, қасындағы қызыл велосипедке көз қиығын сала береді. Отарбаның ащы даусы шығысымен анасымен қоштасқан Сүлеймен қызыл вагонның біріне секіріп мініп, көз ұшынан ғайып болды. Осы кеткен сапары оны мәңгілік көрмейтіні ешкімнің де есіне келмепті. Көргенде қайтушы еді?
Сол сапарда анасы мен баласын сүп-суық вокзал басына тастап кеткен Сүлеймен Темір стансасынан түседі. Ол поездан түсу бойына сонау Мәскеуден беделді жиналыстан оралған мұны ОГПУ жендеттері күтіп тұр деген пиғыл қаперінде болмаса керек.
Сүлеймен бұл кезде Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты түйе шаруашылығының директоры болып қызмет істейтін. Ол бұған дейін заң саласы бойынша беделді қызметтер атқара келіп, Мәскеудің жоғары заң курсында екі жарым жылдай білім жетілдірген. Одан соң Алматы қаласының нотариусы болып жауапты жұмыста отырды. Көп ұзаған жоқ, сонау астанадан арнайы білім алып келген жасты әділет халық комиссариаты нұсқаушы етіп қызметке қабылдаған. Сосынғы еңбек жолдары Келес ауданының прокурорлығынан одан әрі Шымкентте, Қармақшыда жалғасты. Қазіргі кезде түйе шаруашылығына басшылық жасағаннан бері саясаттан да, талас-тартысты өмірден де шеттеу жүргенін дәтке қуат ететін. Себебі, республика басшылығында жұлдызы жана бастаған талай азамат «халық жауы» атанып, ұсталып кетіп жатты. Шаруашылық жағы тыныш болады ғой деп ойлаған. Сүлеймен қателескен екен.
...Мәскеуден қайтқан сапары Сүлеймен Темір стансасынан түсті. Міне шабатын көп көліктің заманы емес, қыстақ сыртынан ауылға қарай жүретін көлік тосып тұрған. Жанына түстері суық ОГПУ-дің екі қызметкері келді.
— Бізбен бірге жүресіз,— деді олар көп әңгімеге келместен.
— Жайшылық па екен?
— Оны барып сөйлесеміз.
Қасында сапарлас болған ауыл шаруашылығы институтының ректоры Сәдуақас Сыздықұлы бар еді. Араша түсе кетті.
— Жігіттер, алыс жолдан келгені жаңа. Ең болмаса бала-шағасына барып, дидарласып қайтсын да.
ОГПУ жігіттерінің оған көнетін сыңайы жоқ, екі жағынан қос қолдап ұстаған.
— Әй, барамын ғой кейін,— деп бар іске Сүлейменнің өзі басу айтты.
Осылайша Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының түлегі, Темір станциясындағы жылқы шаруашылығының директоры Сүлеймен Қошқарұлы жендеттердің ортасында кете барды...
Тергеу ауыр болды. Мойынына қиып салатын кінәсі жоқ. Бар айтары: «Халық жауының қызын алып отырсың». Соның негізінде Отанын сатқан деген айып таққысы келеді. Ақыры 58-бап бойынша айыпталып, 12 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол жазаны өтеген соң да 5 жыл саяси құқығына ие бола алмайды екен. Осылайша со-

нау Қиыр Шығыстағы Дорлагқа жөнелтілді. Мәңгі қар басып жататын Магаданның суығы еттен өтіп, сүйекке жетеді. Мұз төсеніп, қар жастанып, тұтқындар қатарында ауыр жұмысқа түсті. Денсаулық сыр бере бастады. Тек көңілінің демеушісі елден келетін үшбу хат. Ол да айында-жылында қолға әрең тиеді. Ол хат артында қалған ұлы Зікірдің қолымен жазылатын. Хатта сағыныш та, мұң да бар еді. Әкелі-балалы екеудің хат алысы 1943 жылы кілт тиылды. Алғашында елдегілер Сүлейменнің не күйде қалғанын түсінбей, әбігер болды. Сөйтсе, маусымның 4 жұлдызында есіл ер жат жерде дүние салған екен...

Өмір өтіп жатыр. Әділетсіз де болса, өмір ғой бұл. Баяғы Жаңақорған вокзалында әжесінің қасында тұрып, Мәскеуден қайтқан әкесін күтіп, қызыл велосипедін алып қалған Зікір Сүлейменұлы қазір мұғалім болып істейді. Зікір сол баяғы әкесін ұстап берген кісілердің балаларын оқытып жүр. Тек 1959 жылы ғана әкесін, «қылмыс құрамының болмауына байланысты» деп ақтады. Оған да шүкір. «Халық жауының» тұқымы деп ешкім сыртынан қолын шошайтпайды. Ал, әкесінің өкіметтің ақтауынсыз да адал екенін өзі ғана білетін. Оған күмәні болған жоқ.

*Қ. Ақпанов.*
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті, 1997 жылғы, 29 мамыр).

## ҰЛЫН КҮТКЕН АНА

Соңғы бес-алты жылдың беделінде айта алмай келгенімізді айтатын, күдікті болып жүрген нәрсеміздің анығын білетін халге жеттік. Бұл,әрине, жариялылықтың арқасы. Сондай жақсы нышанның бірі — соңғы уақыттағы баспасөз беттерінде «жазықсыз жазаланғандар ақталды» деген тақырыппен сонау 1937 жылдың нәубетіне ұшырап, жазықсыз жаза шеккендердің тізімін жариялап келе жатқандығы. Осындай жариялылықты сезініп, сол тізімдерді оқыған сайын бала кезінде де көрші отырған әжейдің балаларының қиын тағдыры, ол кісінің сол уақыттары ыңылдап айтып жүретін өлең жолдары еріксіз есіме түседі. Әжейдің өлеңі былай басталатын:

Таң сарғайып келеді шешек жарып,
Бүгін ұйқым келмейді менің неғып?
Қызыл шұбар бабаның әруағы,
Қайда кеттің сыртымнан жүрген бағып?
Көтер, Ғайша, басыңды,
Күннің көзі ашылды.
От болып жанған жүрегім
Су сепкендей басылды.
Көтер, Ғайша, басыңды төсегіңнен
Бүгін көңілім пәс болды кешегіден.
Бұлбұл құсын қолынан ұшқалы тұр,
Көре алмаған көп дұшпан өсегінен.
Жылап, Ғайша, көзіңді жас қылмағын,
Пәс боп тұрған көңілді пәс қылмағын.
Осы жолдан мен ұзап кете қойсам,
Төсегімді қарғаға бастырмағын.
Сәлем айт, Ғайша, менің Теңгешіме,
Асау тайдай бұлғақтап өскен Теңгеш

Құдай салса жетімге көнбесін бе?— деп әрі қарай жалғаса беруші еді. Қазіргі менің ойымда қалғаны осы ғана. Әжей бұл тірліктің қасында болса да, қыл аяғы бала жұбатса да, айтып жүретін.

Кішкене кезімде қай сөздің қандай мағынасы барын онша түсіне бермегендіктен мән бермейтінмін. Бірақ, сөздерін жаттап алғанмын. Кейін ойлана келе бұл өлеңнің қайғылы екенін түсіне бастадым да, бір күні шешемнен: «Апа, Камила әжем осы өленді неге айтады?»— деп сұрадым.

— Әй, шырағым-ай, қай жетіскеннен айтады дейсің? Бұл кісінің көргенің құдай пенденің басына бермесін,— деп бастаған әңгімесін сонда апам.— Кешегі конфискенің кезінде жұрттың қолындағы бар малын алып, тігерге тұяқ қалдырмай қинады. Содан ел Қырғызстан жаққа үдей көшті. Олардың арасында осы әжейдің де үй-іші бар. Сол жақта бұл кісінің шалы қайтыс болды. «Ең болмаса отағасының сүйегі өз елінде де қалмады»— деп қайғырды әжей. Қарияның ең үлкен баласы сол кезде жігіт болып қалған-тұғын. Одан кейінгі бір ұл, бір қызы аштықтан шетінеді. Төртінші ұлының аты — Жамантай, сол кездерде жиырмаға тола қоймаған жасөспірім жігіт болатын. Елдің адамдарының біразы үш-төрт жылдан кейін сол ауыл барған жерлерінен естерін ептеп жинай бастаған соң, кері қарай көше бастады. Біздің үймен әжейдің от басы да елге қарай бет түзедік. Бірден Арқаға жету қайда, жолай Түркістан маңындағы бір ауданға қоныс тептік. Сол аудан біз отырған Шәуілдір ауданы екен. Сонымен осы жерде колхоз болып, әркім өз қолынан келетін жұмысының басын ұстап, біреу қой бағуға, біреу егін шабуға талаптанып еді, енді біреулері трактор, машина айдайтын оқуға аттанып, балапан басына, тұрымтай тұсына тірлік ете бастаған кез.

Сөйтіп жүргенімізде бір күні кешкілік ауылға иықтарында асынған мылтықтары бар, екі миллиция келді де, ауылдың бас көтерер он алты адамын бірден алдарына салып айдады да кетті. Не екенін түсінбей біз қала бердік. Сұрауға қорқамыз. Не болса да ақырын күтейік, ақ-қарасын ажыратып, ауылға қайтарар деген үміт бар. Ал ауылда оларды іздейтіндей, жөн-жоба білер еркек кіндік қалмаған. Сол кеткен он алтының ішінде осы әженің де үлкен ұлы бар болатын. Жасы сол кезде 35-тер шамасында, үйленген, бір

қыз баласы бар. Әйелі екінші бала көтере қой-май жүрген-ді.
Арада бірер күн өткеннен кейін сол кеткендерді түн ішінде ауданнан алып кетіпті. Сол кетіп бара жатқанында әженің баласы бұрын осы біздің ауылда бірге тұрған бір кісіні кездестіріп қолына бір қағазды ұстатып үлгіріпті. Бір жолы түскен-де, сол кісі әжейге: «Сіздің балаңыздың аманаты еді, табыс етейінші»— деп әкеліп берген. Ашып оқығанда осы кісінің айта беретін әлгі өлеңін жазған екен. Бала сол кеткеннен мол кетті. Әжей келіні Ғайша, немересі Теңгеш, кіші ұлы Жамантай, төртеуі бір үйдің түтінін түтетіп отыра берді. Кемпір байғұс баласын қайдан ұмытсын, әлгі өлеңді хат танитын балаларға қайта-қайта оқытып жүріп, жаттап алыпты.
Бұл —1937 жылдың күзі болатын. Осылай бірқалыпты күн кешіп жүріп жатқанымызда тағы бір сұмдық шықты алдымыздан. Алапат бәрімізге бірдей келді. Бұл айтулы, сан мыңдаған отбасын күйрете келген сұрапыл соғыс еді. Ауылдағы ер-азаматтардың денсаулығы соғысқа жарай ма, жа-рамай ма, оған қарамайды, ер кісі болса болды, күнделікті арбаға мінгізіп алады да кетеді, қайда десең, аудан орталығында комиссия болады дейді. Бірақ денсаулығым нашар екен деп, ешкім қай-тып келмейді, бәрі «жарамды» болып, жаппай соғысқа аттана береді. Солардың бірі болып сенің әкең де кетті.
Сөйтіп жүргенде, 1941 жылы енді ғана жалпыл-дап өсіп келе жатқан әжеңнің Жамантай атты екінші ұлы да адам жетпей жатыр, Отан қорғауға барасың,— деп алып кетті. Сонымен, соғыс та-бандатқан төрт жылға созылды. Әжеңнің Жаман-тайы соғыс біткен соң аман-есен, он екі мүшесі сау болып ауылға оралды. Әжеңнің қуанышында шек болған жоқ. Ол кезде келіні Ғайша науқас, немересі Теңгеш үлпершектей болып өсіп қал-ған-ды. Келе Жамантайға «үйлен де үйлен» деп әжей маза бермеді. Ауылдағы өзімізбен жақсы қарым-қатынастағы бір үйдің қызын көп ұзатпай алып берді. Үйдің іші мәре-сәре, бәрі бір күндегідей болмай өте шыққандай. Бірақ, әженің жүрегінің бір түкпірінде үлкен ұлы ұмытылмас-тай болып орын тепкен. Оны қарияның әрбір сөзінен байқап жүреміз. Баласы бала-ақ еді. Аз-дап өлең шығаратыны, домбыра шертіп, ән сала-тыны бар болатын. Отырған жері ойын-күлкі бо-латын. Ана үшін баланың бәрі бірдей, дегенмен, ол кісі Жамантайдан гөрі сол ұсталып кеткен, ұлын жоғары санайтын.
Жамантай да бөпелі болды. Бір ұл, бір қыз бала-сы бар. Бүгіндері мына өзің бірге ойнап жүрген Сабыр мен Зейнетай солар. Сенен шамалы кішілігі бар. Жамантай трактор айдайтын. Бір күні кешке несін айтасың, Жамантайдың тракторы арыққа құлап, өзі трактордың астында қалыпты деген суық сөзді естідік. Сонан «Е, құдай маған көрсетпегің әлі көп екен ғой, не жазығым бар еді»— деп «жаны күйген тәңірін қарғайды» де-гендей азарлана егілді әжең бейбақ.
Бұл — бұл ма, сонан арада көп уақыт өтпей-ақ келіні Ғайшаның ауруы меңдеп, ол да дүниемен қош айтысты. Бұл қайғы да кемпір байғұсқа жеңіл болған жоқ. Қалай болғанда да тірі адам тірлігін істейді. Әжей ұлынан қалған Теңгешін көрші кол-хозда тұратын жігітке қолдан ұзатты.
Кедей қария апаммен үйде шай ішіп отырып: «Жазықсыз жабылған жала, қара жерден ауыр» деген. Менің баламның үстіне сондай ауырлық түсті. Халық жауы деген пәлеге біз түсінбейміз де. Сонда кісінің ала жібін аттамайтын менің жа-зықсыз ұлым халықтың қандай жауы болғаны?»— деп шын жасып, кеудесі өкінішке толып, көзі жасаурап отыратын.
— Жас кезінде үлкен кісілерден «көп жаса, ба-лам» деген сөзді жиі естіп едім. Сол алғыс қайда? Көп жаса деген алғыс емес қарғыс екен ғой,— деп қария өзінің көп өмір сүргеніне де ренжитін. Сол әже 1960 жылы 84 жасынан дүниеден өтті.
Осы әңгімені апамнан естіген менің қазіргі кезде баспасөз беттерінде жарық көріп жатқан «жазық-сыз жазаланғандар ақталды» деген тізімді көрген сайын ойлайтынмын... «Шіркін, осы кезде сол әжей тірі болғанда ғой, мына ақталғандардың қатарынан өзінің ұлын іздеп тауып, қуанар еді-ау. Сөйтіп, «ақтың отын ақымақ өшірмейтініне, әділдіктің, түзуліктің түбінде бір жеңіп шығаты-на көзін жеткізер еді»— деп қиялға берілемін. Бірақ, амал қайсы, бұл күнге әжей жете алмай кетті. Көзінің қарашығындай сүйікті ұлының аман-есен ақталғанын ести алмай кетті.

*А. Бесмағанбетова,*
Қызылорда қаласы,
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті,
1992 жылғы, 3 қыркүйек).

## БІР ШАҢЫРАҚТЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Қиянат пен зорлық-зомбылықтың құрбаны бол-ған ауыл азаматтарының бірі Сұлтанғали Жақып-беков еді. Бұл азаматтың аты-жөні қазіргі ұрпаққа таныс емес. Ол 1910 жылы Перовск уезі, Кеңтүп болысы, № 3-ауылда (Сырдария өзенінің сол жағында Бірқазан стансасының өкпе тұсында) ауқатты кісінің отбасында дүниеге келді. Атасы Жақыпбек байлығымен қоса қайырымды, елге қамқоршы, жоқ-жітікке пана болған кісі еді. Ба-сына қонған дәулет пен байлықты орынды пай-далана білген ол имандылыққа бет бұрып, мұсыл-мандықтың бір парызы болып саналатын қажы-лық сапарға аттанып, Меккеге екі рет барды. Со-дан Жақыпбек қажы атанып, Қазан төңкерісіне екі-үш жыл қалғанда дүниеден өткен еді.
Сол Жақыпбек атаның жалғыз ұлы Нұрқан

әкесіндей шалымды, кесек тұлға болмаса да, елге қадірлі бола білді, бірақ оқи алмады. 1924—1930 жылдар арасында ауылнайдың бірі болды. Ұйымдастыру мен бай-кулактарды тәркілеу кезеңінде «қызыл жендеттердің» алғашқы нысанасына «Қажының, байдың баласы» деген атаққа алдымен Нұрқан ілікті, қызметтен тайдырылып, екі қолы кісенделіп айдап әкетілді, Қызылорда түрмесінде жатты, артынан сегіз жылға кесілді. Алты қанат ат үйін, барлық малын белсенділер тартып алып, әйелі Бозжігітті қаңғыртып жіберді. Бұл кезде Сұлтанғали үлкен қалада оқуда болатын. Бір жылдан кейін оқымағандығы, Кеңес үкіметіне айтарлықтай «зиян келтірмегені үшін» Нұрқан түрмеден босанды. Бірақ Оңтүстік Қазақстан облысының бір шет ауданына жер аударып жіберді, сол кеткеннен мол кетті.

Ал, Сұлтанғали Ташкент қаласындағы жетіжылдық мектепті үздік бітіріп, аз-кем үзілістен кейін тау-кен техникумына түсіп, оны тәмәмдағаннан кейін Мәскеудегі алтын және түсті металдар институтына қабылданып, халқымыздың аяулы перзенті Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевпен бірге оқыды. Димаш пен Сұлтанғали Мәскеудегі осы институтты тұңғыш бітірген қазақ ұлтының өкілдері еді.

Қазақстан үкіметі Сұлтанғалиды арнайы шақырып алып, жаңадан ұйымдаса бастаған Ащысай кенішіне инженер етіп жіберді. Білімді, алғыр жас маман өзінің зеректігі, біліктілігі, ұйымдастырушылық қабылетінің арқасында тез танылып, келесі жылы бас инженерлікке жоғарылатылды. Қазақ кадрларын өндіріске баулу, ұлт мамандарын тәрбиелеу, жоғарылату жөніндегі оның істері НКВД тыңшыларының ә дегеннен назарына ілікпей қалған жоқ. Бірақ, бірден ұстап әкетуге дәлелдері жеткіліксіздеу болды. Сұлтанғалидың адалдығын, білімділігі мен іскерлігін бағалаған жоғарғы салалық басшылық кадрды жоғалтып алмау үшін 1939 жылы оны Алматы облысының Текелі полиметалл комбинатына өзі атқарып келе жатқан қызметтей қызметке ауыстырды. Бұл өндіріс орнында да Сұлтанғали жұмысты жолға қойып, өндіріс жоспары мен жұмыс сапасының жоғарғы деңгейіне қол жеткізді.

Бұл кезде Сұлтанғали жанұя егесі болып, сүйген қызы Бануға үйленіп, дүниеге жас сәби Еркін келген болатын. Екінші перзентті де күтуде болатын. Бірақ, Сұлтанғалидың әке болу қуанышы ұзаққа бармады. Өзіне «халық жауы» деген жала бұлты төне бастаған соң арашаға түсер деген үмітпен Мәскеуге аттанды. Сұлтанғалидың жақсы атағы Мәскеуге де жете бастаған-ды. Іс сапарды сылтау етіп, астанаға барып, түсті металлургия наркомы Ломаконың, өзі оқыған институт директорының алдында болды. Бірақ Сұлтанғалиға мұндағылар да оң қабақ танытпады.

Сұлтанғалидың сүйікті жары Бану апай былай дейді: «Бұл кезде Ерігім екі жаста, екінші балам алты айлық болатын. Күнде әкесі қызметтен келгенде Ерік талпынып, алдынан шығатын. Жолсапарында оншақты күндей болып, үйді, балаларын сағынып келсе де, әлгі Ерігім үйге кірген әкесінің алдынан шықпай, тымсырайып тұрып алды. Бір сұмдықтың боларын сәбидің жүрегі сезді ме екен? Сөйткенше болған жоқ, есікті тықылдатып, үш жігіт үйге ентелей кірді. Түстерінің суықтығы сонша, Ерігім қорқып, қатты дауыстан шар ете түсті. Осыдан кейін бала талықсып, тілі күрмеліп қалды.

Кейін белгілі болды. Сонымен әкесі ұсталып кетті, баламның жүрегі ауырып, жүйкесіне зақым келген екен. Ерік содан бері әлі ауру. Қатарлары оқыған оқуды да оқи алмады. Бұл 1942 жылғы көктем айы болатын.

Ертеңіне үйге милиция қызметкерлері келіп, бізді үйден қуып шықты. Отанын сатқан арсыздың әйелі деп мені еш жер жұмысқа алмады, нан карточкасын да бермеді, жолдастарымыздың үйіне қонып, түстеніп, тамақ асырап жүрдік...

Күн көруіме жеңілірек болсын, әрі жалғыз баласынан айрылып, көз жасы көл болып отырған Сұлтанғалидың әке-шешесіне жұбаныш болсын деп, Ерігімді ата-әжесінің қолына беріп кеттім де, өзім бетім ауған жаққа кете бардым»,— дейді жас ана. Сөйтіп, Сталиндік зұлматтан бір азамат гүлдей солып, қыршыннан қиылып, жанұясы бытшыт болды.

Жылаудан екі көзі төрт болып, үлкен жолға қарай-қарай 90 жаста Нұрқан ата, Ақжігіт әжей сүйікті ұлы Сұлтанының нұр дидарын бір көре алмай, арманын арқалап, дүниеден өтті.

Президентіміздің Жарлығы бойынша биылғы жыл жалпыұлттық татулық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. Осыған орай, қызыл жендеттер қолынан құрбан болған боздақтар атын есте қалдыру мақсатында игілікті шаралар атқарылып жатыр. Осы мақсатпен жазықсыз қыршын кеткен деректі біз де айтуды азаматтық парызымыз деп санадық. Сұлтанғалидың туыстары асыл азаматтың аты мәңгі ұмытылып қалмауы үшін қаламыздың, ең болмаса өзі туып өскен аудан орталығы Тасбөгет қыстағының бір көшесіне берілсе деп тілек айтады. Жерімізбен, елімізбен ешқандай байланысы жоқ немесе ешбір мағына білдірмейтін атаулар жетерлік. Соның біреуі осы Сұлтанғали Нұрқанұлы Жақыпбектің атымен аталса, елдігімізге жарасар еді, әрі марқұмның әруағы риза болар еді.

*Дауылбай НАУРЫЗБАЙҰЛЫ,*
зейнеткер, Қызылорда қаласы.
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті,
1997 жылғы 3 маусым).

## ШӨКЕНОВ 5 КҮН МЕКТЕП КЛАСЫНА НЕГЕ ОТЫРДЫ?

Мен туып өскен Қосарық ауылдық кеңесі негізінен 5 майда колхоздан құралған еді. Ортасында жалғыз Ворошилов атындағы орта мектеп ғана болды. Сол аттас колхоздан мен, көршілес Микоян атындағы колхоздан Шөкенов Сейіт деген бала қатынап, бір класта оқитынбыз. Екеуіміз де төртінші кластың үздік оқушылары болатынбыз. Мен болсам, көсемдердің суреттерін салып, класс қабырғасына іліп қойғаным үшін, директорымыз Әбдікәрім Жүсіпбаев алдында қадырлы едім.

Үлкен демалыста аулада ойнап жүргенбіз. Сейіт менің басымдағы мыжырайған кепкамды мазақтап:

— Исаев-ау, Исаев,
Шәпкің кетіпті қисайып,—

деп, оқушыларды ду күлдірді. Кепкамды қисайта киетінім мынандай сықаққа ілігіп, бұған өзім де мәз болып қалдым.

Тап сол сәтте жоғарғы класс оқушыларының бірі Сейітті дедектетіп, мектеп директорының кабинетіне қарай сүйреп алып бара жатты. Бәріміз ан-таңбыз.

— Бұл Исаевты әжуалады, республика басшыларының біріне тілі тиді,— дейді әлгі жетектеуші бала.

— Мені мазақтады. Екеуіміз бір-бірімізді солайша мазақтай береміз,— деп, мен жүгіріп барып, досымды арашалап алмақ бола беріп едім. Естияр бала мені итеріп кете берді.

Сейітті кластың біріне қамап, сыртынан құлыптады да қойды. Мектебіміздің директоры Әбдікәрім Жүсіпбаев болса, мектеп ішінде НКВД тыңшысы барына енді ғана көзін жеткізіп, шырпыры шықты. Әлде біреуді ауданға жұмсады. Астына ат тауып берді. Ол 70 шақырымдай жердегі Қармақшыға барып келемін дегенше, Шөкенов класта қамалып жатуға тиіс болды.

Бесінші күні мектеп ауласына стол әкелініп қойылды, үстіне қызыл шүберек жабылды. Ұзын бойлы біреу «сот» деп жарияланып, ол орындықтардың біріне келіп қонжиды. Екі жағына екі бейтаныс адам отырды. Кәдімгідей сот алқасы пайда болды.

— Ауылдық совет төрағасының орынбасары, орта мектептің директоры азамат Жүсіпбаев енді бізге ренжімес. Бүгін бесінші күн. Ауданнан хабар болмады. Республика басшыларының біріне тілі тиген Шөкенов жөніндегі сот мәжілісін ашық деп жариялаймын,— деді ұзын бойлы «сот» орнынан ырғатыла қозғала беріп,— Айыпкер келтірілсін.

Бес күнде әжептәуір жүні жығылып қалған Сейіт Шөкеновты екі естияр бала сот алқасының алдына сүйреп жеткізді. Ол «жүрмеймін, ол жерге бармаймын»,— деп қиқалақтап келе жатты, бірақ оны тыңдар құлақ болмады.

Дәл осы сәтте:

— Күйеу асар жақтан бір атты құйындата шауып келе жатыр,— деген айқай шықты. Мектеп ауласындағы тобырды сот деп ұқса керек, ат үстіндегі жиырмаға жетіп қалған жігіт анадай жерге келе бере:

— Алматыдағы Исаев халық жауы ретінде кеше ұсталыпты,— деп дауыстады. Қармақшыдан шыға атының басын жіберген әлгі жігіт бізге жуықтап келді де:

— Алматыдағы Исаев халық жауы болып шықты,— деп тағы қайталап, жерге құлап түсті. Оның аузына су тамызып жатты...

Сонымен ұзын қара «сот» өзінің сот мәжілісін бастандырмаған күйі қағаз-қаламдарын жинастырды да, бүтын қысқан итке ұқсап, құлдыраңдап кетті де қалды.

Әбдікәрім өзінің сүйікті шәкірттерінің бірінен саналатын Сейітті бауырына қысып, әлдеқайда тесіле қарап тұрып қалды. Сірә, ол мектеп ішінде кім шпиондық жасап жүр деп ойланып тұрса керек.

Мен Сейіт досымды, Микоян атындағы колхоздағы үйіне жеткенше бірге болып, қуана-қуана шығарып салдым...

Бұл 1937 жылы болған оқиға еді.

*Мырқы ИСАҰЛЫ.*

## ЖАЗЫҚСЫЗ СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ МӘСКЕУГЕ ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ.

Әділ төрелігі айтылмаған жерде асыра сілтеушілікке жол беріліп, адамның жазықсыз жапа шегетіні айдан-анық. Мұндай оқиғаларға, сонау 1937—1938 жылдардағы жазаланған адамдардың тағдырларын таразыға салғанда қайран қаласың. Әрине, ондайлар көп. Бәрі де ойда жоқта қамалып, тағдырдың қандай қыспаққа салғанына көніп бағады. Мойнына қиып салынған қылмысқа өзінің қатысы жоғын айтады. Бірақ, ол ешкімнің кәперіне кіріп шықпайды. Арада шамалы күн өткенде тергеудің қортындысы айтылады. Осыдан кейін бәрі де тергеуші алдында жалынады, жалбарынады, ант-су ішіп, сүттен-ақ, судан таза екенін дәлелдейді. Бірақ, сол кезеңдегі алдына адамдарды қамап, азапқа салу мақсатын қойған тергеушілер сөзге құлақ асып жатпайды. Қайта олардың үстінен қылмыс іздестіріп, болмаған нәрсені болды деп қағазға түсіреді де, түрмеге жабады.

### 1. Жармахан Болатбаев:

Осындай жазықсыз жандардың бірі — Жармахан Болатбаев. Ол 1927 жылдан ВК(б)П мүшесі, аудандық финанс бөлімінің инспекторы. Ж. Болатбаев ойда жоқта қамалып, бас-аяғы бір жетінің

ішінде 10 жылға сотталды. Оның қылмысын дәлелдеу үшін тергеушілер Диқанбаев, Костенко және Полущуктер айғақтар іздестіреді. Олар бұрын кінәсін мойындамай келген Қазалы аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі Ысмайл Хафизовқа мынадай сұрақтар қояды:

— Сіз бұрын Советтерге қарсы ұлтшылдық ұйымның мүшесі екеніңді мойындамадыңыз. Енді шындықты айтуға мәлімдеме жасадыңыз. Қәне, айтыңызшы?

— Мен 1936 жылдан ұлтшылдар ұйымына Оңтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Андижановтың айтуымен мүше болдым. Алға қойған мақсатымыз — Совет үкіметін құлатып, Қазақстанда капитализмді қайта қалпына келтіру.

— Қазақстанда ұлтшылдық ұйымының барлығын білдің бе?

— Андижанов маған ол ұйымды Қазақстан Орталық атқару комитетінің председателі Құлымбетов, Қазақстан халық ағарту комиссарының орынбасары Сәдуақас Байқадамовтардың басқаратынын айтқан.

Міне, осы тізімдегілердің бәрі де ұсталды. Оның ішінде Ж. Болатбаев та бар еді. Оған болар-болмас айғақтарды іздестіріп тауып алып немесе кейбіреулердің жауаптарын зорлап қыстырып, жазықсыз жанды ойда жоқта түрмеге қамады. Оның айыбын мойындатпай-ақ, «Үштіктің» қаулысымен соттайды. Нақақтан күйіп бара жатқан Жармахан Болатбаев әділеттілік іздеп И. В. Сталинге, Берияға, Вышинскийге әлденеше рет хат жазады. Ол Сталинге өзінің өмірбаянын айта келіп, коммунист ретінде ешқашан Устав талабынан ауытқымағанын, өзіне тағылған кінәнің ойдан шығарылғанын қынжыла жазады.

— Менің партиялық мәселемді қарауда да,— дейді ол хатта,— асығыстық байқалады. Аудандық партия комитетінің бюросында бірнеше адамның атын атады. Бірақ, олардың ісіне баға берген ешкім болмады. Бюроның шешімін де хабарламады. Осы нәрсеге таң қаламын. Өйткені біздің ісіміз бастауыш партия ұйымында талқыланбауы қалай? Сөйтіп, мен бюродан шыққаннан кейін 4—5 күн өтпей-ақ 10 жылға сотталдың деген қаулымен таныстым. Негізгі тағылған айып,— ұлтшылдық ұйымға белсене қатысқаным. Ол қандай ұйым? Оны кім ұстапты? Елге қандай зиян келтіріпті? О жағы белгісіз.

Одан әрі Ж. Болатбаев Ленин партиясының адал мүшесі екенін айта келіп, жазықсыз мойынға түскен ауыртпалықтан құтқарып, бостандыққа шығаруын өтінеді. Бірақ «Ұлы көсемге», Берияға және де басқа орындарға жазылған хаттар, өздері соттап, бұзылмастай белгі басқан облыстық, аудандық НКВД органдарына қайтып келеді. Олар «Үштіктің» төрелігі әділ, оны бұзуға ешқандай негіз жоқ» деп қайтара береді.

Сонымен қатар Жармаханның Тереңөзек ауданындағы № 5 ауылдың «Бидайкөл» колхозында сарыла күтіп отырған асыл жары Нағима да тыным таппай жоғары орындардан рақым күтті. Ярославл облысының Рыбинск қаласындағы түрмеде жазықсыз жапа шегіп жүрген жарына қолынан келген әрекетін жасап бақты. Бірақ, әділетсіздік өңмеңдерінен итеріп, ақиқатты ашуға жақындатпады. Қанша жыл көз жасын көл қылған қос жұбайдың бүгінгі тағдыры белгісіз. Сол кездегі 31 жастағы Жармаханның маңдайына тайдың таңбасындай басылған «халық жауы» деген өзінің ғана емес, туыстарының да алдынан талай рет шыққан болар. Асыл апа Нағима да талай ортада «халық жауының әйелі» аталып, ел бетіне имене қараған болар. Қайтсін, адам нені көрмейді, неге көнбейді?

**2. Әбдіғали Дүйсенов:**

Әбдіғали Дүйсеновтің ойында ештеме жоқ. Жас комсомол мүшесі ретінде аянбай еңбек етіп жүрген. Бір күнде басын қайғы бұлты торлады. Үйдегі семья мүшелерінің бойын үрей оты шарпыды. Әкесі Сұмағұлды «кулаксың» деп ұстап түрмеге жапты. Ол содан хабар-ошарсыз кетті. Шиеттей бала-шаға көзін алған көбелектей панасыз қалды. Алатаудай әкесінен айрылған олар жиырма бірдегі Әбдіғалиды пана тұтты. Жас жігіт мойынға түскен ауыртпалықты тапжылмай көтерді. Өзіне тапсырылған жұмысты мінсіз атқарып, ел байлығын молайтуға аянбай үлес қосты. Жастар арасында белсене жұмыс істеп, партия шешімдерін жүзеге асыруға ұйтқы болды. Ойда жоқта ол да ұсталып, қамалды. Оған Арал аудандық НКВД-сінің № 0022 ісінде мынадай кінә тағылды:

«Ә. Дүйсенов 1916 жылы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында № 20 ауылда туған. Халық жауы ретінде тұтқындалған байдың баласы. Ол 1933 жылы 10 жылға сотталып, лагерьден қашып шыққан, Арал қаласында тұрған. Ә. Дүйсенов Арал ауданында жойылған контрреволюциялық ұйымға мүше болып, Совет үкіметіне қарсы дұшпандық үгіт жұмысын жүргізгендігі үшін айыпталады. Сондай-ақ, ол халық жауы Құлымбетовті қорғап, айналасына жастарды топтастырып, контрреволюциялық жұмыс жүргізген».

Бұл жайлы 1937 жылы 20 ноябрьде мемлекет қауіпсіздігінің лейтенанты Миткевич Үштікке мәлімдеген. Сол күні Ә. Дүйсенов 10 жылға сотталған қаулы шығады. Оған Үштіктің мүшелері Демидов, Жүнісов және Стецюралар қол қояды. Сөйтіп, бір үйден екінші адам түрмеге қамалды. Артында анасы Кәбираш, інісі Салям, қарындасы Шәрипа шулап қалды. Оларға енді кім сүйеніш болады? Ол жағы ешкімді ойландырмады. Әкесі мен ағасының жазықсыз екенін сезінген сәбилер күнде сағына күтті.

Әбдіғали сол кезде жиырма бірдегі қылшылдап тұрған жас еді. Енді ғана кәмелетке толып, ел қатарына еніп келе жатқанда мойнына түрменің тұзағы ілініп, жас жүректің лаулаған жалыны лап етіп сөнді. Ол төменнен көрген қиындығын, көзге шұқыған әділетсіздікті қайтсем жеңем деп, ты-

нымсыз жоғары орындарға хат жазумен болды. Бүгін біз жас жігіттің жазған бір хатын жариялауды жөн көрдік.

Москва қаласы.
СССР ішкі істер халық комиссары

*БЕРИЯҒА*

Маған жазықсыз жала жабылды. Ақтөбе облысының УНКВД-сының жанындағы Үштіктің 1937 жылғы 20 ноябрьдегі қаулысымен сырттай он жылға сотталдым. Бұл қалай? Жазықсыз мен осылай түрменің түкпірінде кете берем бе? Ол жайында мынаны айтсам да жеткілікті. Мен 31 октябрьде қамалдым. Қандай қылмыс жасағаным белгісіз. Бірде Арал аудандық НКВД-сінің тергеушісі Моисеев тергеу жүргізді. Қолында суық қару. Ауық-ауық желкемнен қаруын тақап қойып, үсті-үстіне сұрақ қояды. Менің ойымда жоқ кінәлерді айтып, осыны мойындайсың дейді. Оның айтуы бойынша мен Ұлы Отаныма қарсы үгіт жұмысын жүргізіп, еліміздің басшы органы СССР Жоғарғы Советінде негізгі рольді жұмысшылар емес, кулактар атқарып отырғанын айтқан сияқтымын.

Сондай-ақ, мен халық жауы Қуатбай Бақтыбергеновпен байланыс жасап, контрреволюциялық топтың қатарында болыппын. Бұрын кулактың баласы болғандықтан сотталыппын. Комсомолдық документті заңсыз пайдаланыппын.

Міне, маған тағылған кінә осы. Ол рас па, әлде жалған ба? Оны дәлелдейтін қандай айғақ бар? Онымен тергеуші Мойсеевтің жұмысы болмады. Ол менен жауап алған бес минуттың ішінде, барлық ойдан шығарылған айыпты үйіп-төкті де, сен кінәлісің дегендей ызғар танытты. Айыптау қорытындысында маған айтылған жалған, ойдан шығарылған айыптар жазылды. Оны Үштік қолдап, қаулы шығарды.

Арал аудандық НКВД мен УНКВД Үштігінің маған жаққан күйесі шындыққа жанаспайды. Өйткені, мен Отаныма қарсы еш уақытта бөгде сөзді тілге тиек еткен емеспін. Қайта Арал аудандық партия комитетінің белсенді насихатшысы атандым. Колхозшылардың арасында бірнеше рет болып, даңқты жұмысшы табының ролі мен ерекшеліктерін, сталиндік конституциядағы жұмысшы орнын мақтанышпен айттым.

Халық жауы Қ. Бақтыбергеновті аудандық Совет атқару комитетінің председателі ретінде білемін, ал оның жасаған қастандығын көрген жоқпын, байланысым болған емес. Мен тергеушінің сөзінен Қазақстанда контрреволюциялық топтың бар екенін алғаш рет естіттім. Оған Қ. Бақтыбергеновтің мүше екенін де сонда білдім.

Мен жиырма бір жасқа енді шықтым. Өмірді енді көріп, біліп көз ашқанда басыма қиын іс түсті. Тіпті қылмысты қолыңмен жасап, мойныңмен көтерсең қиналмас едің-ау. Жазықсыз тағылған кінә жанымды жегідей жейді.

Менің ата-бабамда ешқандай ерекшелік болған емес. Әкем ақ сирақ кедей болды. Совет өкіметі орнағаннан кейін советтік сауда орындарында қызмет істеді. Ол бай болды деген жалған сөз. Сондықтан мені де байдың баласы деуі шындыққа жанаспайды. Ес біліп, өзіме-өзім келгеннен бері сотты болған емеспін. Ал, менің әкем бай бола қалған күнде «әкесі үшін баласы жауап бермейді емес пе?».

1931 жылы комсомол қатарына Қырғыз ауданында қабылдандым. Содан бері белсене еңбек еттім, ешқандай ескерту алған емеспін. Маған берілген документтерді пайдаланатындай оғаштық болған жоқ. Сондықтан маған тағылған айыпты мойындамаймын. Ол жайлы кезінде тергеушіге де айтқанмын. Өйткені, мен халық жауы емеспін. Бұл қойылған кінә жалған, ойдан шығарылған.

Енді менің айтайын дегенім мынау: өсекші Мырзабай Нұрманов мені қаралау үшін сыртымнан өсек-аяң таратқан. НКВД маған таққан кінәнің негізін осы М. Нұрмановтың өсек-аяңының негізінен алған. Оның маған жала жабуының да өзіндік сыры бар. М. Нұрманов «Сазды» колхозында бухгалтер болып тұрған кезінде, оның қоғам мүлкін талан-таражға салған қылмысы менің айтуыммен ашылған болатын. Енді ол менен өш алу үшін қолдан келген мүмкіндікті іздестіріп, жан-жаққа жанталаса шапқан. Өсекшілер не десе о десін, мен ешқандай Ұлы Отаныма жау болған емеспін, болмаймын да, қайта Ленин-Сталин мен коммунизм ісіне адалмын. Оны менің қысқаша өмірбаяныммен таныссаңыз білесіз.

1916 жылы кедейдің семьясында дүниеге келдім. 1924—36 жылдары Ырғыз жетіжылдық мектебін, Семей қаласындағы финанс техникумын, Ташкент қаласындағы Сталин атындағы Орта Азия ауыл шаруашылығы мектебінің II курсында оқыдым. Содан кейін түрмеге қамалғанға дейін Арал аудандық финанс бөлімінің меңгерушісі және Арал мемлекеттік балық тресінің комсоргі болып істедім. Ақыр аяғында жазықсыз жаланың қармағына іліктім. Бұл күндері Углич қаласында түрменің қапасында отырып, денсаулықтан айрылып, тірі кәріп болдым. Өкпеге жабысқан құрт ауру еңсені көтертетін емес. Енді маған сағат сайын ажал қаупі төніп тұрған сияқты.

Мен Октябрьдің құрдасымын. Еліміздің бақытты жастарындай бостандықта жүріп, еңбек етіп, өмір сүргім келеді.

Ауылда да тағатым жоқ... Панасыз алты жан қалай күн көріп жатыр екен? Олардың ішінде еңбекке жарайтындары да жоқ. Азамат бастық Берия сізден Үштіктің жалған шешімін бұзып, мені бостандыққа шығаруыңызды өтінемін. Сізден тағы да өтінемін. Октябрьдің құрдасы мені және бақытсыз семьямды аяңызшы! Мен Отан алдында кінәсізбін, сондықтан түрмеден құтқарыңызшы!

ДҮЙСЕНОВ ӘБДІҒАЛИ; УГЛИЧ ҚАЛАСЫ.

Менің хатымның қортындысын мына адреске, семьяма хабарлауыңызды өтінемін:

Арал қаласы, Куст № 7, үй, № 60».

Жас жігіт осылай зарлап жылап хат жазған. Әрбір сөзінде өмірге деген құштарлық, нақақтан жабылған жалаға деген күйініш сезімі тұр. Бірақ, қанша егілгенмен, жоғарыдағы «жарылқаушыларынан» үміт күткенмен, оны көретін көз, рахымшылық жасайтын ешкім болмайды. Төрт бұрышты хат алыс жолды шарлап, қайтадан бұрынғы тергеушілерінің қолына оралып отырды.

Мұндай жағдай ол кезде бір ғана Ж. Болатбаев пен Ә. Дүйсеновтің басында болған жоқ, жүздеген жазықсыздар азап шекті. Жан-жаққа әділеттілік күтіп хат та жазды. Бірақ әділеттіліктің отын өшірушілердің беделі үстем болды.

Иә, ол кезең сондай асыра сілтеудің кезеңі еді ғой.

*Әбдібай УӘЛИЕВ.*
Қызылорда қаласы.
(Облыстық *«Ленин жолы»* газеті,
1988 жылғы 28
желтоқсан).

## ӨЛІМ ОҒЫ ТИМЕЙ; АМАН ҚАЛҒАНДАР

**Осы әңгіменің екеуін де қызылордалық Орынбасардан естіп едім. Ол кісі — ел-жұртым деген, көкірегі ояу азаматтардың бірі.**

— Сонау отызыншы жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргінді, ату-асуды өз көздерімен көрген көне көз қариялар бүл күндері жоқтың қасы,— деді ол.— Ауыл адамдарымен жиі араласатын болған соң әне бір жылдары осы өзіміздегі Казристе туып-өскен, сонда дүние салған бір ағайынның үйінде шай ішіп отырдық. Оңашалау едік. Шал қартайғанын, кедейшіліктен өмірде көп қиындық көргенін айтты. Бірақ, қарақан басым үшін адамға жамандық жасағаным жоқ, қайта қолымнан келсе болысуға тырыстым. Дүние деген не тәйірі, ол қолдың кірі ғой. Бәрінен де қымбат нәрсе — мына жарық дүние ғой. Адамның да адамы болады екен. Осы ғұмырымда соған көз жеткіздім».

Байқап отырмын, қарияда бір терең сыр бар секілді. Ол кісінің әділ сөйлеп, әділ жүретінін жұрттың бәрі біледі. «Мен өйттім, мен бүйттім» деп гүмпілдегенді жек көріп, құр бекерге даурығып, кеңірдек кергендер тобынан жылыстай беруші еді. Айналдыратыны өзінің азғантай ғана қоңырқай шаруасы болатын. Сол арада «осы кісі сол сұмдықтардан бір жәйттерді біледі-ау, Қарауылтөбе мен Казрис арасы қашық емес қой. Сұрастырып көрейінші, не айтар екен» деп ойланып жүрген мүддағама ойыстым.

— Аға, жаппай репрессия кезінде мына Қарауылтөбеде де адамдарды атты дейді. Сіз одан не білесіз?— дедім мен бір аралықта.

Шал бетіме бір қарап алды. Сол кездегі қызыл империяның қылышынан қан тамған қаһары әбден үркек боп қалған кәрі жүректі тағы бір дір еткізгендей болды ма қалай, жанары жылжып кетті. Сөйтсе де сәл ғана кідіріп барып:

— Түнгі мылтық даусы, өлім алдында жантәсілім еткен адамдардың ышқына шыққан азапты айқайлары ұзаққа кетеді. Мына Қарауыл-төбеге бейкүнә адамдарды дүркін-дүркін топтап әкеліп атқанда оны талай естіп жаттық,— деді ол алғашқы қалпынан біршама түзеле түсіп, ауыр күрсініп қойып.— Бірде қоңыр күз болатын. Осы Казристің батыс жақ бетінде мың торғай қамасаң бірі тұрмайтын жыртық-жыртық жаман киіз үйімізде отырған болатынбыз. Кешкісін болмашы сұйық көжемізді үй-ішімізбен бөле-жара ішіп, енді жатқалы жатыр едік. Гүрсілдеген мылтық, жанұшыра шыңғырған адамдар дауысы естілді. «Тағы атты-ау, иманды болыңдар, қайтейік» деп бетімізді сипадық. Сонан кейін де ара-кідік мылтық дауысы шығып жатты. Шалажансарларды жендеттердің осылайша екінші қайтара атып шығатын әдеті бар.

Дала тас қараңғы. Ошақтағы оттың шоғы сөне бастады. Бір кезде есіктен біреу апыл-ғұпыл кіргендей болды. «Бұл кім-ей» дедім басымды төсектен жұлып алып. «Ағажан, қашып келемін, мені жасырыңыз, әйтпесе өлдім» деді ентіккен дауыс әзер-әзер демалып. Орнымнан қалай атып тұрғанымды білмеймін, тұла бойым қалш-қалш етті. Бейбақты қайда тығарымды білмеймін, қатты састым. Бір жақсысы, жаңбыр жауса су болып қалмасын деп жыңғыл-шеңгел, қамыс-памыстан әжептәуір ғып босағаға кіргізіп қойғанмын. Содан бір уыс қамыстан сөніп бара жатқан шоққа тастап едім, үйге шамалы жарық берді. Алдымда әруақтай арып-ашқан, үстінде жыртық-жыртық жеңіл киімі бар, қазақы бетті, қас-қабақты, қырықтар шамасындағы адам тұрды. «Мынаның астына кірмесең, басқа амал жоқ» дедім сыбырлап қана отынды нұсқап. Ол дереу шеңгелмеңгеліне қарамастан бір уыс болып отынның астына кіріп кетті. Мен отынды қобыраңқыратып қойып, қайта жаттым.

Шамалы ғана уақыт өтті ме, өтпеді ме, үйге әйшайсыз екі солдат кіріп келді. Мылтықтарын кезеніп алған. «Жаңа ғана осылай қарай бір адам қашып кетті. Оқ тимепті» деді әлгілер жарыса сөйлеп. «Мына отына бір нәрсе тасташы, көрейік» деді. Ішім әлем-жәлем. Қашқын осы үйден табылса (оның үстіне жасырып қойдым ғой) онда мен де атыламын, заң солай. Құрыған жерім осы

шығар деп, бірақ сыр бермей, жай қимылдап орнымнан тұрып, отын жаққа барып бір уыс қамыс алып жатырмын. Қолыма шеңгелдің тікені кіріп кеткендей болып, ойбайлап, «Көресімді осы шеңгелден-ақ көрдім-ау, бұл бәлені қай құдай жаратты екен, аюдай тікен» деп безек қағып қоямын. Сөніп бара жатқан шоқты үрлеп әлгі бір уыс қамысты жақтым. Шамалы жарық болды. Ол кезде үйде не дүние болсын, бәрі көз алдарында, ашық-тесік. Үрпиген бала-шаға. Отынның түрі әлгі, соны істіктерімен піскілей ме деп жаным шығып тұр еді, құдай сақтағанда олар оны істемеді. Тікеннің астында адам қалай жатады деп ойлаған болу керек, оған жүгірте назар салды да шығып кетті. Қайта жаттық. Енді не болар екен деп ойлап жатырмын. Сыртта тұрып бізді аңдулары да мүмкін ғой солдаттардың. Жоқ, олар ұзаңқырап барып бір-екі рет оқ атты да жоғалды.
Бір кезде отынның астында жатқан адам қозғалып, түрегелгендей болды. «Аға»,— деді сыбырлап қана,— мен кетейін, бұл жақсылығыңызды өмірде ұмытпаспын». Аш екенін, киімінің не түрде екенін жаңа көргенмін. Сосын әйелім екеуіміз үйдегі киюге жарайды деген бар киімімізді үстіне кигізіп, ертеңгі шайға қалған нанды шүберекке орап, беліне байлап беріп, тас қараңғыда шығарып салдық. Кетерде «Шырағым, бар қолымнан келгені осы, аман болуыңа тілектеспін, жолың болсын» дедім. Ол тез қоштасты да қараңғыға сүңгіп кете барды.
Келесі жылдың қара күзінде де сол орнымызда отырған болатынбыз. Бір күні кешкі қараңғылық әбден қоюланған кезде есік алдына көлікті біреулер келіп, аттан түсіп жатқандай болды.
«Аға» деді біреу сәл дауыстаңқырап. Сыртқа шықтым. Басына тымақ, үстіне қалың күпі киіп, белін буынған мығым денелі, орта бойлы адам аттан түсіп, шылбырын қолына ұстап тұр екен. Жанында қоспақ түйе тұр, оның үстінде бір адам отыр. «Аға,— деді әлгі адам.— Мен былтырғы өзіңіз өлімнен құтқарған iнiңiзбiн ғой, жолдан әдейі бұрылып келдім. Ана отырған кісі менің әйелім, келініңіз. Сіздерге келіп сәлем беру — өмірлік парызым, алла қосса әлі көрісерміз. Мынау сіздерге арналған шай-қант, тауар, киім-кешек». Аттағы, түйедегі қоржындардан бірталай зат түсірді. «Ойбай, шырағым, аман екенсің ғой, аллаға разымын, өздеріңе де керек болар, алмаймын» деп азар да-безер болдым. Оным — шынымтұғын. «Алыңыз, аға, ал біз кеттік, құдай баршамызға амандық берсін» деді де, атына жедел қонып, басқа ләм-мим деместен түйені жетектеген күйі қою қараңғылыққа шомып шығысқа қарай жөнеп кете барды.
Сол кеткеннен күні бүгінге дейін ол ерден хабар жоқ. Нендей жағдай болды, бір құдайдың өзі біледі. Атын да, затын да сұрай алған жоқпын,— деп қарт бүк түсіп отырып қалды.

* * *

— Бірде Шымкент облысының батыс жақтағы ауданына құда-жекжат болып бардық,— деді Орекең.— Бұл да алпысыншы жылдардың шамасы. Қауышып, мәре-сәре болып жатырмыз. Күнде екі-үш үй қонаққа шақырады. Сондай шақырыстың бірінде мен ауыл қарияларымен табақтас болдым. Байқаймын, табақтас бір қарияның оң қолындағы басбармағы түбінен жоқ. «Әртүрлі жағдай болады ғой» деп ішімнен ойласам да, сол басбармаққа еріксіз көзім түсе берді. Адам сезімтал ғой, әлгі кісі мұны байқаған болу керек, маған да ауық-ауық назар сала бастады. Ақыры шыдамады білем: «Біздің басымыздан не өтпеді дейсіздер, алдымен оқтан аман қалып, кейін Сібірдегі тозақтан жарымжан күйде елге де жеттік ғой»— деді бір ұзақ әңгіменің желісін босатып,— «Көресіңді көрмей көрге кірмейсің» деген екен баяғыдағылар.
Қарапайым шаруа болсам да не жазғанымды қайдан білейін, отызыншы жылдардың басында Кеңес үкіметіне қарсы әрекет жасады, Жапония жансызы деген айып тағылып, үштіктің үкімімен атылу жазасына кесілдім. Бір күні түнде сол жазаны орындау үшін мен сияқты көптеген бейбақтарды ататын жерге алып барды. Қыстың бас кезі еді. Ор қазып қойған екен. Басбармағымызды қатты сыммен байлап, бір-бірімізге көгендеп қойды. Өлім мен өмір ортасында тұрып басбармақты сымнан шығарып алуға болар ма екен деп байқап көрсем, ол міз бағатын емес. Қатты байланған, әрі буын сүйектері жібермейді. «Жендеттер мұны қалай ойлап тапқан» деп оқ тимей тұрыпақ денем мұздап, көзім қарауытып кетті.
«Атыңдар!»— деген әмір берілген сәтте винтовкалар гүрсілдеп қоя берді. Бір-біріне мықтап байланған сорлылар «аһ» ұрып, жан дауыстары шығып кеткені ғой, оқтың тиген-тимегенін білмеймін, мен де қалпақтай ұштым. Байқаймын, оқ тимеген секілді. Жендеттер сонау бас жақтағы адамдарды екінші қайтара атып келеді екен. Жанымдағы адамның қолы жыбыр еткендей болды. Мен де қолымды сәл жыбыр еткіздім. «Тірісің бе, сым байланған басбармағымды тез түбінен шайнап жұлып таста,— деді әлгі адам жәйімен ғана сыбырлап,— мен де сүйтемін, қашамыз» деді.
Көп ойланып жататын уақыт жоқ. Адамға жан тәтті екен, басбармақты түбінен азуға салып пашыр еткіздім. Бірден жұлып түсе алмадым, азуға екінші салғанда жұлып алдым-ау, әйтеуір. Өлімдес «көршім» де осылайша қолын босатқан екен, дереу атып тұрып тауға қарай қаша жөнелдік. Тастай қараңғы ғой, артымыздан атылған оқ дарымады. Сол безгеннен безіп отырдық. Бір жерде сәл аялдап, үстіміздегі киімнен шүберек жыртып алып қолымызды байладық. Күндіз тауға жасырынып, түнде жүріп отырып терістік бетке шықтық, ашпыз, әбден жаурадық. Әй, ку шыбын жан-ай!
Сөйтіп келе жатып бір қалың қамысты табанға түстік. Әл құри бастады. Қамысқа бойлап кіргеніміз сол еді. Қайдан шыққаны белгісіз, екі-үш адам бізге тап берді. Қолымызды артымызға қайырып, жартылай жерден қазылып, үсті қамыспен жабылған кепесымаққа әкелді. Онда біраз адам отыр екен. Бәрінің де сақал-шаштары өскен,

өңдері құп-қу, жүдеу. Ал, келіп бәрі жабылып бізді тергесін. «Бұлар біздің ізімізге түсіп жүрген қызылдардың тыңшылары, өлтіру керек» деді көпшілігі шынымен сұстанып. Біз өзіміздің бастан кешкенімізді айтып жалбарындық. Тек оралған қолымызды, бармақтың жоқ екенін көрген соң ғана әлгілер тынышталды. Сөйтсек, бұл байғұстар да біз секілді өлімнен әртүрлі жолдармен қашып құтылып, осы елсіз қу мекиен далада жасырынып жатқандар екен.
Аштан өлмес үшін аң аулап, жақын маңдағы ауылдардан мал ұрлап әкеліп, бір-екі айдай жүдеп-жадап жатқанымызда бір күні үстімізге қызыл әскер сау ете қалды. Түгелдей тұтқындалдық. Қайта сот болды. Көпшілігі атылды. Шамалы ғана адам Сібірге айдалдық. Ондағы көрген азапты айтып тауыса алмаймын. Алла жар болып, әйтеуір елге жеттік қой. Мына құда бала менің қолыма көз сала берген соң айтып отырмын мұны. Осылай, шырағым...
Құдайға шүкір, қазір егемен ел болып отырмыз. Қарғыс атқан қызыл империя халқымызға зор нұсқан келтірді, енді ел болуға ұмтылғанымыз жөн. Тыныштық болсын, береке-бірлік болсын! Қария осылай деп сөзін аяқтады. Тым-тырыс қалған көпшіліктің бірі менің де көз алдымда сол сұрапыл жылдардың қайғы-қасіреті көпке дейін елес беріп тұрды.

*Ақберген Ержан.*
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті,
1997 жылғы 20 наурыз.)

## АЯҚҚА ТҰСАУ ТҮСЕ САҚТАП ЕДІ...

Кешегі герждоттік, голощекиндік және сталиндік зұлмат жылдарында біреуден біреудің өш алуының ең оңай жолы — сыртынан «мынау халық жауы» деп сыбырлау болғаны рас. Керек десе облысымызда 4 мыңнан астам азамат репрессияға тап болып, солардың жарымына жуығы атылса, немесе жер-сібірге айдалып, НКВД түрмелерінде шіріп өлсе — бұған кіналы көбінекөп ауылдық жерде біреуден біреу өш алмақ болып, сыртынан ғайбаттау арқылы құрбан болғаны, ондайлар ешқандай «жоғарыдан» келген бұйрық-жарлық құрбаны болмағаны айқын. Бұл сөзімізді дәлелдеу үшін сондай сырттан ғайбат сөйлеу «дәмін» тата сақтап, аяқтарына құрық әрең түспей қалған бірер азамат жайлы сыр шертіп көрелік.
Тереңөзек қыстағы, Нағи Ильясов атындағы көшенің № 30 үйінде тұратын зейнеткер Тұрсынбек Сәдуақасов айтады:
— Мен туып өскен бұрынғы «Қарасу» деген колхозда Жақан Сағымбаев деген аққөкірек, аңқылдап сөйлейтін, бірақ сауатсыз кісі болды. Ауылдағы бір белсендіге оның ашық айтқан ақеден сөздерінің бірі ұнамай қалса керек. Сол ауыл белсендісі ауданнан келген өкілмен «тіл» табысады да, соның қолымен Жақанды құртқысы келеді. Өкіл әлгі Жақанды кабинетке шақырып алып, қолына хат берген. Әрине сауатсыз Жақан онда не жазылғанын қайдан білсін. Аудан орталығындағы бір аты мәлім азаматқа апарып бересің депті. Жақан ол адамның адресін есінде сақтап, атыжөнін сыртынан біліп, аудан орталығына тартып отырған. Бірақ жолшыбай біздің үйге соғып, сусын ішіп кетпек болады да, ат басын біздің үйге бұрады. Біз сол «Қарасу» колхозы мен аудан орталығының екі ортасында мал жайымен отырған болатынбыз. Жақан ауданға не үшін бара жатқанын айтады да, әкеме хатты көрсетеді. Әкем бәріміздің көзімізше хатты ашып оқыды. О тоба! Онда былай деп арабша жазылыпты: «Осы хатты апарушы — халық жауы, соттауға жатады». Солай деп жеті ғана сөзден тұратын хатты жазып, оның артына иректеп қолын қойып, аудан жендеттерінің біріне апарып беруді сол сотталуға тиісті кісінің өз қолына тапсырған.
Мұны есітіп Жақанның үрейі ұшты. Арабша жазылған хатты жыртып-жыртып, біздің көзімізше отқа тастады да, ауданға емес, Өзбекстан қайдасың деп тартып отырды. Сол Жақан Сағымбаев саяси қуғын-сүргін бітіп, ел тынышталған соң елге келді де, 1954 жылы өз ажалынан өлді. Егерде ол сол сапарында біздің үйге соқпай, бірден аудан орталығы — Тереңөзекке тартып отырғанда, жендеттің қолына түсіп опат болатын еді... Қазір сол Жақанның бейіті біз отырған Ильич атындағы, қазіргі Ақжарма ауылы территориясында тұр,— деп Тұрсынбек ақсақал қызықты әңгімесінің бірінші бөлімін аяқтадым дегендей, алдындағы кесесін қолына алып қою күрең шайдан бір ұрттап қойды.
— Асан Құрманәлиев деген тағы бір қарасулық азамат та жендеттер құрығына әзер ілінбей қалды,— деп Тұрсекең әңгімесін онан әрі жалғастырды.— Сол Асан 1946 жылы, соғыстан кейінгі ауыртпалығы мол, әлі аштық зардабы кете қоймаған жылда егіні орылып алынған бидай аңызынан масақ теріп, үш кесе дән жинап алыпты. Сол үш кесе бидайымен Асан ауыл әкімінің, онда да екі арасы дүрдараз болып жүрген, ет жақын туысының қолына түсіп қалады да, ол мұны «ұры» деп жамандап, заң орнына хабарлайды. Соны соттауға Кәмранбай деп аталатын сот келіп, Асанды соттамақшы болды. Ауыл адамдары Асанды аяп, бостан-бос күйіп бара жатқанын білсе де, ашық айта алмай, соны ұстатқан ауыл белсендісін атарға оғы болмай, сыртынан балағаттаумен болды. Бірақ қолдан келер не дәрмен бар. Сонымен аулымызға сот келді. Қасында Байжиенов Сқақ деген сот хатшысы, Ұлбосын Елкеева деген сот орындаушысы бар екен. Сол Ұлбосын менің әкемнің бал-

дызы, яғни маған нағашы апа ретіндегі келіншек еді. Мен арқылы Ұлбосын Асанға көрінеу бөле салынып отырғанын, үш кесе бидай аңыздан масақ теру арқылы ертеден кешке дейін жүріп әрең жинаған дән екенін біліп алды. Сіра ол сот хатшысы Сқақ Байжиеновке де бұл қабарды жеткізіп үлгірсе керек.

Сот құрамы мәжіліс басталар алдында бір үйге кіріп, жеңіл шай ішуге кіріп кеткен сәтте сот хатшысы Сқақ Байжиенов мені оңаша шақырып алды да:

— Анау соттың атының дорбасын ерінің басынан ал да, тура жарты бүт бидайды салып, атына іл. Тез! Бір керегі болғалы тұр,— деп сыбырлады. Мен нағашы апайым Ұлбосынға жалт қарап едім, ол айтқанын істе дегендей, иегімен белгі беріп өте шықты. Сот мәжілісі ашық сот ретінде өткізілмекші болып, кішкене столға қызыл шүберек жабылып, сот басталып та кетті. Мен не болар екен деп біресе Сқаққа, біресе Ұлбосынға жалтақ-жалтақ қарап, аңтарылып тұрмын.

Әрине Асан үш кесе бидайды ешқайда ұрлап алмағанын, аңыздан масақ теріп, күнді ұзаққа жүріп, әрең жинап алғанын айтып, зарлана беріп еді. Тап сол сәтте судья Кәмранбай үкімін айтпақ болып, орнынан созалаңдай тұра берді.

— Әй судья жолдас, сәл сабыр айлаңыз,— деген Сқақ Байжиеновтың даусы саңқ ете түсті.— Үкіміңізді шығармай қоя тұрыңыз. Тап қазір сіздің атыңыздың дорбасында сегіз килограмм колхоз бидайы тұр. Оны сіз қырманнан алып, атыңызға іліп қойып отырсыз. Егер Сіз үш килограмм масақ бидайы үшін Асан Құрманәлиевті соттамақ болсаңыз, алдымен өз ұрлығыңыз жайлы өзіңізді өзіңіз соттайтын болыңыз. Сот хатшысы ретінде, мен соны талап етемін. Егер мұны тыңдағыңыз келмесе, мен көшпелі сот мүшесі ретінде, көргенбілгенімді айтып, облыстық сотқа үстіңізден шағым түсіремін.

Бұл айқай Кәмранбай соттың үрейін алды да, Асанды ақтап жіберді. Сқақ Байжиеновке жалбарынып, Кәмранбай сот оның аяғына жығылды... Мәселенің анығына келгенде осы ашық сот мәжілісі Ізмағамбет Берікболов деген колхоз бастығының үйінде, халықтан таса жерде өткізіліп, Асанды бірден су түбіне жібермекші болған екен. Ізмағамбет Берікболов кейін халық қаһарына ұшырарын біліп, сот мәжілісі болатын күні бір жаққа жылыстап кетіпті де, әйелі Жамалға «соттарды үйге жолатушы болма» деп тапсырады. Айтқанындай, үш кісіден тұратын ашық сот құрамы есік алдына келе бергенде, Жамал үйден шықпай қойған. Мұның бәрі ойластырылған тірлік екенін білмеген сот хатшысы Сқақ Байжиенов сол арада мынандай өлең жолдарын жазып, колхоз бастығының үйінің жабығынан ішке тастап кетіпті.

> «Аулыңа біз де келдік Берікболов,
> Соттардың бастығына серік болып.
> Өмірзақ үйге келіп айтты жағдай,
> Әйелің шықпай қалды көрік болып.
> Өзі де төл беруге ыңғайлы екен,
> Жылма-жыл туа берсін өнік болып...»

Бұл екі әңгімені айтқан Тұрсынбек Сәдуақасов ақсақал қазір жетпісті алқымдаған кісі. Ал мынау екі оқиғаны бастан өткізген зұлматты жылдарда ол 11—12 жастағы науша бала болыпты.

## ШЕР-ШЕМЕН.

Қапасқа түскендер статистикасы сан тарау соқпаққа салады. Қолыма іліккен айғақтардан топтастырғанда, жазықсыз жазаланып ақталған жерлестеріміз әзірге 62 адам. Он бір ұлттың өкілі арасында 21 қазақ, 19 орыс, неміс пен латыш — төртеуден, украин — бесеу, поляк пен эстон, татар — екеуден, еврей, белорус, кәріс — біреуден ұшырасты, Жапа шеккендердің үшеуі әйел. Бірі — неміс, екеуі — қазақ. Айыпталғандардың тоғызы осында жер аударылып келгендер.

1930 жылы бес жылға айдалған 28 жастағы эстон жігіті Освальд Янович Остмейнгке контрреволюциялық үгіт жүргізді деген айып тағылды. Кәсібі — киномеханик. Дәл осындай кінәмен 1935 жылы 47 жастағы жұмысшы Семен Прылович Гарусов 3 жылға сотталды. Бұлар шынымен Кеңес саясатына ашықтан ашық шықты дегенге мүлдем сенбейсің.

Әбжыландай ысқырған 1937 жыл жағалау жұртшылығын қатты шошынтты. Арал атырабынан жазықсыз жапа шеккен 62 адамның 34-і атылған. Бұл деректер кінәсіз жандар түгіл, көлденең көк аттының өзін күңірентпес пе? Солардың ішінде иманын өзі үйірген 15 қазақты азалаған мәңгі жоқтаудан еріксіз егілер едіңіз. Атылғандар арасында бұларға қоса мұсылмандардан екі татар бар. Орыстар 10, неміс пен украин —2, белорус, еврей, поляк, украин, кәріс — біреуден. Тағы да жүйелей түсейік, абақтыға айдалғандардан 1937 жылы атуға 24 адамды, (он төрті — қазақ), 10 жылға 5 адамға (екеуі — қазақ), 1938 жылы атуға тоғыз адамға (біреуі — қазақ) жедел үкім шығарылған.

«Қанына тартпағанның қары сынсын» дегендей, енді бауырларымыздың тағдыр талайына ойысалық. Жадыңызды жаңғыртсақ, олардың саны жиырма бір. Алдымен кебенек кигендерден бастайық.

1937 жылы татар молдалары Сүлейменов Сатулла, Латыцов Шарафутлин атуға жазаланды. Тағылған айып «діни қызмет түрін пайдаланып, Кеңеске қарсы үгіт, жауыздық бүлдіру әрекеттерін жүргізді» делінеді.

Ал, 1916 жылы туған Нұржанов Сенбінің 1944 жылғы 18 наурызда әскери тұтқын ретінде «немістерге жәрдемдесті» деген айыппен 10 жылға сотталғаны түсінікті жәйт. Күні кешеге шейін оларды су жүрек сатқындар қатарында танып келдік. Немістен көрген азаптан Отанда күткен азар кем соққан жоқ. Кеңестік патриотизмнен суынған жүрегіміз әскери тұтқындарға енді ғана жіби бастады. Осының бәрі сұрқылтай саясаттың нәтижесі. Әйтпесе, 35 жастағы қарапайым колхозшы Исмағұлова Төте (мүмкін Тоты, Тәте болар) мен балық зауытының жұмысшысы Шалабаева Қатираны ері Отанға опасыздық жасады деген желеумен бірін 1946, екіншісін 1943 жылы 5 жылға ботадай боздатып абақтыға жабар ма?!

Арсыз айыптаулар төбе құйқанды шымырлатады. 66 жастағы Байшораев Айтмағамбетті 1937 жылғы 9 қазанда «зиянкестік әрекеттер жасағаны үшін» деп, оның құрдасы Орынбасаров Құрманды сол жылғы 20 қарашада «ұлттық насихат жүргізгені, революцияға қарсы ұйымдарға мүше болғаны үшін» деп, 63 жастағы мүгедектер артелінің меңгерушісі Дүйсенов Смағұлды «террорлық сипаттағы сөздерді және революцияға қарсы ұйымның бұрынғы мүшесі болғаны үшін» деп жазаның ең ауыр түрі — атуға соттағаны төбе шашыңды тік тұрғызады. Кеңес заманының шатшәлекей өзгерістеріне әзер ілескен, төрінен көрі жуық кісілерді осылайша ауыр жазаға тарту кімге қажет болды екен? Керек десе алпыс тоғыз жастағы малшы Тәжіғұлов Жандәулетке 1937 жылғы 29 тамызда «Кеңес өкіметіне қарсы қарулы әрекет жасады» деген жасанды айып тағылып, атуға үкім шығарылғанын қайтерсің!

1937 жылғы 20 қарашада 15 адамның алтауы, 6 желтоқсанда екеуі өлім жазасына кесілген. Жұмаш Белісбаев, Күнеке Құрманов, Бәкеш Сәркеев, Сақтаған Жүсіпов 1937 жылғы 20 қаңтарда «революцияға қарсы контрреволюциялық әрекеттерге барды» деген, Есет Қарақұлов, Өмірзақ Елекбаев 1937 жылғы 6 желтоқсанда «контрреволюциялық әрекеттер жүргізді» деген жаламен атылған. Кейбір қара жұмыстағылар да осындай ауыр жазаға тап болған. Мәселен, тауар ауласының күзетшісі Ысқақ Тілеубергенов 1937 жылғы 22 қаңтарда «антисоветтік бүлдіру әрекеттері үшін», жұмысшы Өтепберген Тұрымбетов сол жылғы 15 қыркүйекте «контрреволюциялық бүлдірулерге қатысқаны үшін», колхозшы Мергенбай Баймұратов сол жылғы 20 мамырда «колхозға қарсы үгіт жүргізгені үшін» деген жалалы айыптаулармен атылып кеткен.

Арал өңірінен қамауға алынған 62 азаматтың 34-і атылған. Сол отыз төрт азаматтың 15-і қазақ. Нұрмағамбет Қосжанов деген азамат қамалар алдында «Пятилетка» деген артельде ағаш ұстасы болып істепті. Ол 1937 жылғы 29 тамызда «революцияға қарсы үгіт жүргізді» деген айыптаумен атылып кеткен. Ол ақын жанды адам еді, Шора батыр жайлы дастан, Сартай туралы қисса жазған. Түрмеде жатып жазған бір хатында қапастағы бұлбұл былай деп еді:

«Досы бар елде дұшпан бар,
Дос жүрме көңілің жаралап.
Дұшпанның ісі әрдайым,
Сырттан жүрер табалап,— деп налыған-ды...

Иә, не айтары бар, 1937 жылғы репрессия халықтар жүрегіне өшпес із қалдырып кетті ғой.

*Жаңабай КЕМАЛ,*
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**
Арал қаласы.
(Облыстық *«Сыр бойы»* газеті,
1997 жылғы 15 мамыр).

## ҚҰРМЕТТІ АҒА ЕДІ...

1920 жыл Қармақшы ауданы үшін де ерлік істерге, елеулі оқиғаларға толып жыл болды,— деп жазылған халық депутаттары аудандық Кеңесінің мағлұматтарында.— Ер есімі — ел есінде. Қармақшыда Кеңес өкіметін орнату жолында белсенді күрес жүргізген партия, Кеңес қызметкерлері Хамза Жомартов, Мәлік Мәжіғұлов, Мырзахмет Құлтасов, Таппай Құлқашев, Ілияс Егізбаев, Ізтілеу Мүсірбаев, Үсен Томанов, Тұңғышбай Сегізов, Баймахан Ибрагимов, Ыбрай Қасымов, тағы басқа азаматтардың есімін ел мақтанышпен атап, әрдайым қастер тұтып отырады. 1920 жылы Қазалы уезі, Сырдария болысына қарасты ауданның алғашқы болыскомының төрағасы 1918 жылдан Кеңес жұмысына белсене қатынасқан аяулы азамат Тырнақбаев Жылкелді болды.

Міне, осы азаматтардың ішінде Тырнақбаев Жылкелді туралы жинаған бірқатар деректерді оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Жылкелді Тырнақбаев 1869 жылы Қармақшы топырағында, қазіргі Жосалы қыстағынан он екі шақырым «Баутабан» деген жерде орманшының әулетінде дүниеге келді. Жылкелдінің әкесі Тырнақбай үлкен бау өсіріп, ол жерді жұрт «Баутабан» деп атаған.

«Баутабанда» ағаш егіп, орманшының баласы атанған Жылкелдіні Ақмешітте (қазіргі Қызылорда қаласы) тұратын нағашысы өз қолына алып, ескіше оқуға береді. Алайда, жас Жылкелді молданың мұсылмандық оқуына көндікпей Жосалыға қашып келеді де, орыс-түземдік мектебін үздік бітіріп шығады. Орыс тілін де өз ана тіліндей меңгереді.

Сол кездері Жезқазғанның Қарсақбай жерінен мыс кені ашылып, оны теміржол бойына әуелі түйемен, түйе арбамен, қыста түйешанамен тасыған. Ал, Қарсақпайға цемент, ағаш сияқты құрылыс материалдары апарылған. Сөйтіп, Жосалы мен Қарсақпай аралығына қиындықпен шағын теміржол салынып, алғашқы паровоз жүргізілген. Міне, осы жұмыстарға Жылкелді Тырнақбаев алғаш басшылық жасаушылардың бірі, керуен бастығы болған.

Жылкелді Тырнақбаевтың өміріндегі ең бір елеулі кезең оның Қазалы уезі, Сырдария болысына қарасты Қармақшы болыстың комитетіне төраға боп сайлануы боп табылады. Қажырлы Кеңес басшысы Ұлы Қазан төңкерісінің қиын да отты кезеңдерінде көсеміміз В. И. Ленин өсиетіне адал болды. Аудан көлемінде алғашқы серіктіктер мен түрлі артельдердің қалыптасуына жол ашты. Ауданда сауатсыздықты жою жолында белсенді саяси көзқарасы қалыптасқан адамдардың басын біріктіріп, ел арасында саяси-тәрбие жұмыстарының кең дамуына атсалысты. Алғашқы кітапханашылар мен Қызыл отау жұмыстарындағы үгіт-насихатты, алғашқы мектептердегі оқу-ағарту істерін үнемі қолдап, қуаттап отырды. Сөйтіп, аудан көлеміндегі Кеңес өкіметін құру және оны нығайту жұмыстарына көзі ашық кадр, зерек ауыл азаматы ретінде қажырлылықпен еңбек етті.

Ел басына ауыр күндер әкелген сол бір 1930 жылдар Жылкелді Тырнақбаев сияқты азаматқа да қаталдық көрсетті. «Халық жауы» деген сұмдық жаламен он екі жыл бас бостандығынан айырылып, түрмеге қамалды. Алайда, адал азамат Отаны мен елін қорғау жолындағы сертінен адасқан жоқ. Барлық қиындықтарды көсем өсиетіне деген адалдықпен, сабырлы да салмақты мінезімен, ақылды, ойлылығымен жеңіп шықты. Ол 1941 жылы Қарағанды қаласында қайтыс болды.

— Мені 1936 жылы Жылкелді Тырнақбаев деген халық жауының баласысың деп комсомол қатарына қабылдамай тастады,— дейді Жылкелдінің баласы, Жосалы қыстағының тұрғыны, зейнеткер, Әбузар Жылкелдиев.— Бірақ, өзімнің жазған дәлелді өтінішім бойынша 1937 жылы Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағына мүше боп қабылдандым.

— Менің әкемнің есімі ауданымыздың тарихына жазылған адам,— дейді баласы Ә. Жылкелдиев,— біздің семьяның әкем үлкен мақтанышы. 1950 жылдар шамасында әкемнің есімін аудан орталығынан бір көшеге беру туралы ұсыныс болып, не себептен екенін білмеймін, кейін берілмей қалды. Осы ұсыныс қайта қаралса деп ойлаймын.

Иә, ауданда болыстық комитетке төраға болған Жылкелді Тырнақбаевтың ізбасары — ұлының айтқан пікірлері өте орынды. Алғашқы Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан жерлесіміздің есімін кейінгі жас ұрпақ өкілдерінің жанында мәңгі жүруі тиіс. Өйткені, олар бүгінгі біздердің жарқын болашағымыз үшін қиындыққа қарсы ұмтылып, жанын құрбан еткен аяулы адамдар. Сондықтан оларды құрмет тұтып, қастерлеу — баршаның азаматтық борышы болса керек.

*С. ПІРМАНОВ.*
(Қармақшы аудандық *«Қармақшы таңы»* газеті, 1991 жылғы 27 маусым).

## ӨЗГЕНТТІҢ ТҰҢҒЫШ БОЛЫСЫ

Ішкені ірің, жегені желім болып сотталып кетіпті, айдалып кетіпті, атуға бұйырыпты деп құлаққа жағыпсыз тиетін суық хабарлардан әбден шаршап, зәрезат болған ел Қансейітті де алып кетіпті деген тосын хабарды естігенде, кезек бұл кісіге де жеткен екен деп үрпиісіп қалды. Бұл сол зұлмат құрбандарын лек-легімен қойша тоғытып, тозтозығын шығара бастаған аты шулы 1937 жыл еді. Күнделікті бес уақыт намазын діліне қуат етіп, колхозшылық күйбен тірлігімен ешқайда алаңдамай мақтаның суын бір-бір жағалап келгеннен кейін бала-шағасының алдында отырған Қансейіт қапелімде бейтаныс біреу Оразбектің үйіндегі шайға шақырса керек. Ойында ештене жоқ ол жеңіл киініп, үйінен шыға бере әйелі Зұлпияның «ол үйде кім бар екен?» деген сөзіне құлақ аспастан жүре берді. Жолда келе жатып өзіне-өзі шынында да келген шақыртушыдан «онда кім бар екенін сұрамадым» дегендей ойда қалды. Барғаннан кейін өзін жолаушы едім деп таныстырған бейтаныс кісімен ұзақ отырып әңгімелесті. Ол адам Қанекеңе көп сұрақтар қою арқылы оның өткен жеті атасынан бері ел билеген тұстарын, өзінің де «Өзгент» өңіріне би, болыс болып сайланғанын, оның сәтті, сәтсіз кезеңдеріне дейін хабардар болды. Әсіресе, колхоз ұйымдасқаннан бергі және 1932—1933 жылдардағы жеті ағайынды жұт пен қолдан жасалынған ашаршылық қатар келіп, халыққа өте ауыр тигенін, көптеген отбасыларының қырылып, елдің жартысынан көбінің күн көріс үшін елден үдере көшкенін, соның салдарынан бұрынғы «Өзгент» болыстығындағы 200-ге тарта жанұядан 1936 жылдың аяғында «Төменарық» аймағына 150-ге тарта үйдің көшіп келгенін әңгімелейді. Сонымен қатар жүздеген асылдардың жазықсыз жазаланып жатқанын, қожа, молдалардың да төбесіне әңгір таяқ ойнап, Сәруар, Жәмһүр ишандар мен Шәмші, Әбусейт мақсұмдардың атуға кесіліп, жоқ болып кеткендерін тілге тиек етті. Өзінің де бұл айтылғандар жөніндегі көзқарасын аңғартып, көзі ашық, көкірегі ояу азамат ретінде жүргізіліп жатқан саясаттың дұрыс еместігін айыптады. Әлгі бейтаныс үндемей тыңдай берді.

Осыдан кейін Қанекен қонақпен қош айтысып үйіне жете бергені сол еді, ОГПУ формасындағы екі адам келіп сіз «Халық жауы» ретінде тұтқындалдыңыз деп, бала-шағасымен де қоштастырмастан тал түсте ала жөнелді. Сөйтсе жаңағы сөйлескен адамы әдейі Қансейітті алып кетуге келген НКВД-нің Төменарық аймағындағы уәкілі Қаражанов Әбіласан екен. Қансейіт Шымкент, Әулиеата түрмелерінде қамауда болып, кейін Сібірге айдалғанын білдік. Артында қалған отбасы аңырап, ботадай боздап қала берген еді.

Арада 10 жыл өтті, мен Қызылордадағы оқуымнан жазғы демалысыма шығып, «Мәдениет» колхозындағы ауылға келіп, шаруашылықтағы жұмыс істейтін әке-шешеме қолғабыс тигізіп, жазғы егіннің күтімі, малға күнделікті шөп тасу жұмыстарымен айналысатынмын. Бір күні түскі үзіліске кешігіп келсем киіз үйдің төрінде әкеммен сөйлесіп отырған бейтаныс кісіні көрдім. Аға деп сәлем бердім де, бұрылып тысқа шығып бара жатқанымда:

— Шырағым, бері кел!— деп әлгі кісі мені қасына отырғызды.

— Сен Дәумен емессін бе, неге танымадың, мен Қансейітпін ғой.

Сонда барып қарасам бұдан он жылдан астам уақыт бұрын көрген кісім екен. Мығым денелі, қайратты, басы бақыр қазандай, кеудесіне екі адамның басын біріктіріп қондыра салғандай, шашын тықырлап алдырған, бас терісі қатпар-қатпар болып қыртысталған, бетінде қара дағы бар адам. Екі көзі көрмейді. Жас шамасы да алпысты еңсерген-ау деп шамаладым.

— Ата, кешіріңіз, Сіз Шаниярдың әкесісіз ғой, елге аман-есен келгеніңізді де естігенмін,— деп құтты болсын айттым. Сөйтсем, атаның айдаудан оралған кезі екен. Баласы Шаниярмен бірге ойнағанмын, соғыс жылдарында колхоздың егісін бірге егіп, «Жайылма», «Арыстанды», «Ақбастауға» еккен бидайын жинауға бірге баратынбыз. Ол біраз жыл колхозда арба айдады. Соғыс жылдарында әскерге шақырылған жігіттерді шығарып, Жаңақорғанға дейін олардың қол жүктерін тасып жүруші еді. Кейін Шанияр Ташкент облысының Орта Шыршық ауданына (Тойтөбе) қоныс аударып кеткен болатын. Ағасы Жанайдар Молотов атындағы (қазіргі Қожамберді ауылы) колхозда бас есепшілік жұмыста болып, одан соң аудандық ақша бөлімінде инспекторлық жұмысқа жүргенінде «халық жауының» баласы болғандықтан, Өзбекстанға кеткенде інісі Шаниярды да бірге алып кеткен болатын.

Әңгімемізге арқау болғалы тұрған сол «халық жауы» атанған Момыханұлы Қансейіт еді. Сыр өңірі мен Түркістан атырабына белгілі, қадірменді, елге басшы бола білген қайырымды, «Өзгент» болыстығына екі рет сайланған ірі тұлға. Болыстыққа соңғы рет 1914—1920 жылдар аралығында сайланған. Бұдан кейін заң орындарында жұмыс істеп, Жаңақорғанда екі рет сотқа төрағалық жасаған. Коллективтендіру кезінде колхозға мүше болып кірген, болыс болған, асып бара жатқан дәулеті болмаған, 100 қаралы уақ малы, сауын сиыры және 50-70 бас жылқысы болған. Басқа байлардай шұбыртып мал айдап шетке қашыппыспаған, қолындағы азын-аулақ малын колхозға үйыстырған, есігіне құлып салмаған. Негізгі қонысы қазіргі «Өзгент» шаруашылық серіктестігінің малшы ауылына жақын тұстағы «Сарбас әжінің» қыстауы болған.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Мирзоян бастаған делегация құрамында Қытайға барып, облысқа 50 мың қой айдап келушілердің қатарында болған осы Қансейіт аға еді. Осыған қарамастан 1937 жылғы тамыз айында НКВД сақшыларының қолына түсіп, сол жылы 28-ші қарашада Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасына қарасты Үштіктің шешімімен 10 жылға бас бостандығынан айырылып, «халық жауы» атанып Бурлагқа айдалған.

Қансейіт жазасын Чита қаласындағы лагерьде ағаш дайындаушылардың командасында жүріп өтепті. Ол лагерьде Ұлы Отан соғысы қарсаңында қуғын-сүргін құрбандары болған ірі әскери қолбасшылармен бірге болған. Чита қаласындағы түрмеде 1937 жылдың басында «халық жауы» болып ату жазасына кесілген, елден кеткен Жәмһүр ишанды байқап қалады, ол түрме подвалындағы көкірек аузынан келетін суда азапталуды екен. Ишан Қансейітке бұрылып: «Сен елге аман-есен барасың, ал мен оралмаймын, менің бала-шағама көз қырынды сала жүр»— деп өтініш айтады.

Қансейіт аға 1940 жылы СССР-дың Бас Прокурорына шағымданып, одан дұрыс жауап алмайды. Лагерьде жүріп екі көзінен айрылады, сонда да тұтқыннан азат етпейді. Тек 1947 жылғы тамыз айында жазасын толық өтеп, түрме азабын тартып, 62 жасында елге оралады. Өзінің жазықсыз жазаланғанын тілге тиек етіп жоғарғы орындарға шағымданған. Содан 1956 жылғы СССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. А. Булганинге жазған арызының қортындысымен Қызылорда облыстық МҚҚ басқармасының 1957 жылғы 7-ші наурыздағы шешімімен істе қылмыстық белгінің жоқтығынан, бұрын берілген жаза алынып тасталады.

Қансейіт 1962 жылы Өзбекстанда дүниеден өтті. Өлерінен 4 жыл бұрын Ташкент облысының Орташыршық аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі оған зейнетақы тағайындады.

Тағы бір дерек. Қансейіттің жоғары аталарының бірі Жәненқожа туралы ел аузындағы ескі әңгімелерге құлақ түретін болсақ, жоңғар шапқыншылығы тұсында жаулар тоғыз жасар Жәненқожаны қапқа салып, өздерімен бірге алып кетеді. Жолшыбай түнеген жерде қапта жатқан 9 жасар баланың қолына бабалары кездік ұстатады. Содан соң бала қапты жарып шығып, жаудан қашып құтылады. Жәненқожа 12 жасында атқа мініп, қолына қару ұстайды. Жауда жалғызшабатын жаужүрек, ақылды, қайсар, батыр болып өседі. Ержете келе халық Жәненқожаны хан көтереді. Жәненқожадан өрбіген ұрпақтар қазір бір қауым ел. Олардың арасынан ірі ғұламалар, дін басыла-

ры, харилар, молдалар, мағзымдар, ел билеген әкімдер шықты. Ұлы Сарбас («Ленин жолына» соғыстан кейін редактор болған Сарбасов Базарбайдың әкесі) Меккеге барып қажы атанған. Момыханы би әрі болыс болған. Оның балалары Шәпен мен Қансейіт бірнеше рет би болып сайланған. Қуғын-сүргіннен аман қалған ұрпақтарынан тарағандардың бірқатары ел игілігі үшін аянбай еңбек етті.

*Дәумен Шоманұлы,*
**Зейнеткер, Жаңақорған ауданы.**
(облыстық *«Сыр бойы»* газеті,
1997 жылғы 17 шілде)

## ӨЗГЕНТ ТОПЫРАҒЫНЫҢ ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ

Бүкіл әлемге жақсылық нұрын шашқан, асыл текті пайғамбарымыз Мұхаммедтен тараған, Сыр бойына мұсылман дінің ең алғаш таратқан Әбдімәліл-Бабтың (Хорасан ата) ұрпағы Сырқожа ұлы Жамһұр ишан 1863 жылы Өзгент топырағында дүниеге келген. Меккеге екі рет барып хажы атанған. Арабстанның патшасының қабылдауында болып, онымен арабша сөйлесіп, оның қолынан сый-құрмет алған. Салған зікірі түстік жерден естілетін. Өте діндар, мешіт ұстап, бала оқытқан Сыр бойының асылзадасы еді. Бағдат пен Шамда болған, Еділ-Жайық пен Арқаға атағы шыққан. Меккеге екі рет барғанында да Шайтанға тас атар алдындағы рәсімнен бұрын орындалатын үңгірден (тоннель) өту кезіндегі апаттан Жамһұрдің зікірі сақтап қалған. Арқаның ірі байлары оны жылына бір-екі рет алдырып, адам мен малға тиетін ылаңның және қыс қыстау мен жаз жайлауларын әр түрлі індеттен алдын-ала сақтандыру үшін ишанның шарапатына үміт артатын болған.

Міне, осындай елге қадір-қасиеті артқан Жамһұр ишанның да тағдыры совет өкіметі орнағаннан кейін тәлкекке айналған. 1928 жылдан бастап бір емес, үш рет тұтқындалады. Алғашқы екі ретінде (1928 және 1932 жылдары) 5—10 жылдан кесіліп, түрмеге жабылады. Бірақ, түрме күзеті қанша мықты және тәртібі қатал болғанымен, оның есіктері ашылып қала берген, түрме бастығын екі рет етпетінен құлатып жер жастандыра жаздаған оның кереметінен қорыққан олар Жамһұрды екі ретінде де мерзімінен бұрын тұтқыннан босатып жібереді. Елге оралғаннан кейін ағайын-туғандары мен жанашырлары Өзбекстанға барып бой тасалаңыз, сізді бәрібір құтқармайды дегендеріне «бір алланың маңдайға жазғанын қайда барсам да көруге тиістімін, одан қашып құтыла алмайсың» деп, елден ұзап ешқайда бармайды. Содан 1937 жылғы 12-ші тамызда үшінші рет Жаңақорған ауданының «Қызылту» (қазіргі Шиелідегі Жахаев ауылы) колхозында Бәуен деген жымысқы сатқынның көрсетуімен тұтқындалып, Шымкент қаласындағы түрмеге жабылады. Сол жылы 19-қарашада Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасы үштігінің қаулысымен ату жазасына кесіліп, сол жылы 29 қарашада, 75 жасқа қараған шағында ашылады. От басы, бала шағасы аңырап, ботадай боздап, артында қала береді. Шымкент қаласында тұратын, қазір сексенді алқымдаған немересі Дәметкен апай көп жылдардан бері қанша ізденсе де, бабасының қайда атылғанын анықтай алмай, сарсылуда. Шымкент облыстық ҰҚК-нің 12 маусым 1997 жылғы оның сұрауына қайтарған жауабында да дәл қай жерде атылғанын көрсетпеген. Шымкенттегі қуғын-сүргін құрбандарының аттары жазылған ескерткіш тақтада оның тізімі жоқ.

Архив материалдарында. Ишанға негізінен қиратылған мешіттерді қайта қалпына келтіруге күш салды, жергілікті халық арасында панисламистік жұмыс жүргізді, қазақтарды жаппай Ауғанстанға көшіруді ұйымдастырды, сүйтіп Кеңес өкіметіне қарсы оны құлату үшін контрреволюциялық, диверсиялық жұмыстар жүргізді,— деген жалған айыптар тағылды. Бірақ, қанша рет жазаланып, жалған айыптар тағылса да, өзін арашалаудан аулақ болған, мойындай берген. Жамһұр көзі ашық әулие адам еді. Ұзын бойлы, ірі денелі, кескін-келбеті адам қызығарлықтай, кішіпейіл, қолынан келсе адамға жақсылық жасаудан басқа мақсаты жоқ, кем-кетік пен жоқ-жұқаға қамқоршы еді. Өте дәулетті болған, әсіресе түйе малын көп тұтынған. Шерен ақын жырлағандай «Жамһұрдың болған екен тоқсан нары, жүндері жібек шашқан меруерт бәрі» деген өлең жолдары соған сүйеніп айтылса керек.

...Жамһұр ишан да сталиндік зұлмат құрбаны болды. Оның жазықсыз жазаланып, жалған жаланың құрбаны болғанын, ел алдында, өз ары мен абыройының алдында бейкүнәлігі анықталып, ол тарих бетіне де түсті. Отызқырқыншы және елуінші жылдарда жазықсыз репрессия құрбаны болғандардың азаматтығын қалпына келтіру туралы СССР Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указына сәйкес Сырғақожа ұлы Жамһұрге (Джамбур дей жазылған) бұрын тағылған айып алынып тасталып, толық ақталды. Қазір елжұртын, ағайын-туғаның сенің атыңды еске алып тағзым етері хақ. Алдағы қазан айында ұрпақтарың туған жерінде ас беріп, әруағына құран бағыштағалы отыр, топырағың әкелініп, Өзгентке қойылмақшы.

Қорыта айтқанда Жаңақорған ауданы мен «Қожакент», «Өзгент» ауылдарының әкімшіліктері мен

«Қожакент», «Өзгент» шаруашылық серіктестерінің басшылары, ел жақсылары Жамһүр ишанның атын мәңгілік есте қалдырарлықтай шаралар белгілесе, Қожакенттегі мешітке және бір-екі көшеге Ишанның атын беруге шешім қабылдаса, құба-құп болар еді демекпіз.

*Дәумен Шоманұлы,*
Зейнеткер, Жаңақорған ауданы.

## ЛАПИН СЕРӘЛІ МҰҢАЙТПАСҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1891 жылы тәмамдаған Сыр топырағының үлағатты перзенттерінің бірі Серәлі 1868 жылы Ақмешіт қаласында дүниеге келеді. Жаппастың сумұрын руынан. Әкесі Лапин Мұңайтпасұлы керуен қосшысы болып, өзінің еті тірілігінің арқасында дәулетті жандардың қатарына қосылған. Ол ұлдары мен қыздарының кезінде оқып, білім алуына аса көңіл бөлген. Серәлі университеттен алған адвокаттық мамандығы бойынша адвокаттық қызметімен қатар өнер зерттеуші, аудармашы әрі ағартушылықпен айналысқан. Араб, парсы, тағы басқа шығыс тілдерін жетік білген.

С. Лапин Самархандағы көне архитектуралық көркем жазбаларын парсы тілінен орыс тіліне өлеңмен аударды және олардың салынған жылын, салдырған адамдарды, тұрғызған суретшілердің есімін анықтады. Мысалы Самарқандағы Шир-Дор, Тиллегор медресесін Кіші жүз құрамындағы Әлім руынан шыққан Жалаңтөс Баһадүр салдырғанын ашты. Өзіне дейін белгісіз болып келген "Туһрат Әл-Хинн", "Шаһнама" дастандары нұсқаларын Шығыс тану іліміне тұңғыш рет Орта Азия және парсы тілдеріндегі қолжазбаларын танып, Шаһин-Зинда Араб қолбасшысы Ибн-Куссам жанды аңыздарды жазып қалдырды.

1893—94 жылдары Орта Азияға ғылыми мақсатпен келген академик В. В. Бартольд, В. П. Веселовский, С. Лапиннен түрік тілдері бойынша дәріс алады. Ол өз қаражатына 1904—1905 жылдары Түркістан өлкесінде қазақ мектебін ашады. 1913 жылы Петербургте мұсылмандар үшін мешіт салуға көмектеседі. 1890 жылы Самарханда орыс-қазақ сөздігін құрастырады.

Серәлі 1893 жылы татар қызы Зухра Ахмедоваға үйленеді. Оның Мірәлшер деген ұлы, Рәбиға, Пахила атты қыздары болған. Рәбиға — Петербург университетінің медицина факультетін бітірген алғашқы қазақ қыздарының ішінен шыққан дәрігер. Ол қазақ мемлекеттік медицина институтының тұңғыш ректоры, белгілі ғалым-тарихшы Санжар Аспендияровқа тұрмысқа шығады.

1937 жылы Санжар Аспандияров ұсталып кеткеннен кейін Рәбиғаны да "халық жауының" әйелі ретінде 8 жылға кесіп, "Алжирге" жіберген. Сондай-ақ Лапин Мұңатпасұлының Құландам атты қызы, яғни Серәлінің қарындасы, Қазақстанның белгілі мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановтың зайыбы еді. Ол да "халық жауының" жары болған соң "Алжирде" сегіз жыл тұтқында отырған. Лапин Мұңайтпасұлының екінші қызы Ләринаның жолдасы сырдариялық Қоңырқожа Қожықов болған. Ол Бұхарадағы медресені бітірген. Араб, парсы тілдерін жетік меңгерген. 1912 жылы Түркістанға таяу Қарнақ ауылында мектеп ашқан. Олардың төрт ұлы болды, төртеуі де өнер шеберлері атанды.

(Облыстық *"Сыр бойы"* газеті, 1994 жылғы 21 қыркүйек)

*Сағат БОҚАНОВ,*
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

*"Боздақтар" редакциясынан:* мақалада аты аталған Санжар Аспандияров Жапарұлы —1938 жылғы 25 ақпанда Алматы қаласында КСРО Жоғарғы Сотының әскери алқасы көшпелі сессиясының шешімімен 39 боздақтың бірі болып атылған.

## ТАБЫСТЫҚ ТАР КЕЗЕҢДЕ, ҚЫСЫЛШАҢДА

### Көрші кәрісті «кәри» деп атап едік...

**Киыр Шығыстан жер ауған біздер бір ай бойы мал ғана қамауға арналған қызыл вагондармен жол жүріп, Қазақстан мен Өзбекстанға келдік. Жолшыбай біздерді вокзалдардың төртінші, бесінші жолдарына тығып, жергілікті халықпен тілдестірмеуіне қарағанда, біз нағыз «қауіпті» адамдар болып саналсақ керек. Партия мен үкіметтің біздерді жер аудару жөніндегі № 1428—326 қаулысы «Өте құпия» түрде шығарылып, біз ә дегенде-ақ халық жауына тән қасірет шектік. Алғашқы жер аударылған 200 мың кәрістің бірнеше ондаған мыңы жолшыбай өлді.**

**Бізді жергілікті ұлт өкілдері — қазақтар жылы қарсы алды. Қыс өткенше, келесі жылы күн жылып, жер қойнауы игенше, бізді әр ауылға бөлді де, келесі жылы бір жерге жинады. Кәрістер үш колхоз болып біріктік. Біз ә дегенде-ақ еңбек сүйгіштігімізбен жергілікті ұлт өкілдерінің алғысына бөлендік.**
**Менің Хван Ден Хун деген немере ағам бар еді. Сол Қиыр Шығыста кәрістерге арнап газет шығарған алғашқа журналист болатын. Қызылорда облысына келді де, «Авангард» деп аталатын газет шығарып, соның Бас редакторы болды. Не пайда сол немере ағамды НКВД өкілдері 1938 жылы халық жауы ретінде ұстап алып кетті. Сонан бері онан хабарсызбын. Сонда-ақ менің ұққаным мынау болды. НКВД кім көзі ашық, көңілі ояу болса, сонан біржола арылғысы келді. Әйтпесе менің немере ағамның халыққа жасаған түк қастандығы жоқ еді...**

*Ким Дон Чер.*
**Дербес зейнеткер.**
1997 жылы 31 мамырда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу митингісінде сөйленген сөзден.

* * *

Мен ес біліп, етегімді жапқан, оң мен солымды таныр шақта екі ұлт өкілдерінің жер ауып, көшіп келгенін көргенім бар-тын. Ұлы Отан соғысы басталудан біраз бұрын әлде қайдан аулымызға қара өнді, қысық көзлі кісідер пайда болды. Келесі жылы оларды Кармақшымен екі ортадағы алтыншы ауыл деп аталатын жерге алып кетті. Сол манда «Утренняя заря», «Червонная земля», «Интернационал» деп аталатын колхоздар пайда болып, кәрістер негізінен сол өңірлерге ірге тепті.
Кәрістер біздің Ворошилов атындағы колхозда тұрған жылға толар-толмас уақытта екі кәрісті «халық жауы» деп атап, қолдарын байлап, ауданға жаяу айдап әкеткенін көріп, төбе шашымыз тік тұрып еді. Кейінірек анықтағанымдай, ұсталып кеткен екі кәрістің үлкені — қырықтан асыңқыраған Хан Эм Сам дегенді және онан жетісегіз жастай кішілігі бар Ким Сан Бен дегенді ұстап кеткен күннен бастап, бұл моп-момақан, еңбекшіл халықтан сондай жау қалай шыққан деп таңдандым. «Боздақтар» естелік кітабының томдарын шығару тірлігіне кірісер-кіріспестен мен сол сұраққа жауап іздеумен болдым. Оған жауап та көп кешікпей қолыма келіп түсті. Хан Эм Сан 1938 жылғы 9 қазанда, Ким Сан-Бен сол жылғы 5 қазанда атылған. Керек десе Хан Эм Сан біздің Ворошилов атындағы колхозда егіс бригадирі болып та істепті.
Кәрістер біздің ауылда болған айларында бізбен көрші бір кәріс болды. Аты да, фамилиясы да қызық-тын. Тіліміз келмей-ақ қойды да, оны біз жалпақ қазақ тілінде «Кәри» деп атап кетіп едік. Жасы жиырмадан асыңқырған, орта бойлы, ашаң өнді Кәрі қазақ тілін тез-ақ меңгеріп алды. Екі кәрісті халық жауы ретінде ұстап кеткен күннің ертеңіне ол жым-жылас жоқ болды.
Кейінірек, осы Қармақшы ауданына газет редакторы болып келіп, кеңсемен бір ауладағы екі бөлмелі шағын пәтерге орналасып, тұрып жатқан күндердің бірінде, көшеде баяғы Кәриді кездестіре кеттім. Ол алдымен мені танып, қолымды қушырлана алды. Бұл кезде жасы қырыққа таянған Кәри, ә дегенде менің танымай қалғанымды біліп:
— Мен баяғы Кәри емеспін бе? Танымай қалдың ба?— деп күлді. Кайталан қушырлана қол алысып жатырмыз. Тағы бізбен көршілес, келесі көшеде тұратын болып шықты. Үйіне қонаққа шақырып еді, тап сол сәтте мен қолым тимейтінін айтып, әрең құтылдым. Менің бір таң қалғаным: Кәри өзінің жұмыс орнын айтқысы келмеді. Екі көзі алақтап, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, бірдеңеге беймазаланып тұрғанын байқадым. Сонан бастап мен оны Қармақшыда көре алғаным жоқ. Рас араға тағы он жылдай салып, Шиелінің шығыс жағындағы «Авангард» колхозына жол сапармен бара жатқан кезімде астымдағы мотоциклім бұзылып қалып, жол үстінде соның ол жер-бұл жерін шұқылап жатқанымда, қасыма тоқтай қалған бір жүк машинасынан баяғы Кәри жерге қарғып түсі де, қушырлана қол алысқаннан кейін мотоцикл карбюраторын шұқылап, мотоциклімді гүр етізіп берді. Сонан кейін мен оны көрген емеспін.
Өте бауырмал, ешкімге забірі жоқ, еңбек сүйгіш бұл халықтың ондаған өкілдерімен істес болуыма тура келді. Мәселен Шиелі ауданында облыстық газет тілшісі болып тұрған кезімде тап әлгі «Авангард» колхозында Ким Володя деген досым болды. Сол маңға бара қалсам ол мені үйіне сүйреді, ал оны аудан орталығында көрсем мен үйіме сүйредім. Оның ақ құба, әдемі келген келіншегі болды, бізше «бес бармақ» деп аталатын ұлттық тамағымызды дәмді етіп пісіргенде, алдына жан салмайтын. Хирург-дәрігер Ким Моисей, «Казсельхозтехниканың» облыстық базасының директоры Ким Дон Чер секілді кәріс жігіттерді көрсек, қазірге дейін туыс жігіттерімнің біріне кездескендей болып қауқарласамын да қаламын. Керек десе Ким Дон Чер бір белгілі қазақ жігітімен құдандалы да болды.
Біздін Қармақшы ауданындағы «Интернационал»

колхозын ондаған жыл басқарған Цай Ден Хактің сөзін мен талай-талай алқалы жиндарда тыңдадым да. Тауып сөйлейтін, білімдар басшы халыққа өте қадірменді бола алды. Кәрістерден Ким Ман Сам, Пак Чен-Ир сынды Еңбек батырлары да шықты. Ол-ол ма, Арал қаласында мұғалім болып істеген Мин атты кәріс егер аты мен әкесінің атын орысшаға айналдырмаса армияға алмайтынын біліп, ұлы Отан соғысы басталысымен «Мин Александр Павлович» атанып, өзі тіленіп майданға аттанған. Біздің «Боздақтар» естелік кітабының редакциясына әскери комиссариаттар арқылы өткен архивтік құжаттарда Мин атты Соғыс батыры жоқ еді. Біз Мин Александр Павловичтің ұлы Отан соғысында Батыр атанып, атын мәңгілікке қалдырғанын анықтадық.

Кәрістер, міне, осындай халық!

Ал сол кәрістердің неліктен жер аударылғанының өзін мен кейін Алматыдағы Жоғары партия мектебінде оқып жүрген кезімде ғана айқын ұқтым. Бір күні бір лектор жер аударылған өзге ұлт өкілдері жайлы лекция оқыды да, оған мен кәрістердің неліктен жер аударылғанын сұрауыма тура келді. Ол КСРО Халық Комиссарлар Советі мен партияның Орталық Комитетінің 1937 жылғы 27 тамыздағы құпия қаулысын тілге тиек етті. Қаулының аты дардай: «Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарының корей тұрғындарын көшіру туралы» деп аталған. Үкімет пен партия мұндай шешімге шекараның арғы жағынан енетін жапон жансыздарына тосқауыл қою мақсатын көздеп барыпты ғой! Сол корей тұрғындарды жер аударыды 1938 жылғы 1 қаңтарға аяқтау көзделген.

Рас, партия мен үкімет қаулысында корей тұрғындарын көшіруде олардың мүліктерін, шаруашылық құралдарын және жабдықтарын алуына рұқсат етіліпті. Қалдырып бара жатқан үй-жайдың және егістің құнын төлеуі шет елге кеткісі келетіндерге кедергі жасамау, олар қоныстанатын аудандар мен елді мекендерді шұғыл белгілеп, жаңа жерлерде шаруашылық игеруді қамтамасыз ететін шараларды жүзеге асыру — міне қаулыда осындай тармақтар болған. Не пайда, сол үкімет пен партия қаулысы жергілікті жерлерде толық жүзеге асқан жоқ. Ол-ол ма, кәрістер көптеп келтірілген біздің Қызылорда облысында кәріс тілінде бір газет шығарылып, облыстық радиодан жетісіне 15 минут ғана хабар беріліп тұрды, драма театрында кәріс жазушыларының туындылары оқта-текте ғана орындалды. Кейін олардан мүлде айырылып қалдық.

1997 жылы Қиыр Шығыс корейлерінің жер ауғанына 60 жыл толды. Рас, қазір кәрістердің ана тіліндегі мектептері баршылық, олардың ақын-жазушыларының кітаптарын шығару да жүзеге асырылуда. Дегенмен Қазақстан кәрістері әлі күнге дейін жабырқаулы. Осы күнге дейін ресми дәрежеде саяси қуғын-сүргіннің құрбаны ретінде ақталмай отырғаны олардың қабырғасын қайыстыруда.

## МЕНІҢ ТЕЛЬМАН ДОСЫМ МЕСХЕТ ТҮРКІ

**Грузия республикасының Түркиямен шекаралас аймағында тұратын месхет түріктерінің жылт етер жігіттерін майданға сыпырып әкетті де, артынша И. В. Сталиннің бұйрығымен елде қалған бала-шаға, кемпір-шалды бір күнде автомат оғының астына алып, жер аударды. Үй-мүлкіміз иесіз қала берді. Мұндай зобалаңның мәнісін халыққа түсіндірген ешкім болмады.**

**Грузия республикасының басшыларына біздер тараптан туған жерге оралу жайлы талай рет ұсыныс-талаптар қойылса да, оларды тыңдата алмай келеміз. «Түрік» деген ұлттық атымызды өзгертіп, «грузин» болсақ ғана туған жерге орала алатын көрінеміз. Азербайжанға кешіп барсақ, «азербайжан» болуымыз керек.**

**Сол Грузияда болған бір сапарымда бір грузин кіріп отырған екі қабатты әсем үйімді көріп, әрі майданда жоқ болып кеткен бір ағайымды сұрастырып едім. «Репрессияға ұшыраған ұлттардың соғысқа аттанғандары жайлы мәліметтерді Мәскеудің айрықша нұсқауы бойынша құртып жібергенбіз, біз месхет түріктері жайлы ештеңе білмейміз» деген жауап алдым. Туған жерімнен осылайша түңіліп оралдым да енді Қазақстанды мәңгі отаным деп жариялауға мәжбүр болдым.**

**Енді біздің месхет түріктерінің соғыс құрбандары болған азаматтарын облыс орталығында әзірленіп жатқан «Боздақтар» естелік кітабына енгізуді көптен-көп өтінемін.**

*Тельман ДЯМУРШАЕВ*
Қармақшы ауданы, «Интернационал» колхозы жұмысшылар комитетінің төрағасы.

* * *

...Соғыс жүріп жатты. Қармақшыдан жүз шақырым жердегі Ворошилов атындағы колхоздан мен қатарлы бес бала есектермен аудан орталығындағы астық қабылдау пунктіне астық тасып жүргенбіз. Араға кейде бір қонып, кейде екі қонып, аудан орталығына жететін едік те, әрбір

есектегі бір-бір қап астықты өткізе салып, колхозымызға қарай жөңкілетінбіз.
Қараша айы болса да, астық тасу аяқталмаған еді. Күн бірде ашылып, бірде түнеріп, әжептәуір ызғар шашып тұрған. Біз есектерімізді бір-бірімен мойындарынан қосақтап байлап, темір жол вокзалының алдымен өтіп бара жатыр едік. Темір жол вокзалының сыртында, күнгей бетте үйлығысып отырған өзге түсті ұлт өкілдерін көрдік те, Ерғали екеуіміз қалт тұра қалдық. Қастарына жақындап, тілдескіміз келіп еді. Бізді олар, олар бізді түсінбеді. Бүріскен аш балалар бізге жәутеңдеп қарайды. Ерғали екеуіміз де оларды аяп кеттік. Екеуіміздің де қалтамыз жолға деп қуырып алып шыққан қос уыс бидайымыз бар еді. Мен сол бидайды уыстап балаларға үлестіре бердім. Ерғали да сөйтті. Өзгелерінен естиярлау біреуі маған күлімсірей қарап, бірдеңе деген болды. Сірә «рахмет» дегені шығар дедім де, әлгінің бетіне бажалап бір қарап алып, маңдайынан сипап, едәуір ұзап кеткен есектеріміздің артынан жүгіріп ала жөнелдім.
Бұлар — месхет түріктері еді. Мен ұсынған қуырған билайды алғаш күлімсірей тұрып алған бала Тельман Дямуршаев екенін осы Қармақшы ауданына редактор болып келгеннен кейін барып бірақ білдім. Ол — бұл кезде осы аудандағы «Интернационал» колхозының белгілі азаматтарының біріне айналған. Сонан бастап мен оны дос санап кеттім.
«Боздақтар» естелік кітабының екінші томын баспаға әзірлеп жатқанда Тельман редакциямызға ойламаған жерде кіріп келді. Әдейі іздей жүріп, әрен тауып алған. Соғыс қызып жатқан шақта Қызылордаға жер ауып келген 900-ден астам жан ұядан тұратын месхет түріктерінен естелік кітапқа мәліметтер беруді өтіне келіпті. Сонау Грузия жерінде соғысқа аттанып, опат болған месхет боздақтарының мәліметін мен қайдан таппақпын?
«Менімен бірге біздің ауылға жүресіз. Өзім машинамен апарып, машинамен қайтып әкеліп саламын. Әрбір жан ұя өз боздақтары жайлы нақты мәлімет береді. Шиеліде, Жаңақорғанда, Төменарықта тұратын месхет түріктеріне де апарамын. Қазақстан — қазір біздің екінші отанымыз. Біздің боздақтарымызды томға енгізсін деп әдейі келдім», деп жалынды Тельман досым. Құстай ұштым!
Сонымен месхет түріктерінің соғыс боздақтары жайлы мәлімет Тельманның шағын өтінішімен қоса «Боздақтар» естелік кітабының екінші томына (445—455 беттерде) енгізілді. 108 месхет боздағы жайлы мәлімет берілді.
Облысқа әдепкіде 600-ден астам жанұядан тұратын месхет түріктері көшіп келсе, қазір солардың жарыға жетер-жетпесі ғана қалған болып шықты. Мәселен осы Тельманның өзі тұратын «Интернационал» колхозына 188 жанұя көшіп келсе, қазір сонан қырықтай ғана жанұя қалыпты. Жанақорған қыстағына, Төменарық қыстағына, Шиелі қыстағына әдепкіде отыз-қырық үйлік месхет түріктері келіп жайғасса, қазір он-онбес үйден ғана қалған. Керек десе Ақтоғанға әдепкіде 250 үй көшіп келсе, қазір сонан 10 үй ғана бар болып шықты. Өзгелері қайда кеткен деген сұрақ өзінен-өзі туары анық: аштан өлген, туған жеріне қашып-пысып барып паналаған. Месхеттің қазіргі көзі тірі шалдарынан сұрастырғанымда, осы алты жүз үйлік түріктер әдепкіде соғысқа 500-ден астам жігіттерін аттандырған екен. Солардың бәрі дерлік өз жанұяларына қайтып оралмаған. Не пайда, 108 боздақтың аты-жөнін әрең таптым, өзгелерінің аты-жөнін ешкім айтып бере алмады. Енді мен тап осы месхет түріктері қандай жағдайда жер ауды, нендей ақірет азаппен бізге жетті деген сұрақтарға жауап іздеп көрейін.
«Интренационал» колхозының имамы Шахзада Аресфов айтады:
«Хевешен селосынан майданға аттанғандар арасында ағалы-інілі үш азамат Ғафур, Зуфар, Миит Мұрсал балалары ұрыс даласында ұшты-күйді хабарсыз кетті. Ал олардың ата-аналары автомат оғының астында күштеп жер аударылды да, мал тиеуге ғана арналған қызыл вагонда келе жатып, Кармақшыға да жетпей, жол үстінде аштан өлді. Бізді айдап әкеле жатқан грузин солдаттар олардың денелерін вагон терезелерінен сыртқа лақтырып тастап кетті. Дәл осындай жағдай ағалы-інілі Махмут, Сулеймен, Курбан Ейбовтардың да басында болды».
Төменарық қыстағында тұратын Латиф Кашалиұғлы жылай отрып мынаны айтты:
«Біз Адыген ауданының Царабастуван селосына қарасты отыз үйлік № 2 бөлімше — Занау фермасында тұрып келгенбіз. Солардан 50 азамат майдауға аттанып, үштен екісі елге оралмады. Кашали деген ақсақалымыздың төрт ұлы Карим, Боли, Айуас, Салим соғыс құрбаны болып кетсе, Каіалидің өзі қызыл вагон ішінде кел жатып аштан өлді де, грузин солаттар оның денесін терезеден сыртқа лақтырып кетті».
Юсуп Казимұғлы деген тағы бір месхет түркінің мынау ісін өзгелері маған жыр ете айтып берді: ол 1944 жылы ауыр жарақат алады да, госпиталға түседі. Сонда емделіп жатқанда Грузия жеріндегі месхет түріктері түгелдей жер аударылғанын естіп, Адыген аудандық әскери комиссариатқа хат жазады. Онда отырған бір ұлтшыл грузин «жанұяң еқайда кетекен жоқ» деп алдап жауап берген. Юсуп тікелей И. В. Сталиннің өзіне хат жазып, онан шындық жағдайды хабарлаған хат алады да, жарақатына қарамай госпитальдан шыға қашып, әке-шешесі тұратын Жаңақорғанға тартып отырған. Әке-шешесі сонда аштан өлгенін білген сәтте, өзінің де жүрегі жарылып өліп кетіпті. Ал Адыген аудандық партия комитетінің хатшысы болып істеп, соғыста екі Ленин орденін, екі Қызыл Жұлдыз орденін омырауына жарқырата таққан Мәулет Байрахтарұғлы өз жанұясын Шиелі ауданы, «Авангард» колхозы жерінен іздеп тапқанға дейін бүкіл Орта Азия республикаларын, Қазақстанды аралап, 5 ай сандалуына тура келген.
«Менің үш ағам Малик, Мұстафа, Мәмма соғыста ұштыкүйді жоқ болып кетіп еді. Кейін білгенімдей, Мұстафа ағам бірінші дәрежелі со-

ғыс мүгедегі қалпында жанұясын — бізді іздеп шығып, таба алмай, айдалада өліп қалыпты», деп жылайды Исрафил Исшихұғлы.
Мұндай жүрек сыздатарлық жәйттер аз емес. Тұтастай бір халықты арандату, оған «күн көсем» Сталинді айлап салу қанқұйлы Берияның әрекеті екенін де месхет түріктері жете түсінген. Мәселен Ашраф Түрсынұғлы Адыген ауданы, Занав селосынан әскерге алынады да, 30 месхет түріктерінің бірі болып, немісше оқитын, немісше киіндірілген бөлімшеге тап болады. Берия оларды кейін ұлт араздығын туғызу үшін Кеңес адамдарын қырып-жоюға пайдаланбақшы болғанын біледі де, отыз месхет жігіттері жау тылына қарай зытып отырған. Кеңес аламдарына қару жұмсауға пайдаланбақшы болған Берияның зұлымдығы месхет түріктеріне дер кезінде жетіп үлгірген. Не пайда, бұл кезде Сталин әлгі Берияның зымияндығына иланып, месхет түріктерін жер аудару жөніндегі бұйрығына көсілте қол қойып үлгіріпті. Міне, менің қолымда Қазақстандағы месхет түріктерінің қоғамы шығарған «Возрождение» газетінің 1989 жылғы қарашадағы номері тұр. Онда осы қоғамды құруға араналған құрылтайда баяндама жасалыпты. Сталиннің месхет түріктерін жер аудару жайлы бұйрығына орай Грузияның бес ауданы — Ахалцик, Ахалкалак, Аспиндзен, Адыген және Богданов аудандарынан 139 мың месхет түріктері жер аударылғаны, олардың 17 мыңы жолда қырылғаны, майданға аттанған 40 мың түріктен 26 мыңы соғыс құрбаны болғаны атап көрсетіліпті. Месхет түріктерін жер аударуды грузиндерден ғана жасақталған сегізінші моторландырылған полк жүзеге асырған. Әрбір қызыл вагонға 35— 37 адамнан тиелген, әр вагонды бірнеше автоматты грузин күзетіп отырған.
Майданға аттанған 40 мың азаматтың 7-і Кеңес Одағының Батыры атаныпты. Міне, месхет түріктерінен шыққан Соғыс Батырлары мыналар: Агали Мамедов, Мафиз Джулфиев, Бадир Мурадов, Бекир Мұстафаев, Карим Исмаилов, Муртаз Карлиев, Ибрагим Буджигил. Тағы бірнеше жүздеген месхет түріктері орден, медальдармен наградталды.
...Менің Тельман Дямуршаев досым осындай батыр халықтың — месхет түріктерінің өкілі болғанын мақтан тұтамын.

*Мырқы ИСАҰЛЫ.*

## ТАР КЕЗЕҢДЕ ТАБЫСҚАН

### Тату ұлттар едік

Кеңес дәуірін тарихтан аластаушылардың жоққа шығара алмайтын бір мәселесі — халықтар достығы. Сол халықтар достығы үлкен сындардан, Ұлы Отан соғысынан мүдірмей өтті. Барлық қиыншылыққа бірлесе төтеп берді. Қазіргі күні қатары сирей бастаған соғыс ардагерлері сол кездегі ұлтаралық бауырластықты жанды мысалдармен дәлелдеп беруге әзір. Сол куәгерлер қатарында мен де бармын. Көп ұлт өкілдерінен құралған бөлімдерде Ленинград үшін шайқасқа қатыстым. Сол сұрапыл күндері кейбір ұлттардың жер бетінде болу, немесе болмауы жөнідегі мәселесі күн тәртібіне қойылғанда олардың бір-біріне көмекке келгенін көзіміз көрді. Арийлік үстемдікке қарсы шайқаста ұлттарды сақтап қалу үшін теңдессіз ерлік жасалды. Ұлы Отан соғысы халықтардың ұлы көшіне айналды. Бірінің тағдыры екіншісімен сабақтасты болды.
1941—1942 жылдары Қазалыға жау басып алған аудандардан 471 отбасы, яғни 2876 адам келді. Оларды баспана, азық-түлікпен қамтамасыз ету оңай болмады. Жергілікті тұрғындар ауыздарынан жырып тонналап тамақ, метрлеп тауар және отындыққа 13 мың бау қамыс орып беріп, үйлерін жылытқан екен. Сол жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған неміс, шешен, грек, қалмақ, тағы басқа ұлт өкілдері қазақтың қамқорлығын көрді. Оларға сенімсіз көзқараспен қарау болған жоқ.
Мысалы, айдалып келген шешендер үшін Қазалы ауданында 315 бас ірі қара, 384 бас қой-ешкі, 172 мың сом қаржы бөлінді. Біздің халқымыз ұлтшылдық көзқарас шеңберінде қалса, осыншама жомарттық қолдан шығар ма еді? Тіпті, шеттен келген бауырларды қызметке тарта бастады. Мысалы, Могамед Адаев аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, зоотехник Т. Арсанукаев аудандық жер бөлімінің жетекші маманы блыпты. Азамат соғысының батыры Мәжит Дінелхановтың баласы Салаутдин Қазалы зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумында математика курсын жүргізді. Өте білімді, жоғары мәдениетті, беделді аамат еді. Қазақтар кейбір шешен ағайындардың ұрлық, зорлық-зомбылығына да кешіріммен қарағанын жергілікті халық жақсы біледі.
Сол кездері жер ауып келеген қалмақ ағайындарға да жанашырлық аз жасалған жоқ. Олардың арасынан шыққан Сантонов, Насунов, Насунова секілді азаматтар мұнда құрметке ие болды. Олардың көбісі кейіннен өз туған жерлеріне қайтпай, Қазалы топырағында тұрақтап қалды.
Кеңес өкіметінің кезінде көзге шыққан сүйелдей болған немістер де ізгілікті осы қазақ жерінен көрді деп айта аламыз. Өздері де ісіне мығым, техника тілін жақсы білетін, сөзіне мәрт адамдар болатын. Осы қасиеттері арқасында олар ауыл шаруашылығының басты буындарында қызмет атқарды. Бір ғана Макс Васильевич Гемириелингтің отбасын мысалға алайық. Өзі хирург, әйелі авиаконструктор еді. Макстің электр қат

кезінде май шамның жарығымен операция жасап, талай адамды ажал тырнағынан алып қалғанын жұртшылық жақсы біледі. Сол кісі дүние салған кезде бүкіл аудан халқының қабырғасы қайыса қайғырды, ақырғы сапарға шығарып салуға аяқ жеткеннің бәрі түгел келді. Бұл кісінің үлкен қызы Валентина Жуковский атындағы әуе академиясының аға оқытушысы болса, Иринасы «Еңбегі сіңген мұғалім» еді.

Оқытушы Элла Леонардовна Боосты сол төңіректің адамдары түгел білетін. Жан-жақты білімді, адамгершілікті Элла «Бозкөл» аулындағы жетіжылдық мектепте орыс тілінен сабақ берді. Сол уақыт аралығында қазақтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін зерттеп білді. Аз уақыт аралығында қазақ музыкасының белгілі білгірлерінің бірі болып шықты. Онымен қоймай немістер арасында қазақтың тілін насихаттаушылардың біріне айналды. Қазалы қаласына қызмет ауыстырысымен биология мен неміс тілінен дәріс бере бастады. Әулетіне оқу қонған дегдар тұқым еді. Фамилиясы Боос болып келетін немересі 1950 жылы мектепті үздік бітіріп, ҚазМУ-де оқыды. Қазір академик, ядролық физиканың жетекші маманы. Теледидар арқылы бір болған кездесуде бұл күндері ақ самайлы аға болған осы жігіт таза қазақ тілінде сөйлеп, өзінің Қазалыда, оның ішінде «Бозкөл» ауылында туғанын айтып, жерлестерінің мерейін бір көтеріп тастады. Кәдімг өзіміз білетін Элла Леонардовнаның сыпайылығы, білімдарлығы, байсалдылығы осы балаға қона қалыпты. Элланың өзі түр-түрпаты жағынан сол кезгі көпшілік арасына кең тараған Клара Цеткиннің түрқына келетін еді. Ол сол қалпымен ауыл-аймақтағы көп адамға өнеге болды, білім нұрын септі, адалдықтың шапағатын төкті.

Көпшілік неміс инженер, механик, жүргізуші болып орнын тапса да, олардың өмірі бұлтсыз аспандай ашық болды деу шындыққа сай келмес еді. Бір үзім нанға зар болған немістің жетім балалары жиі кездесіп қалатын. Қазақ көңілшек халық емес пе. Әншиінде үрке қарап тұрса да, сол балалардың біразын бауырына басып, өз баласындай бағып-қақты.

Қазіргі Жанқожа батыр ауылының тұрғыны Жәлеке дейтін қария бір аяғын сылтып басатын, киімі тозған жүдеу-жадау сары баланы кездестіреді. Аяғын баса алмай тұрған баланы көтеріп үйіне әкеледі де әйеліне:

— Асырап алайық,— дейді. Әйелі қарсылық білдірмейді. Бір жандығын сойып, көрші-қолаңды жинап, балаға азан шақырып, Абдол деген ат қояды. Осы Абдол азамат болып, бала сүйгізе бергенде іздеу салып жүрген анасы Челябинск қаласынан табылды. Ананың зары белгілі емес пе? Күн сайын ұлын аңсап жазған хаттар үсті-үстіне келумен жатты. Ал, Абдол:

— Мен бағып-қағып өсірген әке-шешемді өзгерте алмаймын. Қолыма келіп жатқан болса, әке-шешеме қосып бағамын,— деп жауап қайтарды.

Абдолдың ізін басып жүрген інісі — әнші әрі әдемі жігіт болатын. Бойдағы таланттың құдіреті қойсын ба, ішімдікке үйір бола бастады. От басындағы бауырларын қалай адам етемін деп басы қатып жүрген Абдолдың жаны қыдырғанын халық біледі. Бірде Қарақұмның үстімен өтіп бара жатып, Абдолдың үйіне жата-жастана кеткеніміз бар. Інісінің арағынан тауы шағылған Абдол біраз мұқап қалған екен.

— Сол тентектің алдымен аяғын тұсайын деп елдегі сұлу қызды алып бердім, аға — дейді әңгімелесіп отырып,— Ана пәлені, арақты қойсын деп астына жүйрік арғымақ та мінгіздім. Енді-енді ел қатарына қосыла ма деп жүрмін.

Абдолдың тағдырына қарап отырып көзіңе жас үйіріледі. Інісі жерге қаратпаса екен деп іштей тілектес боласың. Осы Абдолды тегі неміс деп кемсітуге кімнің дәті барар еді? Осындай мысалдар сол заманғы ел арасында өте көп болатын. Оларды тағдыр табыстырды.

Бұрынғы Андреев атындағы колхоздың мүшесі Қайып ақсақал да неміс баласын асырап алаған еді. Аты Мәнтібай еді, кейін «Бозкөл» ауылының белгілі шопаны атанды. Әкесі Қайып қайтыс болғанда қанша баласы, ағайын-туысы болғанмен әруақ Монтібайдың қолынан о дүниеге аттанды. Жол-жоралғысының бәрі осы баланың қолынан жасалды. Ол әкесі алдындағы перзенттік парызын қапысыз орындады. Ешкім алдын кесе өтпейтін Мәнтібай бұл күндері сол ауылдың белгілі бір қариясына айналып отыр. Қазақтың қанасынан шығып қазаққа сыйлы бола алмай жүргенде, қаны бөлек болса да, жанымен кірігіп кеткен Мәнтібай қарияға арнап тұғыр соқса да артықтық етпес еді.

Ал, механизаторлық кәсіппен әлемге аты жайылған Наталья Геллер — қазалылық. Жалғыз Наталья ғана емес, Қазалы топырағында талай неміс жастарының бағы ашылды, өмірге жолдама алды, абырой тапты. Құрманғазы күйлерін асқан шеберлікпен орындайтын шабандоз домбырашы В. Пеньковскийдің өзі балалық шағын Қожабақы аулында өткізген еді.

Саяси қуғын-сүргін жылдары Сыр бойына жер ауып келгендердің арасында ақыл-парасатымен көзге түскен талай асыл сүйекті азаматтар болды. Олардың көбісі сол тұрған жеріне өшпестей өнеге қалдырды. Соның бірі кезінде М. Калининмен достық қарым-қатынаста болған Салтычев. Оның қызы Сталиннің әйелімен өндірістік академияда бірге оқыған. Кітапханадан қол үзбейтін оқымысты жандар болды. Кейде Калинин туралы қызықты әңгімелер айтатын. Ал теңізші болып жүрген кезінде Салтычевтің өзі Шаляпинді тыңдап, одан алған әсерін бізбен бөлісуші еді.

Сол жылдары Қазалыда ұлы математик Чебышевтің баласы алты ай тұрып, энциклопедиялық білімдарлығын көрсетті. Алты тілде еркін сөйлейтін жігіт кезінде С. Орджоникидзенің жәрдемшілерінің бірі болыпты. Ежелгі грек әдебимәдени мұралары туралы ғана емес, Шығыс әдебиетінің өмірінен мол хабарлы болатын. Ал, Горький университетінің оқытушысы Семенов физика-математикадан № 17 Ғ. Мұратбаев атындағы мектепте сабақ берді. Бүкіл қаланы велоси-

педпен аралап, ем жасайтын Каростынский әңгімешіл, үнемі жұмыс үстінде жүретін ерекше жан болды.

...Міне, осы жандардың бәрі өтіс-қатысы жоқ Қазалы қазақтарының арасында болған жылдары ешкімнен түрткі көрді деп айта алмаймыз. Оны туған жеріне қайтып бара жатып Салтычев тебірене әңгімелеп еді.

— Өмірімде талай халықты көрдім, бірақ қазақтай елді енді қайтып көре алмайтын шығармын.

Осыны айтқан Салтычевтің көзінен жас төгіліп кеткен. Оған сол арада тұрған жергілікті халық қосылды. Адамға адамның бауырластығын көзімізбен тағы бір көрген едік. Қандай бір қанды саясат болса да адамның адамға деген ықыласын жойып жібере алмасына сол жылдары көзіміз жеткен.

*Теңел ЖҰМАБАЕВ,*
соғыс ардагері.
(Облыстық «*Сыр бойы*» газеті, 1997 жылғы 24 маусым).

## БІЗДІҢ КҮШІМІЗ — ТАТУЛЫҚТА!

Курдтар — Таяу Шығыстағы байырғы халықтардың бірі. Тарих біздің тақдыр-таланымызға қыруар қиыншылықтарды душар етті. Ата мекенімізде қалыптасқан күрделі геосаяси жақтайлардың салдарынан осы уақытқа дейін өз мемлекетімізге қол жеткізе алмай келеміз. Өз жерінде мейлінше қатал геноцидке ұшыраған курдтардың үлкен бір бөлігі кешегі тарап кеткен Одақтың Әзірбайжан, Грузия, Армения, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан сияқты республикаларынан, сондай-ақ жер шарының басқа да түкпір-түкпірлерінен (Еуропа, Австралия, Америка) баспана тауып, дүние жүзіне тарыдай шашырап кетуге мәжбүр болды.

Сұмдық ауыр қасіретті әсіресе саяси қуғын-сүргіннің, тоталитарлық жаппай қырып-жоюдың кеңестік кезеңіндегі жаңа толқындары мен түрлері тұсында ерекше қатты сезіндік. Мысалы, 1937 жылғы 17 шілдеде КСРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен «Тұруға тыйым салынған шекаралық аймақ» деген құрылды да, ішкі істер Комиссариатына «саяси жағынан сенімсіз элементтердің» бәрін де өте қысқа мерзім ішінде шұғыл жер аудару тапсырылды. Ондай «сенімсіз элементтердің» қатарына тұтас халықтар, ұлттық топтар енгізілді. Оның үстіне, тап сол жылы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК/бП Орталық Комитетінің «Курд халқын Закавказьенің шекаралық аудандарынан көшіру туралы» қаулысы шықты.

Сөйтіп, курд халқына қарсы саяси қуғын-сүргін алдын ала ешқандай ескертусіз, аяқ астынан басталды да кетті. Оны «мемлекеттік мүдделер» туралы, «халықаралық қатынастардың шиеленісуі» туралы қайдағы бір сылтаулармен ақтап алуға тіпті де болмайтын еді. Курдтарды Закавказьеден жаппай жер аудару барып тұрған қатал, антидемократиялық тәсілмен жүргізілді. Еркек кіндіктілер жаппай қамауға алынды, әйелдір, балалар мен қарттар мал-жандарымен қоса жүк таситын вагондарға сықай тиелді. Күні жылы жақта жеңіл киіммен жүруге әдеттеніп қалған халық Ресейдің ызғарлы күзіне шыдай алмады. Вагондарда от жағылмайтын. Тамақ істеп ішуге мүмкіндік жоқ. Азық-түлік, медициналық көмек деген атымен болмады. Аштық пен ауру-сырқаудан қаншама адам, әсіресе, жас балалар мен қарттар жол үстінде қырылып қалды десеңізші!

1944 жылы Грузиядағы курдтардың қыруар отбасы да тап осындай «сценарий» бойынша жер аударылды. Олардың отағасы, біреудің әкесі, біреудің жары, біреудің баласы неміс-фашист басқыншыларына қарсы «Отан үшін! Сталин үшін!» деген ұранмен қан төгіп, шайқасып жатқанын ешкім де елеп-ескермеді. Өз азаматтарына, өз қорғаушыларына тап мұндай сорақы қылмыс пен қатігездік жасауды, шамасы, адамзат тарихы соған дейін біле де қойған жоқ шығар?!

Курдтар да, өзге «арнайы жер аударылғандар» сияқты, Өзбекстанның, Қырғызстанның және Қазақстанның ауылдық жерлеріне шашыратыла орналастырылды. Олардың бір жерде топтанып, шоғырланып тұруына, өздерінің тілін, мәдениетін және әлеуметтік-этностық еркшеліктерін сақтап қалуына қасақана мұрша берілмеді. Кеңес өкіметінің өздеріне «сенімсіз» саналған халықтарға жасаған және бір ауыр қолмысы, міне, осындай болды.

Жер аударылып келген отбасылардың басым көпшілігі көп балалы болатын. Ал, олардың арасында еңбек етуге қабілетті ересек адамдар аз еді. Күнкөріс мейлінше қиындай түсті. Сол бір кезде Қазақстандағы курдтар да өте ауыр жағдайға душар болды. Міне, сондай қиын-қыстау күндерде, өздерінің де жағдайы жетісіп отырмағанына қарамай, бауырлас қазақ халқы бізге жанашырлықпен қол ұшын берді.

Балаларының ауыздарынан жырып, бір үзім нанына дейін бөлісті, өз баспаналарынан орын берді, киім-кешек жағынан жәрдемдесті. Мұндай жақсылық табиғатында меймандос бауырлас халықтардың ғана қолынан келетініне біз сол жолы анық көз жеткіздік. Ал 1937 жылдың күзінде ғана Қазақстанға 1120-дан астам курд отбасы келгенін ескерсек, қаншама мың адамға қамқорлық жасалғанын байқауға болады.

Курд ақсақалы, тоғыз баланың әкесі Махмуд Абдулла Асанов сол күндерді былай деп еске алады: «1937 жылдың ызғарлы күзі мен қысы күні бүгінге дейін көз алдымда. Бізді тиеген жылжымалы вагондар Бақанас селосына келіп жетті. Онда

бізді қазақ отбасылары құшақ жая қарсы алды. Олар бізге бірнеше киіз үйлерін босатып берді. Бір тілім нанына дейін бөлісті. Не деген кеңпейілді, жомарт жандар десеңізші! Мен өзімнің тоғыз баламның құлағына: «Бізді ажал аузынан аман алып қалған қайырымды халық — қазақтармен дос болыңдар, достыққа дақ түсірмеңдер!» деген сөзді ұдайы құюмен келемін».

Қазір жастары 80-нен асып кеткен Апе Мето, Махмед Аминэ Азиз, Зияе Бадырхан, Апе Айдо, Анваре Карам, Азизе Баглар сияқты құрметті де беделді көптеген қарттарымыз өздерінің қазақ халқына деген тап осындай шексіз ризашылығын білдіреді.

Осы мақаланы жазып отырған біз де барлық қазақстандық курдтардың атынан республикамыздың Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа қазіргі жүргізіліп отырған әділетті ұлт саясаты үшін шын жүректен шыққан алғысымызды жеткізуді құрметті парызымыз деп білеміз. Өйткені жан-жақты терең ойластырылған, алыстан болжап білетін, көрегендік ұлт саясатының арқасында Қазақстанның барлық халықтары, соның ішінде курдтар да, өздерінің ұлттық-мәдени қазыналары мен мүмкіндіктерін сақтап, одан әрі дамыта түсуге, қоғамдық, азаматтық борыштарын адал өтеуге мол мүмкіндік алып отыр.

Кешегі КСРО тұсында-ақ Н. К. Надиров сияты ұлттық академиядағы ең бірінші академик-курдтың тап біздің Қазақстаннан шығуы, К. И. Мирзоев, Г. Садықов, Г. Н. Мұсаев, А. У. Үсенов, Т. А. Алпиев. Г. А. Надирова, Н. А. Шамои, Н. С. Юсупов, Мадо Алиева, Сюзанна Джамшид сияқты басқа да белгілі ғалымдардың өсіп-жетілуі бізді орынды мақтанышқа бөлейді. Ондаған қандастарымыз республиканың құқық тәртібін қорғау, әділет және білім беру салаларында өз міндеттерін абыроймен атқарып жүр. Халқымыздың өзіндік ұлттық мәдениеті де ойдағыдай дамып келеді.

Республикада қазақстандық курттардың мәдениет ассоциациясы жұмыс істейді. Ол еліміздегі барлық аймақтық курд орталықтарының жұмыстарын ұйымдастырып, үйлестіріп отырады. Ассоциация әртүрлі маңызды шараларды — Наурыз мерекесін, тіл, қала, республика күндерін әзірлеуге және өткізуге белсене атсалысады.

Мына бір деректі де айта кетудің артықтығы жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың атына Курд мәдениеті халықаралық орталығының бас директоры жолдаған құттықтау хатта былай деп атап көрсетілген: «Қазір Қазақстанда курдтардың қалыпты түрде алаңсыз жұмыс істеуі үшін қолайлы да тұрақты жағдайлар жасалған. Мұны мынадай деректен де көруге болады. Ресейден ауып кеткен курд босқындары Қазақстанға барып паналауда. Біз, Сізге жүрек түкпірінен шыққан шынайы алғысымызды айта отырып, Қазақстандағы курдтар қазақтармен, одан басқа да ұлт өкілдерімен әрқашан бейбіт және достық жағдайда өмір сүріп, еңбек ете береді деген берік сеніммізді білдіреміз».

*К. И. МИРЗОЕВ,*
*филология ғылымының докторы, профессор,*
Әлеуметтік ғылымдар академигі, ҚР Курдтар ассоциациясының президенті.
*У. САДЫКОВ,*
Алматыдағы Курд мәдени орталығының төрағасы,
*Н. ЧАТУЕВ*
ҚР Курдтар ассоциациясының басқарма мүшесі, республиканың еңбек сіңірген мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ДАСТАРХАНЫ: КОРЕЙЛЕРГЕ КӨРСЕТІЛГЕН ІЛТИФАТ

Азапты көрген халық корейлердей-ақ болар. Әсіресе, кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында тепеpiштің дәмін көп татты. Еріксіз көшіп-қонды, жер аударылды. Бүгіндері сол халықтың ұрпақтары арамызда баршылық. Соның бірі — Владимир Угай. Ол кісіден біз сыр суыртпақтап, әңгімеге тарттық.

— Мен Егемен Қазақстанның азаматымын,— деді ол,— сондықтан ел тағдыры, халықтың басына түскен ауыртпалық қинайды. Бірақ сары уайымға салынған жан емеспін. Жақында Елбасының Жолдауын оқып бір желпініп қалдым. Сонда атап көрсетілгендей, аталарымыз бен әкелеріміз осы жүз жылда қандай жеңіл кезді бастан кешірді екен? Азамат соғысы, аштық пен жұт, жаппай қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы немесе соғыстан кейінгі күйзеліс оңай тиген жоқ. Соның өте қатал экспериментіне тап болдық. Еріксіз жер аударылдық. Алғашқы Транссібір теміржолымен Орта Азия мен Қазақстанға қарай күні-түні ағылған 1937 жылғы эшелондар корейлерді бейтаныс аймаққа апарып тастады. Қазан айында ішкі істер наркомы Ежов Сталин мен Молотовқа былай баяндаған: «1937 жылғы 25 қазанда Қиыр Шығыстан корейлерді жер аудару аяқталды. Барлығы 124 эшелонға құрамында 171781 адамы бар 36442 отбасы жөнелтілді. Ал Қиыр Шығыста небәрі (Камчатка мен Охотскіде) осы жылдың бірінші қарашасына дейін жөнелтуге дайындалған 700 адам ғана қалды». Міне, көрдіңіз бе? Бір халықтың тұқымын құртқанша соңына түсіп, бұйрықтың орындалуы көсемнің бақылауында болған.

Онан кейін де корей диаспорасына қарсы жасалған соққылардан көрген қиындыққа майыспадық. Өйткені, кәрістер жергілікті қазақтардың аялы алақанының жылылығын сезінді.

Менің белгілі күрішші, Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Ким Ман Сам жайлы жазған корреспонденциямда ол қазақтар жайлы былай дейді. «Мен қазақ жерін алғаш басқанда көп күдіктендім. Бұрын-соңды көрмеген жердің ой-шұқыры көп деген ғой. Олар біз сияқты азып-тозып, ауып келген халықты көңілді қарсы ала қояр ма екен? Адамды тұрмыс билейді дегендей, өздері де жетісіп отырған жоқ. Заманның зардабы олардың да мойнын ырғайдай, битін торғайдай еткен. Халық мен ойлағандай болмады. Аңқылдаған бауырмалдықтың табын сезгеннен кейін, біздің де ойымыздағы шемен болып қатқан теріс ойлар ыдырай бастады. Кейін нағыз достықтың даңғыл жолына түстік. Біз білмейді екенбіз, қазақтың дастарханы даласындай кең, пейілдері түйткілсіз ақ, дарқан екен». Мұндай сөзді талай туысқандардан есіткеніміз бар. Ким Ман Сам еңбек еткен шаруашылықта ұлттар достығы нығая түсті. Сондықтан да болар, табыс тасқыны ешқандай толастаған емес.

Қызылорда жері корейлердің ырысы болса, тұрғындары қамқоршысына айналды. Олар ешкімді жатырқап, өңменінен итерген жоқ. Қайта үйіртпектеп, бауырына тарта білді. Менім досым Дю Дон Ир 1937 жылы алғашқы Қызылорда топырағын басқаннан бастап, осы күнге дейінгі көргендерін еске алып, жер басып, отбасылы болып, бала сүйгені қазақтардың қамқорлығының арқасы екенін мақтанышпен айтады.

Қыстың көзі қырауда Сырдария ауданыныдағы 1 мамыр атындағы шаруашылыққа тап болған корей отбасылары қиындықтарды бастан кешірді. Бала-шағалар аштық пен суықтан зардап шекті. Бірақ, оларға жергілікті қазақтар қамқор қолын созған. Дю Дон Ирдің айтуынша, ауыл ақсақалдары бас болып, босқындарға үй босатып бергізді. Кейбір отбасылары үйлеріне кіргізді. Корей балаларына үйлерін беріп, өздері киіз үйде отырғандары да кездесті. Ол кезде қазақтардың да тұрмыс-тіршілігі оңып тұрған жоқ болатын. Бірақ, халықтың бойындағы мейірімділік пен дарқандық бізге қамқор құшағын ашты.

— Мені баламмен бір қарт ана үйіне алып келді,— деп еске алушы еді Дю Дон Ир. Әдепкі сәттерден бастап-ақ, бір-бірімізді жатырқамадық. Аңқылдаған апай асты-үстіне түседі. Есімі Айгүл екен. Біз баламмен еуевіміз де оны апа атап кеттік. Үйге келісімен сырт киімімізді шешіп төріне шығарды. Әбден тоңып қалыппыз. Біраз отырғаннан кейін жуындырды. Енді қарнымыз да құрылдай бастады. Өйткені қазанда асылып жатқан тамақтың иісі қолқанды атып, төбетің тарта бастады. Көп ұзамай қазақтың дастарханы жайылып, сексеуілдің шоғына қайнап ентіккен сары самаурыннан шәй іштік. Тапа нан да алдымызда тұрды. Біз жатсынбадық, өз үйімізде отырғандай сезіндік. Айгүл апа жайнаңдап, бәйек болып жүгіріп жүр. Міне, біздің досығымыз осылай басталды. Қысылғанда қол ұшын берген Айгүл апайдың жақсылығын өмір бойы ұмытпаймыз.

Тереңөзек ауданындағы «Бидайкөл» ауылына 1937 жылдың қазан айында жер ауған корейлер келе бастағанында Гүлбарам апай 12 жаста екен. Бұл ауылға он адам бөлінген. Оны Уәли Дүйсенбаев өз қарауына алған. 45 жастағы Цой Николай, әйелі — Оля. Олардың төрт баласы болған. Олар — Зоя, Лена, Маруся және Афоня. Уәли ақсақал солардың алдында өз отбасына қарап: «Ешкім бейнетті сұрап алмайды. Ол да ойда жоқта кездеседі. Мыналар да осындай жандар. Көрдіңдер ме, бір ай бойы пойыз үстінде селкілдеп, азап шеккен. Ертең бізді де не күтіп тұрғанын қайдан білеміз? Сондықтан мына пақырларға қолдан келген көмектеріңді аямаңдар. Көрсеткен жақсылығың құдайдан қайтар»— деп қатаң ескерткен болатын. Айтылған сөзі екі етпей орындалады. Алты қанат киіз үй есік алдына тігілді. Ал, екі бөлмелі үйді Цой Николайдың отбасына босатып берді. Сондай-ақ, осы ауылдың Оспан Ермаханов, Амантай Құрманәлиев, Ахметбек Абдулпатаев және ағайынды Жанахмет пен Сағи Дүйсебаевтардың отбасылары да көмегін аяған жоқ. Осылайша Гүлбарам апай Барақшонова өткенді еске алады. Коля ағай Тереңөзек қонысына көшіп, онынщы разъездің маңында көп жылдар бақша егумен айналысады. Николай мен Ольганың балаларымен достық байланыс осы кезге дейін үзілген емес.

Сонау Қиыр Шығыстан ауған корейлердің бірсыпырасын осы жерден ұстап жазықсыз жазалады. Осындай қиындықтың талай-талай зардабын көрген халықтың бүгінгі ұрпақтары тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

*Ә. УӘЛИҰЛЫ.*
(*«Сыр бойы»* газеті, 9 желтоқсан, 1997 жыл)

## ЖАТ ТҰТПАЙ, ЖАҚЫН ТАРТҚАНБЫЗ.

Әлі есімде, біздің «Мәдениет», «Еңбек», «Жаңажол» колхоздары қазіргі Өзгент, Қожакент, Жаңаарық шаруашылықтарының тұрған жерінен 1936 жылдың желтоқсан айында «Төменарық» жеріне қоныс аударып, Сунақатаға жақын жерден туысқандар 2—3 отбасы болып бірігіп, жеркепелерге енді жайғаса берген едік. 1937 жылы Қиыр Шығыстан кәрістерді жер аударып, әр ауылға 25—30 жанұядан көшіріп әкелді. Енді бұрынғы-бұрынғы ма, олар үшін 15 жеркепе дайындау керек болды. Көшіп келгендер соған жайғасты. Қысытың көзі қыраулы, сол жылы қар да қалың жауды. Дегенмен, отын молшылық, үйден онша ұзамай сексеуіл отынын әкеліп жаға бересің. Кей-

де түнімен үрлеген қар жеркепелердің есігін көміп тастап, әкелеріміз таңертең оларды терезелерінен шығарып алатын, ауыл үй болып қар басып қалған есіктерін аршып көмектесетін еді.

Біздер Цой, Пак, Хан, Хван деген фамилияларды алғаш рет естіттік. Фамилиялары кәрісше, аттары орысша. Борис, Николай, Петро, Петр деген кәріс балалармен бірге ойнадық. Жаурағандарын жылытып, ашыққандарына ішіп-жемнен қарастық. Қысқа қамдаған жүгері, тарымыз баршылық болатын, соны қол диірменмен тартып, ұн ғып тамақ істеп ішуді үйреттік. Жүгері ұнынан жасалған нанды өзіміз сияқты олар да сүйсініп жейтін болды. Қуырылған тарыдан қол келіге түйіліп, ақталған сөктің талқанын да қорек етті. Күрішті көп сұрап, іздейтін еді. Бірақ ол кезде бізде күріш қайда. Ауылда дүкен жоқ. Шәй, канттан да аздап қарасатынбыз. Содан жаз шыға төменарықтың дария жақ бетіне кәрістерді қоныстандыру үшін бүкіл аудан болып көтеріліп, «Қызыл жұлдыз» колхозының іргесін қалауға кірісті.

Аудандық жер бөлімінің бастығы Мұсаханов Зұлпыхар ағамыз құрылыс штабының бастығы болды. Менің әкем де сол колхоздың үйлерін тұрғызуға қатысып, «екпінді» атанып, сый-сияпат көріп жүрді. Сыйлыққа ендей мата, ұн, кантшәй беретін. Біз жас та болсақ ауылдан 10 шақырымдай жерге есекпен қатынап, 2—3 күндей әкеміздің қасында қона жатып, қолымыздан келгенінше көмектесіп, сыйлыққа бергендерін алып қайтатынбыз.

Сол кездегі төменарық аумағына Сырдарияның қазіргі Түгіскен алқабынан көшіп барған ондаған колхоздар, өз адамдары жеркепеде отырса да, кәрістерге жайлы қоныс жасап берді. Біздер сол кезде осындай үйлерге қашан отыратын боламыз деп армандайтынбыз. Ауыл-ауылға таратылған көшіп келушілерді сол колхозға жинақтап, бұрын Қиыр Шығыста да басқарма болған Цой Петр Ивановичті «Қызыл жұлдызға» төраға етіп сайлады.«Қызыл жұлдыз» колхозы қазіргі қонысына ауысқаннан кейін менің ол кісімен 1962 жылы қызметтес болуыма тура келді.

П. И. Цой колхозда тексеру комиссиясының төрағасы, ал мен басқарма төрағасынын орынбасары жұмысын істедім. Колхоз басқармасының төрағасы Пак Юрий Захарович (көп жыл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында агроном болған) болатын. Цойдың ол кезде 60 жасын 61-інде атайды екен. Осыған байланысты аупартком хатшысы Мәделхен Жәнібеков пен ауатком төрағасы Мұсаханов Зұлпыхар өздері келіп, колхозда үлкен той өткізді. Петр Ивановичке зор құрмет көрсетілді. Цойдың үлкен баласы, сол кезде Қазақстанның терістік облыстарының бірінде облыстық прокурор болатын. Тойға сол баласы да келген сияқты еді, қазір қайда екенін білмеймін. Цой Петрдің колхозға бастық кезінде елуінші жылдарда соқтырған клуб, мектеп, басқа да құрылыстары осы уақытқа дейін тұр.

Кәрістер алғаш ұйымдасқаннан-ақ күріш екті, аудан олардың күріш өсірулеріне жағдай жасап, ә дегеннен оның көлемін 100 гектарға дейін жеткізді, әрі мол өнім алды. Өте еңбекшіл халық болды, әсіресе олардың соғыс жылдарында табан ет, төккен маңдай терлері, отанды қорғауға қосқан үлестері ерен еді. Сол жылдары Социалистік Еңбек Ері атағын алғандары да болды.

Алғашқы кезде «кәрістердің институты» атанып ашылған Қызылорда мұғалімдер институтында кәріс жігіттерімен бірге оқыдық. Оқудан соңғы қызметтес болған мектеп директорлары Нигай Александр, Ким Михаил, Цой Гаврил, мұғалімдер — Хван Василий, Цой Елена, Цхай Николай, өндіріс командирлері — Пак Иван (баласы Пак Владимир Иванович қазір аудандық газ мекемесін басқарады), Пак Юрий білімді, қабілетті, жоғары мәдениетті, сыйластығы мол, қайырымды жандар болды.

1944 жылдың басында жер аударылған Кавказ шешендерін қоныстандыру да оңайлықпен іске асырылған жоқ. Қақаған қыста 30—35 отбасына үй тауып жайғастыру керек болды. Тағы да 2—3 жанұядан жартылай жеркепелерімізге тығылысып үй босаттық, сиыспағандарына мал кепелерді жөндеп, пеш салып, есік-терезе қондырып дайындадық. Менің әкем Сәпи және Ғамзат деген шешен отбасыларын қамқорлыққа алды. Біреуіне өзіміз отырған үйіміздің қарсы бөлмесін, ал екіншісіне мал сарайымызды босатып бердік. Намаз, оразасын қаза жібермейді. Тілдеріне түсінбесек те, біздермен тез бауырласып кетті. Бірақ, қанша қамқорлық дегенімізбен, әрі сол кездегі тараған жұқпалы сүзек ауруының әсерінен көп адам қырылып қалды. Біздің қамкерлығымыздағы отбасыларынан әкелері Сәпи және үш бала өлді. Әйтсе де тірі жан тіршіліксіз қалмайды екен, әкелеріміздің көрсеткен жерінен егін салып, лезде ел қатарына қосылып, өз күндерін өздері көретін болды. НКВД-ның жанынан шешендер үшін арнайы комендатура құрылып, олар қатаң бақылауда болды. Тек Сталин өлгеннен кейін ғана қатаң бақылау тоқтатылды.

Ата мекенімізге кімдер ауып келсе де «кел демек бар, кет демек жоқ» деп құшақ жая қарсы алдық. Олардың көрген қиыншылықтары мен шеккен азабы біздердің де жүрегімізді сыздатты. «Көп екен көргеніңнен көрмегенің, бәрінен де жақсы екен өлмегенің» дегендей, Жаңақорған жерінде өніпөсіп, аман-сау қалғандары 1957 жылы Чешенстанға қайта оралды.

*Дәумен Шоманұлы,*
зейнеткер, Жаңақорған ауданы.
(Облыстық «*Сыр бойы*» газеті,
1997 жылғы 23 сәуір).

Қазан төңкерісінен кейін елде аласапыран зобалаңның басталып, балапан басына, тұрымтай тұсына, әркімнің бас қайғысымен кеткені тарихтан белгілі. Қазақ халқының басына түскен қайғы-қасіретті көз алдыңа елестетсең тұла бойың түршігеді. Голощекиннің Қазақстанға кіші төңкеріс жасап, отбасыларының бірлі-жарымды мал-жәутіктерін сыпырып алғаннан кейін ашаршылыққа ұшырап қырылғанын, кейбіреулерінің Өзбекетан, Қырғызстан, Түрікменстанға және Ресейге жер ауып паналағанын білеміз. Соның әсерінен азғантай ұлтымыздың жаң-жаққа шашырап, сол елдерден олардың ұрпақтарының әлі де орала алмай жүргенін бүгін көзіміз көріп отыр.

Сол кездегі басқа да халықтардың басына түскен нәубетті архив қазынасы жыр ғып шертеді, сталиндік қуғын-сүргіннен барлық халық зардап шекті. Майданға әскер күші жетпей жатқанда сталиндік режим көптеген халықтарды жасанды айыппен ата-мекенінен күштеп жер аударды. Қарапайым халық тағдыр тауқыметіне амалсыз мойынсұнды. Сонау жер жаннаты Солтүстік Кавказ бен Қырым тұрғындары аязы қақаған Орал мен Сібірге, ыстығы ми қайнататын Орта Азия мен Қазақстанға еріксіз қоныстандырылды. Майданда кескілескен соғыс жүріп жатқанда ыңыршағы айналған қазақ ауылдары мен қалаларына пана іздеушілер үдей түсті. Қазақстанға 1941 жылы 300 мың адам жер аударылса, 1943 жылы күзде ол 507480 адамға жетті. Олардың ішінде 45,5 мың карашай, 406 мың шешен мен ингуш, 21150 балкар, 2,2 мың қалмақ, 4,5 мың қырым татарлары, 27,6 мың месхет түріктері және басқалары бар еді. Жер аудару халыққа да, мемлекетке де оңайға түскен жоқ. Қаншама көлік пен мал және ақша қаражаты шығын болды десеңізші! Басқаны айтпайық, бір ғана шешен мен ингуш халықтарын көшіру үшін Сталин мен Берия 100 мыңға дейін сарбаз бен НКВД қызметкерін пайдаланды. Осылай тыныш жатқан елге зобалаң туғызудың сыры неде? Әрине кезінде кеңес тарихшыларының бағалауынша сол халықтардың ішінен кеңес өкіметін мойынсынбаушылық байқалған. Осының нәтижесінде бүкіл халықты жазалау басталған.

Біздер бұрын Қазақстан ұлттар лабораториясы деп мақтанышпен айтатынбыз. Сталиндік ой-пиғыл да солай болатын. Барлық ұлтты араластырып, қойыртпақ жасау жоспарлы түрде жүргізілген. Оны байқаған зиялы қауымда қолдан келер дәрмен болмады. Оған дәлел ретінде мына мысалдарды айтсақ да жеткілікті. Ұлы Отан соғысы басталысымен біздің облыстың өзіне немістер басып алған алты аймақтан адымдар ағылып келе бастады. Олардың ішінде Солтүстік Кавказдан — шешен, ингуштер, Грузиядан — түрік, қалмақ, немістер. Ал Молдавиядан бұрынғы кулактар және басқа да 22338 адам келіп қоныстанды. Сондай-ақ Солтүстік Кавказдан келген 4416 отбасы барлық аудандарға таратылып орналастырылды. 1941 жылғы мәлімет осылай болса, НКВД-ның 1945 жылғы материалдарындағы көрсеткіш біршама жоғары.

1945 жылғы есеп бойынша арнайы қоныстанушы 30226 адам, оның ішінде 16 жастан жоғарысы 14158 адмаға жетті. Оны әр ұлтқа таратқанда былай:
шешен мен ингуштер — 5528 отбасы, 19968 адам,
немістер — 835 отбасы, 2207 адам,
қалмақтар — 737 отбасы, 2115 адам,
түрік-месхеттер — 370 отбасы, 1798 адам,
молдавиядан келген бай кулактар — 461 отбасы, 1286 адам.

Мұндай зобалаң облыс халқына да оңай тиген жоқ. Өздерінің де тұрмыс-тіршілігі күйзеліп отырғанда, қоныс аударушылардың тауқыметі жағдайды ауырлата түсті. Соған қарамастан 1941 жылдың 29 шілдесінде облыстық партия комитеті мен атқару комитеті қоныс аударушыларды қабылдау, орналастыру жөнінде қаулы шығарып, ол жұмыспен айналысатын бөлім құрылды. Оларды баспанамен, тамақпен қамтамасыз ету тұрақты бақылауға алынды. Сондай-ақ 1942 жылғы 20 қаңтардағы облыстық атқару комитетінің шешімімен қоныс аударушыларға арнап тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыстық орындар салу үшін 1465500 сом қаржы бөлінді. Аудандарда да осындай дүрбелең басталды. Арал ауданына 40 отбасы, Молдавиядан 2486 адам, Эстония, Латвия, Литвадан, оның ішінде 1413 неміс қоныстанушылары бөлінді. Олар әскери госпитальдарға және «Рыбник» мәдениет үйіне орналастырылды. Архив мәліметі бойынша қоныстанушылардың ішнде поляктардың болғаны жайында айтылады. Оны айқындай түсетін тағы бір жәйітті айтпай кетуге болмайды. 1943 жылғы 21 желтоқсандағы облыстық атқару комитетінің шешімімен жер ауып келген поляк балаларына арналып, өз ана тілінде тәрбиелейтін 65 орындық балабақша ашылған. Әкелері майданда жүргендердің балалар үйіне қабылданған балаларын жергілікті қазақтар өз үйлеріне алып, асырап тәрбиелеген. Қазақтың бауырмалдығы емес пе, өзінің баласы көп болса да, қиындық көргенде басқа ұлттың жетімдеріне қол ұшын беру не деген дархандық. Жоғары жақтың қаһары басты да, тасты да жаратын кез ғой. Қоныс аударушыларға қамқорлық қарқынды жүргізілді. Әсіресе, үй салуға деген көзқарас ерекше болды. 1944 жылдае 1945 жылдың үш айында облыс бойынша 4153 үй салынып, пайдалануға беріліп, оған 4152 отбасы орналасқан. Сондай-ақ оларға колхоз, совхоз және кәсіпорындар есебінен теріден жасалған 471 аяқкиім, 106 түрлі киім берілген. Азық-түлікпен қамтамасыз ету де назардан тыс қалмаған. Облысқа бөлінген 504 тонна астықтың 499 тоннасын солар алған.

Қармақшы ауданына келгендердің 341-і Жосалы мезханикалық зауытына жұмысқа орналасса, 188 месхет-түрік отбасылары «III интернационал» колхозына жұмысқа жіберілді. Осы түріктердің ұрпақтары әлі күнге сол шаруашылықта тұрады.

Месхет түріктерінің Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, үштыкүйде хабарсыз кеткен жүзден астам боздақтары «Боздақтар» естелік кітабының еінші томында берілді.

Көсемнің қаһарына ұшырап жер аударылған халықтардың өкілдерін майданға алмады. Соғыста жүргендері кері қайтарылып, қара жұмыстарға жіберілді. Сөйтіп, өз халқына сенімсіздікпен қараған Сталин жоне оның төңірегіндегілер соғысты басқа халықтардың есебінен жүргізуді қолданды. Бұл әрине, қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға сенімсіздіктен туған болатын. Олардың жаңа қонысында аш-жалаңаш қалып, ауруға шалдығып, қаншама адам қырылғаны жөнінде архив құжаттарында дерек жеткілікті. Олар да таршылық өмір кешкенше, басқалармен бірдей өз Отанын қорғауға ынталы болды. Бірақ, «күн көсемнің» тегеуірінді шешімі, олай-бұлай мойын бұрғызбады.

Қарапайым халық қоныс аударушылардың мүшкіл жағдайын түсініп, аяушылықпен қарады. Қолдан келген көмегін аямады. Осындай аялы алақан мен мол адамгершілікті сезінген олар өмірге деген үмітін үзбеді. Қазақ ауылдарында тату-тотті тұрды. Балалары қазақ мектептерінде оқып, салт-дотүрін, әдет-ғүрпын үйренді. Кейбіреулер қазақтармен құда-жекжат болып, құйрыө-бауыр бөлісті.

Кешегі қуған-сүргін көріп, жер ауып келгендердің бүгінгі ұрпақтары, Қазақстанның егемен болып, бөлек отау тіккеніне қуанып, елді өркендетуге белсене араласып, өз үлестерін қосуда.

*Ө. Қожақов,*
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымының кандидаты.**
(«*Сыр бойы*» газеті, 1997 жылғы 10 сәуір).

## ЖАУҒА ТҰТҚЫН БОЛҒАНДАР ДА ҚУҒЫНДАЛҒАН

## ШЕТ-ШЕГІ ЖОҚ ҚУДАЛАУ

**Қолдарыңыздағы алтыншы том — «Боздақтар» естелік кітабы сериясымен шығарылып, бұған жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары енгізіліп отыр. Бұл екі том болғалы тұр, неге десеңіз облыстық ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінде екі жыл бойы отырып, мәліметтерді алумен шұғылданған біздің қызметкерлеріміз облыс бойынша 4 мыңнан астам адамның жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағанын анықтады. Соларға қоса кешегі ұлы Отан соғысында жау тұтқынында болып, кейін соның азабын тартқандар да саяси қуғын-сүргін құрбандарына жатқызылып, олардың да тізімі берілді. Біз естелік кітаптың екінші, үшінші, төртінші және бесінші томдарына сондай тұтқын болу азабын тартқандар жайлы мәліметтер беріп едік. «Түркістан легионында» болғандар жайлы да мәліметтер берілген болатын.**

**Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінен алынған жау тұтқынында болып, кейін соның азабын тартқандар, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбаны болғандар «Боздақтар» сериясымен «Аза кітабы» атты қосымша айдармен беріліп отырған осы кітапқа тұтқын азабын тартқандар жайлы мақалалар, соғыс құрбандарының қосымшалары беріліп отыр.**

# А

АМАНБАЕВ Нұрмахан — Шиелі ауданының № 9 разъезінде 1913 жылы туған, НКВД Әскери трибуналы арқылы 1943 жылғы 23 қарашада 10 жылға сотталғанға дейін Гурьев қаласында тұрған, жаяу әскерлер училищесінде оқыған.
1991 жылғы 10 желтоқсанда ақталған.

АЛПАТОВ Алексей Романович — родился в 1923 году в гор. Кзыл-Орда, русский, беспартийный, образование среднее, бывший лейтенант авиачасти Красной Армии. Он обвиняется в том, что находясь на Сталинградском фронте, Алаптов попал в плен к немцам, после чего в октябре 1942 года из лагерей пленных в гор. Харькове был завербован в немецкую школу диверсантов для диверсионной работы в тылу действущей Красной Армии, за что постановлением транспортного отдела МГБ 6-го военно-эксплуатационного управления от 27 июля 1945 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-1 «б» УК РСФСР. Приговором военного трибунала Северной группы Войск от 5 октября 1946 года он лишен воинского звания «лейтенант», лишен свободы в ИТЛ сроком на 8 лет с поражением прав сроком на 3 года.
Определением Военной Коллегии Верховного суда СССР от 28 июля 1956 года приговор военного трибунала Северной группы Войск от 5 октября 1946 года в отношении Алпатова А. Р. отменен и дело о нем производством прекращено по ст. 5 УК УПК РСФСР.
По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 19 мая 1997 года Алпатов А. Р. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года реабилитирован.

АЛДАМЖАРОВ Молдабай — Арал ауданының «Райым» селосында 1917 жылы туған, НКВД Ерекше мәжілісінің үкімімен 1943 жылғы 29 мамырда 8 жылға сотталған. Камауға алынғанға дейін № 56 әскери тұтқындардың лагерінде болған.
1989 жылғы 7 қыркүйекте ақталған.

АЛТАЕВ Смайыл — Жаңақорған ауданының № 4 ауылында 1915 жылы туған, 31 Ар Ерекше бөлімінің 1942 жылғы 6 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімі, 193-23 бабы бойынша қылмыстық іс қозғалған. 31 Ар әскери прокуроры көмекшісінің 1942 жылғы 9 қарашадағы қаулысымен Алтаев Смайыл жөніндегі іс өндірістен қысқартылып, Алтаев қамаудан босатылған.
Қамауға алынғанға дейін ол 6 гвардиялық танкіге қарсы шабуылға шығатын артиллериялық 2 батареяның взвод ефрейторы болған, әскерге алын-

ғанға дейін Ташкент облысы, Калинин ауданы, Еркін ауылдық кеңесінде дүкен меңгерушісі болып істеген.

**АНИСИФОРОВ** Григорий Семенович — родился в 1901 году в дер. Андреевка, Бакурского района, Саратовской области. Постановлением Отдела контрразведки НКО «Смерш» от 10 августа 1943 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58-10 ч. 2 УК РСФСР. Приговором военного трибунала Тульского гарнизона от 24 августа 1943 года он осужден на 10 лет лишения свободы, с поражением прав на 5 лет. Наказание отбывал с 10 августа 1943 года, освобожден 14 октября 1952 года. Постановлением Президиума Верховного Совета СССР от 12 октября 1955 года с Анисифорова Г. С. снято поражение прав судимости.

Определением военного трибунала Московского Военног округа от 4 апреля 1953 года приговор военного трибунала Тульского гарнизона от 24 августа 1943 года в отношении Анисифорова Г. С. отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления. Протест военного прокурора МВО СССР от 21 марта 1963 года удовлетворен.

До ареста он был старшим сержантом 204 фронтового запасного стрелкового полка, после отбывания наказания проживал в гор. Кзыл-Орда.

**АЙДАРБЕКОВ** Дайырбек — Шиелі поселкасында 1922 жылы туған, ТуркВО әскери тирбуналының үкімімен жау тұтқынында болғаны үшін 1951 жылғы 20 мамырда 25 жылға сотталған. Қамауға алғанға дейін «Ақсай» руднигінде жұмыс істеген. 1996 жылғы 15 сәуірде ақталған.

**АХМЕТОВ** Тұраш — Тереңөзек ауданының № 24 ауылы, Аманкелді атындағы колхозда 1904 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, үйленген, Тереңөзек АӘК арқылы әскерге 1942 жылдың 26 мамырында алынған, Уфа қаласындағы 30 запастағы АП құрамында болған, одан майданға Ржев қаалсына жіберілген, онда 78 АД, 453 АП, 1 АБ, 2 АД құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысқан. Әелі — Нүкіш, 3 баласы бар, бұрын сотты болмаған.

Ахметов Тұраш — 1942 жылдың 11 желтоқсан күні майданның алғы шебінде траншейді тазалап жатқан кезде сатқындықпен немістер жағына өтіп кету пиғылын айтқан және осыған бөлімше командирі Қуатовты және қызыләскер Іскердіровті мынандай жағдайда көндірген:

Ахметов — Қуатов пен Іскендіровтің жұмыс істеп жатқан жеріне келіп, оларға өзінің нанды ала алмайтыны, оны күні-түні зорлап жұмыс істеткізетіні, өзінің тамақ ішпейтіні, ұйықтамайтыны туралы шағым айтқан, егерде осылай болып кете беретін болса, онда аштан өлетінін айтқан. Қуатовтың жағдай жақсы болуы үшін не істеу керек деген сұрағына Ахметов 2—3 адамды таңдап алып, немістер жағына өту керек,— деп жауап берген. Қуатов Ахметовтың одан арғы пікірін білу үшін былай деген: «Бізге қайдағы бір жақтан адам іздеудің қажеті не, біз екеуміз, сенімен үшеуміз, біз келісіп алып, үшеуіміз немістер жағына өтуімізге болады». Осы сөзден кейін Ахметов немістер жағына қалай және қашан өтудің жолдарын айтқан. Ол былай деген: «Біз киімкешегімізді, аяқ киімімізді құрғатып алып, өтетін жерді біліп алып, түнде орман ішімен немістердің ракетасының жарығына қарай жүріп, біздің қоғаныстың алдыңғы шебі арқылы еңбектеп өтіп, жарық түскенше күтіп отырамыз, жарық түсісімен тұрып, екі қолымызды жоғары көтеріп, немістерге барамыз, олар біздің қол көтергенімізді көріп, бізге оқ атпайды».

Осы қылмысы үшін Ахметов Тұраш 78 АД НКВД-сының Ерекше бөлімінің 1942 жылғы 13 желтоқсандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 19—58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

78 АД НКВД Ерекше бөлімінің 1943 жылғы 1 наурыздағы қаулысында атап көрсетілгендей Қуатов 1943 жылдың 3 ақпанында жарақаттанып госпитальға әкетілген, ал Іскендіров 43 жылғы 15 ақпанда қаза тапқан. Ахметовті айыптаған тергеу ісі өндірістен қысқартылып, сол күннен бастап ол қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың аға көмекшісінің 1991 жылғы 24 ақпандағы қаулысымен Т. Ахметовтің әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан іс өндірістен қысқартылған.

Бұл қаулыны облыстық прокурордың бірінші орынбасары бекіткен. Т. Ахметов толық ақталған.

# Ә

**ӘБДІРАМАНОВ** Нұрділда — облыс территориясында 1919 жылы туған. Қызыл Армия қатарына 1940 жылы шақырылып, ұлы Отан соғысына шекарашы ретінде қатысқан. 1942 жылғы 22 мамырда жауға еріксіз тұтқын болып, соғыс аяқталғанша Германия территориясында ұсталған, басқа капиталистік елдерге айдап әкетілмеген. Онан кейінгі оның тағдыры белгісіз.

**ӘБУБӘКІРОВ** Уәлихан — Сырдария ауданы территориясында 1922 жылы туған, майданға 1941 жылы аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, соғыс жылдарында жауға тұтқын болғаны үшін 1948 жылғы мамырда қамауға алынып, РСФСР ҚК 58-1 «б», 58-10 П бөлімі бойынша 25 жыл еңбекпен түзеу лагеріне (ИТЛ) сотталған. СССР Жоғарғы Кеңесінің 1956 жылғы 12 ақпандағы Указының 3 бабы, 6 параграфына сәйкес мерзімінен бұрын тұтқыннан босатылып, соттаулуы алынып тасталған.

**ӘЗМҰХАМБЕТОВ** Әлмеш — Жалағаш ауданы территориясында 1913 жылы туған, 1941 жылы 11 майданға аттонып, атқыш решінде соғысқа қатысқан, 1942 жылғы ақпанда жауға еріксіз тұтқын болып, 1945 жылғы 3 мамырға дейін ұсталған. Кеңес әскерлері босатқан. НКВД органы оны қандай шаралармен қабыл алғаны жайлы мәлімет жоқ.

**ӘБСАТТАРОВ** Әлайдар — Сырдария ауданы, Жетікөл ауылдық кеңесінде 1912 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылы қарашада тұтқынға алынғанға дейін жауынгерлер арасында контрреволюциялық, жауға жеңіліс табуға бағытталған үгіт жүргізіп келген. Әскери трибунал оны РСФСР ҚК 58 бабының 10, 11 тармақтары бойынша айыпты деп тауып 10 жыл бас бостандығынан айыруға, 31 баптың «а» параграфы бойынша 5 жыл саяси құқығын жоюға, мүлкін тәркілеуге сотталған. Үкім ақырғы, шағым беруге жатпайды деп шешілген.

**ӘБДІРАХМАНОВ** Әлішер — Жаңақорған ауданы. «Ақарық» селосында 1903 жылы туған, 1943 жылғы 18 шілдеде тағылған айып анықталмағандықтан тұтқыннан босатылған. Қамауға алынғанға дейін әскери қызметші болған.
1996 жылғы 10 қаңтарда ақталған.

**ӘДІЛБАЕВ** Жұбатқан — Арал ауданы, Сексеуіл станциясында 1921 жылы туған, кейін Жаңақазалы станциясында тұрған. Ұлы Отан соғысында 211 АД, 894 АП, 1 АБ, 2 АР құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылғы қаңтар айынан қараша айына дейін соғысқа қатысып, тұтқынға түскен. Немістерде 1942 жылғы қарашадан 1945 жылғы мамыр айына дейін болып, «Түркістан легионына» қызмет жасаған, онда неміс командованиесіне адал қызмет жасаймын деп ант берген, Қызыл Армияға қарсы ұрысқа белсенді түрде қатысып, сондай ұрыстардың бірінде жарақат алған. 211 АД әскери прокурорының санкциясымен Әділбаевқа қашқын ретінде розыск жарияланған. Ол сатқын есебінде айыпталып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» және 11 тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалған. Түркістан әскери округінің әскери трибуналы 1946 жылғы 17 желтоқсандағы үйғаруымен, істегі материалдар жеткіліксіз болғандықтан, Әділбаевты айыптаған іс Түркістан әскери округінің әскери прокурорына тексеруге кері қайтарылған.

**ӘШІРОВ** Ақжан — Жаңақорған ауданының Төменарық селосында 1920 жылы туған, кедей шаруа от басынан шыққан, білімі 5 класс, партияда жоқ, бұрын сотты болмаған, үйленбеген.
Әшіров Ақжан Жаңақорған АӘК арқылы 1940 жылы қазан айында әскер қатарына алынған, Эстон ССР Ихва қаласында Отан соғысы басталғанша болған, 1941 жылдың қазан айында немістердің тұтқынына түскен. 1942 жылдың шілде айына дейін Әшіров Рига қаласында әскер тұтқындарының лагерінед болған, онан кейін Польшаның Легионово қаласындағы лагерьге ауыстырылып, неміс армиясының құрамына кіретін немістер құрған 5 Түркістан батальонына тіркелген. 1942 жылдың қыркүйек айына дейін сонда болып, неміс армиясының антын алған. Содан кейін оны осы батальон құрамында Қызыл Армияға қарсы соғысу үшін майданға жіберген. 1942 жылдың 16 желтоқсанында Богучар қаласының манындағы ұрыста неміс армиясы талқандалғаннан кейін Әшіров өз еркімен Қызыл Армияның тұтқынына түскен.
Әшіров Ақжан Тамбов облыстық НКВД басқармасы КРО-сының 1943 жылғы 23 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 1943 жылдың 31 наурызында аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылған, оны Тамбов облыстық НКВД басқармасының бастығы 17 сәуірде, Привольжия әскери округінің әскери прокурорының көмекшісі сол жылғы 18 сәуірдегі қорытындысымен бекіткен.
СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілісінің 1943 жылғы 29 мамырдағы қаулысымен Әшіров Ақжан — 8 жылға еңбек түзеу лагеріне сотталған.
Әшіров Ағжан 1943 жылғы 15 қазанда НорильЛАГ-те қайтыс болған.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 7 қыркүйектегі қорытындысымен Әшіров Ақжан СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**ӘШІРБЕКОВ** Батырхан — Шиелі ауданы территориясында 1920 жылы туған, Қызыл Армия қатарына 1940 жылы шақырылып, шекарашы болған, 1941 жылғы 28 шілдеде жауға еріксіз тұтқын болып, соғыс аяқталғанша капиталистік елдерде әртүрлі қара жұмыстар істеуге мәжбүр болған. Онан кейінгі оның тағдыры қалай қалыптасқаны жайлы мәлімет жоқ.
Қызылорда облыстық МГБ басқармасы тергеу бөлімінің 1947 жылғы 17 ақпандағы қаулысымен Әділбаевты айыптаған іс бойынша оның айыпты екенін анықтайтын жинақталған материалдардың жеткіліксіздігінен тергеу ісі тоқтатылып, ол қамаудан босатылған.
Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 13 мамырдағы қорытындысымен Әділбаев Жұбатқан Қазақстан республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы бойынша толық ақталған.

**ӘДІЛОВ** Оразбай — Шиелі ауданы, Бестам ауылдық кеңесі, «Алғабас» колхозында 1922 жылы туған, негізі кедей шаруа, білімі 6 класс, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотты болмаған, үйленбеген, інілері — Тұрымбай, Кенжебай.
Әділов Оразбай әскер қатарына Шиелі АӘК арқылы 1942 жылғы 6 қаңтарда алынған, 1942 жылдың 25 мамырына дейін 6 Ар, 103 АП, минбаттың құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылдың 25 мамырында Харьков облысының Лозовая станциясында болған шайқаста немістердің тұтқынына түскен. Немістердің жағында жүріп 1943 жылдың маусым айында Польшаның Вениаминово жерінде өз еркімен әскери тұтқындар лагерінде неміс полицейі болып жұмыс істеп, тұтқынға түскен кеңес әскерлеріне әртүрлі қорлық беріп, зәбір көрсеткен. Сол үшін неміс командованиесінен бірнеше рет алғыс алған. Неміс армиясының антын алған. 1943 жылдың тамыз айында басқа полицейлермен бірге Германияның Брандсбен жеріне әкелінген, ол жерде неміс армиясының теңіз жаяу әскерлері жанындағы жәрдемші-қосымша легио-

нына тіркелген, соның құрамында Әділов 1943 жылдық қазан айынан 1945 жылдың қаңтар айына дейін Германияның Киль, Пилау, Евесрсфальде қалаларының аудандарында және Брандсбен жерінде неміс әскерлері үшін қорғаныс бекіністері құрылыстарына қатысқан. Немістерге беріліп қызмет жасағаны үшін Әділов неміс армиясының ефрейтор атағын алған. 1945 жылдың қаңтарынан наурыз айына дейін зеңбірекшілер даярлайтын курста оқыған, оны бітіргеннен кейін Германияның Рейнсбург қаласындағы неміс армиясынан артиллерия бөлімшесіне зенбірекші болып тіркелген. Сол жерде соғыс біткенше СССР-дың сол кездегі одақтастары ағылшын-американ әскерлерінің әуе шабуылына қарсы ұрысқа қатысқан.

1945 жылдың мамыр айында Германияның Рейнсбург қаласы ауданында ағылшын әскерлерінің тұтқынына түсіп Кеңес Одағына қайтарылып берілген. 1945 жылдың желтоқсан айында репатриант есебінде Кизель қаласындағы тұрған үй құрылысы тресіне жұмысқа берілген Ол жерден 1947 жылдың маусым айында жұмысты тастап қашып кеткен.

Осы қылмыстары үшін Әділов Оразбай Қызылорда облыстық МГБ басқармасының 1948 жылғы 11 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен және СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 26 желтоқсандағы Указымен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 1948 жылдың 13 сәуірінде аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні Қызылорда қаласында шығарылған, оны Қызылорда облыстық МГБ басқармасының бастығы 16 сәуірде, ТуркВО әскери прокуроры 30 сәуірде, ТуркВО әскери трибунаның дайындық мәжілісі 1948 жылғы 3 мамырдағы үйғаруымен бекіткен.

Түркістан әскери округі әскери трибуналының 1948 жылғы 25 мамырдағы үкімімен Әділов Оразбай 25 жылға бас бостандық еркінен айыруға, жазасын еңбекпен түзеу лагерінде өтеуге, жаза мерзімін өтеп шыққаннан кейін 5 жылға саяси құқығын жоюға сотталған.

Қызылорда обыстық МГБ басқармасының 1955 жылғы 11 ақпандағы қорытындысы бойынша, Әділов Оразбайдың жаңа мержзімін 8 жылға, яғни 1956 жылдың 13 ақпанына деін қысқартып, одан кейін қамаудан босатуды сұраған.

Контрреволюциялық қылмыстары үшін сотталғандардың ісін қайта қару жөніндегі Қызылорда облыстық комиссияның 1955 жылғы 11 ақпандағы қаулысы бойынша, Әділовтың ұлы Отан соғысы кезінде неміс басқыншыларына қарсы соғысқанын және осыған байланысты жарақат алғанын ескеріп, оның жазасын 8 жылға қысқартуға шешім қабылдаған.

Әділов Оразбай 1955 жылғы 11 қазанда қамаудан босатылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Бөлім бастығының 1996 жылғы 15 сәуірдегі қорытындысымен Әділов Оразбай — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының негізінде толық ақталған.

**ӘЛІМОВ** Әсен — Шиелі ауданында 1922 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, соғыс жылдарында жауға тұтқын болған. 1951 жылғы қаңтарда РСФСР ҚК 58-1 бабының «б» тармағы бойынша 25 жыл еңбекпен түзеу лагеріне (ИТЛ), бес жыл сайлау-сайлану құқығынан айыруға, жеке мүлкін тәркілеуге сотталған. 1954 жылғы 30 тамызда істі қайта қарау үстінде ақталып, түрмеден босатылған.

**ӘЛІМОВ** Қанибай — Қазалы ауданында 1920 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, жауға еріксіз тұтқын болған, «Түркістан легионына» еніп, унтер офицер атағын алған. 1949 жылғы 28 қыркүйекте РСФСР ҚК 59-3 «в» бабы бойынша 1 жыл еңбекпен түзеу лагеріне сотталған.

**ӘЛІМБАЕВ** Кенжеғұл — Сырдария ауданында 1916 жылы туған, 1940 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, соғысқа атқыш ретінде қатысқан, 1941—1945 жылдар жауға еріксіз тұтқын болып, капиталистік елдерге айдап әкетілген. Американ әскерлері босатқан.

**ӘЛМАҒАМБЕТОВ** Арғынғазы — Шиелі ауданы, Сұлутөбе станциясында 1910 жылы туған, 1943 жылы жауға еріксіз тұтқын болып, Германия территориясында бір помещикке малай болып қызмет істеген. 1945 жылғы 14 мамырда Кеңес әскерлері босатқан.

а) Шиелі аудандық халық соты оны 1949 жылғы 22 желтоқсанда ҚК 107 бабы бойынша 6 жыл түрме жазасына соттаған;

б) Жаңақорған аудандық халық соты оны 1950 жылы ҚК 107 бабы бойынша 5 жылға соттаған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 19 мамырдағы қорытындысымен Әлмағамбетов Арғынғазы толық ақталған.

**ӘЛМАҒАМБЕТОВ** Нұралы — Арал ауданында 1919 жылы туған. 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1941—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып, жұмысшы батальонында жұмыс остеген.

**ӘЛТАЕВ** Нағашыбай — Қазалы ауданында 1923 жылы туған, Арал АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1944—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып, жұмысшы батальонында болған Кеңес әскерлері босатқаннан кейін елге келген. 1971 жылы Қазақ ССР ҚК 143 бабы бойынша 1,5 жылға сотталған.

# Б

**БАЙМЫРЗАЕВ** Әбдіқазы — Арал ауданында 1912 жылы туған, 1941—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болған. Қызылорда облыстық сотының үкімімен 1954 жылғы 4 қарашада 1947 жылғы 4 маусымдағы Указдың 4 бабы бойынша 10 жылға сотталған.

СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1955 жылғы 3 қыркүйектегі Указы бойынша тұқыннан босатылған.

**БАЙМАХАНОВ** Жұмабай — Сырдария ауданында 1922 жылы туған. 1942—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып, «Түркістан легионына» енген, неміс мектебін бітіріп, бөлімше командирі болған. 1943 жылғы тамыздан 1944 жылғы мамырға дейін Польша партизандарына қарсы күрескен неміс бөлімдерінің құрамында болған, соғыс аяқталар шақта оны Одақтастар әскерлері тұтқыннан босатқан.

Түркістан әскери округінің Әскери трибуналы 1946 жылғы 6 желтоқсанда РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен 10 жыл түрме жазасына соттаған.

1971 жылғы 4 маусымда ҚК 75 бабының 4 тармағымен 2 жыл шартты жазаға сотталған.

**БАЙБЕКОВ** Нұрғали — Қазалы ауданының № 12 ауылында 1920 жылы туған. Әскери трибуналдың 1942 жылғы 25 қарашадағы үкімімен жауға тұтқынға өзі түсті, қорқақтық жасады деген айыппен ең жоғарғы қылмыстық жаза — атуға сотталған. Қамауға алғанға дейін қызыл әскер қатарында болған.

1997 жылғы 27 қантарда ақталған.

**БАЗАРБАЕВ** Медетбай — Сырдария ауданы, бұрынғы «Кооператор» колхозында 1906 жылы туған, 1942 жылғы 27 қарашадан 1945 жылғы 8 мамырға дейін жауға еріксіз тұтқын болып, Германияға айдап әкетілген, әртүрлі қара жұмыстар істеуге мәжбүр болған.

Қызылорда облыстық сотының 1952 жылғы 19 қыркүйектегі үкімімен, 1947 жылғы 4 маусымдағы Указ негізінде,

Қызылорда облыстық сотының 1957 жылғы 27 сәуірдегі үкімімен, 1947 жылғы 4 маусымдағы Указдың негізінде:

8 жылға бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

**БАЕТОВ** Әнешбек — Жаңақорған ауданы территориясында 1922 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, соғыс жылдарында жауға тұтқын болғаны үшін Сталинград гарнизонының әскери трибуналы 1945 жылғы 24 шілдеде РСФСР ҚК 58 бабы 1 «б» тармағы бойынша 10 еңбекпен түзеу лагеріне сотталған. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

**БӘЙІМБЕТОВ** Батырхан — Шиелі ауданы территориясында 1924 жылы туған, соғыс кезінде «Отанға опасыздық жасады» деп, 1944 жылғы шілдеде РСФСР ҚК 58-10 бабының 11 тармағы бойынша 3 жыл еңбекпен түзеу лагеріне сотталған. 1951 жылғы сәуірде СССР МГБ айрықша кеңесінің шешімімен РСФСР ҚК 58-1 «б» бабының, 58-11 бабының негізінде 10 еңбекпен түзеу лагеріне сотталған. Оның онан кейінгі тағдыры белгісіз.

**БРОНДУКОВ** Гали Фатихович — родился в 1912 году в гор. Кзыл-Орда. Призван в армию в 1941 году, служил в составе 13 СКор в качестве стрелка. Осужден военным трибуналом 13 Скор 25 января 1943 года на 10 лет. Был военнослужащим — начальником санитарной службы 143 ОЗАД ПВО СССР.

Реабилитирован 24 июня 199_ года.

**БӘКІРОВ** Мәжит — Сырдария ауданы, № 6 ауылдық кеңесінде 1917 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, соғыс жылдарында жауға еріксіз тұтқын болып, «Түркістан легионына» еніп, Кеңес Армиясына қарсы күрескен, неміс наградасын алған. Қызылорда облыстық соты 1949 жылғы 3 ақпанда ҚК 109 бабы бойынша 3 жыл түрме жазасына сотталған.

**БӘКІРОВ** Әбибулла — Шиелі ауданында 1916 жылы туған, Қызыл Армия қатарына 1920 жылы алынып, шекарашы ретінде соғысқа қатысқан, 1941 жылғы 23 маусымда жауға еріксіз тұтқын болып, соғыс аяқталғанша сонда болған. 1963 жылғы 24 мамырда қамауға алынып, ҚК 132-4 бабының 11 тармағы бойынша 1,5 жыл шартты жазаға сотталған, 1964 жылғы 15 қаңтарда, 5 ай 17 күннен кейін босаған.

**БЕКЕНОВ** Әбдіжамал — Қызылорда облысы, Бидайкөл елді мекенінде 1922 жылы туған. Майданға 1941 жылғы 18 қыркүйекте аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылғы 11 мамырдан 1944 жылғы 16 маусымға дейін жауға еріксіз тұқын болып, Германия, Франция жеріне айдап әкетілген, әртүрлі құрылыс жұмыстарымен айналысқан. Өз аутуынша Француз партизан отрядында болған.

**БЕКЕТАЕВ** Бегалы — Шиелі ауданы, Тартоғай станциясында 1916 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1941 жылғы қазанда жауға еріксіз тұтқын болған, онан кейінгі тағдыры белгісіз.

**БЕКТАСОВ** Шағдар — облыс территориясында 1916 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, соғыс жылдарында жауға еріксіз тұтқын болған, сонысы үшін 5 жыл түрме жазасына сотталған. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

**БЕКМАНОВ** Шәкір — Қызылорда ауданының № 16 ауылында 1921 жылы туған, әлеуметтік негізі — орта шаруа болған, білімі арнаулы орта, педтехникум бітірген, мамандығы мұғалім, қамауға алынғанға дейін Өзбек ССР-ы, Сұрхан-Дария облысы, Жарқорған ауданы, Қоқанты ауылдық кеңесінде тұрған, осы жердегі орталау мектептің директоры болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, үйленбеген, інісі — Бағадыр, қарындасы — Күләш.

**БЕКМАНОВ** Шәкір — Жар-Қорған АӘК арқылы әскерге 1942 жылдың 27 мамырында алынған, 378 ЗАП, 2 АБ, 8 АР құрамында қатардағы жауынгер болған. 378 ЗАП құрамында жауынгер болып жүріп Бекманов Шәкір жауынгерлер арасында үнемі кеңес үкіметіне қарсы, жеңілістік үгіт жүргізген, партия мен үкімет басшыларына жала жауып, террорлық және сатқындық пікірлер айтқан, Мәселен: 1942 жылдың 11 тамызында Рыбушка селосында тұрғанда бірнеше жауынгерлердің көзінше Қызыл Армия командованиясы құрамының адресіне террорлық пікірлер айтқан. Сол жылғы 15 тамызда жауынгерлермен сөйлесіп тұрғанда Бекманов Шәкір неміс фашистерінің армиясының

материалдық жағдайын және немістердің тұтқынға түскен басқа ұлттардың жауынгерлеріне жақсы карайды деп мақтап, Қызыл Армияны жамандаған. Сол жылғы қыркүйек айында Бекманов Шәкір палаткада отырған уақытта немістердің ұшақтары (самолетті) келген кезде бірнеше жауынгерлердің қатысуында неміс басқыншыларын бостандық әперушілер тез келсе екен деп сөз айтқан. Сол жылғы 4 қарашада Бекманов Шәкір бөлімшесі тұрған жерден қашып бара жатқан жерінен ұсталып полкке әкелінген.

Осы қылмысы үшін Бекманов Шәкір 19 ЗАБр НКВД 00 жедел өкілінің 1942 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1942 жылдың 2 желтоқсан күні аяқталып, айыптау қорытындысы 3 желтоқсанда шығарылған, оны 19-ЗАБр НКВД 00 бастығы 4 желтоқсанда, 19 ЗАБр Әскери прокуроры 11 желтоқсанда, 19 АБр Әскери трибуналының дайындық мәжілісінің 13 желтоқсанындағы үйғаруымен бекіткен. Саратов гарнизонының Әскери трибуналының 1943 жылғы 24 қаңтардағы үкімімен Бекманов Шәкір — 8 жылға бас бостандығы еркінен айырып, еңбек түзету лагеріне, жазасын өтегеннен кейін, 3 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

Приволжия-Урал Әскери округінің Әскери прокурорының бақылау ретінде Бекманов Шәкірдің ісі жөнінде Приволжия-Урал Әскери округінің Әскери Трибуналына 1990 жылғы 7 тамызда жолдаған наразылығы бойынша Саратов гарнизонының Әскери Трибуналының 1943 жылғы 24 қаңтардағы Бекманов Шәкір жайлы үкімін бұзуды және қылмыстық істі РСФСР УПК-ның 5 бабының 2 тармағы негізінде оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартуды сұраған.

Приволжия-Урал Әскери Трибуналының 1990 жылғы 9 тамыздағы үйғаруымен Саратов гарнизонының Әскери Трибуналының 1943 жылғы 24 қаңтардағы Бекманов Шәкір жайлы үкімі бұзылып, қылмыстық ісі РСФСР УПК-ның 5 бабының 2 тармағы негізінде оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартылған. Ол толық ақталған.

Бекманов Шәкір — Қызылорда қаласы, Молдағұлова көшесі, № 76 үйде тұрады.

г. Москва, Кремль, XVIII Съезд КПСС
Копия: г. Ташкент, Туркестанский военный округ прокурору.
от Бекманова Шакира, проживающего г. Кзылорда, ул. Молдагулова, № 76.

### ЗАЯВЛЕНИЕ

Приговором военного трибунала 19 запасной стрелковой бригады от 24.01.43 г. по ст. 58-10, 2 УК РСФСР был осужден к 8 годам лишения свободы. Следственным органом обвинился по ст. 58-10, 2, 58-1 «а», 58 «б», 58 «в», 1933-7 «г» и другим статьям УК РСФСР.

В ходе судебного разбирательства предъявленные мне обвинения по шести статьям были прекращены из-за отсутствия состава перступления. Из прекращенных обвинений характерным является обвинение по ст. 193-7 «г» дизертирство, тогда, как из воинской части вообще не отлучался.

Военным Трибуналом был осужден необоснованно по ст. 58-10 ч. 2 УК РСФСР. Таких преступлений вообще не совершал. Во время следствия подвергался физическим унижениям и оскорблениям. В ноябре и декабре 1942 года военные следователи держали меня раздетым на морозе под охраной с оружием. Следователи спали в теплой комнате и временами вызывали в кабинет, требуя признать вину, в которой я не был причастен. Следователи меня били, не давали спать. Во время следствия я потерял самоуправление над собой. На судебном процессе был сведен только с одним лжесвидетелем по фамилии Жубаназаров. Мне сейчас 69 лет. Согласно заключения от 3.09.50 г. ВЭК являюсь пожизненным инвалидом первой группы, а здоровье с каждым днем ухудшается. Прокурор Кзылординской области, изучив мое уголовное дело своим № 13/135 с от 20 09.89 г. сделал представление о моей реабилитации. Проходит девятый месяц, а ответа еще нет. Я обеспокоен тем, что получу ли ответ при жизни или после смерти. Мне очень хочется получить ответ, пока я живой. Имею жену и семерых детей. Все они знают о моей судимости во время войны. Я хочу умереть перед детьми честным гражданином своей Родины. В советской Армии служил честно, никаких преступлений перед Родиной не совершал. Являюсь только жертвой репрессий. Мое архивное дело прокуратурой Казахской ССР № 13/4918 Д от 13.11.89 года было направлено прокурору Туркестанского военного округа г. Ташкента для решения вопроса о реабилитации. Ответа нет.

Прошу комиссию съезда КПСС ускорить рассмотрение моего дела о реабилитации. Прошу непосредственного исполнителя прокурора Туркестанского военного округа дать мне ответ в ближайшее время.

04.07.90 г. (подпись) *Ш. Бекманов*

**БУСАРГИН** Иван Никифорович — родился в 1913 году в Мордовской АССР, призван в армию Кзыл-Ординским ГВК в 1941 году. 17 мая 1942 года попал в плен...

а) осужден народным судом города Кзыл-Орды 18 апреля 1952 по указу ПВС от 4 июня 1947 года на 5 лет ИТЛ;

б) осужден народным судом города Кзыл-Орды 26 июня 1957 года согласно Указа ПВС от 4 июня 1947 года на 3 года ИТЛ;

в) осужден народным судом Теренозекского района 8 сентября 1988 года по ст. 88,7 параграфа к 10 годам лишения свободы.

# Г

**ГОРБАЧЕВ** Иван Петрович — родился в 1917 году в Тамбовской области. Призван в армию в 1941 году. За дизертирство осужден военным трибуналом Тамбовского гарнизона 18 декабря 1941 года к высшей мере наказания — расстрелу. До ареста он проживал на ст. Жулек Чилийского района, был военнослужащим.

Реабилитирован 18 апреля 1966 года.

**ГУРЕВИЧ** Фаина Наумовна — родилась в 1919 году в селе Кривая Нива, Чериковского района, Могилевской области, БССР, по национальности — еврейка, гражданка СССР, образование средне-медицинское, окончила Могилевский медтехникум. До ареста проживала в гор. Кзыл-Орде, работала фельдшерицей в городской поликлинике. Она обвиняется в том, что в пути следования с поездом эвакуированных, среди лиц ехавших в одном с ней вагоне, в беседе о военных действиях высказала свою мысль контрреволюционного содержания, что захватническая политика Гитлера правильная, его армия сильно оснащена современной техникой и она не знает ни поражений, ни отступлений, с такой армией Гитлер может завоевать весь мир, и т.п., за что она постановлением СПО УНКГБ по Кзыл-Ординской области от 19 июля 1941 года арестована и привлечена к уголовной ответственности по ст. 58-10, ч. 2 УК РСФСР.

Постановлением следчасти УНКГБ по Кзыл-Ординской области от 29 июля 1941 года дело по обвинению Гуревич Фаины Наумовны дальнейшим производством прекращено за недостаточностью улик для предания суду и она освобождена из-под стражи.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 30 мая 1997 года Гуревич Фаина Наумовна на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года реабилитирована.

# Д

**ДАБЫСОВ** Тоқболат — қызыл әскер, Тереңөзек ауданы, № 12, Қызыл жарма ауылдық кеңесі, бұрынғы «Жаңа өріс» колхозында 1907 жылы туған, білімі 7 класс, өндіріс бригадирі болып істеген. Тереңөзек АӘК арқылы 1942 жылғы 26 маусымда майданға аттанып, 55 Ар, 270 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 55 Армия әскери трибуналы 1942 жылғы 5 қарашада қамауға алып, қорқақтыққа салындың деген айыппен ату жазасына кескен, үкім орындалған.

Ленинград әскери округінің әскери трибуналы 1992 жылғы 3 ақпанда Дабысов Тоқболаттың ісін қарап, 55 Ар әскери трибуналының оны атуға бұйырған үкімінің күшін жойды, Дабысов Тоқболаттың әрекетінде Отанға опасыздық болып табылатындай қылмыстың ізі де болмауы себепті оны толық ақтады. Бұл жөнінде Ленинград әскери округі әскери трибуналының төрағасы юстиция полковнигі В. Гусев Тереңөзек аудандық әскери комиссариатына хабарлады.

**ДЕРКАЧ** Леонид Константинович — родился в 1921 году в Киевской области. Призван в армию Кзыл-Ординским ГВК в июне 1941 года, служил красноармейцем на фронте. Осужден военным трибуналом НКВД Казахской ССР 2 сентября 1941 года на 7 лет за дизертирство.

**ДОСОВ** Әкен Бектайұлы — Қармақшы ауданының 1 мамыр колхозы «Майкөл» селосында 1918 жылы туған, негізі кедей-шаруа, білімі арнаулы орта, БК(б)П мүшелігіне кандидат, осы іске байланысты партиядан шығарылған, әскери қызметкер, 19 гв АртП-тың 2 дивизионында Әскери фельдшер болған. (кандидаттыққа 13 Армияның 307 Ад Саяси бөлімі арқылы кірген), үйленбеген, бұрын сотта болмаған.

Досов Әкен Бектайұлы — Алматы қаласындағы мединститутқа түскен бойда 1939 жылдың 16 қазанында Әскер қатарына алынған, 21 танк бригадасының құрамында болған, одан Белоруссияның Ерекше Әскери Округінің санитария бөлімінің бұйрығымен Минскінің Әскери саяси училищесіне санитарлық қызметіне жіберілген, 1940 жылдың сәуір айында 462 корпустік арт. полкқа ауыстырған, осы полкта 1942 жылдың 16 шілдесіне дейін немістердің тұтқынына түскенге дейін болған. 462 арт. полк кейін 19 гвардиялық арт. полк болып құрылған.

Досов Әкен Отан соғысының майданында соғыста жүріп 1942 жылдың 16 шілдесінде Косторной ауданының манында өзінің жеке қаруы ППШ-ын жерге көміп, ешқандай қарсылық көрсетпей, неміс фашист басшыларына тұқынға түскен, бірақ 1942 жылдың 8 қазанында ұсталып, 159 АД-ның НКВД-сының ерекше бөлімінің 1942 жылғы 11 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Досовқа одан әрі тергеу жүргізу үшін оның ісі 40 Армияның НКВД-ның Ерекше бөлімінің тергеу бөлімшесіне берілген.

40 Армияның Ерекше бөлімінің аға тергеушісінің 1942 жылғы 31 қазандағы қаулысында атап көрсетілгеніндей, Досов 19 гв. арт. полкта әскери фельдшер болып жүріп, 1942 жылдың 4 шілдесінде Курск облысының Касторная стансасының ауданында немістердің қоршауына түскен. Қоршаудан 7 адам — дивизион командирі майор Марнынов, дивизион комиссары аға саяси жетекші Макаров, аға лейтенант Левченко, қызыләскерлер Нечаев, Абдуллаев, Пускаев және өзі — шығып, Қзыл Армия бөлімшесіне келе жатып, жолда қару-жарағын және документтерін жерге көміп кеткен. 1942 жылдың 14 шілдесінде Қызыл Армия бөлімшесіне майдан шебінен өтуге әрекет жасаған кезде немістердің оғына ұшырап, комиссар Макаров, аға лейтенант Левченко, қызылә-

скерлер — Абдуллаев және Пускаев тұтқынға түскен, ал Досов майор Мартынов және Нечаевпен бірге жаудың тылына қарай қашқан.
1942 жылдың 16 шілдесінде майдан шебінің маңында Досов Мартыновпен бірге немістердің тұтқынына алынып, Новая Касторная станциясындағы әскери тұтқындар лагеріне жіберілген, онда 1942 жылдың 26 қыркүйекке дейін болған. 26 қыркүйекте Досов 167 әскери тұтқындардың ішінде Воронеж қаласына үйлерді бұзу жұмысы үшін әкелінген, сол жерден ол екі қазан күні қызыл әскер Слесаревпен бірге қашып, 9 қазанға қараған түні Қызыл Армия бөлімшесінің жағына өткен. Қызыләскер Слесарев майдан шебінен өтерде атыс кезінде қаза тапқан.
Досовқа тергеу кезінде Отанды сатқаны жөнінде тағылған айып анықталмағандықтан РСФСР УПК-ның 4 бабының 5 тармағына сүйеніп, Досов Әкен Бектайұлы РСФСР ҚК-нің 58 бабының 1 «б» тармағымен айыптаған тергеу ісін қысқартып, қамаудан босатып, Қызыл Армия қатарына жіберілген.
Қызылорда облыстық прокурордың аға көмекшісінің 1931 жылғы 24 қазандағы қаулысымен Досов А. жайлы қылмысты іс оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан өндірістен қысқартылған. Бұл қаулыны облпрокурордың бірінші орынбасары бекіткен.
Досов Әкен Бектайұлы толық ақталған.
**ДҮЙСЕНБАЕВ** Арсалы— Арал ауданының № 9 ауылында 1900 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, № 87 Алтынқұдық разъезінде тұрған, стрелочник болып жұмыс істеген, 1941 жылы Отан соғысы басталған кезде ол № 87 разъезд жұмысшылары арасында Кеңес үкіметіне қарсы террорлық әңгімелер айтып, Қызыл Армияны жамандаған, соғыс мәселесі жөнінде жалған хабарлар таратқан, СССР халықтарының көсемі жөнінде террорлық пікірлер айтқан, 1941 жылғы тамыз айында мемлекетке ет, май және басқа да өнімдерді тапсыру жөнінде контрреволюциялық түрде әңгіме айтқан — деп айып тағып, Қазалы стансасы ОТДО НКВД-ның 1941 жылғы 23 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 8-17, 58-10, 2 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған. 75 Ерекше атқыштар бригадасы Әскери Трибуналының 1941 жылғы 24 қарашадағы үкімімен ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған, СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1942 жылғы 31 қаңтардағы үйғаруымен 75 ЕАр Әскери Трибуналының үкімі бұзылып, алдын-ала қайта тергеуге жіберілген. Орта Азия Әскери Округінің Қызылорда гарнизоны Әскери Трибуналының 1942 жылғы 6 тамыздағы үкімімен Дүйсенбаев Арсалы ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған.
Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1992 жылғы 15 маусымдағы қортындысымен Дүйсенбаев Арсалы жазықсыз сотталған, айыбы анықталмаған күйінде атылып кеткен деп тауып, оны толық ақтаған.

# Е

**ЕЛИЗАРОВ** Григорий Семенович — родился в 1921 году на территории Башманского района, Пензенской области. Призван в армию Кзыл-Ординским ГВК в 1941 году. Добровльно сдался в плен, служил в армии генерала Холметона, РОА. Осужден народным судом гор. Кзыл-Орда 15 июля 1980 года по ст. 217, ч. 2, 23-2 УК к 1 году условно.
**ЕРМОЛИЧЕВ** Федор Михайлович — родился в 1920 году в гор. Казалинске, призван в армию в 1941 году, служил в качестве стрелка. На фронте попав в плен, осужден приговором военного трибунала САВО 17 февраля 1945 года на 20 лет. Не реабилитирован.
**ЕСЖАНОВ** Есмахан — Тереңөзек ауданы, № 13 Аламесек ауылдық кеңесі, «Көкпая» колхозында 1906 жылы туған. 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 108 Ерекше атқыштар бригадасы әскери прокуратурасының 1942 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 19-58 бабының 1 «б» тармағына сәйкес қылмыстық іс қозғалған. 108 Ерекше атқыштар бригадасының әскери прокуратурасының 1942 жылғы 1 қазандағы қаулысымен Есжанов Есмаханның шайқас даласында қорқақтыққа салынды деуде қылмыс құрамының жоқ болуына байланысты іс өндірістен қысқартылып, қамаудан болсатылған.
Қамауға алынғанға дейін Есжанов Есмахан сол 108 ЕАБр, 4 ЕАБ, 2 АР құрамында болған.
**ЕСПАНОВ** Әбілда — Шиелі — ауданының № 16 ауылы, «Қызыл-Дихан» колхозында 1904 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың қыркүйек айында Воронеж майданында қатардағы жауынгер ретінде қатысқан, 1942 жылдан 1944 жылға дейін немістердің тұтқынында болған. Оған тағылған айып: — Ол майданның алғы шебінде тұрып, Социалистік Отанын сатып, 1942 жылдың 1 қазанында 1144 атқыштар полкінің қорғаныс шебінен қашып немістер жағына өткен — деп 1943 жылғы 15 сәуірде ОББ МВД Басқармасының қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1«б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.
Қызылорда облыстық ОББ МВД Басқармасының 1946 жылғы 29 мамырдағы қаулысымен РСФСР УПК-ның 202 «б» бабына сәйкес Еспанов Әбілда жайлы іс одан әрі тергеуден қысқартылып, айыпкер қамаудан босатылған.
Қызылорда облыстық прокурордың 8.08.97 жылғы қортындысымен Еспанов Әбілда — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 16.01.89 жылғы жарлығының негізінде толық ақталған.
**ЕСПЕМБЕТОВ** Ағыбай — Жаңақорған ауданының Құмарық ауылдық кенесінде 1922 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Жауға еріксіз тұтқын болға-

ны үшін ТүркВО әскери трибуналының үкімімен 1950 жылғы 25 қыркүйекте 20 жылға сотталған. Қамауға алғанға дейін «Екпінді» колхозында колхозшы болып істеген.

1997 жылғы 10 наурызда ақталған.

**ЕҢСЕБАЕВ** Асылхан — Арал ауданында 1922 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, Соғыс кезінде жауға еріксіз тұтқын болғаны, Германияға айдап әкетіліп, әртүрлі шаруашылық жұмыстарына пайдаланылған.

# Ж

**ЖАНБАЕВ** Мырзахан — 1922 жылы Сырдария ауданында туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, Соғыс кезінде жауға еріксіз тұқын болғаны үшін 1948 жылғы желтоқсанда НКВД органы тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен тұтқынға алып, қылмыстық іс қозғаған. Әскери трибунал үкімімен 25 жыл еңбекпен түзеу лагеріне, мүлкін тәркілеуге соттаған.

**ЖАНҰЗАҚОВ** Жұбатқан — Арал ауданында 1924 жылы туған. Соғыс кезінде жауға еріксіз тұтқын болған. Арал аудандық халық соты 1966 жылғы 23 маусымда ҚК 76 бабының төртінші тармағы, 143, 37 баптары бойынша 6 жыл бас бостандығы еркінен айыруға соттаған. Қызылорда облыстық соты ҚК 76 бабы 4 тармағы бойынша 3 жылға түсірген.

Қызылорда қалысының халық сотының 1969 жылғы 11 сәуірдегі қорытындасы бойынша, түрмеде болған 10 ай 27 күні жазасын өтеу мерзіміне жатқызылып, түрмеден босатылған.

**ЖАЛҒАЗБАЕВ** Әли — Қазалы ауданында 1918 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, Жауға еріксіз тұтқын болғаны үшін Түркістан әскери округі әскери трибуналының 1948 жылғы 23 сәуірдегі үкімімен 25 жылға сотталған. Қамауға алғанға дейін осы ауданда аудандық санэпидстанцияда бухгалтер болып істеген.

1997 жылғы 10 наурызда ақталған.

**ЖАНСЕЙІТОВ** Әбжаппар — Тереңөзек ауданының № 1 ауылында 1917 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, жауға еріксіз тұтқын болғаны үшін Түркістан әскери округінің әскери трибуналы оны 1949 жылғы 20 сәуірде түрме жазасына соттаған (сотталған мерзімі көрсетілмеген). Қамауға алғанға дейін Тереңөзек қыстағында тұрған, шофер болып істеген. 1996 жылғы 30 желтоқсанда ақталған.

**ЖАҚЫПОВ** Әбдіғали — Сырдария ауданы, № 6 ауылдық кеңесте 1922 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылғы мамырдан 1945 жылғы мамырға дейін жауға еріксіз тұтқын болып, Польша, Германияға айдап әкетілген, әртүрлі шаруашылық жұмыстарында істеуге мәжбүр болған. Кеңес әскерлері тұтқыннан босатқан. НКВД органдарының оған қандай жазалау шарасын қолданғаны істе көрсетілмеген.

**ЖӘМЕТОВ** Зейнабаш — Сырдария ауданы, № 6 ауылдық кеңесте 1920 жылы туған. 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылғы 25 мамырда жауға еріксіз тұтқын болып, Германияға айлап әкетілген. 1962 жылғы 29 желтоқсанда Қызылорда облыстық ҚК 76-4 бабының екінші тармағымен 10 жыл түрме жазасына соттаған.

**ЖИЕНҚҰЛОВ** Жұбан — Қазалы ауданында 1917 жылы туған, Арал АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болған. НКВД органы кейін оны қандай жазаға тартқаны жайлы істе мәлімет жоқ.

**ЖОЛДЫБАЕВ** Анарбек Жанахметұлы — Қызылорда қаласында 1918 жылы туған, арнаулы орта сауда техникумын бітірген, 1942 жылдан БК(б)П мүшесі, Қызылорда облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарған. 1939 жылғы желтоқсан айында Гурьев КӘК арқылы әскерге алынып, Отан соғысына қатысқан, 1943 жылғы 8 тамызда жарақат алып, Қызылорда қаласындағы госпитальға түскен. 1943 жылғы 24 желтоқсанда госпитальдан әскери есептен шығарылып 1944 жылғы 1 наурыздан облыстық партия комитетіне нұсқаушы болып қызметке тұрады. Онда 1946 жылғы 6 қарашаға дейін, осы іспен тұтқынға алынғанға дейін істеген. «Армияда 236 АП, 3 АБ, 7 АР құрамында қатардағы жауынгер болып соғысқа қатысқан, кіші сержант шені берілген кезде взвод командирі бола жүріп, өз Отанын сатып, өз еркімен жау жағына өткен, неміс армиясы қатарында жүріп «Түркістан легионына» өз еркімен кірген, онда жауапты жұмыстар атқара жүріп, оның бірінші батальонының екіші ротасына командир болған, офицер-лейтенант шенін алып, партизандарға қарсы операцияларға қатысқан», — деген айып тағып, Қызылорда облыстық МГБ басқармасының 1946 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Түркістан әскери округі прокурорының жәрдемшісінің 1946 жылғы 24 желтоқсандағы қаулысы бойынша, Жолдыбаев Анарбектің әрекетінде қылмыс белгісі жоқ болғандықтан, оның қылмыстық ісі тоқтатылып, тұтқыннан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 20 мамырдағы қорытындысымен, А. Жолдыбаев СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы бойынша толық ақталған.

**ЖҮСІПОВ** Әли — Тереңөзек ауданы, Караөзек станциясы, № 1 ауылдық кеңесі, «Жаңарық» колхозында 1905 жылы туған. 1941 жылы майданға аттанып, 108 ЕАБр құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, жауға тұтқын болып, 108 ЕАБр

әскери прокуратурасының 1942 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысымен тұқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағы бойынша қылмыстық жауапқа тартылған. 108 ЕАБр әскери прокурорының 1942 жылғы 1 қазандағы қаулысымен Ә. Жүсіповтың әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, іс қысқартылып, қамаудан босатылған.

Ә. Жүсіпов қамауға алғанға дейін 108 ЕАБр, 4 ЕАБ, 2 АР құрамында атқыш болған.

**ЖҮСІПОВ** Ақмұрат — Жалағаш ауданында 1922 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып, Германия, Югославияға айдап әкетілген. Югослав партизандары тұтқыннан босатқан.

**ЖҮСІПОВ** Ибрагим — Самарқанд қаласында 1906 жылы туған, Қызылорда КӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, 894 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, жауға тұтқын болғаны үшін «Серш» бақылау пункті арқылы 1943 жылғы 17 мамырда тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағы бойынша 10 жылға сотталған.

1982 жылғы 8 шілдеде ақталған.

**ЖҮСІПОВ** Мәжит — Сырдария ауданында 1921 жылы туған, майданда жаумен шайқаса жүріп, жауға еріксіз тұтқын болған, 1943 жылғы қаңтарда неміс армиясы қатарында ефрейтор атағын алып, «Түркістан легионына» еніп, легионерлерді Кеңес әскерлеріне қарсы күреске дайындаған, 1944 жылы оны Кеңес әскерлері босатқан, деген айып тағып, НКВД органы оны 1949 жылғы 20 шілдеде тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағы бойынша қылмыстық іс қозғаған. 15 жыл бас бостандығы еркінен айыруға сотталған.

Магадан облыстық сотының 1955 жылғы 15 қаңтардағы шешімімен ақталған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1996 жылғы 30 желтоқсандағы ұйғарымымен толық ақталған.

**ЖҮСІПОВ** Мәпеш — Сырдария ауданында 1912 жылы туған, ұрыс даласында жауға еріксіз тұтқын болып, 1943 жылы неміс армиясының ефрейторы атағын алып, бөлімшесін басқарды, Кеңес Армиясына күреске қатысқан,— деген айып тағылып, НКВД органы оны 1949 жылғы 20 маусымда тұтқынға алып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағы бойынша қылмыстық іс қозғап, 15 жылға бас бостандығы еркінен айыруға соттаған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1995 жылғы 30 желтоқсандағы қорытындысымен толық ақталған.

**ЖҮСІПБАЕВ** Шермағамбет — Шиелі ауданы, Бәйгеқұм станциясында 1919 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Жауға тұтқын болғаны үшін НКВД әскери тирбуналы арқылы 1943 жылғы 23 карашада 8 жылға сотталған. Әскери қызметші ретінде Гурьев каласында тұрғанда қамауға алынған.

1991 жылғы 10 желтоқсанда аяқталған.

**ЖҰМАБЕКОВ** Мүсілім — Тереңөзек ауданының № 5 ауылында 1922 жылы туған, 1940 жылы майданға аттанып, Хабаровск бағытындағы шайқаста жауға еріксіз тұтқын болған. Шекара әскерлері қатарында болған. Хабаровск әскери трибуналының 1943 жылғы 22 маусымдағы қаулысымен 10 жылға сотталған.

1972 жылғы 24 қарашада ақталған.

**ЖҰМАҒҰЛОВ** Әлиасқар — Шиелі ауданының Бәйгеқұм ауылдық кеңесі, «Ащықұдық» колхозында 1920 жылы туған, білімі 5 класс, партияда жоқ, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Соғыс жылдарында жауға еріксіз тұтқын болғаны үшін Қызылорда облыстық МГБ басқармасы екінші бөлімі тергеу бөлімшесінің 1946 жылғы 7 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған. Оған: Қызыл әскер қатарында 11 АД, 219 АП құрамында соғысқа қатысып, 1941 жылғы күзде неміс фашист әскерлеріне тұтқынға берілген, өз еркімен «Түркістан легионына» қызмет етуге кірген, неміс армиясына қызмет ете жүріп, кіші командирлер даярлайтын мектепті бітірген, сөйтіп унтер-офицер шенін алған, кейін сол легионның командирі болған, сөйтіп Отанын сатқан,— деп айып тағылған. Ауылға келегеннен кейін ол осы жағдайларын жасырып, фамилиясын «Қалымбетов» деп өзгерткен. Түркістан әскери округі әскери трибуналының 1946 жылғы 19 желтоқсандағы үкімімен 10 жылға бас бостандығы еркінен, 3 жылға сайлау-сайлану құқығынан айыруға сотталған. СССР Жоғарғы соты әскери коллегиясының 1947 жылғы 28 қаңтардағы ұйғаруымен, ТүркВО әскери трибуналының үкімін күшінде қалдырған.

Контрреволюциялық қылмысы үшін сотталып, СССР МВД лагерьлерінде, колонияларында және түрмелерінде жатқандар, ссылкаға жер аударылғандардың ісін қарайтын арнаулы Қызылорда облыстық комиссияның 1956 жылғы 2 қаңтардағы қаулысымен, оның немістердің тұтқынына жаралы болғандықтан түскенін, өз еркімен түспегенін, тұтқында жүріп сатқындық істермен айналыспағанын, кейін Француз партизандарының қатарына өтіп, немістерге қарсы соғысқа қатысқанын ескеріп нақты отырған күніне сотты болған мерзімін жатқызып, қамаудан босатқан. Сотты болды деген айып алып тасталған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бөлімінің 1996 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысымен Жұмағұлов Әлиасқар толық ақталған.

**ЖҰМАЕВ** Жакыпбек — Сырдария ауданы, № 6 ауылдық кеңесте 1920 жылы туған, 1941 жылы майданға атанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылғы 25 мамырда жауға еріксіз тұтқын болып, Германияға айдап әкетілген. Онаң кейінгі тағдыры белгісіз.

**ЖҰНІСОВ** Жолдас — Жаңақорған ауданы, Өзгент ауылдық кеңесінде 1922 жылы туған. 1941 жылы

майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Ұрыс шайқасында жауға еріксіз тұтқын болғаны үшін 1951 жылы РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен 25 жыл бас бостандығынан айыруға сотталған. 1972 жылғы 16 қарашада ҚК 76-4 бабының екінші тармағы бойынша 2 жылға сотталған.

# З

**ЗАЦЕПИН** Николай Семенович (по материалам УНКВД проходит Зацепин Николай Михайлович) — родился в 1913 году в селе Землянка, Покровского района, Чкаловской области. Призван в армию Кзыл-Ординским ГВК в 1941 году, воевал в качестве стрелка-зенитчика, 8 июля 1941 года попал в плен, служил в зенитных частях немецкой армии. Когда освободился от плена, как на это реагировали органы НКВД в то время в деле нет сведений.

**ЗНАМЕНСКИЙ** Алексей Васильевич — родился в 1895 году в г. Лебедянь, Лебедянского уезда, Тамбовской губернии, русский, грамотный, беспартийный, работал электромонтером-телеграфистом отдела связи Яныкурганского района. В 1919 году в Омске служил в белой армии Колчака, при отступлении Колчака перебросился в г. Читу, а оттуда в Приморье и в 1922 году перешел в Манчжурию. Он обвиняется в том, что служив в белой армии, активно боролся с Советской властью, проводит шпионскую работу в пользу одного из иностранных государств, имел тесную связ в Харбине с белоэмигрантскими кругами и служил в полиции, имел связь с разведорганами Японии. Прибыв в СССР и работая на электростанции монтером в целях совершения диверсионного акта произвел подчитску щитков и вывел электростанцию из строя, за что Постановлением Яныкурганского РО НКВД от 15 сентября 1937 года арестован и привлечен к уголовной ответственности по ст. 58-1 «а» , 58-3 УК РСФСР.

Постановлением Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 31 января 1938 года Знаменский А. В. осужден к высшей мере наказания — расстрелу, приговор приведен в исполнение 22 февраля 1938 года.

Определением Военного Трибунала ТуркВО от 24 августа 1959 года Постановление Комиссии НКВД и Прокурора СССР от 31.01.1938 года в отношении Знаменского А. В. отменено и дело о нем прекращено за отсутствием состава преступления.

По Заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 13.05.1997 г. на основании Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14.1993 года — реабилитирован.

# И

**ИБАШЕВ** Әбдірайым — Қазалы ауданында 1923 жылы туған, майданға 1941 жылы аттанып, 894 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, жауға тұтқынға түстің, қорқақтық жасадың деп, «Смерш» бақылау пунктінің қызметкерлері арқылы 1943 жылғы мамырда тұтқынға алынып, сол жылғы 17 мамырда РСФСР ҚК 19-58-1 бабы бойынша 10 жылға түрме жазасына сотталған. 1982 жылғы 8 шілдеде ақталған.

**ИМАНБАЕВ** Жалмағамбет — Ақтөбе облысы, Шалқар ауданында 1915 жылы туған, Арал АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1941—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып, Американ әскерлері босатқан. Онан кейінгі оның тағдыры белгісіз.

# К

**КЕНЖЕБАЕВ** Бекен — Арал ауданында 1924 жылы туған. 1943 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1944 жылы жауға еріксіз тұтқын болып, «Ала» жазалау отрядына қабылданған, неміс армиясы бөлімшесінің бірінің штабын қарауылдауға мәжбүр болған. 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан МГБ басармасы тұқындап, «Степлаг» лагеріне соттаған.

**КЕРЕБАЕВ** Емберген — Қазалы ауданы, № 3 ауылдық кеңесте 1920 жылы туған, 1940 жылы Қызыл Армияға алынып, шекарашы ретінде соғысқа қатысқан. 1941 жылғы тамыздан 1945 жылғы мамырға дейін жауға еріксіз тұтқын болған. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

**КЕРІМҚҰЛОВ** Пірімқұл — Жаңақорған ауданы, № 2 ауылдық кеңесте 1915 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, соғыс жылдарында жауға тұтқын болғаны үшін ҚК 58-1 «б» бабы бойынша 25 жыл еңбекпен түзеу лагеріне, саяси құқығын жоюға, жеке мүлкін қаттауға сотталған. 1956 жылғы 7 шілдеде сотталғандығы алынып тасталып, ақталып шыққан.

**КОЛЕСНИЧЕНКО** Василий Иванович — родился в 1922 году на территории Чиилийского района, призван в армию Кзыл-Ординским ГВК в 1941 году, воевал в качестве стрелка. В плену был всего 2 дня.

**КОЛПАКОВ** Георгий Афанасьевич — родился в 1923 году в Чиили, был призван в армию в 1941 году. В плен попал в самом начале войны, находился там до конца сражений. Дальнейшая его судьба не известна.

**КОРОЛЕВ** Геннадий Афанасьевич — родился в 1923 году в Чиили. Призван в армию в 1941 году.

В плену был в 1941—1945 годах. Дальнейшая его судьба не известна.

**КӨКІШЕВ** Нұрмахан — Жаңақорған ауданында 1921 жылы туған, майданға 1941 жылы аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылы 20 мамырда жауға еріксіз тұтқын болып, «Түркістан легионына» қабылданып, неміс армиясына адалдыққа ант берген, 1/76 жазалау отрядының құрамында Кеңес, югослав партизандарына қарсы соғысқа қатысқан. 1951 жылғы 25 мамырда РСФСР ҚК 58—1 «б» бойынша тұтқынға алынып, сол жылғы 31 шілдеде сотталған (қанша жылға сотталғаны, онан кейінгі тағдыры белгісіз)

**КУЗНЕЦОВ** Иммануил Григорьевич — родился в 1897 году в гор. Казалинске, призван в армию в 1941 году, в годы войны попал в плен, за что приговором Военного трибунала ВО 17 февраля 1945 года осужден на 7 лет. До ареста проживал в Теренозекском районе.

Реабилитирован 10 июля 1992 года.

**КҮРКЕБАЕВ** Көпберген — Арал ауданы, № 7 ауылдық кеңесте 1916 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Шайқас кезінде қорқақтық жасадың деп, Әскери трибунал 1943 жылғы 15 шілдеде 7 жылға сотталған.

1989 жылғы 19 желтоқсанда ақталған.

**КҮСЕМБАЕВ** Әбілда — Шиелі ауданында 1922 жылы туған. 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылғы 27 мамырда жауға еріксіз тұтқын болып, неміс армиясының атқыштар полкінде қызмет еткен. 1952 жылғы 21 қазанда ҚК 109 бабы бойынша 3 жыл бас бостандығы еркінен айыруға сотталған. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

**КҮСЕПОВ** Тұңғышбай — Шиелі ауданы, Тартоғай станциясында 1924 жылы туған. 1943 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылғы 15 тамызда жауға еріксіз тұтқын болып, 1944 жылғы қазанда тұтқындар лагерінен қашып шығып, итальян партизандарына барып қосылған. 1944 жылғы желтоқсанда американ әскерлері босатып, Кеңес әскерлеріне табыс еткен. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

**ҚАРАКЕНЕЕВ** Достан — Қармақшы ауданы, № 9 ауылдық кеңесте 1909 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Соғыс жылдарында жауға тұтқын болғаны үшін, кеңестік саясатқа қарсы болып, үгіт жүргізгені үшін 1950 жылы РСФСР ҚК 58-10-11 бабы бойынша 10 түрме жазасына сотталған. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

# Қ

---

**ҚАРАЖІГІТОВ** Жарқынбек — Шиелі ауданы, «Ақтоған» колхозында 1921 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Соғыс жылдарында жауға еріксіз тұтқын болғаны үшін 1952 жылы наурызда РСФСР ҚК 58-1 «б» бабымен 25 жыл еңбекпен түзеу лагеріне, 5 жыл саяси хұқығын жоюға, жеке мүлкін тәркілеуге сотталған. 1956 жылғы 17 қыркүйектегі СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указына сәйкес ақталған.

**ҚОЖАМБЕРЛИЕВ** Әлмағамбет — Қазалы ауданының № 8 ауылында 1908 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, Майдан даласынан қорқақтық жасап қаштың деп Қызылорда гарнизонының әскери трибуналы 1942 жылғы 9 тамызда ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Қамауға алғанға дейін Арал ауданының «Ұзынқайыр» селосында тұрған.

1922 жылғы 10 маусымда аяқталған.

**ҚОЖАЛАҚОВ** Үсен — Қызылорда қаласында 1917 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Соғыстың алғашқы сәті —27 шілдеде жауға еріксіз тұтқын болып, советке қарсы бағытталған «Витета» атты насихат және үгіт бөлімінде қызмет етуге мәжбүр болған. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

**ҚОСБАЕВ** Демесін — Қызылорда қаласында 1922 жылы туған, аяқталмаған жоғары білімді, педагогикалық училищені бітіріп, 5 ай мұғалім болып істеген, БЛКЖО мүшесі ретінде 1940 жылы армияға аттанып, ұлы Отан соғысының алғашқы айларында-ақ жауға еріксіз тұтқын болған, тұтқынға Асқар Құлбаевпен бірге түскен, тұтқыннан Кеңес әскерлерінің өзі босатқан, соның өзінде НКВД органы оны 25 жыл түрме жазасына, 5 жылға саяси хұқын жоюға соттаған, 1955 жылы аяқалып, елге келген соң отын сарайында, № 6 жылу орталығында жұмысшы болып істеді.

Әскери жеңілдікті ала алмаған, облыстық әскери комиссариат оның әскери билетін қайтып алып, бермей қойған күйі 1996 жылы өмірден озған.

**ҚОҢЫРБАЕВ** Бердібек — Қазалы ауданы, № 1 ауылда 1920 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, Соғыс жылдарында жауға тұтқын болғаны үшін Оңтүстік Орал әскери округінің әскери трибуналы 1948 жылғы 23 наурызда 25 жылға соттаған. Қамауға алғанға дейін Арал ауданының Майлыбас селосында тұрған. 1997 жылғы 10 наурызда ақталған.

**ҚОЯНБАЕВ** Ниязбек — Сырдария ауданы, 1 Мамыр ауылдық кеңесінде 1920 жылы туған. 1941 жылы майданға аттанып атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Соғыс жылдарында жауға тұтқын болып, жазалау отрядында қызмет еткен, сол үшін де фамилиясын Қоянбаев Ниятоила деп, Еспанов Ниязбек деп қубылта берген. 1946 жылғы қазанда тұтқындалып, РСФСР ҚК 58-1 «б» бабымен 8 жыл түрме жазасына, 3 жыл саяси құқығын жоюға сотталған. СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1946 жылғы 31 желтоқсандағы қорытындысымен үкім күшінде қалдырылған. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

# М

**МАГИДОВ** Борис Владимирович — родился в 1904 году в гор. Днепропетровске, Украинской ССР, по национальности — еврей, гражданин СССР, образование высшее, окончил Одесский сельхозинститут, до ареста проживал в пос. Новоказалинске, работал заведующим Казалинским зерновым сортоиспытательным участком.

Он обвиняется в том, что с начала 1942 года среди жителей поселка Новоказалинска проводит антисоветскую пораженческую агитацию, восхваляет руководителя фашистской Германии Гитлера, называет его умнейшим человеком, что он выступил против СССР, клеветнически отзывался о коммунистах, доказывал, что коммунисты неспособны руководить в колхозном строительстве, восхвалял условия жизни при царском строе, при этом критиковал при Советском строе, выразился о своем недовольство денежновещевой лотерей, выпущенной Наркомфином СССР,— за что Постановлением ОДТО НКВД ст. Казалинск от 27 октября 1942 года арестован и возбуждено уголовное преследование по ст. 58-10 ч. 2 УК РСФСР.

Приговором выездной сессии Кзыл-Ординского областного суда от 9 июля 1943 года Магилов Б. В. осужден к 10 годам лишения свободы, с поражением в избирательных правах на 5 лет. Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 7 августа 1943 года приговор Кзыл-Ординского облсуда от 9 июля 1943 года оставлен в силе.

Постановлением Президиума Верховного Суда Казахской ССР от 15 октября 1956 года приговор Кзыл-Ординского облсуда и определение Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР по делу Магилова Б. В. отменены и дело производством прекращено за недостаточностью собранных по делу улик.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 30 мая 1997 года Магидов Борис Владимирович на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года — реабилитирован.

**МАКАРОВ** Иван Ефремович родился в 1911 году в гор. Казалинск по професии и специальности — бухгалтер, красноармеец 597 стрелкового полка, 204 СД, курсант полковой школы, кандидат в члены ВКП(б), судился в 1939 году по ст. 116 ч. 1 УК РСФСР. Он обвиняется в том, что во время пути следования в июне месяц 1942 года из Акмолинска в Иваново, активно поддерживал Кушпеля и Азарчука в их антисоветском пораженческом высказываний среди бойцов едущих в вагоне, дискредитировал командный состав эшалона, по прибытию в 597 СП активно поддерживал возводимую Кушпеле и Азарчуком клевету на Советское Информбюро, а также восхвалял жизнь немецко-фашистской армии, по сговору с Кушпелем и Азарчуком собирался дезиртировать из частей 2-го июля 1942 года.

Приговором Военного трибунала 207 стрелковой дивизии от 20 августа 1942 года Макарова И. Е. на основании ст. 58-10 ч 2 УК РСФСР с санкции ст. 58-2 УК РСФСР — лишен свободы в ИТЛ сроком на 7 лет с поражением в правах сроком на 3 года.

Определением Военной коллегии Верховного Суда СССР от 23 октября 1942 года приговор военного трибунала 207 СД отменен и дело в отношении Макарова И. Е. на основании ст. 4 и 5 УПК РСФСР дальнейшим производством в уголовном порядке прекращено и изпод стражи освобожден.

По заключению прокурора Кзыл-Ординской области от 13 мая 1997 года Макаров Иван Ефремович, арестованного 6 июля 1942 года, на основании Закона Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года — реабилитирован.

**МАХАНБЕТЖАНОВ** Кәрібек — Тереңөзек ауданы, № 11 ауылдық кеңесте 1922 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, майданда жауға еріксіз тұтқын болып, капиталистік елдерге айдап әкетілген. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

**МӘМБЕТОВ** Назар — Сырдария ауданының № 3 ауылында 1909 жылы туған, 2 жылға сотталып, жазасын өтеп шыққан, Сырдария АӘК арқылы 1941 жылы 20 маусымда әскер қатарына алынып, борышын өтеуге аттанған. 1941 жылғы 18 қазанда майданда болып, ұрыс даласында жауға ешқандай қарсылық көрсетпеген күйі, мылтығын тастап, жау қолына тұтқынға түскен. Тұтқында жүріп өзі болған әскери бөлімнің құпиясын жария еткен. Кейін ол майдан линиясынан өтіп, өз бөліміне келмей, тылда қашып жүрген. 1941 жылғы 30 желтоқсанда ұсталып, РСФСР ҚК 58-1 «б» тармағымен және 193-22 бабымен қылмысты жауапқа тартылып, Орта Азия әскери округі Қызылорда гарнизонының әскери трибуналы арқылы 1942 жылғы 18 сәуірде ең жоғарғы қылмыстық жаза — атуға сотталған.

**МЕЛЕХОВ** Петр Матвеевич — родился в 1913 году в пос. Половск, Тульского района, Тульской области, русский, грамотный, беспартийный, проживал в г. Москве, Фрунзенском районе, Зубовском бульваре, дом 22/39, по профессии шофер, до ареста находился без определенного место жительства и занятий, служил в 46 пантонном полку на ст. Новошина, звание ст. сержант. Он обвиняется в том, что следуя с эшелоном в Красноводское военное училище в пути следования с целью уклонения от дальнейшей военной службы, 17 октября 1942 года совершил дизертирство. Кроме того находясь в КПЗ Яныкурганского РО НКВД он систематически среди арестованных, находящихся в одной камере, проводил антисоветскую провокационную агитацию пораженческого характера, а также высказывал террористические намерения, за что он Постановлением Яныкурганского РО НКВД от 7 ноября 1942 года

арестован и возбуждено уголовное дело по ст 193-7 п «Г» и 58-10 ч 2 УК РСФСР.

Приговором Военного Трибунала Чимкентского горнизона от 27 марта 1943 года Мелехов П. М. осужден на 10 лет в ИТЛ с поражением в правах на 3 года.

Постановлением ОББ УНКВД по Кзылординской области от 14 июня 1943 года следственное дело по обвинению Мелехова П. М: за недостаточностью собранных по делу улик для предания суду, производством следствия прекращено и из-под стражи особожден.

По заключению прокурора Кзылординской области Мелехов П. М. на основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16.01.1989 года — реабилитирован.

**МЕҢДІБАЕВ** Рахмет — Сырдария ауданының № 15 ауылдық кеңесінде 1909 жылы туған, Сырдария АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып 1927 АД құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылы жауға еріксіз тұтқын болғаны үшін 127 АД әскери трибуналы 1943 жылғы 22 маусымда 5 жыл түрме жазасына соттаған.

1991 жылғы 9 шілдеде аяқталған.

**МҮСІЛІМОВ** Әбдікәрім — Шиелі ауданы, Бәйгеқұм станциясы, бұрынғы «Талаптан» колхозында (қазіргі Қазақстанның 30 жылдығы атындағы кеңшар) 1904 жылы туған. «Боздақтар» естелік кітабының үшінші томында (434 бетте) Мүсілімов Әбдікәрім 1942 жылы майданға аттанып, 1943 жылы ұрыс даласында хабарсыз кетті деп көрсетіліп еді. Шындығында ол жауға еріксіз тұтқын болып, 1942 жылы әскери трибунал арқылы 10 жыл түрме жазасына сотталған. 1943 жылы қылмыстық іс қысқартылған.

1994 жылғы 20 қаңтарда аяқталған.

# Н

**НАЗАРОВ** Әбдімәлік — Әндіжан облысының Балықшы ауданында 1919 жылы туған. Қызылорда ҚӘК арқылы 1940 жылы әскерге алынып, атқыш-шекарашы ретінде соғысқа қатысқан, Жауға еріксіз тұтқын болған. Әскери трибуналдың 1942 жылғы 25 қарашадағы қаулысымен ең жоғарғы қылмыстық жаза — атуға сотталған.

1997 жылғы 27 қаңтарда ақталған.

**НЕДЕЛЬКИН** Виктор Иванович — родился в 1919 году в Еланском районе, Сталинградской области, призван в армию Кзыл-Ординским ГВК в 1940 году, служил в погранвойсках, попал в плен к немцам в августе 1941 года по июнь 1945 года. Дальнейшая его судьба не известна.

**НҰРМАХАНОВ** Байбосын — Тереңөзек ауданының № 5 ауылында 1912 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1943 жылғы 27 шілдеде «Смерш» контрразведка бөлімі тұтқындап, РСФСР ҚК 58-1 «б», 58-10-2 баптары бойынша қылмыстық іс қозғаған. 102 Қиыр Шығыс атқыштар дивизиясы әскери трибуналының 1943 жылғы 18 тамыздағы үкімімен 10 жыл бас бостандығы еркінен айырылып, еңбекпен түзеу лагеріне соттаған. Мәскеу округінің әскери трибуналының 1963 жылғы 28 ақпандағы үйғаруымен, 102 Қиыр Шығыс АД әскери трибуналының 1943 жылғы 18 тамыздағы үкімі бұзылып, оның әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, іс қысқартылған. Мәскеу әскери округі әскери трибуналының наразылығы қанағаттандырылған.

Нұрмаханов Байбосын қамауға алғанға дейін 102 Қиыр Шығыс АД, Хасан АП құрамында қызыл әскер болған.

**НҰРПЕЙІСОВ** Әбіл — Жалағаш станциясында 1897 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, 326 АД, 1099 АП, 1 АБ, 3 АР құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, бірақ Қызыл Армия қатарында болғысы келмей, 1943 жылғы мамыр айында жау жағына шығуға дайындалған, бұған басқа жауынгерлерді де үгіттеген. 1943 жылғы 3 мамырда Нұрпейісов немістер жағына шығуды қызыл әскерлер Қадыровке, Жұмаділовке және Төлемісовке ұсынған, сөйтіп сатқындық пиғылда болған,— деп оған айып тағылып, СССР Қорғаныс Халық Комиссариаты 326 АД «Смерш» контрразведка бөлімінің 1943 жылғы 7 мамырдағы қаулысы бойынша Нұрпейісов Әділді тұтқынға алып, РСФСР ҚК 19-581 «б» бабымен қылмыстық іс қозғаған.

326 АД әскери трибуналының 1943 жылғы 5 маусымдағы үкімімен Нұрпейісов Әбіл оның әрекетінде қылмыс құрамының болмағандығынан ісі мүлдем қысқартылып, өзі тұтқыннан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 30 мамырдағы қорытындысымен Нұрпейісов Әбіл Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

# О

**ОМАРОВ** Қуаныш — Сырдария ауданы, Жамбыл атындағы колхозда 1923 жылы туған, 1941 жылғы 26 маусымда Сырдария АӘК арқылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1941 жылғы қыркүйектен 1945 жылғы мамырға дейін жауға еріксіз тұтқын болып, Германияға айдап әкетілген. Елге оралған соң бірнеше ай НКВД лагерінде болып, жауапталған.

**ОРАЗӘЛИЕВ** Өтемұрат — Қазалы ауданының № 3 ауылында 1920 жылы туған, Қазалы АӘК арқылы 1940 жылы әскер қатарына алынып, 16 АД, 349 АП, 3 АБ құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Оған тағылған айып: 1941 жылғы 26 шілдеде ұрыс кезінде 349 АП 3 батальоны алға жылжыған кезінде қызыл әскер Оразәлиев осы батальонның жауынгері Соломовты кездестіріп, оны үгіттеп былай деген: «алға жылжуға болмай-

ды, оқты жаңбырша жаудырып, өз бөлімшемізден қалып қойып, әскери киімімізді тастап, жәй азаматтардың киімін киейік, сонда немістер бізге оқ атпайды, бәрі бір Германия Литваны, Латвияны, Эстонияның жартысын алып болды, Кеңес Үкіметін толық басып алады,— деп провокациялық лақап таратқаны үшін 125 АД ОО НКВД-ның 1941 жылғы 12 тамыздағы қаулысымен Оразәлиев Өтемұрат тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58-10 бабының 2 тармағымен қылмыстық іс қозғалған. 8 Армияның әскери трибуналының 1941 жылғы 21 тамыздағы үкімімен Оразәлиев Өтемұрат 8 жылға еңбекпен түзеу лагерінде бас бостандығы еркінен айыруға, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға саяси хұқығын жоюға сотталған.

Ленинград Майданы әскери трибуналының 1941 жылғы 7 қыркүйректегі үйғаруымен, Оразәлиев Өтемұраттың әрекетінде РСФСР ҚК 58-10-2 бабына сәйкес қылмыс белгісі жоқ болғандықтан, 8 Армия әскери трибуналының 1941 жылғы 21 тамыздағы үкімі бұзылып, іс мүлдем қысқартылған. Оразәлиев Өтемұрат қамаудан босатылып, әскери міндетін одан әрі атқаруға әскери бөлімшесіне қайтадан жіберілсін делінген. Бірақ Оразәлиев Өтемұрат Новосибирь облысының НКВД басқармасы жүйесіндегі Припуль СЛП-да 1942 жылғы 11 қазанда қайтыс болған еді.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 30 мамырдағы қорытындысы бойынша, Оразәлиев Өтемұрат Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

**ОРЫНБАЕВ** Төлеп — Қазалы ауданының № 13 ауылында 1920 жылы туған, ірі байдың баласы, осы ауданның Ворошилов атындағы колхозында тұрған. Оған тағылған айып: Ұлы Отан соғысы шайқастарында 1941 жылғы қыркүйек айында немістерге тұтқынға түскен, тұтқында жүріп олардың тапсырмасымен тұтқынға түскендердің арасында насихат жұмысын жүргізген. Тұтқыннан 1945 жылғы ақпан айында босағаннан кейін Қазалы ауданына келіп, колхозшылар арасында фашистерді жақтаған үгіт жүргізген, провокациялық лақаптар таратқан, колхозшыларды мемлекетке астық тапсыру ісіне кедергі жасауға, қарсы тұруға шақырған,— деп, Қызылорда облыстық МГБ басқармасының 1946 жылғы 27 тамыздағы қаулысымен тұтқынға алынған, РСФСР ҚК 58-10-1 бабы бойынша және 19-58-14 бабымен қылмыстық іс қозғалған.

Қызылорда облыстық МГБ басқармасының 2-бөлімінің 1946 жылғы 2 желтоқсандағы қаулысымен, Орынбаев Төлепті айыптаған тергеу ісі және оған қарсы қылмыс қозғау тоқтатылып, Орынбаев Төлеп қамаудан босатылған. Орынбаевқа куә ретінде жалған жала жапқандар прокуратура органы арқылы қылмысты жауапқа тартылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 8 мамырдағы қорытындысымен, Орынбаев Төлеп СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

# Ө

**ӨТЕГЕНОВ** Әбіл — Арал ауданының № 13, Көз жетпес ауылдық кеңесінде 1912 жылы туған, білімі 5 класс, партияда жоқ, қызметкер, 1934 жылы Қазалы аудандық халық соты арқылы РСФСР ҚК 109 бабымен 5 жылға бас бостандық еркінен айыруға сотталған, жазасын толық өтеп шыққан. Әскер қатарына алынғанға дейін Қармақшы аудандық дайындау мекемесінде агент болып жұмыс істеген, әскер қатарына 1942 жылдың шілде айында Қармақшы АӘК арқылы алынған.

Өтегенов Әбіл 89 ЕАБр, 3 ЕАБ, автоматшылар взводында қатардағы жауынгер ретінде 1942 жылдың шілде айынан бастап соғысқа қатысқан. Ол 3 Ерекше атқыштар батальоны әскерлерінің арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, сатқындық пікір айтқан. 1942 жылдың қазан айында контрреволюциялық мазмұндағы Герман фашистерінің листовкасын сақтап, оны әскерлерге оқып берген. Сөйтіп ол әскерлер арасында фашистік үгіт таратқан.

Осы қылмысы үшін Өтегенов Әбіл 86 Ерекше атқыштар бригадасы НКВД бөлімінің (00) 1942 жылғы 1 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 10 тармағы, 2 бөлімімен қылмыстық іс қозғалған. Тергеу ісі 9 қарашада аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған. Оны 86 ЕАБр НКВД бөлімінің бастығы 86 ЕАБр Әскери прокуроры және 86 ЕАБр Әскери трибуналының дайындау мәжілісі 10 қарашадағы үйғаруымен бекіткен.

86 ЕАБр Әскери трибуналының 1942 жылғы 10 қарашадағы үкімімен Өтегенов Әбіл 8 жылға бас бостандық еркінен айыруға, еңбек лагеріне, жазасын өтегеннен кейін 3 жылға саяси хұқығын жоюға, өзіне тиісті мүлкін конфискалауға сотталған.

Өтегенов Әбіл 1942 жылдың 5 желтоқсан күні 1 Екпінді Армияның 00 НКВД-на жаза мерзімін өтейтін жерге жіберу үшін айдалған.

Ленинград Әскери Округі Әскери трибуналының 1979 жылғы 20 ақпандағы үйғаруымен 86 ЕАБр Әскери трибуналының 1942 жылғы 10 қарашадағы Өтегенов Әбіл жөніндегі үкімі бұзылып, оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан, іс қысқартылған.

Ленин орденді Ленинград Әскери округінің Әскери прокурорының наразылығы қанағаттандырылған.

Өтегенов Әбіл толық ақталған.

# С

**САРМАНОВ** Зейнолла — Қазалы қаласында 1917 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, атқ-

ыш ретінде соғысқа қатысқан, Хабаровск әскери трибуналы 1943 жылғы 22 маусымда 10 жылға соттаған. Қамауға алғанға дейін шекара әскерлерінің қатарында болған.
1972 жылғы 24 қарашада ақталған.
**СЕЙІЛОВ** Мақаш — Қазалы ауданында 1922 жылы туған, Арал АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып, айдап әкетілген. Оның онан кейінгі тағдыры белгісіз.
**СЕЙТЕНОВ** Айтқұл — Арал ауданында 1922 жылы туған, Арал АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып, әртүрлі қара жұмыстар істеуге мәжбүр болған. Оның онан кейінгі тағдыры белгісіз.
**СМИРНОВ** Егор Яковлевич (он же Ахрименко Павел Захарович, он же Одохавский Владимир Николаевич)— родился в 1920 году в дер. Старое Село, Осташковского района, Калининской области. Он проходил службу в 1941—1944 годах, с фронта дизертировал, скрывался под фамилией Одохавского В. Н., в 1945 годах был привлечен в уголовной ответственности по ст. 166 ч 2 УК РСФСР (кража скота), из места заключения бежал. Овладел документами на имя Ахрименко П. З., по которым проживал вплоть до разоблачения. Кроме того осужден народным судом гор. Кзыл-Орда 27 мая 1970 года по ст. 200 ч. 1, 40 УК КССР на 2 года условно.
**СӘРСЕНБАЕВ** Қожаберген — Тереңөзек ауданында 1923 жылы туған, Тереңөзек АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып, әртүрлі қара жұмыстар істеуге мәжбүр болған. 1960 жылғы 30 қаңтарда облыстық сот арқылы 1947 жылғы 4 маусымдағы Указдың талаптарына, РСФСР ҚК 111, 109 баптарына сай 5 жыл түрме жазасына сотталған.
**СӘРСЕНБАЕВ** Қалихан — Сырдария ауданында 1920 жылы туған, Сырдария АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942—1944 жылдары жауға тұтқынға түсіп, «Түркістан легионына» барып паналаған, фельдфебель атағын алған, штаб писары болып істеген. Француз партизандарына қосылып, немістерге қарсы қайтадан соғысқа қатысқан. Елге келген соң РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағы бойынша 25 жылға сотталған. СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1955 жылғы 17 қыркүйектегі Указы бойынша тұтқыннан босатылған.
**СЫЗДЫҚОВ** Досқали — облыс территориясында 1919 жылы туған, Қызылорда ҚӘК арқылы 1940 жылы әскерге алынып, шекара әскерлерінде әскери міндетін өтеген. 1942—1944 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып, сотталған. 1947 жылғы 4 маусымдағы Указға сәйкес тұтқыннан босатылған. 1952 жылғы 19 қыркүйекте облыстық сот 8 жылға соттаған.

# Т

---

**ТЕЛҚОЗИЕВ** Сәдуақас — Тереңөзек ауданы, № 5 ауылда 1922 жылы туған, Тереңөзек АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, Қазақ ССР НКГБ ерекше инспекциясының 1945 жылғы 11 мамырдағы қаулысымен қамалып, ҚК 162—«д» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Ақтөбе облыстық НКВД басқармасы әскери трибуналының 1945 жылғы 21 тамыздағы қаулысымен қамаудан босатылған. Қамауға алынғанға дейін Қызылорда түрмесінде надзиратель болған.
**ТӨЛЕЕВ** Айтмағамбет — Қызылорда қаласында 1915 жылы туған, 1941 жылғы маусымда майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1941 жылғы 22 шілдеде жауға еріксіз тұтқын болып, Германияға айдап әкетіліп, 1944 жылғы қарашаға дейін болған. 1944 жылғы қарашадан 1945 жылғы 2 ақпанға дейін одақтастар әскерлерінің қолында ұсталған. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.
**ТРОФИМОВ** Михаил Егорович — родился в 1921 году в гор. Ташкенте, был призван в армию в 1941 году, служил в качестве стрелка, 27 мая 1942 года попал в окружении, был пленен 3 сентября 1942 года. Совершил побег из лагеря ыоеннопленных, после чего вновь участвовал в боях против немецко-фашистских захватчиков.
Кроме того:
1) осужден 19 марта 1946 года к 3 годам лишения свободы;
2) осужден народным судом Сырдарьинского района 17 августа 1948 года по Указу 4 июня 1947 года к 10 годам лишения свободы, освобожден 26 апреля 1951 года;
3) осужден народным судом 1-го участка гор. Кзыл-Орда 21 августа 1951 года по ст. 142 ч 11 к 10 годам ИТЛ:
4) осужден народным судом 1-го участка гор. Кзыл-Орда 20 сентября 1954 года по указу от 4 июня 1947 года к 5 годам лишения свободы;
5) осужден народным судом 1-го участка гор. Кзыл-Орда 21 февраля 1958 года по ст. 74 ч 2 УК РСФСР к 3 годам лишения свободы, освобожден 11 ноября 1959 года условно;
6. осужден народным судом гор. Кзыл-Орда 27 марта 1975 года по ст. 6 ч 1 УК ПВС СССР от 25 апреля 1974 года на 1 год лишения свободы, освобожден 6 августа 1975 года по амнисти До ареста он проживал в гор. Кзыл-Орда.

# Ш

---

**ШӘКІРОВ** Сәлім — Шиелі ауданында 1920 жылы туған, Шиелі АӘК арқылы 1940 жылы әскерге алынып, шекара әскерлері қатарында соғысқа

қатысқан, 1942—1945 жылдары жауға еріксіз тұтқын болып. Германияға айдап әкетілген, одақтастар әскерлері тұтқыннан босатқан. 1946 жылғы 12 желтоқсанда РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен 10 жылға сотталған.

**ШОҚАЕВ** Тілеу — Шиелі ауданында 1920 жыл туған, Шиелі АӘК арқылы 1940 жылы әскерге алынып, шекара әскерлері қатарында соғысқа қатысқан. Соғыс кезінде жауға еріксіз тұтқын болғаны үшін 105 атқыштар корпусының Әскери трибуналы 1946 жылғы 8 сәуірде РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен 15 жылға сотталған.

**ШУТИЛКИН** Иван Тимофеевич — родился в 1912 году в селе Кирсановка, Бузулукского района, Куйбышевской области, работал поездным вагонным мастером. Постановлением Миллеровского ГО НКВД от 5 февраля 1942 года арестован и возбуждено уголовное дело по ст. 58-10 ч 2 УК РСФСР. Будучи враждебно настроенным по отношению к существующему в СССР строю, пытался доказать, что единоличная система хозяйства гораздо лучше по отношению к колхозной; среди бойцов высказал свои антисоветские убеждения. Приговором Военного трибунала Воиск НКВД по охране тыла воисковой части 1080 в гор. Миллерово от 4 марта 1942 года осужден на 8 лет лишения свободы в ИТЛ с поражением в правах на 5 лет. Определением Военного трибунала Южного фронта от 30 пареля 1942 года приговор Военного трибунала Воиск НКВД от 4 марта 1942 года в отношении Шутилкина И. Т. отменено за неполнотой проведенного следствия, дело направлено на новое рассмотрение со сталии предварительного следствия.

Определением Военной Коллегии Верховного Суда СССР от 14 июня 1942 года уазанный приговор и Определение отменены, дело в уголовном порядке производством прекращено и он из-под стражи освобожден.

Заключением Отдела реабилитации репрессированных граждан Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан от 28 февраля 1997 года Шутилкин И. Т. реабилитирован.

До ареста он проживал в гор. Кзыл-Орда.

**ШІДЕРБАЕВ** Зәкір — Тереңөзек ауданы, Шолақ арық ауылдық кеңесі, Чапаев атындағы колхозда 1908 жылы туған, білімі бастауыш, 10 айлық мал дәрігерлері курсын бітіріп, осы колхозда зооветфельдшер болып істеген, Тереңөзек АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, 1252 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылғы 25 тамызда өзімен бірге 4 жерлесін ертіп, өз еркімен жау жағына өткен. Немістер жағында 1945 жылғы 9 мамырға дейін болып, неміс тылын нығайтуға қатысқан, сөйтіп ол өз отанын қорғағысы келмей, сатқындық жасаған,— деген айыппен Қызылорда облыстық МГБ басқармасының 1948 жылғы 19 ақпандағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғлған. Түркістан Әскери округінің Әскери трибуналының 1948 жылғы 24 мамырдағы үкімімен Шідербаев Зәкір 25 жылға еңбек түзеу лагеріне, жазасын өтеп келгеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға сотталған.

СССР Жоғарғы Сотының Сот коллегиясының үйғаруымен ТүркВО Әскери трибуналының 1948 жылғы 24 мамырдағы Шідербаев Зәкір туралы үкімі бұзылып, ол жөніндегі іс сол Әскери трибуналға алдын ала тексеру арқылы басқа құрамында қайта қарауға жіберілген.

ТүркВО Әскери трибуналының 1948 жылғы 24 шілдедегі үкімімен Шідербаев Зәкір 25 жылға еңбек түзеу лагеріне, жазасын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқын жоюға қайта сотталған. СССР Жоғарғы Сотының Сот коллегиясының 1948 жылғы 15 қыркүйектегі үйғаруымен, ТүркВО Әскери трибуналының Шілдербаев Зәкір туралы үкімі күшінде қалдырылған.

СССР Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1956 жылғы 15 желтоқсандағы үйғаруымен, ТүркВО Әскери трибуналының 1948 жылғы 24 шілдедегі үкімі және СССР Жоғарғы Соты коллегиясының 1948 жылғы 15 қыркүйектегі үйғаруы бұзылып, жаңа ашылған жағдайға байланысты істі РСФСР УКП 204 бабының «б» тармағы негізінде мүлдем қысқартқан. Шідербаев Зәкір 1956 жылғы 24 желтоқсанда қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурордың 1997 жылғы 28 мамырдағы қорытындысы бойынша, Шідербаев Зәкір Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

# Ы

**ЫБЫРАЕВ** Замат — Тереңөзек ауданы, «Бидайкөл» ауылында 1918 жылы туған, орта білімді, БЛКЖО мүшесі, 1940 жылдан әскер қатарында болған. 1941 жылғы 22 маусымда Куйбышев қаласындағы жаяу әскерлер мектебін бітіріп, лейтенант атағын алғаннан кейін 209 АД, 1080 АП құрамында пулеметшілер ротасының командирі шенінде соғысқа қатысқан. 1941 жылғы 4 қазанда 3 Ар құрамында Брянск майданында жау қоршауында қалған. Ефремово маңайында 1941 жылғы 1 қарашада барлық армия қоршауды бұзып шыққан. Осы операция кезінде жауға еріксіз тұтқын болып, 1941 жылғы қараша айында жау қолында бірнеше сағаттай болып, онан қашып шыққан. Мәскеу Әскери округі НКВД-сының Ерекше бөлімі Ыбыраев Заматты 1941 жылғы 2 желтоқсанда қамауға алып, 12 желтоқсанға дейін ұстаған. Сонан кейін оны босатқан.

**ЫБЫРАЕВ** Қанхожа — Шиелі ауданы, Жөлек ауылдық кеңесі, «Ортақшыл» колхозында 1912 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, 102 Қиыр-Шығыс АД құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 102 АД, НКО «Смерш» контрразведка бөлімінің 1943 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 19-

58-1 «б», 58 бабының 10 тармағы, 2 бөліміне сәйкес қылмыстық іс қозғалған.

102 Қиыр-Шығыс АД Әскери трибуналының 1943 жылғы 18 тамыздағы үкімі бұзылып, оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан, іс қысқартылған. Мәскеу Әскери округі Әскери трибуналының наразылығы қанағаттандырылған. Ыбыраев Қанхожа қамауға алынғанға дейін 102 Қиыр-Шығыс АД, 30 Хасан АП, 9 АР құрамында атқыш болған, білімі бастауыш, БКП(б) мүшесі болған.

# Х

**ХАБИБУЛЛИН** Анвар — родился в 1916 году в дер. Байсор, Калининского района, Татарской АССР, татарин, призван в армию Кзыл-Ординским ГВК в 1941 году. С 17 декабря 1941 года по 27 декабря 1941 года, 10 дней, находился в плену у немцев, из плена бежал, после чего присоединился к частям Советской Армии.

# Ю

**ЮНУСОВ** Ибрагим — родился в 1906 году в гор. Самарканде, татарин, призван в армию Кзыл-Ординским ГВК в 1941 году, служил в составе 894 СП в качестве стрелка. Осужден отделом К/П «Смерш» 17 мая 1943 года по ст. 19-58-1 «б» на 10 лет тюрьмы. Реабилитирован 8 июля 1982 года.

# Ц

**ЦЫБАЕВ** Николай Лукьянович — родился в 1901 году в Зиянуринском районе, Челябинской области. Был призван в армию Чиилийским РВК в 1941 году, служил в качестве стрелка. Приговором Военного трибунала ТуркВО осужден 25 мая 1948 года на 25 лет тюрьмы. Реабитлитирован 18 апреля 1996 года.

До ареста проживал в Чиилийском районе, работал кузнецом.

# Ф

**ФЕДОРОВ** Николай Тимофеевич — родился в 1896 году в разъезде «Лес» Оренбургской железной дороги. Осужден Военным трибуналом Оренбургской ж/д 27 июня 1944 года на 10 лет, работал машинистом депо ст. Казалинск. Реабилитирован 25 апреля 1990 года.

До ареста проживал на ст. Новоказалинске.

**ФЕДОРОВ** Николай Андреевич — родился в 1907 году в гор. Ленинграде. Осужден Военным трибуналом 29 мая 1946 года, реабилитирован 29 декабря 1964 года.

До ареста проживал в гор. Аральске, работал литейщиком судоремзавода.

**ФИЛИНОВ** Сергей Иванович — родился в 1921 году в гор. Казалинске, был призван в армию в 1941 году, служил в качестве стрелка. Осужден Военным трибуналом 22 ноября 1941 года к высшей мере наказания — расстрелу. Его обвинили в добровольной сдаче врагу.

# Я

**ЯЦЕНКО** Георгий Тихонович — родился в 1911 году в гор. Казалинске призван в армию в 1941 году, служил в качестве стрелка. Осужден Военным трибуналом 31 июля 1942 года на 10 лет. Реабилитирован 29 ноября 1989 года.

## ЕЛУ ҮШ ЖЫЛДАН СОҢ

**ЖӘКЕБАЙ БАПЫШ атамекеніне оралып, туыс-бауырларымен қауышты.**

Ол сонау 1940 жылы 18 жасында әскерге аттанған. Эстония жерінде жауынгерлік борышын өтеп жүргенде соғыс басталып, қан майданның қақ ортасынан шығады. Көп кешікпей бөлімшесімен қоршауда қалып, жараланған соң тұтқынға түседі. Біраз жолдастары оққа ұшады. Азапты төрт жылдан астам уақыт көрмеген қорлықты бастан өткеріп, соғыс аяқталғанда құр сүлдерін сүйретіп, ауруға шалдығып, Бавария орманында қалады. Ұзақ ауырып, төрт-бес жыл емделіп, өлместің күнін кешіп, тірі қалған соң елге қайтудың қамын ойлайды. Бірақ Сталиннің қаһарынан қорқады. «Біздің Кеңес жауынгерлері тұтқынға түспеуі тиіс, соңғы оғын өзіне бағыштауы керек» деген сөзді талай естігені бар.

Соғыс аяқталған соң тұтқындар босатылды. Елге

қайтамын дегендеріне рұқсат беріледі. Көпшілігі Отанға қайтып та кетеді. Бірақ солардың ішінде, әсіресе Орта Азия халықтарының туған жеріне аман-сау жеткендері стрек екен. Тұтқынға түсіп, аман қалғандардың бірі Қадыр деген өзек жігіт болатын. Кейін сол еліне қайтады. Бірақ орыс орманына кіргенде ұзын составты тоқтатып, тұтқында болған Орта Азия халықтарының өкілдерін түсіріп алып, «Сендер Отанын сатқан сатқынсыңдар» деп оқтың астына алады. Өлгілердің ішінде Қадыр да бар еді. Қара санына оқ тиген ол есі ауып, өліктердің астында қалады. Тірі қалған соң екінші елді көрместей болып, жұрт көзіне түспей, Германияға қайта қашып барады. Сол Қадыр 1989 жылы Мюнхенде қайтыс болған. Әйелі Нұрила қазақ қызы, екі баласымен әзір сонда тұрып жатыр.

Мұны естіген Жәкебай және басқалар туған жер, атамекені, туыс-бауыр, әке-шешені көзі тірісінде көре алмай, елге жолай алмай шерменде болады. Жәкебай Бапыш елуінші жылдары Нюрнберггегі радиотехника институтында оқып, Мюнхендегі «Азаттық» радиосына жұмысқа тұрады. Алпыс бірінші жылы Дим деген татар қызына үйленеді. Қазір Еркін, Үміт деген балалары бар. Кейінірек «Азаттық» радиосының қазақ редакциясына ауысып, артынан оған басшылық етеді. 1988 жылы демалысқа шығады. Қазір 73-тегі қарт. Өкпесіне, жүрегіне екі рет операция жасатқан мүгедек. Көзі тірісінде туған жерді бір көрсем деп елу үш жыл армандаған, ол сол мақсатына енді ғана жетті. Жетпісінші жылдардың басында Жәкебай шешесінен хат алғаны бар. «Менің ұлым екенсің, менен туғаның рас болса, қайтсең де елге жет» депті хатында. Бірақ ол кезде Жәкебайға елге оралу қайда?! Шекарадан аттаса болды, бірден тұтқындап, кем дегенде он жылға сотталып кетер еді. Өйткені ол «Азаттық» радиостанциясында ұзақ жыл қызмет істеді ғой. Сол кездің түсінігінше, бұл радио кеңестік жүйеге қарсы құрылған болып табылатын. Көз жұмғанша баласынан күдер үзбей, батыс жаққа алаңдаумен күй кешкен анасы өмірінің соңғы сәтіне дейін Жәкебайдың атын аузынан тастамапты.

Елу үш жыл бойы елге деген сағынышы басылмай, туған жер, атамекенді бір көрсем деумен үміті үзілмеген Жәкебай ақыры бұл арманына да жетті. Соғыста жараланған, төрт жылдан астам түрмеде отырып азапты күй кешкен, одан кейінгі он бес жылғы өмірі итшілеп жат жерде өткен адамда қайбір денсаулық болсын?! Қартайып, ауру әбден меңдеген адам «Шықпа, жаным, шықпамен» Қазақстанға да жетті-ау ақыры. Міне, Жәкебай Бапыш туып өскен жері Қармақшыға, сондағы бір кездері қатар өскен құрбыларынан тірі қалғандарымен құшақ жайып қауышуға аттанды. Келді де, ата-анасының, басқа да бауырларының қабіріне бағыштап дұға оқыды...

*Сағат Бейісбай,*
(«Егемен Қазақстан, 1993 жылғы 28 мамыр).

## ЖАУ ТҰТҚЫНЫНЫҢ АЗАБЫН ТАРТҚАН АҚЫН

Сырдария ауданының бұрынғы № 15, Қызылжарма ауылдық кеңесі, «Комсомол» совхоз-техникумы территориясында 1921 жылы туған Рахмет Батырбаев сондағы орта мектепті бітірер-бітірместен майданға аттанды да, 1942 жылдың қытымыр қысынан бастап Ворошиловград, Харьков, онан әрі Варшава қаласы бағытындағы майдандарда жаудан «тіл» әкелумен айналысатын бес жауынгерден тұратын бөлімшені басқарып, неміс фашистерімен кескілескен ұрыстар жүргізген азамат болатын. Қарамағында шағандық Ергеш Адаев, дәл осы «Комсомол» совхоз-техникумында туып өскен Сәрсенбай Иманқұлов, қызылордалықтар Рахмет Әбенов, Асқар Құлбаев сосын әлі талай рет жау тылына өтіп, аса құнды мәліметтерге қол іліктірген «тіл» әкелді.

Бірде осы бес жауынгер жаудан «тіл» алып, тоғай арасымен келе жатады да, ойламаған жерден қоршауға түсіп, жау қолына түседі. Сонан әрі бәрі белгілі: Гамбург концлагерінің азаптары, күндізтүні ұрылып-соғылу, аштық-жалаңаштық. Бір жолы осы бес жауынгер концлагерден қашып шықпақ болып, әрекет еткен. Ергеш Адаев пен Сәрсенбай Иманқұлов қолға түсіп қалып, азаптап өлтірілген. Келесі күні қашып шығуды мелеген қалған үшеуі екі досын неміс жендеттерінің бастығынан рұқсат алып, мұсылмандық жолмен қастерлеп көмген.

Тірі қалған үш дос ертеңіне концлагерден қашып шыққан да, тоғай арасына сіңіп кете барған. Әрқайсысы беті ауған жаққа зытқан. Кейін партизандар отрядтарына қосылып, жаудан екі дос үшін кек алған.

Рахмет Батырбаев югославиялық партизандармен бірге жауға қарсы соғысып, ерлік танытты. Соғыс бітіп, елге қайтар жолда шекара комендатурасы оны айыптап, он жылға Кемерово қаласына шахтер болып істеуге қосты. Лаж не, жауға тұтқын болғандардың бәрі 10—25 жылдан түрме жазасына сотталып жатқанын көрген Рахмет бұл тәріздес тағдыр тәлкегіне лажсыз көнді. Сүйкімді орыс қызы Анна Прокофьевнамен тұрмыс құрды да, 1955 жылы ғана елге оралды.

Өлең-жырға бұрыннан ықласы мол Рахмет елге келісімен Ергеш Адаевтың ерлік өлімі жайлы дастан жазды. Бұл ретте Ергештің де өлеңдер жазып, кезінде республикалық, облыстық газеттерде жария еткенін білетін Рахмет сол досының рухын жыр жолымен паш еткісі келді. Рахметтің бұл жыр-дастаны облыстық «Ленин жолы» газетінде 1962 жылы жарық көрді.

Сол кезде облыстық газетте істей жүріп, мен Рахмет ағамызбен талай рет сұхбаттасқан, дастархандас, сыйлас інілерінің бірі болып едім. Ергеш жайлы жыр дастанын оқыған адам соның авторы да концлагердің «дәмін» татқан адам-ау деп жоамалдауына тура келетін. Бірақ сырбаз мінезді Рахмет ағамыздың аузынан өз басынан кешкен түрме азабы жайлы ләм деген сөз есітіп көрмегенбіз. «Боздақтар» естелік кітабының үш томы қолға тиісімен, маған «Түркістан легионында» болып жан сақтап қалғандар да, жау тұтқынына түсіп, азапты өмірді бастан кешкендер де радакцияға келіп, өздері жайлы мағлұматтар бере бастады. Ал Қызылорда қаласы, Шевченко көшесі, № 81 үй тұрғыны Асқар Құлбаев болса, бізге 1992 жылғы 25 қазанда өмірден өткен Рахмет Батырбаев жайлы аса құнды мәліметтер, бір топ өлеңдерін ала келді де, оның өмірден өткен күнінде сол жайлы баспасөзде мақала жариялауды өтінді.

Міне менің қолымда Рахмет ағамыз жазып кеткен «Үзілмеген үміт» атты поэмасы тұр. Тура жүз куплеттен, әрбір куплеті алты қатардан жазылған, алты жүз жолдық дастанда жау қолына түскен бес жауынгердің басынан кешкен азаптарын қалтқысыз баяндалыпты. Сөз мәнері, қиыннан қиыстырылған мәнді үйқас, қыс қытымырында тұтқындағы жауынгерлердің бүрсеңдеуі, аштық, ақірет-азар,— бәрі де шынайы суреттелгені соншалық, оны көзден жас ағыза отырып оқуға мәжбүр боласың. «Боздақтар» естелік кітабының редакциясы бұл поэманы естелік кітапқа енгізуді, облыстық газетке де ұсынуды жөн көрді.

Он жыл еріксіз шахтер болып істеп елге оралған Рахмет өмірінің ақырына дейін облыстық мұнай өнімдері басқармасында жұмысшы болды. Сонан бастап Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының, Нартай Бегежанов, Рахмет Мәзқожаев, Әбілда Жүргенбаев, тағы басқаларының творчествосын өзіне «пір» тұтты. Балқашбай Жүсіпов жыраумен достасты, Құрақтың Досжанының ән-жырларын, күмбірлеген күйлерін тыңдады. 1958 жылдан бастап облыстық «Ленин жолы» газетінде Рахмет өлеңдері жиі көрінді. Сол жылы жамбылдық Өкім Жайлауовпен, 1970 жылы аралдық Әміредин Әленовпен жыр сайысына түсті де, өзінің қырғи тілді ақын екенін паш ете білді. Сол екі айтыс республикада тұңғыш рет шығарылған «Айтыс» атты жыр жинағына енді. Рахмет те өмірінде жеке жинақ шығара алмай кеткен ақын болғанымен, 1977 жылы шығарылған «Шұғыла» жинақтар кітабына, 1984 жылы шығарылған «Жайқоңыр» атты жинақтар кітабына быраз өлең-жырлары енгізілді.

— Мен майдандас досым Рахметпен өмірден өткен сәтіне дейін бірге болған досы едім. 1989 жылы Алматыда тұратын Серік Тұрғынбеков деген біреуге өлең-поэмалар жинағымды өткіздім деп айтып отыратын. Онан кейін дерек болмай кетті. Керек десе, біздің облыста Қазақстан Жазушылар одағының бөлімшесі бар деп есітемін. Сірә сол бөлімше қағаз жүзінде ғана бар да, іс жүзінде жоқ бірдеңе болса керек. Әйтпесе Рахмет Батырбаев сынды ақын творчествосына жоқтаушы болмас па еді,— деп қынжылады Асқар Құлбаев ағамыз. Орынды айтады.

Рахмет ағамыздың жұбайы Анна Прокофьевна Батырбаева Ресейдегі қызының қолына көшіп кетер алдында Асқар Құлбаевты шақырып алып, оған мәңгілікке көз жұмған жұбайының екі бумадан тұратын өлең-жырларын беріпті. Бәрі де Рахметтің өз қолымен жазылып, архивіне сақтала берген. Міне сол жырлардың ішінен мен 9 дастанның аттарын блокнотыма түсіріп алдым. Біреуі — мен жоғарыда атап көрсеткен «Үзілмеген үміт» дастаны. «Ажал құрсауында» поэмасы Ергеш Алдаев жайлы болса, «От кешу» поэмасы да қан майдандағы Кеңес жауынгерлерінің ерлігін паш етеді. «Мұрагер», «Ин-Салах», «Достық баспалдақтары», «Сыр-Дария», «Өмір зая», «Сталинград» атты поэмалары да әрқайсысы бір-бір сүбелі туындылар қатарына жатады. Ал Құлбаев Асқар ағамыз қастерлеп сақтап отырған екі бума өлеңдер ішінде бұрын біз естіп-білмегендері қанша десеңізші.

Рас, Рахмет ағамыздың Нартай, Бақыт атты екі ұлы бар. Асқар Құлбаевтың айтуынша, олар әке мұрасына иелік етумен ісі болмай кеткен. Рахмет ақынның тағы біраз өлеңдері оның інісі Жұмабек Бөлекеев деген азаматта сақтаулы тұрған сияқты. Осы ақын мұрасын жинақтап, кәдеге асырарлық шаралар жасауға облыстағы жазушылар бөлімшесі белсене кіріссе қанеки.

*Мырқы ИСАҰЛЫ.*

*Рахмет БАТЫРБАЕВ*

## МАЙДАННАН ЖАЗЫЛҒАН
**Өлеңдері**

### ӘКЕМЕ

Дулыға киіп, ту ұстап,
Күн туды тұлпар мінетін.
Байырғы ел — батыр екенбіз,

Бағзыдан барша білетін.
Қаны қара, қалпы жат,
Қаһарын қасқа тігетін.
Ашуы апат, ақ иық,
Ашынса арлан ілетін.
Қастасқанды күйретіп,
Дұшпанның туын тілетін.
Күрсінбе көкем, күн жақын,
Тыныстап терді үгетін.
Ысқырған сұсты сұр жылан
Дәуітке тізе бүгетін.
Шәуілдеп Пілге сұр кәнден
Парықсыз босқа үретін.
Болады Гитлер қара бет,
Қаһарман халық күлетін.

* * *

Еске алам әке азырақ
Ерлерді өткен айбатты.
Шежіре, жырға жүгініп,
Тарихтан табам айғақты.
Баһадүр еді-ау бір туған
Сырым ер, сардар Байбақты.
Қорып еді-ау қызғыштай,
Арқа, Сыр, алтын аймақты.
Исатай, ақын Махамбет
Ел болуды ойлатты.
Аманкелді, Әліби
Қайрады, кекті қайнатты.
Тауқымет тықыр төнгенде
Таңдадым тар жол, тайғақты.
Отанға деген махаббат
Өрлетті көкке қайбатты.
Баба мекен, байтақ ел
Ел болмасқа қоймапты.
Хош әке! Жеңіс біздікі,
Суыта бер тойға атты.
Ақ тілеулі-ау десін ел:
«Батекең бозды байлапты»

1942, мамыр.

## АНАМА

Мұңаймай мұңға, мұнарға,
Ағады өмір — ұлы арна.
Тірліктің күре тамыры —
Күнге күйе жұғар ма?
Төбесі көкпен таласқан
Тауды дауыл жығар ма?
Уақыт, дәуір, тарих
Шегініп бетін бұрар ма?
Адамдық пенен адалдық
Қорғамай халқын тұрар ма?
Азасы ауыр апаттың
Салмағын сұмдар ұғар ма?
Жазасын беріп жатырмыз
Қара түн, қанға құмарға!
Аманмын, ана, денім сау,
Ар барда туым ұлар ма!
Жастанып жатам жебер деп
Дұғаңды жазған тұмарға.

Алау қыз, жалын жігіттер
Жеңіске жетпей тынар ма!
Әлия, Мәншүк мақтаның —
Майыспаған сынарда.
Толағай тұлға Төлеген
Елінің екен ұлы арда.
Сүтіңнен сіңген сүйекке
қуат бар, от бар бұларда.

## МҰРАТ

Қиялымды арманға
Құрық еткім келеді.
Еңбегіммен салтанат
Құрып өткім келеді.
Антым менен сертімде
Тұрып өткім келеді.
Келелі іске білекті
Түріп өткім келеді.
Бастауларды бауларға
Бұрып өткім келеді.
Ерлік жолын еншілеп,
Жүріп өткім келеді.
Бейбіт өмір, бірлікті
Жырым еткім келеді.
Мың қызығын өмірдің
Сырым еткім келеді.
Уақыттың оттарын
Нұрым өткім келеді.
Ел сыйлаған ерлерді
Пірім еткім келеді.

## ӘР НӘРСЕНІҢ ҚЫЗЫҒЫ

Жер қызығы еккенде,
Жар қызығы өпкенде.
Ат қызығы арындап,
Қарақшыдан өткенде.
Той қызығы торқалы,
Көпке қызмет еткенде.
Гүл қызығы құлпырған
күлімдеген көктемде.
Найзағайы жарқылдап,
бұлты нөсер төккенде.
Тіл қызығы тап басып,
тауып айтып кеткенде.
Жыр қызығы желпінтіп,
жүрегіңе жеткенде.
Ең қызығы ел сеніп,
өзіңді іске жеккенде.
Бәрінен де абзалы:
өмір нұрын сепкенде.

# ТҰТҚЫНДАҒЫЛАР ЖАЙЛЫ ХАТТАМА БОЙЫНША

## I

**АЛДАБЕРГЕНОВ** Асылхан — Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылдық кеңесі, Сталин атындағы колхозда 1921 жылы туған, колхозшы, БЛКЖО мүшесі, білімі бастауыш, 1948 жылы сәуір айында Жаңақорған аудандық халық соты қоғамдық еңбекке салқын қарағаны үшін 6 айға еңбекпен түзеу лагеріне соттаған:

**ЕРКЕЕВ** Әуезхан — Сырдария ауданы, «Бірінші Май» ауылдық кеңесі, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 1922 жылы туған, білімі 7 класс, БЛКЖО мүшесі, колхозда есептеуші- санақшы болып қызмет атқарған.

Бұл екеуіне: Совет Армиясы қатарында болып, Отан соғысына қатысқан, 1942 жылғы мамыр айында Харьков маңында болған шайқаста неміс әскерлерінің қолына тұтқынға түскен, тұтқында жүріп Отанды сатып, 1942 жылғы тамыз айында Полтава облысының Сталинск станциясында Кеңес Одағына қарсы қарулы күрес үшін неміс командованиесі құрған «Түркістан легионына» өз еріктерімен кірген, 1942 жылдың тамыз айынан 1944 жылдың қараша айына дейін «Түркістан легионының» 1/76 жазалау батальонының 1 ротасы құрамында Фашистік Германияға адал қызмет етуге ант қабылдаған, Кеңестер мен Югославия партизандарына қарсы жазалау операцияларына қатысқан, неміс армиясы үшін қорғаныс құрылыстарын салған,— деген айып тағылып, Қызылорда облыстық МГБ басқармасының 1951 жылы 19—20 тамыздағы қаулыларымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тәшкент гарнизонының әскери трибуналының 1951 жылғы 30 қарашадағы үкімімен: Алдабергенов Асылхан мен Еркеев Әуезханның әрқайсысы 25 жылдан еңбекпен түзеу лагеріне, 5 жылдан саяси құқығын жоюға сотталған. Түркістан Әскери округінің Әскери трибуналының 1952 жылғы 26 қаңтардағы үйғаруымен — үкім күшінде қалдырылған.

СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясының 1953 жылғы 15 шілдедегі үйғаруымен Тәшкент гарнизоны әскери трибуналының 1951 жылғы 30 қарашадағы үкімі мен ТүркВО әскери трибуналының 1952 жылғы 26 қаңтардағы үйғаруы бұзылып, жаңа ашылған жағдайларға байланысты Алдабергенов пен Еркеевтің ісі Әскери Бас прокуроры арқылы алдын ала тексеру сатысы бойынша қайта қарауға жіберілген.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы КГБ басқармасының 1954 жылғы 15 сәуірдегі қаулысымен Алдабергенов Асылхан мен Еркеев Әуезханның айып тағылған істері өндірістен алынып, қамаудан босатылған.

Қызылорда облыстық прокурорының 1997 жылғы 21 сәуірдегі қорытындысымен Алдабергенов Асылхан мен Еркеев Әуезхан Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы негізінде толық ақталған.

## II

**МАХАНОВ** Тілеуберген — Жалағаш ауданының № 26 ауылында 1921 жылы туған, білімі бастауыш, ВЛКСМ мүшесі, колхозшы, Қызыл Армия қатарына 1942 жылдың қаңтар айында алынған, 1 ЕАБ, 152 ЕАБр құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысқан.

**НАЗАРОВ** Абдималик — Андижан облысы, Балықшы ауданы, Сазын селолық кеңесінде 1919 жылы туған, ұлты өзбек, білімі бастауыш, ВЛКСМ мүшесі, колхозшы, Қызыл Армия қатарына 1942 жылдың маусым айында алынған, 1 ЕАБ, 152 ЕАБр құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысқан.

**БАЙБЕКОВ** Нұрғали — Қазалы ауданының № 12 ауылында 1920 жылы туған, білімі 8 класс, ВЛКСМ мүшесі, колхозшы, Қызыл Армия қатарына алынған, 1 ЕАБ, 152 ЕАБр құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысқан.

Қызыләскер Маханов Отанды қорғағысы келмей, қарсыластар жағына өтуге дайындалған, бұған қызыләскерлер Қабдуловты, Назаровты, Ильясовты және Байбековты үгіттеп көндірген, олар бұл ұсынысқа өздерінің келісімін берген.

Осы сатқындық мақсатты орындау үшін Махаанов алдын ала оларды немістер жағына өту үшін немістердің листовкасымен және пропускісімен қамтамасыз кткен. Сол жылғы 9-нан 10 қыркүйекке қараған түні Маханов қызыләскер Назаровпен бірге жау жағына өтіп кеткен.

Маханов Жоғарыдағы қызыләскерлерді Отанды сатуға көндіре отырып, олардың арасында кеңес

үкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, неміс армиясын мадақтаған.

Осы қылмыстары үшін оларды тұтқынға алу үшін 152 ЕАБр НКВД-сының Ерекше Бөлімінің 1942 жылғы 14 қарашада қаулысы шыққан. Бірақ бұлар тұтқынға алынбаған.

Айыптау қорытындысы 1942 жылдың 17 қарашасында шығарылып, істі 152 ЕАБр Әскери Прокуратурасына сотқа беру үшін жіберілген. 152 ЕАБр Әскери Трибуналының 1942 жылғы 25 қарашада сот мәжілісі болған оған Маханов, Назаров, Байбеков жау жағына өтіп кеткендіктен қатыспаған, сот мәжілісіне куә ретінде Қабдулов Тұрғанбай қатысқан.

Сотталушы айыпкерлер Маханов, Назаров, Байбеков жау жағына өтіп кетулеріне байланысты Әскери Трибунал мәжіліс жасап, айыпкерлер Махановтың Назаровтың, Байбековтың ісін алдын-ала тергеудің материалдарын және куә Қабдуловтың сот мәжілісінде берген жауабын пайдаланып сотталушылардың ісін сыртынан қарауға ұйғарған.

152 ЕАБр-ның Әскери Трибуналының 1942 жылғы 25 қарашадағы үкімімен Маханов Тілеуберген — РСФСР ҚК-ның 58 бабының 11 тармағымен, 58-1 «б», 58-10-2 тармақтарымен;

Назаров Абдималик — РСФСР ҚК-ның 58-11, 58-1 «б» тармақтарымен, Байбеков Нұрғали — РСФСР ҚК-ның 58-11, 19-58-1 «б» тармақтарымен үшеуі де сырттарынан ең жоғарғы жаза — ату жазасына сотталған.

Куә болған Қабдулов 1943 жылдың 11 наурызында Астрахан қаласындағы түрмеде қайтыс болған.

1 Атқыштар ротасы, 1 ЕАБ құрамындағы қызыләскер Байбеков Нұрғали 1942 жылдың қыркүйек айының аяғында ұрыс даласында хабар-ошарсыз кеткен.

Бірінші ерекше атқыштар бригадасы (ОСБ) саяси бөлімі жөніндегі командирдің орынбасарының 1942 жылғы 13 қарашадағы № 751 қатынасы бойынша

СССР Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының 1943 жылғы 3 қаңтардағы ұйғаруымен -152 ЕАБр Әскери Трибуналының 1942 жылғы 25 қарашадағы сырттай шығарылған үкімін бұзып, істі алдын-ала тергеу жүргізу арқылы қайта қарауға жіберген.

152 ЕАБр Әскери Трибуналының 1943 жылғы 1 мамырдағы қаулысымен Маханов Тілеубергеннің, Назаров Абдималиктың, Байбеков Нұрғалидың қылмыстық ісі өндірістен қысқартылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1997 жылғы 27 қаңтардағы қорытындысымен — Маханов Тілеуберген, Назаров Абдималик, Байбеков Нұрғали Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі заңының негізінде толық ақталған.

## III

**КУЗНЕЦОВ** Александр Гаврилович — родился в 1920 году, мл. сержант 7-ой роты, 3 батальона, 78 стр. полка, член ВЛКСМ.

**МЕНИЛЬБЕКОВ** Урат — родился в 1915 году, красноармеец того же подразделения, казах, б/п.

Спецсообщением Особого отдела НКВД 74 СД, 13 Армии от 11 декабря 1942 года возбуждено уголовное дело по ст. 58-1 п «б» УК, где говорится, что они при попытке перейти от переднего края обороны на сторону противника примерно в 50-ти метрах взорвались на нашем минном поле. В результате взрыва мины красноармеец Менильбеков был убит, а Кузнецов получал тяжелое ранение и направлен в МСБ 74 СД, оттуда направлен на излечение в ППГ № 6.

Постановлением Особого отдела НКВД 13 Армии от 15 января 1943 года, руководствуясь ст. 4 п. 5 УКП РСФСР, уголовное преследование в отношении Кузнецова и Менильбекова в дальнейшем расследованием прекращено.

## IV

**СЕЙІТПАНОВ** Болық —1899 жылы туған;
**НҰРОВ** Құрманай —1907 жылы туған;
**СӘБИРОВ** Әділбек —1910 жылы туған;
**ҚАЛМЕНОВ** Сәрсенбай —1909 жылы туған;
**ЖАНБАЕВ** Сегізбай —1897 жылы туған;
**ЖАНБАЕВ** Сақтаған —1920 жылы туған;
**МОМЫНОВ** Меркен —1907 жылы туған.

Туған жері, мекені белгісіз, кезінде НКВД тізіміне іліккен бұл 7 адам әскери дайындық кезінде, егер өздерін майданға жіберердей болса, ұйымдасқан түрде майданнан қашуға, сөйтіп жау жағына өтіп кетуге келіскен, кейін олар өз командирін өлтіріп, жау жағына өтіп кеткен, онда «Түркістан легионына» енген,— деп айыпталып, іздестіру жұмыстарын жүргізген.

Олардың онан кейінгі тағдыры белгісіз.

## V

**ІЛИЯСОВ** Мұқан — Қазалы ауданының Байхожа стансасында 1915 жылы туған, білімі 3 класс, партияда жоқ, жұмысшы, 1940 жылы РСФСР ҚК-ның 74 1942 жылы Қазалы АӘК арқылы іскерге алынып, 283 АД, 860 АП, 1 ротаның бөлімше командирі, әскери шені — сержант.

**ТҰЯҚБАЕВ** Досмағанбет — Қазалы ауданының Абай атындағы колхозда 1922 жылы туған, білімі 7 класс, жұмысшы, партияда жоқ, Қазалы АӘК арқылы әскерге 1942 жылы алынған.

**ШАЛАБАЕВ** Нағымет — Қазалы ауданының Калинин атындағы колхозда 1912 жылы туған, білімі 2 класс, партияда жоқ, Қазалы АӘК арқылы әскерге 1942 жылы алынған.

**ДҮЗБАЕВ** Ыдырыс — Қазалы қаласында 1923 жылы туған, білімі 7 класс, колхозшы, партияда жоқ, Қазалы АӘК арқылы әскерге 1942 жылы алынған.

**ТӨЛЕМІСОВ** Төлеп — Қазалы ауданының № 18 ауылында 1921 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, білімі 6 класс, Қазалы АӘК арқылы әскерге 1942 жылы алынған.

**ДӘУЛЕТИЯРОВ** Өтеген — № 18 ауылда 1921 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, білімі 6 класс,

Қазалы АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанған.
Бұл 6 азаматтың барлығы да 1 ротаның бір бөлімшесінде әскер қатарында болған, бөлімше командирі Ілиясов Мұқан —1942 жылдың шілде-тамыз айларында өз бөлімшесі әскерлері арасында кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, фашист армиясы мен техникасын мадақтаған, Қызыл Армия мен кеңес баспасөзіне күйе жаққан, 1942 жылдың 12 тамызында Ілиясов — Түякбаевқа, Шалабаевқа, Дүзбаевқа, Төлемісовке, Дәлетияровқа — Отанды сатып, неміс-фашист армиясы жағына өтуді ұсынған, олар оған келісіп, немістер жағына өтіп, өмірімізді аман сақтап қалсақ болды деген. 1942 жылғы 28 тамызда 860 АП-ның учаскесінде 208 биіктікті басып алу үшін ұрыс операциясы болады, осы ұрыста тұтқынға түсудің ең қолайлы жері болады деп Ілиясов қарамағындағыларға хабарлайды, барлығы да соған келіседі, бірақ олар өздерінің қылмыстық әрекетін іс жүзіне асыра алмайды. Оларға осындай айып тағылып, 283 АД әскери трибуналының 1942 жылғы 4 қыркүйектегі қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 10, 11 тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған, 283 АД-ның әскери Трибуналының 1942 жылғы 12 қыркүйектегі үкімімен — Ілиясов Мұқан, Тұяқбаев Досмағамбет, Шалабаев Нағымет — ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған, Дүзбаев Ыдырыс, Төлемісов Төлеп, Дәулетияров Өтеген — әрқайсысы 10 жылға еңбек түзету лагеріне 3 жылға саяси құқынан айыруға сотталған. Ілиясов, Тұяқбаев, Шалабаев жайлы үкім сол жылғы қыркүйектің 22 күні орындалған.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1996 жылғы 30 мамырдағы қорытындысымен — Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңына сәйкес бұлардың барлығы да толық ақталған.

## VI

**ТҰРЫМБЕТОВ** Мұхамбет — Шиелі ауданы, Бәйгеқұм стансасы, «Талап» колхозында 1920 жылы туған, білімі 7 класс, БЛКЖО мүшесі, Шиелі АӘК арқылы әскерге алынған. Шешесі Перуза.
**СҮЙЕНБЕКОВ** Мұқан — Павлодар облысы, Баянауыл ауданында 1919 жылы туған, Жаңажол орталау мектебінің 6 класын бітірген, партияда жоқ, Баянауыл АӘК арқылы әскерге алынған.
Бұл екеуі 48 АД, 8 Ерекше атқыштар броигадасы 268 АП, 4 АР құрамында Ұлы Отан соғысына қатысып, 1941 жылғы 25 қарашада Отанын сатып, алдыңғы шептегі қорғаныс күзетіндегі постыларын және мылтықтарын тастап, немістер жағына өткен, сөйтіп Отан алдындағы борышын, берген анттарын ұмытқан деп айып тағылып, 48 АД ОО НКВД-ның 1941 жыдғы 28 қарашадағы қаулысымен тұтқынға алынып, РСФСР ҚК-ның 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.
Примор Жедел Тобы әскери трибуналының жабық сот мәжілісінің 1941 жылғы 2 қарашадағы үкімімен Тұрымбетов Мұхамбет пен Сүйенбеков Мұқан (сырттарынан) ең жоғары жаза — ату жазасына сотталған. М. Тұрымбетов пен М. Сүйенбеков ұсталған жағдайда, олардың жеке басы анықталғаннан кейін 24 сағаттың ішінде үкім орындалатын болған. Үкім бұзылмайды және шағым беруге болмайды, деп шешілген.
Ленинград майданы әскери Трибуналының 1942 жылғы 30 сәуірдегі ұйғаруымен — істегі материалдарда М. Тұрымбетов пен М. Сүйенбековтың немістер жағына өткендігі жайлы ешқандай анықтамалар жоқ болғандығын ескеріп, Ленинград майданы Әскери Трибуналы төрағасының наразылығы қанағаттандырылып, М. Тұрымбетов пен М. Сүйенбеков жөніндегі үкім бұзылып, олардың кінәсін анықтау, оларға іздеу жариялау үшін іс қайта тексеруге жіберілген.
Бұл екеуіне бүкілодақтық іздеу жарияланған, СССР НКВД-ның 1948 жылғы 16 ақпандағы № 941 циркуляры негізінде іздеу тоқтатылған.

## VII

**ГОНЧАРЕНКО** Тимофей Яковлевич — родился в 1920 году в гор. Аральске, образование среднее, окончил 10 классов, до ареста проживал в гор. Аральске, по ул. Микояна, 17, работал старшим товароведом рыболовпотребсоюза;
**ШЕМАРДИН** Михаил Павлович — родился в 1890 году в гор. Маршанске, Тамбовской области, образование среднее, окончил реальное училище, до ареста проживал в гор. Аральске, работал юрисконсультом стекольного завода.
По обвинительному заключению: Гончаренко Т. Я., являясь военнослужащим Советской Армии и находясь на фронте Отечественной войны, в сентябре 1941 года был пленен войсками противника. С сентября 1941 года по март 1945 года находился в плену у немцев и содержался в лагерях для советских военнопленных на территории Германии. В марте 1945 года бежал к американцам, которыми в июне 1945 года был передан Советскому командованию.
Вернувшись к месту постоянного жительства в гор. Аральск Гончаренко вступил в преступные связи с Шемардиным, и будучи враждебно настроенными по отношению к Советской власти, по обоюдной договоренности между собой, они проводили антисоветскую политику англоамериканских империалистов, предсказывали неизбежность войны против СССР и поражение СССР в этой войне, возводили клевету на Советскую действительность, дискредитировали вождя, высказывали шовинистические измышления в адрес казахского народа,— за что они постановлением УМГБ по Кзыл-Ординской области от 16 декабря 1949 года арестованы и привлечены к уголовной ответственности по ст. ст. 58-10 ч. 1 и 58-11 УК РСФСР.
Определением подготовительного заседания судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ор-

динского облсуда от 18 февраля 1950 года обвиняемый Шемардин М. П. на основании пункта ст. 4 УПК РСФСР дело производством прекращено.

Приговором Судебной коллегии по уголовным делам Кзыл-Ординского облсуда от 23 февраля 1950 года Гончаренко Тимофей Яковлевич осужден к 8 годам лишения свободы с последующим поражением в избирательных правах сроком на 5 лет.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 27 марта 1950 года — приговор Кзыл-Ординского облсуда от 23 февраля 1950 года в отношении осужденного Гончаренко Т. Я. оставлен в силе.

Постановлением Пленума Верховного суда Казахской ССР от 24 сентября 1962 года — приговор Кзыл-Ординского облсуда от 23 февраля 1950 года и все последующие судебные постановления в отношении Гончаренко Тимофея Яковлевича отменены, дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

Определением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда Казахской ССР от 28 сентября 1962 года — определение подготовительного заседания Кзыл-Ординского облсуда от 18 февраля 1950 года в отношении Шемардина М. П. отменено и дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

## VIII

**ЕСЖАНОВ** Ешмахан — Тереңөзек ауданының № 13 ауылдық кеңесі, «Көкпая» колхозында 1906 жылы туған, білімі 3 класс, колхозшы, Қызыл Армия қатарына Тереңөзек АӘК арқылы 1942 жылдық маусым айында алынған, 40 атқыштар батальоны, 2 атқыштар ротасы, 2 взводы, 2 бөлімшесінің командирі болған;

**ЖҮСІПОВ** Әли — Тереңөзек ауданының № 1 Қараөзек ауылдық кеңесі, «Жаңарық» колхозында 1905 жылы туған, Қызыл Армия қатарына Тереңөзек АӘК арқылы 1942 жылдың маусым айында алынған, 40 атқыштар батальоны, 2 атқыштар ротасы, 2 взводы, 2 атқыштар бөлімшесінде қатардағы жауынгер болған.

Айыптау қорытындысы бойынша: 108 Ерекше бригада, 4 атқыштар батальоны, 2 атқыштар ротасы, 2 взвод жауынгерлері Есжанов Ешмахан мен Жүсіпов Әлиге тағылған айып —1942 жылғы 22 қыркүйекте Есжанов өз бөлімшесінің жауынгерлері орналасқан 2 постыға үнемі барып-кетіп жүрген. Ол осы бөлімшенің командирі болған. Сол күні ол өзінің жауынгері Жүсіпов Әлимен 2 пункт орналасқан орман ішіне түнішінде барған. Оны ротаның саяси жетекшісі мен взвод командирінің көмекшісі байқап қалған. Олар Есжановтың постыда тұруы керек ғой деп ойлаған және Есжанов бұрын немістер жағына өтіп кеткен Сарбөпеевпен жақын болғаны естеріне түсіп, Есжанов пен Жүсіпов қашуға әрекет жасап жүр,— деп оларды ұстап, РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғаған. 108 Ерекше бригаданың Әскери тергеушісі мен Әскери прокурорының 1942 жылғы 1 қазандағы қаулысымен, Есжанов Ешмахан мен Жүсіпов Әлидің әрекеттерінде қылмыстың белгісі болмағандықтан, РСФСР УПК 4 бабының 5 тармағына сәйкес, іс өндірістен қысқартылып, олар қамаудан босатылған.

## IX

**АМАНБАЕВ** Нұрмахан — Шиелі ауданының № 19 разъезінде 1913 жылы туған, білімі 7 класс, партияда жоқ, мамандығы темір жол диспетчері, бұрын саудагерлігі және ұрлық жасағаны үшін 2 және 6 жылға екі рет сотталған. Гурьев қаласындағы жаяу әскерлер училищесінде курсант, үйленген, әйелі — Күлпан, баласы — Әнуар.

**ЖҮСІПБАЕВ** Шермағамбет — Шиелі ауданының Бәйгеқұм ауылдық кеңесінде 1912 жылы туған, білімі арнаулы орта, педучилищені бітірген, партияда жоқ, мамандығы мұғалім, Гурьев қаласындағы жаяу әскерлер училищесінде курсант, үйленбеген, бұрын сотталмаған.

**МОМБАЕВ** Байырбек — Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданының Отырар ауылдық кеңесінде 1910 жылы туған, білімі арнаулы орта, мамандығы агроном, ВКП(б) мүшесі, осы іс бойынша партия қатарынан шығарылған. Гурьев қаласындағы жаяу әскерлер училищесінің курсанты, бұрын сотталмаған, үйленген, әйелі — Әлия, баласы — Байырбеков Төрехан.

1942 жылдың тамыз айынан бастап Гурьев қаласындағы жаяу әскерлер училищесінде қазақ курсанттары арасында кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық топ ұйымдасқан, оның ұйымдастырушысы курсант Омаров Сыздық —(бұрынғы кулак) болған. Бұл топтың құрамына қазақ-курсанттар — Аманбаев Нұрмахан, Жүсіпбаев Шермағамбет, Момбаев Байырбек тағы басқалар кірген, олар сабақтан бос уақытта жиналып, үнемі өзара кеңес өкіметіне қарсы әңгімелер айтып, Қазақтар Отан соғысына қатыспауы және орыстарды неміс-фашист басқыншыларынан қорғамауы тиіс деп орыс командирлері мен курсанттарына өздерінің жек көрушіліктерін білдірген, неміс армиясының техникалық қуатын мадақтап майданға жіберген кезде неміс-фашистер әскерлерінің жағына өтіп кету пікірлерін айтқан.

Омаров — өзінің маңайына кеңес өкіметіне қарсы пиғылдағы және саяси жағынан ұстамсыз қазақ-курсанттарын жинап, олардың арасында контрреволюциялық ұлтшылдық үгіт жүргізген, орыс командирлері мен курсанттарына ұлт араздығын тудырып, орыс командирлері қазақ-курсанттарының ар-намысына тиіп, оларды адам қатарында санамағаны, сондықтан немістерден соғыспаймыз және орыстарды қазақтардың қорғауы тиіс емес, ал майданға кірген уақытта неміс-фашист әскерлерінің жағына өтуіміз керек — деген.

1942 жылдың қараша айында майданға кетіп бара жатқан кеңес өкіметіне қарсы топ мүшелеріне Омаров мынадай тапсырма берген; майданға кірісімен немістерге қарсы соғыспай, бірден немістер жағына өтіп кету керек; егерде оны орындауға мүмкіншілік болмаған жағдайда — онда ұрыс кезінде қолды немесе аяқты көтеріп, жеңіл жарақат алып, ауылға қайту керек.

Аманбаев НКВД-нің органының құпия қызметкері ретінде Омаровты дайындау жөнінде қызмет атқарған. Ол Омаровқа өзінің НКВД органымен байланысты екенін айтып, екі жүзділікке салынған, НКВД органынан училищеде өмір сүріп тұрған кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық топты жасырған және өзі оған белсене қатысқан, Омаровтың контрреволюциялық көзқарасын толық қолдаған және жеке өзі СССР жөнінде жеңіліс лақабын таратып, неміс-фашист армиясының техникалық күш-қуатын мадақтаған. Өзінің орыс командирлері мен курсанттарын көре алмайтындығын білдіріп, кеңес үкіметінің баспасөзі мен радиосына күйе жағып, жала жапқан, сатқындық пікірін білдірген, егерде оны майданға жіберсе немесе егерде немістер Гурьев қаласына жақындап келе қалған жағдайда ол немістер жағына өтіп кететінін айтқан.

Жүсіпбаев —1942 жылдың күзінде қазақ-курсанттары арасында кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, майданда жарақат алған қазақ әскерлеріне ешқандай медициналық көмек көрсетілмейді, ұрыс даласынан оларды алмайды — деп теріс жалған лақап таратқан, кеңес үкіметінің баспасөзі мен радиосына жала жауып, Қызыл Армияның неміс-фашист басқыншыларын жеңетініне күмән келтірген, сатқындық пікір білдіріп, майданға кірісімен бірден немістер жағына өтетінін айтқан.

Момбаев —1942 жылдың тамыз айында кеңес өкіметіне қарсы топтың контрреволюциялық әңгімелеріне қатысқан. 1942 жылдың желтоқсан айының аяғында осы топқа кірген және Омаровпен әңгімесінде Қызыл Армия қатарында жүргеніне өзінің көңілінің көншімейтінін білдіріп былай деген: Қызыл Армия қатарынан Сырдария өзенінен тысқары кеңдалаға соғыс біткенше тығылып жату үшін қашқым келіп еді. Омаровтың сатқындық пікірін қолдағам, майданға кірісімен немістер жағына өтемін, немесе өзіме-өзім жарақат жасаймын — деген.

Осы қылмыстары үшін олар (3 адам) Оңтүстік Орал Әскери Округінің «Смерш» контрразведкасы отделінің 1943 жылдың 18—24 наурызындағы қаулысымен тұтқынға алынып, Аманбаев пен Жүсіпбаевқа РСФСР ҚК-ның 19-58-1 «б», 58-10-2 бөлімшесі, 58-11 бабының тармақтарымен Момбаев Байырбекке 58-10-2 бөлімшесі, 58-11 бабының тармақтарымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі аяқталып, айыптау қорытындысы 1943 жылдың 22 мамырында Чкалов қаласында шығарылған.

Чкалов қаласы, НКВД әскерлерінің Әскери Трибуналының 1943 жылғы 23 қарашадағы үкімімен:
—Аманбаев Нұрмахан —10 жылға бас бостандығынан айырып, еңбек түзету лагеріне, 5 жылғы сайлау-сайлану құқын жоюға, өзіне тиісті мүлкін конфискелеуге сотталған;
— Жүсіпбаев Шермағамбет —8 жылға бас бостандық еркінен айырып, еңбек түзету лагеріне, 3 жылға сайлау-сайлану құқын жоюға сотталған;
— Момбаев Байырбектің қылмыс құрамы анықталмағандықтан ақталып, қамаудан босатылған.

ПУРВО-ның әскери Прокурорының 1991 жылғы 10 желтоқсандағы қорытындысымен — Аманбаев Нұрмахан мен Жүсіпбаев Шермағамбет 1991 жылғы 18 қазандағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы РСФСР Заңының 5 бабына сәйкес — толық ақталған.

## X

**ИБАШОВ** Әбдірейім — Қазалы ауданының Сағындық деген жерінде 1923 жылы туған, білімі 6 класс, партияда жоқ, колхозшы, үйленбеген, бұрын сотты болмаған, әскерге Арал АӘК арқылы 1941 жылы адынған, 211 АД, 894 АП, 2 АБ, 2 АР, екінші взвод құрамында сержант шенінде бөлімше командирі болған, қарындасы — Ибашова Мәрияш;

**ЮНУСОВ** Ибрагим — Самархан қаласында 1906 жылы туған, ұлты өзбек, сауатсыз, партияда жоқ, әскерге Самархан қаласы, Севек АӘК арқылы 1941 жылы алынған, 211 АД, 894 АП, 2 АР, екінші взвод құрамында қатардағы жауынгер болған.

Ибашов Әбдірейім —1941 жылы әскер қатарына алынып, 269 АД, 1018 АП, 2 АБ, 4 АР, 1 взвод құрамында қатардағы жауынгер ретінде Брянск майданының Орлов бағытында соғысқа қатысқан. 1942 жылдың ақпан айында 30 шақты неміс барлаушылар тобы арқылы тұтқынға түсіп, неміс штабына әкелінген. Штабта неміс офицері Ибашовты аударушы арқылы тергеуге алған. Ибашов неміс офицеріне 269 АД, 1018 АП-тың тұрған жерін, сан құрамын, қару-жарағын түгелдей айтып берген. Осыдан кейін Ибашов немістердің осы әскери бөлімшесіне қалдырылған, 15 тәуліктей осы жерде кухняда тамақ тасушы болып жұмыс істеген. Кухнядан тамақтанған, күзетсіз қалай болса солай бос жүре берген.

Сөйтіп Ибашов неміс офицері арқылы бөлімшенің тұтқынға түскен бірнеше әскерлерін майдан шебінен Қызыл Армия жағына өткізіп жіберген. Ибашовқа мынандай тапсырмалар берілген: өз бөлімшесінде қызыл әскерлер арасында, орыстардан басқа ұлттардың арасында іріткі салу жұмыстарын жүргізіп, олардан сатқындық топ құрып, немістер жағына өткізу. Ибашов осы тапсырманы орындай отырып және 211 АД, 894 АП-та бөлімше командирі болып тұрып, жауынгерлер арасында фашистік үгіт жүргізген, немістерге тұтқынға түскен қызыл әскерлердің тұрмысын мақтаған. Осы үгіттің арқасында қызыл әскер Юнусов Ибрагим Отанды сатып, немістер жағына өту пиғылында болған және осы бөлімшедегі жауынгер Рамазановты да Отанды сатуға көндірген.

Осы қылмыстары үшін Ибашов Әбдірейім мен Юнусов Ибрагим 211 Атқыштар дивизиясының

НКО «Смерш» контрразведкасы бөлімінің 1943 жылғы 17 мамырдағы қаулысымен тұтқынға алынып, Ә. Ибашовқа — РСФСР ҚК 58 бабының 1«б» тармағымен, И. Юнусовқа —19-58 бабының 1 «б» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Тергеу ісі 1943 жылдың 5 маусымында аяқталып, айыптау қорытындысы 6 маусымда шығарылған, оны 211 АД НКО «Смерш» контрразведка бөлімінің бастығы, 211 АД Әскери трибуналынын дайындау мәжілісінің 1943 жылғы 8 маусымдағы үйғаруымен бекіткен.

211 АД Әскери трибуналының 1943 жылғы 8 маусымдағы үкімімен: Ибашов Әбдірейім мен Юнусов Ибрагим — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айырып, еңбекпен түзеу лагеріне, жазаларын өтегеннен кейін 5 жылға саяси құқығын жоюға, жеке мүліктерін конфискалауға сотталған.

Ә. Ибашов Норильск қаласының УМВД ҚК —4 Арнаулы бөлімінің 1956 жылғы 1 тамыздағы қатынасы бойынша Норильск қаласының 17 кварталы, 27 үй, 13 пәтерде тұрған, Угольный ручей руднигінде бұрғылау станогінің машинисі болып жұмыс істеген. Ә. Ибашов Норильск қаласындағы үйін асырап алған бабалсына тастап, әйелі Ибашова — Егорова Мария Егоровна —1923 жылы Новгород облысында туған, екеуі Қарағанды қаласына көшіп келген, Қарағанды қаласы, Волочаев көшесі, 47 үй, 64 пәтерде тұрған.

Мәскеу Әскери округі Әскери трибуналының 1982 жылғы 8 шілдедегі үйғаруымен 211 АД Әскери трибуналының 1943 жылғы 8 маусымдағы Ибашов Әбдірейім және Юнусов Ибрагим жөніндегі үкімі бұзылып, олар туралы іс РСФСР УПК 5 бабының 2 тармағына сәйкес олардың әрекеттерінде қылмыс құрамы болмағандықтан қысқартылған. Әскери прокурордың наразылығы қанағаттандырылған.

Ә. Ибашов және И. Юнусов — толық ақталған.

*ХАРАКТЕРИСТИКА*
*на Ибашова Абдрейма, 1923 года рождения, беспартийного, казаха, образование 6 классов, бурильщика СУ «Фундаментстрой» треста «Строймеханизация».*

Тов. Ибашов А. работал на Норильском комбинате с 1953 года. После сокращения штатов в горнорудном управлении в 1976 году принят на работу в СУ Фундаментстрой бурильщиком. С 1 июня уволен с работы в связи выходом на пенсию.

За время работы на комбинате и управлении СУ «Фундаментстрой» зарекомендовал себя исключительно добросовестным работником. До поступления на работу в СУ «Фундаментстрой». тов. Ибашов А. имел 12 поощрений, которые отражены в личном деле. Был занесен на доску Почета рудника «Угольный ручей».

Работая в СУ также неоднократно отмечался поощрениями. Так: 24 апреля 1978 года в ознаменование 1 Мая объявлена благодарность, 9 августа 1979 года за высокие производственные показатели, активное участье в общественной жизни коллектива, в честь дня Строителя награжден Почетной грамотой, а также дважды премировался денежными премьями.

Взысканий за время работы не имел. Проявил высокую общественную активность. Регулярно выступал на общих собраниях участка и управления. Выступления отличались по-деловому, критическими замечаниями.

По характеру уравновешан, имеет свое мнение. У товарищей по работе, руководства участка и управления пользовался заслуженным авторитетом. Высказываний противоположных политике партии и правительства за тов. Ибашовым А. не наблюдалось.

(Характеристика выдана для предъявления по месту требования)

Начальник управления *Л. Л. ВИННИКОВ.*
Секретарь партбюро *Ф. А. ДМИТРУК.*
Председатель постройкома *А. А. ЗЛАТНИЦКАЯ.*
1 декабря 1981 года.

## XI

**САРМАНОВ** Зейнолла — Қазалы қаласында 1917 жылы туған, негізі кедей шаруа, білімі бастауыш, 1939 жылдан БЛКЖО мүшесі, осы іске байланысты комсомол қатарынан шығарылған, бұрын сотты болмаған, үйленбеген, 1940 жылға дейін Беларус әскери округінің Витебск қаласындағы әскери бөлімшесінде қатардағы жауынгер болған, әскер қатарынан 1940 жылдың қазан айында босанып, Арал ауданының Ұялы балық зауытындағы Сазан катеріне моторист болып жұмысқа кірген, үйленген, Арал АӘК арқылы 1942 жылдың қаңтар айында шекара әскерлерінің қатарына алынған, 184 жеке резервтегі атқыштар батальонының құрамында 3 ай әскери жаттығуда болған, содан кейін оны «Верхне-Михайловка» шекара заставасының 57 шекара отрядына ауыстырған. 1942 жылдың қазан айынан ол Примор округі НКВД-сының шекара әскерлерінің «Қарағай» шекара заставасының 57 шекара отрядында катердің мотористі болып әскери қызмет атқарған;

**ЖҰМАБЕКОВ** Мүсілім — Тереңөзек ауданының № 5 ауылында 1922 жылы туған, негізі орта шаруа, білімі 7 класс, БЛКЖО мүшесі. Осы іске байланысты комсомол қатарынан шығарылған, бұрын сотты болмаған, үйленбеген, Тереңөзек АӘК арқылы 1942 жылдың наурыз айында әскер қатарына алынған, бұл да Сарманов Зейнолланың болған әскери бөлімшесінде бірге әскери міндеттерін атқарған.

Сарманов Зейнолла —1942 жылдың маусым айында 57 шекара отрядының «В-. Михайловка» шекара заставасында қызмет иттерін дайындау жиынында жүріп, осы жиында жүрген жауынгерлер Сейтенов және Есеновтермен танысып, Сарманов оларға: «егерде осы жиын біткеннен кейін қиыншылық кездесетін болса, онда Отанды сатып, шет елге өту керек» деп келіскен. Жиын біткеннен кейін Сарманов «В-. Михайловка» ше-

кара заставасында қалады, Сейтенов «Марково» шекара заставасына жіберіледі, ал Есенов «Верхне-Никольская» заставасына жіберіледі. Сарманов, Сейтенов және Есенов өздерінің сатқындық пиғылдарын тоқтатпай, хат арқылы Отанды сатып кетуге келіскен. Мәселен, 1942 жылдың қазан айында Есенов Сармановқа 57 шекара отрядының жауынгері Жұмабеков Мүсілім арқылы хат жіберген. Ол хатта Есенов өзінің шет елге қашуға дайын екенін білдірген және бұл мәселе жөніндегі Сармановтың пікірін сұраған. Сонымен бірге хатты беріп жатқанда Жұмабеков Есеновтің жауыздық пиғылын айтқан.

1942 жылғы желтоқсан айында Сейтенов және Есенов майданға жіберілген кезде Сарманов енді өзіне серік іздеп, жауынгерлер Еркебаев пен Кенжебаевты Отанды сатуға көндірген. Мәселен, 1943 жылдың наурыз айының бірінші жартысында Еркебаевпен әңгімесінде Сарманов өзінің Кеңес өкіметіне қарсы жеңілістік сипаттағы көзқарасын айтып, оған шетелге қашып кетуді ұсынған. Сол жылғы наурыз айында Сарманов жауынгер Кенжебаевпен әңгімесінде: «Қазір елде өмір сүруге болмайды, Батыста соғыс жүріп жатыр, бұл жерде де шет елдің соғысына кіріп кетуі мүмкін, онда тіптен жағдай нашар болады және өле беруге тура келеді» деген. Осы жерде Сарманов Кенжебаевқа шет елге қашуды ұсынған және қазір шет елге өтіп кетуге ең қолайлы жағдай туып отыр деген. Шет елдердегі тұрмыс жағдайын мақтаған.

Жұмабаев Мүсілім — Сарманов пен Есеновтің сатқындық пиғылдарын біле тұра, ол жайлы ешкімге хабарламай, оны әдейі жасырған. Сонымен бірге сатқындық сипаттағы хатты апарып беру арқылы қылмыс дайындығын жасауға ықпалын тигізген. 1942 жылдың қазан айында Жұмабеков «Верхне-Михайловкада» өтіп жатқан үш күндік жиынға келгенде Сармановқа жазған Есеновтің хатын әкеліп берген, ол хатта Есеновтің шет елге қашуға бел байлағаны айтылған. Одан басқа Жұмабеков Сармановқа Есеновтің Уссури шекара өзенінің қай жерінен шет елге өтетінін көрсеткен, киім-кешектерін байлайтын сымын қалтасында, ақшасын, комсомол билетін және басқа документтерін маған берді деген. Есеновтің сатқындық пиғылын айта тұрып, Жұмабеков Сармановтың бұл туралы ешкімге айтпауын өтінген. Сарманов Жұмабековтің қылмыс жасауға дайындықтарын білгенін сезіп, оған шет елге бірге қашуды ұсынған. Сонымен бірге Сарманов Жұмабековке шекара күзетінің нарядында тұрғанда екі рет мылтығын оқтап, аға шекара отрядын өлтірмекші болып әрекет жасағанын, сөйтіп шет елге ешқандай тосқауылсыз өтіп кетпекші болғанын айтқан.

Осы қылмыстары үшін Сарманов Зейнолла мен Жұмабеков Мүсілім Примор округі НКВД Шекара әскерлерінің Ерекше бөлімінің 1943 жылғы 23 сәуірдегі және 2 маусымдағы қаулыларымен тұтқынға алынып, Сарманов Зейнолла РСФСР ҚК 19-58 бабының 1 «б» тармағымен, Жұмабеков Мүсілім —58 бабының 1 «г» тармағымен қылмыстық жауапқа тартылған. Тергеу ісі 1943 жылдың 19 маусымында аяқталып, айыптау қорытындысы сол күні шығарылған, Хабаровск округі НКВД әскерлерінің әскери прокуроры 30 маусымда, осы округтің Әскери трибуналының дайындық мәжілісінің 3 шілдедегі үйғаруымен бекітілген.

Хабаровск округі НКВД әскерлерінің әскери трибуналының 1943 жылғы 22-23 шілдедегі үкімімен Сарманов Зейнолла мен Жұмабеков Мүсілім — әрқайсысы 10 жылға бас бостандық еркінен айырылып, еңбекпен түзету лагеріне сотталған. З. Сармановтың сайлау-сайлану құқы 5 жылға, М. Жұмабековтікі —3 жылға жойылған.

Қызылтулы Қиыр Шығыс әскери округінің әскери прокурорының аға көмекшісінің 1972 жылғы 24 тамыздағы қаулысымен, жаңа ашылған жағдайларға байланысты Сарманов Зейнолла мен Жұмабеков Мүсілімнің архивтік-тергеу ісі өндірістен қозғалған, тергеуді Қызылтулы Қиыр Шығыс Әскери округінің КГБ Ерекше бөлімінің тергеу бөлімшесіне тапсырған. Осы тергеу бөлімшесінің 1972 жылғы 1 қыркүйектегі қаулысымен бұл істі өзінің карауына алып, қосымша тексеруге кіріскен.

Жұмабеков Мүсілім —1945 жылғы 8 ақпанда Хабаровскіде қайтыс болған.

Қызылтулы Қиыр Шығыс Әскери округі Әскери трибуналының 1972 жылғы 24 қарашадағы үйғаруымен Хабаровск округі НКВД әскерлерінің әскери трибуналының 1943 жылғы 23 шілдедегі Сарманов Зейнолла мен Жұмабеков Мүсілім жөніндегі үкімі бұзылып, олардың әрекеттерінде қылмыс белгісі болмағандықтан, РСФСР УПК 5 бабының 2 тармағы негізінде іс мүлдем қысқартылған.

Қызыл тулы Қиыр Шығыс Әскери округі әскери прокурорының наразылығы қанағаттандырылған. Сарманов Зейнолла мен Жұмабеков Мүсілім — соттың шешімімен толық ақталған.

* * *

## *ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА*

на тов. *Сарманова Зейнуллу* — бывшего работника Уялинского участка Аральского рыбокомбината

*Сарманов Зейнолла* —1917 года рождения, уроженец Казалинского района, казах, беспартийный, образование начальное.

Тов. Сарманов З. с сентября 1953 года по январь 1970 года работал мотористом судов Уялинского участка рыбкомбината.

За время своей работы показал себя с положительной стороны. К возложенным обязанностям относился добросовестно и честно. Как механик судна, знал свое дело и всегда держал механизм судна в хорошем состоянии.

Авторитетом коллектива подьзовался.

Уволен с работы по состоянию здоровья — инвалид II-ой группы.

Директор Аральского рыбкомбината
*М. ТУРМАГАМБЕТОВ.*
3 октября 1972 года.

**ШАЛАБАЕВА** Қаншайым — Қазалы ауданының № 14 ауылы,
«Октябрь» колхозында 1911 жылы туған, кейін осы ауданның № 18 ауылдық кеңесі, Калинин атындығы колхозда тұрған, негізі — кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, қамауға алынғанға дейін Калинин атындағы колхозда тұрған, бұрын сотты болмаған.
Күйеуі — **ШАЛАБАЕВ** Нағымет —1912 жылы Қазалы ауданы, № 18 ауылдық кеңесі, Калинин атындығы колхозда туған, білімі 2 класс, партияда жоқ. Қазалы АӘК арқылы әскерге 1942 жылы 15 маусымда алынған, Отан соғысында жүріп сатқындық жолмен неміс фашистерінің жағына өтпекші болып әрекет жасағаны үшін 283 АД Әскери трибуналының 1942 жылғы 12—13 қыркүйектегі үкімімен РСФСР ҚК 19—58 бабының 1 «б» тармағымен ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 1942 жылғы 22 қыркүйекте орындалған.
Шалабаев Нағымет жайлы «Боздақтар» редакциясына ешқандай мәлімет түскен жоқ.
Шалабаева Қаншайым — Отанын сатқан екі жүзді қарабеттің әйелі болғандықтан, Қазалы аудандық НКВД бөлімінің 1943 жылғы 1 қазандағы қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған.
Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының 2 бөлімінің 9-шы тобының 1944 жылғы 16 мамырдағы қорытындысымен,
Шалабаева Қаншайым Отанын сатып кеткен Шалабаев Нағыметтің әйелі ретінде жер аударуды дұрыс деп тапқан.
Қазақ ССР НКГБ «А» бөлімінің 3-ші бөлімшесінің 1945 жылғы 7 маусымдағы қорытындысы бойынша, Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының 1944 жылғы 16 мамырдағы Шалабаева Қаншайымнның ісін СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжіліске жіберу туралы қорытындысымен келіскен.
СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1945 жылғы 24 қарашадағы қаулысымен Шалабаева Қаншайым Отан сатқынының семья мүшесі ретінде Қызылорда облысының бір ауданына —5 жылға жер аударуға сотталған, өзіне тиісті мүлкі конфискаланған.
Шалабаева Қаншайым Жаңақорған ауданына 1946 жылғы 11 ақпанда айдалған.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 19 қыркүйектегі қорытындысымен Шалабаева Қаншайым СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы бойынша толық ақталған.
**ЕСМАҒАМБЕТОВА** Самби — Арал ауданының № 9, Жақсы Қылыш ауылдық кеңесі, Каганович атындағы колхозда 1920 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатты, партияда жоқ, Каганович атындағы колхозда колхозшы, бұрын сотты болмаған.
Күйеуі — ЕСМАҒАМБЕТОВ Сағынай — 1919 жылы Арал ауданында туған, білімі бастауыш, БЛКЖО мүшесі, Арал АӘК арқылы әскер қатарына 1939 жылдың қыркүйек айында алынған. Есмағамбетов Сағынай —10 Ар, 143 АД, 635 АП құрамында 1941 жылы соғыс басталған кезде немістердің тұтқынына түскен. Тұтқында жүріп неміс армиясына жауынгер болып кіріп, «Түркістан легионына» тіркелген, неміс әскерлерімен бірге Қызыл Армияға қарсы соғысқан. 1943 жылдың 1 ақпанында Қызыл Армияның шабуылы кезінде Есмағамбетов Сағынай басқа да сатқындармен бірге Тихорецк ауданының Калинин атындағы хуторы ауданында қару-жарағымен Қызыл Армияның қолына түскен. Отанын сатып кеткені үшін 58 Армияның Әскери трибуналы арқылы 1943 жылдың 10—11 ақпанында РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен Есмағамбетов Сағынайды ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына соттаған. Үкім 1943 жылғы 17 ақпанда орындалған.
Есмағамбетов Сағынай жайлы «Боздақтар» редакциясына ешқандай мәлімет түскен жоқ.
Есмағамбетова Самби — Отанын сатып кеткен қылмыскердің әйелі болғандықтан, СССР НКВД мен СССР прокурорының 1942 жылғы 30 маусымдағы № 215/51 «с» және 1942 жылғы 27 маусымдағы № 252 санды директиваларына сәйкес, Арал аудандық НКГБ бөлімі 1943 жылдың 20 шілдесінде жауап алып, одан тұратын жерінен ешқайда кетіп қалмауы үшін тілхат алған.
Қызылорда облыстық НКГб Басқармасының 2-нші бөлімінің 3-нші тобының 1943 жылғы 28 шілдесіндегі қорытындысы бойынша, Есмағамбетова Самби — Отанын сатқан қылмыскердің әйелі ретінде СССР-дің алыс жеріне жер аударуды ұсынған.
Қазақ ССР НКГБ «А» бөлімінің 3-нші бөлімшесінің 1943 жылғы 8 қыркүйектегі қорытындысы бойынша, Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының 2-нші бөлімінің 3-нші тобының қорытындысымен келіскен, істі СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің қарауына жіберген.
СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1943 жылғы 2 қазандағы қаулысымен Есмағамбетова Самби — Отанын сатып кеткен қылмыскердің семья мүшесі ретінде, 5 жылға Қазақ ССР Павлодар облысына жер аударуға, өзіне тиісті мүлкін конфискалауға сотталған.
Осы қаулы бойынша Есмағамбетова Самбиді жер аударуға айдау кезінде тұратын жерінде болмай шыққан. Сол себепті оған Бүкілодақтық іздеу жарияланған.
Іздеу салудың нәтижесінде Есмағамбетова Самби 1950 жылдың ақпан айында Арал ауданының Мергенсай ауылдық кеңесі, «Тастүбек» колхозында тұратыны анықталған. Бірақ тұтқындап жер аударуға белгіленген жерге айдап жіберуге болмаған, өйткені оның алты айлық емізулі баласы болған. Одан тұрған жерінен ешқайда кетіп қалмауы жөнінде тілхат алынған.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 19 қыркүйектегі қорытындысымен

Есмағамбетова Самби — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 19 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**МЫЛТЫҚБАЕВА** Түймекүл — Оңтүстік Қазақстан облысы, Фрунзе ауданы территориясында 1897 жылы туған, кедей шаруадан шыққан, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, Жаңақорған ауданының Төменарық ауылдық кеңесі, «Қанды арал» колхозында тұрған, күйеуі — Мылтықбаев Қалкөз, қызы — Балтан.

Күйеуі — МЫЛТЫҚБАЕВ Қалкөз — Жаңақорған ауданының № 6 ауылы, «Қанды арал» колхозында 1906 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, Жаңақорған АӘК арқылы әскерге 1942 жылғы маусымда алынған, 114 АП құрамында қатардағы жауынгер болып жүріп қыркүйек айында 114 полк жауынгерлері арасында сатқындық үгіт жүргізген, Отанды сатып, неміс әскерлері жағына өтіп кету мақсатында болған. Отанды сатып кетуге екі-үш қазақ жауынгерлерін көндірген. 1942 жылдың 10 қыркүйек күні өздерінің ойларын жүзеге асыруға бет алған кезде олар тұтқынға алынған. Мылтықбаев Қалкөз 340 АД Әскери трибуналының 1942 жылғы 12 қазандағы үкімімен РСФСР ҚК 19—58 бабының 1 «б» тармағымен ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Үкім 1942 жылғы 21 қараша күні орындалған.

Мылтықбаев Қалкөз жайлы «Боздақтар» редакциясына (4 том, 431 бет) 1942 жылғы желтоқсанда Сталинград майданында хабарсыз кетті деген дерек берілді.

Мылтықбаева Түймекүл — Отанын сатып кеткен қылмыскердің әйелі болғандықтан, СССР НКВД мен СССР прокурорының 1942 жылғы 30 мамырдағы № 215/51 с және 1942 жылғы 27 маусымдағы № 252 санды Директиваларына сәйкес, Жаңақорған аудандық НКВД бөлімі 1942 жылғы 1 наурызда жауап алып, одан тұратын жерінен ешқайда кетіп қалмауы үшін тілхат алынған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы КРО-ның 1943 жылғы 11 маусымдағы қорытындысы бойынша, Мылтықбаева Түймекүл — Отанын сатып кеткен қылмыскердің әйелі ретінде СССР-дің алыс жеріне жер аударуды ұсынған.

Қазақ ССР НКГБ тергеу бөлімі 3-нші бөлімшесінің 1943 жылғы 15 шілдедегі қорытындысы бойынша, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы КРО-ның 1943 жылғы 11 маусымдағы қорытындысымен келіскен. Істің СССР НКВД жанындағы Ерекше Мәжілістің карауына жіберген.

СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1943 жылғы 21 тамыздағы қаулысымен Мылтықбаева Түймекүл — Отанын сатып кеткен қылмыскердің семья мүшесі ретінде 5 жылға Қазақ ССР-нің Павлодар облысына жер аударуға, өзіне тиісті мүлкін конфискалауға сотталған.

Мылтықбаева Түймекүл 1943 жылдың 30 қазанынан 1944 жылдың 25 наурызына дейін өкпе туберкулезі жоне бруцеллез ауруымен ауырып, аудандық ауруханада емделген. Осыған байланысты Мылтықбаеваны тиісті жеріне айдауға мүмкіндік болмаған. Оның екі жасар жас баласы болған.

СССР НКВД 1 Арнаулы бөлімінің бастығы орынбасарының 1944 жылғы 7 мамырдағы № 8/4-19799 санды қатынасы бойынша, Мылтықбаева Түймекүлдің жазасын өтеуді Қызылорда облысының бір ауданында өткізуге келіскен.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 19 қыркүйектегі қорытындысымен Мылтықбаева Түймекүл — СССР Жоғарғв кеңесі Президиумының 1989 жылғы 18 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**ТАСТЫБАЕВА** Рәбиға — Арал ауданынң «Көзжетпес» ауылдық кеңесі, «Аран қорған» жерінде, «Красный рыбак» балық колхозында 1910 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, күйеуі — Тастыбаев Әбдірайым, қыздары— Айман, Гүлжахан.

Күйеуі — **ТАСТЫБАЕВ** Әбдірайым — Арал ауданың «Жалпақ» деген жерінде 1912 жылы туған, шала сауатты, партияда жоқ, балық артелінің мүшесі. Әйелі Рәбиға. Арал АӘК арқылы әскерге 1942 жылдың 17 мамырында алынған. Ол майданның алғы шебінде жүріп, Қызыл Армия жауынгері болғысы келмей, өзінің алдына Отанды сату мақсатын қойып, неміс фашистерінің жағына өтпекші болған. Осы мақсатын орындау жолында жасырын жиындар өткізіп, контрреволюциялық жеңілістік үгіт жүргізген. 1942 жылдың 8 тамыз күні Тастыбаев немістер жағына беттеп, майдан шебінен өтіп кетпекші болған жерінен ұсталған. 1942 жылдың 20 тамызында 137 АД Әскери трибуналының үкімімен Тастыбаев Әбдірайым РСФСР ҚК 19-58 бабының 1 «б» тармағымен ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Бұл үкімді 3 Ар Әскери Советі 1942 жылғы 24 тамыз күні бекіткен. Үкім сол күні орындалған.

Тастыбаев Әбдірайым жайлы «Боздақтар» редакциясына ешқандай дерек келіп түскен жоқ.

Тастыбаева Рәбиға — Отанын сатып кеткен қылмыскердің әйелі болғандықтан, СССР НКВД және СССР прокурорының 1942 жылғы 30 мамырдағы № 215/51 с және 1942 жылғы 27 маусымдағы № 252 санды Директиваларына сәйкес, Арал аудандық НКВД бөлімі 1943 жылғы 5 ақпанда жауап алып, одан тұратын жерінен ешқайда кетіп қалмауы туралы тілхат алынған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы КРО-ның 1943 жылғы 5 наурыз күнгі қорытындысы бойынша, Тастыбаева Рәбиға — Отанын сатып кеткен қылмыскердің әйелі ретінде СССР-дің алыс жеріне жер аударуды ұсынған.

СССР НКВД 1 Арнаулы бөлімінің 13-нші бөлімшесінің 1943 жылғы 13 мамырдағы қорытындысы бойынша, Қызылорда облыстық НКВД Басқармасының 1943 жылғы 5 наурыздағы қорытындысымен келіскен.

СССР НКВД жанындағы Ерекше Мәжілістің 1943 жылғы 15 мамырдағы қаулысымен Тастыбаева Рәбиға — Отанын сатып кеткен қылмыскердің семья мүшесі ретінде 5 жылға Қазақ ССР-ның

Павлодар облысына жер аударуға, өзіне тиісті мүлкін конфискалауға сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 19 қыркүйектегі қорытындысымен Тастыбаева Рәбиға — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**НАУАНОВА** Нәзира — Арал ауланының Сазды ауылдық кеңесі, «Аралсоль» промысел селосында 1915 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, үй шаруасында, күйеуі — Науанов Сқақ, баласы Медет.

Күйеуі — НАУАНОВ Сқақ — Арал ауданының «Тоқбаум» ауылында 1901 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, әйелі Нәзира. Арал АӘК арқылы әскерге 1941 жылдың 12 қарашасында алынған. Науанов Отанды қорғағысы келмей, неміс фашистерінің жағына өту пиғылында болып, контрреволюциялық сатқындық топ құрған. 1942 жылдың қараша-желтоқсан айларында күш тәсілін қолданып және қорқыту арқылы өзінің бөлімшесіндегі үш жауынгерді өзінің тобына қосып алған. Науанов немістер жағына өтіп, неміс барлаушысынан тапсырма алып, Қызыл Армия бөлімшесіне өткен жерінен ұсталған. Науанов Сқақ 30 Ар Әскери трибуналының көшпелі сессиясының 1942 жылғы 8—9 ақпандағы үкімімен РСФСР ҚК 19-58 бабының 1 «б» тармағымен ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Бұл үкімді 30 Ар әскери трибуналы 1943 жылғы 13 ақпанда бекітіп, үкім орындалған.

Науанов Сқақ жайлы «Боздақтар« редакциясына ешқандай дерек келіп түскен жоқ.

Науанова Нәзира — Отанын сатып кеткен қылмыскердің әйелі болғандықтан, СССР НКВД және СССР прокурорының 1942 жылғы 30 мамырдағы № 215/51 с және 1942 жылғы 27 маусымдағы № 252 санды Директиваларына сәйкес, Арал аудандық НКВД бөлімі 1943 жылғы 8 тамызда жауап алып, одан тұратын жерінен ешқайда кетіп қалмауы туралы тілхат алынған.

Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасы 2-нші бөлімінің 9-ншы тобының 1943 жылғы 25 желтоқсандағы қорытындысы бойынша, Науанова Нәзира — Отанын сатып кеткен қылмыскердің әйелі ретінде СССР-дің алыс жеріне жер аударуды ұсынған.

Қазақ ССР НКГБ «А» бөлімінің 3-нші бөлімшесінің 1944 жылғы 22 наурыздағы қорытындысы бойынша, Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасы 2-нші бөлімінің 9-ншы тобының 1943 жылғы 25 желтоқсандағы қорытындысымен келіскен.

СССР НКВД жанындағы Ерекше Мәжілістің 1945 жылғы 28 шілдедегі қаулысымен Науанова Нәзира — Отанын сатып кеткен қылмыскердің семья мүшесі ретінде 5 жылға Қазақ ССР-ның Павлодар облысына жер аударуға, өзіне тиісті мүлкін конфискалауға сотталған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 19 қыркүйектегі қорытындысымен Науанова Нәзира СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**ДАБЫСОВА** Торсық — Тереңөзек ауданының № 12 ауылдық кеңесі, «Жаңа өріс» колхозында 1924 жылы туған, негізі кедей шаруа, білімі 3 класс, партияда жоқ, қамауға алынғанға дейін Аламесек МТС-нда тракторист болып жұмыс істеген.

Күйеуі — ДАБЫСОВ Тоқболат — Тереңөзек ауданы, № 12 ауылдық кеңесінде 1907 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотталмаған. 1942 жылғы ақпанда Торсыққа үйленген, онымен 5 ай тұрып, 1942 жылдың 27 маусымында Тереңөзек АӘК арқылы әскерге алынған. 270 АП құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысып жүріп, сатқындар тобының азғыруына еріп, Отанын сатып, немістер жағына өтуге өзінің келісімін берген және сол жылғы қыркүйек айында екі жауынгерді немістер жағына өткізбекші болған.

Сол қылмысы үшін Дабысов Тоқболат 55 Армияның Әскери трибуналының 1942 жылы 5 қарашадағы үкімімен РСФСР ҚК 19-58-1 «б» бабының тармағымен ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған, жеке мүліктері конфискаланған. Бұл үкім 1942 жылғы 9 қараша күні орындалған.

**ДАБЫСОВ** Тоқболатты Ленинград әскери округінің әскери трибуналы 1992 жылғы 3 ақпанда атуға бұйырған үкімнің күшін жойды, оның әрекетінде отанға сатқындық жасағандай әрекет жоқ деп тапты.

Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының «А» тобының 1945 жылғы 30 мамырдағы қорытындысымен Дабысова Торсық Отанын сатып кеткен сатқынның әйелі болғандықтан 1946 жылғы 19 қаңтарда тұтқынға алынып, СССР НКВД және прокуратурасының 1942 жылғы 30 мамырдағы № 215/51 с директивасының негізінде Кеңес Одағының шет аймағына жер аударуға ұйғарған. Бұл қорытындымен Қазақ ССР НКГБ «А» бөлімінің 3 бөлімшесі 1945 жылғы 7 маусымдағы қорытындысымен келіскен. Істі СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің қарауына жіберген.

СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1945 жылғы 27 қазандағы қаулысымен Дабысова Торсық — Отанын сатып кеткен сатқынның семья мүшесі ретінде Қызылорда облысының бір ауданына 5 жылға жер аударуға сотталған, жеке мүлкі конфискаланған. 1946 жылғы 19 қаңтарда түрмеге қамалған Дабысова Торсықты 30 қаңтарда Жаңақорған ауданына жер аударған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 2 қарашадағы қорытындысымен Дабысова Торсық СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы бойынша толық ақталған.

**СМАҒҰЛОВА** Тате — Арал ауданының № 13, Қаратерең ауылдық кеңесі, «Беларық» колхозында 1911 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотты болмаған, күйеуі Смағұлов Шәміш, баласы — Өмірзақ, қызы — Әнопия.

Күйеуі — Смағұлов Шәміш — Арал ауданының № 13, Қаратерең ауылдық кеңесі, «Беларық» колхозында 1904 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, Арал АӘК арқылы 1942 жылы шілдеде әскерге алынып, майданға жөнелтілген. Бірақ ол Отанды қорғағысы келмей, бір-екі жауынгер өзара келісіп, 1943 жылдың тамыз айының 13-нен 14-не қараған түнде қорғап тұрған жерін тастап, қарсыластар жағына өтіп бара жатқанда Кеңес әскерлерінің қолына түсіп, штабқа әкелінген. Өзінің әрекетімен Смағұлов Шәміш РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағына жататын қылмыс жасап, тұтқынға алынған.

246 АД Әскери трибуналының 1943 жылғы 24 тамыздағы үкімімен Смағұлов Шәміш — ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Бұл үкім сол жылғы 31 тамызда орындалған.

Смағұлов Шәміш жайлы «Боздақтар» редакциясына ешқандай дерек келіп түскен жоқ.

Арал аудандық НКГБ бөлімінің 1946 жылғы 19 сәуірдегі қаулысымен Смағұлова Тате тұтқынға алынған.

Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының «А» тобының 1945 жылғы 7 наурыздағы қорытындысымен Смағұлова Татені Отанын сатып кеткен сатқынның әйелі болғандықтан, СССР НКВД мен Прокуратурасының 1942 жылғы 30 мамырдағы № 215/51 с директивасының негізінде Кеңес Одағының шет аймағына жер аударуға ұйғарған. Бұл қорытындымен Қазақ ССР НКГБ «А» бөлімінің 3 бөлімшесі 1945 жылғы 19 маусымдағы қорытындымен келіскен. Істі СССР НКВД Ерекше мәжілісінің қарауына жіберген.

СССР НКВД Ерекше мәжілісінің 1946 жылғы 5 қаңтардағы қаулысымен Смағұлова Тате — Отанын сатып кеткен сатқынның семья мүшесі болғандықтан Қызылорда облысының бір ауданына 5 жылға жер аударуға сотталған, жеке мүлкі конфискаланған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 2 қарашадағы қорытындысымен Смағұлова Тате — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**ШАЛАБАЕВА** Қатира — Қазалы ауданының № 12 ауылында 1908 жылы туған, кейін осы ауданның Ұялы балық зауытының «Жалпақ» қабылдау пунктінде жұмысшы болып істеген, осы ауданның «Көзжетпес» ауылдық кеңесінің «Құрайлы» деген жерінде тұрған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ.

Күйеуі — ШАЛАБАЕВ Сүлеймен — Арал ауданының № 13 ауылында туған, «Ұзынқайыр» аралында тұрған, шала сауатты, партияда жоқ, жұмысшы, әйелі Қатира, Арал АӘК арқылы 1942 жылғы 19 мамырда әскерге алынған.

Шалабаев Сүлеймен майданның алғы шебінде тұрып, Қызыл Армияға қызмет еткісі келмей, Отанын сатуды мақсат еткен, қарсыластар жағына өтіп кетпекші болған.

Өзінің осы мақсатын орындау үшін 1942 жылдың шілде айында бірнеше рет жиын өткізіп, жеңілістік мақсаттағы контрреволюциялық пікірлер айтқан. 1942 жылдың 8 тамызы күні Шалабаев қарсыластар жағына қарай беттеп, майдан шебінен өтіп кетпекші болған, бірақ Кеңес әскерлері оны ұстап алған. Сөйтіп Шалабаев Сүлеймен РСФСР ҚК 19-58 1 «б» тармағына жататын қылмыстық іс жасаған. Брянск майданы, 3 Армия, 137 АД әскери трибуналының 1942 жылғы 20 тамыздағы үкімімен: Шалабаев Сүлеймен ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Бұл үкім сол жылғы 24 тамызда 3 Армияның Әскери кеңесі арқылы бекіген. 27 тамызда үкім орындалған.

Шалабаев Сүлеймен жайлы «Боздақтар» редакциясына ешқандай дерек келіп түскен жоқ.

Арал аудандық НКВД бөлімінің 1943 жылғы 7 ақпандағы қаулысымен Шалабаева Қатира тұтқынға алынған.

Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы КРО-ның 1943 жылғы 5 наурыздағы қорытындысымен Қатира Шалабаеваны — Отанын сатқан сатқынның әйелі болғандықтан, СССР НКВД және Прокуратурасының 1942 жылғы 30 мамырдығы № 215/51 с Директивасының негізінде Кеңес Одағының шет аймағына жер аударуды ұйғарған. Бұл қорытындымен Қазақ ССР НКВД КРО-сы 1943 жылғы 26 наурыздағы қатынасы бойынша келіскен.

Істі СССР НКВД жанындағы Ерекше Мәжілістің қарауына жіберген.

СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1943 жылғы 28 сәуірдегі қаулысымен Шалабаева Қатира Отанын сатып кеткен сатқынның семья мүшесі ретінде Павлодар облысына жер аударылған, өзіне тиісті мүлкі конфискаланған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 2 қарашадағы қорытындысымен Шалабаева Қатира — СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**САТЫБАЛДИЕВА** Алтыншаш — Жаңақорған ауданының «Құмарық» ауылдық кеңесінде, сондағы «Екпінді» колхозында 1910 жылы туған, негізі кедей шаруа, сауатсыз, партияда жоқ, «Екпінді» колхозында шопан болып жұмыс істеген, бұрын сотты болмаған, күйеуі Құдайбергенов Сұлтан, баласы — Өтеу.

Күйеуі — Құдайбергенов Сұлтан — Жаңақорған ауданының № 7 ауылында 1903 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, колхозшы, әйелі Алтыншаш, Жаңақорған АӘК арқылы 1941 жылғы желтоқсан айында әскерге алынған. Құдайбергенов Сұлтан — Қызыл Армия қатарында болғысы келмей және неміс басқыншыларына қарсы соғысқа қатысқысы келмей, 1942 жылдың 26 қыркүйегінде ұрыс кезінде ұрыс даласынан қашқан. Құдайбергенов жауынгер Ибрагимовке қарсыластар жағына өтіп, немістерге тұтқынға түсуге ұсыныс айтқан. Ибрагимов бұл ұсынысты қабыл алған. 28 қыркүйекте екі рет өзеннің арғы жағындағы қарсыластарға өтпекші болған, бірақ өзенге жетпей, мақсаттарын орындай алмаған. Содан кейін Құдайбергенов 1 қазан күні Ибрагимовтың келісімі бойынша өзінің мылтығымен Ибрагимовтың сол қолын атқан.

Осы қылмысы үшін 330 АД Әскери трибуналы Құдайбергенов Сұлтанды РСФСР ҚК 19-58-1 «б» бабының тармағымен ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына соттаған. Үкім орындалған.

Құдайбергенов Сұлтан жайлы «Боздақтар» редакциясына ешқандай дерек келіп түскен жоқ.

СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1945 жылғы 28 сәуірдегі қаулысымен Сатыбалдиева Алтыншаш — Отанын сатқан сатқынның семья мүшесі ретінде Қызылорда облысының бір ауданына 3 жылға жер аударуға сотталған, жеке мүлкі конфискаланған. Сатыбалдиева Алтыншаш 1945 жылдың 1 тамызы күні Қармақшы поселкасына жер аударылған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 2 қарашадағы қорытындысымен Сатыбалдиева Алтыншаш СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**КӨБЕГЕНОВА** Бибажар — Арал ауданының № 11, Қаратерең ауылдық кеңесі, «Беларық» колхозында 1923 жылы туған, білімі бастауыш, партияда жоқ, колхозшы, бұрын сотты болмаған.

Күйеуі — КӨБЕГЕНОВ Серғазы — № 11, Қаратерең ауылдық кеңесі, «Беларық» колхозында 1919 жылы туған, сауатты, 1938 жылдан БЛКЖО мүшесі, колхозшы, бұрын сотты болмаған, Арал АӘК арқылы 1942 жылғы 2 мамырда әскерге алынған.

Көбегенов Серғазы — 307 АД, 1019 АП, 3 АР құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқа қатысқан. Ол Қызыл Армия қатарында болғысы келмей, сол бөлімшенің жауынгерлері Жұқатаев пен Махамбетовтерге неміс фашист әскерлері жағына өтуге ұсыныс қойып, үшеуара өзара келіскен. Олардың бұл әрекеттері әшкереленіп, Көбегенов Серғазы Әскери Трибуналдың сотына берілген.

307 АД Әскери трибуналының 1942 жылғы 8 қыркүйектегі үкімімен Көбегенов Серғазы сатқын ретінде РСФСР ҚК 19-58-1 «б» бабының тармағымен ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Үкім сол жылы 10 қыркүйекте орындалған.

Көбегенов Серғазы жайлы «Боздақтар» редакциясына ешқандай дерек келіп түскен жоқ.

Көбегенова Бибажар Арал аудандық НКВД бөліміне тұрған жерінен ешқайда кетіп қалмауы туралы 1942 жылғы 28 қараша күні тілхат берген. Қызылорда облыстық НКВД Басқармасы КРО-ның 1943 жылғы 11 ақпандағы қорытындысымен Көбегенова Бибажарды Отанын сатып кеткен сатқынның әйелі болғандықтан СССР НКВД мен Прокурорының 1942 жылғы 30 мамырдағы № 215/51 с Директивасы негізінде Кеңес Одағының шет аймағына жер аударуға үйғарған.

Бұл қорытындымен СССР НКВД 1 Арнаулы бөлімінің 13 бөлімшесі 1943 жылғы 13 сәуірдегі қорытындысымен келіскен. Істі СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің қарауына жіберген. СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1943 жылғы 21 сәуірдегі қаулысымен Көбегенова Бибажар Отанын сатып кеткен сатқынның семья мүшесі ретінде Павлодар облысына 5 жылға жер аударуға сотталған, жеке мүліктері конфискаланған.

Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 20 қарашадағы қорытындысымен Көбегенова Бибажар СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

**ШОҢҒАРАЕВ** Мағзұм — Тереңөзек ауданының № 11, ауылдық кеңесі, «Шымбөгет» колхозында 1893 жылы туған, негізі кедей шаруа, шала сауатты, партияда жоқ, «Шымбөгет» колхозында егіс бригадирі болып жұмыс істеген, әскери есепте Тереңөзек АӘК-те тұрған, әйелі — Рысты, қызы — Зағира, бұрын сотты болмаған.

**ШОҢҒАРАЕВА** Рысты — Тереңөзек ауданының № 11 ауылдық кеңесі, «Шымбөгет» колхозында 1903 жылы туған, сауатсыз, партияда жоқ, күйеуі — Мағзұм, қызы — Зағира, бұрын сотты болмаған.

**БАТЖАНОВ** Шәди — 1922 жылы туған, білімі орта, үйленбеген, Қызылорда ҚӘК арқылы 1941 жылдың тамыз айында әскерге алынған. Жеке танкіге қарсы соғысатын дивизионның құрамында соғысқа қатысып, 1942 жылдың мамыр айында немістердің тұтқынына түскен. Тұтқында жүріп Батжанов өз еркімен неміс армиясының қатарына кіріп, 1942 жылдың қазан айынан 1943 жылдың қыркүйек айына дейін немістің жұмысшы батальонында писарь болған. 1944 жылдың мамыр айында Батжанов «Видлер» неміс разведкасы арқылы шпиондық әрекетпен Кеңес армиясының жағына жіберілген. Батжанов неміс разведкасының агенті болып 1944 жылдың 13 мамырында Кеңес армиясының офицері формасында немістер жасап берген жалған документпен Қызыл армия тылына Мозыря ауданына түсірілген. 1944 жылдың 15 мамырында немістер жағына майдан шебінен өтіп, неміс разведкасына Қызыл Армия дивизиясының орналасқан жері туралы жинаған ақпарын берген. Батжанов 1944 жылдың маусым айының 5-нен 6-сына қараған түні екінші рет Қызыл Армия офицерінің формасымен, Қайрулин Асқар атына жазылған жалған документпен немістер арқылы майдан шебінен өтіп Қызыл Армия тылына тасталған. Батжанов — Қайрулин шпиондық тапсырманы орындау үстінде 1944 жылдың 6 маусымында қорғаныстың алдыңғы шебінде Кеңес Армиясы арқылы ұсталып, қылмысқа тартылған.

Кеңес Армиясының 3 Армиясының Әскери трибуналының 1944 жылғы 26 маусымдағы үкімімен Батжанов Шәди Отанын сатқаны үшін РСФСР ҚК 58 бабының 1 «б» тармағымен ең жоғарғы қылмыстық жаза — ату жазасына сотталған. Жеке мүлкі конфискаланған. Үкім орындалған.

Батжанов Шәди жайлы «Боздақтар» редакциясына ешқандай дерек келіп түскен жоқ.

Шоңғараев Мағзұмның ағасы Шоңғараев Батжан 1933 жылы өлгеннен кейін қазақтың ұлттық салт дәстүрі бойынша оның әйелін — яғни жеңгесі, әйелдікке алған.

Батжанның баласы Шәди Мағзұмның туған ба-

ласы емес, тек тәрбиесінде болған. Ал Рысты Шәдидің анасы екені рас.
Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының «А» тобының 1945 жылғы 2 маусымдағы қорытындысымен Шоңғараев Мағзұм мен Шоңғараева Рысты Отанын сатып кеткен сатқынның әкесі мен шешесі болғандықтан СССР НКВД мен Прокурорының 1942 жылғы 30 мамырдағы № 215/51 с Директивасының негізінде Кеңес Одағының шет аймағына жер аударуға ұйғарған. Бұл қорытындымен Қазақ ССР НКГБ «А» бөлімінің 3 бөлімшесінің 1945 жылғы 13 маусымдағы қорытындысымен келіскен. Істі СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің қарауына жіберген.
СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің 1945 жылғы 24 қыркүйектегі қаулысымен Шоңғараев Мағзұм мен Шоңғараева Рысты Отанын сатып кеткен сатқынның семья мүшелері ретінде Қызылорда облысының бір ауданына 5 жылғы жер аударуға сотталған. Олардың мал-мүлкі конфискаланған.
Қазақ ССР НКГБ «А» бөлімінің 3 бөлімшесінің 1945 жылғы 13 маусымдағы қорытындысы бойынша Шоңғараев Мағзұм мен Рысты материалдық жағынан Батжанов Шәдиге мұқтаж болмаған, сонымен қатар Шоңғараев Мағзұм оның туған әкесі емес, сондықтан Қызылорда облыстық НКГБ Басқармасының 1945 жылғы 2 маусымдағы Мағзұм және Рысты Шоңғараевтардың ісін жер аударуға СССР НКВД жанындағы Ерекше мәжілістің қарауына жіберу туралы қорытындысымен келіспеген.
Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 30 тамыздағы қорытындысымен Шоңғараев Мағзұм мен Шоңғараева Рысты СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Указы негізінде толық ақталған.

## ҚИЯНАТТЫҢ «КӨКЕСІ»

Кеңестер Одағының дүниеге келген күнінен бастап адамды «сортқа бөлу» басталды. Әсіресе кедейлер мен жұмысшылардың үстемдігін орнату ерекше қолға алынды. Байлар мен кулактарды тап ретінде жою іс жүзіне асырылды. Міне, қызыл империя өмір сүрген алғашқы күннен бастап өктемдік осылайша өріс алды. Әртүрлі жалған кінәлар тағылып, көптеген зиялылар зардап шекті. Елбасының 1997 жылды татулық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп атауы халық көңілінен шықты. Олай дейтініміз қазақ топырағында талай ұлттар мен ұлыстардың өкілдері қоянқолтық еңбек етті.
Бұл күндері облысымызда өткен жылдардағы өктемдіктің қаһарына ұшырағандардың жеке-жеке істерін қарау, бабына бару, қуғын-сүргін құрбандарын анықтап, адам құқын қалпына келтіру жұмыстары кең өріс алуда. Азаппен өмір кешкендердің есімдері мадақталып, ескерткіштер мен монументтер орнатылуда.
Ежелгі дәуірден бермен қарай ірілі-уақты талай соғыстар өтті. Соғыс өлім-жітімсіз болмайтыны сияқты, тұтқынсыз да болмайды. Бірақ, тұтқын жау қолына қандай жағдайда, қалай түсті? Қандай кезде оларға кінәлар тағылады? Ал, Ұлы отан соғысы кезінде тұтқынның жағдайын анықтап жатқан ешкім болмады. Тек қана «Отанын сатқан» деген кінә тағылып жазалана берді. Осы әділдік пе? Әрине соғыстың аты соғыс қой. Кескілескен ұрыста қай жағының күші басым болса, сол жағы ойсырата жеңеді. Мұндайда адам өлімі де, тұтқын да көп болады. Басқа елдерді қайдам, Кеңес Одағында тұтқынға түскендер «сатқын» атанады. Олардың көпшілігі тұтқынға алған елден оралмады, сол жерді мекен етті. Өйткені, елге келсе, аяусыз жазаланатынын білді. Ал, келгендері біраз жыл жазасын өтеп барып елге оралды.
Ұлы Отан соғысы басталғанда мемлекет басшылары, соғысты тұтқиылдан болған деген сипат беріп, «біздікі әділетті соғыс» деп жариялады. Бұл соғыстың әлемде теңдесі жоқ екеніне дүниежүзі көз жеткізе бастағанға дейін басқа құрлықтағы елдер үшін «белгісіз соғыс» аталуы да тегіннентегін емес.
Соғыстың алғашқы кезінде Кеңес әскерлері үлкен шығынға ұшырады. Айбынды жау қаһарына төтеп бере алмаған жауынгерлер кейін шегінді. Әсіресе, Харьков, Смоленск, Кавказ және Сталинградқа дейінгі шегіністер мен жеңілістерде кісі шығыны, тұтқынға түсушілер көп болды. Бірақ мұндай сәтсіздіктерді әскер басындағы генералдар басқаша дәлелдеді. Жаңа ғана өмірге келген жас мемлекетке бақайшағына дейін қаруланған жауға қарсы тұру мүмкін емес еді, сондықтан шегініп соғысып, жаудың тылын ұзартып, партизан соғысымен жаудың берекесін қашыруды үлкен тактикалық тапқырлыққа санады. Соның нәтижесінде талайлар маршал атағын алды. Бүркемеленген сәтсіздіктерге ешкім жауап бермеді.
Осындай қысыл-таяң сәттерде 3,5 миллиондай жауынгер қоршауда қалып, қолға түсті. Әрине қолға түскен тұтқынның ешкім маңдайынан сипамайтыны белгілі. Олар талай соққы жеп, азапқа түсті. Кейін сонша тұтқынның бірсыпырасы елге оралды. Бірақ, туған елдің басшылары қашырлатып тісін қайрап қарсы алды. «Сатқын», «су жүрек» деп жер-жебіріне жетіп, ең қатал жазамен жазалады. Оның алдында жасаған ерліктері есепке алынбады. Жау қолында кіріптар болып азап шеккеннен кейін өз еліндегі солақай саясаттың зардабын тартты. Гулагтар мен Карлагтарда жазықсыз жапа шекті.
«Өмірде не болмайды» дегендей, соғыста да талай нәрсе болды. Өйткені, ол өлім мен өмір арасындағы арпалыс. Біз де сол соғысты көрдік. Үстіңнен ызылдап ұшып тұрған ажал оғы. Оның қайдан

ұшып тұрғанын білмейсің. Адамның бәрі бірдей емес. Кей шыдамсыздар беймезгіл бас көтеріп оққа ұшады. Ал алас-қапас жекпе-жек соғыстарда қорқақтар жауға беріліп те кетеді. Екіжүзді адамдар дұшпанға беріліп, өз халқына қарсы оқ атты да. Бірақ ондайлар санаулы-ақ. Оларға берілетін жаза басқаша. Кейде осындайлардың арасы ажыратылмай бәрі бірдей «сатқындар» қатарына қосылып кетіп жүр.

Ешбір ел кешегі Кеңес Одағындай тұтқындарды кешірімсіз жазалаған емес. Кешегі Ұлы Отан және одан әрідегі-берідегі соғыстардағы талай азаматтар «тұтқын» деген таңбасы өзгеріссіз жатыр. Шын мәнісінде солардың бәрі бірдей «сатқын» ба? Ойланатын мәселе. Рас, сонау Кеңес өкіметінің қылышынан қан тамып тұрған кезде таққа отырған Н. С. Хрущев халықтардың асыраушысы И. Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеп, жазықсыз құрбан болғандарды ақтады. Бірақ, бұл саясат ақырына дейін жүргізілмеді. Өктемдіктің өресіз саясаты өткендегі келеңсіз құбылыстарды бүркемелеуге тырысып бақты.

Алдағы уақытта миллиондаған тұтқындар мен шетелге ауып, қайта оралған азаматтардың ісі қайта қаралып, әділ төрелігі берілсе.

Сөйтіп, бұлардың араларында тірі жүргендер кінәсінен тазарып, өлгендерге тағзым етілсе. Олай дейтінім, бұлардың жалпы саны жетерлік.

*К. БЕРДӘУЛЕТОВ,*
**облыстық соғыс және еңбек**
ардагерлері кеңесінің төрағасы.
«Облыстық «*СЫР БОЙЫ*» газеті,
1997 жыл, 31 шілде.

*«Боздақтар» естелік кітабының редакциясынан:*
«Жауға еріксіз тұтқын болу — сатқындық емес» деген тақырыпта естелік кітаптың екінші томында (14—19 беттер), үшінші томында (500—511 беттер) жеткілікті мәліметтер берілді. Жауға еріксіз тұтқын болып, 20—25 жылдап түрме жазасын өтегендер облысымызда аз емес. Өкінішке орай, олар әліге дейін соғысқа байланысты жеңілдіктерді толық пайдалана алмай келеді.

## ОТНЯТЫЕ У ЗАБВЕНИЯ

В 1937 году Жолман Ермагамбетов ушел служить в армию из своего совхоза «Айдарлы» Сыр-Дарьинского района. Вернулся через семь лет за несколько месяцев до Победы — тяжелое ранение прервало его боевой путь. Но не почести ждали его дома. Бдительный капитан районного отделения госбезопасности состряпал несколько томов «разоблачений». Трибунал Туркестанского военного округа приговорил Жолмана к 20 годам тюрьмы.

Стрелковый полк, где служил радистом сержант Ермагамбетов, десять дней держал круговую оборону. Когда Жолмана захватили в плен, он был без сознания, очнулся в немецком лазарете. Через три месяца фашисты назначили его главой сотни в рабочем батальоне Туркестанского легиона и направили в Крым ремонтировать автодороги. Выждав удобный момент, он побежал и привел свою сотню и еще тринадцать пленных из другой сотни в войсковую часть нашей армии. Его подвергли строгой проверке, для чего был даже вызван особист из Москвы. И вот он снова в строю, уже рядовым солдатом, и отличается в бою за город Аккерман, получает медаль.

Трибунал Туркестанского военного округа не счел смягчающими и уж тем более оправдывающими ни бегство, ни участие Жолмана в борьбе с фашистами до и после плена.

Девять лет томился он в тюрьме — освобожден досрочно по амнистии, однако, не обрел полноту прав: ему не платили пенсию, не представили положенные ветеранам войны льготы.

В серии статей под названием «Клевета», опубликованных в местной печати, я защищал Ермагамбетова и других несправедливо обвиненных, показал истинное лицо бывшего Госкомитета безопасности и военного трибунала.

Статьи были переведены с казахского на русский язык и направлены в военную прокуратуру СССР и Казахской ССР. Но ничего добиться не удалось. Только прокуратура независимого Казахстана полностью сняла с Ермагамбетова все обвинения в прошлом, 1993 году. Солдат, испытавший столько мук и страдания ради всех нас, восстановлен в правах и признан лишь на склоне лет. Ему назначили военную пенсию. Ныне он, слепой старик живет в Кзыл-Орде.

Подобная участь постигла многих. Бектурган Маханов из Чиили девятнадцатилетним... юношей не по своей воле попал в плен, оказался в Туркестанском легионе, сбежал к албанским партизанам и в их рядах сражался с фашистами.

Вернулся с войны — и был приговорен тем же трибуналом к 25 годам тюремного заключения. К такому же сроку приговорили казалинца Кенеса Асербаева.

Да, трибунал Туркестанского военного округа не утруждал себя анализом обстоятельств, карающий красный меч безостановочно опускался на невинные головы, достаточно было установить, что кто-то хоть недолгий срок находился в Туркестанском легионе, как следовало жестокое наказание вплоть до расстрела. А ведь в легион вербовали насильственно, под угрозой смерти. Здесь не мо-

жет быть лобовых выводов, надо досконально разбираться в каждой судьбе.

Вот на это как раз и не было способно тоталитарное государство, сделавшее обыденной практикой произвол и беззаконие.

Житель Акжарминского аулсовета Теренозекского района Токболат Дабысов считался без вести пропавшим. Однако мы узнали, что он служил рядовым в составе 270-го стрелкового полка, попал в плен, сбежал, воевал в рядах 55 армии, где трибунал приговорил его к расстрелу с формулировкой «изменник Родины». Приговор привели в исполнение в тот же день. 3 февраля 1992 года, через полвека, этот приговор как противоречащий общечеловеческим нормам, отменил трибунал Ленинградского военного округа.

В рамках газетной статьи невозможно рассказать обо всех, привожу лишь отдельные имена. В свое время мы узнали, что в особом отделе облвоенкомата имелись списки наших земляков-узников немецких концлагерей, впоследствии вернувшихся домой, 432 человека... Копию списка нам предоставить отказались. Тогда мы обратились за содействием в областной Национальный комитет безопасности, и подполковник Амирхан Бакиров передал нам копию списка. Это помогло доподлинно выяснить путь многих воинов после плена.

Редакция книги «Память»—«Боздақтар» работает в тесном контакте с комитетом безопасности. А. Бакиров — член редколлегии. Кстати, мы совместно собираемся выпустить книгу о жертвах репрессий в нашей области в довоенное и послевоенное время.

С войны не вернулись около 30 тысяч сограждан нашей области. Из них более 60 процентов считается без вести пропавшими. Но мы не прекращаем поисков и находим все новые и новые факты о земляках. Мы выражаем глубокую признательность Научно-исследовательскому институту документоведения и архивных дел (г. Москва), помогающему пролить свет на судьбы многих воинов, высылая неизвестные ранее компьютерные данные. Их имена мы вносим в книгу «Память»—«Боздақтар».

Мы считам справедливым и гуманным делом записывать в книгу имена не только тех, кто бежал из плена, из концлагеря и затем продолжал воевать против фашистов, но и погибших в плену.

В застенках города Гамбурга был убит двадцатилетний Ергеш Адаев (из поселка Чаган Теренозекского района). Расстреляны в плену Кеншимбай Ратов (из бывшего колхоза имени Сталина Кармакчинского района), Сеит Каналиев и Байхы Кеселбаев из города Казалинска и другие.

В первом, втором и третьем томах имеются данные о ста с лишним военнопленных, погибших или расстрелянных в концлагерях или пропавших без вести после пленения.

Готовим четвертый том по Казалинскому и Кармакчинскому районам, в него включим сведения еще о 60 жертвах фашистских концлагерей (кстати, в начале 1997 года четвертый том был издан — М. И.).

Разыскивая сведения об участниках войны, мы порой сталкиваемся со сложностями, придумать которые не под силу самому изощренному воображению. В карточке Алтынбека Алиева, жившего в совхозе-техникуме «Комсомол» Сыр-Дарьинского района, записано: «В октябре 1941 года с ним прекратилась связь», о чем нам сообщил по запросу НИИ документоведения и архивных дел. Но однажды в редакцию пришла его сестра, Сабира Альжанова, и сказала, что ей известны факты более позднего времени о брате.

В конце 1942 года, Алиев, по ее словам, попал в плен и заключен в концлагерь. Там он организовал в конце 1944 года побег группы советских солдат, но в последний момент его схватили, когда он пытался раздобыть хлеб для беглецов. Другим удалось вырваться, и среди них был земляк Алиева, Куаныш Омаров, который ей все это и поведал. Умер Омаров в 1990 году. Я без труда нашел сведения о нем, в списке он значится под номером 339. Да, он действительно находился в плену с 1941 по 1945 год.

Совсем недавно другой ее земляк, Сактапберген Альжиков, уверял, что прочитал, не помнит, в какой газете, о бывшем советском военнопленном, Султанбеке Алиеве, живущем в США.

Стечение обстоятельств кажется фнтастическим, но кто знаком с литературой о войне, кто изучал биографии ее участников, знает: сюжет вполне правдоподобен, еще и не такое случалось с людьми в то горькое лихолетье...

До 50-летия Великой Победы остались считанные месяцы.

Мы стараемся к этому времени завершить составление пятитомника, но сколько из них увидит свет, сказать трудно. Выпуск одного стоит 350 тысяч тенге, а средств нет. (с 1995 года выпуск одного стоит более 2 миллионов тенге. М. И.). А ведь согласно правительственному постановлению от 21 мая 1991 года расходы на эти книги обязан был взять на себя госбюджет. Мое обращение в верховный Совет пока не принесло никакого результата.

*М. Исаев.*
**Кзыл-Ординская область.**
(*«Казахстанская правда»,* 15 декабря 1994 года).

*От редакции:* с того дня опубликования этой сатьи в газете прошло не мало времени. Мы выпустили четвертый том, готовили к изданию пятого и шестого (по репресии) томов, но из-за отсутствия средств пятого и шестого томов не могли издать. Тем временем Жолман Ермагамбетов, о ком речь шла в этой статьи, умер в 1997 году, 24 февраля 1998 года.

Мен әділетсіздік, заңсыздық жайлаған елде өмір сүрдім. Шынымды айтайын, басқа мәселе құрып қалғандай менің партиялық билетімді төрт алып, төрт рет қайтарып берді.

Президенттің облыстарды қысқартып жатқаны — шенеуліктерден, заңсыздықтарды туындататындардан құтылғысы келгені. Францияда префектураларды, қалаларды мэр басқарады. Оларда мэр, оның секретары, сосын шофері — үш-ақ адам штатпен жұмыс істейді. Біздегі далиған, жұрттың мойнына мінген көп штат оларда болмайды. Олардың бәрі заңдылықтың сақталуын бақылайды. Құқықтық заңға ғана бағынады. Заң — оларда негізгі тәртіптің тұтқасы. Ал бізде осыған дейін бірінші хатшының тәртібі, қазір әкімнің айтқаны заң болып есептеліп келеді. Заңсыздық болса оның алдында барлығы бірдей жауап беруге тиіс: ол хан ба, қара ма, оған қарамауымыз керек.

Мен 1936 жылы университеттің физика-математика факультетіне түскенмін. Сол кезден бастап неше түрлі қудалаушылыққа ұшырадым. Ол кезде оқу министрі Темірбек Жүргенов болатын. Ол кісі университетке тоғызға он бес минут қалғанда келетін. Мен математикалық есептерге тәуір болдым. Семейдің жігіттерімен бірге жаттым. Оларға есептен сабақ үйрететінмін. Мен үшін тамақ табудың, жан сақтаудың жолы осы. Сосын ол жігіттер түнгі 1—2-ге дейін саясаттың әңгімесін соғады. Сонда айтатындары Жүргенов, Тәштитов, Сүлеймен Есқараевтар қызметінен кетуі керек дейді. Олардың айтуынша Ілияс Қабылов та, Сәкен Сейфуллин де қызметінен қуылуы тиіс. Мен осы әңгімені сол Темірбек Жүргеновке жеткізгім келді. Келетін уақытын білемін. Тоғызға он бес минут қалғанда университеттің жанынан сәлем беріп, бірден өзімді қызылордалықпын, оның ішінде Жалағаштанмын дедім.

Ол кезде қазіргі Панфилов паркі «Парк федерации» деп аталатын. Университет пен институт бірбіріне жақын орналасқан. Темірбек Жүргенов маған «жаның ашып айтып тұрған боларсың. Қай факультетте оқисың?» деп сұрады. Физика-математика екенін білген соң «Сен әңгіме, сөзге үйір болма, сабағыңды оқы. Сенің факультетің ғылымның факультеті. Әңгіменің, саясаттың оқуы емес» деді. 1937 жылдары ол кісілер ұсталып кетті. Біздің бөлмедегі әңгіме айтатындардан үш студент ұсталды. 120-дан астам студент пединституттан, 40-тай студент біздің университеттен ұсталды. Барлығы 160-тай студент тұтқынға алынды. Біз әйтеуір әзер аман қалдық.

Мен 1940 жылы әскерге алынып, артиллериялық полкқа тап болдым. Ылғи офицерлер математикадан сабақ оқиды. Байқаймын, қарапайым тапсырманы шеше алмайды.

Оқытып жүрген майоры да жетісіп тұрған жоқ. Оларға күлсем майор келіп, «Сен осы есепті шығара аласың ба?» деді. Сонымен не керек, әлгі майор маған жабысып, сол офицерлерге сабақ беретін етіп қойды. Менің қарауымда боласың, деді. Өзімде звания жоқ. Ескі буденевский шинелім бар, оны киген соң солдаттың көрімі болып шықтым. Бірақ 20 күндей сол офицерлерге математикадан сабақ бердім. Карантин біткен соң әлгі майор, сол жерде штаб бастығы екен, мені алып қалды. Маған полковой вычислитель боласың деді. Артиллерияның оқ ататын нысанасын есептеп беретін болдым. Бір-екі айдан кейін бізді Фин соғысына алып кетті. Біз де майдан шебіне жеттік, соғыс та бітті. Сонан соң Польшада болдық, прибалтиканы босаттық. Онда да едәуір адам шығыны болды. Сонымен не керек, мен әлгі вычислительдердің жарысына қатысып дивизияда, армияда озып шықтым.

Сөйтіп жүріп партияға өттім.

1941 жылы соғыс басталды. Біз Польшадан Белоруссияға дейін, онан Минскінің маңындағы Барановичи ауданына дейін жойқын соққыдан шегініп келдік. Мен сол жерде бастан жарақат алып, есім ауып, немістердің қолына түстім. Онан 1942 жылдың ортасына дейін Остров Мозовецкий лагерінде болдым. 3 миллиондай тұтқындар бар еді. Қырылғаны қырылып, өлгені өлді. Жүз қаралы тұтқындар вагондарға рельс тиедік. Оны болған соң бізді қайтадан осында алып келді.

Кейін сол 120 адамды Францияға әкелді. Атлант жағалауларына ДЗОТ, ДОТ салдық. Онан Солтүстік Францияда көпір салуға қатыстық. Бізді — сегіз адамды екі неміс автоматымен жұмысқа жегіп жүрді.

Бұйырайын десе амал бар ма. Түскі тамақты буфеттен ішеміз. Сондағы официантка ар жағындағы ер адамға «бұларға нан әкеле алмадым, нан жоқ» деп түркі тілінде сөйледі. Мен оны естіп қалдым да, осылармен байланыс жасамақшы болдым. Түнгі сағат он бір жарымда екі немісті өлтіріп, суға лақтырып жібердік. Сөйтіп Шығысқа қарай бір километр жүгіріп, бізді күтіп тұрған партизандарға қосылдық. Онан әрі Моно деген француз басқаратын партизандардың үлкен отрядының қарамағына өттік.

Жаспын, бірақ бастан өткен, қиындық тәжірибе, өзіңнен басқа жанға керек деген пікірді ішке қатты түйгізген. Сәл сезіктенсе өлесің, атып тастайды. Сосын қасыңдағы адамға да сенбейсің. Әрине, сол кездегі оқиғаларды, бастан өткендерді олай еттік, былай еттік деп айта берсек, қиялдағы әңгіме сияқтанып кетуі мүмкін.

Бірде 70—80 тұтқын жұмыс істейтін заводқа бару керек болды. Қарауымдағы жетеудің бірде-біреуі келіскен жоқ. Партизандар тапсырмаға зорлап жіберілмейді екен. Сол күні азанда менің осы жерде өткен өміріме үлкен әсер еткен екі қыз — Сания мен Мария үшеуміз тапсырманы ойдағыдай орындап, тұтқындардың қалай босап шығатынын жоспарладық. Оны запискаға жазып, сондағы тұтқындарға жібердік. Түскі тамақты немістер бөлек ішетін кезде олардың қаруын тартып алып, екі адам бір-бір жәшік мина арқалап, алты минометті алып, 80 тұтқын заводты тастап

шықты. Жолда кездескен кездейсоқ үш неміс біраз бүлік салды. Бірақ, оларды атып тастадық. Осындай жағдайлар аз болған жоқ.
Біз оқып жүрген кезде шетел тілін қатты оқытатын. Мен математикамен айналысып, тіл оқуға уақытым болмады. Сосын біздің оқыған шалашарпы оқуымызбен француздармен сөйлесудің арасында жер мен көктей айырма бар. Француздар жуас, өте мәдениетті халық екен. Француз қыздар «Бонжу мсье» десе, біз оларға «Бонжу мадмуазель» деп жауаптасуды үйрендік.
Кейде қиялмен сонау гүлденген, жайқалған Франциядан осы өзіміздің желі үйтқыған, ақ шаңдағы шығып жатқан елге келеміз. Соғыс қашан тынады, елде бізді қандай жаза күтіп тұр екен, тіршілік үшін, ел үшін оған да көнеміз де дейміз. Әйтеуір бас қосып ел жөнінде әңгіме айтсақ туған жерге табанымыз бір тисе болды деп армандаймыз. Бір қызық жері ондай әңгіме өзімізге жақсы әсер етпейтін, пайдасы болмады, шерменде болып жүріп мұндайды айтуға болмайды екен. Сондықтан қатайып алдық. Мен Францияда жатырқау, кемсіту дегенді көрген жоқпын. Адам болса болды олар үшін бәрі бірдей. Ал жау болса амал жоқ, қорғануың керек. Мен сізге айтайын, ұлт араздығы дегеннің не екенін олар білмейді, ұлтқа бөлмейді. Көзтүрткі болып жүрген ешкімді көрмейсің. Бірде мен Роэн өзенінің маңында 900 франк ақшасы бар қарманымды жоғалтып алдым. Осыны үш ай өткен соң сол жердің полициясы мені іздеп жүр екен, қайтарып берді. Оны біреу тауып полицияға өткізген. Ішінде менің кішкентай суретім бар еді, содан мені танып полиция маған табыстады. Ұрлық жоқ оларда.
Бұларда жұмыс істесең, күніне 160—200 франкаға дейін еңбекақыңды қолма-қол береді. Біз картон шығаратын заводта жұмыс істедік. Сол кезде жетісіне үш күннен 8 сағаттан жұмыс істейтін. Қанша адам жұмыспен қамтамасыз етілген. Күн көрісіне, тіршілігіне табысы молынан жетеді.
Мен университетке түскеннен біреу «болыстың тұқымы» деп хабарлап, соның кесірінен фамилиямды төртінші атамыздың атына ауыстырғанмын. Онан кейінгі бесінші атамыз да ел билігіне араласқан кісі еді. Олардың да тұқымдары бар. Олар мына Мәншіріповтер. Франциядан елге оралғаннан кейін көп ұзамай мені 58-ші статьямен соттады. Осы сапарда Қарағандыдағы лагерьде — Карлагта, Кузбасста, тағы басқа жерлерде болдым. Қарағандының өзінде 125 лагерь пункті, оның әрқайсысында 5 лагпункт болды. Ал оның әрқайсысында 5 мың адам болатын. Сонда қанша тұтқын осында болдық, өзің есептеп шығар. Теміртаудағы биік 120 метрлік башняны салуға қатыстым. Кузбасстағы Щорс елді мекенінде ағаш ағыздық. Бұлардың әрқайсысы бөлек-бөлек әңгіме.
Мен көргенімді, естігенімді жадымда жақсы сақтадым. Батырлар жөнінде кезінде Алтынсарин деген кісінің баласы жазған кітапты оқыған адамнан естігендерім жадымда сақталып қалды. Ал Франциядағы партизандар арасында болғаным, түрмедегі қиыншылықтар бөлек-бөлек әрқайсысы екі жүз беттен жазылған кітаптардың нобайы бар. Бұларды баспадан бастырып шығарамын. Сонда көрген-білгенімнің барлық ұсақ-түйегі айтылады.

*Мәдібай Баймаханұлы Байтөреев,*
Францияда партизан, Карлаг-та тұтқын болған соғыс ардагері.
(*«Ақмешіт апталығы»* газеті,
1997 жылғы 9 мамыр).

## КӘЛЕНОВ ӘЗИЗУЛЛА ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ



1922 жылы Арал өңірі Қарашеген елді мекенінде туған, білімі орта, ауылдық мектептерде оқытушы болып жұмыс істеген. 1941 жылдың аяғында Арал аудандық әскери комиссариатының шақыруымен Қызыл Армия қатарына алынып, Өзбекстанның Самарқанд қаласында 103-ші атқыштар дивизиясының миномет батальонында әскери дайындықтан өткен. 1942 жылдың наурыз айында маршал Г. К. Тимошенко басқарған оңтүстік батыс майданы Харьков қаласы бағытында 688-ші атқыштар полкі миномет батальонының бөлімше командирі, взвод командирінің көмекшісі болып жүріп Ұлы Отан Соғысына қатыстан. Сол соғыста жараланады.
1942 жылдың мамыр, маусым айларында Харьков, Вязьма маңында Советтік 6, 28, 54-ші армиялар немістердің үлкен қоршауында қалып, тірі қалған командир жауынгерлерімен бірге неміске тұтқынға түскен.
Алғашқы кездері Украина жерінде Король, Кременчук лагерлерінде, кейін Белоруссияның Гомель лагерінде болған. 1943 жылдың күзінде неміс басқыншылары ортаазиялық ұлттарды жинап алып, Днепр өзенінің бойындағы Решица қаласынан қызыл вагон — эшелондарға тиеп, Белоруссия, Польша, Германия жерлерін кесіп өтіп, оңтүстік Германияның Фельдплекен деген лагерінде аялдап, 1943 жылдың аяғында жұмысшы отрядтарын жасақтап «Бау батальон» (Құры-

лыс батальоны) деген атымен Чехословакия, Венгрия, Югославия жерлерінен өтіп, Болгария жеріне кеп тоқтайды. Сол арадан тауларды жарып салған тас жолмен батысқа қарай жаяу айдап, Албания мемлекетінің Адриат теңізінің шығыс жағалауына әкеліп, әлі ашылмаған екінші фронтқа қарсы қорғаныс бекінісі — жер қазу жұмыстарына салады. Сол Албания жерінде 1944 жылы Албан партизандарымен байланыс жасап, тұтқыннан қашу әрекеттерімен айналысып жүргенде ұсталып, Албанияның орталық қаласы Тиранадағы тұтқындар лагеріне жіберілді. 1944 жылдың шілде айында Тирана қаласындағы тұтқындар лагерінен 150-дей тұтқындарды Адриат теңізінің жағасындағы «Дурауо» портынан темір жүк кемесіне тиеп, Адриат Жерорта теңізі арқылы «Апенин» түбегіне жеткізіп, теміржол вагондеріне тиеп, оңтүстік-батыс Германияның Францияға таяу жерінде батыстан шабуылдап келе жатқан Америка-Ағылшын әскери күштеріне қарсы қорғаныс-бекініс жұмыстарына салады.

1945 жылы сәуір айында американдықтар тұтқын лагерінен босатып, Мюнхен қаласының шығыс жағындағы Линдау (Дахаў) дала лагеріне әкеліп барлық советтік тұтқындарды бір жерге шоғырландырады. Сол 1945 жылдың шілде айының аяғында мыңдаған советтік тұтқындарды жүрдек жүк машиналарымен Чехословакия жеріндегі Шемберг қаласындағы Советтің әскери командованиясына өткізеді. Сол жерден барлық репатрианттарды 1945 жылдың тамыз айында теміржол эшелонымен Ресей жерін кесіп өтіп, Жапон теңізінің жағасындағы Находка портының лагерінде осы жылдың желтоқсан айының ортасына дейін мұхит кемелеріне терістіктегі Колыма-Магадан жеріне жүк тиеу жұмыстарына салады.

1945 жылдың желтоқсан айының аяғында Англияның «Джурма» деген мұхит кемесіне тиеп Жапон, Ахот теңіздері арқылы Магадан қаласынан 3 км жердегі Нагаево портына келіп тоқтады. Сол Магадан қаласындағы лагерден тездетіп жүк машиналарына тиеп (Тайганың 48—50° суығында) алыс терістіктегі Теноко тау-кен басқармасына қарасты Тимошенко, Гастелло атындағы алтын шахталарына жұмысқа салады. Сол алтын шахталарында 1948 жылдың тамыз айына дейін сотталғандардың құқымен жұмыс істеп жүреді. 1948 жылдың қыркүйек айында Мәскеуден келген жеделхаттың бұйрығымен Қазақстанның Қостанай қаласындағы КГБ облыстық басқармасына жеткізеді. Сол кездегі Қостанай қаласындағы облыстық КГБ-нің ішкі түрмесіне қамайды. Сол түрмеде жеті ай бойы тергеуде болып, 1949 жылы Ташкентте орналасқан Түркістан әскери округінің Қазақстанның 5 облысын қамтитын Петропавл гарнизонының әскери трибуналының үкімімен 25 жылға бас бостандығын айыруға сотталған. Содан Қазақстанның Қарағанды, Теміртау, Сарань лагерлерінде болып, 1950 жылдың мамыр айында Красноярск өлкесі Енисей өзені арқылы терістік тундра жері Таймыр түбегіндегі ГУЛАГ-тың лагерлерінде, кен рудниктері мен көмір шахталарында істеп жүрді...

...(1956 жылы босанып, барлық жағынан ақталып елге оралады.)

Мінеки, Әзизулла қарт 14 жыл бойы тағдырдың тәлкегіне түсіп, сұрапыл небір сұмдық сүргіндерді басынан өткізген...

* * *

Әзекеңнен сол өмір жолдары жайлы толығырақ тіл тартқыңыз келгенде, ол кісі «Ол бір жатқан ұзақ сонар, үлкен хикая ғой» деп, «Жасымда — бейнет, үлкейгенде дәулет бер» деген Ата бабаларының өнегелі қағидаларын есіне алып, тек бір тәңірге тәубе мен шүкіршіліктерін келтіріп отырғанын көресіз. Одан басқа еш нәрсе айтқысы келмейтінін байқайсыз...

*Х. Ембергенов.*

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ, СЕГІЗБАЙ АЙЗУНОВ және БАСҚАЛАР...

Кабинетіме жүзі таныс, егде тартқан бір әйел батыл енді де, амандық-саулықтан кейін мен көрсеткен орындыққа бірден жайғасты. Мен оны қайда көрдім дегендей, аң-таңмын, бірақ онымды сездіре қоймауға тырыстым. Егде әйел менің бұл кейпімді анық ұққандай, маған күлімсірей қарады.

— Мені танымай отырсың-ау, қайным, ә? Осыдан оншақты жыл бұрын Иса Тоқтыбаев жайлы жазатын кітабыңа мәліметтер алу үшін Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалім, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер Әділбек Айзуновтың үйіне барғанда көрген жеңгеңді ұмытып қалғансың, ә?,— деп күлімсіреді ол.

— О, сіз сол Әділбек ағамыздың жұбайы, Ұлжан жеңгеміз екенсіз ғой? Қайда көрдім деп аң-таң болып отырғаным рас еді,— дедім мен де.

— Ол кітабыңыз он баспа табақ болып шықты ғой. Менің күйеуім жайлы оқу-ағарту ісінің үздігі ретінде оған енгізіпсіз, рахмет,— деді Ұлжан.

Халықтың «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сымбаты кетпейді» дейтін даналық сөзіне орай, мен жасы 74-ке келген, бірақ әлі де сымбатын бере қоймаған, орыс мектебінің сегізінші класын бітіріп, сонан бастап үй тірлігіне шығып кеткен Ұлжан жеңгейге таңырқай қараймын. Он үш құрсақ көтерген, Әділбек Айзунов ағамызбен 1934 жылдан бері өмірлік тұрмыс құрған, Қызылорда іргесіндегі Сумұрын жаппас руына 58 жылдан бері келін болып келе жатқан Ұлжанды тап қазіргі дене сымбатына қарап оны елу-алпыс жастың аралығында деп ойлауға да болар еді.

Әділбек жайлы, оның оқу-ағарту саласында облыс халқына сіңірген үздік еңбегі хақындағы әңгімеміз біразға созылды. Былтырғы күзде сексен жасында қайтыс болған Әділбек туралы Ұлжан жеңгеміз біраз әңгіме қозғады.

— Әділбектің кімдермен жолдас болғанын мына бір сурет арқылы баяндап берейін,— деді де, Ұлжан кабинетке құшақтай енгізген үлкен бір ораманы ашып, ішінен табақтай ескі сурет шығарды.

Үлкен суретті қызыға қараймын. Бір бұрышында «Отряд юных пионеров СКСМ Уз. при Каз. девятилетка 1927—28 год. Ташкент» деп жазған. Небәрі 59 адамның суреті орналасқан екен. Үшінші қатардағы он адамның солдан үшінші болып отырғанының беті әдейілеп қолдан өшіріліпті. Ал екінші қатардағы тоғыз адамның солдан төртінші, бесінші, алтыншы болып отырғандардың да беті әдейі қолдан өшірілген. Төртінші бейненің беті өшірілгенімен, басында қомақты бөркі болғаны айқын аңғарылады. Ұлжан жеңгеміз тап сол бөрікті бейненің артында, иығына асылып тұрған Әділбек Айзуновты көрсетті де, ауыр күрсінді.

— Сонымен, Әділбек «халық жауы» болып атылып кеткен Сәкен Сейфуллин жайлы хабарды естісімен, оның бет бейнесін осылай өшіріп тастауға мәжбүр болыпты. Менің сол кезде келін болып түскеніме екі жарым жыл ғана болған еді. Ибалық сақтап арашаға түсе алмай қалдым ғой,— деп Ұлжан көзіне жас алды да, артынша моншақтай жасын саусағымен іліп тастады.

Екінші қатардағы беті өшірілгеннің кім екенін Ұлжан айтып бере алмады. Сәкен Сейфуллиннен кейінгінің қармақшылық Ыбырай Қасымов екенін, оның туған қарындасы Мәдина Қасымовамен өзінің сыйлас болғанын айтты.

— Мынау бөрікті бейненің Сәкен Сейфуллин екенін мен кейін білдім. Әдекең сондай зиялы кісілермен, «халық жауы» атанғандармен сыйлас болғанын НКВД тыңшылары білсе, оны да ұстап әкетіп, көзін жоятын еді ғой. Ал, мынау Сәкеннің оң жағында отырған Құлмақан Бердиевтің бет бейнесін Әбекең неге өшіріп тастамағанына таңым бар. Түркістандық Қоңырат, бізбен сыйлас болған кісі еді. Ол да «халық жауы» атанды. Қазір Роза атты қызы біздің Сырдария ауданындағы КСРО-ның 50 жылдығы атындағы кеңшарда тұрады,— деді Ұлжан.

— Осы елу тоғыз бейненің ішінде Әділбектен басқа тағы да танитын адамыңыз бар ма деген сұрағыма Ұлжан жеңгеміз таңырқай қойған жоқ. Оншақты кісіні айтты. Соның ішінде алдыңғы екі адамның — шынтақтап жатқанның сол жақтағысының қазақ халқының алғашқы ұшқыштарының бірі Нұрымов Жолдас екенін баяндады.

Осы бір сурет төңірегіндегі Ұлжанмен менің әңгімем бір сағаттан да артық уақытымды алды. Қазірде өзім басқарып отырған «Боздақтар» редакциясына қатысты әңгіме қозғалып отырған соң, мен бұған ренжігенім жоқ. Көрген-білгені көп жеңгеміздің әсерлі әңгімесін түгелдей қағазға түсіріп алып жатырмын. Менің ықласпен тыңдап отырғанымды білді де. Ұлжан орамасынан тағы бір сурет шығарды.

— Енді мынау суретті көрші,— деді Ұлжан бір сәт күлімсіреп,— осы сурет төңірегінде Қазақстан Ғылым академиясының аппаратындағылар маған «Әруақты ардақ тұтқан келін» деген атақ беріп еді. Мұны айтқан Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері, ғылым кандидаты, Мағжан Жұмабаевтың кітабын құрастырушы Батырхан Дәрімбетов болатын.

Мен Ұлжанның бетіне жалт қарадым. «Әруақтарды ардақ тұтқан келін!» Бір шаңырақта 58 жыл келін болып, өмірге он үш ұрпақ әкелген Ұлжандай қазақ әйеліне бұл бағаны есіте тұрып, оның кім екенін қазбалаңқырап сұрамасам, осы әйел жайлы оқырмандарыма толығынан мәлімет бермесем, онда менің журналистік қадыр-қасиетіме нұқсан келген де болар еді.

— Бұл суретте менің Сегізбай папамның Мағжан Жұмабаевпен бірге түскені бейнеленген. Бұл суретті мен «Алматы ақшамы» газетінің 1990 жылғы 24 наурыздағы номерінде жариялаттым да, Батырхан Дәрімбетовтың сол Мағжан кітабын құрастырып жатқанын есітіп, соған жолығуға күш салдым. Ғылым академиясынан, оның тіл және әдебиет институтынан Батырханды іздеп табуымның өзі бір хикая дерлік. Дәрімбетовты бір кабинетте, шаршы топ арасынан кездестіріп, оған «папам Сегізбай Айзунов пен Мағжан Жұмабаев екеуінің бірге түскен суретін сол Мағжанның кітабына енгіздіру үшін әкелдім» дедім,— деп бастады Ұлжан әңгімесін.

Табанда суреттегі он адамды біртіндеп айтып берген Ұлжанды ғалымдар ә дегенде Сегізбай Айзуновтың қызы деп ұғып, әкесі жайлы оған жаудыра сұрақтар бере бастапты. Ұлжан сол арада Сегізбай Айзуновтың 1933 жылы 58 жасында Сыр бойында өлгенін, жиырма екі жасында туземдік училищені бітіріп, 36 жыл ұдайы халық ағарту саласында қызмет істегенін, 1919 жылдан Ленин партиясының мүшесі, Ташкентте Ұлы Қазан төңкерісін қолдап жасаған, алғашқы Совдептің жауапты хатшысы, қазақтың тұңғыш оқу-ағарту институтын («Қазинпрос») құрған Иса Тоқтыбаевтың шәкірті болғанын, Құрбанбек Жандарбековпен, Ғани Мұратбаевпен, Сапарбековпен сол институтта парталас болғанын тәптіштеп айтып береді.

Ғалымдар әліге дейін Ұлжанды сол Сегізбай Айзуновтың қызы деп ұғып, енді онан «әкесінің» ата-тегін сұрай бастаған. Ұлжан: Сегізбай папамның әкесі — Айзун деп, Айзунның әкесі — Байбол деп, оның әкесі — Толыбай деп, оның әкесі — Маймалық деп, оның әкесі — Тасы деп айтады да, алтыншы, жетінші аталыққа барғанда мүдіріс табады. Сегізбайдың туған жылын айтып бере алмай қалады да, тек 58 жасында, 1933 жылы қайтыс болғанын баяндайды.

— Әкеңнің туған жылын ұмытып қалғансың, ә? Мұның жарамады,— деді ғалымдардың бірі.

Тек осыдан кейін ғана Ұлжан өзінің кім екенін, Сегізбай Айзуновтың қызы емес, келіні, соның жалғыз ұлы Әділбектің әйелі екенін айтқан. Өзі келін болып түсерден бір жыл бұрын қайтыс болып кеткен Сегізбайды, оның әкесі Айзунды да «папа» деп, ал көзі көрмеген енелерін түгелдей

«мама» деп атаған Ұлжанға тап осыдан кейін ғана республика ғалымдары «Әруақтарды ардақ тұтқан келін» деген ат берген. Осындай іздестіру жұмыстарын жүргізуші, ізденімпаз, ілтипаты мен ізгілігі мол Ұлжан жеңгеге берілген бұл бағамен мен де келісуге мәжбүр болдым.

Ұлжан Досжан деген кісінің қызы екен. 1934 жылы он сегіз жасында Әділбекке тұрмысқа шығады да, Шымкенттен Қызылордаға ауысады. Досжан Есмұхан деген кісінің баласы, ал ол Кіші жүз ханы — Мәндінің белбаласы. Мәдіхан Нұралы ханның, Нұралы хан Абылай ханның ұрпағы екенін айтар болсақ, Ұлжан хан тұқымынан шыққан, Төре руының қызы. Осындай іргелі жерден шыққан, тәрбие көрген, ізгілігі мол келін осындай-ақ болсын.

— Өзіңіз хан жұрағаты екенсіз. Енді сол хан бабаларыңның ұранын білесің бе?— деймін мен. Ұжан жеңгеміз бір сәт күлімсіреп алды да, бұрнағы жылы ғылым академиясындағы ғалымдар алдындағыдай, тағы да өзіне осындай сұрақ қойыларын ұғып, маған сынай қарады.

— Абылай және оның сарбаздары «Абылай, Абылай» деп ұран тастаған, ал Әбілқайыр ханның ұраны «Архар» болған ғой,— деді. Тарихи мәліметтерде де солай екенін білетіндіктен, мен 74 жастағы Ұлжанның зейінділігіне іштей риза болдым.

Әділбек Айзунов, оның әкесі Сегізбай Айзунов, Ұлжан Досжан қызы — Сегізбай келінінің өз тегі хақындағы біздің әңгімеміз екі сағаттан да асып бара жатты. «Боздақтар» редакциясын әдейі іздеп келген Ұлжанның әлі де келелі әңгімесі барын ұқтым да, мен де асықпадым, жеңгемді де асықтырғаным жоқ.

— Өзімнің «Боздақтар» редакциясын іздеп келген негізгі мақсатымды баян етпес бұрын, Алматыға, ғылым академиясына екінші рет сапар шекkенімді айтпай кете алмаймын, қайным. Сәл шыда. Енді сонымды айтайын,— деді де Ұлжан жеңгеміз орамасынан Мағжан Жұмабаевтың 1989 жылы «Жазушы» баспасынан Батырхан Дәрімбетовтың құрастыруымен шығарылған жинағын алды. Оның 288—289 беттері арасына қосымша ретінде Мағжан мен Сегізбайдың бірге түскен суреті берілген екен, әруақты сыйлап өткен Ұлжан сол Мағжан мен Сегізбайдың рухына бас ие отырып, жасы ұлғайғанына қарамай тағы астанаға сапар шегеді де, ғалым Батырханға алғысын білдіруге әдейі барады. «Папамның суретін кітабыңа енгізгеніңіз үшін рахметімді айтайын деп сонау Қызылордадан әдейі келдім»,— деген. Тап осы сәтте ғалымдар Ұлжанды Сегізбайдың қызы деп ұғып, шындықты сонан кейін барып ғана Ұлжанның өз аузынан есітіп білгенін мен жоғарыда атап өттім.

Бір кезде Ұлжан орамасының арасынан облыстық «Сыр бойы» газетінің биылғы 29 тамыздағы номерін шығарды да, алдыма жайып салды. Онда менің «Еленбей келген екі боздақ» деп аталатын көлемді мақалам жарық көрген болатын. «Боздақтар» редакциясындағы жинақталған құжаттар негізінде, облыстың екі боздағы — Ахмет Пірназаров пен Мұса Рыскелдиевтың кешегі Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқанын, екеуіне де орта мектептердің атын беру жайлы жұртшылық пікірін негізге алған күрделі мәселелер бар еді.

Мені осында әкелген осы мақала. Мынау Ахмет Пірназаров менің туған ағам болатын,— деді де, Ұлжан жеңгеміз кенет көзінен жасын мөлтілдетіп, бетін бұрып әкетті. Қызылорда қаласындағы 1 Мамыр орта мектебінің алғашқы директоры, 1939 жылы омырауына «Құрмет белгісі» орденін М. И. Калинин Мәскеуде өз қолымен қадаған Ахмет Пірназаров 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанады да, дивизия командирінің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары бола жүріп, Ленинград түбіндегі Волхов шайқасында үш рет ауыр жараланады, үшіншісінде окоп ішінде мерт болады. Жауынгерлер 1943 жылғы 13 мартта сол маңдағы Мга ауданының территориясына, Заднее деген көлдің солтүстік-батыс жағалауына жерленген.

Ұлжан «Боздақтар» кітабы үшін соғыс батыры Ахмет Пірназаровтың суретін, сол жерленген жерінен түсірілген мраморлы плитаның фотосуретін табыс ете отырып, тағы бір қызықты жәйтті баян етті.

— Мен ағамның жерленген жерін тауып, әдейі барып, гүл шоқтарын қоюға талпындым да, оның нақты жерленген жерін іздеп 7 жерге хат жаздым. Қолымда нақты адресім болмады. Ленинград облыстық әскери комиссариаты, соғыс ардагерлерінің комитеті, сосын «Киров ауданы, Мга» деген поселка ғана негізгі адрестер ретінде алынды. Көп ізденім, тынбадым. Жауап хаттардың бәрінде де «Малкус» деген жерде қайта жерленгені айтыла береді. Ақыры оны да таптым. Менің сол еңбегіме ардақты боздағым ардагер ағам Ахметтің рухы риза шығар,— деді де, Ұлжанның көңілі тағы босап сала берді.

— Ленинградқа бір өзіңіз сапар шектіңіз бе?— деп сұраймын мен.

— Жоға, ә. Үшеу болып бардық. Өзім, сосын Ахметтің Бекмырза деген інісінің әйелі Балдана, қазақтың алғашқы ұшқыштарының бірі Нұрымов Жолдастың қарындасы — мұғалима Рахима Қызылқожаева үшеуміз бардық. Бізді
Валентина Смирнова деген орыс әйелі қарсы алып, нағыз бауырлардай күтіп-сыйлады. Барлық кезде соның үйінде жатып-тұрдық. Біздің келу құрметімізге қаралы митингі ұйымдастырылды. «Кормилец нашего города — из Казахстана приехала делегация»,— деп атап, сол делегацияның басшысы ретінде маған сөз берді. Орыс тілінде рахметімді молынан айттым. Әрине, біз Қызылорданың ондаған түрлі дәм-тұзын арқалап барған едік. Қаралы митингіге қатысушылардың бәріне ауыз тигізуге молынан жетті. Ахмет ағамның қайта жерленген жерінде орнатылған мраморлы плитаға ағамның фамилиясы дұрыс жазылмапты. «Н» әрпінің орнына «К» әрпі түсіп, «А. Прказаров» болып тұр екен. Мұны көріп тұрып, әруағымның рухын бұрмалата жазуға мен қалай шыдамақпын? Ренішімді айттым. Қаралы митингіні ұйымдастырушылар бұл қателікті таяу арада жөндеуге сөз берді. Олар уәдесінде тұрды да,— деп Ұлжан Ахмет Пірназаровтың атын мра-

морлы плитаның ең басына көрнекті етіп жазған суретін маған көрсетті.

...Мен осы әңгімелерді бүге-шігесіне дейін не себепті айтып отырмын? Атақты Абылай хан жұрағаттарының бірінен саналатын Ұлжан жеңгеміздің ізгілігі мен адамгершілігі мол екенін жұртшылыққа паш етуді өзіме басты нысана санадым. Үш-төрт ұрпақ әрідегі ата-тек былай тұрсын, өз күйеуін, күйеуінің әке-шешесін сыйламайтын, «папа» демек түгіл тоқпақтай етіп атын айтып, көргенсіздік танытатын келіндер аз ба? 58 жыл отасқан күйеуінің әкесін, өзі келін болып түсерден бір жыл бұрын өліп кеткен Сегізбайды да, оның әкесі Айзунды да «папа» деп атап, аузынан тастамауы — Ұлжанның көргені молдығын паш етеді.

Соңғы сөз Ұлжанның ұрпақтарының қазіргі жай-күйі жайлы. Оның он үш құрсақ көтергенін біз жоғарыда айттық. Қазір сонан төртеуі бар. Үлкен ұлы Әбдуәли Айзунов — «Құрмет белгісі» орденінің кавалері, электрик, Насреддин — «Промстрой» құрылыс басқармасының участок бастығы, Батыры — авиамеханик-техник, ал қызы Нинел Әділбекқызы — Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университеттің физика-математика факультетінің оқытушысы. Үлкен жеңгеміз қазір тоғыз немере сүйіп отыр.

Әруақтарды ардақ тұтатын Ұлжан жеңгеміз менімен қоштасып шығып бара жатты да, кабинетке қайта енді:

— Алдағы қазан айында Сегізбай папамның жан жолдасы болған, 1937 жылы халық жауы деген жаламен атылып кеткен Мағжан Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуы аталып өтеді екен. Алматылықтар соған мені шақырмақ ойы бар көрінеді. Жетпіс төрт жастағы мендей кемпір қазақ халқының Мағжандай ардагер ұлының мүшелді тойына нендей тартумен барғаны дұрыс? Елу жылдан астам журналистика саласында істейтін, халықаралық журналистер одағы сыйлығының лауреаты көрінесің. Осыған ақыл берші, қайным,— деді.

Мен ә дегенде сасып қалдым. Дәл осы сәтте көзіме Мағжан Жұмабаев пен Сегізбай Айзуновтың, тағы басқа сегіз адамның бейнесі берілген сурет сап етті де, соны үлкейтіп рамкалатып, сыйға тартуды ұсындым. Ұлжан жеңгем бұған қатты риза болды.

*М. Исаұлы.*
(облыстық *«Сыр бойы»* газеті,
1992 жылғы 29 қазан)

## СОҒЫС БОЗДАҚТАРЫ ЖАЙЛЫ СОҢҒЫ СӨЗ

**Соғыс боздақтары жайлы «Боздақтар» атты 5 томдық сериямен естелік кітаптар шығару аяқталды. Осы сериядағы алтыншы том саяси қуғын-сүргін құрбандары жайлы кітапта біз соңғы пікірімізді айтуды жөн көрдік.**

**Естелік кітаптарда сан алуан мақалалар, деректер, боздақтар жайлы құжаттар, олардың хаттары мен өлеңдері берілді. Жеке аудандарға арналған томдарда кейбір боздақтар дерегі табылмаса, оны келесі том қосымшасынан табуға болады. Қолымызға түскен боздақтар суреттерін кітапқа орналастырдық.**

**Естелік кітаптарда күшпен жер аударылған аз ұлт өкілдері, «Түркістан легионы», тұтқынға түскендер жайлы деректер де толығынан берілді.**

**Соғыс боздақтары жайлы тарихнәма кітаптарымызды неміс фашистеріне арналған соңғы Нюрнберг сот процесімен аяқтай отырып, бұл ретте Кеңес Одағы халықтарының биік рухын көрсетуге тырыстық.**

**Осы қолдарыңызға тиіп отырған Боздақтар — Аза — 1 кітабына топтасқан қылмысты істер хаттамасының материалдары, Сталиндік зұлмат құрбандары, Мұстафа Шоқайға арналған бөлім, 1997—1998 жылдары егер тірі болғанда 100 жасқа толатын қазақ халқының бір туар ұлдары жайлы мақалалар берілді. Шындықты ашатын сан алуан анықтамалар да баршылық. Енді алдымызда осы сериядағы жетінші томды әзірлеу міндеті тұр. Оған жеке-жеке сотталған 2000-нан астам саяси қуғын-сүргін құрбандары, Гержот, Голощекин салған ылаждар, аштық-жалаңаштыққа тап болғандар жайлы деректер беріледі. Егер қолымызға мәліметтері түсердей болса Қызыл империя дәуірінде болған 48 «жасырын соғыстар» жайлы да кітап шығарғымыз келеді. Дәл осы жасырын соғыстар жайлы Ресей, Қазақстан Президенттерінің екеуара келісімі болған.**

**Жауға еріксіз тұтқын болғандар жөніндегі деректерді жариялай отырып, біз Германия мемлекеті үкіметінің сыртқа еріксіз айдап әкетілген тұтқындарға тиісті өтемақы беруге шешім қабылдағанын хабарлап едік. Ондай өтемақы біздің облыста ешкімге берілген жоқ. «Сол өтемақымыз қайда, оны бізге неге алып бермейсіңдер?» деп бізге хаттар жазып, талап қойғандар да кездесті. Қазір кез келген мемлекеттің үкіметтері қай уәдесінің үдесінен шығып жатыр дейсің! Құстың саңғырығындай ғана көлемдегі сол «өтемақының» ауыз жарымайтын сомасын бір құдайдан күтейіктағы.**

# ЕСТЕЛІК КІТАПТАРДАН ҚАЛЫП ҚОЙҒАНДАР, ӨЗГЕРТУЛЕР

## А

**АМАНБАЕВ** Өтеш — қызыл әскер, Арал ауданы, Сайғонды ауылдық кеңесінде 1900 жылы туған, сауатсыз, малшы, Арал АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, Қазақстаннан жасақталған 101 ұлттық бригада құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1945 жылы елге оралған Сайдулла деген азамат: Сталинград бағытындағы шайқаста мен жарақат алып, медсанбатқа жөнелтілдім. Өтеш болса, сол күні менімен қоштасып, госпиталға шығарып салысымен, жауға қарсы шабуылға шығып кетті. Сонан кейін оны көргенім жоқ,— деген. 1943 жылғы наурызда ұрыс даласында хабарсыз кеткен (Жаңақазалы поселкасы, Жанкелдин көшесі, № 23 үйде тұратын ұлы Өтешов Қожабергеннің айтуы бойынша). Арал ауданының боздақтарына арналған «Боздақтар» естелік кітабының бесінші томында Аманбаев Өтештің 101 ұлттық бригада құрамында болғаны айтылмаған, туған жылы 1903 болып жазылып кеткен.

**АМАНБАЕВ** Кәрібай — қызыл әскер, Арал ауданы, Сайғонды ауылдық кеңесінде 1904 жылы туған, шала сауатты, колхозшы, Арал АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1943 жылғы наурызда қаза тауып, Паншино деревнясының солтүстік-батысындағы өзен жағасына жерленген (Арал АӘК тізімі, Жаңақазалы поселкасында тұратын немере інісі Өтешов Қожабергеннің айтуы бойынша) Арал ауданы боздақтарына арналған естелік кітаптың бесінші томында Аманбаев Кәрібозды 1915 жылы туған деп көрсеткен.

**АМАНБАЕВ** Өтеміс — қызыл әскер, Арал ауданы, Сайғонды ауылдық кеңесі, Аманкелді атындағы колхозда 1887 жылы туған, сауатсыз, колхозшы, Арал АӘК арқылы 1942 жылғы қарашада майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1943 жылғы 14 қаңтарда қаза тауып, Калинин облысы, Урдан деревнясында жерленген. Арал ауданының боздақтарына арналған естелік кітаптың бесінші томында Аманбаев Өтеміс 1941 жылғы шілдеде майданға аттанған деп көрсетілген.

**АМАНБАЕВ** Аманкелді — қызыл әскер, Арал ауданы, Сайғонды ауылдық кеңесінде 1907 жылы туған, шала сауатты, колхозшы, Арал АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1943 жылы ұрыс даласында хабарсыз кеткен. (Жаңақазалы поселкасы, Жанкелдин көшесі, № 23 үйде тұратын немере інісі Өтешов Қожабергеннің айтуы бойынша).

**АМАНБАЕВ** Шалабай — қызыл әскер, Арал ауданы, Сайғонды ауылдық кеңесінде 1885 жылы туған, сауатыз, Арал АӘК арқылы 1943 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1944 жылы ұрыс даласында хабарсыз кеткен. (Жаңақазалы поселкасы, Жанкелдин көшесі, № 23 үйде тұратын немере інісі Өтешов Қожабергеннің айтуы бойынша).

**АМАНБАЕВ** Шатақ — қызыл әскер, Арал ауданы, Сайғонды ауылдық кеңесінде 1905 жылы туған, шала сауатты, колхозшы, Арал АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1943 жылы ұрыс даласында хабарсыз кеткен. (Жаңақазалы поселкасы, Жанкелдин көшесі, № 23 үйде тұратын немере інісі Өтешов Қожабергеннің айтуы бойынша)

**АСЫЛБЕКОВ** Шаймет — қызыл әскер, Қостанай облысы, Торғай ауданы, № 1 ауылдық кеңесте 1917 жылы туған, білімі орта, қызметкер, 1937—1938 жылдары Қызыл Армия қатарында болып, әскери борышын өтеген, 1941 жылғы шілдеде майданға аттанып, Молотов қаласында қатардағы атқыш ретінде соғысқа қатысқан, шайқас даласында жүргенде ауруға шалдығады да, әскери госпитальда 1942 жылғы 7 қазанда қайтыс болады, Молотов қаласының зиратында жерленген, (Боздақтың қайтыс болғаны жайлы әскери комиссариат хабарламасы, Қызылорда қаласы, Конституция көшесі № 120/35 үйде тұратын қызы Несібелі Асылбекованың айтуы бойынша).

## Ә

**ӘБДІҒАППАРОВ** Мырзағазы — Қазалы ауданы, № 8 ауыл, Андреев атындағы колхозда 1906 жылы туған, сауатсыз, колхозшы, 1942 жылы Қазалы

АӘК арқылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1943 жылғы қыркүйек айында ұрыс даласында хабарсыз кеткені жайлы ГКУ-тен № 340140 қатынас келген (Қызылқұм ауылдық кеңесінің төрағасы Рзақұл Мәмбетжановтың хаты бойынша).

**ӘБДІҒАППАРОВ** Мырзағұл — Қазалы ауданы, № 8 ауыл, Андреев атындағы колхозда 1901 жылы туған, сауатты, БКП(б) мүшесі, сельпо бастығы, кәсіподақ комитетінің төрағасы, «Коммунизм» колхозының төрағасы болып істеген, 1942 жылы Қазалы АӘК арқылы майданға аттанған, 1943 жылғы қыркүйекте үш қабырғасынан жарақат алу үстінде жауға еріксіз тұтқын болып, сонан хабар-ошарсыз кеткен (Рзақұл Мәмбетжановтың хаты бойынша).

# Б

**БАБАНАЕВ** Тәжімұрат Асанұлы — қызыл әскер, Жаңақазалы поселкасында 1919 жылы туған, білімі ортадан төмен, жұмысшы, Қазалы АӘК арқылы 1940 жылы әскерге алынып, 16 АӘД, 219 АӘП құрамында атты әскер-қылышшы ретінде соғысқа қатысқан, 1941 жылғы 10 шілдеде қаза тауып, Эстон ССР, Сина елді мекенінде жерленген. (ІКА ІЖБҒЗИ, 4-258, Жаңақазалы поселкасында тұратын баласы Кеңес Баданаевтың айтуы бойынша) «Боздақтар» естелік кітабының төртінші томында (50 бетте) Баданаевтың фамилиясы «Бажанов» болып жазылып кеткен.

**БИМАНОВ** Әбдіраш — гвардия сержант, Қызылорда облысы территориясында 1907 жылы туған, білімі бастауыш, жұмысшы, Сырдария АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, 28 ГвАД, 89 ГвАП құрамында бөлімше командирі ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылғы 20 қарашада ауыр жарақат алып, ДГ-да қайтыс болған. Ленинград облысы, Полавск ауданы, мүгедектер үйінің оңтүстік-батысында 1200 метр жерде жерленген (Мұңайтбасов Әбдіқалықтың немере інісі Ешпанов Әбдімәжит әкеліп тапсырған құжат бойынша)

**БИСЕНБАЕВ** Ешмұрат — қызыл әскер, Жалағаш ауданы, Аламесек ауылдық кеңесінде 1902 жылы туған, білімі бастауыш, Аламесек ауылдық кеңесінің төрағасы болып істеген, БКП(б) мүшесі, 1941 жылы ауыл жастарын майданға шығарып салып тұрып, жасы асса да өзі сұранып майданға аттанған. Алғашқыда 6 ай курсте оқып, Калининград майданында соғысқа қатысқан. 1943 жылға дейін жазған хаттары келіп тұрған, сонан кейін ұрыс даласында хабарсыз кеткен. (Жалағаш қыстағындағы Ескерткіш тақтаға есімі енген).

**БИСЕНБАЕВ** Исабек — полковник, Сырдария ауданы, Бірқазан станциясы, № 11 ауылдық кеңес территориясында 1908 жылы туған, орта білімді, қызметкер, БКП(б) мүшесі, Тәшкен қаласындағы жоғары білімді офицерлер әзірлейтін курсты оқып бітіргеннен кейін 1937 жылы Шымкент облысының Сарыағаш ауданында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген, 1940 жылы Шымкент облысының Бостандық ауданында әскери комиссар болған. 1941 жылы Тәшкен қаласында жасақталған атты әскер құрамасында полковник шенінде командир болып тағайындалып, ұлы Отан соғысына аттанған. Сол кеткеннен бірден хабарсыз кеткен, оның ұлы отан соғысында ерлік көрсеткенін 1967 жылы елге келіп өлген майдандас досы Әбжаппар Меркемелов айтып берген (Қызылорда қаласы, Екінші проектная көшесі, № 3 үйде тұратын Бисенбаев Асылбек Исаұлының айтуы бойынша).

# Д

**ДОЛАНБЕКОВ** Ірғебай — гвардия сержант, Шиелі ауданы, бұрынғы Бестам (қазіргі Еңбекші) ауылдық кеңесінде 1924 жылы туған, білімі ортадан төмен, оқушы, БЛКЖО мүшесі, Шиелі АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, 136 ГВАД, 358 ГВАП құрамында зеңбірек көздеушісі (номері) ретінде соғысқа қатысқан, ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталысымен жапон соғысына аттанып, 1945 жылғы шілдеде елге хат жазғаннан кейін хабар-ошарсыз кеткен (ІҚАІЖБҒЗИ мәліметі, 18 том, 67 бет, «Еңбекші» кеңшарында тұратын інісі Доланбеков Әбубәкірдің айтуы бойынша) «Боздақтар» естелік кітабының үшінші томында (403 бетте) Доланбеков Ірғебай 1943 жылғы қыркүйекте Полтава облысы, Зинков қаласы маңындағы шайқаста хабарсыз кетті деп көрсетілген.

# Е

**ЕШНИЯЗОВ** Байділда — қызыләскер, Қызылорда қаласында 1908 жылы туған, сауатсыз, жұмысшы, Қызылорда КӘК арқылы 1941 жылғы қыркүйекте майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылы Сталинград бағытындағы шайқаста хабарсыз кеткен (Қызылорда қаласы, Негодалов көшесі, № 51 үйде тұратын немере інісі Бейсембек Жұмаділдаевтың айтуы бойынша).

# Ж

**ЖАППАСБАЕВ** Әлен — қызыләскер, Тереңөзек ауданы, бұрынғы «Майлыөзек» колхозында 1919 жылы туған, білімі ортадан төмен, колхозшы,

БЛКЖО мүшесі, Тереңөзек АӘК арқылы 1939 жылы армияға алынып, Брест қаласында әскери борышын өтеген. Ұлы Отан соғысы басталудан 5 күн бұрын, 1941 жылғы 17 маусымда жазған хаты елге келіп, «неміс фашистерімен соғысып қала-тын шығармыз, жағдай қатты шиеленісіп тұр» деп хабарлағаннан кейін ұшты-күйді хабарсыз кеткен. (Қызылорда қаласында тұратын қарындасы Жаппасбаева Зүлпіштің айтуы бойынша) «Боздақтар» естелік кітабының екінші томында (378 бетте) Жаппасбаев Әленнің аты «Әлім» болып, туған жылы 1918 жыл болып жазылып кеткен, майданға аттанған жылын 1941 жыл, 1942 жылы мамырда ұрыс даласында хабарсыз кетті делінген.

# И

**ИМАНҒАЛИЕВ** Муса — Арал ауданы, «Шөміш» станциясында 1916 жылы туған, білімі 5 класс, теміржолшы, Арал АӘК арқылы 1939 жылы армия қатарына шақырылып, Фин соғысына аттанған. Фин соғысы аяқталысымен, бірден хабарсыз кеткен. Боздақтың немере қарындасы, Қызылорда қаласының тұрғыны Ботакөз Иманғалиеваның айтуы бойынша, Иманғалиев Мусаны 1940 жылы армия қатарына алынды деу, фамилиясын Иманәлиев деп көрсету — дұрыс емес.

# К

**КЕНШУБАЕВ** Кәрімбай — қызыләскер, Сырдария ауданы, № 15, Қызылжарма ауылдық кеңесінде 1922 жылы туған, білімі ортадан төмен, колхозшы, БЛКЖО мүшесі, Сырдария АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, 226 АД, 533 АП, 553 ЕСапБ құрамында сапер ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылғы 25 желтоқсанда қаза тауып, Сталинград облысы, Городищенск ауданы, Нивный Рогачик елді мекенінің солтүстік-батысындағы алма бағында жерленген (Қызылорда қаласы, Жансүгіров көшесі, № 17 үйде тұратын қарындасы Күлтай Кеншубаеваның айтуы бойынша) «Боздақтар» естелік кітабының бірінші томында (96 бетте) Кеншубаев Кәрімбайдың аты-жөні «Күнтубаев Қарымбай» деп көрсетіліп, сапер болғаны аталмаған.

**КЕНШУБАЕВ** Сәмет — қызыләскер, Сырдария ауданы, № 15, Қызылжарма ауылдық кеңесінде 1919 жылы туған, білімі орта, БЛКЖО мүшесі, Алматыдағы сот қызметкерлерін әзірлейтін оқу орнында оқып жүргенде Алматы ҚӘК арқылы 1939 жылы әскерге алынған, Фин және ұлы Отан соғыстарына атқыш ретінде қатысқан, соңғы хаты Белосток деген жерден жазылып, сонан кейін ұрыс даласында хабарсыз кеткен (Қызылорда қаласы, Жансүгіров көшесі, № 17 үйде тұратын қарындасы Күлтай Кеншубаеваның айтуы бойынша) «Боздақтар» естелік кітабының бірінші томында (96 бетте) Кеншубаев Сәметтің аты-жөні «Күнтубаев Самат» деп көрсетіліп, әскерге алынған мерзімі дұрыс жазылмаған, Фин соғысына қатысқаны аталмай кеткен.

**КӨШІМОВ** Күнтуған — қызыләскер, Қазалы қаласында 1923 жылы туған, білімі ортадан төмен, қызметкер, БЛКЖО мүшесі, Қазалы АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. Елге аман келген, бірақ фамилиясын «Кубшинов Николай Иванович» деп көрсетуі себепті, халықта әртүрлі алып-қашпа әңгіме тарап, жауға тұтқын болғаннан соң КГБ тергеушілерінен қорқып, фамилиясын осылайша өзгерткен деген әңгіме тараған. Сол әңгімені негіз еткен аудандық «Зерде» өкілі Еремина «Боздақтар» редакциясына сондай мәлімет берген. «Боздақтар» естелік кітабының төртінші томында (497 бетте) фамилиясы «Көшенов» болып жазылып кеткен.

# Қ

**ҚАШҚЫНБАЕВ** Жаппас — қызыләскер, Арал ауданы, Авань балық зауытында 1913 жылы туған, білімі бастауыш, есепші, Арал АӘК арқылы 1942 жылғы мамырда майданға аттанып, Чкалов қаласында жасақталған әскери бөлімге қатардағы қызыл әскер ретінде қабылданып, соғысқа қатысқан, сол жылғы желтоқсан айына дейін Сталинград бағытындағы шайқастарға қатысып, елге бірнеше хаты келген, бір хатында «жау қоршауында қалып қойып, бұзып шықтық» деп жазған. Сонан кейін ұрыс даласында хабарсыз кетті деген «Қара қағаз» келген (Боздақтың туған ұлы, Қызылорда қаласы, Д. Қонаев көшесі, № 26/22 үйде тұратын Ернсат Қашқынбаевтың айтуы бойынша).

**ҚАРАЖАНОВ** Мырзабай — Қазалы ауданы, № 8 ауыл, Андреев атындағы колхозда 1918 жылы туған, орта білімді, БЛКЖО мүшесі, ауылдағы почта бөлімшесінің бастығы болып істеген, Қазалы АӘК арқылы 1939 жылы Фин соғысына аттанып, 1941 жылғы күзде бір жетіге елге демалысқа келген де, сонан кейін ұлы Отан соғысына қайта аттанған, сол кеткеннен хабарсыз. (Рзақұл Мәмбетжановтың хаты бойынша).

**ҚУАНЫШОВ** Әлімбет — қызыләскер, Арал ауданы, бұрынғы Ворошилов атындағы колхозда 1920 жылы туған, білімі бастауыш, балықшы, Арал АӘК арқылы 1942 жылғы қаңтарда майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, сол жылғы қарашада Калининград майданында жүргенде соңғы хаты келіп, сонан кейін хабарсыз кеткен (Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас стансасы, Совет көшесі, № 45 үйде тұратын баласы Әлібек Қуанышовтың 1997 жылғы 16 мамырдағы хаты бойынша).

# M

**МАҚСАТОВ** Кәрім — Қазалы ауданы, № 8 ауыл, Андреев атындағы колхозда 1918 жылы туған, білімі 4 класс, колхозшы, БЛКЖО мүшесі, үйленбеген, Қазалы АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, бірден хабарсыз кеткен (Рзақұл Мәмбетжановтың хаты бойынша) «Боздақтар» естелік кітабының 4 томында (208 бетте) Мақсатов Кәрімнің фамилиясы «Масқатов» болып, аты «Кәрім» болып кеткен.

**МӘМБЕТӘЛИЕВ** Абылай Ершеұлы — капитан, Арал ауданы, Сексеуіл поселкасында 1915 жылы туған, Ақтөбе қаласындағы педегогикалық институттың физика-математика факультетін 1938 жылы бітіріп, сол облыстағы Темір аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып істеген, БКП(б) мүшесі, Темір АӘК арқылы 1941 жылғы қыркүйекте майданға аттанып, пулемет расчетінің командирі шенінде соғысқа қатысқан, 1943 жылғы сәуірде қаза тауып, Могилев қаласы территориясында жерленген (жерленген күні, ауданы көрсетілмеген) (Сексеуіл станциясында тұратын інісі Төлеуқазы Жүсіповтың айтуы бойынша).

**МҰҢАЙТБАСОВ** Әбдіқалық — қызыләскер, Сырдария ауданы территориясында 1903 жылы туған, шала сауатты, жұмысшы, Сырдария АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, 1053 ә/б құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1944 жылғы 3 наурызда ауыр жарақат алып ДГ-да қайтыс болған, Пенза облысы, Ленин ауданы, Мироносенск зиратында жерленген (Пенза облысы, Ленинск АӘК-тің 1989 жылғы 22 қарашадағы № 4/1004 мәліметі). «Боздақтар» естелік кітабының бірінші, бесінші томдарында Мұңайтбасов Әбдіқалықтың аты —«Абдолалым болып кеткен, жерленген жері аталмаған.

**МУСАЕВ** Сәкімжан — қызыләскер, Қазалы ауданы, Калинин ауылдық кеңесінде 1925 жылы туған, білімі ортадан төмен, оқушы, БЛКЖО мүшесі, Қазалы АӘК арқылы 1943 жылғы қаңтарда майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, сол жылғы наурызда елге жазған хаты келіп, соңан кейін ұрыс даласында хабарсыз кеткен (Қазалы қаласы, Әбубәкіров атындағы көшенің № 120 үйінде тұратын інісі Құдайберген Мусаевтың айтуы бойынша).

**МЫРСЕЙІТОВ** Балабатыр — қызыләскер, Қармақшы ауданы, бұрынғы «Жаңабақыт» колхозында 1922 жылы туған, білімі орта, механизатор, БЛКЖО мүшесі, Қармақшы АӘК арқылы 1939 жылы әскерге алынып, Фин және Ұлы Отан соғыстарына танкист ретінде қатысқан, Латвия, Литва республикаларының елді мекендерін жаудан азат ету шайқастарына танкист ретінде қатысып жүргені жайлы елге хаттары келген, сонан кейін ұрыс даласында хабарсыз кеткен (Қармақшы АӘК-тің № 601 тізімі, боздақтың қарындастары Сәлима Жұмабекова, Жәмила Кошантаева, інісі Жауқарбек Жұмабековтың айтулары бойынша). «Боздақтар» естелік кітабының үшінші томында (217 бетте) Мырсейітов Балабатырдың туған жылы, білімі, мамандығы, майданға аттанған жылы, шайқастарға танкист ретінде қатысқаны, Фин соғысына қатысқаны көрсетілмеген, бұрмалана көрсетілген.

# Р

**РҮСТЕМОВ** Сәуен — аға сержант, Қармақшы ауданы, бұрынғы № 12, Қосарық ауылдық кеңесі, Ворошилов атындағы колхозда 1910 жылы туған, білімі арнаулы орта, мұғалім, БКП(б) мүшесі, ұлы Отан соғысы басталар алдында Оңтүстік Қазақстан облысы, Жетісай ауданындағы Ворошилов атындағы мектепте директор болып істеген, Жетісай АӘК арқылы 1942 жылғы 14 наурызда майданға аттанып, бөлімше командирі шенінде соғысқа қатысқан, 1943 жылғы тамызда елге соңғы хаты келіп, сонан кейін ұрыс даласында хабарсыз кеткен (Қызылорда қаласы, Гастелло көшесі, № 12 үйде тұратын баласы Саттар Рүстемовтың айтуы бойынша).

# С

**САБАНБАЕВ** Мұқсым — қызыләскер, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленгер ауданы территориясында 1916 жылы туған, орта білімді, қызметкер, БЛКЖО мүшесі, Қазалы АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылы ұрыс даласында хабарсыз кеткен (Қазалы АӘК тізімдері).

**СӘДУАҚАСОВ** Мағау — қызыл әскер, Павлодар облысы, Ермак ауданында 1908 жылы туған, білімі жоғары, Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтының алғашқы түлектерінің бірі, Қызылорда қаласындағы педагогикалық техникумда биологиядан сабақ беріп жүргенде 1942 жылғы 14 наурызда Қызылорда ҚӘК арқылы майданға аттанған, 66 Ар, 226 АД, 987 АП құрамында атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1944 жылғы қаңтарда Дон майданындағы шайқаста хабарсыз кеткен (ІКАІЖБҒЗИ, 5-156, Алматы қаласында тұратын қарындастары Күлкен, Зүкен, Рязань қаласында тұратын інісі Зәкәрия Сәдуақасовтардың айтулары бойынша). «Боздақтар» естелік кітабының екінші томында (199 бет) Сәдуақасов Мағаудың аты «Мағат» болып, білімі « сауатты», қызметі «жұмысшы» болып жазылып кеткен, ұрыс даласында хабарсыз кеткен мерзіміде дұрыс көрсетілмеген.

**СМАҒҰЛОВ** Сқақ — аға лейтенант, Қызылорда қаласында 1911 жылы туған, білімі жоғары, Қызы-

лорда темір жол бөлімшесінде номенклатуралық қызметте болған, БКП(б) мүшесі, Қызылорда ҚӘК арқылы 1934 жылы әскер қатарына шақырылып, екі жыл әскер қатарында болған, онан аға лейтенант шенін алып елге оралған. 1941 жылғы 22 маусымда ұлы Отан соғысы басталғанда, майданға теміржолшыларды алмау жөнінде нұсқау бола тұрып, Қызылорда ҚӘК оны 1941 жылғы шілдеде майданға жөнелтуіне тура келген. Смағұлов Сқақ 93 АД, 266 АП құрамында полк командирінің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары шенінде соғысқа қатысып, 1943 жылғы 12 ақпанда ұрыс даласында қаза тапқан, Смоленск облысы, Белое деревнясында жерленген (1943 жылғы 8 маусымдағы № 0247 бұйрықтан көшірме, ІҚАІЖБҒЗИ мәліметі, 20 том, 47 бет) «Боздақтар» естелік кітабының екінші томында (193 бетте) Смағұлов Сқақтың Қызылорда теміржол бөлімшесінде номенклатуралық қызметте болғаны, 1934 жылы әскер қатарына шақырылып, аға лейтенант шенін алып елге оралғаны, партия мүшесі екені айтылмаған, полк командирінің саяси жұмыстары жөніндегі орынбасары болғаны дұрыс көрсетілмеген.

**СМАҒҰЛОВ** Жүніс — гвардия кіші лейтенант, Қызылорда қаласында 1923 жылғы 15 желтоқсанда туған, білімі орта, БЛКЖО мүшесі, Қызылорда ҚӘК арқылы 1940 жылы Ақтөбе қаласындағы авиация ұшқыштарын әзірлейтін училищеге жіберіліп, ұлы Отан соғысы басталу алдында ғана оны ойдағыдай бітіріп шыққан, кіші лейтенант шенін алып, алысқа ұшатын бомбардировщик самолетінің ұшқышы ретінде майданға аттанған, 44 Дон гвардиялық авиполкінде алысқа ұшатын бомбардировщик самолетінің ұшқышы ретінде соғысқа қатысқан, 1945 жылғы 17 қаңтарда Варшава қаласын, сол жылғы 23 ақпанда Познань, сол жылғы 5 наурызда Германиядағы Штаргард қаласын алуда ержүректілік пен батырлық, тапқырлық танытып, командованиеден алғыстар алған, 1945 жылғы 22 сәуірде Берлин қаласын бомбылау үстінде самолетіне жау оғы тиіп, жалынға оранған самолетін жау тобырына құлатып, өзі ерлікпен қаза тапқан. Германия мемлекеті, Брандербург провинциясы, Фюрстанвельды қаласының шығысында 6 км жердегі Бсерфельде деревнясында жерленген (44 ГвАвиап командирі, гвардия подполковник Васильевтің хаты, 3 командование алғысы, Қызылорда қаласы, Пархоменко көшесінде тұратын қарындасы Күлан Смағұлова, Жалағаш ауданы, «Жаңа талап» серіктестігінде тұратын қарындасы Күләш Смағұлова, Қызылорда қаласы, Негодалов көшесі, № 51 үйде тұратын немере інісі Бейсембек Жұмаділдаевтың айтулары бойынша).

# Ө

**ӨТЕУБАЕВ** Иманәлі — Қазалы ауданы, № 8 ауыл, Андреев атындағы колхозда 1908 жылы туған, шала сауатты, колхозшы, Қазалы АӘК арқылы 1941 жылы майданға аттанып, 1942 жылы ұрыс даласында хабарсыз кеткен. Әйелі Мәрзия бір жасар Нартайды арқалап, 100 шақырым жерге жаяу барып, Қазалы станциясында жүргелі тұрған күйеуімен қоштасып қалған. Сонан кейін Иманәліден бір ғана хат келген (Рзақұл Мәмбетжановтың хаты бойынша).

# Т

**ТІЛЕУБАЕВ** Жұмағұл — Қазалы ауданы, № 8 ауыл, Андреев атындағы колхозда 1920 жылы туған, БЛКЖО мүшесі, білімі 4 класс, колхозшы, үйленбеген, Қазалы АӘК арқылы 1941 жылы шілдеде майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1942 жылы майдан даласында хабарсыз кеткен (Рзақұл Мәмбетжановтың хаты бойынша).

# Ұ

**ҰЗЫНЖАСОВ** Әліпбай Тапалұлы — қызыләскер, Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылдық кеңесі, бұрынғы «Бозарқаш» колхозында 1907 жылы туған, сауаты ортадан төмен, колхозда есепші болып жұмыс істеген, Қармақшы АӘК арқылы 1941 жылғы шілдеде майданға аттанып, Сталинград бағытында шайқаста атқыш ретінде соғысқа қатысқан, 1943 жылғы дейін елге хаттары келіп тұрған, сонан кейін ұрыс даласында хабарсыз кеткен (Қармақшы қыстағы, Сейтжан ақын көшесі, № 19 үйде тұратын туған келіні Кентай Балғабаеваның айтуы бойынша).

## Елу жылдан кейін табылған «қара қағаз»

Смағұловтар әулеті кешегі ұлы Отан соғысында төрт азаматын аттандырды: Жұмаділда, Байділда, Сқақ және Жүніс бірінен кейін келесісі қанды шайқасқа аттанып, төртеуі де Отан қорғау майданының белортасында бола білді. Сол төртеуінен тек Жұмаділда ғана елге оралып, өзге үшеуі «ұшты-күйді хабарсыз кеткендер» қатарында саналды.

«Боздақтар» естелік кітабының екінші томын қолға алған Жұмаділданың ұлы Бейсембек хабарсыз

кетті деп жүрген ағасы Сқақтың Отан соғысында ерлік көрсетіп, қаза тапқанын көріп, туған-туыстарына жүгірген. Тірі кеткен ағасының «тірі» бейнесін көргендей болып, шүйінші сұраған. Сқақ 93 атқыштар дивизиясының 266 полкінде аға лейтенант, взвод командирі шенінде соғысқа қатысып, 1943 жылғы 12 ақпанда Смоленск облысының Белое деп аталатын деревнясындағы шайқаста ерлік көрсете отырып, қаза тапқан. Жауынгерлері оны аса құрметпен жерленген.

Рас, «Боздақтар» естелік кітабының редакциясы кітапқа осындай мәліметтерді Мәскеуден алынған компьютерлік мәліметтер бойынша бергенімен, Сқақтың майданға аттанған жылы 1941 жыл емес, онан әлдеқайда бұрын тағдырын Қызыл Армиямен тығыз байланыстырған болып шықты. Ол 1934 жылы Қызыл Армия қатарында болып, аға лейтенант шенін алған, Ленин партиясының қатарына өткен, ұлы Отан соғысы басталар алдында Қызылорда теміржол бөлімшесінде номенклатуралық қызметке тағайындалған. Қызыл Армия ардагері ретінде, қалалық әскери комиссариат Сқақ Смағұловты соғыстың алғашқы айларының ішінде-ақ майданға аттандыруына тура келген.

Енді «хабарсыз кетті» деп саналып келген Жүніс Смағұловке келсек, жетпісінші жылдары қайтыс болған оның анасының сандығын қызы Күлан кейін ашып көруіне тура келген. Оның анасы Фатима сол сандық ішінде ерекше бір құпия зат сақтағандай болып, оны қызғыштайқорғап жүрген. Соғыс жайлы сөз қозғала қалса-ақ Фатима ерекше бір түрге еніп, ішкі ойын жасырып, аратұра сандық жаққа ұрлана көз тастап, «балам әлі келеді, ол тірі жүр» деп қоятын. Жасырған бір сыры бардай сезілетін.

Я, ананың жасырған сыры бар болып шықты. Соғыс аяқталғаннан бірер күн кейін келген қара қағаз сандықтан шыға келді. Онда былай деп жазылыпты:

*ИЗВЕЩЕНИЕ*

Ваш сын младший лейтенант Исмагулов Жунус в бою за Социалистическую родину, верный воинской присяге, проявив геройство и мужество, погиб 22 апреля 1945 года. Похоронен в дер. Бсерфельде северной части гор. Фюрстанвельды 6 км Брандербургской провинции (Германия). Настоящее извещение является документом для возбуждения ходатайство о пенсии. Приказ НКО СССР №....., 44-го Донского Бомбардировочного Авиаполка...
Горвоенком, нач. II части.

1945 года VI 29 число,
Нотариус *Рахманкулова по реестру* № 1848».

Бұл мәліметтен белгілі болғанындай, Жүніс Смағұлов 44 Дон авиаполкінің алысқа ұшатын бомбардировщик самолетінің не ұшқышы, не атқышы болғаны анықталды. Тағы бір ескеретін жәйт — ол соғыс аяқталар алдында ғана Берлинге әуе шабуылын жасау үстінде оқыстан мерт болғаны. Бұл қара қағазға қосымша, Фатима ананың сандығынан бірнеше алғыс хаттары шыға келген. Сол алғыс хаттарының бірінде былай деп жазылыпты:

> «Гвардии младшему лейтенанту Исмагулову Жунусу, № 223 от 17 января 1945 года. За отличное боевое действие в боях за освобождение города Варшава Вам объявлена благодарность.
> Командир части гвардии подполковник *Васильев».*

Сол гвардия подполковник Васильев қол қойған келесі № 284 алғыс хатта Жүніске Познань қаласын аларда алғыс жарияланған. Енді 12 күн өте бергенде сол Васильев Германия территориясындағы Штаргард қаласын азат етуге байланысты Жүніске тағы да алғыс хатын табыс етіпті.

Біздің қолымыздағы компьютерлік мәліметтерде 1945 жылғы 22 сәуірде Берлинге жойқын шабуыл басталғаны айтылады. Ал сол жойқын шабуыл кезінде Жүніс Смағұловтың самолетіне жау снаряді тиіп, лапылдай жана бастаған самолетті ол жау тобырына қарай бағыттап, өзі де, жау тобыры да опат болған болса керек. Әйтпесе ол жайлы елге жоғарыдағыдай хабарландыру — қара қағаз әскери бөлімнің өзінен келе қоймас та еді ғой.

Біздіңше, қызылордалықтар Жүніс Смағұловтың атын мәңгілікке қалатындай етіп, бір игі шара белгілердей болса, нұр үстіне нұр болар еді.

**в) Алматыдан келген «қара қағаз»**

Келесі бір қызылордалық Мағау Сәдуақасов жайлы біздің «Боздақтар» естелік кітабының екінші томында шамалы ғана дерек беріліп еді. Ол 1941 жылы майданға аттанып, 1942 жылғы 14 қарашада Дон майданы құрамында атқыш ретінде соғыса жүріп, ұрыс даласында хабарсыз кеткені жазылып еді. Рас, 66 армияның 226 атқыштар дивизиясында, 987 полкте болғаны айтылған.

Біздің бұл кітабымыз Алматы қаласы, Мұқағали Мақатаев көшесі, № 11 үйдің 57 пәтерінде тұратын боздақтың туған қарындасы Күлкен Сәдуақасованың қолына тиген. Соғысқа аттанғанын ғана білетін, қандай майданда, қандай әскери бөлімде болғанынан бейхабар Күлкен мынау кітап мәліметтерінен біраз нәрсеге қанығып, сандығында жатқан бір қара қағазды ала бізге жетуге асыққан. Бақсақ, Мағау Сәдуақасов 1942 жылғы 14 қарашада емес, 1944 жылғы қаңтарда тап сол Дон майданындағы шайқаста хабарсыз кеткен болып шықты. Бұл арада біз кінәлі емеспіз, мұндай жаңылыс мәліметті Мәскеудегі арнаулы архивтік мекеме берген болып шықты.

Біздің кітабымыздағы боздақтың аты «Мағат» болуы да, білімі «сауатты», қызметі «жұмысшы» деп берілуі — бұл осы мәліметті алғаш есеп карточкасына түсірген қалалық әскери комиссариат қызметкерлерінің кінәсі еді.
Мағау Сәдуақасовтың Алматыда екі қарындасы, Рязань қаласында бір інісі бар екен. Солар түгелдей бізбен хабарласып, соғыстағы қанды шайқаста хабарсыз кеткен ағасының мәліметтерін алды. Олардың бізге табыс еткен құжаттары бойынша, Мағау Қазақтың педагогикалық институтының тұңғыш түлектерінің бірі болып шықты. Майданға аттанар алдында Қызылорда қаласындағы педагогикалық техникумда биологиядан сабақ беріп жүргенде майданға аттанған.

Тап сол Қызылорда педагогикалық техникумды бірінші бітірген түлектер түлеп ұшқан сапарында бір топ мұғалімдер, техникум бітіргендер суретке түскен екен. Техникум директорының орны бос тұр. Үңіле қараймын. К. Бекбуллаев деген азамат екен.
— Техникум директорының суреті қайда кеткен?— деп сұраймын осы суреттің ксерокөшірмесін маған әкеп тапсырғандардан.
— Ол халық жауы деген атақ алып, бір түнде ұсталып кетіпті. Соны біліп, осы суреттегі өзге 27 адам қолдарындағы суреттерінен кешегі директорының суретін жұлып алып тастай берген ғой,— деген жауап алдым. Ай, өмір-ай, қазір ол директор тірі болып, сол дәуірдегі зобаланды бастан-аяқ айтар болса, талай сұмдыққа тап болар едік ау ә?

*Қалмұқан ИСАБАЙ,*
**жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері**

## БІЗ НЕ ҮШІН СОҒЫСТЫҚ?

**Тарихтан орын алған оқиға атаулыға әр уақыттың өзінің көзқарасы болады. Бүгінгі ұрпақ Ұлы Отан соғысына қатысқандарға қарағанда басқаша ой тебірентетіндей. Тіпті бүгінде «Қазақ ол соғысқа неге қатысты?», «1916 жылы ақ патшаға әскер бермейміз деп атой салған асау қазақ 1941 жылдың қанды қасабына өздігінен топырлап неге бара берді?» деп «Орыс пен неміс арасында болған соғысқа қазақтың араласқанына», «Сонау Ресейді қорғау үшін қолына қару алып, жанына сала соғысқанына» қайран қалып, соған байланысты соғыс ардагерлеріне көрсетілетін қайырымдылық пен құрметке іштері күйетін ұрпақ өкілдері де шығып жүр. Мұндайларға қазақтың әуелден соққан таңбасы бар; «Жау кеткен соң қылышыңды боққа шап», «Қасқыр қойды жеп кеткен соң үрген ит», «Қотанда күл шашқан «батыр!»**

Өз басым халық санасының жоғарылығына әуелден табынып жүретінмін. Бұл қасиет, әсіресе, соңғы екі жиһан соғысында анық байқалды: алғашқысына қатысудан бас тартты, соңғысына «өздігінен топырлап бара берді». Неге? Бұл сұраққа жауап беру үшін сол соғыстардың мәнжайы мен мақсатын біраз сана сарапынан өткізген ләзім.
XX ғасырдың алғашқы он жылдығына дейін Еуропа мемлекеттері дүние жүзін өзара отарға бөліп алысқан. Сонда да «Анау сүбелі жерді алып қойды-ау», «Мынаған көп кетті-ау» деген пендешілік, әрі қомағайлық ойдан енді оны қайтадан бөліске салу керек болды. Бұл — бір. Екіншіден, «Еуропа құрама штаттарын» құру ойы да сол заманда туған. Яғни, ол Англия бола ма, Франция бола ма, Германия бола ма, әлде Австро-Венгрия бола ма, әйтеуір біреу жетекшілік орынға ие болу керек те, қалған мемлекеттер оның штатына айналу керек.
Бұл дүниеде кімнің кімге кіріптар болғысы келгендей. Десек те осы бағыттардағы саяси күрестер етек алып кетіп, ақыры ол бір жағында Франция, Англия, Италия, Сербия, (Антанта), екінші жағында Германия, Австро-Венгрия болып екіге бөлініп, біріне бірі от шашқан жиһан соғысына айналды. Ал күні кеше ғана (1905 жылы) Жапониямен соғыста Балтық, Қара теңіз флоттарынан айырылып, масқара болып жеңілген, халқы соғыс атаулыға қарсы, оқ-дәрі, қару-жарақ шығаратын зауыттары тұралап қалған, келесі соғысқа мүлде дайындығы жоқ Ресей Антанта жағында болып, Германия мен Австро-Венгрияға қарсы шығады. Қыруар адамды алғы шептегі окоптарға қуады. Сонда Ресейдің әр он солдатына бір винтовкадан ғана келген екен. Сол қаруға ие болып, оқ боратып жатқан біреуінің не тезірек өліп, не жараланып кетуін қалған құрқол тоғызы күтіп жатады екен жанында. Адам ресурсы Ресейде мол. Антанта алпауыттарына осы керек болды. «Бізде зеңбірек оғы болмаса да зеңбірек жемі жетерлік» деген екен Николай екінші патша. Сол «жемінің» бірі қазақ халқы болатын. Осыдан келіп 1916 жылғы маусым жарлығы шығады. Ал қазақтар бұл жарлықты орындаудан екі себеппен бас тартып, атқа қонады: біріншісі — жоғарыдағы алпауыт елдердің ешқайсысының да саясатында қазақтың мүддесі болмайтын. Өзі біреуге отар болып отыр-

ған халық отар бөлісіне қалай аралассын. Ал «Еуропа құрама штаттары» деген ұғым мүлде жат болатын. Тіпті оны түсінбейтін де. Ресейді қорғаудан ат-тонын ала қашқан — өлмесе, өмірем қапсын деген. Екіншісі — Ресей патшасының маусым жарлығында алдымен казачество қамы болғаны қазір белгілі болып отыр. Мәселе мынада. 1916 жылдың наурыз айында казачество басқармасы үкімет алдына үш баптан тұратын талап қойған екен (бірінші жиһан соғысына белсене қатысқаны үшін). Үшеуінің де сайып келгенде айтары бір-ақ сөз —«Киргиз (әрине, қазақ) жерін казачествоға қашан алып бересіңдер!». Содан үш айдан кейін қазақтан 19—43 жас аралығындағыларды майдан қара жұмысына алу жөнінде патшаның маусым жарлығы жариялансын. Егер осы іске аса қалған жағдайда Казачествоның қазақ жерінде өз мемлекетін құрмақ болып өзеуреп жүрген аш құлқынына кім қарсы тұра алғандай еді? Қазақтар мұны білді ме, білмеді ме, бұл жағы өз басыма беймәлім. Ал мәлімі, қазақтардың атқа қонғаны — азаматын да, жерін де қорғап қалғаны.

Қазақтың 1 жиһан соғысына қатысудан бас тарту себебі осы айтқандарымыздан туындайтын болса керек.

Ал ол екінші жиһан соғысына неге «топырлап кетіп жатты?» Мұның себебін де дүние жүзілік саяси ахуалдан іздеген жөн болар. Көкжиектен фашизм бой көтеріп келе жатты. Ол 1926 жылы Италияда, 1933 жылы Германияда, 1938 жылы Испанияда үкімет басына келді. Әсіресе, неміс фашизмі қызылкөзді еді. 6-7 жыл ішінде Еуропаның көп елін басып алды. Венгрия, Румыния, Түркия, Финляндия неміс фашизмінің сыбайласы болды. 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Германияның Польша шекарасын бұзып кірген күні екінші жиһан соғысының басталған, 1941 жылдың 22 маусымында Кеңес Одағына шабуылы сол соғыстың шырқау шегіне жеткен күні болатын. Дүние жүзінде бұл соғыстан бірде-бір халық, бірде-бір мемлекет тыс қалмаған. Халқының саны 1 миллионға да жетпейтін Албания бүкіл соғыс бойы фашизмге қарсылығын бір сәт те бәсеңсіткен жоқ. 30 мыңдай ғана халқы бар Лихтенштейн деген шағын мемлекет неміс фашизміне соғыс жариялады. Баяғы қуатты Ассирия мемлекетінен қалған жүз мыңдай ғана адам фашизмге қарсы соғысу үшін арнайы батальон жасақтады.

1942 жылы антигитлершіл одақ (КСРО, АҚШ, Ұлыбритания) басшылары жер шарының бір тұсында бас қосып, мәжіліс құрмақ болды және ол бейтарап ел астанасы болуы керек еді. Сондай қала деп Иран астанасы Таһиран (біз орысшадан алып Тегеран деп жүрміз. Дұрысында бұл қаланың аты Иран Шахин шахының тағы қойылған қала дегеннен шыққан. Яғни — астана. Сонда қазақша Таһиран болып жазылмақ — Қ. И.) қаласы таңдап алынды. Осы жөнінде дипломатиялық арналар арқылы сөз жүргенде Иран жағы бір-ақ шарт қойған екен: «Егер соғыстан кейін Иран да фашизмге қарсы соғысқа қатысты, деп саналатын болса, антигитлер одағы басшыларының Таһиранда бас қосуына жағдай туғызады». Фашизмге қарсы соғыстың көп мәселелері шешілген әйгілі Таһиран конференциясының уақытында өткеніне қарағанда, Иран ұсынысы қабылданған болуы керек. 1946 жылы БҰҰ ұйымдасқанда Иран оның алғашқы мүшелерінің бірі болып қабылданды. (Сол жылдары бұл ұйым жарғысында мүше болғысы келген елдердің фашизмге қарсы соғысқа қатысқан-қатыспағаны жөнінде мәселе қойылатын).

Кеңес армиясының Сталинградтағы жеңісінен кейін демократиялық күштердің айбынымен алдымен Италия соғыстан шықты. Елдегі фашизм көсемі Муссолиниді бір аяғынан салбыратып дарға асып қойды.

1944 жылдың күзінде біздің әскердің шекараның батыс жағына қарай өтуіне байланысты неміс фашизмінің сыбайластары бірінен соң бірі соғыстан шыға бастады. Бұл мәселе жөнінде Түркияға ерекше тоқтап өткен жөн. Бұл ел мен Ресей ежелден біріне бірі қарсы мемлекеттер болып келген. Екінші жиһан соғысында ол неміс фашизмі жағында болып, өзін Ресеймен соғыс жағдайында деп санаған. 1944 жылдың күзінде Ясса-Кишинев операциясында фашистік Германия күшінің жеңіліс табуы нәтижесінде Түркия да соғыстан шығатынын мәлімдейді. Рим—Берлин—Токио арқауының сыбайластары тек соғыстан шығып қана қойған жоқ, оның үстіне бәрі де асыға-үсіге фашистік Германияға соғыс жариялай бастады. Мұнда бір-ақ мақсат көзделінген болатын: «фашизмге қарсы күресті» деген атаққа ие болу.

Неше түрлі халықтар мен нешеме мемлекет неге мұндай атаққа ие болуға құмартты? Біріншіден, Гитлер фашизмі басып алған елдерде концентрациялық лагерьлер салып, өркениетті халықтар өкілін жаппай қыра бастағанын, 6 миллион еврейдің крематориялар оттығында жанғанын көрген. Екіншіден, жеңістің алға басқан әр қадамы сайын Гитлер фашизмінің адамзатқа (жазатайымда фашизм жеңе қалғандай болғанда) әкеле жатқан қасіретінің беті ашыла берді. Соның бірі «Ост бас жобасы» бойынша болашақта Шығыс халықтарынан 120—140 миллион еркекті қыру көзделген. «Еркек» деп айрықша атау себебіміз, әйел жыныстыларды оңаша ұстап, оларға таза «ари қанды» неміс еркектерін салу арқылы «таяу 25—30 жылда 500 миллион арилік халқы бар Германия империясын құру» жоспарланған екен.

Гитлершіл фашистер жағынан осындай қасіреттің орын алатынын білген халықтар түгелдей оған қарсы шықты. Фашизм басып алған мемлекеттерде партизан қозғалыстарының жаппай етек алуының төркінінде де фашизм идеясын іске асыртпау әрекеті жатқан болатын.

Өзінің сөзімен айтқанда «Барлық өмірін коммунизмге қарсы күреске арнаған» Уинстон Черчилль мен АҚШ президенті Франклин Рузвельт неге Кеңес Одағымен одақтас болды? Фашизмді жөргегінде құрту соғысына неге үндістер мен арабтар Британ армиясы қатарында, негрлер Америка армиясы қатарында жандарын сала соғысты? Өйткені фашизмнің дүниеге әкелер қасіретін

бұлар да білді. Идеологиясы, жүйесі, формациясы әр түрлі елдер өзара саяси дау-дамайды қойып, неге жұдырықтай болып жұмыла қалды? Бұл сұраққа жауап беруді оқырманның өз үлесіне қалдырдық.
Тарих мынадай да өмір сабағын біледі:
...XVII—XVIII ғасырларда шығыс Еуропада «Посполит өкімі» («Речь Посполита») деген Поляк феодалдық мемлекеті өмір сүрді. Балтық жағалауы елдері, Украина, Белоруссия көрсетілген уақытта соның ауқымында болған. Әйгілі Наполеонның обыр соғысында ол дүниені жаулап алушыға қарсы шығудың орнына, оның сыбайласына айналды. Басқыншының таптауына жерін еміненеркін беріп қойды. Наполеон армиясын құртуға одақтас болған Ресей, Швеция, Пруссия (бүгінгі Германияның бір елі) Австро-Венгрия қатарына қосылмады. Осының салдарынан Наполеоннан азат етілген Еуропа елдерінің шекарасын белгілеуге арналған 1815 жылғы Вена конгресінде одақтастар Балтық жағалауындағы елдерді оңаша шығарып, Померания мен Силезияны Пруссияға, Галиция өлкесін Австро-Венгрияға, Украина, Белоруссия және орталық Польшаны Ресейге беріп, «Посполит өкімін» жойып, Польшаны ортақ жауды жоюға ат салыспағаны үшін қатты жазалаған...
Сонда Алтай мен Атырау арасындағы ұлан-ғайыр даланы алып жатқан қазақ не істеу керек еді? Әрине, өркениетті адамзат қатарынан орын алып, фашизммен соғыстың алғы шебінде болуы керек-ті. Болдық та. Жарты миллиондай құрбандық бердік. Соның арқасында ғана бүгін адамзатқа қасірет әкелушілермен соғыста аянбаған халық ретінде кеудеміз — көтеріңкі, жүзіміз жарқын, дауысымыз — ашық, сезіміз — батыл. Бізді ешкім де фашизммен соғыста бұғып қалғансыңдар деп жазғыра алмайды.
Ендеше ортамызда жүрген ардагерлерді «сендер кеше кім үшін, не үшін соғыстыңдар, содан не ұттыңдар» деп кустәналайтын бүгінгі ұрпақ өкілдері шығып жатса, оларға айтар жауап осы. Жалпы бәріміз де тарих, уақыт атты құдіреттің алдында жауапты екенімізді ұмытпайық.

(*«Егемен Қазақстан»* газеті,
1997 жылғы 9 мамыр).

*Ыдырыс Қалиев,*
**Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.**

## ОБЛЫСЫМЫЗ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Ұлы Отан соғысы жылдары алдында құрылған Қызылорда облысы Сыр елі халқының рухани байлығы мен ауызбіршілігін көрсететін сын сағат — фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысы жылдарына қадам жасады.
Соғыс жағдайы тыл мен ұрыс даласын біртұтас майданға айналдыруды талап етті. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ ауыл шаруашылығында жұмыс қолының жетіспейтіндігі, мамандардың тапшылығы сезілді. Қызылорда қаласы қыздарының бастамасымен ұйымдастырылған алғашқы жүргізушілер курсында 37 қыз оқыды. Көп ұзамай бұл бастаманы қуаттаған облыстың 700 аруы комбайндар мен тракторларды тізгіндеуге аттанды. Солардың ішінен шыққан Ұ. Қасымова, Р. Қамбарова, У. Өмірзақова, Г. Теңізбаева, К. Кәрімбаева, Қ. Түлкібаева, М. Нарымбетовалардың есімі Республикаларға танылды.
1941 жылдың соңынан бастап облысқа эвакуациямен көшірілген ІІ кәсіпорын келді. Бұлардың ішінде екі паровоз жөндеу шеберханасы, үш консерві зауыты, электрожабдықтар, механикалық зауыттар болды. Олар тез арада іске қосылып, өндіріс потенциалын күшейтті. Бұған дейін облысқа сырттан 36542 адам көшіп келген еді.
Облыстағы бірқатар кәсіпорындарға қару-жарақ дайындау тапсырылды. Қызылорда, Қазалы теміржол депосы мина және қол гранаттарын, Жосалы мехзауыты 82 миллиметрлік шойын миналар жасайтын болды. Ал, жергілікті кәсіпорындарға соғыс киім-кешектерін тігу тапсырылды.
Қатаң тәртіптің арқасында өндіріс өнімі арта түсті. 1945 жылы жалпы өндіріс өнімі 1940 жылмен салыстырғанда 17,2 процентке өсіп, 55351 мың сомды құрады. 1942 жылы облыс 1941 жылға қарағанда 2 миллион пұт астықты артық дайындады. Озат диқандар Ыбырай Жақаев, Ким Ман Сам күріштің әр гектарынан 160—171 центнерден өнім алды.
1942—1944 жылдары мемлекет және қорғаныс қорына 53600 центнер ет, 2800 центнер май, 3870 центнер жүн, 254800 дана мал терісі соғыстан бұрынғы үш жылдың көлемінде тапсырылды. Облыс малшылары осындай жанқиярлық еңбектері үшін КСРО мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туына ие болды.
Соғыстың орта кезеңінде, Қызылорда облысның кәрі-жасына арнап айтылғандай «Правда» газеті бас мақаласында «Майданда қазақтар жақсы соғысуда, олардың ата-аналары, әйелдері тылда жақсы жұмыс істеуде» деп жазды.
Майданға ерікті түрде көмек көрсету майдан мен тылдың арасын жақындата түсті. Майданға жылы киім жинау, майдан қорын жасау, арнайы сый, сәлемдемелер жіберу, заемға жазылу, ақшалай жәрдем беру секілді көмектер жасалды.
Майданға көмек көрсету жөніндегі патриоттық бастамаға үн қосқан Қуаныш Баймағамбетов, Шоқатай Қоянов, Қашақбай Пірімов, Ыбырай

Жақаев, Кермітбай Дүйсенбаев, Ким Ман Сам, Қонысбай Ділімбетов сияқты азаматтар әрқайсысы майдан қорына 100 мыңнан 325 мыңға дейін ақша аударды. Мұнымен қатар облыс еңбекшілерімен қатар мектеп оқушылары жинаған қаржыға «Қызылорда колхозшысы» атты танк колоннасы, «Жаппасбай Нұрсейітов» атындағы сүңгуір қайық, тағы басқа техникалар іске қосылды. Арал комсомолдарының бастамасы бойынша 1942 жылы сүңгуір қайыққа 470598 сом, авиаэскадрилияға 1 миллион сом жинап берді.

Оңтүстік пен Кавказ жолдары кесіліп қалғанына байланысты, негізгі мұнай өнімдері Тәшкен темір жолы арқылы тасылды. Осыған байланысты облыс темір жолының маңызы арта түсті.

Облыс территориясында бірнеше әскери бөлімшелер жасақталды. Қазалы атты әскери полкінің негізінде ұйымдастырылған 75-ші бригада Москва түбіндегі ауыр ұрыстарға қатысты. Кейінірек 27-гвардиялық атқыштар дивизиясына айналып, Сталинград шайқасына араласты, ол Берлинге бірінші болып кірген құрамалар сапында болды. Ақтөбеде құрылған 101-атқыштар бригадасы құрамының үштен бірі қызылордалықтар еді. Бригада Ржев, Великие Луки үшін ұрыстарда көзге түсіп, Балтық майданында ұрысқа түсті. Алматы соғыс-жаяу әскер училищесі құрамында соғысқан қызылордалықтар 1943 жылы қаңтарда Ленинград қоршауын бұзуға қатысты.

Аса қаһармандық ерліктері үшін 17 қызылордалық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олардың ішінде тереңөзектік Нағи Ілиясов, Жаппасбай Нұрсейітов, сырдариялық Жақыпбек Махамбетов, қармақшылық Көмекбай Тәйімбетов, жаңақорғандық Әнуар Әбутәліпов, Александр Романов, қазалылық Үрмәш Түктібаев, Геннадий Шляпин, Владимир Счастнов, Мақаш Балмағамбетов, Қызылорда қаласынан Иван Журба, Николай Самороков, Семен Ларионов, Иван Подольцев, шиелілік Георгий Ковтунов, аралдық Александр Мин, Даңқ ордендерінің толық иелері сырдариялық Кәкім Әбдіқадыров болды.

Отан үшін жан қиған боздақтардың есімі халық жадында мәңгі сақталады. Сырдария ауданының «Ким» колхозын ұзақ жыл басқарған Қапан Сабыров, 1935 жылы омырауына «Ленин» орденін тағып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болған бронына қарамастан өз еркімен майданға аттанып, соғыста ерлікпен қаза тапқан. Сол сияқты Қызылорданың 1 Мамыр мектебінің директоры, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Ахмет Пірназаров Ленинград майданында ерлікпен қаза тапты. Балтық теңізі жағалауындағы Алитус қаласын босатудағы шайқаста алты қызылордалық бірден жер құшты. Олардың есімі сол қаладағы бауырластар зиратында мәрмәр тақтаға жазулы.

Партизан құрамасының даңқты командирі генерал С. А. Ковпак өз естелігінде барлаушылар Д. Байдәулетовтің, Е. Сексенбаевтің ерліктеріне жоғары баға берген. Қызылорданың мақтанышы атанған, қыршынынан қиылып кеткен, ақын жауынгер Әбзәлі Егізбаев жөнінде ұрпақ алдында өнегелі әңгіме айтуға болады.

1941—1945 жылдардағы соғыста Отанға берген антын қызылордалықтар адал орындап, алдыңғы саптан көрінді. Майдан шебінде біздің облыстан 150 мыңға таяу азамат аттанған болатын, содан 30 мыңнан астам арыс елге қайтып оралмады. Отан үшін жанын қиған боздақтардың есімі халықтың жадында мәңгілік сақталады.

(*«Сыр бойы»,* 1998 жылғы 28 наурыз).

## СМЕРТНИКИ НА ВОЙНЕ

### В 1941—1945 ГОДАХ НАШИ ЛЕТЧИКИ СОВЕРШИЛИ 636 ВОЗДУШНЫХ ТАРАНОВ

**В детском возрасте мы узнаем имена Николая Гастелло, Виктора Талалихина, Александра Матросова...**
**О них говорят как о патриотах, пожертвовавших жизнью во имя Родины. Оценка справедливая, но все же неполная.**
**Выстраивая факты в логическую цепочку, приходишь к выводу, что за броском на амбразуру дота или тараном стоял не просто осознанный выбор конкретных людей. Напрашивается вывод об особой ПОЛИТИКЕ.**

Случаи сознательного смертничества были отмечены чуть ли не во всех армиях стран-участниц второй мировой войны. Американцы, например, чтут память капитана Келли, чей подвиг был сродни подвигу Гастелло. В декабре 1941 г. его «летающую крепость» В-17 Д над Тихим океаном подбили японцы. Дав возможность другим членам экипажа выпрыгнуть с парашютами, Келли протаранил горящим самолетом японский линкор «Харуна».

В самой Японии получило известность движение «камикадзе» (в переводе — «божественный ветер») и «тейсинтай» («ударные отряды»). К первым относились элитные летчики-самоубийцы, призванные топить американские корабли. Ко вторым — человекоторпеды «кайтэн», управляемые вручную и начиненные взрывчаткой катера «сине», парашютисты-смертники, человеко-мины для подрыва танков, пулеметчики, приковывавшие себя цепями в дотах, и т. д. за период войны на Тихом оке-

ане усилиями одних только летчиков «камикадзе» было осуществлено 474 прямых попадания в корабли ВМС США или близких взрывов у их бортов. Было потоплено свыше 40 и повреждено 260 американских кораблей.

В Красной Армии в 1941—1945 гг. свыше 200 человек закрыли собственными телами амбразуры пулеметных гнезд. Советские летчики совершали 636 воздушных и 448 огненных таранов. (При огненном таране подбитый летчик направлял машину на наземную цель.) Число пехотинцев и матросов, бросившихся с гранатами под гусеницы немецких танков, исчислялось сотнями.

Наше «движение смертничества» (хотя оно так впрямую и не называлось) в определенном смысле превзошло японское. Отряды «камикадзе» начкли формироваться военным командованием Японии лишь осенью 1944 г.

Наибольшую активность они проявили в боях за Филиппины, а также за острова Рюкю и Окинаву в первые месяцы 1945 года. В тот период боевые действия для Японии приобретали все более выраженный оборонительный характер. Напомним, что во Вторую мировую войну эта страна вступила по сути в 1937 г., начав агрессию против Китая. Следовательно, при всей преднамеренности акций «комикадзе» и «тейсинтай», они все же были совершены в ходе оборонительных боев. Смертники фанатично верили, что только их гибель защитит их дом, страну и императора от неумолимо надвигавшегося противника.

Наоборот, большинство бросков на амбразуру красноармейцев и краснофлотцев приходится на 1943—1945 гг., т. е. на период наступательныз операций. Есть свидетельства того, что «матросовские» броски сознательно совершались даже в ходе майских боев за Берлин.

На победоносные 1944—1945 гг. выпадает примерно 15 процентов воздушных и 25 процентов огненных таранов от общего числа совершенных советскими летчиками в годы войны.

Еще можно как-то понять то, что в условиях военного времени в пропагандистских целях фальсифицировались данные об этих подвигах и людях, их совершивших.

Известно, что **Александр Матросов имел свыше 40 предшественников,** однако на щит — конечно, не по его вине — было поднято именно его имя. Была подтасована дата его последнего боя: 27 февраля исправили на 23 февраля, приурочив события к юбилею Красной Армии.

Непростительно то, что высшее военное руководство во главе с Верховным Главнокомандующим И. В. Сталиным попытались придать исключительному, почти сверхъестественному патриотическому порыву бойцов чуть ли не плановый характер. В частности, броски на амбразуру стали пропагандироваться как способ боевых действий пехоты при преодолении хорошо подготовленной обороны противника. Лозунг «Отдать жизнь за Родину!» усилиями политорганов превращали в требование постоянной готовности стать смертником — и не только тогда, когда сильный враг стоит у порога, но и тогда, когда он и без того недалеко от гибели...

И пусть написанное выше не покажется кощунством по отношению к павшим героям. Безнравственно, не раскрыв всей правды о Великой Отечественной войне, торопиться вновь наводить глянец на память о ней. Ведь мы по сей день ощущаем последствия — психологические, демографические и иные — той страшной трагедии. Вспоминая о ней, мы не имеем права пролистывать, «не глядя» ее самые тяжелые страницы.

*Андрей СОТНИКОВ*
(*«Аргументы и факты»,* № 19, 1997 г.)

## «КОГДА Я ВОШЛА В ЗАЛ СУДА, МЕНЯ ОХВАТИЛА ДРОЖЬ...»

## НЮРНБЕРГСКИЙ ПРОЦЕСС ПРОДЛИЛСЯ 318 ДНЕЙ

**Война против фашизма в Европе закончилась не только взятием Берлина и подписанием акта о капитуляции Германии. Ее закономерным финалом стал и Нюрнбергский процесс 1945—1946 гг. О его малоизвестных страницах наш корреспондент Борис СТАНИШНЕВ беседует с бывшей переводчицей от советской стороны, ныне доцентом Московского государственного лингвистического университета Елизаветой ЩЕМЕЛЕВОЙ-СТЕНИНОЙ.**

*— Елизавета Ефимовна, вам довелось слышать руководителей нацистской Германии «вживую», на их родном языке, со всеми особенностями речи, нюансами интонаций и т. д. Каким запомнились подсудимые — хотя бы некоторые из них — с этой точки зрения?*

— Очень сильное впечатление оставил Шахт, бывший президент рейхсбанка. Это был поистине гениальный финансист с драматической судьбой. Именно Шахт добыл деньги, чтобы вооружить Гитлера. И он одним из первых в немецком руководстве понял, какое «чудо» он сотворил.

В конце концов Гитлер посадил его в концлагерь. А союзники освободили и отдали под суд. Переводить его было ужасно трудно. В его ответах все время чувствовался какой-то подтекст, второй план. Он часто прибегал к игре слов. Отвечая на вопросы Джексона, главного американского обвинителя, переходил на английский язык.

Мне на долю выпало переводить ту часть приговора, где Шахта оправдывали. И вот я говорю: Шахта по всем пунктам признать невиновным, коменданту суда предлагается в ближайший перерыв его освободить. А Шахт сидит рядом с нами, и я вижу: у него сзади вся шея и голова налились кровью. Я подумала, что его хватит удар.

Что это было — потрясение? А может быть, что-то другое. Ведь он не мог не понимать, что, несмотря на всю его гениальность, несмотря на оправдательный приговор, его имя всегда будет стоять рядом с именами Розенберга, Кальтенбруннера и им подобных.

Наоборот, генерала Иодля, главного гитлеровского стратега, было переводить легко. Он отвечал на вопросы четко, сжато и по существу.

Риббентроп говорил медленно, тщательно подбирая слова. По-видимому, боялся усугубить свою вину неосторожным высказыванием. Вообще он как-то поблек, деградировал за время процесса.

— Когда мы договаривались о встрече, вы сказали, что проблема перевода страшно беспокоила организаторов Нюрнбергского процесса...

— Устный перевод, как известно специалистам, бывает последовательным и синхронным. В первым случае оратор что-то скажет и ждет, пока его переведут. Во втором он говорит, не останавливаясь, а переводчик переводит с микрофоном и науниками. До войны в Лиге наций, в других организациях существовал только последовательный перевод. «Синхрон» к 1945 г. только-только начинали осваивать.

К началу Нюрнбергского процесса обвинение собрало десятки тысяч документов — законы, приказы, инструкции, записи свидетельских показаний... Стало ясно, что с последовательным переводом процесс «утонет» во времени. И тогда организаторы пошли на риск, решив применить «синхрон».

—Какими были лично ваши первые впечатления на процессе?

— Когда я впервые оказалась в зале суда, меня от волнения била дрожь. Ответственность колоссальная, а тематика и лексика меняются постоянно. Дипломатические термины, военно-технические, юридические, медицинские...

А тут еще в зале суда организовали «второй этаж»— галерею, куда приезжала знать со всего света. Кого там только не было! Считалось престижным попасть хотя бы на одно заседание Нюрнбергского процесса. Вы не представляете себе эту картину — эполеты, аксельбанты, бриллианты. Все сверкает! И кругом «особо важные персоны».

Слава Богу, среди нас оказался дипломат Олег Александрович Трояновский. Он жил в Америке и с детства одинаково хорошо знал два языка. После войны в Лондоне начали подготовку материалов для будущего процесса. Трояновский, тогда сотрудник нашего посольства, на этой предварительной стадии полностью вошел в курс дела. На суде он начал первым безукоризненно переводить и доказал нам, что синхронный перевод текста любой сложности — это в принципе в человеческих силах.

Вокруг Трояновского царила атмосфера доброжелательности, спокойствия и уверенности. Нам дали маленькие дощечки с надписями по-английски: «SLOW» и «STOP». Мы их поднимали, прося выступавших говорить помедленнее или остановиться. А Трояновский шутил, что надо сделать еще одну надпись: «Не стреляйте в переводчиков, переводят, как могут».

— Но получается, что устроители процесса, решившись на применение неопробованного тогда еще «синхрона», дали сильные козыри защите.

— Действительно, защитники и подсудимые очень часто прибегали к такому приему: дескать, переводчик неправильно перевел, ничего подобного сказано не было. Это делалось для того, чтобы выиграть время для обдумывания ответов. Но судьи действовали четко. Останавливали слушания, смотрели стенограмму. Как правило, переводчики были на высоте.

*— Вы помните какой-нибудь случай из этой области, который произошел лично с вами?*

— Со мною случилось, например, такая история. Когда случалось дело о Катыни, немецкий защитник заявил: советская переводчица заранее передала ответы свидетеля, который сейчас будет выступать, всем остальным переводчикам. Следовательно, был сговор, показания свидетеля недействительны.

Помню замешательство в зале. Первым нашелся Додд, заместитель главного обвинителя от Соединенных Штатов. Он послал записку американскому офицеру, который сидел рядом с нами. Тот проверил, что никаких заранее написанных текстов у переводчиков нет, все переводят со слуха. Защитника призвали к порядку.

Потом выяснилось, что защитник перед началом заседания подслушал мой разговор с переводчицей американкой. Я ей сказала, что документы по Катыни уже переведены и не надо будет мучиться с переводом медицинских экспертов. Но я-то сказала: «документы», а он представил это как «ответы свидетеля»! Для суда это большая разница.

Вообще главное воспоминание о том времени — неимоверное нервное напряжение. У американцев на процессе было 640 переводчиков, у нас — 40. После судебных заседаний американцы сразу отправлялись отдыхать на свежий воздух, ведь при синхронном переводе мозг «горит», нужен кислород. А мы оставались в четырех стенах, шли в специальную комнату переводить документы. Когда закончился процесс, некоторые из участвовавших в нем переводчиков поехали в Нью-Йорк обучать «синхрону» сотрудников ООН, эта организация тогда еще только начинала работу. А я вернулась домой с крайним нервным итощением. Долгое время ничего не могла делать. Только лежала и плакала.

(*«Аргументы и факты»*,
№ 19, 1997 год».)

# ӘБУ ҚҰДАБАЕВ. ОЛ КІМ?



Тарихқа дендесек, РКП(б) Орталық Комитеті мен Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша 1924 жылғы қазанның 27-сінде Қазақ АКСР-ының құрамында Қарақалпақстан автономиялық облысы құрылды. Шынында бұл Қарақалпақ халқы үшін тарихтың үлкен тартуы еді. Осы жас республиканың қанат жайып, экономиксының, мәдениетінің аяғынан тұрып кетуіне, сол кездегі облыстық ұйымдастыру бюросының жауапты хатшысы Аллаяр Досназаровпен бірге біз сөз еткелі отырған облыстық төңкеріс комитетіне төрағалық еткен Әбу Құдабаевтың да қосқан елеулі үлесі бар.

Қалың оқырман толық хабардар болу үшін біз енді оның екі ел үшін атқарған қызметіне тоқталмақпыз.

Ол 1899 жылы Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласында туған. Ауылдық ескі мектепте сауат ашқан соң ол Ақмешіттегі орыс-қазақ школын аяқтайды. 1917 жылы зейінді жас жоғары бастауыш училищесіне түсіп, төңкеріс басталуы салдарынан оны бітіре алмайды.

Әбу Құдабаев 1918 жылы күзде коммунистік партия қатарына кіреді. 19 жасар қылшылдаған жас жігіт Қызылорда уезі ревкомының айрықша тапсырмаларды орындау бөлімі бастығының орынбасары болып қызмет етеді. Кейін оның ұйымдастыру қабілеті ескеріліп, Сырдария губерниялық партия комитетінің хатшысы болып сайланады.

Замандастарының айтуынша, ол орыс, қазақ, қарақалпақ тілдерінде жетік сөйлейтін, ауызымен құс тістеген шешен адам болған көрінеді. Ол туралы көзінің тірісінде-ақ түрлі аңыз әңгімелер мен жырлар шығарылған екен. Қазақтың белгілі ақыны Асқар Тоқмағанбетов «Партбилет» деген өлеңін, ал қарақалпақ әдебиеті класссиктерінің бірі Аяпберген шайыр өз қосығын арнаған.

Осындай аңызға айналған жігерлі жасты Қазақстан үкіметі жас автономиялық облысты жан-жақты көркейту үшін өкілеттік беріп, Төрткүлге (Қарақалпақтың сол кездегі астанасы) аттандырады. Архив деректерінің көрсетуі бойынша, Қазақстан Орталық Атқару Комитеті 1924 жылғы қазанның 17-сіндегі № 47 қаулысымен облыстық ревком құрамын бекітіп, оған төрағалық етуді Әбу Құдабаевқа тапсырады. Бұл сенімді ол адалдықпен атқарып шықты.

Ол келе жұмысты РКП(б) Қарақалпақстан облыстық ұйымдастыру бюросының жауапты хатшысы Аллаяр Досназаровпен бірге Орта Азия Республикаларының мемлекеттік шекараларын белгілеу істеріне араласудан бастайды. 1925 жылы қазан айында Төрткүл қаласында бірінші облыстық мәслихат болып өтті. Осы мәслихатта Әбу Құдабаев РКП(б) Қарақалпақстан обкомының жауапты хатшысы болып сайланды. Осы кезенде ол жергілікті кадрлар тарбиелеуде көп еңбек сіңірді.

Және бір қызғылықты дерек. РКП(б) Қарақалпақстан облыстық ұйымдастыру бюросы 1924 жылғы желтоқсанның 18-інде баспасөз туралы арнайы мәселе қарап, онда төмендегіше қаулы қабылдапты: «Ревком төрағасы Ә. Құдабаев өз жұмысына қоса «Еркін Қарақалпақ» газетінің жауапты редакторы болып тағайындалсын». Сөйтіп, ол қарақалпақ баспасөзінің де нығаюына көл-көсір пайдасын тигізген. Өз білімін тереңдету мақсатымен, әрі 1928 жылы ВКП(б) Орта Азия бюросында жауапты қызметкер, соңынан төменгі Шыршық (Өзбекстан) ауданында хатшы болып істейді. 1937 жылы ол өзінің екінші отаны Қарақалпақстанға қайта келіп, Хожелі ауданына хатшы, содан соң ұсталғанша Қарақалпақстан Жер істері халық комиссары болып жұмыс атқарады.

Қамшы сабындай қысқа ғұмырында Әбу Құдабаевтың ел үшін атқарған қызметтерін тізіп шығуға мақала көлемі көтермейді. Әйтсе де, оның 1925 жылы мамыр айында Қасым Әуезов екеуі КСРО Кеңестерінің III съезіне қатысып, онда Ұлттар Кеңесіне мүше болып сайланғаны туралы және Қарақалпақстан АКСР Конституциясы редакциялық коллегиясының мүшесі болғандығын ай тпасақ, күпірлік болар еді.

Есіл ер 1937 жылы қыркүйектің 15-інде «халық жауы» ретінде жазықсыз тұтқындалып, содан хабарсыз кетті.

Біз оның кейін, «өлгеннен соң ақталғанын» білсек те, мақала даярлау барысында кеңірек мәлімет алу үшін ұл-қыздары мен ағайын-туыстарын іздестіре бастадық. Қызылорда қаласында оның ұлы Темір Құдабаев жасайтынын біліп, онымен шұғыл хат арқылы хабарластық.

Темір ағамыздың ауырып жатқанына байланысты жұбайы Жібек апа Сәтбаеваға жолықтық. Ол бізге арнап задған Темір ағаның хатын жеткізген еді.

Темірдің хатынан: «Иә, отызыншы жылдың ойраны кімдердің басына зауал әкелмеді дейсіз?! Бұл қанды алапат науқанның түп-тамыры тереңіректе жатыр. В. И. Ленин қайтыс болысымен-ақ, партия ішінде фракциялық шиеленіс туды. Бухарин және Троцкий бастаған топтар мен Сталин жақтастары арасындағы билік үшін күрестің аяғы алғашқыларының «халық жаулары» болып, қашып-босып кетуімен тынды. Ал, 1934 жылы С. М. Кировтың зұлымдықпен өлтірілуі онсыз да ширығып тұрған жағдайға отқа май құйғандай әсер етті. Осыдан соң-ақ Сталиннің нұсқауымен Орталық Атқару Комитеті Президиумының хатшысы Енукидзе қол қойған қаулы қабылданды. Онда «халық жауларына» қарсы ымырасыз күрес жүргізу қадап-қадап

көрсетілді. («Известия ЦК КПСС», 1989 ж, № 3). Осылай қанды науқан басталып кетті.

«Басшылыққа жасырынып кіріп кеткен» капиталистік елдердің шпиондарын тауып беру жарысқа айналып кетті. ВКП(б) Орталық Комитетінің 1937 жылғы ақпан-наурыз пленумы түгелдей «халық жауларын» әшкерлеуге арналды. Сталин осы пленумда жасаған баяндамасын: «Пора, товарищи, давно пора покончить с этим безобразием!»— деп аяқтауы жаппай жазалауға берілген бұйрықтай қабылданды. Осы жерде реті келгенде айта кетейік, қиын кезендерде ағылшын үкіметін басқарған У. Черчиль мырзаның мемуарында мынадай жөйт сөз болған екен. Потсдам мәслихатында Сталин оның құлағына: «Мына немістерді жүз жылға дейін есін жиғызбастай етудің жолдары бар, ол үшін бұл ұлттың бетіндегі қаймағы-зиялыларын қырып тастау керек. Сонда бұлардың орнын толтыру үшін немістерге ұзақ жылдар қажет болады»,— деп сыбырлапты. Черчилдің жүзі түтігіп кеткенін байқап, Сталин «Әзілдеп едім» деп аунап түсіпті. Бұл оның «әзілі» емес, жұмыс істеу стилі болатын. Өткені 1950-жылдарда да қанқасап науқан қайта басталу алдында еді, тек Сталиннің қазасы ғана елді бұл апаттан сақтап қалды.

Сонымен, отыз жетінші жылдың қара бұлты қазақ, қарақалпақ аспанын да тұмшалай бастады. Сол жылдары мен бейбақ бес жасар, айналаға жаңа ғана байыппен қарай бастаған аңгөдек бала ем. Әйтсе де бәрі көз алдымда, сол дәуір оқиғалары көкірегімде мықтап ұялап қалған. Біз Төрткүлде қаракөлеңке көшеде, темір шатырлы үйде жасаушы ек. Ауламыз көршімізбен ортақ болатын. Үйімізге қарсы баспахана жайласқан еді. Әкем үйде сирек болатын. Үнемі іссапардан қолы босамайтын. Ол аз ғана бос уақыт тапса, кітап оқуды әдетке айналдырған еді. Кітапты өте сүйетін. Біздің үйдің бар байлығы осы кітаптартұғын.

1937 жылдың қыркүйек айының 15-інде, таң алдында НКВД-дан 4—5 адам сау етіп, кіріп келді. Үй-ішін аударып-төңкеріп әлдене іздеумен болды. Әкеміздің тұтқындалғаны туралы санкцияны көрсетіп, оны бірге ала кетті. Кетерінде олар бізді анамызбен бір бөлмеге жайғастырып, өзге бөлмелерді мөрлеп тастады. Сөйтіп, біз әкеміздің артында аңырап қала бердік.

Көп ұзамай белгісіз біреулер бұл бөлмені де босатуымызды талап етті. Біз лажсыз, әлдекімнен босап қалған жертөлеге орналастық. Сол алакөлеңке жертөленің іші тым қорқынышты әрі ызғар болатын. Анам жылауды қойып, белді бекем буып, тіршілік қамына кірісті. «Халық жауының» әйеліне ешкім де жұмыс тауып бере қоймады. Анам байғұс түнімен үш нәрестесін, бізді бауырына басып, бір түрлі зарлы әнді ыңылдап, ұйықтатуға тырысатын. Оның көз жастары кейде бетімізге тырс-тырс таматын. Біз де іштей егілетінбіз. Біз осылай бақытты балалық деген алтын дәуірмен ерте, тым ерте қош айтысқан едік. Анам таң алакеуімде тұрып, әкем сары алтындай сақтаған кітаптарын базарға апарып сатып, бізге жүрек жалғар бірдеңелер әкелетін. Сонда анамыз күлқын қамымен бірге шарқ ұрып әкемнің дерегін де іздеумен жүрген екен.

Бір күні таңертең анам бізді киіндіре бастады; «Болыңдар әкелеріңе барамыз!» Біз қуана ұшып түрдық. Оған жетсек, бар ауыртпалықтардан құтылатындаймыз. Асыға-аптыға Төрткүл түрмесіне де жеттік. Әкеміз жыл бойы Төрткүлде, қасымызда екенін біз бейбақ білмеген едік.

...Қаптаған зіл басқан есіктер. Бір кезде кішкене терезе ашылды. Біз әкемізбен осы тесік арқылы хабарласуымыз керек екен. Үңілсек, қара көлеңке бөлме төріндегі жалғыз орындықта әкеміз отыр екен. Өңі сап-сары, жүдеу. Азып кеткен. Үш перзенті біздің қолымыздан тап сындырып алатындай абайлап ұстап тұрып, сүйіп шықты. Әңгіме тым қысқа болды. Қоштасарда ешкімге байқатпай, анама тілдей қағаз ұстатты. Кейін білсем, «Берись за работу. Учи детей» деп жазылған екен. Қайран әкем, сол кезде біздер үшін барлық есіктердің тарс жабылып қалғанын білмеген екен-ау.

Әкем көңіл төрінде осы соңғы көріністе жатталып қалған. Сап-сары, жүдеу, тек қана ауыр азаптан шүңірейген көздерінде қажырлылық оты сөнбеген.

Анам бұл жерде бұдан әрі жасау мүмкін еместігін түсінді. Енді сатып ішер басы артық дәнеңе де қалмаған. Бір күні түнімен бізді құшақтап, әлдебір сай сүйегінді сырқырата бір мұңлы әнді ыңылдаумен болды. Таңды ұйқысыз атырды. Таң сызы біліне бізді асығыс киіндіре бастады. Біз «әкеме барамыз» деп қуанып айқайлап жібердік. Анам салмақты кейіппен: «Әкең ұзақ сапарға кетеді, біз енді елге қайтамыз»,— деді. Бұл 1938 жыл еді. Сол ұзақ сапардан әкем оралған жоқ. Қайтпас сапар деуге анамның тілі бармаған шығар, тегі. Өзекті өртейтіні — ең болмаса қабірін тауып, перзенті ретінде бір уыс топырақ сала алмағаным.

Анам Ажар үш перзенті — мені, Мария және Рүстемді ертіп, Қызылорданы бетке алып, тәуекелмен жолға шықты. Әмудария арқылы Шаржауға жеттік. Сол жерден пойызға отырып, әупірімдеп Ташкентке де келдік. Одан әрі тағы да отарбаға мініп, Қызылордаға аяқ іліндірдік. Обалы не керек, мұндағы ел бізді жатсынбады. Анам жүйке ауруларын емдейтін емханаға қатардағы қызметкер ретінде жұмысқа орнааласты. Өмірінің ақырына дейін осы жерде үлкен абыроймен қызмет атқарды.

Біз әкеміз туралы жиырма жыл бойы ештеңе біле алмадық. Ол кездері бұл туралы әңгіме қозғаудың өзі мүмкін емеседі. Сонымен мен 1956 жылы Алматы ауылшаруашылық институтында оқып жүрген кезімде, бір күні бейтаныс біреу мені оңашаға шақырды.

Ол: «Сізді бүгін кешке Әбдірахман Мұңайтбасов әйелі екеуі үйінде күтеді. Жерлесің, Қызылорданың Сырдария ауданынан»,— деп мекен-жайын беріп кетті. Кешке аң-таң күйде көрсетілген үйге келдім. Мені әйелі екеуі жылы қабылдады. Әңгімелесе келе ұққаным — олар сонау 20-жылдары Германияда оқыған сауатты да, мәдениетті

жандар екен. Олар маған: «Енді әкеңнің дерегін сұрайтын уақыт жетті»,— деп сұрау хат жолдауға жол-жоба көрсетті. «Ол жазықсыз сотталған, қорықпа»,— деді олар. Екі айдан соң жауап келді: «Дело изучается». Ал, 1957 жылы КСРО Жоғарғы Сотынан көптен күткен хат та жетті-ау. «Приговор Военной коллегии от 13 октября 1938 года в отношении Кудабаева А. Е. по вновь открывшиемся обстоятельством отменен и дело прекрещена за отсутствием осостава преступления. Кудабаев А. Е. реабилитирован посмертно».

Ол 58-статьяның 4-бабымен (Кеңес үкіметіне қарсы әрекеттері үшін) айыпталған екен. Кеш те болса әділдік жеңді. Жүзімізге бетперде болып келген «халық жауының отбасы» деген жаланы жұлып тастадық. Адамдарға тіке, батыл қарай бастадық. Анам бұл хабарды естігенде жоқтау айтып жылады: «Қай жерде жатыр сүйегің, арманда кеткен боздағым?».

Анамыз әке аманатын орындап, бізді кемелге келтіріп, 1964 жылы қайтыс болды. Өмірінде арқа сүйер азаматынан бір, 1940 жылы ұлы Рүстемнен екі, 1955 жылы сүйікті қызы Мариядан тағы айырылғанда осы бір шүйкедей кемпірдің жүрегі қиындықтан қарс айрылып кетпегеніне әлі күнге дейін таң қалам. Тағдыр тауқыметі әбден шыңдағандікі ме, әлде Әбу келеді деген үміттің жетелеуімен жасағандікі ме екен, кім білсін?».

Жібек апай айтады: енемізді өз ұолымыздан қойдық. Ол бірде дәм-тұзы таусыла бастағанын сезді ме, мені жанына шақырып алып, мұңын шаққан еді: «Мен аз жасадым демеймін. Әбу ұрпағын аман-сау кемелге келтіріп, шаңырағын құлатпау үшін ғана өлмеуге тырыстым. Үш түйір баласының екеуінен айырылып қалдым. Олардан бұрын мен өлуім керек еді, қайтейін. Әбу түсіме кіріп жүр. Мен енді оның алдына аманатынды ақтадым деп ұялмай бара алатын шығармын. Әттең, өкінетінім — оның қабірін тауып, балаларын басына апарып, құран оқыта алмадым». Екі елдің өткен тарихы туралы сөз қозғағанда Әбу Құдабаевтың, Тұрар Рысқұловтың, Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Аллаяр Досназаров, Асан Бегимов сынды азаматтар қатарында еске алмау мүмкін емес. Әбу Құдабаевтың есімімен қазір Қызылорда қаласының орталық көшелерінің бірі аталады.

*Қалбай Әділ ӨМІРБАЙҰЛЫ:*
(Мақала қысқартылып алынды)

## ПАРТБИЛЕТ

**(Аяулы азамат, 1918 жылдан КПСС мүшесі, марқұм Әбу Құдабаевқа арнаймын).**

Бір күні біздің үйге қонақ келді,
Қаладан жаңалықты мол ап келді.
Жас екен кішіпейіл, тілге шешен.
Сөзіне отырғандар құлақ түрді.
«Жиырма, жиырма бірдің шамасында,
Қазақтың оқыған жас баласында,—
Көрмедім мұндай жасты, ақылды екен»,
Десіп жұрт, отырды сөз арасында.
Укомның қаладағы хатшысы екен,
Жастардың сол кездегі басшысы екен.
Лениннің идеясын баяндаушы,
Қарлығаш, заманының жас күші екен.
Көргенім бірінші рет партбилетті,
«Мың тоғыз жүз он сегіз... жылда депті.
Құдабаев Әбуге берілгені.
Көз алдымнан елестеп бүгін өтті.
Мен онда партбилеттің терең сырын
Білем бе? Отыр едім оқып жылын
«Әй бала қайдан алдың қалтамнан» деп
Айтқанын ұмытқам жоқ жатып қырын.
«Қызығып қызылына сыртындағы —
Алып ем», деп буыным былқылдады.
«Бала бұл, Ленин берген партбилет» деп,
Бір күлкі есімде тұр мұртындағы.
«Лениннің суреті» деп бетіндегі,
Айтқаны әлі менің есімде еді.
Ленинді тұңғыш рет көрген кезім,
Тебірентіп жас та болсам отыр мені,
«Асықпа, ертең әлі-ақ сен де осындай,
Боласың коммунист», деп сыр жасырмай,
Айтқаны жүрегімнің түкпірінде,
Құйылып қалған мәңгі қорғасындай.
Ұмытпан, Әбу аға сол сөзіңді,
Жылы леп, қырдан соққан боп сезілді.
Өтсе де заман көшіп керуендей,
Көргендей боп тұрамын жыл да өзіңді!

*Асқар ТОҚМАҒАНБЕТОВ*

## БҰНЫ ДА БІЛГЕН ЖӨН.

Сталиндік коллективтендіру мен отырықшыландыруды күштеу жолымен жүзеге асыру халық наразылығын туғызды. Олар 1929 жылдың қыркүйегінен бастап Қарақалпақстандағы Тақта көпірде, Сырдария округіндегі Бостандықта, Қостанай округіндегі Созақта және Сарысуда, Ақтөбе округіндегі Ырғызда, Маңғыстауда, Алматы округіндегі Сарқадта, Қордайда және Балқашта Совет өкіметіне қарсы қарулы көтерілістер болды. Осыған байланысты колхоздардан жаппай

шығып кету фактілері орын ала бастады. 1930 жылы 1 мамырға дейін Қазақстан колхоздарынан 99316 шаруа қожалықтары шығып кетсе, ал жаңадан мүшелікке енгендер небәрі 18687 ғана болды. «Колхоздар-шаруаларды социализмге апаратын даңғыл жол деп сталиншілдер үздіксіз даурыққанымен, қазақ шаруаларының оған кіруге ықыласта болмады.

Батпаққара және Созақ көтерілістері әскери күштер арқылы басылды. Голощекиннің Сталинге жазған хатында (4 наурыз, 1930 жыл) Созақ көтерілісі туралы былай делінеді:

«...Көтерілістің басшылары — байлар мен ишандар. Көтеріліске дайындық екі ай бойы мұқият жүргізілген. Көтеріліске тұрған халықтың басым көпшілігі тартылған. Бұларға коммунистердің едәуір бөлігі де қосылып кеткен... Бұл бандиттік көтерілісті басып тастадық. Біз жақтан 50-ге жуық адам өлді. Олардан 400-ге жуық адам қырғынға ұшырады...»

Ырғыз көтерілісі кейде «Сарбаздар көтерілісі» деп те аталады. Мұның себебі бар. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан көптеген қазақтар 1930 жылғы Ырғыздағы көтеріліске де бастан аяқ қатысқан.

Осы көтеріліс жөнінде былай деп хабарлайды: «...Бандылардың саны 1000-нан артпайды. Бандыларда орнаған винтовка бар, олардың басым көпшілігі өздері қолдан жасап алған суық қарулармен (қанжар, қылыш, найза және т.б.) қаруланған... Жұртшылықтың бандыларға еруінің себебі — партиялық ұйымдардың кедейлердің арасында бұқаралық жұмысты дұрыс жүргізе алмауынан, саясаттың өрескел бұрмалануынан...»

1930 жылдың наурызы мен сәуірінде «Қарақұмға 15—16 мың жаны бар 5000 түтін шоғырланған. Қазақстанның он бес ауданынан жиналған осы шоғырдың жауынгер тобы —10 000 сарбаз».

Көтерілісшілерге Торғайдан, Созақтан, Ырғыздан келіп қосылған. 1929 жылы Қазақстанда 30-дан астам халық көтерілісі болған, 1931 жылы мұның саны 80-ге жеткен. Ал кішігірім толқулардың саны 700-ден асқан. 1929—31 жылдар аралығында Қазақстанда ұзын саны 2000-ға жуық халық толқулары бой көрсеткен. Бұған ондаған мың адам қатысқан. Осы көтерілістердің қозғаушы күші орта шаруалар мен кедейлер болған.

БК(б) П Қазақ өлкелік комитетінде Қазақстандағы көшпелі аудандарда коллективтендіруді жүргізудің нақты, жергілікті ерекшелікті ескерген айқын жоспары болмады. Мұның аяғы халықтың зардап шегуіне, мал басының күрт кеміп кетуіне әкеп соқтырды. Мұны Голощекиннің өзі де жасырмайды. Мәселен, ол Сталинге жазған (31 желтоқсан, 1931 жыл) хатында былай деп көрсетеді: «Соңғы үш жылда мал басы былайша кеміді: 1930 жылы бұл 20 миллионға түсті, ал 1931 жылы 8,5 миллион мал қалды...» Кедей мен орта шаруаларға өрескел салық салынды және ол аса дөрекі, қорлау тәсілімен жиналды. Қазақ аудандарында, олардың егін шаруашылығымен айналысатын — айналыспайтынына қарамастан, деревнядағыдай астық дайындау жүргізілді.

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру компартияның және сталиндік социалистік құрылыстың қазақ халқына жасаған ауыр қылмысы.

Ауыл шаруашылығын коллективтендіруге әлі даяр емес қазақ шаруаларын орасан зор зардаптарға әкеліп ұрындырды.

Күштеу аясаты әуелі қазақ байларына қолданылды. 1927 жылы жергілікті өкімет органдарын қайта сайлау кезінде байлар дауыс беру хұқынан айырылды. Келесі жыл дәулетті деген 700-ге тарта адам жер аударылып, түрмеге жабылып мал-мүліктері тәркіленді. Осының салдарынан атам заманнан бері қазақ жерінде қалыптасқан шаруашылық жүйе мүлде күйреді.

Қазақстанда өлкелік партия комитетінің және округтік партия комитеттерінің жандарынан байлар мен кулактарды қысқа мерзімде тап ретінде жоюды басқаратын арнайы «үштіктер» құрылды. Өлкелік партия комитеті жанындағы үштіктің 1930 жылы қаңтардың 23-інде өткен алғашқы мәжілісінде-ақ Қазақстанның жаппай коллективтендіру аудандарынан 20 мың бай мен кулакты семьяларымен шұғыл түрде елсіз, жапан далаға жер аудару туралы шешім қабылданып, жауыздық әрекеттер арқылы іске асырылды.

*Қ. БИЖАНОВ,*
тарих ғылымының кандидаты, доцент.
«Азат»—1992 жыл мамыр, № 5 (31).

## ЗОБАЛАҢНЫҢ ЗАРДАБЫ

### 31 МАМЫР — САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ.

Қай кезде де ел басқарған көсемдердің қатыгездігінен халық зардап шеккен. Кеңес үкіметі дүниеге келген күннен бастап, жазықсыз адамдардың басы Алланың емес, қылышынан қан тамған қызылдардың добына айналған. Қазір өткен тарихты саралап қарасақ, 1917—1959 жылға дейін В. Ленин, И. Сталин және Н. Хрущевтардың озбырлығынан 66 миллион адам зорлық-зомбылықтан, жазықсыз қырғынға ұшыраған. Оның кезеңдерге бөлетін болсақ, 1921—1957 жылдары тек контрреволюциялық әрекеттері үшін деген жалған айып тағылып, Кеңес одағында үш миллион 777 мың 380 адам жазықсыз жазаланған. Олардың ішінде ату жазасына 642 мың 980

адам, лагерьлер, мен түрмелерге 2 миллион 369 мың 220 адам, айдаулар мен жер аударуға —765 мың 180 адам сотталған.

Әлемдегі ең ірі геноцид тарихтың айтуына қарағанда Комбодже жерінде болған. Қазір бұл ел Компучия деп аталады. Осы елдің 8 миллион халқының үштиен бір жазықсыз қырылған. Ал адамды жаппай қырып-жоюдан Адольф Гиттлер бастаған герман фашистері де қалыспапты. Германия және ол жаулап алған елдердің аумақтарында 1941—1945 жылдары немістер тек еврей ұлтының өкілдерінен ғана 5,8 милллион адамды өлтірген. Нацистік өлім лагері — Освенциум (оның аумағы 500 гектар, бір мезгілде оған 250 мың адам орналасып отырған) ерекше. Польшадағы Краков концлагерінде 920 мың адам қырылған. Бір ғана біздің республикамыздың өзінде 20—50 жылдары сот және сот емес органдар мемлекеттік қылмыстар жасады деген ешбір негізсіз айыптаулар бойынша 103 мыңнан астам адамды соттады.

Жоғары соттың әскери алқасының дивизия заңгері Горячевтің басқаруымен өткізілген көшпелі сессиясының үкімі бойынша көптеген адамдар 1938 жылы Қазақстанда 25 ақпан мен 11 наурыз аралығында «Халық жауы» деп атылған.

25— ақпанда —39 адам атылған. Олардың арасында С. Аспандияров, Ғ. Бөкейханов, С. Есқараев, Қ. Жұбанов, Т. Жүргенов, Ұ. Құлымбетов, І. Құрамысов, С. Меңдешов, С. Сейфуллин, Ғ. Тоқжанов бар.

26 ақпанда —37 адам атылған. Олардың арасында Х. Дүйсенов, І. Жансүгіров, І. Қабылов, Б. Майлин, Ж. Шанин және Р. Шоманов бар. Яғни тізімді оқып отырсақ қазақтың небір марқасқалары жазықсыз ажал оғына байланған. Бүгінгі еске алу күнінде келешек ұрпақтың басына мұндайды бермесін деп тілейміз.

*Ә. УӘЛИҰЛЫ.*
«Сыр бойы» 27 мамыр 1999 жыл.

## ЗОБАЛАҢ ЗАРДАБЫ.

Ыбырай Қалағанов 1918 жылы Ленин партиясының мүшелігіне өтті де, Перовск қаласындағы округтік НКВД комиссиясына хатшы болып қызметке орналасты. Артынша комиссардың көмекшісі — оң қолы болды. Осы қызметте отырып-ақ, Ыбырай Перовскіде тәртіп орнату күресінің бел ортасында жүрді. Округте мұсылман кедейлерге қырғидай тиген Перовск совдепінің төрағасы, Қызыл империя өкілі Иосиф Гержоттың ылаңы оның да зығырданың қайнатты. Сол Гержоттың зобалаңына тосқауыл қою күресінде ТҮРКОАК өкілдері Иса Тоқтыбаев, Сүлеймен Есқараев, жергілікті төтенше комитет бастығының орынбасары Нұрғали Сәтіғұловтармен қойын-қолтық араласа жүріп, ақыры Гержотты тұтқындатты.

Қыркүйекте округтік ЧК-ның алқа мүшесі болып тағайындалған Ыбырай екі жыл осы салада түрлі жауапты жұмыс атқарды. Перовскінің «Алтыншы ауданы» деп аталатын учаскесінде теміржол ЧК бөлімінің бастығы болып істеді. Партияның округтік комитетінде саяси бюро мүшесі болды. Түркістан майданы бойынша комитет ерекше бөлімінің бастығына көмекші болып, республикада тыныштық орнату, Дутов көтерілісін басу, тағы сондай ірі-ірі мемлекеттік жұмыстардың оң шешілуіне игі ықпалын тигізді. 1921 жылғы 1 ақпанда НКВД Перовскі бөлімінің бастығы, Түркістан қаласы бойынша НКВД өкілі — саяси бюро мүшесі болды. Содан кейін округтік кеңес атқару комитетінің төрағасы, БК(б) Перовск округтік комитетінің бөлім бастығы болып істеді. 1923 жылғы 1 наурызда Қазақ автономиялы республикасының орталық тұтыну одағының төрағасы болып тағайындалып, мұнда үш жылға таяу еңбек етті.

1930 жылғы 1 қазанда НКВД-ның ГИМЗ деп аталатын саласында қызмет істеп жүрген Ыбырайдың үстінен бірден қою бұлт үйіріліп сала берді. Бұл Ақмырза молданың көтерілісіне байланысты жала НКВД-ның белгілі қызметкерлерінің бірінен саналатын Ы. Қалағановқа да жабылды. Ұжымдасу, бай-құлақтардың мал-мүлкін тәркілеу жұмыстары етек алған осы кезеңде мұндай домалақ арыз көбейе түсті. Ауыл арасында біреуден біреу өш алғысы келсе, НКВД тыңшыларына барып сыбырласа болды, бәрі тынып жатты.

Сонымен қамауға алынып, 5 жылға жер аударылды. Жазасын өтеу кезінде мемлекеттік жабдықтау комитетінің округтік «Союзмясо» аталатын мекемесінде хатшы, басқа да қызметтерде болды.

1936 жылы жазасын өтеп, елге оралды да Қармақшыда есеп қызметіне етене араласты. Көбіне дайындау мекемелерінде болды. Өмірінің соңғы жылында Сырдария аудандық банкінде істеді.

— «Халық жауының» баласы атану маған да оңай соқпады,— дейді Кәжденбек Ыбырайұлы.— Көз түрткі ғана емес тілдеу, қудалау сияқты әрекеттердің бәрін бастан кешірдім. Әсіресе партия қатарына өту үстінде бетке жағылған қара күйе кетпей-ақ қойды. Әкем ұсталып кеткенде мен үш төрт жастағы жас нәресте екенмін. Сол тақсірет мен ер жетіп ат арқасына қонғанға дейін, керек десе әкемнің ары да, жаны да таза екені жайлы өкіметтік құжат келгенге дейін кетпей қойды.

*«Сыр бойы»,* 16 желтоқсан 1997 жыл.

Дін жолын берік ұстайтын, кедейлерге, жарлы-жақыбайларға мейірімді Ақмырза өзінің тура жүретін әділ ісімен, жұрттың көкейіне қонатын уағыз сөзі мен, бүкіл елге қадірлі кісі болды. Бұл өңірде Ақмырза айтыпты деген сөзге иланбайтын бір де бір адам жоқ болған.

Сондықтан Ақмырза көз алдында болып жатқан әділетсіздікке төзе алмайды. Ол сол маңайдағы халыққа:

Дінімді де, елімді де әділетсіз белсенділердің табанының астына салып бере алмаймын. Жалпақ жатқан жұртпыз. Бас көтеріп, өкіметке мына әділетсіздікті тиындар, халықтың, елдің дәстүрін, дінін сыйлаңдар, мал-мүлкін бейберекет талан-таражға салмаңдар, мұның аяғы жақсылыққа апарып соқпайды деуіміз керек,— дейді.

Асыра сілтеудің әлегінен зардап шеккен ел Ақмырзаның бұл сөзін жаппай қолдайды.

— Ахун сіз басшы болыңыз, біз қосшы болайық елімізді жерімізді талан-таражға салуға, дінімізді қорлап, мешіттерімізді қиратуға қарсы тұрайық,— дейді оған ел азаматтары.

— Халайық, бұл айтқандардың дұрыс. Бірақ қантөгіс болмасын ел босқа қырылмасын. Өкімет орындарынан келген кісілермен байыпты сөйлесіп, өзіміздің талап-тілегімізді айтайық. Бірлігімізді, елдігімізді сақтайық,— дейді Ақмырза ахун.

Бірақ Ақмырзаның ауылына ат ойнатқан белсенділер олардың сөзін тыңдамай:

— Мешітті жабасың, мал-мүлкінді тәркілейміз, молдаларды жақтайтындарды түрмеге қамаймыз,— деп қасарысады.

Сондықтан шолақ белсенділердің озбырлығына шыдамаған ауыл адамдары оларды сабап, қуып жібереді. Белсенділер Қармақшы, Қазалыға барып.

— Ақмырза деген молда көтеріліс шығарып жатыр. Бізді ұрып өлтіре жаздады өкіметке бағынбаймыз деп отыр,— деген сөздерді келтіріп уез басшыларын үрейлендіреді. Осыған орай Қызылқұмдағы елді қорқытып, Ақмырзаны тұтқындап қайту үшін Қазалыдан бір топ әскер шақырады. «Ел құлағы елу» дегендей бұл әскери топтың шыққанынан хабардар болып отырған жұрт үрейленіп, Ақмырза мешітінің жанына жинала бастайды. Ел ішіндегі Төлеген, Абат, Әжікерей сынды аң-құс аулайтын мергендер өздерінше бір топ құрап, мылтықтарын сайлап, оқ-дәрілерін жинастырады. Ал, басқа жігіттер ат дайындап, қолдарына түскен шоқпар сойылдарын алып, шайқасқа әзірленеді.

Сөйтіп, 1928 жылдың аяғына таман елге жеткен әскери топты мергендер атып, шоқпар, сойыл ұстаған жігіттер ұрып, соғып қырып тастайды. Бұдан олардың қолына көптеген мылтық оқ-дәрі түседі. Өздерінің бұл жеңісіне масаттанған ел азаматтары енді арнаулы жасақ дайындап, әскери жаттығуға кіріседі. Бірақ Ақмырза оларды сабырлыққа шақырып, қантөгісті тоқтатуға үндейді.

Бұл кезде Қызылордадан екінші әскери топ жасақталып, Қызылқұмды бетке алады. Бұл топтың да жүрісін Ақмырза жағындағылар ерте бастан біліп отырады. Сөйтіп, әскердің келетін жолында бірнеше жерден мергендер тосқауылы қойылады. Бұл жұмысты атақты Төлеген Жекебатырұлы басқарады. Ол мергендер тобын үшке бөліп қалың сексеуілді тасалап жатады. Әскери топ та алдына шолғыншы жіберіп, өздері артынан жүріп отырады. Шолғыншы топтағы әскерилер аттың бауырына тығылып, денелерін көрсетпейтін әдіс қолданады. Төлеген олардың бұл сырын біліп қойып, шолғыншылардың келе жатқан бағытының көлденең жаққа білдірмей шығады. Сөйтіп, мергендер аттардың бауырында келе жатқан әскерлерді көріп қойып бірінен соң бірін атып түсіре бастайды. Содан қорыққан шолғыншылар ер үстіне амалсыздан көтерілгенде жатқан мергендердің қарауылына іліне береді. Сонымен мергендерден сау қалған шолғыншылар негізгі топқа қосылып, алдарында құрсанған жау бар екенін хабарлайды. Әскери топ осыдан қорқып ілгері жүре алмай тоқтап, ақыры ақылдаса келе Ақмырзаның ауылына шабуыл жасауға бата алмай кейін қайтады.

Сонымен Ақмырза ахунның атағы сонау Алматыдағы Ф. И. Голощекинге дейін жетеді. Бұл кезде Қазақстанның әр жерінде-ақ күштеп ұжымдастыруға қарсы халық наразылығы бой көтере бастаған еді. Соның ішінде Қармақшы ауданының Қызылқұм жағындағы елі де зорлық, зомбылыққа қарсы көтеріліске шығып, өкімет өкілдеріне өздерінің талап-тілектерін білдіре бастайды.

Сондықтан көтерілісшілерге қарсы үлкен әскери дайындалып, оларды тез арада жойып жіберудің шұғыл шаралары жасалады. Олардың дайындықтарын Ф. И. Голощекиннің өзі бақылап отырды. Наразылық білдірушілердің қарусыз екеніне қарамастан оларға қарсы зеңбірек, пулемет сияқты жойқын қарулар қолданылатын болып белгіленді. Өкімет енді бізді аямайды. Бәрімізді де қырып жіберуі мүмкін. Әлі де кеш емес. Бастарың аман тұрғанда тарап кетулеріңе ұрықсат етемін. Алла алдарыңнан жарылқасын. Ал, мен осы мешіттің ішінде қалып, өкіметтің зорлық-зомбылығына өз қарсылығымды білдіремін,— дейді Ақмырза.

Жан-жақтан жиналған көп адам ахунның бұл сөзін қуаттамай өздерінің онымен бірге болатынын білдіреді. Содан бастап алдағы соғысқа дайындық жұмысы жүргізіледі. Бұл кезде Кеңес әскері де тұс-тұстан жақындап қалған еді. Қазалыдан шыққан әскери топ «Меңей» деген жерге бекінеді. Олар бұл жерге бір неше зеңбірек орнатып, Ақмырза мешітін қарауылға алады.

Қармақшыдан шыққан әскери топ «Қарақтың» етегіндегі «Көзді қара» бұлағының маңына жиналады. Осы жерде әскерлер мал қарап жүрген бір мүсәпір қазақ жігітін ұстап алып, Ақмырзаның құпиясын айт деп қинайды. Ештеңеден бейхабар мүсәпірді шыныңды айтпадың деп мылтық най-

засымен түйреп өлтіреді. Мұның бәрі маңайдағы елге көп кешікпей-ақ белгілі болады. Сөйтіп, әскерилерге деген елдің наразылығы арта түседі.

Қызылордадан шыққан әскери топ «Қос мұржа» деген жерде аялдайды. Ал, Ташкенттен келген әскерлер «Ақбайтал» маңына топтасады. Сөйтіп, Ақмырзаның аз ғана адамын мыңдаған әскер қоршауға алады.

Осы кезде «Меңейде» жатқан әскерден Ақмырза мешітіне қарай бір аттылы адам шығады. Бұл Ақмырзамен сөйлесуге келе жатқан балқы шуынан шыққан Жомарт деген кісінің баласы Хамза екен. Хамза Жомартовты осындай қиын шаруаға жұмсайды. Бұл кезде Ақмырза мешіт ішінде отырса керек. Хамзаның жолында тосқауылда жатқан мергендер өздеріне жақындай берген Хамзаны атып тастайды. Бұл хабар Ақмырзаға жеткенде ол қатты өкінеді. Енді әскерлермен байланыс үзіліп көтерілісшілердің басына соғыс бұлты үйіріледі.

«Меңейдегі» зеңбіректердің добы Ақмырза мешітінің маңына түсіп жарылып, бейбіт адамдар қырыла бастайды. Сарбаздар зеңбірек добы жетпейтін жерге кетіп мешіттің ішінде Ақмырзаның тек өзі қалады.

Бұл кезде «Үйжыңғыл», «Қыш бөгет», «Қарақұдық»—«Қара қуыс», «Шілдебай» құдығы деген жерлерде жатқан мергендер тобы алға жылжыған әскерлерді біртіндеп атып, адымын аштырмай жатады.

Бет-бетімен тоз-тоз болып басы ауған жаққа қарай кеткен елді әскерлер қоршаудан сыртқа жібермейді. Сөйтіп бейбіт халық сендей соғылысып, не істерін білмей дағдарады. Қоршаудан шықпақ болып жүйрік атпен шапқан Мырзалы деген азаматты әскерлер ұстап алып, қылышпен шауып өлтірмекші болады. Бірақ бойы еңгезердей қайратты жігіт Мырзалы қынындағы пышағымен әскердің қолындағы шылбырды қиып жіберіп, қашып құтылады.

Бұл 30 жылы болған оқиға еді. Жан-жақтан қаумалаған әскер көтерілісшілерге ес жиғызбай зеңбірек, пулемет бесатардан оқ жаудырып, мешітті басып алады. Төлеген, Абат-Әжікерей сияқты мергендер қоршаудан сытыла қашып шығады. Төлеген кетер алдында Ақмырзаға:

— Ахун мен сізді қоршаудан қалайда алып шығамын. Атқа мініңіз,— дейді.

Сонда Ақмырза:

— Тәңір жарылқасын Төлеген, шырағым, мен осы мешіттің ішінде дінім, елім үшін өлемін. Сендер маған қарайламай жүре беріңдер,— деген екен.

Төлеген қоршаудан шыққасын ағасы Абатты оқдәрі әкелуге жұмсап, өзі қалың сексеуілдің арасында жасырынып жүреді. Бұл кезде оның жақын ағайындары болып есептелетін 4—5 адам біз де қашып жүрміз деп Төлегеннің маңынан шықпайды. Бірақ Төлеген оларға сенбей маңына жоламайды. Ақыры бес күннен кейін оларға сеніп қасына шақырып алып әңгімелеседі. Өзі талай күннен бері шаршап жүрген Төлеген батыр көзі ілініп кеткен кезде опасыздар бәрі жабылып оның қол-аяғын байлап тастайды. Сонда Төлеген:

— Әй, жігіттер менің Төлеген деген атым бар. Түбібір туысқанбыз. Мен енді қашпаймын, қолаяғымды шешіңдер,— дейді.

Батырдың мылтығын, басқа қару-жарағын тартып алған опасыздар оны ауылға түйеге өңгеріп алып келіп, әскердің қолына тапсырады. Ағасы Абат уәделескен жерге қару-жарақ әкелсе Төлегеннің ұсталғанын естиді. Сөйтіп, ол да тұтқындалады.

Ал, негізгі шындық Ақмырза мешіт ішінде тұтқындалады. Оны жасырын түрде Қазалыдағы түрмеге алып кетеді. Әскерлер қоршауда қалған елдің ер кісілерін түгелдей тұтқындап Қазалыға, Жосалыға, Қызылордаға қарай жаяу-жалпылатып айдайды. Олардың көпшілігі жолда аштықтан, шөлден, жеген таяғынан өледі. Аман жеткендерің түрмеге қамайды.

Ақмырзаның көтерілісі қанды қырғынмен басылып, жанышталғаннан кейін сол мандағы жұрт әсіресе Сарғасқа, Дөсек, Қошқаралы, Шыбынтай, Жолай, Өтеген, Матай, Бұқа, Шобдар руларына жататын елдердің қолға түспей қалғандары Өзбекстанның Тамды, Кенімық аудандарына қарай қашып, одан әрі, Түрікменстан арқылы Ауғанстанға өтіп кетеді.

Міне, осындай қашқындардың ішінде Ақмырзаның інісі Тоқмырза да кетеді. Сол Тоқмырзаның баласы Әбділхайдан туған Шарафутдин деген жігіт Түркиядан елге қайтып оралып, Ақмырза атасының мешітінің басына зиярат етіп қайтыпты. Қазір Алматы қаласында тұратын көрінеді.

Ақмырза Төсұлы еліміздің де жеріміздің де мақтанышы боларлық тұлға. Оның есімін айтуға көп жылдар бойы тиым салынып келді. Тек егеменді ел болғасын ғана бұған қол жетіп отыр.

Қазір Қызылорда қаласының орталық көшелерінің біріне Ақмырза-ахун есімі берілді.

*Қ. МОЛДАХМЕТОВ.*

Мақала қысқартылып алынды.

«Қармақшы таңы», 22 маусым, 1996 жыл.

## «АЗА» КІТАБЫНЫҢ БІРІНШІ ТОМЫНДА ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР.

ПП ОГПУ — Политическое Представительство Объединенного Государственногс Политического Управления.

Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың Өкілетті өкілдігі.

ГУГБ — Главное Управление Государственной Безопасности.

Мемлекеттік Қауіпсіздігінің Бас Басқармасы.

ОДТО НКВД — Отделение Дорожно-Транспортного Отдела НКВД.

Ішкі Істер Халық Комиссариатының Жол-Транспорт Бөлімінің бөлімшесі.

СПО — Секретно — Политический отдел.

Құпия — саяси бөлім.

ОО — Особое отделение. Ерекше бөлімше.

ОС — Оперативный сектор

Жедел сектор.

СО — Спецотдел

Арнайы бөлім.

МАЗМҰНЫ

ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАРЛЫҚТАРЫ, ЗАҢДАРЫ, ЛЕБІЗДЕРІ . . . . . 3
Алғы сөз . . . . . 4
1997 жылды жаппай үлттық татулық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін белгілеу туралы
Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы
Ақталған азаматтың жеңілдікпен пайдалану құқы туралы
Куәліктің үлгісі
Ақталған азаматтарға келген залалды өтеу туралы
№ 1495 қаулыға қосымша
Жеті ел басшыларының шешімі
Бір нәрсенің басы ашық...
АЗА ТҰТУҒА ТҰРАРЛЫҚ ТЕРРОР . . . . . 19
Жазықсыз жапа шегіп, опат болғандар
Манаш Қозыбаев: Тарихтың ақтаңдақтарын азайтайық
Асқар Кіребаев: а) Азалы күн. ә) Боздап бір қырда жорттым-ау
Мырқы Исаев: Кешегі бір заманда
ҚАНДЫ ҚОЛ ЖЕНДЕТТЕР . . . . . 28
Мәскеуден шыққан қанды қолдылар
Халыққа қару кезенген үштіктер кімдер?
Қазақстан ГУЛАГ филиалы болған
Коммунистік режимдер 110 миллион адамды құрбандыққа шалған
«Қазан тоңкерісі анархияға апарады» (Максим Горькийдің Ленин және оның серіктері жайлы екі мақаласы осыған дәлел)
Үрейдің соңғы елесі
Деректер
Жүрек тебірентер бірер цифр
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША . . . . . 38
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША . . . . . 83
АРАЛ АУДАНЫ БОЙЫНША . . . . . 106
ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША . . . . . 136
ТЕРЕҢӨЗЕК АУДАНЫ БОЙЫНША . . . . . 178
ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ БОЙЫНША . . . . . 183
ШИЕЛІ АУДАНЫ БОЙЫНША . . . . . 224
СЫРДАРИЯ АУДАНЫ БОЙЫНША . . . . . 235
ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША . . . . . 272
ЕЛДІКТІ, ЕГЕМЕНДІКТІ АҢСАП ӨТКЕН АЗАМАТЫМ-АЙ . . . . . 281
Мұстафа Шоқай... Ол кім?
И. В. Сталин: «Біз тез арада шара қолданбасақ, Шоқаевтардың жеңіске жетуі ақиқатқа айналуы мүмкін»
«Қазақстандағы барлық губерниялық және округтік біріккен саяси бас басқармаларына»
Бас прокурордың жауабы
Сүйінші
«Жас Түркістанның» мұраты —«Бірге болайық!»
«Қазақтың үлт жанды үланын сүйдім...»
Мұстафа Шоқайды шетелге кім өткізіп жіберген?
Қасен Оралтай: Мұстафа Шоқай және оның шетелдегі шәкірттері
Өлгендерді тірілер тірілтеді
Париждегі кездесу
«Жан сақтау үшін Мұстафаға адъютант болдым».
Мұстафа Шоқай: «Тұтқындағыларды көргенде өлгім келеді...»
Ұлы перзентіміз жайлы ғалымдар пікірлері:
а) Түркістан легионы деген не?
ә) Шындыққа қиянат жүрмейді
б) «Түркістан легионы» және Мұстафа Шоқай деген кім?
«Түркістан ұлттық комитеті», немесе «Түркістан легионы» жайлы ақиқат пен аңыз
Вали Каюм, немесе Мұстафаның жұмбақ өлімі
Сырдың сырбаз перзенті еді
Мұстафаның інісімен жазысқан хаттары
№ 794 қылмыстық іс, немесе Нұртаза Шоқай туралы
БҰЛАР —1997—1998 ЖЫЛДАРЫ 100 ЖАСҚА ТОЛДЫ . . . . . 316
ЕСҚАРАЕВ Сүлеймен: а) 20 минөтте шешілген тағдыр.
ә) Үлкен жүректі азамат
ЖҮРГЕНОВ Темірбек: а) Қазақ зиялыларының қарлығашы
ә) Тұғыры биік тұлға
б) Темірбек інісінің естелігі
КАМАЛОВ Темір: а) Қазақтың бір туар ұлы
ә) Қыршын кеткен боздақ
б) «Халық алдында арым таза».
СӘТІҒҰЛОВ Нұрғали: Елім деп еңіреген ер еді
КҮЛЕТОВ Қазмұхамбет: Қисынсыз жаланың құрбаны
РОЗЫБАКИЕВ Абдолла: Халқына қалқан болған
АНЫҚТАМАЛАР: «БІЗ АЙТСАҚ, КӨРГЕН-БІЛГЕНІМІЗДІ АЙТАМЫЗ...» . . . . . 336
Ыбырай Кеншімбаев айтады:
Бодық Жөнбаев айтады:
Бабаш Жәкенов айтады:
Тоқсанбай Шырдаев айтады:
Баттал Жүсіпбеков айтады:
Әлібек Абылаев айтады:
А. Омашева айтады:
ХАБАР-ОШАРСЫЗ КЕТІП БАРА ЖАТҚАНДАР . . . . . 340
Бастау Баетов айтады:
Қалман Қалыбеков айтады:
Баттал Жүсіпбеков айтады:
Бабаш Жәкенов айтады:
Зәкида Әубәкірова айтады:
Бөпіштай Әміркызы айтады:
ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ЖАЙЛЫ ЛЕБІЗДЕР . . . . . 343
Қайырбек Мырзахметов: зұлмат құрбаны болған Жапар
Сәрсен Шахметов: Сонда әкемнің жазығы не?
Гүлсім Омарова: Әкемнің нендей кінәсі болған?
Т. Әйменұлы: Із-түзсіз кете бере ме?
Галина Қасымқызы: Сыр сүлейінің өлеңіне енген атам-ай
Роза Қуатбайқызы: Әкемнің жеке листогына көз салсам...
Райкүл Садықова: Ағалы-інілі Қашқынбаевтар
Т. Махамбетұлы: Өткендер еске түскенде
Оразбек Сәрсенбайұлы: Байдүйсен диқаншы ерлігі
СОТ ҚҰЖАТТАРЫ СОТТАРДЫҢ ӨЗІН АЙЫПТАЙДЫ . . . . . 349
Елдізер МАХАМБЕТОВ жайлы
Серікбай СҮЙІНБАЕВ жайлы
Жақып АЖАРОВ жайлы
Тілеу ЕРЕКЕШОВ жайлы
Қайыпназар ҚАУЫМБАЕВ жайлы
Қали ОМАРОВ жайлы
Әбдіразақ ШЕГЕБАЕВ жайлы
СТАЛИНДІК ЗҰЛМАТ ҚҰРБАНДАРЫ . . . . . 354
Комитет есігі біз үшін айқара ашылды
Ажал апаны
Қос оба сыры
Бірқазанда қанша әруақ жатыр?
Томар түбінен табылған кітаптар
Жендеттер қолданған өлтіру «әдістері»
Кабинетінен қамауға алған
Қиянаттың құрбаны
Қарауылтөбе қырғыны
«Қарауылтөбені» сен тапсаң...
Терең ой салды
Корден шыға қашқан қос боздақ
Жазықсыз жазаланған журналист
Менің әкем де редактор болып еді
Тәлкекке түскен редактор
АҒАЙЫНДЫ ҚОҢЫРАТБАЕВТАР: . . . . . 385
а) Қалжан
ә) Әлібек
б) Әуелбек
ДАҢҚТЫ ЖЕРЛЕСІМІЗ — НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВ. . . . . 392
Магадан лагерінен жазылған хаттар

Лагерьден жазылған өлеңдер
Ұлт мәселесін дәріптеп өткен
Ерте қайырылған қанат
Бір шаңырақтан үш боздақ
Жүрген әулетіне келген нәубет
Сәкенге жабылған жала
Тұрмағамбет тартқан тауқымет
Сүлеймен мүдәріс, немесе «Аққошқардың» боздақтары
Қырық молдаға түскен құрық
Құрыққа түскен молдалар мен ишандар
Қара молданың күміс шақшасы
Түрме қапасынан жазылған өлең-арыз
Алтын тіс арқылы танылған өлік
Екі ауыз өлең айтты да...
Арманда кеткен азамат
Ату жазасына кесілген ару
Декларация құрбаны
Әлшекей күйші елден неге безді?
Бір күнде төрт азамат ұсталып кетіп еді
Қуғын-сүргін құрбаны
Отыз төртті соттатқан өрт оқиғасы
Тағдыр тауқыметін тартқандар
Есмұхан Тәжиев және оның жендеті
«Сағындым ғой Жосалының жусанын»
Тағдыр тауқыметі
Мендіболла Күзембаев
Әкесі мен баласы
Ұлын күткен ана
Бір шаңырақтың көз-жасы
Шокенов 5 күн мектеп класына неге қамалды?
Жазықсыз сотталғандардың Мәскеуге жазған хаттары
Өлім оғы тимей, аман қалғандар
Аяққа түсау түсе сақтап еді
Шер-шемен
Құрметті аға еді:..
Өзгенттің түңғыш болысы
Өзгент топырағының тол перзенті
Лапин Серәлі Мұңайтбасұлы және оның ұрпақтары
**ТАБЫСТЫҚ ТАР КЕЗЕҢДЕ, ҚЫСЫЛШАҢДА** . . . . . . . . . . . 471
Көрші кәрісті «Кәри» деп атап едік
Менің Тельман досым — месхет түркі
Тар кезеңде табысқан тату ұлттар едік
Біздің күшіміз — татулықта
Қазақ дастарханы: корейлерге көрсетілген ілтифат
Жат тұтпай, жақын тартқанбыз
Қызыл империяның қиянаты
**ТҰТҚЫНДАҒЫЛАР ДА ҚУҒЫНДАЛҒАН** . . . . . . . . . . . . . . . . 483
Шет-шегі жоқ қудалау
**ТҰТҚЫНДАҒЫЛАР ЖАЙЛЫ ХАТТАМА БОЙЫНША** . . . . . . 505
Күйеуі — тұтқынға түсіп атылса, әйелі — ауылға аттанды
Қиянаттың «көкесі»
Отнятые у забвения
КАРЛАГ тұтқыны
«Бүкіл армияның тұтқынға түсуіне мен кінәлы сияқтандым»
Мағжан Жұмабаев, Сегізбай Айзунов және басқалар
Елу жылдан соң
Жау тұтқынының азабын тартқан ақын
Рахмет Батырбаев: Майданнан жазылған өлеңдері
**СОҒЫС БОЗДАҚТАРЫ ЖАЙЛЫ СОҢҒЫ СӨЗ** . . . . . . . . . . . 523
**ЕСТЕЛІК КІТАПТАРДАН ҚАЛЫП ҚОЙҒАНДАР, ӨЗГЕРТУЛЕР** . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .526
Елу жылдан кейін табылған «Қара қағаз».
Алматыдан келген «Қара қағаз».
Қалмұқан ИСАБАЙ: «Біз не үшін соғыстық?»
Облысымыз Ұлы Отан соғысы жылдарында
Смертники на войне
Когда я вошла в зал суда, меня охватила дрожь ...

24.03.2000 теруге берілді. 18.05.2000 басуға қол қойылды. Пішімі 70x90/16. «Тип таймс» гарнитурасы. Офсеттік баспа. Шартты б. т. 34. Есепті баспа табағы 39.78. Тарлымы 2000 дана. Тапсырыс № 21086.

Қызылорда облыстық «Боздақтар» естелік кітабының редакциясы, Қызылорда, 467001.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия комбинаты. 480002, Алматы қ., Мақатаев к., 41-үй.